

А 2015

3626к


күнделік - мемуар беттерінен

Тағдырлар Тайталасы

из страниц
дневников - мемуаров
Столкновения
Судеб

from the pages of diaries
and memoirs

Collision
of Destinies



ТАУМАН ТӨРЕХАНОВ

Журналист - Жазушы

Оси зумниде-басар, арас,
 абулма# тиде#ле жас#н#
 корен# кунден#ле мунтапар
 кутар#н# ж#т#а#н#н# мунтапар
 корана ж#а#д#е#н#д#е#н#н#
 Аманга б# базад#н# 2015#н#
 Аманга б# базад#н# 2015#н#
 мунтапар; (8727) 377-45-73
 мунтапар; 8701 727 4399

Тезлик, Төрөхлөр журналист-
 жаууш. Кр. мекенчегине аябай
 бурданынч кыргычтатты.

377-45-73

*Ұлы Ата-Бабалардың, әз Аналардың аруағына тағзым ете отырып,
Әкеміздің, Атамыздың өзінің екі жүз елудің үстіндегі
Күнделік-мемуарларынан екшеп, елеп дайындаған кітабын
85 жылдық мерей тойы құрметіне арнап, жарыққа шығардық.*

*Балалары, немерелері, шөберелері
және тума-туысқандары. Алматы қ., 2015 ж.*

АВТОРДЫҢ ЕЛІМІЗДІҢ ҰЛЫ КӨШБАСШЫСЫ ЖАЙЛЫ БАҒАСЫ МЕН БАТАСЫ

Туған еліне, халқына үнемі қамқорлық жасап отырған заманымыздың ұлы тұлғасы – ел Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы НАЗАРБАЕВҚА текті әулет атынан ақ батамды беремін. Ақ батам ақ періштелер мен Алланың құлағына шалынғай!

Әумин! /Тауман Төреханов «Көз көргендер еді», Атамұра баспасы, 1999 ж., 17 баспа табақ, 280 б., 7 бетте.

* * *

« ... арада үш жүз жылдай уақыт өткен соң, 1991 жылы қазақ халқы өзінің ұлы қайраткері, демократы, нар мүсінді, алтын азаматы Нұрсұлтан Әбішұлы НАЗАРБАЕВТЫҢ бастауында тәуелсіздігін, егемендігін, тұтастығын алды.

Жаратушы Ием, ұлы аруақтар қолдап, осы тәуелсіздігімізді баянды, ұзағынан еткей! Үш жүз жыл бойы осы тәуелсіздік үшін жан берісіп, жан алысқан ата-бабалар аруағы қолдап, осы тарихи күнге бастап алып келген ұлы қайраткеріміз, тәуелсіз елдің көсемі қазақ ұлтының ұлы қанынан жаралған Нұрсұлтан Әбішұлы аман болғай! Әлем таныған қайраткердің өмір жасы ұзақ болғай!» /Тауман Төреханов «Қанмен жазылған тағдырлар», Атамұра баспасы, 1999 ж., 22 баспа табақ, 440 б., 410 бетінде.

* * *

Ұлы қайраткер Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев жайлы 214, 556 және басқа да беттерде ағасының батасы мен бағалары жазылған. /Тауман Төреханов «Тағдырлар тайталасы – Столкновения судеб» қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде, Атамұра баспасы, 2015 ж., 43 баспа табақ, 684 бет.

Алматы қ., 2015 ж.

ТАУМАН ТӨРЕХАНОВ

ТАҒДЫРЛАР ТАЙТАЛАСЫ

журналист-жазушының күнделік-мемуар беттерінен

СТОЛКНОВЕНИЯ СУДЕБ

из страниц дневников-мемуаров журналиста-писателя

COLLISION OF DESTINIES

from the pages of diaries and memoirs

Ешкімнің жаны мен қаны мойнымда жоқ – арым таза.

Ешқашан ешкімнен пара алған жоқпын – қолым таза.

Ешкімнің жүзі мен руын сұраған емеспін – жүзім таза!

Нұртас ОҢДАСЫНОВ,

Қазақстан Республикасының ұлы тұлғасы, қоғам қайраткері, тілші-ғалым.

Дорогой Тауман Алыбаевич, данной историко-документальной художественной книгой «Дала Геркулеси», Вы памятник воздвигли себе неруко-творный!

Сабит ДОСАНОВ,

Лаурет международной премии им. М. Шолохова, Г. Державина, государственной премии, заслуженный деятель РК, писатель-академик.

Жазушы қай күні шындықпен байланысын жоғалтады, сол күні өзі де жоғалады.

Габриэль Гарсия МАРКЕС, Колумбия жазушысы,

Нобель сыйлығының лауреаты.

Жазушыны тәрбиелейтін бақытсыз балалық.

Эрнест ХЕМИНГУЭЙ, Америка әдебиетінің классигі.

Адамды шығармашылыққа, қалам ұстауға мәжбүрлейтін тағдыр ғой. Дидро айтқандай, «Мұң бар жерде шығармашылық та бар». Менің балалық жастық, барлық тағдырым осы арнаға алып келді емес пе?

АВТОР, Алматы қаласы, 2015 жыл.

Алматы 2015

УДК 070 : 94 (574)
ББК 76.01 + 63.3 (5 Қаз)
Т 65

Төреханов Т.А.
Т 65 Тағдырлар тайталасы – Столкновения судеб – Collision of Destinies. Күнделік-мемуар беттерінен – из страниц дневников-мемуаров – журналиста-писателя – from the pages of diaries and memoirs. – Алматы: Атамұра. – 2015. – 684 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-306-430-7

Белгілі журналист-жазушы, Қазақ ССР-нің мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткері Тауман Алыбайұлы Төреханов алпыс жылдай бұқаралық ақпарат құралдарында еңбек етіп, тер төккен тұлға. Оның отыз жылы облыстық-селолық, ауданаралық, аудандық газеттерде бас редактор қызметінде болған. Осы жылдары іс сапармен КСРО-ның талай аймағында болып, академик А.Д. Сахаровпен, Мәскеу, Ленинград, Ташкент өңірлерінде жүріп, сондай-ақ шетел қаламгерлерімен кездескен, Кавказдың, Украинаның, Карловые Вары курорттарында, Герман Федеративтік Республикасының астанасы Берлиннің Гумбольдт университеті студенттері қауымдастығының, Герман-Қазақстан Достық қоғамының шақыруымен, сол университетте, Ганновер, Гамбург университеттерінде, ҚР-ның Германиядағы Елшілігінде кездесулер өткізген. Иә, шығармашылық жол сапарларында көрген-білгендерін және өз ғұмырының кейбір оқиғаларын қойын дәптерлеріне түртіп отырған. Сол дәптерлердің саны екі жүз елуге дейін жеткен. Бүгін оқырман қауымына ұсынылып отырған «Тағдырлар тайталасы» – «Столкновения судеб» – «Collision of Destinies» естелік кітабы осы қойын дәптерлерінен екшеліп алынған. Былай айтсақ, әжелердің құрақ көрпесі сияқты мың құрау, ою, кию, сөгу, тігу...

Тауман Төрехановтың соңғы жылдары «Атамұра» баспасынан ондаған тарихи-әдеби кітаптары жарық көрді.

Кәне, бұл естелік кітаппен танысып көрейікші. Иә, не бір ой салатын, жаңа идеялар туғызатын, тағылым алатын оқиғалар, эпизодтар, штрихтар, ұлылардың ұлағатты сөздері, автордың қоғамға деген көзқарасы, дүниетанымы жетіп артылады.

Кітап барша жұртшылыққа арналған.

УДК 070 : 94 (574)
ББК 76.01 + 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-306-430-7

© Төреханов Т.А., 2015

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМГЕ КІРГЕН МАТЕРИАЛДАР ТІЗБЕСІ

Дәуірлер. Жылдар. Адамдар. Тағдырлар. XX ғасыр қасіреті мен ғасыр сыйы. Ұлылардан қалған ұлы сөздер. Ғұмырнама – эссе, боямасыз. Ұлылар кітап туралы	9
Балапаны үшін жанын қияды-ау. Есте қалған үзбен еді. Жазылған хаттай. «Мынау нағыз батыр қазақ қой!» «...Эти ка-захи – герои современности»	17
Естен кетпейді-ау. «Кеңсені өртейсің, кет!» Бұл да бір әңгіме... Ал, мұны қалай түсінесің? Айтқыш деп, осыны айт. Әулет қайғысы. Акад. І. Кеңесбаев үйіне шақыратын... Қайғы-қасірет әкелген жылдар	24
Акад. Бек Сүлейменов. Күпия ерете ме, кеш пе ашылады. Эльбрус – Кавказ патшасы	33
Дара ақын Кәкімбек Салықов. Боржоми курорты. Қуанышты коңырау. Кисловодск. Әлемдік тұлғалардан қалған сөз. Адасуға болмайды	41
Өмір дегенің бір күндік. Шындық түбінде шешіледі. Бір та-рихи шежіре	54
Напутствия матери Терезы. Даналық сөздерден. Естен кетпес еректер. Міне, қызық	58
Туысқаннан да, лауазым артық жерде... Бас басылыммен 62 жыл. Қаперінде жүрсінші. Анализ жасап көргенде. Эссендуки курорты. Железноводск курорты	65
Останкино телемұнарасы. Ғабит Мүсірепов Шалқарда. Ах-мет Жұбанов ... Шалқарда. Сатирик Асқар ақын сапары. Және басқалары	72
Дауыл өзені аңғарында. Акад. А.Д. Сахаровпен кездесу. Шалқар. Роза Бағланова әні. Жансүгір қарттың «жаңалығы». Мұса Дінішевтың уыз махаббаты	82
Садықбек Адамбеков... Анекдот дерсің, ә? «Жансыздардың» жабық сөзі. «Шалқарда қашанғы отырасың?»- Балғабек Қыдырбекұлы. Мәскеу, Панорама «Бородинской битвы»	92
Ырғыз сапары. В мире мудрых мыслей. Ұлы жазушы Та-хауи Ахтанов	93

Гамаль Абдель Насерді кім өлтірген? Адамдар мен ақбасқын боран... Жас шаңырақ Мәскеуде көтерілді. Нұр ағамен үш кездесу. «Тауман жақсы»	108
Ленинград – әлемдік музей. Ұлы дінтанушы Матай... Т. Бәсенов: «Мұқаң – батыр қазақ...»	115
Ідіріс батыр туған еліне «жетті». Мәскеу – Қызыл алаң. Ақбала әжемнің анты... Қазағымның ұлы аналары. Жаса, Олжас Омарұлы! Қазағымның салт-дәстүрі	122
Немеремді танытқан ән еді. Акад. Б. Жарбосынов. «Мені тірілткен, мына гүл». Адам баласын кім жаратты? Ештен кеш жақсы ма?.....	130
Берлинге сапар. Адамның тегі жайлы. Космонавт А. Леоновтың қолтанбасы	145
Атамекен аңыздары, шындық. Жапондардың байламы. Ұлы тұлға не дейді? Екатерина II. Расул Гамзатов әңгімесі. Жәндіктер де баласы үшін жанын құрбан етеді. Бұл неден үнсіздік. Көрген көзде жазық жоқ. 40 қастерлі сан! «Мойындауға тиіспіз», т.б.	158
Адалдық пен арамдық. «Жаңсыздар жаныңды алар», т.б. «Тарихтың қанды іздері». Көшім хан кім? т.б.	175
Дүниеден Нәби аға өткен күн. Қолбасшы Жансен Кереев пен екі кездесу. Біздің Бәсен аталығы үшін қаралы күн. Тағы бір ой. Қылмыс пен жаза т.б.	188
Міне, әдемі әдет-ғұрып, мәдениет деген осы. Ұлы жазушының соңғы бір сөзі. Ұлылар есімі өлмейді!	198
«90 күнде, ертеңгілік өлесін!» т.б. Ойланып ойға салып, көрейікші! т.б.	207
Ұлы сөз. Ұлы шешім: Әлем Олжас Сүлейменовке, Президент Нұрсұлтан Назарбаевке тікелей қарыздар! Иә, бұл да бір қызық дүние. т.б.	214
Адам ажалына араша болатын емші бар ма? Әжелер ұлттың алтын қазығы ғой. Архивті ақтарғанда.	221
Аруағын сыйлаған ел азбайды. т.б.	226
Ұлы тұлғаның адалдығы. Ұлылар ұмыт қалмаса екен. т.б. Ой үстіндегі толғаныстар, т.б.	232

Емтихан менің мерекелі күндерім еді-ау. «Дала Геркулесі» жайлы пікірлер т.б. «Мир» телеарнасы шақырды.	242
Дүниеден кім өтті, білеміз бе? Әкімжан Қондыбайұлы жайлы естелік-эссе. Рухани өсу жылдары еді-ау. т.б.	246
Ұлыдан ұлағатты сөз туады. т.б. Таза жандар ренжімес. Қазақ астаналары	258
Патшаға бас имеген тұлға. Киелі сөз. Әйтеке Би. Алапат трагедия. Қызықты штрихтар.	264
Бас редактор Аупбаев. т.б. Ұзақ жасағың келсе... Қаламгерлер жайлы бірер сөз. т.б.	271
Жайсаң жандар жайлы. Алған жарың жақсы болса	274
Ұлы сәулетші Бәсенов Т.Қ. Зримое слово в архитектуре.	275
Қызықты да көңіл аударарлық оқиғалар. т.б.	282
Ойға келген ойран пікірлер. Қартайса, атаңа аң бол	293
Бұл қазағыма не болған, ә? Шырағың сөнбесін	292
Мәссаған, деп осыны айт. Ұлтқа қызмет ету – ұлылық. Хаманның қағытпалары. Ұлы ақын Махамбет. т.б.	306
Қазағымның киесі. Және басқалары. Батыр аға батыл айтты. Есінде болсын, жас ұрпақ. Адалдық түбінде жеңеді. т.б. «О Трумэне. Из книги А.Б. Чаковского «Победа».	314
Сырлы аяқтың сыры кетсе де ... Отцы Отечества. Роза Тажина – өткен күн. Қазақ еттен жаратылған халық па? т.б.	321
Қалың қалай БАҚ бауырларым? Қайта жанған шырақ. Және басқалары	331
Ұлы сөз! Аса ой салатын тоқтам. Әліби тұрған штаб үй. Қызды жеген қасқырға қақпан құрып едім. Сүйектен өтетін сөздер. Об Исете Кутебаре. т.б.	348
Бұл дүниенің «боғы» – ол дүниеге бармайды. Из малого строится великое. Ой салатын деректер. т.б.	356
Барак Хусейн Обама. Жақсы сөз. Жаман сөз. Есінде болсын! Соңғы сөздің бірі. Ұлылықты халық қана бағалай алады. т.б.	372

«Антым: халқыма қаламмен қызмет етемін» т.б. Журналист арынды сатқаның – әділдікті сатқаның. Ұлыны ұлықтайықта, ағайын. Олжас Сүлейменов туралы және басқа материалдар	393
Отқа оранған тарихи мұра. Несін жасырайын, басқа да тақырыптар. Тағдыр тайталасы	422
Сырт көз. «Кнесі бар аға ғой. Пікірлер». т.б.	432
Халықтық құрлым керек пе? Түрлі штрихтар	440
Таптырмас тәрбиелік құрал. 80 жылдық мерейтой. Артыма қараймын... Түрлі хабарлар. Ел азаматы – Бекет Құрамашұлы. Атамекенге ақсапар. Дара дарын – Мейрхан Ақдәулетұлы – 60. Феномен тұлғамен кездесу. Келісім-шарт т.б.	445
Есімде қалған естелік еді. О. Жәутіков атын. мектепте. Басқада хабарлар. Пердебай Шымадиярұлы.	462
«Ұмыта алмаймын...». Міне, өркениетті ел. Ақжарқын бейнесі көз алдымда. Ұлы Жеңіс күні.	474
«Халық – құдайдың бір аты... Халықты алдай алмайсың». Зәуре Ғалымқызы – өмір арашасы! Ізгілік аға – 90. Басқа материалдар. Ділдабай ағаның ақ батасы. Бізге кезек келген жок.	482
Әкімжанның ұсынысымен. Достықтары жарасқан. Жылқы – 2014. Ұранды мекеннің қыран қызы. Және басқа материалдар	500
Қайырлаған кемедей. Тәуелсіз ұлт тарихы жазыла ма? Басқа да материалдар. Тағдыр. Дара тұлға У. Черчилль бағасы. Шалқар ауданы Әкімі Е. Данағұлов. Қазақтың тұңғыш университеті. Ұстаздар бағасы. «Дала Геркулесі» – Америка көрмесінде. Сәбит Досанов: «Дала Геркулесі» (рецензия)	524
Шен – шекпеніне бас имеген батыр ғой. «Литер» газетінен Есет Көтібарұлы (материал из Википедии – свободной энциклопедии).	549
Халық бірлігін, құқығын сақтау... Көсемдер туралы көрме. Тарихқа көз салайықшы. ҮІІ Астана эконо. форум. ҚР Президенті Н. Назарбаев. Ұлыдан ұлылық туады.	556
Ұлы тұлға не дейді? Басқа да материалдар	564

БІРІНШІ БӨЛІМ

ДӘУІРЛЕР. ЖЫЛДАР. АДАМДАР. ТАҒДЫРЛАР. ЭПОХИ. ГОДЫ. ЛЮДИ. СУДЬБЫ.

Бізден бұрын да Жер бетінде төрт органикалық – тіршілік болған делінеді. Олар: Жер сілкіністерінен; қатыгездік қанды қырғындардан; тіршілікті түбірімен жоятын алапат қарулардан; құрылықтарды жсалмаған топан сулардан жойылған деген болжамдар бар...

Адамдардың бүкіл өмірі кітап беттерінде қатталған. Адамдар, рулар, тайпалар, мемлекеттер жойылып кеткен. Ал кітаптар қалған. А.И. ГЕРЦЕН.

Иә, тарихқа көз жіберсек, мәңгілік ешбір құбылыс жоқ. Бұл диалектика заңы! Дүниеге қандай мемлекеттер, одақтар, халықтар, жоғарыда келтіргеніміздей, келіп, кеткен жоқ. Әрине, «Тарих көшінде мәңгілік ел болу идеясын ұсынған мемлекеттер де аз болмаған. Олардың талайы құрдымға кетті. «Алматы ақшамы», 23.01.2014 ж. Абай данышпан атамыз айтқандай, «Шешен де өткен не бұлбұл, Көсем де өткен не дүлдүл».

«Мәңгілік ел» – көне түркі жазба ескерткіштерінде Ұлы Түркі қағанаты мемлекетінің манифесі ретінде жария етілген-ді. Ал әл-Фараби ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстырып, түркі дүниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негіздемесін жасап берді. «ЕҚ», 19.01.2014 ж. Иә, бұл ұлы байламдар тарих қойнауында қалды ғой.

Бір еске салатын жайт: Республикамыз қазір әлемде жер көлемі бойынша тоғызыншы, ал халқының саны жағынан 137 орында тұр. Сарапшылардың болжауы бойынша тұрақты Қазақ Республикасы, немесе Қазақ Елі болу үшін халық саны 50-60 миллион болу керек. Сонда өзін-өзі қорғай алады, жер үсті, жер асты байлығын өзі игере алады делінеді.

XX ҒАСЫР ҚАСІРЕТІ МЕН ҒАСЫР СЫЙЫ

Бұл жанырмасыншы ғасыр жеке адамдарға ғана емес, халықтарға да, жерге де, суға да, ауа райына да, жан-жануарларға да, барлық өлі-тірі дүниеге де, жалпы бүкіл әлемге қайғы-қасірет әкелді.

Осы бір қайғы-қасірет түйінін шешетін бұл ғасыр қазақ халқына ұлыларды да, даналарды да сыйлады. Оны, әрине, жоққа шығаруға болмайды.

Автор, Шалқар қ., 1970 ж.

БІЗ XX ЖӘНЕ XXI ҒАСЫРДЫҢ ҚОНАҚТАРЫМЫЗ ҒОЙ

Бұл Күнделік-мемуар¹ сол ертерек еске алған өмір өткелдері, тағдыр тартыстары сөйлеп тұрған кездерде басталған еді. Мұны кітапқа айналдаруға болған бір мақсат – осы біздің ата-аналарымыз, әке-шешелеріміз қандай күй кешті екен, өмірлерін қалай өткізді екен деген сұрақтар болса, соған жауап болсын деген едім. Турасын айтсам, жас сексенді алқындырған уақытта ойлана отырсам, тек өз ұрпағым – әулетім үшін ғана емес, жас ұрпаққа да, замана тұрғындарына да еске алуға қажет болар-ау деп, кітапқа айналдырып, жарыққа шығаруға тура келер деп ой түйдім. Иә, біз енді XXI ғасырдың қонақтары – жолаушылары болып қалдық қой, «*Бір мезет жер бетіне кетер соғып... Қ. Аманжолов*».

Қонақтарым, төрге шығындар, осы бір қоғамдық, замануи ұлы оқиғаларды сөз ететін: «Тағдырлар тайталасы» – «Столкновения судеб», деп аталатын «Күнделікпен» танысыңыздар. «Қап, уақытым босқа кетті-ау»,- деп айта қоймассыздар. Оқып көріңіздерші, жолаушылар!

Автор, Алматы қ., 07.12.2008 ж.

¹ 1). Мемуары (фр. *memoires* - воспоминания), разновидность док. лит-ры, лит. повествование участника общест., лит., худ. жизни о событиях, людях, современном которых он был. БЭС.-М., 1998, С.716. 2). Мемуары – записки, литературные воспоминания о прошлых событиях, сделанные современником или участником этих событий. С.И. Ожегов. Словарь русского языка.-М., 1989, С. 348. 3). Мемуарист - автор мемуаров. С.П. Ожегов. Словарь русского языка.- М., 1989, С. 348.

ҰЛЫЛАРДАН ҚАЛҒАН ҰЛЫ СӨЗДЕР

Біз баз кешсек—өкінерміз, жаңылыссақ—түзелерміз. Біріксек етті, елім. Білге КАГАН.

Бір-бірлеріңе қарсы келмеңдер,

Бір-біріңе теріс қарамаңдар.

Бір-бірлеріңе күншілік етпеңдер.

Бір-бірлеріңмен қарым-қатынастарыңды үзбеңдер.

Ей, Алланың құлдары, бауыр болыңдар! МҰХАММЕД пайғамбардың «Бұхари» сөресінен.

Берекелі болса – ел жағасы жайлау, ол бір көл. Жапырағы жайқалып, бұлғақтайды соқса жел. Жан-жағынан күркіреп құйып жатса аққан сел. Оның малы өзгеден өзгеше болып өсер төл.

Ал берекесі кеткен – суы ашыған батпақ көл. Берекеңді қашырма, Ел тыныш болса, жақсысы сол. АБАЙ.

Егер біздің денеміздегі азып жатқан балықтың қаны емес, Түркінің қаны болса, біздер – түріктер бір-бірімізге қол ұшын беруді ешқашан тоқтатпауымыз керек. Мұстафа ШОҚАЙ.

Бектер кетсе, ел қалар; Бетеге кетсе, жер қалар; Берекең кетсе, нең қалар??? Ұлылардан қалған СӨЗ.

ҒҰМЫРНАМА – ЭССЕ – БОЯМАСЫЗ

Иә, менің өмірбаяным осы кітапта қазақша да, орысша да, ағылшынша да беріліп отыр. Ал бұл ғұмырнама осы ресми оқиғаларға көп тоқталмайтын өз өмірімдегі тартысты тағдыр, тіршілік үшін алыс-жұлыс, «айғай-шу, «енсе түсу», «тірі жетімдік», дүниеден баз кешу, Виссарион Белинский айтқандай, тағдардың айықпас тәлкегіне тап болу - «ит болып ұру, мысық болып мияулау, қасқыр болып ұлу, түлкі болып құйрықты бұлғандатуға, қоян болып қашуға бұйырды». Иә, өмірім осы сияқты оқиғаларға толы еді: бірақ канға біткен генеалогиялық сапа болар, түлкі болып құйрықты бұлғандатпадым, қоян болып қашпадым, өмірге келе адалдықты, әділеттілікті ту етіп ұстадым.

Әрине, менің тағдырым – менің замандастарыма да тән! (1931-1933) Аштық-ашаршылық, (1937-1938) қанды-қансыз отыз жеті, отыз сегізінші жылдары, Отан соғысы (1941-1945), одан кейінгі жоқшылық – талай ұрпақ құрбан болған қилы заман. Дегенмен, менің тағдырымда ерекше атап өтетін сәбилік уақытқа, жастық кезеңге тән қиындықтар жетіп артылады.

Есімде қалғандары: әке-шешем қызылдар мемлекеті құрылмай тұрғанда, аса ауқатты, байлығы да барлығы өміріне жететін текті бір аталықтың ұрпағынан өсіп, өнген екен. Еңбеккер болған, ұлы аталары мен аналары халық құрмет тұтқан, пір тұтқан халық батырлары екен. Жүз үш жыл жасаған ұлы еңбеккер Бәсен, одан халық батыры Көтібар, одан халық батырлары, әруақты да киелі санаған Есет – Дәрібай, Назар болыпты. Сол бір атты казактар (халық кара шекпенділер дейтін), кейін қызылдар Қазақ даласын жаулап алған аласапыран кезде мал-мүлкінен айрылып, кара жерге отырып қалыпты. Осы алапат-апат жылдары – 1928 не 1929 жылдары-ау деймін, анам мені жарық дүниеге әкеліпті. Бұл жылдар қызылдардың казак халкын жер бетінен жойып, жерін басып алу кезеңі геноцид еді. Мені қырық күн толғанда әкемнің жалғыз інісі Есімбай баласы болмағанын асырап алған. Бірақ көп ұзамай анамыз Күмісай бала көтеріпті. Өкініштісі-сол, бала үстінен дүние салған. Есімбай әкем мені өзі бағып, қағып өсірген. Бірақ көп ұзамай Балдай деген әйелі болған. Бұл анамыз да бала көтермей өтіпті...

Сол бір аштық-ашарлық (1931-1933 жж.) жылдардың қайғы қасіретті оқиғалары шала-шұрпы есімде қалған.

Иә, «көз жетпейтін жерге сөз жетеді» демекші. ... Көз жетпейтін жазық дала. Үш-төрт киіз үй-ау деймін. Әріректе тағы бірнеше киіз үйлер бар. Бір қолымнан Есімбай әкем ұстап алып, айрылмады. Сол кезде Балдай анам: «таста, жібер, өлтіріп аламыз, біздің ұшарымызды жел, қонарымызды сай біледі. Бұл бала қайда қалады? Өз әке-шешесіне тастап кетейік» деп екеуі айғайласып жатты. Сол кезде биологиялық анам Қарашаш пен (іргелі ақ түйелі бай, жылына үш жүз ақ інген боталайтын Жіңішке құмының аты шулы байы Қиястың кенже қызы екен) әкем: «Ес ағасы, баланы тастап кеткенің дұрыс, аман-есен елге оралсаңдар, балаңды – Тауманыңды өздеріңе қайтарып береміз. Тіпті күн көрісі бар бір жерге тұрақтасаңдар да балаларыңды апарып берейік» деп жатқан даусы әлі есімде-ау. Ұзақ та қатты әңгіме болды. Есімбай әкемнің екі көзі бұршақтаған жасқа толып, мені құшақтап айрылар емес... Ақыры әкем мені елде алып қалды. **Есімде:** бір түйе жүнінен істеген үлкен қапқа менің барлық киімдерімді салып, оны оюлы ағаш кебежеге тығып: «мынау сенің киімдерің, мен келгенше киіп жүр, тонып қалма ... » деп мені қайта-қайта көтеріп алып, маңдайымнан сүйіп, егіліп жылап кете барды. Кейін білдім, Алшынның Теміртауы атанған жиырмасыншы ғасырда Магнитогорск металл құю комбинатына кетіп, жолда ішіне ас тұрмай, қызыл вагон ішінде өлген екен. Бұл оқиғалар менің «*Тарихтың қанды іздері*» тарихи роман-эпопеяма баяндалған.

Сонымен, түпсіз теңізге май шабақтай түсіп кеттім. Кешегі Батырлар елі – ұранды мекен, қыранды мекен болған жер, құйынды мекенге, боранды мекенге, қанды да қасіретті мекенге айналды. Аштан, аурудан өлген адамдарды бір құдыққа тастап, беттерін топырақпен жауып жатқаны әлі есімде. Ашпыз, әкем бір жұрттан тоғыз бидай тауып алып, Есімбайдың баласы ғой, Тауманға берейін деп, аузыма салғанын білемін. Тышқан аулап, оны пісіріп жеп жатқандарды да көрдім, бірақ түйгендерім аз. Адамдардың қалай өліп жатқанын білмейтінмін. Өзім де қатқан қара сирақ баламын, жүре алмаймын. Не тамақ, не киім жоқ. Кейінірек білдім, адамдар құмнан құмыршақ, жаужұмыр, өзен-сай бойынан мия тамырын, қамыстың борығын, бидайықтың басын жеп жатқандарын да көретінмін. Елде тігерге тұяқ мал жоқ. Кейде естіп қаламын: «қақпанға тышқан да түспеді-ау?» деген сөздерді ...

Артелдер (ауыл шаруашылығы) құрылғанда аз да болса, адамдар есін жинағандай болды. Жерге себетін астық тұқымдарын ауыздарына шикілей салып шайнап жүрді. Сәл кейінірек қара тарыны әр отбасына кесемен беріп жатты. Сәл кейінірек ашаршылық жылдары әкемнің ағасы Толыбай, әйелі Бәдиға, қызы Таужан – бәрі аштан өлгенін білдім.

Бұл ұрпақ, толқын 1937-1938 жылдардың қанды қасіретті кезеңіне кірді. Осы қырғын алдында 1929 жылы туған нағашы атам Қиястың өзін жұртқа тастап, екі баласын Әлібек пен Мырзабекті ұстап алып кеткен екен. Иә, бұдан кейін – 1941-1945 – Ұлы Отан соғысы басталды. Мен үшінші класта оқитын едім. Ұстазым Омар Батыровты майданға алып кетті. Мектеп жабылып қалды. Сирағы шіт-шіт он үш баланы колхоздың малшыларына жәрдемшілікке жіберді. Кейін соғыс кезінде майданға тұз керек деп Кішкенетұз көлінен карьер ашып, жатпай-тұрмай тұз шығарып, оны Шалқар қаласындағы теміржолға өгіз арбамен тасыдық. Соғыс аяқтала колхоз аңшылыққа жіберді ...

Бірінші жанған жұлдыз. Он алты жасымда еңбекшілер депутаттары Шалқар қалалық Кеңес атқару комитетіне іс жүргізуші етіп алды. Кеңес төрағасы Құдайберген Оспанов деген таза да мәдениетті аға еді. Алғысым шексіз! Осы қызметте жүріп өмірге деген көзім ашылды. Аудандық, облыстық тіпті *«Социалистік Қазақстан»* (қазіргі *«ЕҚ» газеті*) газеттеріне үзбей ұсақ-түйек материал жіберуді шығардым.

Екінші жанған жұлдыз. Аудандық *«Социализм Туы»* газетіне аға әдеби қызметіне алындым аудандық партия комитетінің ұсынысымен. Редактор көсем сөзші, ақын, аққан шежіреші Тілеужан Шойғарин аға қалам ұстауға жалықпай үйретті.

1949 жылдың қазан айының 30 жұлдызында үйлендім. Сол алғашқы махаббат пен жарым Балзада Шәмші кызымен алпыс жыл-

дан астам уақыттан бері бірге тұрып келеміз. Бұл менің өмірімде жанған үшінші жұлдызым еді. Тағдырыма мың шүкіршілік!

1950 жылы Алматыға – КазГУ-ге оқуға түстім. Нағыз жарық жұлдызым осы болды! Одақтың (КСРО), Қазақ ССР-інің ұлыларынан тәлім-тәрбие алдым. Университетті үздік бағамен бітірдім. Университет басшылығы ЛГУ-дің Шығыстану факультетіне аспирантураға жолдама берді.

Бұдан бергі өмірім туған елімнің көз алдында. Ерекше бір атап өтетін жайт университетте жүріп, Біршоғыр тау Шахтасында қайраткер, инженер-геолог, кейін дара да ұлы жазушы Илияс Есенберлинмен (жары Диляра апай) танысу, ағалық қаламгерлік ақыл-кеңесін алу. **Ұлылығына бас иемін!** Италияның ұлы философы **Макиявелли: «мақсатқа жету үшін барлығында істеп бағу керек»** деген еді. Иә, не істегенімді халқым біледі. Ал **Ашед Юганки: «Біреудің жақсы ісін көрсең, оны ардақтай біл, күнәліні кешіре біл. Өзіңе де, өзеге де жақсылық тіле»**, деген еді. Бұл өмірде басшылыққа алынған қағида болды ...

Сак дәуірінің ғұламаларының мына бір ұлағатты сөздері есіме түседі-ау. Қалай еді, өзі? Иә, Арманның жолы қиқалаң. Адалдың жолы – төте. Жақсылық пен жамандық әркімнің басынан өтеді. Сондықтан араздаспай, таласпай тату жүрсек не етеді. Ынтымағы бар болса, бұл дүниенің қызығы бәріңе де түгел жетеді.

Шалқар қ., 1989 ж.

ҰЛЫЛАР КІТАП ТУРАЛЫ

Иә, кітап қайғыны да басады. Ұлылар СӨЗДЕРІНЕН.

Адамдардың бүкіл өмірі кітап беттерінде қатталған. Адамдар, рулар, тайпалар, мемлекеттер жойылып кеткен. Ал кітаптар қалған. А.И. ГЕРЦЕН.

Кітап ақылына, адамға берген тәрбиесіне, адамға жасаған игілігіне ақы сұрамайтын алтын да бай қазына. Әлішер НАВОИ, озбек халқының ұлы ақыны.

Көне мәдениеттің бәрін бойына сіңірген адам ғана өзін мәдениетті адам санай алады. Л.Н. ТОЛСТОЙ.

Қараңғылықтан, надандықтан, алауыздықтан менің Дағыстаным қаншама азаматынан айрылды. Өзін-өзі тану үшін кітап керек. Өзгені де тану үшін кітап керек. Кітабы жоқ халық – көзін таңып алған кісімен тең. Ол дүниені көрмейді. Көзі жоқ халық айнасы жоқ адаммен бірдей. Ол өзін-өзі көрмейді. Расул ГАМЗАТОВ.

Кітап дегеніміз-алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойланудан да тыйлар едік. Фабиә МҮСІРЕПОВ.

Кітап оқуды қойған адам ойланудан қалады. Дени ДИДРО.

Еске сала кетейін, өткен ХХ ғасырдың жетпісінші жылдары менің балаларым Мәскеуде, Ленинградта жоғары оқу орындарында оқыды. Бірде Еуропадан оралып, Мәскеудің «Минск» қонақ үйінде балаларымды күтіп отырғанмын. Қарсы алдыма фойеде маған таяу отырған қолында әдемі аса таяғы бар, ұзын бойлы, қапсағай, аққудай ақ шашты, аппақ қарт келіп сәлемдесті.

– Қазақсың ба? – деді. Басымды жағымды изедім.

– Қазақ болсаң, Бәсеновті білесіз бе? – деді.

– Иә, Төлеу Құлшаманұлы туысым, ең жақын аға, бәріміз бір Бәсен бабадан тараймыз дедім.

– Ол дана қазақпен Ленинградта азаматтық құрылыс-архитектура институтында бірге оқығанбыз. Ол сәулетші, мен мүсінші бөлімдерінде, жиі сөйлесіп, қатысып тұрамыз. Алматыдағы халық батыры Аманкелді Имановтың атты ескерткішін Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовтың ұсынысымен, Қазақ ССР Үкіметі басшысы Нұртас Ондасыновтың қостауымен, Ұлы Отан соғысы жылдары жарияланған бүкіл Одақтық конкурстың жеңімпазы болғандықтан, Бәсенов екеуіміз жасағанбыз, - дей бергенінде, есіктен бір ер адам, бір әйел кірді. Хасбулат Асқар-Сарыджа Нухбекович:

– Қазақтар менің ұлы достарым, енді бері қараңыз, мынау менің қызым, Дагестанның Мәдениет Министрі, ал мына Эльбрус денелі Расул Гамзатов аған, айтулы ақын...

Ұлы мүсінші ата үшеуімізді үйіне ертіп келді. Келгендерді бота көз, аспорттай алма бет, асқан сұлу, жасы алпысты алған еуропалық әйел қарсы алды.

– Бұл менің жан жарым – Алина Анатольевна. Жақында зейнетке шықты. Москваның Үлкен театрында Бас суретші болған еді, - деп ата таныстырды.

Сөйтіп ұлы ақын Расул Гамзатовпен бір дастарханда дәмдес болу бақытына ие болдым. Жоғарыдағы кітап жайлы сөз сонда айтылған еді. Ол кездесуді бір кітапта да жазғанмын. Содан кейін Расул аға: ***«Кітап – маған патша тағынан да қымбат»***, деген ұлы тұлға, драматург ***Уильям ШЕКСПИР*** сөзін келтірді.

– Қытай билігі мемлекеттік қызметкерлерге жылына 5 кітап оқуды міндеттейді екен. Ал шенеуліктерге ғылым, экономика, техника, философия, тарих ғылымдары жайында білімдерін жетілдіру

жайлы нақтылы талап қояды екен деп бір қайырды. Ұлы тұлғаның әңгімесінен тыңдаған мүсінші атаның ұлы Виктор Борисович Зильберквит екеуміз («ВАСХНИЛ» журналының бас редакторы) көп ұлағатты сөздеріне қанық болдық.

Араб елінің VIII ғасырдағы ұлы жазушысы әл Жиһаз кітап жайлы былай депті: «Мен одан (кітаптан) артық қайырымды көршіні, одан әділ досты, одан асқан елгезек жол серікті, одан артық көнбіс ұстазды, одан асқан дарынды ақылышыны білмеймін». Алматы, 1953 ж., А.С. Пушкин атындағы Республикалық кітапханасы.²

Егер бір адам кітап оқымаса, бұл оның өз қайғысы, қасіреті. Ал миллион адам кітап оқымаса, тұтас ұлттың қасіреті. Иосиф БРОДСКИЙ, Нобель сыйлығының лауреаты.

Жақсы кітап оқу – ақылды адаммен сырласқанмен бірдей. Лев ТОЛСТОЙ.

Ал бүгін ше?

Иә, кітапты жата-жастанып оқитын ұрпақ дүниеден өтіп барады. Сондықтан болар, кітапқа деген сұраныс азайып, қалта телефонына, интернетке, компьютерге беталыс өсті. Бірақ мұның денсаулыққа, миға қаншалықты зиянды екенін біле бермейді бүгінгі XXI ғасырдың ұрпағы. Өкінішті ақ.

... балалардың кітапқұмарлығына қолдау көрсету туралы заң қабылдап, арнайы ұлттық бағдарламаны жүзеге асырған әлемдегі жалғыз мемлекет Жапония. Норвегия елдің мәдениет жөніндегі кеңесі балалар мен жасөспірімдер кітабын міндетті түрде сатып алу жоспарын жасаған. Сингапурда елді елең еткізетін бағдарламалар бар... «АЛАШ АЙНАСЫ», 24.12.2013 ж.

Адам - өз өмірінің суретшісі. Баубек БҰЛҚЫШЕВ.

Есті кісі ерегіспейді, көпшіл адам тамақты бөлек ішпейді. Кенен ӘЗЕРБАЕВ.

Адам – керуен, өмір – жол. Сәкен СЕЙФУЛЛИН.

Таза деген сөз үсті-басынның тазалығымен бірге, ар-ұяттың тазалығын да көрсетіп тұрады. Ғабит МҮСІРЕПОВ.

Ақылды өзгенің қателігінен сабақ алады, ақымақ өз қателігінен де сабақ алмайды. Халық ДАНАЛЫҒЫ.

Кімде-кімнің әділдігі жоқ болса, оның ұяты да жоқ. АБАЙ.

Адам жұмыстан шаршамайды, шаршататын – өсек-аяң, ізіңді аңдығандардың құрған қақпаны. Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

² Осы кітапта жазылған ұлы сөздерді өткен ғасырдың ортасында КазГУ-де оқып жүрген жыршылары А.С. Пушкин атындағы Республикалық кітапханасының жабдық қорынан алуға, кітап қорын сақтау бөлімінің меңгерушісі Әмина Ахметқызы Қонаева мүмкіндік жасаған еді. Ол атай Төлеу Құлшаманұлы Бәсенов ағамыздың жас жарты Гауһар Ахметқызы Қонаева-Бәсенованың нұсқау тәтесі болатын. 1950-1953 жж., Алматы қ.

Ұзақ уақыт құлдықта болған халық еліне деген құштарлықтан, Отан сүйгіштік пен имандылықтан айрылып, жалтақ, көңгіш, тіл алғыш жағымпаз болады. М. МАКИАВЕЛЛИ, Италияның ұлы ойшылы.

Шәлі қанбаған адам ақыры құдық қазады. Корея халқынның қанатты СӨЗІ.

Жылан шаққан адам ала әсіптен қорқады. Халық СӨЗІ.

Беспольная борьба человека, приведет к несчастью. Корея ДАНАЛЫҒЫ.

Мен өз жұртымнан асқан ел бар деп есептемеймін. ҚАЗЫБЕК би.

Қазақты құртатын нәрсе – өсек, қызғаныш, іштарлық, арақ, қонақшылдық, карта. М. ӘУЕЗОВ, 1951 ж. КазГУ-дың аудиториясындағы бір әңгімеден.

Шендестірме қарға мен бұлбұлды,

Теңдестірме жабы менен дүлдүлді. Сағынғали СЕЙТОВ, көрнекті ақын.

Ия, бұл жалған дүние бірде – бал, бірде – у болып өте шығады.

Бақты да, қайғыны да, көтере біл. ФЕРДОУСИ, Персия ақыны.

Дүние жинамасаңда, білім жина! Білімді болсаң, өзің әркез қымбат дүние боласын. Акад. Бек СҮЛЕЙМЕНОВ.

БАЛАПАНЫ ҮШІН ЖАНЫН ҚИЯДЫ-АУ...

*Бозторғай, бозаңда болар ұясы,
Бозаңның басын өрт алса,
Қайғыда болар анасы.*

Халық қанатты сөзінен.

Иә, менде ойнап күлетін, асыр салатын балалық шақ болған жоқ. Отбасымыздағы шиеттей жеті баланы, Ананы асырап-бағуға әкеммен бірдей еңбек еттім. Қысы-жазы Ұлы Отан соғысы (1941-1945) жылдары, кейініректе иығымнан мылтығым, қақпандарым, қолымнан кетпен, шот, т.б. құрал-саймандар түспейтін.

Бірде жусанды, көде бозды, теріскенді, ебелекті, түйеқарынды далада келе жатыр едім. Мезгіл көктем болатын. Бір бозторғай шырылдап, біресе көтеріліп, біресе шырылдап төмен құлдилап бір түп биіктігі тұсарлықтан келетін жусанға шүйлігіп шыр-пыр болып жүрді. Не болды екен деп бұл сорлыға аяғымды тездетіп алып келсем, ұзындығы бір метрдей қарасұр жылан жаңағы жусан ортасындағы ұядан екі жұмыртқаны шағып жеген. Жұмыртқалардың қабықтары

жатыр. Тілін, айыр тілін сүйреңдетіп келесі жұмыртқаны шағып, ішкелі жағыр екен. Бірден әй-шәйға қарамай, кетпеніммен бас жағынан шауып жібердім. Жылан екіге бөлініп түсті. Біраз ырғалып басы жерге жалп етті. Қарасам, екі жұмыртқа аман қалыпты. Жаңағы жан ұшырып жүрген бозторғай не қона алмай, не жұмыртқаларын қорғауға күш көрсете алмай сорлап, үстіме қайта-қайта ұшып келе берді. Енді білдім, осы ұядағы өзінің жұмыртқалары екен. Жыланды сүйреп апарып, жерге көміп тастап, бозторғай қайда екен деп қарасам, ұясына қонып, екі жұмыртқасын бауырына басып алыпты...

Баласы үшін Ана жанын салады отқа! Осылай өсірген бала Анасына алтыннан мүсін қою керек қой.

Құрайлы көл, 1945 жс.

ЕСТЕ ҚАЛҒАН ҮЗБЕН ЕДІ

Ұлы Отан соғысы жүріп жатыр. 1943 ж. Енбекшілер депутаттары Шалқар аудандық Кеңес атқару комитеті майданға тұз керек деп теміржолдан 45 шақырым жердегі Кішкенетұздан тұз қарьерін ашқан еді. Сонда мен тұзшы-шахтер болып жұмыс істеймін. Жасым небәрі он екіде. Кейде екі өгізге жегілген арбамен тұзды Шалқар теміржол (онда Орынбор теміржолы дейтін) стансасына арада бір қонып жетеміз. Тұзды қызыл вагондарға тиейміз.

Бірде арбаның артқы және алдыңғы донғалақтары сынып қалып, кідіріс болды. Запас жоқ. Содан қаладағы Бектіғұл ағаның үйінде аздап жаттым. Қараңғы түсе ағаны қала сыртындағы әскери жаттығу ойынына алып кетеді. Ал апамыз кешкілік кетіп қалады. Қайда? Білмейміз. Бір бөлмелі саз балшықтан соғылған жатаған үй. Үш бала, сирақтары шыт-шыт отырамыз. Ішетін, жейтін ештеңе жоқ. Түн болғасын төсек, жастық, көрпе жоқ, құлай кетеміз. Кейде түннің бір уағында апамыз келіп, жер ошаққа қамысты жағып, суды ысытып алады да, қара бидайдың ұнынан қамыр илеп, үзбен істейді. Иә, қамырды жаятын тактай да, октау да жоқ. Содан іш киімін жуан санына дейін түріп жіберіп, қамырдан үзіп алып, жалаңаш санына жапсырып, жазып үзіп-үзіп алып, қайнап жатқан суға шіліп-шіліп еткізіп салып жібереді...

Апамыздың «р» әрпіне тілі келмейді. Бірден жұлмалап «тұл-тұл, тұлыңдал» деп тұрғызып алады да, кішкене ғана қара қазанды ортамызға қойып, бір ағаш ожау береді. Ұйқылы-оая бәріміз сол қара қазаннан бір қасық-ожаумен кезектесіп ішеміз. Тәтті-ақ...

1947 жылғы дәптерінен қысқартылып алынды.

ЖАЗЫЛҒАН ХАТТАЙ, КҮНДЕЛІКТЕ!

22.06.1941 жс. Күн жексенбі: Қорғантұз бастауыш мектебі. Үшінші класты бітіріп, әрқайсымыз үйлерімізге кеткенбіз. Кешкілік коспак сары атанға мінген бір қарт келіп:

– Ойбай, соғыс басталды!- деді: - Әй, балалар, мектепке барыңдар.

Аң-таңбыз. Соғыстың не екенін білмейміз. Жасымыз онға қараған. Ұстазымыз кеше ғана каникул, демалындар деген еді: Неге шақырады, дедік Медеуов Сәрсенбай, Нұрлыбай үшеуміз.

23.06.1941 жс. Мектебімізді «Ақшол» дейтін халық. Келдік. Халық жиналып қалыпты. Ортасында ұстазымыз – Батыров Омар. Ол жиналған топқа дауыстап:

– Кеше, 22 июнь ертеңгі сағат 4-те Брест қаласын Германия әскери самолеттері бомбылады. Қала, халық қанға көмілген! Майданға, Отанымызды қорғауға аттанамыз. Мен қазір қалаға жүремін,- деді. Брест қаласы, қай Республиканың жері білмейміз. Содан ұстазымыз:

– Балалар! Мектеп жабылады. Бүгіннен бастап колхоз малшыларына жәрдемші болып барындар. Бәрін майданға шақырады. Малдарды бағындар, әжелерің мен аталарыңа көмек беріңдер. Майданға ет, сүт, киім-кешек, бәрі керек,- деді.

3.07.1941 жс. Ұстазымыз халықты жинап алып И. Сталиннің радио арқылы сөйлеп, СССР халқын Отан қорғауға шақырғанын, «біздің соғысымыз әділетті, тәуелсіздік үшін соғыс. Жеңіс біздікі!» деп айтқан сөзін, даусын жаңғыртып айтты.

Мектеп жабылды, бірақ ұстазымыз майданға жүрерінде: «балаларды жинап алып, маған күзде оқушыларды шақырып алып, күнге екі-үш сағат оқулықтарын оқуына басшылық ет, артын көрерсіңдер», деді: Иә, күзде бәрін жинап, сабақты бастаймын, бірақ балалар айғай-шуға, күлкіге, ойынға айналдырып, көп нәрсені тындамайды-ау.

Қорғантұз мектебі.

Кейін сол балалар ел азаматтары болды ғой.

Шалқар Қорғантұз мектебі. Бәрі де соғыстың, одан кейінгі жылдардағы аштық-жалаңаштықты бастарынан өткізді.

9.04.1963 жс. Осы жолдардың авторын Ақтөбе облыстық партия комитеті облыстық «Жаршы» газеті редакторының бірінші орынбасары қызметінен алып, кеше ғана ашылған Шалқар ауыл шаруашылығы аймақтық өндірістік басқармасының тынысын насихаттайтын облыстық селолық «Комтаңы» газетіне бас редакторлыққа бюросында бекітіп, сол газетті ұйымдастырып ашуға жіберді. Мұнда көптеген өмірдің, өңгірдің, заманның жайын жете бідетін елге таңы-

мал кадрлармен жұмыстас болуға тура келді. Соның бірі басқарма бастығының бірінші орынбасары Жиенбай Шарбақов болды.

22.06.1963 ж. ол ағамен кездесіп, әңгімелесуге мүмкіндік болды. Үйлеріміз әлі көшіп келмеген. Кешкілік асханада тамақтанамыз. Аға бір кезде қолына шай шыны аяғын ала бере:

– Редактор жолдас, айтпақшы, бүгін 22 июнь екен ғой. Тап осы күні: ертеңгі сағат 4-те Германия әскерлерінің самолеттері Брест қаласына бомбаларды жаудырды. Біз әскери казармада шырт ұйқыда жатқанбыз. Ұшып тұрдым. Қасымда жатқан Хасен Бектұрғанов қызыл қанға бөгіп қалыпты. Жаспыз, жиырмаға әлі толмағанбыз. Қайрат-күш көп. Хасенді арқама салып алып, қаланың шет жағындағы орман ішіндегі блиндажға әкелдім. Медкөмек берілді... Иә, қаланы тасталқан етті. Сонымен соғыстың басынан бастап, аяғына дейін болдық. Хасеннен көз жазып қалдым. Айтайын дегенім, Хасен Шаяхметұлы Бектұрғанов аса сауатты, білікті азамат. Ол қазірдің өзінде бірнеше облыстың бірінші секретары болды. Сыпсың бар, Ақтөбе обкомына бірінші басшы болып келеді деген,- деп қойды Жиекен.

Кейінірек Хасен Бектұрғанов Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші секретары болып келді. Редакторларды әркез жылы қабылдайтын. Ал Жиенбай Шарбақовты шақырып алып: мені аман алып қалдың ғой өлімнен. Соған қайырым болсын, сені мына Жұрын аудандық партия комитетінің бірінші секретарлығына ұсынып отырмын. ЦК бекітер депті.

Сөйтіп Хасен Бектұрғанов облыс басшысы болғанда талай кездестік қой. Сары Арқаның сараптал азаматы еді. Кейін Қызылорда, Шымкент облыстарын да басқарды.

«МЫНАУ НАҒЫЗ БАТЫР ҚАЗАҚ ҚОЙ!»

*Егер қазақ біреудің алдында борышты болса,
ол, алдымен, Ж.А.Тәшеновтың алдында борыштар.*

И. Юсупов, Қазақстан КП ОК-нің бірінші секретары.

Ж.А. Тәшенов Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші секретары қызметінде болып тұрғанда, Шалқар ауданына келіп қаладағы В.И. Ленин атындағы теміржолшылардың алтыжүз адам сиятын клубында жалынды да жабырқай сөз сөйлеген еді. Н. Хрущевтың Қазақстанда тың жерледі игеру жөніндегі саясатын басқыншылық деген аса қуатты сынға алғанын және бұл саясатқа қарсы шыққан Жұмабай Шаяхметовты көп кешікпей қызметінен босататынын жайын салды. Ол аса қаһарлы дауыспен Н. Хрущевты быт-шыт етіп сына-

ды. Залда отырғандардың басым көпшілігі орындарынан тұрып, ұзақ қол соқты. Алдыңғы жерде отырған қарт Жұбай ата айғайлап:

– Мынау бабамыз Есет батыр ғой, нағыз Көтібар батыр! Нағыз қазақ, батыр қазақ, ер қазақ, бас иіндер!– деп айтқан кезде залды жігерлендіріп жіберді.

1954 ж.

«...ЭТИ КАЗАХИ – ГЕРОИ СОВРЕМЕННОСТИ»

Не для печати!

Отрывки разговора из редакции журнала «Крокодил».

Однажды, 23 передовика животноводческих районов областей Казахстана по поручению райкомов и обкомов партии были направлены в Москву на ВДНХ СССР.

Цель поездки, как известно по тем временам, ознакомить этих передовиков с лучшими достижениями в области животноводства страны Советов.

Наиболее актуальной темой обсуждения, были вопросы искусственного осеменения овец, коров и кобылиц с соответствующим освещением и пропагандой в печати. Куратором поездки был назначен – автор этой книги.

Срок поездки ограничивался двумя неделями, из них последние три дня делегатам выставки предоставили в свободное распоряжение, чтобы осмотреть достопримечательности Москвы. Осматривая достопримечательности города, я случайно забрел в редакцию журнала «Крокодил».

Показав на проходной удостоверение члена Союза журналистов СССР, я прошел с вахтершей (в наше время это называется охраной или громко Секьюрیتی) в кабинет одного из редакторов журнала.

Редактор:

– Значит вы член Союза журналистов, вижу, вижу и подпись Генерального директора ТАСС тов. Пальгунова Н.Г.

Автор дневника:

– Да, я член Союза журналистов.

Редактор:

– Только не просите знакомиться, ЦК партии считает нас инакомыслящими журналистами, поскольку мы ищем и пишем про изъяны общества, раскрываем негативные стороны нашей безупречной страны.

Редактор:

– Если вы из Казахстана, то знаете ли своих прославленных земляков, для нас я скажу искренне, они даже герои современности. Мне вспоминается, правда, имени отчества не помню, но фамилия осталась в памяти. Это *Джанбаев*, в 1950 годах он работал секретарем Кустанайского обкома партии. Человек – он был умный, деловой, прекрасный оратор, талантливый организатор, личность с прямолинейным характером. Все его поручения выполнялись беспрекословно и точно. Правда, у него слабое место – русская разговорная речь... вскоре он был отправлен на учебу в ВПШ (высшая партийная школа) в Москву. При этом мне вспоминаются его рассказы об учебе в ВПШ. Вот небольшой диалог встречи *Джанбаева* с профессором ВПШ.

Профессор:

– Тов. *Джанбаев*, дайте определение подлежащего и приведите соответствующие примеры по этой теме.

Профессор:

– Тов. *Джанбаев*, долго готовитесь, прошу закругляться и отвечать.

Джанбаев:

– Тов. профессор до войны грамматику не изучал, а после войны некогда было.

Профессор:

– Улыбнулся, хорошо зачет, вопрос снят.

Идет сдача экзаменов по второй дисциплине, по философии.

Профессор:

– Объясните разницу между философскими категориями: абстрактное и конкретное мышление?

Джанбаев:

– Тов. профессор, вы задав мне абстрактный вопрос без начала и конца, желаете получить конкретный ответ. Не получится.

Профессор:

– За юмор зачет, а за предмет – «неуд.», вы не прошли.

Джанбаев недолго раздумывая, идет на прием секретарю ЦК КПСС Г.М. Маленкову.

Джанбаев:

– Георгий Максимилианович! У меня вопрос.

Секретарь ЦК:

– Какой?

Джанбаев:

– Георгий Максимилианович! Хлеб Родине надо – *Джанбаев* надо. Мясо, молоко, масло надо – *Джанбаев* надо, а вот учиться – *Джанбаев* не надо. Почему?

Тут Маленков Г.М. быстро набирает номер и дает указание ректору ВПШ – принять тов. Джанбаева в Школу в порядке исключения, а предметы он подтянет.

Автор дневника:

– О втором земляке, можете поделиться впечатлениями?

Редактор:

– Действия и образ нашего следующего героя очень впечатляющие, однако, они имеют печальный конец.

Как-то на заседании Президиума ЦК КПСС, Генеральный секретарь ЦК Н.С. Хрущев внес предложение о разделении территории Казахской ССР на три края, в частности на Целинный, Южный и Западные Края. Тут с места вскакивает Председатель Совета Министров Казахской ССР Жумабек Ташенов и выступает с острой критикой против разделения территории Республики. Ташенов мотивирует свои доводы Декретом о земле, подписанные в свое время В.И. Лениным, где четко прослеживается территориальная целостность каждой отдельно взятой Республики.

Далее пошли взаимные упреки от Ташенова Ж. в сторону Хрущева Н.С. о попирании основных Законов и положении Союза ССР. От Никиты Сергеевича пошли обвинения о национализме и сепаратизме (хотя это выражение в то время практически не применялось). Дальнейшая перепалка кончилось потасовкой и рукоприкладством, каждый начал дергать друг друга за воротник, пока их не разняли.

Ташенов Ж. покидает заседание Президиума ЦК, зал замирает в ожидании дальнейших действий Никиты Сергеевича. На этом же заседании Хрущев Н.С. уже заочно отстраняет от должности Ташенова Ж.

Автор дневника:

– В дальнейшем, карьера Ташенова хотя и пошатнулась, но страна больше не разбрасывалась крепкими подготовленными кадрами. Ташенов Ж. работает Первым Секретарем Актюбинского Обкома партии, заместителем Председателя Южно-Казахстанского Облисполкома по торговле. В день празднования шестидесятилетия Ташенова Ж., утром шли поздравления от ЦК Казахстана и Совета Министров Казахской ССР, а в конце дня, заседание завершилось вручением пенсионного удостоверения, и на этом его карьера завершилась. Да, очень жаль!

На мой взгляд, невзирая на точный прицел идеологической машины Партии, в то время еще находились люди, имеющие мужество возразить генеральной линии партии, люди, впитавшие чаяния, нужды и надежды народа, которому они служили. Это были очень смелые и отважные, великие сыны своего народа, которых можно назвать действительно Национальными героями!

Ұлы тұлға Жұмабек Тәшенов (1915-1986) 71 жасында дүниеден өтті. Халық Одақтың «кісенделген жолбарысы» дейтін. Ал бұл сөзді Мәскеуде де талай есіткенбіз. Бірақ «не для печати» еді ғой. Автордың «Кісенделген Дала» – «Степь в кандалах» («Атамұра» баспасы, 2003 ж.) тарихи романы қазақ даласының да кісенделгенін баяндаған еді.

* * *

Две строчки про *Сагаля ДЖАНБАЕВА*. Человек смелый, находчивый, оставил после себя много юмористических наследий. Первый Секретарь Кустанайского обкома покидает свою должность, его провожает весь актив области. Со слезами на глазах прощается и секретарь горкома партии (воздыхательница Первого секретаря).

Джанбаев шепотом секретарю горкома – дорогая, успокойтесь, следующий Первый секретарь Обкома также будет мужчиной.....

Из дневника воспоминаний № 52, Москва, 1958 г.

Жақында «Парасат» (№7, 2014 ж.) журналын парақтап отырсам, елу жылдай бұрын бір рет сөзін тыңдаған, ұлағатты заманының айтулы тұлғаларының бірі Сағындық Кенжебаевтың сұхбаты жүр. Япырмай, бұл дүниеде бар екен ғой деп, сұхбатын оқып шықтым. Қызығы – 1958 жылы Мәскеуде «Крокодил» журналы редакциясындағы белгілі фельетонист-журналистің әңгімесі есіме түсті. Содан Күнделіктерді ақтарып отырып, тауып алдым. Иә, бұрын ол әңгімеге арқау болған Жұмабек Ташенов жайлы азба, көп пе шұбаланатын едім. С. Кенжебаевтың сұхбаты ол әңгіменің бұлтартпас шындық екеніне көзімді жеткізді. Сөйтіп ол әңгімені осы Күнделік кітабыма кіргіздім.

ЕСТЕН КЕТПЕЙДІ-АУ

ТЕМІР қ., 1962 ж. Ақтөбе облыстық селолық «Жаршы» газетінің шыға бастағанына (Темір, Байғанин, Ойыл аудандары үшін) 4-5 ай болып қалған. Аяқ астынан обком партияның насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Мұқанбетқазы Тәжин бірнеше жауапты қызметкері бар келе қалды. Иә, обком бюросында менің кандидатурамды облыстық селолық газет «Жаршыға» ұсынған меңгеруші еді ғой. Әрине, бұрыннан жете таныс азамат болатын. Үйге шақырып, шәй беруге ұсыныс жасадым.

– Жарайды, семьянды, әйел-балаларды бұрын көргенім жоқ, барайын,- деп келісім берді.

Бір бөлмелі жер үй, төрт баламыз бар, бөлмесі де тар. Бір тоқтыны сойып, қонақасы дайындадық. Балзада Шәмшіқызы жалғыз өзі бәрін жасады. Мұқанбетқазы бастаған бес-алты жігіт жерге жайған дастарханды айнала отырды. Отбасымды таныстырдым.

– Тәке, әйелің, жеңгеміз ғой. Өзі бір жауапкершілікте жүрген қазақ қыздары сияқты шауып жүреді екен. Ал балаларың қайда, кәне көрейің,- деді. Кіші екі жастағы ұлымызды көріп:

– Мына ұлын нағыз Көтібар батыр бабасына ұқсайды! Келешегі кемел азамат болады,- деп баланың басынан сыйпап, арқасынан қақты. Өзі менің Маратыммен³ жандай құрдас болды ғой, ә? деп қойды. Қасына отырғызып алды.

Дастархан басында әңгіме өрбіді: Орта мектептегі, Алматыдағы студенттік жылдар, Розамен үйленуі, студенттік кеш-той бәрі еске алынды. ҚазГУ ректоры Төлеген Тәжібаевпен, ҚазПИ директоры Сейдулла Толыбековпен кездесулер де ағалардың ұлағаттықтары да кеңнен сөз болды. Бір жасап қалдық. Өте шешен, аса білікті, көпті көрген, көпті түйген азамат қой, өзі сөйлеп, қонақасы басындағы әңгімені өзі аяқтады...

Ертеңіне газеттің редакторы Нұрғали Тастанбаев «шайға шақырсам, келер ме екен?»- деп менімен ақылдасты. Өтінішін Мұқанбетқазыға айтып едім, келісті. «Менің бірінші орынбасарымның үйінде болады, мен шақырсам келмейді»- деп жүрер, барайық», деді. Сосын Нүрекеңе айттым. Қуанып кетті де:

– Өзі, байқайсын ба, бір университет, тіпті академия екен. Жақсы дайындаламыз, сенің үйінде болған жігіттер келетін болсын,- деді Нүрекен.

Үш ауданның идеологтарының басы қосылған жиынға Мұқанбетқазы Тәжин жалындатып сөз сөйледі.

– Қатысушылар дән риза болды. Жиналыстан кейін редактор үйіне бет алып, көше бойлап жүріп келеміз. Алдымызда мойны қанқан болған бір арық ешкі, соңында екі лағы бар ойбайлап, бақырып маңырап қашып келеді. Екі жігіт ұстай алмай әлек. Мұқаң тұра қалып:

– Мынау не көрім, ә?!- деді де менің қолымнан тас кылып ұстай алды.

Ешкіні қуып келе жатқан жігіттің бірі тоқтай қалып:

– Ағалар, кешіріңіздер. Мына көршіміз редактор ғой. Қазір облыстан, обкомнан келген қонақтарды шайға шақырып едік. Соя қоятын жандық табыла қоймады. Амалсыздан сауын ешкіні союға мәжбүр бо-

³ Сөз Марат әлеуметтік ғылым докторы, ҚР-ның танымал қайраткері. 2014 жылы ҚР-ның Ресей Федерациясындағы Елшісі болып тағайындалды.

лып тұрмын. Сойып, қазанға салып беріңдер,- деген соң, осы ешкінің аяқтарын қосып байлап, тамағына пышақ жұмсай бастағанымда, ешкі бақырып жібергенде, екі лағы енесінің алдына жетіп келіп, бақырып қоя берді. Сол кезде лақтарға қарай беріп едім, ешкінің аяқтары шешіліп кетіп тұра қашты. Міне, сол ешкіні ұстай алмай әлек болып жүргенміз.

Мұқанбетқазы осы сөзді естіді де, менің иығымнан қойып қалып:
– Кеттік! Болды!,- деді. – Бармаймыз, ол үйге енді. Қандай аянышты,- деп қойды.

Август, 1962 ж.

«КЕҢСЕНІ ӨРТЕЙСІҢ ҒОЙ, КЕТ!»

ТЕМІР қ., 1962 ж. Қыс. Әдетте, жұмысқа ерте келетінмін. Бүгін тіпті ерте келдім. Себебі кеше ғана Темір аумақтық өндірістік Басқармасының бастығы Байсалбай Жолмырзаевпен борандата Байғанин, Ойыл аудандарынан оралғанбыз. Бәкеңнің өмір жолынан көп мағлұмат алғанмын. Ойыма Бәкең жайлы бір очерк жазып, «Батыс Қазақстан» өлкелік газетіне тездетіп жіберу еді. Ой деген теректің бұтағына қонып, көзді ашып жұмғанша ұшып кететін шыбыжық торғай сияқты ғой. Бастағы ойды қағазға төгу керек болды. Кеңсе алдына келдім. Бұл кеңсе үш ауданның бас штабы, біздің редакция, үш ауданды басқаратын облыстық партия комитетінің парткомы. Борап, қар жауып тұр, үскірік аяз. Кеңсе алдында ұзын бойлы, үстінде көнелеу кара тоны, басында түлкі тымағы, аяғында кара байпақ, қолында папирос, бұрқыратып темекі тартып, бір кісі тұр. Көңіл бөлгенім жоқ, бастағы ойдан айырылып қалмай, ішке асығыс кіріп кеттім.

Жаңағыдай болмай, редактор кабинетіме жетіп келді де:

– Сен, байқадын ба? Есік алдында бір бейтаныс жігіт ағасы болар, бұрқыратып темекі тартып тұр екен, кет, мына кеңсені өртейсің деп қуып жібердім,- деді.

Мән бергенім жоқ. Баста төгіліп тұрған ойды қағазға түсіру-мақсат.

Ертеңгі он. Звонок. «Партком секретары редакторды, сізді тез келсін деп шақырып жатыр», деді секретардың қабылдау бөлмесіндегі қыз. Бірден Төлеу Алдияровтың кең кабинетіне кірдік. Көзге оттай басылғаны Ақтөбе облыстық партия комитетінің екінші секретары Ибрагим Кенжегеревич Женалаев болды. Бізбен тұрып, әдетінше жып-жылы амандасты, қол алысты. Редактор бірден:

– Ибрагим Кенжегеревич. кеншірім сұраймын!- деп қаққан қазықтай ілік тұрып қалды.

– Отырыңыз, редактор жолдас! Білмеген у ішеді,- деген ғой. Бәрі де кешірімді,- деп жылылық көрсетті.

Кейін білдік Женалаев ешкімге айтпаған, көмекшісіне де званда демеген. Таң ертеңгілік Ақтөбеден самолетке отырып, Темір әуежайына келіп, өзі жаяу кеңсеге келген. Темекі тартып тұрғанда, біздің редактор кездесіп қалып, «Таң атпай неғып тұрсын, айда кет, ертейсің! Кетпесең қазір милиция шақырамын»,- деген.

Жиналыстан кейін редакторды оңаша алып қалып:

– Нүреке, сізді документтеріңіз арқылы жақсы білемін. Отан соғысының қатысушысыз. Аудандық Совет атқару комитетінің председателі болдыңыз. Осы даныйлар сізді осы қызметке алып келді, болмаса, редакторлыққа сіздің орынбасарыңыз бекітіліп кететін еді. Сұраймын, қысылмаңыз. Сізге ешкім тимейді. Қызметіңізді атқара беріңіз,- депті.

Сонымен Нұрғали Тастанбаев аман-есен зейнетке шықты.

И.К. Женалаев аса мәдениетті, білікті азам еді. Оны Республикалық Бас цензор (Главлито) басшысына жіберіп, орнына М. Сличенко келді. Алматыға Орталық партия комитеті талай рет шақырғанда, бірнеше рет кездестікте. Ұлағатты адамгершілігі естен кетпейді.

Иә, осы жолдардың авторы отыз жылдай редактор болғанда, облыстық партия комитетінің бес секретарымен, аудандық партия комитетінің он бір бірінші секретарымен қызметтес болған еді.

Көне дәптерден алынды.

БҰЛ ДА БІР ӘНГІМЕ, ШЫНДЫҚ ПА?

Ұлы Отан соғысы майданына елден түгелдей дерлік ерлер алынып, шалдар, жас балалар ақсақ-тоқсақ мүгедектер ғана қалған. Ұзақты күн халық Шалқардан келетін Қалыбектің қырғы жолына сарсыла қарап отырады. Соғысқа кеткендерден қандай хабар-ошар болар екен деп. Соның өзінде елде Отан үшін еңбек ететіндер көңіл-күйін түсірмейді. Колхозда қалған бірлі-жарым (броньмен) ерлер күйеулері майданға кеткен әйелдерге көз салады. Соның бірі Дәкен еді. Өзінің бойы қысқа винтовкаданда аласа болғансын әскерге алмаған. Ауылдың бір алты ауыз айтқышы: *«Екі етік, бір орамал Дәкең қайда, Байғұстың жағдайы қандай жайда, Байталдың үлкенін Төкең мінсін, Дәкеге жараспайма, құлын-тайда»*, деп елге таратып жіберді. Байтал, құлын-тай деп отырғаны жылқылар емес. Мұны түсіну керек.

Баламыз, қой бағамыз, сауғызамыз, суарамыз. Осы әнгімені, өлеңі естиміз. Иә, кейін білдік. Дәкені әзілдейтін «алты ауыз сөзінде

де мән бар екен. Ел ішінде «Құдайдан болды ма, Жұбайдан болды ма, сәбилі болдық қой» дейтін әйелдер де бар еді.

АЛ, МҰНЫ ҚАЛАЙ ТҮСІНЕСІҢ?

Ұлы Отан соғысы аяқталды. Елге өңшең қолы жоқ, аяғы жоқ, бір көзі жоқ, мәңгүрт, ауру (контуженный) солдаттар ағылып келіп жатты. Қаланың көшесіне сыймайды деуге де болады. Көшелерде жатып, арақ ішіп, ыңырсып өкіріп жылап, қаланы басына көтеріп айғай шуға басады. Көшеде аяқ алып жүре алмайсың.

Түн. Сол тамыз айы болар. Ертеңіне көшедегі айғай-шу, ыңырсып жылау, өкіріп жылау су сепкендей жоқ болды. Бұл қалай, деп халық аң-таң. Көрші бір милиционер бар еді, ол сыбырлап қана: «бұйрық келді, түнде бәрін жинап алып кетті ...».

Ертеңіне қалада бұрынғы тыныштық орнады.

АЙТҚЫШ ДЕП, ОСЫНЫ АЙТ!

Ауылдың «алты аузы» участкелік милицияны келеке ете «Масақбайдың Мұқаны, көргенім жоқ мұндай жұқаны. Әйелдер сорлы қайтар еді. Осыдан қойса бұқаны», - депті. Бұл әзілді есіткен милиционер тапаншасын қорабынан суырып алып «Сені атамын» депті. Сонда Дәкең:

– Сабыр карағым, екеумізде бойдақпыз, оңып тұрған жоқпыз ғой. Жігіттің бойы шешпейді, қайраты шешеді ғой. Ол алты ауыз айтып отырған қалжыңы, - депті.

Елінің мұңын түсінбеген хан – ел басқарып жарытпас. Корея халқының ДАНАЛЫҒЫ.

ӘУЛЕТ ҚАЙҒЫСЫ

СЕЙСЕНБІ – 21.08.1968 жс. (1945-1968 жж.) бұл күн біздің әулетке орны толмас қайғы әкелді. Сүйікті де сүйкімді бауырымыз Кенжетай аяқ астынан дүниеден озды. 3 жыл армия қатарында Воронежте болып, елге оралған еді. Біз Темір қаласында тұрғанымызда Науан екеуі келіп, «Науанға қыз керек», - деп айтқаны есімде. Ол 1962 жылдың қысы болатын. Кенжетай 1967 жылы үйленді. Келін құрсағында нәресте қалды. Бұл қайғы мені аса ауыр мұңға орап кетті. 2 айдай оң жақ шабым, бауырым қатты ауыруға шалдықты.

Алматыдан Төлеу Құлшаманұлы Бәсенов, Ғаухар Ахметқызы Қонаева-Бәсенова көңіл айтып жұбатты. Ақтөбеден Ақтөбе обкомы-

ның ұйымдастыру кадрлар бөлімінің меңгерушісі Хайролла Сертікұлы Иманалин көңіл айтты. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Төлеу Алдияров, ауатком төрағасы Жиенбай Шарбақовтар – барлық аппараттары мен келіп көңіл айтқанын көрген жездеміз – аға болып кеткен ең жақынымыз белгілі химик Назар Майлыбаев үйіне шақырып, аудан басшыларына қонақасы берді...

Кейін Кенжетайдың өмірінің жалғасы жарық дүниеге келді. Амал не, өкінішті-ақ, кейін ол баламен де, келінмен де жақын қатыса алмадық.

Тағдыр деген осы!

ЫРҒЫЗ БЕКІНІСІ. 1845 жылы Орынбормен қатар салынған. Оны генерал Бларамбергтің көмекшісі инженер-прапорщик Миханлов салдырған. Сол жылдары ол ойына келгенін істеп, қазақты қынадай қырған еді.

АКАДЕМИК І. КЕҢЕСБАЕВ ҮЙІНЕ ШАҚЫРАТЫН ...

Адамгершілік кімде болса, соны ер деп есепте.

Ашед ЮГАНКИ.

Оқу корпысымыз Комсомол көшесі мен Ұйғыр көшесінің бұрышындағы төрт қабатты ғимарат болатын. Біраз жұмыстарын лекциялардан кейін студенттер атқарады. *Ректор Төлеген Тәжібаев Сыртқы істер Министрі* формасына киінген орта бойлы, қалың денелі аса көркем, ажарлы адам еді, үнемі келіп құрлыстағы жұмысты көріп кететін.

КазГУ-дың профессорлары мен оқытушыларының және студенттердің еңбек ақысын, стипендиясын алатын осы корпуста бір ғана касса болатын, бірде кездейсоқ осы бірінші қабаттағы кассаға жақын жерде үш-төрт студент тұрғанбыз. Ұзын бойлы, денелі, қолында ескі былғары портфелі бар өзіміздің ұстаз І. Кеңесбаев келіп, кассадан ақша алып жатты. Ақшасын портфелге салып болды да, бізге қарап баданадай ірі де үлкен қаракөздерін жылыта қарап:

– Эй, «мәдениетті қайыршылар» бері келіндер, деді күлімсіреп. Жетіп бардық қасына.

– Жаңағы айтқаным Карл Маркстің сөзі ғой. Ренжімендер. Ал, деді де портфелін ашып, әрқайсысымызға, есімде жоқ, бірақ кемі бір айлық стипендиямыздай ақша үлестірді. Сосын:

– Жарайды, сыра ішпендер, нанға жұмсандар,- деді де жүре берді. Дауыстап рақметімізді айтып жатырмыз.

– Бірде ақшамыз таусылып қайда барарымызды білмей, еңсеміз түсіп, үш студент тұрғанбыз. Бізді академик аға Ісмет Кеңесбаев көрді де:

– Жігіттер, шамасы, қарындарың құрқылдап тұр ғой, ә? Жүріңдер,- деді. Бірімізге біріміз қарадық та соңынан ере бердік.

– Ал кіріңдер, жеңгелеріңмен сендерді таныстырамын,- дей беріп еді, арғы жақтан иығына үйге киетін, қазақша айтсам, дамбал, бешпет алып ірі денелі, ақсары тоқтасқан әйел шыға келді. Ісмет ағаның сырт киімдерін шешіп алып, иығына салып әкелген киімдерін кигізді. Содан кейін аға беті-қолын жуатын бөлмеге барып жуынды. Енді жаңағы әйел тамақ ішген сүлгіні ұсынды. Аға беті-қолын сүртіп болған соң әйел жамақ ішетін бөлмеге өзі бастап жүрді. Бізге:

– Жігіттер, бұл жеңгелерің, тіпті аналарың деп айтсам да болады,- деді аға.

Біз аң-таң қалдық. Күйеуінің сырт киімдерін шешіндіріп, үйге киетін киімдерін киізіп, беті-қолын жуғансын, сүртінетін сүлгісін әкеліп беріп, соңында ас ішетін бөлмеге бастап кірді, бұл неткен сыпайы да мәдениетті әйел деп таң қалдық.

Біраздан кейін түбі таяздау үлкен табакқа туралған ет, үстін пияз-көкжуа жапқан ас келді. Жаңағы анамыз бір рюмкаға қоңыр түсті сұйық құйылған шамамен 100-120 грамм – байқаймыз, ол кезде түсімізге кірмейтін, білмейтін коньяк әкеліп, отағасының қолына берді. Сосын:

– Ал балаларым, ет алындар,- деді анамыз. Аға әй-шайға қараған жоқ, коньякты аузына алып барды да, құйып жіберді. Содан кейін қолымен етті асады. Жаңағыдай болмай, табак бос қалды. Біздің жағдайымызды байқап тұрған ана:

– Балаларым, сендерді ағаларын алып келетінін білмедім. Телефон да соқпады. Болмаса, молдау асатын едім етті. Ал қалған жерлеріңе мына үлкен кесеге құйылған сорпаны, бір-екі тілім нанды жеңдер,- деп бір табак нанды алдымызға қойды.

– Әй, бәйбіше, ақылдысын ғой сен, бұлар ашқұрсақ «түлкілер» ғой. Дұрыс істедің,- деп ағамыз күліп қойды. Өзі «колхоз» толы кесе бетіне көк жуа – пияз турап, қара бұрыш себілген майы кілкілдеп тұрған сорпаны алып қойды.

Рақметімізді ағаға да, анамызға да айтып кетуге рұқсат алдық.

Әлі есімнен кетпейді нағыз таза жандар – ел Ағасы, ел Анасы солар ғой деген ой. Иә, солай!

Көне блокноттан көшірілді. Алматы, 1952 ж.

ҚАЙҒЫ-ҚАСІРЕТ ӘКЕЛГЕН ҚАНДЫ 1937-1938 ЖЫЛДАРДЫҢ БІР ЭПИЗОДТАРЫ

Ел аузынан алынды.

Ауыл Ұлықұмның Орда қонған табанындағы шилі басатта. Жаздың басталар шағы. Шилер сақалданып, төл қарақұлақтанып, ел жаз жайлауға көшкелі жатқан-ды. Шилі табанның оты таусыла келген кез. Түн. Ай қараңғы. Үп еткен жел жоқ. Негізінде Ұлықұм қыр бетке желді «үргізбейді».

Түн ортасы ауа сарт-сүрт етіп келген аттылар қалың ұйқыла жатқан ауылды «жау шапқандай» бүрліктірді де қалды.

– Оңай Қартбаев, бері шық!- деген барлыққан дауыс шықты.

Жаңағыдай болмай, қас қағымда Оңайдың екі қолын артына байлап, жатқан түйеге мінгізді.

– Түгел Қонқаев, бері шық!- деген қатқыл дауыс естілді екінші бір киіз үй жақтан.

Үшінші шеткеріректегі киіз үйден тағы бір адамды алып шықты.

Ауылдың қатын, бала – шағасы шулап жатыр, бір кемпір аяғын сүйрете жанағы жігіттерді кісендеп жатқан аттыларға келіп, аяғына оралып:

– Қарақтарым-ай, бұл ұстап жатқан балаларым ғұмырында қаланы да, даланы да көрмеген, адамдармен сөйлесіп те жүрмеген еді. Қайда алып барасындар, қатын, балаларын шулатып. Сендерде ар – ұят бар ма, жауша тиіп елге. Әлгі қарашекпенділерден бір пәлеге қалып едік. бар малдарымызды айдап, келіндеріміз бен қыздарымызды аттарына өңгеріп кетіп еді. Енді тынышталдық па десек, бұларың қалай болды!- деп еңіреп жылап жатыр.

– Кемпір үнінді өшір! Қазір сені атып тастаймын! Не қол-аяғыңды байлап мына түйенің артына жаяу саламын!- деді де алды-артына қарамай, 4-5 жігітті айдап алып кетті.

Улап – шулап ауыл қалды.

Арада бір жұма өткен. Ұстап алып кеткендерден хабарсыз ауыл не істерін білмей, томаға тұйық көше алмай жатқан-ды.

Су қараңғы түн. Таң біліне қойған жоқ. Оңайдың киіз жаппасының есігін қақты біреу. Әйелі Жаңылша жан ұшыра екі иығымен демалып, «тағы не пәле, кімді ұстағысы келді екен, бұл жаулар»- деп есікке жақындай маңдайын есік маңдайшасына тіреп құлап түсті.

– Жаңылша, мен, мен ғой. Оңаймын, - деп күбірлеп дауыстады. Жаңылша басын сәл көтеріп құлағын тосты.

– Қорықпа, мен Оңаймын, - деп тағы күбірледі.

– Неғыл дейді, отағасысың ба? Өтірік айтып тұрған аттылардың бірі шығарсың, ә? – деп, Жаңылша тұрды да, есікке қайта құлағын тосты.

– Жоқ, мен, мен Оңаймын. Иә, бұрын Оңай едім, енді қиын болдым ғой, ә. Аш есікті! - деп қаттырақ дауыстады.

– Астапралла, отағасым болдың ғой, бұрын, Оңай деп атыңды атай алмасам да, енді кешірсін Алла, атап жатырмын, - деп есікті ашып Жаңылша алдына отыра кетті.

– Жаңылша-ау, сен кешір, бұрын Оңай болсам, енді қиын болып қалдым ғой, - депті.

Соның арасынша отағасын қолтықтай Айша келді. Оны да, Түгелді де босатқан екен.

– Жаңылша-ау, мына отағасым – менің олжам болды. Есік ашық тұр еді, көрпемді ашып жіберіп, қойныма кіріп келіп, «бұйырса отағасың болармыз» деп, «тырп етпе» деп жата кетті. О Алла, бұл қалай болды десем.

– Бір еңгезердей, белбеуіне қошқарға байлаған күйектей, дорбасы бар қара торы жігіт біздерді алып келгендерді боқтап: «мына әкелгендерін мәнгүрттер ғой жағы қарысып қалғандар әліпті таяқ деп білмейді. Шығарып жіберіңдер! Басқаларын іздестіріп тауып әкеліп, қамандар! Ертең бастық келгенде, айтқанындай, қамауда он бес адам болу керек. Бұл тәртіп!» - деп бізді құйрығымыздан бір-бір теуіп айдап шықты, - дейді.

– Алла, ұзағынан бергей деп, саған келгенім ғой.

– Ал аналар қайда, келді ме? - деді Жаңылша.

– Білмейміз, босаған осы Түгел екеуміз, Есенді, Барлықты, Есентайды көре алмадық.

– Енді көшейік, сонау Әлім тауының бір қуысына тығылайық, - деп сол таң сәріде құйын соққандай ауыл көшіп те үлгерді.

Көне №67 блокноттан көшірілді.

АКАДЕМИКТИҢ АҚЫЛЫМЕН

Академик Ісмет Кеңесбаев Хайрулла Өтегеновке 1954 ж. аяғында диплом жұмысына «Адам аттары» жайлы жаз деген тапсырмасын берді. Хайруллаға кездескен кез келген қазақтың атын сұрап, жазып ал, деген еді. Диплом жұмысы жоғары бағаланады. Бұл 1955 жылдың июнь айы еді.

Хайрулла кейін еңбекшілер депутаттары Жұрын аудандық Кеңес атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болды. Жаксы араласып тұрдық. Бірақ 1996 жылдарда көз жазып қалдым.

АКАДЕМИК БЕК СҮЛЕЙМЕНОВТЫҢ БЕКЕМ ТАПСЫРМАСЫ

Бұл 1950 жылдың август айының аяғы болатын, қабылдау емтиханынан өтіп, көңілді бірлеп, ес жиған кез. Енді елдегі үлкендердің айтқан Алматыдағы ағайын-тумаларды іздеп көрейік,- деп үшеуіміз – Рамазан Нуржанов, Төреғали Өтегенов және осы жолдардың авторы сол елден келгендерміз. Қала мәдениетін білмейміз, мақұрымбыз.

Іздестіре, сұрастыра, Калинин көшесіндегі Опера және балет театрының алдына таман сұраумен келдік. Ол кезде халық аса жоғары мәдениетті, кішіпейілді-ау деймін, бір еуропалық әйелден:

Кешірінінші, профессор Бек Сүлейменовтың үйінің қай жерде екенін білмейсіз бе?- дедім. Менің, алдымен, аты-жөн сұрайтыным, екі-үш жыл жұмыс істеп мемлекеттік мекемелерде «тіс қакандай едім».

– Иә, Лидия Александровна Ваганова деген әйелі бар, өзі орта бойлы, қара, салқын көзді, жуандық, басы шашсыз әдемі киінетін. жасы шамасы қырықтан асқан адамды сұрап тұрсындар ма?- деді.

– Иә, сол адам. Өзі профессор, дедім.

– Онысын білмеймін, сол орыс әйелі қолтықтап, осы көшеде кешкілік қыдырып,- дем алып жүретінін көретінмін. Тап осы сары түсті үйдің ортасындағы есікке звонок берсеңдер, білерсіңдер.- деп сыпайы ғана жауап берді әйел.

Иә, рақмет айтуды да білмейміз. Үшеуіміз жетіп келіп, бірінші қабаттағы үйдің есігін қақтық. Үйден ешкім хабар бермеді. Бірақ біраз тұрып қалдық, бір кезде тап жанағы әйел айтқандай, үй киімімен бір адам есікті ашты. Мүдірмей бізге бойлай қарады:

– Ал кімсіңдер, қане, айтыңдар!- деп тұп-тура көзін шанша тастап.

Ат-жөндерімізді, қайдан келгендерімізді, КазГУ-ге қабылданғанымызды айттық.

– Онда үйге кіріңдер!- деп есікті ашты бірден, аса денелі, жуан қартаң әйел еуропалық болар, қолында жалтылдаған сағаты бар, бізге қарсы жүріп:

– Аяқкіімдерді осы жерге шешіндер. Сосын залға шығасындар.- деді.

Жанағыдай болмай, үшеуімізді отырғызып қойып, орындықтарға аға егжей-тегжейді сұрай бастады.

– Сен екеуің отырыңдар. Ал сен шамасы естирялаусын-ау деймін. Елдің жағдайын айт деп мені, өзіне жақын орындықа отырғызды. Не, елдегі өзім танитын, не білетін адамдарды тәтпештеп айтып бердім. Өңіме аяқтала бергенде, манағы біздің аяқкіімдерімізді иештірген

картаң орыс әйелі есіктен қарап, тамақ дайын болды дегендей белгі берді. Сол біз отырған шағын залдың ортасында тұрған стол бетіне бір дастархан жайды да, ортаға нан, кішкене шайаяқтар, әп-әдемі рюмкалар, қасық-шанышқылар қойды. Әрине, бұрын таныс емес тағам түрлерін әкелді. Ыссы борщ келгенсін өзі ыссылап отырған ауыл балалары – бірден тер бұршақтап аға бастады. Терімізді кіркір көйлектеріміздің жеңімен сүрттік, мұрындарымызды қайта-қайта тартып қойып, нанды бұралақтап ауызға тығып жатырмыз. Үй иесі ағамыз орнынан түргеліп, шығып кеткен еді. Қайта келді. Артынан ұзын бойлы, бір қабат еті бар, кимоно – екі жеңі жоқ әдемі сары ала жібек киген орта жастан асқан болар әйел жай ғана басып кірді. Бізде ол әйелге қарайтын, не сәлем беретін бет жоқ. Бетіміз терге көміліп қалған. Әйел, байқаймын, бағдарлап бізге көз тастайды. Аға:

– Бұл балалар ауылдан, елден келгендер. Жерлестеріміз. ҚазГУ-ге оқуға түсіпті, таныса отыр, Лидия,- деді. Бұл сөзді орысша, артынан қазақшалап айтты. Біз одан сайын – терге шомылып, жерге кіріп барамыз. Бір кезде аға жаңағы алдымызда тұрған оймақтай рюмкаларға ешқандай сылдырсыз бір шишадан қызыл күрең түсті сұйық құя бастады да:

– Ал мынау коньяк деген арақтың атасы. Алындар, бірақ далаға шығып, «Бек Сүлейменовтың үйінен коньяк іштік»,- деп айтатын болсаңдар, таяқ жейсіңдер. Тағы айтамын, қалталарыңда бет орамал болсын, ауыздарыңды жуатын тіс щеткасын, ақтайтын ұнтақ болсын. Соңғы айтарым, мына шанышқыны сол қолдарыңа, пышақты оң қолдарыңа ұстауды үйреніңдер. Еш уақытта мұрындарыңды тартпаңдар. Тамақ ішіп отырғанда беті-қолдарыңды сипамаңдар. Үстеріңді сипамаңдар. Тамақты аузына салып алып сөйлемендер. Киімдерің таза, кірсіз болсын. Шалбарларды жатарда төсектеріңнің астына су бүркіп, үстінен простыналарыңды жабыңдар. Ертеңгісін шалбарлар үтіктегендей болып тұрады және айтамын, үлкен адамдар қастарыңнан өтіп бара жатса, иіліп сәлем беріңдер, өтіп бара жатқан адамдар тұстарыңа келгенде сықылықтап күлмендер. Үлкендердің алдын кесіп өтпендер. Лекцияны барынша зейін қойып тыңдаңдар, әрі конспектілеп жазып отырыңдар. Арақ, пиво ішпендер, бар уақыттарың кітапханада өтсін, т.б. айтып аға бізге тапсырмалар берді.

– Тағы бір айтарым –бұл үйдің телефонын біліп алыңдар. Келмес-тен бір күн бұрын звандап қойыңдар. Сонда тамақ дайын тұрады,- деді.

Әрине, ағамен араласа беретін уақытымыз жоқ. Кейде университет алдында көріп қаламын. Қасында белі бүкірлеу ме, қалай, жасы тоқтасқан-ау деймін, бір кісісі бар «москвич» автокөлігінен түсіп жатты. Екеуі көліктен түскенде машина жерден сәл көтеріліп, үкілеп

дем алғандай болады. Кәдімгі белі майысып қалған ешектің болып көлік ес жиғандай көрінеді. Көріп тұрған студенттер біріне-бірі қарап жымиады.

* * *

Көп ұзамай қайғылы хабар естідік. Оны Төлеу Құлшаманұлы Бәсенов айтты. Бір күні телефонмен үйіне шақырып алып:

– Сен бүгін түнде осындағы МВД-ның бас корпусына бар. Онда түнгі кезекшілікте Насырадин ағаң болады. Түн ортасы ауа жер астындағы тунельмен Бек ағанды жауапқа алып шығады. Соны күт. Жауап алып болғансың «қайта сол жер астындағы камераға алып кетеді. Сол кезде мына әженің шүберекке түйгенін есебін тауып қолына ұстат. Насырадин ағаңа айтылған бұл мәселе,- деді.

Әженің түйіншегін төменгі жер астына түсерде жолда беріп үлгердім. Сақал, мұрты әбден өскен, аққудай болып ағарған тек сығырайып көзі ғана көрінеді. Мен танымадым, бірақ Насырадин аға иек қағып, «бер» дегендей болды.

Иә, бұл жылдарда есімде Төлеген Тәжібаев – ректорымыз, тарихшы Ермұқан Бекмаханов т.б. зиялылар қуғынға ұшыраған еді. Бек аға сотталды. Көп уақыттан кейін Алматыға босанып келді.

Амандық пен денсаулығын сұрау үшін кездесу сәтін іздедім.

Аға әбден азып кеткен екен, бірақ әңгімесін былай бастап айтты.

– Бұлар мені эсер партиясының мүшесі деп қамауға алды. Соғға айттым: эсер партиясы ХХ ғасырдың басынан-ақ тарап кетті. Қазір ғасыр ортасы. Тарих сахынасынан кеткен ол партияға мені қалай мүше етесіндер,- дедім. Олар:

– Сен сол үйіңнің қасында Калинин көшесінде, жер асты – полу-подвалда аяқ киім жөңдейтін, бұрын эсер партиясының мүшесі болған грузин шалмен одақ құрғансың, бірге отырып пиво, арақ ішесің, саясат тақырыптары сөз болған.

– Ал енді қайда барасың? Мен аяқ киімдерді жөңдетуге барамын. Жөндеп болғанша қасында отырамын, деп қанша айтсамда мені түсінбеді.

Мамбет ҚОЙГЕЛДІ – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Бек аға жайлы былай дейді: «Б. Сүлейменов қайсар, әжет азамат еді. Ашуы келген тұста тергеушіні астындағы орындықпен ұрған. Ол екінің бірінің қолынан келе бермес нәрсе! Бек Сүлейменовты байдың баласы деп көрсетеді».

Осы дерекке байланысты менің айтарым – ауылдың көз көрген қарттары Бекті (Бекежанды) ұстауға арыз жазған өз жақыны делінеді. Содан ол Шаңқар темір жолына келіп, шығысқа кетіп бара жатқан

көмір тиеген платформа үстінде отырып, аш, жалаңаш, сусыз, күйсіз он күн жүріп Алматыға жетеді. Осы қаладағы кірпіш зауытына жұмысшы жәрдемшісі болады. Кейінгі өмірі тарихта кестеленген. Ал шындығына келсек, профессор М. Қойгелді жазғанындай, *«Айқын», 31 мамыр, 2013 ж.* Бек ағаның *«әкесі 5 жасында сүзектен өлсе, анасын 8 жасында белгісіз біреулер өлтіріп кетеді».*

Содан МВД-ның бас корпусының жер астымен көшенің екінші бетіндегі балалар паркінің астындағы камерада 6 ай ұстады. Босанып келгенсін естідім. Әйелім, өздерің көрген Лидия, жоғары жаққа бірнеше рет арыз жазған. Ақыры Новосибирскіде поездың астына түсіп өлген. Екі бөлмем толы кітапханамды, өздерің көрген, тәркілеп өртеген, жок қылған»- деп жерге қарады.

Кейін аға өмірі түзелгендей болды. Судимосты алынды. Қазақ ССР ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды.

Соңғы рет елде кездестім.

Нәби Құлшаманұлы Жақсыбаевты соңғы сапарға шығаруға келген актөбеліктер болып үйінде болдық. Осы сапарда Рамазан Нұржанов, Оразалы Қозыбаевтар да болған еді.

Сентябрь 1975 ж. Еске алатын болсақ, Бек (Бекежан аға) Сүлейменовты 1952 жылы 17 шілдеде қамауға алды. Сібірге жер аударды. Жанжары болған, бізге таныстырған Лидия Александровна жеңгеміз Новосибирскіден эшелонмен ағаны алып бара жатқанда, бір дидарласып қалуға жолға шығады, бірақ күзетшілер рұқсат етпейді. Иә, алдында талай рет СССР бас прокуратурасына, КПСС Орталық Комитетіне арыз-өтініш жазып, күйеуінің Отанына адал адам екенін айтқанмен хабарламайды. Ақыры Лидия жеңгеміз сол Новосибирскіде поезд астына түседі. Бұл оқиғалар жайлы бір кітабымда жазғанмын.

... Ағаны Алматы вокзалынан күтіп алдық. Әбден адам танымастай жүдеп, қартайып кеткен екен. Вокзалда жаңа киімдер кигіздік...

Алланың берген кеңшілігі болар, Бек аға үйленді. Қазима Жағыфарқызы жеңгеміз Жәнібек, Ақжана, Жанар атты үш тұяқты өмірге әкелді. Бәрі де осы дүниеде бар. Бек ағаның шаңырағы орнында!

БҰЛ НАРЫҚ ЗАҢЫ!

Бір сөзбен... өзіңді өзің іздемесең, сені ешкім іздемейді, жоқтамайды. Бұл, капитализмнің нарық заманының Заңы! Мемлекетке арқа сүйеме, ештеңе дәметпе, өз күніңді өзің көр деген пікір осы нарықтың алғашқы жылдарында билік тарапынан айтылған.

ҚҰПИЯ ЕРТЕ МЕ, КЕШ ПЕ АШЫЛАДЫ ҒОЙ

Осы жолдардың авторы өткен ғасырдың жетпісінші жылдары бір топ редакторлар: Ақтөбе облыстық газетінің бас редакторы Н. Телеуов, «Социалистік Қазақстан» – бүгінгі «Егемен Қазақстан» газетінің Ақтөбе облысы бойынша меншікті тілшісі Ә. Аймағамбетов, жасырын түрде Арал теңізінің Құландысына барғанбыз. Оған себеп болған Бұхара-Урал газ магистралын, сонау алпысыншы жылдары құрылысы басталған, салуға ауданның жас автожүк машиналарын жүргізуші жігіттер диаметрі 1-1,5 метрлік трубаларды, басқа да материалдарды он, он бір, он екі, он үш газ станцияларына таситынды. Бірде олардың тамағы, темекілері таусылып қалып, Құланды аралындағы «Возрождение» әскери жабық қалашығына соғалды ғой. Сол кезде бірден бет-ауыздарын қара шүберекпен таңып алған бірнеше қарулы адам ұстауға кіріседі. Қайратты жас жігіттер (алтау) 3 әскери күзетшілердің қолдарынан сытылып шығып, моторлары іске қосұлы тұрған автокөліктеріне отыра қалып қашады. Ал жаңағы қару асынғандар автокөліктерін оталдырып жиналғанша қыр асады. Қуып Шалқар қаласына дейін келіп, аудандық милицияға тауып беріндер деп тапсырма береді. Бұл кезде түн ортасы. Жігіттер қалаға бөгелместен, үйлеріне сокпастан, Соленныйдағы газ станциясының сыртымен арқадағы Жабасақтан бір шығады. Осы жерде қуғыншылар олардан көз жазып қалады. Олар сол қашқаннан Орскіге жетеді. Сөйтіп аман қалады...

Осы бір жайсыз хабарды есітіп, біздер жолға шыққан едік. Біздер Ақбасты, Қамысты, Құланды бойларында тұратын ел ақсақалдарымен бір күн бойы жасырын сөйлестік. Олар түсі бұзылып тұрып, аса қорқынышпен, тіпті кейбірі бізге де сеніңкіремей, былай деді: Ол-атын атамай-ақ қояйық, әскери жабық қалашық. Маңайына барған адам, мал қайта оралмайды, бірден жоқ болады. Мал іздеп барған ауылдастарымыз да келмей қалды. Құланды өңіріндегі аң, құс, құлан, мал, тышқан бәрін-бәрін алып кетіп, лабораторияға салып, биологиялық қарулар жасайтын көрінеді деп естиміз. Соңғы жылдары жұқпалы аурулар белең алды. Жел сол қалашық жактан шықса, бітті, балалар, қарт адамдар бірден төсек тартып жатып қалады. Халықта өлім көп, оны жергілікті басшылар Арал теңізінің тартылуынан деп айтудан жалықпайды. Бірақ, сол пікірге сенім аз, тіпті жоқ деп айтуымызға болады, – деп сөйлеп тұрған адамдар жан-жағына үрке қарап қояды.

Сонымен, Ақбасты ауылына оралып, рыбком басшысы Саку ағаның үйінде түнеп, ертесінде теңіз жағасындағы атқылап жатқан +38 –40 градус ыстық минералды суға шомылып, сәске түсте балықшылар

моторлы қайығына біздерді отырғызып, біраз серуендетіп, таңға жуық Ұлы құмға бет алдық. Бізді де ауыл адамдары «байқандар!», деп шығарып салды.

*Ақтөбе, Шалқар, Арал, Құланды, Ұлы Құм,
1976 жыл, №70 блокноттан қысқартылып алынды.*

Еске сала кететін бір жайт – АҚШ КСРО-ның Азияда – Құландыда аса ірі көлемде **антракс**⁴ жасап келе жатқанын (1960 жылдан бастап) 1989 жылы КСРО-дан қашып кетіп, Америкаға барған Ленинградтағы препарат институтының директоры болған В.П. арқылы білген еді. Және Кеңес мемлекеті құлап жатқан аласапыран жылдары (1992 ж.) осы «Возрождении» аралындағы биологиялық қару өндірісінің жауапты бір маманы Қ.Ә. АҚШ-қа келгесін ашыла түсті. Құпия ерте ме, кеш пе ашылады деп отырғанымыз осы.

Арал теңізі экологиясы жайлы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы («Возрождениедегі» лабораториядағы биологиялық қаруды еске алмай) осы өңірдің Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Ақтөбе облысының Шалқар, т.б. өңірлеріндегі халыққа қаржылай көмек беретін Жарлық шығарды. Ол қаржы еңбекақыларына, зейнет-ақыларына қосылып берілетін еді.

Алматы қаласы, 1993 ж.

«ОТЫРЫҢДАР, СЫРТТАН ТАСИМЫЗ!»

ТАҒЫ БІР СӨЗ – Енді республикада егіс салып, егін егіп, астық жинап, мал өсіріп, ет, сүт өндірудің, қызылша, бақша өсіріп бейнетке калудың түк қажеті жоқ. Бәрін сырттан әкелеміз деп ұрандатты шенеуніктер. Бұл қалай сонда! Қазақ халқы кірме халық өкілдерімен бірлесіп егін екті, бау-бақша өсіріп, өнімдерін жинады, мал өсіріп, ет, сүт өнімдерімен тек өз халықтарын емес, Еуропаны да асырады – қазақ елі әлемде жер көлемі жағынан алғашқы ондыққа енеді. Ата мекеніміздің жер асты да, үсті де – байлық емес пе! Ғасырлар бойы – қазақ жерінің байлығын, ағылшындар, кейін капиталистер талап жағты, бәріне де жетті. Ал бүгін алыстан арбалап азық-түлік тасып, халықты қарық қыламыз деуді қалай түсінуге болады? Қайта халықты жеріңді пайдалан, егіс сал, егін ек, бау-бақша өсір, малыңды өсіріп, өнімін ішіп, же, тату-тәтті өмір кеш деу керек еді.

Иә, уақыт өз билігін жүргізеді.

⁴ *Антракс* – антракоз гр. *Anthrax (anthrakos)* уголь – вид пневмокониоза – профессиональная болезнь, развивающаяся вследствие длительного вдыхания и оседания в легких угольной пыли. *Словарь иностранных слов.* – М.: Рус. яз., 1989. – 624 с. – С. 46.

ЭЛЬБРУС – КАВКАЗ ПАТШАСЫ

ПЯТИГОРСК ШИПАЖАЙЫ – «ЛЕНИНСКИЕ СКАЛЫ». Осы жолдардың авторы 1976 жылы емделуге барған еді. Бұл курорт аймағы Пятигорск, Ессентуки, Кисловодск, Железноводск – осы 4-5 курорттың емделу орындарын біріктірді. Мұны Солтүстік Кавказ курорт аймағы деп атайды. Қатты ауырып, іш түйіліп келген едім.

17 МАЙ. Жаңа ғана күн ыстығы бар аймақты өзінің жылы құшағына алып, мамыра жай болып тұрғанды. Эльбрус шыңы бетінен көтерілген қара бұлт төңіректі жауып тастады. Ауа-райы суытты. Бір кезде қара жаңбыр-нөсер, одан торғайдың жұмыртқасындай тас бұршаққа айналды. Жер беті тұсарлыққа жететін бұршаққа көмілін қалды. Ия, мұнда емделуге келгендер сонау Бештауға дейін, оның басына дейін жаз киімдерімен шығып кеткен. Үсіп – жаурап жататын корпустарға әрең жетті. Палата іші де «мұзқала» болып қалды. Көп ұзамай барлық емдеу, жататын корпустарға жылу берді. Ия, мен де таулық бір қартаң әйелмен бір ғимараттың төбесі жабық, үш жағы қабырғалы, алды ашық жерде бір топ емделушілермен тығылынып, паналап отырып қалған едік. Алдымызда сонадай жерде церковь – орыс шіркеуі, оның солтүстік бетінде тұқыл төбеде үлкен зират – кладбище тұрды.

– Байқаймын, баламен қатар шығарсын, не үлкен боларсын. бір оқиғалар есіме түсіп тұрғаны,- деп жанағы қартаң әйел мына бұршақ қар араласқан басылғанша, ешқайда шыға алмаймыз ғой,- деп көзалдына іркілген суды сұртті.

– Айтыңыз, тыңдаймын дедім.

– Біз не көрмедік,- деп біраз ойға шомып тұрды.

– Ия, «әйелдің жасын сұрамайды», дейді ғой, еуропалықтар. Дегенмен, сөз бастауына, бет-ажарыңа карағанда, біразды көрген анасыз ғой дедім.

– Солай, балам. Мен осы жерде – Пятигорскіде туып, өскен әйелмін. Атым Наталья Михайловна. Жасым жетпісті басқан.

– Кешірсіз, Сізге жетпіс жасты беруге болмас.

– Ия, курорт аймағы ғой, саған жастау көрінермін. Солай ма? - деп ширай түсті.

– Кешегі Отан соғысы. Немістер осы Солтүстік Кавказға басып кіргенде, отыздың қырқасына шыққан әйел едім. Күйеуім болды. бірақ Украинадағы шайқастан оралмады, - деп көзіне жас алды.

– Сәбилі болмадық. Не бәрі жылжарымдай бірге тұрдық.

– Ия, содан.

– Ия, есімде жоқ, қырық екінің жазы ма, әлде қырық үштің жазы ма. Немістер осы қаланың әр үйіне мылтығын кезенін кіріп, жас ба-

лаларды, жас әйелдерді айдап шықты. Қарттарды үйлерінде атып тастап кетеді. Осы сәтте Совет армиясының жүзге тарта солдаттары немістермен айкаса түсті. Біз бір топ әйелдер шіркеудің подвалының бір тесігінен сығалап қарап отырдық. Бір қызығы шіркеуге келмеді. Айналып өте берді. Қаптаған неміс қаланы басып алды. Көзің жамандық көрмесін, елу-алпыстай біздің солдаттарды алдарына салып, мына кладбищенің бергі бетіндегі биікке айдап әкеліп, стройсаға тұрғызды. Бір кезде өздері церковь жағынан тұрып оқ септі. Өңшен жас бала – солдаттарды тұраған еттей сұлатып салды. Бәрі құлағанын әр қайсысының басынан теуіп, айғайлап, ақыры тастап кете барды. Қас қарая жеті-сегіз әйелміз қирап жатқан солдаттарға еңбектеп келдік. Ойымыз тірілер болса, үйлерге алып кету. Бұл кладбищені аралап көрдіңдер ме, сол ортасына таман жерде Михаил Лермантовтың қабірі болатын. Заманында нағашы әжесі келіп, қабірін қазып, ақын жиегінің мүрдесін ат арбаға табытқа салып Тағанрокка алып кеткен екен. Бірақ қабір сол күйінде шұңқыр болып көмусіз қалған. Тек басына қойған құлыптасы болатын. Сол құлыптасты да атып-атып кетті. Фашистер бірнеше біздің солдатты атты, атты да, сол қабырға сүйреп тастағанын көріп тұрдық. Құрсыншы, солардың ішінен бес солдаттың тірі екенін анықтап, түн қараңғылығын жамылып, бір қалыңдық ішіндегі бір қабат үйдің подвалына алып келдік. Жаның удай ашиды, ыңырысып жатқан балаңдай жас солдаттар, түннің қараңғылығын пайдаланып, сол подвалды госпитальге айналдардық. Мен соғыс алдында ғана медсестралық мамандық алғанмын. Бәрі де ауыр жаралы. Емдеуге кірістік.

Әрине, не положено болар, амалсыздан, ыңырысып жатқан солдаттарға бәрін бердік. Қастарынан кете алмайсың, жалко! Тура-сын айтайын, балаларымыздай құшақтап та жаттық. Тіпті ауыздарына емшектерімізді де салдық. Ештене, ешбір нәрсе аямадық, үстімізге де жатқыздық, астына да жаттық. Өте аянышты! Ұлы сөзде ұят жоқ, тәнімізді де бердік. Үшеуі тәуір болды. Майданға өздері сұранып кетті. Мана сөз басында менің баламмен қатар шығарсың деп едім ғой саған. Иә, сол балам жиырмадан асты. Сол бір солдаттың қалған көзі, ол қазір МГУ-де оқиды, студент. Анда-санда ақша саламын, әрине, өте аз. Пенсионерде не көп ақша болсын,- деп кейуана сөзін аяқтады.

Мен үнсіз тыңдап отыра бердім.

– Жігітім, тілсіз қалдың ғой, жақтырмай қалдың ба, сөзімді,- делді.

Жоқ, жо-оқ, өте ауыр да, үмітте екен дедім.

– Ал мына солтүстік шығысқа кара! Сонау тұрған Бештау. Оны Машук биігі дейді.

Неге Бештау, неге Машук дейді? - деп сұрадым.

– Бұл тауды. «Машук биігі» деп келген. Машук деген осы елдің сұлу қызы болған. Оған мына көрші елдің Бештау есімді бір бай князі қызға ғашық болған. Ал, бұл араның халқы ақбас Эльбрусты – Кавказдың патшасы деп атайды. Ол аса ержүрек батыр, сұлу да көрікті жігіт болған. Машукке ол да ғашық болып, сөз салып жүреді екен.

Машук қыз Эльбрусқа жылы кабак танытып, жылылық көрсетіп, оны ұнатып қалған көрінеді. Мұны білген князь Бештау ашу үстінде Эльбрустың тас төбесінен ауыр қарумен қойып қалады. Эльбрустың басы екі айрылады. Содан «Эльбрус двуглавый» атанады. Осы сәтте есінен айрылмай тұрғанда Эльбрус Бештаудың басынан соққы береді. Содан Бештаудың басы беске бөлінеді. Міне, біз көріп отырған «тауды қазір халық Бештау, орысша айтсам – Пятигорск деп атап кеткен. Ал Эльбрус ашу үстінде өзінің сөзін, уәдесін сатып кеткен Машук қыздың кеудесіне қылышын жұмсайды... Сол Машук сұлудың көз жасы мынау ағып жатқан шипалы су, аяғының асты қасиетті де киелі кара балшық, ішінен аққан сарысу – радон – бәрі ем. Ал қарақтарым, емдердің жұғымды, денсаулықтарына пайдалы болсын, - деп кейуана сөзін қайырды. Сөйтті де:

– Ал қалай, еңсенді көтерді ме? Машук қыз екі басты Эльбрус батыр, бай князь Бештау,- деп кейуана күліп күлімсіреді, және,- деді – бұл курорттарда әлемнің небір мықтылары ем алған. Кетейік, ауарайы бұзылып келеді,- деп алға түсіп жүре берді. Бұл курортта екі рет дем алған едім.

ДАРА ТҰЛҒА КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ

*Сұлуды адам жаны қимайды екен,
Беймезгіл еске түсіп қинайды екен.
Жезкиік, сені аңсаған кездерімде
Бір өзім кең далама сыймай кетем...*

Иә, Мәскеуде, қызылтасты Кремлде – КПСС Орталық Комитетінде жұмыс істеп жүрген кезінде, осы бір арманға толы, туған елін. Сарыарқасын сағынған кезде жазған еді. Осы бір ұлы жыр жолдарының шығуына, хатқа түсуіне орай түрлі алып-қашпа әңгімелер Мәскеуде, елде де тұтанып кеткен болатын. Мәскеудің жоғары партия мектебін бітіргесін елге – туған сүйікті еліне қызмет етуге бел байлап, жетуге асыққан, аңсаған дара Азаматты «тағымды тартып алады» деушілер, көреалмаушылар, билік басындағылар қарсы болды дейтін әңгімені Мәскеуде творчестволық іс-сапармен барып жүргенімізде «Правда», «Литгазета» редакцияларында естінген едік. Сол бір елге, Сарыарқаға

сағыныш бойды билеп, жүректі жалмап алған сәтте осы бір «Жезкиік» өмірге келді-ау, ә?! Солай!

Не керек, содан Мәскеу, Кәкімбек Салықовты Қарақалпақ АССР-іне жөнелтті ғой. «Жезкиік» жыры 1975 жылы орыс тілінде шықты.

Мәскеу қ., 1977 ж.

Мәскеуде Орталық партия комитеті аппаратында істеп жүрген кезінде, өзімен қызметтес қарт тұлға Павел Васильевич Симонов: Кәкімбек Салықовқа: «Қазақстан сені жолатар емес! Басқа өңірге баратын шығарсың», - депті.

Кәкімбек Салықов: «Орталық партия комитетінің аппаратында, тоғыз жылдан астам отырғаным рас. Төрт жылдан кейін Алматыға келіп, Димекеңе, Димаш Ахметұлына өтініш айттым. Димекең төмен карап отырып: «иә, төрт жыл, төрт жыл», - деп отырды да: «жарайды, елге қайтаруды қолға аламын», - деген сөзін берді. Екі жылдан кейін тағы жолықтым. «Өте дұрыс, енді созбаймын», - деді. Бірақ ол уәделер орындалмады».

«... елді қатты сағынып жүргенде, әйтеуір, өлең жарықтық серік болды», дей келіп, немересінің есімін де Арман деп қойыпты... (иә, «Жезкиік» өлеңі осы жылдары тұған).

«Әділдікпен тазалықта жүргенім, Мені қиянаттан, жазықсыз, Қаралаудан аулақ етті» атты Әшірбек Аманкелдіге 1999 жылы берген сұхбатынан бір үзінді.

«ЕҚ», 24.09.2014 ж.

БОРЖОМИ КУРОРТЫ – 1979 ж. Адам айтса нанғысыз – ертегідегідей өңір екен. Түннің екінші жартысында бір автобуспен 50-60 емделуші келдік. Шипажай қызметкерлері тік тұрып қарсылап алды. Мені сол емделушілердің ішінен қолымнан ұстап, үнсіз жетелеп, ең алдына әкеліп, үшінші-ау деймін, документтерімді кезекші қызға ұсынды, бірден жаңағы қарт әйел палатама алып барып орналастырды. Тіл қатпады. Себебі, орыс тілін білмейді екен, мен грузин тілін білмеймін, кейін анықтадым. Таңертеңгісін асқа бардым. Менімен столдас-дастархандас сұлуша келген грузин қызы отырды. Оны кейін білдім, әйелдер арасынан шыққан шахмат чемпионы Нонашвили екен. Және екі грузин әйелі отырды. Ертеңгі асқа даяшы грузин қызы орысшалап: «ер адамдардың тамағы әйелдерден екі есе көп болу керек. Мына таза жүзім шарабы – 150 грамм, мынау екі второй, мынау нан, мынау үшінші көк шай», деп былдыр-сылдыр айтып, алдыма қойып жатты. Жаңағы шахмат чемпионы қыз грузинше алфавитінен бастап, біраз сөз үйретті маған.

Келесі демалыс күні Боржоми қаласындағы И.В. Сталин, Э.А. Шеварднадзе шипажайларын Қырғыз ССР-ның бас судьясы екеуміз аралап көрдік. И.В. Сталиннің шипажайы ескі ғимарат, ХІХ ғасырдағы Россия патшасы Александрдың санаторийі екен. Өзі – И.В. Сталин мұнда бір-ақ рет болып, дем алыпты. «Денсаулыққа қарайтын уақыт жоқ, осы ескі ғимарат жарайды. Жаңадан ешбір нәрсе әкелмендер» депті. Сталиннің осы сөздері жазулы тұр тақтада. Бұдан кейін Э.А. Шеварднадзе санаториінде болдық. Тұтас ғимаратты ақ палаткамен жауып тастаған. «Жылына екі-үш рет келіп, қысқа-қысқа ғана демалып, кетеді хозяин» деді сыбырлап қана бір карт адам. «Қысы-жазы барлық коллектив осында болады, еңбек ақысын алады, бәрі жақсы» деп қалды, жан-жағына ұрлана қарап.

Арада екі апта өткенсін Тбилисиге баратын болдық. Ескі әскери грузин тау жолымен жүріп келеміз. Әр жерде тау бастарында әбден көнерген үйшіктер тұрды. Сұрадық экскурсоводтан. «Старая военная горная грузинская дорога. Бұл ескі замандарда сырттан келетін жауларды қарап тұратын қарауыл үйлері. Мәселен, жау келе жатса, келесі тау басындағы қарауылға лаулатып от жағып хабарлайды. Ол келесіге, ол келесі қарауылға жеткізеді. Сөйтіп, сырттан келе жатқан жауға қарсы дайындық жүргізіледі ...».

– Мынау,- деді тау түбіндегі аңғарда орналасқан екі ғимаратты көрсетіп, экскурсовод – біреуі ерлер, екіншісі әйелдер монастыры. Түсіп, аралап көрдік. Ғимараттар арасы – 200-300 м, арасында аңқып жатқан бір аяқты жол. Бір кезде тау ішінен балалардың жылаған дауыстары естілді. «Таңырқамай-ақ қойындар, осы екі монастырдың төлдері ғой»,- деп күліп қойды экскурсовод.

Терек өзенінің бойымен төмен түсіп келеміз, тау басынан сарқырап ағып жатыр. Тамаша! Автобустан түсіп, суға қолымызды салып, дәмін көрдік.

КУТАЙСИГЕ келдік. Сосо Джугашвилидің әке-шешесінің тұрған үйі. Подвалында әкесінің аяқ киім тігетін орны, заттары, аспаптары. Сосоның туған бөлмесі, бастауыш класқа барғандағы кітаптары мен дәптерлері, т.б. Сол үйден 200 метрдей жерде Сосоға – Иосиф Сталинге арналған музей орналасқан екен. Сталинге сыйға тартылған киімдер, заттар 70 жасқа толғанда берілген киімдер, етік тұр. Біреуін де кимепті. Әдемі жасалған, өзінің көзі тірісіндей сайрап тұр.

ТБИЛИСИГЕ жеттік. Бұрынғы аты Тифлис. Ол аты 1936 жылдан бастап Тбилиси болып өзгертілді. «Тбили» грузинше «жылы». деген ұғымды білдіреді. Метросына отырдық. Үкімет үйіне соқтық. Шота Руставелидің ескерткішіне тәу еттік. Тбилиси шаһарының үлкен алаңында Шота Руставелидің «Жолбарыс тонды жиһанкез» («Жолбарыс терісін жамылған батыр»). деп те айтып та жазып та келдік.

Ескерткіш монументы тұр. Экскурсовод: еске салайын осыдан екі жүз слу жылдай бұрын Грузияның Вахтанг VI патшасының шешімімен Шотаның осы тарихи еңбегі жарыққа шыққан. Шота грузияның ұлы ақыны ғой. Тағы бір есте қалатын дүние грузин жігіті мен қызы үйленсе, Шотаның осы «Жолбарыс тонды жиһанкез» кітабы, мұсылмандардың құранындай, сыйға тартылады, деді.

Иә, Ескерткішті көріп, біраз тамашаладық. Ал бізде ше? Содан кейін Тбилисидің арқасындағы биік тауға алып барды.

Бұл зиратта-пантеонда грузин халқының ұлы адамдары мәңгілік мекендеген екен. И. Сталиннің анасының ескерткіші тұрды менмұндалап. Мәскеуде қайтыс болған, осында әкеліп жерленген. Россия жазушысы, дипломат А.С. Грибоедов (1750-1829) жан жары А.Г. Чавчавадзе қызы екеуінің қабірін көргенде жаның-жүрегің жиі соғып аласұрасың. Күйеуінің жұмбақ өлімі жайлы әйелінің сөзін оқығанында, жаныңды қоярға жер таппайсың. Таза махаббат деп осыны айт!

Александр Сергеевич Грибоедов декабристердің оқиғасына байланысты тергеуде болады. Содан 1828 жылы Персия елшісі болып бекітіледі. Сонда ажал құшты. Данқты «Ақылдың азабы» өлеңмен жазылған шығарма. Комедияның авторы, жан жары танымал демократ қызы.

БОРЖОМИДЕГІ санаториймізге қайта оралдық. Боржомиде Петр Чайковскийге (1840-1893) орнатылған зәулім ескерткіш көз тартады. Ұлы композитор үйленбей өткізіпті ғұмырын. Ескерткішті ғашығы поляк қызы, айтулы әнші өз қаржысына тұрғызған екен. Аты-жөнін айта алмай отырмын, қарындашпен жазылған аты өшіп қалыпты, бірақ тілімнің ұшында тұр.

Россия патшасы Александр бір ғашығына арнап санаторий салғызыпты. Сондай әдемі бір шегесіз таза ағаштан жасалған. Совет үкіметі кезінде емделуші әйелдерге арналған шипажай болып, жұмыс істеп тұр. Қырғыз жігіті екеуміз сонда барып, Мәскеуден келген оркестрдің концертін тыңдадық.

Иә, жақсы емделіп, біраз серігіп қалдық-ау.

Ескі блокноттан қысқартылып көшірілді.

ҚУАНЫШТЫ ҚОҢЫРАУ

17.12.2003 ж. телефон тұтқасын көтердім.

– Аға, Тауман ағасыз ба?– деді. Жас адамның даусы.

– Мен Мамай Ахметов деген жігітпін. Әуезовтанушы едім, бір қызық архивтің үстінен шықтым. Сіз Мұхтар Әуезовтың шәкірті болған екенсіз. КазГУ-де студент болып жүргеніңізде. Сіздің

әдебиеттен тапсырған мемлекеттік емтиханыңыз жайлы ақпаратты Мұхаң өзінің дәптеріне жазыпты асты сызылған «5», отлично с отличием!, деген баға қойыпты. Жалпы университетті үздік бағамен тәмәмдаған екенсіз. Құттықтаймын!- деп жігерлі дауыспен қуана айтты. Ағалық ақ бағамды бердім, сонсын:

– Рақмет, жаным, бақытты бол! Айтуының бәрі дұрыс. Ұлы ғұламадан дәріс алдык. Ал оның семинарын аспиранттар бірде Зейінұлла Қабдолов, бірде Мастура Сармурзина жүргізетін еді. Университетті аяқтардағы мемлекеттік емтиханды академик Ісмет Кеңсебаев пен Мұхтар Әуезов алған-ды, дедім.

Бір блокноттан көшірілді.

КИСЛОВОДСК – 1980 ж. Держинский атындағы шипажайына аяқ салдым. Кезекші қыз екінші қабаттағы бір палатаға алып келіп орналастырды. Жаңағыдай болмай біреу есік қақты. Иә, енгезердей қартаң ер адам. Бірден:

– Менің палатама жүріңіз!- деді тік тұрып. Таң қалып едім.

– Бүгін 7 ноябрь – Октябрь революциясының күні. Жүр, жүресің!- деді.

– Стол үстінде бір шиша ақ арақ, шұжық, колбаса, нан, пияз.

– Мен Иван Матвеевичпін. Отан соғысына бастан-аяқ қатысқанмын. Полковникпін. Журналистпін. АПН-да Латын Америкасы бойынша Бас редакциясының Бас редакторымын, - деп ішпеске қоймады. Менің журналист екенімді білгенсін, тіпті, зорлады.

– Осы санаторийде жас келіншегімді әкеліп бірге дем алғанбыз. Менімен Москва арқылы еліңе қайтарсың,- деп қалды. Достасып кеттік. Талай әңгімелер, анекдоттар, оқиғалар айтылды. Соғыс жайын еске алмайық деп қалды сөз арасында.

Москваның Волоколамское шоссе, 21 қабатты ғимараттың 17 қабатында тұрады екен.

– Мына әйел-менің жұбайым, деп таныстырды. Сұлу, толық денелі, аппақ әйелді жетектеп әкеліп, Москва архитектура институтының кафедре менгерушісі,- деді.

– Мына шосседе генерал Панфилов соғысқан әлгі «иттермен»,- деді. Қазір бұл Москваның бір шағын ауданы. Мына бөлмеге жүр деп алып келді, толы арақ, блокнот, ағылшын тілінде кітаптар, газеттер. Иван Матвиевич АПН-да (Агентство печати и новостей). 16 мың журналист әлем бойынша жұмыс істейтін агенттік екен. басшының бірі.

Иван Матвеевичпен өмірлік дос болдык. Менің балаларым, кенже қызым бәрі осында, Москвада оқитын еді. Оларды таныстырдым. Көптеген проблемаларын шешіп беріп тұрды. Балзада Шәмшіқызымен кездесіп, үйіне шақырды.

Әйеліне қарап күліп отырып, Америка журналистерін қонақ еткенімізде біреуі: «Да, русские дамы «задом» закрывают Кузнецкий мост Москвы», деп сықылықтағаны есінде бар ма? - деді.

Әңгімені АПН-ға аударды Иван Матвеевич.

– Айттым ғой, біздің Агенствода 16 мың журналист жұмыс істейді, - деді. Оларға пәтер, көлік, байланыс құралдары тегін, әлемнің кай жерінде істемесін. Еңбек ақы жоғары. 16 секундта алған хабарымызды Москваға – Орталыққа жеткізетін аппарат та бар. Әрине, мұндай жағдай «Правда» газетінде істейтіндерге де толық жасалмаған, - деп қойды.

– Тағы бір айтайын дегенім, - деді – бас редакторлар үйлерінде тізіммен тегін берілген түрлі коньяктар, вискилар, қызыл, ақ арақтар (орыс арағы), шампандар, тамақтар бар. Шетелдік журналистерді реті келіп үйіне шақырсаң – бәрі дайын.

ӘЛЕМДІК ТҰЛҒАЛАРДАН ҚАЛҒАН СӨЗ

Избыток материальных средств и благ – притупляют человека, его жизненую активность. Уинстон ЧЕРЧИЛЛЬ.

Чистые руки, горячее сердце, холодная голова – необходима каждому чекисту. Ф. ДЗЕРЖИНСКИЙ.

Закон не имеет обратной силы. Говорят РИМЛЯНЕ.

А у нас?.

Баррель: англ. Barrel – бочка в Англии и других странах, единица вместимости и объема сыпучих веществ равен = 163,65 л, в США= 115,6 л.

А нефтянной баррель в США=159 л, Barrel – бочка единица объема жидкости в ряде Латинской Америки – 76 л = 97 л, в Испании 23 кг.

История повторяется первый раз как трагедия, а второй раз как фарс. Карл МАРКС.

Игра в политику – прекрасная игра. Уинстон ЧЕРЧИЛЛЬ.

Каждая палка, имеет два конца. Английская МУДРОСТЬ.

Деньги для Черчилля играли большую роль. Сказали ПОЛИТИКИ.

Ветка трещит, прежде чем ломается. Уинстон ЧЕРЧИЛЛЬ.

– Русский медведь – Иосиф СТАЛИН.

– Американский бизон – Франклин Делано РУЗВЕЛЬТ.

– Между ними маленький - английский осел – Уинстон ЧЕРЧИЛЛЬ.

Бұл қағытпа сөзді У. Черчилль Ұлы Отан соғысы кезінде Иранда бас қосқан кезде айтыпты дейді.

Неблагодарность по отношению к своим великим людям, есть характерная черта сильных народов. ПЛУТАРХ, древнегреческий философ, биограф, моралист.

Безмолствовать – оқиғаның үнсіз күәсі болып қалу қажет пе? Жоқ!

Когда нации сильны, они не всегда справедливы, а когда они хотят быть справедливыми, они часто больше не являются справедливыми. Уинстон ЧЕРЧИЛЛЬ.

Я никогда не стоял, когда можно было сидеть, и никогда не сидел, когда можно было лежать. Уинстон ЧЕРЧИЛЛЬ.

Войны не выигрывают планами. Иосиф СТАЛИН.

Халық жаны қысылған кезде, өздерінің ескі арбаға жегіп жүрген, сырын білетін атына жармасады. Қанатты СӨЗДЕРДЕН.

Честность – это лучшая политика. Джимми КАРТЕР, 39-ый Президент США.

Қай ел мықты? Ең әлеуметтік жағынан дамыған елдер Еуропада: Германия, Норвегия, Швеция, Австрия. Әлемде десек – Канада. 2005 ж.

Тиран: 1) Ежелгі Греция мен Италияда өкіметті күшпен басып алушы. 2) Деспот, жәндент, рахымсыз, қатал билеуші.

Тирания – барлық зорлық, зомбылықпен басқарушы. ОРЫСША-ҚАЗАҚША сөздік, II т. 420 б.

Половина правды – самая опасная ложь.

Не удержался за гриву, за хвост не удержаться.

Информация других дело хорошее, но свой глаз – алмаз. Г. ЖУКОВ, маршал СССР.

Жапониялық ортағасырлық бір соқыр шал көрші ауылға баруға жинала бастағанын көріп отырған кемпірі:

– Шалым, қолыңа фонарь ала жүр.

– Оны не істеймін, өзім соқырмын.

– Фонарь саған қарсы келе жатқан адамның сені соғып кетпеуі үшін керек,- депті. Кемпірі айтқандай, қарсы келе жатқан адам соқыр шалға соғып кетіпті. Иә, бұл сәтте соқыр шалдың фонары сөніп қалған екен.

Неуважение к предкам, есть первый признак безнравственности. А.С. ПУШКИН.

Экономикалық көрсеткіш бар болуы мүмкін, бірақ даму болмайды. Г.А. ЯВЛИНСКИЙ, РФ белгілі экономисі.

Мемлекет жеке адамдардың қолынан келмейтін шаруаларды тындыру керек. Авраам ЛИНКОЛЬН, (1809-1865), АҚШ-тың 16-шы Президенті.

– Қай ел мықты? – деп сұрапты ӘЛ-ФАРАБИДЕН.

– Қайыршысы жоқ ел ғана мықты, - деген екен.

Бақытты адамдардың бәрі бірдей – бақытты, ал сорлылардың әрқайсысы өзінше сорлайды. Лев ТОЛСТОЙ.

Эсад – арабша арыстан деген мағына береді. Ал татар тумалар Есет КӨТІБАРҰЛЫН Эсад, деп кеткен екен.

Алдаспан – Иранның Исфаһан қаласының ұсталары жасаған қылыш.

Шындықты қадірлемейтін жақын – туысыңды емес, шындықты ардақтап құрмет тұтатын жатыңды сыйлағайсын. Лев ТОЛСТОЙ.

Шығыстағы алып айдаһарды оятпау керек. Ол оянса, ғаламды шайқалтып жіберуі ықтимал. Наполеон БОНАПАРТ.

Иә, заманының ірі тұлғасы Наполеон Қытай жайлы айтып отыр.

Есет Көтібарұлының анасы Айсары Адай елінің іргелі байы, атақты Биі Мұғалдың қызы. Аса ақылды да, абыройлы Ана екенін елі де, досы да, дұшпаны да мойындаған, бас иген.

ЕСЕТ Егор КОВАЛЕВСКИЙМЕН кездескенде 32 жаста, сол жастың өзінде шөккен нардай жігіт еді. Сонда 1839-1840 жылдары кездескен болады.

Далада сұңқар түлесе, жүніне қарға жолар ма? Қазақ қанатты СӨЗІНЕН.

Панасыз болса, сайдан без, пайдасыз болса, байдан без. Халық қанатты СӨЗІ.

Полковник КУЗЬМИНСКИЙ – жазалаушы Дала отрядының командирі.

Нияз Отаралиев патша жағында қызмет істеген көп жағдайда Бекет Серкебайұлы, Ерназар Көрпебайұлы бастаған бостандық үшін күрескендерді ұстатуға себепші болған делінеді. Рас па?

Кетелер ұраны – Майлыбай

Шөмекейлер ұраны – Дөйт

Жағалбайлылар ұраны – Малатау

Төртқаралар ұраны – Айыртау

Қабак, Тілеу ұраны – Бақтыбай.

Патшалы Ресей өздеріне қарату үшін, қазақ жерін одан әрі отарлау үшін Жанқожа, Есет Көтібарұлына, Балқожа биге алтын медаль, әскери атақ, зейнетақы (күміс ақша) тағайындаған. 1847 жылы Орынбор-Самара губерниясының генерал-губернаторы Обручевтың ұсынысымен жасалған. Бұл жылы Есет 44 жаста екен. Бірақ екі батыр да ештеңесін алмаған, барлық марапаттан бас тартқан.

Мудрые люди всегда признают свои ошибки. Народная МУДРОСТЬ.

*Тура сойлеген, туғанына да жақпайды. Халық ДАНАЛЫҒЫ.
Қазағым ер Азаматын өкпеге қиса да, өлімге қимаған еді-ау,
әттеген-ай, десеңші. Иә, ...?*

*Ұлтқа қожалық жасап, қоқаңдауға болмайды! Мұстафа
АТАТҮРІК, Түрік мемлекетінің көсемі.*

*Номанды – гр. слова nomandes – Древне-греческое название КО-
ЧЕВНИКОВ.*

* * *

*Аяққа тапталған ар-намыс ерте ме, кеш пе, бұрқырап атыла-
ды. Есет КӨТІБАРҰЛЫ.*

Өлінің ісі мен ізі – тіріге сабақ. Есет КӨТІБАРҰЛЫ.

Иә, бұрын айтқанымыздай, Есетті айламен, арбаумен, алдарқатумен, оқпен тоқтатқысы келді. Максаттарына жете алмаған Перовский Обручев ұсынған «сыйлықтарды» қайта жаңғыртты, бірақ батыр бас имеді. Тоқсан жасқа таяп, өз ажалынан дүние салған Есеттің басы патша әкімшілігінің ноқтасына, керген ауына, құрған қақпанына түспей-ақ өтті. Құрған шынжыр торына сыймай кеткен Есетті жаулары әр қалай түсінді.

Бостандық үшін, тәуелсіздік, теңдік үшін күресудің әркілы жолдарын халқына тастап кеткен батыр патша бұғауына бас имей-ақ өтті.

Есетпен кездескен батырдан қолдау көріп көмек алған, қорғағаны үшін, әркез жағымды пікірлер айтқан, орыс жаһанкездері, оқымыстылары Егор Ковалевский, Н.А. Северцов, Н.Ф. Бутенев, А.И. Антиповтар кейін патша жандармериясының қырына ілінеді.

А.А. Катенин бұрынғы губернаторлардың айла-тактикасын қолданбады. Сөйтіп Есет бастаған елді бағындыру күшпен мүмкін емес екенін түсінген жаңа губернатор 1857 ж. 27 октябрьде патшаға хат жазды. *А.А. Катенин 1858 ж. мамырдың 31-інде Жемге келді.*

*Воспевать только любовь! Остальное все преступление! Луи
АРАГОН, француз жазушысы.*

*Прапорщик – не офицер, его жена не барыня. Русская ПОСЛО-
ВИЦА.*

*Пушкин өлді. Россия жетім қалды! Николай Васильевич ГО-
ГОЛЬ.*

*Петербург Академиясының құрметті мүшесі Е.П. КОВАЛЕВ-
СКИЙ 1839 жылы әскери экспедициямен Бұқара сапарында ЕСЕТ-
ПЕН кездеседі. Бұл ақпараттар, осы жолдардың авторының «Дала
Геркулесі» кітабынан келтірілген.*

*Есеттің аққоз, аңқау еместігі және табиғатында бойына
біткен терең ойлылық, ақылдылық, сайып келгенде, мың ойлағын*

бір шешім жасайтын даналығы – оны әркез сақтап отырған. Е. КОВАЛЕВСКИЙ, дипломат, жазушы.

Көтібар БӘСЕНҰЛЫ (1757-1833) жылдары ғұмыр кешкен тұлға. Айсары ана Есетті 1803 жылы туған. Сол жылы Ана 30 жаста екен. Сонда ол Көтібар ерінен 16 жас кіші болған. Батыр қаза болғаннан кейін де 31 жыл өмір сүрген. Есеттің үлкен ақылшысы, кеңесшісі болған. Оны Перовский, Григорьев те мойындап, жазған жазбалары дәлелдейді.

Тағы бір айта кететін сәт *Есет, Дәрібай жсорыққа шығарда, сапар алдында Анасы Айсарының алдына келіп, тізелерімен отырып, рұқсат сұрап батасын алады екен.*

1783 ж. Айсары Көтібарға тұрмысқа шыққан. 6 ұлы болған:

Сарыбөпе (1785-1792), Сағай (1788-1795), Шынтемір (1798), Матай (1801), Есет (1803-1889), Дәрібай (1806-1891).

Әйелдің бетіне қарап, оның күйеуінің қандай екенін білуге болады. Иоганн Вольфганг ГЕТЕ, неміс халқының ұлы ақыны.

Саясат – адамдардың арасындағы достықты талқандайтын алапат машина. Ұлылар ҚАФИДАСЫНАН.

Саясатта соғыс сияқты, ал соғыста бір-ақ рет өлесің, саясатта қайта-қайта өлуге тура келеді. Уинстон ЧЕРЧИЛЛЬ.

Италию мы уже создали, теперь нам надо создать итальянцев. Массимо д'АДЗЕЛЬО, Италияның саяси қайраткері, суретші, жазушы.

Государство создает нацию, а не нация создает государство. Юзеф ПИЛСУДСКИЙ, Польша мемлекеттік саяси қайраткері.

Біркелкі ойлайтын жерде даму болмайды. Фридрих Вильгельм Карлович НИЦШЕ, неміс философы.

Өркеніетті ел дегеніміз – өлшеуін білетін ел.

Иә, өзбектің тойы – би, жарыс.

Қазақтың тойы – жиналыс,

Қазақ бар жерде – той азаймайды.

Сайлау бюллетені оқтан да жаман. Авраам ЛИНКОЛЬН, (1809-1865), АҚШ-тың 16-шы Президенті.

Демократия – өзге басқару түрлерін айтпағанда, оның ішіндегі ең жаманы. Уинстон ЧЕРЧИЛЛЬ.

Мемлекет қайраткерлерінің саясаткерден айырмашылығы мынада: егер де саясаткер келесі сайлауды ойласа, мемлекеттік қайраткер келесі ұрпақты ойлайды. Уинстон ЧЕРЧИЛЛЬ.

Саясат – саясаткерлерге сеніп тапсыруға болмайтын өте маңызды іс. Шарль де ГОЛЛЬ (1890-1970), Франция Президенті (1959-1969 жж.)

АДАСУҒА БОЛМАЙДЫ

Өзіне ар тұтқан, жаттан зар тұтады.

Аз араздықты қуған көп пайдасын кетіреді.

Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған бәлеге жолығар.

Қошқар болатын тоқтының маңдай алды дөң болар, ел билейтін жігіттің етек-жеңі кең болар.

Тіршілік бар жерде әртүрлі оқиғалары болары хақ.

Адам тірісінде түрлі қателіктерге де ұрынары да хақ!

Өмірдегі әрекеттерді біле тұрып адасуға болмайды. Есет КӨТІБАР, халық батыры.

* * *

Мен халықтың 15-20 жылдан кейін есіне алғанын емес, менің ісімді қазір айтып жүргені қажет. Гарри ТРУМЭН, АҚШ-тың 33-ші Президенті (1945-1953 жж.).

Иә, ол президент Жапонияға екі атом бомбасын тастаған еді. Осыны еске алудың өзі де жеткілікті болар.

Турасын айтсам, зиялы адам өз халқының алға басу жөніндегі күрес жолының азабы мен ауырлығын бастан кешіру керек.

XX ғасырдың II жартысынан кейін тоқсаныншы жылдардан бастап халық деген сөзді интеллегенция ұмытты десе де болады. Өзін жарнамалау, өзін көрсету, керіліп-созылу, өзінің төңірегін көтермелеу, жеу, баю, кісі өлтіру, айналып келіп мешітке-құдай үйіне барып кешірім сұрап, аңғарын қайта ашу сияқты, ал әділетті, халық мұңын көксиді-ау деген топ жоқ десе де болады.

– Жазушы, ақындардың өздері бірінен-бірі асып түсу үшін қырылып, қырқысып, тіпті шамасы келмей бара жатса, көкелеріне айтып қарсыласын құртқызу, т.б. келеңсіздіктерге барады. Мамырлап сөйлей алмайды. Кешегі Мұқағали Мақатаев, Жұмекен Нажімеденов сияқты асыл ақындарды осындайлар көре алмай қызғанышпен, өздерінен оздырғысы келмей қыршын жасында қырық қырына шығарда «өлтірді». Ал оларды қалай «зиялылар» дерсін. Ал биліктегілер мен бөкесне, тайдың тасындай дорба байлағандарды айтып, ауызға салуға болмайды.

Әдебиет – ардың ісі. В.Г. БЕЛИНСКИЙ.

Кешегі Компартияның ел басқаруға жіберген партократтары жайлы өзім көрген, білген араласқан, қызметтес болған басшыларын айтысам, жазсам – бірнеше кітап, әңгіме.

Әлі маған көп жетілу керек екен. Лев ТОЛСТОЙ.

Қымыз, шұбат, іркіт құятын, ашытатын ыдыстың ең көлемдісі – «мешкей» - Саба. Ол бесті биенің, тайдың илеп, тобылғы жалынына ысталған терісінен істейтін «мес».

Иә, бұл жалған дүниеден-пәниден хан да, қара да, би де, көсем де, батыр да, бай да, сұлу да, ару да өтті зой. Халық жадында сол бір тұлғалардың бірінің халқына жасаған қамқорлығы, бірінің қиянаты, зұлымдығы қалды емес пе?! Бүгін, міне, жер қойнына беріп жатқан тұлғамыз ұлы Есет. Оның бары да, нары да, байлығы да – халықы еді. ҚАРАҒҰЛ би сөзінен.

Қазақ халқы орыс отаршыларына еш уақытта тұншығып жұтылып кетпейді. Себебі ол өзінің сайын даласындай кең, дана, батыр халық. Есет КӨТІБАРҰЛЫ, халық батыры.

Есеттің батылдығы мен батырлығы, былай бір – Айырық тау, ұлы жота! Ал шешендігі мен көсемдігі – биік арна! Оны сөзден де жеңемін деп ойла ма, ол жеңілмейді. Жарыса да, таласа да алмайсың, сауырына су тұратын жорға! Елдің де ердің де құнын, мұңын қорғайтын, қолдайтын арда көрік. ҚАРАҒҰЛ би, батыр.

Бұл жалған дүниеде үміт пен күдік қатарласып, араласып, жарысып та жалғасып отырады. Есет табиғатында арыстанның адымын, жолбарыстың жолын, жыланнның жымын, қасқырдың көзінің ашқарақтығын, түлкінің құйрығының былаң күйін терең сезетін тұлға, сұңғыла тұлға еді. Ол патша әкімшілігінің айлакер, басында күшің барда өкшеңді жалайтын, ашық ауа райында алдыңда, бұлтты күні қойныңа кіретін жезөкше қатындай құбылып тұратынын үнемі айтатын-ды. Дүниенің тыныштығын бұзатын, былғайтын да солар, сол жол бикелер. Олардың айла-тәсілін, алдап арбауын терең түсініп батыр алдырмады. Арбауына түспеді, құрған қақпанына аяғын салмады, патшаның бейнесі салынған алтын, күміс ақшасын алмады, дүние боққа халқының ар-ожданын, бостандығын сатпады. ҚАРАҒҰЛ батыр, би, көсем сөзші, молда, бай.

Қазағымның сайын Даласы – ата-баба мұрасы бізге қалдырған. Оны ешкімнің жекеменшігіне иеленуіне бермеймін. Жер – халық меншігі. Халқымның ұрпақтан ұрпаққа қалдырар алтын мұрасы. Есет КӨТІБАРҰЛЫ, халық батыры.

Есет аса сабырлы да салқын қанды тұлға еді. Сөздері мәнді де гибратты, әңгімелері терең мазмұнды болатын. Сойтіп отырып досын деген адамдарды жсіліктеп айырып, айтып отыратын. Дәрібай КӨТІБАРҰЛЫ.

Ақыл-ой, күрес босаңсыған елде, алға басушылық жоқ, шідерлену, тұсалу, тұншығу болады. Есет КӨТІБАРҰЛЫ, халық батыры.

Қайтеін, қазағым – жалпы текті халық, бірақ тым аққоңіл, ақжарқын барын үйіне еңкейіп келгенге беретін халық. Ол қандай оймен келді, оны бағамдамайтын, бұл өте өкінішті. Есет КӨТІБАРҰЛЫ, халық батыры.

Есет Махамбеттің басын алған жақындары екенін, олардың сатылғанын сатқындық жасағанын үнемі еске алатын-ды. А.А. Катенинмен кездесудегі өр тұлғасы, биік ой-пікірі Е. Ковалевский айтып, жазып кеткендей, тым биік еді. Мұны Қарағұл, Дәрібай үнемі еске алып отыратын. Автордың «Дала Геркүлесі» «Атамұра», 2008 ж. кітабына егдей-тегжейлі айтылған.

* * *

Шынымды айтсам, мен алған бетімнен қайтпайтын өлермен адаммын. Ильяс ЕСЕНБЕРЛИН, қазақтың ұлы жазушысы.

Иә, бұл сөзді сонау 1953-1954 жж. Біршоғыр шахтасында басқарушы болып жүргенде, ұлы адамнан есіткен едім.

Мені әдеби майданға жетелеген де осы тұлға еді. Ал баспасөзге әкелген белгілі журналист, ақын, шежіреші Тілеужан Шойғарин болатын. Республикаға танытқан «Социалистік Қазақстан» газеті – Қасым Шәріпов, Кеңесбай Үсебаев, Ұзақ Бағаев, Сапар Байжанов, Балғабек Қыдырбекұлы, Жекен Жұмаханов, Нұрқайыр Телеуовтар болатын. Бәріне, заманында жас каламгерлерге абыз, ұстаз, аға-жаға болды.

Осы жолдардың авторының бұйрығымен аудандық газетте әдеби қызметкер, бөлім менгерушісі болған Әбдікани Аймағамбетов қолымда тәрбиеленген азамат еді. Сапар Байжанов сұрап «СК» Ақтөбе облысындағы меншікті тілшісі етіп, қызметке алды. Жақсы жұмыс істеп кетті ғой.

Облыстық «Комтаңы» (ред-ы Н. Телеуов) газетінің 5-6 нөмерінде менің «Жер тынысы – ел тынысы» атты романымнан үзінділер берді. Әрине, қуанып қалдым. Көп ұзамай Әбдікани телефон соғып, үзінділерді оқығанын айтып құттықтады. «Тау аға, осы Сіздің қаламыңызда бір кие бар, бұл бір жақсы дүние екен. Жазып аяқтамаңыз, жазыңыз, сияңыз кеппей тұрғанда, бітіргеніңіз дұрыс, ұстазым» деді де өткендегі осы газеттің бір бетін алып жатқан «Имандылық пен имансыздық арасы» айдарымен берілген әңгімелер топтамаңыз да, жалғыз маған емес, калам ұстағандарға да, оқырмандарға да қатты ұнап еді. Құттықтаймын, Тау аға, мені де каламгерлікке жетектеген өзіңіз ғой. Әрине, жалғыз мен емес, сіздің ұстаханаңыздан қанша журналистер шықты» деді. Иә, Әбдікани Аймағамбетов жақсы ақын, қаламы жүйрік журналист болды.

Арада талай уақыт өтіп кетті. Сол романды кейін аяқтадым. Аты «Ғасыр қасіреті» - роман-диалогия болды. «Атамұрада 2001 жылы жарық көрді. Иә, алғашқы екі кітабымды «Көз көргендер еді», «Қанмен жазылған тағдырлар» Ақтөбеге апарып, тұсау кесер өткізді, банкет ұйымдастырды облыс әкімінің. Соған Әбдікани келді. Сәлемдестік.

өкініштісі сол кейін көре алмай қалдым. Әбдіқани дүниеден өтіп кетіпті. Топырағы торқа болғай.

Менде жұмыс істеп, қаламы ұшталған ақын Болат Теміровтен де айрылып қалдық-ау.

Жастық шақ көк семсердің жүзі емес пе?

Қайрап ап қалың жауға сермегендей. МӘДИ.

ӨМІР ДЕГЕНІҢ – БІР КҮНДІК!

Маған бос отырғаннан гөрі жұмыс істеген жеңіл. Вольфганг Амадей МОЦАРТ (1756-1791), Австрияның ұлы композиторы.

Ұлы композитор небәрі 35 жыл ғұмыр кешкен еді. «Фигаро там, Фигаро здесь» осы ұлы тұлғаның туындысы! Осы өз өмірінде 600-ден астам шығарма жазған. Күншілдері қызғанып, ышқырына тас тыққандары оны у беріп «өлтірген» екен. «Мен бірдеңе білсем, ақтық демім тақау сияқты. Өлім жақындап қалды», депті көрегендікпен!

Ал дара ақын *МҰҚАҒАЛИ*:

«Өмір дегенге, тірлікте, сірә, жетер ме ой,

Жарық сәуледен басқаның бәрі бекер зой.

Тамшыдай ғана нұрына, міне, зарықтым.

Өмір осы екен, сырына, міне, қанықтым.

Жаса сен Мәңгі! Жаса сен Мәңгі! Жарық Күн!

Иә, ақын:

Бекер зой бәрі, бекер зой – бәрі бөтен зой.

Өмір дегенің – бір күндік сәуле екен зой.

Табытпын, табытпын, табытпын»,–

деп аяқтаған екен. Міне, Мұқағали өмірі де осы Моцарт тағдырындай. Ұлы ақынға да у беріп өлтіргендей емес пе?! Ақын Нажімеденовтың да тағдыры да осы екі ұлының ғұмырындай емес пе. «ҚӘ»-дегі күнділігінен осы бір қайғылы қасірет анық сезіліп тұр емес пе? Моцарт жокшылықпен күн кешкен еді. Мәйіті жалпы зиратқа жерленген. Кейін басына қойған құлыптасы да жоғалып кеткен. Иә, Моцарт, Мұқағали, Жүмекен аттарының артында мәңгілік шығармалары қалды.

ЖАҢА КӨЗҚАРАС КЕРЕК

Тарихты, тарихтың тау тұлғаларын тануға жаңа көзқарас керек. Академик Сайын Балмұханов айтқандай, биліктің көзіне қарап

емес, тарихта қалған ерлігі мен көсемсөздігіне қарай бағалау керек. Бұған тарихшылар ғана емес, әрбір білікті адам-ғалым үлес қосқаны дұрыс.

Халықтың кемеліне келіп, өркендеуі үшін, ең алдымен, азаттық пен білім керек. Шоқан УӘЛИХАНОВ.

Саясатта көп нәрсе – мәселе ашық айтыла бермейді. Айтылсада істеліп болған соң айтылады. С. КЕНЖЕБАЕВ, қоғам қайраткері.

Халықтың алдына шыққанда, шынайы қолдау тапсаң, дұшпаның езіледі, достарың, егер ол шынайы дос болса, марқаяды. Есет КӨТІБАРҰЛЫ, халық батыры.

Қайырымы жоқ қатыгез дүние болды-ау, бұл менің халқыма, ә? Ойлаған сайын бойым қызып, көзіме жас келеді. Иә, менің ішпеген уым қалды ма? Бұл аумалы-төкпелі дүниеде. Есет КӨТІБАРҰЛЫ, халық батыры.

Е, халқым, Есет елінің темірқазығы болды ғой. Халқы Есетті сатпады. Есет елін есер-жауларға бермеді. АЙСАРЫ, Есет пен Дәрібайдың Анасы.

Жалаңтөс батырдың туған қарындасы Жамалдан «Елім-ай» әнін туғызған Қожаберген жырау қазақ тарихына енді. Әкесі ТОЛЫБАЙ еді.

БІР СЫР ... Иә, шығармашылық қарымым өсіп, бірнеше кітапты өмірге әкелдім. Ешбір оқырман, БАҚ-та жаман сөз айтпады. Бірақ қызғаншақтық, көреалмаушылық, аяқтан шалушылық аз емес еді.

Иә, менің табиғатым – өзімді өзім жарнамалауды білмеймін. Кейбір қаламгерлер ырғалып, жырғалып маңғзданып, БАҚ-тар мен телеарналарға қайта-қайта жылмандап шошандап шығып, халықтың көзін ауыртады. Елде – «мына мақтаншак тағы шықты ма? Әуезов. Абай, Қасым Аманжолов, Жұбанов, Мұқағали, Нәжімеденов, Шәмші боламын деп көки ме? Олар бір туар тұлғалар еді ғой», - деп реніш білдіріп, «арнаны өзгертші, көзімізді ауыртты ғой өздері», - денті. Иә, Мұқағали айтқандай, қазіргі әдебиет, өнер тума-туыстардікі. жағымпаздардікі, қалталылардікі деген еді ғой, осыдан қырық жыл бұрын. Иә, «*Ойы нәрсіздің тілі нәрсіз*», - деген еді Максим ГОРЬКИЙ. Иә, олардың өзі де нәрсіз. Оларды ұлт зиялыларына жатқызуға болмас. Иә, зиялылар кімдер? Қазір талант, дарын. имандылық. адамгершілік сөйлемейді, қалта сөйлейді. Өз заманында Бенджамин ФРАНКЛИН: «*Уақыт дегеніміз - ақша*», - деп бекер айтпаған шын ар. Замана тынысына қарай айтылған сөз ғой.

ШЫНДЫҚ ТҮБІНДЕ ШЕШІЛЕДІ

Шындық – қасқайып тура қарайды.

Кулық – алаяқ пен сұмға қарайды.

– Әрине, шынайы дос болу – адамға қолға түсе бермейтін бақыт! Ал амал досың болса, қайғы, өкініш, турасын айтсам – адал, шынайы дос – басыңда бағың барда да, жоғында да дос. Мұның арасын ажырата білу – тек уақыт төрелігінде. Басыңа іс түскенде ғана көрінеді. Адал дос Қарағұл, арам дос жетеді. Есет КӨТІБАРҰЛЫ, халық батыры.

Зұлымдықты көкसेген адамдар қалай ұйымдаса білсе, жақсылықты көксеген жұрт та солай ұйымдаса білу керек. Лев ТОЛСТОЙ.

Қазақта жолаушылап келе жатқанның басшысы:

– Бұл ауылда ат байлайтын кім бар?– дейді.

Иә, бұл қазағымның Адамтанудағы үлкен мектебі. Ал қай халық болмасын оның ұлылығы жеке дара тұлғалары арқылы бағаланды.

Россия патшасы Петр I-ші іс сапармен Амстердамда жүріп, Қазанның генерал-губернаторы И.С.Салтыковқа хат жазып: «Егер киргиздар (қазақтар) келе қалса, оларға ықылас көрсетіңдер»,- деген еді. Мұның соны отарлау саясаты болды емес пе, ә?

Бес қару – мылтық, садақ, найза, қылыш, бұғалық.

– Сый-сияпат алып, дос болу – дүние баққа сатылып достасу – сатқындық, баянсыз. Есет КӨТІБАРҰЛЫ, халық батыры.

Ел жасымен, тау-тас орманымен, сары зерің бұрқыраған шұбатымен, әйел төсіне басқан ұлымен ғана көрікті.

– Арғымаққа міндім деп, халқыңды ұмытпа, Әзбергенім! Сол халық емес пе, ер, батыр, би, хан, патша тугызатын. Соларға баға беретін де сол халқың. Есет КӨТІБАРҰЛЫ, халық батыры.

Аруағын сыйлаған ел азбайды. Халық ДАНАЛЫҒЫ.

Бергенің оралады, тыққаның жоғалады! Халық ДАНАЛЫҒЫ.

Жазу жаныңды тыныштандыру үшін керек. Ол қартайған сайын қобейе, кеңі түседі, ой ұлғайған сайын жаның үлкен күйзеліске түседі. Сонда ғана мәңгілік туынды артыңда қалады.

Иә, «жазушылық» билетті алғанның бәрі жазушы емес, қалталылар біреуге жаздырып алып, мүшелікке өтіп, «мен жазушымын» деп сайрайды. Жеке ПІКІР.

Түрік болу қандай бақыт. Кемель АТАТҮРІК.

Насилье возбуждает иногда любовь и понимание.

Біреулер өмір тілейді, біреулер өлім тілейді.

Что такое политика? Нет ее! Есть только проституция. Наполеон БОНАПАРТ.

Патша әкімшілігінің саясаты жезөкше қатынның мінезі сияқты, құбылып тұрады. Есет КӨТІБАРҰЛЫ, халық батыры.

Бұл батырдың А.А. Катенинмен кездескендегі айтқаны еді. *«Патшаның отарлаушылары қазақ халқын бұғаулау, қанын төгу арқылы мәңгілік ұстауға болмайтынын ерте ме, кеш пе түсінер. Мәңгілік бақ та, тақ та жоқ, бәрі өзгереді, бәрі жойылады. Жаңа дәуір, жас ұрпақ келеді. Есесін қайтарады»,* деген екен батыр тайсалмай генерал-губернаторға тура қарап. *«Кектенген жерде бейбітшілік болмайды!»*, - деп сөзін аяқтапты. *«Ал сіздің алдыңыздағылар мені жерден де, елден де қудалап қуғанмен, мені ерден түсіре алмады, елімнен айыра алмады. Елім – халқым мені сатпады. Мен елімді сатпаймын!»*, - деген екен.

Тарихи архивтік дерек.

Есет Көтібарұлы 1803 жылы мамыр айында Шалқар көлінен 7-10 шақырым жердегі (Ұлықмұның Шалқар көліне қараған бетінде) Ақшиде дүниеге келген. «Русский художественный листок» 1858 ж., 1 қараша, №31, Санкт-Петербург.

Есет өз заманының атақты биі, батыр Көтібар Бәсеновтың (1757-1833жж.) алты ұлының бірі. И.В. АНИЧКОВ, Қазан университетінің профессоры, белгілі шығыстанушы.

БІР ТАРИХИ ШЕЖІРЕДЕ

Абыз аталар сөздерінен, дұрыс па?

ӘЛМӘМБЕТ – Кете, бәйбішесі Ақборық. Сегіз ұлы, тоғыз қызы болған. Ақборықтың «Ойыл, «Қиыл» атты сабалары болған. Оларды қысыр емген бір-бір жарым жастағы тай терісінен істейді. *Кіші жүз – Бай ұлы, Қаракесек, Жеті ру.*

Алшын елі – Қаракесектен – Түмен, Әлім, Шөмен.

Түменнен – Байсары, оны Кете, деп кеткен халық арасында. Байсары ерте дүние салады.

Соңында Түменді Әлім мен Шөмен қамқорлыққа алады.

Сол Байсарыдан (Кетеден) Қайырқожа, Түменқожа, Адамқожа. Ожырай, Қараш өрбиді.

Байсары (Кете) жетім өскен, нағашыларына кете беретін болады. Содан замандастары «Кетеген бала», «Кете бала», деп ат қойып кетеді. Содан Кете атанған делінеді бір шежіреде.

Түменқожадан – Қаракетелер тараған. Оның әкесі Мүсілім бір бет, ойынан, бетінен қайтпаған адам болады.

Қайырқожадан – Ожырай, Қараш тараған.

Алшынның үлкені Байұлы.

Мұғал руынан – Мырзағұл – одан пір *Бекет әулие* туады. Бекет 14 жасында Үргенішке барып ғұлама Жаназадан 7 жыл дәріс алады.

Оқу соңында ғұлама – кітап береді. Ол Алланы таны дегені,

– Бас киім береді. Ол басыңды жылы ұста дегені;

– Балта берді. Ол ақыр заман бола қалса, қайық істеуге құрал деген.

– Аса таяқ берді. Ол адастырмайтын қару деген екен.

Бекет әулие 1713 жылы Пайғамбар жасында (63 жаста) дүниеден өтеді. Осы әулиеден тарағандарды Есет Көтібарұлының нағашысы дейді шежірелерде. Тіпті Есет қыздарының есімдерін де ұлы нағашысы ұрпағының қыздары атымен атап, есім берген.

Әйел – ұлы тәрбиеші! *Анатоль ФРАНС (1844-1924), француз жазушысы, әдеби сыншы.*

Көктегі күн – жалпыға ортақ. Ал әр отбасының – үй ішінің кішкентай күні – әйел. *Әбділда ТӘЖІБАЕВ, «СК» -дан алынды 1970 жылдар.*

Әйел – әйел болып тұмайды, оны әйел етіп өмір қалыптастырады. *Симона де Бовуар (1908-1986), Францияның ұлы жазушы ханымы, философ.*

НАПУТСТВИЯ – МАТЕРИ ТЕРЕЗЫ

*Үндістан қайырымдылық қорының негізін қалаушы,
Нобель сыйлығының иегері*

Жизнь – это шанс, не упустите ее.

Жизнь – красота, удивляйся ей.

Жизнь – мечта осуществи ее.

Жизнь – долг, исполни ее.

Жизнь – игра, так играй ею.

Жизнь – любовь, так люби ее.

Жизнь – тайна, разгадай ее.

Жизнь – трагедия, выдержи ее!

Жизнь – приключения, решишь на нее.

Жизнь – жизнь, спаси ее.

Жизнь – счастье, сотвори ее сам!

Жизнь – стоит! Не уничтожай свою жизнь!

Если добьешься успеха, то получишь несколько ложных друзей и настоящих врагов.

Если честен и искренен, люди могут обмануть тебя!

Если обретаешь счастье, к тебе будут испытывать ревность.

То добро, что ты сделал сегодня, люди забудут завтра.

ДАНАЛЫҚ СӨЗДЕРДЕН

Нұрила – араб сөзі. Алланың нұры деген мағынада.

Диһнат ана тілімізге аударсақ, «Әулие Ана» деген мағынаны білдіреді.

Жетес Бимен бір әңгімесінде Нияз би:

– Жетеке, қыз күнінде бәрі жақсы, осы жаман қатын қайдан шығады? – депті.

– Иә, дұрыс айтасың, күшік күнінде бәрі жақсы, арсылдаған азулы қабаган ит қайдан шығады иесін қабатын, - деген екен.

– Ниязға айтылған бұл сөздің төркіні мағынасы бала күнінде тай, құлындай тебісіп, ойнап күлген Бекет Серкебайұлын, Ернарар Көрпебайұлын өсе келе қабаган иттерше қауып, итжекенге айдатып жібердің ғой,- дегені еді.

Человека можно уничтожить, но нельзя его победить. Эрнест ХЕМИНГУЭЙ, Американың жазушысы.

Қазақтың Хандарын, дана ұлдарын, көш, қол бастаған батырларын күні бүгінге дейін мектеп оқулықтарында мес қарын, надан, ақымақ етіп көрсетіп келеміз. Мәселен, «Айман-Шолпанда» әлі де Көтібар бейнесі тарихи шындыққа сай түзетілмей келеді. Уақытысында Мұқан – Мұхтар Әуезов уәде берген еді. Асқар Токпанов та күйінішпен айтқан. Сонда ұрпаққа қандай тәрбие береміз, ә? Көтібар батырдың артында Қазақ елі бар ғой.

Есет Көтібарұлының қартайған шағы екен. Немерелері, шөберелері:

– Батыр Ата, өткен өміріне ризасыз ба? депті.

– Мен ризамын. Халқым қолдады, қорғады. Сонау Катенин шенеунікпен кездескенімдегі күндер тарихи оқиға болып қалды ғой. Себебі ер жігіттер ерлік істеді, бұл – бір. Және айтамын, бақ пен дәулет аз болмады. Бағым да, дәулетім де – халқым болды. Ол халықты қорғау үшін жылы жүрек, ата-баба аруағы, ақыл керек. Ал тағы айтамын, халықтың еңбегін қанап тартып алған, демек, кездейсоқ қонған бақ пен дәулет – азаматты түбінде орға жығады.

* * *

Халқым, жұмыстан қашпа, табысыңды шашпа! Корей халқының қанатты СӨЗІ.

Ұзақ – үш жүз жыл жасаған қаргадан, талып шөлдеп жатқан адамның аузына су тамызар айыр құйрық қарылғаш қымбат емес пе?! Халық ДАНАЛЫҒЫ.

Дарындылар, таланттар – халықты тәрбиелеуде өлшеусіз құрал. Халық ДАНАЛЫҒЫ.

Әдебиет пен өнері ұлы болмаған ұлт, ұлы бола алмайды. Мұхтар ӘУЕЗОВ.

Мир – это театр, а люди в нем артисты. У. ШЕКСПИР.

Политика – концентрированное выражение экономики. В.И. ЛЕНИН.

Қарадан шығып Би болған Есет нағашысы – Адай. Бұл аталықтың ұлы Биі іргелі байы Құлмұхаммед еді. Ол төрт тарау Адайдың мықты бір буыны. Есет аузынан сөз, алдынан ел кетпеген қасиетті де киелі тұрпатына қарағанда, сол туған нағашыларына ұқсаған ер еді. АЙСАРЫ, Есет, Дәрібай Анасы.

Есет жауға шапса, қол бастайтын сардары, дауға салса, сөз бастайтын көсемі, қиын шешімге келгенде, ақыл-кеңес айтатын дуалы ауызды шешені болған, оны өмір жолынан көруге болады. ҚАРАҒҰЛ батыр.

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕРЕКТЕР

Қызғаншақ, күншіл, көреалмас адам да бір кездері іштей жанып, сөніп, қайғы – қасыретпен өмірден өтеді. Басқаға істеген иттігі алдына келмесе, ұрпағы оның зардабын тартады. Өз ОЙЫМ.

Мен адамдарды негұрлым жақсы көрген сайын, иттерді соғұрлым жақсы көре түсем. Марк ТВЕН, Американың ұлы жазушысы.

Ешқандай революция бір ғана сәбидің көз жасына татымайды. Ф.М. ДОСТОЕВСКИЙ.

Уақыт – ой еңбегі адамның ең қымбат қазынасы. Оноре де БАЛЬЗАК, Францияның жазушысы.

Адам сәні – даналық, даналық сәні – сабырлылық. Ұлылар СӨЗІНЕН.

Адал тұлғаға бас имеген адам - ата бабасына да тағзым етпейді. Көбес БӘСЕНҰЛЫ.

Гораздо благороднее признать свою ошибку, чем допустить ее до непоправимого. Лев ТОЛСТОЙ.

Отец взращивает одного сына, а мать воспитывает целый народ. Халық ДАНАЛЫҒЫ.

Дүниенің, дүниедегінің бәрі де өткініші, бәрі де тозады, тек ғылым ғана мәңгілік. Себастьян БРАНДТ (1457-1521), неміс сатиригі, прозаик.

Жаман аттан жайдағым жақсы, жаман қатыннан бойдағым жақсы десе жігіт.

қыз: **Жаман байдан (күйеуден) бойдағым жақсы, дейді екен.**
Халық ДАНАЛЫҒЫ.

Білетіндер айтпайды, білмейтіндер айтады. Лао ЦЗЫ, ежелгі қытай философы.

Платон менің досым, бірақ маған қазір шындық қымбат. СО-КРАТ, ежелгі грек философы.

Жаман бергенін айтады, жақсы көргенін айтады.

Өз отбасына басшылық ете алмаған ер – Ел басқара алмас.
Халық ДАНАЛЫҒЫ.

Соңында дұшпан болып кетсе, ол дос өте қаупті. Есет КӨТІБАРҰЛЫ, халық батыры.

Күшігінде таланған ит, төбет болып жарытпас. Халық ДАНАЛЫҒЫ.

Ақиқат салыстырудан туады.

Өмір, дүние дегенің –

Ағып жатқан су екен.

Жақсы, жаман көргенің –

Ойлай берсең – у екен, десе ұлы АБАЙ, тағы бірде:

Халық билеген патшалар –

Уақыты жетсе құлайды.

Дәл уақыты жеткенде –

Талайдың гүлі қурайды, – депті.

Тірілердің ішінде өлісі бар, өлілердің ішінде тірілерден де ірісі бар. Ғабит МҮСІРЕПОВ.

Өмірде адал дос тапқан адам – нағыз бақытты адам. Франц ШУБЕРТ, Австрия композиторы.

Ағайын, тірі адамның қадірін біл, өлген адамның қабірін біл.
Татар халқының қанатты СӨЗІ.

Жалтақ көз – кәрілік. Жәреуке – кәрілік. Жайсаң – қарттық!
Қазақтың қанатты СӨЗІ.

Әлем - екеуге тар, біреуге – кең.

Өлдің-өштің демейік, ағайын! Қазақтың қанатты СӨЗІ.

Бұрынғының кісісі – бүгінгінің кішісі болмағай, ағайын.
Қазақтың қанатты СӨЗІ.

Бір жақсы – бір жақсыға жол ашар. Қазақтың қанатты СӨЗІ.

Жорға аттың қадірін тақым менен бел білер,

Азаматтың қадірін жақын емес, ел білер. Халық ДАНАЛЫҒЫ.

Иә, ақын қыз Фариза ОҢҒАРСЫНОВАНЫҢ:

Адам көңілі қалады татым құртқан,

Жайсаңдарды қашанда жақын құртқан, деген қанатты сөзі еске түседі.

Біреудің артында ұят қалады,

Біреудің артында тұяқ қалады. Халық ДАНАЛЫҒЫ.

Тоқал ешкі өзін лақнын дер. Халық СӨЗІ.

Алтын тақтан – арым қымбат, - депті Шарль де ГОЛЛЬ.

– Мырзалар, тақтан өзім кетейін, себебі, үнемі теледидардан, баспасөздерден, қас қағым сайын көріп халық жерінген шығар деп, «алтын» тақты өз еркімен тастаған екен. Иә, солай. Л.И. Брежневті айналасындағы бақ пен дәулетке, ірі лауазымдарға ие болғандар, өлгенше Генсекті демалысқа жібермеді емес пе? Талай рет «мен тірі өлік болдым ғой, шаршадым, қалған қысқа өмірімде бір дем алып, аяғымды созып жатайын, жсолдастар», деп айтқанын жазғымпаздар тыңдамаған. Үкілей берген, өкшесін жалай берген... Москваға талай барып жүргенімізде «Правда», «АПН», «Сельская жизнь» басылымдарында болғанымызда есіткен едік, әрине, ол журналистер «не для печати» деп айтып күле қарайтын.

Ұзақ отырған тақта И. Сталин еді. Тақтан кетпейтінін біліп Л.П. Берия «у» беріп өлтірткен екен деген әңгіме де бар. Ал алдында 1932 жылы Сталин жұбайын Берия атып өлтіртіп, қасына Надежданың ағасы Германияда жүргенде қарындасына сыйға тарқан пистолетін қойғызыпты. Негізгі мақсаты Берия Сталин тағын алу болған. Оны Надежда Аллилуева біліп қалып Сталинге айтқан. Ол сөзді Берия естіп, Надежданы өлтірткен. *«Кісі өлтірткен кісі қолынан қаза табады»*, - деген емес пе, кейін Л.П. Берияны Н.С. Хрущев атқызғаны белгілі. 1953 жылы 26 июньде Политбюро мәжілісі үстінде ұстап, абақтыға отырғызып, сол жылы 23 декабрьде атылған.

Ал мемлекет қайраткері Юрий Владимирович Андропов⁵: *«Берияға қарсы Хрущев болмаған істі болды деп, жсала жаптырған. Уақыты келген кезде Берия жөнінде нағыз шындық айтылады. Оның қызметтесі Сталин жөнінде де пікірім сондай. Әлі әлем халықтары Сталиннің атын құрметпен атайтын болады. Сондай күннің туатынына өз басым кәміл сенемін»*, - деп, оның ісін қайта қарап, ақтау да ойында болған. Бірақ өмірі жетпеді. Ал Лаврентий Берия туралы пікірталас әлі де жүріп жатыр (*«Түркістан» газеті, 2014 ж., 10 сәуір*).

Борис Ельциннің соңғы сапарындағы шешімі былай қарасаң оңды сияқты. Өзінің тақ мұрагерін «тауып» алды да, өзі «алтын» тағын тастап, демалысқа кетті. Орнына келгендер Конституциясын да, оның жолын да өзгертпестен алға ұмтылды.

Кейін ол – Путин екі рет Президенттікке сайланғансын: ол да Шарль де Голльдың «жолын» қуып «халық мені қайта-қайта көріп шаршаған

⁵ Ю.В. Андропов (1914-1984) – 1982-1984 жылдары СӨКП Орталық Комитетінің Бас секретары болған.

шығар, кетейін» деп, өз еркімен тақты тастап кетті. Бірақ кейін олай болмады ғой, «алтын» таққа қайта келді. Тақтан тәтті не бар!

Тақты қимайтындар да, қиып тастап кететіндер де тарихта аз емес, бар. Бірақ ұлы Темірдің немересі **Ұлықбек**: *«Сәнді сарай, Алтын тақ, Ешкімге оға бермеген. Күні жетсе бәрі де, Жексен болған жерменен»*, демей ме? Иә, солай.

Жұмыс – өмірмен шаттанудың ерекше құралы. И. КАНТ, неміс философы.

Жазу – менің жанымды тыныштандыратын таптырмайтын қазынам. Өз ОЙЫМ.

Қартаю – қайғы, ал қайғы – қарттық. Александр КУМАР, поляк жазушысы.

Қартаю қайғы болмайды, егер жағдайыңды жасап отыратын бәйбішең «тоқал емес, тоқал тоқтамас, тоқал байын жоқтамас» – халық даналығы, жақсы ұлық мен қызың, келінің болса, кәнекей. Иә, мұның бәрі де менде бар. Ұлым да, қызым да, келінім де, құдайға шүкір, бәйбішем де бар. Олар мені талай өлімнен алып та қалды!

Жақсы келін – ата-ананың – бағы! Айналып келгенде, келін келген елінің – бағы!

Зұлымдықтан – зұлымдық, зорлықтан – зорлық туады. Махат-хир МҰХАММЕД, Малайзияның экс-премьеры.

Ботбай баба – Сайрам жерінде жерленген. Ұлы Төле би: «Үйсін болсаң, Ботбай бол!» деген екен. Бұл ақпаратты «Қазақстан» ұлттық арнасы, 28.10.2007 ж. берген еді.

Жонғарларға қарсы күрескен, қазақ жерін, елін қорғаған хас батыр еді Ботбай баба.

МІНЕ, ҚЫЗЫҚ?!

«Тасмағамбетовке атылған тас – Храпуновке тиді». Мұхтар ЖАНҰЗАҚОВ, «ЖА», 30.10.2007 ж.

«Өмірлік өкініш» – бір кітаптың тақырыбы. Бұған қоса екі роман да бар. Олардың мазмұны басымда сайрап тұр, жазылған хаттай. Амал не, уақыт қысқа қалды. Иә, бәрі аяқталуда, қайтейін.

...Осы күні тарихшылар тарихты билік көзіне қарап жазады. Академик Сайым БАЛМҰҚАНОВ, «ЕҚ», 31.10.2007 ж.

Әйелдер бар жан-жағына нұр шашып жүретін, әйелдер бар айналасына күл шашып жүретін, бәрі табиғатынан болатын қасиеттер. Өз ОЙЫМ.

Отауын билей алмаған – Отанын да билей алмас. Халық ДАНАЛЫҒЫ.

Иә, менің басым, миым бір қас қағымда да бос болмайды. Әркез ой үстінде, кітаптарымның әрбір кейіпкерін, оқиғаларды, эпизодтарды қалай жазу, суреттеу, неден бастау, қалай аяқтау жөнінде ой тоғысып жатады. Біреумен әңгімелесіп отырсам да, жүрсемде, тұрсамда барлығы ұйқылы-ояу төсекте жатсамда ой үстіндемін. Көретін түстерім де, ойлау қабілеттерім де ортаймайды. Демек, мен әркез, әр сәт жұмыс үстіндемін. Ал мынау күнделіктерден екшеп алған кітап – әжелердің құрақ көрпесі сияқты, мың құрау, мың қиық, мың тігіс, мың сөгу... 2008 ж.

Қазақ поэзиясының падишасы *Фариза ОҢҒАРСЫНОВА*: «*Түрінен текеметтің көріп тұрмын, Әжемнің тарамысты саусақтарын*», - дегендей, сексеннің сеңгірін алған осы жолдардың авторының суала бастаған саусақтары бұл Күнделік кітапты жүз құрап, жүз сөгіп, қайта-қайта тігіп, оқырманына ұсынып отыр ғой. Ұзақ сонар оқиға емес, қысқа штрихтер, эпизодтар, әрине, оқуға да, тәлім алуға да жеңіл.

Қаламгерге керегі: талант, дарын, білім, ақша, жайлы үй, жеуас әйел.

У Британии нет постоянных врагов и постоянных друзей, а есть только постоянные интересы. Уинстон ЧЕРЧИЛЛЬ.

Кіші Буштың саясаты – американдықтардың қасіреті, соры болды. Ирина ХАКАМАДА, мемлекеттік қайраткер. Ирина Хакамада – Россия Госдумасының депутаты болған қыз. Япондық. Әке жағынан бауыры – ағасы Сигэки Хакамада В. Путиннің кеңесуші тұлғасы болған, МГУ бітірген. Россия жанындағы белгілі де білікті маман, Советтанушы.

«Бұл дүниедегі – о дүниеге кетпейді», «ЕҚ», 28.11.2007 ж. Оқысаң болды, тұла бойың қалтырап кететін жайларды сөз ететін өте шебер жазылған материал.

Бұл заман байқағанға күштінікі,

Азулы, тырнақты мен тістінікі. Сәбит ДӨНЕНТАЕВ, ақын.

Иә, ақын ХХ ғасырдың басындағы жәйтті сөз етсе, қазіргі ХХ-ХХІ ғасырдағы жабайы капитализм – нарықтық экономика заманында да сол дәуірді еске түсіретін жайттар жетеді.

Саясатта кездейсоқ ештеңе болмайды. Франклин РУЗВЕЛЬТ, АҚШ-тың 32-ші Президенті.

Грузия елі тәуелсіздік алған кезеңнің бірінші Президенті Звиад Гамсахурдия жайлы АҚШ-тың сол кездегі президенті Джордж БУШ:

Өзі бір ағысқа қарсы жүзетін адам екен, - депті. Мұны естіген Звиад Гамсахурдия :

Ағыспен бірге тек өлі балықтар ғана жүзеді,- деген ұлы тұлға. Ақыры оны қастандықпен өлтіркізді ғой, қарсыластары.

Бірлігі жоқ ел жаман, ерегісіп өткен ер жаман. И. ТАСМА-ҒАМБЕТОВ, «Астана хабары», 15.08.2008 ж.

Бұл сөздің астарын, әрине, кез келген адам түсіне бермес. Өткен күндер жосылып жатыр ғой. Есіме алсам, бәрі көз алдыма келеді.

Қазақтың түп атасы батыр Түрік,

Арабсың деген сөздің түбі шірік,

Пәленше Сахабаның Затысын деп,

Алдаған дін жамылған оңкей жулик. Шәкәрім ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ. түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі, Алматы, 1991, 70 б.

«Кіші жүз», деп аталатын аталықтар Аламан - Алишын. Алшыннан 3 бала:

1) Сәдірқожа – алты ата Әлім.

2) Қыдырқожа – он екі ата Байұлы;

3) Нәдірқожа – жеті ата – Жетіру

Ел: Орта жүз қазақтарын Аға баласы, деп атаған.

Шыққан күн өткен күнді жоқтата бермейді. Халық АУЗЫНАН. 25.08.2005.

ТУЫСҚАННАН ДА, БӘРІНЕН ДЕ ЛАУАЗЫМ АРТЫҚ ЖЕРДЕ...

Үйдегі компьютерде Айжан қызым «Тарихтың қанды іздері» роман-эпопеяның қолжазбасын теріп отырған-ды. Бір кезде қызымның қорсылдап жылап отырған дауысын құлағым шалып қалды. Аяғымды андап басып жақындадым. Қарасам, қызым Айжан ағыл-тегіл жылап отыр, тоқтар емес.

– Айжан-ау, қызым-ау, не болды?- дедім.

– Ата-ау, мына қолжазбадағы екі апасын туған інісі әкесінің киіз үйінде өртеп жіберген оқиғасын жазу, еске алу – сондай ауыр екен, деді. Мелдікөлдегі қанды оқиғаны есіне алып.

– Иә, қызым Қадырбайқызы, лауазым, тақ шенеуніктер үшін бәрінен қымбат. Оның жолында ана да, әке де, бауыр да, бала да, жары да құрбан етіледі. Ол екі апкесі сонау Ұлықмұның батыс бетінен әкешесіне төркіндеп келіп жатқан-ды.

– Иә, ата, оқып, жазып отырмын. Өте ауыр екен. Менің мамандығым да журналист қой. Бұл қалам ұстағандар сезімтал болады ғой. Ал мына «Толағайдағы тартыс» бөліміндегі оқиға да жантүршігерлік болып жазылыпты. Анау Дәржан әженің, Есет батыр қызы Ақмандайдың ерліктері де көз алдымнан өтіп отыр. Қандай қанды, қасіретті заман-

дар өткен. Атасының Батырхан баласына айтқан өсиетті сөздері де үлкен университет.

– Солай қызым.

– Ата, кешірерсіз, ол романның кейбір оқиғаларын жазып отырғанымда, бойым сергіп, өзімнен өзім күліп аламын. Ата, мақтады деменіз, сіздің Мұхтар, Ғабе аталарға ұқсаған жерлерің көп. Әсіресе табиғатты суреттеуіңіз тамаша сезімге бөлейді,- деп қызым көз алдына қонақтап қалған күзгі бұта басындағы шықтай жастарын сүртіп, қайта жазуға кірісті.

– Ата, кітаптарыңдағы деталдар, штрихтар, оқиғалар оқысаң, еріксіз тынышыңды алып мазасыздандырады, күйіндіреді, сүйіндіреді, кейбір жерде күлесің, кейде жылайсың. Ал шығарманың тіліне келсең, майдай жұмсақ, балдай тәтті, ой ашық, логикасы терең. Әрине, мен журналист болғандықтан айтып отырған пікірім ғой,- деді Айжан қыз.

Қызымның білікті журналист екеніне ешқандай шұба келтірмеймін. Тіпті қызым айтқан кейбір эпизодтарды жазып болғансың, қайта бір көз салсам, өзімде босап кетемін, жүрегім жиі соғып, қаным көтеріліп кетеді-ау. Иә, Лев Толстой суға батып бара жатқан адам бейнесін тынысын жазу үшін өзі суға түсіп, қалай өмірмен қоштасарын зерттеп көрген екен ғой.

Иә, бұл тарихи, деректі роман-эпопея 700 беттік көлемді шығарма еді. Аты айтып тұрғандай. Алматы, «Атамұра», 2006 ж.

Сөз – әдебиеттің құрылыс материалы. Константин ФЕДИН, ұлы жазушы.

Тіл жүректің қалауындағы ойды – қайталайды. КОНФУЦИЙ, Қытай философы.

Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой. Ғабиден МҰСТАФИН.

Сөз өнері – өнер атаулының ең қиыны, әрі күрделісі. Оноре де БАЛЬЗАК.

Әлім елінің Асан руының дара биі Жетес Қыстаубайұлы (1824-1912 ж.ж.) жорға би Айттың Қалыбегі Ниязбен кездескендегі ұлағатты сөзін «*Дала Геркулесі*» кітабында келтіргенмін.

Жетес би қазақ сахарасына жер аударылып келген Тарас Шевченкімен де кездескен еді.

ҚАЗАҚ ҰЛЫЛАРЫНЫҢ СҮЙЕКТЕРІ ҚАЙДА ҚАЛҒАН

**Мұстафа Шоқай – Берлинде,
Сұлтан Бейбарыс – Сирияда,
Әль-Фараби – Дамаскада жатыр.**

Нет пророков в своем отечестве. В «Мире мудрых мыслей».
Ақылды да адасады. Халық ДАНАЛЫҒЫ.

Жазушы – адам жанының инженері. И. СТАЛИН.

Иә, жазушының жанын тыныштандыратын, меніңше, екі нәрсе бар:

– Біреуі – жазу. Оңаша отырып, ойлағаныңды жазсаң, иығыңнап ауыр жүк түскендей, жеңілденіп қаласың.

– Екіншісі – ойыңды, идеяңды жеріне жеткізе алмай, шаршап шалдығып, еңсең түсіп кеткенде, әйелің аймалап, жылы қабақ танытып, соңында бар қызығын берсе, қайта шабытқа мінесің.

Тентек қатыны бар еркек (ер адам) қатынының алдында, өзін тоқалдың баласындай сезінеді.

Есть человек – есть проблема. Нет человека – нет проблемы.
И. СТАЛИН.

Только нищие духом всегда скромны. Иоганн Вольфганг фон ГЕТЕ, неміс ақыны.

Достық жақсы, бірақ оны тексеріп тұру керек. Рональд РЕЙГАН, АҚШ-тың 40-ші Президенті.

Мемлекеттер арасында мәңгі достық емес, мәңгі мүдделер жүреді. У. ЧЕРЧИЛЛЬ.

Бір адам өлімі – трагедия. Жүз адам өлімі – статистика. И. СТАЛИН.

Қазақ жазушыларының кітаптарын сол қаламгердің өздерінің балалары оқымайды. Ғ. МҮСІРЕПОВ.

Живи и дай жить другим. Английская МУДРОСТЬ.

Ұлттың ұлылығы халқының санымен өлшенбейді. Виктор ГЮГО, Францияның жазушысы.

Кішкене кілт, үлкен сандықты ашады. Кавказ халқының қанатты СӨЗІ.

О, Азия ұлысын!

Ұлылығың құрысын,

Олай демей, не дейін,

Европаның құлысың! Мағжан ЖҰМАБАЕВ.

Птица видна по полету. Народная МУДРОСТЬ.

Жерде бір жетім жыласа, көкте жетпіс періште күңренеді.
Даналық СӨЗ.

Оң қолың берген садақаны, сол қолың білмей қалсын. ХАҢИ-СТЕРДЕН.

БАС БАСЫЛЫММЕН 62 ЖЫЛ БІРГЕМІН

2008 жылдың жиырма екінші күні (қазан айының) ойыма ой түскені «ЕҚ» газетін оқып отырып. Иә, менің сонау 1947 жылдан ақылшым, ұстазым, басшым болған еліміздің бас газеті ғой. Содан бірден «СК-ға» ұсақ информациядан бастап, хаттар жаза бастадым. Оған еңбекшілер депутаттары Шалқар қалалық Советіне – мемлекеттік қызметке алынуым түрткі болды.

... Жаздым бір жарым беттей естелікті (А-4). Содан бүгінгі «ЕҚ» редакциясының Алматыдағы қосынының жетекшісі **Мамадияр Ділдәбекұлы Жақыпқа** барып, осы жазғанымды көрсетуге шештім. Балам кеңсесіне алып барды. Сондай жылы жүзді, аппақ, жасы 70-ті алған адам. «Жетісу» газетінің бас редакторы болған екен заманында. Және Садықбек Адамбеков жайлы эссе жазылған кітапты, «Дала Геркулесі» кітабымды да ұсындым.

Сол материал «ЕҚ» газетінің 2008 жылдың I қарашадағы номерінде бірінші бетке, суретіммен жарық көрді. Мәкеңе ақ жүрегіммен рақметімді айттым.

– Тау аға, сізді «ЕҚ» газетіне бір жылға тегін жаздырдым. Енді келесі жылдан бастап үйіңізге келіп тұрады,- деді. Мәкең.

– Міне, азамат, ақжарқын арда ер деген осы!

ҚАПЕРІНДЕ ЖҮРСІНШІ, ЖАНЫМ!

Жапонияның біліктісі Масару ЭМОТО:

Мазасыздану, тынышсыздану, мойын жүйкесін, (нервісін) қоздыратын ауруға әкеледі.

Стресс-күйзелу – ішек жұмысын бұзады.

Страх-үрей – бүйрекке ауыру жинайды.

Тревога-абыржу, қорқыныш – ішек-қарын ауруларын туғызады.

Адамға деген жылылық, мәпелеу жоқ жерде, жүрек ауруы өршейді.

АНАЛИЗ ЖАСАП КӨРГЕНДЕ:

Екі банкіге күріш салып, су құйып қойып, екеуін бір ай ұстаған:

– Біріне – «рақмет, жақсысың!» - деп күнде айтып тұрса;

– Екіншісіне – сен дорақсың, жамансың деп салқын көзбен қарап отырған.

Бір айда жылы, жақсы сөз естіген банкідегі күріш құлпырын өскен, ал жаман сөз есітіп өскен банкідегі күріш қарайып солып қалыпты. Мұны жасаған Жапонияның біліктісі Масару ЭМОТО еді.

Екінші бір тәжірибе - мұны орыстың ұлы физиологы – Иван Петрович ПАВЛОВ (1849-1936) жасаған.

Екі қой тұқымы да, жасы да, қондылығы да бірдей екеуін екі жерге байлап баққан, бірдей азықтаңдырған.

– Тек біреуін тыныш, ешкім селт еткізіп үркітпейтін жерге, ал екіншісінің қасына қасқыр ит байлаған.

Қорытындысы: тыныш жерде баққан қой қәдімдігей оңалып, семіре бастаған. Ал қасқыр ит қасына байлаған қой көтерем болып қалыпты.

ЕССЕНТУКИ КУРОРТЫ

СОЛТҮСТІК КАВКАЗ, бұл курортта мен екі рет дем алдым, ем алдым, тарихы, табиғаты, шипалы сулары жете таныс.

Қаласы шағын, Кисловодскіден, Пятигорскіден де шағындау. ал Железноводскіден үлкендеу, бірақ емдеу орындары өте қолайлы.

Қысқа кайырсак, Эссентук аты – бір аңызда осындағы басын Қап тауынан алатын өзеннің атымен аталады делінеді. Ия, мұндай өзен бар, суынан дәм татып көргенбіз, ал ол өзеннің аты қайдан шыққан? Екінші бір аңызда, бұл аңыз жергілікті халық – Қарашайлықтар айтып қалдырған. Қара шай ішетін болғандықтан солай аталып, кеткен халық делінеді. Ал қарашайлық халық Азиядан, бір замандарда Қазақ жерінен ауып келгендер деп те айтылады. Тіпті түбі казактар деген аңыздар да бар. Ал Эссентук моңғолдар жаулап алып, өзінің атын қалдырған. Казактар ығыса, қуыла-қуыла осы Қап тауына дейін келіп, орнығып қалған екен делінеді. Қарашайлықтардың аңызы бойынша бұл жерде бір заманда крепость – бекініс болған. Осы бекіністің қожасы Стан деген әдемі де сұлу қыз болыпты. Бекіністі және сұлу қыз – Станмен қоса Бург аталығы жаулап алыпты. Сол Бург пен Стан қыздан бала туған. Сол ұл өте нәзік арық мүгедек бала болыпты. Басында шашы да болмаған. Ешбір емдеуші жәрдем бере алмаған баланы сауықтыруға, басына шаш шығаруға. Содан кездейсоқ, тау етегінде ағып жатқан мөлдір сумен баланың басын жуған. Содан кейін баланың басына шаш шығыпты. Ол сол Эссентук өзенінің суы екен. Ол суды кейін «тірі шаш», деп кетіпті... «Тірі су» деп те атапты.

Ия, Эссентуктің шипалы суы әлемге аян. Қара балшығы, радон ваннасы, таза ауасы, әлемнің ешбір курортымен салыстыруға болмайтын теңдесі жоқ – тіршілік көзі.

Еске салатын болсақ, ұлы Британияның Премьер Министрі болған Маргарет Тэтчер арнайы самолет жіберіп, Ессентукидің №4, №17 суларын сатып алып, емделеді екен. Мұны ресми орындардан сол баырып ем алып жүргенде есіткенмін. 1978-1987 жылдар.

* * *

Еске сала кететін, үйде «А-2» форматына немерем үлкейткен менің портретім бар. Осы Ессентукиде 1978 жылы түсірілген еді. Өзі екі дана болатын, біреуін қызыма бердім. Бұл суретті көрген европалық бір бикеш: біреуін сүйіктіңе – есетелік етіп бер – әдемі екен, деп күлгені есімде.

ЖЕЛЕЗНОВОДСК КУРОРТЫ – 1981-1983 жж.

Ия, бұл курортта екі рет дем алдым, бірінші келіп, емделгендегі алған әсерім, сезімім ерекше болды. Шағын ғана қала – курорт кой. Жан-жағын қоршаған тау, жақын жерде ірі өнеркәсіп, завод, фабрика жоқ, ауа райын ластайтын, деп жазыппын блокнотыма. Иә, арман қарай былай деппін:

Патшалы Россияның әкімдігінің жер аударуымен орыстың ұлы ақыны Михайл Лермонтов осында болған екен. Ең ауыры, жүрекке салмақ салатын оқиға – трагедия 1841 жылы июль айында болған. Осы жылдың 15 (27) июль күні Мәшүк тауының етегіндегі дуэльге сапар шеккен. Осы дуэльде ақынды атып өлтірген. Әрине, барлығы алдын ала жоспарланған өлім ғой. Осы қаладағы Карпов усадьбасында бір пәтерді жалдап 1841 жылдың жазында ақын тұрған екен. Содан 15 июль күні осы Железноводскідегі пәтерінен дуэльге тартады. Жолда Рошке дегеннің үйіне кідіреді. Иә, ұлы ақын қысқа өмірінің соңғы сағатын осы үйде қалдырған екен. Өкінішті-ақ.

... Осыдан кейін өзім ауырып қалдым. Электрокардиограммаға түстім. Жүрегінде ақау бар, бірақ Кисловодскіге жолдама берейік, барып көрініңіз, деді дәрігер. Себебі, ол жүрек ауруларын зерттейтін, қарайтын, емдейтін, жалғыз орталық СССР-дегі еді. Бір медсестраның жетектеген басшылығымен Кисловодскіге келдім, бір он сағатта 7-8 рет болар кардиограммаға салды. Қортынды: осыдан біраз уақыт бұрын жүрегіңіз 32-33 секунд тоқтап қалған. Қазір жаман емес, еміңізді алуыңызға рұқсат етеміз деді, бір еске алатыным Ақтөбе, Алматы қалаларындағы кардиологиялық орталықтар менің жүрегімдегі өзгерісті – инфаркті таба алмаған елі.

Сонымен, Железноводскіге қайта келіп «Смирновская», «Славяновская» минералды суын іштім, грязын алдым. Қараңыз, жер астынан терең бұрғылау арқылы шығарылған «Смирнов» суының ыстығы + 40 градус болса, «Славянов! суы + 50 градус! Сәл-пәл салқын шүмектен су қоспасаң, күйіп қаласың. Ал, грязлечебницасы ерекше, мен мұндай техниканың соңғы жаңалығымен салынған емдеу орнын Трускавецтен, Моршинен, Карловы Вардан көре алмадым, бірақ айтуым керек. Батыс Украинадағы Трускавец Моршин курорттары да қатты ұнады. «Нафтуса» шипалы суы, азекерит балшығы – адамдарының қызмет көрсетуі ерекше болады.

ТРУСКАВЕЦ КУРОРТЫНЫҢ (мұнда да екі рет ем алдым, бірақ араға жыл салып) «Нафтуса» суын ішкесін араға жарты сағатқа жетпей «Патшаның өз аяғымен баратын, үйі» аталатын – дәретханаға дамбалыңның бауын шешіп жетуің керек. Сол үшін болар әрбір 100 метр жерде жер асты «Патша үйлеріне» дызылдап жүгіріп бара жатқан емделушілер. Жақсы емделдім.

Екінші рет барғанымда да емі ұнады. Мұндай жоғары дәрежелі емді Моршин, Карловы Вары курорттарында да алдым. Қысқартып айтсам, іс былай болған еді: сол жетпісінші жылдары 5 февральда Мұғалжар тауының Айырық биігінің бойында боран арасында «УАЗ» көлігімізбен 9 сағат қалғанбыз. Жаяулап бірнеше сағат жүріп Сары-Шоқыдағы Сағынай Жайымов үйіне жеткен едік. Өзіміз профермен 5 адамбыз. Бірі – совхоз директоры, екіншісі – рабочком, үшіншісі – ветврач. Екі азамат дүниеден өтті. Мен Совмин төртінші басқармасының ауруханасында емделдім. Ақыры 17 рет курортта болдым.

Кейін бәйбішем екеуміз Алматыдағы заманында КПСС Орталық Комиетінің «Алатау» шипажайында екі рет, «Алматы» шипажайында үш рет, тау ішіндегі «Ақ қайын» шипажайында бір рет, Сарыағашта бір рет, т.б. «Көктемде» төрт рет ем алдық.

Осы емдердің арасында тіс дәрігерлері коронка саламын деп бәрін бүлдірді. Әр нәрсені бір ұстап, қолын суға шайып, халатының етегіне сүртіп, сенің аузыңа саусақтарын салады. Содан инфекция болды. Ақыры Сызғанов атындағы институттың клиника ауруханасында екі рет ем алдым. Соңғы жатқанымда бір жарым, не үш литр қан күйді. Осыдан ба, біле алмадым, клиника гепатит болғансын деп те диагноз қойды.

Мені аман алып қалған осы институттың *хирургі Бауыржан Наржановқа алғысым шексіз!* Үш рет емделгенімде де осы хирург басшылық етті. Және бәйбішем балаларым ерекше бақылауға алды.

Иә, қазір үйдегі диетолог дәрігерім Балзада Шәмшіқызы. Сол бағып күтіп отыр. Сонша кітап жаздым, эсселер жарық көрді – бәріне қолғабыс жасағанда осы бәйбіше мен балаларым, немерелерім.

Өзінді жоғалтпа, жоғалтып алма!, деген осы болар.

Алматы, 2005 ж.

ОСТАНКИНО ТЕЛЕМҰНАРАСЫ

1958 ж. Мәскеудегі Останкино телемұнарасының тұңғыш ашылуына қатысу бақытына ие болдық. Одақтың бірнеше журналистері болып 337 метр биіктіктегі қабатына шықтық. Мәскеу омырауының астында жатты. Кешкі Москваның шамдары жұлдыздай самсап тұрды. Экскурсовод былай деді:

– Бұл Останкино телебашнясының конструкторы профессор, техника ғылымдарының докторы Никитин. Оның бұл жобасын Совмин төрағасы А.Н. Косыгин екі рет қайтарып жіберді. Себебі мұнара 530 биіктікті алып жатыр. Ал іргетасы-фундаменті небәрі 4 м, өте қауіпті. Екіншіден, сен гарантия бергенмен, құлап кетсе, жан-жағындағы үйлер қирайды, халық астында қалады. Ойлан, депті, А.Н. Косыгин. Иә, ол ұлы тұлға ғой. Мәскеуде А.Н. Косыгин атындағы орталықта даңғыл бар.

– Сонымен, үшінші рет жоба талқыланды. Келісім мұнараның айналасындағы тұрғын үйлерден адамдарды 1 шақырым қашықтыққа көшіру. Екіншіден, конструктордың айтуы бойынша, башня пружинаға орнатылған. Қатты желдерде 6 метрге дейін ыққа еңкейеді, бірақ ешқандай қауіп болмайды. Үкімет келісті. Қаржы, материал бөлінді. Мұнара салынды.

Телемұнараның тас төбесінде көлемі 16 шаршы метрлік СССР Туы ілінген екен. Бір қызығы – осындай көлемдегі материалды тоқитын елде фабрика болмаған соң, АҚШ-тан алдырыпты, тапсырыс беріліп. Қазір екі лифт істеп тұр, бірі скоростный-неміс лифтiсi, екiншiсi үлкейген, жүрек талмасы бар адамдар үшін жоғары көтерілуге арналған жәй жүретін лифт деді.

Сол неміс лифтiсiмен көтеріліп 333 м қабаттағы ресторанда шәй-су іштік. Әрине, орыстың ағы, француздың шампаны да аз болмады.

1964 ж. Мәскеудің халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатыстым. Сонда бірінші рет Қазақстан павильон – авторлары **Хасбулат Асқар-Сарыдәжа Нұхбекұлының, сәулетшісі Төлеу Кұлшаманұлы Бәсеновтың** қолтаңбаларын көрдім.

Осы сапарда бір топ журналистер ТАСС ғимаратында болып, көп нәрселерді көрдік. «Правда», «Сельская жизнь», «Крокодил» редак-

цияларында болып, талай әңгімелерді, анекдоттарды естідік. Москвада қалалық жаңадан ашылып жатқан журналистер Үйінде болдық. Бұл іс-сапар жайындағы оқиғалар осы кітапта бар.

Сарғайған, жазуы өше бастаған блокноттардан іріктеліп алынды.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ ШАЛҚАРДА

1965 ж. Шалқарға Ғабит Мүсірепов бастаған Сағынғали Сейтов, Ғафу Қайырбеков, Сағи Жиенбаев ақындар, қаламгер Тілеков қостаған ел ардақтылары келді.

Иә, бұл сапарда Ғабеңмен біраз әңгімелестім, суретке түсіріп алдым. Малшылардың слетіне қатысты, Қызыліргедегі арнайы тігілген киіз үйде болды. Ғабе Сібір преферансын ойнайық дегенсін аудан басшылары келісті. Менде қосылдым. Осы кезде Ғабе маған кара көзілдірігінің астынан көз салып:

– Жігітім, журналистің қалтасының қалыңдығын білеміз. Тәуекелің күшті екен,- деп қалды.

Иә, қолыма бір жетілігі жоқ, болмаса нағыз мизер келді. Ғабе бірден:

Жігітім, сегіз рет ұсталасың. Байқа, ойлан,- деді. Қасымдағы бастықтар «нар тәуекел», деп қоймады.

– Сенде қарғаның жетілігі жоқ. Қарға қатырады сол. Сегіз рет ұсталғанда төлейтін ақшаң бар ма? Ол қанша ақша?- деп жай ғана ыңыранып қалды. Мені аяп отырғанын бірден сездім.

– Бір айлық еңбек ақын кетеді. Байқа, жігітім,- деді тағы да.

Құрсыншы, Ғабе айтқандай, сегіз рет ұсталдым. Екі жүз елу сом үстіме жазылды.

Ғабе:

– Сен енді қой. Жалаңбұт қаласың!

Осы кезде тасыр да тұсыр нөсер жаңбыр төгіп кетті. Қасымызда отырған Жәрдем Тілеков аға орындықтан тұрды да «УАЗ-ке» кіріп кетті. Менің бережағымды Ғабе алмады.

Келесі күні Ұлықмұның Қабырғасы аталған өңіріндегі жалпақ Ақшінің тепсеңіне Ғабең арналып тігілген жеті-сегіз киіз үйге келдік. Бәрі дайын. Қозы, жабағының еттерінің иісі аңқып, ақ, сары самауырындар бұркылдап қайнап тұр екен. Ғабені сегіз қанат киіз үйге аудан басшылары алып келді. Дастархан жаюлы, оюлы сәнді көрпелер, құс жастықтар, шай келді. Ауылдың осы қалай деген бір ажарлы-ау деген келіншегіне шай құйғыздым. Рюмкаларға коньякты Жаңабай Жансүгіров құя бастады. Сол сәтте кабаттаса көбігі бұрқыраған келі

кеселермен шұбаттар да келді. Ғабе сол көпшікке жамбастай жатуымен дастарханға көңіл аудармады. Аудан басшылары қанша айтса да қаперіне алмады. Бір кезде ауатком төрағасы Жиенбай Шарбаков сезімтал аға еді. Мені ымдап далаға шақырды. «Сен байқадын ба, бір шай құятын өзімен бірге Алматыдан келген қыз-келіншектерді іздеп отырған сияқты. Тез, ізде, тауып алып кел», деді.

Есіме сарт етіп түсе кетті. Ғафу, Сағи бастаған бір әйелді жетектеп құм ішіне кетіп бара жатқанын көргенмін. Артынан ауылдың бір жігіті бірдеңелерді табаққа салып алып бара жатты. Солай қарай жүгірдім.

... Жидесі мен талы, шілігі, көк құрағы мен балауса күреңсесі жарыса өскен бір қазан шұңқырда орталарында жаңғағы үлкен табақ, қастарында ақ арак, коньяк, шампан төртеуі төрт жағында тек трусимен етпеттеп жатыр. Мені көрді де Ғафу жаңағы келіншекке:

– Тұр! Ғабе іздеп жатқан болды. Мына жігітке ер, кет!- деді. Иә, ол қыз да айтулы бір актриса еді. Ат-жөнін айтпай-ақ қояйын, ә!

Шай құйып отырған ауыл келіншегін шақырып алып, жаңағы келіншекті шай құюға отырғыздым. Ғабе басын көтерді. Бәрі дұрыс болды.

Ертеңінде Ғабе: «Ұлпанға барайық және қаланың татарлар Слободкасын көрсет», - деп сұрады.

– Қаланың қай маңында екенін білесіңбе? Білемін дедім.

Шалқып жатқан Шалқар көлінің «Қостам» бойынан өтіп, Ұлпанға келдік. Автомашиналардан түсіп Ғабе жалғыз өзі біраз қыдырыстады. Сонан сен «бері кел» дегендей, маған қарады. «Сен картаны нашар ойнайды екенсің. Үйрен, мына картаны ал», деді.

– Редактор жолдас, мен саған риза болдым. Жарайсың? Ал сөз саптауыңа қарағанда нағыз қаламгер екенсің. Тіліңнің асты толы – бал, көсемсөз. Айтпақшы, жазушылар Одағында барсың ба?- деді.

– Жок, Ғабе. Мен журналистер Одағында іргетасы қаланғаннан мүшемін. Мәскеуде Одақтық съезіне де қатысқанмын. Хрущевпен рюмка соғыстырған екі мыңдай адамның бірі едім, дедім.

– Жарайсың, сен жазушылар Одағына мүшелікке арызыңды жаз да менің атыма жібер. Болмаса, біреудің қолына түссе, сені қайдан білсін. Сенің кірген, мүше болған журналистер Одағындай тәртіпті, күнбе-күн халық, партия бақылауындағы одақ емес, эрине, бізде кейде қырықпышақ, қырғи көз болып жатады. Басы да, сөзі де қосылмайтын, алтыбақан алтыауыздар көп, баяғыда Михайл Шолохов айтқан «самая неорганизованная интеллегенция – это писатели», - деп. Сонда мен сондай интеллегенция болғансын бәрін бір Одаққа – ұйымға шоғырландырған ғой дегенмін, бірақ одаққа өткізейін. Байқаймын, табиғатыңда бір сөзді, тәртіпті, мәдени өрісің бар, қаламың өткір жігітсің. Жарайма, арызыңды жібер.

Әңгімеге Сағынғали Сейтов аға араласты:

– Бұл батырлар елінің азаматы. Еркіндікті сүйетін. Ата-бабалары еркіндік, бостандық үшін арыстанша алысқан,- деп қойды.

– Білемін, бұл ел ұлы батыр, заманының көсемсеркесі, серісі атанған Көтібар елі емес пе?- деп барып Ғабе сөзін жалғастырды.

– Осы Ұлықұмды орыстардың зерттеушілері «Большие борсуки», дейді Есет батырдың да кіндік қаны тамған, елінің тәуелсіздігі үшін алысқан, батырлар елі екені рас, бірақ,- деп Ғабе көзілдірігін қайта-қайта ұстай берді. Бірденеге реніш білдіріп тұрғанын сездім.

– Иә, әлгі Мұхтар мықты Көтібарды «Басыбар» деп тарихи тұлғаны өзгертті ғой. Әрине, діні, ділі үшін емес, күні үшін солай жазды. Қайтесің,- деп сөзді басқа арнаға аударғысы келгендей болды.

– Ғабе, кешіріңіз, мен сонау елуінші жылдары Қазак университетінде студент болып оқып жүргенімде, ұстазыма бір лекция үзілісінде айтқанмын. Сәбит Мұқановтың «СҚ» -«Социалистік Қазақстан» газетінде 1941 жылы жазған мақаласын да еске салғанмын дедім. Ұстазым тіл қатпады ғой. Тарихи тұлғаларды бұрмалау қиянат емес пе?- деп едім.

– Ал Ғабе, осы сіз, «қазаққа қазақтан басқа жау жоқ», деген сөзді осы кезде айттыңыз ба, әрине, орынсыз сұрақ, дедім.

– Айтып тұрмын ғой, өзің бір тілің мен жағыңа сүйенген жігітсің. Иә, ол иттік әлі жалғасуда. Тіпті біреу екіншісін жеп қойғысы келеді. Көре алмаушылық, қызғаншақтық, ышқырына тас қыстырушылық әлі бар. Осы бір жағдайлар талай жайсандарды көрге, камаққа, абахтаға сүйреді ғой.

– Абайлаңдар жастар, қазақ қасқыр мінезді халық. Архив ашылса, бар үрім-бұтағымыз қырқысып қалуы мүмкін,- деген еді Ғабе, осы әңгіме барысында.

Иә, кейін бірде Ғабит Мүсіреповтың Күнделіктерінде осы пікірін былай өрнектегенін оқыдым. Онда:

– Сәкен Сейфуллин жиналған топ алдында бір өлеңін оқыды. Мен тілім жеткенше сынадым. Кешкілік біреу есік қақты. Осы маған ренішін білдірген Сәкең шығар деп есікті аштым. Қолындағы таяғына сүйене бөлмеге кірді. Сескеніп те ұялып та қалдым.

– Ғабит, сенің сын айтқан пікірің дұрыс. Соны айтайын деп келдім. Ал мені де бір-екі күннен кейін ұстайды. Сөзіп отырмын. Қазағым қасқыр мінезді халық қой,- деп шығып кетті ..., деген жүрек ауыртағын сөздер бар екен.

Иә, жігітім бұл әңгімені қояйық. Ал мына Ұлпан қыз жайындағы кітапты оқыдың ба?

– Иә, Ғабе, сол ұлы қыздың атына қойылған темір жол станциясы осы. Сол шалқып жатқан Шалқар көлің мынау. Ғабе суреттері менде сақтаулы. үй альбомында.

– Дұрыс-ақ,- деп Ғабе бір ойға кетті.

– Бұл өңірде Ленинградтағы Бүкілодақтық өсімдіктер институтының Аралмаңы тәжірибе станциясы жұмыс істейді. Мұнда Америка оқымыстысы Энверлау, академик Д.Д. Брежневтер болған. Ағайынды Малюгиндер осы Ұлы құмды зерттегені үшін 1948 жылы Сталиндік бірінші дәрежелі сыйлық алды,- дедім.

– Өзің бәрін біледі екенсің. Кешегі Отан соғысы жылдарындағы жазушы Алексей Толстой да болған.

– Білемін, Ғабе, бұл Шалқарда Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқановтар да болған ғой,- дедім.

– Дұрыс-ақ, 1916 жылы Аманкелді Иманов осы Шалқар теміржол вокзалы арқылы Санкт-Петербургқа сапар шеккен,- деп қойды Ғабе.

– Иә, бұл информацияны Сіздің «СҚ» газетіндегі мақалаңыздан оқыдым ау, деймін. *«Шақырды Шалқар деген қаласына, Қазақтың қысым түсті баласына, Жігітті қойдай түзіп алып жатыр, Қарамай ақсақ-соқыр жарасында»*,- деп сол Аманкелді пойызға отырғызуға келген шалқарлық бір азамат айтқан екен,- деп едім, Ғабе тамсанып қалды.

– Мұнда мен де болғанмын. Менің татарлар Слободкасын неге сұрағанымды білмейсің бе?

– Білемін. Осы қалада тұратын Усман деген зерек бір абызи айтқан. Қазақтың бүгінгі бір ұлы жазушысы, Ғабит Мүсірепов біздің халықтың күйеуі болған. Ал екінші күйеуіміз Мұса Дінішев,- деген еді. Бәрі есімде,- деді ғой сонда.

Ғабенің беті жылынып, бетіне қан жүгіріп жасарып қалды.

– Онда Мұсамен бажа болдым ғой, э?- деп күліп алды Ғабе.

– Мұса Дінішевтың қалай үйленгенін айтып бердім. Мүсекеңнің өз аузынан шыққан сөзіне сүйеніп. Иә, Мұса ағаны Шалқар қаласындағы татарлар Слободкасының Тупой переулік жетінші үйіндегі қарт әниге апарып кездестіргенім жайлы *«Көз қорегендер» (Алматы, Атамұра, 1999 ж.)* кітабымда жазғанмын.

АХМЕТ ЖҰБАНОВ ПЕН ДАҢҚТЫ ӘНШІ ҒАРИФУЛЛА ШАЛҚАРДА

1966 ж. ұлы композитор Ахмет Жұбанов келді. Май айының басы. Шалқар темір жол вокзалынан таң сәріде Алматы – Мәскеу пойызынан карсылап алдық. Суретке түсірдім. Ахаң өзінің оркестрімен келді. Ғарифулла Құрманғалиев бастаған әншілер де бар.

Шалқар көлінің жағасындағы ен тоғайға бірнеше киіз үй тігілді. Халық аса сүйіспеншілікпен карсы алды. Нағашы жұрты Алты ата

Әлімнің Жаңғылыш аталығынан Қияс Құрманбеков, зайыбы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты – шопан Зүбайда Құрманбекова шақырылды. Олар алты қанат ақ орда сыйлады. Аудан Ахана ат мінгізіп арқасына оқалы шапан жапты. Балалары, қыздары – бәрі келді. Ақтөбеден облгизеттің редакторы Нұрхайыр Телеуов бастаған делегациялар да болды, көп шаруаны аудандық мәдениет бөлімінің басшысы аса білікті де тәлімді Бекет Есенжолов атқарды, ұйымдастырды.

БІР ШТРИХ. Түнге қарай көлжағасы, тоғай іші салқын болатынын ескеріп, аудан басшылығы қаладағы қонақ үйден жеке бөлмелер дайындауға комхоз директоры Мәжіт Сыдықов екеуімізге тапсырма берді. Қонақ үйде екі ғана бір адамдық бөлме болатын. Ахана деген номерді дайындап, енді Ғарифулла ағаға келесі бөлмені берейік деп келсек, бір сарытұра, сарқарын, алтын тісті, ақжаулықты, ақ жібек халатты әйел «бөлмені босатпаймын», - деді. Бәрін түсіндіріп айтып едік. Жаңағы әйел:

– Мен шалымды күтіп жатырмын, - деп күле сөйледі;

– Ау, ол шалдың кемпірі Алматыдан бірге келмей ме? - деп едім.

– Қайныларым-ау, ондай ақсұңқар ағаларыңның елде де бір кемпірі болады ғой. Мен кеше Оралдан келдім, - деп айтты да:

– Ол ақсұңқарды осы мен жатқан номерге жіберіндер, - деді.

Иә, солай болды да.

САТИРИК АҚЫН АСҚАР САПАРЫ

1968 ж. белгілі сатирик акын **Асқар Тоқмағамбетов** телефон соқты.

– Мен қасымда Құралай кемпірім, екі немерем Шалқар – Ырғыз арқылы Торғай асуым керек. Онда құдам бар. Қонаққа шақырып жатыр. Ал сен аудан басшыларына осы хабарды жеткіз. Батпақараға баратын автомашина керек. Осыны да естеріне сал, - деді Асекең.

Аудан басшылары бастап, қала сыртынан «Жаңа қоныс» совхозының Шалқар көлінің оңтүстік ту сыртынан бидайықты көл етегінен Рамазан деген озат қойшының үйін дайындауға, совхоз директоры Әбу Байсалаев екеуіміз жүріп кеттік. Райпо бастығы Жаңабай Жансүгіровке тапсырма бердім.

Бәрі дұрыс болды. Бір ұзақ әңгімеге Әбу аға арна ашып берді. Ол кісіге арақ бермейтін едік бұрын. Арақ аузына тисе, ойын ойсырағын айта салатын Әбекен!

– Асеке, мына алып келе жатқан құймышағы шошайған кәрі сиырдай кемпірін кім? Елге шыққансын бір жастау, ажары бар. арқанды сыйпайтын әйел алып жүрмейсің бе? - деп қойып қалды. Айтты да өзі де күлді. отырған өзгелер де күліп алды.

Асекең тақыр, шашы жоқ басын орамалымен бір сүртіп алды да:
– Әбужан-ай, айтайын, ол бір үлкен де ұзақ әңгіме,- деді.

Отырғандар, «айтыңыз, айтыңыз, Асекең», - деп жатты.

Иә, «Бұл сол Құралай еді ғой»,- деп Асекең сөзін аяқтады.

Асқар Тоқмағамбетов ағаның бұл әңгімесі менің «*Көз қорегендер*» (Алматы, Атамұра, 1999 ж.) кітабыма енген. Асқар ақын менің алғашқы ұстазым Тілеужан Шойғарин жайында әдемі бір өлең жолдарын қалдырған еді. Ол мынандай:

*Шалқардың бір мықтысы Шойғарины,
Әлі де басылмаған сөз жалыны.
Көне архив, көпті көрген шежіресі,
Бар кісі – өз өрісі, өз жарығы.*

Сондай-ақ, Шалқар көлі жайлы былай деп жазды:

*Телегей, тентек Шалқар,
Теңіз Шалқар.
Қияңда қылаң қағып,
Ұйса сұңқар.
Суыңда сүмбіледе сусар жүзін,
Тулаған толқыныңда асау тұлпар.*

Осы өлең жолдары «СҚ» газетінде (04.08.1968 ж.) шықты. Осы сапары жайлы осы басылымда: «Ауылының аты Жылтыр екен, Төбесінде күн тұр екен» деген очеркісінде осы жолдардың авторы – мен туралы да жылы пікір жазған еді.

Жоғарыда айтқан кітабымда, Асқар ақын, бәйбішесі Құралай, екі немересінің суретін түсіріп алған едім, соны тағы бір көлемді әңгіме етіп бергенмін. Ақынның осы сапардағы суреттері менің үй альбомдарымда сақтаулы. Бұл шығармада эпиграф етіп Асекеңнің мына бір өлең жолдарын алған едім:

*Әулие тау – Мұғалжар,
Басы биік болмаса да,
Бал ағады тасынан ...*

«ҮЙІҢЕ ТҮНЕМЕУГЕ ДЕ БОЛАДЫ ЕКЕН, Ә?»

Бірде Ақтөбе облысын басқарған Елеу Тайбеков (Мәскеудің Тимирязов атындағы ауыл шаруашылығы Академиясының түлегі) облысты, аудандарды аралап жүреді. Ойламаған жерде үстіне милиция формасын киген майор қарсы алдынан шығып, шекесіне қолын қойып, екі аяғын тартылған сымдай сарт еткізіп қосып жіберіп:

Жолдас бірінші секретарь! Рұқсат етіңіз доложить етуге!- дейді.

Елубай Тайбеков айтыңыз дегендей ишарат білдіреді.

– Жолдас секретарь! Менің бастығым ылғи мені түнгі кезекшілікке қояды. Үйге түнеуден қалдым!- деп шекесінен қолын алып, қакқан қазықтай тұрып қалады.

– Майор жолдас, неше балаң бар?

– Тоғыз ұлым бар!

Ия, онда үйіңе түнемеуіне де болады екен,- деп күлімсіреп, майордың арқасынан қағыпты.

Бұл эпизод обкомның ауыл-село, жұмысшы тілшілерінің бір сілетін өткізгенде, бірінші хатшының айтқан сөзі еді. Бұл сол ерте-ректе болған, соған қатысқанмын.

«КІМДІ ЕТКЕ ТАПСЫРУ КЕРЕК?»

Иә, осы бір ауыл-село тілшілері жиынында бірінші хатшы Елубай Тайбеков:

– Мемлекетке кілең көтерем, арық мал етке тапсырылады. Ал мына Ырғыз ауданының райсполком председателінің орынбасары 130 кг шығады, мемлекетке етке тапсырған өгіздері 80 кг шығады. Кімді етке тапсыру керек, ә?- деген бар еді.

Залда қимылсыз күлкі болды.

Көне блокноттан қысқартылып алынды.

«АТА, АТА, БҰЛ ҚОШҚАРДЫҢ ДА НАҒАШЫСЫ ЖОҚ ПА ЕКЕН?»

Бір «шіріген» байдың жалғыз ұлы болыпты. Тағдыр бар мырзалығын сыйлағанмен, перзентке тапшылық, тарлық тартқан екен. Жалғыз ұл он үшке толып, отау иесі жасына жеткен. Бәйбішесі екеуі ақылдаса, кеңесе келіп, жалғыз ұлды үйлендіруді шешкен. Байлығы көп, бай қалаған жерінен қыз айттырады. Содан келесі жылы қалың малын түгелдей беріп, құда түсіп, отыздың үстінде ылғи жорғаға мінген ауыл адамдарын қызды алып келуге жібереді.

... Жаздың маусымы болатын. Жалғыз ұлдан не аясын. Жетіп арғылып, төгіліп жатқан байлық отыз күн ойнын, қырық күн тойын өткізін. үш-төрт киіз үй тігіп, оңашалайды. Иә, қазіргі бай-қалталылар баласын жаңа түскен келінімен шетелдерге бал-дәурен күндерін өткізуге бірнеше мың долларды қоржындарына салып, не карточкамен алатын етіп сапарға шығаратыны сияқты. тек тамақтарың дайындайтын

аспазшылар, күтушілер күндіз болады да, қасқарая жас отау иелерін оңаша қалдырып кетеді.

Арада он бес күндей өтеді. Бәйбіше сары уайымға түсіп, баласын ойлай береді. Үй баласы, үй ұлы болып қалған, көзінен таса болмаған ұлын көруге асық. Ойын отағасына айтып, мазаланып жүргенін білдіреді. Отағасы:

– Не деп шақырамыз өзін, келінді тастап кетіп, кел деуіміз әбестік болар, бәйбішем-ау, ойланыңқырайық,- дейді.

Бір күні шәй дастарханы үстінде ойын бәйбіше тағы білдіреді. Отағасы үндемейді.

Содан құс төсекке жатып, шарифатқа енерде, бәйбіше:

– Отағасы-ау, таптым,- деп байының төсіне қолын салады.

– Иә, айтшы?- дейді.

– Айтсам, нағашыларың келді. Оларға қызмет істеуге кел дейік.

– Келінсіз бе?

– Иә, өзі келіп көрінгені дұрыс.

Ертеніне отағасы баласына хабар жеткізеді.

Баласы өзі келеді. Анасы ұлын көріп, баланың әбден жүдеп, екі жағы пышақ жонитын қайрақтай болып, суалып қалғанына қатты іштей реніш білдіреді.

Келесі жұмада баласын отауына, келіншегіне жібереді. Бірақ бәйбіше тағы да реніш білдіріп, ұлын тағы бір жұма оңаша ұстап, қондырып жіберуді қалайтынын айтады.

– Жарайды. Келіннің ойына бірдеңе келіп жүрер, барғаны дұрыс,- дейді бай.

Содан қыс қамытшылық болып, малдары жұтап, ел қиыншылық көреді. Ауыл жалшылары тұра алмай жатқан қой-ешкілерді көтеріп тұрғызып, алдарына шөп салады. Бірде көтерем, орнынан тұра алмай, күзгі күйекке түскенде бар қонынан айрылып қалған қошқарды орнынан тұрғызуға атасы мен келіні кездесіп қалады. Қошқардың камырдай иленіп, босап қалған құйрығын көтеріп жатып келіні:

– Ата, Ата, бұл қошқардың да нағашысы жоқ па екен?- депті.

... Қазақта күзде күйекке түскен қошқардың құйрығына үсіп кетпесін деп, қыста киіз дорба кигізіп қоятыны бар-ды.

МҰНЫ ҚАЛАЙ БАҒАЛАЙСЫҢ, Ә!

Қазақтың тұңғыш ағартушы-демократы Ыбырай Алтынсаринді ғасырлар ұрпақтары жақсы біледі. Алғашқы әңгімелер, оқулықтар, мысалдар жазған ұлы – тұлға. Бәрі дұрыс-ақ, Ыбырай атаны заманында Ахмет Байтұрсынұв, Мұхтар Әуезовтер жоғары бағалаған.

Бірақ, иә, не бірақ! Сонау он тоғызыншы ғасырдың бірінші жартысының ортасына қарай Кенесары Қасымов қол жинау мақсатында Торғай аймағы арқылы батысқа – Мұғалжар тау бөктерлеріне өтеді. Сонда Есет Көтібарұлы батырмен кездеседі. Ол, әрине, басқа әңгіме. *Менің кітаптарымда жазылды да. «Ақтөбе» облыстық газеті 1991-1993 жж. бұл оқиға жайлы ашып жазды да. Бұл жолы біздің айтайық дегеніміз сол атакты ханның жасағының бір мейірімсіздері Ыбырай Алтынсаринді «орыстың боданы», - деп ұстап, тұтқындап алып кетіп, басына қойдың терісін кигізіп, тұмшалап байлап тастайды. Содан бірнеше күннен кейін басындағы қой терісін сыпырып алса, ұлы ағартушының басының шашы түгелдей сыпырылып қалғанын көреді де қамақтан босатып жібереді.*

Өзімен бірге ағартушылық майданда жүрген Ильминский қатты ренжіп, ақыры Ы. Алтынсариннің басына парик әкеліп кигізеді. Ыбырай атаның басындағы шаштың бір жағына қайрылып, әдемілеп тарап қойған қою қара шашы сол парик екен.

Республикалық басылымнан алынған деректер.

Иә, айтайын дегенім, ұлы Кенесары хан бұл жүгенсіздікті білмеген шығар, болмаса, ондай ірі де ұлы тұлғаға зәбір беруге жол бермес еді-ау деймін.

* * *

Таза адам, әділетті адам хан тағына ұзақ отыра алмайды, себебі жемқорлар таза адамды отырғызбайды, не ханды да жемқорлыққа әкеледі. Корей халқының даналығы.

Құланды құған адам асқар тауды да көре алмайды. Корея даналығы.

Бәріне – тең құқық, басымдық ешкімге жасалмайды. Томас Джефферсон, АҚШ-тың 3-ші Президенті (13.04.1743-04.07.1826).

Иә, бір кезде И.В. Сталин былай деген еді: өзінің ғұмырының тау-сырлар шағы жақындағанын еске алып: **«Я знаю, когда умру, людская молва нанесет на мою могилу много мусора. Но, я уверен, что ветер истории все это разнесет».**

Иә, ақыры Кавказдан әкеліп, ірі тұлға еткен Берия әйелі Надежданы да, өзін де өмірімен қоштастырды. Кейінгілер: **«Эх, Берия, не оправдал доверия!»**, - деген еді кавказдықтар.

ДАУЫЛ ӨЗЕНІ АҢҒАРЫНДА АКАДЕМИК А.Д. САХАРОВПЕН КЕЗДЕСУ

Сол жиырмасыншы ғасырдың жетпісінші жылдары «қырғиқабақ» соғыстың заманында ойда жоқ жерде, мен жұмыс істейтін ауданының бірінші басшысы және Жұрын ауданының басшысы Т. Алдияров пен Ж. Әміров аяқастынан Мұғалжар тауының етегіндегі – басын осы тау сілемдерінен алатын Дауыл өзеніне баратын болған. Әрине, екеуіне – бір «УАЗ-69», бір жүргізуші водитель – В. Хохлов. Иә, мен баратын жер емес, бірақ жұмсауға да адам керек,- деп шешкен болар. Мені түн ортасында тұрғызып Володя Хохлов көлігіне отырғызып алды.

Иә, алдында бұл өзен койнауында қызмет бабымен талай рет аудан төрағасы Жиенбай Шарбаков екеуміз болғанбыз. «Ақтоғай» совхозына шөп дайындату үшін әскери осы жабық аймақта (зонада) шөпшілер қосындарында болып пішен дайындайтынбыз. Осы өзен аңғарларында бірнеше атом ракеталары орналасқан. Оның көп бөлігі жер астында, таза ақ жібекпен оралған, ал құс тұмсықтай бөлігі жердің бетінде, қалың өскен саралжын мен камыс арасында. Осы жабық объектілердің бастығы полковниктермен келісіп, шөп дайындатуға рұқсат алғанбыз. *Келісім:* – ракета ұшырылатын сынақ болатын күні бұл өзен жанында тек қана техникалар қалсын, тірі бір адам, мал қалмасын деген командамен жұмыс істеттік ...

Міне, осы объектіге түн ортасында академик Сахаров бастаған үш адам, қалғандары «жансыздар» келді. Бірден менің фотоаппаратымды алып қалды және блокнот, қаламымды алды. Бірінші бастыққа не дегенін білмеймін, маған: журналист болсаң, аузыңа ие боласың, «не для печати» деді. Полковниктер құрақ ұшып қарсы алды. Негізгі мақсаты академик – өз көзімен сынақ барысын көру-ау деймін. Әңгіме арасында қандай проблема бар. Жергілікті халық бұл объекті жайында не біледі? Не дейді? дегендей болды академик.

Иә, бұл мәселе жайында басқа бір жерде, айтқанмын, жазғанмын. Сондықтан арман қарай не болды, жазбай-ақ қояйын.

Бұл сынақтың орны толмас зардаптарын Республикалық *«Денсаулық»* журналында басқа БАҚ-тарда жазғанмын және *«Көз көргендер»* кітабымда толығырақ баяндаған болармын. Ал қателеспесем, *«Адам әлемі»* кітабымда тіпті ашып айтқанмын.

Бір әдеби, мәдени еңбектердің ұрысы сол менің өзім түсірген, кейін кітапқа берген суретімді ұрлап алып *«Жас Алаш» газетіне* Қарақалпақ елінде болған оқиға деп жариялады, редакцияға айтып едім, кешірім сұрап, оның енді материалын баспаймыз деді.

ШАЛҚЫҒАН ШАЛҚАРДАҒЫ РОЗА БАҒЛАНОВА ӘНІ

Фидель Кастро:

– Қазақ кім, қандай халық? – деп сұрағанда:

– Қазақ Роза Бағланова!

– Қазақ Қаныш Сәтбаев!

– Қазақ мен – Бауыржан Момышұлы, – деген екен. Ал Қаныш Сәтбаев ұлы Британияға барған бір сапарында У. Черчиллдің қабылдауына болған екен. Сонда:

– Сіздің елде қазақтардың бәрі сіздей ірі де биік пе? – деп сұрапты.

– Ол не дегеніңіз, халқым менен де ірі, биік, – деп жауап қайтарған екен ұлы тұлға Қаныш Имантайұлы.

Иә, ұлылығын Черчилльге бір танытқан ғой.

Куба көсемі Фидель Кастро Баукеңмен өз елінде кездескенде, жаңылмасам 1965 ж. болар.

Ия, сол Роза Бағланова Ұлы құмның батыс бетіндегі шалқып жатқан Шалқар көлінің жағасындағы елге гастрольдік сапармен келді. Халықтың қуанышында шек жоқ. Роза Тәжібайқызын ел аралатуға алып жүру осы жолдардың авторы-маған, аупартком бөлім менгерушісі Әбдірахман Шолаков екеумізге жүктелді.

БАЙҚАДАМ АУЫЛЫ. Бұл «Сарыбұлақ» совхозының орталығы. Мың сан халық жиналып электрошамы жарығы астында Роза Тәжібайқызының әнін тындап, сусындады.

Түн ортасы, ауыл қонакасы берді. Әпкеміздің алдында тәрелкі, шанышқы, пышақ қойылды. Бірақ:

– Жандарым, мен табакқа қолымды салып ет жегенді ұнатамын, – деп үлкен табактағы етке сүйріктей ақ-саусақтарын салды...

Бәрі өтіп кетті ғой. Заманында адамдар да өзгерді. Роза Тәжібайқызына сый сияпат жасағымыз келді. Бұл ұсынысты халық өздері бізге айтқан-ды. Сол рәсімге көштік.

– Бауырларым, – деді тура қарап Әбдірахман екеумізге.

– Бұл дүниенің «боғы» осы дүниеде қалады. Ештеңеле ұсынбаңыздар, маған ұсынғандарды ала берсем не болады?! Ракмегі! Халықтың ықыласы, дүрілдетіп қол соққаны, көшмет көрсеткені награда! Бұл құрмет мемлекеттің кез келген наградасынан жоғары, – деп қалды. Қайта-қайта басын иіп, келіндерше сәлем етті. Содан кейін сәл ойланyp тұрды да:

– Бауырларым, маған ұсынатын наградаларыңды көп балалы ұлы Аналарға, ұлы аруақтарға бағыштандар. Сонда орынды болады, – деп бетін сипады ...

ЖЫЛТЫР АУЫЛЫНА КЕЛДІК. Халық орта жолдан тұрып қарсы алды. Түн ортасы ауа әнді үйде жалғастырамыз ба деген ой келді, қонақасы үстінде Мәскеуде институтта оқыған – совхоз директоры Роза Тәжібайқызы жайлы бір эпизотты айтып еді, әнші күліп, түргеліп, отырғандарға сәлем етті. Студенттер жатақханасының бір бөлмесіне шақырып, тамақ ішетін үстел үстіне шығарып, әнін тыңдағанын айтқанда Роза Тәжібайқызы беті күренденіп күлді.

Роза Тәжібайқызы қазақтың ұлағатты келіндері сияқты халқы алдында басын иіп, кеудесін бүгіп сәлем етуі менің есіме Баукенің жоғарыда айтқан көсем сөзін түсіріп жіберді. Мен Роза Тәжібайқызына осы сөзді халық алдында қайталап айтқанымда:

– Бауке аға, әлемге танылған, әлем аузында болып кеткен қазағымның қас батыры ғой. Ағамның төсіне әр кез басымды қойып, тәу етемін,- деді. Сөзін қайталап ол ұлы батыр ғой дегенде ұлы ұстазым Мұхтар Әуезовтың Баукең жөнінде айтқан сөзі орала берді. «Бауыржан Момышұлын» тікесінен тік қойып, қылышпен шапсаң, екі жарылып түседі, бірақ сіз бен бізге ұқсап келісімпаздыққа бармайды»,- деген еді.

Содан кейін Роза Тәжібайқызы шетелде болып концерт бергені жайлы бір эпизодты айтты. Берлинге барып бір концерт қоюға тура келді. Әлгі «жансыздар» барынша құпиялықты айтып «түсіндім»,- деген соң, қол қойдырып алды. Бірақ бір үлкен концерт арасында бір немістің өлеңін-әнін табанда сол неміс тілінде айтып жіберіп едім, залдағы шуылдаған адамдар орындарынан тұрып қол соқты. Сол кезде залдан көтеріліп бір ақсақалды қарт неміс сахнаға шығып мені құшақтап ризашылығын білдірді. Мен де босап кеткен болармын, неміс қарттың аузынан сүйіп алыппын. Оны біздің «жансыздар» көріп, суретке түсіріп алыпты. Иә, кешірім сұрап әрең құтылдым. Содан көшеге шығып көлікке отырарда жүздеген әйелдер менің үстімдегі құндыз ішігімнен сипап, бір-бірден қылшығын жұлып алып жатты. Сыр білдірмедім. Кейін білдім, ішігімнің қылшығының сиреп қалғанын,- деп күліп қалды.

– Дүние адамға еріп жүрмейді ғой, халқым, дүние үшін салқындамандар,- деп қалды әпке.

1973 ж.

БІР ДЕРЕКТЕР: 2050 ж. Қазақстан халқы 13 миллион болады, немесе, 3 миллионға кемиді,- депті БҰҰ-ның зерттеулерінің болжамы. Мемлекеттің тәуелсіздігін қорғау үшін халық саны 60 миллион болу керек. Болмаса қауіп көп. Мұны қалай түсінуге болады, ә? Сенің жоқ!

Түркі халықтары тек біріккенде ғана тілі мен мәдениетін сақтап, тәуелсіз ел болып қала алады. Мұстафа ШОҚАІІ.

ЖАНСҮГІР ҚАРТТЫҢ «ЖАҒАЛЫҒЫ»

АУЫЛЫМ ЖАНТЕЛІНІҢ ЖАҒАСЫНДА. Қазақ Үкіметінің басшысы Мәсімхан Бейсебаев Шалқарға командировкамен Ақтөбеге келген сапарында соғады, бір-екі шаруашылықты аралайтын көрінеді,- деген хабар жылт ете қалды.

Ауданның бірінші басшысы Төлеу Алдиярова аудан активтерін жеке-жеке шақырып алып, кейін бәрінің басын қосып Үкімет басшысының келетінін айтқан. Маршрутын белгілеген. Сосын арыз, шағым айтатындарды жолдан алындар деп, қатты ескерту де жасаған.

Иә, бірақ Жансүгір айтқышбек Жантеледегі ауыл арқылы М. Бейсебаевтың өтетінін білген. Содан жолын тосқан.

Иә, басшылар жүрген жерде қосшылар – газет, радио басшылары да, тілшілері де жүреді емес пе, *ЖАНТЕЛІ АУЫЛЫНА* келдік. Бұл «Шалқар» совхозының қойшылар ауылы. Тап сол жерде қарақұрымдау киіз үй ішінен Жансүгір қарт шыға келді. Аудан басшыларының түстері бұзылып, жүректерінің тұстарына қолдарын басты. Бәріміз де аңтаңбыз. Милиция тобы шалды аулақтатқысы келіп, біраз жолын бөгегісі келді, бірақ ұзын бойлы, қапсағай, ақсақалды қарт қолын сермеп, олардың ортасынан суырылып шығып Совмин Председателіне жетіп барды да, сайрай бастады. Обком секреторы, облыс атқару комитетінің төрағасы ішінен дем алып, көздері алабұртып, не дерін білмей тұрып қалды.

– Қарағым, қазақ елінің ханысың ғой. Ана партия басшысы хан емес, бар қаражат, мал, мүлік сенің – қолыңда! Ал үйге жүр, жеңгеннің қолынан шай ішесің! Мыналарға,- деп, облыс, аудан басшыларына қолын шошайтып көзін салды да:- Бұларға сенбе! Бұлар өтірік айтты. Міне, түстік, ішетін мезгіл келді. Сені совхоз директорының, не бір дәулеті бар үйге алып барып «бәрі жақсы» деп көзіне шөп салады. Халық күйлі емес, шай, шекер, ұн, басқа азық-түлік басшылардың билігімен, бір жапырақ қағазымен беріледі. Онда да өздерінің адамдарына қыс киім, ат шана, шөп, жем береді, ал қыста халықта олар болмайды... осылай қарт қатая сөзін жалғастыра берді. Сөзін бөле алмады ешкім. Содан ауатком төраға сөзшен адам еді, бірден:

– Жәке, барамыз. Жеңгейге тарт. Малыңды сой. Дастарханыңды жай. Ал, шап!- деп қолтығына қолын тығып Жансүгірді жетектеп алып кетті.

М. Бейсебаевтың ажары ортайып, кезеріп қалған еріндерін қайта-қайта жалап, облыс басшыларына қарады. Басшылар недерін білмей, қыпақтап қалды.

Жүріп келеміз. «Ақ інген» жайлауына таяу қалғанда, бастықтар отырған «УАЗ-иктер» тоқтады. Шаңнан көз ашылмады, сол жерде мал бағып жүрген сөзшең адам кездесе кетті. Атынан түсіп, екі қолын Бейсебаевке беріп сәлемдесті. Содан ол өзін таныстырды.

– Шопанмын. Қысы-жазы осы далада малмен бірге боламын, - деді.

М. Бейсебаев:

– Жаңа бір қартпен кездестік. Оның айтқандары шындық па?- дегенде облыс, аудан басшылары жерге кіріп кете жаздады. Біреу қарап тұрмады «Жансүгір қарт қой, ол айта береді», - деп жаңағы кездескен шопанға көзін қысып қойды.

– Иә, Төраға, ол қарт бір айтқыш адам, әрине. Жансүгір айтты демесе, сөздерінде шындық бар. Бірақ ол бір орысша айтсам, «анекдот» адам ғой.

– Қалай дедің, анекдоты қалай, айтшы?- деп Мәсімхан Бейсебаев, шопанға жақындай түсті.

– Төраға, мына ақ шаңдақтардың, шағылысқан ыстық күннің астында әңгіме тыңдауыңыз қиын болар, шаршап қаласыз ғой,- деп Ырғыз беттегі ұлы жолға қарады. Түктелген шөп тиген «Беларусь» тракторы соңында тіркелген екі зәулім арбасы бар келіп қалды.

– Жүріңдер, шөп көлеңкесіне барайық, әңгімені сол жерде қысқа, уақытыңызды алмай айтайын,- деді жаңағы шопан.

– Жәкең, Жансүгір – осы елдің үлкені. Халық сыйлайды, әңгімесін тыңдайды. Ал өзі бір батыл, ешкімнен қорықпайтын, үрікпейтін қарт!

– Иә, сонымен не айтқың келіп тұр, кәне қысқартып айтшы,- деп қойды аутком төрағасы Жиенбай Шарбақов.

– Айтсам, кешегі Отан соғыс жылдары осы ауылдың Сельсоветі бір қатын болды. Ертелетіп, Жәкең сол төрағаға келсе, бірнеше қолхозшы бір қағаздарына қол қойдырып, мөр бастырып жатады. «Маған қарашы, келін, менің де бір қағазыма мөр басып берші. Кеше қолыңды қойыпсың да, мөріңді баспапсыз», - деді.

– «Ағай, әкеліңіз, мөр басып берейін», - депті төраға. «Ойбай-ай, ол қағаз үйде қалып қойыпты, мөріңді бере қой, қазір ғана әкеліп беремін», - депті Жәкең.

– Иә, сонымен.

– Жәкең үйінен келсе, кемпірі дәрет алып болып, дамбалын кигелі жатыр екен.

«Шал-ау, кіндігімнен төмен қарай бәрі ауырып шыдатпай барды, не етерімді білмей жылы сумен дәрет алып едім», - депті кемпірі. «Онда, тоқта мен келінің мөрін әкелдім, ол бір бүкіл халықты

емдейтін дәрі ғой, кәне, дамбалыңды шеш, мәрді басайын, жазылып кетесін»,- депті.

– Қазақ кемпірлері шалының сөзін екі ете ме, дамбалын шеше береді. Жәкен, мәрдің бетіне, табанына бірнеше рет түкіріп-түкіріп жіберіп, «бисмиллә» деп кемпірінің бала шығатын, дәрет сіндіретін жеріне мәрді басады да «мен жу, сұрт демей, қозғама, жазыласын»,- дейді.

– Ал, енді не болады?- деп Бейсебаев аң-таң қалып шопанға қарай құлағын тосты.

– Сельсовет председателі Нәбира мөрін іздейді. Есіне Жәкеңнің алып кеткені түсіп, участок милициясын жұмсайды. Ол келсе. Жансүгір мәрді қалтасына салып жатыр екен.

– Мәрді әкел!

– Мәрді әкеле алмаймын. Кемпірімнің жынысы ауырып, соған бас-тым. Енді екі рет басуым керек. Сонда ем болады, - деді.

– Сіз не айтып тұрсыз, Советтің мөрін кемпірінің кіндігінен төменгі жеріне басып, бұл қылмыс, милицияға акті жазамын, сотқа беремін,- деп әкірендепті.

– Міне, қызық! Енді не болады?

– Не болсын, Жәкенді дедектетіп Сельсоветке алып келеді.

– Жоқ, мәрді әзір бермеймін. Енді екі басуым керек,- деп тапжыл-май, қасарысып отырып алады Жәкең.

– Бұл саяси қылмыс! Советтің мөрін әйелдің астына басу. Қазір ауданға айдап кетемін, - деп милиция акт жаза бастайды. Сонда:

– Әй, тоқта, ол бәрімізді өмірге әкелген қасиетті де киелі жер емсе пе? Тоқтат, өзім әкеліп беремін,- деп жүре береді Жәкен.

– Сонымен, не болды, ақыры.

– Жәкенді ешкайсысы милицияның қолына бермей алып қалыпты.

Бәріміз қарқылдап күліп жатырмыз.

Шопан күлкі басыла берген кезде, Жәкеңнің екінші бір анекдотқа саятын ісін айтты.

– Ал айтшы?- деді төрағалар.

– Қартайғансын, шалда не қауһар қалады. Кемпірі қабағын түйіп, осы сен шал-ақ мені елден шығарып болдың,- деп шалды отырса да, тұрса да маза бермейді. Жәкең біраз шыдайды. Така болмағансын аты-на отырады да, кетіп қалады. Арада екі-үш апта уақыт өтеді. Кемпір жалғызсырап, енді ұрысатын адам жоқ, әбден күйзеледі. Содан үлкен баласы Жұмажанға:

– Балам, ана әкенді тауып алып, әкелші. Хабарсыз ғой. Өліп, не ауырып қалмады ма екен?- дейді.

Жұмажан үшінші күні сонау Текелінің бойындағы бір ауылда төсекте жатқан әкесіне кездеседі. Кемпірінің сәлемін айтып, әкесін

ауылға баруға көндіріп, алып қайтады. Жәкең аттан түспей тұрып, киіз үйдің жабдығынан қамшысымен бір-екі рет хабар беріпті:

– О, үйде кім бар? Жезделерінді аттан түсіріп алмайсындар ма?- дейді.

Кемпір шалының даусын танып қалып:

– Балам, бар, әкең ғой, аттан түсіріп ал.

– Жездең деп түр ғой, ол, - деді кіші баласы.

– Әкең әркез жездемін демейтін бе, еді. Бар, бар,- депті кемпір.

Киіз үйдің есігін айқара ашып, кемпірі шалын күтіп алады. Содан Жәкең:

– Иә, қазақтың дана бәйбішелері: «Отыз ұлым болса да, осырақ шалым болсын қасымда», деген ғой. Жарайды кемпірімді менде сағынып қалып едім, - деп Жәкең шешіне беріпті.

– Әй, жігітім, сен де айтқыш екенсің, әңгімеге рақмет!- деді төраға.

Жүріп кеттік.

МҰСА ДІНІШЕВТІҢ УЫЗ МАХАББАТЫН ТҰТАНДЫРҒАН ШАЛҚАР ЕДІ-АУ

Ақтөбе облыстық партия комитетінен телефон соғылды.

– Редактор жолдас,- деді обкомның бір жауапты қызметкері,- қазір сізбен Ибрагим Кенжегереевич сөйлеседі. Жақсылап тыңдаңыз,- деді. Иә, ол обкомның екінші хатшысы. Қандай мәселемен сөйлескісі келеді екен,- деп бірден ойға қалдым.

– Тауман Алыбаевич, қазір ғана Мұса Дінішев ағаң пойызға отырды. Ол кісіні білесіз бе?

– Жаксы білемін. «Мәдениет және тұрмыс» журналының редакторы. Ол кісінің қолынан құрмет грамотасын алғанмын, Алматыға бір барғанымда,- дедім.

– Өте жаксы, онда сол кісіні қарсылап ал, Шалқарға бір күн ереуілдейтін сынай білдіріп еді,- деді.

Мұса ағаны пойыздан қарсылап, редакцияның «торысына» отырғызып, редакцияға алып келдім. Редакцияда аупартком секретары Сәуле Алтаева, Емберген Терекөв күтіп тұр екен. Әңгімеміз ұзақ болды. Себебі:

– Мен сонау Ақжайық – Орал жағына барып, бір апта жүріп, шаршап келемін. Елдің аты ел ғой. Қонақтан қонақ көп жүрдім. Ақтөбеде де демалыс болмады,- деді Мұсекең.

– Қазір суретке түсіп алайық. Сонан үйге барамыз, келініңіз шай дайындан отыр еді.- дедім.

Иә, суретке түстік, бірден үйге келдік. Келіні Балзада Шәмші-қызының қызыл күрең шайын ішіп, терлеп, бойы жеңілденіп қалғанын:

– Осы шоферды жіберіп қойдың ба?– деді.

– Жок, басқа бөлмеде бізді күтіп отыр,- дедім.

– Онда бір жерге барып келейік,- деп сағатына қарады. Сосын:

– Онда көп бөгелмеуіміз керек. Кешкі сағат жиырмада Әлібектің әнін тыңдайық,- деп портфелінен бір кішкене ғана жұдырықтай радио қабылдағышты стол үстіне қойды.

– Татарлар Слободкасына барамыз. Сонда Тупой переулік – Тұйық көшедегі 7а үйге тоқтаймыз, таба аласың ба?– деп қалды.

Бірден сол үйдің қасына тоқтадық. Ол қазір басқаша көше аталатын еді. Есік қақтым. Қараңғы түсіп кеткен кез бір қартаң татар әйелі есік ашып, өзі бастап үйге кіргізді.

Мүсекең үнсіз шағын екі бөлмені үнсіз шолып шықты. Айттым. Алматыдан келген аға, деп едім, әлгі татар кейуана:

– Алыс жерден келіпсіз, отырсаңыздар, шай, тамақ дайындаймын,- деп болды да қалды.

Мүсекең ыңғай бермеді. Сөйтті де:

– Асығыспын, түнде пойызға отыруым керек. Мына жігіттің үйіндегі келін дастархан дайындап жатыр,- деді Мүсекең.

– Тоқтаңыз, бұл үйге неге келдіңіз? Онда!

– Осы үйде бірінші рет үйленіп едім.

– Тоқтаңыз. Кімге?

...

– Иә, онда күйеу болдыңыз, татарларға. Сіз екінші күйеусіз. Тағы да Ғабит Мүсірепов деген қазақ жігіт осы Слободкада біздің бір әй-әй татар қызына үйленіп кетіп еді. Олай болса, жібермеймін. Әгилерді шақырамын қонақасыға отырасыз. Юсуп абзиге билетіңізді беремін. Кейін айтқан күніңізге билетіңізді әкеліп береді,- деп сарыторы, жасы келген әйел болса да, сұлулығын жоғалтпаған, екі көзі жанып тұр. өртеп жіберетіндей, Мүсекеңнің қолынан ұстап айрылатын емес.

Сонымен, азар алла, ақ молдамен әрең жаңағы Әниден рұқсат алып, үйге келдік. Мүсекең автокөлік үстінде тілге келмеді, үлкен ой үстінде. Кейде беті-аузын сыйпап қояды ...

Үйде дайын тұрған етке отырдық. Қалай татар қызына үйленгенін арман, қарай қалай алғанын сыздықтап Мүсекең ет жеп болғанын ептеп шай үстінде айтып отырды.

– Осы Емберген Терекөв деген азаматпен жақсы таныс едім,- деп қалды.

– Емекенді ертең ерте келтіремін, бірге отырып, дәмдес етемін,- дедім.

Иә, солай істелді де.

– Оқу бітіріп, Ақтөбе обком комсомолында нұсқаушы болып жұмыс істеп жүргенмін. Шалқар ауданында жастар ұжымын құрып, оның аудандық комитетін сайлауға мені жіберді,- деп қойды Мүсекең.

Сөзін бөлуге, сұрақ қоюға батылым бармады. Емекең де тек құлақ салып отырды.

– Содан осында, қалаға келдім. Шалқарға қала атағы берілген. Осындағы орыс шіркеуінде, кейін теміржолшылар клубы болды ғой. Ұйымды құру үшін жастардың басын қосып, бір басшылық органды сайлау керек болды. Оның басшысының кім болатынын обком, райком өзара келісіп қойғанды, жиналыс үлкен пікір алысумен, тіпті айғай-шумен өтіп жатты. Сөз алып, сөйледім, аудандық комитет құруға келгенде айғай қайта көтеріді, бәрі бірдей айғайлап: басшымызға Ақтөбеден келген өкіл – Мұса Дінішевті қалаймыз. Басқа, құдай болса да, керек емес,- деп шулап жатты. Үзіліс жарияланды. Райком Ақтөбемен сөйлесті: олар қалай болғанда да, бұрын келіскен кандидатураны өткізу керек, депті. Олай болмады. Ақыры мені бірауыздан райком комсомол жетекшісі етіп, сайлап алды ...

– Ал қызық деп қалыппын.

– Қызығы сол, жататын үй керек, оны іздедік.

Осы қаланың қақ ортасындағы татарлар Слободкасындағы манағы өзіміз кірген үйге жататын болдым. Иә, сол үйде үйлендім. Бұл 1932 жыл еді,- деп Мүсекең сөзін аяқтағандай болды.

*Бұл кездесу оқиғасы осы жолдардың авторының
«Көз көргендер еді» кітабында, «Атамұра»,
1999 ж. жарық көрген. Әрине, онда толығырақ.*

«БҰҒАЛАЙ» ҚОЙДЫҚ ҒОЙ, АТЫН!..

Қайынды өзені бойын жағалай келе Қыземшекті иір тауға құлар ойдағы бұлақ басында түнде өріп кететін отар қойдай, бірақ жағасындағы аққайраңда апыр-топыр ойнап, біріне-бірі құм шашып, жүрген балаларды көрдік. Әсет айы. Аспан жерге түсердей ыссы. Арқасына салған бір сәбиді мойнына қарай итеріп қоятын әйел кездесті. Иә, қырықтан кейін-ақ әйелдің шашы бозарып, тіпті ағарып та кетеді емес пе. Шашы қудай аппақ, тарамыс денелі, шұбатылған қоңыр көйлек киген, басына тартқан жаулығы әбден сарғайыпты. Аңтаң тұрып қалдық. Сәлемдестік. Жасы алпысты алқындырған-ау,- деп топшыладық. Сәлемімізді салқындау алды да, арқасындағы сәбиін қайта-қайта екі қолымен көтеріп, қолынан ұстап мойнына қарай тартып қойды да:

– Қарақтарым, жалғыз үй қойшымыз. Шал өрісте, ол түсте отарын суға құлатады. Отырыңыздар, шай қоямын. Шал келгенсін мал сояр,- деді.

Бір-бірімізге қарап қоямыз. Бұл арқасындағы сәби кімдікі, қызының баласы ма? Әлде келіннің баласы – сәбиі ме дейміз іштей.

– Таңырқап тұрғандарыңызды сезіп тұрмын. Бұл менің кенжем. Иә, Алла, осы сәбиді кенжем етіп бергей деп жүрмін,- деді.

– Жасыңыз – дей беріп еді қаладан келген менің қасымдағы райкомның нұсқаушысы Оқап Кәрібеков.

– Ойынды түсініп тұрмын, қарағым. Айттым ғой, кенжем деп. байқаймын, осы жасқа келгенде әйел бала таба ма, таба алама деп тұрсын ғой, ә?,- деп бетіне қан жүгіріп беті жылып кетті.

– Жеңгей, ойымды байқап қалдың. Бұрын-сонды ел аралап жүргенде көрмеген сияқты едім. Кешіріңізші, әрине, әйелдің жасын сұрамайды ғой, бұл заманда. Дегенмен ...

– Жас емеспін алпыстың табалдырығын аттадым. Құдайға шүкір бәрі аман, бар.

– Тағы бір сұрақ,- деді. Оқаң жақындай түсіп.

– Сұра. Сұрағаныңыз жақсы. Ұзақты күн осы шнеттей балалардан басқа көретін тірі жаным жоқ, бұлар да маған жоламайды. Кешке жатарда үйге бір-ақ келеді- деп қойды.

– Сұрасам, жеңгей-ау, шалың нешеде?

– Жетпісті баскалы қашан ...

– Сонда,- деп Оқаң аға «ГАЗ-ик» шофері Юрийге қарап күліп, көзін қысып қойды:

– Қайным, сұрағыңа жауап берейін. Қалада өскен жігіт сияқтысын. Сонда ауылдың тынысын біле бермейсің ғой.

– Алпысқа келіп балалы болғанымызда бәрі аң-таң қалып: «бұ қалай?»,- деп жамырап айтып кетті. Баламыздың аты сол Бұғалай аталып кетті ғой. Ал, таңқалмаңдар. Қаладағы келіндеріміз мен қыздарымыз күйеуге шыққан екі-үш, озып кетсе, төрт баладан артық бала көтермейді. Жеңгене рақмет айтпайсың ба?

– Шалың мықты болды ғой, ә?

– Мықтылығы сол, ол шалдың менен басқа төсекте ермегі жоқ. осылай болды. Кешегі соғыс уақытында күйеуі майданға кеткен келіншектер екі қабат болып қалса, бірінен-бірі «осы сен күлге аунап, екі қабат болдың ба?»,- дейді екен. Сонда біреуі, «Құдайдан болды ма, Жұбайдан болды ма»,- деп қалжыңдайды екен. Ал енді жарайды, қазір сол бар болғыр шал келеді. Қазір сол шал шаршатты, көрімім келмейді.

– Неге олай дейсіз?- деп тағы қалжындай кетті Оқан.

– Неге олай демеймін, мені алдап-алдап он үш бала көтертті. Ол шалды ғой,- деп үйден кейуана үлкен самауырынын алып шықты.

Шалы келді. Дастархан басында манағы әңгіме қайта тұғанды.

– Иә, айтуларын дұрыс қой. Алпысбай, Жетпісбай, Сексенбай, Токсанбайлар қайдан шықты деп жатқан ешкім жоқ. Ана қаладағы молда қарттың балаларының есімдері де осындай.

– Иә, қайным, осы шалым болғаны жақсы ғой. Күндіз атына мінеді, түнде маған мінеді. Жалғыз қалсам, маған кім қарайды? Бала-лар өскенсін бет-бетіне кетеді емес пе,-деп апа жұмсара түсті.

1971 ж., Қайыңды.

САДЫҚБЕК САСТЫРДЫ БАСТЫҚТАРДЫ ... ХАЛЫҚТЫ ҚУАНТТЫ

Бұл сапар сатира сардары, сатира классигі Садықбек Адамбековтың Шалқар сапары талай партократты, шаруашылық, кәсіпорын басшылары ғана емес, милиция, сот, прокуратура органдарында тікесінен тік тұрғызды.

Сәкең «менің келетінімді ешкімге тіс жарып айтпа» дегенсін, келіні Балзадаға да айтқан жоқ едім. Қайдан біледі олар? Иә, кез келген аудан басшыларының мен білетін облыста, Астана-Алматыда жансыздары, ішпектері болады. Солар жеткізген екен.

Сәкең – Садықбек Адамбеков тек қана қазақ халқына таныс-біліс сатира сардары – классигі емес, Одаққа – КСРО-ға жақсы таныс, белгілі қаламгер. Мен өз басым Сәкеңмен сонау 1962 жылдан бері біріміз аға, біріміз іні, менің үйімдегі келіні Балзада Шәмшіқызы туған келініндей болып кеткен еді. Мен білетінде Сәкең, Темір ауданында бір рет, ол Шалқар ауданында үш рет болды. Әр келгенде үйіміздің төрінде, ауламыздың аумағында болды, өзіммен бірге жүрді, анекдотқа бергісіз сөз өрнектері таратылды, талай тұлғалармен кездестік, тілдестік. Көрген, білген, дастархандас болғанда «әлгі айта беретін сатираның сарысы ма?»,- деп айтатын болды.

Иә, Сәкеңмен кездесу, сапарлас болу, «Крокодил» – (Мәскеуден шығатын әлемге тарайтын) журналының Қазақстан бойынша тілшісі, ал «Ара» журналының сары нары болған тұлғаға талай қаламымды арнадым. *«Көз көргендер еді», «Адам әлемі»* кітаптарымда, мерзімді баспа сөздерде, республикалық Казрадиола талай Сәкеңмен шертілген сырларды жазғанмын, айтқанмын. Ол кітаптар «Атамұра» баспасынан 1999 жылы, екінші 2004 жылы жарық көрген еді.

Сәкеңнің туғанына 85 жыл толуы өзінің шәкірті, сатираның сардары Көпен Әмір-Бек мырзаның басқаруымен Тұрсынай Байларова қызымыздың қалауымен. інісі Әлімбек пен келіні Жұлдызайдың немересі Маржанның қаржылық қамқорлығымен *«Сәкеңмен біріміз»*

сырлас едік» атты (26 баспа табақ) аса құнды естеліктермен, эсселермен, эпизодтермен, штрихтармен кітап (2008 ж.) жарық көрді. Осы кітапта осы жолдардың авторы менің де «Аңызға толы өмір» атты эссем беріліпті.

Көпен Әмір-бектің, Әлімбектің, Жеңісай мен Маржанның және жазушылар одағының, Оңтүстік қазақ жұртшылығының ұйымдастыруымен ғылыми конференция өтті. Артынан 200-250 адам қатысқан «Хан тәңірі» мейрамханасында Сәкеңнің құрметіне ас берілді. Жиырма-отыз адамға ұлттық шапан сыйға тартылды. Иә, сол шапанның бірін менің арқама Көпенім Әмір-бекұлы, Әлімбегім, Жұлдызайым, Маржаным жапқан еді. Ағасы Сәкеңнің көзін көрген сыйласқан досы ретінде текті бір ұрпақ – аталықтан Ұлы Көтібар мен Есет батырдың жер бетінде тірі жүрген сексенді алқындырған қарты ретінде ақ батамды бердім.

Еске сала кетейін, бұрын-соңды жарық көрмеген бір естелік-эссені Сәкеңмен болған күндердегі осы Күнделік кітапта беріп, қалдырып отырмын. Иә, оның жарық көретінін мен көрем бе, кім білген ...

Сәкеңнің бір сөзі:

– Дүниенің кендігінен не пайда, етігін тар болғансын, еліңнің бейбітшілігінен не пайда, қатының шалпы болғансын, – деді-ау. Бұл сөзді ауылдағы бір жалпақ шешейді көрген кездескеннен кейін айтқан-ды.

Иә, тәрбие сәби дүниеге келгенге дейін жүз жыл бұрын басталады. Ағылшын ойшылдары СӨЗДЕРІНЕН.

Немере – «навара» парсы сөзі, аталас деген мағына береді.

Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды. Монғол СӨЗІ.

Орамал – парсы сөзі – ар, жүз, бет. Демек, бет сүртетін орамал.

Ақ жібек орамал, Алыстан жолдаған сүйген жсар ... ХАЛЫҚ ӘУЕНІ болып кетті зой.

АНЕКДОТ ДЕРСІҢ, Ә?

18.01.1976 ж. Аупартком басшысы бюро мүшелерін малшы ауылдарға барып, жағдайды біліп қайтуға тапсырма берді. Мен «Жана қоныс» совхозына баратын болдым. Редакцияның «торысына»-«УАЗ-ға» отырып Құлсары мазарынан асып, Құм іргесіне қарай бет алдық. Бірақ Жомарт, Қызылкөл жағаларындағы малшы ауылдарын – қыстақтарын араладық. Ауа-райы тұнық, күн сәулесі жерді баурына алып, тек шыңылтыр аязы болмаса, жылы. Түс ауа бұл өңірді түсі суық сұр бұлт баса бастады. Аяғы қап-қара бұлт жер бетін көмкеріп алды. Жаңағыдай болмай қар жосылын аға бастады. Автоматинна іші жары

шілде айындағыдай жылып қоя берді. Жүргізуші «машина доғалағы жерге кіріп кетті», - деп далаға шықты. Бәріміз түстік. Доғалаққа оралып жүргізбей жатқан қардан ештеме қалмаған, жер «түсіп» кетіпті. Машина доғалақтары ортан беліне дейін жерге кіріп кеткен.

Далада қалдық. Тірі жан жоқ. Жүргізуші жүк тиейтін қорабын ашып, күрек, т.б. құралдарын алып, қысқа кесілген тақтайларын шығарды. Арада үш-төрт сағат өтті. Қас қарая бастады. Енді не істедік? Жүргізуші жігіт тоңазыған сары майдай көліктің төрт доғалағын орап тастаған май балшықты сапер күрегімен күреп алды-артын аршыды, тақтайларын төрт доғалына тығып қойды. Бір кезде солтүстіктен шыққан екпінді жел ызғары мен аязын ала келді. Жер жаңағыдай болмай қатып қалды. Автокөлікті орынынан шығарып алды да, жүргізуші:

– Аға, енді қалай қарай жүреміз? Басым айналып кетті, - деді.

– Жөн сілтеген болды ферма басқарушысы Боранбай.

Жүріп келеміз ...

Ел орынға отырған шақ болар. Абалаған иттердің даусы естілді.

– Иә, - деді басқарушы, - бұл Артықбайдың қыстағы. Жақсы болды. Осында қонамыз.

Артықбай аудандағы белгілі шопан. Далада, қора маңында қарсы алды.

– Япырай, жақсы келдіңдер-ау. Үйге жүріңдер. Жағым қарысып қала жаздап еді, - деп үйіне алып келді.

Үй іші самалдай жарық. Жылқының етінің иісі бөлмені менгеріп алған, аңқып, мұрыныңды қышытып барады. Артықбай аға:

– Кемпір, бері кел. Ана екінші қазанға тағы өзіміздің күрең биенің етін ас, - деді. Қазақтың бәйбішелері ерінің сөзін екі еткен бе, есік жақтағы пештің қазанына толтырып су құйып, ас қорадан бір табақ ет екіліп салды.

Шай келді, орыстың сусыны, артын ала шұбат құйған үлкен месті пеш түбіне қойды. «Кемпірі» үлкен тоқтасқан, тісі егелген кәрі әйел емес екен, жүгіріп жүріп бәрін дастарханға қойды.

– Ал ауыздарың дастархан үстіндегі аста, құлақтарың менде болсын, бір радиодан кем болсам, жатайын, - деп қойды аға.

– Ұзақты күн қой соңында жүрген шопан кіммен әңгіме дүкен құра алады? Жағым қарысып кешке үйге жетемін. Мына кемпір тіл қатпай тамағын береді де, теріс қарап жатып алады. Кіммен сөйлесесің, ә? - деп біраз жерге барып қайтты.

Екі үлкен шұңғыл табақтарға салынған жылқы еті, қазы-қартасы дастархан үстіне қойылды.

– Ал жігіттер, мына екі табақтағы етті тураңдар. Алдымен, қаракесек еттерін, бетіне жылтырағын – қазы-қартасын, - деп, қойды үйі қожасы.

– Ау, бұл қалай, бір табақ ет те жетеді ғой,- дедік.

– Қонағым, оның реті бар. Тамақты алып отырындар, мен мәнісін айтайын.

– Кешегі күздің қара суығы келді. Күздікке үйтілген койдың еті де азайып қалды. Мына кемпір, «күздікке не жабағы әкеліп сой, не соғымға арнаған қысыр қалған қара күрен биені сой» деп ертегісін айтады. Аялдың сөзін екі етпейін басым, балам бүгін сен отарды бағып кел. Мен соғымды әкелейін,- дедім.

Қой торыға отырып, сонау Токпан ата мазарына қарай тарттым. Даланың ызғырған қарлы желі бет қаратпады. Байқап жүретінмін. соғымға деген қара күрен бие бір айғыр үйір жылқы ішінде сауыры астаудай болып жүретін-ді. Сол өріске жетіп келдім. Бие маған қарап қойып, тырп етпей жусап тұр. Құрықты салдым да, нокталап алып, кештете қыстаққа келдім. Таң асырып, суытып ертеңіне бозала таңда сойдым. Құрсын, жаздай Қызылкөл тоғайында жүріп, не жегенін білмеймін арық, тіпті көтерем болып шықты. Бұрындары өзім көріп байқап жүргенде биыл бір семіз ет, төрт-бес елі қазы, жал-жая жейтін шығармыз дейтін едім, бәрі асылық болды. Кемпір күңкілдеп, мені жеп барады. Кешке асқа жылы-жұмсағын асып, алдымызға етті ала бергенде, ана Жомарт көлінің арғы бетінде тұратын ақсақал кіріп келді. Сәлемі салқын, сәлден кейін: «Артықбайжан-ау, менің құла биемді соғымға сойып алыпсың. Кеше балаларым көріпті, биені алып бара жатқаныңды. Ол биені ұстап алып келіп, үйде қорада бір ай жемдеп, кейін оңалғансын соғымға соямыз деген едік деп қарт қарап отыр. Бізде үн жоқ. Кемпірім «бәсе, бәсе»,- дей береді. Ал ақсақал мен қателестім, кәрі, арық биенің орнына не аласын дедім. «Қарағым, ауыз тұшып жейтін қазысы бар, сондай жылқы бер»,- деді. Ақсақал қалаған жылқынды ұста дедім. Қасында жас жігіттер бар екен, ең семіз деген биені ұстап алып кетті. Сол ала бұлт, қара қоныр түсті деп таныған кәрі биенің еті жеуге келмеді. Ауыз толтырып бір асайтын не қазысы, жейтін жалы, не жұтқанда көзіңді баттитып асайтын жаясы жоқ – ертеңгісін тұрғанда қарның шұрқырап, жүрегің сазып, көзің қарауытып, кешке дейін мал соңында жүре алмайсың. Кемпірге айттым, құрсын, тағы бір қонды жылқы сойып алайық дедім. Келісті. Міне, қонақтарым, мына табақтағы сол арық биенің еті, ал мына табақтағы соңғы сойған қазысы сүйем, жаясы бес елі байталдыкі еді. Алындар,- деп Артықбай аға сөзін аяқтағандай болды.

Іштік, жедік. Жататын уақыт болды. Кемпірі төсектерін салып, ортамызға бір-бір қолхоз кесе жылтылдаған шұбат әкеліп қойды.

Аға қайта сөз бастады:

– Жігіттер, мана айттым. Қой соңында жүріп, жағым қарысын қалды деп. Енді бұл түнде мен сөйлейін. Анау Алматыдан күндіз-

түні бір дамыл таппайтын радиодан кем болсам жатайын деп. Сендер ұйқтап кетпей, әңгімені тыңдаңдар. Айтып ескертемін, ертеңгісін шай дастархан үстінде түнде айтқан әңгімемді сұраймын,- деп әңгімесін бастап кетті.

– Иә, деді ақсақал,- кемпір не десе, о десін, кемпірмен сөйлеспегенімізге де бес жылдың жүзі болды-ау деймін,- деп қойды.

«ЖАНСЫЗДАРДЫҢ» ЖАБЫҚ СӨЗІ ЕДІ ...

Бір күні бюро мәжілісінен кейін бірінші хатшы менің сәл бөгелуімді қалады.

– Сен бюро мүшелерінің ішіндегі жасысың да, жауапты майданның басшысың да. Партияның екі қаруы бар – оның бірі мемлекеттік қауіпсіздік органы – ол жабық орган. Ал екіншісі – баспасөз – бұл ашық. Бүкіл халықпен жұмыс істейтін, партиямыз барлық шешімін халыққа насихаттайтын орган. Бұған таласың жоқ қой, ә?- деді.

– Олай болса, сен байқамай жүрген бір ісін бар,- деді. Шошып кеттім. Редактор, бюро мүшесі, ауатком атқару комитетінің мүшесі болғаным да он жылдан асты. Бұл не болды екен деймін іштей ойла-нып.

– Тыңда, осы фотолабораторияңа барып, іс барысымен танысып тұрасың ба?- деді хатшы беті қуаң тартып.

– Барамын, көріп тұрамын,- дедім.

– Онда тағы бір барып көрші,- деді.

– Боссың, кете бер,- деп орнынан тұра берді.

Мезгіл жұмыс аяқталған, кеш еді. Тура фотолабораторияға келдім. Редакцияның үш-төрт қызметкері абыр-сабыр сөйлесіп жатыр. Кіріп келсем, қолдарында «проявитель», «закрепитель» деген жазулары бар жартылық шишалары бар, стакандарға сарылдатып құйып, ішкелі жа-тыр.

– Әй, немене өлгелі тұрсыңдар ма!? Мынау пленканың «прояви-телі», мынау оның бетіндегі сурет бейнелерінің «закрепителі» у ғой деймін! Үн жоқ, бәрін стол үстіне қоя салды. Бір стаканды алдым да, иіскедім. Ақ арақтың иісі кеудемді атып кетті. Біреулері далаға қаша бастады, бәрін жинап алдым.

– Ал, бұларын не?- дедім.

– Қате бізден,- деді фотограф Юрий Маслов.

Кейін бір оңаша отырғанда хатшы:

– Ал лабораторияңды көрдің бе?- деп сәл жиби түсті. Иә, сізге рақмет. Осы кейде, көбіне, жұмыстан кеш шығамын ғой. Кейбір жігіттер қысқы аяздағыдай қызара борітіп тұратын еді,- дедім.

– Жарайды, абай бол, байқа. Тағы да «коммунистік партияны» ол жігіттерің «қатынынан айырып жүрмесін», – деп күлді.

– Төке, мұны қайдан білдіңіз, – дедім.

– Әлгі «жансыздар» төсекте әйеліңмен қашан жататынына дейін іскеп жүріп біледі емес пе? – деп қойды.

Арыстанға мінсең, қамшың қаруың болсын деген осы екен ғой, – дедім іштей.

1973 ж.

Имя Исета в Малой Орде было также грозно, как и соотечественник его Кене-Сары, убитого в сороковых годах, на пределах Сибири, закаменными киргизами или имя героя Кавказского Шамиля. Издатель Василий ТИММ, «Русский художественный листок, СПб, Нр.31, от 01.11.1858 г.

Исет хороший семьянин, его опасности разделяли с ним несколько братьев и мать, которая по слухам, есть женищина редкого ума и энергии ... Л. МЕЙЕР, «Киргизская степь Оренбургского ведомства», СПб, 1865, стр. 65-69.

Би Исет Кутебаров лет 55, высокого роста с черными, редкими волосами в усах и в бороде. Выражение его лица доброе и открытое, в глазах незаметно особого ума, но его речи доказывают глубокое знание духа киргизов и много здравого смысла. Издатель Василий ТИММ, «Русский художественный листок, СПб, Нр.31, от 01.11.1858 г.

В.А. Перовский генерал-губернатор Оренбургского края, возмущенный действиями Исета при сборе верблюдов для Ак-Мечетского похода, посылает отряд для его наказания, который не имел никакого успеха... А.И. ДОБРОСМЫСЛОВ. Тургайская обл. – исторический очерк. Оренбург, 1902, стр. 407-409.

Халық қолдаған тұлғаны тәңір де қолдайды. Егер халық қолдауы шынайы болса. Корея ДАНАЛЫҒЫ.

Важнейшими батырами были Чеклинские (шектілер, Т.Т.) батыры Джанқожа Нұрмұхамедов и Исет Кутибаров. С последним тот час же наше начальство поссорилось и создало себе опасного врага [...] Влияние его и значение в народе, неоспоримо! А.И. ДОБРОСМЫСЛОВ. Тургайская область – исторический очерк. Оренбург, 1902, стр. 407-409.

Әрбір жаңа қадам, іс күдіктен басталады, бірақ тәуекел түбі – жел қайық, отесің де кетесің.

«ШАЛҚАРДА ҚАШАНҒА ДЕЙІН ОТЫРАСЫҢ?»

Бірде БАЛҒАБЕК ҚЫДЫРБЕКҰЛЫ аға:

– Бұл Қыдырбекұлы. Алматыдан,- деді телефонмен сөйлеп сөзін бастап.

Сасып қалдым. Жүрегімнің сокқаны қаттылау екенін сезді-ау деймін, бірден:

– Жігітім, мына «*Өсек өзін өртеді*» фельетоның маған ұнады. Демек, сен «СК»-ға қызметке кел. Бұрында бір Сәпура апанңың Ырғызға – Қияс Сәрсенбаев еліне баратыны жайлы әңгімелесіп, тапсырма бергенім бар еді ғой. Есінде ме?

– Иә, Иә, есімде, аға!

– Ал кеше Редколлегия саған «*Социалистік Қазақстан*» газетіне жақсы қатысып түрлі жанрларда материал жіберіп жүргеніңді ескеріп, *Құрмет грамотасымен нағратпады*, құттықтаймын! Әрине, бұл тек жағымды бір хабар ғой. Айтайын дегенім. Сен сол елде, Шалқарда қозы-лақтың сирағы мен бақайын жеп қашанғы отырасың, бізге жұмысқа кел. Бұл официалды айтып отырғаным. Қалғанын өзін реттеймін ...

– Не дерімді білмедім. Іштей «қозы-лақтың бақайын жеп отыра бересің бе?», - деген сөзіне күлдім де ойланып қалдым.

– Ал Тауман Алматыда екеу болсын, бірі ұстаз Тауман Амандасов, екіншісі Тауман Төреханов. Өзі казакта сирек кездесетін есімдер ғой. Жә, Алматыға екі Тауман сияды,- деп қойды.

Осы кезде университетте (КазГУ-де) бірге оқыған Алтынбек Жолдасбековтың бір қалжыны есіме түсті.

... біздің оқу ғимаратымыз Комсомол (қазіргі Төле би) көшесі мен Ұйғыр (қазіргі Ахмет Байтұрсынов) көшелерінің қиылысындағы төрт қабатты үй болатын. Екінші қабатқа Тауман Амандасов «үшінші» аяғына сүйене, тық-тық етіп көтеріліп бара жатты. Мен үшінші қабаттан төмен түсіп келе жатырмын. Алтынбек дауыстап: «Әй, жетпегірі Тауман, аяғыңды баспайсың ба? Мен деп еді, ұстаз Алтынбекке жалт қарады. Түсі бұзылып, көзін тереңдете Алтынбекке карап:

– Жо-жок, ағай Сіз емес, ана студент Тауманды шақырып тұрмын,- деді. Ұстаз маған жалт қарады.

– Ағай, кешірсіз, ол бір «Қара патша» атанған беренауыз студент қой,- дедім.

Ағай үнсіз жоғары «өрмелей» берді.

- Тауман мен айғын болдым,- деді Балғабек аға.

– Иә, десен, қазір обкомға телефон соғамын, жоқ десен, ұсыныс екі рет, не үш рет бола бермейді,- деп трубкасын қоя салды.

1970 ж.

КУТУЗОВТЫҢ ӨЗІ – БІР АРМИЯ

МӘСКЕУ, 1975 з. ПАНОРАМА «БОРОДИНСКОЙ БИТВЫ» - ИСТОРИЧЕСКИЙ МУЗЕЙ. Бұл жыл біздің әулетке үлкен қуаныш әкелді. Осы жылы ұлымыз Мәскеу институтына студент болып қабылданды. Қуанышта шек жоқ. Ойыма ұлы атасы Есет Көтібарұлы 1859 жылы Мәскеуде, Санкт-Петербургта болғаны келді. Мәскеудің Үлкен театрына алып барыпты. Кілем, түрлі маталар тоқитын фабрикада болғанды. «Мырза нені қалайсыз, бәрін тауып береміз»,- дегенде, Есет: «Маған ақ мақпал беріңіз»,- деген екен. Себебі іштей «мен дүние қоныз емеспін, ал мен әдейі ақ мақпалдың жоқ екенін біліп айттып едім»,- деген көрінеді. «Жә, ондай мақпалды тоқымайтын едік. кешіріңіз»,- деп шенеуніктер бүгежектеп қалған көрінеді ...

Міне, сол ұлы атасы болған Мәскеуге бесінші ұрпағы оқуға түсті. Баламыз бір хатында енді әке-шешесін сағына бастағанын жазған екен. Содан анасы – Балзада Шәмшіқызы екеуміз Мәскеуге жол тарттық. Институттың жатаханасынан орын берді. Келесі күні деканы – академик И. Бородинмен кездестік. Ол кісі қуанып қалды. Иә, кейін оншақты жылдай жолдас-дос болып кеттік-ау.

Екі күннен кейін баламыз бізді «Бородино шайкасы» тарихи музейіне алып барды.

Иә, өз көзіне өзің сенбейсің, сол 1812 жылғы Отан соғысы алдында жайнап тұр. Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романдары еске түсті.

Музей панораманың суретін полотноға ұзындығы 150 метрлік, биіктігі 10 метрлік салған Рубо Франц Анатоль (1856-1928 гг.) деген биологиялық әкесі француз, анасы орыс қызы екен. Көрерге көз керек. бәрі тірі, аралай бастасаң, сол шайкастың ішінде жүргендей сезінесің өзінді. Ұлы қолбасшы Кутузов келбеті таңқалдырады. Мәскеу өртеніп жатыр. Кутузов Мәскеуді тастап Наполеон армиясына, осы Бородино қыратына армиясын, барлық техникасын жинақтап тұрғаны, ойлы беті, көзі, тұла бойы тірі қолбасшының алдында тұрғандай боласын. Иә, «Мәскеуді жау қолына тастап кетті, оны қой, сатқын» деген өсек-аян патшаға-императорға дейін жеткен еді. Император Мәскеу мен Санкт-Петербург арасындағы бір деревняға көшіп кеткен... Кутузовты қолбасшылықтан босатып, отставкаға жіберуге де император шешім алған, бірақ. Иә, тарихи шындық көрсеткеніндей, Наполеон әскерлері

Мәскеуді тастап кейін қаша бастағанда ғана император Кутузовтың тактикасы мен стратегиясының дұрыстығына көзі жеткен екен.

Осы сапарда *«ТРЕТЬЯКОВ галлериясында»* да болып терең әуезге бөлендік. Суреттеуге тіл жетпейді.

«АШТЫҚТА ТҮЙЕНІҢ МАЙ ТАБАНЫН ОТҚА КӨМІП ...»

– Алматы «СК»-дан Ғаббас Жұмабаев ағаң. Ағаң деп жатырмын менен кіші боларсың, жас жағынан. Айтайын дегенім, осы ертең Алматы-Мәскеу пойызымен сенің еліңе жүремін, бұрын болмаған жерім ғой. Күтіп ала аласың ба?- деді.

– Жарайды, күтемін.

– Онда қонақ үйден бір орынға тапсырма бер.

– Болады.

Сонымен Ғаббас Жұмабаевты күтіп алдым. Пойыз таң ата келетінді, бірден үйге келдік.

– Ау, қарағым-ау, бұл қонақ үйі емес қой.

– Иә, қонақ үйде ертеңгі сегізсіз шай-су іше алмайсыз. Сонда үйден келініңіздің қолынан шай ішесіз,- дедім.

Шайға отырды. Әңгіме басталып кетті.

– Мен мына Торғай уезіненмін. Кіндік қаным тамған жер. Кешегі Отан соғысында болдым. Ақынсымақпын ...

– Жоқ, Ғабе, Сіз нағыз ақынсыз. Талай өлеңдеріңізді оқып отырамыз,- дедім.

– Онда жақсы. Автокөлігің болса, екеуміз «Шалқар» совхозының бір фермасындағы шопан әйелдің арызын тексеруге барайық,- деді.

Жолға шықтық. Ол шопан Жантелі жайлауында. Күн ыссы еді. Жаңағыдай болмай, қара жаңбыр, аяғы бұршақ болды. Далада қалдық. Жол арнасы толы су. Сырт батпақ. Содан сәскеде сол шопан үйіне келдік. Нөсерден кейінгі киіз үй өте салқын. Шай келді. Сол кезде бір арлан мысық аузына бір атжалманды кесе көлденең тістеп, от басына, одан жаюлы дастарханды басып өтіп, Ғаббас ағаның жанына отыра кетті. Атжалманын дастархан үстіне қойды да мұртын таулап, бетін сыйпай бастады. Сол кезде үй иесі атжалманды қолымен ұстап алып, отбасын көсеумен шұқыды да, көме салды. Сол кезде Ғаббас аға: «Это уже невозможно»,- деп үйден шығып кетті. «Бұл үйден дәм татуға болмайды»,- деді. Содан қазанда қайнап жатқан қозының етін алып, бір шыны ақ арақпен далада тұрған арбаның үстіне газет жайып ішіп алдық. Шопан әйелмен сөйлесті.

Жолға, қалаға қарай шықтық. Ғаббас ағаны бабтап биік төбе басында біраз тұрдық.

– Міне, менің туған елім мына өкпе тұста. Шамасы алты жүз шақырымдай болар,- деп қойды.

Қалаға үйге келіп келіннің шайын, асқан етін, сусынын өзі қайтты болып іштік. Сөз арасында:

– Иә, біз не көрмедік, түйенің май табанын отқа көміп жейтін едік-ау, бірақ атжалман тістеген арлан мысық көргенім жоқ. Бұл оқиға бір жол жазбаның мазмұны ғой,- деді.

Келесі күні «мені қонақ үйіне апар. Жалғыз жатып бір дем алайын» деді. Бірақ ертеңгі шайды, түстікті үйден келініңізден ішесіз.- дедім.

– Қарағым-ау, келінім бір жаугершілікте жүрген адам сияқты ғой, деп буфеттен шокалад сатып алып, көшедегі – ботаға жегізеді. Иә, бұл қызық күндер еді.

1975 ж.

Айтайын дегенім, *БІРҒЫЗ сапары*. Бұл күнделіктің басқа бір бетінде екен.

...Шалқар-Ырғыз күре жолымен тартып келеміз. Редакцияның торысы «УАЗ-69»-дың рөлінде Юрий Маслов.

– Ал інім, әңгіменді айта отыр. Сөз саптауыңа қарағанда осы елдің тумасы боларсың. Турасын айтсам, ел тарихын, тіпті шежіресін жаман білмейтін сияқтысыз. Саясат жайлы ағып тұрсыз,- деп қойды Ғабе аға.

– Иә, кешегі «Шалқар» совхозының Жантелі жайлауындағы оқиға естен кететін емес,- деді.

– Ғабе аға, біз бара жатқан өңір тарихы тереңде жатқан аймақ. «Ырғыз бекінісі»,- деп аталған.

– Міне, енді айта отыр, құлағым сізде,- деп қойды аға тағы да.

– Патшалы Ресей қазақ жерін одан әрі отарлау мақсатында осы Ырғыз бекінісін салған. Ол 1845 жылы болатын. Бекініс салудың мықты бір себебі – Ұлықұм (Большие борсуки), Кішіқұм – (Малые борсуки) арқылы Сыр бойына, Ақмешітке өтуге Есет Көтібарұлы тура тосқауыл қойғасын, осы Ырғыз арқылы өтуді жоспарлаған. Бұл бекіністі генерал Бларамбергтің көмекшісі инженер прапорщик Михаилов салдырған. Сол жылдары майор Михаилов казактарды қынадай қырып отырған. Кейінірек қазақтар осы жерді «Жармола»,- деп атап кеткен. Себебі Ырғыз өзенінің жар басының бәрі мола болып қалған.

– Редактор інім, тарихқа бойлап кеттіңіз. Қажетті деректер ғой. Мұны да зерттейтін ғалымдар келер дүниеге. Ал Бларамбергтің кім?

– Бларамбергтің шығу тегі – неміс. Мәскеуде білім алған. Кейін Санкт-Петербургке ауысқан. Патша әкімдігінің көзіне түскен. Орынбор губерниясына әскери қызметке жіберген. Негізгі мамандығы

инженер-картограф болып, осы өңірдің географиялық картасын жасаған. Ол қазақ жерін, одан әрі отарлау үшін қажет болған. Ал тарихта бірінші рет Ресейдің мемлекеттік картасын жасаған адам...

– Түсінікті, тоқтайықшы,- деді аға.

– Бұл өңір де бір тамаша екен, ә?! Табиғаты әдемі!

– Иә, біз аяқ басып тұрған жерді Текелі деп атайды. Мұнда қай дәуірде екенін білмеймін, бір заманда метеорит құлаған. Міне, жерге батып барады,- дедім...

Жүріп келеміз.

– Мына сол жағымызда қалып бара жатқан басын Мұғалжар, Айырықтан алатын Шет Ырғыз өзені сарнап ағып отырып, Ырғыз өзеніне құяды. Сол жерді «Құйылыс» дейді халық. Ал оң жағымызда тарғылтасты қырат. Оның басында Мәни әулие қыздың қабірі бар. Алдымызда Ырғыз өзенінің табаны. Онда Калинин атындағы совхоз. Бұл жерді Табантал,- дейді. Белгілі ақын Ізтай Мәмбетов өзінің бүркеншек атын «Табантал»,- деп жазып жүр ғой.

– Иә, иә, дұрыс айтасыз, редактор жолдас. Айттым ғой, Сіз өлке шежіресіз деп.

Жүріп келеміз. Жазық дала. Біресе тау-тасты, біресе өзен-көлді болып қалып барады.

Токтадық. Қырат.

– Осы жерде Зәурештің қабірі бар деп едім, аға бірден:

– Оқиғасын білесің бе? Айтшы?!

– Зәуреш Ақ Жайықтың аққуы атанған тумасы. Сұлу да ару қызды осы Ырғыз бойының атышулы бір шенеунігі жан-жары етіп алады. Бірақ Зәуреш көп ұзамай дүниеден өтеді... Араға жыл салып Ақ Жайықтан сал Мұхит келеді. Қабірінің басына отыра қалып аят оқып, екі көзіне ерік береді.

*О, Зәуреш, сенің үшін елден келдім,
Баяғы туып-өскен жерден келдім.
Басыңды мен келгенде бір көтерсейші,
Иіскеп бір сүйейін деген едім,-*

деп қабірінің үстіндегі топырақты уыстап, бетіне басып, өксігін баса алмай:

*Рухың білген шығар келгенімді,
Оқыдым тиянақтап білгенімді.
О, жаным!
Басыңды мен келгенде көтермедің,
Жалғызым, енді білдім өлгеніңді.
Қоянның қыста көрдім шоқырағын,
Қайыңның жазда көрдім жапырағын.*

**Сен қалған отыз ұлдан едің, Зәуреш,
Еліңнен бұйырмады-ау топырағың,-**

деп басын қабір үстіне қойып, еңкілдеп қоя береді.

Үнсіздік. Ғаббас аға қимылсыз.

Ғаббас ақын аға ғой, елге танымал, бетін, көзінің алдын қолымен қайта-қайта сүртіп, қабірдің аяқ жағына отыра кетті.

Иә, ағаның сапарына себеп болған Жантелідегі арыз-шағымдай мәселе екен. Келесі күні Шалқарға қайттық.

Ескі дәптерден көшірілді. 27.11. 1975 ж.

ҰЛЫЛЫҚ СӨЗ ЕМЕС ПЕ?

Ұстазым болған, менің осы майданға баруыма жол сілтеген адам Тілеужан Шойғарин еді. Бақилыққа кетерде:

**Алда шексіз мәңгілік,
Тірілікті ән қылып,
Тіріліктегі ерлігің –
Өтсек жатыр жаңғырып.**

В МИРЕ МУДРЫХ МЫСЛЕЙ

Старость полна наслаждений, если только уметь ею пользоваться. Луций Анней СЕНЕКА, Рим философы.

Невелико искусство старым быть, искусство старость побороть. Иоганн Вольфганг фон ГЕТЕ, немецкий поэт.

Старость наша есть болезнь, которую нужно лечить, как всякую другую. И.И. МЕЧНИКОВ (1845-1916), орыс биологі, паталогы.

Здоровье всего тела, куется в кузнице нашего желудка. Мигель де СЕРВАНТЕС (1547-1616), Испания жазушысы.

Наблюдай за своим ртом, через него входят болезни. Л.Н. ТОЛСТОЙ (1828-1910), русский писатель.

Пьют и едят все люди, а пьянствуют и объедаются только дикари. В.Г. БЕЛИНСКИЙ (1811-1848), русский мыслитель, писатель, литературный критик, публицист.

Уметь быть старым – это искусство, которым владеют лишь не многие; мера жизни не в длительности, а в том, как вы ее использовали. Мишель де МОНТЕНЬ (1533-1592), француз жазушысы, философы.

Молодость время – для усвоения мудрости, старость – время для ее применения. Жан Жак РУССО (1712-1778), француз жазушысы, ойшылы.

Ничего так не следует остерегаться в старости, как лени и безделья. Марк Туллий Цицерон, Рим елінің данасы, философы.

Для человека которому перевалило за 60 лет, у меня есть один рецепт: много работать и - еще больше работать! Альберт ШВЕЙЦЕР (1875-1965), неміс-француз ойшылы.

Если больному после разговора с врачом не стало легче, то это не врач. В.М. БЕХТЕРЕВ (1857-1927), орыс психологы, невропатологы.

Две бараньи головы в одном казане не варятся. Крылатое выражение КАЗАХОВ.

Солтүстік Кавказ, Эссендуки курорты, №83 блокнот.

Адамдар көп жағдайда бақытты болуды іздеп аласұрып, жанығып жүреді. Иә, ол бақыт бақытты ғұмыр, көбіне, өзің іздемейтін, тіпті қарапайым адамға қонады. Бірақ айтар едім – бақыт жатқан адамға емес, еңбек етіп, тер төккен пендеге келеді зой. ӨЗ пікірім.

Егер біз ұлы мәртебелі орыс тілін дұрыс меңгерсек, әлемдегі ең зиялы, ең мәдениетті, ең сұлу ұлтқа айналамыз. Юрий ЛУЖКОВ, Москваның экс-мәрі.

Иә, ал бізде ше? Шенеуніктер не дейді?

«ЖАРАҚТЫДА ЖАУ, ЖАЙЛЫДА ҚОНАҚ ЖОЛЫҚПАЙДЫ»

«Тоғыз» совхозының орталық мекені Шіліктіден Шалқар қаласына оралатын болдық. Бас қонақ, көрнекті ақын **Бәкір ТӘЖІБАЕВ**. Иә, бұл азаматты бұрында білетін едім. Жұрын ауданында шығатын «*Сталинская эпоха*» газетінде қызмет еткен еді. Кейін белгілі ақын болды. «Ақбұлақ» әнінің авторы. Байғанин ауданында сол «Қызыл әскер» аулына қарасты Ақбұлақ бұлағынан су да ішкенбіз ...

Аяқ астынан қалаға қайтатын болғансын, үйге бір адамға телефон соқ дегенмін. Ол үйге емес аупартком хатшысы Сауле Алтаеваға менің хабарымды жеткізген.

Үйге келсек, үй іші астан-кестен. Келін үйді ақтап жатыр. Бәйбішем немересі ауырып қалған, сонымен жүр екен. Келінім бірден:

– Бәрі дайын болады,- деп жылы қарсы алды. Домбыра бердік колына. Сызылып ән шырқай бастады. Көп ұзамай-ақ дастархан дайын болды.

Осы мен қателеспесем, бұл әулет сонау ұлы батыр, ұлы әулие аруакты ата Есет ұрпағы болар. Ал Есет әкесі Көтібар заманының серкесі, аты шулы серісі ғой. Қазақ елінің батыс өңіріндегі барлық көкейкесті мәселелерді шешуде бас Би болған тұлға еді. Сен үндемейсің ғой, менің айтып отырғаным дұрыс па? - деп қойды Бәкір.

– Дұрыс айтып отырсыз дедім.

– Онда мен көптен бері өзім зерттеп жүрген ақын Таразының атасы Есеттің мазарын салып, ас беруге, атасына тәу етуге арнап шығарған әнін айтайын,- деп домбырасын күйлей бастады. Үлкен залымыз Ұлы Анамыз Таразының әніне бөгіп тұрды.

Шай, қазақтың арда асы – жылқы еті бәрі келді. Ауа райы желкем болатын. Тұла бойына нәр барып жылынғасын Бәкең:

– Осы Тілеуқабық әнінің қалай шыққанын білесің бе?- деді.

Иә, менің есіме профессор Бек Сүлейменовтың Төлеу Құлшаман-ұлы үйінде әже – Ақбалаға бір айтып отырғаны бар-ды. Есіме алдым.

– Бәке,- дедім, - ғалым, білікті тарихшы ғой Бек аға ол әннің шығу тарихы жайлы көп әңгіме айтқан-ды.

– Иә, иә, білсең айтшы, есіңе алшы? Ол қазақ елінің тарихын жетік білетін адам. Оның бер жағында осы Ұлықмұның тумасы емес пе?

Ол ғалымның зерттеуі бойынша бұл Тілеуқабақ әні, Айттың Қабақ. Тілеу балаларына қатысты емес. Мына Кішіқұмның арғы бетінде Арал теңізінің солтүстігінде аты шулы іргелі бай Тілеуқабақ атты адам болған. Оның екі ұлы, екі қызы – Патшайым, Ханшайым атты ару қыздары, ер бала – ер жігіт орнына жүрген, қайратты. Сол қыздарға ғашық болған Сегіз сері қыздардың әкесіне арнап «Тілеуқабақ» әнін шығарған. Тілеуқабақ байдың есімі. Ол Төртқара аталығынан. Иә, бұл ұзақ әңгіме, кейін айтамын, жазармын ...

1980 жылдардағы блокноттан.

ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ ҚЫЗЫЛ КҮРЕҢ ТОҒАЙЫНДА **Бұл ұлы жазушы Тахауи АҚТАНОВТЫҢ кіндік** **қаны тамған жері**

Жаздың аса бір аспан жерге түсетіндей аптап, ыссы айы. Ми қайнататын ыстық таң сәриден-ақ жерді бидайықтай қуырып барады. Автокөлікке отырғанымызға үш сағаттан асты. Шалқардың аупартком бөлім меңгерушісі Әбдірахман Шолақов екеуіміз сонау Айырық таудың оңтүстік бетіндегі Шет-Ырғыз өзенінің тауға жамбасын беріп жатқан Тас-өткелде ұлы **жазушы Тахауи АҚТАНОВТЫ** қарсылап алуымыз керек. Қарасаң бойымен, шопан қожанасыр секілді сөзінен

де, асау мінезді ауылдың алты ауызды Байқат шығады. Онымен бірге Опаұлы келуі керек. Талтүс. Тасөткелге келсек, сарқыраған өзен жағасында шаруашылық басшысы Мұстай Өтемұратов, жанжары Ажары, қасында тағы басқада азаматтар тұр екен.

Өткелдің бергі бетіне Тахауи ағаны өткізіп Мұғалжар, Қарабұтақ аудандарының басшылары, қонақты бізге берді де, қоштасты. Іштерінде бір айтқышы бар екен:

– Қонақтарыңды өлшеп алыңдар, қанша салмақ қосты екен,- деп күліп қойды.

Шетырғыз ауылында Тахауи бастаған қонақтарға түстік берілді. Кешкі қонақасына құлын сойылып, дастархан жайылды.

Енді жазушыны кіндік қаны тамған Қызылжарға таң сәріде алып барып аунатуымыз керек деген тоқтам айттым. Иә, аудан басшылығы соңғы сөзді сен айтасың деп маған тапсырған-ды. Менің ұсынысымнан кейін бәрі аң-таң тұрып қалды. Совхоз директоры мен Ормантай Опинді оңаша шығарып алып, осы түнде, қысқа түн ғой, үш қозыны сойып, біреуін бұзбай, тек ішек-қарнын алып тастап, бітеу пісіріңдер, қалған екеуін бұзып жіліктеп пісіру керек. Бәрінің де басын, сирақтарын бөлек пісіріп, оларды да алып жүріңдер. Қымыз, шұбат Орекеннің ащы сусындары – бәрі таң қараңқысында дайын «УАЗ»-ке салулы тұратын болсын. Иә, үлкен-үлкен екі-үш кілем де автокөлікте болсын дедім.

Тахауи ағаға: Таң ата, сонау Аккенсірік төсіне жарық түсе, Қызылжарға – кіндік кескен жеріңізге барамыз деп шештік, қалай қарайсыз?,- дедім. Жол жүріп, демалысы бұзылып әбден шаршаған болар, тек қана басын жағымды изеді ...

.... Қызылжар. Иә, Қызылжар десе, Қызылжар! Басын Мұғалжар тауынан алатын Шетырғыз деп аталып келе жатқан бір кездері – замандары сарқырап ағып, төңірегін ен тоғай етіп, сонау Айырық тау астымен ағатын Ақтоғай өзені екеуі қосылып, арнасы кеңіп, Қайыңдыны асып, иір-иір Қыземшекті тау астымен Мән әулие қыратының етегіне барып Ырғыз өзеніне баратын ата-шулы Шет-Ырғыз аталатын бұлақты, өткелді тау жотасы еді.

Тахауи отырған, біздің серіктестеріміз мінген автокөліктер жеткенше Қызылжардың терен койнындағы қара судағы тоғайға қызметшілер кілемдерін жайып, дастархандарының бетіне бәрін қойып та үлгерген екен. Тапсырма орындалған мінсіз. Ауа райы салқын, бір ызың еткен шыбын-шіркей жоқ. Күн әлі Ақсеңгір қыратына ілікпеген. Аға біраз ерсілі-қарсылы жүріп, бойын жазып, күтіп тұрған біздерге келді. Сол кезде біздің бір жергілікті ақын, аудандық газеттің қызметкері **Әбдіқани Айтмағамбетовтың** мына бір өлең жолдарын айта салдым.

*Қоштасып тіріліктегі ақыретпен,
Бұл жерде ат ойнатып батыр өткен.
Бұл өңір талайларға байлық беріп,
Сол байлық талайларды пақыр еткен.
Күйші өткен ақыратып күйіменен,
Би өткен тілін безеп жиынменен.
Батақтың Сарысы өткен арманда боп,
Қоштасып зашығымен, дүйім елмен.*

– Қарағым-ау, мынау нағыз дарабоз ақын ғой. Ол жігіт осы өңірдің жігіті ме? Нағыз философиялық толғау екен. Жарайды. Ал сен өзін ақын емессің бе?- деп маған қарады.

– Жоқ, аға, міне, сол қарасөздің жілігінің майын шағып жүрген тілі мен жағына сүйенген жігітін осы,- деп қойды манағы айта беретін Байкат-Әбігер.

– Сені, қарағым, сол бір жылдары мен Төлеу Бәсеновтың үйінен көріп, амандасып едім-ау. Дұрыс па?- деп қойды Тахаң аға.

– Дұрыс, дұрыс. Онда мен студент едім ғой. Әже Ақбала бар еді. Қарасаев Нұрғали, Бек Сүлейменов, Сейдулла Толыбеков болды ғой.- деп едім, аға:

– Бәрі есінде қалған екен, жарайды,- деп біраз көңілденіп, денесін жинап, кең бір деп алып, белбуардан келетін гүлі мен бидайығы аралас өскен көк шөптерді қолымен ұстап, бір бойшаң өскен жусанды үзіп алып, мұрнына қойып искеді. Сонсын:

– Білесіндер, бұл өңір ата-баларымыздың жаз жайлауы. Осында кеспес Кенжебай деген бай да өтіпті,- деді аға.

– Аға-ай, менің ойыма бір шумак ескі сол заманның өлеңін салып жібердіңіз-ау деп едім.

– Қане, айтшы,- деді.

Кенжебай қоңсысындағы бір пақырға жазда сауып ішетін бие бермеген екен сұрап барғанда. «Құлыны қатпа болып қалады»,- депті де түсін бұзып жауап қайтармапты. Содан ол пақыр кедей үйіне келіп:

*Ал, қатын жаппаңды жық, біз көшелік,
Екеуміз ақсақ көкке мінгеселік.
Басына Қызылжардың қонып алып,
Бір жылдай саумал ішпей, күн кешелік.-*

деп біз тұрған қарасудың басына жаппасын тігіп, егіс салып, қыстық нәпәхасын жинап алған екен. Бұл сол елдің кедей кепшігін асыраған киелі өңір,- дедім.

Тахауи аға бір салқындады, бір жиби түсті.

Содан жаңағы Байкат-Әбігер дастархан басына шақырды. Ағаны ортаға отырғызып, бас пен пынақ берді.

– Ал енді аға,- деді Байқат, - мына мынау тілі мен жағына сүйенетін Тауман ініңнің ұсынысымен жасалған тағам,- деп бітеу пісірілген дырпан қозының етін қойды да, ішін сөгіп қозының ішек-қарны жататын жеріндегі жөргемді, бір шампанды, бір коньякты суырып алып, бас қонақ – Тахаңның алдына қойды.

Аға қайран қалды да, маған қарап:

– Европаның, Ресейдің дәстүрінде бар қонақасының бір түрі бұл. Патша Петр I-ге осылай бітеу, әрине, қозының еті емес, шошқаның торайын ұсынады екен. Сауатыңнан айналайын, рақмет! Ал Байқат,- деді де, есіміңді Әбігер деді ме, енді өзің бұтарла,- деп қойды.

Қонақасы біраз ішіліп, күн Ақсеңгерден көріне бастағанда Тахауи ағаны орынан кілемге салып алып көтеріп төрт жігіт су басына алып келді. Сол жерде тұп-тұнық қарасуға шомылдырдық. Аға разы болды. Қайта-қайта рақметін айтып, үстін сүртініп, шұбат толы үлкен зеренге қолын созды.

– Қызылжардың бауырына алып келдік. Алдымызда кеудемізді кере Айырық тауы тұрды. Тахауи аға маған қарады. Мен әй-шайға қарамай:

*Басына шауып шықтым Айырықтың,
Әнімнен құйқылжыған айрылыппын.
Бір жылдай қыз көрмеген сорлы басым,
Қатынға тезек терген қайрылыппын, -*

деген екен Батақтың Сарысы, - деп едім.

Тахауи аға:

– Ол ақын, таза – ақын, тұлға еді ғой. Арманда өткен ақын. Оны 1895 жылы Сібірге кісендеп ат артына байлап алып бара жатқанда қанпезерлер атып тастаған. Ойыма түссе, жаным удай ашиды...,- деп қойды.

Тахау Ахтанов ағаның кейбір ойлары маған кейін үлкен ой салды. Өзімнің бірқатар кітаптарыма идея болды, арқау болды.

Екінші рет Шалқарға – жарын алып келді. Мен ол кезде ауырып, Алматының ауруханасында едім. Өкініштісі – дидарласа алмадым.

Ескі блокноттан қысқартылып кошірілді.

АРАБ ЕЛДЕРІНІҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ ГАМАЛЬ АБДЕЛЬ НАСЕРДЫ КІМ ӨЛТІРГЕН?

1979 жылғы әбден көнерген, жазуы өше бастаған блокнотты тауып алып, беттерін актара бастасам, жан түршігерлік оқиғаның үстінен түстім. Бұл *«Ағарышев А.А. Гамаль Абдель Насер. -2-е изд., испр.*

и доп. М.: Мол. гвардия, 1979. - 208 с. Жизнь замечат. людей. Серия биогр. Вып. 12 (597)» ұлы тұлға Гамаль Насердің биографиялық көрсеткіші екен. Мысыр елінің оқ бойы озық ойлы прогрессивтік бақыттағы офицері «Свободные офицеры» ұйымын құрып, бұрынғы монархиялық корольдікті құлатып, демократиялық-халықтық құрылым құрып, 1956 жылы 23 июньде Египет мемлекетінің Президенті болып сайланды. Бұл билік тағында 1970 жылдың 28 сентябіріне дейін 14 жыл отырған. Ұлттық мемлекет құрып, жерді, өнеркәсіп, басқа да аса маңызды халықтық объектілерді, халық игілігіне берген. Суэцк, Асуан каналдарын, мемлекет меншігіне айналдырғаны не тұрады?! Әрине, бұл прогрессивтік бағыттағы ірі шаралары Батыс елдеріне, Израилге, басқада капиталистік елдердің басшыларына, баіі феодалдарға ұнамады. Ізіне түсіп, какпан құрады. Ал өзі, өзінің отбасы тек қана мемлекеттен алатын еңбекақымен күн кешеді. Аты жүріп тұрған заманында қызы Гуда Қаир университетіне екі балы жетпей оқуға түсе алмады. Ал, шоферінің ұлы университетке қабылданады.

Иә, Гамаль Насерді ол заманда әлем білген, мойындаған ұлы тұлға болды. Енді кітап авторының өзіне сөз берейік: *«Президент Египта согласно данным арабской печати, погиб от руки своего массажиста – врача аль-Утейфи, бывшего агента Израильской разведки. Он втирал при массаже особую мазь, которая постепенно приводит к параличу сердца. Аль-Утейфи получал мазь от израильских спецслужб».*

Гамаль Насер үлкен жиыннан кейін Араб мемлекет басшыларын шығарып салуға 28 сентябрь күні түстен кейін Қаир әуежайына келіп, ұшаққа жақындай бергенде жүрегі сыр береді. Ақыры жүрек талмасынан көз жұмады. Жерлеу шығынын халық көтереді. Ал банкідегі сөтінде не бәрі 610-ғана фунты болыпты. Артында әйелі, үш ұлы, бір қызы қалады. Олардың тағдыры не болды, белгісіз. Өзінің вице-президенті болған Анвар Садат президент болды. *«... правительство Израиля довело до сведения Садата, что тоже самое могло бы случиться с ним и членами его семьи...»*, - деп АҚШ баспасөзі ескертеді. Бірақ Садат бірден Насер жолын тастап, капиталистік жолға, Израиль сілтеуімен жұмыс істейді.

...Жалпы халықтық бір демонстрацияда мінберде тұрған Анвар Садатты бір мерген атып өлтіреді. Ал қасында тұрған вице-президент Хосни Мубарак (04.05.1926 ж.) аман қалады. Садатты жедел жәрдем алып кеткенде де міз бақпай сол мінберде қала береді. Содан кейін Египет Президенті тағына отырады. Бұл 1981 жылдары еді. Ал Хосни Мубарактың қазіргі жағдайын әлем біледі. Халықты, елді, жерді тонап алған миллиардтаған долларын, бар байлығын халыққа қайтаратын күш келді. өзін мәңгілік түрмеге қамады.

АДАМДАР МЕН АҚБАСҚЫН БОРАН ...

Иә, осы қара блокнотты бүгін ғана таптым. Болмаса осы оқиғаны ілгерілері-ақ жазатын едім көшіріп, қысқартып. Иә, қалай болып еді өзі?

...05.02.1976 ж. сәске түсте сәскелік тамағымызды басқа да сұйықтарды ішіп алдық. Айта кетейін, *қазақ әйелінің ерлігі қонақ күтуі. Еңбек етуі мен білетінде ешбір халықта жоқ десем, артық айтқандық болмас.* Таң атпай етін қазанға салып, қазандық астына тас көмірді толыра қалап, біз тұрғанша дастарханын асқа толтырып қойыпты. Ол Қыранбай Тормантаевтың үйіндегі қарындасымыз Ақсабақ еді. Қыранбай осы теміржол станциясындағы орта мектептің директоры болатын. Қатар оқыдық, қатар өстік. Адамгершілігі ала бөтен еді-ау.

«УАЗ»-икпен Айырық тауы астындағы елді мекенді малшылар ауылдарын – қыстақтарды аралап көріп, адамдармен жүздесу. Ауданнан шыққан бас өкіл – осы жолдардың авторы және совхоз директоры Рахымжан Сәкенов, партком секретары Мұғадес Әйімбетов, ауданның бас мал дәрігері Мырзалы Каналин, автокөлік жүргізушісі.

Ауа-райы тұп-тұнық, аспан ашық, торғайдың қанатындай бұлт жоқ. Түнде түскен қар алмаздай жарық-жұрық етеді. Қотыртас стансасынан, сол шамасы, бес-он шақырым жүргенсін-ақ Айырық басынан қорғасындай ауыр қара бұлт көтеріле бізді астына алды. Жаңағыдай болмай, қас қағымда алай-түлей жел тұрды. Автокөлік жүрісі баяулады. Басын Мұғалжар тауынан алатын арнасы кең Қауылжыр өзенінің ішіне түсе бере ақбасқан боран орап алды. Дым көрінбейді, бораған және жауған қар алды-артындағы метр жерді көрсетпейді. Тұрып қалды автокөлік. Жігіттер кейін орталыққа қайтайық, алдағы ферма орталығы Сарышоқыға әлі 15-20 шақырым бар деді. Қанша әуреленсекте болмады, машинаны қар жауып тастады. Ештеңе көрінбейді. Моторын сөндірді, бірақ далаға шыға алмадық. Қай мезгіл болғанын да білмейміз. Жігіттер «біттік», - деді. Бірақ артқы орындықта отырғандар орталарындағы бірдеңелерді алып, дауыстары қарлығып сөйлеп қояды. Байқасам, бірнеше «шиша сусын», қазы, ет алып шыққан, соларды ішіп, жеп отыр екен. Шофер бір кезде сағатына қарады да:

– Осы аңғарда тұрғанымызға тоғыз сағат болды. Ашылатын боран жоқ.

– Енді не істейміз?- деді директор.

– Енді амалдап машинадан шығып, менің соңыма ересіндер,- деді шофер.

– Оңидер дегенің бе?

– Жок, отырып үсіп өлгенше дегенім ғой.

– Сонда қалай?

– Қалайы жок. Мен машинадан қалайда шығамын. Артқы багжникте ұзын арқан бар. Соның бір шетін мен беліме байлаймын. Сонсын сіздердің де белдеріңнен байлап, мен алға түсемін. Осы он жағымызда радио, телефон сымдары тартылған столбалар бар. Сонын астымен Сарышоқыға барамыз. Жігіттер келісті. Жүргізуші біздерді тұрғызып қойып, арқанмен белдерімізден байлап шықты да өзі алға түсті.

Төңірек аппак ақтеңіз. Боран сәл басылғандай, ішін тартқандай. бірақ қар сабалап жауып тұр. «Бурлактар» сияқты бәрімізді жүргізуші сүйреп келеді. Қанша уақыт, қанша жер жүргенімізді білмейміз, аяқ басылудан қалды, жаны жок. Қаншама дауыстағымыз келсе де ештеңе естілмеді. Әр столбаның түбіне жеткен сайын жүргізуші біздерді санайды-ау деймін, тоқтап, қолымен әрқайсысымызды ұстайды. Содан кара терге түстік. Үсті-басымыз, бір қар, бір мұз. Әбден біттік. Тек соғып тұрған жүрек. Ол да әлсіз. Шофер әрқайсымыздың құлағымызға аузын тақап, бірдеңе айтады, естімейміз. Бір столбаның төңірегін қалыңдау болып өсіп тұрған тобылғыға келіп, бізді отырғызды. Түн, дым көрінбейді, сөз естілмейді. Қолғабын шешіп жеңіне қарады-ау деймін, «алты сағат болыпты келе жатқанымызға», - дегендей болды.

– Жақындадық! Шыдаңыздар!- деп айғайлады.

Осы кезде ақ боран арасынан жалт-жұлт еткен оттар ағып өте шығады. Бірін көреміз, бірінен айырылып қаламыз.

– Мынау поселкенің оты емес пе?- деді жігіттер.

– Кәне, қайда?- деп айғайлаймыз.

– Жок! Қасқырлар, бізді торып жүрген,- деді де жүргізуші иығынан қос ауыз мылтығын алып, атып-атып жіберді-ау деймін, құлағым бітеліп қалды.

Жалтылдаған от сөніп кетті.

Сүйретіліп жүріп келеміз. Тағы қанша жүретінімізді білмейміз. Көзімізді ашып алсақ, бір үйдің бөлмесінде жатырмыз. Үлкен тұлып тонның бір жеңіне мен, екінші жеңіне Мұғадесті тығып тастапты. Сол екі тәулік жатыппыз. Үшінші күні К-700 тракторымен Шалқарға қайтыппыз.

... Сонымен, мен қырық күндей Совмин ауруханасында жатып ем алдым. Кейін осы кітаптың бас жағында жазғанымдай, Одақтың бірнеше шипажайында – санаториясында емделдім. Осы бір қайғылы оқиғаға айналған іс-сапардан кейін партком, бас зоотехник көп ұзамай-ақ дүниеден өтті. Ал директор жас жігіт еді, әрі үстінде түіс жүнінен тоқыған комбинезоны бар екен. аман қалды. Мені ақыры

ұстады, өт, бүйрек үсіп кеткен, бірақ емделу арқасында он төрт жыл жүріп, ақыры приступ болып, Алматының Сызғанов атындағы хирургия институтының клиникасына түстім. Мені Ақтөбе облыстық атқару комитетінің ұсынысымен санитар жедел жәрдем самолетімен Алматыға әкелді. Бұл қамқорлыққа қол жеткізген Балзада Шәмшіқызы, Шалқарда отырып, Обкомның бірінші хатшысы Золотеровке телефон соғып айтқан, телефонисткалардың бірінші хатшыны қалай қосқанын білмейді.

Бұл 1991 жылдың қаңтар айының басы еді.

ҚАЗАҚТЫҢ ЖАС ШАҢЫРАҒЫ МӘСKEУДЕ КӨТЕРІЛДІ

9.05.1980 ж. ЖЕҢІС КҮНІ. Біздің әулеттің – ер баламыздың алдының жас шаңырағы көтерілген күн. Бұл тарихи біздің әулет үшін екі мереке еді. Бастысы 9 мамыр Ұлы жеңіс болатын. Екінші мереке баламыз семья құрған күні. Бұл мереке Мәскеудің «Россия» қонақ үйінде өтті. Анасы елден бұрын айтқанымдай, бар азық-түлігін, кесе-аяғына дейін алып барды. Жас шаңырақ некесі осы «Россия» қонақ үйінде қиылды. Елден көп адам бардық, келініміздің анасы, қызыдары, немерелері. Екінші күні баламыз оқитын институттың деканы Иван Федорович Бородинмен кездесіп, қуанышымызды жеткізіп едім, ол кісі бірден: жас жұбайларды біздің үйге алып келіндер, біз кеш ұйымдастырамыз,- деді. Академиктің ұсынысын қолдап, бір кешті үйінің кең залында өткіздік. Жиырма шақты студент залында би билеп, ән шырқап, өте көңілді де ұмытылмас кеш болып өтті.

Ертеңіне өзім жиі қатысып жүрген ұлы мүсінші, Қазақ ССР-нің, Дагестан АССР-інің кайраткері, еңбегі сіңген мүсіншісі Төлеу Құлшаманұлы Бәсеновпен Санкт-Петербургте бірге институтта оқыған Хасбулат Нұхбекович Асқар-Сарыджа мен Алина Анатольевна үйіне шақырып, үлкен дастархан жасап той жасады...

9 мамыр Жеңіс күнгі, кешкі Мәскеудің оттарын қызықтадық. Түнде Жеңіс салютін тамашаладық. Ертеңіне Воробьев тауына (бұрынғы Ленин атындай тау) барып, кешкі Мәскеуді көрдік. «Подмосковные вечера» әнін шырқадық.

Сөйтіп баламыз Мәскеуде тіккен отауы өмірге, қазақ жеріне, Ата қонысына келді, елде де жақсы той өткізілді.

НҰР АҒАМЕН ҮШ КЕЗДЕСУ

Нұрғиса ТІЛЕНДИЕВ – ұлы адам зой. Әрбір жүрген жері, ән, жыр, көсемсөз, көңілді күн, күлкілі кеш. Сол бір сексенінші жылдардың ортасында Шалқарға өзінің оркестірін алып келіп, үлкен ойын-сауық өткізді. Халық зор құрмет көрсетті. Мұны тарқатып жазбай-ақ қояйын, себебі өзімнің «Адам әлемі» (*Атамұра, 2004 ж.*) атты кітабымда баяндағанмын.

«ТАУМАН ЖАҚСЫ!»

***Шендестірме қарға менен бұлбұлды,
Теңдестірме жабы менен дүлдүлді.***

Сағынғали СЕИІТОВ.

Иә, өзімді-өзім мақтайын деп отырғаным жоқ. Мына бір 125 нөмерлі блокнотқа қарасам, осы «Тауман жақсы» деген сөзді оқыдым. Арман қарай көз салсам, дүлдүл ақын Сағынғали Сеіітов пен жазушы Өтебай Қанахиннің біріне бірі қарап тұрып айтқан сөзі екен. Ия, ол неден шыққан сөз.

... Алматыдан аупарткомға емес, маған тура телефон шалынды.

– Маған Тауман деген жігіт керек?- деді.

– Мен тыңдап тұрмын,- дедім.

– Онда арғы күні Алматы–Мәскеу пойызынан бізді күтіп ал, біз екеуміз. Қасымда Өтебай аға болады.

Қарсалып алып, үйге алып келіп, қонақасы бердік. Содан ауданның «Біршоғыр», «Ақтоғай» совхоздарына алып барып, халықпен, басшыларымен кездестіріп, елдің сый-құрметіне бөлендірдім.

«Ақтоғай» шаруашылығы Мұғалжар тауының шығысындағы Айырықтың етегіндегі совхоз. Сонда Сәкенмен – Сағынғали ағамен Отан соғысында, майданда шайқасқан Сағынай Жайымовпен кездесіп екеуі өкіріп жылап, құшақтасып, бірімен-бірі жас қыз бен жігіттей сүйісіп болды да қалды. Үлкен қонақасы берді, жабағы сойып, жүрерінде ат мінгізді екеуіне де.

«Жақсы көргенін» айтады демекші, екі тұлғаның бұл сапары сәтті де табысты болды. Сый ұсынған басшы – қосшыларға, аттарыңды Алматыға алып кете алмайды. Қағазға орандар дегенімді бірден түсініп солай етті. Сол жерде Сәкен «Тауман жақсы»,- деп кайталай берді. Мұндай сый-сияпат «Біршоғыр» совхозында да көрсетілген еді. Кейін тоқсаныншы жылдары «Алматы» шипажайында бізге аға мен жеңге қонақасы берді.

Алматылық ақын-жазушылармен үй дастарханында аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы Жиенбай Шарбақов, ақын Әбдікани Аймағамбетов болды. Шай дастарханы басындағы әңгіме қызған кезде Сәкең – Сағынғали Сейітов:

– Осы Тауман Төреханов, сенің атың Республика оқырмандарына «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», ауыл-шаруашылығы журналдары, облыстық газеттер арқылы, Қазрадионың «Шалқар» бағдарламасы арқылы кеңінен таныс. Тіпті Орталық партия Комитеті «Тәжірибе және талап» атты баспасөзге арналған кітап шығарды. Онда сенің іс-тәжірибең ойып орын алыпты. Сұрайын дегенім- қайда оқып, білім алдың? Қәне, айтшы?- деді.

– КазГУ-де...

– Сәке, КазГУ-ді үздік бітірген ағамыз бұл,- деп қойды Әбдікани.

– Онда ауданда неғып жүрсің?- деді Сәкең.

– Иә, КазГУ ректоры М. Әуезовтың, Нығымет Сауранбаевтың, Ісмет Кеңесбаевтың ұсынысымен ЛГУ-дың шығыстану кафедрасына аспирантураға жолдама берген еді.

– Неге бармадың?- деді Өтебай Қанахин аға.

– Жағдай болмады ғой,- деп төмен қарадым.

– Бара алмағаны дұрыс болған. Бұл редактордың демінен Әулистау-Мұғалжардың, Айырықтың, киелі Ұлықмұның ісі мен тынысы аңқып тұрады,- деп қойды Жиекең – Жиенбай аға түсін жылытып.

– Дұрыс айтады, аған. Оқуды бітіріп Алматыға келсең, көлеңкесі көп ақ қайың астында сыра ішіп, кешкілік қатын қуып кетер едің,- деп Сәкең қарық-қарық күлді.

– Иә, өзі де әдемі жігіт қой, қатындардың өздері-ақ соңынан қалмайтын болар,- деп әзілді Өтебай аға жалғастырды.

– Ағалар, мені мақтауды келістірдіңдер,- деп айтып қалдым.

– Біз дұрыс айтып отырмыз. «Тауман жақсы»,- деп бекер айтқан жоқпыз,- деді Сәкең шай шыны аяғын қолына алып.

– Бұл сөздерде шынайы шындық бар. Ұлықмұ мен Мұғалжардың энциклопедиясы ғой бұл редактор. Елі: «Ақ Тәке, ақиқат Тәкесі» деп ат қойып, айдар таққалы қашан. Бізді лауазымызға қарай ел сыйлайды. Ал мұны әділеттілігіне, сөзгерлігіне, шешендігіне қарай құрметтейді,- деп қойды Жиекең.

– Сен, ел бастан кешкен тарихи деректерді жинай бер. Шынында да, бұл ел, жер, Ұлы Көтібар батыр мен Есет әулиенің өскен, өнген өңірі ғой. Түбі сенен салмақты да сүбелі еңбектер туарына күмәнім жоқ,- деді Сәкең – Сағынғали Сейітов.

ЕСТЕ ҚАЛҒАН БІР ЕЛЕС

*Қарың жауып қалыпты,
Күнгеі, Күркей жеріңе.
Әке-ке-ау, қайда барасың?
Арқаның шалып белеңе?*

Көбес БӘСЕНҰЛЫ.

Бұл Шалқар көлінің жағасынан, Ұлықұмның Шенгел корасынан – туып-өскен өңірінен Ұлықұмның Күнгеі, Күркей, Тораңқы құм бойларына ауған 1868-1869 жылдарының қысындағы қатты аяз-боран, азын-аулақ, арық-тұрық, қысқа түскен малдарға құм шұңқырларынан қамыс құрақ, күреңсе, жас шілік бастарын орып әкеліп беретін заман екен. Ия, ол заманда қысқа шөп-жем ешкім дайындамайтын. Мал құм ішінде ұдай жылы терең шұңқырларында қыстап шығатын-ды. Сол кезде Көбес жыраудың, суырып салма ақынның әкесі Бәсенге айтқан бір жүрек жарды жырының үзіндісі еді бұл.

ЛЕНИНГРАД – ӘЛЕМДІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ КӨРКЕМ МҮЗЕЙІ

ЛЕНИНГРАД «МОСКВА» ҚОНАҚ ҮЙІ. 1981 ж., наурыз. №134 блокнотта осындай жазу бар екен. Қуанып кеттім. Неге? Қазақстан Журналистер Одағының Ақтөбе облыстық ұйымының ұйымдастыруымен (жетекшіміз Н. Телеуов), Қазақ ССР-нің бір топ редакторлары Мәскеу арқылы Ленинградқа шығармашылық іс-сапармен баратын болдық. Бір қуаныштысы осы жылдары Мәскеудің академиясында оқып жүрген қызымды ала кетуіме мүмкіндік болды.

Ия, бір қызығы Мәскеу-Ленинград арасында тәулігіне он сегіз жүйрік пойызы ерсілі-қарсылы жүреді екен. Түн. Ленинград «Москва» қонақ үйі. Осы ғимаратқа әкеліп орналастырды қазақстандық редакторларды. Қызымыз екеумізге бір нөмер берді. Ия, бізбен қатар осы қонақ үйінде украиндық редакторлар да бар екен. Бәрімізде орысша сөйлестік, туысқан-бауырлардай бірден тіл табыстық.

Ертеңіне қаланы аралауға алып жүрді бір қартаң адам. Сұрастыра келе ол кісі бұрын Ленинград қалалық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болып ұзақ жылдар қызмет атқарған екен. Тарих ғылымдарының докторы. Әрбір сөзі қорғасындай ауыр, нық, шешен де – көсем. Біздер қайран қалып әр сөзін блокнотқа жазып жүрдік.

Бірінші қаланың қақ ортасында император *Екатерина II-нің аспанмен тілдесіп тұрған Ескерткішіне алып келді.* Бронзадан

құйылған бұл жәдігер бірден көз тартты. Тоғыз қанат киіз үйдің үлкендігіндей, демек, көлеміндей Ескерткіш сондай әдемі. Ұлы Ананың, ұлы патшаның Нева өзеніне қарап, қолын созып тұрғаны-мүсіні естен кететін емес. Біздердің аң-таң қалып қарап тұрғанымызды бірден сезген экскурсовод қарт сәл қолын көтеріп, Ескерткіштің алдына бізді жинап алды да:

– Сіздер таң қалып тұрған боласыздар, бұл тұлға 67 жыл ғұмыр кешкен Ұлы патша. Тарихтан әлемге белгілі, таныс Россия империясын 30 жылдан астам уақыт басқарған Ұлы патша Екатерина II-нің Ескерткіші. Бұл Ескерткішті араға бір ғасырға жуық уақыт өткенде патшаның шөпшектері өз қаржыларына тұрғызған. Ал мына қаланы «жауып тұрған» кең көйлегінің етегін айнала ер адамдардың портреттері салынған. Мына жерінде көйлектің бір әйелдің суреті бейнеленген. Ия, азиаттарша әйелдің көйлегінің етегіне ерлердің суреттерін салып, халыққа көрсету?– деп миығын тартып, күліп қойды. Сәл ойланып тұрды да: – патшаның далдиган көйлегінің етегіне салынған суреттер – ер адамдар – Екатерина II-нің министрлері. Ал мына суреттегі жалғыз әйел екі министрлігінің басшысы Екатерина Романовна Дашкова деген аса білікті, дана, ғалым, тұлға. Екатерина Романовна – княгиня, 10 жыл шетелде болған. Вальтер, Дидро, А. Смитпен кездескен әйел. 66 жыл өмір сүрген.

Иә, біраз тамашалап, пікір алысып тұрдық. Кейін бір тарихи әдебиеттен оқығанымдай, бұл әйел Е.Р. Дашкова министр тағына байланбағанда, әлемде әйгілі ғалым болатын еді деген де бар екен.

Келесі баратын жеріміз Санк-Петербургтың әлемдегі бірегей тарихи-мәдени, көркем музейі Эрмитаж болды. Экскурсовод қарт Эрмитаж кеңістігіне кіре «тіріліп» кетті.

– Тыңдаңыздар, қазір бәрің, осы қалай деген заттарды-жәдігерлерді, көрсетемін аралатамын,- деді.

– Ал, *Эрмитаж* деген сөз – [*фр. ermitage, орыс. – уединенное место; одинокий дом*] - *загородный дом, парковый павильон т.б.*, деген ұғым береді. Бұл әлемдегі аса бай тарихи-мәдени, көркем музей. Тіпті қала деп айтсақта болады. Бұл 1764 жылы жаңа ғана өздеріңіз көрген ұлы патша Екатерина II-нің жеке жинағы ретінде айтылған. Мұнда ұлы патша әйелдің жәдігерімен қатар, дүниежүзі халықтарының, мемлекеттердің – алғашқы тіршілігінен бастап бәрі бар, әсіресе, ерте замандағы Шығыс, Араб, Батыс, Шығыс Еуропа, тіпті антикалық мәдени-тарихи бұйымдар қойылған. Қазір Екатерина II-нің тұтынған заттарының, жатқан кереуінің түпнұсқаулары тұрған бөлмеге барамыз.

Иә, Эрмитаждың көптеген залдарын, бөлмелерін аралап, таңдай қағып, тамашаладық- ау. Экскурсия соңында біздің басшымыз, алып жүруші тарихшы былай деді:

– Менің әлі есімде бір кездері Францияның бір озық ойлы журналисі: «Менің қалтам көтерсе, Россия Үкіметі қанша франк сұраса, сонша қаржы беріп, осы Санкт-Петербург қаласын сатып алып, төбесін жібек пе, химиялық полотно ма ұзақ сақталатын, матамен жауып, дүниетаным жасатып, әлемдік музейге айналдырар едім, кәнекей», - дегені бар-ды. Міне, бұл Эрмитаж, сол қаланың айнасы, тарихы, мәдени-көркемдік өрісі, - деп сөзін аяқтады.

Ертеңіне сол экскурсовод карт бізді *Кунсткамера*⁶ алып барды.

– Ал тамашалаңдар, көріңдер. Естеріңе салайын, сіздер азиятсыздар ғой, оның ішінде қазақстандықсыздар 1850-ші жылдардың орта шенінде Россия империясының патшасы Александыр ІІ-ші қазақ депутаттықын осы Санкт-Петербургте қабылдаған. Соның ішінде заманының батыры, бні болған Исет Кутебаровты «Георгиев» залында қабылдау өткізген.

Бұл ақпарат қала тарихында жазылып қалған, әрине, әр заман тарихы бір жәдігер емес пе. Қазір тек архивтік, материал болып қалған, - деді. Иә, бұл сөз менің есіме Алматының А.С. Пушкин атындағы көпшілік кітапханасының жабық қорына, жабық почта арқылы келіп-кетіп тұратын архивтік көмбелерді Әмина Ахметқызы Қонаева арқылы алып, танысқаным, блокнотқа жазып алғаным түсті. Сонда осы кісінің айтып тұрған қазақтың халық батыры Есет Көтібаров жайлы да көргенмін. Бұған мұрындық болған профессор Бек Сүлейменов аға болатын.

14.03.1981 жс. Ертелетіп автобуска отырдық. Экскурсовод карт бірден Петр І-нің атты Ескерткішіне алып барды.

– Мына Ескерткіш Россияның тұңғыш патшасы болған **Ұлы тұлға Петр І-ші аруағына арналып қойылған. Патша небәрі елу жыл өмір сүрген.** Россияны жеті жыл басқарған.

⁶ *Кунсткамера (нем. Kunstkammer) - в старину: Собрание разнообразных редкостей, диковинок, а так же помещение для такого собрания. Словарь иностранных слов, М., 1979, С. 273.*

Кунсткамераны – антропология және этнография мұражайын Санкт-Петербургте аштырған Петр І-ші болатын. Мұнда Ресейдің – патшаның империялық саясатына қарсы күрескен 300-дей халық батырларының бас сүйектері сақталған. Еске алсақ, аварлық Қажымұраттың, Кенесары Қасымовтың, т.б. ерлердің бас сүйектері бар делінеді. Қажымұрат деп отырғанмыз Кап тауының ұлы батыры Лев Толстой ерлігін жазған «Қажымұрат» шығармасының бас кейіпкері еді.

Еске саза кетейік. Самара-Орынбор губерниясының бас губернаторы Перовский екі баиқұртты екі жыл дайындап, қазақ халқының хас батыры, хан дәрежесіндегі Біі, заманының серкесі Көтібар Бәсенұлының басын шауып желуге 1833 жылдың терең күзінде Жағалбайлы еліне жұмсайды. Батыр жатқан үйдегі қорғаушы-күзетшілерді өлтіріп, үйқыда жатқан батырдың басын шауып алып, қапқа салып жатқан қарақшыларды Жаңғасқа күзетшілері қолға түсіреді. Оларды табанда ортеп жібереді.

Көтібар батыр денесі басыммен Електің Көктобе биігіне жерленеді. 1834 жылғы қазақ елі – үш жүз жұрты кесене салтағы.

Реформашыл, жаңашыл, батыспен шығысқа Россияны ұлы Держава ретінде таныстырып, сыйлатып, санастырып өткен ұлы да данышпан тұлға. Әрине, қарт тарихшы көп айтты. Мен тек кейбір сөздерін ғана алып, қысқартып беріп отырмын.

15 март, осы жолдардың авторының дүниеге келген күні. Әрине, документте солай жазылған. Қазақта ол кезде туған, өлген күндерін тіркейтін мекеме жоқ қой, орыстарда шіркеулер шықты. Бірақ көзі ашық, көкірегі ояу, сауатты азаматтар аз болмаған ғой. Соның бірі Ұлы Отан соғысына қатысушысы, кейін Ақтөбе облыстық юстиция басқармасының бастығы, полковник Мұса Бисеналин аға біздің әулеттің төлқұжаттарын заманында толтырған еді. Себебі біздің әулет сол аға ауыл Совет хатшысы болған колхозда тұрған. Иә, дүниеден озғанына біраз жыл өтті ғой.

Таңертеңгісін қызымыз екеуміз жатқан қонақ үйдің номеріне он-он бестей редакторлар кіріп келді. Басшысы біздің Қазақстан делегациясының жетекшісі Нұрхайыр Телеуов:

– Құттықтаймыз – туған күніңмен, Тәке!- деп жамырай сөйлеп, мені көтеріп алды. Және Санкт-Петербург қаласының панорамасы құйылған көлемді мыстан құйылған-ау деймін, әшекейленген сый ұсынды. Содан Нұрекен:

– Ерте, төсектен басқан себебіміз, қазір ертеңгі ас-су ішіп болғансын *«Пискарев кладбищесіне»* кетеміз. Туған күңіңе байланысты отырысты кешкілік өткізейік,- деді.

Наурыз ортасы болғанына қарамастан, ауа райы өте салқын болды. Кладбище қаланың Выборг ауданы жағында екен. Ұлы Отан соғысы кезінде немістер әскерінің 900 күндік блокадасы кезінде аштан, үсіктен, жалаңаштықтан, аурудан қырылған 470000 адамды осы жерге жинап әкеліп көмген екен. Зиратты көргенде жаның удай ашып, жаныңды қоярға жер таппайсың! Ойымызға бірден Жамбыл атаның Кузнецовтың орысша тәржімалауындағы «Ленинградтық өрендерім» өлеңі келді. Орыс редакторлар аяздың қысып тұрғанына қарамастан, дауыстап, сол өлеңді айғайлап айтты. Ойымызға тағы келгені – мұнда талай қазақстандықтар да жатыр-ау деу. Иә, солай. Зиратқа кіре берісте бұл кесенені – мавзолейді салған архитектор – мүсінші 1956-1960 жж. А.В. Васильев және Е.А. Левинсон, мүсінші В.В. Исаева, Р.К. Таурит, т.б екенін оқыдық. Суретке түсіріп алдық, өзіміз де суретке түстік.

Сол күннің кешіне менің елу жылдық мерей тойымды «Москва» қонақ үйінің ресторанында өткіздік. Ертеңіне ертеңгі асқа Әжібек Мәліков қызымыз екеумізге арнап «ағаның туған күніне өзім қонақасы беремін»,- деп ресторанға шақырды.

Осы күндері Ленинград обкомының бірінші секретары, КПСС Орталық Комитетінің Саяси бюросының мүшесі Романов облыс, әкімдерімен «Георгиев» залында партия съезінің қорытындысы жайлы кездесу өткізді. Бізді шақырды. Іштей осыдан бір ғасырдай астам уақыт бұрын осы залда патша Александр II-ші Есетті қабылдаған екен-ау,- деген ой келді.

«Ленинградская правда» газеті редакциясында болдық. Бас редакторы партия съезі жайлы ойларын ортаға салды. Соңында редакторларға банкет ұйымдастырды. «Алмақтың да салмағы бар» дегендей, бізде қонақасы беруді шештік. Елден алып келген пісірілген қой еті, жылқы қазысы мен жаясы, қазақстандық коньяк, бальзам жеткілікті болатын. Біз бір 1812 жылғы Отан соғысының батыры, бұрынғы генералдың үйінде стол жайдық, тек бір қызығы қазақ ұлтының дәстүрін, салтын сақтап ет, бас, қазы, жая қойып, етке қамыр салып, пияз турап, сорпасын мөлдір етіп ұсынуды ойластырдық. Содан Нұрекен:

– Шетелдік ұзын мойын қызыл шарап сатып әкеліндер,- деді.

– Ол неге керек?

– Қамырды жаятын қазақы октау жоқ, сонда сол ұзын мойын шишаның шарабын төгіп тастап, октау орнына пайдаланамыз,- деді.

Бәрі дұрыс болды.

Еске салатын кейбір сөздерді, атауларды сол заманның айтып та жазып та жүрген формасында әдейі беріп отырмын.

Иә, тағы бір айтайын дегенім – сол қазақстандық редакторлардан жер басып жүргені бірең-сараң-ау деймін. Иә, адамдар бұл дүниеге келеді. Біреу ерте, біреу кеш сол жер қойнына оралады.

БІР АУЫЗ СӨЗ

Шалқарда сексенінші жылдардың аяғында Бибігүл Төлегенова мен Ермек Серкебаев келіп, халықты әнге бір бөлеп кетті. Оларды ауданның маңдай алды шаруашылығы «Сарыбұлақ» совхозына алып барып, елдің сый-сияпатын көрсеткен едім. Басы-қасымызда совхоз директоры Нұрмұхамбет Мырзабаев жүрді.

* * *

Иә, бірде кәдімгі фото тілші Редько келді, редакцияда біраз сөйлескенсін, үйге алып келіп, қонақасы бердік. Алматы апорты жайлы өте тартымды әңгіме айтып берді.

Мына бір блокнотта:

Әбдіжәміл Нұрпейісов бірде редакцияға қасында «Ширпотреб-союз» бастығы Жаңабай Жансүгіров бар, келді. Коллективпен суретке түсті. Содан менің кабинетіме келіп, біраз әңгімелестік. Жаңабай күліп отырып:

– Тәке, мынаны қарашы, жазушының шиланы қалың ба, «әлде «мені ширпотреб»,- дейді ғой осы халық. Менің шиланым қалың ба?», - деп Әбеге қарады. Әбе тілсіз Жаңабай інісіне бұрылды.

Кейін білдік, Құландыда әкесі Керімге құлыптас-белгі және өзіне орын белгілеуге барып жүр екен.

Иә, көбіне, Әбе жалғыз келіп, жалғыз кетеді. Әрине, өзі білетін шаруалар ғой. Әбені көрген сайын сонау 1949 жылдардағы екі қызының тағдыры есіме түседі-ау.

Бұрын айттым ба, жоқ па ол, есімде жоқ. Ахмет Жұбанов Шалқарға келгенде, аудан басшылары болып Аханды Мұғалжар тауының өткелінен – Жем бойына өтетін автокөліктер бұлақтың батпағына батып тұрып қалдық. Арғы беттен келе жатқан біреу, автожүк машинасының кузовы толы тақтайын, аудандық милиция бастығына бермей, өткелге төсеуге, біраз әуре болып тұрғанымызда, артымыздан жалғыз өзі Әбе келді. Сөйтті де таудың бір бауырына отыра қалып, блокнотына жаза бастады.

Өткелден Аханды өткізіп, Жұрын ауданының басшыларына аман-есен тапсырып, біз кейін ауданға қайттық. Ашық пікірге, көп сөзге жоқ Әбе әркез салқын қабақ танытып жүреді-ау дейміз. Немесе, жол жүргенсін жас – келді, шаршайды шығар ...

ҰЛЫ ДІНТАНУШЫ МАТАЙ ЖИЕНІ ИМАНҒАЛИ

Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетовтің туған нағашысы, анасы Ділданың биологиялық әкесі Матай Қоқанов бір емес, екі рет абақтыда отырып, әрине, «молдасын» деп кешегі кезде отырғызған ғой, елге оралғансын Құландыға бармай, Шалқар шаһарында тұрды. Мешіттің имамы болды. Бұрында жазғанмын бір кітапта, ата мен бала екеуміз баррикаданың екі бетінде жұмыс істесек те түнделетіп, жасырын үйіне барып, әңгімелесетін едім. Сол әңгімелер осы жолдардың авторының *«Тарихтың қанды іздері»* тарихи деректі роман – эпопеясына көп жағдайда арқау болды.

Иманғали Нұрғалиұлы сол нағашы атасы дүние салғанда, оның алдында да әкесімен. анасы-Ділдаммен бала күнінде Шалқарға.

Құландыға атасымен баруға екі рет келіп кетті. Ол келгендерінде автобуска отырып келіп кетіп жүрді.

Иә, кейін ел таныған, жер таныған қайраткер болды. Қазақ үкіметін басқарды, бірнеше облысқа әкім болды. Министр болды. Алматы қаласының әкімі болғанда қабылдауында болып, біраз әңгімелесіп, атасы Матай, әкесі жайлы қызықты эпизодтар айтты. Мен жоғарыда аталған кітапқа қолтаңба жазып ұсындым. Рақметін айтты.

Т.Қ. БӘСЕНОВ: «МҰҚАН, НАҒЫЗ БАТЫР ҚАЗАҚ ЕДІ ...»

Міне, сол Азамат жайлы жазылыпты мына блокнотта. ... 1965 ж. АЛМАТЫ. Жоғары партия мектебінде оқып жүргенмін. Бірде маңдайымда екі көзден жоғарырақ бір томпақ болатын. Партия мектебінің хирургі Харченко көріп, операция жасауға ұсыныс жасады. Содан кейін маңдайымды таңып берген. Кешкілік Төлеу аға үйіне келдім. Аға бірден:

– Автокөлігің бар ма?– Бар дедім, бірақ «Москвич».

– Онда Госкомиздат бастығы Мұқамбетқали Сужиковке кіріп шықшы,- деді.

Келдім, өте жылы қарсы алды. «Жұмысыңды айта отыр, қарағым»,- деді.

Званок беріп бір кең кеуделі еуропалық тұрпатты әйелге:

– Ақтөбе, Шалқар редакциясы. «ГАЗ-ик» заводына осы адреске бір автомашина жібер деп, хат жаз,- деді.

Бір ай шамасында «ГАЗ» автомашинаны теміржолдан түсіріп алдық.

Кейін ағайыма айттым, болған жайды. Аға:

– Ол нағыз батыр, ұлы аталарың Көтібар, Есет сияқты. Есінде бар ма, ол ағаң 1958 жылы Семей обком партиясының бірінші хатшысы болып тұрғанда, атом полигонын жабу туралы А.С. Хрущевке хат жазған. Кейін Қорғаным Министріне телефон соққан батыр. Әңгіме елге тарап кеткен. Хрущев араға екі айдай уақыт салып «Правда» газетіне М. Сужиковты «шаруашылықты білмейді» деп сынатып, ақыры босатып жіберді. Сөйтіп тірі құдайға, көріп алатын құдайға бірінші тікелей хат жазған. Қазақ атом полигонын жабу жайлы. Иә, қанша қазақ қырылып жатқанын сол полигоннан, академик С. Балмұханов ағаң да айтқанды,- деді.

Рас, алпысыншы жылдары Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы М. Сужиков полигонға қарсы сөз айтамын деп, осы-

лай босатылды. Сол батыр басшыны колдап, ер жүрек Қ. Бозтаев та қызметінен кеткен еді.

* * *

«Наурыз айындағы «Алматы ақшамы» газетінде, осы жолдардың авторы туралы мақалада, Қазақстанда сутегі бомбасын сынау кезіндегі халыққа тигізген зардаптарды былай келтіреді: *«Шалқар ауданында Ақтоғай деген совхоз болатын. Оның іргесінен Дауыл деген өзен ағады. Осы өзен жағалауынан совхоз малына жыл сайын шөп дайындалады. Өзеннің бас жағында «Эмбі-5» деп аталатын жабық әскери қалашық бар. Сол қалашықта тәжал бомбасын жасайтын және ракета ұшыратын полигон орналасқан. Қалашықтың қасында жер астына 20 метр тереңдікте ракеталар орналасқан. Ракета ұшатын кезде әскерлер ықты-жарға қарамай, шөпшілерді малина қуып салады.*

1973 жылы осы шабындықтан 90 мың буылған шөп дайындалады. Оны жеген кеңшар малы түгелге жуық қырылып қалады. Аман қалғанынан алты аяқты бұзау, екі басты қозылар туды. Ең жан түршігерлігі сол – біздің көрші әйел аяқ-қолы, жыныс мүшесі жоқ бала туды. Мұндай сұмдықты бұрын кім көрген. Ел жағасын ұстап шошынды.

...Сол жылдары жүні жоқ бота, бұзау, қозы-лақ туды. Құрбақа, жылан сияқты жып-жылтыр құбыжықтар. Көрген адамның жаны түршігеді. Малдың қасына баруға қорқатынбыз. Бұл көрініс өмірде есімнен кетпейді»,- депті автор (Т.Т.) «Алматы ақшамы», №38, 26.03.2011 ж.

«Алматы ақшамының» осы материалынан үзінді келтіріп, Назрахмет ҚАЛИ «ЕҚ» газетіне (23 тамыз, 2011 ж., www.egemen.kz) аса көлемді мақала жазды.

ІДІРІС БАТЫР ТУҒАН ЕЛІНЕ «ЖЕТТІ»

Обком редакцияға жіберді. Әрине, бұл салада сонау 1947-1949 жылдары университетке оқуға келгенге дейін де жұмыс істеп, біраз қыры-сырын аңғарып қалған едім, бірден алып кеттім. Журналист – жаңалық жаршысы ғой. Үнемі ізденіс үстінде болу керек. Бір бөлмеде 5-6 адам отырамыз. Сәске түсте бір белі бүкірейген аяғы «үшеу» әже кіріп келді. Орнымнан ұшып тұрып сүйеп қасыма отырғыздым. Әже ентігіп қалды. Бетін түгелдей әжім басқан, еріндері кезеріп қалыпты. Көздері сөніп барады:

– Балам, мен Ідірістің анасымын. Кешегі соғыста жазым болды деген қара қағаз келгенін естідім. Ол рас па, өтірік пе, білмеймін. Мүмкін тірі болар. Ал сол балам жайлы бір анық хабар алып берші деп өзім келіп отырмын. Келінім сол редакцияға жоғары білімді, іс тәжірибесі бар Төреханов деген бір балаң бар, сол көмектесер дегенсін, іздеп келіп отырмын, балам,- деді де босап кетті. Егі-егіне тимей, көзінін алдын сүртті. Бірақ көзінен жас шықпады, суалып қалған-ау деймін.

Әжені тыңдап, аты-жөнін жазып алып, ертеңіне аудандық әскери комиссариатына келдім.

– Иә, ондай азаматтың майданға алынғаны жайлы документ бар. Басқа ешқандай дерек жоқ,- деді комиссариат капитаны.

Ойланып отыра-отыра Мәскеуге, СССР Қорғаныс Министрлігіне орысша (білгенімше) хат жазып, журналист, СССР Журналистер одағының мүшесі, соңына СССР Журналистер Одағының Құрылтайына шақыру қағазбен қатысқанмын. 1958 жылдан мүшесімін. А.С. Хрущевтің журналистер съезінде көргенмін, кездескенмін деп те жазып жібердім. Әрине, өтірігі жоқ, солай болған-ды.

Арада үш ай өткенде Мәскеуден Қорғаныс Министрлігінің Бас Архив Басқармасынан хат келді: Сіздің сұраған жауынгеріңіздің фамилиясы, аты, туған жылы т.б. даныйлары келеді, бірақ облысы, ауданы келмейді. Ідіріс Үргеншбаев фашистермен Днепр шайқасында ерлікпен қаза тапқан. Кейін Совет Одағының батыр атағы (посмертно) берілген. Ал адресі: Акмолинская область, Чернышевский район деп жазылыпты. Ал сіз Актюбинская область, Челкарский район деп жазыпсыз. Бізге Ідіріс Үргеншбаевтың туған жылы, жері, ауданы, облысы жайлы жергілікті үкімет орындарынан ресми қағаз-документ жіберіңіз, оған дейін біз Ақмола облысының әскери комиссариатына сұрау саламыз депті.

Екі айдай уақытта СССР Қорғаныс Министрлігі Ақмола облыстық әскери комиссариатынан хат алған, ондай адам біздің облыстан майданға (1941-1945) алынбаған депті. Наградаға ұсынылған барлық қағаз-документтерін, батырлық алған листогын заказное хатпен маған салып, әрі менен кешірім сұрай жіберіпті Қорғаныс Министрлігі.

Қуанышта шек жоқ. Редакцияның қызметкері Аманбай Көздібаев екеуіміз екі доғалақты мотоциклмен анасы – Камбиді, Ідіріс әйелінің майданға аттанғанда анасының құрсағында қалған баласын – Аманкелдіні іздеп, бірнеше күннен кейін тауып алдық. Аудандық газеттің үш нөмеріне зерттеу очеркін жаздым.

Сонымен наградаға ұсынылған қағазда: И. Ургеншбаев 1912 жылы туған. Ақтөбе облысының Шалкар ауданында деген деп тұретін

беріпті және 1943 жылы Днепрден өту кезінде жаудың тоқсаннан астам солдаттары мен офицерін өлтіріпті, өзі осы ұрыста ерлікпен қаза тапқан. СССР Одағының Батыры атағына ұсынылған. Өлгенінен кейін берілген делінеді.

Кейін Шалқар қаласынан көше аты берілді, бюстісі қойылды. Осы жолдардың авторы аудандық топономика-ономастика комиссиясына төрағалық еткен жылдары бұл игілік жүзеге асты.

МӘСКЕУ – ҚЫЗЫЛ АЛАҢ – КӨСЕМДЕР МАВЗОЛЕЙІ

1958 жылы ауданның бір топ еңбек озаттары Мәскеу КСРО халық шаруашылығы көрмесіне баратын болды. Оларға басшылық етіп алып баруға және көрмедегі көрікті іс-тәжірибелерді газет арқылы насихаттауға маған да тапсырма берілді. Иә, көрмеге барып, көп істермен, озық тәжірибелермен танысып, елге кейін өзім жұмыс жасап отырған газеттің 4-5 нөмеріне бір беттік, екі беттік «Көрмеден көргендеріміз», - деп мақалалар бердім.

Сол сапарда Қызыл алаңдағы Ленин-Сталин мавзолейінде болдық. Суретке түстік. Оны газетке бердік.

... Мавзолей. Адамдар өте көп. Екі сағаттай кезекте тұрдық. Қыбыр-сыбырсыз бірімізге біріміз карамай, тіл қатпай, баспалдақпен екі көсем жатқан жерге келдік. Ленин әйнекті табыттың ішінде «кіп-кішкентай баладай» болып «ұйықтап» жатыр. Еске университетте оқыған Марксизм-Ленинизм ілімдері, еңбектері түсті. Иә, ол заманда Ленинге, К. Маркске ешкімді тендестірмейтін едік, бар еңбектерін жатқа айтатын едік, семинарда, емтихандарда. Иә, ылғи «отл.» деген баға болатын зачетная книжкамда.

Міне, И. Сталин жатыр ұйықтап. Аса сұсты, қою қасты, мұрты жебедей, ұзын, сол қолын төсінің үстіне қойған. Генералиссимус формасындағы кителмен, қызыл жолақты галифе шалбарымен жатқызыпты. Тірісінде бұл көсеммен қалай қызметтес болғанын ел қайраткерлері диалектикалық материализмнің, мына мәңгілік ұйқыдағы кісінің келбетін көрудің өзі қорқынышты. Өте ауыр. Есіме КПСС-тің қысқаша тарихы оқулығы түсті-ау. Тарихи материализм мен диалектикалық материализм тараулары көз алдыма келді. Жатқа білетін жайттарды, ережелерді есіме алдым ...

АҚБАЛА ӘЖЕМНІҢ АНТЫ...

1961 жылдың маусым айы-ау деймін. Алматыға Қазақстан КП Орталық Комитетінің шақыруымен келгенмін. Бірден қонақ үйге орналасқансын, Бәсеновтер анасы Ақбала әжеге сәлем беруге келдім. Әже көңілсіздеу екен, сұрадым, үндемейді.

– Әже, балаларыңыз қайда?– дедім.

Әже шешіліп кетті, шайын құйып отырып, ернін жымқыра, бетінің сайы тереңдей.

– Әлгі Мұхтар Әуезов қайтыс болыпты,- деп барып тағы үнсіз қалды. Содан кейін:

– Төлеу мен Гауһар көңіл-қайыр айтуға кетті ғой ...

– Әже, сіз неге бармадыңыз? Әженің көңіл-күйі болмады.

– Несіне барайын, талай үйімізде болды. Сонда мен қанша айттым. Менің атамды «Басыбар» деп жазып, тіпті келеке-мазақ етіп сахнаға шығарды. Ана Асқар Токпанов балам да талай рет өзгерт,- деп айтты емес пе?! Бірақ Мұхтар маңдайы терлеп, күлімсірей берді. Осы Мәскеуге емделуге кетерде Төлеуге: «Төлеу-ау, осыдан бір апта бұрын түсіме Көтібар ата кірді. Бас жағымда қылышын қынабынан суырып алып, маған суық көзін салды да, қылышын көтеріп алып, маған өте жақын келді. Сол кезде ұйқымнан шошып ояндым. Валентина: «Не болды?»,- деп мені жұлқылай үстімнен көрпемді сыпырып алды. Батырдың соңғы сөзі: «Сен енді қайтып оралмайсың!»,- дегендей болды. «Айтайын дегенім, Төлеу-ау, аруақтармен ойнап, тарихты бұрмаламау керек екен. Сорлағанда мен қазіргі билікке жақындау үшін берілгендігімді білдіріп, аман қалу үшін сондай қадамға барған едім. Әжеге де, Асқарға да уәде беріп едім, өзгертемін деп, бірақ уақыт жетпеді. Мен Мәскеуден бұ дүниелік болып орала қоймаспын»,- депті.

– Аруаққа тіл тигізу, тәу етпеу – кешірілмес күнә! Балам есінде болсын,- деп әже терең күрсініп, көзінің алдын кимешегінің етегімен қайта-қайта сүртті.

– Әже-ау, дүние үшін емес, күні үшін, аман қалуы үшін сондай қадамға барған ғой.

– Аруаққа қиянат жасаған пенде ерте ме, кеш пе сазайын тартады. тіпті өзі тартпаса, үрім-бұтағы да тартатын болады,- деді әже.

Иә, менің ұлы ұстазым еді ғой. Іштей қайғырып, КазГУ-де Абайтанудан дәріс оқып жүргенде: «Ағай, қазақ халқының пір тұтқан аруағы, елінің алмас қылыш ел қорғаны емес пе? Батырды бұлай сахнаға шығаруды халық түсінбей-ақ қойды,- деген едім. Екінші рет қазіргі Мұқан Төлебаев көшесіндегі үйін саларда Төлеу Бәсенов ағамен келгенде айтып, еске салған едім. «Пәлі. Қос батырдың тұяғы

екенсіңдер ғой. Түзетемін» дегенін де еске алдым. Бар ойымды жинап қойып, ұлы ұстазымды соңғы сапарға шығарып салуға Төлеу ағамен барып қоштастым.

«Отыз үшінші жылдың күзінде М. Әуезовтің «Айман-Шолпаны» оқылады екен деген хабарды есітіп, мен де үкімет үйіне келдім... Ол екі ауыз ғана сөзбен мәжілісті ашты да, Мұхаңа пьесаны оқытты... Пьеса тыңдаушыларды қанағаттандырды. Тек өзінің соңғы қысқа сөзінде Темірбек»:

– Мұхтар! Осы «Басыбар» демей-ақ, сол шалдың азан айтып қойылған «Көтібар» атын өзіне қайтарсақ қайтеді. Қаншама мәдениетті ат қоямын, жаңа буыннан ондайды жассырамын дегенмен басы болса адамның басқа да жақтары болатынын бәрі де біледі ғой. Шекспир бұл жағынан аса қысылып-қымтырылмаған көрінеді ғой,- деді.

Отырғандар да біраз күліп, Мұхаң бұл ұсынысты қабылдады, сол арада-ақ келісім беріп, Көтібар өз атымен қалды.

... «Айман-Шолпан» бірнеше айдың ішінде 101 рет қойылып, бәрінде батырдың азан шақырылып қойылған тарихи атымен көрсетілді»,- дейді академик Ахмет Жұбанов жоғарыда жазылған естелігінде. *«Егемен Қазақстан» газ., 2 қазан, 2013 ж.*

ӘЖЕ ТАҒЫ БІРДЕ: Темірбек Жүргеновті есіне алып, Ахмет Жұбанов үйде бір болғанында, Төлеу аға айтып отырғанын естігенмін,- деген еді.

– Қайтейін, Мұхтар Темірбек ұсталып кеткесін атамның есімін қайтадан «Басыбар»,- деп өзгертіп, онысымен қоймай, халқы үшін өмірін сарп еткен ұлы батырды келеке етіп көрсетті емес пе? Мұны батыр аруағы кешіре қоймас,- деп Әже кимешегінің етегімен көзінің алдын сүрткен еді. *Алма-Ата, 1950 жылдар.*

Ұлы композитор Ахмет Жұбанов: «Жүргеновтің кабинетінен шыққанда, Алатауды айырып, Қаратауды қайырып шығатындай күш-жігермен шығатын едік» десе, белгілі қайраткер-ғалым Күлшат Себепова: «...оның қайраткерлік тұлғасы қоғамдық қызметі мен каламын қатар алып жүрген Е.Р. Дашкова, Ф.Ф. Раскольников сияқты қайраткерлермен теңеседі». *«Қазақстан-Заман» газ., 12.12.2013 ж.*

Еске салатын, Есет Көтібарұлының туғанына 190 жыл толуына орай, Есет – Дәрібай кесенелерін қайта тұрғызуға арналған мемлекетаралық тойға ақындар айтысына дарабоз, акын *Баянғали ӘЛІМЖАНОВ* сонау Көкшетаудан келіп, бас бәйгені жеңіп алған еді. Сол айтыстағы жырдың бір-екі шумағын келтіруді жөн көрдік.

*Есет пен Дәрібайды мақтау үшін,
Алдымен, мақтау керек Көтібарды.*

*Айғайлап мақтан етіп айтыңыздар,
Атынан Көтібардың қаишаңыздар!
Көтібар дұшпанына ат ойнатқан,
Елі үшін қайтпаған зой жанған оттан!
Көтібар батырлардан біз қаишаймыз,
Сақтасын, тайғақтардан,
Көті жоқтан!- дей келіп, дауылпаз акын:
Мұқаңның өзі дағы қысым көріп,
Жазған зой Көтібарды «Басыбар»,-*

деп тыңдаушы жұртшылыққа кешегі Кеңес заманындағы шындықты түншықтырған жайды еске алды.

Шалқар ауданы, Шолақжиде – Құлдан қыраты, 1993 жс.

Айтулы дарабоз акын *Баянғали ӘЛІМЖАНОВ* Көтібар Бәсенұлының кесенесін қайта тұрғызған мемлекетаралық үлкен тойға да шақырылған еді. Заманының даңқты батыры, серкесі, серісі Көтібарға арналған акындар айтысында да бас жүлдені жеңіп алған болатын. Жүз жасаңыз, Ел тұлғасы! *Мұғалжар ауданы, Елек өзенінің басы – Көктөбе қыраты, тамыз, 2000 жс.*

«Көтібарды білмейтін қазақ жоқ. Ол бір өлкенің, не бір өңірдің батыры емес, бүкіл қазақ халқының батыры». Сәбит МҰҚАНОВ, академик-жазушы, «Социалистік Қазақстан», бүгінгі «ЕҚ» газеті, 27 ақпан, 1941 жс.

Еске сала кетейін, академик-жазушы *М. ӘУЕЗОВТЫҢ* осы «*Айман-Шолтан*» пьесасы жайлы жазған сын рецензиясының мазмұны «*Дала Геркулесі*» (142-143 б.) кітабымда толығырақ берілген.

ҚАЗАҒЫМНЫҢ ҰЛЫ АНАЛАРЫ

Осы жолдардың авторы білетінде:

- *Тұмар ханым.*
- *Домалақ Ана.*
- *Айша бибі.*
- *Қасымханның Анасы – Жағанбике.*
- *Тәуке хан мен Есім ханның Анасы – Жақсыбике.*
- *Көтібар батырдың ұлы Анасы – Нарбике.* 103 жыл ғұмыр кешкен ұлы еңбеккер Бәсен мен Нарбике некесінен тарихта «Бес Бәсен» болып қалған Жандәулет, Ақпан, Тоқпан, Көтібар, Көбес.

Ұлы Есет, Дәрібай Анасы – *Айсары.* Ол – Көтібар батырдың жан жары. Қазақ әлем тарихына енген. Сарыбөпе, Сатай, Шынтемір, Матай, Есет, Дәрібай – алты тұлға.

Осы Бәсен әулетінен Құлшаман, Төрехан. Құлшаман мен *Ақбала* әже некесінен әлемге танылған қазақтың тұңғыш ғалым сәулетшісі Төлеу, қазақтың тұңғыш түсті металлургия және алтын кен өндірісінің инженерлерінің бірі Нәби. *Ақбала* әже ғасыр жасап, дүниеден озды. Алматының пантеоны – Кеңсайда ұлы екі перзентімен мәңгілік мекенінде.

Жауынгерлік қол бастаған *Бопай Ана*.

Ел билеген *Айғаным Ана*, Уәлиханның жесірі. Шоханның ұлы Анасы.

Ұлпан Ана. Ақтөбе шойын жолына қарайтын өңірде, Шалқар көлінің жағасында Ұлпан Ана атында шойын жол бекеті бар. Осы жолдардың авторы дара каламгер, мемлекет қайраткері Ғабит Мүсіреповпен болып, талай әңгіменің тиегін ағытқанбыз.

Ұлы Есет Көтібарұлының кенже келіні атақты *Таразы ақын* – *Ана*. Тарихта бірінші сүйікті атасы Есет дүние салып, келесі жылы мазар (кесене) орнатып, ас беруге жиналған қазақ жұртшылығы алдында Атасына 15 шақырым жерден жеті-сегіз қыз-келіншекті ертіп, жаяулап, жоқтау айтып келген келіні, ақын Таразы осы.

*«Ата-еке құтты болсын салған Ордан,
Әйелге бұйрық емес келдім зордан,
Әркімнің ата-енесі – әулиесі!
Жаяулап зиярат еттім жсары-жолдан...»*, –

деп басталатын жоқтауы бар...

Олардың некесінен Қанди, Әби, Әбіш атты қайраткерлер дүниеге келді. Қанди қой қораға түскен құтырған қасқырды жалғыз өзі буындрып өлтірген...

Ал ұлы данышпан Абайды тәрбиелеп өсірген *Зере* мен *Ұлжан Аналар* да биік бір ұлы Аналарымыз ғой.

Қазақ халқының ақпа-төкпе жыраулары қалдырған даңқты дастандарындағы *Ақжүніс*, *Қыз Жібек*, *Құртқа*, *Баян-сұлу*, *Айман-Шолпан Аналар* да бірнеше толқын ұрпақтарға бір тағылым ететін Аналарымыз емес пе?

Шалқар қ., 1991 ж.

«ОНДА, СТАЛИН ЖАСАМАСЫН!»

Аудандық партия комитетінің бюро мәжілісі. Әдеттегідей, партия қатарына адам алудан басталады ғой мәжіліс.

– Қойлыбаев Берік жолдас, партияға қабылдандың! Келесі көктемде әр жүз саулықтан 110 козы алуға уәде бер.- деді бірінші секретарь.

– Уәде беремін! Жасасын Сталин!- деп дауыстады шопан.

- Сен не деп тұрсың? Сталиннің өлгеніне он жыл болды ғой- деді бюро мүшесінің бірі.
- Кешірім сұраймын. Онда Сталин жасамасын!
- Өлген кісі жасамайды ғой,- деді тағы бір бюро мүшесі.
- Қалай десеңдерде Сталиннің рухы жасайды ғой!- деп шынын қойып қалды шопан.
- Мынаны партия қатарына алмау керек,- деді бір бюро мүшесі.
- Кешірім сұраймын, ұлылардың аруағы, рухы өлмейді,- деді Берік көзін жыпылықтатып.
- Қысқарт! Боссың!- деді бірінші хатшы.

1963 ж.

Иә, Ой, ойлану-шығармашылық оңашалықты, тыныштықты, та-
лап етеді.

ҰЛЫ ҚАЙРАТКЕР ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВТЫҢ БАСТАУЫМЕН

1989 жылдың февраль айында Олжас Сүлейменовтың бастауымен «Невада-Семипалатинск» қозғалысы құрылды. Мақсат атом бомбасын сынауды тоқтату. Олжастың бұл адамзатты аса қатерлі апаттан аман алып қалу жөніндегі ұлы Бастамасын бүкіл Қазақстан және Әлем қолдады. Бұл қозғалыс жайлы жүздеген елдердің баспасөздері, телевидениелері, радиолары талмастан жазып, көрсетіп отырды.

Шалқар қ., 1989 ж.

ЖАСА, ОЛЖАС ОМАРҰЛЫ!

Қазақ елі Тәуелсіздік алғансың 29 тамыз 1991 жылы ел басшысы Н. Назарбаев халықтық ұлы қозғалысты негізге алып, Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойды.

03.09.1991 ж.

Осы жолдардың авторы сол заманаларда Мұғалжар тауының батыс етегіндегі «Эмба-5» полигонында, академик А. Сахаровтың қабылдауына өңір басшыларымен болған еді. Иә, ол жайында Республикалық баспасөздерде бірнеше рет жазғанмын. Сондай-ақ, қызмет бабымен жүріп Жарқамыста, Қарауылкелдіде, Ақбұлақта, Қалдайбекте болып, жарылыстан опат болған талай трагедиялық оқиғаларды тыңдап, есіткенмін.

1972-1989 ж.ж., ескі блокноттан көшірілді.

ҚАЗАҒЫМНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІ, БІРЕР СӨЗ

Көкті жұлма, суды сапырма, үйде айғайлап жүзгірме, үлкендердің алдын кесіп өтпе, босағаны керме, кәріге күлме! Иә, бұл жас ұрпаққа – университет!

Халықтың салт-дәстүрі – заңнанда биік. Нағашыбай ШАЙКЕ-НОВ, ұлы заңгер тұлға.

Тауына қарай – аңы, заманына қарай – заңы! Халық СӨЗІ.

Өз тілін білмеген басшыдан сол ұлтқа жаны ашитын қайраткер шықпайды. Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ.

Елге келсең, алдымен, үлкендерге сәлем бер. Уақыт тауып әр үйге кіріп шық, ас ауыз ти.

Қазағым «келін», «жеңеше» сөздерін ардақтай білген, ұлағат тұтқан. Ал бүгіндері жастары 70-80 алған қарт әжелерден шалдарының есімін сұрасаң, саған салқын көзімен қарайды. Себебі, күйеулерінің атын, есімін өмір бойы айтпаған. Ал қайындарына әдемі аттар қойған. Қайын – қайын аға есімдерін де атамаған. Бұл ұлылық дәстүр, салт, үлкен ізеттілік, мәдениеттілік халыққа сіңіп кеткен.

Ал мыныларды қалай түсінуге болады:

– *Қазақ болып туғанымға қуанамын дейтін қазақ бар,*

– *Қазақ болып туғанымға жылаймын дейтін қазақ бар.*

Ойланып оқырман жауабын өзі айтар деп жауап қайтармадым.

БІР ЖАҒЫМСЫЗ, ҰЛТҚА ТІЛ ТИГІЗГЕН МЫСАЛ. Алматы-Мәскеу жүрдек пойызының купе вагонында келе жатырмыз. Есімде қалмады, қай бекет екені, ерлі-зайыпты екеуі мінді вагонға. Әйелдің құшағында жасы екіге жуықтаған болар, бала бар, аяқ киімсіз, ескілеу пальтосына орап алған. Ал күйеуінің үстінде тон. Көзі тоқтамайды, сынаптай ағып біресе оңға, біресе солға, біресе төмен, біресе жоғары ағып тұр. Шамасы араққа тойып алған. Бір кезде әйеліне қабақ түйе қарап:

– Ақша бер!

– Неге?

– Ақша бер! Бер дегенсін бер! Арақ ішем! Болмаса, қазір пойыздан құлап өлемін!

Давай, давай!- деп әйеліне қол жұмсады. Әйел өкіріп жылап:

– Ақшаны мана ғана бердім ғой. Қашанғы ішесің? Менде ақша жоқ,- деп күңіреніп отыр.

– Сен «сука», ақша бер, сені де пойыздан лақтырамын!- деп зіркілдеп әйелін жұдырықтай бастады. Сол кезде жолсерік:

– Токтат! Қазақ халық емес, адам емес!- деп айғайлады. Сол кезде бір қарт жетіп келін:

– Әй, ит болмасаң, қойшайшы, ұлтымызды мына орыс әйеліне сөктірдің ғой,- деп алқымнан алды.

1999 жыл.

ӨМІР ҮШІН АРПАЛЫС

1990 жыл. Түн ортасы ауған кез. Жалпы ауру, көп жағдайда түнде, түн ортасы ауа, таң сәріде басталады. Осы мерзімде біреулерді бақилыққа алып кетіп жатса, біреулер көзін алартып, табанын тіреп өмірі үшін, тіршілік үшін өліммен арпалысып жатады.

Түннің екінші жартысы болар, ішімнен сол оң жақ қабырға астынан басталған приступ екі дүниенің арасында қалдырды. Естен айрылдым. Үйде маған көмек беретін адамдар басқа бөлмеде. Етбетімнен жатып 03-ке қоңырау шалдым. Одан әрісін білмеймін.

Шалқар ауруханасы. 31 желтоқсан болар. 1 қаңтар әркім жаңа жыл деп ойын-сауық құрып кеткен болар. Бірақ бас дәрігердің емдеу істері жөніндегі орынбасары Айсан Сүлейменов әркез қасымда болды. Бір апта қарады, тексерді. Ештеңе айта алмағанын кесіп айтты. Енді не істеу керек?

Сол Айсанның қимылдауымен Ақтөбеден санитар ұшақ шақырылды. Облыстық ауруханаға жеткізетін қасымда сары қызым, келінім болыпты. Ал бұл іске мұрындық болған бәйбішем Балзада Шәмшіқызы бар тіршілікті жинақтап, бірден телефонмен Обкомның бірінші хатшысы Золоторевке шыққан. Ол кісі облыстық мәжілістің хатшысы Рамазан Нұржановке тікелей тапсырма берген екен. Олардың бәрін кейін білдім.

Облыстық бас дәрігер Аймағамбетовпен аз ба, көп пе жолдастығым, пікір бірлігі болатын. Ол өзі бақылауға алып, диагнозды қолға алды. Иә, бір апта осы облыстың ауруханасында болдым. Содан ол бас дәрігер балаларыма:

– Менің аса қадірілейтін ағам еді. Қолдан келгеннің бәрін жасадым. Бірақ диагнозын қоя алмадым. Енді не істерімді білмей отырмын. Ағаның жағдайы өте ауыр. Қанша күн қалғанын тап басып айта алмасам да қиын жағдай депті.

Облыстық атқару комтетінің тапсырмасымен Алматыға санитарлық самолетпен жетіппін. Кейін білдім, Алматы әуежайы ауа-райы болмай самолетті қабылдамай Жамбыл әуежайында тоғыз сағаттай отырыппыз. Алматыға келінім, қызым алып келіпті. Балам академик бас директорымен келіскен Сызғанов клиникасына әкеліп жатқызған. Мұнда да бір апта бойы диагнозын қоя алмай әуре болған. Ақыры басқарушы академик томографияға салып, көріңдер деген.

Анықтаған: өті үсіп кеткен, іші толы ірін. Оң бүйрек үсіп кеткен, істемейді.

Операция төрт сағатқа созылған. Оны басқарған академик, операцияны жасаған Бауыржан Наржанов, микрохирургия кафедрасының меңгерушісі Махмұдов болған.

Академик арада бір апта өткен соң, кроватымның аяқ жағында отырып:

– Құрметті емделушім, кешіріңіз, жиырма күндік қана өміріңіз қалған екен,- деп менің қаламгер, журналист екенімді сұрап алды. Артынан «қасапшы» Бауыржан Наржанов келесі күні келіп:

– Ағасы сізге кемі он-он бес жыл өмір береміз. Енді майлы тамақ т.б. әдеттерді қысқартыңыз, диета сақтаңыз. Оданда біз берген мерзімнен де ұзақ ғұмыр кешесіз,- деді.

Бұл 1991 жылдың қантар айының аяғы болатын. 13 ақпан күні қызым елге алып келді.

Таң сәріден үйге достарымыз да, қастарымыз да келді. Достар достығын, тілектестігін, бір халыққа қызмет етуші пенденің аман-есен келуіне, өмірге оралуына қуана, ажарымды көруге келсе, қастарым, япырымай, тағы да шындықты жария етіп бізді сынау үшін тірі келген екен-ау деп кескін келбетімді байқау үшін келіп, күлімсіреп есік ашқанды. «Тауман қайта жұмысына шыға ма?», - деушілер де болды.

Таң ертеңгісін бірінші келген Ниетқали Көптілеуов еді. Жағдайымды көріп қуанды, аман-есен жаның қалды ғой, аға, амандығыңа інің тілектес, кешіріңізші, сізге бір қызмет көрсете алмай қалдым-ау,- деп жүр едім. Аман болыңыз деп кешірім сұрады. Содан кейін Әбукәкім Данабеков аға келді. Ол біздің аса сыйлас құрдасымыз Шахизада Мұқашовтың ағасы еді. Шын пейілдің адамдары болатын. Сонау 1955 жылдардан жолдас, үзеңгілес аумалы-төкпелі пікірде жүретін Фахат Беркімбаев та келіп сәлем берді-ау.

– Тауман жаным, бүгін, осы жаңа естідім, аман-есен оралғаныңды, үлкен ақ тілекпен келдім,- деп Мәжит аға Сыдықов бас иіді. Қасында біреу бар, ұмыттым ат-жөнін.

ТУҒАН КҮНІҢМЕН

Иә, 15 наурыз менің туған күнім. Осы бір өмір мен өлім арпалысып, өлімді өмір күрес жеңіп, туған елге, ата мекенге оралып, әлі де есті түгел жия алмай отырған мезгіл еді. Тек қана шалқамнан жатам. Еңкейіп беті-қолды да жуа алмаймын. Ол-олма, бәйбішем үлкен легенге, кейінірек ваннаға жетектеп, сүйемелдеп алып келіп, шешіндіріп жуындырды. Бір кезде 89 кг нардай салмақ сол 63 кг ғана болып қалған-ды.

Осы күн менің 60 жылдығым екен. Ауданның барлық активі келді. Үлкен дастархан жайды балаларым. Олардың ішінде, жоғарыда айтқан достарымен, пікірлер көзқарасы жарасқан жолдастармен қатар, қиғаш-қырғи қабақ қастарда келді. Достары, көзқарасы бірлері не айтар екен десе, қарсыластар, сол пікірлерді тыңдауға келген сияқты. Ауданның бірінші басшысынан бастап келген активтер кешті көңілді өткізіп, біраз көтеріп тастады.

Ертеңіне баламның бар төркіндері, жақын-жуықтары бірі қалмастан Ақтөбеден жетті. Ия, бұл күндер де тарихи қуанышты күндер болып Әулет ғұмырына енді.

Араға 3 ай салып жұмысқа шықтым. Асқазанмен кеудені буып, түйіп алып жүрдім. Бірақ 1992 жылдың 30 сәуіріне қызметтен кетуге тоқтам жасадық. Республикалық дәрежедегі дербес зейнетақыға ұсыныс болды. Оны Министр қабыл алып, персональный пенсионер республиканского значения за особые заслуги перед Республикой, - деген зейнетақы тағайындады.

– Иә, мен Жаратушының рұқсатымен әз-Наурызда дүниеге келгем екенмін. Айтар болсам, *Наурыз – парсы сөзі, «Жаңа» деген мағына береді.* Орыстарда «Нов», латынша «Нео», ал мына немістерде «Ное», - деп жазылады да айтылады. *Бұл мереке – күн мен түннің теңескен уақыты.* Демек, таразы басы теңелген мезгіл. Ия, *Бұл сөздерді сонау елуінші жылдары ҚазГУде оқып жүргенімде, араптанушы Әжікеев ата айтып еді-ау.* Бірақ дегендей, тілге салудың қажеті жоқ, себебі 1948 жылдан бері бұл ұлы Күн еске алынбай келеді. Көп жағдайда діни ұғымға – мұсылман дініне ендіріп жібереді. Мына біз оқып жүрген араб тілі грамматикасынан да сезіктенеді. Әрине, кімдер екенін айтпай-ақ қояйын, - деген еді ата.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ШАЛҚАР АУДАНЫН БАСҚАРҒАНДАР:

- Ақсартов – 1928-1929 жж.
- Бұқарбаев – 1930-1931 жж.
- Ахметов – 1931-1932 жж.
- Жұмасейітов Уақат – 1933-1937 жж.
- Бермұхамбетов – V. 1937-ХІІ. 1937 жж.
- Туцев – 14.12.1937- VI. 1938 жж.
- Кұртаев Бимағамбет – 1938-1941 жж.
- Хасанов – 1941-1942 жж.
- Широченко Иван Терентьевич – 1942-1944 жж.
- Байсалбаев Әбу (Әбубәкір) – 1944-1945 жж.

- Бөкешев Дәбен – 1945-1947 жж.
- Төлеуішев Гиният – 1947-1950 жж.
- Құлмұхамбетов Нұрмағамбет – 03.10.1950-23.11.1959 жж.
- Нұрқин Искендір – 1959-1962 жж.
- Алдияров Төлеу – 1963-1973 жж.
- Төребаев Н.Н. – 10.10.1973-11.11.1984 жж.
- Беркімбаев С. – 28.12.1984-22.09.1986 жж.
- Жекеев Мәлік – 03.10.1986-20.05.1991 жж.
- Алдабергенов Б.Ө. – 20.05.1991-20.09.1991 ж.

НАУРЫЗ КӨЖЕ

Тағы бір айтатын жайт «*Наурыз Көже*» деген қалай жасалады? Соны айта кетейін. Наурыз көже жеті түрлі тағамнан жасалады.

1. *Су*. Белгілі, сусыз өмір – тіршілік жоқ. Су-өмір-өзен, ұрпақ-өріс. Тау бұлағындай асыр салып таси берсін дегені болар.

2. *Тұз*. Астың дәмін келтіретін, тіршілікке көз-қуат беретін кілт. Тұз-киелі де қасиетті.

3. *Сүт*. Ақ-сүттен істелген тағам түрі. Қазағымның ақ мол болсын, денсаулыққа жол берсін деп жататын қасиетті тағамы.

4. *Құрт*. Бұл тағамды қазақтар қойдың, ешкінің, түйенің сүтінен ұйытып, содан қазанға қайнатып, одан кейін алақанына салып, илеп ұзынша тауықтың жұмыртқасындай етіп істеп, ши шіптаға жаяды. Бетіне шыбын-шіркей, құм түспесін деп тазалық үшін марлы, не ауа жіберетін жұқа таза шүберек жауып кептіреді, бұл тағамды да қыста соғым сорпасына салып ерітіп, ішеді. Жылқы күзетіне, сапарға шыққандардың қоржын бастарына толтырып салып жібереді. *Фариза Оңғарсынова* қыздың: «*Адам көңілі қалады татым құрттан, Жайсандарды қашанда ...*», - деп басталатын өлеңіндегі құрт тағамы осы. Демек, құрт қуат көзі!

5. *Ет*. Қазақ еттен, оның ішінде жылқы етінен жаралған халық делінеді. Олай дейгініміз жылқыны қолға үйретіп, көлік, ет, сусын еткен жер бетіндегі бірінші халық қазақ делінеді. Оның бес жарым мың жылдай тарихы бар.

6. *Арпа*. Қазақта: «Арпа-бидай ас екен, алтын-күміс тас екен», - деген қанатты да бір замандарда аштықта айтқан қайғылы да сөзі бар. Ал қазір медицинада арпаны жиі қолданады «Овесол» деп аталатын өт, бауыр, жолдарын емдеуде таптырмайтын қосынды болып саналады. Ал Ирақтықтар «Ғажап құтты дән», - деп атайды.

7. *Күріш*. Күріш – денсаулыққа шипа. Адамның ішкі құрылыстарын тазартатын іш ауруларын азайтатын қасиетті дәрі есебіне

қолданылатын мемлекеттер, халықтар көп. Медицинада осы ауруларға қарсы қолданылады.

* * *

Шам қаласынан оралғаннан кейін Мұхаммед 25 жасында Құрайыш тайпасының ақсүйек бай әйелі, 40 жастағы Хадишаға үйленеді. Мұхаммед Хадишадан 6 бала: 3 ұл, 3-қыз көреді. Бір баланы Мәриадан көреді, бірақ біраз ұлдары мен қыздары ерте өліп кетеді. Пайғамбардың ұрпағы – қызы Фатима хазрет Әлиге тұрмысқа шыққан соң барып, осы некеден тарайды.

Демек, бүгінгі араптар Айша анадан, ал Еврейлер Сарадан туып өседі. Өкініштісі күні бүгінге дейін осы екі халық жанжалдасумен күн кешуде.

НЕМЕРЕМДІ ТАНЫТҚАН ӘН ЕДІ

Иә, мына бір блокноттағы қызық оқиғалар: 1993 ж. Менің бір немерем бірінші класқа баратын болды. Қай мектепке беруіміз керек, көп ойландық, ақыры Шалқардың қара шаңырағы №1 қалалық қазақ орта мектебіне беруге шешім қабылдадық. Мектеп директорына немеремді жетектеп алып келіп едім, бірден орнынан ұшып, тұрып:

– Аға, қош келдіңіз, немеренізді мектепке беруге алып келдіңіз бе? – деді жылы шырай танытып.

– Олай болса, жүріңдер, мектепте аса білікті де тәжірибелі шәкірттері мен ұстаздар «Базар апай» деп атап кеткен ұстаз бар, соған барайық, – деп алдымызға түсіп мектеп ғимаратының екінші қабатына алып келді.

– Әп-әдемі сәлемдескен жасы қырыққа толған, орта бойлы, тобылғы өңді әйел-ұстаз. Біздерді көріп:

– Балалар орындарыңнан тұрыңдар! Аталарың келіп тұр. сәлемдесуге! – деп класс толы қарғадай шәкірттерді тұрғызды.

– Мына ағайдың немересін қабылдап ал, – деді директор.

Базар апай ойланып қалды. Беті күренітіп, көзінің алды сызаттанып, не дерін білмей тұрғандай кейіп байқатты. Директорға қарап:

– Бұл класқа шәкірттер комиссиямен алынады. Дарынды деген балалар, міне, отырғандар. Бүгін танысып жатырмын, ертең сабақ басталады. Кешіріңіздер, тіпті бос орын да жоқ, көріп тұрсыздар ғой, – деп сасалақтап қалды. Директор:

– Сол комиссияның бір мүшесімін ғой, – деп күліп қойды.

– Қазір сіздің орынбасарыңызды шақырайын. Комиссия төрағасы еді. Қазір, қазір, – деп Базар апай клас есігін аша беріп еді, іздегенге сұраған, сол комиссия төрағасы келе қалды. Ол бірден:

– Ағайдың немересін сөйлетіп көрейік. Ағайға ұқсаса сүрінбес. Қәне, бәрің де отырыңдар,- деп бәрін отырғызды. Әрине, басқа бос орындық жоқ. Қарғадай шәкірттерді алдымызға алып сыйысып отырдық.

– Ал, атың кім? Фамиляңды білесің бе? - деді төрайым.

– Білем деп, аты-жөнін айтты.

– Енді, бізге, мынау отырған балаларға бір әңгіме ме, ән бе айтып бере аласын ба?

Бала, ештеңеден қысылған жоқ, бетіндегі терін жеңімен бір сүртті де:

*Қимайтын жан екенсің – Жатұяға,
Қарғам-ау, кез болдың ғой қапияда.
Шіркін, мөп-мөлдір жанарың-ай,
Жаз дидаар жамалың-ай.
Қалдым-ау, тіл қата алмай, қарағымай
Қасыңа бара алмадым,
Сездің бе жан арманын?
Еріксіз қалқам саған ән арнадым...-*

деп әнді ырғағына салып айта жөнелді.

Класс, іші су сепкендей қою тыныштық. Апалары мен ағайы – байқаймын, көздеріне жас алып, босап кетті. Өздері орындарынан ұшып тұрып, көздерінің алдарын қолдарының сыртымен сүртіп қолдарын көтеріп, шапалақтап жіберді, шәкірттер де орындарынан тұрды.

– Жарайсың!

– Жарайды Бала! Бақытты бол, ел сыйлайтын, қадыр тұтатын азамат бол! Класқа қабылдадық, құттықтаймыз!- деп төрайым кесіп айтты.

Сөйтіп немеремді әжесі екеуміз құшақтап, бетінен сүйіп, мектепке – бірінші класқа, дарынды балалар класына берген едік.

1993 жыл.

* * *

Кейін шетел университетін ойдағыдай аяқтап, еңбек жолын бастады.

«АБАЙДЫ АЛЫП БЕРШІ, ЖЕП ҚОЯЙЫН ... »

Иә, ауылда тәтті-мәтті аз болады ғой. Бірақ мына кәсіпкер дастарханында тәттілердің неше түрі бар. Алматы, Мәскеу, Ленинград,

Қостанай т.б. жерлердің конфеттері жайнап тұр. Бір кезде бір ауылдың алты ауызы болар, жасы келіп қалған біреу:

– Маған ана Абайды алып берші, жеп қояйын,- деді қасында отырған біреуге.

– Сіз Абайды жеп қойсаңыз, қазаққа Абай қайда?

Онда тәттінің атын Абай қоймасын! Мына орыстарда Пушкин, Лермонтов, Толстой,- деген атты тәттілер жоқ қой, түсінші.

АКАДЕМИК Б.О. ЖАРБОСЫНОВ **БЫЛАЙ ДЕДІ:**

1993 ж. Алматыда КПСС Орталық Комитетінің «Алатау» санаторийіне емделуге келгенмін. Емдеуші дәрігер:

– Сізде кіші дәрет тоқтап-тоқтап жүреді екен. Урология институтына барып қаралыңыз,- деп кеңес берді. Емделу (24 күн) аяқталғансын, институтының директоры академик Б.О. Жарбосыновқа келдім. Иә, бұрыннан білетінмін.

Бірден бір дәрігерді шақырып алып, мені соған жіберді. Ол бәрін қарады. Сонсын академикке сыбырлап айтып, жазып берді де.

– Тауман Алыбайұлы, қаламгер болсаң, көп нәрсені жадыңызда ұстай да білесіз. Айтайын дегенім: медицина ғылымында мынау құпия, мынау ұят дегендер болмайды. Сіздің күмәнданып отырған – аденома, цистит деген аурулар қазақ ұлтына тән аурулар емес. Қазақ үнемі ат үстінде, қозғалыста болған халық. Және ішкені – қымыз, жегені – жылқы еті, бұл бауырды тазалайды. Енді дәрі-дәрмекпен емдейсің. Ал Сізде тап осы тұрғанда мазаланатын көп кедергілер жоқ. Қолдан келсе пышаққа түспеген дұрыс. «Қасапшылар пышақ жұмсағанды ұнатады».

Иә, блокноттың келесі беттерін ашсам, академик урологтың бір пікірі жазылыпты.

– Мына біз айтып, емдеп жүрген туберкулез ауруы да қазаққа тән ауру емес! Оны қазір осы сіздің журналистеріңіз «Құрт ауруы» деп қақсайды, жазады, айтады. Бұл сөз сол ауруға шалдыққан адамдардың қуатын қашырып ауруын мендетеді. Бұл ауруды қазақтар «жінішке ауру» деген. Ол мыңдаған қазақтың біреуінде ғана болатын ұзаққа созылатын болғандықтан «жінішке ауру»,- деп кеткен ғой. Негізінен, орысша айтсақ, туберкулез ауруы. Тұрмысы төмен, ішіп-жемі аз, былай айтқанда, экономикалық жағынан қорғалмаған адамдарда кездеседі. Міне, заман өзгеріп, мемлекет ауысып, аумалы-төкпелі уақытқа келдік. Адамдар жұмыстарынан айрылды, босап жатыр, осы бір өтпелі кезең сол «жінішке ауруды» көбейтеді. Оларды барынша емдеуге жағдай жоқ, дәрі-дәрмек, сапалы тамақ, таза ауа бәрі тапшы.

Демек, талай жайсаңдарды жер қойнына алып кетеді-ау,- деп ойлап отырмыз.

«МЕНИ ТІРІЛТКЕН, МЫНА ГҮЛ»

Тар төсекте таңылған қыздың тек қана салдыраған сүйегі қалған. Белгілі маман психолог келіп, қыздың күй-жайын, халін білді: қызда сөйлесерлік дәрмен жоқ, көзін ашып қарай да алмайды. Еріндері солып қалған. Психолог көп ойланды. Іштей қыздың бұл емдеуден жазылатын түрі жоқ деп түйді. Не істеу керек, ә? Дәрігері мен медбикесіне қарады да:

Бұл қызды жіңішке ауру (туберкулез) әбден мендеткен. Дәрілермен емдеумен қатар, аса сапалы тамақ беріндер. Күтіндер,- дей беріп қыз төсегіне жақын тұрған стол үстіндегі солып, сарғайып, қурап, жапырақтары түсіп жатқан гүлге көзі түсті. Бірден:

Мына өліп бара жатқан гүлді тез алып кетіндер. Орнына жас та әдемі күн санап жапырақ жиятын, гүлдейтін гүлді қойыңдар. Тек суарып жайнатып қойындар. Және айтамын, баяулатып көңіл көтеретін, ән салатын аппарат тұрсын. Мен бір, екі аптадан кейін келіп көремін,- деді.

Психолог екі аптадан кейін қыздың палатасына келді: қыз жайнап, күлімсіреп орнынан тұрып сәлемдеседі.

– Апай-ау, мені тірілткен мына гүл болды. Гүлге әрбір сәт сайын қарап, өзіме мықты ляззат алдым. Гүл қалай, қалай гүлдеп, жапырақ жайса, мен де солай ес жинадым,- деді.

Кавказ, 1988 ж.

«НЕГЕ КҮЛІП ОТЫРСЫҢ, РЕДАКТОР ЖОЛДАС?»

Мына «қойын дәптерім» аталған қызыл түсті блокнотта: «Неге күліп отырсың, редактор жолдас», - деп жазылыпты, №67 дәптер. Сөздері көмескіленіп жазулары өше бастапты. Бірақ бәрі есіме түсе қалды. *1963 жыл, январь (қаңтар)* деп жазыппын.

... Аудандық партия комитетінің бюро мәжілісі жүріп жатты. Иә, облыстағы аса үлкен де күрделі Шалқар ауданы, бес мыңға тарта коммунисті, жиырма мыңның үстінде комсомолы бар, өнеркісібін айтпағанда, 33 шойын жол бекеті, он мыңдай жұмысшысы бар Депосы, вагон жөндеу орны, жарты миллион қойы, елу бір колхозы бар аудан еді. Бірінші хатшы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты сазгер, айтқын, шақпа тілді адам болатын.

Кезек Карл Маркс атындағы колхоз басқармасын тыңдауға келді. Иә, басқарма Берден Көшелеков анау-мынауға ұстатпайтын, сөзден жеңілмейтін жүйрік адам болатын. Хабарламасын аяғына жеткізбей бірінші секретарь тоқтатып:

– Осы сіз бұзаулаған сиырлардың санын жасырып, мемлекетке сүт тапсырудың жоспарын орындамай, партияны алдап жүрсіз! Кәне, шындықты айтың! Болмаса, партиялық мәселенді қараймыз,- деп, басқарманы сөйлетпей қойды.

Басқарма да бірден:

– Жолдас секретарь, өткен жылы жайлау қолайсыз болды ма, сиырлар бұқадан кеш қашты.

– Тоқтат! Сиырлар кеш шыққан болса, бас зоотехнигінің қайда қарағаны?- деп секретарь тарпа бас салды.

– Кешіріңіз, жолдас секретарь зоотехник бұқа емес,- дей беріп еді, секретарь:

– Сен қайда тұрғаныңды білесің бе? Бюро! Қыс ..!

– Жолдас секретарь, осы январдың бүгін соңғы күні ғой. Небәрі бес сиыр бұзаулады.

– Өтрік айтып, бюроны алдағың келіп тұр. Бұл көз бояушылық! Менің қолымдағы информация сіздің колхозда жиырма сегіз сиыр туған.

– Жолдас секретарь, бұл информацияны кім берді?

– Кімі несі, коммунист Базарбай мана айтып кетті.

– Қай Базарбай?

– Колхозда Базарбай нешеу еді? Мен білетін Базарбай біреу болатын.

– Кешіріңіз, әлгі карманщик, карманный ұры – Базарбай ма?

– Иә, Базарбай біреу болса, сол.

– Тағы кешірім сұраймын.

– Қысқарт, рас па?

– Айтайын дегенім, сонда қалай, жолдас секретарь.

Сіз өзіңіз бюро атынан мені колхозшыларға басқармалыққа ұсыныңыз. Колхозшылар бір ауыздан мені басқарма етіп сайлады. Сонда карманщик Базарбайға сенесіз бе, әлде, сайлаған, ұсынған өзіңіз, маған сенесіз бе?

Мен қасымда отырған бюро мүшесінің бүйірінен түртіп қойып, күліп жіберіппін.

– Жолдас редактор, неге, кімге күліп отырсың?

– Сен осы бюроның ведущий бір мүшесіз, күлетін не бар,- деп секретарь маған сұрлана қарады. Сол кезде басқарма қолын көтеріп:

– Кешірім сұраймын. Редактор жолдас бұл ауылдағы алты ауыздарды түгелдей біледі. Оның ойына Базарбайдың бір қылығы түсіп отырған шығар,- деп күле қарады.

– Ол не қылық? Коммунист Базарбайды сіздер қарманщик,- деп қыстанып тұрсындар ғой. Кәне, айт!- деді.

– Базарбай базардан түйе сатып алатын болған. Содан бір қарттан қарызға ақша сұрап алған. Қарт кемпірі скеуі жата жармасып:

– Базарбай жан-ау, қолхат бер. Бұл ақша келінімдікі ғой. Ревизор келіп қалса, ақшаны жұмсап жібергенсін деп соттайды ғой,- депті.

Базарбай қолхат жазып бергенсін кебежеге келіні салып қойған ақшаны санап береді. Арада біраз уақыт өтеді. Базарбай ақшаны қайтармайды. Ақыры қарттың келіні сотқа жүгінеді. Сот болады. Базарбай ақша алғанын мойындамайды. Сот:

– Мына расписканы ақша алғаның үшін берген сен бе? Әлде басқа ма?

– Жок. Мен ақша алдым деп ешкімге қолхат бергенім жок.

– Міне, кара, оқы, мынау сенің қолхатың емес пе?

– Судья жолдас, кәне-кей, көрейін, маған берші, сол қағазды,- дейді Базарбай. Соттың секретары қолхатты Базарбайдың қолына ұстатады. Базарбай қолхатты умаждап жіберіп аузына салып, шайнап, шайнап жұтып қояды. Базарбайдың екі жағында тұрған екі милиция қылғындырып ұстай алады. Сөйткенше болмай, Базарбай қолхатты жұтып жібереді.

Сот та, жәбірленуші келіншек те үнсіз қалады.

– Күәң бар ма?- деп келіншекке сұрақ қояды.

Атасы: «Кемпір екеумізден басқа күә жок»,- дейді.

– Жок, онда Базарбайдың мойнына қоя алмайсындар,- деп сот істі қыскартады.

– Міне, секретарь жолдас сол Базарбайды кейін халық «қарманщик Базарбай»,- деп атап кетті. Сот мәжілісіне журналистерде қатысқан. Ал айтайын дегенім – редактор жолдас ол кезде оқуын бітіріп, ауданға келген еді шамасы. Сол оқиға есіне түсіп отырған.

– Рас па, редактор жолдас?

– Редакторды күәға тартқыңыз келіп тұр ма? Секретарь жолдас,- деді басқарма.

– Саған да, сізге де сөз жок. Сонымен ол суайт болды ғой. Оның партиялық мәселесін қарау керек,- деп секретарь орготделге қарады.

Ол тек суайт емес, қарманщик Базарбай атанған қу,- деді отырғандар күліп бір жымыып.

ШЫНДЫҚ ПЕН АҢЫЗ

Бір тарихи деректер десек ...

Жнырмасыншы ғасырдың 1937 жылы 28 сәуірде жарық дүниеге келген Саддам Хусейн есімі әлемге аян еді. Саддам – араб тілінде

«қарсы тұра алатын», «күресе алатын» деген мағына береді. Жастық шағы аса кедейлікпен, жоқшылықпен өткен екен. Тұңғыш рет өзінің бір жақын туысы Сажидә қызға үйленді. Одан екі ұлды, үш қызды болды. Бала күнінен, көз жұмуға мәжбүр еткен қарсыластар билігінің түрмесінде отырғанда да бау-бақша, гүл егіп суаруды жақсы көрген. Ең бастысы, кітапты өте көп сүйіп, оқыған. Мықты суретші де болған. Ирак елінің Президенті болған. Әлемде көптеген іс тындырған. 80-дей сарай (дворец) салдырған. Екі жүздей еуропалық костюмі болған дейді. Бірақ ешбірін кимеген. Сол сарайларда мыңдаған әлемдік маңызы бар кітаптар болған екен. Елді жиырма төрт жыл билеген ел мұнайынан түсетін пайданың 5%-ін өз шотына аудартып отырған деген деректер бар. Бірақ бір миллиардтан астам доллары бар деп әңгімелер таратылғанымен, қарсыластар басқыншылары бірде-бір қазынасын, қаржысын таба алмаған. Тіпті олар жаппай қыратын атом қаруы бар деп соғыс ашқанмен, бұл деректердің жалған болғанын кіші Буш әлем алдында мойындап, кешірім сұрады. Қанша қан төгілді, бүкіл әлем экономикасы қирады...

Айта кетуіміз керек, ел мұнайынан түскен қыруар қаржы ел игілігіне жұмсалған. Аса бай елдің бірі болды. Әрине, Саддамның, бізше бір мықты қатесі – Иранға қарсы соғыс ашпау керек еді. Бәрі бір арабтар ғой, бәрі Ажар анадан тараған халық емес пе?

Саддам өлеңдер жазған, кітаптар да жазған қаламгер болған. *Саддам тұжырымдамасы: Күшті экономика, қуатты Армия, мықты билік!* Қарсыластары Саддамның Армия басшыларын сатып алып кетті. Мұны Сирияда тұратын қыздары мен жұбайы әлемге жария етті. Болмағанда Саддам біраз шайқасқа төтеп беретін еді делінеді.

* * *

Мы должны жить своей самостоятельной жизнью и внести свое самобытное в общечеловеческое. Зачем нам все тянуться за Европой и за французским. Я многому научился у азиатов и мне бы хотелось проникнуть в таинства азиатского мирозерцания, зачатки которого и для самих азиатов, и для нас еще мало понятны. Там на Востоке тайник богатых откровений! Михаил ЛЕРМОНТОВ, замандастары ұлы ақынды еске алу Естеліктерінде, 1989 жылы жарық көрген кітабынан.

* * *

Адольф ГИТЛЕР. Оның тұжырнамасы:

«Халықты басқарудың ең тиімді де тура жолы – халықты алдай білу, алдай беру керек». Міне, тиран, деспот деп осыны айт! Жендент, рахымсыз, қатал билеуші. Ақыры не болды? Деспотта өтті, өзі де құрдымға кетті!

А. Гитлер Австрияда 1889 жылдың 20 сәуірінде дүниеге келген. Өзінен бұрынғы замандарда өткен партиялардың өмірлері жайлы кітаптарды түгелдей дерлік оқыған. Кайзер Вильгельм II-нің, рейхсканцлер Отто фон Бисмарктің, генерал-фельдмаршал Пауль фон Гинденбургтің іс-әрекеттерін табылмай оқыған, зерттеген. Содан кейін Австрияны, Германияға қосуды жоспарлаған.

Оның негізгі мақсаты әлемді жаулап алып, аксүйек арийстер мемлекетін құру болған. Ол үшін неміс ұлтшыл-социалистік жұмысшы партиясын құрған. *Канцлерлік таққа жету үшін өзіне дем берген, ақыл-кеңес ұсынған, жанын пұда еткен барлық достарын қырып тастап, таққа 31 қаңтар 1933 жылы қолы жеткен.*

1945 жылы Герман армиясы Совет Армиясы алдында дізе бүккенсін, 30 сәуірде өзінің жары саналатын Ева Браун екеуі өздеріне қол жұмсап, дүниеден өтті деген хабар тарады.

*Қайда кетті жаратылыс берген байлық,
Ұстағаны әскер мен қару сайлық...
Мылтық билеп тұрғанда, әділдік жоқ.
Алдамай-ақ, аулақ бол, жарықтығым.*

Шәкәрім ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ.

АДАМ БАЛАСЫН ҚҰДАЙ ЖАРАТТЫ МА, ӘЛДЕ ЖЕР БЕТІНДЕ ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ ДАМУДАН БОЛДЫ МА?

Ең ежелгі адамдар жүрген із Африкадан табылып отыр. Адамдардың жануарлар дүниесінен, басқа да табиғаттан, қоршаған ортадан тәуелсіз екі аяқты тұлға болғанына неше миллиондаған жылдар өтті. Ол замандардағы адам атты жаратылғандардан өркениет жайлы айтудың өзі ерте еді. Иә, ертедегі адамдар жайында неше бір аңыздар бар. Грекия аңызындағы Гераклді, біздегі Қаңбақ шалды еске алайықшы. Демек, небір алып жануарлар, адамдар болған. Кейбір ғалымдардың айтуынша, Сирия, Ливан, Египеттерден – Мысырдан адам табанының ізі 90 см көлемде болғанын жазады. Адам ізінің көлемі бұндай болғанда оның салмағы 3-5 тоннадай, ал бойының ұзындығы 65, 10 метрдей болған,- деп болжайды. Бірақ алып динозаврлардың сүйегін тапқанда, сол дәу адамдардың сүйегі неге табылмады? Оны зерттеушілер ол алыптардың сүйегін жер қойнауына бермей өртеп жіберуімен дәлелдейді. Құранда Алла жойып жіберген Ад қауымының аса ірі, алып денелі болғанын кейін адам айтқысыз қылмыстар жасағаны үшін жойып жібергені де айтылады.

Бір қызық – Сауд Арабиясынан ұзындығы 10 м жететін адам сүйегі табылған. Бұл сол Ад қауымының адамдарының сүйегі болса керек деген тоқтам бар. 1996 жылы Үнді жерінен ұзындығы 4 м, кеуде сүйегі 1 м адам сүйегі табылған екен. Ал Қытайда бойы 3-5 м, салмағы 400 кг болатын адам сүйегі табылды. Сондағы адам тісінің биіктігі 67 см болған. Олай болса, бойы 7 м болды деп жобалайды оқымыстылар. Ол тіс осыдан 9 млн. жыл бұрын өмір сүрген адамның тісі деп таныған. Ал неміс ғалымдары 1936 жылы Африкадан сүйектерінің ұзындығы 3,5 м 12 адам сүйегін тауыпты. Тунис археологтары біздің дәуірімізге дейін ғұмыр кешкен, өлгенсін тас саркофагта сақталған алып ұзындығы 2 м 30 см әйелді тапқан.

Еске салатын болсақ, орыстың ұлы ғалымы жаһанкез жазушысы Егор Петрович Ковалевский халық батыры Есет Көтiбарұлының бойының 2 м 30 см болғанын, тек қана тұлпар ат болмаса, қарапайым аттардың көтеріп алып жүре алмайтынын жазған еді.

Ұлы Хауа мен Адам ата ұлы Әбіл де аса ірі алып тұлғалы болған делінеді. Әбілдің граниттен жасалған қабырғаның ұзындығы 5 м 71 см болыпты.

Шыңғысханның жеке түмені болған. Олардың бойлары бір жарым етектен жоғары 3 м асатын болған. Ежелгі сақ тілінде бір етек – 2 м, - деп есептелген.

Бір деректерде осы алыптар үш тәулік ұйықтайтын болыпты.

Алыптар көбіне жаяу жүріп соғысқан. Ат көтере алмаған.

2001 жс.

* * *

Еуропалықтарда: «Досыңмен, жақыныңмен сөйлескің келсе, өте әуезді, жылы, сыпайы француз тілінде; сауда-саттық жасау керек болса, қазіргі замандағы бизнес тілі – ағылшын тілінде; іскерлік жайында сөйлескің келсе, неміс тілінде; қайрат көрсеткің келсе – орыс тілінде сөйлес», - дейді екен. Иә, бұл сөздер мен анықтамаларды Римнің IV Короліде өз заманында айтқан екен.

ЕШТЕН КЕШ ЖАҚСЫ МА, ҚАЛАЙ?

Халық тілімен айтсам, Пайғамбар жасын артқа тастап жас алпыс төртті басқан кезде туған елден, ата мекенінен ұлы Алатау бауырындағы сүйікті Алматыма қоныс аудардым. Иә, қазақта «түйе қартайса, ботасына ереді», - демей ме? Балаларым мен немерелерім бар әулетім осы шаһарға келіп орналасқансын, елде бәйбіше екеуміз қала алмадық.

Әрине, бұған өкінбеймін. Алматы әлемді танытқан, терең білім берген – қала! Қазақтың С.М. Киров атындағы университетінде сонау жиырмамыншы ғасырдың елуінші жылдары оқып, кейін қызметке ел жаққа кеткенмін. Бірақ жұмыс баспасөз маңы болғанын жылына үш-төрт рет Алматыға Орталық партия Комитетінің шақыруымен келіп тұратын едік, бейтаныстығы жоқ, терең таныстық бар еді.

Қоныс аударғанға дейін баспасөзде елу жылдай қызмет істеген кездерімде көрген білгенімді, оқып-тоқығанымды, осы қалай деген оқиғаларды, ескі дүниелерді, ата-бабалар замандарын баяндайтын, көкірегі ояу, көзі ашық көсемсөз көріктілері мен кездесулер менің қалта дәптеріме барынша түскен екен. Сол блокноттар саны қазір қарап отырсам, санасам, екі жүзден артылады. Иә, бұл халқымның ауыз тарихы – үлкен бұлақ көзі еді. Сонымен қатар, сонау Алматыда оқып жүрген кезде, бұрын да айтқанмын, Пушкин атындағы көпшілік кітапхана екінші үйім, тұрағым болған. Сонда жұмыс істейтін Әмина Ахметқызы Қонаева (Төлеу Бәсеновтың жары – Гауһар Ахметқызының әпкесі, иә, Димаш Ахметұлы Қонаевтың да туған әпкесі болатын) небір тарихи архив материалдармен жұмыс істеп, блокноттарыма түсіріп алуға жағдай жасаған еді. Кейінірек Мәскеу, Санкт-Петербург, Берлин, Париж, Лондон архивтерімен танысуға мүмкіндік болды ...

Сонымен, бұл блокноттар ұзақ жылдар сақталды, жұмыс уақытында бір минутта бұрылуға уақыт болмайды. Саналы да қайратты өмірдің ең қызықты жылдары баспасөзде қалды. Зейнетке шыққансын да аурумен алысу уақыты басталды. Солай, 1998 жылға дейін жазулары көнерген дәптерлерімді қарауға мүмкіндік болмады. Сол аурумен алыса жүріп, алғашқы екі кітабымды 1999 жылы жарыққа шығардым. Бұл жайында толық ақпарат *«Дала Геркулесі»* тарихи деректі романында берілді («Атамұра», 2008 ж.), кітаптарды жазып отырып, өлім мен өмір арасында алыса отырып, *«Майқы би бабаның «Құйын тегі толағай, құйындай соққан дүниенің, о, дариға, шолағы-ай»*, - деген ұлы ойлары ойға орала берді.

Жинақтап айтсам, барлық саналы өмірім, күш-қайратым, алған білімім, көрген-білгенім, бай іс-тәжірибем баспасөзде қалды. Сол жылдардың отыз жылын облыстық селолық, аудандық, газеттердің бас редакторлығы қызметіне беріппін. Содан болар журналистиканың баспасөздің республикалық дәрежедегі дербес зейнеткері болып жүрмін. Сол бір жылдары әдеби жанрға бет бұруға уақытым болмады. Елу-алпыс жыл бойы көрген, білген оқиғалар, деректер жүздеген блокнотқа, қалта дәптерлерге түскен еді. Сол бір замандарда блокнотқа түскен деректер негізінде, иә, басқа көздерден жиналған ақпараттарға сүйене отырып, оларды кітаптарға айналдырдым. «Ештен кеш жақсы ма?» деп отырғанымда сол. Бірақ өкініштісі, сол майданға ергерек

уақыт тауып араласқанымда, келгенімде өзіммен бірге бакилыққа алып кетіп бара жатқан үш роман, он бестей әңгіме, бірнеше эссе-естеліктер жазылып қалар еді. Әрине, баспасөзде жұмыс істеп жүрген заманда да үш жүз елудей очерк, эссе, әңгіме, новелла, естелік сияқты көркем туындылар одақтық, республикалық, облыстық газет, журналдарда да, Қазрадио, Қазтелеарналарда да жарық көрді. Иә, бұған да шүкір ғой, деймін.

* * *

Дина 1955 жылы 94 жасында дүние салды. (1861-1955) отағасы Мақсат баласы Нұрпейіс жастай қайтыс болғансын, оның інісі Нұралыға атастырады. Содан фамилиясын Нұрпейісова етіп алған. Бакилыққа өтерде Құрманғазының «Қайран шешем» күйін тартып, көз жұмған. Ұлы күйшінің туғанына көп ұзамай 150 жыл болады-ау деймін.

2001 жс.

БЕРЛИНГЕ САПАР

2000 жс. Жол дәптерінен үзінділер. Иә, қаңтар бастала Алматыға аязды қыс келді. Бірақ қолда самолетке билет, Герман Федеративтік Республикасына шақыру-жолдама. Бір сөзгер айтқан екен: «Мен Кагановичті (Ол КСРО заманында темір жол Министрі болған) бір қатырдым», - депті. Қалай десе, «пойызына билет сатып алдым да, бірақ мінбей қалдым», - деген екен. Олай етуге болмайды қай күні, қай сағатта, қай жерде болатынымыз, кіммен кездесетініміз, қай жерге тоқтайтынымыз – бәрі-бәрі сол шақыру-жолдамада анық көрсетілген.

Жұбайым Балзада Шәмшіқызы екеумізді балаларым Алматы әуежайына алып келіп «А320» ұшағына түннің екінші жартысында отырғызып салды. Ұшақ ел астанасы таң сәріде Астанаға алып келді. Баламның өтінішімен Сәбит Досанов пен Ғабит Аймұқан ұлдарының бауыры Абзал қарсылап, үйіне алып барып, келісті қонақасы берді. Қазақтың қызыл күрең тәтті шайын, жал-жая, сары алтындай қазы тартты. Екі сағаттан кейін Сәбит Аймұқанұлының арда перзенті бізді сол ұшаққа алып келіп, кезекке тұрғызбай отырғызып жіберді. Бір әуежай қызметкері күле жымыып:

– Ата, әже-ау, сүйектерің салдырап қайда барасындар, өз еліңнен артық жер бар ма? - деді. Бір карт ана айтқан екен: «балаларым, осы жұрт ағылып қайда барады, ал мен қызыма бара жатырмын», - депті. Сол айтқандай, жылы қабақ танытып, рақмет айттым.

«Люфтганзе» авиакомпаниясының ұшағы бізді күн еңкейе, Ганновер әуежайына бес жарым сағатта бір-ақ шығарды.

Ертеңіне Ганновер қаласын араладық. Бұл қала Герман Федеративтік Республикасының Канцлері Герхард Шредердің туған, өскен, ел таныған, әлемді біліктілігімен мойындатқан қаласы екен. Университетінде кездесу өткіздік. «ЭКСПО-2000-Ганновер» халықаралық көрмеде болдық. Көрмені біраз араладық.

Келесі күн Ганновердегі Қазақ елінің Консулдығына бардық, Бас Консулдың қабылдауында болып кездестік, сонда істейтін Ботакөз атты қазақ қызының қолынан шай іштік. Мен екі кітабымды сыйладым. Бас Консул қазақ жігіті Мұқашев, аса білікті азамат екен, жылы қарсы алды. Сол ғимараттың бесінші қабатынан біреу:

– Қазақ бауырларымысыздар ма? – деген жып-жылы дауыс естілді. Қазақ дауысын сағынғандығымыз сонша, көзден жас ытқып кетті-ау сонда.

Келесі күн 30 қаңтар болатын. Тағы қала араладық. 1941-1945 жылдардағы соғыстан, бомбалаудан қалған астан-кестені шыққан көлемді ғимаратты көрдік. Сол соғыстың ескерткіші ретінде сол күйінде қалдырған екен. Иә, талай боздақтардың қаны төгілген қала екен деп, тәу еттік. Түстікте 1713 жылы салынған ғимараттың мейрамханасында тамақтандық. Иә, тамашалайтын, таңғалатын көріністер жетіп артылады екен.

Ашығын айтсам, Неміс халқының алтын қолынан жасалған бұйымдар, ғимараттар сарайлар, көпірлер, тарихи ескерткіштер есте қалды-ау.

Сол күні Берлинге баруға дайындалдық. Ганновер мен Берлин арасы, ұмытпасам төрт жүз елу шақырымдай болар.

31 желтоқсан кеші. Герхард Вильгельм Диттерих жұмыс істейтін компания қонаққа шақырды. Дастарханды керемет жасаған, ас та төк! Қазақстаннан – қазақ елінің «өкілдері», – деп үлкен құрмет көрсетті. Біз басшысына қазақтың ұлттық мақпал шапанын ұсынып, аркасына жаптық. Аса ірі адам екен, бірақ шапанда мол болатын, нарға жабу жапқандай болды.

Сіздер неміс жеріне қар әкелдіңдер! Ракмет, шын жүректен, бұл қарды біз туды – бітті көрген жоқ едік, тамаша!!! Магазиндеріміздегі ұзақ жылдардан бері шаң басып жатқан қол шаналар түгелдей сатылып кетті, – деп рақметін айтып жатты бизнесмендер.

Сол түннің екінші жартысында Берлинге жолға шықтық. Түн, қараңғы түн. Тек асфальт екі беті – жер бетінен сәл көтеріліп қойған қондырғылардағы электр шамдары қазақтың тау басынан жазыққа бет алған өзендеріндей сарнап жатыр. Автобамның екі бетінде де жүгірген мысық, тышқан өтпейтін етіп салынған биіктігі 2-3 метрлік

қалқан қабырғалар. Сол екі өзен арасындағы қайықтай автокөлік ағылып келеді. Әр жүз шақырымда бекет, ыссы ас, түзге шығатын дәретхана, демалатын орын бәрі бар. Автокөліктер сағатына 150-170 шақырымды алады. Одан асып бара жатса, машина сигнал береді. «Жылдамдығың артық, түсір!», дегендей хабар етеді.

БЕРЛИН. Ағылған автокөліктерді бақылайтын бірде бір көшеде, қайрылыс-бұрылыста ГАИ өкілдері жоқ.

ГУМБУЛЬДТ университеті. Университет ғимаратында профессорлармен, студенттермен кездесу өткізуіміз керек. Біз – мен, Герман-Қазақстан Достық және Гумбульдт университеті студенттер қауымдастығы шақырумен келгенмін. Кездесуді қазақ елшілігінің Германиядағы дипломаты, неміс филология ғылымдарының докторы *Әділбек ӘЛЖАНОВ* басқарып жүргізді. Әділбек Алматы шет тіл институтында істепті. Жоспарланған бір сағат орнына екі жарым сағатқа созылды. Кездесу соңында университеттің бір профессоры арнайы менімен оңаша әңгімелесті. Ұлты, қаны қазақ, анасы неміс қызы екен. Ұзақ әңгіме болды. Ол жайында осы жолдардың авторы «*Ұжымақ елі*» кітабында тереңірек жазылған.

Тағдырының қалай болғанын сұрадым. Ірі денелі, етті, қырма сақалды-мұртты, тобылғы өңді, елуді артқа қалдырған жігіт сұрауыма бегі суып, көзі жасаурап, ернін қайта-қайта тілімен жалап, жан-жағына алаңдай қарады да:

– Анамның айтуы бойынша 1945 жылдың 30 апрелі,- деді.

Совет Армиясы Берлиннің Бранденбург қақпасы маңында немістермен кескілескен шайқасқа түскен. Кеш түсе, қақпа маңы аяқ алғысыз, төсек болып жатқан солдаттар, қираған, өртенген әскери техника ... Көше, қақпа маңы судай қаранғы. Бір кезде алдында күрегі бар тракторлар төсек болып жатқан солдаттарды көшенің екі бетіне ысырып, тротуарларға сүйреп тастай бастады. Бірнеше сағаттан кейін көше бойы, қақпа маңы әскери техника өтетіндей тазарып қалды. Таңға жуық тракторлар кете бастады. Содан біздер жол полицейлері ылғи қыздар, тротуарларда үйіліп жатқан солдаттарды аралап келеміз. Кейде еңкейіп әрқайсысына саусақтарымызды апарып, тірілері бар ма екен деп, қараймыз. Бір совет офицерінің мойын тамағына саусағымды тигізіп едім, тірі екенін білдім. Әрі-бері аударып көрдім. Полковник, еуропалық емес. Содан үй жақын болатын, үйге барып бір одеялды алып келіп, сол полковникті одеялға орап, сүйретіп үйге алып келіп, подвалға орналастырдым. Үсті-басын жуып, барынша емдеген болдым. Аузына су тамыздым. Сол полковникті алты ай бағып, тіріліп, аяғына мінгіздім. Жастық, алғашқы махаббат, полковникке ынтызар болдым. Ол кезде мен небәрі он алты жаста едім. Үйленуге ішкім қабылдадық. Полковник Советтік КГБ-дан рұқсат алу керек

екенін айтты. Олар бірден: неміс қызына үйленетін болсаң, барлық құқығынан айырамыз депті. Ақыры партбилетін, полковниктік званнясын, бәрін-бәрін сыпырып алып, өзін Қазақстанға айдап жіберді. Мен екі қабат болып қалдым. Сол ішімдегі нәресте сенсің, ұлым,- деп анам мені құшақтап егіліп жылады ...

– Иә, сонымен.

– Сонымен мен ер жеттім. Берлин университетін бітірдім. Қазір экономика ғылымдарының докторы, профессормын.

– Әкеңнің тағдыры қалай болды?

– Әкем Қызылордалық екен. Кейін бір есебін тауып хабарластым. Қазак қызына үйленіпті. Өмірге тоғыз қыз әкеліпті. Қыздарына: «Берлинде ағаларың бар, байланыс жасандар», - депті дүние саларда. Міне, әкемнің қабірі, мынау қарындастарым,- деп екі-үш фото суретті көрсетті.

– Әкемді іздедім тірі кезінде, бірақ КГБ жауап бермеді. Осы, кейін бәрін білдім. Айтпақшы, аға білесіз бе, әкем қожамын депті. Қожа қазаққа жата ма?- деп сұрады. Түсіндірдім.

Келесі тоқтаған жеріміз *Reichstag* – *Reichstag* (*Reich* – *государство, империя* + *tag* – *собрание*), дегенді білдіреді. немесе Герман Парламенті деуге болады. Ол 1871 жылдан кейін солай аталған. Рейхстагтың есігінен бастап, ұлтарағыңа дейін тексеріп, қолыңа ештеме ұстатпай, сонау әйнекті биік мұнарасына жіберді. Иә, тамаша! Кешегі 1945 ж. Соғыс, Рейхстагқа Рахымжан Қошқарбаевтың ту тіккен, жан берісіп, жан алысқан оқиғалары қайта-қайта есіме түсе берді. Және оны бір кітабымда жазғанмын. Рақымжан аға Алматының «Алматы» қонақ үйінде бас директор болып жүргенінде бір айда екі-үш күнде түстікте кездесіп, талай әңгіме дүкенін құрған едік.

Берлинді армансыз араладық, талай тарихи орындарда болдық. Содан ертеңінде Гамбургке барар жолдағы Целли қаласында біраз аялдадық. Түстікте бір қарт миссионер әйел шақырып, үйінде өткіздік. Тағдыр деген осы! Аса мәдениетті Еуропа мен Күншығыс елдерінің тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрыпы жайлы керемет әңгімелер айтты. 1941 жылы жазда орта мектепті бітіргенсін біраз дайындап, Жапонияға миссионерлік жұмысқа жіберіпті. Сонда, Токиода Рихард Зоргемен талай кездескен. Кейін Р. Зоргені «СССР шпионысын» деп, ұстап алып, парк ішінде дарға асып өлтіргенін көрген. Сөз арасында Күншығыс елінде дарға асылған еуропалық бірінші Азамат екенін, көзіне жас алып отырып айтты. Әңгіме соңында «ешбір ер адаммен сөйлеспейсің!», - деп тыйым салған соң, жас кеп қалғансын елге оралдым. Зейнетақым жетеді, бірақ жалғыз келіп, бұл өмірден жалғыз кетіп барамын, деп қамықты. Иә, өте аянышты кездесу болды.

ГАМБУРГ (Hamburg) – Эльба өзенін қуалай 110 шақырымға созылған, тек қана деп айтуға болады, миллионерлер, миллиардерлер тұратын шаһар! Әлеммен осы Эльба өзені арқылы қарым-қатынас жасайтын аты шулы сауда орталығы. Осы қаланың қак ортасындағы биік қыратқа Бисмарк (Bismarck) Отто Фон Шенхаузен (Schönhausen)-ге (1815-1898 жж.) зәулім ат шаптырам Ескерткіш орнатылыпты. Иә, ол Князь І-ші Рейсханцлер болған. Герман империясындағы барлық княздіктерді бет-бетіне жатқан феодалдарды, байларды бір орталыққа қосып біріккен Германия – прусс-милитарлық негізде мемлекет құрған ұлы тұлға болыпты. Ескерткішті таныстырған экскурсовод ол тұлға жайлы небір бұрын көп таныс емес тарихи сөздерді жайып салды. Соңында *Бисмарктің: «Революцияны ұлы ойшылдар ойлап табады, оны бандиттер, ішерге асы, киерге киімі, баспанасы жоқтар жүзеге асырады, бірақ сол революцияның қызығын алаяқтар көреді»*, - деген тарихи сөзімен аяқтады. Рейсханцлер болып такта 1871-1890 жылдары отырған.

Түскі асты Эльба өзенінің бойындағы қаңтарулы тұрған бас-аяғына көз жете бермейтін алып кемелер арасындағы бір зәулім кемең мейрамханасынан іштік. Қаланы біраз араладық, «Мың баспалдағына» шығып, түстік, базарларын көрдік. Қысы-жазы жас балық, жас көкенис – не керек бәрі бар.

Герман сапарынан «*Ұжмақ елі*» деп аталатын кітап жаздым. «Алтын Орда» халықаралық газетінің бас редакторы *Мейірхан АҚДӘУЛЕТОВТЫҢ* ықыласымен газеттің екі бетіне-айқарма бетіне жол жазбаларым шықты. «Жас Алаш» газеті «Қазақ журналисі – Германияда» тақырыппен мақала берді.

2000-2001 жылдарғы жол жазба.

«АУ, МЫНА КЕМПІРГЕ НЕ БОЛҒАН?»

Жолымыз түсіп ауатком төрағасымен Әлім тауының батыс бетіндегі қойлы ауылға түн ортасы ауа жеттік. Ауа-райы аса ыстық, аспан жерге түскендей. Аға шопан Жанықұл ақсақал бастықты бет-аузын сипай тұрып қарсы алды. Кемпіріне: «Тұр, тұр! қонақтар келіп қалды», - деп шешінбей жұмыс киімімен жатқан бәйбішесін тұрғызып алды.

– Қош келдіңіздер, дем алыңыздар, таң атуға да көп уақыт қалған жоқ. Қонақасы дайындаймыз, - деді қойшы.

– Иә, қазір сусын ішіп демаласыздар ма, әлде? - деп қойды.

– Жәке-ау, таң атсын, жарық түссін деп жүресіз бе, қонақасы малын, марқаны сойып, қазанға сала беріңіз, - деді бастық.

Сол арада сары самаурын бұрқылдап, шәй келді. Бір кезде шал үйге кіріп, қолында қаны сорғалаған селібе пышағы бар:

– Кемпір, ана кебежені аш, Жиенбайға сақтап жүрген шишаны алып шығып, алдарына қой,- деді. Қазақ кемпірлерінде шалына қарсы сөз айтатын дәстүр бар ма? Кемпір кебежені ашып бір коньяк, бір шампан алып шықты. Біз шофер, тағы бір жігіт үшеуміз бір-екі кесе шәй ішіп, далаға шығып кеткенбіз. Бір кезде төрағада далаға шықты. Таң аппақ болып атып келеді, байқаймын, қазан бұрқылап қайнап жатыр, жас сорпа иісі мұрнынды қытықтайды. Кемпір қамыр илеуге кірісіп кеткен.

– Әй жігіттер, мына кемпірге не болған, тез келіндер!- деп Жәкең айғай салды.

– Мына, кемпірді құдай атқан шығар, қараңдар, қараңдар,- деп шал бөгеліп қалды.

Иә, кемпірдің қамыр илейтін, жазатын оқтауы ортасындағы құмды әрлі-берлі ысқылап отыр. Нан тақтай екінші бір жағында жатыр. Шала илеген ұн-қамыр тағы бір жерде... Кемпір ешкімді көрер де емес, тыңдар да емес. Содан біздің фото тілші екі білегін сыбанып қамыр илеп, қазанға салды. Етті жеп алдық...

Жүріп келеміз, бастық тоқтатты. Содан:

– Жиеке, жаңағы кемпірге не болды?- дедік.

Күлді.

– Айтайын,-деді. – Сол аузы ашылған коньяқтың түбінде шама-сы 100 грамдай қалып еді, кесеге құйып, кемпірге мына қызыл шәйді ішіп жібер, ұйқың ашылады деп едім, кемпір баспады. Бірақ қоярда қоймай ішкіздім. Қалғаны өздерің көрген картина ғой, деп бастық, «кеттік!»,- деді.

1972 ж.

АДАМНЫҢ АТА-ТЕГІ ЖАЙЛЫ ҚАЗІРГІ ЖАЗЫЛУЫ

Біз «ов», «ова», «ин», «ина» жұрнақтарынан көп жағдайда қаша бастадық, бір жағынан дұрыста шығар. Елге бір барғанымда орта мектеп оқушыларымен шығармашылық істерім жайлы кездесу болды. Бір шәкірт:

– Ата, ата, осы «овтор мен овалардан қашып жатырмыз. Ал, мына адамдардың қайсысы ер адам, қайсысы қыз екенін айыру қиын. Мәселен: «Бақыт Жанат», «Тіләш Нұрлан», «Бақыт» деген есім ұлда да, қызда да бар. «Тіләш» деген атау ұлда да, қызда да бар, «Бақытжан» анай бар. Бақытжан Жанасаев деген атамызда бар. Ол адамдармен

көзбе көз кездесіп ер, не қыз бала екенін білеміз. Ал сыртта көрмей тұрсаң, кім екенін айта алмаймыз ғой. Сонда не болып бара жатыр осы,- деді жаңағы шәкірт.

Ал жауап беріп көрші бұл сұраққа.

Иә, «туды» сөзін «туылған» деп жазып та айтып та жүрміз. Бұл да...

ТОЛАҒАЙ – монғол сөзі. Менің ата мекенім Ұлықұм мен Кішіқұмның Арал теңізіне қараған бетінде Толағай деген көл табан бар. Бір нағашы інім туғанда есімін Толағай деп қойды. Осы көлдің биік қысаңының басында Есет Көтібарұлының қызы Ақмандай, Сейдақ байдың сұлу қызы – ақын арманда кеткен Бадақтың Сарысының ғашығы Қосан зираты бар. Сары тұтқындалып атылғансын ХІХ ғасырдың аяғында, Қосан Кішіқұмдық Төртқара аталығының байдың айттырған жігітіне тұрмысқа шығады...

ЖАНҰЯ, ОТБАСЫ сөздері жайлы.

Біз сонау жиырмасыншы ғасырдың ортасында академик Ісмет Кеңесбаев пен профессор Бисенбай Кенжебаевтардан «Отбасы» сөзінің этимологиясын сұрағанымызда: қазіргі шірпі – сіріңке, жок кездегі замандарда екі тасты бір-біріне шағып, қасына макта сияқты тез тұтанатын шүберек сияқты затты қойып, екі тастың үйкелісінен ұшқын шығады. Сонымен от жағатын болған. Сол отты қолантаға орап, көміп келесі күнге сақтаған. Осы отты бағып, тұтаңдыратын адамды «От ағасы» дейді. Ол оттан тамызыққа көршілер сұрап алатын болған.

ҚЫСҚА ДЕРЕК. ҰЛЫ ӘМІР ТЕМІР **(1336-1405 жж.)**

Иә, ұлы қолбасшы, мемлекет қайраткері, Темір Түркістан шаһарында туған. Ал туған әкесі Тарағай (*мұны осы кітапта бір жерде жазғанмын*) баласы. Ол Барлас тайпасынан, әкесі сол тайпаның биі болған. Ал, Темір аты жүріп тұрған кезде, Алтын Орданы талқандауы Ресейдің тәуелсіздік алуына жол ашты. Одан кейін Дағестан, Әзербайджан, Гүржістан (Грузия) т.б. мемлекеттерді басып алды. Үндістанды да қиратты. Иә, Темір 1405 ж. Қытайға жорыққа шыққанда, жолшыбай Отырар шақарында дүние салды. Бұрын айтқанымыздай, осы кітапта сүйегі Самарқантта жер қойнына берілген. Осы текті әулеттен тарихтан белгілі ұлы ғалым Ұлықбек (1394-1449) және Моңғол империясын құрушы Бабыр шыққан.

Ұлы Темір дүниеден озғансын Ұлы империя тағына таласқан мұрагерлері сол империяны құлатып тынған.

Студент культурный нищий. Карл МАРКС. Қазір зейнеткерде мәдениетті қайырышы зой, көп елде.

Жетім қозы тас бауыр, түңлерде отырар. Қазақ МАҚАЛЫ.

Өзіңді-өзің жоқтамасаң, сені іздейтіндер аз.

Сот:

– бұған 14 жыл қатаң тәртіпте, ал екіншісіне 4 жыл, алып кетіңдер!- деді суық көзін залға тастап.

– Ал, анаған ше?- деді залдан біреу.

– Иә, ұмытып барады екенмін, оған 6 жыл! Боссыңдар!

КОСМОНАВТ А. ЛЕОНОВТЫҢ ҚОЛТАҢБАСЫ

Япырм-ай, мына бір ескі блокнотта айы, жылы, өшіріліп қалыпты. Мәскеуге шығармашылық сапармен бір барғанымызда, Мәскеу қалалық журналистер үйінің басшысы Виноградов редакторларды «Звездный городокқа» алып барды. Сол қалада космоновты Алексей Леоновпен кездестік. Киоскадан Юрий Гагарин фотосы бар открытка сатып алып, Алексейге қолтаңба жаздырып алған екенмін. Юрий Гагариннің өмір тарихы жайлы өте қызықты әңгімелер айтып еді. Юрийдің де қарсыласы, жауы аз болмаған екен. Талас, тартыс, айқас, бақталас, көреалмаушылық көп болыпты. Соның соңы Юрийді құлатуға, ұшқан ұшағын аспанда өртеуге дейін барыпты.

Иә, блокноттағы осы жазулар ғана қалыпты. Оныда әрең көшіріп отырмын.

ЕСТЕ ҚАЛҒАН ЕРЕК

Шалқар қаласындағы қонақ үйінен таныс емес бір ер адам телефон соқты. Амандастым.

– Маған келе аласыз ба, уақытыңыз бар ма?- деді.

Келдім.

Мен Нүредин Муфтак деген әріптесіңіз боламын. Сіздің есіміңіз, газетіңіз өзіңіз басқарып отырған жақсы таныс. «СҚ»-да («Социалистік Қазақстан») тек қана жағымды бағалар беріледі. Айтпақшы, Бәкең – Балғабек Қыдырбекұлы «СҚ-ға» шақырғанда келмепсіз. Фельетондарыңды оқып тұрамын,- деді. Қарбыз жеп отыр екен. Ауыз тидім.

Үйге алып келіп, дастархан басында әңгіме күрдык.

– Сіз жайлы Орталық партия Комитеті «Тәжірибе және Талап», деген кітапша шығарды. Міне, бір данасын алып келдім, ағасы, деп қолтаңба жазып ұсынды...

Иә, өткір де адал, ақиқат, шындық жолындағы күрескер қаламгер екенін бірден түсіндім.

Кейін таныс болып кеттік. «СҚ»-да Ақтөбе облысы бойынша меншікті тілші Төкең Ысқаков арқылы Нүрединнің Гурьевтен екенін де білдім. Азамат! Шындықты ту етіп ұстаған журналист еді.

Осы жиырма бірінші ғасырдың басында ма екен Оңтүстік сапарынан оралып келе жатқанда, дүниеден озғанын баспасөздерден оқыдым-ау деймін. Қайтейін, әділдікті ақтарып жазатын бір жолдас болған әріптестен айырылып қалғанымызға өкіндім.

ЖАН ДОС ҚАПЫДА КЕТТИ-АУ!

Дүниеден кім өтті? Бүгін Жамбыл облысынан аса ауыр, орны толмас оқиға жайлы телефон қоңырауы келді. Ия, қалай болды? Университетте бірге оқыған Әмин Фатихов университетті 1955 ж. тамандағансын Ақтөбеде «СҚ»-Социалистік Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі болып, еңбек жолын бастады. Он жылдан астам жұмыс істеді. Мен Шалқар ауданаралық-аудандық газеттерді жарыққа шыққан күні жібергізіп тұрдым. Үнемі өз пікірін айтып, хат жазып, тіпті «СҚ»-ға «Соңғы поштадан» айдарымен хабар беріп тұрды.

Аяқ астынан: *«Тауман! Алысқа аттанып барамын. Саналы жұмырымның үлкен бөлігін өткізген жерден, бауыр басып қалған ақпейіл елден қопарыла көшіп кету, қанша айтқанмен, қиын екен. Амал не! Хош. Амандықта болыңдар, бақытты болыңдар. Сәлеммен Әмин 2/XI-1971 жс.». Соңғы хатына қоса «Менің алтын босағам» атты өлеңдер жинағы кітабын жіберіпті. «Қадірлі қаламдасым, ақ көңілді досым Тореханов Тауманға! Ақтөбе облысында бірге кешкен қымбат өмірдің бір естелігі ретінде осы кітабымды сыйға тартамын. Қимастықпен автор Ә. Фатихов 2/XI-1971 жс. Ақтөбе»,-* деп қолтаңба жазыпты.

Ия, осы жазбаның басында келтіргенімдей, Әмин Жамбыл облысына көшіп кетті, көп ұзамай, арада ай өтпей, іс-сапардан кешкілік оралып келе жатқанда, белгісіз біреулер өмірден өткізді. Адал дос, студенттік аш құрсақ, өмірді бірге өткізген әріптестен сөйтіп айырылып қалдым.

Декабрь, 1971 жс., блокноттан қысқартылып көшірілді.

Ұстаздың қолында адам өмірінің келешектегі, тұтас тағдыры тұр. В.Г. БЕЛИНСКИЙ.

Жарты күлшең болса, біреу келіп қайыр сұраса, тіпті ертең жеуге наның қалмасада, бір үзіп бер. Әлихан БӨКЕЙХАНОВ.

Ал қазір ше! Бай мен кедей болып бөлінген халық қансырап қалған нарық заманында бір миллионерден, көп жағдайда, бір теңге сұрап ала алмайсың. Қайыр, садақа, имандылық, жұтылған заман. Көргенсіз атаңу – үлкен жаза!

Ия, тақтан жығылсаңда киелі халқымның салты мен дәстүрінен жығылма!

«Казахские крестьяне на целую голову выше русских крестьян»- дей келіп: «Қазақтар сөйлегенде аузыңды ашып қаласың», депті Н.М. ЯДРИНЦЕВ, көсемсөзші, қоғам қайраткері, археолог.

* * *

«Халықтың ауыз тарихы» атты еңбегінде Ақселеу СЕЙДЕМБЕКОВ: тарихшылардың өздерінің бұлағы – архив, халық шежіресі, халықтың ауыз тарихы, аңыздар, естеліктер, халықтың дуалы сөздері, билері мен көсем сөз ардагерлері емес пе! деп еді-ау.

АТА МЕКЕН АҢЫЗДАРЫ, ШЫНДЫҚ

ЖЫЛАНДЫДА АЛТЫН ҚОРЫ БАР МА?

Бірде Илияс Есенберлин аға:

- Жыланды да болдың ба?- деді тура бетіме қарап.
- Жоқ, аға, дедім.
- Неге, ол қашық емес аймақ қой.
- Мен құм баласымын, сонда өстім дедім.
- Иә, алатын мамандығың техникалық, геолог емес.
- Дегенмен, Жыландыны барып көр. Осы біз отырған Біршоғыртау шахтасынан қашық емес. Мына теміржолдың арғы бетінде, №61 Қызылсаз разьезінен әріректе.

Менің үнсіз тұрғанымды сезді де аға:

- Жыланды деп отырғаным, ол-алтын ордасы делінеді. Қызығы теп-тегіс жазықтықта омырылып жер астына құлап жатқан көлемді шұңқыр-құдық. Оның тереңдігі сол жүз елу-екі жүз метрдей болар. Түбінде көкпенбек су. Еңкейіп қарау да қорқынышты. Білетіндер өздері де, малдарын да жақындатпайды, қауыпты. Тіпті суда, төңіре-

гінде де жылан өріп жүреді. Ордалы жылан болар. Жылан жүрген жерде алтын қоры болады демей ме қазағым,- деп ойын аяқтады да:

– Тағы айтайың, осы Шахтадан өндіріліп жатқан көмірді бурый уголь-піспеген көмір дейді. Әйтседе ел, халық қысы-жазы отын етті. Әсіресе, кешегі Отан соғысы жылдары талай өңірге эшелон-эшелон етіп тиіп жібердік. Енді осы Шахтаны көп ұзамай жабамыз деп жатыр. Мен кетемін. Жазуға отырамын. Орныма арда да ер азамат Тілеулес Есенжановты ұсындым. Ол қазір бас инженер ғой. Өкініштісі Шахты жабылса, мыңдаған отбасы жұмыссыз қалады. Атышулы поселке оба-оба болып жер мен жексен болады. Айтайын дегенім, бұл көмірдің пісуіне кемі жарты ғасыр керек болар.

1950 жылдар.

Кеңес өкіметі құлағансын сол Жыланды алтын Шұңқырын белгілі азамат Бөген Жақыпов сатып алыпты, алтын шығаратын өндіріс орнын ашатын болып. Әрине, ол азамат аса білікті, ұйымдастыру қабілеті мол жігіт еді. Мұғалжар тауынан қиыршық тас өндіретін бірнеше карьерлер ашып, елге өнімін жөнелтіп отырды. Баска да кәсіптермен айналысты. Қымыз өндіріп те есімін елге танытты.

Амал не, өмірден ерте өтіп кетті-ау. Сонымен, Жыланды алтын шұңқыры игерусіз қалды. Бірақ аса ақылды кәсіпкер қызы бар ғой.

2004 жыл.

ҚАЗАН ШҰҢҚЫРЫ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛҒАН, Ә?

Ұлы құмның Алакозы өңірінде, Арал теңізінің терістік батыс бетінде, жазықтықта тура тай қазанға ұқсас алпауыт шұңқыр бар. Тереңдігі сонша түбінде жүрген адамдар, малдар құмырскадай болап көрінеді. Жер бетінде, жағасында тұрып айғайласаң, шұңқыр ішіндегі адамдар даусынды естімейді. Ал көлемі кемі мың қой, ондаған ірі қара, түйелер еркін жүріп тұра алады. Түбінде қабырғаларында боз жусан, адыраспан, итсегек, сирек теріскен, боз баска да бұталар өседі. Жылда жаз бойы бір шопан бір отар қойын қоралап, жатқызып, өргізеді. Шұңқыр түбінде бір құдық бар. Суы мол. Сол құдықтан қауғамен су көтеріп, малын, қойын суарады, өздері ішеді. Суы сүзгіден өткендей, мөлдір, тұнық, тұщы, әрі мұздай.

Иә, осы жолдардың авторы қызмет бабымен осындағы шопан-да жазда жыл сайын бір-екі рет болады. Шопан балалары аудандық «Коммунизм таңы» газетін құдық маңындағы есіліп жатқан құмшыққа

жайып жіберіп, жата қалып, таласа оқып жатқанын көрдім келгенімде. Әкесі бір марқаны ұстап тұрып:

– Әй, балаларым, бері қарандаршы, таласып оқып жатқан газеттеріңді шығарушы бастық мына алдарыңда тұрған ағаларың - Тау аға, Тауман Төреханов, деген осы кісі. Ал мына сары жігіт фототілшісі Юрий Маслов,- деді де, қазір қонақасы дайын болады,- деп марқаны соя бастады. Ал балалар газеттен басын алар емес.

1976 ж.

Сол балалардың бірі КазГУ-дің заң факультетін тәмамдап, Алматыда ішкі істер Министрлігінің аппаратында жұмысқа алыныпты. Бірде мені танып, көре салып:

– Аға, сол қазан шұңқырдағы етпеттеп жатып, сіздің газетіңізді оқитын балалардың үлкені мен едім. Қазір ішкі істер министрлігіне алып келген сіздің басқарып отырған сондағы газетіңіздегі аудандық милиция бастығы полковниктің мақаласы болды. Сонша қызығып оқыдым, тағылым алатын мақала екен. Содан осы қызметке жетуді армандадым. Арманым жүзеге асты. Оған КазГУ жеткізді. Қазір мен де полковникпін. Жол көрсеткеніңізге рақмет!- деп қайта құшақтай алды.

Алматы, 2000 ж.

ЖЕРГЕ БҰЛ МЕТЕОРИТ ҚАШАН ҚҰЛАҒАН?

Шалқарда жұмыс істеген қырық жылдан астам уақыт ішінде іссапармен жүргенде Шалқар – Ырғыз күре жолының бойында, Текелі қыратының төскейінде жерге батып, тек қана бетінің бедері байқалатын өте аумақты метеорит жатқанын көргенмін. Автокөліктен түсіп, талай рет бетінде жаяу жүріп көретін едім. Иә, талай зерттеушілер де мұны байқап көрді. Бірақ қай заманда, қалай құлаған планетаралық метеорит екенін тап басып айта алмаған болар. Және жер бетіндегі тіршілікке қаншалықты зиян келтіргені жайлы да ақпарат жоқ.

Ақтөбе облысы, 1969 ж.

ІЗТАСТА ІЗДЕР САЙРАП ЖАТЫР-АУ

Бұл тарғыл тасты қырат Қара ешкі, Ақ кеңсірік, Қызыл шоқы өңірін алып жатыр. Айырық тауға бет алатын жол жағасында. Үлкендігі – көлемі сол тоғыз-он қанат кніз үйлей қара тас – біртұтас. Көліктен

түсе қалып, не бұл, метеорит емес пе екен деп бағдарлап карасак, жоқ, метеорит емес сияқты. Кәдімгі саз балшықты басқан ботаның, ешкінің табан іздері. Иә, ешкім оны олай қашап салған емес, кәдімгі табиғи із. Ойға келе беретіні – жер беті бір замандарда топан су астында болған. Су тартыла-тартыла органикалық әлем пайда болар кезінде еріген балшық-саз үстінде осындай жәндіктер тіршілік еткен болар. Сол саз-балшық келе-келе тасқа айналған шығар дейсін...

Мұғалжар етегі, 1955-1987 ж.

Шалқар өлкетану тарихи музейін ашамыз деп жүргенімізде (мен комиссия төрағасы, ал музейтанушы маман Әкімжан Дүйсенбаев комиссия мүшесі) екеуміз осы тасты музейге қояйық деп әдейі келіп тағы бір көргенбіз. Бірақ оны көтеретін техника, музейде қоятын алаң болмады. Сонымен, мәңгілік мекенінде қалды.

1987 ж.

ҚЫЗДАР ШЫҚҚАН ҚЫРАТЫНЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ

...Қараша айының соңғы күндері, желтоқсанның басы бір бай қызын ұзатуға ел жинап, той жасайды. Халық көп жиналады. Қазақы дәстүр бойынша, алдымен, шай дастарханы тартылады. Ет пісіп, түскенше жастар қыстақ сыртындағы қыратқа бет алады. Қырат басында жастар ойын-сауықты дүркіретіп жатады. Қас-қағымда мұздай жел тұрып, нөсер жаңбырлы, аяғы көк тастай бұршақты, соңы қарборанға ұласады. Жастар бірін-бірі құшақтаумен үйіліп, оба болып қалады...

Жылқышылар бастаған топ үйінді болып қалған жастарды ертеңіне қар астынан тауып алады... Бұл Аяққұмның аяғы – Әлім елінің Жаңғылыш аталығының қыстағы болатын.

1965-1972 ж.

СЫНТАС СЫРЫ

КҮЗДІҢ ҚАРА СУЫҒЫ. Ел жапырыла Ұлы құм ішіндегі жылы да жайлы қыстағына көшіп келіп жатты. Бұл заманда Арал теңізі асыптасып жататын-ды. Теңіздің жылы ауа райы Ұлы құмды қойнына алып, қыс қаһары болмайтын. Мал қыс бойы құмның терең шұңқырларында қыстап, аман-есен шығатын-ды. Атақты Кереге бай жалғыз қызы Қырмызыны күйеуге бергелі жатқан-ды. Енді еншісіп беру керек.

Қыздың еншісін береді. Бірақ Қырмызы жас күнінен өзі ұнатып мініп жүрген ақ жібек жалды аты еншіге кірмей қалады. Өкенің қимастық каталдығы ма, ұмытты ма, кім білген, қыз ренішпен керуен сонына жаяу ере береді. Сонымен, қыс алды мұздақты түнде қыз табиғат қаһарына ұшырады ма, «Сынтас» болып қатып қалыпты...

Ғалымдардың зерттеуі бойынша, Сынтас орналасқан өңір Алақозы бойы миллиондаған жыл бұрын Арал теңізінің бір табаны болған. Қазір осы табан темірлі киыршық құм (железистый песчанник). Осы жерден Көкбұлақ темір рудасының миллиардтаған тонна бай кені басталады. Ол темір рудасы жер бетінен 2 метрден 25 метр тереңдікте жатыр деп Кеңес ғалымдары қорытынды шығарған еді. Ал «Тас» қыздың биіктігі сексен метрдей. Әрине, үлкен байлық. Оны зерттеп, ұрпақ игілігіне жарататын бір толқын келер дүниеге.

Аяққұм, 1982 ж.

ЖАПОНДАРДЫҢ БАЙЛАМЫ – ЯПОНСКИЙ ПРИНЦИП:

Мать в Японии, единственный воспитатель членов семьи и детей. В дружной семье не существует тайн.

В японской семье воспитание ведется не на основе угроз, запретов и принуждения, а на основе заботы и опеки.

Ты – мне, я – тебе. Хороший человек – работающий человек.

Качество определяет судьбу предприятия!

Что сегодня кажется прекрасным, завтра устареет.

Думай, о качестве ежеминутно!

Хочешь многого, нужно и отдавать многое.

Бликий сосед, лучше далекого родственника.

Добиться успеха, гораздо лучше с помощью убеждений, нежели насилем.

Нам в СССР привычнее персональная ответственность – японцам коллективная!

Жапондықтар бес жұмыс күнінде ертеңгі жұмыс жаттығудан (физкультурадан), олең айтудан басталады. Бұл балалар бақшасынан басталып, зейнетке шыққанға дейін созылады.

Европейская мать: обычно пугает ребенка – смотри, из дома больше не выдешь; а японская мать – смотри, в дом больше не войдешь, ласково!

В объяснении любви японцы поворачиваются друг к другу спиной.

Предприятие – это кадры. Кадры – решают все!

В Нью-Йорке живут 30 тысяч японцев. 1981 году из этого населения 10 тысяч японцев ни разу не брали в руки американские газеты.

Шетелдік жастарды ол кім болса да университеттеріне оқуға қабылдамайды. Ал жоғары білімді жапондық мамандар шетелдік компанияларда жұмыс істесе, оларды бағаламайды.

СӨЗІНДЕ ТҰРАТЫН ХАЛЫҚ

50 мың тауық өсіріп отырған шаруадан:

- Сіздің жем қоймаңыз қайда?
- Маған қойманың керегі жоқ. Менде тәуліктік қана жем болады.
- Ертең тауықтарыңа не бересің?
- Ертең Хосода мырза жеткізеді?
- Егер әкелмесе ше?
- Қалай әкелмейді? – деп шаруа таң қалады.
- Ол аяқ астынан өліп қалса.
- Әйелі әкеледі.
- Әйелі күйеуін жерлеуге кетсе...
- Баласы әкеледі.
- Баласы әкесін жерлеуге кетсе...
- Онда көршісі әкеледі.
- Сізде сондай ауытқымайтын контракт бар ма?
- Ондай контракт неге қажет. Келісім солай.
- Тауық жұмыртқасын, етін сақтайтын қоймаң бар ма?
- Жоқ.
- Қалай?
- Оптовая ферма күн сайын алып үлгереді. Сөзіне тұрады.

В Японии бытует поговорка: Токийский университет создает министров, Кэйо – деньги. Васэда – друзья.

1980 жылдардағы Жапоня жайлы блокноттан қысқартылып алынды.

ҰЛЫ ТҰЛҒА НЕ ДЕЙДІ?

Лев ГУМИЛЕВ, доктор исторических наук: Формула – будь уважителен, терпим, отзывчив, проявляй к другим такое отношение, какого бы ты ждешь от них.

С казахами... дружить просто. Надо лишь быть с ними искреннее, доброжелательным и уважать своеобразие их обычаев. Однако любая попытка обмануть их доверие привела бы к разрыву...

Нельзя посеять вражду, не создав образ врага.

Любой национализм – слеп.

Кто владеет настоящим – тот владеет прошлым. Кто владеет прошлым – владеет будущим.

Русский князь Александр Невский был приемным сыном монгольского хана Батыея. Известия, 13.04.1988 г.

Неважно какого цвета кошка – белая или черная, лишь бы хорошо ловила мышей. КИТАЙСКАЯ мудрость.

Один глупец может задать столько вопросов, что на них не ответят и сто мудрецов.

Почтительность без ритуалов приводит к суетливости. КОНФУЦИЙ.

Шалқар қ., 1983 ж.

Иә, жаманның дауы көп, жақсының жсауы көп.

Журналист қай дәуірде де майданның хас жсауынгері.

Иә, билік журналисі, халық журналисі болып шекарасы айқындалып жатады. Жырау да, ақын да, жазушы да осылай гой.

1989 ж.

ЕКАТЕРИНА II-нің БҰЙРЫҒЫ, БІРАҚ...

Ұлы тұлға Расул ГАМЗАТОВТЫҢ Мәскеудегі даңқты мүсінші Хасбулат НҰХБЕКОВИЧ Асқар-Сарыджа үйіндегі дастархан басындағы бір әңгімесінен:

МӘСКЕУ, 1977 ж. «Қазақтарды ұлы досым», - дейтін тегі аварлық даңқты мүсінші – Алматыдағы қазақ батыры Аманкелді Имановтың ескерткішінің авторы, сәулетшісі Төлеу Бәсенов, Хасбулат Нұхбекович Асқар-Сарыджа үйінде, дастархан басында, ұлы тұлға Расул Гамзатов бір оқиғаға орай бір тарихи дерек айтқан еді. Ол:

– Қалай десек те, Екатерина II-ші аса беделді де қайратты Патша болды ғой. Бірде Кіші Россияға (Малая Россия – Украина мен Қырым⁷, ол кезде Ресейге бағынышты болған) баратынын жариялайды. Жандайшаптары барынша дайындалады. Күні бұрын Кіші Ресей губернаторы Григорий Потемкинге көмекшілері хабарлап, қонатын, түстенетін жерлерін, жүретін жолдарын жазып беріп, хабаршы жібереді: Губернатор Екатерина II-нің досы, сырласы, әрі «көңілдесі» болыпты деген әңгіме де бар болатын...

⁷ Автордың осы кітабындағы «Халықтың бірлігін, құқығын қорғау – әр тұлғаның борышы» атты материалдағы академик А.С. Жұмаділдаевтың, Беларусь Президенті А.Г. Лукашенконың тарихи деректерге сүйеніп айтқан пікірлері бар.

Ұлы Патша Екатеринаны Потемкин алаулатып, жалаулатып қарсы алады, барлық жол бойында «әдемі киінген» халық әндетіп, билеп, ас әзірлеп, барынша құрмет көрсетеді. Жолдың екі беті толы, жер көрінбейтін мал... Әрбір деревняда төбелері жабық қап-қап астық толы қойма-қамбалар. Түстік, кешкі ас – бәрі үлкен ойын-сауықпен, мақтау, мадақтау сөздермен өтеді. Екатерина II-ші бәріне, барлық қызметке риза болады.

Патша Санкт-Петербургқа келгенсін: есіткен елдің еңсесі түскенін, жай-күйінің нашар екенін ақыры тексертіп біледі.

Сөйтіп Кіші Ресей (Малая Россия) жайлы ресми органдар барлық шындық баяндалған документтерді патшаның алдына жайып салады. Сол документтер ішінде Кіші Ресейдің патша Екатеринаны жалаулатып қарсы алған халықтың көбі қайыршылықта өмір сүретіні, жер қайысқан малды бір деревнядан екінші деревняға түнделетіп қуып апарып, жолдың екі бетіне қоралап қоятыны, қамбалар толы астық дегені – қаптарға толтыра салған топырақ екені ешқандай бұрмаласуыз дәлелденген.

Екатерина II-шінің шешімі: Григорий Потемкинге соңғы жаза!

Иә, бұл ұлы тұлғаның осы әңгімесін есіткеніме де отыз жылдан астам уақыт өтіпті-ау. Қалам ұстаған бір пенде болғасын, тарих толқындарына көбірек көз жіберетін едім. Қоржынын толтырып, қарнын қампайтып, үш-бес ұрпағының барлық қажетін банкілерге салып қоятын шенеуніктер патшасын, президентін алаулатып, жалаулатып барынша мақтап, мадақтап, халықтың жай-күйін жасырып жүретіндер қай заманда да болған. Осындай әсіре мадақтау мен алаулатудың, жалаулатудың салдарынан «мемлекет дегенің – мен!» дейтін халықпен де, құдаймен де санаспайтын хандар, патшалар, президенттер аз болмады. Тек Францияның Людовиг XIV-ні еске алайықшы? Ойына келгенін істеді ғой! Еске алсаң, жүрегін тоқтап қалуы мүмкін. Бірақ халыққа істеген қиянаты, зұлымдығы, қатыгездігі өзіне, не үрім-бұтағына соққы болып тиеді ғой. Елін бірнеше он жыл басқарған Людовик XIV-ші өлгеннен кейін, әбден ашынған халық оның бар ұрпағын жер бетінен жойып жіберген екен. Кек алу деген осы! Гитлер соңы не болды? Египт президенті болған Хосни Мұбәрақ тағдыры, Мұхаммед Мурси билігі қалай аяқталды? Иә, мұндай мысалдар жетіп артылады.

Оңтүстік Африка халқының ұлы көсемі Нельсон Мандела халқының құлы да, ұлы да, ұлысы да, көсемі де болды. Қара терілі халықтың жақтаушысы болды деп өмірлік түрмеге отырғызды. Әділдікті көксеген келесі басшысы 27 жыл отырған оны түрмеден

шығарды. Оңтүстік Африка мемлекетінің демократиялық негізін қалап, *апартеид*^{*} саясатына қарсы – демек, халықты нәсіліне қарай бөлуді жойып, қара мен ақ нәсілділердің тең құқығын өмірге әкелді. Артында халқына істеген қызметі мен қамқорлығынан басқа өзінде ешқандай байлық-қазына қалған жоқ. Президенттік мерзімі тәмамдалған соң, туып-өскен Күнту ауылында бұқара халқымен бірге ғұмыр кешті. 96-ға қараған жасында дүниеден озды. Соңғы сапарға шығарып салуға, қоштасуға АҚШ президенті Барак Обамадан бастап, әлемнің 99 елінің-мемлекетінің бұрынғы, бүгінгі басшылары келді. Нельсон Манделла халықаралық Лениндік бейбітшілік сыйлығының және Нобель сыйлығының лауреаты болатын.

АҚШ президенті Барак Обама: «Муаммар Каддафидің басына түскен қайталанбас трагедия әрбір ел президентінің басына келуі мүмкін», - деген еді. Иә, еліне, халқына құлша қызмет етуді Нельсон Мандела, Уго Чавес, Гамаль Абдель Насер, осы ұлылар өмірінен үлгі алса, оларды халқы мәңгі ұмытпайды ғой.

ҚОҒАМ – БАСШЫСЫНАН БАСТАП БҰЗЫЛАДЫ

ПЛАТОН ұлы ойшыл.

Иә, қоғамдағы халықтың қажырлы да қанды еңбегімен жүзеге асып жатқан әрбір істі тек қана басшыға байланыстырып, оны барынша алаулатып, жалаулатып, басшының атымен насихаттайтын, үгіттейтін БАҚ құралдары қай заманда да басшының жандайшаптарының меңзеуімен жұмыс істеп келеді.

Ел басқаратын ұлы тұлғалардың еңбегін жоққа шығаруға болмас, әрине.

ЖӘНДІКТЕР ДЕ БАЛАСЫ ҮШІН ЖАНЫН ҚҰРБАН ЕТЕДІ ЕКЕН

Иә, балалық шағымның бірнеше жылы аңшылықпен өтті ғой. Ол серуендеу үшін емес, күн көріс үшін болды. Сондықтан болар... Автор.

^{*} *Апартеид - политика расовой дискриминации и сегрегации, проводимая правящими реакционными кругами в Южно-Африканской Республике в отношении коренного африканского населения. Словарь иностранных слов.- М., 1988, С.47.*

«КІРПІ БАЛАСЫН ЖҰМСАҒЫМ ДЕР...»

Үйіміз Шалқар қаласының бас көшесі аталатын Ленин көшесінің қақ ортасында болатын. Бұрын бұл көше Төртінші конгресс, кейін Ленин, 16 сәуір 1993 жылдан бастап ұлт-азаттық көтерілісінің қолбасшысы Есет Көтібарұлы атына берілді. Осы үйде балаларымыз ер жетті, өсті. Бұл үйде еліміздің, Одақтың талай көрнекті тұлғаларына дастархан жайылды. Құтты-берекелі қоныс болды, балаларымыз жоғары білім алды, шаңырақ көтерді.

Ауласы кең, ауқымды, өте ыңғайлы. Көшіп келе бірнеше түп алма, шие, жиде, сирень, гүлдер отырғызып, ауланын ортасына қауын, қарбыз, асқабақ, қызанақ, қияр, жүгері ектік. Аула құлпырып кетті! Үйдің көше бетіне әдемі теректер ектік. Аула ішіне терең құдық қаздырып, шегендеп, ішіне су құйғызып, водовозбен, шағын су шығаратын мотор орнаттық. Демек, қажетті жеміс-жидекті ауладан жинап алатын болдық. Арада бес-алты жыл өткесін жеміс-жидекті ауланың екінші бетіне аударып ектік. Керемет болып өсті.

Бір күні әдеттегідей ерте тұрып, бакшаны суарайын деп қозғала берсем, бір кірпі (қазақтар кірпішешен дейді ғой) аузына тістеген кішкене ғана бозғылттау түсті «инеге» оранған кішкентайымен ауланың төріндегі қалың ағашқа қарай жүгіріп барады. Мен аң-таң тұрып қалдым. Сол аузына тістеген баласын ағаш арасына тастап, жалма-жан қайта келіп, екінші баласын, одан кейін үшінші баласын, төртіншісін тістеп алып таси берді. Маған назар аудармады. Әншейінде біреулерді көрсе, сыбыс болса, далада қол-аяғын ішіне тығып, инедей қылқанына оранып жата қалатын-ды. Ал далада бүркіт, қарақұс шүйлігіп келіп, кірпіні тырнағына қысып, аспанға көтеріп алып кетіп, тастап жіберетінін де көретінімін. Өлгесін бауырын жазып жатады. Ол құстарға дайын жем, жас ет болатын.

Содан байқасам, мен су жіберіп жатқан арық шетінде балапандар тұратын ін бар болып шықты. Інге су кеткен. Сонымен балаларын аман алып шығып, қалың ағаш ішіне орналастырды.

Шалқар қ., 1972 ж.

КҮШІКТЕРІНІҢ АМАНДЫҒЫ ҮШІН ЖАНЫН БЕРДІ-АУ

Қаладан редакцияның «Уаз-63» автокөлігімен таң бозара шығып, «Шалқар» совхозының «Ақ інген» жайлауына бет алып, тартып келеміз. Мезгіл сәуір айының аяғы. Жайылымға кірер жер аласа өскен

ісі бұрқыраған жиде, тал, шілік, үйеңкі, жыңғыл, қамыс, саралжын аралас өскен тоғай қалыңдық болатын. Сол жерден алдымызды кесіп, бір қаншық қасқыр бізге артына қарап көзін салды. Ізіне түсе қудық. Қасқыр іні. Топырағы әлі суып болмаған жас. Қасқыр күшіктерінің інге кіріп-шығып жүрген іздері сайрап жатыр. Совхоз директоры Пейіш Хұсайынов:

– Күшіктерді алайық, кәне,- деп қимылдай бастады. Ұзындығы бір жарым-екі метрдей құрықты інге тығып көріп едік, қорағаш бөлтіріктердің біріне тиген болар, ұшы былқ ете қалды. Ақыры сол құрық жеткен жерді төбесінен қазып, тереңдігі бір метрдей болған кезде, күшіктердің үстінен түстік. Түйе жүнінен тоқыған үлкен қапқа жеті күшікті салып алып, аузын байлап, көлікке сала бергенімізде, манағы қаншық қасқыр қасымызға жан ұшыра жетіп келді. Көздері жәутеңдеп, сорасы ағып, мөлініп, біресе аузын ашып, сап-сары тістерін ақситып, ырылдап айбат шегіп, артқы екі аяғымен жерді осып-осып қояды. Бір кезде екі көзі қанталап, жас парлап кетті. Шофер мылтығын алып шығып, атып алайық дегендей болды. Бірақ:

– Атпа, біздің соңымыздан ерер ме екен дедім.

Қой ауылға келдік. Күшіктерді босаттық. Балалар жиналып қалды. Ауылдың қой төбеттері тым-тырақай қаша бастады. Ауыл адамдары аң-таң шуылдасып жатыр еді, манағы қаншық қасқыр әй-шәйға қарамай, жетіп келіп, күшіктерін желкесінен тістеп алып қаша бастады. Малшылар:

– Неғып тұрсыңдар, атып тастамайсыңдар ма?- деп өре түрегелді. Сол кезде бір қарт:

– Тоқтаңдар! Атпай-ақ қойыңдар. Бөлтіріктері үшін жанын торсыққа құйып, пида етуге келген ана ғой. Ана ерлігін ардақтайық та! Кейін-ақ атып аларсыңдар,- деді.

Ақ інген жайлауы, 1974 жс.

ЕТІК ҰРЛАҒАН ТҮЛКІ

– Әке-ау, бір етігің қайда?- деп кешкілік қойын-отарын айдап келген шопан Сапардан балалары жарыса сұрап жатыр. Жазғытұры болғанмен ауа райы әлі жылына қоймаған, жер сыз болатын. Тоңып, жаурап келген Сапар шайға терлеп, тұла бойы жылынғасын балаларының сұрағына жауап берді.

– Мана ертеңгілік анау Шилібасат ойына отарды жеткізіп, атты камшылап, қалыңдық ішінде қасқыр күшіктеп, күшіктеріне жемтік іздеп жортып жүреді ғой. Қойды жазым қылар деп отардың алдын орай келе жатсам, ині түбінен бір жас топырақты інді кездестірдім. Түлкі

іні. Атымнан түсіп, інге келдім. Іздер жана. Ішінде күшіктерден баска ірі тұлкінің ізі де бар. Ін аузына құлағымды тостым. Ырылдаған, үрген күшіктердің дыбысы естілді. Енді не істеу керек? Қасымда күрегім де, мылтығым да жоқ. Ертең күрек, қап, құрық, мылтық әкелейін дедім де, қашып кетпесін деп оң аяғымдағы етігімді шешіп алып, іннің аузына тықтым. Содан жаңа кешкілік байқайыншы деп келсем, іннің аузы үңірейіп жатыр. Тұлкі де, күшіктері де, етігім де жоқ.

Сапар екі күннен кейін ырым-жырым болып жыртылған етігін ши түбінен тауып алды. Бірақ киюге келмейді. Етік маңында ойнап жүрген тұлкі күшіктерін көріп, «Ә, бәлем, сендерді ме?!», - деп жұдырығын түйіпті.

Шилібасат, 1975 ж.

АҚМОЙНАҚТЫҢ АЖАЛЫ

Қаланың Социалистік Еңбек Ері Жұмабек Дүйісов атындағы тар көшенің басында бір топ бала қолдарында бірнеше иттің күшіктері дабырлап, ерсілі-қарсылы жүгіріп жүр. Бірақ емшектері салбыраған бір ит балалардың қасынан қалар емес. Жанағыдай болмай, бір милиция сержанты келе қалды. Балалар күшіктерді көшенің ортасына тастай бет-беттеріне қаша бастады. Сол кезде шаңға оранып жатқан күшіктерді жаңағы ит аузына сала беріп, екеуін тістеп еді, аузына сыймады. Содан біртіндеп тістеп, көшенің оң жақ шетіндегі бір үйдің ауласына қарай алып кетіп тастап, екінші күшігіне жанұшыра жүгіріп келді. Сөйтіп бес күшігін аман алып шықты. Енді алтыншы күшігін құм ішінен тауып алып тістеп жүгіре бергенде, бір жүк автомашинасы келе қалды. Көк шаң, ештеңе көрінбейді. Шофер тоқтады. Кабинадан түсіп, машина доңғалағы астында езіліп жатқан аузында тістеген күшігі бар итті көрді.

– Алда сорлы Ақмойнақ-ай, мен кінәлімін, мына қою шаңнан сені көрмей қалдым ғой, қайтейін,- деп ит иесінен кешірім сұрауға кетті.

Шалқар қаласы, 1977 жыл.

ҚАРТ АҢШЫ ЖӨКЕШ АҒА ЕДІ ҒОЙ...

Елге танымал, сөзіне ісі сай, аса қайратты аға болатын. Анда-санда келіп редакция қызметкерлеріне өз өмірінен небір қызық, небір жантүршігерлік әңгіме-оқиғаларын айтып кететін-ді. Иә, Жөкеш аға жайлы осы жолдардың авторы бір кітабында жазған-ды. Тек қана бір эпизод Мұғалжар тауының Тасөткел жағасында қараша айының қар

кылаулап тұрған күні шопан Байқат ауылында кездескен едім. Сонда белуарына дейін шешініп артезиан құдығына жуынғаны есімде. Иә, өте шымыр, денелі кісі еді.

...Редакция үнемі бір қапылыста, журналистер бір жаугершілікте болады ғой. Газет нөмірі түннің екінші жартысында басылуға баспаханаға жіберіледі. Сөйтіп жанталасып жатқанымызда редакциядан шу шықты.

Жөкеш аға бір қап қасқырдың тірі күшіктерін арқалап алып келіп, редакцияның жалпы бөлімі орналасқан залға қоя берген. Әйелдер мен қыздар дауыстап үркіп, бет-бетіне қашқан.

Жөке аға-ау, бұның не?- десем:

Мына қыздарым мен келіндерім, балаларым тірі қасқыр бөлтіріктерін көрсін дегенім ғой,- дейді.

Ағаны қасқыр күшіктерімен суретке түсіріп алып, газетке берген едік.

1976 ж.

БІЗ АШ, КҮЗЕН ТОҚ

Кішіқұм. Қыс. Бет қаратпайтын боран. Жол жоқ. Қар күртік. «УАЗ»-иктер де жүре алмайды. «К-700» алып трактормен ауданнан шығып «Шалқар», «Тоғыз» совхоздарының жылқышыларын көріп, қысқы жылқы тебінін аралауға келгенбіз. Арада екі күн өтті. Трактор кабинасы өте суық, даламен бірдей. Қаладан алып шыққан азықтарымыз таусылды. Содан жылқышылар қосына түнделетіп жеттік. Бас жылқышы жер-қазба (блиндаж) ішіне ертіп алып келді. Жер-қазба іші де ұлып тұр екен.

– Қазір, қазір, қыздырамын,- деп үюлі тұрған тобылғы мен қарағай талды жағып, үш бұтты темір мосаға қара күйе шәйнегін іліп, даладан нығыздап қар толтырып әкелген, шай дайындады. Со-сын ағаш-фанера жәшігінің қақпағын ашты да, селт етпей тұрып қалды.

– Не болды, Сәрсеке?- деймін.

– Масқара, мына жәшік ортан беліне дейін толы қазы-қарта, жал-жая болатын, жоқ! Кім алып кеткен, ә?- деп қояды. Сонан соң:

– Ауа райы болса мынау, тірі жан бұл жерге келе алмайды. Трактормен сіздер екі тәулік жүріп келдіңіздер ғой,- деп тағы жәшігінің қақпағын ашып, тексере бастады.

Көзің жамандық көрмесін, үлкен жәшіктің түбінің бір шетінде екі күзен ұйықтап жатыр. Әбден оналған. От көсейтін ағаш көсеуімен екеуін де ұрып қалды. Күзендер жәніктен шыға, қаша жөнелді.

Иә, сонымен біз аш қалдық. Күзендер тоқ, бізбен қоштаспастан жертөледен шыға қашты... Анекдот дерсін.

Көктымақты, 1974 ж.

БҰЛ НЕ ДЕГЕН ҮНСІЗДІК, Ә?

Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, аудандық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы және осы жолдардың авторы – редактор үшеуіміз «Уаз-63» жеңіл машинасымен Кішікұмның Шілікті елді мекенін бетке алып тартып келеміз. Автокөлік рөлінде Владимир Хохлов. Қазақшаға судай ағып тұрады. Бірақ айта бермейді.

Тамыз айының ортасы. Сәске түс. Жаңбырдан кейінгі құм жолы. Сары мақпалмен тысталған түйе жүні көрпесіндей, жол мап-майда сол сексен шақырымдықпен Володя есіп келеді. Көктымақты ауылынан өте бере Володя автокөліктің радиокабылдағышын қосты. Қазрадио дикторы Әнуарбек Байжанбаевтың дауысы саңқ ете қалды.

– Құрметті радиотыңдармандары, Қазақ радиосының «Шалқар» радио бағдарламасы Сіздерге республиканың танымал журналисі Тауман Төрехановтың «Ақиық» очеркін береді. Кәне, тыңдап көрейік,- деді де, бабына келтіріп, қоңыр музыкалық әдемі дауысымен айта бастады.

Бұл әдеби суреттемеге толы очерк Шалқар ауданы, «Актоғай» совхозының аға шопаны, орденді қайраткер Самигұлла Нұрғалиевтың қажырлы еңбектеріне арналған алты беттік шығарма еді. Әнекен төгілдіріп, құйқылжытып айтып жатыр. Еріксіз тыңдайсың. Володя:

– Мына диктор Қазақстанның Левитаны ғой,- деп, құлағын тосып келеді. Мен аң-таң отырмын. Екі бастық не жақсы, не жаман деп, ауыз ашар емес. Үнсіз. Қимылсыз... Қалтамнан сигаретімді алдым да тұтатып, аузыма салдым. Көк түтін машина іші. Екеуі де үнсіз. Ішімнен бұлар тас құлак па, әлде, шопанды, не мені көре алмай отыр ма? Жек көре ме деп қоямын. Тағы: «мүшелік жарна» төлемеді ме екен деймін біреулер, тым көңілсіз.

...Володя ауданның, облыстың қыр, құм жолдарын жақсы білетінді. Түс ауа бір шағыл үстінде тұрған «Тоғыз» совхозының директоры Нағым Қобландин қарсы алды. Бірден менің қолымды алып: «Ақиық» очеркінің авторы, ақ Тәке, құттықтаймын!»,- деп құшақтай бастады. «Керемет жазылған, ал Байжанбаев жан бітіріп оқыды! Жарайсың, Тәке, бізді де ұмытпағайсың»,- деп күліп алды.

– Ал, қош келдіңдер, Сіздерді, үшеуіңізді бір дем алсын деп, таза ауаға шақырғанмын. Дастархан дайын,- деп бірден жалғыз киіз үйге

өзі бастап жүрді. Құлын шекесі, ақ марқаның басы, жылы-жұмсақ, түйенің сүтін құйған қызыл күрең шай, шетелдік коньяк, қымыз, шұбат...

Екі бастық үнсіз. Неге? Екеуі тілге келіп қалды ма? Бәрі жұмбақ.

*Сарыжаға өңірі, 1977 ж.,
қойын дәптерден көшірілді.*

КӨРГЕН КӨЗДЕ ЖАЗЫҚ ЖОҚ

Алматы қаласы, бір көп салалы клиниканың емдеу дәрігері кабинеті сыртында бір топ жасы келген, көбісі зейнеткерлер отырған еді. Іштен көзінен жасы төгіліп бір сартұра еуропалық әйел шықты. Отырғандар ішінде кезек күтіп отырған бір жинақы, сөзге шешен ер адам орнынан ұшып тұрып, әйелдің қолтығына қолын салып, өз орнын берді.

– Не болды?- деп бірден сұрай бастады.

– Үстің иістенген! Не шошқа қорасы дейсің бе? Саған ем бермеймін, кет!- деді де, кабинетінен қуып шықты,- деп әйел одан әрі егіліп қоя берді.

– Мен зейнеткермін. Медсестра едім. Зейнетақым он мың теңге. Ол комуслуга төлеуге де жетпейді. Бәрі қымбат. Тіпті ет тағамын көрмегеніме де екінші жыл. Қайтемін, білмеймін. Өлуден басқа ештеңе қалған жоқ. Медсестра болып отыз жылдай жұмыс істедім. Бір адамды ренжіткен жоқ едім,- деп үнжырғасы түсіп, екі санын қолымен ұрып егіл де тегіл дауыс шығарып жылай берді.

– Тіпті ваннаны да айына бір-ақ рет аламын. Су да қымбаттап кетті ғой. Кір киімдерімді кие беремін,- деп қойды төмен қарап.

Жаңағы жігіт ағасы ер адам дәрігер кабинетіне кіріп барып:

– Сіз, қай қоғамда тұрып жатқаныңызды білесіз бе? Бұл жабайы капитализм заманы! Бәрі де кездеседі. Сіз білмейсіз ғой, шамасы, Карл Маркс: «студенттерді мәдениетті қайыршылар», деген еді. Ал капитализмде қазіргі зейнеткерлер де мәдениетті қайыршы болды. Аумалы-төкпелі уақыт. Қуып шыққан әйел медсестра екен. Өзіне-өзі қол жұмсауға бекініп отыр. Біз сіздің қимылыңызға куәміз. Қазір акт жасаймын. Ертең тордың арғы жағында отырасыз. Немесе, тездетіп ол әйелден біздің көзімізше кешірім сұрап, қайта қабылдап, ем беріңіз. Болмаса... деген қатты-қатты дауысы шықты.

2000 жс.

АСТАПРАЛЛА, ҚОЙДЫМ, АРАҒЫ ҚҰРЫСЫН!

Екеуара әңгімеден

- Алло, алло, жеңеше, сіз бе? Мен... Ба... Баз...
- Анығырақ айтыңызшы, кімсіз? Түсінбей тұрмын.
- Қайның Базархан,- дедім ғой.
- Қой, тоқтат! Сенің аузыңнан арақтың иісі мұңкіп тұр.
- Жоқ, жеңеше, бүгін ішкенім жоқ.
- Онда арақтың иісі қайдан келіп тұр, ә?
- Қоя, жеңеше, сонда телефон сымы арқылы ма?
- Иә.
- Астапралла, онда қойдым, арағы құрысын!
- Қойғаның дұрыс, қайным. Есінде болсын, арақты ақымақтар ішеді. Қыста тоңып, бүрсеңдеп жүргесін жылыну үшін милиционерлер ішеді. Анау сауда қоймаларындағы завсклад әйелдер ұрттап тұрады, тоңып қатып бара жатқасын.
- Жеңеше, мен олардың ешқайсысы да емеспін ғой. Қойдым. Сізге ант етемін! Бірақ бастықтар да ішеді ғой. Сонда олар да ақымақтар ма?
- Түсінсеңші, олар француздың он алты жыл сақталған «Ақ тамарын», шотландының табиғи вискасын, өз еліміздің бес жұлдызды коньягын ішеді. Онда да нормамен. Сен біздің үйдегі ағаң емессің ғой тек, «коленвал» ішетін.
- Қойдым, жеңеше, арағы құрысын!

Шалқар қ., 1988 ж.

«ЖЕМ, ТЕМІР АҒЫП ЖАТҚАН БҰЖЫР СУЫ»

*Әулиетау Мұғалжар,
Бал ағады тасынан.*

*Асқар ТОҚМАҒАМБЕТОВ,
елге танымал сатирик, жазушы.*

Жазғытұрғы уақыт. Ел Ұлықмұнан үдере көшіп, Мұғалжар тауын кесіп өтіп, Жем, Темір өзендерінің бойына қарай төл қарақұлақтанғасын жаз жайлауға бет алады. Көшбасшысы Көтібар Көктөбе басындағы Елек өзеніне жеткен. Артынан Көбес ауылы көшетін-ді. Көбес көші тауды артқа тастап, Жем бойына келіп түнейді. Жылқышыларынан мұны естіген Маман бай біреуін шақырып алып:

– Сен Көбестің бір малшысына менің мына сөзімді жеткіз,- дейді.

*Қонған үй – жалғыз ауыл Көбес еді,
Көбестің жүрген жері кеңес еді.
Бір тоқты ерулікке сойып бермей,
Көбестің қылар ісі емес еді. Бар жеткіз!-*

дейді бай.

Жылқышы Көбестің малшысына байдың осы бір ауыз өлеңін айтып береді. Өлеңді сол кеште малшы Көбес көкесіне жеткізеді. Көбес ернін жалап жіберіп:

– Сен менің мына сәлемімді сол жылқышыға айтып бер.

*Маман бай өлең айтса, малдың буы,
Жігіттің таусылмайды ит- қыршуы.
Әлде де ерулікті Маман берсін,
Жем, Темір ағып жатқан Бұжыр суы!*

Көбес сәлемін Маманбай жылқышысына малшы табанда жеткізеді.

– Қате менен! Сендер бір семіз құнанды алып келіп сойыңдар. Асыңдар. Сегіз жігіт Көбес ауылына менің атымнан ерулік екенін жеткізіп, сәлемімді айтып барыңдар,- депті Маман бай...

Әлімнен Айт, Бұжыр тарайды. Айттан Қабақ, Тілеу. Бұжырдан Назар, Шүрен, Жекей. Ал Айттың Қабағынан Жапақ, одан Бәсен, одан Жандәулет, Ақпан, Токпан, Көтібар, Көбес. Тарихи шежіреге «Бес Бәсен» болып енген. Көбес халық батыры, заманының хан дәрежесіндегі Биі, дәуірінің серкесі Көтібардың туған інісі. Ал Маман бай Бұжыр батырдың, заманының Биі, байы Назардан тарайды.

Иә, бұрын да бір кітабымда көлемділеу етіп бұл көрініс берілгенді. Бүгінгі, келешек ұрпақ үшін қайталап отырмын. Қайталағаннан шындық бұзылмайды.

«От повторений правда не портится». В.И. Ленин.

№79 блокноттан қысқартылып алынған, 1969 ж.

* * *

Су аяғы – құрдым демекші, қызмет бабымен талай ізім қалған өңірдің бірі – Жем, Темір өзендері еді. Бұл екі өзен де басын Мұғалжар тауынан алады. Екеуі де өткен ғасырдың алпысыншы жылдары арқырап ағып жатқанда, осы ХХІ ғасырдың басында жол түсіп бір қорғенімде, сонау Каспий теңізіне құлар сағада теңізге жетпей, бір

қалыңдық-сортақта су сіңіп кетеді екен. Жергілікті халық «тұщы бұлақ қазірде көзден бұл-бұл ұшты-ау», - деп отырғанын естіп едім.

ҚАЗАҚ СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ

«Қазақ» сөзінің этимологиясы жайлы күні бүгінге дейін әркім әртүрлі пікірде. Ал ҚазГУ-де (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) оқып жүргенімізде, бір дәріс үстінде танымал ғалым Мұсатай Ақынжанов профессор:

– Қазақ – қаз сақтан шыққан. Қас (хас) – нағыз (баламасыз) деген мағынаны білдіреді. Қас (хас) батыр, қас (хас) сұлу. Ал Сақ – біздің шығу тегіміз. Демек, қассақ келе-келе жұмсарып, бірігіп «қазақ» болып қалыптасқан, - деген еді.

Үзілістердің бірінде Мұсатай ағаның асқар Алтай, өр Алтай, асқақ Алтай өңірінің тумасы екенін білгенбіз. Осы аймақта Сақ, Ғұн, Түрік қағанаты мемлекеттерінің болғанын тарихтан білеміз. Сонымен біздің ата-бабаларымыз – қазақтар осы құрылымдардың құрушысы да билеушісі де болған-ау дейміз.

Алма-Ата, 1953 ж.

ЖЕҢГЕЙ, СІЗДІ «ПЕТУХ» ШАҚЫРАДЫ

Айнабектің үйінде үлкен жиын. Қаланың бір топ белгілі азаматтары дастархан басында. Үй иесі әйеліне:

– Курочка, Курочка, анау қайда? Курочка, мынау көрінбейді ғой дастарханда, - деп қайталай береді.

Айтып отырғаны қаз еті болар деп көлемді бір табакка салып, келіні алып келеді.

– Келін-ау, мен Курочканы шақырып едім ғой, - деп салқындау көзімен келініне қарайды.

– Құралай жеңесе! Сізді петух шақырып жатыр, барыңыз!

– Не болды, неге шақырдың?

– Курочка-ау, эне біреуі жетпей жатыр-ау, шамасы.

– Қайнаға-ау, Курочка, Курочка, - деп қоймадыңыз ғой. Сонда Сіз петух болғаныңыз ба? Міне, Курочқаңыз! Не істемекшісіз қонақтар алдында?

Қайнағасының тілі байланып қалды. Отырғандар да күлерін де, бірдене айтарын да білмей, үнсіз қалды.

Астана қаласы, 1998 ж.

40 – ҚАСТЕРЛІ САН!

40 санын түркі, қазақ халықтары қастерлі сан санайды. Қырық күн шілде, қырық кадам... Қырық күн толғанда сәбиге шілдехана тойын атап өтеді. Сол күні сәбиді сұға күміс салып жуындырып, қарын шашын алып, бесікке бөлсейтін де дәстүр бар.

Адам дүниеден озғанда 40 күнге толса, ас беріп, халықтың қайырын алады.

Атақты Жетес Би (Әлім, Шекті, Асан аталығынан):

***Қырық жаста бір дәуір,
Ақ алмастай жарқылдадым.
Аққан дариядай сарқылмадым,
Тау қыранындай шаңқылдадым.
Алдымнан шешусіз іс өтпеді.
Сөз кезегі келгенде, маған адам жетпеді!,-***

деген екен.

Әлем халықтарының біраз жерінде 40 санына ерекше мән береді. Қырық – екі дүние – өлім мен өмір арасындағы шекара, деп те айтылады.

Шалқар, 1990 ж.

Ел басқарып отырған тұлғаның қызметіне отбасы мүшелерінің араласуы, үлкен қатер. Зардыхан ҚИНАЯТҰЛЫ, белгілі тарихшы.

Революцияны ойшылдар ойлап шығарады, оны аштар, панасыздар іске асырады, ал қызығын алаяқтар көреді. Отто фон БИС-МАРК, Берлин, 2001 ж.

Революция – амалсыздық, жойқын әрекет, алдындағысының бәрін қирататын дауыл. Революция мен эволюция – бір медальдың екі беті. Георг ГЕГЕЛЬ, неміс ұлы философы.

Ақсақалдар Кеңесін заманында Шыңғыс хан құрған. Бірақ қолында қаруы мен билігі бар ел басқарушы «алжыған» қарттардың пікірімен санаса бермеген ғой.

Қазір біраз елдерде конституциялық кеңес бар. Иә, оны кім тыңдап жатыр. Тарихтан белгілі, көптеген елдерде – мемлекеттерде конституциялық сот жұмыс істейді. Ол тек конституцияға бағынады. Ол Президенттердің де іс-қимылын бақылауға алады. Ал конституциялық кеңесті Президент құрады, таратады, бекітеді. Сонда ол әкімшілік билікке тұтастай тәуелді.

Ұлына, қызына сенген халық кемтар болмайды. Зардыхан ҚИНАЯТҰЛЫ, белгілі тарихшы.

Алтамыс батыр – жыры Шекті елінің оқиғасы.

«Шекті деген елінде, Сарыбай деген бай еді»,- деп басталады.

Иә, **Қобыланды батыр** да қазақ елінің батысында болған. Қара қыпшақ, Қобыланды. Ақтөбе елінің басшысы *Е.Н. Сағындықов* «Қобыланды Кесенесін» 2007-2008 жылдары салдырып, ұлан-асыр мереке өткізді.

Ең ұлы істер ең қиын шақта өмірге келеді. Н.Ә. НАЗАРБАЕВ.

Ешкім де періште емес: патша да, пақыр пенде де. Шәкәрім ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ.

Иә, күннің жалғыз кемшілігі бар: ол өзін-өзі көре алмайды. СОКРАТ (469-399 біздің дәуірімізге дейін гұмыр кешкен ежелгі грек философы).

Егер кімде-кім еліне күшпен иелік еткісі келсе, ол ешқандай мақсатына жете алмайды. Лао-Цзы, ежелгі Қытай философы, «Дао Дэ Цзин» - трактатының авторы деп айтылады.

ИӘ, БІЛЕ ЖҮРГЕННІҢ ЗИЯНЫ ЖОҚ ҚОЙ

XXI ғасырдың басында – әлемде 5000 тіл бар деп саналады. XX ғасырдың ортасында біз ҚазГУ-де оқып жүргенімізде, әлемде 3000 тіл бар деп оқыған едік. Иә, әлемде ең көп таралған тіл – Қытай тілі. Бұл тілде 1 миллиардқа жуық адам сөйлейді. Қазір 420 млн. халық әлемдегі сауда тілі саналатын – ағылшын тілінде қатынас жасайды. 300 млн. халық испан тілінде. 285 млн. халық – орыс тілінде сөйлейді екен.

Әлемдегі ең көп халық ұстанатын дін – христиан діні, ал миллиардқа жуық халық ислам дінін ұстанады екен.

Дінде шектен шықпаңдар! Дінде шектен шығу құрдымға кетіреді. ХАДИСТЕРДЕН.

Мария, Марьям есімдері қыздарға, әйелдерге тән есім. Ол иврит тілінен тараған делінеді. Кейде латын тілінен депте айтылады. Сөздің мағынасы – «сүйікті», «етене жақын»,- дегенді білдіреді. Бұл есім келешегінен үлкен үміт күтілетін қыздарға ғана қойылған.

Қатын бастаған ел оңбайды, ешкі бастаған қой оңбайды. ҚАЗАҚ мақалы.

Иә, осы мақал дұрыс па? Небір дана, арда қыздарымыз бар емес пе?

«Мак» – қазақша «ит қызғалдақ»,- деп халық атап кеткен ғой.

Жаман жолдастан – жалғыздық жақсы,

Жалғыздықтан – жақсы жолдас артық.

Жаман сөз сөйлегеннен үндемеген жақсы.

Үндемегеннен – жақсы сөз айтқан жақсы. МҰХАММЕД хадистерінен.

*Қанша мықты болсада жауға салма жалғызды,
Қанша шешен болсада дауға салма малсызды. Ұлы шешендер
СӨЗДЕРІНЕН.*

ӘЙЕЛ ТӘНІ БИЗНЕС ҚҰРАЛДАРЫНА АЙНАЛДЫ МА?

Иә, нарық заманында – капитализмнің біздің елдегі жабайы дәуірінде – бәрі сатылады, бәрі сатылып алынады. Сайып келгенде, махаббат та сатылады. Әйел денесін – тәнін сатып күнелтеді. Бұл пікірді ХІХ ғасырда-ақ жазушы *Джек Лондон* былай деп айтқан еді: *«Вся жизнь сводилась к вопросу о пище и крове. ... Купец продавал обувь, политик – свою совесть, представитель народа – народное доверие и почти все торговали своей честью».*

Танымал ғалым *Мекемтас Мырзахметұлы «Жас Қазақ»* газетіндегі (20.09.2013 ж.) мақаласында қазақтың көреген әулиесі *Бексейіттің* мына бір тарихи сөзін келтіреді: *«Зұлым заман келе жатыр... қырғын соғыс болады. Жесір көбейеді. Сөйтіп, көрер көзге жарқын, бірақ іштей іріп жатқан бір заман басталады... имандылық азаяды. Өнеге тозады. Қасиет азаяды. Еркек үйшіл, әйел базаршыл болады. Қатын жіберу көбейеді. Тірі жетімдер саны артады»,-* деген екен. Иә, жоғары да келтірілген американдық *Джек Лондонның* пікірін толықтыратын сияқты. Екі автор да жиырмасыншы ғасырдың басында осындай пікірге келген екен.

Қазір осы өмірлік ақиқатқа айналды емес пе? Ақыл, даналық, біліктілік, білім, тазалық, имандылық керек емес, ақша, көке, тақ! Әлгі Г. Бельгер айтқан ХХ ғасырдың қазақтары – құдай дейтін еді. Қазіргі қазақтар – мұнай, ақша дейді деп.

«Сені сүйдім, күйдім»,- деп күйеуге шығатын жалаң бұт қыздардың кәсібі – күйеуге шығып алып, жігіттің бар қаражатын, жағдайын иеленіп алып, айрылып кетеді. Иә, бұл да бизнес құралына айналып барады-ау.

Бір заманда: «алақаптың қатыны, алақаптан ас кетсе, әлде кімнің қатыны»,- дейтін еді. Нарық заманында қалың қалтаң, «мерседес», «джип», су жаңа автокөлігің, оларға қоса әдемі тұрғын үйің болса, ғана қатын, болмаса ... «к черту». Иә, солай. Бұл ата-анадан, әкешешеден дұрыс тәлім-тәрбие алмаған жалаңбұт жастардың ісі. Ал қазіргі өскен ортасы да онып тұрған жоқ-ау, ә?

* * *

Н.В. Балкашин – қазақ қанын судай ағызған орыс әскери басшысы. Орынбор-Самара губерниясының генерал-губернаторы В.А.

Перовскийдің орынбасары болып тұрғанда, батыс өңірдегі қазақтарды қырған, жерін тартып алған қанішер еді. Оны мен «*Дала Геркулесі*» кітабымда жазғанмын.

«МОЙЫНДАУҒА ТИІСПІЗ»

Мұхаммед христиан діні мен иудаизм дініндегі адасушылықтың қауіптілігін түсінді. Ол өз өмірін қауіп-қатерге тіге жүріп, пұтқа табынушыларды бір Құдайға иман келтіруге шақырды және мәңгілік өмір дәнін себе бастады. Оны адамзат тарихындағы тек қана ұлы адамдар қатарына қосып қою әділетсіздік болар еді. Біз оның пайғамбарлығын және ол Аллаһтың жердегі Елшісі екенін мойындауға міндеттіміз. Карл МАРКС, «Иләһи гажайыптар» кітабынан.

Баспасөз – халықтың өзін-өзі көретін рухани айнасы. Карл МАРКС.

Ежелгі гректер «Өзіңді таны» атты дәріс – курсы мектептерге енгізген. Әрине, өте құптарлық ілім. Себебі әркім өзін таныса ғана аяғын дұрыс алып жүруге бағдарлама болады. Кәзіргі «Өзіңді таны» пәні де пайдалы сабақ. Өзіннің кім екенін білген пендені тұлға десе де болады.

Александр Илич Дутов, (05.08.1879, Сыр бойындағы Қазалы қ. – 7.02.1921, Суйдун, Қытай) діндар адам болған. Бірақ қазақтың қанын судай ағызған баскесер. 1919 жылы Орск қаласын алғаны үшін генерал-лейтенант атағы берілген.

А.С. Батич – серб генералы, Колчактың адъютанты болған (советтік мағлұматтардан).

О.А. Жәутіков – ҚазПИ-дің математика факультетінің түлегі. Алматыдағы дарынды балаларды оқытатын Республикалық физика-математика мектебін ашқан ұлы тұлға. Мектеп сол ұлының есімімен аталады.

АДАЛДЫҚ ПЕН АРАМДЫҚ!

Қайсысы жеңген екен, ә?

Бір-екі есте қалған, сол бір ертеректе оқыған кітаптарымнан, штрихтарды келтірейін. Қазақ университетінде жиырмамыншы ғасырдың елуінші жылдары көз жазбай кітап оқитын заман ғой.

... **В.В. МАЯКОВСКИЙ** дүниеден озып, топырағы суымай тұрып, көреалмайтын ішітар, көрсоқырлар В.В. Маяковскийді тарихтан аластатқысы келін. коллексінің соңына түседі ғой. Содан әйелі Ли-

лия Брик жылап отырып Сталинге хат жазады. Қазіргі замандағыдай емес, хат кімнің атына жазылды, сол адам тірі құдай болсын, патша болсын жеткізетін еді. Сталин Лилияның хатын оқып былай деп жазған еді: *«В.В. Маяковский был и остается талантливейшим поэтом нашей советской эпохи»*. Осы баға ұлы ақынды аман алып қалды!

Мәскеуге бірде шығармашылық іс-сапармен барғанымызда, экскурсовод Маяковский атындағы көшеде Маяковскийдің ескерткішіне тоқтап, И. Сталиннің осы бір сөзін айтқан еді.

...Илья Григорьевич ЭРЕНБУРГТИ көреалмаған дұшпандары «космополит», деп сынап, мінеп атын тарихтан өшіргісі келді емес пе?

...Илья үйіне біреу мезгілсіз уақытта телефон соғады. Трубкины әйелі Людмила көтереді:

– Илья Григорьевичтің үйі ме?

– Иә, бұл кім?- дейді Людмила.

– Сталин...

– Илья, сені бір қылжақбас телефонға шақырады, мә, трубка!-...

– Ақын Сталиннің даусын бірден танып, кешірім өтінеді.

– Илья Григорьевич, жарайсың, рақмет! Сіздің «Париждың құлауы» шығармаңызды түнде көз ілмей оқып шықтым,- деп трубкины Сталин қоя салады.

Иә, Илья Эренбургты ажалдан осы бір ауыз сөз аман алып қалған еді.

Иә, Сталин пәниде жүргенде ұлы тұлға,- деп табынбаған пенде аз шығар, бірақ...

Осы жолдардың авторы, бұрын да осы кітаптың бір жерінде келтірген болатынымын, өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Боржоми курортында емделген еді: бірде экскурсияға Гори қаласына алып барды. Сталиннің – Сосоның туған бөлмесін, үйін, әкесінің етікшілікпен кәсіп еткен подвал бөлмесін көрдік. Павильонына бардық, бірінші класстан бастап оқыған кітаптары, дәптерлері бәрі қойылған. Иә, Сосоны өмірге әкелген Анасының қабірі, ескерткіші Тбилиси тауының басында екен, оны да көргенбіз. Сонау елуінші жылдардағы университеттегі оқып жүргендегі лекциялар еске түсті... Аңыз адам еді. Өлгенсін ше.!. Ол-культ, ол-диктатор. Ол-мыңдаған адамның қанын ішкен деген баға берілді. Әрине, дұрыс та болар. Ал төңірегіндегілер, Л.П. Бериялар, т.б. барлық документтерді дайындап алып келіп, тек көсемнің «протокольный генсекке» қолын қойғызуға әкелсе, «тірі құдай» қайда барады? Иә, мен ол кісіні ақтайын, не жамандайын,- деп отырған жоқпын. Тақтан кеткен күні қандай көсем болса да, артында екі түрлі баға қалады ғой. Ол – тарихи шындық!

Мына бір сөз есімде. КазГУ-де оқып жүргенімізде, шетел әдебиеті тарихынан лекция оқыған Мадзигон **Пабло НЕРУДА** жайлы жағымды бағалар айтқанды. Содан ол ақының еңбектерін оқыдым. Сталинге мемлекеттік сыйлыққа ұсынылғандардың тізімін әкеледі ғой. Сталин қарап отырып, «мұның ішінде Пабло Неруда неге жоқ?»- дейді де, өз қолымен қосады. Ал Сталин Паблоны (чилилік акын ғой) шығармаларын оқығаны болмаса, өмірде көрмеген еді.

Содан Пабло Неруда «Халықаралық бейбітшілікті қорғағаны» үшін әлемдік сыйлыққа (1953) және Әдебиеттен Нобель жүлдесіне (1971) ие болған еді.

Қазір Грузияда И.В. Сталиннің балалық шағы жайлы фильм түсірілуде.

И.В. Сталинге Ресейдің үш жерінде Ескерткіш орнатылыпты. Соңғысы осы жақында Саха (Якутия) елінде орнатылғаны жайлы Ресей телеарнасы хабарлады.

РЕСЕЙ телеарнасынан, мамыр, 2013 ж.

«Грузиялық арман» оппозициялық коалиция парламент сайлауында жеңгеннен кейін, алдағы жылдан бастап елде Сталиннің ескерткіштерін қайта тұрғызуды қолға ала бастаған. Кахети өңірінде былтыр үш монумент қойылды, былтырғы маусым айындағы жоспар бойынша, КСРО көсемінің туған күніне орай 21 желтоқсанда Гориде алып ескерткіш орнатылатын болған. Күн көсемінің көзі тірісінде орнатылған мындаған ескерткіштердің ішінде бүгінгі күнге дейін ТМД елдерінде сақталған екеуі болса, соның бірі Қазақстанда тұр. Ескерткіштің өз тарихы бар, шіркін, меңіреу тасқа тіл бітсе, талай тарихи оқиғаларды естір ме едік.

«Айқын» газеті, қантар, 2013 ж.

СТАЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҮШІНШІ ТОМЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Дәл қазір Мәскеуден И.В. Сталин шығармалары жарияланып жатыр. Бұл шығармалардың қанша том болатынын ешкім білмейді. Білетініміз, ақпан айында И.В. Сталин шығармаларының үшінші томы жарық көреді. Үшінші томның жалпы редакциясын басқарғандар И.Б. Хлебников пен Р.И. Косолапов.

Сталинның үшінші томына оның «Маркс пен Энгельс көтеріліс туралы», «К. Каутскийдің брошюрасының грузинше басылымына алғы сөз», «Думаның кавказдық депутаттары», «Анархизм бе, социализм бе?» атты мақалалары енгізілген.

«ЖА», 20.02.2014.

Бірде А.С. ПУШКИН жыны келіп патшаға: «Ты – прозаик, я – поэт!», - деген екен.

ПАТША ҚАЛАЙ АЛДАНДЫ?

– Осы сен қайда боласың? Біздің адамдар таба алмайды ғой (адамдары жандармерия), - деп Пушкиннен сұраған патша Николай I-ші.

Пушкин мүдірместен.

– Сенатта болдым, басқа қайда болайын, - депті.

– Онда, мұны үйіне жібер, - депті.

Сөйтіп Пушкин бір қамаудан құтылған.

Екатерина II-ші – «бархатная», - деп аталса да, өзіне қарсы болғандарды қоңызша, жаңбырдан кейінгі құртша таптаған екен.

Жарық дүниенің қиыр-қиырындағы барлық ақылды да білімді адамдардың басын жалғыз ақиқат көзі болып табылатын, адамдарды бақытқа бастай алатын Құран қағидалары бойынша қоса алатын уақытым таяу қалды деп, үміт етемін. Наполеон БОНАПАРТ.

Кто возбуждает ненависть – тот возбуждает и любовь. И.С. ТУРГЕНЕВ.

В.И. ЗАСУЛИЧ говорила Ленину: «*Жорж (Плеханов) - борзая: потреплет, потреплет и бросит, а вы – бульдог, у вас мёртвая хватка*».

Сытый, голодного не разумеет. Голодный желудок – страшнее «волка». Народная МУДРОСТЬ.

Час – в добре пробудешь – все горе забудешь. Русская народная ПОСЛОВИЦА.

Тело заливчиво, дело забывчиво. Русская народная ПОГОВОРОККА.

Не надо вспоминать плохого? А если нечего вспомнить хорошего?... Александр Исаяевич СОЛЖЕНИЦИН.

У сильного всегда бессильный виноват. И.А. КРЫЛОВ.

Дилетант – это человек, который не ценит своих идей, но гордится ими. Артур ШНИЦЛЕР, (1862-1931) австрийский писатель.

Как легко писать мемуары, если память слаба. Артур ШНИЦЛЕР.

Терпимость – это когда прощают чужие ошибки; такт – когда не замечают их. Артур ШНИЦЛЕР.

Упрямство – единственная сила слабых и еще одна их слабость. Артур ШНИЦЛЕР.

Журналист – шүріпесін қайырып қойған пистолет сияқты – әрбір тосын оқиғаға дайын тұратын адам.

Сырымбет батыр – тегі Ұлы жүз. Сырымбеттен Жанкелді батыр, одан Түке, одан **Ұлы әулие Райымбек батыр** (1705-1785 жж.) келген, ғұмыр кешкен батырлар да әулие. Зайыбы Кіші Орданың Жеті руы – Тама ұрпағы.

«ЖАНСЫЗДАР» ЖАНЫҢДЫ АЛАР

Сол өткен жиырмасыншы ғасырдың аяғында-ау деймін, бәйбішеміз екеуміз «Алматы» санаториінде демалып жатыр едік. Аса келбетті, инабатты, бетінен адамгершілік, адалдық нышаны көрініп тұрған, ұзын бойлы, қалың етті-тұлғалы адам, сол жасы алысты алған болар, кездесе кетті. Қалтасынан бір қорап шырпыны алады да, ішіндегі тұтанғыш түйірлерін жерге шашып жіберіп, әр түйіріне бір еңкейіп, біраз уақытын бөліп жинап алды. Сол кезде маңдайынан тер шұбырып аға бастады, бетіне қан жүгірді. Бұл неғылған адам екен деп қайран қаламыз. Содан:

– Ассалаумағаләйкум- деп сәлем бердім. Сәлемімді жып-жылы шырайымен алды да:

– Жігітім, нағыз қазақы тәрбие алған азамат болдың ғой. Бұл күнде қазақша сәлем беретін адам да аз қалды ғой. Бері жүр, әңгімелесейік,- деді.

Иә, «Алматы» санаториінің ғимаратын Алатаудың үйеңкісі мен ақ қайыңы, шыршасы көмкерген, таза ауа самал желі бар орын ғой. Отырдық. Менің аты-жөнімді сұрап алды. Кім екенімді айттым. Иығыма қолын салып, кеудесін кенейтіп алды да:

– Мен **Рамазанов** деген ағаңмын. Естуің бар ма?

– Иә, аға. Сіз ұзақ уақыт бойы Оңтүстік Қазақстан Обкомының бірінші секретары болдыңыз. Республиканың депутаты болдыңыз...

– Жарайды, рақмет, таныдыңыз, жігітім. Енді мені тыңда,- деп ойын айта бастады.

– Мен бір жылдары, Қазақстанға, қазақ еліне келгенге дейін мына Өзбекстанда металлургия заводының бас директоры болып қызмет істедім. Сол жылдары қазіргі Өзбекстанның бірінші басшысы – Ислам Каримов мен басқарып отырған заводқа практика өтуге келді. Практика мерзімінде өзін көрсете білген студент болды. Документтеріне қоса жағымды мінездеме жазып, қол қойып бердім. «Аға сізден көп нәрсе үйрендім. Ұмытпаймын! Сізді әркез іздейтін боламын...»,- деді. Мен кейін өз еліме жұмысқа ауыстым. Демекең өтінішімен келдім. Обкомға бірінші хатшы етті. Иә, деп аға біраз ойланып, бетінің қаны қашып, қалтасына қолын салып, мазасызданып үнсіз қалды. Ойын аша қоймады.

– Аға, не болды, бір жеріңіз ауырып қалды ма?- деп сұрадым. Терең демалып:

– Мен демалысқа кеттім. Заман өзгерді. Бірде Ислам Кәримов Қазақстанға келді дегенді естідім. Көп ұзамай көмекшісі маған телефон соқты. Сізді Ислам Кәримов көргісі келеді, сәлемдескісі келеді. Алдын ала айтып қоятын, әрине, «не для печати», сізді Өзбекстанға жұмысқа шақырады. Қалаған қызметін беремін деді. Міндетті түрде кездесуге келіңіз,- деді.

– Иә, сонша сағынышпен күттім. Тек сәлемдесу еді мақсатым. Біздің елдің бірінші басшысы күтеді ғой ондай тұлғаны. Әрине, «жансыздар» қоршап, қорғап жүреді емес пе. Исламның көмекшісі басшысына еріп келген қауіпсіздік органының жетекшісіне тапсырма берген, мені Исламның күтетінін айтып, бірақ Қазақстан жағының «жансыздары» өтінішті қабыл алмады. Бірнеше сағат соңына еріп жүрдім, кездестірмеді. Шәкіртімді бір көруге зар болып қала бердім,- деп күрсіне бергенде, әңгіменің аяқ жағына қарай қазақтың дара ақыны *Сағынғали Сейітов* жұбайымен:

– Тума, біздің палатыға барайық. Дастархан жаюлы. Мына бәйбіше сізді шақырып тұр,- деп ағаны, бізді палатасына алып барды.

– Енді сөзді мына менің бәйбішемнен естисіз. Көңіліңізді көтеріп, сабаңызға түсіреді,- деді Сәкен, Сағынғали Сейітов аға.

– Иә, Рамазанов аға, жеңгейдің қызықты әңгімелерін тындап, «күр атқа мінгендей болдым-ау, рақмет»,- деді.

Иә, кейін ағаны өзін, сөзін-әңгімесін сағынып жүргенімде, қайтейін, баспасөзден Рамазанов аға жайлы қазанаманы оқып жүрегім астан-кестен болды. Екі рет инфаркт алған жүрек көпке дейін соғысын түзей алмады. Бір ай дәрі ішіп өзіме келгендей болдым.

Бірақ аға келбеті, сөздері, мұңауы көз алдымнан кетер емес ...

Мені достардан сақтай алсаңдар, мен қастарымнан әркез сақтана аламын-ау. Ұлылар СӨЗІНЕН.

«КӨЗДЕРІҢДІ ЖОЙЫҢДАР, О, НАЙСАПТАР!»

Иә, коммунистік, атейстік насихаттың жалындап тұрған кезі. Кеше ғана Қазақстан Орталық партия Комитетінің штаттағы лекторы Құрманғалиевтің, діни әдеп-ғұрыптар жайлы біраз аудиторияда лекциялар оқып, діни бағыттағы кейбір адамдарды тәртіпке шақырған еді. Әрине, әрбір таяқтың екі ұшы болады дегендей, кейбіреулері орыстың ащы суын өзі қайтты болып ішіп кетті. Міне, қызық, екі жас жігіт араққа тойын алып, байқаусызда қаланың қас ортасындағы Ле-

нин көшесінде орналасқан мешітке бірін-бірі сүйрей, жетектей кіріп кеткен. Есіктен кіре дізерлеп отырған адамдарға дауыстары қарлыға:

– Әй, даяшы, қырлы стакандарға беттете арақ құй! Әжел!- деп біреуі айғай салады. Намазын тастай беріп:

– Ой, найсаптар! Қайда келіп тұрғандарыңды білмейсіңдер ме? Нағыз доңыз болып тұрсындар, корсылдап. Бұл құдай үйі. Ресторан емес, көздеріңді жоғалтындар!- деп дауыстайды.

Келген мастар өре түргеледі.

– Міне, құран! Айттым ғой, арақ ішетін жер емес!

– Қоя, кеше сеніде сол ресторанда араққа тойып алып, былшылдап отырғаныңды көрдік.

– Өшір үніңді!

– Өшірейік, не бізбен жүр, не ақша бер ...

Молдасымақ қалтасына қолын салып, бір уыс ақшаны ұстатты да, «тайындар, енді!»- дейді.

– Жок, молдеке, бұл көп ақша ғой, үшеумізге жетеді. Ешкімге айтпаймыз. Жүр! Намазды кейін оқырсыз,- деп молданы дедектетіп мешіттен алып шығады.

– Құдай, кешірер, кетейік.

– Кешегі лектор құдай да, дін де жалған,- деді емес пе!

Өшір үніңді біреу естіп, не бізді көріп қалмасын ...

Шалқар қ., 1958 ж.

ЖАНЫМЫЗ ЖАРАЛЫ БОЛДЫ-АУ

Иә, бұл оқиға ойыма қалай түскенін білмей қалдым. Иә, 1953 жылы болар, қателеспесем, Алматы, Комсомол көшесі (бүгінгі Төле би) мен Ұйғыр көшесінің (қазіргі А. Байтұрсынов) қиылысында КазГУ-дың оқу корпусы болатын. Сол ғимараттың бірінші қабатындағы бір бұрышы «спецподготовка» деп аталатын әскери сабақ өтетін алаң – жабық аудиториялар еді. Әскери тактикадан құм сағат-лекциясын майор Грязнев жүргізіп жатты. Құрама алдына аласа бойлы, арық денелі жасы қырыққа аяқ басқан Сыпатаев ағамызды шығарды. «Тактическое занятие с песком» болғандықтан, ағаға майор бірнеше сұрақ қойып, жанын алып жатыр.

Бір кезде:

– Осы сен (сіз деген жок) армияда жеті жыл болдым,- дедің ғой. Жеті жыл майдан шебінде болғанда, жеті ауыз орысша сөз білмейсің! Недеген тупойсың! Кәне, айтшы, сен служить еткен құрамада орыс болмады ма?! Әлде Қытайда служить еттің бе?- деп қасына жетіп барды.

- Сыпатаев аға төмен қарап, қалшынып үнсіз тұрып қалды.
- Сен неге үндемейсің, саңыраусың ба?! Кәне, жауап бер!
- Жеті жыл бойы майданда ит бақтым ... , - деп аға жерге қарады.
- Студенттердің бірі күлді, көбі аяныш, аяушылық білдірді.

Арада бір-екі апта өтті-ау деймін, аға орыс тілін білмейді, әскери сауатсыз, деп, ақыры университеттен шығартып жіберді. Иә, үшінші курсқа дейін студенттер қолдап, қорғап курстан курсқа көшіріп келіп еді.

Иә, аға орны үңірейіп қалды. Студенттер содан кейін майорға салқын қабақ танытты. Одан әріге бара алмадық, заман солай ...

Алма-Ата қ., 1953 ж.

ӘЛЕМДІК АФОРИЗМГЕ АЙНАЛҒАН СӨЗДЕР

«*Ақиқатты сүйемін*», - деген екен, *Лев ТОЛСТОЙ* мәңгілікке көз жұмар алдында. Иә, қандай ойда айтты, кемпіріне ме, жақындарына ма, әлде қоғамдағы билікке ме, ол жағы өзімен бірге жұмбақ болып қалды.

Күн сайын әлемдік ең дана адамдарымен тілдесуден қымбат не болушы еді. Л. ТОЛСТОЙ.

Ататүрік тұса да, Ата қазақ әлі тұған жоқ. «ЖАС АЛАШ» газ., 01.06.2010 ж.

Иә, бұл не дегені? Қазіргі қоғамдағы өріп жүрген пікірлерге орай айтылды ма? Әрине, кім қалай түсінеді?!

ҚР-ның қос палаталы Парламенті Елбасына ұсынған шешімі туралы да болар. Бірақ Елбасы аса көрегендікпен, біліктілікпен, тарихқа көз жібере отырып, Парламент шешімін қабыл алмады.

03.06.2010 ж.

Баяғы қазағымның айта беретін: «жандайшап-ау, жандайшап, біріннен бірін қалмай шап» дегендей, ақпарат құралдары аз мадақтау, мақтау жазбады, айтпады, көрсетпеді десеңші. Бірақ Елбасы сабырлылық танытты. Айтар едім, Елбасының тарихи тұлғасын, көрегендігін. Саяси қайраткерлігін көрсететін әлі де іргелі еңбек жоқ. Жалаң мақтау, мадақтау – жалаулату – ұлы тұлғаның нұрына көлеңке түсіреді емес пе?! Халық дұрыс түсіне алмай қалуы мүмкін ғой.

Көшбасшысы, ұлт көсемі, т.б. атақтарды халық ол басшы бакилыққа кеткенсін, біраз уақыт өткенсін барып ұсынады, бағасын береді. Дж. Вашингтонға 170 жылдан кейін барып «Отец нации», - де-

ген атақ берді. Атагүрікке де халық кейін айтты. Иә, тарих осылай дейді.

Мадақтай беру – ол тұлғаны күлкі ету. Г.Р. ДЕРЖАВИН.

Қазақты адастыратыны да, көрсететіні де – оқығаны. Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ.

Достарыңнан бір сақтанғанда, мың сақтан. Ы. АЛТЫНСАРИН, ұлы азартушы-демократ.

Жоғары қарап оқ атпа! Өзіңнің түсер басыңа. Ы. АЛТЫНСАРИН.

Ақылсыз жанды досым деп, басыңды қосып сыр ашна. Ы. АЛТЫНСАРИН. Иә, ұлағатты ойлар емес пе?

Қорқақ дос дұшпаннан да жаман, өйткені дұшпаннан сақтанасың, ал досыңа сеніп қаласың. Л. ТОЛСТОЙ.

БІЗДІҢ ДӘУІРІМІЗДЕ ДЕ БОЛҒАН

Ауғанстанның бір мың жас жігіттері мен қыздарын Қазақстанда оқыту үшін ҚР бюджетінен 75 млрд. теңге (\$50 млн.) доллар бөлінген.

Иә, кешегі Кеңес өкіметі тұсында да шетел жастарын КСРО оқу орындарында оқытқан тегін, оны өз көзімізбен көрдік қой. КазГУ-де де Қытай, Корея, Монғол жастары бізбен қатар оқыған. Академик Ісмет Кеңесбаев басшылық еткенін де білемін.

Ресей, бір бала туған Анаға 325 мың. рубль жәрдем ақы береді. Ол шамамен 1 млн. 680 мың. теңгеге тең. Сонда біздің елдегіден 13 есеге көп екен!

Дмитрий МЕДВЕДЕВ: Ресей Президенті былай деген еді: біздің ел шенеуніктеріне қарата айтқаны: «ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету – қымбат дүние, халыққа ауыр тиеді, шығыны көп»,- деген еді.

Иә, оны кім қалай түсініп отыр.

2008 ж., БАҚ хабарынан.

«ТАРИХТЫҢ ҚАНДЫ ІЗДЕРІ»

Ресейде миллионға тарта қазақ тұрады. Олардың басым көпшілігі Челябині облысында.

Осы жолдардың авторы сонау 1952-1953 жылдары КазГУ-дің студенті заманында Шалқардан пойызға отырып, Орынбордан басқа отарбаға мініп, Карталы, Тройцк арқылы Магнитогорске барған еді. Аштан (1931-1933 жж.) өлген әкемнің сүйегін іздеп шыққанмын және Магнитогорскінің Орал тауы жағындағы МОС (молочно-овощной со-

вхозда) тұратын апайыма да соққанмын. Иә, бұл сапар *«Тарихтың қанды іздері»* өткір сюжетті тарихи роман эпопеяға нәр болған еді.

Осы Күделіктен кейін жетпісінші жылдары бір баспа табаққа жуық етіп машинкаға бастырып *«Социалистік Қазақстан»* газетінің жауапты редакторы *Сапар Байжановқа*, бір жол түскенде, Орталық Комитет шақырып, алып келіп көрсеткен едім. *«Тауман, құрдаспыз ғой, айырмашылығымыз төрт-бес айға да толмайды, кәне, оқып көрейін»*, - деген еді. Оқыды да түсі кукыл тартып: *«Өте күшті материал екен. Қазір осы күйінде қол қойып теруге жіберер едім. Бірақ өзің де редакторсың ғой. Қолыңда Литоның кітапшасы бар. Кеңес заманында «адамдар аштан қырылды» деп жазу түгіл, «аштық, ашаршылық» деген сөзді жазу, жарыққа шығаруға да тиым. Бірақ бұл материалды жоғалтпа, бір кездері қажет болып қалар»*, - деген еді. Иә, осы бір баспабабақ материал, Арда азамат Сапар Байжанов айтқанындай, жоғарыда кітапқа арқау болды ғой.

ҰЛЫ БРИТАНИЯҒА КӨЗ САЛСАҚ

Британия Парламенті 650 депутаттан тұрады. 326 дауыс жинаған тұлға ЛИДЕР болады.

Ал Лидер елдің Премьер Министрі болып сайланады.

Джеймс Гордон БРАУН – шіркеу отбасында туған, Эдинбург университетінің түлегі, Британияның премьер-министрі болған.

Дэвид КЭМЕРОН – аксүйек тегінен. Король Уильям IV-ден басталады. Таза бизнесмен бай атанған тұлға, Ұлы Британия премьер-министрі. Консерваторлар партиясының бүгінгі лидері. Бұл партияны Невилл Чемберлен, Уинстон Черчилль, Энтони Иден, Гарольд Макмиллан, Маргарет Тэтчер құрған, Лидерлері болған. Бұл партия **1670 жылы құрылған**.

Ник КЛЕГГ – Ұлы Британия премьер-министрінің орынбасары, либерал демократтарының лидері. ... әжесі – белорусь, баронесса; анасы – даниялық; жұбайы – испандық.

Барак Хусейн ОБАМА: «Америкаға өзгеріс керек», - деп АҚШ жастарының жүректерін жаулап алды.

«...мемлекеттік тілдің дәурені билікке қазақ тілін білетін, қазақша ойлайтын азаматтар келгенде ғана өркендейді. Қазіргі отырғандар тілді де, тарихын да білмейді. Орыс тілді басылымдарды оқып шығады да, шешімді орысша шығарады ... Солай, билікте өзгеріс болмай, мемлекеттік тіл дамымайды». Сейтқазы Бейсенғазыұлы МАТАЕВ, «КӘ», 11.06.2010ж.

Қырық жылда бай кедей болады, кедей бай болады. Махмұт Қашқари.

Мен шаршамайынша кетпеймін. Ал ұлы Британияға мен керек болып тұрған қазіргі кезде, мен ешқашан шаршамаймын. Маргарет ТЭТЧЕР, Ұлы Британия премьер-министрі болған тұлға.

Нина БЕРИЯ – Лаврентий Павлович Берияның әйелі. 110 жыл өмір сүрген. Ал Берияны 1953 ж. Н.С. Хрущев атқызып жіберді. Бұл жайында жазушы Васильева көп деректер жазып қалдырды. Сол деректердің бірінде: Сталинградты «Сталингад» деп жазылғаны үшін отырғызады, әрине, корректордың, не әдеби редактордың, баспаның, лито-цензураның да қатесі емес пе?! Олар қайда қараған. Әлде әдейі істеді ме?

1960 ж.

КӨШІМ ХАН, КІМ?

Көшім Ресейдің Шығыстағы агрессиялық саясатына алғашқы болып қарсы тұрған, орыс мемлекетінің Сібір мен Қазақтың Солтүстік даласына енуін жүз жылдан астам уақытқа кешеуілдеткен күш – тұлға ретінде айқындалады. Ол Ресей империясының алғашқы құрбаны болды. Келесі кезеңде Кенесары, Шәміл имам секілді ұлт-азаттық көтерілістің көсемдері тұрған еді. ...Бұдан кейін Көтібар Бәсенұлы, Арыстан Тінәліұлы, Бекет Серкебайұлы, т.б. отарлаушылардың құрбандығына шалынды.

Көшімді Шоқан Уалиханов «Қырғыз» (Қазақ сұлтаны) дейді. Ол 1510-1520 жылдары өмірге келген, 80-нен асып дүние салған. Ол Ноғай Ордасының Алтыұл ұлысында туған. Бұл ұлыс Жем өзенінің шығысынан Арал теңізінің солтүстік өңіріне дейін жайлап, көшіп, қонып жүрген ...

«Егемен Қазақстан», 01.05.1993 ж.

Осы кітаптың басқа бір жерінде бұл өңірді жазғанмын.

Ескесалакетсек, «Егемен Қазақстан» газеті өзінің 25 ақпан 2009 жылы менің «Дала Геркулесі» кітабым жайлы С. ДОСАНОВТЫҢ рецензиясын бергенде, Есет Көтібарұлы солтүстік көршілердің қазақ елінің өңірін отарлауына жиырма жыл тосқауыл қойғаны туралы жазған болатын.

Иә, текті де киелі топырақтан дүниеге келген ұлылар арманы еліміз Тәуелсіздік алғансын (1991 ж.) жүзеге асты ғой.

ИӘ, КҮНДЕС ҚАТЫНДАР СИЯҚТЫ-АУ

Қайдан оқыдым, есімде жоқ, кітапан бас алмайтын заман ғой. Ол Александр Блок пен Николай Гумилевті өсекшілер, күндестер үнемі біріне бірін қарсы қойып, шатастырғысы келетіндер аз болмады. Біреулері Николайға: осы сен құралайды көзінен ататын хас мергенсің ғой, Александрды неге атып тастамайсың. Сонда тыныш боласың, саған тең келетін ешкім болмайды депті. Сонда Н. Гумилев:

– Осы сендер қалай түсінбейсіңдер, Блок деп отырғандарын бүгінгі тірі Лермонтов емес пе? Мен Лермонтовты қалай атамын,- деген екен. Иә, жаратушы Ием, екі көз біріне-бірі жау болып, қырқыса бергенсін, екі көздің арасына бірінің көргенін екіншісі көрмесін деп мұрын орнатқан екен,- дейді ғой аңыз. Иә, аңызда да шындық болар.
1957 ж.

Мен екі қолбасшыны құрметтеймін. Механикалық соғыста – Шыңғысханды, техникалық соғыста – Сталинді,- деген екен. Бауыржан **МОМЫШҰЛЫ**.

«...в жестокой схватке сильнейший брал верх ... в беге побеждает тот, кто быстрее, в борьбе – тот кто сильнее. Слабый уступает сильному. Сильный вожак лучше защитит табун, чем слабый. Сильный вожак не пустит в свое пастбище чужой табун.
Великий **ТИМУР**.

Не шути с рекой – вода тебя уничтожит. Не шути со святым – он род твой уничтожит. Почитай святого, и он тебя прославит! Тарагай – отец Великого Тимура.

Қашанда халық қолдамаған хан – қан жылайды. ҚАЗЫБЕК би.

Биіктегі билікке халық құмырсқа болып көрінетін сияқты.
Оразалы **САБДЕН**, «Қазақстан-Заман» газ., 20.06.2013 ж.

Адамның ғұмыр сұру мақсаты – ең биік бақытқа жету болмақ.
Сұлтанмахмұд **ТОРАЙҒЫРОВ**, дара ақын.

Кіші жүз – Шекті батырлары – Қабақ ұрпақтары Байрақ, Қайрақ, Тайлақ (Қарабас пен бірге туған Айбек балалары) елдің ерлігін көрсетті. Шекті тұқымы бүкіл қазақпен бірге қан төгісті.

*Бұл Аңырақайдағы қалмақтармен болған соғыстағы шежіреден,
Балқаш көлі жағасындағы ұрыста.*

ТӨЛЕ ӨЛДІ ДЕГЕНШЕ, ӘДІЛЕТ ӨЛДІ ДЕСЕҢШІ!

Төле Би дүние салғанын естірткенде **ҚАЗЫБЕК би:** «Төле өлді дегенше, дүниедегі Әділет өлді десеңші. Бүтін билікке Төле жеткен. Бүтін хандыққа Есім жеткен. Бұл екеуіне кім жеткен? Төле кеткені – төбе кеткені емес пе, ә?!», - деген екен.

АЛ ПАРТИЯ, КГБ ҚАЙДА ҚАРАҒАН, Ә?

1950 ж. Күз. Кейде демалыстың кешінде Алматыдағы Панфилов паркіне екі үші студент болып барамыз. Би болады, концерт болып жатады. Бірақ кіре алмаймыз, ішіне. Айналасын биіктігі 2-5 м темір тормен қоршап тастаған. Ұшар басында біздей, найзаның ұшындай үш қырлы темір тұр. Бірде студент Токтасын Беркімбаев ішке секіремін деп жалғыз шалбарын жыртып алды. Содан паркті айналып жүріп даттанған кішкене темір – қаңылтырлы есікке тап болдық. Оқыдық. «Қазақам, собакам, свиньям вход запрещен!», - деп жазулы тұр. Ал, не дейсіз?

Ертеңіне факультеттің бір комсомол жиналысында осы көріністі айта салдым. Әнуар Әлімжанов, Мархабат Томанов, Қамал Смаилов бізден бір курс жоғары болатын. Осы жайсыз хабарды есіткенсін келесі күні паркке барып өз көздерімен көріп алып, қалалық комсомол комитетінің жиналысында күңіреніп жария етті.

– Қазақ ССР-нің Астанасы Алматыда көпшілік баратын паркте осындай жазуды біздің Төреханов бастаған студенттер көріп келді. Біз көрдік, оқыдық. Не деген масқара! Сонда горком партия, КГБ қайда қарап отыр? Қазақтарды итке, шошқаға теңеген, өз елінің жерінде жүруге тиым салған! - деп Әнуар Әлімжанов айғай салды.

Келесі аптада барсақ, ол жазуы бар есік жоқ болыпты. Әнуар мен Қамалдың бұнысын ерлік десек те болады.

Блокноттан көшіріліп алынды.

ҰЛЫЛАРДЫҢ ОЙЛАРЫНАН

Біздің студенттік заманымыздың бір мықты ерекшелігі – күндіз-түні кітапханаларда, оқу залдарында отырып, кітап оқу, ұлылардың еңбектерімен танысу, осы қалай деген жерлерін блокнотқа түргіп алу еді. Мына қойын дәптерімді ашып отырсам, Чарльз Дарвин еңбектері жайлы бір эпизод жазылыпты. Иә, бұл философия курсы жайлы лек-

цияда мысалға алынған екен. Иә, қалай өзі? Ұлы ғалым-биолог: 1) адамды маймылға ұқсастығы жағынан жақын келтіреді, бірақ адам маймылдан шықты,- дегенді айтпай-ды. Діни адамдар топырақтан жаралды дейді. 2) әңгіме-ғалым:

– Өсімдіктердің түрлерінің арасындағы тіршілікке, өсіп-өнуге деген қайшылық антагонистік сыйпап алмайды. Ал бір түрдің арасындағы күрес – антагонистік қайшылыққа дейін алып барады.

Иә, сонда бұл қағиданы адамзатқа қолдансақ, қалай болады? Туыстар, ағайындар, тайпалар, рулар арасындағы күрестерді қалай түсінеміз?

Турасын айтсақ, бұларды тек біріктіретін, қосатын – экономика! Тұрмыс қайыршылықта, күнкөріс – тапшылықта болса, экономика шешуші факторға айналады. Ал байлықта болса ше? Онда сыйластық, тек қана бағыныштылықта баянды болады, әрине, ол да тұрақсыз!

Ф. Оңғарсынова ақын қыз: «Адам көңілі қалады татым құрттан, жайсаңдарды қашанда жақын құртқан», - деп жырлайды ғой. Ал ұлы Есет Көтібарұлы: сыйластықтың түп қазығы билікке амалсыздан бағыну. Жә, бұл әркез сәтсіздікке ұшырауы мүмкін. Бұл баянсыз сыйластық,- дейді ғой. Иә, тәуелсіз сыйластыққа күрес арқылы қол жетеді ғой.

*Университетте тыңдаған бір
философия лекциясынан.*

ДҮНИЕДЕН НӘБИ АҒА ӨТКЕН КҮН

Қойын дәптердің бұл жазбаларын оқу сонша ауырлық әкелді. Бәрі есіме түсіп ауырып қалдым.

... 23 сентябрь, сейсенбі 1975 ж. бозала таңда телефон шыр ете қалды.

– Тауман, Нәби ағадан айрылып қалдық,- деді таныс дауыс Алматыдан. Соның арасында Ақтөбе облыстық Кеңес атқару комитетінің төрағасы Оразалы Қозыбаевтың көмекшісінен хабар жетті.

– Орекең сұрайды. Шалқар Нәби Құлшаманұлы Жақсыбаевтің туған өңірі. Кеше Нәби Құлшаманұлы дүние салды. Ақтөбе, оның ішінде Шалқар халқына қайыр айтты. Және ел ағасы Нәкенді соңғы сапарға шығарып салуға елінен қанша адам барады. Қазір Ақтөбеге пойызға отырсын. Түстен кейінгі самолетке заявка береміз,- деді.

Шалқардан 9 адам жүрдек пойызға отырдық. Ақтөбе темір жол вокзалынан облыстық атқару комитетінің бірнеше автокөлігі қарсылап алып, бірден Оразалы Қозыбаевтің кабинетіне жеткізді. Таңғы сағат 7:20.

– Орекең Шалқар халқына қайыр айтты. СОҚП съезінің делегаттарын «Москва» қонақ үйіне орналастырды. Сонда кездесіп, достасқанын сөз етті: «Ағаларың аға еді, ел ағасы еді»,– деп түсі бұзылып, көзінің алдын бет орамалымен сүртті.

Самолет бірден Алматыдан түсірді. Оразалы Қозыбаев бастаған облыс делегациясын тура Төлеу Құлшаманұлы Бәсеновтың үйіне алып келді. Нәкең сүйегі-табыты да осында жеткізілді. Шығыс Қазақстан Обкомының бірінші хатшысы Протазанов бастаған Зырян металлургия комбинатының, облыстың делегациясы да келді.

Иә, Кеңсай зираты. Жиналған халыққа сан жетпейді. Ақтөбеліктер атынан Оразалы Қозыбаев, Рамазан Нұржанов зират басында сөз сөйледі.

Кешкілік Төлеу ағаның үлкен залында қонақасы берілді. Профессор Бек Сүлейменов дастарханды басқарды. Бір кезде Шалқарлықтар атынан осы жолдардың авторына сөз тиді. Егіліп тұрып ойымды жеткіздім.

Нәби Құлшаманұлы Жақсыбаев – СОҚП Орталық Комитетінің мүшесі, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Социалистік Еңбек Ері, Қазақтың тұңғыш түсті металлургия инженерінің бірі еді.

Артында Екатерина Семеновна – жұбайы, ұлы Әли, қызы Ольга қалды. Зыряновск қаласында кең арналы көше Нәке атымен аталады. Музей ашылды.

Шалқар қаласында – Нәби Жақсыбаев атында кең арналы көше қалды.

ШТРАФНИКТЕР ОРДАСЫ ЕМЕС ПЕ?

– Ау, Өтеке, сенсің бе, мұнда қайдан жүрсіз? Кеше ғана совхоз директоры емес пе талтандап жүрген, ә?- деді бір айтқышбек кездесе кетіп.

– Иә, Төке, талтандаған мықтыңды, қалтандаған жығады демей ме? Мені жығып тынды ғой.

– Әй, Өтеке, сен, асылыңда, шефке конвертке салып беретін «взносыңды» кешіктіргенсің-ау. Солай ма? Болмаса, әлі де келесі «взносыңды» бергенше талтандап жүре беретін едің ғой.

– Айтуың дұрыс. Взнос кешігіп қалды.

– Неге?

– Қызымды тұрмысқа беремін деп, конверт дайын болмай қалды.

– Түсіндім. Енді бұл штрафниктерді қоралайтын мекеме. Кір, кір, немене есікке сыймай тұрсын ба?

– Көремін ғой. Аупартком хатшысы осы басқармаға барсын депті.

– Дұрыс-ақ, бұл әдіс дәстүрге айналды емес пе.

Сонау Орталық Комитет, Обком да өздері басшы қызметтен босатқандарын да өздерінің штатына, не басқармаларға жібереді. Қарсы бағытқа шығып кетіп, домалақ арыз жазбасын дегені ғой бұл.

– Сен Тапқышбек, бәленің бәрін білесің-ау.

– Иә, қол-аяғы бос, қарны аш, өкпелі адам не істемейді. Жатып алып домалақ арыз ұйымдастырады. Аш адамға демократия керек емес. Жалпы қазіргі бастықтар халықты «қой», «мал»,- дейді, қайда айдасан, солай жүре беретін. Ал басшы қызметтен босағандарды өкпесін, ұмыттыру үшін бір штатқа қоя салады. Ең қауіпті адам сол конверт бермей, қызметтен босағандар. Біраздан кейін қатын-балаңды сатсаңда конверт бер, болмаса, бұл штаттан да фактілер ескіргенсін қуып жібереді. Бұл үрдіс жалғасып келеді.

– Аузың жаман екен, Тапқышбек,- деп Өтекең басқарма ішінде кіріп кетті.

Бұл 1980 жылдары.

Ал парақорлық жең ұшынан жалғасу, пара бергендерді, тума туыстарды қызметке алу, өсіру сол 1980 жылдардан басталды-ау деймін. Ал қазір өршіп тұр ғой. Жұмыс алу үшін не көкең, не тәтең, не қалтаң болу керек.

ҚОЛБАСШЫ ЖАНСЕН КЕРЕЕВПЕН ЕКІ КЕЗДЕСУ

ШАЛҚАР қаласы. ТҰМАЛЫКӨЛ ауылы. Күз. Ауа-райы қарпылған киіздей, жұмсақ. Жер күзгі шықпен бусанып, иіп жатыр. Құм жолы иленген камырдай. Былқылдап, автокөліктің жүрісіне кеудесін кеңінен ашып, екпініне екпін бергендей. «УАЗ-63» бес орындық машинада көлік айдаушы Володямен бес адамбыз. Алдыңғы орында Шалқар ауданының бірінші хатшысы, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Төлеу Алдияров. Артқы орындықтарға ауыл шаруашылығы аудандық басқармасының бастығы Задаш Мұстафин, аудандық әскери комиссары, майор Нағыметулла Юсупов және осы жолдардың авторы – газет редакторы.

Қаладан шығып, Талдықұм өңіріне жете күзгі былғары бүрку – жаңбыр басталды. Володя елендеумен келеді.

Құм жолы жаңбыр жауғансын, тактайдай болады.

Ал алдымыз – қыр жолы. Ол ауырлық келтіреді,- деп қойды.

Төлеу Алдияров жүргізушіге «токта» дегендей, белгі берді. Токтадық. Темекі тартып, біраз тұрдық. Темекісін сорып тұрып Токен:

– Қазір Тұмалы аулына келеміз. Бізді ауыл ақсақалдары және генерал-майор Жансен Кереев қарсылап алады. Бір қиыны – дүниеден озған адам айтулы елге танымал ұстаз. Орыс тілінің ұлы насихаттаушысы, Ленин орденін алған. Ол ақсақал әйел жағынан сол генерал-майордың туған атасы. Ал баласы Нұрқожа Орынбасаров – белгілі партия қызметкері. Бірнеше ауданда бірінші хатшы болған. Ол да Ленин орденді коммунист. Мұны неге айтып тұрсыз дейсіздер ғой, ә? Иә, қарттар жиналғансын Мейірхан ағаға арнап әйет оқу керек дейді олар. Қалай істейміз?– деп әрқайсымызға ойлы көзін тастады.

– Абыржымаңыз, құранды мен оқимын,- деді майор.

– Сіздер далада, аулада темекілеріңізді тартып тұрындар. Қарттарды ертіп алып үйде құран оқимын.

– Генерал-майор қайда болады?

– Үйге алып кіргіземін.

– Иә, сен де молдасың ғой. Жарайды,- деді Төкең.

– Бұл генерал-майор табиғатында дара туған тұлға. Даңқты Бабатай елінің тумасы. Кешегі мына редактор екеуміз жұмыс істеген Темірде туған. Орта мектепті алтын медальмен тамамдаған. Осы редактор жолдас сенімен жандай құрдас болар, жаңылмасам. Сол 1930-1931 жылдары жарық дүниеге келген. Мен білегінде ауылдық почтада хат тасушы болып еңбек жолын бастаған. Ақтөбе қаласындағы №6 мектепте оқып жүргенде талантты ерекше танылды, әскер қатарына шақырылды. Бұл 1950 жыл болар. Содан бастап әскер қатарында. Демалыс сайын елге келіп кететін. Талай жерде қонақта болып, ұзақ әңгімелесіп едім. Қазір сол генералмен кездесіп, әңгімесін тындайық, кеттік,- деді Төкең.

Тұмалы көл төсіндегі ауыл. Автомашинадан түсе, бізді көп адам қарсылап алды. Қақ ортасында үлек нардай қалың топ ішінде белбуырынан жоғары жағы анық көрінетін, әскери киімді, сары ала алтын түсті бас киім, екі иығындағы погондары жалтылдап аяғын нық басып, Алдияровпен жылы қол алысты. Бір кезде қарттарды ерітіп, майор үйге бет алды ... Иә, бір қызығы генерал-майордың төңірегі толған бала. Бәрі қызыға қарайды. «Не болған десем, балалар: «Мына аға, адам ба? әлде ... не?»,- дейді. Бәрі таңырқап қалған балалар соңында қаптаған ит. Иә, бала жүрген жерде әркез иттер жүреді ғой.

Үйге кірдік. Дастархан Сол кезде бір қарт:

– Жігіттер, қорымға барып, Мәкене сәлем берейік. Тәу, етейік. Сонсын шай дастарханына оралармыз,- деді.

Жүздеген адам. Алда генерал-майор мен хатшы. Қаптаған балалар, ол екеуіне ешкімге жақындатар емес. Ауылдың бар баласы генерал-майорды қоршап, екі көздері сары ала киімдерінде, балаларды қапталдай ауылдың иттері жүгіріп келеді.

Шай дастархынына отырдық. Генерал-майор екі көпшікті колтығына тығып, ұзынынан түсіп, етбеттей жатып әңгімесін бастап кетті.

– Осы қайғылы хабарды алғансың, кеше ғана Ақтөбеге келдім. Германияда әскери қызметте едім ғой. Лауазымын айтпады. Бірақ алдында Төкең айтқан дивизия ма, полк па командирі деп. Көптеген қызық әңгімелер айтты.

– Бірде бір газеттен неміс тіліндегі,- деді генерал – оқыдым. Батыс пен Шығыс Германия шекарасында,- деп жазыпты. Батыста Американың генералы Джонсон, Шығыстағы шекарада Совет генералы Жансен Кереев қарама-қарсы жатыр. Өте қауіпті.

Генерал-майор ағып тұр. Орыс, неміс, қазақ әдебиетінің түрлі салаларындағы әңгімелелері ұлы ғалым-әдебиетшілерден кем емес. Толстой, Стендаль, Лесков, Лев Толстойдың «Соғыс пен бейбітшілік» шығармаларын айтқанда таңқаласың!

ЕКІНШІ КЕЗДЕСУ. Кішіқұмның Толағай тоғайынан өтіп, осы жоғарыдағы аудан делегациясы совхоз басшылығының шақыруымен «Құрдымға» жақын жердегі малшы ауылына түс ауа жеттік. Алдында ғана Арал ауданының басшысы Тәки Есетовтың жары дүние салып, сонда болған едік.

Тай сойылып, үлкен қонақасы берілді. Түн. Айсыз қараңғы. Жолға шықтық. Мұнда екі-үш «УАЗ» болды. Володя Хохлов бастап келеді. Жүріс ұзақ болды. Таң атып келеді, тоқтадық. Жанымызда ауыл, не қала ма деп тоқтағанымыз зират-қорым болып шықты. Алдымызда тұрған құлыптасты оқыдық: **«Келіп едім – көремін деп өмір шыңын. Келіп едім – жазамын деп өмір шынын. Кешір мені, арқаның кербез сұлу Көкшетауы, Кетіп барам бірі боп көміршінің».** Еркеш ИБРАҺИМ.

Иә, бұл ақын сонау елуінші жылдары КазГУ-де бірге оқыған студент еді. Жас кетті, берері, айтары көп еді. Өлімі жұмбақтау, бірақ білемін дедім. Генерал-майор құлыптасты қолымен сыйпап тұрып: құрдас замандас азамат болды-ау. Өкінішті-ақ, деп көзінің алдын бет орамалымен сүртті.

1970 жылдарындағы блокноттан көшірілді.

Иә, генерал-майор, кейін генерал-лейтенант Жансен Кереевтің өлімі де жұмбақ болып қалды. 53-ке қараған жасында дүниеден өтті-ау. Бұл тұлға да берерін халқына толық бере алмай кетті ғой. Ойым, көбіне, үзгенгілестерінің көп іштарлық, күншілдік, мықтылығын көреалмаушылық-ау болды-ау деймін.

Ақтөбе қаласында бұл күндері тастан қашап жасалған күнге күймейтін, қыста тонбайтын, жаңбыр өтпейтін ескерткіш тұр. Иә,

сол бір кездесулер естен кетпейді-ау, жандай құрдастар едік қой. Ұлы генерал-лейтенанттың туған топырағы қызмет бабында Бабатай ауылында да сонау ХХ ғасырдың алпысыншы жылдары осы жолдардың авторы болып, Жансен жайлы небір қызықты әңгімелерді есіткен еді. Иә, бір әдемі кітап болар еді. Амал не, бақилыққа алып кететін шығармын ... Дәрмен жоқ, көз, қол байлау болды ғой.

Өмір сатқындықтан, бақытсыздықтан тұрады. Ұлылар СӨЗІНЕН.

Тірісінде сыйласпаған – өлісінде жылыспайды. Қазақ ДАНАЛЫҒЫ.

«МИЗАМНЫҢ ҚОЙ ҚЫРҚАМЫН ШУАҒЫНДА ...»

Қазағымның *«Мизам шуағы»*, - деп отырғаны – күз басы. Мұны ертедегі кәриялар *«Келтір шуақ»*, - деп те атайды. Күздегі күзем – қой жүнін қырку аяқталғансын әжелер жүнді тулаққа салып сабайды, кейбірін түтеді. Сонсын киіз басады. Оны алты қанат киіз үйдің күн шуақ бетіне тоқылған шиге салып сабап, ши бетіне жайып, түтіп, су бүркіп, ауылдың үлкен-кіші қыз-келіншектері камырша илеп екі білекпен етпеттей бүгіліп басады. Сол киізден, турылық, түндік, аяққап, тоқым, ою-өрнек салған қалауыш т.б. ұлттық бұйымдар жасайды.

Әжелер, жас-келіншектер киіз үйлердің күн шуақ бетіне отырып, ұршық иіреді. Мұны *«Келін шуақ»*, - деп те атайды. Қысқа керекті түрлі шұлықтар, қолғаптар тоқу үшін, арқан, жіп дайындау үшін пайдаланады.

Бұл халқымның ғасырлар бойы өміріне серік болып келе жатқан өнері, ісі, мәртебесі.

Сүмбіле туды сүмиіп, ат семірді құнтиып, - дейді – бұл шыбын-шіркей азайып, түн салқындаған қыркүйек. Одан кейінгі – қазан – *«Мизам шуағы»* осы ғой. Сонсын қараша келеді. Бұл ай күздің соңы, боз қырау қылаулаған қар аралас жаңбыр. **АБАЙ** ата айтқан: *«Қараша-желтоқсанмен сол бір екі ай ...»*, - деп арты қыс.

«Ұлы Британияда 175 мешіт жұмыс істейді екен. Ал 25 миллиондай мұсылман тұратын Ресейдің Мәскеуінде 5 ғана мешіт бар.

«Орыстың бетін қырнасаң, ар жағынан татар шыға келеді».
Ф.М. ДОСТОЕВСКИЙ.

Былай еске алатын болсақ, ТМД елдерінде 60 миллион мұсылман тұрады.

БІЗДІҢ БӘСЕН АТАЛЫҒЫ ҮШІН ҚАРАЛЫ КҮН БОЛДЫ-АУ

05.05.1976 ж. – Сейсенбі. Баспасөз күніне орай ой үстінде, үйдін ауласында жүр едім. Бәйбішем:

– Сорлап қалдық қой. Төлеу атадан да айрылып қалыпбыз. Алма-тыдан Рахметулла телефон шалды, деп жалт бұрылып кетті, көйлегінің етегімен бетін сүртіп.

Туған топырақ – ел атынан он үш адам болып, түс ауа пойызға отырдық.

– Иә, профессор Бекежан Сүлейменов қарсылап алды.

– Қазақтың феномені, тұңғыш ғалым, сәулетшісі, архитекторы Төкең де (1909-1976) алпыс жетіге қараған шағында дүниеден озды, - деді Бек аға.

Төлеу, Нәби – бәріміз бір аталық 103 жыл ғұмыр кешкен ұлы еңбекқор Бәсеннен тараймыз. Сонау 1950 жылы Алматыға ҚазГУ-ге оқуға түсуге келгеннен бері анамыз Ақбаланың, жеңгеміз Гауһар Ахметқызы (Димаш Ахметұлы Қонаевтың туған, тете қарындасы екен) – бәрімен мидай араласқан едік. Мен университетке қабылдау емтиханын тапсырып жатқан, студент болып тіркелген август айында Төлеу аға мен жеңгей Москвада еді. СССР Архитектура Академиясына корреспондент мүшесі болып сайланып, сентябрьдің басында келді Алматыға. Сол кезде аға мен жеңгені, Қонаевтар әулетін, Димаштың әкесі Ахметті, анасын Зәурені бірінші рет көрдім.

Нәкең мен Төкең Ақбала әже, Дәуқара әже бәрі сол Кеңсай зиратында мәңгілік ұйқыда.

Екі ағаның ардақты аттары жазылған көшелер Шалқар шаһарында.

Артында жалғыз ұлы Ғали қалды, екі қызы қалды.

1976 ж.

Иә, сонау 1970-1980 жылдардағы күнделікті ашып отырсам, былай деп жазыптын: Иә, бұл жылдары турасын айтатын болсам, Республика оқырмандарына танылған бір қаламгер едім. Очерктерім, әңгімелерім, проблемалық мақалаларым ауданнан бастап, облыс, республика, Одақ баспаларында, радио, телеарналарда жиі жарияланып, оқырман қауымға танылып болған едім. Соның бер жағында газет жұмысын басқару, ұйымдастыру, жоспарлау жайлы менің еңбегімді көрсеткен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті «Тәжірибе және Талап» атты жинаққа қосып, жария еткен еді. Соған байланысты партиядан, үкіметтен, қоғамдық ұйымдардан тиісті бағалар алдым.

«Одақтың (КСРО) баспасөзінің үздігі» ерекше белгісін, жиырмадан аса Құрмет Грамоталарын, оның ішінде Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасын, Қазақстан КП Орталық Комитетінің Құрмет Грамотасын, Қазақ ССР-нің мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткері атағын да алдым. КСРО-ның бірнеше медалын, еңбек ардагері медалын алдым...

Иә, қазағымның қанатты сөзі: *«Жігіттік дәурен өткен соң, кісілік дәурен басталады»*, - демей ме? Иә, *«жігіт елуге дейін далаға қарайды, ал әйел қырық жасқа дейін үйге қарайды. Жігіт елу жас-тан кейін үйге қараса, әйел қырық жас-тан кейін далаға қарайды»*, - дегенде бар. Бұл философиялық ойды түсіну де қажет.

Екі жүзді досыңнан, ашық жсаудың арқашанда өзі жақсы. Лев ТОЛСТОЙ.

Басқаны даттап, өзіңді мақтап тұрған адамға ешқашан сенбеңіз. Лев ТОЛСТОЙ.

Иә, мұндай адам сен түгіл қоғам үшін де өте қауіпті. Олар бүгін Анасын да сатып жібереді. Бір кездері Францияның Сыртқы Істер Министрі болған Шарль Морис Талейран өзімен қызметтес болған екі Премьер Министрді сатқан еді.

«Аргументы и Факты» газ., 1997 жс.

Әрбір адам өз баласымен тек әкесі ретінде сөйлесе алады. Ал әйелімен тек күйеуі ғана әңгімелесе алады. Сенімді достың жәні бөлек. Оған бәрін – бар сырыңды айта аласың, - деген еді ағылшынның бір философы.

Иә, Есет Көтібарұлы ұлы батыр, көсем сөзші, би, дана поляк демократы Бронислав Залескиймен кездесіп, қонақасы беріп, дос, жолдас, үзеңгілес жайлы айтқаны еске оралады. Ол тарихи сөзі осы кітапта бар.

ТАҒЫ БІР ОЙ. Жастық шақ адамның қайта келмес көктемі ғой. Иә, бірақ менде, замандастарым сияқты, балалық та, жастық шақ та болған емес. Осы кітаптың басында жазылған ғұмырнамада аз ба, көп пе бұл кезең қамтылған еді. Аштық, жалаңаштық, «жетімдік», жоқшылық, қайыршылық – бәрі болды. Замандастарым да осындай тарлық мезгіліне тап болды. Осындай ауыр кезеңді бәйбішем екеуміз бірге көрдік. Иә, әке-шешелеріміздің қара көлеңке жылдарын айтпай-ақ қояйын. Елдің «Шашағы» атанған әкеміз, жылына 300 ақ інген боталайтын Қияс байдың кенже қызы – анам Қарашаш не асқа, не киімге жарымай өтті.

Біз – мен 18 жасымда, Балзада Шәмшіқызы 17 жасында шаңырақ көтердік. Еңбек. халқымның ақ тілеуі – бала. немере. шөбере көруге

жеткізді. Мың шүкірлік! Ұлы ата-бабалар, әз Аналар аруағы қолдап келеді ғой.

«Өтер жастық, келмес қайта оралып,

Өтер күлкі, өтер қайғы – ол анық.

Өтер бәрі, тек махаббат мызғымас,

Қалғаныңша жер көрпеге оранып». Марфуға АЙТҚОЖА, даңқты ақын.

Весь мир – театр, а люди в нем актеры. У. ШЕКСПИР.

От самого лучшего веника остаются же прометины. А.И. СОЛЖЕНИЦИН.

Из самодовольства всегда обязательно следует тупость.

Самоволие – самодурство.

Жадность – стяжательство.

Өзін-өзі жоғары ұстап масаттанудың – менмендікке салыну-дың аяғы – адамды топанстыққа әкеледі. Ұлылар СӨЗДЕРІНЕН.

Өзі билеу – жеке әміршілік ету – адамды тіпті мемлекеттегі билікті – халықтан шығарады, делқұлдыққа жетелейді. Халық ДАНАЛЫҒЫ.

«Қазақстан» телеарнасы 20.05.2002 ж. Қазанғантың «Келсана батыр» атты Көтібар Бәсенұлына арнаған күйін эфирге шығарды – 21:20-да. Орындаушы Бақыт Басығараев. АЛМАТЫ, 2002 ж.

Панама каналы 80 шақырым. Ол 28 жылда салынып, пайдалануға берілсе, Суэцкий канал – 160 шақырымдық – 10 жылда салынған. Ал Беломор-Балтық каналы 227 шақырым – 2 жылда салынған еді.

А впрочем, что у кого болит, тот о том и говорит. Федор Достоевский.

Мен бір батыл жауынгерді мың жалтақ жауынгерге айырбастай алмаймын. А. СУВОРОВ.

АСПАННАН ТҮСКЕН КІТАПТАР:

Таурат – Библия – Муса-Мойсей пайғамбарға түскен аспаннан.

Забур – Псалтирь – Дәуіт-Давид пайғамбарға түскен аспаннан.

Інжіл – Евангелия – Иса-Иосиф пайғамбарға түскен аспаннан.

Құран – Мұхаммед пайғамбарға аспаннан түскен делінеді.

Ислам – араб түбегінде VII ғасырда өмірге енді.

Еске алсақ, Құран-Кәрімге дейінгі үш кітап еврей тілінде, ал құран – араб тілінде түсті делінеді.

Заманында біраз діндарлармен, теологтармен сөйлесіп, пікір алысқан едік. Бір мықты ислам дінінің ғұламасына қасымда отырған жеңіл ауызды жігіт:

– Ата, осы Сіз айтып отырған кітаптар аспаннан түсті деп айтудан жалықпай келесіздер. Ал сол кітаптардың аспаннан түскеніне мың жылдан асты ғой. Енді содан бері неге, ең болмаса, бір кітап түспейді?– дегенінде:

– Халықты сендіру үшін өз уағыздарына тәу еткізу үшін солай айтпаса, олар мойындамайтын болды. Мұхаммед пайғамбарды шындықты айтқаны үшін қанша келемеж, келеке етті. Ақыры жер ауған жоқ па?! Қалай айтсақта Жаратушы бар, ол ақиқат! Бірақ ол данышпандықты, даралықты кез келген пендесіне сыйлай бермеген.

– Әркімде әртүрлі көзқарас бар ғой. Айтуым керек, Мұхаммед пайғамбарды ұлы ойшылдар да, тіпті К. Маркс те мойындаған. Өңгімені осымен доғайрайық, балам,- деді ата.

– Анаң бар ма? Болса Анаңа және Анаңа, тағы да Анаңа қызмет қыл! МҰХАММЕД пайғамбар.

Еске алсақ, бұл хадис – шариф Ананың хаһы әкеден үш есе артық екенін аңғарады.

Тишь да гладь, Божья благодать. РУССКАЯ мудрость.

Я не настолько богат, чтобы покупать дешевые вещи. РОТ-ШИЛЬД, английский барон.

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

Адамдарды қылмысы үшін Алексей Михайлович 50 жағдайда, ал Петр І-ші 200 жағдайда өлім жазасына кескен екен.

Патша Елизавета «бұл Заңдарды жоймасада, өзі император болған 20 жылда бірде-бір адамға өлім жазасын кеспеген. Бірақ өлім жазасы орнына дүре соғуды бұйырған. Патшалар кейін өздерінің қарсыластарын Жер аударған. Олардың әрқайсысына күн көрісіне 12 рубль, киіміне 22 рубль беріп отырған. Ленинге Шушинскіде айдауда болғанда 16 рубль төлеген. Бұл ақша тамаққа, кітап сатып алуға, бәріне жеткен. Ал Мартов айына 5 рубльді үнемдеп, әйеліне салып тұрған екен.

Ал Сталин, анархист А.П. Улановский Туруханскіде ссылкада болғанда, жақсы жабдықталған бөлмелерде тегін тамақ және 12 рубль алып тұрған.

«Ұр да жық» князь А.Д. Меншиков 1727 ж. Березоваға жер аударғанда сонда шіркеу салған. А.Н. Радищев өзіне қол жұмсаған.

06.06.1954 ж. в Москве открыт памятник Юрию ДОЛГОРУ-КОМУ.

И кости по родине плачут. РУССКАЯ мудрость.

Мертвая голова рта не раскроет и спорить не станет. Амир ТИМЪР.

Правда ... является такой драгоценностью, что ее всегда должен охранять целый отряд лэси. Уинстон ЧЕРЧИЛЛЬ.

... Арестованные миллионы людей были не бандиты, не воры, а цвет и мозг нации (Ленин в своем письме 15 сентября 1919 года, отвечая Горькому на его хлопоты по поводу арестов интеллигенции и об основной массе тогдашней русской интеллигенции писал: «На деле это не мозг нации, а говно». Полн. собр. сочин., 5-е изд., т. 51, стр. 48.

ОБ ИСКУССТВОВЕДЕ СТАСОВЕ ВЛАДИМИРЕ ВАСИЛЬЕВИЧЕ (1824-1906)

Спорь с человеком умнее тебя: он тебя победит... но из самого твоего поражения ты можешь извлечь пользу для себя.

Спорь с человеком ума равного: за кем бы ни осталась победа – ты по крайней мере испытаешь удовольствие борьбы.

Спорь с человеком ума слабейшего... спорь не из желания победы; но ты можешь быть ему полезен.

Спорь даже с глупцом; ни славы, ни выгоды ты не добудешь; но отчего иногда и не позабавиться?

Не спорь только с Владимиром Стасовым! Июнь 1878. ТУРГЕНЕВ И.С. «С кем спорить...?» // Афанасьев В. В., Боголепов П. К. Третьяк к Тургеневу.- М., 1983, с. 83.

Өлілер тірілермен соғыспайды. Ұлылар СӨЗДІГІНЕН.

Бақытсыздық адамдарды жақындатады,

Байлық адамдарды айырады. Халық ДАНАЛЫҒЫ.

Мертвых не бойся, страшись живых! У. ШЕКСПИР, «Леди Макбет», с. 532.

Қайырымды іс істеген жанға – менің рақымым шексіз. Егер мен рақым етіп кешпесем, зұлымдық, істеген жанға берер жазам да шексіз. Алланың СӨЗІНЕН.

Өмірімде әйел мен жұпар иісті жақсы көргенімді жасырмаймын. Бірақ шын жан рахатын құлшылық студен таптым. МҰХАММЕД пайғамбар.

Первейшим благом является здоровье, красота – вторым и лишь третьим – богатство. ПЛАТОН.

Гения нельзя создать, его только можно убить! Галина ВИШНЕВСКАЯ, мировая певица.

...Русский язык так богат и гибок, что нам нечего брать у тех, кто беднее нас. И.С. ТУРГЕНЕВ.

Ал біздің қазақ тіліміз ше? Айтар едім, әлем халықтарының ішіндегі ең әдемі де, мәнді де, сәнді де, терең де, әдеби де бай тіл деп. Бірақ қазір ХХІ ғасырда осы бір теңдесі жоқ бай тілді бұзушылар, құнын түсірушілер көп. Әсіресе, БАҚ, телерадио арналарында жұмыс істейтін жас журналистер. Әрине, оларды жазғырайын деп отырғаным жоқ, аға ұрпақпен қазіргі қаламгерлер арасы тым алшақтап, үзіліп қалды, олар өліараларға тап болды. Бірақ жас қаламгер көшін түзетулеріне күмәнім жоқ.

Оқырман авторды ұнатпайды, бірақ жазғанын ұнатады. Таңданатын ештеңесі жоқ, балды ұнатқанның бәрі араны ұната бермейді ғой. Л.А. ВЯЗЕМСКИЙ.

...Могила словно торопится поглотить меня как миг: какой пролетает день, пустой, бесцельный, бесцветный. И.С. ТУРГЕНЕВ. Дневник.- М., 1983, Т.11. Тропа к Тургеневу, с. 66.

...потеряют власть – это то же, что потерять часы или записную книжку. Л.Д. ТРОЦКИЙ.

Саясатта айрықша көріну де аса қауіпті. ДИПЛОМАТТАР сөзінен.

Познать закономерность совершающегося и найти в этой закономерности свое место – такова первая обязанность революционера... Лев ТРОЦКИЙ из книги «Моя жизнь».

В политике, как и в природе ничто не пропадает даром. Лев ТРОЦКИЙ из книги «Моя жизнь».

Назначение женщины быть женой, главное ее назначение быть матерью. Лев ТОЛСТОЙ.

За обедом ешь мало, а за ужином еще меньше, ибо здоровье всего тела куется в кузнице нашего желудка. Мигель де СЕРВАНТЕС.

Наблюдай за своим ртом: через него входят болезни. Лев ТОЛСТОЙ.

Исламизм. Ислам емес. Латынның осы «изм» жұрнағы жүрген жердің бәрі дерлік саяси идеологияның ішек-қарнын ашып беруші мағынада.

МІНЕ, ӘДЕМІ ӘДЕТ-ҒҰРЫП, МӘДЕНИЕТ ДЕГЕН ОСЫ

Неміс халқы жерге түкірмейді. Кездейсоқ түкірік, қақырық келіп қалса, қалтасынан қағаз алып, соған қақырып, мұрнын сіңбіріп, қайтадан қалтасына салып қояды, не урнаға тастайды.

Немістер ағаштың бұтағын сындырмайды, жапырағын жұлып алмайды.

Немістер көшеге итін алып шықса, көшедегі бұтаға итін сарытпайды, артына памперс байлап жүреді.

Немістер кездескен адамдарға суық көзімен қарамайды, әркез жылылық танытады.

Артық киім-кешегі, заты болса, көшеге іліп қояды, не телефон соғып тиісті компаниялардан адамдар шақырып, ол заттарды белгілеген жерден алып кетеді. Саған салмақ түспейді. Ганновер, Берлин, Гамбург сапарынан, блокнот №151, 2000 ж.

АЛ БІЗДІҢ ЕЛДЕ ШЕ? Алатау етегіндегі ну ормандар іші, өзендер жағасы, тіпті қала ішіндегі алаңдар, балалар ойнайтын орындар, көше қайрылыстары толы қоқыр, пластик қалталар, шынылар, үйлерге кіре берістегі басқалдақтар шылым қалдықтарына толы. Көшенің кез келген жері, жаяу адамдар жүретін тратуарларда қақырық, сінбірген түкіріктер, т.б. жүрегің аурады. Иә, өткен ХХ ғасырдың ортасындағы Алматының сұлулығын, көше қуалай ағып жатқан мөп-мөлдір суын, иісі денеңе қуат беретін көгалын, апорт алмасын есіңе алсаң, көшеде кәзіргі жүруге ұяласың. Ағашқа мініп, бұтақтарын сындырып, жапырақтарын жұлып алып жатқан балаларға тіпті жас бойжеткендерге «Олай істеме» десең, саған жаман көзімен қарап: «кет, алжыған, кет!»- деп сөге бастайды.

Осы жолдардың авторы кешегі заманда бірнеше рет шығармашылық іс-сапармен Ленинградта болған еді. Аға ұрпақ өкілдерімен кездескенде және тарихтан білетініміз патша Петр І-ші көше, аула тазалайтындарды өзі іріктеп алатын көрінеді. Иә, Германия сапары осы бір жайларды еске түсіреді-ау.

ТОНАУҒА ТҮСКЕН ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Нарық заманы басталды, халық мүлкін тонау, талау басталды. 1980-1990 жылдары кәдімгідей жұмыс істеп тұрған Шалқар ет комбинаты, Шалқар кәсіптік-техникалық училищесі талауға түсті. Бұл кәсіп орындарында қанша адам жұмыс істеді, қанша жастар білім алып, техниканың тетігін ұстады. Қазір осы кәсіптік-техникалық оқу орнының ізі ғана жатыр. Кірпіштеріне дейін тонауға түсті ғой. Жүздеген еңбек еткен адам ет комбинатындағы жұмыссыз қалды. Оны Германиядан келген кәсіпкер көріп, басын шайқап, жағасын ұстады-ау. Сол кездегі мал-мүлік, техника біліктілердің емес, партократтардың иелігіне кетті. Қазір маман жоқ, т.б. жоқ деп қақсап жатыр.

ШАЛҚАР қ., 1991ж.

«Шалқар» аудандық газетінде ұзақ жылдар бойы редактор қызметін атқарған, осы өңірдің тарихын жетік білетін қазіргі көзі тірі шежіре ақсақалдардың бірі Тауман Төрехановтың қолындағы қарталық дерек бойынша Құланды құмындағы Ақбауыр Қазанғап күйшінің жері,- деп көрсетілген.

*Берік ЖҮСІПОВ, фольклортанушы ғалым.
«Ақжол Қазақстан» газ., №19(92), 14.05.2000 ж.*

Қазанғаптың әкесі Тілепберген Қабақ руын сағалап күнін көрген аз ғана Шанышқылы еді. Ахмет ЖҮБАНОВ, «Ғасырлар пернесі», Алма-Ата, 1975, 213 б. Ал Қазанғаптың мәңгілік ұйқыдағы жері Ұлы Құмның аяғы–Аяққұмның Көкаласы. Оны мен бір кітабымда кеңінен жазған едім.

Тауман ТӨРЕХАНОВ, «Шалқар» газетінің редакторы:

– 1949 жылы жарық көрген «Арал маңының солтүстік аумағының топырағы» деген кітабында Сталиндік сыйлықтың лауреттері ағайынды Малюгиндер Кіші және Ұлы Борсық құмдарында 280 түрлі шөп өсетінін зерттеп жазған еді. Қазір содан 70-ке жетпейтін өсімдік түрі ғана қалып отыр. **Бұл өңірдің адамы ғана емес, малы да, шөбі де, топырағы да, ауасы да ауырады.** Қазір адам өлімі көп, балалар жиі шетіндейді. ... Арал апаты аз болғандай, айналамыз әскери – атом аймағы. Және ел тұрмысы төмен, көп балалы Аналардың жағдайы қиын. Жұмыссыздық көп. Егемендік алған Республикамыз енді осы мәселелерді проблемаларды шешуі керек. *«Ел мен Жер» айдарымен, «ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІ» журналы, желтоқсан, 1990 ж.*

Адамдар табиғатқа шабуыл жасап болды. Енді шабуылды адамдар табиғаттан күтеді. К.Э. ЦИОЛКОВСКИЙ.

Адам ұзақ уақыт адамдармен кездесіп, пікір бөліспесе, онда ол өзінің ішкі ойында қалатын тілсіз мылқау күйінде қалады. Тіпті оны сәбидің ойыншығы – қуыршағына да тенестіруге болады ғой. Иә, солай.

Әйел – ер азаматтың бағы да, соры да! Жақсы болса – бағың, айуан болса – сорың! Заманында Әлем әміршісі болған Александр МАКЕДОНСКИЙ: **«Менің барлық соғыстарымның ең жойқыны да, ауыры әйелім – Олимпиа»**,- деген екен қарттық жеңген кезде.

Мен қазақ әйеліне қайран қалам.

Жайнаған жалындаған, жсайраңдаған ... Жұбан МОЛДАҒАЛИЕВ,
Ұлы ақын.

БҰЛ НЕНІҢ САЛҚЫНЫ, Ә?

Мына бір күнделік дәптерде, былай деп жазған екенмін:

16.12.1986 ж. Ақтөбе облыстық партия комитеті газет редакторларын жинап алып, аттестациядан өткізуді бастады. Әншейінде жайдары, ашық пікірлі адам болатын Обком секретары М. Слинченко. Бұл сәтте қабағынан қар жауып, біздерге – әсіресе, қазақ редакторларына оқтай атыла қарады. Сынықтан өту кезегі маған келді. Қойылған тура да, жанама да сұрақтарына мүдірмей жауап бердім. Иә, бұл жылдары мен басқарып отырған газет Республикаға әбден танымал болатын. Облыста қатарынан 19 жыл аудандық, қалалық газеттер арасынан бірінші жүлделі орынды, Республикадағы 287 аудандық, қалалық газеттер арасынан екінші, үшінші, қайта үшінші орынға ие болғанбыз. 1972 жылы Қазақстан КП Орталық комитеті осы жүлде алған газет редакторларының іс-тәжірибесіне арнап «Тәжірибе және Талап» атты жинақ шығарған. Сонымен түйілген қабағы ашылмастан хатшы:

– Орталарындағы үш-төрт редактор сынақтан өтті. Олар орыс жігіттері еді. Ал жақсы жауап алсақ та бірқатар редакторлардың сынақтан өткенін кейін жазбаша түрде хабарлаймыз,- деді. Далаға шыға бастадық, бірақ ...

Обком ғимаратында үлкен аласапыран болды бұл күні. Көшелерде жиналған халық, көбі – жастар. Түсіне қалдық. Желтоқсан желі ... екен. *Алматы, Жаңа алаңы. Қанды қақтығысы.*

Арада біраз уақыт өтті. Қазақстан КП Орталық Комитетіне бірінші хатшы болып «сайланған» Г. Колбин Республиканың газет, журнал, радиотелеарна редакторларын Қазақстан Журналистер Одағының съезіне шақыртып, ұзақ сөз сөйлеп, (ол сөзі менің күнделік дәптерімде сақтаулы) редакторлар көзқарасын жүз процентке өзгерткісі келді. Съезд Орталық Комитет пен Министрлер Кеңесі ғимаратындағы үлкен залда өтті. Үзілістерде тіпті «патшаның жаяу баратын» дәретханаларының алдына дейін милиция, «жансыздар» өкілдері тұрды. Бұл жағдай біздерді орналастырған «Алматы» қонақ үйінде де орын алды. «Екі адам қосылып сөйлеспейсіңдер, біріңнің бөлмеңе бірін бармайсыңдар!», - деп тәртіп берді.

Иә, әрмен қарай бәрі түсінікті болды. Мен заманында К. Маркстің, В. Лениннің жалпы марксизм-ленинизм ілімін жете оқыған студент едім. Ойыма *В.И. Лениннің* мына бір қағидасы келді. Ол: **«Мемлекетті құратын, не құрған ұлттың сол мемлекетті өз көсемі басқару керек»**, - дегені. Сонда қалай басы Африка сияқты географиялық картадағы М. Горбачев МГУ бітірсе де, Ленин нұсқауын оқымаған, оқыса да тоқымаған болар дедім. Иә, заңгерлер заңнаманы жағтаймын

деп жүріп, өмірдегі өзгерістерді, тарихи құбылыстарды саралап, баға беріп отыра бермейді ғой. Әрине, барлық заңгерлерді кінәламаймын, болмаса Ленин нұсқауын басшылыққа алса, Г. Колбин сияқты диапазоны тек облыстық дәрежедегі адамды Қазақ ССР сияқты Республикаға басшы етіп жібере ме?

Сол империялық саясаттың бүгінгі байлаулы «қара қарғасы» В. Жириновский: «біз Қазақстанға саяси, экономикалық жолмен ықпал етіп, өз жақтастарымызды Қазақстандағы билік басына келтіруіміз керек», - деген шовинистік сөзі есімде қалды-ау. Ол сотқар бұл сөзді, осы кеше 2005 жылы айтқан еді. Тіпті ол дарақы тағы былай деп, қазақ ұлтына тіл тигізген емес пе? Ал оқып көрші. Қазақ туралы, қазақтың тілі, домбырасы, мәдениеті, тау-тасы, өзен-көлі, өткен және бүгінгі тынысы туралы айтпаған боктық сөзі-пікірі жоқ оның. «Мен Қазақстанда тұрғанда (ол дарақы қазақ елінде туып, Алматыда тұрып, орта мектепте оқып, кейін қыр асқан еді) орыстар жергілікті халықты «хайуан» деп атайтын. Қазақта мәдениет болған емес. Көргені-білгені – мал, қазақы үй. Одан басқа ештенені білмейді. Екі ішекті домбрасымен тауды жырлағаннан басқа айтары жоқ», - дейді. Ал не дейсің? Ойыма келе беретіні қызыл империяның сойлын соғып, жарамсақтанып, мақтап мадақтап, қазақтың өткен өміріне күл шашып, жабайы, оқымаған қараңғы халық етіп көрсеткен қаламгерлер де сол Компартиядан барлық жақсылыққа, марапатқа ие болған еді. Бүгінгі нарық заманында қалай, ойланып көрейікші!

Биік төбеге шықсаң көзің ашылады, Жақсымен жолдас, дос болсаң көңілің ашылады, - деген халықпыз ғой. Халқымыз не көрмеді, нені естімеді, бәрін де көрді, талай тепкіні де сезді. Жаратушы Иеме, Ұлы Ата-Бабаларға, өз Аналарға сүйене отырып, қас пен досты ажыратып отырайық, ағайын. Солай емес пе?!

ҰЛЫ ЖАЗУШЫНЫҢ СОҢҒЫ БІР СӨЗІ-АУ

Лев Николаевич Толстой Құран Кәрімді оқығаннан кейін мынадай ойға келіпті: «Мені дін мұсылман санаңыздар», - депті.

Ал **Павел БАСИНСКИЙ** деген қаламгердің мына жазбасы – *Лев ТОЛСТОЙ* жайында түрлі ойға қалдырады: «*Тело Л.Н. Толстого положили в дубовый гроб, без креста на крышке*», - дей келіп: «*Толстого похоронили, как он и завещал, «без церковного пенья, без ладана, без торжественных речей».*

Сонда қалай ұлы жазушыны, мені дін мұсылман деп санаңдар десе, соңғы сапары не мұсылманша, не христианша емес болды ғой.

Айтатын болсақ, ислам сөзінің мағынасы: мойынсыну, амандық, татулық деген ұғымдарға келеді.

Ал ислам теологиясы, монотеизм. Ислам Құдайға таза сену деген мағына береді. ХХІ ғасыр – «Ислам терроризмі» деген ұранмен ислам жаулары дүниені дүр сілкіндіріп жатыр. Бұны қалай түсінесің? Әрине, саясаттанып барады ғой жер бетіндегі аты шулы үш дін де.

Қазақстан әжелері азайған сайын балалардың мәдениеті де азайып барады. Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.

МЫСЛИ, ПРИДАЮЩИЕ УВЕРЕННОСТЬ

Жизнь – это не что-то: она возможность для чего-то. Важно не то, что жизнь приносит вам, а то, что вы привносите в жизнь.

Жизнь – есть непрерывный процесс роста и развития. Если вы будете так относиться к ней, вы наполните ее смыслом и целенаправленностью.

Все и вся стоит вашей стороне, если вы решите так смотреть на вещи.

Ищите добрые намерения за фасадом недоброго поведения.

Ошеломляющие события могут послужить возможностью для перемен, для выработки большой твердости духа и более глубокой способности к любви.

Поражение – прекрасная возможность научиться чему-то новому.

Успех – начинается с готовности посвятить себя чему-то. Все последующее происходит отсюда.

Держите свой страх в одной руке, и свое бесстрашие в другой. Один страх недостаточная причина для того, чтобы отказаться от какого-то предприятия или решится на трудное дело.

Соотнесите вашу личную энергию с энергией жизни, примите настоящее до того, как вообразите себе будущее.

Начинайте с того, что есть, там, где вы есть. Сила происходит из настоящего.

Происходящее – не репетиция для жизни, это – сама жизнь.

Из высказываний мудрых людей, Алматы, 2002 г.

Халықтың ауызша тарихнамасы-ғылымының алтын бесігі. Иә, көптеген халықтарда жазба тарих қала бермеген. Сонда халық бір ұрпақтан екінші ұрпағына өзінің ескі кейінгі заманаларынадағы та-

рихын ауызша беріп келген. Бұл пікірді – ойды бүгінгі тарихшылар да пайдаланып келеді.

Алматы, 2002 ж.

ҰЛЫ СӨЗ!

Бақ та, тақ та таласқанға бұйырмайды, халықтық істе жарасқанға бұйырады. Н.Ә. НАЗАРБАЕВ. «ЕҚ», 06.02.2015.

ҰЛЫЛАР ЕСІМІ ӨЛМЕЙДІ!

Чарльз ДИККЕНС (1812-1870) – ағылшынның ұлы жазушысы, «Пиквикс клубының өлгеннен кейінгі жазбалары» авторы (1836 ж.). Керемет дүние!

Уильям ТЕККЕРЕЙ (1811-1863) – ағылшынның аты шулы жазушысы. 1950-1953 жылдары КазГУ-де аға оқытушы Мадзигон – тамаша айтып берген еді. Жазушының: «*Блудные сыны буржуазии*» деген ұлағатты сөзі капиталистік заманда өлмейтін, өшпейтін ұлы сөз еді. Ал буржуазиялық қоғамдағы екі жүзділік пен дүние қоңыздылықты әшкерелейтін дүние... «*Даңқ құмарлар жәрменкесі*» (1848) романы нағыз күні бүгін де аса маңызды. *Қазіргі нарық кезеңіндегі тақ үшін, даңқ үшін күресетін қалталылар бір оқып шықса, кәнекей!*

Джек ЛОНДОН (1876-1916) – Американың дара жазушысы. Қоғам:

- *Саясаткерлер ар-ұятын сататын,*
- *Депутаттар халық сенімін сататын,*
- *Жұмысшылар мускілін сататын,*
- *Әйелдер тәнін сататын заманға аяқ бастық,*- деген болатын.

Сол заман бізге де келді. Бұл капитализмнің бір нұсқасы.

Джордж БАЙРОН (1788-1824) – Ағылшынның ұлы ақыны. «*Восточные поэмы*» деген шығармасын КазГУ студенті болып жүргенде оқығанмын. «*Дон-Жуан*», «*Корсар*» поэмаларымен де жете таныс едім, «*Шығыс дастанын*» жарыққа шығарғансын-ақ Еуропада дүр сілкінген оқыс оқиға болғандай болды.

Ағайынды ГУБОЛЬДТ – немістің XVIII-XIX ғасырларда әлемді таныған, жиһанкез, жаратылыстанушы ғалымдары еді. Берлин университеті осы ғалымдар есімімен аталды. Себебі осы оқу орнын ашқандар осылар еді. Мен жұбайым Балзада Шәмшіқызымен осы Университетте 2000 жылы Қазақ-Герман Достығы қоғамының және Университет студенттер қауымдастығының шақыруымен болып, кеңестік және тәуелсіз қазақ елі баспасөздерінің айырмашылығы

жайлы профессорлары мен студенттер алдында әңгіме өткізгенмін. Ол кездесуде Қазақ Елінің Германиядағы Елшілігінің Дипломаты – неміс филология ғылымдарының докторы Әділбек Әлжанов мырза жүргізген еді. Тамаша кездесу болды!

ПЛАТОН (б.д.д 428/427 – б.д.д 348-347 жж.) ғұмыр кешкен ұлы тұлға, ежелгі грек философы. Сократтан білім алған, Аристотельдің ұстазы болған.

«АУ, АҚСАҚАЛ, БҰЛ НЕ ОТЫРЫСЫҢ!»

Ақойманың қысы биыл тым қатты. Ашық күн жоқ. Айта беретін ақбасқын боран. Қыдырбек ерте тұрып, малын қарап, жайлап болып, көрші қарт Толыбек амандығын білуге соғады. Қарт зілмәнкесінің есігі алдында бар қыс киімдерін киіп, оранып отыр екен.

– Ау ақсақал, бұл не отырыс, мына каска боранда?

– Әй, қарағымай, үйдегі боран мына даладағы бораннан да тым қатал ...

– Неге?

– Басымды, сақалымды кемпірім күніге бірнеше рет «жуады». Басымда шаш та қалмады. Қайтейін, далада құлағым да, жүйкем де тыныш. Өткен-кеткенді еске алып отырғаным ғой.

– Иә, ақсақалым, күлкі мен әзілге толы жайрандаған жастық та, ыстыққа толы махаббат та, жігіттік дәурен де – бәрі сағым болып қалды ғой артта. Енді құшақтайтын дізеңнен басқа не бар дейсің ...

– Дұрыс айтасын, Қыдырбек-ау, қартайған қарттың қадірі қала ма? «Сен, шайтан өлсе де, өлмейсін!» деген сөзі де жаныма ауыр тиелді-ау, қайтейін.

– Иә, қасында қатар жүргенде қадыры болмас адамның! Турасын айтсам, жақсы әйел Алланың берген сыйы емес пе?!

– Ал жаманы ше?

– Дүниеден өткен үлкендер айтқан екен: Ух, Алла, көк долы қатыннан сақта! Қатын берсең, жанға тыныш жайлы ғылып бер, деп.

Қарт мұртына қатқан мұзды-қарды түсіріп әлек. Тап осы кезде бір топ адам біз осы қыстаққа жеткен едік.

КІШІҚҰМ, 1978 ж.

Өзін-өзі басқара білген адам, мемлекетті де басқара алады.
КОНФУЦИЙ, Қытай данышпаны.

Күнде көрген қарапайым жақсылығың өмірде бір-ақ рет көрген ұлы жақсылығыңа татымайды. *КОРЕЙ халқының даналығы.*

Любая политика полезна, если правильно выдержана временем. Отто фон БИСМАРК.

Вот как о казахских воинах отзывался *поэт, генерал-лейтенант, партизан Денис ДАВЫДОВ*: «Росту они невысокого, сухощавые, цвету лица бронзового, волосу черного, как крыло ворона, взора орлиного. Характер ярый, запальчивый и неукротимый, предприимчивости беспредельной, сметливости и решимости мгновенных». Газ. «Экспресс-К», №184, 05.10.2007 г.

Иә, сонда біз неге казакты «*Қара домалақ*», - деп айтамыз, жаза-мыз. Қалам ұстаушы – батарларым-ау.

«90 КҮНДЕ, ЕРТЕҢГІЛІК ӨЛЕСІҢ!»

Қатты семіріп, жүрек соғуы әбден нашарлаған, қарны етегін жабқан, кіші дәрет шығатын жерін көруден қалған, екі аяғы іскен, басы мен мойыны тұтас бір жота болып кеткен жасы қырықтардан асқан ер адам не істерін білмей жатса тұра алмайтын, отырса алдын көрмейтін жағдайға жеткен «кұрсын, неде болса, дәрігер шақырындар», - деп үй-ішіне өтініш айтады.

Дәрігер қартаң, көп ауруларды емдеген, көбін өмірге қайта әкелген аса тәжірбелі, білікті кейде медицинаға жат тәсілдерді де пайдаланатын адам болса керек-ті. Қозғалыссыз денесін билей алмайтын, жағқан жерінен тұра алмай сүйемелдеумен тұратын жігітке:

– Жігітім, қолымнан келетін емім жоқ. Енді о дүниелік болуыңа жол ашылып тұр, - дейді.

Үй-іші шошып кетеді.

– Бұл не дегенің, дәрігер мырза!

– Иә, бізді тірідей өлтіріп тұрсыз ғой!

– Енді ешқандай ем қонбайды дейсіз бе?

– Мұныңыз дәрігерге лайықты сөз емес, кетіңіз! - деп әкіреңдейді бәрі.

– Сіз дәрігер емессіз, үйді босатыңыз, - деп бәрі өре түргеледі.

Дәрігер аспаптарын жинап, үйден-бөлмеден шығады да түсін суытып:

– Өлуіңізге 90 күн қалды. Токсаныншы күні ертеңгі сағат онға он бес минут қалғанда бұл жарық дүниемен қоштасасыз, - дейді де артына қарамастан шығып жүре береді.

Үй-іші аң-таң бәрінің түсі суып, біріне-бірі қарай алмай ұзақ отырады. Содан ауру жігіт:

– Ал енді күнді санаңдар бүгін бір күн кетті. Енді 89 күн қалды. Ағайын-тумаларға, жегжат-жұрақтарға, жолдас-дос жарандарға хабар бере беріңдер қоштасып қалайың. - дейді.

Санаған күн өте берді. Сары уайым, ұйқысыз тәуліктер-аштық, тәбет асқа жок апталар өте береді. Тек қорегі күніне бір-екі кесе мұздай су болады. Әбден жүдейді. Салдырап сүйектері қалады. Мойыны ырғадай, қарны тартылып, басын көтеретін қалге жетеді.

– Бүгін 89 күн. Барлық жақын жуығы қоштасуға жинала бастайды. Ағаш кереуетті жұқартып, төсекті ыңғайлап басын есікке қаратып, Жаратушы Ием жанын қинамай ал деп таң күзетіп, бәрі жан-жағына отырады, әрқайсысы өздерінше сыр білдірмей, сағаттарына қарап қояды.

90 күн. Ертеңгі тоғыздан елу минут кеткен кезде есік ашылып, сондағы қартаң дәрігер кіріп келіп:

– Жігітім, тұрыңыз! Енді өлмейсіз! Болды!- деп иманын үйірүді күтіп жатқан жігіт жатқан жерінен ұшып тұрып:

– Дәрігер шын айтып тұрсыз ба? Мен енді өлмеймін бе? Рас па?- деп дәрігердің алдына отыра кетеді.

– Өлмейсіз! Енді әлі елу жыл жасайсыз! Сонда көзіммен өлшеп көріп едім 120-130-140 кг болады-ау,- деп едім. Енді, міне, ең мықтағанда 68-72 кг артық емес салмағың қалған, бұл салмақ бойыңа сәйкес келеді.

Отырғандардың бір тобы дәрігерді, бірқатары жаңағы жігітті көтеріп мез болып жатты. Содан:

– Сіз, 90 күнде өлесіз деп, қалай батылыңыз барып айттыңыз?- дейді жарыса сұрақ қойып:

– *Адамды әсудететін де, ауыр салмақтан айратын да – уәйім, қайғы және аштық.* Бұл медицинада айтылмағанмен, сізді өлімнен алып қалу үшін осындай бұрын-сонды қолданыста болмаған тәсілге барғаным, болды енді! Сау болындар,- деп дәрігер қоштасады.

Осы дәрігер осы тәсілмен докторлық қорғаған екен.

Сегодня Европа сильна и могущественна, и европейцы считают себя самыми цивилизованными и культурными в мире. Европейцы смотрят свысока на Азию и её народы, они приходят и захватывают в странах Азии все, что могут. Как изменились времена! Взглянем, как следует на Европу и Азию. Открыв атлас, ты увидишь маленькую Европу, примыкающую к великому Азиатскому континенту. Она кажется лишь небольшим его продолжением. Когда ты считаешь историю, то убедишься, что в течение длительных периодов, на протяжении значительных отрезков времени доминировала Азия. Ее народы, наступая, волна за волной, завоевывали Европу. Они опустошали Европу, и они цивилизовали Европу. Арийцы, скифы, гунны, арабы, монголы, турки все они, выйдя из какой-либо местности в Азии, расселялись по всей Азии и

Европе. Азия, казалось, плодила их в огромном количестве, подобно саранче. Европа долгое время была чем-то вроде колонии для Азии, многие народы современной Европы ведут свое происхождение от этих захватчиков из Азии. Джавахарлал НЕРУ (1889-1964), вождь Индийского народа, из книги «Япония».

Өнерден биік мұрат жоқ, білімнен терең теңіз жоқ, ұяттан асқан сұлулық жоқ, ал қызғаныштан асқан жауыздық жоқ. СОКРАТ, ұлы ойшыл.

Өзіңді-өзің таны, сонда әлемді де танысың. СОКРАТ, ұлы ойшыл.

Осы ұлы ойшылдың іліміне сүйеніп Грекияда заманында арнайы пән болып мектеп бағдарламасына енген екен, «Өзіңді таны» сабағы.

БІР ӘНГІМЕЛЕСКЕНІМДЕ МАТАЙ АТА:

Әрине, мен теологпын. Дінтану маманымын. Сендер сол аспаннан түскен кітаптар жайлы біраз құдайсыздар әркез күмән айтады, балам. Сондай кітаптар аспаннан ондаған ғасырлар бұрын түсіпті. Енді сол заманнан бері бірде біреуі неге түспейді дейсіндер? Сұрағың дұрыс та болар. Еске алатын болсақ, *Мұхаммед Пайғамбардың Хадистерінде мынандай пайымдаулар бар. Ешнәрсеге, тіпті дінге де шектен тыс берілмеңдер. Сіздерден бұрын өткен мыңдаған көп қауым дінге шектен тыс берілгендіктен, өкініште қалған,-* деген қағидасы бар. *Дегенмен, әрбір құбылысқа зер сала, зерттеп, сын көзбен қараған дұрыс-ау деймін,-* деп ойын түйіндеді.

Матай ҚОҚАНОВ атаның 1972 жылдағы Шалқар мешітін ұстап тұрғанда, үйінде болған бір әңгімеден, №99 блокноттан қысқартылып алынды.

ТЕГІН ХАНШАЙЫМ ЕМЕС

Осыдан екі жарым мың жыл бұрын жерленген Сак ханшайымы Укок жайлы Қошағаш ауданына қарасты (Алтай Республикасы) Укок үстіртіндегі Скиф қорғанындағы Ақ-Алаха деген жерде, бұл шығыс Қазақстан облысына қарасты Қатонқарағай ауылына жатады. Осыдан 2,5 мың жыл бұрын жерленген ханшайымның денесі – мумияланған мүрдесін тапқан ғалымдар.

Мүрде жақсы сақталған. Себебі терең құдық толы көк мұзбен көмілген әйел оң жақ қырынан (Қазақтарда өліктің басын құбылаға

қаратып, оң жақ қырынан бүгінге дейін жерлеп келеді ғой) аяғын бүктеп жатқызған. Ханшайымның сол жақ жағы мен қолдарында көптеген татировка салынған. Денесіне жібек көйлек, жалпақ белбеу, аяғына жүннен жасалған шұлық, басына парик, алтын жалатқан биік бас киім кигізілген. Дүниеден 25-тер шамасында озған. Осы жас әйелмен бірге алты жылқы ер-тоқымымен жерленген.

Өкініштісі, осы ханшайым денесін қазып алғандар Ресейге алып кетеміз деп талай қиыншылыққа ұшыраған. Көліктері сынған, самолет апатқа ұшыраған. Жер сілкінген, бірнеше тәулік қара нөсер жауған. Ақыры мүрдені Новосибирск мұражайына тапсырған. Бірақ осы бір әулие, аруакты қызды мәңгілік ұйқыда жатқан жеріне жеткізу шаралары ұйымдастырылуда. Иә, күні бүгінге дейін ұлы ханшайымның кім екенін ешкім айта алмай отыр. Батыр, жауынгер – түрік қызы болар ...

«АЙҚЫН» газетінен.

ОЙЛАНЫП, ОЙҒА САЛЫП, КӨРЕЙІКШІ

Феодализм заманында қазақ қыздарының қайғысы мен қасіреті, бақытсыздығы теңіне бара алмай олар малға сатылды, кімге, шалға, тоқалдылыққа сатылып, ақыры сұлу да ару қыздың, дана да шешен қыздардың осылай дүниеден өтуі аз болған жоқ еді. Мысалдар, біз білетін: ұлы ақын **Сұлтан ТОРАЙҒЫРОВТАН:**

ҚАМАР сұлу:

*Құдайым жасты жасқа нар қылғаның,
Біреуді бар, біреуді жоқ қылғаның.
Біреуге алпонаттай білім беріп,
Мінер ат, ішер асқа зар қылғаның.
Біреуге мал мен бақты үйіп беріп,
Қазақты қара көңіл аң қылғаның,-*

деген. Солай, арманда жалған дүниеден өткен сұлу қыз еді.

САРА қыз:

*Ешкімге дес бермеген қызыл тілім,
Күні жетпей солды-ау есіл гүлім.
Жиенқұл ерім болып тұрар ма екен,
Күнінде таңда мағшар болса жиын
Кезінде Жиенқұлды көріп едің,
Құдайдан қорықпай-ақ,*

*Малға сатып беріп едің,
Қайтейін,
Жайқалған қалың Найман арасында,
Бәріңе қыз да болсам серік едім.*

Бұл оқиға арғындық Біржан сал үзеңгілестерін ертіп, Сары Арқадан Найман еліне сұлу да ару, ақын қыз бар деп жолға шығады. Сара қыз бен қанша айтыссада жеңе алмайды. Бір жалауыз Сараның күйеуге шыққанын ағалары Еспенбек пен Дүйсенбектің бір малы көп бүкір, кисық аяқ, бүктетіліп қалған Жиенкұл дегенге сатып жіберіп қора-қора мал алғанын жеткізеді. Жиенкұлды сүйретіп бірнеше жігіт айтыс өтіп жатқан ортаға алып келеді. Сонда Біржан сал:

*Обалың Еспенбек пен Дүйсенбекке,
Күйеуің жаман екен бейшара,-*

деп атына отырып кете барады. Сол кезде колына домбырасын алған Сара жоғарыда біз келтірген жыр жолдарын төге салып, жерге құлай кетеді. Бұл 1871 жылдың 13 қазаны еді.

Найман халқына мың да бір құрмет пен алғыс осы тәуелсіздік алған жылдары ұлы Сара қызға Қапалда (Талдықорған) ескерткіш орнатты ғой. Бұл да халықтың ұлылығы емес пе? Менің келтірген деректерім Сара ақын қыз жайлы бір варианты болар. Иә, солай!

Қыркүйек, 2001 ж.

ӘЛИЯНЫҢ ӘНІ

Әлия XIX ғасырдың соңғы ширегінде ғұмыр кешкен бақытсыз қыз. Әлім аталығының Қабақ, Тілеу елінің Қабағынан, одан сұрмерген атанған Жарастан, әкесі Қабыл іргелі бай болған. Ата қонысы Ұлықұмның Жіңіше бойы. Әлияның сүйген жігіті болған, ол осы Қабақтың Қарабасы аталығынан. Бірақ ол жігіт жарлы, сирағы шыққан кедей.

Әкесі қызы бой жеткенсін ол кедей жігітке тұрмысқа шығуына рұқсат етпей, Қарақалпақта тұратын бір көрдемше, көркі жоқ, бүкір қазаққа күйеуге береді. Трагедия осы жерден басталады. Енді *Әлияның* зарына жол берейік, тек бірнеше шумақтан.

*Тebetей қызыл мақпал қырын кидім,
Әкемнің қырын тұрып жүзін жидым.
Әкеме қызда болсам, ұлдай едім,
Әкемнің ұзатарын биыл білдім.*

*Өтерін жастығымның біле алмадым,
Білгендер айтып еді тіл алмадым,
Көңілі ата-анамның қалар-ау деп,
Сайраңдап біреуменен күле алмадым, -*

дей келіп:

*Ен тоғай, елім қандай, жерім қандай,
Керме қас болып тұрдық жазық маңдай.
Салқын үй, сапырулы қымыз ішіп,
Ішінде жатушы едік, ұйқы қанбай.
Басында керегенің бөркім қалды,
Елімде жайнаған, гүл шешектей көркім қалды,
Қазірде мен бір қалған еріксіз жан,
Елімде жастығым мен еркім қалды.*

Арман қарай:

*Тағдырдың бұл көрсеткен мазағы ма,
Өзіне бақ – дәулеті жетуші еді,
Сатты әкем Қоңыраттың қазағына.
Күйеуім ұрып соғады, көнбедің деп,
Өкінем неге ерте өлмедім деп.
Өкпемді әке-шешем саған айтам,
Әлияң зар жылауда келмедің деп,
Билігім бір басымда болмаған соң,
Алғаның жақсы еді ғой жалғыз құдай!*

Арман қарай:

*О, халқым, көзімнен жас бұлауменен,
Әлияң күнде өтер жылауменен.
Шырақтан екі көзім сөнер шамасында,
Шырмалдым қасірет күй наласына,
Шіркін-ай, сүйгенімді бір көруге,
Шалқар көлдің барар ма едім жағасына!*

Әлия елін, жерін, сүйгенін көрместен ақыры құса болып теңізге кетіп өледі.

Иә, бұл ұзақ та, тартымды қайғыны, қасіретті ашып айтатын Әлияның зары еді. Әрине, бұл жырды Қабылдың бір тумасы Арыстан жырау Әлия аузынан алып, елге жеткізеді.

ТАРАЗЫ ақын Ұлы Ата Тілеудің (Айттың бір баласы, Әлімнен таралады) даңқты Құлтума аталығынан әке-шешесі ерте дүние салып, екі ағасының тәрбиесінде бой жетеді. Жоқшылықты, таршылықты көрмей, еркін өседі. Екі ағасы ер-тұрманы мың

дiлдәлык жорға жүйрiк ат берiп, елiн, жерiн аралатып «Айман-Шолпан» жырындағы Айманның сұр жорғасындай арғымаққа отырғызады. Ақын Таразы қыз атанған сұлу да ару болып елiне танылады.

Есет КӨТІБАРҰЛЫ – ұлы батыр, көзі тірісінде-ақ аруақты, әулие атанған тұлға, кенже ұлы Дәуiтке жар етуге, өзiнiң елiне аты шулы келiн етуге Құлтума елiне құда түсуге бiр топ адамды аттандырады. Ағалары мен қыз Таразы келiсiм бередi.

Иә, Таразы қазақтың бақытты қызы, бiртуар ақыны. Ұлы батырдың кенже келiнi болып, шежiреге енедi. Сүйегi Ұлықұмның Күнгей өңiрiнде жатыр.

Мiне, феодализмнiң заманындағы қазақ қыздарының бiр тарихта қалған ғұмырлары.

Қазақ елi капитализмдi аттап өтiп, кешегi қызыл империя атанған социализм дәуiрiне де жетiп, жетпiс жылдан астап ғұмыр кештi ғой. Бұл мемлекеттi тарихқа кеткен бүгiн мақтаушылар да, боқтаушылар да аз емес. Осы жолдардың авторы туып, қолына қалам ұстап осы заманда оқып, бiлiм алып, мамандық алған бiр пенде ретiнде, жасы сексенге аяқ басқан қарт ретiнде, өз ойын айтып, жазып қалдырып отыр.

Әйел теңдiгi аяққа басылған жоқ! Әйел теңдiгiн аяққа басушыларды мемлекет қатты жазалады. Көзi ашық қаламгер бар өмiрiн халықпен аралас болған елу-алпыс жылдай «қатынын ұрып, соғыпты, қуып жiберiптi, айрылыпты, балаларын жетiм-жесiр қалдырды», - деген желдi сөздердi есiте бермейтiн едiм. Мамандығым қаламгер-журналист. 30 жылдық қызметiм газеттердiң бас редакторы, ауданды басқарған жетi, тоғыз адамның бiрi ретiнде барлық өмiр тынысынан кұлақдар едiм.

Ал бүгiнгi нарық заманында хал-ақуал қалай? Турасын айтсақ, сол феодализм заманындағыдай да тыныс өршiп тұр-ау. Қазақ қызының әлеуетi түбiрiмен өзгердi. Жiгiт те сол баяғы 30-40 жасқа дейiн үйленбейтiн болды. Бәрiн ақша шешетiн заман болды ғой.

Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мiнез-құлқына байланысты. Әбу Наср Әл-ФАРАБИ, данышпан, энциклопидист ғалым.

Адамдарды достастыратын тiлi де, ұлты да емес, жүрегi!
Ф. ШИЛЛЕР, немiс ақыны, философ.

... қабiлеттi болсаң, қызғанышын көрсете бастайды. Талантты болсаң кедергi жасап, кемеңгер болсаң, кек алудың амалын iздестiредi. Никколо ПАГАНИНИ, Италияның ұлы скрипкашы.

Еске алатын болсақ, сол **ПАГАНИНИ** сахнаға шығарда доспын деп жүрген қарсыластыры ешбiр жағлайды бiлдiрмей, тiптi сездiрмей

бәтенкесінің-аяккіімінің ішкі ұлтары астына шыны ұнтақтарын-үгіндісін толытыра салып жіберген екен.

Ұлы ГЕТЕНІ тірідей көрге тыққысы келген көре алмайтындар аз болмаған ғой. Оны «космополит», «халқына жаны ашымайтын билік пен қалталылардың жаршысы», - деп әбден соңына шырақ алып түскен көрінеді.

ҰЛЫ СӨЗ, ҰЛЫ ШЕШІМ!

Ал бүгінгі қазақтың «зиялыларымын» дейтіндер **Олжас СҮЛЕЙМЕНОВТЫҢ** да артына шырақ алып түсуде. Ойланшы, қазағым, **Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ биігіне шыққан, ақиқатын айтсам, бірде-бір қазақ жоқ деуге болады.**

...Бүтін аймақтың халқын апатқа ұшыратқан осы атышулы сынаққа әлемнің назарын аудару **Олжас СҮЛЕЙМЕНОВТЫҢ** қолынан келді («ЕК», 27.06.2013 ж.). Иә, оған жол ашқан Қазақ ССР-інің мемлекеттік Телерадиосының тізігін ұстаған Ғаділбек Шалахметовтың жанқиярлы батылдығы да себеп болды. **«Ядролық полигон жабылу керек!»**, - деген **Олжастың** ұлы сөзі бірінші рет эфирде айтылып әлемге тарайды. Осындай ұлылыққа кім барады?!

Анығын айтар едім – Әлем, оның ішінде Республика халқы, Семей өңірінің тұрғындары бір тұлғаға қарыздар болса, олар **Олжас СҮЛЕЙМЕНОВКЕ** тікелей қарыздар! Олжас бастамасын жүзеге асырған Президент **Н. Назарбаевке** бүтіндей қарыздар! Себепсіз салдар жоқ!

Каждый человек создатель своего счастья. Ю.М. ЛЕРМОНТОВ.

Ата, Әже! Мынау сіздерге «Дала Геркулесі» кітабының көрімдігі. Кітап өте жақсы жазылған және өте қызық! Немерелерің. 28.08.2008 ж.

Тау аға! «Дала Геркулесі» тарихи романыңызды түгел оқып шықтым. Қатты ұнады! Мұндай жазу, суреттеу басқаларда да, ағаңда да жоқ. Сіз осы кітабыңыз арқылы өзіңізге «мәңгілік ескерткіш» орнаттыңыз! Құтты болсын аға! Айтуым керек, өзімде көп нәрсемен сусындап, нәр алдым, Рақмет, Тау аға! Сәбит ДОСАНОВ, жазушы, ҚР қайраткері, 12.01.2009 ж., Алматы қаласы.

Маңдайымнан сипап өткен самалды,

Қазағымның алақаны,- деп білем. Қадыр МЫРЗА-ӘЛИ.

Талантты адамдар өзін айдалада жүргендей жалғыз сезінеді. Иә, талантты адамдар басқалар үшін қорқынышты. Өйткені ол өз басындағы гажайып ойларды ешкіммен бөлісе алмайды. Людми-

ла ГУРЧЕНКО, ұлы актриса.

Батыр жау барда сыйлы, Би дау барда сыйлы. Халық ДАНАЛЫҒЫ.

Жаманға жақын жүрсен, жаласына қаласың, жақсыға жақын болсаң, даналығына суарыласың. Халық ДАНАЛЫҒЫ.

Адам бойында бір жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды. Жүсіп БАЛАСАҒҰН.

Адам екі нәрсе арқылы қартаймайды, біріншісі – қайырымды ісі, екіншісі – мейірімге толы ісі. Жүсіп БАЛАСАҒҰН.

ИӘ, БҰҒАН НЕ ДЕЙСІҢ? Самара-Оренбург губерниясының бас губернаторы Перовский қазақтарға (киргиздарға) егін еккізбеңдер! Егін егіп, күнкөріс көзін тапса, бізге олар бағынбай кетеді. Әркез телміріп, біздің қолымыздан нан сұрап отыратын болсын!,- депті. Ал кім екенін губернатордың өзің бағала!

Бірде: «Түрікстан» газетінің бас редакторы Дидахмет ҚАНАЗ:

– Мен **Есет батырдың** (Көтібарұлы) **фото суретін тауып едім.** Оны қоярда қоймай ғалым Ғ.Ахмедов сұрап алды. Есет басында шошақ бөрі бар, атжақты, сұлу бетті, көздері суықтау ма, қалай, есімде қалғаны осы көріністер. Ал ол суретті оған неге бересің деп, С. Сәдірбаев шатақ шығарды. Себебі, «архивтен тапқан мен едім», - деп болмады. Бұл 1970 жылдары еді-ау,- деді журналист, жазушы үлкен ойдың адамы.

АЛМАТЫ қ., 04.01.2006 жс.

Шамасы сол сурет емес па екен, «Жұлдыз» журналында сол жылдары басылған? Әлде Ғалым «Жем бойында» романына керек болған шығар. Ал турасын айтсам, Ғалым Ахмедов Есет Көтібарұлының ағасы Арыстан Тәнәліұлы – даңқты батырдың қызынан туған жиен-шар болып келеді.

Сұлтанғали СӘДІРБАЕВ осы жолдардың авторымен КазГУ-де бірге, бір курста оқыған ғалым-фольклорист.

Қаргадан қарға туар қарқылдаған,

Жақсыдан жақсы туар жарқылдаған.

Дейтіндер мен жақсымын толып жатыр,

Жақсылығы өз басынан артылмаған. Ахмет БАЙТҰРСЫНОВ.

Заңдар да шырмауық секілді ұсақ жәндіктер шырмалып қалады. Әйдігі бұзып өтеді. Фрэнсис БЭЖОН, ағылшын философы.

Қырық жылдан кейін ғана өзімді таныған соң, мен аспан құпиясын да тани бастадым. КОНФУЦИЙ, VI ғасырдың ұлы ғұламасы, Қытай ойшылы.

Балам, ең дұрысы – олу. К. Э. ЦИОЛКОВСКИЙ.

Бұл ой ұлы ғалымға оның ашқан теңдесі жоқ космановтика туралы теориясын көреалмайтын көрсоқыр, қызғаншақтық жасағандардың адам жаны түршігерлік өсек-аяңы салдарынан туған болар. «Әкең жынданған» деп, соңынан қалмағанын, баласы өзіне қол жұмсайды ғой. Ақыры 78 жасында рак ауруынан ғалым дүние салады. Аса өкінішті-ақ!

БІР ЖӘЙТ. Альберт Эйнштейннің тілі 4 жасына дейін шықпаған екен. Ұстазы-мұғалімі талай рет «ақыл-есі тежелген адам болады», - депті. Ал Эйнштейннің кім болып тарихта, ғылымда қалғанын әрбір сауатты адам білуге тиіс.

Бала туғанда ақ қағаздай болып таза туады. Шығбайды қалай салсаң, солай түседі. Бала тәрбиесі де сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, солай тәрбие алады. Жан Жак РУССО, француз ойшылы.

Ұлы ғалым **Д.И. МЕНДЕЛЕЕВ** орта мектепте оқып жүргенде, химия пәнінен үнемі «үш» деген бағаны әрең алған екен. Ал бірнеше ұрпақ ұлы химик Д.И. Менделеевтің ілімінен тағылым алып келеді.

Сенің кемшіліктеріңді және менің кемшіліктерімді көре тұрып мақтайтын, тіпті немесе құптайтын адамдардан без. СКОВОРОДА, украин философы.

СЫЙ-СИЯПАТ КӨРСЕТУ

Қойын дәптерлерімді ақтарып отырсам, 1965 жылдан 1989 жылдар арасында, елге келген Одақтық, Республикалық ірі тұлғаларға талай сый-сыяпат көрсетілген екен. Ахмет Жұбановқа, Ғарифулла Құрманғалиевке, Ғабит Мүсіреповке, Тайыр Жарықовқа (орысша Жароков), Хамит Ерғалиевке, басқа кейбір елге сыйлыларға аудан басшылары өздері «ат» мінгізді.

Ал кейінірек маған: «жер өзіндікі, ел өзіндікі, абырой, ажарың жетеді, елге келген жақсылар мен жайсандарды өзің алып жүріп, ел аралатып, сый-сыяпат жаса», - деген тәртіп, өтініш аз болмады.

Иә, сол ел басшыларының бірі болған отыз жыл ішінде сол ұлағатты қонақтарға 49 «ат» мінгізілген екен. Иә, олар жазушылар, ақындар, өнер қайраткерлері, одақтық, республикалық танымал тұлғалар еді ғой.

1990 ж., №151 дәптерден.

ИӘ, БҰЛ ДА БІР ҚЫЗЫҚ ДҮНИЕ ҒОЙ

Заманында СССР журналистер Одағы басқармасының шақыруымен Москвада – пролетариаттың ұлы көсемі мәңгілік ұйқыда жатқан Қызыл алаңдағы В.И. Ленин мавзолейінде болған едік (2 рет). Соның бірінші сапарында И.В. Сталин екеуі қатар жатқанын көрген едім.

Айтайын дегенім, В.И. Ленин айына қанша еңбекақы алды екен деген сұрағымна Винорадов (экскурсовод): 560 рубль деген еді. Ал И. Сталин қанша айлық алды дегенімізде 1935 жылға дейін Сталин Ленин алған айлықтың 50 процентіндей 225 рубль алып жұмыс істеген деді. Ал 1936 жылдан бастап 1200 рубль, ал Ұлы Отан соғысы аяқталғанын Саяси бюро Сталиннің ерекше еңбегін ескеріп, 2000 рубльге дейін көбейткен. Ұлы Жеңістен кейін 10 мың рубльге дейін өсірген. Иә, қалай айтсақта, Ұлы Октябрь төңкерісіне дейін де кейін де дүниеден өткенше китель, галифе шалбар, хром етік, сұр шинельмен жүрді ғой Сталин. Ал қазіргі «көсемдер» ше?!

Кейінірек анықтағанымыз, «Правда» газетіне барып әңгімелесіп жүргенде Н.С. Хрущев айына 800 рубль еңбек ақы алып тұрғанын естідік. Тағы бір қызығы зейнетке айдап шығарып (күшпен, әрине) жібергенін айына 500 рубль зейнетақы тағайындаған екен.

Иә, талай рет, Москваға барып жүргенде ресми емес адамдардан («Известия», «Правда», «Крокодил» журналдары тіл мен жағына сүйенетіндерден естігеніміз Л.И. Брежнев 8-9 жыл бойы айына 800 рубльмен жұмыс істеген, бірақ ұланғайыр еңбегі, кітаптары еске алынып, 21 мың, ал Бас хатшы болған жылдары, өлер алдында ғана 121 мыңдай табыс алып тұрған. Черненко 800 рубльмен жұмыс істесе, Горбачев та осындай көлемде айына еңбек ақы алып тұрған, бірақ дүние «боққа» сатылып Англияға барғанда тегін 25 костюм, әйеліне сан жетпейтін алтын (визитка) карточка сый алыпты делінеді. Содан кейін басы айналып, «ұлы империяны сатып жіберді» делінеді бір кітапта. Рас па?

1973-1980, 1986 жылдардағы дәптерден.

ИӘ, БҰЛ ДА КӨҢІЛ АУДАРАРЛЫҚ ЖАЙТ. 1927 ж. Парижде жарық көрген (князь М.К. Горчаковтың басқаруымен) мына бір кітапты оқып көрейікші. Кітап, негізінен, еврейлерге арналған.

Россия императоры **НИКОЛАЙ I-ші:** «Біздің шаруалардың қайыршы – кедейлікке ұшырауының басты себебі еврейлердің алдап, арбауына түсуінен... Олар аузына түскеннің бәрін жұтып, сора беретін сүлік...».

Джордано Бруно – италияның философиялымы: «Еврейлер оба ауруы сияқты алапес, катерлі нәсіл». *СПАЦЦИО, 1888 ж., II т., 500 б.*

Петр I-ші Россияның ұлы патшасы: «Мен өз елімде еврейлер жүргеннен гөрі магометандар мен пұтқа табынушылар жүргенін көргім келеді. Олар (еврейлер) алдаушы алаяқтар».

Напалеон Бонапарттың, Жак Франсуа Вольтердің, Уинстон Черчилльдің, Вильгельм II-нің еврейлер туралы айтқандарын еске алудың өзі ауыр.

Иә, ұлылар әлем таныған тұлғалардың бұл пікірлерін әркім әр түрлі түсінеді, бағалауы болады ғой. Өзіміз жұмыс істеп жүрген кезде талай еврейлермен қызметтес болдық қой. Бірақ артық ештемесін байқамаған едік, жас кезінде бәрі жақсы болып көрінеді емес пе!

М.К. Горчаковтың басқаруымен шыққан кітаптан.

МҰҒАЛІМ БЕТІНІҢ ҚҰБЫЛУЫ, ИӘ, НАРЫҚ ӘКЕЛГЕН ӘРЕКЕТТЕР

Класка бірінші рет келген ұстаз балалар орындарына отырып болғансын, оқушыларды көзімен сүзіп тұрып:

Айтшы, әкең қандай қызмет істейді? – деді арт жақта отырған сары балаға қолын шошайтып.

– Дәрігер.

– Ұстаздың бетінде салқындық пайда болды.

– Жарайды, сен айтшы әкең қайда істейді?

– Милиция.

– Мұғалімнің бетінде бір түрлі үрей пайда болды.

– Жақсы, ал сенің әкең не істейді?

– Инженер.

– Жарайды, ал сенің әкеңші?

– Бизнесмен!

– Дұрыс екен, – деп мұғалім бетіне қан жүгіріп кетті, – ертең маған келсінші, – деп балаға жылы қарады.

Иә, пайда ойлама, ар ойла! АБАЙ.

Ал нарыққа өткенімізге де 20 жыл болды. Осы заманның қаһарманы кім? Кәне, ойланып көрейікші! Ал қаһарман деп кімдерді айта аламыз? Мен айтар едім, бірақ айтпаймын. Дегенмен, ***қаһарман ақша!***

Ақшалы, қалталы адам бәрін құл қылады! Құлша, күнше адамды жұмсайды. Тапқанын тартып алады. Джек Лондонның (1876-1916 жж.) тарихи сөздері еске түседі. Ол осы кітапқа енген.

Кедейлер: шіркін ақша жолда жатса ... десе, қалталылар: Ақшаң барда талтаңда, иә, талтаңдасаң, талтаңда! – дейді екен.

ЕРТЕ ЗАМАНҒЫ БОЛЖАҒЫШТАР!

Болжамы дұрыс па?

Ерте замандарда талай алдын ала болжам айтатын көріпкелдер, жорығыштар болған. Олар жайлы Үлкен энциклопедиялық сөздікте былай дейді: *«Зороастризм – религия, распространенная в древности и раннем средневековье в Средней Азии, Иране, Афганистане, Азербайжане и др. странах. Назв. по имени поророка Зороастра, (Иран)»*. БЭС., М., 1998, с. 428.

Мәселен, **1928 ж., аққу жылы** деп атайды.

1929 ж., бірде слейін (аң), бірде бұлбұл (соловей),- делінеді.

1931 ж., ақ аю жылы туғандар: өмір сүруге бейім, жан дүниесі жомарт. Оларда адамды кинағыштық қасиет жоқ, сатқындықтың кез келген түрін жек көреді. Алдына биік мақсат қойып, өмірде соған қол жеткізуге талпынады. Адамдарды өз маңайына топ-тастыруға бейім және өз соңынан еріте алады.

1932 ж., бүркіт жылы туғандар: өзін кез келген ортада лайықты ұстай білетін, мінезі кейде қатты, айта салатын, кейде балаша иіле қалатын адам. Өзін құрбан етуге әркез дайын тұрады.

1954 ж., кірпі жылы туғандар: кірпі, басы үлкен, шашы тікірейген. Ұсақ-түйекті өмірі ұмытпайды, ерекше есте сақтау қабілетімен дараланады.

1956 ж., піл жылы туғандар: бір ашуланса, сабасына түсіру қиын. Бірақ ата-бабасының аруағына бас июге әркез дайын тұрады.

1958 ж., гепард жылы туғандар: шыншыл, күшті, өзіне, өз ісіне сенімді, әр іске сақадай сай дайын тұрады.

1960 ж., аққу жылы туғандар: өр мінезді, биік идиалды, әркез сенімді, адамдармен әркез сөйлесуге дайын, байланыста болғанды қалайды.

1979 ж., сауысқан жылы туғандар: жылдам қимылды, тәуелсіз, айналасын тез бағамдағыш, бір мезгілде бірнеше істі қатар атқарады, ойлау қабілеті күшті.

1981 ж., қарға жылы туғандар: біреуге бағынуды және бағындыруды жек көреді, қатал, өз кемшілігін мойындай бермейді. Олар отбасын кеш құрады. Өзгенің есебінен күн көруді жек көреді.

1983 ж., бұқа жылы туғандар: жан дүниесі жас баланыкіндей, шыдамды, жұмсақ мінезді, біреуге қол ұшын созғыш, мейірімді жандар.

1984 ж., борсық жылы, туғандар: қайырымды, үнемшіл, көп сыр шаша бермейтін, шымыр денелі толық.

1987 ж., бұғы жылы туғандар: мүсінді, қимыл-қозғалысы әдемі, аксүйектер сияқты табиғатында романтика, кейде кірпияз, көз жанары сұлу.

1993 ж., сілеусін (аң) жылы туғандар: мінез құлқын ажырату қиын. Бірде сабырлы, бірде ашушаң. Еркін жүргенді жақсы көреді.

Мен сонша жоқшылық, аштық, жалаңаштық көріп өскенмен ешкімнің ала жібін аттағаным жоқ. Балаларым өсті, бәрі жеткілікті болды. Сондай бақыттымын, жұбайым өмір бойы бақты ...

СҰРАЙМЫН, ұрпағым – балаларым, немере, шөберелерім, өмір әркез қауіпке толы. Сақ, болыңдар! Дұшпансыз, жаусыз адам болмайды! Бір шешім қабылдау үшін үнемі сабырлы, ойлы, тұжырымды, кешірімді болғандарың дұрыс, қажет. Дос аз, тіпті жоқ десем де болады. Оны ұлы Есет бабаларың заманында ашық та ашып айтқанды. Біріңді, бірің қорғап, қолдай жүріңдер, ауыздарың да, қимылдарың да бір болсын!

ИӘ, АНЕКДОТҚА БЕРГІСІЗ

Қазақстан КП Орталық Комитеті жұмыстан бір себептермен босап қалған Қайнекейді шақырып алып:

– Ақтөбе облыстық газетіне редакторлыққа жібергіміз келіп отыр. Қалай қарайсыз?

– Бара алмаймын.

– Арада біраз күн өткенсін қайта шақырып:

– Ақмола облыстық газетіне редакторлықты ұсынамыз...

– Жоқ, төбеге бармаған адам молаға бара ма?

–

Садықбек АДАМБЕКОВ «Ара» журналында жұмыс істеп жүргенде, журналдың редакторы Қайнекейден ақша сұрайды.

– Анау есіктен шықта, қайта кір, бір ауыз өлең айт!

Қайта кірген Садықбек:

– Қайнекей-ау, Қайнекей,

– Садықбегің, мінекей.

– Ақшаң бар ма, кәнекей,

– Ресторанның энекей,- деп оң қолын созады, алақанын жайып.

– Саған сөз жоқ, Мұхаң (Әуезов) айтатын: «Садықбектің мұртының әр қылы астында бір шайтан тұр» деп, Қайнекең кнопканы басып, кассирін шақырған екен.

*Шалқар қ., дастархан үстіндегі
Сәкеңнің әңгімесінен, 1982 ж.*

АДАМ АЖАЛЫНА АРАША БОЛАТЫН ЕМШІ БАР МА?

Дамыған елдерде ауру адамды «тағылар» дейді екен

Бір сөзбен айтсақ, әрине, аз, не жоқ. ХХІ ғасырдағы тіршілік осы пікірге саяды. Неге? Жиырмамыншы ғасырда денсаулықтан басқаның бәрін сатып алуға болады дейтін қағида болатын. Қазір ше? Адам ажалы да ақшаға сатылатын болды. Тек ақша сөйлейді! Жүкіті әйелдерді босандыру үшін, ақша алып, ішін жарып, сәбиін суырып алады. Оған дәрігер бір мың АҚШ долларына дейін ақша алады. Бір мүшеге ота (операция) жасау үшін бәлен мың доллар талап етеді. Құдай-ау, кешегі тарихқа кеткен мемлекетте бәрі тегін болды ғой. Кісілік болды, ар-ұят болды, адамгершілік болды. Ал қазір, параны ең көп алатындар дәрігерлер! Екінші – полицейлер, әкімдер, соттар, жол полицейлері, т.б.

Күнбе-күн көріп, есітіп, оқып отырсақ, әлемде жақсы жан жылытатын шипагерлік тәсілдер аз емес екен.

Мәселен, ауырып ауруханаға түстің делік. Жапонияда ауру жатқан палаталарда жаймен жақсы да сазды музыка, әдемі ертегілер беріліп жатады. Палатада жапон халқының ұлттық киімдерін киюіне, сақу-ра гулін көріп, жанын тыныштандыруға дейін жұмыстар жүргізіледі. Ән-күйлер таңдауына да жағдай жасалады.

Ал Еуропа елдерінде жүрек, қантамырларымен ауруханаларда палатада өз елінде дайындалған таза емдік қасиеті, сапасы бар қызыл шараптар да адамның денсаулығына, күйіне, жасына, салмағына қарай беріледі екен. Осы жолдардың авторы өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Грузияның Боржоми курорттарында болғанда, осындай сый-сияпатқа ие болған еді. Сондай таза жүзімнен дайындалған қызыл шарапты береді де, ер адамдарға түсте екі порция второй беріп, жегізеді.

Мына Италияда бауыр ауратындарға ешкінің сүтінен дайындалған қатық береді. Мен тағы бір жақсы білетінім, жылқы етін Францияда ауруларға аптека арқылы рецептпен береді. Кейін осы әдісті Жапония елшілері де қолданатын болды. Кешегі Кеңес заманында Қазақстаннан Франция жылына 25 мың жылқы етін алтынға сатып алатын-ды. Бұл тек ресми көздерден емес, баспасөздер де жарияланып жүрді.

Қазір Қазақстанның ауруханаларында сен кім болсаң о бол, ұлтың, тілің, дінің, мәдени өрісің еске алынбай суп, борщ, ішінде қойдың асығындай мылжасы шыққан ет ұсына салады. Іш, же, жеме, дәрігерлерге бәрі бір!

Айтатын болсақ, қазақ еттен, әсіресе, жылқы етінен жаралған халық. Сиыр етін, ет деп, санамаған. Жылқының еті, сүті, қымызы, жал-жаясы, қазысы, ішек-қарны, жалы – бәрін қазақ пайдаланған. Ал ауруханаға түскен қазақтарға осы бір қанында бар қасиетті тағамдар неге берілмейді? Палаталарда баяулатып қазақтың халық әндерін, ұлттық күйлерін, домбыраға қосқан музыкалық ән-күйлерді салып, ауруды жұбатса, қандай жақсы болар еді. Ауруды жеңудің бір тәсілі болар еді ғой. Осындай қуатты тамақ денсаулықты қалпына келтіруге оң ықпал етеді. Қазақтың ұлттық халықтық медицинасы да басшылыққа алынуы керек қой. Қытай, Корей, Жапон халықтары қазіргі медицина ғылымдарының жетістіктеріне сүйене отырып, халықтық емдерді де жоғары бағалап, емдеуге пайдаланады емес пе? Бізде ше? Дым жоқ, баяғы бір сұрлеу ...

БАТЫР МАЗАРЫ БАСЫНДА

Орынбор-Самара губерниясының генерал-губернаторы Перовский бастаған құпия жандармерия ақыры халық қорғаны, хан дәрежесіндегі бни, заманының серкесі, серісі атанған Көтібар Бәсенұлын (77-і жастағы) 1833 жылдың терең күзінде Орынбор-Самара бас губернаторы киллер жіберіп, жолдарынан алды.

Халықтың жуан ортасынан шығып, орыс отаршылдығына қарсы күресте ерекше күш-жігер танытқан Көтібар... Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, «Ер туарма бұлардай», «Жас Қазақ» газ., 7 маусым 2013 ж.

1834 жылы көктем аяқтала қазақтың үш жүзінен (Батыс, Сарыарқа, Шығыс) 30-40 ағаш-киіз үй тігіліп, батырға мәңгілік үй-мазар тұрғызуға жиналады.

Мазар тұрғызылып, ел көшіп, батыр мәңгілік ұйқыда жалғыз қалғансын шыбық күреңіне қонған батырмен тетелес інісі *жыршы Көбес* мазарға қарап тұрып:

***Жаумайды түнерген бұлт желдеткенсін,
Көтібар жалғызсырар ел көшкенсін.
Көбестің «көкдөненін» кімдер айтар,
Жөнеліп бұл дүниеден біз кеткенсін,-***

деп атына қамшы салған екен.

Иә, осы Көктөбеде батырдың ұзақ жылдар жан серігі болған, талай қауып қыспақтан аман алып шыққан Жыланкөз арғымағы да заманында ағасы Саңырықтың (Самырық) кеңес беруімен батыр жатқан Көктөбеде жерленген еді.

*Елдің көнекөз көріктілерінен 1978 жылы жазылып алынған
Көбестің жыр жолдары еді, №99 блокноттан көшірілді.*

АКАДЕМИК ЖАЗУШЫ, СӘБИТ АЙМҰҚАНҰЛЫ ДОСАНОВ

– Жазбаларымды Света қызым Құралай тәтесінен алсын. Ага мына «Дала Геркулесі» еңбегіңіз бір институт ұжымы жазып, дайындайтын еңбек екен. Маған өте, қатты ұнады. Мұндай жазу көптеген қаламгерлерде де жоқ. Осы кітап арқылы өзіңізді елге танытыңыз.

22 сағат, 12.01.2009 ж.

ӘЖЕЛЕР ҰЛТТЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ ҒОЙ

Бүгінгі ұрпақта әженің тәрбиесі жоқ. Әжелер арқылы қазақтың қаны, мәдениеті сіңетін балаға... Қандай балабақша болсын әженің орнын баса алмайды. Әже арқылы әдет-ғұрып, салт-сана баланың қанына сіңетін, балабақша ондай қауһар бар ма? Жоқ! Болмайды да! Осы жағынан ұрпақ қатты қиыншылық көрері хақ. Себебі бүгінгі әжелердің өзі сол біздің заманымыздағы әжелерден бөлек.

Шынында да, солай!

Ұлы әулие, халық батыры Есет, көріпкел әулие інісі Дәрібай – үлкен сапарға, жорыққа шығарда, анасы Айсарының алдына жүресінен тізерлеп отыра қалып, рұқсат сұрап, батасын алады екен. Тарихи шежірелерде айтылатынындай, Анасының-Әжесінің тәрбиесін көріп өскен бұл тұлғалардың әркез жолы болыпты. Ұлы Абай әжесі Зеренің тәрбиесінде өсіп, даңқа бөленген емес пе?

Дара ақын Мұқағали МАҚАТАЕВ заманының құқайын көріп, заманасының «артық» (лишний) адамы болса да, үйіне кіре алмай, қой, сиыр қораға «түнесе» де, Анасының сұлбасын бір көрмесе, мазасы кететін еді. *«Алтыным жоғалғандай алаң-даймын, Әжемнің көре алмасам кимешегін»*, - деген жоқ па? Алтын әжесіне, тәрбиесін көрген ұлысына ешкімді теңгермеген ғой. *«Сұлу сүйіп, сауық құрмай өтіп барам»*, - деді ғой, дара ақын, құрдасым. Далада милициядан, ресми орган-партиядан зәбір көрсе, көре алмайтын «қаламдастардан» қанша «таяқ» жеп өтті!

Иә, *«жақсының артында тұяқ қалады, жаманның артында ұят қалады»* демекші, Мұқағали дара ақын! Арда азамат болып небәрі 45 жыл ғұмыр кешіп өтті. Артында Жұлдыздай тұяқ қалды. Бұғанда шүкірлік!

Көне блокноттан, 2001 ж.

АРХИВТІ АҚТАРҒАНДА ...

Койын дәптерімді ақтарып, төңкеріп, осы қалай дегендерінен кітап дайындау үшін бола келгенмін. Бұл кезде сол көп дәптерлер арасынан әбден сарғайып, мыж-мыжы шыққан бір газет табылды. Иә, кәдімгі *«Қазақ әдебиеті»* газеті (*бұрынғы өлшеммен айтсам «Правда» форматындай, 4 бет, №3, жұма 28 январь, 1955 ж., бағасы 40 тиын*), бас редакторы С. Мәуленов. Шығарушылар алқасы: Т. Әбдірахманов, Т. Әлімқұлов, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Орманов, С. Шәймерденов (бас редактордың орынбасары). Газеттің 4-бетінде: *«Қазақ әдебиеті» газетіне «Біздің ең жақынымыз, ең қадірліміз Қасым мезгілсіз қайтыс болғанда, ауыр қайғымызға ортақтасып жанашырлық көңіл айтқан барлық мекемелерге, ұйымдарға және адамдарға шын жүректен алғыз айтамыз. Қасым Аманжоловтың семьясы»,*- деп жазылыпты.

Ойпырымай, деп, ойлансам, бұл жылы осы жолдардың авторы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеттің соңғы курсында оқитын еді. Қысқы емтихан уақыты. Факультет деканы А. Кока шақырып алып:

– Сенің делегация басқаратын іс-тәжірибең бар ғой. Менің, бәрі есімде М. Шолоховты, А. Леоновты студенттермен қауыштырғаның. Ал бүгін қазақтың ұлы ақыны Қасым Аманжоловты соңғы сапарға шығарады,- деді де сағатына қарады.

– Тездетіп бірнеше студенттерді жинап ал. Комсомол-жастар ұйымын факультеттің басқарып жүрсің ғой. Сонсын ұлы ақынды соңғы сапарға аттандыруға барыңдар,- деді.

Иә, ол жылдары үйінен шығаратын-ды. Үйін тауып алып қоштасуға бір топ студенттер бардық. Артынан көп ұзамай осы №3 номеріне «Қасым Аманжоловтың жарияланбаған өлеңдерінен» деген тақырыпты үш бағаналық өлеңдерінің топтамасы беріліпті. Бұл газетті өзімнің әдетім бойынша киоскадан сатып алып оқитынмын және «СҚ», «Лениншіл жас» газеттерін. Архивімде 60 жылдай сақталыпты осы номер.

Ақынның *«Өзім туралы»* өлеңі көзіме оттай басылды. Үйде қазір екі томдық кітабы да бар ғой. Дегенмен!

*«Ризамын туганыма адам болып,
Өкінбен қаламын деп бір күн солып.
Адамзат сапарының мейманымыз,
Бір мезет әсер бетіне кетер соғып.
Екі көз, екі жұлдыз маңдайдағы,
Коруші ең құбылысты қай-қайдағы.*

*Апыр-ай сен де бір күн сөнермісің,
Қап-қара түнек болып маңайдағы...»,-*

деген өлең жолдарын жатқа білетін едім. Бұл жолдар көп ойға жетелейді.

Ал «Сонет» өлеңінде:

*«Түн ортасы ауганда, көше жым-жырт,
Жұпар жаңбыр себелеп ойнайды бұлт.
Таң асырған тұлпарша тұр тықыршып,
Қақпа алдында қалшып жалғыз жігіт...»*

жатқа білемін. Студенттердің ЖенПИ-дің жатақханасына жиі баратыны еске түсті-ау.

Мұхтар Әуезовпен Әзірбайжан астанасы Бакуге барғанын біліп отырғанбыз. Сонда радионың бір сұлу қызы Мұқаңнан сұхбат алуға келеді ғой. Мұхаң Қасымға: мына сұлу қызға өлең шығаршы депті. Сонда Қасым:

*Атың Сана, көзің қара, гүзәл қыз,
Жыр жаздырдың жүрегімнен амалсыз;
Мен кетермін, альбом ашып қарарсыз.
Ақын қазақ ағаңды еске аларсыз.
Тавриз – Бақу аспанында күн Сана,
Күміс Каспий жағасында гүл Сана,
Жүрегіңмен жүрегімді бір Сана.
Айтарым көп, айтқызбай-ақ біл Сана!*

Иә, бұл өлең жолдарын да талай жерде жатқа айтқанмын. Мына «Ақ Сәуле» өлеңі де жүрегімде сақтаулы еді.

*«Бір күй бар домбырамда тартылмаған,
Бір сыр бар көңілімде айтылмаған.
Сен үшін келдім сақтап, сүйген Сәуле,
Көзіңнен айналайын жалтылдаған...»*

бұл жыр-сыр да жадымда!

Иә, осындай ұлы ақын өмірі небәрі 44 жылға ғана жетті ғой. Бұл талай тарихи оқиғаларды еске салады-ау. Шындық айтқан, ақиқат жолына түскен тұлғалар айтарын айта алмай, халқына беретінін бере алмай бұл жалған дүниеден өтті емес пе? Мен білетінде: заманының ұлы ақыны Ю. Лермонтов небәрі 27 жасында, Американың дара жазушысы Джек Лондон 40 жасында, ал А.С. Пушкин 38 жас ғана өмірден өтті ғой. Патшалы Ресей екеуін де дуэлге шығартып жанын құрбан еткен жоқ па? Ұлы сынышы Белинский ше? Иә, аш. жалаңаш. ауру ұлы

сыншы 35 жыл ғұмыр кешті. Бұл жалған дүние мені ит болып үруге, қасқыр болып ұлуға, түлкі болып құйрығымды бұландатуға, қоян болып кашуға, т.б. мәжбүр етті демей ме? Ал турасын айтсам, Қасым Аманжолов, Жұмекен Нажмединов, Мұқағали Мақатаев өмірлерінде де осы ұлы сыншы ғұмырына ұқсастық көп. Ұлылығын көре алмай-тындар, іштарлар, қызғаншақтар ақыры оларды жап-жас таланттары жаңа ашыла бастаған кезде жалмады ғой.

Иә, солай. Ал А.С. Грибоедов ше? Қабырын осы жолдардың авторы Кавказдың-Тбилисидің жоғары жағындағы тауда көрді ғой. Оның соңына шырақ алып түскен патшалық Иранда өлтірткізді емес пе? Иә, кешегі Кеңес заманында біздің ұлыларымыздың, Алаш ардагерлерінің ғұмыры да солай аяқталды, бәрін көре алмаушылар, қызғаншақтар ұстап беріп, өлтіртті емес пе? Ғабенің-**Ғабит МҮСІРЕПОВТЫҢ: «қазаққа қазақтан басқа жсау жоқ!»**,- деген ащы да ақиқатқа негізделген сөзі еске түседі-ау, қайтейін.

Ал Қасымның 80-90 жылдықтарын, қалай атап өткізгенімізде жадымда. Қайтейін, Платон ойшыл айтқан: **«көреалмаушылықтан асқан жсауыздық жоқ»** десе, бүгін **«өлі тірінің азығы»**,- деп сайрап жүргендер көп-ақ. 1995 г.

Қазіргі «жабайы капитализм» – нарық заманында тексіздер төбеге көтерілді. Тектілер көлеңкеде қалды ғой. **«Нет пророка в своем отечестве»**,- деген осы.

АРУАҒЫН СЫЙЛАҒАН ЕЛ АЗБАЙДЫ!

Неуважение к предкам, есть первый признак безнравственности.

А.С. ПУШКИН.

01-03.09.1993 ж. Ұлы Есет Көтібарұлының 190 жылдық мерей тойын, 1890 жылы салынған кесенесін туған халқы Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ қолға алып, құрылған Республикалық комиссияның басшылығымен қайта тұрғызды, өткізді.

.... Республиканың барлық аймағынан, Ресейден, Орта Азия Республикаларынан тойға, ас беруге ондаған мың адам келіп, жүздеген киіз үйлер тігіліп, үш күн бойы дүркіреген шаралар өткізілді. Иә, бұл шараларды осы жылдардың авторы өзінің «Қанмен жазылған тағдырлар» атты кітабында берген.

АЙТАЙЫҚ ДЕГЕНІМІЗ БАСҚА, БІР КӨРІНІСТЕР, ОҚИҒАЛАР.
...Ата-бабасын, өз Анасын сыйлаған, тағзым еткен халық азбайды, оны ұлы аруақтар қорған. қолдап жүреді! Бірақ...

Көп киіз үйлердің қақ ортасына тігілген үш киіз үй ұмырт үйірілгенде құйын соккандай шаңырағы ортасына түсіп, астан-кестен болды. Халық жиналып қалды. Электр жарығы сөнбеген, самалдай жанып тұр. Быт-шыт болған киіз үйлердің ішіндегі дастархан үстегі қираған ақ арақ, шынылар, стакандар ... Көрген ел ақсақалдары: «бұл кім тіккен үйлер?» деп сұрап жатты. «Аруақ атқан бұларды, осындай ұлы әулиенің, киелінің ұлы тойына ащы су іше ме екен, бұл әлі аз» десіп, жымқия бәрі де кетіп қалды.

Ертеңіне ас берілді. Шалқар қаласынан «Нива» автокөлігіне (өзінің жеке меншігі) отырған бір партократ «тірі құдайлармен» сөйлесіп, солардың сойылын соғып, сөзін сөйлейтін, жоғарыдан қарайтын жігіт келе айғай салды.

– Немене бандит, ұрыны сонша мадақтап, ұлықтап, соншама құрмет көрсетіп жатырсындар!,- деп аузына келгенін айтып болды да:

– Жоқ, мен отырмаймын, астарың беріп жатқан арам, жүр кеттік,- деп жетектеп әкеліп әйелін автокөлігіне отырғызды. Моторын әрең дегенде іске қосты. Қозғала беріп еді «Ниваның» төрт доғалағы да отырып қалды. Машинасынан шықты да бір боқтап алып:

– Неғып тұрсындар, мына доғалақтарды қараңдар!- деп айғай салды. Ешкім жоламады, бәрі де қашып кетті. Сол қалталы партократ той шаралары келесі күні өтіп болғанша әркімді боқтап, балағаттап, сөгіп, екі күн қозғалыссыз қалды. Ақыры той тарағансын бір өтіп бара жатқан еуропалық жүк машинасының шоферы «Ниваны» салып алып, өздерін сол кузовка отырғызып алып кетті...

ЕСІМЕ МЫНА БІР КЕЛЕҢСІЗ ОҚИФА ТҮСТІ. ... ауданның бір сөзгер басшысы Б.К. деген мықты араққа тойып алып, бізді Бегімбет ауылына тастап: «мен кеттім» деп тайып тұрды. Оқаң қарт: «байқа, жолда Есет-Дәрібай әулиелер жатыр!», - деп еді, «маған ондай бандылардың керегі жоқ, тоқтамаймын!», - деп кете берді. Артынан бірнеше автокөлікпен оншақты адам біз жеттік. Батырлар мазарының тұсында автокөлігінің артқы екі доғалағы отырып қалған. Өздері әбден жаурап, тоңып тұр екен. Шоферлардан запас доғалақ сұрап еді, ешқайсысы: «әулиеге тіл тигіздіңдер, аулақ!», - деп жолатпады.

Иә, үшінші қыркүйекте ат шабыс болды. Кешегі үш киіз үйі қираған шаруашылық бәйгеге екі ат қосқан еді. Екі ат та екінші айналымда омақата құлап, өліп кетті.

ТАҒЫ БІР КЕЛЕҢСІЗДІК. Бас бәйгеге «Жигули-7» тігілген. Оны комиссия жариялады. Ол жылдары елдегі автокөліктің бары да, нары да осы болатын. Иә, толы халықтың алдында «Жигули-7» берілмей, «Москвич» берілді, жұрт аң-таң... Ел ішінде әңгіме жата ма «Жигулиді» әкімге сыйға тартқан да, «Москвичті» берген екен жан-дайшаптар, деп жатты.

Арада он күн өтпей әкімнің әйелі правасы жоқ студент баласына сол «Жигули» автокөлігін айдауға беріп, қала ішінде аварияға ұшырады. Әйел денесі шашылып қалды да, баласы мүгедек күйге түсті. Көп ұзамай әкім қызметінен кетті.

Еске алудың өзі қиын, сол әулие тойына «Нива» мініп келген жігіт келесі жылы төсегінде жан тапсырса, Б.К. деген мықты авариядан көз жұмды. Ал үш үйі опат болған шаруашылық басшысы бір үйде болған дастархан басында жарық дүниемен қоштасыпты.

Не шути со святым – он род твой уничтожит. Почитай святого и он тебя прославит! ТАРАГАЙ, отец великого Темура.

Айтпағымыз – ата-бабаларды, әз Аналарымызды әркез сыйлап, тәу етіп жүрейік. Халқымызда: **«Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді»**, - деген даналық қағида бар ғой.

ЕСТЕ БОЛҒАЙ. Біз білетінде Ақтөбе обкомының бірінші секретарлары болған Дельвин, Ж. Ташенов, Е. Тайбеков, М. Сужиков, Н. Журин, Х. Бектұрғанов, Облатком төрағасы О. Қозыбаев, дара тұлға Д. Қонаев, И. Тасмағамбетов, М. Қоқанов, ұлы жазушылар С. Мұқанов, Б. Майлин, тарихшы академик Б. Сүлейменов, классик-сатирик жазушы С. Адамбеков, Ғ. Мүсірепов, әншілер Р. Бағланова, Б. Төлегенова, Е. Серкебаев, т.б. ұлылар әркез арнайы Есет-Дәрібай кесенесіне соғып тәу ететін-ді.

1995 ж.

Күшті адам күресте алып ұрған адам емес, қатты ашуланғанда өзін жеңе білген адам. МҰХАММЕД пайғамбардың хадистерінен.

Бәсен ЖАПАҚҰЛЫ (1727-1830 жж.) – Шектінің тарихында ұлы еңбеккер атанған тұлға. Көгібар Есет-Дәрібай сынды батырлар, аруақтылар, әулиелер берген әке. Мәйіті Ұлықұм жағасындағы Шалқар көлден 7-8 шақырым жердегі, бәйбішесі Нарбике мәңгілік тыныштықта жатқан Сарыжаға зиратында. Нарбике әйгілі Төбе биі, іргелі бай, Кете елі Боздағының кенже қызы, 90-нан асып дүние салған. Бұл мәліметтер автордың **«Дала Геркулесі»** кітабында толығырақ баяндалған.

ХАЛЫҚ АДАМЫ ЕДІ ҒОЙ

Қызмет істеген жылдары Обкомның бірінші басшысы Хасен Бектұрғановпен жұмыс барысында жақсы сыйластық. Обкомға мүше етті. Басқа да қамқорлығы аз болған жоқ. Хасен Шаяхметұлы 6 ұл тәрбиелеп өсірді. Ақтөбеден Қызылорда облысына ауыстырарда Политбюро мүшесі Пельше қабылдапты. Қабылдау кезіндегі сөздерді

қағазға түсіріп стенографист қыз отырған. Пельше «неше балаңыз бар?» деп сұрағанда, «6 ұлым бар» дегенде, қыздың қолындағы қаламы еденге түсіп кетіп, өзін ұстай алмай кабинеттен шығып кетіпті. Қайта келіп «кешіріңіз, 6 ұлды қалай асырайсыз?»,- деп сұрақ қойған ғой. Хасен аға: үлкенінің киген киімін екіншісі, екіншісінің кимін үшіншісі киеді, байпақтарын ұлтартып беремін... депті. Пельше қызға қарап: «Жаз, екі айлық пособие берілсін»,- деген екен. Осы бір жайтты Төлеу Алдияров бастаған Шалқарлық басшыларды үйінде, көшерде қабылдап, айтқан еді, соның қалдығында болып, қойын дәптеріме жазып алған едім.

КӨТІБАР БАТЫРДЫҢ БӘЙГІ КҮРЕҢІНІҢ ҰРПАҒЫ ЕМЕС ПЕ!

Қарағандының аты шулы Қарқаралысында өтетін Қоянды жәрмеңкесі 1847 жылы ашылғанды. Осы жәрмеңкеге бүкіл қазақ елінен ат шабысқа сәйгүліктер шақырылады. Есет Көтібарұлының Айқара, Найзақара атты екі аты жарыста бас бәйгені жеңіп алады. «ХАБАР» арнасы, тамыз 1993 ж.

Тарихтан белгілі Көтібар батырдың даңқты Жыланкөз тұлпары Орынбордың «*Меняли*» базарының биіктігі екі-үш метрлік диуалынан батырды ұстауға жан-жағынан қамаған қару асынған әскерлерден құтқару үшін қыран бүркітше диуалыдан ұшып өтіп батырды Елек өзенінің басындағы Көктөбеге жеткізеді: тұлпардың бел омыртқасы сынғанын батыр ағасы Саңырақ анықтайды. Ақыры атты Көктөбенің басына жерлейді, басына Орынборда жезден жасаған құлыптас орнатады. Батырдың жаяу қалғанын есітіп, адайлық атасы Құлмұхаммед төртжүз жабағыға Түрікменнен ақалтеке тұқымды бір тай сатып алады да, оны күйеу баласы Көтібарға сыйлайды. «Айман-Шолпан» жырындағы Күрең ат осы. «*Тарпынар бәйгі күрең жау келгенде, Қара жер шыр айналар ол желгенде*» десе, «*Ат қосқан шілде ыстық түскен тамыз, Көтібар бұл Шектіден туған нағыз, бәйгеге үш жүз атты айдап еді. Күреңі Көтібардың келді жалғыз*». 1833 жылдың қақарлы қысы алдында Көтібар батырды Орынбор жандермиясы өлтіргеннен кейін бәйгі күрен екі жыл Есет елінде бағуда болады. Екі жыл өткенсін ақалтеке тұқымды биелерге қосады. Содан осы Айқара, Найзақара аттар өмірге келеді ... автордың бір кітабындағы Борангер ат та солардың ұрпағының жалғасы еді.

Айтайық дегеніміз – Қазақ елінде Құлагерге ескерткіш орналды ғой. Тарихқа көз жіберсек, КСРО кезінде Луговой жылқы заводында жылқыға ескерткіш орнатылған еді. Әрірек көз жіберсек, Александр

Македонский сүйікті атының есіміне қала салса, Лев Толстой өз атына шығарма жазды. Ал Алпамыстың Тайшұбары, Қобыланды батырдың Тайбурылы тарихта қалды емес пе? Сондықтан да *Бәйгікүреңге, Жыланкөзге, Айқара мен Найзақара да – бәрі бір тұқымнан екенін ескеріп, неге Ескерткіш орнатпасақпа деу еді. Ал Ат-Ердің жан серігі, жолдасы! Жалпы жылқы киелі мүлік! Ақшаны қалтаға тыққанша, жылқы баласы – Атқа да көңіл бөлейік те, ағайын!*

Кейін бұл сәйгүлік Мәскеуде өткен бүкіл Ресейлік ат шабыста бірінші орындарды жеңіп алады. Толық мәліметті *«Дала Геркулесі»* кітабынан оқуға болады.

ҚАТТЫ ОЙЛАНАТЫН ОҚИҒА

2001 ж. Алматы қаласындағы «Арыстан» базарына жеміс-жидек алу үшін кіре бергенімде, бір жуан қарын қазақ еуропалық жас тоқтатқан адамды боктап, жағасынан алып: «кет, кет өз отаныңа кет!», - деп жерден алып, жерге салып, әбден жүйкесін тауысып жатыр екен. Ол еуропалықта үн жоқ. Ол бұрылып «аулақтағысы келіп еді, жаңағы қарынды қазақ еңсесінен түйіп жіберіп, артынан бір тепті. Сол кезде жасы пайғамбар жасын еңсерген бір ел ағасы болып қалған қазақ:

– Бүгін бұларды, еуропалықтарды қусаң, ертең өз-өзімізбен қырқысып, бірімізді біріміз жау көреміз. Ғылымда өсімдіктердің әртүрі арасындағы қайшылықтан біртүрі арасындағы қайшылық күрес-антогонистік сипат алады. Иә, қазақтардың өз арасындағы «қайшылық» кезеңі келе жатыр. Бәрімізге білім, мамандық берген, есімізді жиған осы еуропалық ғылым, техника, мәдениет, оны естен шығармайық, қарағым. Қиянат жасадың ғой. Байқағаным, жаңағы тепкілеп қуып жіберген орысың жуас, төзімді адам екен. Қарсыласып, шеңбірік атқан қарныңа қол жұмсаса не болар еді, байқа!- деді жаңағы қарт адам. Сол кезде қарын:

– Не деп сандырақтап тұрсың! Көзінді құрт!- деп оны да ... итеріп жіберді.

– Кешіріші қарағым, сабана түсші, ойланып көрші.

– Қой, қой енді, қысқарт!- деп бір қайратты қазақ қарынға басу айтты.

ИӘ, ТАРИХ ҚАЛАЙ БҰРМАЛАНАДЫ, Ә?

Мұхтар Әуезовтың Абай данышпан баба жайлы еңбектерінде Құнанбай барынша жағымсыз тұлға болып суреттеледі. Шәкәрім

данышпанды да солай еттік. Қызыл империяны қолдан таратып, жабайы капитализм–нарық заманына көштік. Енді Құнанбайдан асқан ақылды, дана тұлға жоқ! Ғазиза кызына Ахмет Жұбанов: «Менің әкем академик емес еді ғой» дегендей, Абай сияқты ұлы ойшыл, дара акын болмаса, Құнанбай да болыс болсын, кажы болсын көлеңкеде көптің бірі болып қалмас па еді? Кім білген. Тарихқа баласы Абай арқылы енді ғой. Әрине, Абайдың Құнанбай төлі екенін жоққа шығара алмаймыз ғой. Бұл сұрақтарды Мұхтар Әуезовке КазГУ-де Абайтану ілімінен дәріс оқығанда сұраған едік. Ұстаз тамсанып қалған-ды.

ОЙПЫРЫМ-АЙ, ТҮСІМ БЕ, ӨНІМ БЕ?

Республикалық бір телеарнадан:

– Элеватор салмаңдар, бидайды тартып дирменге, ұн етіп шетелдерге сатамыз,- деп еді-ау бір шенеунік.

Иә, кешегі жекеменшік кезінде нарық аңғарын ашқан шенеуніктер элеваторларды, бала-бақшаларын, мәдени ошақтарды «тегін» сатып алды. Атам қазақтың ғасырлар бойы жерін дұшпанға бастырмаймын деп ат жалында, түйе комында бар ғұмырларын өткізген жерді шенеуніктер «сатып» алып, халықты жерсіз қалдырды. Қазір мал жаятын жер де жоқ. «Мал жайғың келсе, жайылымға пәлен мың ақша төле!»,- дейді. Елбасы біразын қайтарды. Халық бұған риза болып жатыр.

ЖАС ҚАУЫМ, НЕ ОЙЛАЙСЫҢ?

Қай қазақ әке-шешесін далаға тастап еді? Ал қазір ше? Сонау Мұхиттың арғы бетінен, кәрі құрлық Еуропадан келген «Қарттар үйі» деген шықты. Кешегі түн ұйқысын төрт бөліп, өзінді әлдилеп өсірген Ананды көзін қиып, кәрі көзін жасқа толтырып, аяғы үшеу, төртеу болғанда сүйретіп, қарттар үйіне апарып тастап, қалай күліп, әлемге қарайсың, ә? Ал әкең ше? Сөз таба алмай отырмын. Әкесі, атасы сөйлеген сөзді немересі, баласы түсінбесе, азғанымыз емес пе?- дейді қазір. Иә, әкесінің айтқанын түсінбейтін немере емес, ұл, қыз да бар.

Атаң менен Анаңды құрметтесең,

Мекке болып табылар үйдің іші. ШАЛ ақын.

Умный человек находит выход из создавшейся ситуации. А мудрый человек не попадает в ситуацию. ХАЛЫҚ даналығы.

Отанын, Отбасын, өзінен тараған ұрпағын-әулетін сүйе алмаған, қамқорлық жасай алмаған тұлға елі мен Отанын да қадірлей алмайды, сатқын болады. БИЛЕР сөзінен.

Қазақылық дегеніміз – мейірімділік, жылылық, жомарттық.
ХАЛЫҚ даналығы.

Иә, қазақ сайын да кең даласында еркін өскен, қайсарлықпен, ерлікпен ғұмыр кешкен халық. Оны қазақ елінің тарихына көз жіберген әр адам біледі. Орынбор-Самара губерниясының Шекара линиясының директоры Григорьев: **«Есет еркіндікті аңсаған, ол дала қыраны»**,- деп жазған екен патшаға жолдаған бір жазбасында.

Түрік болып туғаныңа қуан да мақтан! АТАТҮРІК, ұлт қайраткері.

Айтатын болсақ, бүгіндері АҚШ мемлекетінде «Намыс» сабағы ілімі оқытылады. Бұл жас ұрпақтың Елін, Жерін, Аға ұрпағын сыйлауға тәрбиелейтін, ұлыларына тәу ететін оқу.

Ерте заманда бір дүниеқоңыз патша баласына: «Әрбір қалада бір үйің болсын!» депті. Баласы: «Қаржыны қайдан аламын?»,- десе, **патша әкесі: «Халықтан ал!»**,- депті. **«Бере ме?»** десе: **«Халық – құлың зой, сұрамай аласың!»**- деген екен.

Иә, «Сәнді сарай, алтын тақ, ешкімге опа бермеген. Күні жетсе бәрі де жексен болған жерменен»,- деген екен Ұлықбек–ұлы Темірдің немересі, астролог-жұлдызшы. Діндарлардың айдап салуымен туған баласы әкесінің басын кесіп алып, діндарларға әкелуге келгенде айтқан екен, басын төске қойып жатып.

Мына жақында дұшпандары ит өлімі еткен Ливияның ұлы көсемі М. Каддафи ғұмыры да еске оралады. Ұлы далада еркін ер жеткен бала кейін халқына еркіндік беріп, камқорлық жасағанын замана тарихынан біліп, көріп отырмыз-ау.

ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫҢ АДАЛДЫҒЫ!

Қазақ елінің ұлы тұлғасы **Нұртас ОНДАСЫНОВ:**

Ешкімнің жаны мен қаны мойнымда жоқ – арым таза.

Ешқашан ешкімнен пара алған жоқпын – қолым таза.

Ешкімнің жүзі мен руын сұраған емеспін – жүзім таза!

Мұны ел басқарудың алғышарты, теоремасы деп қабылдау керек.

Ал қазіргі қартайған капитализм-нарық заманында белгілі қаламгер-журналист **Гүлсім ОРАЗӘЛІҚЫЗЫ** былай баяндайды: **«Уақыт біз ойлап, пішкендей емес, бүгінде ойсыздық-ойлылықты, қара-ақты, қу-адалды, арам-ізгілікті ойсырата жеңіп жатқандай... өзімізге өзіміз жаулық жасағандай, салпаң құлақ деп қусада, құмалақ түспейтін таяз, қуыс кеуде пендесымақты төрге әкеліп ... ел басқартып қоятынымыз бар емес пе? Осыдан қорлықты көретін қара қазақ, өз жерінде отырып тепкіге түсіп, жүрегі қансырайтын да қазақ. Таққа апарып, тексізді, билікке ана-**

рын парықсызды отырғызады екенбіз де астамшылдығы асқанда мың азабын ел-жұрт өзіміз тартады екенбіз».

Иә, солай! Қосарым жоқ.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІ КІМ АЛДЫ, КӘНЕ, АЙТШЫ?!

Алматы қаласы, Есентай өзенінің Хамит Ерғалиев жағалауындағы жайлы отырғыштарға жайғасып отырған бес-алты қарт бір кезде шарт-шұрт әңгімеге ауысты. Келесі бір орындықты 3-4 адам отыр едік, жалт қарадық.

– Немене, Тәуелсіздік, тәуелсіздік деп күндіз-түні басылымдар, телеарналар, радиолар қақсап жатыр. Құлағымыз тыңдай-тыңдай жауыр болды. Олардың сөзі аздай, сенде қоймайсың ғой, басқа әңгімеге көшейік, – деді жасы жетпісті еңсерген бір қарт.

– Иә, дұрыс қой. Тәуелсіздікке қол жеткіздік.

– Тәуелсіздікке халық жетті ме, әлде олигархтар жетті ме? Біз базардан қайтқан толқынбыз. Қартайған капитализмнің жабайы сатысына келдік. Халықтық қазына, байлық, жер, су бәрі бір топ шенеуніктердің меншігіне көшті. Турасын айтсам, олигархтардың тәуелсіздігін құрдық! Мұны әлгі Ертісбаев та мойындады. Біз халықтық нарықтық мемлекет құрғанымызда, жаман болмайтын едік. Капитализм жүйесі, қоғамы әр он жылда бір экономикалық, қаржылық дағдарысқа алып келеді. Жатқан бір бәсеке, жоспар жоқ, алдын болжау жоқ. Бірін бірі мақтап, жыртылып айрылады. Халық бар нәпәхасынан айырылды.

Жұмыс жоқ, үй жоқ, күй жоқ, «балаларың асырасын, мемлекетке арқа сүйемендер, өз күндерінді өздерің көріңдер», – деді ғой билік-тегілер. Баланың да жұмысы жоқ, өз отбасын асырай алмай отыр емес пе? Несіне күлтілдейсің!

– Сен, қой енді, тым ұзап барасың!

– Иә, қойдық әңгімені. Мына Қытай халқында өте ауыр қарғыс бар.

– Қандай?

– «Мемлекеттік құрылым ауысып жатқанда өмір сүргейсің», – депті ғой.

– Жарайды болды, бәрі түсінікті.

– Иә, тәуелсіздікті шенеуніктер алды. Тіпті бұрын-соңды естімеген миллионерлер, миллиардерлер шықты.

– Олар халық ішінен емес қой, ә?

– Иә, билік маңындағылар елдің қазынасын тартып алғандар емес пе?

– Дұрыс-ақ, әкесінен, атасынан қалған байлық емес қой. Иә, тойып алып, шетелге қашады.

– Басталуы бар дүниенің аяқталуы да болады. Бір ұрпақ келер тарихқа, қайырап халыққа бөліске түсер. Әрине, біз көрмейміз, оны.

2010 жс.

ҰЛЫЛАР ҰМЫТ ҚАЛМАСА ЕКЕН

Осы Күнделік-мемуар кітабының авторы өткен ХХ ғасырдың елуінші жылдары ҚазГУ студенті еді. Бұл жылдары филология факультетінің қоғамдық негізде комсомол-жастар ұйымын басқарған болатын. Ол студенттік өмірдің көптеген тынысымен таныс болуға мүмкіндік берді. Бізбен курстас, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Ж. Шаяхметовтың Роза қызы, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Ә. Қазақбаевтың қызы Күләнда, Қазақ ССР Жоспарлау Комитетінің төрағасы Рекиннің қызы Нәйла, Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі Ә. Бектұровтың қарындасы Зейнеп болып, оқыған еді. Иә, Республиканың бірінші басшыларының балалары, негізінен, осы жалғыз Университетте білім алды.

Айтайын дегенім, ҚазГУ-дың подшефный колхозы Сталин атындағы бірінші Алматының сырт жағында болатын. Әрбір сенбі, жексенбі күндері күзгі жиын-терім кезінде курсымызбен студенттер жүк автомашинасының кузовына отырып баратын едік. Ішімізде республиканың бірінші басшысы Ж. Шаяхметовтың қызы да болатын. Сенбі күні кешкілік әкесінің қызмет автокөлігі қызды қалаға алып кететін, жексенбі күні таңертеңгісін алып келеді. Автокөліктен бірнеше сумканы шофер түсіріп береді. Оны студенттер жапатармағай ашып, ішіне арасына сарымай, колбаса, сыр салған булқаларды, нан-дарды түйіліп жей бастайды. Көзіміз шайдай ашылады. Артынан құдық суын ішеміз. Ал оқу күндері Ә. Қазақбаевтың қызы Күләнда бірнеше сумқаға толтыра салған булқа, нан, конфеттерді әкелетін. Екі студентті үйіне жіберіп, олар көтеріп жеткізетін еді. Мұндай қайырымдылықты академик Ә. Бектұровтың қарындасы Зейнеп те үзіліссіз жасайтын.

Академик Ісмет Кенесбаев «әй, мәдениетті қайыршылар, бері келдіңдер!»- деп енбекақысынан ақша беретін, кейде үйіне апарып, ұлы анамыздан тамақ ішкізетін еді. Шымкент облысының Киров ауданының бірінші хатшысының туған інісі бізде оқыды. Оны сол оқу басталатын күзде теміржол вокзалынан екі-үш студент күтіп алатын. Жатақханаға келгенсін қапшықтардың аузын ашып, отыздан астам көкпенбек елгірі теріні әрқайсысымызға үлестіретін. «Ағам айтып жа-

тыр, сыра, аракка жұмсамасын, тек нанға жұмсасын, аш жүрмесін», - деп беріп жібереді дейтін Алтынбек Жолдасбеков. Иә, өзі де бір ерекше тұлға еді. Студенттер оны «Қара патша» дейтін.

Алматының «Арычная» көшесінде Ж. Шаяхметов тұрды. Ол қаланың тауға қараған бетінде еді, қаланың шеті болатын. Қазір бұл үй Республикалық кітап-музейі.

2013 жылы бірнеше жазған кітабымды тапсырамын деп барғанымда, ойыма түскені. Төлеу Құлшаманұлы Бәсенов ағайым кешкілік жатақханаға телефон шалып, «тездетіп келші», - деген соң барғанмын. Мені ертіп осы Жұмабай Шаяхметовтың үйіне келді. Өзі үйіне кіріп кетті де, мені кірер ауыздағы күзетшінің қасына қалдырып кетті. Бір кезде үйінен біреу шықты да «Сені шақырып жатыр», - деді. Ас бөлмесінен тоя бір тамақ іштім-ау. Әлі есімнен кетпейді. Қазіргі музей қызметкерлеріне осы бір естелікті айтқанымда, олар мәз болды ғой.

Иә, тағы бір айтайын дегенім, бүгінгі шенеуніктер, байлар, қалталылар осындай қайырымдылықтарды жарлы-жақыбайларға жасайды ма? Әй, қайдам?! Ар-ожданды, ақыл мен дарынды, біліктілікті, адамгершілікті тек қана ақша билеген заман ғой. Жершілдік, рушылдық, жүзге бөлушілік әбден асқынған кезең ғой.

Болмаса! Халқына, еліне бар өмірін сарп еткен осындай ұлы тұлғалардың, Жұмабай Шаяхметов, Төлеген Тәжібаевтың, Нұртас Оңдасыновтың, Сағындық Кенжебаевтың есімдерін бүгінгі ұрпаққа өнеге-үлгі ететін ғұмырнамалық оқулар, есімдеріне арналған елді мекендер, қалалар, ауылдар, ірі қалаларда көшелер жоқ деседе болды. Олардың есімдері жас ұрпақ үшін бір-бір университет, академия емес пе?!

Тиісті ресми мемлекеттік органдарға бұл қатты ойланатын мәселе болар деп, ойымды аяқтаймын.

1970 жс.

ҚАРАМҰРЫН МЕН ҚҰТЖОЛ ТРАГЕДИЯСЫ, ОБАЛ-АЙ!

Кешегі Хрущев құтырып тұрған заманында, қызмет бабымен бір ауданнан екінші, келесі жылы үшінші ауданға көшіп-қонып жүргенбіз. Иә, еңбекақы тек шай пұлға, нанға жетеді. Материалдық жәрдем беретін ешкім жоқ. Екеуіміздің де әке-шешелеріміз әбден қартайған, тіпті зейнетақы да алмайды. Бір дәтке қуат – көшкен сайын «подъемный» деген пособие береді. Соңғы рет келген ауданымызда осы ақшаға бір сиыр сатып алдық. Сол сиырдың сүтімен балаларымызды асырадық.

Балаларымыз ол сиырға «Мәукеш» деп ат қойды. Балалар Мәукешті өрістен (күтуден) келген сайын көзін жуып, бетін, үсті-басын су шүберекпен сүртеді. Кейде кене-құрт сиырдың арқасына, әукесіне, шабына, желінінің жиегіне кіріп алып, қанын сорады. Оны бәйбішем екеуміз жұлып алып тыныштандырамыз. Сол Мәукеш айраны, сүті балаларға да, келген қонақтарға да (қонақтар деп отырғаным – Одақтан, Республикадан, облыстан арыз аркалап келетін партия, совет қызметкерлері, журналистер, белгілі қаламгерлер, өнер қайраткерлері, ел ішіндегі жора-жолдастар, ағайын-тумалар) бәріне жетеді.

Бәйбішем сүтін сатуды білмейді. Көрші-қолаңға тегін, кейде, үйлеріне апарып та береді. Мәукеш тәулігіне 20-25 л сүт беретін еді. Мәукеш қартая бастады. Күтуге еңтігіп әрең барып қайтады. Бәйбішеме бауыр басып кеткені сонша, қалаға кіре берісте күтіп, тосып алады. Сол кезде бір-екі рет мөңіреп, тұра қалып, басын көтеріп, әукесін тосады. Ол «әукемді қасы», «кенелерді ал», дегені болар. Ал бәйбіше туған тұңғышындай баптайды. Жемін береді, шелек суды көтеріп тұрып ішкізеді. Үйдін ауласында бұрын айтқанымдай, бірнеше түп слива, сирень, басқа да жеміс ағаштары, жүгері егілген еді. Өнімдері өзімізге де, көршілерге де жетеді. Өрістен Мәукеш келгесін бір табақ сливаны алдына қояды. Сливаны арпадай асап жейді. Бір ұртынан сүйегін томпылдатып шығарып тастап тұрады. Балаларымыз мұны көріп қызықтайды. Ал жүгеріні шайнап жұтып жібереді. Кейін бұзау күнінен бастап Қарамұрын да сливаны жейді де сүйегін бір ұртынан домалатып шығарып тастайды. Бір қызығы басқа адамның қолынан жем де, су да, шөп те жемейді.

Мәукеш бір көктемде ұрғашы бұзау туды. Қызығы – бұзау үсті ақсары, тұяқтары, мұрны қап-қара. «Модный теленок». Балаларымыз бен немерелеріміз «Қарамұрын» деп ат қойды оған.

Мәукештің күтушісі бәйбішем Кисловодскіге немереміз екеуі курортқа кетті. Мәукешті бағып-күту менің мойнымда. Бірден сол кеште Мәукешті саууға көрші әжені шақырдык. Иә, әже де әбден қартайған, қолында шелегі қисаң-қисаң басып Мәукешке жақындай беріп еді, сиыр әжеге үрке қарады да, жата қалды. Тұрғыза алмадық. Әже кеткесін орнынан тұрды. Амалсыз Қарамұрынды жібердім. Бұзауын иіскеп, жалап, желініндегі бар сүтін иіп берді. Амалсыздан бәйбіше курорттан келгенше, сүтті сатып алып тұрдық.

Қарамұрын қашар болды. Енді бәйбіше Мәукеш екеуін күтуге қосатын-ды. Қарамұрын жас, Мәукеш қарғайған, әрең жүреді, «қызының» соңына бірде еріп, бірде қара үзіп қалып қояды. Сол кезде Қарамұрын тоқтап, артына бұрылып «жүрсейші, мама!» дегендей, қайта-қайта мөңірейді. Аулаға кіргесін анасына «қалай, жақсысың

ба?», дегендей, Қарамұрын қасына барып, әукесін жалайды. Мәукеш алдындағы жемге, шөпке, суға ортактаспайды. Ой, жарықтық, Қарамұрын-ай!

Бәйбішем – Балзада Шәмшқызы аяқастынан Алматыға қызына – немересіне баратын болды. Қарамұрын көпке дейін маған үйрене қоймады. Маған қарап тұрып, қайта-қайта мөңірейді. «Әже қайда, Мәукеш анам қайда?»,- дегендей. Сол кезде шынжырлаулы тұрған овчарка – Құтжол да жоғары қарай арпылдап үреді. Ол да әжесін іздейді. Себебі, басқа адамның қолынан құйған тамағын ішпейді. Ал әжесі итаяғын жуып, балаларына пісірген асынан құйып беріп, ішіп болғанша қасында тұратын еді.

Әжесі Алматыдан келген күні Қарамұрынды күтуден өзі тосып алуға барды.

– Күтуден қайтқан жүздеген сиырдың алдында жалғыз Қарамұрын келе жатыр екен. Бір шақырымнан аздау жерден мені танып, өкіріп, мөңіреп жүгіріп қасыма келді де, халатымды иіскеп, қап-қара мұрнын төсіме тақап болды да қалды... Қарамұрыным-ау, деп әукесін қасып, көздеріндегі шаңды сүртіп едім, алдыма түсіп, үйге қарай жүре берді...

... Қарамұрын мен Құтжол күндіз-түні бірі мөңіреп, бірі ұлып әбден мазасыздана бастады. Бұларға не болды дейміз. Бірденені сезген болар, аяғы жақсылық болса екен деп ойға қалдық.

Сонымен, атамекеннен қоныс аударатын болдық. Туған жермен, туған елмен қоштасуға тура келді. Соңғы қоштасу Қарамұрынмен, Құтжолмен болды. Әжесі:

– Қарамұрыным-ау, ақ Құтжолым-ау, аман болындар, тағдырдың жазуы шығар, сендерді тастап кеткелі жатырмыз,- дегенде екеуі де үнсіз қала берді. Жиналған халық бәрін есітіп тұрды. Мен қасқа екі көзіме ерік беріп, жылап жібердім...

Бір әулетті, үйге келген ел азаматтарын сүтімен асыраған Мәукеш дүниеден өтті. Етінен біреуміз ауыз тимедік. Себебі түсінікті. Ал Қарамұрынды «сүт шықпады» деп, сойып тастапты. Құтжолды «арпылдап үре береді, ұли береді» деп, аттырыпты. Иә, бұл қайғылы хабарды естігенде немерелерім түгел, үйлі-баранды болған балаларым да қатты күйзелді, тіпті біреулері жылады.

– Мамам, Мәукешті, Қарамұрынды сауғанда, бүкіл әулетімізге, қонақтарға, көршілерге сүті, айраны, сүзбесі, құрты жететін еді-ау,- деп балаларым еске алды-ау сонда. Қайтейін...

ШАЛҚАР қ., 1990 ж.

«БАКС» БИЛЕГЕН ЗАМАН ҒОЙ?

Ертең бірінші мамыр – ұлы мереке! Біздің ұрпақ дүниеге келген, оқытқан, білім берген, жұмыс берген Кенес өкіметін біреулері сағты, екіншісі жаңа жүйе – «жабайы» капитализм – нарықтық экономика жүйесін тарих бетіне әкелді. Елді мекендерді басқаруға жаңа «басшылар» келді. Соның бірі облыс әкімінің бұйрығымен Шалқар ауданына әкім болып, тұрақты бағыты, өзінің жеке пікірі жоқ, кім қалтасын «бакспен» толтырса («бакс» дегеніміз доллар ғой) соның айтуымен кадрларды тағайындай бастады. Елге танымал басшылар шеттетілді, халық, интеллигенция екіге, үшке жарылды. Осы күні аудандық кеңестің кезектен тыс сессиясы шақырылды. Мені редакторлықтан босатты.

Иә, жарты ғасырдан астам баспасөзде еңбек етіп, оның отыз жылында бас редактор, 31 жылында халық депутаты, 27 жыл аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, обком мүшесі болғаным, отыздың үстінде марапаттар алғаным осы кітапта бар, жазылған. Көзқарасымыз үйлесе бермейтін, ышқырына тас тыққан бір «дос» мені босатпастан он күн бұрын облыстық газетке «Әкім редакторды босатты», деп хабар берді. Мақсат: өз туысын менің орныма койғызып, өзін мақтату! Мадақтату!..

Жас келген, 62-ге аяқ басқан бірден зейнетке құжаттар толтырып, ұжымды жинап, әкімді шақырдым. Келді. Бірақ аузын бұған өгіздей бір ауыз не жақсы, не жаман сөз айтпады.

Кейін әкімнің шама-шарқын білгесін аудандағы бір үлкен жиында бірқатар ел көрген, жер көрген белгілі азаматтар: «Сенің басың қалтанда, соған қарай істейді, біреуді қызметке қоятын болсан, қалтана қолыңды салып, «баксші кеңесшінің» меңзеуімен шешім шығарасың. Әділдік үшін күрескен, ақиқатты тура айтатын, елу-алпыс жылдай халқының камқоры болған, сол үшін күрескен редакторды жұмыстан бір ауыз жылы сөз айтпай босаттың! Жарайды, осы ауданнан аман-есен кетсең болар еді. Халқы сүйген текті бір аталақтың болат тұяғы еді ғой ол», - депті. Ауданнан қандай трагедиямен кеткенін халық біледі. Мені ҚР сіңірген ерекше еңбегі үшін Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке Қазақстан үкіметінің министрі бекітті. Аманмын!

ШАЛҚАР қ., 30 сәуір 1992 ж., №129 дәптерден алынды.

ОСЫ ЕЛДЕРДІ КІМДЕР БАСҚАРАДЫ, Ә?

Екеуара әңгімеден

Иә, алтыауыздар ауылдарда екен десек, өздері қалада да жетіп артылады екен ғой, ә?

– Ал, айтқышбек, айтшы, Қазақстанды кім басқарады?

– Қарапайым ортадан шыққан адам. Металлург, экономист, әлемге танымал саясаткер...

– Жақсы, ал алашапанды ағайындарды ше?

– Бір ғана Ислам ака басқарады.

– Түрікмендерді ше?

– Түрікменбашы емес пе?

– Иә, біздің қазақ еліктегіш халық қой.

– Оны неге айтып отырсың, айтқышбегім-ау?

– Елбасы деген сөздің төркіні Түрікменбашыдан алынған ғой.

– Иә, дұрыс айтасың, қазақ өзінің дара тұлғасын Көшбасшысы дейді.

– Иә, солай. Бұл Елбасы сөзін қолданысқа енгізген «жалаңаяқ» журналистер, бірдеңе есітсе болды, қағып алып баспасөзге алып шығады.

– Есінде ме, Түрікменбашы халқын тегін асырап, бакты емес пе?

– Бірақ ешкімге еңбекақы, зейнетақы төлемеді ғой.

– Иә, бұл айтуың дұрыс, шындық. Олардың орнына әке-шешесіне, туыстарына жер, су, қала, көше аттарын беріп, оларға тіпті, көзі тірі тұрғанда өзіне де алтыннан ескерткіштер орнатқызды ғой.

– Солай. Түрікменбашының өкшесін жалайтындар күндіз-түні сол ескерткішінің тұғырына дейін сүйіп, жалап жүр ғой.

– Иә, ертең Түрікменбашы тақтан кеткен күні жаңа басшы оның барлығын сүріп тастайды. Есінде ме, кешегі Компартия көсемдерінің, ескерткіштерін жойып жатыр емес пе? Бірақ айтар едім, әлеуметтік қоғам – социализмнің артықшылығы халыққа аз болмады.

– Дұрыс айтасың, айтқышбегім-ау, олардың есімдерін, ескерткіштерін жойып жіберу ағаттық болар. Ол бір бүтін тарих қой, бүгінгі ұрпақтан нан сұрап тұрған жоқ қой. Оларды жою үшін де аз қаржы жұмсалмайды.

– Жақсы, ал мына айырқалпақты ағайындарды кім басқарады?

– Басы Хрущев, қасы Брежнев, тілі жексенбі, туған елінде он жеті жыл тұрмаған, сырт адам болып кеткен пенде басқарады.

– Есінде болсын, айырқалпақты ағайын батыр халық! Басшысы өздеріне ұнамаса, қорағаш алып көшеге шығады. Қазір сол басшы жайлы ел ішінде де, сыртта да қанқу сөздер көп.

– Иә, «Қара қылды қақ жарған хан болсаң да, кетеді біреу мақтап, біреу боктап», демей ме халық.

– Дегенмен...

– Не дегенмен. Айтшы ойынды?

– Мына Біріккен Араб Эмиратының көсемі жайлы елінде де, сыртта да тек қана жылы сөз. Көсемінің тек қана амандығын, денсаулығын тілейді халқы. Ал аздап естиміз Ливияда, анау Латын Америкасы елдерінде халықтың жағдайы тіпті басқаша дейді. Жұмыссыздық, аштық аз дейді.

– Жарайды, біраз өрмектің түзін қайырдық. Түстікке барайық, бәйбішелер күтіп отырған болар.

АЛМАТЫ қ., 2005 ж.

АТА МЕКЕННЕН АЛМАТЫҒА АУҒАН КҮН

ШАЛҚАР ҚАЛАСЫ. Кешкі 20 сағатта (Шалқарлықтар Мәскеу сағатымен жүреді ғой) Мәскеу уақытымен Мәскеу-Алматы 10-ы пойызының №16 вагонына немерелер, әжесі, барлығымыз келіп отырдық. Бұл – 7 сәуір болатын. 9 сәуір – жексенбі күні ертеңгілік Алматыға жеттік. Қалада тұратын балаларымызбен немерелеріміз бәрі Алматы II вокзалынан қарсы алды. Иә, бұл бір тарихи күн болды біздің әулет үшін.

АЛМАТЫ қ.

Иә, қайтейін, кез келген есті адам үшін туған жер – Атамекен қымбат! Ұлы Есет батыр, әулие айтқан жан-жары, бәйбішесі Тағылимаға: «Арыстанда ұрғашысының ырылын тыңдайды» деп. Балаларым мен әжесінің, келіндерімің, күйеу балаларымның айтқаны – ұсынысы орындалды. Жаңа қоныс – нарықтың аңғары ашылған алғашқы жылдары басталды. Ескексіз қайыққа отырып, көк толқынды мұхитқа шықтық.

Әулие екеніңді білейін, бақытсыздың жүзіне бақыт күлкісін ұялатшы,- деп **В.Г. БЕЛИНСКИЙ** жазғандай, қәне, нарық халыққа қандай бақыт әкеледі?

Арғымаққа міндім деп, артқы топтан адаспа, күнінде өзім болдым деп кең пейілге таласпа! АСАНҚАЙҒЫ.

ОЙ ҮСТІНДЕГІ ТОЛҒАНЫСТАР

Байқа, дұшпаның болмаса, достарың жетер түбіңе!

Ұлыны ұлы таниды.

Айдың жүзі түгіл, Күннің көзінде де кіреуке бар.

Тектінің сөзін тексіз бұзар.

Өсекші өлгенмен, өсегі өлмейді.

Пәлеқор от көсесе, жалақор оған май тамызар.

Жала жабу – жақсының жағасын жыртумен тең.

Өмірдегі ең сара жол – ақиқат, адалдық жолы. ҰЛЫЛАР сөздерінен.

Елді ездер басқарса, өз елін жаумен бірге тонаудан шіміркенбейді. ӘЙТЕКЕ БИ.

Басшысын таппаған ел азады. ӘЙТЕКЕ БИ.

Бұл сұм жалған дүниеде атақ-даңқа іңкәр болма! Теріс жолға түсіп, адасып кетпеудің өзі-бақыт! Ешкімнен жақсылық күтпе! Оларға жеккөрінішті болып, көзге түспеудің өзі де бақыттылық! ҚЫТАЙ халқының қанатты сөзінен, 2007 ж.

Жаманмен құшақтасып бір жүргеннен,

Жақсының аяғында жатқан артық. Садықбек АДАМБЕКОВ.

Дүниеге жалғыз келіп, Жалғыз кетіп барамын. Садықбек АДАМБЕКОВ.

Бұл ақынның сөздері сонау ХХ ғасырдың 70 жылдары Әлім тауының етегінде «УАЗ-69» авокөлігімен келе жатқанымызда, менің ұлы баснописец И.А. Крылов жайындағы әңгімемнен кейін айтылған еді. Себебі И.А. Крылов та үйленбей, отбасын құрмай дүниеден өткенді.

Тірі өледі – жер қойыны – жатағы; ізі қалады – жақсы болса атағы. БАЛАСАҒҰН.

Досыңды өкпелеткенің – жауыңды қуантқаның. ӘЙТЕКЕ би.

Қоғамды түзеймін десең, алдымен, отбасыңды түзе! ХАЛЫҚ даналығы.

Восток – дело тонкое. К-ф «БЕЛОЕ СОЛНЦЕ ПУСТЫНИ».

А все водка проклятая. Из человека зверя делает. А.Ю. КОЖЕВНИКОВ.

Дураков везде хватает. К-ф «Ко мне, МУХТАР!».

Белые пришли грабят, красные пришли грабят. Куда податься бедному крестьянину. К-ф «Чапаев».

М.В. ЛОМОНОСОВ о Петре I-ом: Он Бог, он Бог твой был, Россия!

ЖАҢА ЖЫЛ ЖАҚСЫЛЫҚ ӘКЕЛСІН

01.01. 2009 жс. – СИЫР ЖЫЛЫ. БЕЙСЕНБІ – СӘТТІ КҮН.

Ерте тіршілікке келдім.

Иә, бұл жыл біздің Әулетке қандай жақсылық, жаңалық әкелер екен?

Жаратушы Иемнен тілейтінім:

– Аmandық;

– Денсаулық;

– Отбастарының бақыты мен барлығы;

– Балаларымның, немере, шөберелерімнің жаңа жылда таза табыстарға жетуі.

Өз денсаулығым онша емес. Аяқ кейде жанды, кейде жансыз. Әрине, бұл аяқтан алған кәрілік – ауру.

Өткен жылдың қазан, қараша, желтоқсан айларынан бері ішке ас тұрудан қалды. Тіл қып-қызыл болып, күлбіреп кетуді шығарды. Мұның аяғы немен тынарын бір Жаратушы Ием білер.

Көз, құлақ ескірді. Кәрілік те ауру ғой. Ол жеңіп келеді. Қарсы қорғанып та, күресіп те келемін. Кім жеңеді? Оған уақыт төреші. Иә, солай.

05.01.2009 жс. Иманбай ЖҮБАЙ – журналист, Президент сыйлығының иегері:

– Аға, кешкі астан кейін бөлмеге жалғыз, алаңсыз отырып кітапты келесі ертеңгі төртке дейін оқып шықтым. Керемет! Чудо! Өте әдемі жазылған. Аса құнды еңбек! Сүрінетін, ежелен-ежіктейтін бет, сөйлем, сөз жоқ. Бәрі жсайнап тұр. Ата-бабаның аруақтарын тірілтіңіз. Тағы айтайын, сіздің сайтыңызды тауып алып қазақшасын оқып шықтым. Өте әдемі, жарқырап тұр. Кітаптарыңыздың суреттері, өмірбаяныңыз қазақ, ағылшын тілдерінде.

– Ойыма келетіні:

1) Кітапқа орыс тілінде обзор ма, рецензия ме беру керек. Орыстілді қазақтар үшін керек. Ол сайтқа кіргізілсін.

2) Екеулеп іздеп бір драматург тауып, бір спектакль жазу керек. Ол драматург біздің елдің тарихын, менталитетін білетін болу керек. Ал мына кітап дайын спектакль!

07.01.2009 жс. Мереке МАҚАТОВ, отставкадағы полковник, әскери маман:

– Аға, мың да бір рақмет! Кітапты оқып шықтым. Тамаша! Өте терең мағынада, сауатты жазылған. Кітап менің ойымнан да жоғары дәрежеде жазылыпты. Ал Есеттің тактикасы мен стратегиясы әдемі жазылған. Күні бүгінге дейін мағынасын

жоғалтпайды. Айтар едім – ҚР Қорғаныс Министрлігіне қарасты әскери оқу орындарына Есет Көтібарұлының әскери тактикасы мен стратегиясы жайлы сабақ өткізуге болар еді. Анау генерал-лейтенант не істеп отыр? Тамаша! Мен әскери полковникпін ғой. Ұлылар жайындағы бұл кітап теңдесі жоқ дүние! Құттықтаймын! Сізден үлкен кешірім сұраймын. Қатемді түзетемін, аға! Кітапты алғанда былай жазу керек, олай жазу керек деп артық сөз айтыптын. Кешірім сұраймын. Құттықтаймын! Аға, аман бол!

20.02.2009 ж. Мырзан КЕНЖЕБАЙ, Публицист-жазушы:

– Аға, мынау тамаша еңбек! Кітапты оқып шығып, газеттерге шолу жазамын. Мына қуырылып тұрған заманда ұлы аруақтылар жайлы ұлан-қайыр еңбек жазуыңыз – аса құптарлық игілікті іс. Құттықтаймын, көп рақмет!

12.01.2009 ж. Сәбит ДОСАНОВ, академик жазушы:

– Ал аға, кітабыңызды бастан-аяқ оқып шықтым. Және сегіз бет, жарты баспа табақ рецензия жаздым. Турасын айтайын, мұндай көркем тілмен жазу, табиғат мезгілін оқиғаға байланыстырып суреттеу тіпті басқаларда да жоқ, басқа құдаймын деп жүрген көкіректерін ұрып, ешкімді менсінбейтін қалам ұстағандарда да жоқ. Бұл недеген ұшан-теңіз еңбек, ұжымдық-еңбек!

Осы жасқа келгеніңде денсаулықтың әбден қажыған, мүжілген кезінде ауру алқымымнан алып тұрған мұндай тірлігінде, субелі еңбек жазу кез келген мықтының қолынан келмейді. Әруақтар қолдаған шығар, аға, құттықтаймын, қолдаймын, қуанамын, амандығыңызды тілеймін. Сіз бұл кітап арқылы өзіңізге мәңгілік ескерткіш жасадыңыз! Құтты болсын, аға! Жүз жасаңыз! Енді аздап дем алып алыңыз, бойыңызды жазыңыз! Бұл жасқа келген адамдардан мұндай қабілет көрген емеспін.

Аға мен сіздің кітабыңыз арқылы көп нәрсеге қанық болдым. Өзім жазып та алдым. Мен білмейтін сөздер, даналық сөздер жетіп артылады екен.

Сіз нағыз дарын, талант иесіз. Талант жас талғамайды. Ол адамға-кісіге туа бітетін табиғи құбылыс! Сол талант сізде шексіз! Келініңіз Құралай, немереңіз Данияр – бәріміз құттықтаймыз. Құттықтай отырып, аман-саулық тілейміз!

Дара жазушы Сәбит ДОСАНОВТЫҢ тарихи сөздері менің есіме ұлы ақын А.С. ПУШКИННИҢ: «Я памятник себе воздвиг нерукотворный, к нему не зарастет народная тропа...», жолдары түседі.

30.01. 2009 ж. Күні ертеңгілік Әкімжан үйіне звондап едім. Дүрия Трубканы алды.

Сол өсек талай жайсаңдардың түбіне жетіп, көрге сүйреген жоқ па?! Қазақ поэзиясының падишасы *Фариза ОҢҒАРСЫНОВАНЫҢ* мына бір өлең-жыр жолдары еске түсіп отырғаны:

*Адам көңілі қалады, татым құрттан,
Жайсаңдарды қашанда жақын құртқан ...*

Бұл жыр жолдары ұлы ғалым *Чарльз ДАРВИННИҢ* өсімдіктердің әр түрі арасындағы өмір үшін талас, күрестен гөрі, өсімдіктердің бір түрі арасындағы күрес-тартыс әркез антогонистік қайшылыққа толы болады,- дейді. Иә, бұл теорияны тайпалар, рулар, аталықтар, ағайын-тумалар арасындағы қатынастарға қолдансақ, қалай болар екен, ә? Қазағымның «Жау алыстан келмейді»,- деген қағидатын еске алсақ, талай оқиғаның көзін ашып аламыз ғой.

Ал адамдар ақзасы-қаны үш категорияға бөлінетінін ғалымдар зерттеп айтқан еді. Адамдардың бір категориясы біреуге қызмет істеу, қамқорлық жасау арқылы өзінің жанына рахат табады, денсаулығы, қуаты күшейіп марапаттаныады; ал екінші бір категориядағы адамдарға жамандық істеу, қиянат жасау арқылы өзіне ләззат алады; ал үшінші біреуі – «сен тимесең, мен тимеймін» деп самарқау отыра береді. Біздің естелік – эссе жазып отырған адамымыз қайран, *Әкімжан Қондыбайұлы ДҮЙСЕНБАЕВ* тек қана бірінші категорияның тұлғасы еді.

Иә, осы жолдардың авторы *Әкімжанмен* бір ауданда, бір майданда ширек ғасырдан астам қызметтес, пікірлес болды. Көзқарасымыз бір бағытта болатын. Талай мәселе сұрақ-жауап жайлы кең пікір алысатын едік. Бірақ пікір қайшылығы, көзқарас айырмашылығы бола бермейтін.

... *Әкімжан* ауданның мәдениет саласын басқарған жылдары жиі кездесетін, пікір алысатын едік. Арада бір апта өтіп келмей қалса, кездеспей қалсақ, кәдімгідей іздеп, жоқтап отыратынмын.

Бірде ажары жанып бетіне қан жүгіріп күлімдеп кабинетіме кіріп келді.

– Ау, қарағым-ау, көрінбей кеттің ғой,- дедім жылы қабақ танытып.

– Аға, мен «Член Политбюромын» ғой, «Демичевпін». Ол «Правда» газетінің бас редакторына еңкейіп басын иіп келе ме?- деп қарқылдап күлді. Мен қосыла күлдім.

– Сізиге, аға деп қана сәлем беруге келемін. Жасыңыздың үлкендігі болмаса, Политбюро мүшесі бәрінен биік тұлға емес пе?- деп қалды.

– Онда мына бір деректі тыңда,- дедім.

– Иә, тыңдайын.

– «Правда» газеті – елдің бас газеті ғой. Бірде газеттің фельетон бөлімін басқаратын *Кольцов* бір міндетіңіз жайлы фельетон жазған. Не-

литбюро фельетонды талқылап, министірді қызметтен босатып, партия қатарынан шығарған. Арада біраз уақыт өткенсін фельетон авторы дүниеден өтеді. Орнына Шатановский тағайындалады. Экс-министір «Правда» газетін Жоғарғы сотқа береді. «Мені негізсіз қызметтен қуғызып, партиядан шығартты», - деп. Сот істі қарайды. Сотқа Шатановский шақырылады. «Жолдас Шатановский, не дейсіз, газетте жарияланған деректерден басқа қосымша дәлел-дерек бар ма?», - дейді. Соттың алдында фельетон жайлы жиналған фактілер тізілген іс қағаздарын қоя салады. Фельетон авторы **Кольцов «Жиналған фактілердің елу процентін алып қалдым. Егер мәселе тиісті органдарда қаралатын болса, қорғануға керек болар»**, - депті.

- Ойпырымай, аға мынау келтірген фактіңіз адам шошынатын екен, - деп Әкімжан түсі бозарып кетті.

- Сонымен не болды? - деді.

- Экс-министір қылмысты деп табылып, бес жылға бас бостандығынан айырылыпты.

- Сіз мұндай фактілерді қайдан естисіз?

- Біз шығармашылық командировкаға Москваға барғанда «Правда», «Известия», «Сельская жизнь», «Крокодил» редакцияларында болып, көп басшы-қосшылармен кездесеміз ғой, - дедім.

- Мен «Политбюро» мүшесі Сатюковка - Сізге бас иемін, деп Әкімжан орнынан тұрып қолын берді, біраз күліп жеңілденіп қалдық.

- Ал төраға жолдас. Өзіңіздің басқаруыңызда аудандық партия коминетінің бюросы Шалқар аудандық тарихи өлкетану музейін құруға шешім қабылдады, - деп. Қаулыны менің алдыма қойды.

Иә, бұл шешім (21 қазан 1986 ж., Хаттама №24)⁹ бойынша он адам осы музейді құруға тікелей қатысу керек. Қаулыны, иә, өзімде оригиналы болса да, бір сүзіп өттім көзіммен. Иә, Т. Төреханов (председатель), И. Боранбаев (төраға орынбасары), мүшелері Т. Тілешев, А. Дүйсенбаев, Н. Мұхитдинов, М. Бисенбин, Б. Иманқұлов, М.З. Фатқулина, Н. Юсупов, Т. Шойғарин, Д. Ертаев, В.И. Бухарин.

Сонысын, Әкімжан дедім, осы Рысжан Илясованы кенес беруге шақырайын. Ол апайың Өзбекәлі Жаныбековте тәлім-тәрбие алған білікті музейтанушы. Ақылдасайық. Ал мен музейдің барлық қажетті материалдарының жоспар-жобасын жасадым. десем де болады. Ол 27 бет, мә, бір данасын ал, басшылыққа керек болар, - дедім. Иә, айтпақшы, Әкімжан-ау, өзің де музей маманысын ғой.

Иә, жұмысты жатпай-тұрмай Әкімжан дөңгелетіп алып кетті. Себебі ол да мәдениет, музейтанушы маман ғой. Музейге бөлінген

⁹ Бұл Хаттама, жұмыс жоспарлары, менің үй архивімде сақтаулы. Алматыдағы Мелекесітің мұрағатқа және Шалқар (Сельская жизнь) музейіне берілді.

ғимаратты (бұрынғы қалалық қонақ үйі, осы үйде Ахмет Жұбанов, Ғабит Мүсірепов, Ғарифулла Құрманғалиев, басқа да ұлы тұлғалар ат басын тіреп еді) жөндеуден бастап, қай затты-жәдігерді, қай жерге орналастыруға дейін сызып, белгілеп бердім. Әкімжанға барлық айтқаным, ақыл-кеңесім қона қалды.

Сөйтіп аудандық өлкетану музейі араға бір-біржарым жыл салып өмірге келді.

... Күліп жайрандап Әкімжан Қондыбайұлы кабинетіме кіріп келіп құшақтай алды.

– Тәке. Тау аға, Қазақ ССР-нің мәдениетіне еңбегі сіңген тұлға болдыныз! Указды жаңа «СҚ»-дан оқыдым, құттықтаймын!- деп қайта құшақтады. Ыссы құшақ көпке дейін жазылмады. Содан кейін: Әкімжан сенің де еңбегің шексіз ғой. Сағанда бір үкімет марапаты болар дедім. Келесі жылы барлық құжаттарын толтырып, ресми органдарға жөнелттім. Оң шешім тапты. Мен Шалқар аудандық еңбекшілер депутаттары кеңесінің осындай мәселелерді шешетін, құжаттар дайындайтын комиссиясын басқаратын болғандықтан, аупартком бюросынан, обком партиядан бекітіліп өткенше бақылауға алып отырдым. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президумының Жарлығымен Әкімжан Дүйсенбаевқа Республика мәдениетіне еңбегі сіңген қызметкері құрметті атағы берілді.

... Осы жолдардың авторы жас келді, зейнетке шықты. «Түйе қартайса, ботасына ереді» дегендей, ата қонысты тастап, Алатау бауырына балаларыма еріп көшіп келдік. Бірақ Әкімжанмен байланыс үзілмеді. Денсаулығы өте жақсы болатын. Аяқ астынан жазылмас ауруға шалдықты-ау деймін... бұл ауру, негізінен, жүйкенің жұқаруынан болады. Тиісті ресми орындарынан қағажу көрген болар. Ол қақпан құрған. Бәрін естідім, білдім. Осы эссенің бас жағындағы келтірілген пікірлер тегін емес екенін, зерделеген адам түсінеді...

... Телефон шыр ете қалды. Трубкасын көтердім. Таныс дауыс.

– Аға, мен Әкімжан Қондыбайұлы, ата мекенің – Шалқардан. Ертен пойызға отырамын. Вагон номері мынау,- деп алды да:

– Қонақ үйінен бір орын дайындап қоюға балдарды жұмсайсыз ба?

– Жок, өзіміз күтіп аламыз. Үйге алып келеміз, бір бөлмені өзіңе жеңген дайындап қояды,- дедім.

Женгесі казакша дастархан дайындап қойыпты. «Қазақстан» телеарнасының белгілі тележурналисі Иманбай Жұбаев бірге болды.

Әкімжан үйде бір апта тұрды. Қаланы араладық. Әңгіме дүкенін молынан құрдық. Өзінің соңғы кездегі тағдырын баяндап берді. Өкінішті-ақ ... Іштей өзім ойға қалдым. Қазір зейнеткермін. Менің достарым, жолдастарым да зейнетте, тіпті көбі бұл дүниеден өткен. Аман не ...

– Мен елге қайтайын,- деді Әкімжан ертенгілік. Шығарып салайын деп едім.

– Жоқ, аға, өзім кетейін, ауырып қаларсыз,- деп жолға жиналды. Арқасына қапшығын салып, тура есік алдына шықты. Иә, соңғы дидар, соңғы көз түйістіру, соңғы құшақтасу, соңғы, соңғы ... Әлі көз алдымда-ау.

Осы бір қайғылы оқиғаның алдында бір шәкіртімнен Е. Жұмаұлынан хат алған едім. *«Дау көбейді елімде. Үдей түсіп жсалғасып, жақсылық пен жамандық, ізгілік пен жауыздық, Майданға түсті арбасып, Турасын айтқан адамды, Ақылы жоқ, ақымақ, Мәжсүнге санады. Сыбайлас жемқорлық қамтыды, елді тонау тапқаны. Ақша шешеді бәрінде, Қажет болса, басты аяқ. Аяқты бір күн бас қылып, Ақшаның буы емес пе? Асқақтатып жіберген Әкімдерді «мас» қылып. Ақыры «аурумын» деп қашқаны ...»*. Иә, осы бір зиянды құбылыстың Әкімжан Қондыбайұлына да тигеніне көз жеткізу қиын емес.

Иә, ақыры Әкімжан мәңгілік ұйқыға кетті ғой. Қайтейін қайран қайраткер! Туған халқына берері көп еді. Максатына жете алмай өтті. Иә, дейінші: *біреуге істеген жамандығың ерте ме, кеш пе өзіңе келеді, не үрім бұтағыңа тиеді,-* демей ме халық. Иә, солай.

Әкімжанымның артында сүйікті халықы, Дүйсенбаевтар шаңырағын бекем ұстаушы жанжары Дүрия бастаған алтын асықтай ұлдары Дастанбек, Рүстембек, Фараби, келіндері, немерелері қалды ғой. Бұғанда тәубе деймін-ау.

Осы жолдардың авторының сексен жылдық мерей тойы да Ақтөбе облыстық Әкімдігінің шақыруымен дара талантты жазушы Сәбит Досановтың сүйемелдеуімен Ақтөбе, Мұғалжар, Шалқар өңірлерінде болып, Дүрия келінімізбен апасы Балзалда Шәмшіқызын бауырлары, балаларымыз тағы бір рет қауыштыру сәті түскен еді. Риза болып қалдық.

Бауырларым, Әкімжан Қондыбайұлының ұрпағы, Сіздерге әркез амандық, Денсаулық, бар дүниенің қызығын көре беруге ақ тілекпен, арда аманатпен тілектестііз.

20.02.2010 жс.

ЖАҢА ЖЫЛ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

Иранда (бұрын парсы елі дейтін едік) араб, түркі елдерінде жана жыл 21 наурыз (айы, күні) болып саналды.

Будда дін елдерінде – (3 миллиард халқы бар) жаңа жыл – ақпан айында мерекеленеді.

Батыс Үнді елдерінде жаңа жыл қазан айында тойланады.

Қиыр Шығыс Вьетнам елдерінде – жаңа жыл 21 қаңтар, 19 ақпан аралығында аталып өтіледі.

Христиан еліндегілер (1 миллиард) жаңа жылды 21 желтоқсанда тойлайды. Бұл күні бүкіл Еуропа, Америка құрлығы – (солтүстігінен баска) «Рождествоны» осы 25 желтоқсанда атап өтеді.

Кейін христиан екіге бөлінді: бірі – православтар, екіншісі – католиктер. Петр І-ші – славяндар үшін деп, 1 январды – жаңа жыл деп жарлық шығарды. Бұл католиктер үшін еді. Демек, әр ел өз нанымына қарай жаңа жылды тойлайды. Бір қызығы **Балтика** елдері – 31 желтоқсанда және 1 қаңтарда жұмыс күні етіп жібереді. Ал 1 январда бірқатар елдер жылдың ауысуы,- деп есептейді.

Ал бізде қалай?

Мәдениетті адам деп – ұлтын барынша сүйетін адамды ғана айтуға болар еді. 15.03.2008 жс.

Мәдениет дегеніміз – өз ұлтын өліп-өшіп сую. Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ.

Неміс халқы ұлы ақын Гетені көру үшін ғана театрға баратын болған. **БЕРЛИН, 2000 жс.**

Менің ойымша, **нарықтық экономика дәуірі халықты рухани тоқырауға алып келді.**

РУХАНИ ӨСУ ЖЫЛДАРЫ ЕДІ-АУ. Біздің жастық күнімізде – заманымызда, ес біліп, етек жиған сонау ХХ ғасырдың елу, алпыс, тіпті жетпісінші жылдары халық рухани өсті, өркендеді. Сөзден бұрын ұятты ту етіп ұстады. Бір кітап жарыққа шықса, іздеп жүріп тауып алып, бір кеште, түнде оқып шығатын едік.

Ал **Мұхтар ӘУЕЗОВТІ** тыңдау бір академия болатын.

Ісмет КЕҢЕСБАЕВ сияқты академиктен дәріс алу, бір университет, еді.

Тіпті **Нығмет САУРАНБАЕВТЫ** тыңдау, өткендегі ата-баба тарихы, ел-жұрт, тілі мәдениетті жайлы, бұлақтың көзі ашылғандай еді.

Төлеген ТӘЖІБАЕВТЫҢ педагогика жайлы лекциясы, **ТЕМІРБЕКОВТЫҢ** психологиялық дәрісі, **КРИВОЛОВТЫҢ** ғылыми логика туралы, майын тамызып, сыздықтап қызыл шайын ұрттап қойып, кара көздерінен жылылық шашатын **Мәулен БАЛАҚАЕВТЫ** көріп отыру – үлкен мәдениет бастауы еді. **Бисенбай КЕНЖЕБАЕВ** та бір ғұлама еді-ау. Маған екі рет хат жазып аспирантураға шақырды-ау. Амал не ... 1960 жс.

Ал **«Дала Геркулесін»** елге таныстыруға халқымның сүйікті жазушысы **М. Шолохов атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, академик Сәбит Аймұқашұлы Досановтың да еңбегі өлшеусіз.**

Республикалық «Президент және Халық», «Айқын», «Ана тілі», «ҚӘ», «Айдын», «Жас қазақ үні» басылымдарынан бастап «Егемен Қазақстан» газетіне үш бағаналдық «Дала Геркулесі» атты рецензия берді (25.02.2009 ж.) Алғысым шексіз Сәке, Құралай келінім, Данияр немерем. Алматы, 18 наурыз, 2009 ж.

Тараханның соңына ерсең, асханадан шығасың, жолбарыстың соңына ерсең, орманның қожасы боласың. КОРЕЯНЫҢ қанатты сөзі. 20.03.2008 ж.

Иә, тау мен тау жалғасады, өзен мен өзен табысады.

Бір замандарда қазіргі Семейді «Тобылғы сай», - деп атайды екен халық.

Қазақтардағы көреалмаушылық, іштарлық, қызғаншақтық қашан көрге кіреп екен?

Иә, талай жайсаңдарды осы қарапиғылдылар көрге сүйреді ғой. Менің көкірегімде олардың есімдері сайрап тұр. Қайтейін, өз қолымды өзім кессем де, олар қайтып келмейді ғой. Әттең дүние-ай ... 10.05.2009 ж.

Шындық шырылдап жетем дегенше, өтірік адамды өртеп жібереді. Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.

Наполеон БОНАПАРТ:

– баспасөз менің сөзімді сойлеп, жазғанда, мен бұл соғыста жеңіп шыққан болар едім. Халық, әлем мені жеңді,- деп айтар еді.

– Американың бір кездегі 36-шы Президенті Линдон ДЖОНСОН:

– Ана журналисті маған келтір! - деп көмекшісіне тәртіп береді.

– Менің Президентте шаруам жоқ, егер Президенттің менде шаруасы болса, онда өзі келсін,- деген екен. Еркіндік, тәуелсіздік деген осы!

Ғылым – мұсылманның жоғалтқан малы. Оны қайдан болса да іздеп табу керек. МҰХАММЕД пайғамбар Хадистерінен.

ХАЛ ҮСТІНДЕГІ ЖАҒДАЙ

14.05.2009 ж. Укол алып, сәске түсте үйге әрең жеттік. Келе сырт киімдерімді шешіп, үйге киетін «шопыт – шоман-ай» киімдерді киіп, жаңа ғана аптекадан 4 мың теңгеге сатып алған дәрілердің нұсқауларын оқып, осы қалай деген жолдарының астын сыза бергенімде, ыстық, нағыз оттың ортасында қалғандай, жалынға орандым. Естен айрыл-

дым, тұла бойым күйіп бара жатты. Тіпті жасыл түскендей, найзағай ойнап, кете бардым. Сол жалын табандарыма дейін шарпыды. Бір кезде ес жинадым.

Түске жуық бұл жалын тағы бір қайталады.

Неден болғанын білмедім. Дүниемен тағы бір қоштасып, қайта оралғандай болдым.

Ерлік – аяулы қасиет! Онымен адамдар қауіп-қатер үстінде тамаша, істер атқарады. АРИСТОТЕЛЬ.

ЖАНСЫЗДАР ЖАНЫН АЛДЫ

М.Н. ТУХАЧЕВСКИЙ – Совет Одағының маршалы болған. Кейін ГПУ, НКВД ұстап атты да, оның басын Блюхер алдына әкеліп қойды. Ал кейін Анасын, жақын екі қарындасын өлтірді.

Анасы Ұлықұмның Талдықұм бойында қыста аштан, үсіп өлді. Оны жергілікті халық сол жерге жерледі. Бұл күндері қабірі құм астында қалған, ешкім таба алмас.

Көрген **Дошан ТҮГЕЛБАЕВ** ағадан 1949 ж. жазып алғанмын. Ол кісі осы жылдары «Талдықұм» колхозында басқарма еді.

Вам некуда торопиться, ГПУ за вами само придет. И. ИЛЬФ, Е. ПЕТРОВ, «Двенадцать стульев».

Муж в могиле, сын в тюрьме . Анна АХМАТОВА.

1923 ж. ОГПУ, ал 1924 ж. осының жанынан ерекше Кеңес (ОСО) құрылып, үштік арқылы бәрін істеген еді.

1926 ж. есте қалған 18 тармақшасы бар кәдімгі 58-ші бап өмірге келді. Осы баппен 1934-1953 жж. 442-531 мың адам атылды, сотталды.

Ал бірімізді біріміз ұстап бердік емес пе?

Сонда: **«Қазаққа қазақтан басқа жау жоқ»**, - деді ғой ұлы **Ғабит МҮСІРЕПОВ**.

Бір ауыз сөз мұхиттарды жалғайды.

Бір ауыз сөз арсыз жандай алдайды. Кәкімбек САЛЫҚОВ.

Сонау ХХ ғасырдың бел ортасында АҚШ-та үлкен тоқырау жылдары болды. Содан **Франклин РУЗВЕЛЬТ «Жол Картасын»** өмірге әкелді. Бұл АҚШ-ты биікке көтеруге жол ашты. Содан халқы оны үш рет Президенттіке сайлаған. Ел Конституциясында Президент екі рет қана сайлануға құқықты болатын.

Жабық саясатқа қарсы тек қана ашық саясатпен күресуге болады. Алтынбек СӘРСЕНБАЙҰЛЫ.

Сокол гибнет от печали, куры гибнут – от любви. Орыс халқының қанатты СӨЗІ.

Көленке – сұлбаларды асқақтатып, хас таланттарды аласартпайық. Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ.

Өте тегеуірінді ой!

Ертеректегі бір пікірі де есімде: *Біреудің асқар тауын аласартпай, өз жазығымызды гүлдендіре берейік*, - деген еді.

Бұл ұлы тұлғаға көленке сұлбалар тыныштық бермей-ақ келеді.

Олжасты «алжас – алжыма!»,- деп сөккендері де бар. Оны «*Қазақ әдебиеті*» газеті беті шіміркенбей берді-ау. Демократия деп кез келген сөзді-пікірді жариялай беру артық сияқты. Демократия анархия емес! Адамды сөгу – қылмыс!

Саясатшы мен мемлекеттік қайраткерлердің арасында зор айырмашылық бар.

Саясатшы кезекті сайлауда жеңіске жетуді ғана ойласа, мемлекеттік қайраткер ұлттың қамын, ұлттың болашағын көздейді.
У. ЧЕРЧИЛЛЬ.

Білім деген ізгілікті болу керек. СОКРАТ.

Адам – барлық нәрсенің өлшемі. ПРОТАГОР, ежелгі грек ойшылы.

Қазақтың аяқ-қолын діни-әдеп-ғұрыппен «байлап тастау», біздің халқымыздың дәстүріне жат. F. ЕСІМ, академик, философ.

«МАН» СӨЗІНІҢ МАҒЫНАСЫ

Маңғышылық – түркі халықтарының бір тілінде «мың қыстау» дегенді білдіреді. Себебі, бұл өңірдің қысы өте жылы, мал қыс бойы аяғынан жайылып шығады. Бұл көшпелі халық үшін, әрине, тиімді.

Мансуалмас – мынсуалмас сөзі мың мал ішсе де, суы сарқылмайды,- деген мағынада.

Иә, осы өңірде Ман-Ата деген жердің аты бар. Ертеректе *«Манаты»* деп атанып кеткен. Ман атаның бейті де бар. Демек, бұл бір ұлы тұлға болған Маңқыстау, Маңғышлақ сөздері осы атаулардан қалған болар.

Ал *«Ман»* сөзі ағылшын тілінде адам деген мағынаны білдіреді.

ШЫҢҒЫС ХАН ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕР

БІР ПІКІР: Шыңғыс хан – қыпшақ. Иә, олай болса, Қыпшақ қазақ руы.

Монғол деп жүргеніміз «мың қол» сөзінен шыққан. Қыпшақ тілінде «мың қол» дегенді білдіреді. Кешегі, бүгінгі монғолдардың түбі – бұйраттар. *В. Федоров, академик, «Записки о границах окружающих государств Россию».*

МӘРИЯМ ӘЖЕ ЕСТЕЛІГІНЕН

1961 ж. маусым айының соңғы күндерінің бірі. Орталық партия Комитетінің шақыруымен Алматыға келгенбіз. Бірден білгеніміз Мұхтар Әуезовтың дүние салғанын Казрадио хабарлап жатты. Кейін «ҚӘ» газетінде мынадай хабар басылды.

Сәбит, Сәбит тұр, басыңды көтер, Мұхтар қайтыс болыпты, Мәскеуде,- деп Мариям Сәбитті бірден мазалайды.

Сәбит ырғалып, орнынан ауыр денесін көтере алмай, басын көтере беріп:

Рас па? - деп райланып орнынан тұрыпты.

Иә, неге райланыпты?

Біз сол Алматыда КазГУ-де оқып жүргенде-ақ, осы екі тұлғаның арасы салқын дегенді еститін едік.

Жақында академик **Тұрсынбек КӘКІШЕВ** «ҚӘ» газетінің 2012 ж., №7, 8 сандарында көлемді материал берді. Бар шындықты, бұрын жарық көрмеген деректерді жайып салды. Бар бәле С. Мұқановтың Әуезовке «Сен Құнанбайдың немересі, Абайдың баласы, Тобықты» екенсің ғой деген сөзден басталады. Кейінірек шығармашылық бәсеке, талас өріс алады. Және 1959 жылы Мұхтардың туған құдасы Д. Қонаевты Сәбит өлтіре сынайды Пленумда. Екі тұлғаның арасындағы салқындық одан әрі тереңдей түседі. Содан кейін Беляев, Қонаев, Әуезов Сәбит соңына түсіп, барлық шығармаларына жағымсыз сөздер айтып, соңына түседі. Осы екеуінің арасында даудамайды, антогонистік қайшылықты академик Т. Кәкішев талдап жазыпты. Содан кейін барып, сол заманадан қалған тірілер түсініп жатыр. 17.06.2009 ж.

Орыс жазушысы Даниил ГРАНИН:

«Русский интеллигент уходит»,- деген мақаласында: **«орыс зиялысы сахнадан кетті, енді қайтып келмейді. Ендігі күш тек қана жеке интеллектуалдарға түседі»,-** деген еді.

Үндемей қалу – рухани нағыз оңбағандық.

Киллер, или наемный убица – от англ. killer – «убийца», человек, совершающий убийство за вознаграждение от заказчика.

Оксфорд – англ. Oxford, окс- өзгіз, форт-өткел. Сонда «Өгіз өткелі»,- деген мағынаны білдіреді. Англияда қала, Оксфордшир графствосының астанасы және даңқты Оксфорд университеті бар.

ЖЕКЕ ПІКІР, АШЫҒЫН АЙТСАҚ

Патша халқымен ғана патша! Қолымда «Президент және Халық» – республикалық қоғамдық саяси газет. 2005 жылғы 27 тамыздан

шығады. Баспасөзде алпыс жылдай ғұмырын қалдырған бір қаламгер ретінде айтайын дегенім: газеттің аты, алдымен, «Халық және Президент» болу керек. Халық – қоғам – мемлекет. Содан барып осы құрылымдар сайлаған басшы президент болу керек-ақ,- еді. Себебі, халық болмаса, президент басшы қайдан шығады? Президенті туғызатын халық емес пе?

Халық – мұхит, халық, теңіз. Ал оның басшысы сол мұхит пен теңіздің бір тамшысы! Сонда Халық бірінші одан кейін басшы тұрғаны әділетті де, заңды құбылыс болар еді.

Өріптестер іренжімес. Бұл да бір ойланатын іс болар. 30.18.2005 жс.

ҰЛЫ ҰСТАЗЫМЫЗ ЕДІ

МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ ӘУЕЗОВ (1897-1961) ЖАЙЛЫ БІРЕП СӨЗ.

ЕСКЕ: 1950 жылдары Қазақтың С.М. Киров атындағы университетте студент болып жүргенімізде М. Әуезовтың дәрістерін «Спецкурс по Абаеведению» тыңдағанбыз. Ол кезде өз қолымызбен оқу корпусын Комсомольская, қазіргі Төле би көшесі мен Ұйғыр қазіргі Ахмет Байтұрсынов атындағы көшелері қиылысындағы төрт қатар үйді оқу корпусын салғанбыз. Осы үйдің ауласында 600 орындық акт залы болды. Көбіне Әуезовтың дәрісі сонда өтетін. Осы акт залына Михайл Шолоховты алып келіп Курова Ксения Сергеевна екеуіміз студенттермен кездестіргенбіз.

Мұхтар 1917 жылы 20 жасында:

1. Райхан Кәкенқызына үйленіп еді. Қыз ол кезде 15 жаста екен. Одан Мұғалима атты қызды, Шоқан атты ұлды болады. Айрылып кетеді. Қыз осы 2001 жылы қайтыс болды.

2. 1922 жылы Абайдың немересі Кәмилаға үйленді. Одан Мағрипа, Зере атты екі қызды болды. 1926 ж. Кәмиладан ажырасады. Кәмила туберкулезбен ауырады. Содан 30 жасында ол келіншек құса болып өледі. Екі қызы ерте өліп кетеді.

3. 1926 жылы Ленинградта оқып жүргенде курстасы Валентина Николаевнаға үйленді.

4. Ол орыс қызынан Ләйла (кейін Қонаевтың інісі Аскарға жар болған қыз) Ернар, Елдар, Елдос, деген балалар болады.

Сөйтіп жүргенде, бірінші рет Біләл Сүлеевтің, екінші рет Ілияс Жансүгіровтың әйелі болған татар қызы Фатима Ғабитқызынан Мұрат атты ұл көреді. Ол 1941 жылы туған еді.

Ал Фатиманың Сүлеевтен Жәнібек ұлы, Ілия Жансүгіровтен Уфа, Үміт. Болат атты үш баласы болған.

Мұхтар Әуезов 64 жасында 1961 жылы дүниеден озды. Тағдыр деген осы-ау!

Қалай дүние салғаны жайлы: ...Жазда Мәскеудің қала сыртындағы Кремль ауруханасының филиалында рак желудкадан қайтады. Хирург жас, тәжірибесіз операцияға дайындаған анестезиолог-дәрігер наркозды шамадан тыс көп беріп, оянбай қалады. Мұны академик, рентгенолог **Сайым БАЛМҰХАНОВ** естелік етіп жазған еді. *Маусым, 2009 ж.*

1957 ж. 60 жылдығына, туған жері Бөрілі (Семей өңірінде) туған, кіндігін кескен үйіне келеді. Қасында Мәстура Сармурзина (бұл аты шулы сұлу, сол 1950 жылдары Әуезовтың аспиранты болатын, бізге Мұханның Абайтану курсынан семинар жүргізетін) және Есмағамбет Исмайлов, т.б. болған.

Мәскеуде, Н. Тихонов – Лениндік сыйлық комитетінің төрағасы аэропортта Мұханды қарсылап алады ғой. Қатар жүріп келе жатып Мұханның шалбарының алдының түймелері салынбағанын көріп:

Мұхтар Омарханович, магазиніңіз ашық қой,- депті.

Сонда Мұхаң:

Иә, ашық болса, сатушысы қасымда ғой,- депті.

«Қазақстан үшін Мұхтар Әуезов – екінші Абай, ал біз үшін **Шығыстың Шолоховы**», - деген еді-ау **Николай ПОГОДИН**, орыс жазушысы.

Менің-ұстазым, данышпаным Мұхаң туралы әділ баға ғой.

ҰЛЫДАН ҰЛАҒАТТЫ СӨЗ ТУАДЫ

Ұлы мәдениеттер өзінің кішкентай өкілін де жоғалтпайды, ол сонысымен ұлы; ал кішкентай мәдениет өзінің ұлы өкілдерін де оп-оңай жоғалтып алып жатады, ол сонымен де кіші. Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ.

Білмеймін бұл қазақта жоқ па қайғы,

Ұлысын тірісінде мақтамайды.

Күресі әділдік пен зұлымдықтың,

Үстінде жұмыр жердің тоқтамайды. Ақұштан БАҚТЫКЕ-РЕЙҚЫЗЫ, ақын.

Басында бағы барында Сүлейменге сүйенген, басынан бағы тайған соң, Сүлеймен де сүмірейген. Халық БИЛЕРІНЕН.

... «Ақтөбе облысы Шалқар аудандық газетінде отыз жылдай бас редактор болып істеген кәнігі журналист, Сәкеңнің сырлас досы Тауман Торехановтың естелігі көркем дүние..». Көпен ӘМІРБЕК «Көкемнің көзі», «Жұлдыз» журналы, №4, 2009 ж., 142 бет.

Тауман аға естелігінен: «...Дүкенде *«Атылған қыз туралы аңыз»*, *«Аюбайдың ажалы»* кітаптарының әрқайсысынан оншақты данасынан бар болып шықты. Қас қағымда талап кетті. Сәкең де қолтанба беріп үлгерді. Сол жерде әдемі шетелдік тон киен бір сұлу келіншек алдымызды орап өткісі келіп еді, Сәкен:

– Бикеш, сәл бөгелші, тоның әдемі екен?!- деді.

– Ал өзім ше? Тонды әдемі қылып тұрған осы тон ішіндегі бикеш шығар,- деп жармаса кетті. Миығын тарта күліп келіншек.

Сәкең сәл бөгеліп қалды да:

– Сіздің сұлулығыңызға көз жетпейді,- деді. Келіншекті барлай қарап. Шынында да, келіншек ақ тон ішінде киіктің ақ бөкен лағындай ойнақшып-ақ тұр. Тостағандай қара көзін төңкеріп тастағанда, ішінді өртеп жібереді. Қасына бір жігіт келіп, жаңағы бізді елітіп тұрған келіншекті жетелей жөнелді. Сәкең келіншекке көзін қысып қалды. Оның беті қып-қызыл болып кетті.

Сәкең таңдайын бір қағып, менің иығымның үстіне қолымен қойып қалды. Сонсын:

– Мына бикеш неткен әдемі еді. Мұнымен бір төсекке жататын жігіттің не арманы бар екен, ә? Иә, «Көз салған көрінгенге көңіл арсыз»,- деген ғой. Желмен майысқан келіншектер осы елде көп-ау деймін,- деп бір қойды да:

– Тауман-ау, жаңағы сұлу менің есіме бір кереметті түсіріп жіберді. Алматыдағы Калинин көшесінің бойында, Орталық гастронном жанадан ашылған, үстіме ағылшын ақ қойының терісінен тіккен тонымды кейе салып, осы гастронномға келдім. Әйнекті витринаға келіп, ішінде жатқан шұжықтарға көз салып тұрғанымда, тонымның шалғайына қотыр ешкіше сүйене өткен біреу жарық еткізіп, ашып кетті. Етегімді жинайын деп ыңғайлана бергенімде, жаңағы сұлу келіншекті бір жас әйел, жетектеген баласы бар, менің тонымның шалғайына қарап қалған екен. Әйелге мойнымды бұра, мына қысық көкшіл көзімді қысып-қысып жібердім. Сол кезде әйел:

– Вася, мына кісі маған көзін қысады,- деп дауыстады. Жаңағыдай болмай, енгезердей бір дәукара жігіт әйелдің қасына жетіп келіп:

– Не болды?- деді.

– Мына кісі көзін қысады,- деп қайталады. Жігіт маған қарады сол кезде, оған да көзімді қыстым.

– Сол кезде жаңағы жігіт келіншекті жетелей жөнелді.

– Дура, ол адам маған да көзін қысты, шамасы ол ауру болар,- деді.

Есікті жігіт аша бергенде, әйел маған қайта қарады. Мен әйелге көзімді қайта қысып, сұқ саусағымды шекеме шұқып қала бердім. Басың істемейді дегенім еді». (143 б.,соңы.)

Иә, тар жердегі тапқырлық қой бұл.
Тілінің бізі бар Көпен Әмірбек дос іні, сырлас жолдас еді. Талай-талай Садықбек аға жайлы әңгіме шерткенбіз.

ҰЛЫЛАРДЫ ТАМСАНДЫРҒАН ЕКЕН

Заманының атышулы тұлғасы – халық батыры өзінің саналы өмірінің соңғы жылдарын ел бірлігіне арнап даңқты Би болған Есет Көтібарұлы қолына домбырасын алып былай,- деген екен:

*Хан бұрылып қараған,
Би суырылып сұраған –
Сылдырлап белін шешінген,
Назданып аяқ көсілген
Ажары кетер арудың
Екі он бес жыл өтсе...*

Есет Бидің осы жыр жолдарын оқып, танысқан Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан бастарын шайқап, тамсанып қалған көрінеді. «**БЕС ҒАСЫР ЖЫРЛАЙДЫ**» кітабынан.

ТАЗА ЖАНДАР РЕНЖІМЕС

Әйел кім? Әйел адамның торы. Ол бойын түзеп, көзін қысады, билейді, бойыңды елжіретеді, денеңе шайтан отын жағады, әйелі кім? Жыланның ордасы, көңілдің құрты, жынның ойнағы, өшпенділіктің оты, дозақтың әзәзілі, перінің салқыны. Алексей ТОЛСТОЙ. «Петр I-ші», роман, 1 кітап, Алматы, 1950 ж.

Быть пленником любовницы хуже, нежели быть пленником на войне, у неприятеля скорее может быть свобода, а у женщины оковы долговременны. Ұлы ПЕТР I-ші, Ресей императоры.

Ұлы жазушы СЕНДАЛЬ өз өмірінде семья құрмай өткен. Бірақ бірнеше әйелмен серуендеген. Олардың ішінде күйеуге шыққан бір әйелмен – миландық *Анджела Пьетрагуа* замандастары ортасында «Джина» деп атап кеткен бикешке өлердей ғашық болады. Амал не, ол Сендаль келгенде сол үйде басқа бір еркекпен төсекте жатады. Айрылысады. Кейін әйел Сендальдың аяғына жығылып, кешірім сұрайды. Сол әйелдің есімін өлерінде құмға, күнделігіне жазып кетеді.

Иә, түркілердің «әйел затына сенбе!»,- деген салқын сөзі еске түседі-ау. Әрине, әйелдің бәріне бірдей сенбеу дұрыс емес.

07.07.2009 ж. – СЕЙСЕНБІ. Мен үшін бұл күн әркез көңілсіздік әкелетін еді. Бұл күні де өте ауырдым. Өзен жағасында үш сағаттай

отырып, кешкілік келдім. Иә, балаларды осы күні түсте көрдім. Бірақ келесі күндері көре алмадым, шаршап жүрген шығар. Олардың дау-сын естудің өзі де көңіл-күйге демеу болатын еді.

18.07.2009 ж. – СЕНБІ. Бүгін түскі асты жақсы іштім. Қызым, немерелер сөйлесті. Сол қуаныш қуаттандырып, тамақты көңілді іштім. Он төрт сағат шамасында залға келіп диванға отырып, «ЕҚ» газетіндегі Айталы мақаласын оқып отыр едім басымнан басталған қызу, ес тану тұлабойдың жансыздануы басталып, аяғыма дейін жетті. Тағы не болғанын білмей естен танып қалдым. Жер көшіп кетті. Бұл осы жылғы 14 мамырдағы оқиғалы ес танудан кейінгі еді.

КЕЗДЕСУДЕН ТУҒАН ТОЛҒАУ

19.07.2009 ж. Есентай өзені жағасындағы көлеңкесі қалың ағаштардың ішіндегі орындыққа барып біраз отырдым ...

Бір кезде қасыма өте жұқа, беті көгеріп қалған сол алпысты алқымдаған қазақ рұқсат сұрап отырды. Темекі тартты. Мен әлі тіл қатқаным жоқ. Бір сәттен кейін:

– Аға, темекі тартыңыз,- деп қорапты ұсынды. Қойғанымды айттым. Содан кейін:

– Аға, әңгімелесейік,- деді. Сол бір қас-қағымда аса жұқа елуді алқымдаған әйел абыржып, тілі күрмеле:

– Үйдің кілті сенде ме?,- деп жаңағы қазаққа шаншыла қарады.

– Жоқ, үйден шығарда өзің алдың емес пе?!- деді. Солай аба-жаба болып отырғанымызда, алдымыздан шалын жетектеп, ақырып, жекіріп келе жатқан бір сарытұра әйел өте берді. Шалға қатты-қатты сөздер айтып, еңселеп барады. Менің қасымда отырған ер адамның жаңағы кілт сұраған әйелі оларды көріп, су сепкендей басылып қалды.

– Аға, мына екі әйелге бірдеңе айтыңызшы,- деді жаңағы қасымда отырған еркек.

– Иә, не айтайын қарағым, «отыз ұлым болса да, осырақ шалым болсын қасымда»,- дейтін қазақтың дана бәйбішесі қазір жоқ қой,- дедім.

– Аға, кешіріңізші, менің оғаш қимылыма қарай айттыңыз ба?- деді жаңағы кілтін жоғалтып, ерінің етегінен алып жатқан әйел.

– Жоқ, қалқам, анау-анау деп, қолымды шалын борбайлатып ақырып-жекіріп бара жатқан, қартаң әйелге соза сілтедім.

– Аға, кешіріңіз, мен ондай жүгенсіз бәйбіше болмаймын,- деді тұрып сәлем етіп.

– Қарағым, бақытты бол!- дедім.

Бір кезде жаңағы шалын жетектеген қартаң әйел:

– Шалынан ертерек айырылған кемпірлер бақытты ғой. Ешкімді ешекше сүйретпей, өз күнін өзі кешеді,- деген шаңқылдаған дауысы шықты. Отырған біздер үнсіз ғана тыңдадық, ол ащы дауысты.

*Алған жарың жақсы болса, күнде жайлау, күнде жаз.
Алған жарың жаман болса, күнде аяз, күнде қыс,-*

деп едім әйел күйеуін құшақтап алды да: «Ата, кешіріңізші, көңіліңізге ештеңе алмаңыз. Біз жақсы тұрамыз»,- деп күйеуін қолтықтап алып жүре берді. Бірақ артынан маған салқындау қарады.

ЕЛЕУСІН НАУРЫЗБАЙҰЛЫ

Е.Н. Сағындыков Нью-Йоркке барған бір сапарында көшеде бір қазаққа кездеседі. Ол қазақ Ақтөбенің Жабасағының тумасы болады. Әкесі Мұхтар Кәрібаев Отан соғысына қатысып тұтқынға түседі. Содан Иран, Туркия асып, ақыры АҚШ-қа барып тоқтайды. Әйтеке би ауданынан екен. АҚШ-та бір қыз, екі ұл сүйеді. Қызы Гулзада, ұлы Алтай, Қадір. «ЕҚ», 04.08.2009 ж.

28.07.2009 ж., сейсенбі. Америкадағы адамдар уақытқа емес, уақыт Америкадағы адамдарға жұмыс істейді.

Жарық дүниеге келген екенсің, өмірді тіршіліктің жер табанындағы өгізі етпей, қыран қанатындағы өнер биігіне көтерген ләзім. Г. ГЕТЕ, немістің ұлы ақыны.

ГЕТЕ өз замандасы уақытысында өзінің ұлылығымен әлемді тамсандырған ШИЛЛЕРДІҢ қабырына келеді. Досының бас сүйегін қолына алып тұрып:

Қыршын кету – өмірге жасалған опасыздық! Жастай өлу – өмірді сүйе білмеуден шығар,- деген екен. Иә, одан әрі ГЕТЕ:

Жауыңды көп жасап қана жеңе аласың,- деген еді. Өте ақылды сөз!

Сонда ғана дұшпаныңды күйіндіре аласың, ал достарыңды барынша сүйсіндіре аласың ау, қайран тіршіліктің заңы болған, ақиқаттар емес пе бұл!

ҰЛЫЛАР ҰЛАҒАТЫНАН

Атаңды ұятқа қалдырма, балам. Қазақтың қанатты СӨЗІ-НЕН.

Патшаның жақсысы болғанша, жазушының жаманы болуым керек,- депті, Рим императоры КАРЛ V.

Адамның ұлылығы оның бойымен өлшенбейтін сияқты, ұлттың ұлылығы санымен өлшенбейді. Виктор ГЮГО.

Ұлылыққа ұмтылған ұлт өзінің ұлыларын іздемей, түгендемей тұра алмайды. Сәбит ДОСАНОВ, академик жазушы.

Кәріні мақтап, жасты мін. Есет КӨТІБАРҰЛЫ.

Не ошибаются только трупы.

Жақсының ашуы әсібек орамал кепкенше, жаманның ашуы - басы жерге жеткенше.

Әйел әйелмін деп тартынбаса, ол теңізді кешіп өтеді. Ғабит МҮСІРЕПОВ.

ҮНДІНІҢ БІР БІЛІМПАЗ ОЙШЫЛЫ:

Дос қиыншылықта, батыр шайқаста, әйел кедейлікте, туыс тарлықта, адам әділдікте танылады. Үнді ДАНАЛЫҒЫ.

Әр адамның жан дүниесінде әр түрлі мақұлық болады:

– Біреуде – маймыл;

– Біреуде – суылдаған жылан;

– Біреуде – түлкі;

– Біреуде – қасқыр;

– Біреуде – қоян;

– Біреуде – арыстан; енді біреуде – шибөрі, т.б. мақұлықтар адамның жан дүниесінде ұйықтап жатады.

Сол мақұлықтар адам бір оқыс қимыл жасағанда, тіріліп ұйқысынан оянып кетеді. Сонда:

– маймыл ояна қалса, ол адам маймылдай майысып, мүләйімдай білсе;

– Біреуінде жыланы оянса, жыландай сумаңдап, ысылдап уын шашады;

– Біреуінде түлкі оянса, бұлаң мінезіге мініп, асты-үстіңе түсіп ыржаңдап, күлімдеп өкішеңді жалайды, сүйеді;

– Ал қасқыры бар адам – қабады, күш көрсетеді, ешкімге дес бермейді;

– Ал қоян оянса, ол қорқақ, үркек;

– Ал арыстан оянса, ол адам айбатты, қайратты болып биіктей түседі, т.б. осылай адам ағзасы түрлі мақұлыққа оранған.

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ АСТАНАЛАРЫ:

Байтақ «пойтахт» – парсы сөзі, астана деген мағынаны білдіреді, былай айтсақ, «тақ табалдырығы».

– Үйсіндер елі Шығу;

– Қаңлылар мемлекеті – Битязь;

– Батыс Түрік Қағанаты – Сұяб;

– Қарұлық мемлекеті – Қойлық;
– Қарахан елі – Баласағұн;
– Оғыз мемлекеті – Янгикент;
– Қимақ мемлекеті – Илек;
– Ақорда ұлысы, сосын көшпелі өзбектер (Әбілқайыр) мемлекетімен.

Қазақ хандығы – Сығанақ, заманында **Отырар, Испиджаб (Сайран) Түркістан** да астана болған.

1920 ж. Ленин, Калинин қол қойған **Орынбор** қазақ автономиясының астанасы деп, танылды.

1925 ж. 26 қаңтарда Қазақ астанасын **Ақмешітке (Қызылордаға)** көшіруге ресіми шешім қабылданды.

1928 ж. қазақ жазба тілін латын әрпіне көшіруге шешім болды.

Астананы **Алматыға** көшіру шешімі **03.04.1927 ж.** шықты. Бірақ **1929 ж. мамыр** айнан бастап көшті.

Орынбордан Қызылордаға көшіру Сұлтанбек ҚОЖАНОВТЫҢ, содан Алматыға көшіру Тұрар РЫСҚҰЛОВТЫҢ, одан Ақмолаға Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТИҢ ұсынысымен шешілді.

ПАТШАҒА БАС ИМЕГЕН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Иә, Россияның патшасы Павел I-ге Михайл Ломоносовтың мінезі жақпаған. Себебі Михайл тік мінезді, ойын бетің бар, жүзің бар демей айта салатын, айтқанынан қайтпайтын тұлға болыпты.

Иә, патшаға адам жаққан ба?

Оның аяғынан сүйетін, артын жалайтын сумақай, жағымпаз ақыл есі өзінен төмен түшкірсе, жарекметулла,- дейтін адамдар ғана қасында болды емес пе? Бұл қай замандағы билікке – патшаға тән «қасиет!»

Патша Павел I-де өзінің өкшесін жалайтын академиктерді жинап алып, Михайл Ломоносовты аластатуға қол жинап, қойғызып алған.

Кейін М. Ломоносовқа бұл хаттама жетеді. Сонда Ломоносов:

– Хаттаманы патша жарлығын қолына алып, быт-шыт жыртып тастап:

– Қара оны, мені академиядан шығаруы заңды емес. Оның бұған құзыры жетпейді! Ал мен өзім бір академиямын! Олай десе, академия менен шықсын! - депті.

Ломоносов был великий человек. Между Петром I и Екатериной II он один является самобытным сподвижником просвещения. Он создал первый русский университет, он, лучше сказать, сам был первым нашим университетом. А.С. ПУШКИН, величайший русский поэт.

Ердің атын ел шығарады,

Елдің атын ер шығарады. Қазақтың қанатты СӨЗІНЕН.

Мен үшін бір адам – тұмас халық. Ал халық бір адам сияқты.
ДЕМОКРИТ, ұлы ежелгі Грек ойшылы.

Жат елде жүріп те өзі бір халыққа айналған әл-Фараби, Бейбарыс сынды арыстарымыз ұлтымыздың ұлылығын танытты емес пе?! Сәбит ДОСАНОВ, академик, жазушы.

Екі баланың ортасындағы қарт – бала болады.

Екі қарттың ортасындағы бала – дана болады. Халық ДАНА-ЛЫҒЫ.

Көркем шығарманы оқушыға түп нұсқадай түсінікті етіп жеткізу үшін, аудармашы, суретші болу керек. В.Г. БЕЛИНСКИЙ.

Спикер – ағылшын сөзі – төменгі палатаның басшысы,- деген ұғым береді.

Атаның сөзі – ақылдың көзі.

Ел азадан азады, тон жазадан тозады. Халықтың қанатты СӨЗІНЕН.

Жас ұрпақты бүгінгі билік тұғырына, психологиялық құлдыққа тәрбиелеу – өте қате! Жастардың келешегіне қарай ойын-пікірін, келешек қоғам қожасы екенін сездіретіндей етіп, тәрбиеленуіміз керек! Өз СӨЗІМ.

Талтаңдаған мықтыны, қалтаңдаған жығады. Садықбек АДАМБЕКОВ.

Қинамайды абақтыға жапқаны,

Қиын емес дарға асқаны, атқаны.

Бәрінен де маған ауыры –

Өз аулымның иттері үріп қапқаны. Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.

Иттің қапқанынан,

Қатынның қапқаны ауыр. Иә, солай. 2004 ж.

КИЕЛІ СӨЗ

Біреуге бағыныштылық – бақытсыздық. Көтібарұлы ЕСЕТ ба-тыр.

Қалаған жерімнен келін түсірдім, бірақ қалаған жеріме қызымды бере алмадым. Есет Көтібарұлы.

Есет еркіндікті ту етіп ұстаған тұлға. Оны күшпен бағындыра алмайсың. В.А. Перовский, Самара-Орынбор губерниясының бас гу-бернаторы.

Есет еркіндікті, бостандықты, біреуге тәуелді болмауды сүйе-тін адам. В.В. ГРИГОРЬЕВ.

Айтар едім, біреуге бай деген, біреуге жоғары лауазым деген, біреуге би деген атак-даңқ жараспай-ақ тұрады. Оның ішінде молда дегенде бар, әрине, бәріне талдау беруге сауатым жеткенмен, уақытым жетпейді. Есіме де кейде алғым келмейді.

ЕСІМНЕН ҚАЛАЙ ТАНЫМ?

Бұл сейсенбі күні естен танып, өлім мен өмір арасында жан берісіп, жан алысқан уақыт болды. Оң жақ қабырға астынан басталған ауру, түс ауа барлық ішек-қарнымды жаулап алды. Құлында құлынып шықты. Тап 1990 жылдың аяғында ұстаған ауруға ұксады. Приступ осылай басталған еді. Аяғы – Шалқар, Ақтөбе, Алматы ауруханаларына мені сүйреген еді. Бұл жолы біраз дәрі іштім. Токтамады. Түннің екінші жартысына дейін ес танып қалды. Ауруханаға баруға, жедел жәрдем шақыртуға да тіл келмеді.

Содан «Овесол» таблеткасын іштім, эссенциалын іштім, мезим іштім. Таңға жуық көз ілініп кетіпті. Ол барлық дәрілерді бәйбіше ішкізді. Ертенгісін тәуір болғанымды сезіндім.

Иә, не тамақ іштім? Екі бауырсақ – лепешка жедім, содан болар.

30-31.07.2009 жс.

* * *

Аш елде, кедей мемлекетте демократия болмайды. О. ЛУЖКОВ, экс мэр Москвы.

Аштар, кедейлер ешкімді тындамайды. **ЛЕНИН айтқан: «Хлеб голодным, земля - крестьянам».** Иә, солай.

Өлген соң ұйықтайсың мәңгілік. Ал тіршілігіңде тырбына гөр. Корей ДАНАЛЫҒЫ.

ХАНБИБИ ұлы Адай бабамыздың шаңырағын заманында ұстап отырған ұлағатты Анамыздың есімі.

ӘДІЛ СӨЗ

Заманында Наполеоннан сұраған екен:

– *Осы тарихты ең көп өзгертетін кім?*- деп. Сонда ұлы тұлға былай депті:

– *Тарихты ең көп өзгертетін тарихшылар,*- деген екен.

Иә, академик **Сайым БАЛМҰҚАНОВ** айтқандай, *тарихшылар тарихты заманының әміршісінің көзіне қарап жазады.*

Иә, кімнің арбасына мінсең, соның өлеңін айтасың,- деген ғой.

Меніңше, екі замандағы, екі пікір де, баға да өте орынды айтылған, ақиқат осы! 2007 ж.

Когда человек весь отдается лжи, его оставляет ум и талант.
В.Г. БЕЛИНСКИЙ.

ЖҮЗГЕ БӨЛГЕННІҢ ЖҮЗІ КҮЙСІН

Еске алсам, қазақты жүзге бөлу – елдің тірлігіне, бірлігіне қарым-қатынасына жік салу. XX, XXI ғасырларды аталыққа, руға бөліп жүрген жікшілдердің әрекеті.

Жалпы ескі замандардағы архивтік құжаттарда «Ұлы жүз», «Орта жүз», «Кіші жүз» деген атаулары кездеспейді. Тек «Кіші Орда», «Орта Орда» т.б. атаулар бар. Мен өзімнің жазған он шакты кітаптарымда ешбір жүзді жазғаным, келтіргенім жоқ. Қазақ елінің «Батыс өңірі», «Қазақтың Сарыарқасы», қазақтың шығыс өңірін «Оңтүстік шығыс өңірі» деп жазған едім.

ӨКІНІШТІ-АҚ

15.03.2009 ж. Константин СИМОНОВ: «Ожиданием своим ты, спасла меня»,- деген еді ғой. Менің 18 жасымда қосылған жұбайым шиеттей бала – шағаның ішінде отырып мені 5 жыл бойы аштық, жалаңаштықта, ағайын-туманың тепкісінде күтті-ау! Еріне адалдық,- деп осыны айт! Ұлылардың ұрпағы екенін дәлелдеді ғой. Міне осы күзде 30 қазанда, отбасын құрғанымызға 60 жыл болады. Жаратушы Ием, бергенінен жаңылмағай!

ӘЙТЕКЕ БИ ШЫҚҚАН АТАЛЫҚ

Балзада Шәмшіқызының – менің балаларымның анасының шығу тегі жайлы қысқа бір деректер.

Аламан – Алшын – Әлім – Төртқара – Қараш – Ақпан – Ақкиіз – Боза ... Кенжеқара – Шәмші – Балзада – Рая – Максим.

Ал Қараштың Токпанынан Тоғанас – Шобан – Сейтқұл.

Сейтқұлдан – Сейтмембет, Төлес, Ақша – Айдарбек.

Айдарбектен – Желкілдек – Әйтеке, Жалаңтөс, т.б.

ЕСКЕ АЛСАҚ: Өз Тәуке ханның төртінші атасы Қасымхан өлгеннен кейін, біраз халықты билеген, әмірін жүргізген Шығай Жәдікұлы Сыр бойынан көшіп, Нұрата басына келеді. Сонда Шығайға еріп келген бала осы Сейтқұл еді. Сол Төртқараның 8 баласы болған. Оның ішінде тарихта қалғаны Жалаңтөс. Елге ел ханзаттарының көзіне

ақылдылығымен, жүректілігімен танылған Жалаңтөс кейін Бұқарды билейді. Сол кезде болар Қабақты Ташкентке бек еткені. Әрине, көбірек архивтік материалдарды зерттеу керек болар.

Демек, Қараштан Тоқпан, одан Тоғанас, Шобан, Сейтқұл.

Ал Ақпаннан – Көзгене, Құлтас, Құламан, Ақкиіз.

Ақкиізден – Андабай, Кешубай, Жанғана, Тұматай, Боза.

АЛАПАТ ТРАГЕДИЯ!

Өткен заман оқиғасы есіме түсіп отырғаны. Иә, қалай еді өзі? Ұмытып қалмас үшін жазып қойғанмын. Дұрыс болар, ә? Иә, солай.

Арал теңізінің жағасында, Аяққұмда, Әлім тауында, Ұлықұм мен Кішіқұмның Толағай бойында, Айрық тауының етегіндегі бір замандарда төңірегіне нәр беріп жатқан Ақтоғай өзенінің қаңқасы кеуіп жатқанын көргеннен кейін ойыма келгені:

Бұл өңірлерде теңіз де ауырады, құм да ауырады, су да ауырады, өсімдік те ауырады, ел-халық та ауырады, тас та ауырады, ауа да ауырады,- деп блокнотыма жазып қойған едім. Бұл 1975-1980 жылдар еді. Сол бір 1948-1949 жылдарда Ұлықұм жайлы аса бір сүбелі еңбек жазған ағайынды Малюгиндердің Арал маңының Солтүстік бетіндегі Ұлықұм жайлы (кейін Сталиндік бірінші дәрежелі сыйлық алған) кітабын оқыған едім. Онда Ұлықұмда 270-280 түрлі өсімдік өсетінін, Аяққұмда қыс болмайтынын теңіздің бусануы арқылы құмда тұман түсіп, қар жатпайтынын, отыра қалып құмды шұқысаң тұщы су шығатынын жазған еді. Кейін бәрі – теңіздің өлуі арқылы бәрі жер бетінен аспан астынан жоқ болғаны байқалды. Бұл, біріншіден, теңіздің өлуі, екіншіден, Мұғалжар тауының етегінде атом қаруын сынайтын далалық лабораторияның құрылуына байланысты болды.

ТАСС хабары: «Совет Одағының Қазақ ССР-іне қарасты Ақтөбе облысында, 3-ші октябрьде 1987 жылы, Жер асты қуаты 20 киллотондық ядролық жарылыс болды».

Бұл қысқа хабарды «СҚ» алтыншы октябрьде басып, жария етті-ау.

Иә, бұл жер асты жарылыс шамасы 5-6 баллдық жер сілкінісіне тең екенін кейінірек білдік. Мұғалжар тауы қойнауындағы далалық атом сынағын өткізетін лабораторияға жақын маңдағы елді мекендердегі үйлер шайқалды, саз балшықты үйдің үрліктері айырылып түсіп, шабақтары салбырап қалды, аспан өртеніп жатқандай болды. Бұл оқиғаны көргендер кәлимасын қайтарып жатты.

Келесі жазда көктемде бес аяқты, үш басты, тықыр, жүні жоқ, төлдер туды. Көбі өлі туды. Әйелдер босана алмай өліп жатты. Туған балаларының қол-аяғы жоқ, үстіңгі екі сояудай тістері бар сәбилерді

көрдiк. Бiреуiн суретке түсiрiп алған едiм, оны кейiн осы 2004-2005 жылдары газет-журналдарға бердiм.

Сондықтан бұл жайды тиiстi орындар бiлдi. Бiрақ оңалған ештеңе жоқ.

АЛМАТЫ қ., 2005 ж.

«Ешекке алтын жабу жапсаңда, ат болмайды». Корей халқының қанатты СӨЗІ.

Көшiп келген ауылдың бұқасын, қонған елдің тәйкесi қорқытады. Халық МАҚАЛЫ.

Күшiгiнде таланған ит, төбет болып жсарытпас. Халық ДАНАЛЫҒЫ.

Биылғы қазақ, былтырғы қазақ емес. Смағұл СӘДУАҚАСОВ.
Үлкен де ұлы философия!

ҚЫЗЫҚТЫ ШТРИХТЕР

Әр таланттың әр килы мiнез-құлқы, жүрiс-тұрысы бар. Жазу үшiн маған оңаша қалу керек. Бiрақ мен көп күй таңдамаймын. Дегенмен, бiр салқын сөз есiту, мазалау – бар ойдан айырады. Бiр сөз – ауыр сөз. Бiр апталық өмiрiмнен айырады, деуiме болады. Көнiл күйiм болмаса, iшiм ауырып, ақыры ас тұрмай қалады.

Ал мынандай жайлар еске түседi-ау. Бiр замандарда оқыған, есiткен, бiлген, мәселен, **ШИЛЛЕР** жазуға отырарда, екi аяғын су құйған легенге салып, қолына қалам алады екен, ал **ГЕТЕ** көмекшiсiне ескi газет-журналдарды алдырып карап отырып, жазуға кiрiсетiн болған, **Константин ФЕДИН** теңiз шуылы бар күй табақты – костырып, баяу дауысына қойып, жазуға отыратын болған.

Наурыз, 2006 ж.

Тек нәтиже гана маңызды емес, нәтиже процеспен гана маңызды. Г.В. Гегель, ұлы философ, неміс философы. 15.08.2006 ж.

Саясатпен сен айналыспасаң, саясат сенiмен айналысады. У. ЧЕРЧИЛЛЬ.

Либо умей побеждать, либо дружи с победителями, третьего не дано.

... если слепой, споткнувшись о камень, упадет на дороге, то всегда будет ругать камень, хотя виною этого падения является его слепота...

Стрелка испорченного компаса не дрожит. Она свободна от ответственности.

*Адам көңілі қалады татым құрттан –
Жайсаңдарды қашанда жақын құртқан. Ф. ОҢҒАРСЫНОВА,
ақын қыз, 2008 ж.*

*Жамандық қасиет жасқа қарамайды, ол жасан да жасам-
паз кәріден де шығады. Негізінде, ол сүйекке біткен, әке-шешесінің
ағзасымен келетін бір улы арна болар!*

*Күншілдік, көреалмаушылық барлық зардапты кесептардың
бастауы. И.А. ИЛЬВИН.*

*Әйелің «Азаматым деп ардақтаса, күйеуінің көңілін көтеріп,
жігерін жанып, өзіне өзінің сенімін арттырып отырса, қандай ер-
кекке де қанат бітпей, қайрат қосылмай тұрмайды. Б. ӘШІМОВ,
ҚазССР Үкіметінің 14 жыл басшысы болған тұлға.*

*Қабағы қатулы, түнерген адамның бойында еркіндік сезім та-
рылады. Мұрат ӘУЕЗОВ.*

*«Көр» азабындай, азап шеккің келмесе, күншіл өсекиі болма!
Таза адам аяғын көсіліп ұйықтайды.*

ҰЛЫ СӘУЛЕТШІ ТӨЛЕУ БӘСЕНОВ ЖАЙЛЫ

Бұл күні 15 сағатта Иманбай өз көлігімен мені алып кетіп, қазіргі Алматы қалалық Әкімдігінің ғимараты жанындағы халық демалатын орынға жеткізді. Сол жерде Шымберген мен Рахметулла (Маталашка дейтін Нәби Құлшаманұлы – жиені ғой) кездестік. Алматы бізді оператор («Хабар» агентігінің) Болатпен таныстырып, өзі рұқсат сұрап, жұмысына кетті. Ұлы сәулетші Төлеу Құлшаманұлы Бәсенов жайлы естеліктер айтуға, оны оператор таспаға түсіруге жиналған едік. Шымберген мен Рахметулла естеліктерін беріп болып, кезек маған жетті. Ауа-райы қолайсыз болып, аспанды қара бұлт торлап, аяқ астынан қолайсыздық белең алды. Мен естелігімді айтып, ортасына келе бергенімде, тас бұршақ жауып, әңгімемізді үздік. Иманбай, Болат үшеуіміз бір талдың, теректің астына 5-6 минуттай тұрдық. Бұршақ тоқтады, әңгімемізді жалғастырдық. Иә, қалай жазылғанын, қалай айтылғанын білмеймін, әйтеуір қолайсыз болды. Қалай дегенде де тоңып, қалтыраған жоқпыз. Көңіл күй де түспеді.

Алматы қ., бейсенбі, 27 тамыз, 2009 ж.

БАС РЕДАКТОР АУПБАЕВ:

«Егемен Қазақстан» газеті, 26.08.2009 ж.

Жазушы Тауман Төрехановтың «Дала Геркулесі» атты тарихи романында сондай бір қандасымыз бар болып шықты. Бойы 2 метр 30 сантиметр болатын, ол кісі ХІХ ғасырда өмір сүрген атақты Есет Көтібарұлы екен. Бұл бабамыз жайлы дерек қалдырған сол замандағы орыс зерттеушісі Е. Ковалевский,- дейді кітап авторы. Жанболат Әлиханұлы (АУПБАЕВ), «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы.

Айтар едім, Жанболат Әлиханұлы – ары да, ояңданы да таза ірі тұлға, нағыз хас шебер қаламгер, нағыз әділеттің Адамы! Амансау бол, қазағымның арда Азаматы! Ағаң Тауман ТӨРЕХАНОВ.

Кітап оқымаған адам - қара жұмыстан соң жуынбаған адаммен тең. Ханбибі ЕСЕНГАРАЕВА.

Өте орынды сөз екен. Иә, бұл заманда адамдар рухани азғындап, ақша санауды өмірлік, ойынына айландырды емес пе?! Жаны қасанданған, дүние бокқа қызыққан адамнан ештеңе күтпе!

Қанжар ұстаған аңшыдан гөрі, дәрігердің теріс шешім қабылдап, емдегені қаупті. Кореяның қанатты СӨЗІ.

«КҮНДЕСТІҢ КҮЛІ ДЕ КҮНДЕС»

Адам баласындағы көреалмаушылық, бакайдан шалып құлатып, сұлатып тастаушылық тарам-тарам болып кете береді. Санайтын болсақ, көреалмаушылық, қызғанып өртеушілік, сүйтіп кете береді. Бұл категорияға кемшілікті, өштесуді, т.б. жатқызуға болар еді. Бұлар да мағыналық аздаған айырмашылығы да бар. Бірақ, көбіне, синоним. Бұларды зерттегендерде бар, зерттеу де керек.

Күншіл адам – қызғаншак та болады. Біреуде барды күндейді, біреуде барды қызғанады. Екеуі бір құбылыс.

Ал осындай жағымсыз, тіпті, жауыздық қайдан шығады? Әрине, бұл кейбір адамдардың сонау ата-бабасынан, не нағашы затынан ағзасынан болған. Сол құбылыс өмірден өмірге, ұрпақтан ұрпаққа жалғасады, оның қанымен психологиясымен, мінез құлқымен өрбиді.

Айту керек, тап-таза, өсек-өтірік дегенді, біреуді күндеу, көре алмауды білмейтін, жандар да қоғамда бар емес пе?

Әрине, мен бұған мыңдаған дәйекті мысылдар келтіре аламын. Бәрі демей-ақ қояйын көбі басымда тұр. Бәрі демейтінім. жас

келгенсін тек жастау кездегі оқиғалар, эпизодтар баста сақталады да, қартайғансын ұмытылады. Бұл жерде үндінің бір ұлы ойшылының пікірінде келтіруге болар еді.

2009 ж.

ИӘ, ДҮНИЕ ЖАЛҒАН

Дүние, шіркін, жалған ғой, біреуге бетін, біреуге артын береді. *Иә, дүние жеткізбейді қуғанменен, болма араз дүние үшін туғанменен.*

Дүние түгенделмес. *«Дүние тегіс болғанша, әсігітке бір іс болады»*, - дейміз ғой. Бұл ұлы диалектика!

Ал білетінде дүниені тегістеген бір адам болыпты. Ол – немістің ұлы ақыны – *ГЕТЕ* еді. Үлкен қызым неміс филологиясын өте терең білетін еді. Содан білемін ғой кейбір жайларды.

Менің өмірде, табан аудармай әділеттік үшін алысқан, жарты ғасырлық жұмысымда-баспасөзде тап осындай тыныс та өтті десем, артық айтқандық емес. Иә, әділетті ту етіп ұстаған адам, күрескен елі үшін басшы-шенеуніктерге-партократтарға жаға бермейді. Мен қоныс аударғанда, «әттеген-ай, тірі кетті-ау», - депті бір «достарым». Иә, олар бақилық болып кетті. Қайтейін, олар тірі болса, мен шындала түсер едім.

29.08.2009 ж.

ҰЗАҚ ЖАСАҒЫҢ КЕЛСЕ...

(Тибет гимнастикасы)

1. Басбармақты құлақтың сыртына қойып, сұқ саусықты ішіне жіберіп құлақты жоғары төмен жылжытып, уқалап 30 рет массаж жасау керек.

- Бұл:** - бетке әжім түсірмейді;
- нервінің жұмысын жақсартады;
- көздің көруін жақсартады;
- тамырларын реттке келтіреді.

2. Он алақанды мандайға, сол алақанды оның үстіне қойып, оңға-солға қарай жылжытып 20 рет массаж жасау керек.

- Бұл:** - бастағы қан тамырының жұмысын реттейді;
- бас ауруы;
- бастың айналуын қойдырады, тежейді.

3. Тегіс жерге, еденге жатып ішті беломыртқаға қарай 20 рет 3-4 мәрте қайталау.

Бұл: - оттегі тұрып қалған қалдықтарды шығарады;

- бауыр, асқазан, ішек ауруларының жазылуына көмек-теседі.

4. Төсекте малдас құрып отырып, табанға әрқайсысына 20 реттен массаж жасау керек.

Бұл: - турасын айтсақ – денедегі барлық нервнің шоғырланған жері – адамның табаны. Сонда массаж дегенің ағзаның барлық мүшелеріне әсер етеді де көңіл-күйінді көтеріп бойынды сергітеді.

5. Саусақтарды айкастырып, қолды желкеге қойып жоғары-төмен жылжыту арқылы 10 рет массаж жасау керек.

Бұл: - ми тамырларының қан айналымын жақсартады;

- омыртқадағы жұлынның жұмысын арттырады;

- мойын мен омырауға әжім түсірмейді.

Пицца должна быть лекарством, а лекарство пищей. ГИППО-КРАТ, ежелгі грек докторы.

Адамның құмырлық міндеті, өзіне өзі құмыр сыйлау... Эрих ФРОММ, неміс психологі, социологі.

ХАЛЫҚТЫ АЛДАҒАН, АРБАҒАН «ЛИДЕРДЫҢ» АҚЫРЫ

Адольф Гитлер не деді?

А. Гитлер өзінің «*Майн Камф*» («*Моя борьба*») деген кітабында: «*Халықты басқарудың ең тиімді жолы – оны алдай білу және алдай беру керек*», - деген екен. ...*Өлгің келмейді екен, онда өзіңді осы халге жеткізген әсүйені өлтір! ГИТЛЕР, «Ақ роза» басылымынан.*

Гитлер саясаты **геноцид**¹⁰ еді, «идеясы» екінші дүниежүзілік соғыс отын тұтандырды. Қаншама – миллиондаған адам қаза болды. Қаншама ана жесір, бала жетім қалды!? Ол бұл адамзатқа қарсы қанды саясатын екінші дүниежүзілік соғыс кезінде барынша пайдаланған нағыз қанішер, фашист болатын.

Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім – адамның дұшпаны, ол басыңа қайғы-қасірет келтіреді. Әбу Насыр ӘЛ-ФАРАБИ, әлемге әйгілі ойшыл, ұлы ғалым.

И делал я благое дело, среди царюющего зла. Н.А. ДОБРОЛЮБОВ, «Памяти отца».

Теория без практики мертва, практика без теории слепа. И. СТАЛИН.

¹⁰ *Геноцид – гр. сөзі - genos адамзат (род, племя) латынның «caedo» - өлтіру (убивать) деген сөздерден шыққан. Мағынасы – адамдарды ұлттық, пәсілдік, діни белгілері бойынша жаттай өлтіру, өлген. БЭС., М., 1998, 263 б.*

Денсаулық жоқ жерде, дәулеттің қайыры жоқ. Кореяның қанатты СӨЗІНЕН.

Ертеңгілік басталған жүрек талмасы кешке қарай адамды өлімге апарса, кешкілік басталған жүрек ауруы адамды ертеңгілік өлімге алып келеді. Хо ДЖУН, Корея елшісі.

Инсульт – латын сөзі. Қазақша ми қан айналуының бұзылуы, миға қан құйылуы.

ҚАЛАМГЕРЛЕР ЖАЙЫНДА БІРЕР СӨЗ

Қаламды қару еткен бір пенде ретінде ойыма орала беретін мына бір жайды қалдырғым келеді.

– Кешегі Кеңес заманында, оның көсемі Коммунистік партияның барлық қамқорлығын көрген – сол партияны, сол құрлысты мадақтап, мақтаған, қолына қалам ұстаған интеллегенция өкілдері – үйлі болды, көлікті болды, жер шарының, жұмысшы, колхозшылардың қолы жетпейтін, барлық бұрыштарына алып барып көрсеткен, атақ-даңқа бөленген, жазған, мадақтаған, боктаған емес, тіпті ол жылдары ол құрылымды ол «патшаны» боктау, балағаттау ойларына да келмеген қалам ұстағандар жазғандарына ойдай қаламақы алғандар, ол құрылысты мәңгілік деп санағандар, бір сөзбен айтқанда, бар қызығын көргендер, бүгін нарықтық экономика заманында ішерге ас, киерге киім, баспана таба алмай, жазған-сызғанына көк тиын ала алмай тірлік етушілер. Енді сол өзіне бұл «ұжмақ» заманын берген сол құрылымды жамандап, балағаттап «қылышынан қан тамған Компартия», - деп қарғыс айтады.

Ал, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері *Амалбек ТШАНОВ*: *«Кешегі Кеңес Одағы тек ұлттық идеологиямызға ғана кері әсерін тигізді. Ал басқа жағынан біз қағажу көріп, Кеңес Одағының жамандығын көрген жоқпыз... Кеңес Одағы жүйесінің кейбір тұстарын алып қалудан біз ұтылмас едік»,*- дейді. *«АЛАШ АЙНАСЫ», 20.06.2013 ж.*

Мұны қалай түсінуге болады? Иә, заманына қарай адамы!

«Бүгінде екі жүзділер қатары көп. Олар капитализмге де, коммунизмге де, құдайға да, шайтанға да сенбейді. Олардікі – ақша, мансап. Адал адам бай болмайды»,- дейді, дара философ, мемлекет, қоғам қайраткері *Аманкельді АЙТАЛЫ*, *«Алаш Айнасы», 19.06.2013 ж.*

Кешегі «ұжмақ жасаған» қамқоршы болған мемлекетті неге са-тады? Иә, ата-бабасын, әке-шешелерін атқан-асқан ұрпақ өкілдері айтса, сынаса, бір сәрі. Жақсылыққа жамандық істеу, кісілікке де, адамн инетке де жатпайды. Бүгінгі мемлекеттік құрлымынан сол бір

бақыттылықты талап етеді. Сол бір «ұжмақты» көксейді. Нарық заманында әркім өз күнін өзі ғана көреді, өзін-өзі асырап, бағады.

Ал қазіргі нарықтық заманда, тіпті капитализм дәуірінде де ұлылар да, атақты қаламгерлер де, қайраткерлер де күнін әрең көрген.

Сонша тарихи еңбек жазған Карл Маркс қызы дүние салғанда әйелінің сырғасын сатып, сол ақшамен жерлеген. Оның отбасын бай досы Фридрих Энгельс қоректендірген.

Ал Белинский, Гоголь, Пушкин т.б. ұлы қаламгерлер тойып тамақ ішіп пе? Айта берсем, көп жайтты жазар едім. Ұзап кетермін ғой онда.

Экономика – грек сөзі. Бұл мемлекеттің өлшемі, тынысы, өте қарапайым түрде айтатын болсақ, өзіміздің тұрмысымыз.

Доктрина – лат.сөзі doctrina, басшылыққа алынатын теориялық және саяси қағидат.

20.12.2005 ж.

ДОСТЫҚ ПЕН ҚАСТЫҚТЫҢ ТАРИХЫ ЖАЙЫНДА

Адам ата (әке) мен Хауа (Ева) анадан Авел мен Қайын атты екі ұл өмірге келеді. Тарихи себептеріне тоқтамай-ақ қояйын, ол бір үлкен әңгіме, екеуі бірін-бірі өлтіріп тынады.

Ибрагим пайғамбардың әйбішесі Сара бала көтермейді. Содан пайғамбар Мысыр шаһарында есігінде жүрген күн әйел Агардан ұлды болады. Ол ұлдың атын пайғамбар Исмайл қояды.

Иә, кейінірек Сара екіқабат болып, дүниеге ұл әкеледі. Оның атын пайғамбар Ысқақ қойған екен. Содан Сара өзі балалы болғансын, *Агар күңді баласы Ысмайл ұлымен қуып жібереді. Олар бұрынғы Мысырға жетеді.*

Агар Мысырда тұрып көп ұрпақ таратады. Сол Агардан тараған ұрпақтар әулеттерінің жсалғасы – арабтар.

Кейінірек Саранын баласы Ысқақтан туған егіз ұлдары – Иса мен Жақып бірі-бірімен жараспай, дүниеден араздасып өтеді.

Ибрагим пайғамбар үш әйелінен сегіз ұл, көптеген немере көреді. Айтар болсам, пайғамбардың бұл әулеті өзара тіл табыса алмай ғұмыр құшады.

Ал Жақып он екі ұлды болады. Сол ұлдардың үшеуінен тірі қалған біреуін Жүсіпті әкесі ерекше жақсы көреді. Сол жағдайға байланысты болар, бұларда бір-бірімен жауласып өткен екен. Бұлардың бабасы Ной пайғамбардан Хам, Сим, Япас (Иафет) деген әулеттер таралады. Ол үшеуінің арасы әр заманда әр қилы болады,- дегенді айтады тарихи деректерде.

Ағар күңнен өрбігендер қазіргі арабтар дедік қой, ал Сара анандан қазіргі еврейлер өседі. Сонда арабтар мен еврейлердің әкелері біреу – Ибрагим, ал аналары екеу – бірі Ағар, екіншісі Сара. Қазіргі тарих көрсетіп отырғандай, әкелері бір, аналары екеу – өскен арабтар мен еврейлер әлі қырлысып келеді.

Ал, Иерусалим – негізіне еврейлерді танытқан қала. Сонау Давид пен Соломон патшалары заманынан әлем біледі. Иерусалим – Мекке мен Мединеден кейінгі үшінші қала.

Иерусалимді әлем қаласы деп те атайды, сондай мағына береді. Біздің дәуірімізге дейін Давид бұл қаланы басып алып, Израиль мемлекетінің астанасы, деп жариялаған. 1516 ж. Осман түріктері басып алады.

1947 ж. БҰҰ әлем қаласы деген статус береді. Қаланың төрт мың жылдық тарихы бар. Мұнда 730 мыңдай халық тұрады. Тіршілік көзі – туризм. Әлемнің мұсылман, басқа да әлемдік дін адамдары ағылып келіп жатады.

* * *

Асау ғасырда ішкен – мас, жегендер – тоқ. Сұлтанмахмұт ТОРАЙҒЫРОВ.

Иә, қасқырдың күшігі қасқыр болады.

Ақын қыз былай дейді:

Өкпелеткен шығармын жақсыны да,

Мүмкін, содан шықпадым бақ шыңына.

Жақсы болып көріну мақсат емес,

Ар аттамау – мен үшін басты мұра! Фариза ОҢҒАРСЫНОВА,

Адамнан алғыс алған Алладан да алғыс алады. Әбдуәли ҚАРАҒҰЛ.

ЕСКЕ САЛСАҚ, бұл ұлы тұлға журналист-жазушы, сүйегі төрт-қара-ырғыздық. Республикасының талай басшы қызметінде болған адам. Заманында репрессиясына ұшырап құрбан болған Омар Сүлейменовтың жесірі Фатима Насыржановамен отбасын құрып, оның үкілеген сәбиі Олжасты елге танытуға қыруар еңбек еткен тұлға.

Біз Балзада Шәмшіқызымен Президент ауруханасында емделіп жатқан кезімізде, Фатима апаймен, бізше жеңгеймен дидарласып, танысып, Олжаспен қол алысқан едік. Жеңге дейтін себебіміз Әбекеңмен біздің бәйбішеміз бір аталықтан еді. Төртқараның Қараш аталығынан болатын.

Блокноттан көшірілді, наурыз, 2005 ж.

ЖАЙСАҢДАР ЖАЙЛЫ АҚ СӨЗ

*Екі жақсы қосылса – күнде ұрмақ,
Бір жақсы, бір жаман қосылса – дұрыс.
Екі жаман қосылса – күнде ұрыс.*

ЖАРАСҚАН, арда ақын:

*Қасыңда жүрсем қасқамын,
Сыртта жүрсем басқамын.
Қасыңда жүрсем қамығам,
Алыстап кетсем сағынам.
Ат айналып қазығын табады,
Жарасқан айналып келіп Нәзгулін табады ...*

Бұл бір зарыққан, жүрегі талған сөздер менің есіме екі көріністі түсіріп жіберді-ау.

1998 ж. Алматыдағы Совмин клиникасында (бұрынғы Денсаулық сақтау Министрлігінің төртінші басқармасына қарасты клиника болатын).

Сол июнь-маусым айының бас жағы еді. Балаларым алып келіп, анасы екеуімізді осы клиниканың «гастро» бөліміне жатқызды. Бір жас, бірақ өте білікті қазақ қызы біздің ауруымызды егжей-текжейлі қарап жүрді.

Бір күні, иә, бір күні аса жүдеу, қаусап қалған сүйектерге ілінген терілерді киген көк бурыл, жоқ ақбурыл шашты, сол ұзын, шұбаланып желкесін жабатын шашты, екі көзі шыңырау құдықтың түбіндегі жылтыраған көкшіл судай сөніп бара жатқан, екі жағында шайнам ет жоқ, ақшыл түсті, жасы онша көп емес адамды кездестірдік. Адамдарға тура қарай да алмайды. Қатты толқу үстінде, терең ойдағы адам. Туралап қарағанмен ол өзін бізге танытқысы келмегендей, асығыс, бір жаққа баратындай қамданып жан-жағына, бірақ көзін салмай, еңсесін көтере алмай отырды. Менің зайыбым адамдармен сөйлесуге әркез дайын, тіпті кездескен адамын тілге-сөзге келтіруге шебер жан еді, бірден таныса кетті.

Иә, Әбдіраштың Жарасқаны екенін білдік. Аяп кеттім. Қазақтың дүлдүл ақыны ғой. Бұл қалай болған деп, іштей ойға қалдым.

– Жағдайым мәз емес, қан ауыстыратын болдым. Соны күтіп отырғанмын,- деді. Көп сөзге тартуға тартындық. Шынында, денсаулығы әбден мүжілген, тек тірі.

– Әуезхан сіздің ініңіз бе?- деп бәйбішем бір сұрақты қоя салды.

– Иә, інім. Ол қазір Талдықорған жақта. Кәсіпкер-ау деймін,- деді әрең сөйлеп.

Жарасқан, иә, інісі Әуезхан Әбдірашев туыс, бауыр.

– Әуезхан Шалқарға жұмыс іздеп келген екен. Мен ол кезде, ол жылдары аудандық «Шалқар» газетін басқаратын едім. Бір күні ұзын бойлы, ақсары, бір қабат етті, жылы жүзді жігіт қабылдауымды сұрады.

Редакцияда орын жоқ болды. Бірақ Ырғыз ауданының газеті де Шалқардан шығатын. Сол жұмысқа алдыртым...

Кейін жақсы танысып кеттік. Менің 60 жылдық мерей тойыма редакция, баспахана ұжымымен келді, әйелін алып.

Түсіністігіміз молайды. Кейде жалғыз өзі келіп, менің әйелімді «апай» дейтін. Себебі әйелім де Аралдың Сульфатында болған. Жалпы Аралдың Ақеспе, Талдыеспе өңірінен болатын, ал Жарасқан мен Әуезхан да сол өңірден, әрі бәріміз де бір Әлім елінің қанымыз ғой. Алты ата Әлімбіз. Содан Әуезхан басқа жаққа кетті-ау деймін. Кеңес өкіметі құлады, балапан басына, тұрымтай тұсына демекші!

Осы жайларды Балзада Шәмшіқызы Жарасқанға көңіл-күйіне қарай суыртпақтап айтып берді.

– Иә, Әуезхан менің інім ғой, дегеннен артық ештеңе айта алмады. Біз де кинамадық, шаршап отырды.

Өкініштiсi – сол бір өмір мен өлім алысқан шақта неге екенін біле алмадық, қасынан жақын-жуықтарын көре алмадық-ау. Иә, өзіміздің денсаулығымызда тек тірі едік, өте ауыр болатын. Мүмкін, иә, басқа палатада ғой, жақындары келіп кетіп жүрген шығар, сүйеу болатын шығар, кім білген.

Бәйбішеме қарап:

*Алған жсарың жақсы болса,
Күнде жайлау, күнде жаз.
Алған жсарың жаман болса,
Күнде аяз, күнде қыс, -*

деп едім.

Бәйбішем ойланып қалды да:

– Сенімен күнде жайлауымыз ғой, деп бетін жылыта қарады маған.

Сол «гастро» бөлімінде ұлы ақын *Олжас Сүлейменовтың* анасы ем алып жатты. Сол жерде Олжаспен кездесіп, сәлемдестік. Есте қалғаны: батыр тұлға, дана тұлға! Әр кимылы көрсетті оны.

Иә, Ескендір Хасанғалиевтың анасы да емделіп жатыр екен. Ескендір мен әйелін кездестіріп, сәлемдестік. Дидарласып, қуанып, қуаттанып қалдық.

Күндізгі астан кейін де біздің уақытымыз аз болатын. Ауру қол-аяқты байлап тастағанмен, «қасапшыларға» өтімді, оң жақ бүйрегімді бергенмен ішке ас тұрмай, анемияға бой алдырғанмын. Ауруханаға

бір күні қызым жолдасымен тұңғышын алып келді. Аулада таза ауа жұтайық деп шықсақ, Нұрғиса Тілендиев жүр. Сәлемдестік. Немеремнің басынан сипап, батасын беріп, қалтасынан бір қымбат шоколад алып берді.

Нүрекенді содан кейін шамасы 5-6 күннен кейін «Алматы» санаториясында кездесіп, сәлемдестік.

Иә, бұл кездесу ұлы адаммен соңғы дидактасу екен. Өкініші, сол естен кетпейді. Нүрекенмен бұл үшінші кездесуім еді. Бірінші Шалқарға Майгүл Қазтұрғанова бастаған оркестірін алып келіп еді. Алып жүріп, Әкімжан Дүйсенбаев екеуміз жағдайын жасаған едік. Қайтейін, сұм жалған, опасыз дүние сондай дананы да жер қойнына апарып тықты-ау.

Сонымен, Әбдірештың Жарасқаннан да айрылып қалдық-ау, тіршілік деген осы! Ал Әуезханмен кездесе алмадық, жағдайы болса бір хабарласар еді, қайтейін, нарықтық заман талай жайсаңдардан айырды ғой, бірін өлідей, бірін тірідей. Жатқан жерлерің жайлы, топырақтарың торқа болғай асылдар, жайсаңдар, алтындар!

Еске салатын болсақ, Нұрғиса Тілендиев атасының баға берген сары баласы – ұлы Есет батырдың шөпшегі, ұлы Бәйдібек бабаның ұрпағы – Нұр атасының ақ батасын Алла қабыл еткен болар.

Ана бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді. Даналық СӨЗДЕРДЕН.

Ана баланың құрбаны, әке баланың қорғаны. Даналық СӨЗДЕРДЕН.

ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК. *Лавр Георгиевич КОРНИЛОВ* генерал аты шулы, анасы Мария атты қазақ қызы. Генерал Өскеменде туған (18.08.1870-31.03.1918 жж.). Небәрі 48 жыл ғұмыр кешкен, даңқы қолбасшы болып тарихта қалды.

ҰЛЫЛАР ДА СОЛАҚАЙЛАРДАН ШЫҚҚАН ҒОЙ

Наполеон Бонапарт, Исаак Ньютон, Марк Твен, Александр Македонский, Гай Юлий Цезарь, Лев Толстой, Билл Клинтон, Барак Хусейн Обама, Аристотель т.б. ұлы тұлғалар сол қолымен жазып, сызып, әлемге танылған ұлы есімдерін қалдырған.

Мен білетінде Нұрғиса Тілендиев те сол қолымен домбыра тартқанда көрермен, тыңдарман аузын ашып қалатын.

ШЫНДЫҚ ШЫҒЫ ҚАЛАЙ АШЫЛДЫ

Иә, беттің арын белге түйген адам емеспін. Жұмыс істеп жүргенде тек қана әділдікті, ақиқатты ту етіп ұстаған адаммын. Кейде сыбыр-гүбір сөз есітіп те қалатын едім. «Редактор бір жақ, қарсыластары екінші жақ», - дейтіндер де болды. Соған қарамастан ешқайсысымен кектескен жоқпын. Бірақ ондай жел сөздердің қайдан, кімнен шығатынын, кімдер ұйымдастыратынын жақсы білетінмін. *Кектесу қанымда болмаған құбылыс, турасын айтсам, кек – қартайтады, жан дүниеніңдейді, ұшқын ұшса өртке ұласады, қайғың қалыңдаса айықпас дертке айналады емес пе?! Мен өмір кешіп жүрген екі заманда да, дәуірде де адалдық, ақиқатты емес, арамдықты жақтайтын адамдар көп болды. «Анаңды мақтап, әкеңе өткіз, әкеңе сат», - деген заман ғой.*

Бірде республикалық газетте «Өсек өзін өртеді» деген фельетоным шықты. Балғабек Қыдырбекұлы жағымды баға да берді. Ал сол фельетонның басты кейіпкері жуан қаржыгер, шонжар еді. Баласы заңгер болатын. Партия өзінің бюросында қарап, ол шонжарды партиядан шығарып, қызметінен босатты. Кейінірек заңгер баласы: «қап бәлем, қолыма бір түсер» деп, жұдырығын жеңінің ішінде түйіп жүріпті, бірақ, - депті, «ол кісі мені де айналдырар. Себебі менің де қолым таза емес қой», - деген екен.

... бір ұзақ жыл ұстаздық еткен жалғыз басты – жетім әйелді жұмыстан қуып, оқу бөлімі партократтың сауаты жоқ әйеліне орнын алып берді. Ол сорлы партиядан да, заң орындарынан да сүйеніш ала алмай редакцияға келді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы 1948 ж. адам праволарының жалпыға ортақ Декларациясы жайлы шешімі, есіме түсті-ау.

– Маған тек редактор керек, қабылдасын, айт, - депті секретарыма.

Бәрін ашық, түсінікті етіп айтып берді, егіліп отырып.

Аяп кеттім, тіпті аурып қалдым.

Оқу бөлімін, мектеп директорын, партия ұйымын, заң орындарын атап, сын мақала жаздым. Әрине, айтуым керек, *редактордың өз беті, өз ұстанымы, өз идеясы болумен қатар, ол жазуға шебер, айтуға шешен болса ғана беделді болады.*

Ұстаз жұмысынан басқа бір лауазымға орналасты. Кейін ол бишара қалада бір бөлмелі, пеші, отыны жоқ үйге ие болды. Бөлмесіне пеш салғызып, көмір, тамызық алып бердім. Азық-түлік бергіздім.

Бір күні бойы сырықтай милиция капитаны кіріп келіп:

– Аға, редактор жолдас, рақмет сізге! Он баладан қалған жалғыз апайымыз еді. Қамқорлық жасадыңыз, басыңды қатерге тігіп!- деп бас иді.

Тағы бір айтайын дегенім, қалай болғанын білмеймін, сол қызмет уақытысында 30-дай награда алыппын. КСРО-ның 4 медалын, КСРО баспа сөзінің үздігі белгісімен, Қазақ ССР-інің мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткері т.б. талай дос-жаран, басшылар «жұмайсың ба, жуайық» деп жата жармасты. Бірақ қыңбадым, миығымды да тартпадым, бұл сарандық емес еді. Себебі марапатқа масайрау дегенді білмейтін едім. Жұрт «жуып», ағыл-тегіл дастархан жайып жатады. Ондай күй «жалаңаяқ» журналисте қайдан болсын.

Екіншіден, журналистерге марапаттауды ол партия біле бермейтін. Тек қарсыластар жағына шығып кете ме деп тек қана алдарқатып қоятын, жіберіп тартып, тістерінің суын тартып отыратын еді. Бірақ менің өкпем жоқ. Бәрін алдым, бәрін берді. Әрине, Алматыда қалып, не Ленинградта аспирантураға барғанда, тағдыр қалай болар еді? Көптің бірі болып кете берем бе, саяжай жағалап, қалада сыра ішіп, қатын қуып. Қуаныштысы – балаларым Мәскеуден, Ленинградтан жоғары білім алып, ел таныған азаматтар болды.

Тәуелсіздікті, бостандықты алу үшін аңсаған, ақырында оған жеткен ұрпақтың жер бетінде ізі ғана, даусы ғана қалады. Балаларыма, немере, шөберелеріме жақсы ізім қалса болады та. Бәріне ұйытқы болған әжесі ғой. Оған ұрпағым борыштар. Емші емделушіге өмір сыйласа, емделуші емшінің бағын асқақтатады. Бізде «Емші адамды емдейді, ал мал дәрігері адамзатты емдейді», - деген бар-ау.

АЛҒАН ЖАРЫҢ ЖАҚСЫ БОЛСА ...

Ажарлы да сұлу қызға үйленсең, оның өмір бойы қызметшісі боласың.

Атағы жер жаратын мықты да биіктен көрінетін қызға үйленсең, үнемі оның етегін көтеріп, киімін кигізесің.

Бай қызға үйленсең, оның аяқасты мүлкі ғана боласың, мүлкіне айналасың.

Ал иманды да ілтифатты қызға үйленсең, ол сенің өмір бойы жаныңдай жарың, сенімді де ақылдасып отыратын жұбайың болады.

Иә, Жаратушы Ием, немере-шөберелеріме осындай инабатты жар бергейсің!

Иә, ұлы ойшыл, қаламгер ГЕРЦЕН айтқан екен: «Адам өміріндегі ең асыл қасиет-достық!» - деп.

Әйел баласына сен бе! ТҮРІК сөзінен.

Ұзақ жол жүріп, әйелін сағынып келген жас жігіт қараңғы түсе, төсекке жарын шақырыпты. Өзі ауылдық жердегі ортасын пешпен бөлген шым үй болса керек-ті.

Жігіт әйеліне-жарына: «Сүйіктім, жеп қояйын ба, осы жеп қояйын ба»,- деп қайта-қайта айта берген ғой. Оны сол бөлмеде жатқан қатар жолаушы жолдасы жары есіне түсіп: «Әй, жігітім, қойсайшы енді, бүгін жарыңды жеп қойсаң, ертең төсекте кіммен жатасың, тоқтат енді»,- депті.

... Түн ортасы болатын. Кешкі быламығын ішіп, енді жатамыз деп отырғанда, жол сапарда жүрген күйеуі камшысын сүйретіп кіріп келеді.

– Құдайы, құлғыл-ай, быламыққа тойып алып едім, енді енем баласы түнімен тиқылдататын болды-ау. Енді қайттым,- деп қарнын сыйпап, дамбалының бауын ұстай берген екен.

Иә, «р» әрпіне тілі келмейтін келіншек қой.

... Үйіне қонақтар келіп қалыпты. Соя қоятын марка, не ісек болмаған күйеуі ешкінің аяғын байлап, пышақты қолына ала бергенде, келіп қалған біреу:

– Мұның не, көтерем ешкі сойғаныңыз?,- депті.

Сонда әйелі:

– Әйкім байын сояды емес пе?- депті. (Әркім барын сояды дегені ғой).

Тағдыр тентек қатындай адамға білгенін істейді, ойыншыққа айналдырады. Айырықтың еменіндей мықты болмасаң, тәлкек етеді. Есет КӨТІБАРҰЛЫ.

Бегі – халқын, халқы бегін сыйлайтын ел ұзақ жасайды. КҮЛТЕГІН.

«Ақыр заман боларда бақсы-бәлгерлер, құшыныштар қаптайды»,- деген екен. ҚҰРАН кәрімде.

Япырай, сол заман тоқталғандай, дүмшелер, бақсы – бәлгерлер, қазір қаптап жүр-ау, ә?

ҰЛЫ СӘУЛЕТШІ – БӘСЕНОВ ТӨЛЕУ ҚҰЛШАМАНҰЛЫ

ТУҒАНЫНА ЖҮЗ ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ

ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

Сәулет (архитектура) анасы – тарих, тарих айнасы – сәулет. Сәулет таспен жазылған құдыретті музыка. ГЕТЕ, неміс ақыны.

Сәулетші сезімтал, әр өнердің тәжірибелі білімпазы болуы керек. Ол тек қана инженер, құрлысшы емес, дәрігер, психолог және міндетті түрде ақын болуы тиіс... Ле КОРБЮЗЬЕ, XX ғасырдың ұлы архитекторы.

10.09.2009 ж. «ҚАЗАҚСТАН» телеарнасы шақырды.

Иманбай ЖҰБАЙ телефон соғып:

– Ертең Қазақстан ұлттық арнасы «Таң-Шолпан» бағдарламасы сізді **Төлеу БӘСЕНОВТЫҢ** туғанына 100 жыл толуына орай интервью алуға шақырады,- деді. Трубканы алған қызым бәрін түсіндірді.

– 11 қыркүйек күні таң ертеңгі 6-да тұрып дайындалдым. Ішке ас тұрмай қинай бергенсін, кешегі кешкіліктен бері нәр татпаған едім.

Сымбат қызым телефон соғып келіп тұрғанын айтты. Студияға бардық, бетімді бояп, сәндеді қыздарым.

Берік, Мая деген балаларым жүргізушілер екен, интервьюді солар алды.

Айттым. Әрине, уақыт қысқа ғой. Бірақ бәрі дұрыс деді. Екеуіне «**Дала Геркулесі**» кітабына қол таңба жазып бердім. Ракметін айтты. Сымбатыма «**Көз көргендер**» кітабын сыйладым. Сонсын дискаға түсіріп беруді өтіндім. Қызым соткасының номерін берді.

АҚ СӨЙЛЕЙТІН АЗАМАТ ЕКЕН

14.09.2009 ж. **Иманбай ЖҰБАЙ** звондап:

– Мен бір жаққа кетіп қалып «**Линия судьбы**» бағдарламасы бойынша **Төлеу БӘСЕНОВ** ата жайлы телесюжетті көре алмадым, - деді.

Бәрін түсіндіріп айттым. Орыс тілінде жақсы берілген. Әсіресе, **академик Әбдісағит ТӘТІҒҰЛОВТЫҢ** сөзі, кескін келбеті, нағыз әділ де шын берілген шәкірті екенін көрсетті. Көптеген арқаулы да мазмұнды оқиғалар сөз болды.

Және, 12 қыркүйектегі нөмірінде «**Егемен Қазақстан**» осы академиктің «**Сәулетші**» тақырыбымен төрт колонкалық материалын бергенін айттым. Оқып шыққанымды айтып, өз пікірімді де жеткіздім.

Аса білікті шын мағынасындағы академик екенін көрсеткен дедім.

Көп ұзамай **Алмат Ғалиұлы БӘСЕНОВПЕН** сөйлестім.

Академиктің статьясы шыққанын айттым. Сонсын менің 8-беттік материалымды бере ме, бұдан кейін деп едім, ол:

– Ол редакция да Мәдениет ақпарат министрлігіне қарайды ғой. Мен енді оны да бақылауда ұстаймын. Бөрібаевқа телефон соғамын,- деді.

Төлеу Құлшаманұлы Бәсеновтың шығар биігіне тұсау, кедергі болған екі күш болды, бірі – сырттағы алпауыт, билік, сонымен туыстығы; екіншісі – астыртын «жансыз». Олар биікке шығармағаны былай тұрсын, тіпi ажалынан бұрын өлтірді. *Москва, 1977 ж.*

15.09.2009 ж. Балам звондады:

– Алмат телефон соқты «ЕҚ» газетінің кезекті жақын күндердегі бір санында болады. Газетті қарап отырындар,- деді.

МӘСКЕУДЕГІ БІР КЕЗДЕСУДЕ

БІР ДЕТАЛЬ. Трускавец (Батыс Украина) курортынан қайтып келе жатып, Мәскеуде оқитын балаларыма аялдаған едім. Туған ағадай болып кеткен Хасбулат Нұхбекович Асқар-Сарыджа үйіне телефон шалдым. Трубканы Алина Анатольевна көтерді. Бірден:

– Тауман Алыбаевич, үйге келіңіз. Хасбулат Нұхбекович күтіп отыр, сізді,- деді.

Хасбулат Нұхбекович Асқар-Сарыджа Төлеу Құлшаманұлы Бәсеновпен Ленинградта сонау ХХ ғасырдың отызыншы жылдары сәулет-құрылыс институтында бірге оқыған, атышулы мүсінші. Дагестан АССР-ның еңбегі сіңген мүсіншісі, кейін Алматыдағы қазақ батыры Аманкелді Имановтың Ескерткішінің мүсіншісі болған сәулетшісі Т.К. Бәсенов еді. Сол кезде Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен Қазақ ССР-інің еңбегі сіңген мүсіншісі құрметті атағын алған еді.

...Келдім. Құшақтасып сәлемдестім. Мүсінші аға аса ауыр күрсініп:

– Тауман бауырым, ауыр кайғына ортақтасамыз Алина екеуіміз. Осы үшеуіміз отырған залда, орындықтарда Төлеу, Нәби Құлшамановичтер, мына жерде Димаш Ахметович Қонаев отырғанды. Нәби келген сайын магазиннен жас ет әкеліп, өзі асып, қамырын өзі илеп, өзі пиязын турап, баптап әкеліп алдымызға қоятын. Иә, осы үйді Димаш Ахметович Қазақ ССР Министрлер Советінде Төраға орынбасары болып тұрғанда, бізге алып берген. Төлеу Құлшаманович екеуінің Мәскеудегі СССР халық шаруашылығы Көрмесіндегі Қазақ ССР Көрмесін жасағанын еске алып. Сонымен Нәбиден айырылып қалғанымызға екі жыл, Төлеуден айырылып қалғанымызға жылдан асты,- деп үнсіз біраз отырды. Сөзін қайта жалғап, ойын сабақтады.

– Төлеу Құлшаманович ұлы тұлға еді ғой. Ол қазақтың тұңғыш ғалым архитекторы болатын. Былай айтсам, **феномен**¹¹, емес пе! Несін

¹¹ *Феномен* – р. феномен... редкост, необычное явление или выдающийся, исключительный в каком-либо отношении человек. *Словарь иностранных слов, М., 1989., с.535-536.*

жасырайын, турасын айтсам, соңғы жылдары «зам, зам, зам» болып қызмет істеді: оған басты себеп Республика басшысымен туыстығы еді.

Москва, 1988 г.

ТАРИХИ ДАТАЛАР, КЕЛЕР ҰРПАҚ ҮШІН

ТӨЛЕУ ҚҰЛШАМАНҰЛЫ БӘСЕНОВ жайлы:

«Алматы Ақшамы» – 16.08.2009 ж.

«Вечерний Алматы» – 13.09.2009 ж.

Қазақстан ұлттық арнасы – 11.09.2009 ж.

«Ел-арна» – 13.09.2009 ж.

«Егемен Қазақстан» – 12.09.2009 ж.

«Старый Арбат» – 12.09.2009 ж. Ас беру, туған күніне той жасау.

«Казправда» – 16.09.2009 г. (стр.6)

«Ана тілі» – 24-30.09.2009 ж. (стр.10)

«Қазақ әдебиеті» – 16.10.2009 ж.

«Қазақ» газеті – 06.11.2009 ж.

БІР ҰСЫНЫС ЕДІ

14.09.2009 ж. Шалқар әкімдігімен қалта телефоны арқылы 15 минуттай Т.Қ. Бәсеновке туған жеріндегі мектеп атын беруді айтып, ашық та, анық сөйлестім. «Мектеп директоры келісім бермеді», - деп жалтарды әкімдік. Содан мен: демократия анархизм емес! Әкімнің нұсқауын орындамайтын басшы кім? Оны ол лауазымға кім қойды? Меніңше, өздерін ат беруге мүдделі емес шығарсындар, - дедім... Үнсіздік.

БІР ЕСКЕ АЛАТЫН ЖӘЙТ. 12 қыркүйекте Алмат Ғалиұлы атасының жүз жылдығына орай үлкен дастархан жайғанда, қызым Ғалидың жесірі Люсямен (Людмила) кездескен екен, **келін:** «аға бұрынғы ажарын сақтапты, жақсы қартайып келеді. Тек бір ойыма келгені – аға «Таң-Шолпан» бағдарламасы бойынша интервью бергенде Алматымның есімін айтпады», - депті.

Әрине, бәрін жайып салуға болар еді. Бірақ атадан қалған жалғыз бала ғой, тіл-көз болама деп көп сыр ашпаған едім.

Алмат Ғалиұлы Бәсенов атасына тәу етіп, көп адамның қолынан келмейтін шараларды іске асырып жатыр. 150-дей адамға «Старый Арбат» ресторанында ас берді. Үш журналисті алып самолетпен ата-мекенге ұлы ата-бабаларына барып тәу етті. Телесюжетке документальды кино түсіргізді. Келінім Людмила екеуі ойлай жұмыстар

атқаруда. Бір Алла жар болып, ұлы ата-бабалар, әз Аналар аруақтары әркез қолдап, қорғай жатқай, тіл көзден аман болғай.

Алмат Ғалиұлымен келін Людмиланың ұйымдастыруымен «Старый Арбат» ресторанда атаның 100 жылдығына арнап ең жақындарын шақырып, екінші рет үлкен дастархан жасаған.

Москвадан атаның күйеу баласы профессор Ролан Соболев, Лона мен Ролан қызы Тая Испаниядан және Норвегия - Ослодан екінші қызы да келген еді.

Мира ұлы Бекежан Наурызбаевтар, бәрі-бәрі болған. Бастысы Төкеннің жалғыз ұлының – Ғали Төлеуұлы Бәсеновтың әйелі Люся, Нәби Жақсыбаев әулеті – Әли+Мәдина, ұлдары мен қыздары, басқалары және Төрехановтар әулеті түгелдей болған.

Бүгін 13 (сентябрде) қыркүйекте – кешкі 19:00 сағатта **«Еларна»** арнасында қазақтың тұңғыш сәулетшісі **Төлеу Құлшаманұлы Бәсенов** жайлы 30 минуттік телесюжет берілді.

«В 1965 году было решено строить КазГУград. Выбор участка для такого крупного объекта был поручен Алма-Атинскому горсовету и Министерству высшего и среднего образования КазССР. Рассматривались разные варианты для размещения будущего комплекса Казахского университета, однако в их число не входил нынешний участок. Тулеу Кульчаманович БАСЕНОВ, тогда работал первым заместителем председателя Госстроя КазССР, он внес предложение строить университет на левом берегу реки Весновки, выше улицы Тимирязева. В своем предложении Тулеу Кульчаманович был настойчив, и его веские доводы о преимуществе выбранного участка убедили всех проектировщиков:

– «В университете и стены учат. Пусть стены Казахского университета учат всех: и студентов, и профессоров, и преподавателей. Видите, с юга - Алатау, с севера - бескрайняя даль степи. Они просматриваются чудесно!...».

А. ЗАКАРИН:

– Тулеу Кульчамнович обладал воображением настоящего художника.

Из статьи Алексея ЖУКОВА, «Зримое слово в архитектуре». 16.09.2009 г., «КазПравда».

Т.А. Бәсеновтың Орынбор – рабфакіндегі математика ұстазы болған **В. КОЗИЦИН**, кейін Москваның Тимирязов атындағы ауылшаруашылығы Академиясының профессоры болады.

МГУ-дың физика-математика факультетінің студенті болып жүргенде Асқар Закарин осы профессор В. Козичинмен Мәскеуде кездесіп қалады. Профессор Орынбор рабфакінде ұстаз болған кезді еске алып:

– Иә, Бәсенов қайда?– деп сұрайды.

– Ол Ленинградтың архитектура-құрлыс институтының студенті,- дедім.

– Өкінішті-ақ, Бәсенов даңқты да ұлы математик болатын еді-ау,- депті.

Осы пікірді кейін А. Закарин досы Төкеңе айтқан екен.

– Профессорға рақмет, есіне алғаны үшін, сәулет өнері менің Анамның (Бәсеновтер әулетінің ұлы Анасы Ақбала әже) қанымен ақзасымен дарыған ғой... деген екен.

Шынында да, солай еді. Ақбала әженің ою-орнектері Алматыдағы Орталық Музейде заманында Көрмеге қойылған еді. Ұлы әженің, әулетінің фотосуретін Шалқар өлкетану музейіне бергенмін. Бұл ұлы Ақбала әже жайлы ақпарат Қазақ энциклопедиясында да бар, айтылған.

АЛМАТЫ қ., 1959 ж.

Иә, *«Туып еді, ел қуанды, өліп еді жер қуанды»*,– демей ме халқым. Солай.

24.09.2009 ж.

«Қазақ» газеті 06.11.2009 ж. кітап авторының *«Ұлы сәулетші»*,– деген естелік-эссесіне бір бетін арнады.

«Ана тілі» ұлттық газетінде «Сәулетші» тақырыбымен, Төлеу Құлшаманұлы жайлы осы жолдардың авторының үш бағаналық естелігі жарық көрді.

«Ана тілі» газеті 01.10.2009 ж. «Жұрт осы Бәсеновты біле ме екен?» Жақсы ақпарат берілді.

– *«Ұлттық банк»* ұлы сәулетшінің бейнесі салынған *«50 теңгелік монета»* шығарған.

– *«Казгорстрой проект»* Алматыдағы **Бәсенов** атындағы көшенің басына бюстісін қоюға шешім қабылдаған.

ҚУАНЫШТЫ ХАБАР!

Бүгін **Төлеу Құлшаманұлы БӘСЕНОВТЫҢ таңдамалы 2-томдық кітабын** (формат 75x100/16, мөлшері 26,0 баспа табақ және ағаның бейнесі салынған *«50 теңгелік монеталарын»*, туған немересі Алмат Ғалиұлы Бәсенов маған сыйға тартты.

Алматы қ., 12.10.2009 ж.

ҚАНДАЙ ТЕНДЕУЛЕР?

Сөз – кірпіш, жақсы сөйлем – композиция (үйлесімділік). Ал жеке оқиға (эпизод) «гимарат» - кітап тараулары, «көшелер», роман-«қала»,- деп айтсақ, сәулет өнерінің әсем айшықтары мен мақсат-мұраттарын бірішама көз алдымызға келтіруге болады. Әбдісағит ТӘТІҒҰЛОВ, академик.

Архитектура - тоғже летопись мира, она говорит тоғда, коғда уже молчат и песни и предания и коғда уже ничто не говорит о поғибшем народе. Н.В. ГОГОЛЬ, Арабески.

Т.Қ. БӘСЕНОВ кітабынан алынды.

ЕСКЕ: Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетіндегі Т.Қ. Бәсенов атындағы сәулет (архитектура және құрлыс институты, директоры Ізім Дүйсенбаев) қазақтың тұңғыш ғалым архитекторы Т.Қ. Бәсеновтың 100 жылдық мерей тойына орай көптеген игілікті шараларды ұйымдастырды. Ғалым сәулетші Т.Қ. Бәсенов заманында бұл институттың негізін қалаған еді. «ЕҚ», 8 маусым, 2013 ж.

ЗРИМОЕ СЛОВО В АРХИТЕКТУРЕ

Статья Алексея ЖУКОВА, газ. «Казправда», 16.09.2009 г.

Гордость казахской культуры составляют имена писателя Мухтара Ауэзова, композитора Ахмета Жубанова, художника Абылхана Кастеева. К этой плеяде выдающихся людей по праву принадлежит Тулеу БАСЕНОВ – первый профессиональный зодчий Казахстана.

Тулеу Кульчаманович Басенов вошел в архитектуру в удивительное время. В стране не хватало специалистов, специфика первых пятилеток, развивающаяся мощными темпами индустриализация требовали от них таких же темпов работы, умения и проектировать, и строить. Не случайно становление архитекторов в 30-е годы было самым быстрым, и Тулеу Басенов отвечал времени. Его талант проявился с первых лет учебы в Ленинградском инженерно-строительном институте, кстати, этот вуз, находящийся в одном из интереснейших в архитектурном плане городов, Басенов выбрал сам после отличного окончания Оренбургского рабфака в 1928 году.

Еще будучи студентом, он активно участвовал в проектировании жилых домов нефтеносного района на Эмбе, Аягузского железнодоро-

рожного узла и ряда общественных зданий в Алматы. А также практиковался в качестве проектировщика в 24-м военно-строительном управлении в Ленинграде. Окончил институт Басенов в 1933 году.

Полученные теоретические и практические знания, личные профессиональные качества, активно применяемые им с первых шагов самостоятельной работы, сразу же выдвинули его на руководящие должности. Здесь проявился его многосторонний талант – Тулеу Кульчамановичу приходилось строить и жилые, и гражданские здания, ТЭЦы, аэродромные, железнодорожные и другие сооружения.

Его – первого зодчего Казахстана – никогда не покидало понимание значимости и первостепенности проектного дела. Несмотря на огромную занятость, он находил время проектировать жилые комплексы и административные здания в Алматы, промышленные предприятия в Семипалатинске и Петропавловске (1933-1941 гг.). Без сомнения, проектирование в Казахстане связано с именем Т. Басенова.

К наиболее значительным сооружениям, в которых ярко проявилась его прогрессивная творческая направленность, относятся здания павильона Казахской ССР на ВДНХ в Москве, постаменты памятников Ленину в Кызыл-Орде, комплекс Алматинского аэропорта, театра оперы и балета им. Абая и памятника Амангельды Иманову и Мемориал Славы в Алматы, Монумент покорителям целины в Астане, застройка алматинского проспекта им. Ленина (ныне Достык) и центральной части Актюбинска.

Являясь заместителем председателя Госстроя КазССР, Басенов приложил немало усилий для дальнейшего повышения качества проектов планировки и застройки городов, общественных центров и микрорайонов, промышленных и жилых районов. Он активно внедрял в отрасль требования современного градостроительства. Практически в Казахстане нет ни одного города, в разработке генпланов которых Басенов не принимал бы участия. И сегодня многие его здания не только радуют глаз, но и остаются «словом» в архитектуре.

Не менее важна и другая сторона деятельности Тулеу Басенова – научно-исследовательская, к которой он подходил также творчески. Впервые Тулеу Кульчаманович заявил о себе как большой ученый на I съезде архитекторов СССР в 1937 году. Его развернутый доклад «Об архитектуре Казахстана», который приводится в этом сборнике, стал заметным явлением в отрасли всей страны. Поражала не только глубина знания темы, но и смелость, с которой она была высказана. Басенов, вопреки бытовавшему тогда мнению, что кочевой народ Казахстана не имел до революции никакой своей национальной архитектуры, научно доказал обратное.

Затем в печати появляются его следующие труды, также широко встреченные специалистами, – перу Басенова принадлежат оригинальные монографии «Архитектурные памятники в районе Сам» (1947 г.), «Орнамент Казахстана в архитектуре» (1957 г.). Под его руководством и при непосредственном участии написана книга «Архитектура и градостроительство Казахстана» (1974 г.).

Он – один из авторов первой «Казахской советской энциклопедии» по разделам, посвященным строительству и архитектуре. В 1951 году ему была присвоена ученая степень кандидата архитектуры, а с 1950-1956 годы он являлся членом-корреспондентом Академии строительства и архитектуры СССР. Всего им опубликовано более 40 различных статей по вопросам развития архитектуры, проектного дела, строительной индустрии, экономики и повышения качества строительства, не потерявших актуальность и в наши дни.

Такая широта и смелость взглядов Тулеу Басенова не всегда имели положительные последствия для него лично. Очевидных сталинских репрессий в 30-е и 40-е годы он избежал только благодаря тому, что был очень нужен стране. И все же в 50-е годы после одного из его резких выступлений распоряжением первого секретаря ЦК КП Казахстана Тулеу Басенов был выслан в течение 24 часов за пределы республики. Продолжительное время он работал преподавателем во Фрунзенском политехническом институте. Затем, после смены власти, вновь вернулся в Алматы и с тем же присущим ему жаром приступил к прежней работе: проектировал, строил, писал научные труды, преподавал.

Будучи сам крупным архитектором, Тулеу Басенов находился в постоянном творческом контакте с видными зодчими страны, в частности, взаимный профессиональный интерес и дружеские отношения сложились у него с Георгием Михайловичем Орловым, Борисом Рафаиловичем Рубаненко. Прекрасное партнерство связало его и с казахстанскими архитекторами, многие из которых были его учениками. Заслуги Басенова отмечены правительством. В 1966 году ему присвоено звание заслуженного строителя республики.

Ушел из жизни первый зодчий Казахстана в 1976 году. Но память о нем жива. Его именем названа одна из улиц в Алматы. А на доме, где жил в последние годы Тулеу Басенов, установлена мемориальная доска. Память о нем осталась и в построенных им домах и зданиях, книгах и учениках.

Дает представление о первом профессиональном архитекторе республики, о том, каким замечательным человеком был Тулеу Басенов, сборник, посвященный его памяти. Он включает в себя воспоминания друзей, коллег, учеников, написанные в разные годы – в 70-е, 80-е и

90-е. Составители сборника – коллектив Проектной академии «КАЗГОР» – выражают огромную и искреннюю благодарность супруге Тулеу Кульчамановича Гаухар Ахметовне Басеновой за предоставление архивных материалов и фотографий. Большую помощь в издании сборника внесла также дочь архитектора – Алуа.

Одними из первых в сборнике представлены воспоминания народного архитектора СССР, заслуженного архитектора РСФСР и Казахской ССР, доктора архитектуры, профессора, лауреата Государственной премии СССР Бориса Рубаненко. Впервые он встретился с Тулеу Кульчамановичем Басеновым в городе на Неве в начале далеких 30-х годов, когда он был студентом архитектурного факультета Ленинградского института промышленного строительства. По словам Бориса Рубаненко, Тулеу Басенов предстает перед нами как активный деятель и один из создателей архитектуры Казахстана. Его многогранная деятельность, большие творческие способности, проектно-строительный опыт, научная эрудиция, высокая ответственность полностью проявились на руководящей общественной и государственной работе, запечатлены в зданиях и сооружениях, построенных по его проектам, в обширном цикле научных работ по архитектуре Казахстана и по изучению декоративного искусства казахского народа.

Борису Рубаненко доводилось часто бывать в Казахстане в качестве автора проекта Дома Правительства в Алма-Ате. Естественно, что всегда общался с Тулеу Кульчамановичем как с государственным и общественным деятелем, как с архитектором и ученым.

– Он был наделен не только знаниями и опытом специалиста и темпераментом творческого человека, но прежде всего чувством борца, ответственного за порученное дело, – вспоминает профессор.

Между тем известный профессор, общественный и государственный деятель Аскар Закарин вспоминает, что Тулеу Басенов выделялся среди студентов незаурядными способностями. Он опережал своих однокурсников во всех предметах, особенно в математике. Действительно, Тулеу был удивительно целеустремлен и упорен, даже самые стандартные задачи решал необычным способом, словом, был одержим математикой.

В 1965 году было решено строить КазГУград. Выбор участка для такого крупного объекта был поручен Алма-Атинскому горсовету и Министерству высшего и среднего специального образования КазССР. Были разные варианты для размещения будущего комплекса Казахского университета, однако в число их не входил нынешний участок. Тулеу Басенов, тогда работавший первым заместителем Председателя Госстроя КазССР, внес предложение строить университет на левом берегу реки Весновки, выше улицы Тимирязева, отметил Аскар

Закарин. Действительно, этот живописный уголок города во всех отношениях был самым удачным для строительства университета.

«Мне запомнились *настойчивость Тулеу Кульчамановича в своем предложении и его убедительные доводы о преимуществе выбранного участка.*

– *Видите, с юга – Алатау, с севера – бескрайняя даль степи. Они просматриваются чудесно!..*

Выбор всем понравился. Басенов собрал в своем кабинете московских проектировщиков, взял большой лист бумаги и начертил основные объекты будущего университета: актовъ зал на 1600 мест, 12-этажный корпус гуманитарных факультетов, корпуса общежитий.

– *В университете, говорят, и стены учат,* – заметил Тулеу Кульчаманович, – *пусть стены Казахского университета учат всех: и студентов, и профессоров, и преподавателей»,* – рассказал соратник зодчего Аскар Закарин, подчеркнув, что Тулеу Кульчаманович обладал воображением настоящего художника.

АЛМАТЫ, 2009 г.

ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІ СӨЗ ЕТКЕН ...

Мысыр (Египет) шаһарындағы Перғауын қабырын ашқан талай адамдардың көп ұзамай бақилық болғандары жазылды да айтылып та жүр.

Алтайдың Қосағаш жеріндегі Сак ханшайымының мумияланған сүйегін алып кетушілердің автокөліктері жолда сынып, қирап, аяғында толассыз жаңбыр, жер сілкінісі болғанын, кейін самолетке салып алып ұшқанда, самолеттің қирап, құлағаны да бар.

Тағы бір – сәйкестікті еске алсақ, Әмір Темірдің қабырын ашуға тәртіпті Сталин берген екен. Сол сәтте, іске кіріскен экспедицияның айтуы бойынша, 1941 жылы 22 июньде соғыс басталды. Кейін соған қарамастан Әмір Темірдің бас сүйегін Сталинге алып келген, осы экспедицияның басы-қасында болып киноға түсірген, кейін КСРО халық әртісі болған, Социалистік Еңбек Ері атағын алған М. Каюмов майданға кетеді. Орайы келіп Г. Жуковқа осы Әмір Темірдің бас сүйегін Сталинге әкелгендерін айтады, бірақ, дейді сол мазардағылар, бұрынғы жазылған құжаттар мен кітаптарда қабірін ашуға болмайды, ашқандар бақилық болады делінген дейді. Жуков бұл әңгімені Сталинге жеткізеді. И. Сталин 1 млн. ақша бөліп, Әмір Темірдің бас сүйегін қабырына, орына қоюға, тәртіп береді.

ҚЫЗЫҚТЫ ДА КӨҢІЛ АУДАРАРЛЫҚ ОҚИҒАЛАР

Әмір ТЕМІР (1336-1405) 69 жасында дүниеден озады.

Азияның ақсақ барысы – Әмір Темір әлемінің 27 мемлекетін жаулап алады.

Бірінші рет қабірінің үстіндегі тоқсан пұттық жасыл нефритті көтеріп, үш қабатты мрамрдан қаланған табытты ашу басталады. Алтын жалатқан матаға оралған арша ағашынан жасалған төрт тұғырлы табыттың қақпағы ашылады. Таң ата қабірдің беті ашылғанда, жанып тұрған шам сөніп қалады. *«Правда» газеті 1941 ж. 21 шольдегі нөмерінде осы оқиғаны жазады.*

Бір ерекшелігі Әмірдің бас сүйегі және сақал-мұртының бәрі жирен түсті шаш табылады. Демек, Әмірдің шашы жирен түсті болған деп болжауға болады. Сақал-мұрты да сол жирен қылды болғанын көрсетеді.

Тағы сәйкестік, әрине, кездейсоқ сәйкестік пе, оны айту қиын. Мәселен, Әмірдің қабірі ашылып, жирен сақал-мұрты, шашы анықталып жатқан кезде, А. Гитлер «Барбаросса» (Barbarossa-агрессиялық соғыс жоспары) жоспарын жасайды. Бұл неміс тілінде «жиренсақал» деген мағынаны білдіреді. Сол жоспармен Гитлер СССР-ге соғыс ашады.

Ал Сталин 1942 жылы 20 декабрьде Әмір Темірдің бас сүйегін өз орнына қойғызған. Жоғарыда айтқанымыздай, оған 1 млн. рубль бөлген.

ТАҒЫ БІР ҚЫЗЫҒЫ – Әмір Темірдің бір соғыста 12 жауынгермен айқасып жүргенде, «бір жебе аяғыма, бір жебе иығыма тиді», дегені барды. Соның растығын антропологтар анықтаған екен, арада 6 ғасыр өткенде.

Сирияның бір тарихшысы Әмір Темірдің портретін былай суреттейді: «Темір биік бойлы, ірі тұлғалы, оң аяғын сылтып басытын, көзі аса өткір, қараған адамын күйдіріп жіберетіндей, ерекше қатты да күшті дауысты. басы үлкен, бойының ұзындығы 1 м 80 см, айтарлықтай мықты, қолдарының саусақтары шапшаң кимылға икемді», деп суреттейді. Шыңғыс хан сияқты шашы, сақал-мұрты жирен болған делінеді.

Әмір Темір бар ұрпағымен ұлы Қара Жүсіп деген адамның қолынан қаза болған Мираншахтың қабірі, екінші ұлы Мырза Шахрух, Әмірдің даңқты немересі, аты шулы ғалым **Ұлықбек** қабырлары, ұлы атасы Әмір Темір зиратында – Самарқанда.

«Әмір көрханасы» аталатын зиратта жатыр.

ЕСКЕ АЛАТЫН БОЛСАҚ, Ұлықбекті, діндарлардың айдап салуы бойынша баласы – Әбутәліп, Меккеге жол сапарға шығарда, әкесін өлтіріп, қапқа басын салып, діндарлардың алдына қояды. Себебі Ұлықбек діннен көзқарасы бөлек тұлға болды. Оны жазалауды ұлына тапсырып, «әкеннің тағына өзінді отырғызамыз», - деп баласын қақпанға түсіреді.

Мұндай қайғылы оқиға Россияның ұлы реформатор патшасы Петр І-нің отбасында да болған еді. Патшаның реформалары боярларға ұнамады. Ашық қарсы шығуға қатал патшадан бәрі де қорықты. Содан патшаның тұңғыш ұлы Алексейді әкесінің реформаларына қарсы қойып, айдап салды. Әйелі бояр қызы Евдокия Лопухинаны да қарсы бетке шығарып алды. Ақыры патша әйелін монастырға тықты. Тұңғыш ұлы Алексей шетелге қашты. Бірақ ұлын ұстатып әкеліп, өлім жазасына кесті. Иә, тарих қайталанардай ғой. Кешегі большевиктер көсемдерінің әйелдерін де өсек-өтірік айтады деп Л. Берия бірнеше рет қамап тастады. Иә, тақтан ештеңе де қымбат емес!

Экспедиция осы үш тұлғаның қабірлерін бірінен соң бірін ашып қарайды.

Еске салайын, бұрында талай кітаптардан Ұлықбекті өзінің туған баласы Әбутәліптің өлтіргенін білетін едім.

Енді оған қосып айтарым – Ұлықбектің қабірін ашқанда, ғалымның көйлегімен жатқаны, ал басы бөлек жерленгені анықталған. Мұсылмандық ұғым бойынша кісі қолынан жазықсыз өлген, шейіт кеткен адам киімімен жерленетін болған.

Сонымен, Ұлықбек 52 жасында дүниеден өткен.

Осы бір ұлы оқиғаны кинотаспаға түсірген Мәлік Каюмов қазір жүзге таяған, Өзбек елінде тұрады. Соған қарағанда ол өзбек болар.

Есіме түсіп тұрған бір жайт – Әмір Темірдің 660 жылдығына арналған 1996 жылғы үлкен отырыста Ислам Каримов «Европаны кұтқарып қалған өзбектер», - деген еді.

Негізінде, Әмір Темір өзбек емес. Оның сүйегі Барлас руынан. Мұны жазушы – *Евгений БЕРЕЗИКОВТЫҢ «Великий Тимур» (Ташкент, 1994 г., 335 с.)*, деген тарих хроникалық кітабынан жақсы білемін.

Кейбір деректерде Шыңғыс ханмен туыс деп те көрсетіледі: ол да шындыққа келе бермейді. Мүмкін түпкі аталарында жақындық болған шығар. Әмірдің басына қойылған таста арап әріпімен жазылған Шыңғыс ханға туыс деп екеуін қоса түседі. Турасын айтсақ, Шыңғыстың ұрпағы емес, түбінде бір жақындық болар.

Мінез – құлқы, қайрат күші, ерлігі, елді жаулаушылық кекшілігі – бәрінде ұқсастық бар-ау. Содан болар. Сайып келегенде, шығыстық характер ұқсастығы осы пікірге жетелейтін шығар.

Әміршінің заманында Парижде атты статуя – ескерткіш орнатқанын еске түсіріп кетейікші.

Алматы, 1989-1999-2001 жж., ескі блокноттан көшірілді.

Ақсақ Темір атанған әмірші жайлы кейін бір газеттен де оқыдым.

Айтуым керек, өзбек жазушысы Евгений Березиковтың «Ұлы Тимур» кітабын екі рет оқыдым. Өте терең Әмір Темірдің туғанынан бастап мәңгілік ұйқыға кеткенге дейінгі ұлы жорықтары, іс-қимылдары, ұлылығы әдемі жазылған. Ал Ұлықбек немересі жайлы кітапты оқыған едім, есіме түсіре алсам, оны да айтамын. Евгений Березиковтың зерттеуі бойынша шыққан тегі Барлас, тегі моңғолдық. Оны былай түсіндіреді: Шыңғыс хан Орта Азияны жаулап алған дәуірде Барлас аталығы Монғолия жерінде болған, сол ханның қол астында. Сондықтан болар моңғолға жақындатып айтылуы. Түптеп келгенде, Барлас тайпасының шығу тегі моңғолдан делінеді. Оны барынша дәлелдейді. Шыңғыс хан баласы Шағатайға Самарқанды астанасы етіп ұлан-қайыр жерді бөліп береді. Осы заманда Барлас тайпасы осы Шағатай ханның қол астында болады. Әмір Темірдің әкесі Бахадүр.

«Тілеуқабак» әні қалай шыққан? «Айқын» газетінде 2011 ж. «Танымал әннің тағдыры» айдарымен берілді.

Қолбайлау: көз, көз, көз көрмейді, алдым жай толқынды ағып жатқан су, кейде күзгі салқын тұман сияқты тұманданады да тұрады.

Түгел сөздің түбі бір – түп атасы Майқы би.

Кәрі түйе ойнақтаса апат болады.

Түйе қартайса, ботасына ереді.

Кукушка хвалит петуха, за то, что хвалит он кукушку.

И. КРЫЛОВ.

Кешегі кеңес үкіметі – оның көсемі Коммунистік партия өзі құрған құрылымды, өздері басқарып отырған партияны, оның көсемдерін мақтап, мадақтау үшін қолына қалам ұстанғандарды, аузында сөзі барларды, бойында өнері барларды өзіне тартып «Халық жазушысы», «Халық артисі», «Халық композиторы» т.б. ойдан шығарып атақтар беріп, ардақтап, кейінірек Лениндік, Сталиндік сыйлық дегендерді шығарып сондай сыйлықтар беріп, қалай еткенде де өздерінің өкшесін жалатуға тартты.

Мұндай атақтар мен сыйлықтар, сыяпаттар қай капиталистік, нарықтық – экономика заманында бар? Иә, жоқ, атымен жоқ!

Халық өзі: халықымыздың жазушысы; Халық өзі: халықымыздың ақыны; Халық өзі: халықымыздың өнершісі, артисіміз, суретшісіміз,- деп ат беріп, айдар тағып, олардың талантын танып жатса, іс басқаша!

Мен халық жазушысымен, халық ақынымын, халық артисімін деп жүретіндер, төсіне ұратындар нарық заманында кім болып қалды? Мемлекеттік атақтар дегендерді де сатып алатын, не өкіметте көкесі бар, не туысы-тумасы бар, әміршісі барлар ғана алып, көзі жерге түспейді. Бұл қалай? Сол зиялы дегендердің көпшілігінің аузында, халық деген сөз жоқ. Тек өз күйін күйттеушілер. Әрине, олардың ішінде де асылдар, алтындар бар, оған талас жоқ.

Халық дариядай терең, ақылды. Егер өзі танып жатса, өзі құрметті ат беріп жатса, іс мәселе басқаша!

Туарысын айтсақ, қолына қалам ұстағандар – ақын, жазушылар, ұлы ойшылдар, кей жағдайда өздері өмір сүріп отырған құрылымға оппозиционерлер. Сол оппозиция өкілдерін өздеріне тарту үшін оларға түрлі аттар, атақтар беріп, өздерін мақтап, мадақтауға тартады, бұрынғы замандарда оларды «Сарай ақындары», «Сарай жазушылары», «Сарай жыраулары», - деп атап кеткен ғой.

Ал ұлы жазушы баснописец **И. КРЫЛОВ** қалай деген еді? Иә, ...*«Услужливый дурак опаснее врага»*. Из басни *«Пустынник и Медведь»*.

ҚАЗАҒЫМНЫҢ БІР ДАНАЛЫҚ СӨЗДЕРІНЕН

Қатын алма, қайын ал!

Иә, бұл заманда жастар шаңырағын шайқалтып, ақыры күйрететін жайттар қайын жұртпен және келіннің келген жұртының арасындағы түсіне бермеушілік себеп те болып жатады. Кешегі бір елу-алпыс, жетпісінші жылдары қызын берген жерінен, талай төркіндері сүйреп алып кетіп жүрді.

«Өзің сүйгеніңді алма, өзіңді сүйгенді ал», - деген де қанатты сөз де бар. Бұл да бір халықтық философия сияқты. Үлкен мағына, астар жатыр бұл сөзде де.

Қазір көптеген жастар үйлене алмай жүр. Той өткізу, зат алмасу сияқты байланыстарға жастардың шашы жетпейді. Ал миллионерлер балаларын 15-16 жасында үйлендіреді, бәрі бар. ***«Он үшінде отау есі»***, - деген сөзде де халық жадында қалған ғой.

БІР ЗАМАНДАРДАН ҚАЛҒАН СӨЗДЕРДЕН ...

Бұл заманның қатыны – ала қаптың қатыны, ала қаптан ас кетсе, әлде кімнің қатыны.

Қазір үйін, ақшаң, автоколiгiң болса, қатының бар.

Иә, ***«Бiзде қатын болғанбыз, қапқа тары салғанбыз»***, - деген екен бір кейуана.

Иә, осы: «*Біз тіршілік құрған заманда маңызы мен мағынасын жойған жоқ*». Солай. 2005 ж.

ОЙҒА КЕЛГЕН ОЙРАН ПІКІРЛЕР

Аштық жайлаған елде, демократия болмайды Ю. ЛУЖКОВ, Москваның экс мәрі.

Тарихтың қанды іздері – Кровавые следы истории, роман-эпопея, Алматы: Атамұра, 2005, 704 б.

Аштық – әлем әміршісі!

Аштық – аш адамдарды құл етеді;

Аштық – адамды ұрлық істеуге жетелейді;

Аштық – таза кісілігі бар адамның өзін, тоқ адамның тостақанына телміріп қарауға мәжбүр етеді.

Өшпенділік – адамның көз жасын құрғатады.

Романның бірінші титуль беті осы сөздермен ашылады.

Голод – м. ед. ч. (чувство голода) аштық, ашаршылық, тапшылық, жетіспеушілік, аздық,- деп казакшаланған. (Орысша-қазақша сөздік, Алматы, 1978, 161 б.)

Осы жолдардың авторы сонау өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында үлкен ой үстінде, мені өзіне еншілеп алған, әкем Есімбайдың басқа да аталарым мен аналарымның аштан өлгені (1931-1933 жж.) жайлы есіме түскен еді. Әкем Ресейге – Алшынның Темір тауына қарай босқанын үлкендер айтып отырды. Содан әкем ізсіз жоқ болды. Шалқардағы Дәрібай көліндегі ашаршылықта аштан өлгендердің оқиғасын зерттеп білдім. Соңында көлемді бір мақала публицистика жаздым. (А-4 форматпен) 11 беттей болды. Бұл материалды «*Социалистік Қазақстан*» газетінің бас редакторы **Сапар БАЙЖАНОВҚА** әдейі кіріп, (ол заманда редакторларды Орталық партия комитеті жиі шақыра беретін еді ғой) сәлемдесіп болғансын: Сәке, көз жүгіртетін бір материал әкелдім, қарап шығасыз ба?,- дедім. «Қазір, қазір, Тәке!»,- деді де оқи бастады. Сәлден кейін соңғы бетін жапты да:

– Тәке, өте қымбат та, құнды материал екен. Бұл тақырыпқа бұрын-соңды қалам тартқан адам жоқ-ау деймін,- деді де:

– Ренжімейсіз ғой, турасын айтайын, себебі өзіңіз де редакторсыз. Демекеннің, Орталық Комитетінің Пленумдарында, сіз басқарып отырған газет екі рет жағымды баға алды, жасаған баяндамаларында. Қателеспесем, Сіздің редакция жұмысын жоспарлау, басқару жайлы іс-тәжірибенізге арнап кітапша шығарды. Орталық Комитет бірақ, деп түсе суыңқыран, тілімен ернін бір жалап жіберіп:

– Мен бұл материалдың нүктесін, үтірін өзгерпестен нөмерге жіберер едім, қол қойып, «Лито» деген бар ғой, оны өзіңіз де білесіз. Ол ұстап қалады, тіпті екеуімізді бір бәлеге қалдырады. Себебі Совет заманында, социализмде адам аштан өлді. Ашаршылық болды,- деп жазу түгіл, ондай сөзді есіту, айту да қылмыс, деп санайды. Солай, солай деп алды да:

– Тәке, бұл материалды жоғалтпа, ерте ме, кеш пе қажет болады. Көп адам біле бермейтін бір терең жерге тығып, сақта ...

Иә, солай болды да. Содан 1991 жылы ауыр операциядан (өтімді, он жақ бүйрегімді «қасапшылар» алып тастады Сызғанов ауруханасында) шығып, 1992 жылы пенсияға шықтым. Үйде отырып, архивімнен сол материалды тауып алдым. Не істеу керек? Тоқтам: неде болса, бір кітап жазуға тырыстым. Жаздым да тарихи роман-эпопия 720 беттік кітап «Атамұра» баспасынан жарық көрді (2001 ж.).

Осы жайларды баяндай келе, кітаптың соңында: қолдан, қазақ халқын құртуға бағытталған – геноцид деп ашық айта келіп, кешегі 1941-1945 жылдардағы дүниежүзілік соғыста Гитлердің 6 миллиондай еврейлерді атып, асып, өртеп жібергенін еске сала отырып, бүгін ХХ ғасырдың соңында еврейлер Германиядан өтемақы талап еткенін, ақырында өтемақы, пособие алып отырғаны, сондай-ақ Азербайжандардың Түркиядан өтем ақы талап етіп отырғанын – бәрін айта-айта келіп, қазақтар үшін геноцид жасап, қырғаны үшін кешегі СССР-дің мұрагері Россия қазақтардың сол қырғыннан, аштықтан тірі қалған ұрпақтарына Өтемақы-пособие беру керектігін ашық айтып жазғанмын.

Менің бұл ұсынысымды қолдағандар да аз болмады. Бірақ ресми үкіметтік аппарат құралдары, үкімет ләмиім деп аузын ашпай тұншықтырып тастады. Бірақ ертеме, кешпе бір ұрпақ жарық дүниеге келер, кек алу үшін Өтемақы талап етер, деп жазғанмын.

Әрине, бәріне уақыт төрелік етер.

Иә, **Мұқағали МАҚАТАЕВ** классик ақын, осыдан 40 жыл бұрын жазып, айтып қалдырғанындай: **«Осы күнгі әдебиет нағыз таланттардың әдебиеті емес, пысықтардың, жерлестер-достардың, жағымпаздар мен қорқақтардың шатпағы»**. «ҚЭ», 06.02.2009 ж.

Мұқағали Мақатаевпен құрдас едім. Ондай дара талантты көреалмаушылық, іштарлық, аяқтан шалушылық, ақыры көрге сүйретті ғой. Міне, Мұқағалидың сол бір данышпандықпен айтқан қанжоса пікірі бүгін де күшінде, маңызды.

Көреалмаушылар селт еткен жоқ. Тек академик, жазушы Сәбит Досанов: «Аға сіз қазақ әдебиетіне үлкен олжалы үлес қосып келесіз. Аял бағанды ертеме, кешпе алуға тиіссіз»,- деп жазған еді.

Конверт бергендер, шенеуніктердің өкшесін жалағандар, көкесі барлар одаққа мүше де болады, пара беріп брошюра шығарғандар мақтанады, мадақталады. **Қазақ мәдениеті мен өнерінің, әдебиетінің үлкен жанаңшыры, неміс жазушы қазақ халқына адал дос Г.К. БЕЛЬГЕРГЕ неге сый-сияпат көрсетілмейді?** Мемлекеттік, басқа да сүбелі сыйлыққа бек лайық тұлға ғой. Себебі, ол әділет адамы! Ақ жолда, адал жолда келе жатқан қаламгер. Және жоғарыда көкесі, тәтесі жоқ. Иә, солай. 2001 ж.

МЕНИҢШЕ: Ашаршылық – әлеуметтік проблема, колдан жасалған геноцид! Ал аштық сол проблеманың салдарынан халықтың аштыққа ұшырауы. Ал «Орысша-қазақша академиялық сөздікте» (Ғ. Мусабаев) «ашаршылық, аштық» бір синоним. Екеуі бір мағына береді,- деп жазған.

ПЕТР Великий: *«Менишков в беззаконии зачат, во гресех роди-ла его мать, и в плутовстве скончает живот свой; если не исправится, то быть ему без головы».* В.О. КЛЮЧЕВСКИЙ. *Петр Великий среди своих сотрудников.*

ЕКАТЕРИНА II: *«Неужели ты не понимаешь, что пушки не могут победить идеи?...».* Осы сөзді Орынборға жаңадан келген генерал-губернатор А.А. **КАТЕНИН ЕСЕТ батырмен** кездесер алдында шекара комиссиясының директоры **В.В. ГРИГОРЬЕВКЕ** айтқан екен. Себебі дейді: *«Есетті пушкамен, зеңбірекпен 20 жыл құдың. Қорқыта алдың ба? Жоқ! Есеттің бостандықты аңсаған идеясын сөндіре алмайсың. Оның идеясы халқының арманы! Ол бостандық, ол тәуелсіздік! Сенің қатең осы!»*- депті.

«Все говорят: нет правды на земле. Но правды нет – и выше...»,- деген екен. А.С. ПУШКИН, *«Моцарт и Сальери»*, 1830.

...Сегодня Бог, а завтра прах ... Г.Р. ДЕРЖАВИН.

Мен білетінде ақын **Қасым АМАНЖОЛОВТЫ** халқы қадірлеген.

*Екі көз екі жұлдыз маңдайдағы,
Көруші ең құбылысты қай-қайдағы.
Япырымай, сенде бір күні сөнермісің,
Қап-қара түнек болып маңдайдағы,
Өкінбем менде бір күні олемін деп...*

КазГУ-де студент болып жүрген кезімізде, ұлы ақынды соңғы сапарға шығаруға барған едік. Өзінің көзі тірісінде жарық көрмеген бұл жолдардан басқа бір жыр жолдары есімде қалыпты. **«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»** газетінен, 1955 ж.

*Түн ортасы болғанда, көше жым-жырт,
Жұпар жаңбыр себелеп ойнайды бұлт.*

*Таң асырған тұлпарша, тұр тықыршып,
Қақпа алдында қалшып жсалғыз жігіт ...*

деген жолдар есімде қалыпты.

Есенбай ДҮЙСЕНБАЙ нағыз лирик ақын емес пе? Мен жатқа білетін:

*Күзеуде шөпің басы қыраулаған,
Күз еді тырна көші тыраулаған.
Онда мен қара жаяу жсолаушымын,
Аулынан қыз Назымның жыр аулаған.
Аулынан қыз Назымның сыр аулаған,
Сол күндер сағыныш болып қалды-ау маған,
Бұл күнде күзде жоқ, күзеуде жоқ, тырнада жоқ.
Басым қалды қыс аязы қыраулаған.*

Иә, қандай сурет, қандай лирика!

Г. БЕЛЬГЕР: «Мен осы ақынды танымаймын, бірақ лирикалары мені таңғалдырады. Нағыз ақын деп, осыны айт»,- дейді ғой.

Әрине, заманында Абай есімі, Мұқағали Мақатаев, Жұбан Молдағалиев есімі, Қасым Аманжолов билік тарапынан мақталмасада, халқы ұлы тұлғаларды сүйді.

Жоғарыда сөз еткен ақын-жазушыларымыз жоғары сыйлық, «халық жазушысы» деген атақ та алған жоқ, бергенде жоқ билік оларға, бірақ қай-қайсысында халқы бағалайды. Құрметтейді!

Орыс әдебиетіндегі А.С. Пушкин, Н.В. Гоголь, Н.А. Некрасов, В.Г. Белинский, Ф.М. Достоевский, М.Ю. Лермонтов, Л.Н. Толстой, И.А. Крылов, Н.Г. Чернышевский, Н.С. Лесков, И.А. Бунин т.б. шетелдердегі – Оноре де Балзак, Фредерик Стендаль, Эмиль Золя буржуазияның бұзылған ұлдарын жазып, сынаған Уильям Теккерей, Теодор Драйзер, Адам Мицкевич, Иоганн Вольфганг фон Гете, Виктор Гюго, Жан Лаффит, Ги де Моппсан, Уильям Шекспир, Чарльз Диккенс, Мигель Сервантес, Алигьери Данте, Жоржи Амаду, т.б. заманында билікке оппозиция болғанына қарамастан, халық аузында, жүрегінде қалды, қала да береді.

Ал ұлы ақын демократ *Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ: «Мен үшін халқымның бас амандығы бәрінен жоғары да қымбат»,*- деген еді.

Иә, солай. Амандыққа не жетсін!

ІРІ ДЕ ДАРА ТҰЛҒА ЕДІ

Осы жолдардың авторы жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында Ақтобе облыстық Телерадио комитетінің төрағасы М. Ко-

зинмен бір он бес-жиырма жылдай жолдас-дос болған еді. Ол: Армиядан оралдым Сибирьдегі еліме. Бірақ Қазақстан жері, елі тартты да тұрды. Содан Қазақстан Орталық партия Комитетінің секретары Ілияс Омаровқа кіруді шештім. Қабылдады. Содан: «Козин жолдас, Ақтөбе облыстық радиосына председатель болып барасыз ба?», - деді. Иә, дедім. Табанда Ақтөбе обкомының бірінші секретарына телефон соқты. «Болды, шешілді, жолың болсын, сәттілік тілеймін», - деді. Ал мен ондай тұлғаны бірінші рет кездестіріп едім деп, әркез Ілияс Омаровты есіне алатын-ды. Ұмытпасам, Ілияс Омаров 1970 жылы дүниеден озғанда екеуіміз «Сарыбұлақ» совхозында іс-сапарда едік. Радиодан қайғылы хабарды естіп, Козиннің жылағанын баса алмадық. «Әкем өлгенде де мұндай жылаған жоқ едім, бұл ұлы адам еді ғой, әтегенай, топырақ та сала алмай қалдым-ау», - дегенді. 1970 ж.

Ах, злые языки страшнее пистолета. А.С. ГРИБОЕДОВ, «Горе от ума».

А он, мятежный, просит бури, как-будто в бурях есть покой!
М.Ю. ЛЕРМОНТОВ, «Парус», 1832.

Ал МҰРАТ ақын: *Жайықты келіп алғаны – Жағаға қолды салғаны, Еділді келіп алғаны – Етекке қолды салғаны*, - десе, Дауылпаз ақын МАХАМБЕТ: *Жайық үшін жандастық, Еділ үшін егестік, Қиғаш үшін қырлыстық*, - демей ме?!

...Что в мой жестокий век восславил я Свободу... А.С. ПУШКИН, «Я памятник себе воздвиг нерукотворный».

В России две напасти: Внизу – власть тьмы, а наверху – тьма власти. В.А. ГИЛЯРОВСКИЙ.

«Кому на Руси жить хорошо? – Ресейде кімдерге тұруға жақсы?», - деген Н.Г. ЧЕРНЫШЕВСКИЙДІҢ философиялық ойлары еске түседі.

Иә, нарық заманында, қазіргі елде кімдерге тұруға жақсы? Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында:

– Тұрасын айту керек, кешегі 70 жыл желкелеген мемлекеттің басшылары, жергілікті партоқраттар халықты сорды. Совхоз директоры лауазымы 10 мың рубль, аутпарком секраторы 25 мың рубль, ауатком – 15 мың рубль, облыстық атқару комитетінің төрағасы 25-30 мың рубль, ферма менгерушісі 5-8 мың рубль тұрды. Бұл сорақалдықты қас ортасында жұмыс істеген көптеген адамдар біледі. Сол ақша параларға қоса, барлық дүние жекеменшікке беріле бастағанда, халықтың жетпіс жыл жиған, тергені осы партоқраттардың қолында қалды. Оларды қазір олигархтар дейді. Халықпен олардың көбісі сөйлеспейді, көзі түспейді.

1\$ (доллар) 65 тиын болды заманында, есептей бер. Академиктер ала дорба арқалап кетті. Білімділер шетелге асты. Міне, саған демократия! Иә, демократия анархияға айналды.

Қытайда: мемлекеттік құрлым ауысып жатқан кезде, өмір сүргейсің,- дейді. Бұл қарғыстың ең ауыры екен. 1991 ж.

ДМИТРИЙ ДМИТРИЕВИЧ ПЕН ИВАН ИВАНОВИЧ ҚАЛАЙ КЕРІСІП ҚАЛДЫ?

Есентай өзеннің жағасындағы Хамит Ерғалиев атанған, 2000-2001 жылдары Иманғали Тасмағамбетов Алматы қаласының әкімі болып тұрған жылдары салынған, жағалаудағы орындықтарда қолдарында «үшінші аяқтары», аса таяқтары бар, сол үшінші аяқтарына сүйеніп, бірде тақтайдай жерді нұқып қойып, екі адам отырды. Екеу де қалың денелі бұғақтары етті, көздері көмескіленген, әп-әдемі сөйлесіп отырған-ды.

Бір кезде Дмитрий Дмитриевич қасындағы омырауы толы медалдармен орденді қартқа иегі бүлкілдеген, даусын көтере:

– Сен соғысқа бардым, енді, Отанды қорғадым деп отырсың ба? Мына темірлерінді сен өлген адамдардың артында қалған балашағасынан сатып алдың, құжаттарды жасатып алдың, сен соғысқа барған жоқсың,- деп таяғын жерге қайта-қайта нұқып, көздері от шашып, езуіне ақ көбік ұялап қоя берді.

– Сені қой,- деп тамағын кернеп, иығы селкілдеп,- суайтсың? Болмаса, айтшы, әскери дәрежең бар ма? Ал мен полковникпын. Мен соғысты Берлиннің Бранденбург қақпасында аяқтадым. Ол 1945 жылдың 30 апрель еді. Ал сен қайда болдың? Айтшы? Айта алмайсың. Мен Берлинге полковник чинінде кірдім. Ротамнан үш-ақ солдат қалдық. Сенші?- деп қасындағы Иван Ивановичты жеп барады. Ол қарттың мінезі салмақтылау-ау деймін, біразға дейін салқынқандылық танытты. Тіпті Дмитрий Дмитриевичке назар салмады да, кейде иығын тартып қояды. Дмитрий Дмитриевич қояр емес, өршілене түсті. Енді үшінші аяғымен Иван Ивановичтың денесін түртіп-түртіп жіберді.

– Тоқтат! Тоқтат, енді!- деп Иван Иванович көзін суыта қарап, тіктеле беріп еді. Дмитрий Дмитриевич орнынан таяғынан сүйене тұрды да, боктап жіберді.

– Сен соғыс кезінде елде болдың, байлары майданға кеткен әйелдердің еркек шошқасы болдың, болмаса, қай жеріне оқ тиді, айтшы, көрсетші?- деп даусын көтеріп айғайлай бастады.

– Дмитрий Дмитриевич, жетті! Тоқтат дедім ғой. Менде полковникпін мына оқ аяғымның тізесі мен сол жақ иығымды снаряд осколқалары жұлып кеткен. Мен төрт рет жараландым. Катовица қаласында госпитальде үш ай жаттым,- деп дәлелдеп жатыр.

Барлығы отрік!

– Документтерім, әскери күәлігім бар, түп нұсқасы.

– Оттама! Қай заманда да бәрі сатылады, бәрін сатып алады. Сен сатып алғансың!- деген кезде Иван Иванович те орнынан тұрып, Дмитрий Дмитриевичке тіктеле аузындағы темір тістерін шықырлата, жақындай түсті. Дмитрий Дмитриевич сол кезде Иван Ивановичтың омырауындағы «моншақтарын» қолымен бытырлатып жұлып алып, өзенге лақтыра бастады.

Осы кезде магазин жақтан екі кейуана да аяқтарын сүйретіп жетті.

– Әй дурак, жетті! Аузыңды жап, қолыңды түсір!- деп келген кейуананың бірі жекірді Дмитрий Дмитриевичке. Ол тыңдағысы келмегендей ажар көрсетті. Сосын:

– Жастау күнінде етегімді жалаған қатын едің, бүгін «жақсы» сөз естіп тұрмын ғой,- деп бетін суытып, көзі айналып кетті.

– Дурак, сені көргім келмейді. Сенімен бірге тұру түгел, бірге жүру де мен үшін трагедия! Шалдарынан ерте айырылған кемпірлер бақытты ғой. Құдай сені алмайды екен,- деді де кейуана жүре берді.

Иә, осындай сөзді осымен екі жерде естідім-ау. Кешегі «сүйдім, күйдім»,- дейтін қыз, келіншек заманы өтті ғой. Бүгін махаббат та біріне-бірінің жылы қатынасы да қасаңдаған.

Екінші кейуана Иван Ивановичтың кемпірі екен. Ол әп-әдемі, жып-жылы шалына:

– Милый мой, мой любимый старичок, мое счастье, моя любовь, айда пошли домой,- деп қолтығына қолын тығып, жетектеп алып кетті. Иван Иванович кемпірінің қолтығында кетіп бара жатып, артына мойнын бұрып қарады да – бас киімін қолына алып:

– Докладывает Вам, полковник в отставке Иван Иванович,- деп кете барды.

«Была бы верная супруга и добродетельная мать»,- деген А.С. ПУШКИННІҢ қанағты сөзі ойға оралады-ау.

Бұған қосып айтатын болсам, *ПЕТР I-ші: «Быть пленником любовницы хуже, нежели пленником на войне ...»* деген екен.

Иә, *А.С. ГРИБОЕДОВТЫҢ «Горе от ума»,-* деген даналық сөзі де еске түседі.

Екі қарт пен екі кейуананың кездесуінен кейін ойыма: *А.П. Чеховтың «В человеке должно быть все прекрасно: и лицо, и одежда, и душа, и мысли».* Иә, бұл қанағты сөз сонау орта мектептегі заманнан жатталып қалған еді ғой. Ойға қайта оралуында бір гәп бар сияқты. Адамға не жептейді? Ұстамшылдық, салқынқандылық, байсалдылық! Мұның бәрі тәрбиеге. өскен ортасына байланысты бола береді ғой.

Арада бір апта өткенде, тағы да өзен жағасына қыдырыстап, дем алуға келдім. Сондағы екі қарт отырған орындыққа көзім түсті.

байқаймын, Иван Ивановичтың қасында жаңадан үйленген жастардай, шүйркелесіп, жып-жылы әңгімелесіп, бір, иә, өткендегі «Мой любимый» деген кейуана отыр екен. Екеуіде ажарлы-ақ, күлімдеп қояды. Сол кезде бетіндегі әжімдері қысылып, жасырынып қалады.

Сәлемдестім. Өткендегі «Досың, майдандас полковник» көрінбейді ғой, келмеді ме?,- деп сұрап едім, Иван Иванович төмен қарады. Қасындағы кейуана ернін жымырып алды да, аузында бір сөз бар екенін жасырғысы келмеді. Бірақ:

– Иә, Дмитрий Дмитриевич сол күні дүние салды ғой. Шығарысуға Иван Иванович екеуміз барып қайттық,- деп Алатау шыңына қарай қартайып қалған көзін салды. Көздерінің алды көгеріп кетіпті, шым-шым жас үйірілді. Иә, сәлден кейін кейуана: «Дмитрий Дмитриевичтің қаны басына шауып, давлениясы көтеріліп кетіпті, соңында жарық дүниемен қоштасты ғой. Өзеуреп, женемін деп, айқай-шу шығару өмірге қауіпті»,- деді де шалына Иван Ивановичке аса жылы қарап, тізесінен сипап қойды.

Тамыз, 2009 ж.

Жақсы адам қартайса – қазына, жасаман адам қартайса – қазымыр. Қазақтың қанатты сөзі.

Иә, ***жас қауымға жол сілтер, жсон айтар қарттар мектебінің арқауы үзіліп барады-ау.*** Алпыстан асса да баларымен тіпті немерелерімен отырып, ащы су ішіп аузына келгенін аталап отыратындар аз емес.

Айтатын болсам, ***жақсы қартая білу де, бір бақыт емес пе?***

Мына Шығыс елі атанған – Жапонияда қарттарға деген құрмет пен ізет әлемнің ешбір елінде жоқ екен.

Қазақ елі қағаз жүзінде тәуелсіздіке қол жеткізгенмен, рухани егемендікке әлі жеткен жоқ. Тұрсынбек КӘКІШЕВ.

...Бастауыш білімді өз ана тілінде алған бала өзге тілдің арнасында кетпейді. Ахмет БАЙТҰРСЫНОВ.

Соқыр көретіндей, саңырау еститіндей арда сөз керек бүгін бшілктен. Сонда бәріне ұнайды. Халық ТАЛАБЫ.

«ҚАРТАЙСА, АТАҢА АҢ БОЛ» ДЕГЕН ҒОЙ

Л.И. БРЕЖНЕВ: СССР-ді 18 жыл басқарған тұлға. ***«Жақында, ...көлікте менің орнымда мен емес, тірі өлік жүреді»,-*** дегенді айтқан. ***Екінші бір сөзінде: «Менің орнымда өлік емес, мен өліктің орнында жүрмін»,-*** депті. ***Иә, қапша рет: «Мені демалысқа жіберіңдерші, шаршадым, жалықтым, қалған қысқа өз өмірімде бір қол-аяғымды созып, жатып дем алайын»,-*** деген. Бірақ

төңірегіндегі жағымпаздар мақтап, мақтап, темір-терсекті қаулап тұрған төсіне қайта-қайта тағып, демалысқа жібермей қойған. Мұның басты себебі ол «ер қарақшы» «протокольный генсек» болып отыра берсе, жағымпаздар да, аяғын жалайтындар да билікте қала береді, пара ала береді, өздеріне жақын-жуықтарын билікке тарта береді. «Правда» газетінен бастап оны мақтап, мадақтап номер сайын оның сурет-фотоларын халыққа көрсете берді. Мұндайларды көріп, оқып жүрген халық іштей өкініп, күле береді. Содан түрлі анекдоттар, әңгімелер шығарып: «Мен кеше мынадай анекдот естідім, мынандай әңгіме тыңдадым», - деп өздері шығарады. Мұндай анекдоттарды, көбіне, жазушылар, журналистер шығарады да, «Мен кеше мынадай анекдоттар естідім», - деп айта салады.

Осы жолдардың авторы 30 жыл газеттің бас редакторы болып жұмыс істеген кезде, бірнеше рет Мәскеуде, Ленинградта, Ташкентте, Ульяновскіде, Киевте, т.б. іс-сапармен болды. Сол кездерде «Правда», «Известия», «Сельская жизнь», «Московская Правда», «Крокодил» редакцияларында болып, талай журналистермен кездесіп, әңгімелерін тыңдаған еді. АПН-ның (Агентство новости печати) Латын Америкасы жөніндегі Бас редакциясының бас редакторы Иван Матвеевичпен талай кездесіп, тіпті үйінде де болып, небір қызықты әңгімелерді есіткен болатын. Ол өзі Отан соғысына қатысқан, аса білікті де, сөзгер адам еді. Демалыста Солтүстік Кавказда, Батыс Украинада, Карловы Варыда курорттарда болып, қайтарда Мәскеуде оқып жатқан балаларыма соғып, редакцияларға баратынмын. Төлеу Құлшаманұлы Бәсеновпен Ленинградта бірге оқыған, кейін Италияда екі жыл мүсін өнерін үйренген, алған, білімін шыңдаған, қазақтың ұлы достарының бірі Хасбулат Нұхбекович Асқар-Сарыджамен көп араласқан едім. Сол ақсақал арқылы ВАСХНИЛ-дың бас редакторы ұлы Виктор Борисович Зильберквитпен де достасқан болатынмын. Талай әңгіменің тиегін ағытатын едік. Анекдоттардың билік басындағылар жайында талайын «Крокодил» журналында болғанда ғана тыңдайтынбыз.

Иә, талай анекдоттарды Қазақстан, оның кеңестік басшылары жайлы да Мәскеуде, Алматыда еститін едік. Сол заманда ғой «Москвада жел тұрса, Қазақстанда дауыл болады», - деп басталатын анекдоттар ... әңгімелер.

Талай рет шетел журналистерімен де кездестім. «Русская дама задом закроет Кузнецкий мост» дегеннен басталатын шымшыма сөздер етек алып кеткен еді.

ҚазГУ-де оқып жүргенде, М. Шолоховты студенттердің сұрауы бойынша куратор Ксения Сергеевна Курова екеуіміз жетектеп алып келіп, әңгімесінде тыңдайтынбыз. Л. Леоновпен де кездестіргенбіз студенттерді. Ол кезде мен филфактың (журналистика осы факульте-

ттің бір бөлімшесі болатын) комсомол комитеті бюросының секретары едім.

Бір кездегі Францияның даңқты тұлғасы – Президенті *Шарль де ГОЛЛЬ: «Мені халық телевидениядан қайта-қайта көріп, көздері талған шығар, газеттерден менің фотоларымды көріп, жиригенген шығар»* деп, Шарль де Голль Президенттіктен өзі кетсе, Путин үшінші рет президенттікке түспеймін деп мәлімдегені есімде. Бірақ ...

Александр Солженицинның мемлекеттік сатқын ретінде айыпталып, абақтыға жабылуына себеп болған «Өтірікпен өмір сүрмейік» атты мақаласындағы (1974) КСРО туралы: «И тот, у кого не достанет смелости даже на защиту своей души, – пусть не гордится своими передовыми взглядами, не кичится, что он академик или народный артист, заслуженный деятель или генерал,- так пусть и скажет себе: я – быдло и трус, мне лишь бы сытно и тепло»,- деген.

1980 жылдар.

БҰЛ ҚАЗАҒЫМА НЕ БОЛҒАН, Ә?

*Заманымның тозғаны-ай,
Аттан байтал озғаны-ай.
Араздасып ағайын,
Қазағымның азғаны-ай.*

*Иса ТЕРГЕУСІЗОВ,
белгілі ақын, «ЕҚ», 31.10.2013 ж.*

АЛМАТЫ қ., наурыз, 2002 ж. Қалалық құқық әкімшілігінің шақыруымен басшыны күтіп отырғанмын. Кешкілік болатын. Кабинет алдындағы қабылдау бөлмесі күнгірттеу. Жан-жағыма көзімді тоқтатып қарай бастадым. Қарсы алдымда жасы әбден тоқтасқан, бетін терең әжім басқан, салдыраған сүйекті қарт отыр екен. Сәлем бердім. Орнынан баяу тұрып, қолымды алды. Ұялып қалдым. Бірден:

– Жігітім, қысылма. Мен Мұстафин деген ағаммын. Мына бастыққа кіргелі отырмын. Баяғы 1937-38 жылдардағы НКВД ғимаратын – сол жылдары жазықсыз құрбан болған, камалған азаматтарды еске алу үшін музей ашуға рұқсат беріңіз деп, өтініш айтуға келіп отырмын, - деді. Ағаның өңі өзгеріп, түсі бұзылып кетті. Иегі селкілдеп қоя берді. Аға, дей беріп едім:

– Иә, мені көп адам Магаданда өліп қалды деп есептейді. Мен елге тірі оралдым. Аған Қазақстан Орталық Партия Комитетінде секретарь еді. Ол кезде Фабиғ Мүсірпов менің карамағымда жұмыс

істейтін. Иә, күндіз-түні қазақтың марқасқаларын ұстап, қамап, тіпті атып жатқанын әлме-әл естіп, жынданып отыратын едім. «Жазушы Бейімбет Майлинді жаңа ұстап кетіпті», - деп есіттім. Сонда Ғабит: «Беке, заманында Абай қазақтың атқа мінерлеріне қарата «қазақтың жауы қазақ» демеп пе еді. Қазірде де ағасы-ау, «қазаққа қазақтан басқа жау жоқ», - деп айты да: «Ендігі кезек сізге де, маған да келеді», - деп кабинетімнен суыт шығып кетті, жан-жағына үрке қарап. Иә, солай болды. Көп ұзамай мені де осы музейге сұрағалы келген ғимаратқа көзімді таңып, декдетіп алып келді. Жауап алды. Бірден түсіндім. Бір «мықты» үстімнен арыз түсіріпті.

– Оның кім екенін білесіз ғой, аға, - дедім.

– Білемін. Білемін, бірақ кім екенін айтпаймын. Оның тірі ұрпағы бар. Оны айтсам, «менің атама, әкеме жала жауып отыр» деп, мен айықпас дауға қаламын. Мені ұстатқан да өз қазағым. НКВД-ның архивін ашпау керек. Аша қойсаң, сол қанды, қайғылы жылдар қайта келеді, - деп қарт денесі дірілдеп кетті.

– Аға, кешіріңіз, Магаданнан оралғаныңызда отбасыңыз тосып алды ма?

– Жок. Ешкімге хабар бермегенмін. Бірақ сонша жыл сарыла күткен әйелім қабылдады. Әбден тозығы жеткен жібектей азып кетіпті. Иә, қарағым, кемпірім туған қарындасындай жақын болады...

– Ағаң 1937 жылдың тамызынан 1940 жылдың тамызына дейін Алматыдағы Виноградов көшесімен Дзержинский көшесінің қиылысындағы екі қабатты сары үйде қамақта отырды. Бастықтың қабылдауын сұрап отырғаным, мақсатым-осы ескі үйді музейге айналдыруға сұрап алу.

Иә, осы үйге іргелес үш қабатты сары үй болды. Сонда Сәкен, Бейімбет, Лияс отырды. Қарағым, жансыздар мені екі рет атуға шешім алды. Бірақ қалай болғанын білмеймін, Колымада 18 жыл отырып келдім, - деді Бекболат аға. Сәлден кейін:

– Жаңағы мен айтқан ұлылардың басқа да ардақтылардың мына Талғарға қарайтын Жаңалық ауылына және Есентай өзені бойында сүйектері жатыр, - деп жанары сөніп бара жатқан көздерін қолымен қайта-қайта сұртті.

Қартты жетектеп бастыққа бір қыз алып кетті... Кейін дүнісден озғанын баспасөзден оқыдым. Өкінішті-ақ!

Сталин Қазақстаннан «халық жсауы» ретінде екі адамды атуға өзі қол қойды. Олар – Тұрар Рысқұлов пен Сұлтанбек Қожанов. Басқалардың тағдыры республиканың өз ішінде шешілді. Ежовтың жсазалаушылары сонау ашаршылық жылдары, содан кейін де қызғаныштан бірін-бірі жсау етіп көрсеткен қазақтардың іс-әрекеттерін өте сәтімен пайдалана білді. Қазақтар бірінің

қадіріне бірі жете алмады. Соның салдарынан ұлтын шын сүйгендерден айырылып қалды. Мұның салдары ұлттың жан-жақты дамуын көп жылдарға тежеді. Дәл осы тақылеттес репрессия 1948 бен 1950 жылдары да қайталанған. Ал біз кінәні басқадан көреміз. «Түркістан», 30 мамыр, 2013 жс.

«...Сол бір нәубет жылдары «халық жауы» ретінде Қырғызстанда 40 адам атылса, Өзбекстанда 7 адам, ал Тәжікстанда бір-ақ адам атылған. Ал бізде ше? Ру-руға бөлінбейік деп шырылдауымның себебі осы...». Ханбибі ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫ, белгілі ақын, Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси Құғын-Сүргін мұражайының директоры, «Алаш айнасы», 28.11.2013 жс.

Иә, өткен жазда (2013 жс.) Алматы облысындағы Жаңалық ауылында көгендеп қойып атылған қазақтың маркасқаларының санының төрт мыңнан асқанын ресми БАҚ, телеарналар айтып жатты-ау. Ал бұрын «Весновка» деп атайтын, қазір Есентай өзені – Хамит Ерғалиев жағалауы делінетін өзен бойында қанша қазақ ұлыларының атылғаны әлі ашылған жоқ.

Осы бір трагедиялық хабарды естігенде, жанымды қоярға жер таппадым ғой. Сол кезде де руға, аталыққа бөлушілік, бірін-бірі көреалмаушылық, ышқырға тас қыстырушылық болды ғой. Бұл қазаққа не болған деуім осы. Ұлы Абай да жылап өтті емес пе?

Осы бір ұлы трагедияны есіткен қазағым: «мен қазақ болып туғаныма жылаймын» десе, қалталылар: «мен қазақ болып туғаныма куанамын», - дейді-ау.

Қазақстанды бес жыл басқарған Л. Мирзоян «халық жауы» деген желеумен 110 мың адамды тұтқындап, оның 25 мыңын аттырған. Өзінің қанды қолын жасыру үшін Мәскеуден бірнеше рет лимит сұраған, оларды аттыру және жазалау үшін. Иә, бұл жария болған деректер ғана.

Ал Н. Хрушев ше? Ол да Украинадағы, Мәскеудегі басшы қызметтерде отырған кезеңдеріндегі адам айтқызысыз жауыздығын жасыру үшін Билік басына келген соң сол 1937-38 жылдардағы жүргізген репрессиялық саясатын өшіру мақсатында комиссия құрып, мұрағаттардағы өз қолымен «халық жауалары» деп атқан, аттырғандарды көрсететін барлық құжаттарды жоқ қылдырған. Тіпті кейбірін И. Сталиннің, Л. Берияның қолдарын сырттан қойғызып, барлық қылмыстарын соларға жапқан. Н. Хрушев биліктен кеткен соң СОКП Орталық Комитетінің секретары Александр Яковлев «Хрущевтың екі қолы иығына дейін қан болыпты», - деген сөздерін «Правда» газеті журналистерінен естіген едік. Хрущевтың қолымен 157 мың адам «халық жауы» делініп айдалған, атылған дегенді де

құлақ шалған. Иә, ол заманда «не для печати» делінетін. МӘСКЕУ,
1969 ж.

ШЫРАҒЫҢ СӨНБЕСІН!

Жас шаңырақ көтеру той рәсімінде ұлттық дәстүр бұзылып жатады.

Ол қалай?

– Үйлену тойы гүрілдеп өтіп жатыр, тойға жиналғандардың ортасына қол арбаға салып торт, жағылған шырақ келді. Жас жұбайлар, алдымен, шырақтарды сөндіріп, содан кейін тортты кесіп-кесіп алып, үлестіре бастайды. Мұндағы айтайын дегенім – шырақтарды үрлеп сөндіру, осы қазақтың қай дәстүріне, үрдісіне жатады?!

Қазағым: «шырағың сөнбесін!»- демей ме, бата бергенде.

Қазағымның кейуанасы (әрине, берен ауыз) көңілі қалып, қарғағанда «Отың өшсін», - деп жатпай ма?! Жаман қарғыс емес пе? Жаңа ғана отау тігіп, шаңырағын көтеріп жатқан екі жас жиналғандар ортасына келіп, жағулы тұрған оттарын сөндіреді. Бұл қазақтың қай салт-дәстүріне жатады, ә? Меніңше, тілі қазақ елінің дәстүріне сүйенсек, торт тиеген, шырақты орнатқанын қол арбаны ортаға әкеліп, шаңырақ көтеруші екі жас шырақтарды өздері жағып: «Міне, біздің шаңырақтың шырағы жағылды, баталарыңызды берулеріңізді сұраймыз», - деп екі жас жиналған топ алдында сәлемдесіп, екі қолдарын төстеріне қойып, сәлден кейін бірін-бірі қолтықтап, халық алдында бас иіп жатса қандай әдемі! Бұл, біріншіден, біздің шырағымыз, отымыз жанды, маздады болса, екіншіден, қол ұстасып, көпшілікке иіліп сәлем етуі – бұл тіршілікте қосағымыздың жазылмауына сіздерге антымыз деп түсінуі керек. Сол кезде тойға қатысушылар үлкендер бата беріп, екі жастың мандайларынан сүйіп:

Ардақты ана бол!

Даңқты дана бол!- деп қызға тілек айтса, ұлға:

Ардақты әке бол!

Даңқты ата бол! -

деп жатса, қандай жарасымды болар еді. (Ал, қазір басқаша) Бата - игі-тілек. Ата батасы жастарға қайрат, күш беретін ақ тілек, қызға-келінге қосағыңмен қоса ағар деген өсиет! Естеріне салайыншы, сонау өткен жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында қызыл империяның қылышы қылтылдап тұрған заманда сахнаға – сайын қазақ даласына, сонау жарық жұлдыздай жарқ еткен «Қыз Жібекті» еске алыңызшы? Төлеген әкесіне екі тізерлеп отыра қалып, бата сұрамай ма? Иә, сұрайды. Сонда әкесі бетінің қаны қашып, тізесін құшақтап, «Қазақ

дәстүріне – тізе құшақтағанды жаман ырымға жориды емес пе» селт етпейді ғой. Төлегеннің Анасы қанша жалынса да иілмейді. Еске салсақ, бұл оқиға Алшынның Жетіру тайпасында болған еді.

Былай айтсақ, оң бата сәтті сапарға жарқын жол ашады. Теріс бата – атылатын оқтай, баланың жолына қақпан құрады. Сондықтан қазағым «жауынменен жер көгерер, батаменен ер көгерер», - дейтін емес пе? Ақыры не болды? Төлегеннің жолына «жуа бітті», қайғылы қазаға ұшырады ...

Ал Қыз Жібек Төлегенін сарыла күтіп, сарғайып отырғанда, айналасындағы қыз-келіншектер, женгелері үйге кіріп келіп, жанып тұрған шырақтарды сөндіруге бет алғанда, Қыз Жібек: «Шырақты сөндірмеңдер!» - деп шырақты бермейді ғой. Мұндағы түсінік шырақты сөндіру – Төлегеннің қайғылы қазасын естірту еді. Ал Қыз Жібектің шырақты сөндірмеңдер деуі, Төлегеннің аман келуіне арнаған ақ тілегі еді ғой. Қазақ халқының осы бір тарихи дәстүрін тірілткен ұлы жазушы Ғабит Мүсіреповтың аталық аманатын неге ұмытып, жас шырақтың өмірге есік ашқан шырағын неге сөндіріп, алдына келген тортты жампандап жей бастаймыз. «Шырағың сөнбесін», - деп ақ тілек айтып, тортты жейміз бе?!

Қазақ дәстүрінде шырақты, отты сөндіру – өлімнің, шаңырақтың құлауы – қайғы-қара жамылу дегенге мензеледі. Ұлттық салт-дәстүрді ұстану ұрпақ тәрбиелеудің жарық жұлдызы болмақ.

Иә, бала кезімізде, жас дәурен самғап тұрған кезде, адам өте қиялшыл, есейе, ес жия келе адам арманшыл болады ғой. Сол қиял жетектеп, адамды үлкен арна, арман жолына алып келеді. Ол арманға жету үшін ойдай қабілет керек. Ол туа бітсе, кәнекей, а?

Цивилизация (өркеніет деп жүрміз ғой) бұл латынның «Civitas» сөзі. Ол «Азаматтық», «Азаматтық қоғам», мемлекет деген мағынаны білдіреді.

«Майдалардың арасында жүрсең ұсақтайсың, ірілердің арасында өзің де өсесің, ірі боласың», - деген екен ГЕТЕ.

«Өмірдегі ерен қуаныш – бұл үнемі алға ұмтылу», - депті ғой Эмиль ЗОЛЯ.

Билік, сен бүгін дұшпаныңды қамаққа отырғызасың, ертең өзін отырасың! Дүние кезек, дүние дөңгелек деген осы! ҰЛЫЛАР сөздерінен.

Мұны тарих талай көрсетті ғой. Бұл өмірде, осы дүниеде – өлімнен де ауыр нәрсе болар. Ойлан, тәубеге кел, мырзам.

Берекесі кеткен ауылдың – айтатыны өсек болар.

Ұлтарақтай болса да – Ата қоныс жер қымбат, ат төбеліндей болса да, туып өскен ел қымбат!

Азамат бақыттың қонғанын аңгармайды, ол басынан ұшқанда гана біледі. ХАЛЫҚ даналығы.

Жолбарыстың баласы түбінде жолбарыс болады. КОРЕЯ халқының қанатты сөзінен.

Бақыт жасартады, қайғы қартайтады, бірақ екеуі де тұрақсыз! ЛАТЫН қанатты сөзі.

Иә, ол адамның кім екенін білгің келсе, оның қолына билік бер. Шығыс даналығы.

Атаның ұрпағы қалса, көзі қалды дегейсің; ал сөзі қалса, өзі қалды дегейсің. ХАЛЫҚ даналығы.

Қажырлы еңбек қара тасан от шығарады. НЕМИС халқының қанатты сөздерінен.

Әділ хан – халқы үшін, залым хан – құлқы үшін гұмыр кешеді. ҰЛЫЛАР сөзінен.

Жебір құстың гұмыры қысқа болар. Иә, жебір адам да солай.

Бағдат – парсы, қазіргі иран халқының сөзі, бағ – жаратушы, дат – сыйлық деген мағына береді. Сонда «Жаратушы сыйы», - деген ұғым туады.

Еврейлер дәрігерге кеңесуге барады;

Орыстар дәрігерге емделуге барады, ал

Қазақтар дәрігерге ауруы асқынып кеткенде, өлуге барады. ХАЛЫҚ сөзінен.

Біреудің үйінің біреу жыгуын білсе де, тігіуін білмейді. ХАЛЫҚ-ТЫҢ қанатты сөзінен.

Өткен жазбаларда да айтқанмын. Қалам ұстаған таза, әділетті қайраткер өзі өмір сүрген ортасына, заманына оппозиция. Себебі Сарай жазушысы, ақыны болмаса, өзі гұмыр кешкен қоғамға қарсы қалам тартады. Хас талант сол қоғам ағымына қарсы жүзеді.

БІР ОЙЫМ: Кез келген асты ішіп, жей салғаннан аш жүргенің жақсы. Иә, ал кез келгенмен жолдас, дос болғанша, жалғыз жүргенің дұрыс, тыныш боласын, жалғыз жүріп ойлануда ой адамы үшін үлкен арна!

...Мен, өз басым, біраз жсағдайда, адамдарға, құдайға сенгендей, сеніп қаламын. Бұл ұлы Ата-Бабаларымның, әз Аналарымның қанымен келген-адамгершілік, адалдық, инабаттылық, мәдениеттілік болар. Ал өкініштісі – сол кейде сенемін деп, алданып та қаламын. Кейін азда болса, опық жсейтінім бар. Бірақ адамдарды, көп жсағдайда, зерттеп, тура көзіне қарап, бет құбылуына қарай баға да беремін.

Ауру дауа іздейді, қолының емі бар, емші іздейді. Солай емес па?

09.09.2009 ж. Күні басымнан басталған жалын тұла бойымды күйдіріп, аяғымнан табаныма барып сөнді. Бұл мамырдан бергі төртінші жалын еді. Ешбір дәрігер айта алмады-ау себебін.

Күйінішсіз қуаныш жоқ қой. Көрермін.

Иә, жақсы сөзде, жаман сөзде, ұшқыр ойда, азапқа салатын сөзде бәрі де бір қасқағымда туып, жалт етіп, жылт етіп жоғалады. Тек ол кезде, иә, қай кезде де қолыңда қағазың мен қаламың болғаны дұрыс, болмаса, жалт етіп келген ойдан айрылып қаласың.

Ең алдымен, бойыңа біткен қасиетіңе сай кәсіп тапсаң-үлкен табыс.

Мінезіңе сәйкес жар тапсаң, теңдесі жоқ бақыт!

Шынайы дос тапсаң, өмірдің мықты бір қазығы. Асқар ТОҚ-ПАНОВ, ұлы өнер қайраткері.

Сүйемін туған тілді – ана тілін,

Бесікте жатқанымда-ақ берген білім. Сұлтанмахмұт ТОРАЙ-ҒЫРОВ.

Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш!

Ана тілін білмей тұрып, орысша жақсы сөйлесең, бұл – күйініш. Халел Досмұхамедұлы.

Уақыт – адам үшін, сөз жоқ, Ұстаз, білім береді, тәрбие береді. Адамды заман талабына сай өсіреді. Әрине, басында бірдеңе бар адам үшін уақыт үлкен университет.

Ал қаламгерге – ең қымбат қазына – уақыт. Жылт еткен бір эпизодты жіберіп алсаң, басыңа қайта келмейді-ау, ол.

Сейте разумное, доброе, вечное, сейте! ... Н.А. НЕКРАСОВ, «Селятелям».

Остановись, прохожий!

Здесь человек лежит на смертных не похожий ...

Был двух империй вождем; Европу удивлял;

Сажал царей на трон, и на соломе спал. Адмирал А.С. ШИШКОВ о великом полководце А.В. Суворове.

Президент – (латын сөзі *praesidens* – алдыңда отырған, басында) мемлекет басшысы деген мағынаны береді. Ал компаниялардың басшысында, көп жағдайда, президент, деп жатады. Дұрыс емес? Президентті күлкіге айналдыру емес пе?

АДАМ МИЫ ЖАЙЛЫ

Қызықты ақпараттар

Карл Фридрих Гаусст (неміс математигі, барлық заманның математиктер патшасы аталған, 1777-1855 жж.) *миының салмағы – 2400 г*

Оливер Кромвель (Англияның 1-ші лорды, 1653-1658 жж.) – 2300 г
Джордж Гордон Байрон (ағылшын ақыны, 1788-1824 жж.) – 2228 г

Иван Сергеевич Тургенев (орыстың ұлы жазушысы, 1818-1883 жж.) – 2012 г

Мұны бұрыннан білетін едім. Осы деректерді айтқанымда, ауылшаруашылығы басшысы ала көзімен қарап, «сонда тек жазушының миы көп болады дегің келе ме?», деп жармаса кетіп еді. Иә, жауап қайтардым. Зоотехниксің ғой, жоғары білімді – сиырда неше емшек болады?,- деп сұрағанымда: екеу; Ал қойда ше? – төртеу дегені барды. Сіз айтыңызшы, бие мен түйеде неше емшек болады? дегенімде жауап қайтара алмай жерге қараған еді.

Отто фон Бисмарк (неміс мемлекетінің бірінші канцлері, 1815-1898 жж.) – 1965 г

С.А. Есенин (орыстың ақпа ақыны, 1895-1925 жж.) – 1920 г

Жорж Кювье (француз табиғат зерттеушісі, палеонтологы, 1769-1832 жж.) – 1792 г

Людвиг ван Бетховин (немістің ұлы композиторы, 1770-1827 жж.) – 1750 г

Иммануил Кант (немістің ойшылы, философы, 1724-1804 жж.) – 1600 г

Д.И. Менделеев (орыстың ұлы химигі, 1834-1907 жж.) – 1571 г

Л.Д. Троцкий (аты шулы қайраткер, Ленин ұзенгілесі, 1879-1940 жж.) – 1568 г

Роберт Кеннеди (АҚШ белгілі саяси қайраткері, 1925-1968 жж.) – 1432 г

Мэрилин Монро (АҚШ киножұлдызы, 1926-1962 жж.) – 1422 г

В.И. Ленин (пролетариат көсемі, 1870-1924 жж.) – 1345 г

Альберт Эйнштейн (ұлы ғалым, Нобель сыйлығының иегері) – 1230 г

Айтар болсақ, жалпы адам миының орташа салмағы – 1400 грамм болады екен.

Ал **Уолт Уитмен** (Америка ақыны 1819-1892 жж.) – 1256 г болса, **Анатоль Франц** (француз жазушысы, 1844-1924 жж.) – 1017 г болған миының салмағы. Сонда адамның ақылы, білікті болуы мидың салмағына орай талас пікір жүріп жатыр.

Жапон халқының орташа миының салмағы 1374 г болған. **Буряттардың** миының салмағы 1508 г. Совет өкіметінің тұсында адам миын зерттейтін институт жұмыс істеп келген еді. Бұнда **Мичуриннің, Лениннің, Горькийдің, Калининның, Сталиннің, Маяковскийдің, Ландаудың** миларын зерттеп, қойылған. Бір қызығы

Сталиннің миының қатпарлары өзгелермен салыстырғанда өте көп болған.

Ленин 136 мың сөз қолданса, Лев Толстой «Согыс және Бейбіт» романында 16 мың сөзді, ал Ги де Мопассан 3,5 мың сөзді қолданған екен.

1935 ж. Нью-Йоркте туған балада 1 грамм да ми болмаған, ол 27 күннен кейін өліп кеткен.

Адам миы 1 миллионнан 7 миллион МГ дейін – ақпарат-информация сақтай алады екен.

Адамның қателескен, сүрінген жері болмаса, ол адам – кісі емес. Кісілік сүрініп тұра білсе ғана.

Уақыттың жауы – жалқаулық, сол түбіне жетеді.

МӘССАҒАН, ДЕП ОСЫНЫ АЙТ

Иә, адам туады, адам жер койнына оралады. Бұл диалектикалық заңдылық. Бірақ, иә, бірақ дейтін тұстары жетіп артылады, сол адамды сол тұлғаны тірісінде сыйлау, құрметтеу, ұлылығына, адамгершілігіне тәу ету аз. Қазір қалталылар ол адамның, жақын-жуығының, әкешешесінің қалай, кімдерге – халыққа қандай қызмет ететінін сараламайды. Оның тұрған үйіне, мәрмәр тақта қою, мазарын елден ерекше, жұрттан бөлекше етіп мәрмәрдан тұрғызу, мыңдаған адам шақырып ас беру, т.б. халыққа жат көріністерге барады. Қазақстанда бір прокурор бүкіл зиратты-қорымды трактормен күреп тастап, әкесіне кесене тұрғызған. Әл-таңданбай көр?! Бір миллионер баласын сүнетке отырғызғанда молдаға «Джип» сыйлап, елді шулатқан ат шаптырған. Тіпті баласын үйлендіруге, қызын ұзатуға бірнеше жүз адам шақырып елдегі «Жұлдыздар» деп жүрген әншілерді шақырып, кемі 5 мың не 10 мың АҚШ долларын бір өлең айтқанына беріп, кейбірі «Джип» сыйлайды. Ал олар күнкөрісі қиындарға да қарасса, кәнекей ...

«Әдебиет қашан да, қай кезде де өткен жай туралы жазады. Болашақты болжау – ғалымның ісі. Демек, әдебиет оқиға жиынтығы емес, оқиғадан кейінгі толғам. Яғни, әдебиет факт емес, постфактум. Мұның өзі сананың, танымға айтуға деген сөзі». Ақселеу СЕЙДІМБЕК.

«Алаш жүрті Ақселеуін жоқтар күні алда»,- деген еді Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ.

ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ҰЛЫЛЫҚ

1934 ж. Түркия ұлттық Парламенті Мұстафа КЕМАЛҒА «Ата-түрік» деген тек қосуға шешім арнады. «Ата-түрік» түріктердің ата-

сы,- деген мағынаны береді. Ол кейін былай депті: *«Мен қажет болған жағдайда ұлтыма деген ең үлкен сыйым – өмірімді беремін».*

Есінде болсын деген екен, бұл ұлы тұлға: *«Ұлтыңа жасаған жақсылығың үшін сол ұлттан бірдеңе дәмету аса ұят».*

Осы ұлы тұлға 1938 жылы 10 қарашада бауыр циррозынан қайтыс болған.

Егер біз өзімізді өзіміз қорғай алмасақ, бүліншілік зорайып, қиыншылыққа айналғанда қазақ халқы құрбан болады. Әлихан БӨКЕЙХАНОВ.

Арыстан мінсең, қылышың қамшы болсын. ХАЛҚЫМНЫҢ қанатты сөзінен.

Құдайым жолдас қылма жамандарға,

Көзі тар, көңілі соқыр надандарға.

Жақсылық етсең де бір, етпесең де,

Жақпайсың кейбір ақымақ адамдарға. Ахмет БАЙТҰРСЫНОВ.

ХАМАҢНЫҢ ҚАҒЫТПАЛАРЫ

Еске түсіп отырғаны, сонау жиырмасыншы ғасырдың жетпісінші жылдары Шалқарға аты шулы ақын, аркалы ақын, ақ Жайықтың айдынында туған *Хамит ЕРҒАЛИЕВ* келді. Аупарткомынан тапсырма алдым, ақынды Шалқар көлі жағасынан киіз үйлер тігіп, сонда қонақасы беруге ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуге.

Көл Шалқардың шалқып жатқан көкорай жағасына үш-төрт киіз-үй тігіп, барлық жағынан дайындалып, қарсылап алдық. Қарсылап алуға Обкомнан, аупартком, аутком басшылары келді.

Иә, есітуім бойынша, тым сөзшең, «тақиясын шешпестен, ешкімнің сөзін кешпестен» ақтарыла айта салатын адам деп. Дастарханды басқару міндеті маған тапсырылды.

Қылпылдап отырмын, бір қаяу кетсе, сөз есітіп қаламын ба деп.

Хамаң:

– Әй, өзің жорға жігіт екенсің, жазушы емессің бе? Бұл елде неғып жүрсің? Анау Алатау бауырындағы әдеби ортаға неге бармайсың?,- деп мені біраз көтеріп те тастады. Қарсы пікір айта қоймадым.

Бір кезде ауданның бірінші басшыларына көзін токтата қарап:

– Осы сендерде тіл жоқ па?! Ешектің күрәсін көргендей,- деп қойды.

Иә, бірінші хатшы Төлеу Алдияров сөзге келсе, ешкімді де жібермейтін, байлап тастайтын адам еді. Бірақ Хамаң алдында тосылып қалды. Идеология жөніндегі хатшы әйел болатын, оған бажырая қарап:

– Желіндеген мама сиырдай алды-артың бір бөлек, май басқан ет кой. Ана төсіңе екі жігіт емес-ау, үш жігіттің басы орналасатын екен, бұғағың бесті бұқаның, ә?- деп қойды. Иә, ол сарықарын, қазақтың жалпаң шешейіндей, қалың әйел болатын.

– Байың бар ма, шамасы талай жігіттің сусынын қандыратын қатысың-ау. Иә, қандырып та жүрген шығарсың, ә? Сенің қасыңа жатқан жігітке кереует, күстөсек, күсжастық керек емес болар, ә?- деп алды да, қымыз толы зеренді қолы дірілдей көтеріп алып, бір жұтып алып:

– Сен Алдиярсың ба, әлде?

– Жок, Төлеу Алдияров,- деді Жиекең соңғы сөзі есітер-есітпес етіп айтып.

– Мына сары қатынды не үшін ұстап отырсың?! Бір жас қызға ауыстырмайсың ба?

Ескі блокноттан көшірілді.

Япырай, осы жақында бір газетте *Ақшұтан БАҚТЫГЕРЕЕВА* жайында интервью оқып, қарасам, арқалы ағам *Хамит ЕРҒАЛИЕВ* жайлы жары Әнуар әпкемнің сөзі бар екен. Оқыдым да, сол бір жылдағы қонакасындағы ақын ағаның қағытпалары есіме оралды.

Әнуар әпке:

– Бір ақынды бағуға бар ғұмырым кетті. Иә, бағуда, қағуда онай емес. Ақын – от кой. Оны ұстай білмесең, өртеніп кетесің. Мен үнемі күндіз-түні оттың ортасында жүремін, - дейді.

«Поэтом можешь ты не быть, но гражданином быть обязан», - деген *Н.А. НЕКРАСОВТЫҢ* қанатты сөзі есіме түседі. Ақын ағаның баптауы, бабына келтірілуі «астына көпшік кою»- әрине, жан-жарына байланысты. Сонда ғана ол ақындық, жазушылық шабыт алады.

Ұлы режиссер, актер *Асқар ТОҚПАНОВ*: мінезіңе сай жар тапсаң – ол адам дүниедегі ең бақытты адам деген еді. Әнуар әпке осындай жар болған. Ал оның – әпкенің аруағына бас ию, тәу ету – борыш!

Үйректің жұмыртқасын жарып шыққан балапан бірінші көрген үйректің соңынан еріп жүре береді. КОРЕЯ даналығынан.

Адамға бақыт үшін не керек? Жайлы пәтер, берік отбасы, өзіңді қызықтыратын жұмыс. Әбдісағит ТӘТІҒҰЛОВ, сәулетші, академик.

ҰЛЫ АҚЫН МАХАМБЕТ ЖАЙЛЫ

Иә, мен *«Дала Геркулесі»* тарихи деректі романымда бұл ұлы ақын жайлы бірқатар деректерді келтірген едім. Орыстың аты шулы саяхатшысы, демократы, жазушысы. Егорь Ковалевский өзінің

«Құрлыққа және теңізге саяхат» еңбегінде осы ұлы тұлға жайлы да, Есет Көтібарұлы жайлы да біраз сыр шерткен еді.

1838 ж. 12-18 шілдесінде Исатай ер қаза болғансың, әрине, өз ажалынан емес, биліктің алдаған, арбаған, ақыры соңына шырақ алып түскен әскери адамдардың қолынан қаза болды ғой. Махамбет Хиуадан шығып 1839 ж. Ақжайықтың бергі бетіне қайтып келеді.

1841 ж. наурыз айында Баймағамбет сұлтан 40-тай адам жіберіп, Махамбетті Тілеков үйінен ұстап алып кетеді. Иә, ақынның қайда жүргенін хан тыңшысы Мұртаза деген айтып қояды. Ақын ісі сотта қаралғанда, орыс досы Хорунжий Шустиков ақтап алады. Екінші бір досы Лазаревский ақынның баласын Орынборға оқуға түсіремін деп талаптанып жүргенде, Баймағамбет сұлтанның жандайшаптары өсек айтып, ақын баласы Нұрсұлтанды оқуға алғызбайды. Бұл 1845 жыл еді.

Хан айналасына Махамбет, әрине, қауіпті адам болатын, әлі де..

... Арада біраз уақыт өткенде, Махамбет үйіне сау етіп, бір топ атты жетіп келеді.

Айтатын болсақ, қазақтың шен құмарлығы, тақ таңдауы бәрі жиналып келгенде, алауыздық отын, өртін араларында өршіткен жоқ па?! Иә, солай. Ақкөңіл, адал ақын оларға марка сойып, қонақасы береді. Осы қанды істің басында ақынмен «дос» болып жүрген Төлепов Ықылас жүреді. Жалғыз үй отырған ақын келгендердің залым ойын кеш түсінеді. Содан бала-шаға алдында қан көрсетпейін деп үйден алып шығып, біраз таса жерге барғанда, Махамбеттің басын шауып алып, денесін қанға орап тастап кетеді ... Отбасы кейін отағасысын іздеп, бассыз жатқан денесін табады ...

Еске салайын, жоғарыда айтылған кітабымда орыс патшасы қанша қолға түсіремін деп соңына түседі де, шешен халқының хас батыры Шамилге қалаған жерінен қоныс деревня беріп, амандығынды, төңірегінің тұтастығын қамтамасыз етеміз деп ақыры бостандық береді. Тоқсаннан асып, қажылыққа бара жатқанда дүниеден өтеді жолда.

Ал Есет Көтібарұлының соңына 20 жылдай түсіп, ақыры батырға, ел-жұртына бостандық береді. Оны ұйымдастырған губернатор А. Катенин еді.

Жанқожа батырды да ақыры өзінің жақындарына өлтіртеді. Сол үшін олар патшадан шекпен алады.

Есетті халқы сатпады! Ақыры 87 жасында өз ажалынан дүниеден өтеді.

Сонымен, *«Махамбеттің басын шапқан кім? Орыс емес, өзге емес, өз қазағымыз ғой. Немесе, сал-серілерінің сардары сау Біржанды «жылданды» деп байлауда ұстап, құсалықтан қоз*

жұмдырған кім? Өзге емес, өз бауырларымыз емес пе? Болмаса кешегі қызылдар ұйымдастырған қасап қырғында саясат желінің алдында түсіп, бірін-бірі көрсетіп, қаймақтарымызды сыпырып алып, шетінен тізіп отарлаушылардың қолына жарыса ұстап бергендердің де өзгелер емес екенін бұл күнде архив деректері айғақтап жатқан жоқ па?! Неге бұлай?».

*Қойшықара САЛҒАРҰЛЫ, Мем. сыйлығының иегері,
«Туркістан» газ., 16.01.2014 ж.*

«СОКРАШҚА ТАП БОЛДЫҢ БА?»

Болған оқиға ізімен

... Сырттан жұбау, еңсесі түсіп, ажары қашып, келген ұлына:

– Балам, не болды, әкең өлгеннен кейін көріп тұрғаным кескініңді, ә? Баласы біразға дейін үндемейді.

– Қарағым-ау, айтшайшы, не болды? Біреуден жаман сөз есітгің бе, әлде? - деп сай-сай болған бетін сыйпап, ернін сылп еткізді.

– Әже, сокращенияға ұшырадым. Енді қалай күн көреміз?- деді баласы төмен қарап:

– Не деп тұрсың, Сокрашы несі?- деп кейуана саңқ ете қалды.

– Иә, әже қысқарып қалдым.

– Ол не дегенің, бойың орнында ғой. Қалай қысқарып қалдым деп тұрсың, ә?- деп анасы тақымдап қоймады.

– Жұмыстан қысқартып тастады.

– Ойпырымай, бұл заман бізге бақытсыздық әкелді-ау. Онда мені тыңда, балам. Мен де ішетін тамағымды сокраш етемін. Енді маған піл жеккен үнді шайы, тіске жұмсақ тәтті-мәтті; шайға салып жейтін сөк; иә, ұмытып барамын, тортасы айрылған сары май, түйенің сүтінен істеген жұмсақ құрт болса болады. Иә, ұмытып кетіп барады екенмін ғой, жатарда қазақ қарны тоймаса, ұйықтай алмайды емес пе, жылқы еті, оның бір-екі асам қазысы мен қартасы болса, иә, қарны болса, тіпті жақсы. Соған төсекке басты қоярда – бір колхоз кесе шұбат керек. Басқа тамақтың түрін сокраш ете бер. Үкімет осылай сені сокраш етсе, менде тамағымды сокраш етемін. Есінде болсын, орыс арақтан туған, қазақ жылқы етінен туған. Иә, айтпақшы, сенің еңсең түспесін, онда эколог жәрдем ақынды сұрауды ұмытпа?! деп барып кейуана баласына қарады.

– Әже-ау, ол экология жәрдемақысын сенің зейнетақыңа қосып береді. Жұмыс істегендерге еңбек ақысына қосады. Ал жұмыста жоқтарға ештеңе жоқ.

– Иә, бәрін сыйпански қылды дешейші, онда кешегі тарсыл-гүрсілден ана түйе қораның үрлігі сынып, барлық шабақтары жерге түсті. Ол не болғаны?

– Ол, әже, өзің айтып отырған тарсыл-гүрсіл мына Мұғалжар тауының бергі бетіндегі Дауыл өзенінің аңғарындағы атом сынағы ғой. Адам, мал рақ ауруына ұшырап қырылып жатқан жоқ па?- деп баласы біреу есітіп қалған жоқпа дегендей, жан-жағына ұрланып қарады. Заман солай, аузыңа ие бол.

Анасы қызыл күрән түйе сүтін пісіріп құйған, сарымай қатып, сөк салған шайға қанып, терлеп, кәрі сүйектері жұмсарып, терілері қызып, жақсы көңіл-күйге оранып отырып, ерін сылп еткізіп алды да:

– Келін, ана баламды шақыршы,- деді. Дауысы мап-майда болып.

– Әже, не айтайын деп едің?- деді Нариген кіріп келіп.

– Сен бір автомашинеге отырып, менің ана мал қосқан қайнымдағы барлық жандықты тиіп алып келші. Көрмегеніме бір айдың жүзі болды-ау, осы.

– Автомашинаны жалдауым керек, бензиннің ақшасын төлеуім керек, әжеке-ау, оны сен түсінесің бе?

– Қоя, менің пенсиям бар ғой. Қанша керек беремін,- деді анасы қалтасына қолын салып.

– Ене-ау, жақында өзіңіз талап еткен азық-түлікке жұмсадым қой,- деп еді келін жылы қабак танытып:

– Көтек, не дейді. Сонда бар пенсиямның ақшасын жұмсап жібердіңдер ме?- деп кейуана түсі бұзылып, қалтасына қайта қол салды.

– Жарайды, қарыз алып, жандықтарды әкел. Сөйт, балам,- деп әжесі ажарланып қалды.

Нариген кешкілік он-он бестей төлдерімен қой-ешкілерді аулаға топырлатып түсіре бастады.

– Ойбай-ау, жай-жай, төлдердің бір жерін сындырып аларсың.

– Кәне, көрейін,- деді.

– А, жақсы, төлдері қарақұлақтанып қалыпты. Құйрықтары да өскен екен.

– Әже, біреуін сояйын, жас сорпа ішейік,- деді ұлы.

– Қой, балам, менің ішетін тамағым бар емес пе.

ТАП ӨЗІ, БҮГІНДЕ ДЕ ...

БАНКИР – күн шығып тұрған кезде, саған қол шатыр ұсынатын, ал жаңбыр басталғанда, қайтарып алатын тұлға. Марк ТВЕН.

Біз білетін деректерде Уәлиханға 200 күміс ақша, Жанқожаға 200 күміс ақша. Көтібардың Есетіне 300 күміс ақша тағайындаған екен,

зейнетақыға патшалық Россия. Бірақ Жанқожа мен Есет бір тиын да алмаған.

ДҮНИЕДЕН КІМ ӨТТІ?

Науан батыр өтті ғой.

Бүгін елден аса ауыр хабар жетті. Менің сүйікті інім Науан дүние салыпты. Ақтөбе ауруханасынан Шалқарға көтеріп алып келген екен. Мергенбек «папаның басына қоятын құлыптасқа не деп жазамыз, ақыл-кеңес берші», - деді.

Иә, жазып бердім. Сол жазу Науанның Қарамергендегі қабырының басындағы құлыптаста мәңгілік тұр.

Әулетіміздің аса сабырлы да, қайратты Азаматы еді. Ымыңмен түсініп бәрін атқаратын. Әулетке қатысты көптеген тумаларды өзі жөнелтті.

Иә, артында Баламерген, Мергенбек, Әлібек, Ақгүл қызы қалды. Қайтейін, тек 40-на бардық бәріміз. Жатқан жері жайлы болсын!

2004 ж.

«АЛДА, БАҒЫҢ БАЙЛАҢҒЫР-АЙ ...»

Болған оқиға

Нәбира күндегі әдетінше, ерте тұрып, шай жабдығына кірісіп жатыр еді. Енесі:

– Осы астыңнан су шықты ма, соншама ерте тұратын болдың ғой, әлде Ақгүл маза бермей ме? - деді.

– Ене-ау, күндегі әдетті бұзатын бір жай болып тұр ғой.

– Қандай жай, немене ол?

– Бүгін сериал басталады.

– Ол не?

– Кино ғой.

– Осы кен-ау-ақ таусылмайды екен! Не пәле! Таң атса болды кенау, кенау. Құлаққа маза бермейтін болды. Қай тілде өзі, бірін түсінбейміз. Атыс-шабыс, төбелес. Тіпті бұлар ұятты қойды жалаңбұт қатын, қыз-келіншек ардан безгендер, әке-шешесінің, ата-анасының көзінше сүйісіп, күйлеген сиыр сияқты бірінің үстіне бірі мініп алып жатады. Қой шырағым, бұдан қандай өнеге аласыңдар! Мына сурет көрсететін бәлеңді қазір бала да, ана да, ата да көреді, көргенсіздер, - деп енесі Айжамалға зіркілдеп жатыр.

Енді сөзі аяқтала бергенде, телевизор сериалды бастап кетті. Шай жайына қалды ...

Набира сәбиін бесіктен шешіп алып, арқасына салды.

Енесі сиырларын сауып, бір шелек сүтті алып үйге кірді де, плитаға, жер ошакқа тай қазанға құйып, астына толтыра отын-көмір, ағаш қалап тұтатты. Сүт жанағыдай болмай, беті көбіктеніп, пісуге қарады. Келін телевизордан көзін алмай сәбиін арқалаған бойы қазанға бұрыла беріп, сүттің тасыын деп жатқанын көрді де, сәбиді арқасынан түсіре беріп, қайнап жатқан сүтке түсіріп алды.

... сәби сүтке пісіп қалды. Ойбай да, ойбай басталды.

– Ой бағың байланғыр, бағың ашылмағыр, кинаудағы осы сайқалдан-ақ бәлеге қалдым-ау, немеремді сүтке пісіріп тынды,- деді отбасында жатқан темір көсеуді алып, теледидардың экранына бір қойды. Экранның күл талқаны шықты. Енді ол өртене бастады. Сырттан баласы Хамит келіп тоқтан ағытты.

Ертеңіне сәбиді жер койнына берді. Сол күні кешке Нәбира да киім-кешегін алып үйден шыға берді.

– Қайда барасың?- деді күйеуі Хамит әйеліне салқын көзін салып:

– Менің де бағым байланды ғой. Кеттім,- деді Нәбира.

Он екі мүшең сау болса, сәулет емей немене,

Он саусағың сау болса, дәулет емей немене. ХАЛЫҚ даналығы.

ҚАЗАҒЫМНЫҢ КИЕСІ

Үлкенді сыйлау ата-бабасына тәу ету, ата-бабасына құрмет көрсету – қазақ халқының қанымен, жанымен келген ұлы қасиеті.

Қазақта Әже, Ата, Аға, Жеңге, Жеңеше, Келін сөздері халық дәстүрінде киелі сөз.

Олай дейтін себебіміз *«Қазаққа әйел болу – ең қиын кәсіп. Себебі қазақтылық дәстүр. Олар: жсарыңның өзін күту; қонақтарын күту; ағайын-тумаларын қарау; балаларын осіру, тәрбиелеу»*, - деген еді дара ақын *Ақұштан БАҚТЫГЕРЕЕВА* сөзі еске түседі.

Қазақ атасын сыйлаған, әжесін сыйлаған. *Есет КӨТІБАРҰЛЫ бір жаққа жорыққа шығарда, Анасы Айсарыға келіп, тізерлеп отыра қалып, басын анасының омырауына қойып, бата тілеген, орнынан тұрарда Анасының бетінен сүйіп, тәу еткен екен.*

Ата - бала үшін әруақ! «Ағасы бардың жағасы бар», - деп қазақ тегін айтпаған. Көтібардың сүт кенжесі Дәрібай үйленгенге дейін Есет ағасымен бірге төсекте жатқан, бір жаққа шығатын болса, Анасынан рұқсат алып, ағасы Есетке тізе бүккен.

Жеңге, жеңеше! Қасиетті сөз! *«Қайын іренжесе, - жеңешесіне барар, аға ренжесе, қайда барар»*, - деген қазақ сөзі – қанатты сөз ғой. Сол жеңгей қайыңларының үйленуіне де делдал болушы. қызбен та-

ныстырушы, жас келінді ақ босағадан аттатып, сый көрсетуші. Иә, солай. Қайынағасының алдынан өтпеуші, қайынағасын құдайындай сыйлаушы осы тұлға.

Қазақтың келіні. Мына бір сөз 1961-1962 жылдарда болған. Өлкелік «Батыс Қазақстан» газетінің бас редакторы *Уәра НҰРСЕЙІТОВ* ағамен жақсы қатынасқан едім. Ол кісі Отан соғысында, Берлинде оң қолын қалдырған адам. Балқадидишаның қайынысы екен. Бірде Сулықөлде екі әйелі бар бір қарттың үйінде отырғанымызда, киіз үйдің кереге басында ілулі тұрған домбыраны алды да, сол қолымен әндетті.

*Дегенде Балқадидиша, Балқадидиша,
Ертісті өрлей өскен тал Қадидиша.
Есікте екі жеңгең күтіп тұр ғой,
Рұқсат бізден сізге бар Қадидиша,-*

деп төгілтіп жіберді. Иә, отырғандар тамсанып, көздері боталап, беттеріне қан жүгіріп, кеңейіп дем алып қалды. Аға сөзін бастап кетті.

– Ақан Сері Құлагері өліп, қайғылы жағдайда жолға шығып, Балқадидиша еліне келеді. Бірақ ешкім ақынға көңіл аудармайды. Балқадидиша өтіп жатқан қызықты кешті тастап, ақынның алдынан шығып, аттан түсіріп алып, жиынға қатыстырады. Ақан бұл жылдары ер жасында, алпысты алған болатын. Ақын Балқадидиша құрметіне риза болып «Балқадидиша» әнін шығарады,- деп Уәра Нұрсейітов аға домбыраны қолына алды.

– Тағы бір айтайын дегенім,- деді аға.

– Балқадидиша біздің туысымыз Сүлеймен ағамызға тұрмысқа шығады. Екі ұлды, үш қызды болады. Ұрпақтары әлі де бар, ел құрметтісі,- деп Уәра аға Балқадидиша әнін жалғыз сол қолымен басты...

Сулықөл – Көкпекті көл, Мұғалжар тау етегі, 1963 ж.

Ал келін! Қазақтың келінінен қымбат не бар. Ұрпақты өсіруші де, бесікті тербетуші де, әлемді екінші қолымен тербететінде Келін! Есімде, Есет батырдың, әулиенің кенже баласы Дәудің жары, батыр келіні, ақын Таразының өнегелі істері тарихта қалды емес пе? Батырын 87 жасқа жетіп дүниеден озған, Тағлима енесі дүние салғансын атасын өзі баққан. Атасы – батыр қайтыс болғансын, бүкіл ел болып мазар салған ғой келесі жазда. Діни қағиданы «бұзып», атасының мазарына 10-15-тей әйелдер мен қыздарды ертіп, Шолақжиденнің Тілеген қопасынан түстік жерге жаяулап атасына – батырға тәу етуге шығады. Аузында жоқтау. Сол шамасы 10 шақырымдай жерден

Жоқтау айтып жаңа ғана салынған, халық жиналып ас беруге дайындалып жатқанда жетеді. Сонда, ел есінде қалған Жоқтаудың бір-екі шумағын келтірейін:

*Ата-еке құтты болсын салған Ордаң,
Әйелге бұйрық емес келдім зордан.
Әркімнің Ата-Енесі әулиесі,
Жаяулап зиярат еттім жарты жолдан.
Ата-еке, ақбозат мініп жүрген қат болды ма,
Сүйегің, етің кетіп нақ болды ма?!
Басыңды біз келгенде бір көтермей,
Немерең сүйіп жүрген жат болды ма!*

1993 ж.

Ағылшындарда *Хулиган* деген ату шулы бұзық, сотқар, тентек отбасы болған. Біреулер ренжісіп, біреуді сөге бастаса Хулигандар семьясы сияқты деп, кемітетін болған. Бұл сөз кейін бүкіл әлемге жайылып кетіп «Хулиган» сөзі осылай шыққан.

Философия – гр. *philosophia*, в переводе на рус., «люблю мудрость». Қазақшасы – «даналықты сүйемін».

ДИМЕКЕҢНІҢ ТЕГІ

Ақарыс – Бәйдібек, Жұмабай, Жұмабай татар қызына үйленген. Бұл некелен Меңдіахмет туады. Меңдіахмет әйелі Зере қазақ қызы делінеді. Ал айта кетейін, сонау ХХ ғасырдың елуінші жылдары КазГУ студенті болып жүргенде, кейінде бірнеше рет Төлеу Құлшаманұлы аға үйінде Демекенді, Асқарды, әкесі Меңдіахметті, анасы Зерені талай көргенмін, сәлемдескенмін. Ағайым – Төкеңмен біз туыспыз, бәріміз Бәсен бабаның ұрпағымыз. Ал аға үйіндегі жеңгеміз Гаухар Ахметқызы Қонаева-Бәсенова, Димаш Ахметұлының туған қарындасы болатын. Бетінде меңі болғандықтан, татарлар «Меңдіахмет жезде», - деп атап кеткен. Ал Асқар Қонаев Меңдіахметұлы болатын. Зере әже орта бойлы, жуантықтау, мұрнының бел ортасы батыңқылау, сары түсті, тоқтасқан – қарттық жеңген Ана бәйбіше еді. Зере әженің бір отырғанда айтқан мына бір әңгімесі есімде қалды.

– 4 ұл, 7 қыз туып, өсірдім. Бір күні бір топ жағалылар келіп, «көп балалы анамын» деп, пособие алатын көрінесің. Ол «өтірік» деп ұйықтап жатқан балаларымды санады. Сол түні екі ұлым қайтыс болды. Үлкені мына Димаш, кіші ұлым Асқар тірі қалды. Ал мына Сіздің елдің келіні Гаухар Димаштан он жас кіші болатын, - деп еді.

Ал Зере әже тұтастай түр-түсі татар қызына ұқсайды. Демекеннің зайыбы Зухра гап-газа татар қызы. Әкесі семейлік. саудагер алам. та-

тар. Бір ақпарат көздерінде сол саудагер «Сәкен Сейфуллинді ұстатқан, қаматтырған», - деп айтылады. Рас па? Шұбаланамын!

Өзіміз жұмыс істеп жүргенде білетініміз үш-төрт министр татарлар болды. Сонда Демекең де пенде ғой, қайын жұртына тартқан болар деген әңгімелер гулеп жүрді елде. Тағы бір деректеме Демекең личный листогында туған жері жайлы сызықша, ұлты жайлы – сызықша қойып кеткен делінеді. Бір деректерде туған жері Бақанас делінсе, бірінде – Алматы қаласы жазылады. Бұл деректерді «Ақиқат» (бұрынғы «Қазақстан коммунисті») журналы жазған еді.

Классик жазушы Сәбит Мұқановтың Қазақстан КП Орталық Комитетінің XVI Пленумында (23.10.1959 ж.) Демекеңді ашық сынап, «он является мешком обещаний», - дегені бар. Содан кейін Демекең Сәбитті жақтырмаған-ау. Соңына түскен деген де айтылады. Әрине, өсек сөз болар, кім білген.

ҚОЯН, МЫСЫҚ ОҚИҒАСЫ

Осы жылдарда, отыз жыл газеттің бас редакторы болып жұмыс істеген заманда аудандық партия комитетінің он бір хатшысымен, Обкомның жеті хатшысымен жұмыстас болдым. Қаншама басшылармен қызметтес болсам да бір ғана адамнан – Батыс Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысынан сөз есіттім. Обкомның бірінші хатшысы Х.С. Бектурғанов, Шалқар аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Т. Алдияровпен 1963-1964 жылдардың көктемінде Мұзбелдегі ауа-райын бақылау станциясындағы «Қоян-мысық оқиғасы жайлы» суретке түсіріп, газетке бергенмін. Ол мәселе жайлы біраз ғылыми орындар өз пікірлерін айтты. Ол хатшы солардың қорытындысын басшылыққа алып, маған үлкен залда: «Бұл редактордың енді әйел мен итті қосуы - жыныстық қатынасқа түсіруі қалып тұр», - деп біраз жекірді. Х.Ш. Бектурғанов қорғап қалды кейін. Ол кезде мен обкомның мүшесі едім.

Иә, бұл мәселе менің «*Тарихтың қанды іздері*» кітабымда нақтылы фактілермен жазылған.

Көне блокноттан көшірілді.

Айтар едім, ең бай адам – қазіргі заманда, қарызы жоқ адам.

Ақша «ақылдылар» үшін – әлемді сатып алудың таптырмас құралы. Оноре де БАЛЬЗАК.

Ф.И. ГОЛОЩЕКИН КІМ ЕДІ, ТЕГІ ЖАҒЫНАН?

Партиялық кличкасы Филипп (*шын аты Исай Исаакович*) 1876 ж. туған, еврей, Неволь қаласында әкесі қасапшы, мал соятын цехы болған. 1918 ж. маусымда патшаның отбасын Николай II, әйелімен, балаларымен өлтірген осы. Содан оны большевиктер көтереді. 13.09.1925 ж. Қазақ АССР-не бірінші басшысы етіп жібереді Мәскеу. Ол С. Қожановты ауыстырады. Еске алсақ, Н.И. Ежов Семейде басшы қызметте болып, көрінеді. Кейін, содан СССР-дің бас қасапшысы болады. ГПУ-ды басқарады. Ф.И. Голощекинді 1941 ж. күзде Л. Берия атқызады. Осы қанішер Голощекиннің туған жерінде қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметова (Оралдық) ерлікпен қаза болады. Бұл қала Псков пен Витебск қалалары арасында орналасқан. Ұлы Отан соғысы кезінде ерлікпен қаза болған қызымыз – мәңгілік есте!

Қытай төңкерісті (революцияны) экспорттаушы емес және аштық пен кедейлікті де экспорттамайды. Және ешкімге соқтықпаймыз. Си Цзиньпин, Ұлы Қытай елінің мұрагері.

Жанқожа жайлы бір деректерде орыс тарихшысы, зерттеушісі И.В. Аничков (Санкт-Петербургта Аничков атында көпір бар. Осы ұлы тарихшы, зерттеуші атына берілген болар 1981 жылы кенжем – Москваның Академиясының студенті болатын. (Санкт-Петербургке ала барғанмын, сонда осы көпір үстінде тұрып кенжеме осы бір жайларды айтқан едім) Есет пен Жанқожаны салыстырып былай деген еді:

« ... Жанқожа Есет Көтібарұлы сияқты зор денелі, ұзын бойлы, ызғарлы, кескінді адам болмаған. Жанқожаның денесі шағын, толық, шымыр болған қаруларын – қанжарын, айбалтасын, қылышын жанынан тастамайды екен.

Иә, Жанқожа батырдың Есет Көтібарұлымен кездесуін осы жолдардың авторы өзінің «*Дала Геркулесі*» тарихи деректі романында барынша тарихи деректерге сүйене отырып жазған. Әрине, оқыған адам көп жайларға қанық болады. Кітап «*Атамұра*» баспасынан 2008 ж. соңғы күндері жарық көрді.

БАТЫР АҒА БАТЫЛ АЙТТЫ

Бірде Алматыдағы жоғары партия мектебінде едік. Түскі астан кейін мектептің үлкен залында қазақтың маркасқасы Бауыржан Момышұлымен кездесу болады деген хабарландыру болды. Асығыс түстікті ішіп алып, залға жиналдык.

Батыр аға келді. Бет-жүзі салқын, көзі ойлы, мұрты тікірейіп тұр. Содан сол Кубаға барған сапары жайлы әңгіме өрбіді. Бір кезде: «Маған Фидель Кастро мынандай сұрақ қойды», - деді беті салқындай түсіп. «Қазақ дегеніміз қандай халық?», - деді.

– Қазақ Роза Бағланова!

– Қазақ Қаныш Сәтбаев!

– Қазақ мен – Бауыржан Момышұлы дегенімде, орынан тұрып, құшақтап, қолымды алды, - деген еді жарықтық Баукең аға!

Залдағылар түгелдей орындарынан тұрып, қол соғып, батыр ағаға тәу етті.

Иә, солай болған.

Қазақ мәртебелі қонағына жазда құлын сояды, терең күзде жабағы, тай сояды. Иә, Баукең осындай қасиетті де киелі халықтың ұлы перзенті ғой.

Өзіндік қасиетінен айрылған ұлт – халық өледі. Ақселеу СЕЙДИМБЕК.

Дара адам еді ғой, АҚСЕЛЕУ орынды айтқан!

Ұлттық дәстүрінен айрылған жойылады. Тілі латын тілі сияқты өлі тілге айналады. Иә, солай.

Ескі блокноттан.

ЕСІҢДЕ БОЛСЫН, ЖАС ҰРПАҚ

Қазақ халқы дәстүрге, әдет-ғұрыпқа өте бай ел.

Ұлт дәстүрі – әдет-ғұрпы – заңдардан да биік, жоғары. Заңдардың негізгі де осы дәстүрлер мен әдет-ғұрыптан алынған.

Мәселен, бір қатарын таркатайық:

– *Дастархан, ас үстінде сырттан келген кісі, отырғандармен қол алыспайды!*

– *Жігіт – қыз балаға; жас күрескер – қарт күрескерге жол береді.*

– *Адамды, малды саусақпен санамайды, адамға қаратып сұқ қолын шошатпайды.*

– *Қазақ суды қарызға сұрамайды.*

– *Ұзатылып бара жатқан қыз артына қарамайды.*

– *Пайгамбар қарызы деп сұраса, ол адамның қатты қайғырып тұрғаны. Иманды адам болса, өтінішін қанағаттандырған дұрыс.*

– *Ұзатылған қыз жыл толмай, төркіндеп бармайды, мына Сарыарқада ұзатылған қыз үш жылға дейін, Батыс өңірде бір жарым жылға дейін төркіндей алмайды.*

– Анасына сүт ақы, әкесіне күш ақы деген де бар.

Ал, ежелгі арабтарда отағасы алтыс жасына келмей дүние салса, әйелін қоса жерлейтін болған. Бұл заңды МҰХАММЕД Пайғамбар тоқтатқан.

Грузияда жаңадан шаңырақ көтеріп жатқан жастарға Шота РУСТАВЕЛИДІҢ «Жолбарыс терісін жамылған батыр» кітабын сыйлайды.

Иә, жақсы нәрсенің бәрі – қымбат кой.

Өткен, өткен өмірдегі көргенің мен білгеніңді айтып, жас ұрпақты сендіру өте қиын заман болды ғой. Тіпті «ол сендердің заманыңда болған, нас не қасается», - деп те қояды.

АКСЕЛЕУДІҢ «Қазақтың ауызша тарихы» жайындағы сүбелі еңбегі не турады?! Тіпті тарихшылардың өздері оқып жағасын ұстады емес пе? Шындықтың өзі аңыздан алынады ғой. Академик Хайдар АРЫСТАНБЕКОВ: тарихшылар өзі ғұмыр кешіп отырған Биліктің көзіне қарап қана тарихты, тарихи оқиғаларды жазады, соларға қарап баға береді. «Тарихи шындық бұрмаланды», - деген еді. Ал Ақселеу халықтың ауызша тарихы арқылы әр заманның тарихи оқиғаларын жайып салды ғой. Иә, Аңыз арты – ақиқат!

АДАЛДЫҚ ТҮБІНДЕ ЖЕНЕДІ

Қазағым «Жақсы сөзге жан семіреді», - демей ме?!

Иә, солай. Адал еді, Адам еді, Ер еді, Әділет үшін күрескен дара күрескер еді. Осы шындықты қаузап: «Ұрпақ қамы жүрегіңде лаулап, жалын боп күйдіріп кетті», - деген еді Қуандық ТҮМЕНБАЙ.

Адал Адам – кез келген жағдайда аңғалдық танытады ғой. Мұның артында арамдық, жамандық, күндеушілік, көреалмаушылық көздейтін қулар қақпанын құрып, жемін сеуіп, бетін жасырып, өздері тасада тығылып тұрады. Адал адам, әділ адам қақпанға түскенде, қулар қуанады, достар тісін тістемейді ...

Еске салсам, осы жылдардың авторы академик болған Манаш Қозыбаевпен КазГУ-де қатар факультетте оқыған еді. Тіпті туған ағасы Социалистік Еңбек Ері болған Орекен Қозыбаевпен бір облыста жұмыс істескен еді. Кейін Есет Көтібарұлы жайлы эпизодтары бар кітаптарымды сыйға тарта барғанымда, Манаш:

Тәке, несін айтайын, ағамды (Орекенді айтып отыр) кешегі келмеске кеткен билік қуалап жүріп өлтірді. Ал сенсең, маған «сен тарихшысың, рас кой. Олай болса, маған әрі батыр, әрі әулие, әрі аруақты баба тауып бер», - демесі бар ма, келесі билік иесі.

«Иә, оның тегінде сегіз қырлы, ұлы тұлға болмаса, оны қайдан тауып беремін. Ә? Бұл ұсыныс емес, маған берілген бұйрық еді», - деп

Манаш төмен қарады да, басын көтеріп алып: «Иә, бұл бұйрық мені де жер қойнына тығатын шығар», - деп мұңайған еді.

Арада көп уақыт өтпей, Манаш ертеңгілік үйінен шығып, жұмысқа ҚҒА-сына келе жатқан жолда жүрек талмасынан жан тапсырады-ау. Асыл Азамат!

Иә, *«Истина – превыше всего. Душа уходит от тела! Однако Манаи Козыбаев остаётся!»*. Ағасы Орекеңді талай көріп амандасып, жұмыс бабында кездескен едік.

Осы жолдардың авторы менің ағайым Нәби Құлшаманұлы Жақсыбаев 1975 жылы қыркүйектің жиырмаларында жұмыс кабинетінде жүрек талмасынан дүниеден озған еді. Ұлы ағаны соңғы сапарға шығарып салуға Ақтөбе облысынан Орекең Қозыбаев бастаған делегация Алматыға самолетпен жүретін болды. Кәбинетінде бәрімізді қабылдады. Ол кезде облыстық Кеңес атқару комитетінің төрағасы еді.

Содан мені танып, орнынан тұрып, төсіне басып қайыр айтты. Қасына отырғызып, көңілімді сергіткісі келген болар, екеуінің СОКП-ның съезіне Мәскеуге барғанын «Москва» қонақ үйінде қатар нөмерде жатқанын, екеуіде размері ерекше адамдар еді. Ұлы Есет бабасына тартқан, Нәкен 2 метр 10 см жуан, толық еді де, Орекең қарны етегін басатын жұмыр тұлғалы адам болатын! Орталық Комитет екеуіне костюмге тапсырыс бергенін, армен қарай екеуінің шалбарларының алмасып кеткенін айтып біздерді біраз қайғы-қасіреттен айықтырып «күлдіртіп» алды.

Алматы аэропортында Ақтөбе делегациясын бірнеше автокөлік күтіп алды ...

КЕҢСАЙ ҚОРЫМЫ. Орекең Қозыбаев, Рамазан Нұржанов сөз сөйледі қаралы митингіде. Төкең Нәби аға қабірі қасынан орын алып қойды, өзіне, жұбайына.

... бұрында, осы дәптерде айтқанымдай, Иван Крылов аса ірі денелі, жуан, қарынды, қарны отырғанда тізесіне түсетін адам болған. Және бір қызығы қомағай, алдына келген тағамды талғамай тауыса ішетін көрінеді.

Міне, қызық па, тапқырлық емес пе?

Ұлы баснописец – мысалшы *Иван КРЫЛОВ* өзен жағасында жүрсе, бір топ ойнап жүрген балалар біріне-бірі:

– Мына қараңдар, қара бұлт па, қара піл ме, бір дәу көшіп келе жатыр. Кетейік- деп айғайлапты. Бұл айғайды есітіп қалған Иван Крылов:

– Иә, сол қара бұлтпен, қара пілмен бірге құрбақалар да бақылдап қоя берді-ау,- депті.

Балалар үнсіз тайып тұрыпты.

ОБ ОТЦЕ ВЕЛИКОБРИТАНИИ

«Природа наградила Уинстона Черчилля сильной волей, личной смелостью, даром литератора, художника, талантом политического деятеля». «Народ не был никогда для него действующей силой истории...». «Сын своего класса, представитель имперских кругов, он был по-прежнему убежден, что Британия должна править повсюду, где не правит Америка».

«Черчилль презирал женщин. Но жена Клементина была умна, тактична, спокойна, обладала здравым смыслом. Она хорошо знала своего мужа. Она никогда не заблуждалась относительно своего мужа, изучала его характер – властный, эгоистический, упрямый. Однако Черчилль высоко ценил ее природный такт».

Черчилль с Клементиной прожил около сорока лет. Однако никакая женщина, какая бы она не была, для Черчилля не играла никакой роли.

Черчилль даже безнадежных, казалось бы положениях, не терял присутствия духа! Узнав его характер она была очень осторожной, гибкой. Она всегда понимала, возражать мужу бесполезно! Она никогда не спорила с ним. В 34 года Черчилль женился на Клементине Хозье, внучке лорда Эйрли».

У. Черчилль – старый газетный волк.

В большой политике не бывает случайностей.

Черчилль, заочно называл Сталина Дюсо!

А.Б. Чаковский, «Победа», в 3-х кн., 1 т., II-т., III-т. М., 1980; курорт «Трускавец». 04.10.1981г.

О ТРУМЭНЕ, ЭКС ПРЕЗИДЕНТЕ США

Он родился в семье мелкого фермера в Штате Миссури. Несмотря на свою близорукость Гарри Трумэн много читал. Он буквально заучивал биографии первых американских Президентов и «Отцов Конституции США Вашингтона, также Гамильтона, Медисона, Адамса. Читал Юлия Цезаря, Александра Македонского и Цицерона. В школе его дразнили «четыреглазым». Он начал работу конторщиком, должным инспектором.

Г. Трумэн женился на своей школьной подружке, ничем не примечательной девице по имени Бесс Уоллес.

Г. Трумэн был избран окружным судьей. Ему помогает Том Пендергест, босс Демпартии. В 1934 г. был избран сенатором штата Миссури. Когда Бесси и Гари переехали в Вашингтон им было по 50 лет.

Г. Трумэн с 1945-1953 гг. являлся 33-м Президентом США.

Первый хозяин Белого Дома был Джон Адамс.

Авраам Линкольн был 16 президентом США. Он погиб от руки убийцы.

*Из книги А.Б. Чаковского «Победа»;
курорт «Трускавец», 07.10.1981 г.*

Портфельсіз Министр дегеніміз, Үкіметтің отырыстарына қатысып, өз пікірін, ұстанымын айтатын тұлға. Кейде арнайы тапсырма алып, үкіметке жұмыс істейді.

ИЗ КНИГИ А.Б. ЧАКОВСКОГО «ПОБЕДА»

Большой плакат в ярко-красной рамке установлен на Рейхстаге. *«Из опыта истории, что гитлеры приходят и уходят, а народ германский, а государство германское остается». И. СТАЛИН.*

Бестактность – признак мужества. ВИЛЬГЕЛЬМ П.

Никто и никогда не мог заставить этого самовлюбленного человека признать свою ошибку. Сталин жайлы Антони ИДЕН, Ұлы Британияның, 64-ші премьер-министрі, мем. қайраткері.

Черчилль был сильной личностью, Иден не более чем образованным, хорошо воспитанным дипломатом. А.Б. ЧАКОВСКИЙ.

Любой бизнес невозможен без компромисса! А.Б. ЧАКОВСКИЙ.

Да, народ верил в Сталина. Да, Сталин поражал тех, кто с ним встречался – убежденностью, волей, глубоким проникновением в обсуждаемые вопросы – находчивостью, специфическим остроумием. А.Б. ЧАКОВСКИЙ.

Без достоинства нет свободы, без справедливости нет достоинства и без независимости нет свободных людей. Патрис ЛУМУМБА, вождь Конголейского народа, 1977 ж.

Иә, капитализмде қалай, ә?!

Генерал-губернатор Оренбургской-Самарской губернии **В.А. ПЕРОВСКИЙ** в одной бумажке написал неразборчиво об *Исете Кутебаре*, так:

Да, Исет – герой народа! Исет – батыр! Исет – Би своего народа! Исет – рыцарь эпохи, как его отец Кутебар – хищник! Исет – приведение, призрак! Исет – в конечном счете, легенда народная! Да, Исет – алтайская лиса в ковыльной киргизской степи! Да, Исет – очень хитрый и умный! Да, Исет вольный ветер своей степи, поймать не возможно! Ищи ветер в поле. Я поймал бы и отдал бы его на растерзание Василий Васильевичу!!!»,- ден жа-

зып, соңына түсініксіздеу етіп ширатып қолын қоя салыпты. Бұл бір жапырақ қағаз көп документтер арасында аудармашы казак офицеріне берген, жіберген қағаздармен кетіп қалған.

ЕСКЕ: бұл **В.А. Перовский** сөзі осы жолдардың авторы өзінің «*Дала Геркулесі*» тарихи деректі романында бірінші рет жарыққа шыққан еді. («*Атамұра*», 2008 ж.)

XIX ғасырдың алғашқы жартысында ғана қазақ қоғамында Кеңесары хан, Қаратай сұлтан, Арынғазы сұлтан, Жоламан Тіленшіұлы, ЕСЕТ КӨТІБАРҰЛЫ, Жанқожа Нұрмұхамедұлы және басқа да көптеген тарихи тұлғалар галереясын байқауға болады.

*Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
«Ер туарма бұлардай», «Жас қазақ» газеті, 7 маусым, 2013 ж.*

Патшалы Ресейдің генералы **Александр Ильич Дутов 05.08.1879** жылы Қазалы қаласында туған діндар адам болған. Ерекшелігі – қазақтың қанын судай ағызған.

1919 ж. қыркүйекте Орск қаласын алғаны үшін оған генерал-лейтенант чинін берген.

Көне бір блокноттан көшірілген.

Нарық заманында бәрі сатылады, бәрін сатып аласың! Иә, солай, адамның ақыл-ойын, біліктілігін, адамгершілігін де сатып аласың.

Адам – зат, бұйым, адам – товар. У ЧЕРЧИЛЛЬ.

Ақша ақымақтар – шенқұмар, желөкпелілер үшін лауазымға көтерілудің мықты құралы.

Болашақ үшін айқасып өткен өмірде – дұшпансыз адам – адам ба екен. Тарас ШЕВЧЕНКО.

Талантқа, айтар болсақ, даңғыл жол жоқ. Ол заманына қарай үнемі күресте, қайшылықта өтеді. Ф. НИЦШЕ.

Иә, талант әділетсіздікке қарсылық!

Ғылымда сайрап жатқан жол жоқ. Кімде-кім оның мұзды шатқалдарымен өрмелеп, өріне қарай еңбектеп қана биігіне шыға алады. К. МАРКС.

СЫРЛЫ АЯҚТЫҢ СЫРЫ КЕТСЕ ДЕ ...

30.10.1949 ж. Бұл күн – Төрехановтар Әулетінің басталу тарихи күні.

...Қазан айының соңғы күні болатын, кәдімгі былғары бұру күзгі керімсал жаңбыр бүркіп тұр. Бұл Шалқар қаласының есік ашқалы тұрған күзгі кеші болатын. Ел орынға отырған шақ.

Барлық күннің атасы атанған жұма. Кешкілік жұмыстан келгенмін. Жермен жексен ортасын пешпен бөлген бір бөлме. Осы жалғыз терезелі бөлмеде әке-шешем, алты бала – бәріміз тұрамыз. Есік жақтағы қуықтай бөлмеге ұқсас тар жерде көл жағасынан шалғымен шауып әкелген қамыс, қураған сарыалжын жинаулы тұрады. Жерге аты дастархан жайып, бір көмеш нанды қолмен сындырып тастайды әжеміз. Иә, анамызды әркез әже дейтін едік қой. Сүті жоқ талқы итжеккен тапа шайды ала бергенімде, сырттан шалғайын сүйретіп, қақырынып, түкірініп бір ер адам келді. Шамасы өзіміздің ағамыз Бекең-ау деп қалдым. Төрге шық, шайға кел деген ешкім жоқ. Маған көзін салды да, «кеттік» дегендей белгі берді. Иә, нақтылы шешім болмаған сияқты еді. Бірақ мен Е.Д. Шалқар қалалық Советінде іс жүргізуші болып жұмыс істеп жүргенімде, аудандық атқару комитеті «Заготзерно» мекемесіне бастықтарын алмастыру жайлы шешім алған. Соған орай комиссия құрылған. Сол комиссияға мүше етіп мені жіберген еді. Сонда екі айға жуық алым-берім ісімен жүрдім. Сол мекемеде үстіне ақ халат киген, ауыр мінезді, салмақты сөзді, артық қимылы жоқ бір қыз күнде атшаптырым астық қоймасына, біз жұмыс істеп жатқан, келіп, қолында бір біздей ұзынша істік приборы бар, астықтың ортасына дейін барып, тереңдете жаңағы бізін тығып, тереңдете астық алады да тілсіз кетіп қалады, күндегісі сол. Мен де жұғысып әңгіме, әзілге тартқым келеді, бірақ мән бермей жүре береді.

Ақыры таныстық. Тіпті үйіне кешкілік шығарып салатын болдым. Бірақ үйіне жақындағансың: «Ракмет, енді өзім барамын»,- дейді. Біздің осы қатысымызды көріп, сезіп жүрген Бекең аға мені «жетектеп» сол қыздың үйіне бүгінгі кеште алып келді. Шамасы аға қызбен келісіп қойған. Сәлден кейін үйден біреу шықты. Аға оны ерітіп алып жүре бере маған біздің соңымызға ер дегендей қолын сермеді.

Сол қызды үйге алып келіп, алты-жеті балалы үйге бір бөлмеге томп еткізді де, аға шығып кетті. Әже, өзінің басындағы жаулығын басынан сыпырып алып, жаңағы қыздың басына орай салды.

Ешкім жатырқаған да жоқ, жылы қабақ танытқанда жоқ, көрші бір ер адам келді. Сол адаммен бірге отырып, талқы шай ішкен болдық. Нан да жоқ, жұмыстағы Майшарап буфетінен алюмин шәйнекке құйып алатын бір стақан ақ арақта жоқ ... бірінші түн. Алғашқы төсек ...

Ертеңінде мен жұмысқа кеттім. Ол заманда жұмыс алты күндік болатын. Жұмыс бұл айда өзгерген. Мені Райком редакцияға жіберген еді. Жұмыста да ешкімге үйленгенімді айтып, сүйінші сұрамадым.

Уақыт өте берді. Әкеміз қысқы соғымға деп бір сиыр сойды. Мал союға тыйым салынған. Ол сиырды үйдің кіре берісіндегі қамыс, саралжын үйілген тар бөлменеге кіргізіп, жартысы жер астына кіретін

терезені қымтап жауып, түн ортасы ауа сойып алдық. Күнде бір қазан ет пісіріледі. Етке салатын камыр-ұн да жоқ. Жаңа келген-түскен жеңгесіне жылы шырай танытып, бір табақтағы еттен қолына алып, беріп отыратын жалғыз Кенжетай кайнысы еді. Ол жылы төртке келген болар.

Сөйтіп күн өте берді. Көктем, жаз келді. 1950 жыл туды. Мен кешкі жұмысшы жастар мектебінде оқитын едім. Орта білім беретін сол мектепті бітірдім. Енді не істеу керек? Жарымның сөзі де, пікірі де оқуға барсаң, қайтеді, болды. Ойымда ештеңе жоқ, бірден келістік. Сол июль айында оқуға деген документтерімді жинап алып, Алматы – КазГУ деп, почтаға салдым. Онан кейін август айында Алматыға аттандым. Балзада Шәмшіқызы сол шиеттей балалардың ортасында қалды. Арман қарай ойлануға – қалай тастап кетемін, былай да, кейде сүтке тиген күшіктей болып жүрген келінді кімге сеніп қалдырамын деген ой басқа келмепті. Ол да басқа ұсыныс жасамады.

Көрмеген қорлығы, жемеген «таяғы», естімеген сөз аз болмады. Қаңғып далада қалды-ау. Ал мен КазГУ-ге оқуға қабылдандым. Бірінші семестрден бастап барлық емтихандарды «5-ке» тапсырып, стипендияма 25 процент қосып ақша алдым. Бірақ киім жоқ, оқу құралдары жоқ, әбден қиыншылықты бастан кешірдім. Тек қана Балзада Шәмшіқызы өзінің сол «Заготзерносына» жұмысқа қайта орналасып, ай сайын ақша салып тұрды. Әрине, бұл ұмытылмастай күндер болды. Сорлы бар жетімдікті, ауыртпашылықты, аштықты бастан кешті-ау. Әрине, бас істегенде, Алматыға алып кетіп, бір пәтер жалдап, жұмысқа орналастырсам ше?

Бұл жайлар Әбдіжәміл Нұрпейісовтың отбасын айтқан қиыншылығын еске түсірді. Мен редакцияда істеп жүргенімде. Әбе Москвада оқуда екен, қыздары редакцияның үй тазалаушысы бір Ақбала деген кемпірдің үйінде ешкі-лақпен бірге жатты. Осы жайды Шалқарға бір келгенде аутком төрағасы Чемодановпен кездесу әңгімесінде өте киналып айтқанын есіткен едім.

Университетті қызыл дипломмен тәмәмдадым, ЛГУ аспирантурасына жолдама берді. Жағдай болмады, бара алмадым. Елге оралдым. Әрине, бұдан кейінгі тұрмыс-тіршілікте оңай болмады. Қызды болдық. Үй-күй жоқ. Талай таршылықты бастан кештік. Айтарым – Балзада Шәмшіқызы әйел басымен «анау жоқ, мынау жоқ» деп, бір кабақ шытып көрген емес. Сол ауыр-төзімді мінезі калыптасқан, ауыр жағдайды жене білуге сара жол ашты. Екі жылдай Біршоғыртау шахты поселкесіндегі орыс-қазақ орта мектебінде оқу ісін басқарушы болдым. Бірақ ақша болмады. Ал Балзада жұмысшы сауда кооперациясында кассир, счетовод, бухгалтер болып жұмыс істеді. Шамалап панаға жарыдық. Тағы бір қызды болдық осында. қыздарымыз өсті.

Кейін обком редакцияға жұмысқа жіберді. Боратып жазамын, көп қаламақы аламын. Бәрібір ештеңе жетпейді. Содан Никита Хрущев жылына бір рет көшіреді. Подъемный пособие аламыз. Олда сүйеу болды.

Сөйтіп, ұлды болдық, тағы ұлды болдық, кейін қызды болдық. Балаларды оқыту, тәрбиелеу тек қана Балзаданың мойнында болды. Мен күндіз-түні жұмыс, жазу, оқу деген сияқты уақыт болмады.

Құдайға шүкір, сол еңбектің арқасында 30 жыл редактор болдым. Талай жерді аралатты, көрсетті. Еңбек ақы бар, оған қоса ай сайын аудандық, облыстық, республикалық газет, журналдардан, радиолардан 200 сомға (рубль) дейін қаламақы – гонорар алдым. Бәрібір жетпейді. Облыс, Республика, Одақ журналистерін, тілшілерін қабылдап алып, шығарып салу, кейінірек жазушылар мен ақындарды, өнер қайраткерлерін де күту, баптау менің мойнымда болды.

Иә, барлық тіршілікте сүйеу болған, камқоршы болған балаларымның Анасы – Балзада Шәмшіқызы еді. Барлық қонақтарды да қарсылап алып, дастархан жаятын, бірде бір рет қабағын шытқанын көргенім жоқ.

Жақсы жар – ердің бақыты деген осы! Менің сексенге аяқ басыма да жеткізген оның еңбегі, бағып-күтуі.

Міне, сол 1949 жылғы күзгі күні косаққа бүгін, 2009 жылы – жұмада 60 жыл болып отыр.

Есіме қазақтың дүлдүл ақыны, Балзада Шәмшіқызының туысы, *Қуандық Шаңғытбаевтың* мына бір жыр жолдары түседі:

Дала, дала, даламенен келемін,

Дала көркін көрген сайын терезеге төнемін.

Сол даланың сызы емес пе, арқаға алғам тигені,

Сол даланың қызы емес пе, жүрек алған сүйгені.

Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыйы кетпейді. Сыйы сол баяғы күйінде.

2009 ж., қазан.

ОТЦЫ ОТЕЧЕСТВА!

Джордж ВАШИНГТОН (1732-1799).

Смерть Д. Вашингтона в 67 летнем возрасте вследствие пневмонии, в результате неправильного лечения.

Первый консул Франции Наполеон Бонапарт объявил десятидневной траур, а в Америке до шести месяцев.

В 1888 г. в столице США был открыт величественный монумент выше 150 м высотой Первому американскому Президенту Д. Вашингтону.

тону. 1976 г. Конгресс США к 200 летию Д. Вашингтона, присвоил ему звание генерала Армии США.

В честь Д. Вашингтона после смерти названы: столица Америки, 120 городов и деревень, Штат на северо-западе страны, 7 гор, 8 рек, 10 озер, 9 колледжей.

Конгресс США присвоил ему титул «Отец Отечества».

Надо сказать, присуждение данного титула идет с древнеримской эпохи.

Первыми Марк Туллий Цицерон; Гай Юлий Цезарь, его наследник Октавиан Август. Потом Джордж Вашингтон.

Неофициальный статус имели такие, как *Ли КУАН Ю, Мустафа Кемаль АТАТЮРК* и т.д.

После ухода с поста Президента Д. Вашингтон жил в Филадельфии. Дом Президента не отличался от остальных, никакой охраны, всего одного служанка.

Об этом написал писатель Шатобриан после посещения края, где жил Джордж в 1791 году. Интересно, он не жил в Белом доме. После его ухода его приемником – второй Президент США Джон Адамс жил и работал в Белом Доме. В 1786 году Д. Вашингтон создал Первую Конституцию США. Эта Конституция уже более 200 лет является основным Документом Америки. Она выбрала Демократический строй страны.

Джордж ВАШИНГТОН – был и остается основателем Америки и первым военным полковником и первым «Отцом государства».

ЕСКЕ САЛАТЫН БОЛСАҚ, Джордж Вашингтонның есімін Әлемге танытқан Англияның отаршыларына қарсы шыққан халықты басқарып, әскер жасақтап, Американың тәуелсіздігін қорғап қалу еді. *ӘЛЕМДІК әдебиет ШЕЖІРЕСІНЕН.*

Жолбарыс терісі үстінде ұйықтап, дем алсаң, кіші дәрет дұрыс жүретін болады. КОРЕЯ қанатты сөзінен.

Адамның құдыреті – ойлай білуінде деп білу керек. Ой адамы көп қателесе бермейді.

«... Мұхтар Жәкішевке стратегиялық маңызы бар кен орындарын сатып жіберді» деген кінә тағылуда. Яғни ол бала-бақшаның ғимараты емес, стратегиялық маңызы бар нысандарды сатты ғой тергеудің есебі бойынша! Міне, сондықтан белгілі біреулерді айыптасақ, онда неліктен осындай ашық қылмысты әрекеттерге жол берген тиісті құзырлы органдардың жауапкершілігін де мойындамаймыз?! Ерлан ҚАРИН «Нұр Отан» партиясының хатшысы, «Айқын», 26 қазан, 2009 ж.

Дос аз. Досы аз адамның құпиясы ұзақ сақталады. Есет КӨТІБАРҰЛЫ.

Шын дос тапқан адам – бақытты! Ол әр жағдайда сүйеу болады. Ал ұлы достықты әйелінен – жарынан тапқан адам – ер нағыз бақытты! Көп адамдар өзінің мінезіне үйлесетін ақ шағалалар ішінен аққуын таба алмай, тани алмай бақытсыз болады. Ерінің жанын түсінетін әйелің-жарың болса, үлкен бақыт сол! Өз пікірім.

ОСЫ БҮГІН ДҮНИЕДЕН РОЗА ТӘЖИНА ӨТТІ-АУ

ИӘ, ЕСКЕ БӘРІ ТҮСЕДІ. Сонау өткен ғасырдың елуінші жылдары Алматыға оқуға келіп, қатар КазГУ-де қабылдау емтиханын тапсырдық. Мұхамбетқазы Тәжин емтиханды тек қана 5-ке тапсырса да өте алмады. Ішінде естирлауы едім, Мұхамбетқазыны ерітіп КазГУ ректоры Төлеген Тәжібаевқа бардым. Ол кісі деканға звондады. 16 жастағы жігітті университетке алмайды екен. Содан ректор КазПИ директорымен сөйлесті. Ол келісім берген. Сөйтіп Мұхамбетқазы КазПИ-дің тарих факультетінің орыс бөліміне түсті. Ерекше көзге түсті оқуда, қоғамдық жұмыста. Екінші курста жүріп, Алматы қалалық комсомол комитетінде, кейінірек Орталық комсомол комитетінде жауапты жұмыс та атқарды. 1954 жылы студенттік той жасап, Розаға үйлендірдік. Алматыдағы Гоголь көшесіндегі бір жердегі үйде кешін өткіздік. Тойды Дәулет екеуіміз басқардық. Мұқаң кейін Ақтөбе обком комсомолының бірінші хатшысы, обком партияның бөлім меңгерушісі, Гурьев обкомның хатшысы болды. Қатысып, сөйлесіп тұрдық. Аса білікті, шешен, тура мінезді басшы болып өсті. Ірі тұлға Сағындық Кенжебаев қолдау жасады. Гурьевте кездестік те.

1991 жылы қыркүйек айында Мұқаңнан айрылып қалдық. Ұлым екеуіміз келіп Розаға қайырайттық. Сол күні Ақтөбе облыстық газетінде «Көсем серке еді» деген мақала жазып, туған жеріндегі бір мектепке есімін беруді ұсындым. Оны Қ. Ақшолақов, басқалар қолдап, мақала жазды. Мектеп аты берілді де. Роза оған барып та келді.

Міне, сол шаңырақтың белдігі Розадан да айрылып қалдық. Өкініштісі – көзіме операция жасап, далаға шыға алмадым, топырақ сала алмадым. Қолымнан келгені «Көз көргендер еді» кітабымда әссе жазып, Мұқаңды еске алдым. Сол 1991 жылдағы газет, кітап менде сақтаулы. Тәжиндер әулетінің мықты бір тұғыры Марат Тәжин Мұхамбетқазының ұлы. Мәңке әулиенің ұрпағы еді ғой.

Қазан, 2009 ж.

Халықыңның тізгінін ұстасаң, сол халықтың ұлы да құлы да бол! Қанатты СӨЗДЕРДЕН.

Батыр Исет сын известного наездника, отчаянного предводителя Кутебара несколько иного характера, в нем более ловкого предводителя, действительного заботящегося о благе своих соотечественников. Л. МЕЙЕР, офицер генерального Штаба русской армии России.

«Жер, ата мекен – ата-бабалардың қанын төгіп, бізге жеткен мұрасы. Жер – халқымның анасы! Ал адамға ең қымбат – Анасы! Біз жерді отарлаушылардың иелігіне бере алмаймыз, сата алмаймыз. Ол анамызды берумен, Анамызды сатумен бірдей. Жердің иесі де, киесі де – Қазақ. Ұлтарақтай жердің ұлықтардың иелігіне, меншігіне халқым тірі тұрса бере алмаймын. Жер ешбір ханның, патшаның мұрасы емес, халық мұрасы!» Исет КӨТІБАР – ұлт-азаттық көтерілісінің қолбасшысы, «ДАЛА ГЕРКУЛЕСІ» кітабынан.

Өзінің кітабында «Смерть языков» – «Тілдер ажалы» (2001 ж.) ... что языки сейчас стремительно умирают и в среднем каждые две недели на земле умирает какой-то язык. ...эта цифра скоро достигнет очень значительных размеров»,- деген еді Дэвид КРИСТАЛ, ірі ағылшын ғалымы, профессоры.

Оның мағынасы, жер бетінде екі жеті сайын – бір халық жойылып тұрады. Деген сөз!

*Еуропа – демократияның Анасы.
Иә, және Еуропа – Американың да Анасы.
Азия – Еуропаның да анасы.
Да, Еуропа – родина демократии.*

Иә, мына пікірді де ұмытпаған абзал.

Демократия – сөз, қимыл, тағы басқа да бостандыққа алып келеді ғой. Соны пайдаланатындар жетіп артылады. Сонда демократия соныңда қантөгіске алып келуі де мүмкін. Ал *авторитарлық билік қарсыластарын құртып, жеке дербес өзі ғана билік жүргізуді қалайды.* Бұл екі категорияның екеуінің де тарихи іздері әр заманда сайрап жатыр-ау.

ҚАЗАҚ ЕТТЕН ЖАРАТЫЛҒАН ХАЛЫҚ ПА?

Қазақ жылқы еті мен сүтінен жаралған халық. Қазақ ешкі, сиыр еттерін ет деп есептемеген. Тек жылқы етін, қалды түйе етін, қымызы мен шұбатын емдік есебінде пайдаланған. Бұл пікірді осы жолдардың

авторы өзінің «*Дала Геркулесі*» кітабында толық келтірген. Ол данқты жаһанкез, дипломат жазушы **Егор КОВАЛЕВСКИЙДІ** қонақ етіп отырғанда **Есет КӨТІБАРҰЛЫ** батыр айтқан еді.

Айтуым керек, қазақ етті жақсы тұтынатын халық. Еттің құрамында, маман дәрігерлердің зерттеуі бойынша, темір мөлшері көп. Дегенмен, білместіктен бе, қайдам, етке тойып алған қазақ артынан терлеп шай ішуді жақсы көреді. Ал шай темір мөлшерін күрт азайтып жібереді. Бұл – бір.

Екінші – жылқының етінде ағзалық ауру жоқ. Айтатын болсақ, қазір малды қувалдымен ұрып өлтіріп сояды, не электр тоғымен тыраң еткізеді. Малдың қаны еттің құрамында қалады. Иә, қанда түрлі мыңдаған, тіпті миллиондаған инфекция өмір сүреді. Ал қоғамдық орындарда – ресторандар мен кафелерде, буфеттерде ненің еті, оны ешкім білмейді. Қорқыныштысы – осы! Иә, солай.

Жоғарыда айтқанымыздай, жылқы еті адам ағзасын жасартады. Бұл қасиет басқа малдардың етінде жоқ.

Менің әлі есімде, кешегі Кеңес заманында Франция Қазақ ССР-нен жылына 25 мың жылқы етін сатып алып тұрды. Оны аптекаларға салып, тек қана рецептімен беретін болған. Мұны сол заманындағы Республиканың бірінші басшысы бір үлкен жиында айтқан еді.

Ал түйе шұбаты да ерекше маңызыға ие. Есімде, Қонаевтың тапсырмасы бойынша, Ақтөбе облысының Шалқар, Байғанин аудандарынан жүздеген інгендерді осы Алматы аймағына алдырғаны. Бірақ түйеге керегі – ащы жусан, теріскен, жантақ, ала бұта, жиде, тал жапырақтары, күреңсе, көкпек, түйе жапырақ. Мұндай өсімдіктер Алматы аймағында көп өсе бермейді. Содан болар, әкелінген түйелер жерсінбеді. Ал қазір бұл өңірде түйе өсіріп, шұбат дайындаушылар жетеді, бірақ шұбаты сапасыз!

Тағы бір дерек. Швеция халқының ұлттық тамағы жылқы еті болып саналады екен. Бірақ еуропалықтардың көпшілігі жылқы етін бағалай бермейді.

АЛ АЙТАР ЕДІМ: Кешегі қазақ ет жейтін еді, ал – бүгінгі қазақ шөп жейтін болды-ау.

ТАРИХИ ДА ҚУАНЫШТЫ КҮН

Күн кештім, бірі қымбат, бірі ауыр,

Күсің сен бәріне туған ауыл.

Бірлігі-берекесі бір кісідей,

Той болса, келетұғын қалмай ауылға. Марфуға АЙТҚОЖИНА,

ақын қыз.

Ауру ма, қарттық па, денсаулық екеуімізде де мұқалып, шаршап-шалдығып, бірақ ерте тұрып, шай дастарханға отырдық.

Телефон қайнаған самауырындай безілдеп бұрқырап қоя берді. Келдім, алдым. Трубканың ар жағында қызым:

– Папа, компьютерымды ашып интернетті қарасам, көзіме оттай басылды. Сенің кенжең – Лондонда отыр. 30 қазанда қараған түнде, таңға жуық Алматыға келеді. Ал қызық, бұрын айтқан жоқ еді. Қуанышты хабарды қабыл алыңдар! Мамаға айт!- деді жүрегі жарылайын деп тұр кеудесіне сыймай, барлық дүрсілі естіледі.

Иә, бұл сюрпризды балаларыма хабарладым, «түсіндік, өзіміз қарсылап аламыз»,- деді.

Анасы ет асып, дастархан дайындап, залдағы үлкен үстелді жайып, бар тағамды қойып тіпті кәрілік те, ауру да ұмытылып, тіріліп кеттік. Бұл үйге кенжемнің 2006 жылдан, не 2007 жылдан кейін келуі. Қуанышта шек жоқ.

30.10.2009 ж. Таңғы сағат 3. Бауырлары аэропортқа барып, алып келді. Қуаныш шексіз, бәріміз кезекке тұрып құшақтап, мандайынан сүйіп жаттық.

Сонымен балаларымыз, немерелеріміз, шөберелеріміз – бәріміз төрт ұрпақ өкілдері – әулетіміз жиналды. Тек үлкеніміз, екі-үш немере-шөбереміз келе алмады. Олар сырт жерде.

Бұл қуанышты күн біздің әулетінің негізі қаланған күні – қуанышка толы күн – Ата мен Әженің шаңырақ көтергендеріне 60 жыл толған күн. Үлкен мереке болып, аталып өтілді.

Әжесі балалары мен немере, шөберелеріне риза болды. Иә, бір даңқты тұлға айтқан екен: *«Жарың жақсы болмаса, төрдегі басың есіктен бірақ шығады. Ол өзін де, өзгені де ұмытпай, шаңырақ киесін, аруағын қастерлей білсе, бақыт та, дәулет те сонда орнайды»*,- деп. Бұл ұлы сөздің біздің шаңыраққа да айтылғандай. Балаларымның анасы алпыс жылдан астам үй болғанымызда, талай қиыншылықты, жокшылықты, жалаңаштықты көрді. Бәріне шыдады, бәріне төзді. Келген қонақтарымызды, иә, бұл журналистерімізді, соның ішінде отыз жылдық редакторлық, аудандық бір жауапты адам болғандықтан күтті. Бәрін ақ көңілімен, ақ дастарханымен шығарып жатса, екіншісі келеді. Тіпті отбасы болып, онаша шай ішкен күндеріміз аз болды. Бес баласына бес түрлі тамақ дайындап, күтіп оқытты, тәрбиеледі.

Бірде үйде белгілі ақын *Ғаббас ЖҰМАБАЕВ* болды. Келісті дастархан дайындап жайып, жүгіріп жүрген келініне қалжындай отырып: *«Біздің келін жасуегершілікте жүрген қазағымның батыр қызы сияқты. Япырай, келін-ау, қашан демаласын, зорығып кетесің ғой, мына жүгіруіңмен»*,- дегені әлі есімде. Сөйтіп отырып ақын аға:

«Түйенің май табанын отқа пісіріп жегенбіз»,- дегені де біздің кайыршылық тұрмысымызды еске түсіреді.

Бірде үйде **Сағынғали СЕЙІТОВ** ақын мен **Өтебай ҚАНАХИН** жазушы ағалар болған-ды. Өте жақсы кеш болды. Балзада Шәмшіқызы ертеңгілік сиыр саууға тұрса, барлық свет-электр шамдары жарқырап жанып тұрыпты, барлық есік, терезелер де желдеткіштер ашық қалыпты. Сәскелік шайымызды ішіп отырып күле-күл «келін-ау, кешірші, біз ұйқтап кетіппіз»,- деді Өтебай. Иә, онда үйде райсполком председателі Жиынбай Шарбаков та болған еді. Бәріміз бірге үйдің үлкен залында сұлап жатып қалыппыз. Сонда Балзада Шәмшіқызы бір қабағын шытпады. Иә, мен бұл кісімен сол алпыс жылдан астам тұрмыс құрғанымда, бір рет не атымды атап, не сен деп көрген емес? Тек «әкесі» деген сөзді ғана еститінмін, әлі де солай. Бір туған құдағиымыз бірнеше ондаған жыл бірге тұрған шалының атын атап сөйлесетін. Менің бәйбішемнен есіткеніне орай, қай жерде кездеспейік енді шалына «әкесі» деп жататын болды. Ал қазіргі келіндер, күйеуін тұңғыш баласындай тоқпақтай етіп, еріне Орал, Ораз, Оразбек деген сияқты күніге көзі ұйқыға кеткенше атай береді, атай береді. Былай қарасаң, қазаққа ерсі. Қазақ әйелдері ерін «отағасы», «отағасым», «ерім,» «басшым», «батырым» деп жататын еді ғой.

Иә, жақсы жар табиғаттын, тағдырдың берген сыйы!

МҰҚАҒАЛИДЫҢ: **«...ақ қаздар арасынан аққуымды, айыра алмаған сор маңдаймын»,-** деген сөзі – ойы – сорлағаны, талай ер адамның тағдырында болды ғой.

Әбдірашитың ЖАРАСҚАНЫНЫҢ сөзі де тегін айтылмаған болар, ә? Алматы, 29.10.2009 ж.

«...Қызының арын қорзаған, болашақ ананы аялаған, ұлт – рухы асқақ ел». Бекболат ТІЛЕУХАН, Парламент депутаты, 2010 ж .

ҰЛЫ ҰСТАЗ МҰХТАРДЫҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» КІТАБЫН ТАҒЫ БІР ОҚЫҒАНДА:

Құнанбай Абайға үш мін тағады.

БІРІНШІ: арзан мен қымбаттың парқын айырмайсың. Өзіндегі барды арзан ұстайсың, бұлдай білмейсің. Көп күлкіге, болымсыз ермекке асылыңды шашасың. Жайдаксың! Жайдак суды ит те, құс та жалайды.

ЕКІНШІ: дос пен қасты сараптамайсың. Досқа дос ша, қасқа қас ша кырың жоқ.

ҮШІНШІ: орысшылсың, солай қарап ден қойып барасын ...

Әрине, Құнанбай сөзінде шындық бар ғой. Дегенмен, Абай ұлы тұлға ғой. Гуманист, оқыған, тоқыған әр адамды бауыр көрген.

Құнанбай Абайға ұстаз бола да алмас, сондықтан «Тобықты мол бәлеге жолықты» деп, Абай айтқандай, елі, халқы ішінен жау іздемеген адам ғой. «Асылыңды шашасың» деген қыз-келіншектерге, сұлуларға көп көз саласың дегені болар. Иә, жігіттік дәурен өткен соң, кісілік дәурен келеді деп Майқы би айтқандай, жастық дәуренде не болмаған дейсің.

ШАЛҚАР қ., 1975 ж.

Уақыт өте келе сезім-махаббат солғын тартады. Айтар едім, біздің Абайымыз, Пушкиніміз, Есениніміз, басқа тұлғаларды былай қойғанда, көп сұлуларды сүйген, аймалаған, ардақтаған. Сұлулық – бейбітшілік байрағы десе де болады.

Әкемнің кітап жазғаны анама қасірет болды. «Соғыс және бейбітшілік» кітабын анам төрт рет көшіріп жазды-ау, депті Лев Толстойдың баласы. Және анам мен әкем арасындағы соңғы кездегі түсіне алмаушылығы осыдан болар.

ҚАЗАҒЫМНЫҢ ЕКІ ЖҮЗДІЛІГІ-АЙ

АБАЙ: «Тірісінде бұл қазақтың жақсысы жоқ ...»

Иә, бір белгілі шенеунік **Әзірбайжан МӘМБЕТОВТЫҢ** нығына оң қолының салмағын салып тұрып:

– Сені өрге сүйреген, өнер өріне жетелеп кіргізген, адам қатарына қосқан **Ахмет ЖҰБАНОВ** қой, болмаса ... деген сөзін теледидардан көрген едік.

Бүгін ұлы актер, режиссер даңқты өнер қайраткері, Әлем бас иген Әз-аға дүниеден өтті. Бүкіл ел Әзірбайжанның қазасына ортақтасып, көңіл айтты. Оны барлық БАҚ, телерадио жария етті.

АБАЙ сөзі тағы еске түседі-ау: «**Өлген соң бұл қазақтың жаманы жоқ**», - деген еді ғой, данышпан тұлға!

«Білмеймін, бұл қазақта жоқ па қайғы, ұлысын тірісінде мақтамайды.

Күресі әділдік пен зұлымдықтың үстінде жұмыр жердің тоқтамайды», - деген еді *Ақұштан БАҚТЫГЕРЕЕВА*, ақын қыз.

Иә, бақилық болғандардың жаманы жоқ, тірілердің қаңқу сөзден аманы жоқ, - деген ғой. Иә, солай. Дүние дөңгеленіп өте береді ғой.

«ӨЛІ ТІРІНІҢ АЗЫҒЫ», ДЕГЕН ҒОЙ

Мұқағалимен жандай құрдас едім. Иә, бұл соңғы рет кездесуім, бетпе-бет сойлесуім екен. Алматының бір шайханасында отырып

қара шай іштік. Ашы суға тапсырыс берейін деп, ынғайланып, даяшыны шақырайын деп, қолымды көтере беріп едім Мұқаң бірден түсіне қалды.

– Жоқ, тапсырыс бермеңіз. Күн болса, талтүс. Аспан жерге түскендей ыстық. Бұл - бір, екінші тамақ ішейік. Сонсын өзі қайтты болып шай ішейік,- деді. Және өзің білесің, ашысу мені бітірді ғой. Ол, итті ішейін деп ішпейсің-ау. Ішіп алып көшеге шықсаң, әлгі жағалылар ұстап алып, сауықтыру бөліміне томп еткізеді. Кештетіп үйге оралсам, Лашын ұйықтап қалады. Үйге кіре алмаймын. Ауыл, үй жағалап кетемін кейде. Содан Анамның түннің бір уағында дүзге шығатынын күтемін. Көбіне, кеш қалам ба, не аулада көзім ілініп кете ме Анамды көре алмай қаламын.

*Алтыным жоғалғандай елеңдеймін,
Анамның көре алмасам кимешегін,-*

деп қайта-қайта ішімнен айта беремін.

Көре алмаған сайын Анам ауырып қалмады ма екен, ол сорлы мені ойлап, жатса да, тұрса да, бүрсендейді де жүреді... Қайтейін, тағдырдың жазуы шығар деп үстіндегі күн жеген, тер өткен, қоңыр түсті көйлегінің жеңімен бетінің терін сүртеді.

Мен елге кеттім. Мұқағали Мақатаевпен бұл соңғы кездесуім екен. Өкінішті-ақ ...

Иә, сондай алтын да арда ақынды заманында ешқайсысы қорғамады. Одақтан мүшеліктен шығарарда Олжас Сүлейменов, З. Қадырова қыз араша сұрады. Құлақ асқан ешкім болмады. «Сүтке тиген иттей» сүйреп тастады. Мұны осылай етуге жоғарыдан бұйрық жауатын төбедең түскен жарлық,- деп білдік. Сонда олар қайда қараған. «Пайғамбар» көрген көсеміміз, оның өкшесін жалағандар араша түспеді ...

Ал бүгін, ұлы ақын еді, деп табынушылар жетіп артылады. *«Өлі тірінің азығы»*,- деген осы болар, ә? 1970 ж.

Жиырмасыншы ғасыр сонау Алаш ақиықтарынан бастап, ғасырдың соңына дейін небір ұлы тұлғаларды берді. Бірақ сол ұлы тұлғаларға күн көрсетпеді. Есіме түсе беретіні – *ҒАБЕҢНІҢ «Қазаққа қазақтан басқа жсау жоқ»*,- деген сөзі. Бұл сөзді осы жолдардың авторы сонау өткен ғасырдың жетпісінші жылдары *Ғабит МҮСІРЕПОВ* бір топ ақын жазушылармен Ақтөбенің Шалқарына шығармашылық іс-сапармен келгенде, сұрақ қою арқылы тындаған еді. Бұл бөлек әңгіме, жазамын.

Мұқағалидың мына бір жыр-сыр жолдары еске түсті-ау:

*Мен пағыз махаббатты армандаймын,
Оны мен жоғалтып та алғандаймын.*

***Ақ қаздар арасынан Аққуымды,
Ажырата алмаған сор маңдаймын.***

Ал ойланшы, оқырман. Ар жағы айтпаса да түсінікті, емес пе?

Иә, «Адамның құдыреті сонда, сүрініп тұрып, тұра білуінде», - деді Мұқағали.

Әрине, бұл жалған дүниеде бөспелер көп «Мен мықтымын» дейтіндер де жетеді. Бірақ табиғатында ақын, қаламгерлер, көп жағдайда, аңғал, сеңгіш, сезімтал келеді ғой.

ЕСКЕ ТҮССЕ, езілесін, бір естеліктерінде ұлы ақын 45 жасқа дейін таза бір көйлек, жаңа бір костюм кимеген, екі қу тақтай төсегі, екіншісі милицияның айықтырғышы болғанын жазады-ау, ә? Иә, сол 45 жасында арда Азамат дүниеден өтті.

АЙТАР БОЛСАҚ, қазақ қаламгерлерінің, ұлы ақынның ұлылығын, хас талантын көреалмаушы айласы мен құрған қақпаны – Мұқанды сол шынар биіктен құлатты ғой.

– Әй қойыңыздар, ақынға тимендер! Ол ғасырда бір туатын дана ғой, деген киелі сөзді біреуі айтып, бұйрық жазатын төбеге жеткізе алмады-ау. Өттеген-ай.

БЫЛЫҚБАЙ ЕЛІ ЖАЙЛЫ ...

ЕКЕУАРА ӘНГІМЕ. Баяғы бір заманда, Былықбай дейтін бір ел болыпты. Сол елде кілең былықбайлар тұрады екен. Байы да былықбай, кедейі де былықбай. Өздері де былық, сөздері де бы-бы-лық. Несін айтасын, ал енді ісін айтсаңыз, басынан аяғына дейін былық. Әйтеуір былығып жатқан бірдеңе. Былықбайлардың қатындары да былық. Былық қатыннан, әрине, былық бала туады. Бір ғажабы – елінің патшасы да былықбай. Заман өзгереді, тек былықбайлар мен үлкен былықбай, өзгермейді. Әй, былықбай: бұл қалай десен, былықбай міз бақбай «Е, жатсын осылай бы-бы-былығып», - дейді. Әрине. былықбайларды басқару оңай, ой Алла-ай, міне, осылай болып келеді. Герольд Карлович БЕЛЬГЕР, «Жас Алаш», 06.03.2007.

Бізге бұрын ешқайда, ешқашан болмаған нәрсені армандауға қабілетті адамдар керек. Джон КЕННЕДИ.

«ТОҚАЛ, ТОҚАЛ ТОҚТАМАС ...»

Осы заманда қалталылар, «зиялылар» деп аталатындарымыз жатпай-тұрмай тоқал іздейді, тоқалға үйленеді. Әрине, қыздай үйленген жұбайы дүние салса, одан қалған балалары мен немерелері рүкәат келісім берісін жатса, онда бір сәрі ғой ...

Өмір бойы бұл жалған өмірдің ащысы мен тұшысын, жақсысы мен жаманын бірге, бір шаңырақ астында, бір төсекте өткізіп келе жатқан бәйбішесінің көзін бажбитып, оны басқа бөлмеге отырғызып қойып, токалымен мәре-сәре болып «қызықты» күн кешіп жатқан байлар-қалталылар, тіпті өздерін ғылымның, өнердің «академиктеріміз» дейтіндер де аз емес.

Құмды шағылдығы терең күздегі акселеуіндей басы-беті, сақал-мұрты аппақ – ұн жеген, кәрі текедей, жасы жетпістен асқан бір тұлға жақында төртінші тоқал алды. Ол бала көтерді. Ол сәбиін перзентханадан жаңағы ақбас акселеу қарт құндақтап алып шықты. Қасында тоқалы келе жатыр ыржындап, күліп қояды, бұл көріністі телевидение, БАҚ құралдарынан бірнеше қырынан көрсетіп, жазып жатты.

Осы бір көрініс бір заманда, кешегі Кеңес мемлекеті заманында, 10 миллион данамен жарық көрген. *«Армян радиосы айтады»* (говорит армянское радио) деген армян анекдоттарын еске түсіреді. Иә, қалай еді. Тек біреуін еске алайықшы.

Сұрақ: - еркегі жетпістен асып бара жатқанда, жас тоқалға үйленсе, балалы бола ала ма?

Жауап:

– Иә, балалы бола алады, егер ол отбасымен көрші жас жігіт тұрса,- деп жауап береді.

Қазақта: «Бала анаға аян, әкеге күмән»,- деген қанатты сөз де бар емес пе?!

Ал мына ақбас бәйбішесінің көзін бажырайтып қойып, 19 жастағы қызға үйленді. Ол былай ашып айтсақ, немересі емес, шөбересі жасындағы қыз. Ал бір академик 21 жастағы немересімен қатар қызға үйленді. Онысымен тұрмай, ол тоқалын аппақ сақалымен театрға, қонақасыларға алып барады. Бұл академиктің жасы сексенді алқымдаған.

Әрине, амалсыздан, күтушісі жоқ, тағдыр тәлкегіне тап болған пенде болса, асарын асаған, жасарын жасаған болса, өзімен замандас, жас шағынан қарайлас болып жатса, бір сәрі ғой. Ол тоқал алғандардың айналысы бетін бұрып, бетін саусағымен бір сызып, еріндерін сып-сылп еткізіп, «жылы» ғана қарай салады, былай шыға: «осыларды да зиялылар дейді-ау, бұлар кімге өнеге, үлгі болады? Балалары мен немере, шөберелеріне қай бетімен қарайды? Кәне, айтшы?».

ШАРАСЫЗДАН ШАЛҒА КЕТІП БАРАМЫН ...

Қызы буынып-түйініп, бар киім-кешегін қапшығына салып, есікке беттегенін көрген анасы.

- Қызым-ау, бейуақта қайда жиналдығың?
- Иә, шарасыздан шалға кетіп барамын.
- Ол не дегенің, тұрмысқа ма?
- Иә, тұрмысқа.
- Қызым-ау, отырып қалған кәрі қыз емессің ғой, жасың, жаңылмасам, 21-де ғой.
- Апа-ау, он тоғыздағы Майра жетпіс бестегі ақбас алжыған шалға кеше тұрмысқа шықты емес пе?
- Қайдағыны айтпа, қызым! Ол одан, ақбас алжыған шалдан не ұтады?
- Түсінбейді екенсің апа! Ол қыздікі күйеуге шығу емес, өзін айтқан тұрмысқа шығу ғой.
- Сенің ішіп, жеуің жетеді емес пе, бәрі бар ғой, құдайға шүкір. Маған бірінші бай керек, екінші тұрмыс керек. Ол шал ертең үйін-күйін ол дүниеге арқалап кетпейді, бәрі менде қалады. Ал Майраныкі шарасыздан шалға тию.
- Сонда шалдың қол-аяғын, арқасын уқалап, тірілтеді ме?
- Онысын білмеймін. Заңмен барлығын оформить еткенше, ол шал, тіпті, тірі болса, болды,- кеттім, апа-тай, сау бол!
- Иә, «шал» деген сөз, арабша «ауру», деген мағынаны білді-реді.

О МОДЕ

Одежда – не украшение! Создавая свой гардероб, прежде всего думайте об удобстве! Если вы свободно чувствуете себя в любом вашем платье, костюме, пальто, вы будете всегда естественным, а это главное условие красоты.

Культура одежды – это в конечном счете культура человеческого общения.

Сейчас модой никого не удивишь.

Купить элегантность невозможно, ее надо сотворить!

Ақша бақыт әкелмейді, қайта бақытқа жетуге кедергі келтіреді. КОРЕЯ даналығы.

Иә, ұста пышақ жасайды, ал пышақ біреудің қолында адам өлтіреді. ХАЛЫҚ сөзі.

Өсектің таралуын қастандыққа бастау деп, түсінген абзал. КОРЕЯНЫҢ қанатты сөзінен.

Адамгершілік ақылды адамнан шығады,

Ақымақ адамнан надандық шығады.

Арсыз адамда адамгершілік болмайды,

Адамның қас жауы – өсек, өтірік, бос мақтанушылық. ХАЛЫҚ-ТЫҢ қанатты сөздерінен.

Бақыт, дәулет, тақ тоқтамайды, тұрақсыз! Иә, әрі баянсыз!

ТАҚ ҚҰМАРЛЫҚ СОҢЫНДА ТАҚЫРҒА ОТЫРҒЫЗАР!

Айтатын болсақ, қазақ билік құмар, тақ құмар халық па деп қаласың. Себебі, біз білетін қазаққа портфель керек. Оның жалақысы аз ба, көп пе – бәрібір. Портфельін қолтығына қысып алып, кейде қолына бұлғаңдатып ұстап, шелтиіп, шіреніп, шірт түкіріп, талтаңдай жүргенді сүйеді. Осыдан барып бірін-бірі көреалмаушылық, қызғаныштық, күншілдік, іштарлық, арысзқойлық, сайып келгенде, рушылдық, бақ құмарлық етек алады, *«ағайынның тайы озғанша, ауылдастың аты озсын»*,- деген сөз де осындай да айтылған болар.

Тақ құмарлық ешкімді де аямайды. Мұны тарихтан жақсы білеміз. Тақты ұстап қалу үшін ұлын да, қызын да, күйеу баласын да, тіпті бір төсекте жатқан әйелінде аямайды, құрбандыққа шалады. «Өсек айттыңдар», - деп Калининнің, Ждановтың, Микоянның әйелдерін Берия қамайтын. Иә, мұндай деректер жетеді.

Билікке жетемін десең, достықты ұмыту керек. КОРЕЯНЫҢ қанатты сөзі.

Иә, мен әділетсіздікті көргенде, *«найзамды қаламға, қаламымды найзаға ауыстыратын»*, сор маңдай едім. Қайтейін, табиғатым солай.

Найзаның күшімен жанған бақ найзаның ұшында сөнеді. Сұлтанмахмұт ТОРАЙҒЫРОВ.

Жауыңды құл қыламын десең – алтынмен қаптап таста. Жүсіп БАЛАСАҒУНИ.

Деньги суть артерия войны. Ұлы патша ПЕТР I-ші.

Заманында Францияның бір журналисі Түркия туралы былай деп жазыпты: *«Түркияны жалғыз маскүнем; жалғыз саңырау (премьер министр) және 300 керең-мылқау басқарады (парламент) екен»*,- депті.

Соны оқыған *Ата-Түрік*:

– «Жоқ, ол журналист қателеседі. Түрцияны жалғыз маскүнем басқарады»,- деп газеттегі мақала үстіне жазып, қолын қойыпты.

Күншілдік барлық кемтарлықтың ішіндегі ең жеркеніштісі. К.А. ГЕЛЬВЕЦИЙ.

Қара қазанға – хан ие, қара жерге халық ие ... Қазақ халқының қанатты СӨЗІНЕН.

Ал капитализм дәуірінде ше?

Біреуге ел қайғы, біреу еліне қайғы!

Кісі өлтірген кісі, кісі қолынан опат болады.

Жауыз қалай айтсаңда ұлылыққа жетпейді. ГЕТЕ.

Төлеу Құлишаманұлы БӘСЕНОВ аға екеуміз 1952 жылы Фурманов көшесіндегі үй есігін ашсақ, төрі көрінетін бір бөлмелі үйге келгенбіз. *«Тарихтың қанды іздері»* кітабымда жазылған. Бұл эпизод профессор Құдайберген Жұбановтың жарына барып сәлемдескен едік. Есімі Раушан екен.

Осы жолдардың авторы Сталин заманында жоғары білім алды. Хрущев заманында жылына бір ауданнан екінші, одан үшінші аудан – аймақтарға көшіп жүрді. Тек бір жақсысы – көші-қон болғансын подъемный береді. Ол да тал қажау болатын. Сол Хрущевтің талай кықыметін халық көрді, анекдоттар айтылды. Ал мына бір саясаты есімде қалды. *«Россия патшалары соншама уақыт – замана бойына бұл қазақ жерін адамдармен толтыра алмаса, өз әдіс-айдаларымен, мен оны советтік әдіспен теп-тез жүзеге асыра алдым»*, - деген еді.

– Ойланшы, оқырман?

Тың игеру – дәуірінде қаншама бұзықтар, кісі өлтіріп қан ішкендер келді қазақ жеріне. Әрине, тың игерудің жақсы жақтары да, залалды жақтары да болды.

Өткен жылы Қазақстандағы *«Лад»* дейтін орыс қауым-дастығының төрағасы **Ю. БУНАКОВТЫҢ** *«Начнем с понедельника»* деген газеттен (16-22.12.2007 ж.) мына бір сөздерін оқып жағамды ұстадым. **Ю. БУНАКОВ** былай депті: *«Колонизацией Российская империя не занималась. Россия присоединила земли именно те, население которых хотело стать ее частью. Так что говорить о том, что была колонизация Казахстана, историческая ложь... Перевод делопроизводства только на казахский язык – это самоуправство местных чиновников. И мы не должны позволять это»*.

Ресей ХХ ғасырдың басында **П.П.СЕМЕНОВТЫҢ** басшылығымен *«Россия. Полное географическое описание нашего отечества»*, - деген атпен, көп томдық кітап шығарды. Соның 18-ші томы *«Қырғыз өлкесіне»* (1903) арналған. **П.П.СЕМЕНОВТЫҢ** сол 18 томда жазған алғы сөзінен: *«Образование укрепленных линий на окраине Киргизской степи достигло своей главной цели – охранение безопасностей Русской колонизации»*, - деген жолдарды оқимыз. Сонда қалай, қазақты үш ғасыр таптаған тарихи шындықты біз *Бунаковтарға* қайта дәлелдеуіміз керек пе?

Император Александр II 19 ақпан 1861 жылы басыбайлықты (крепостное право) жойды. Сөйтті де миллиондаған кедей шаруаларды бірден ұлан қайыр жері бар деп Шығысқа, Еділ, Жайық, Сыр бойына еріксіз көшірді. Халықты осы өңірде бос жатқан жер, орман-тоғай бар, барып иеленіндер, - деген ұран тастады. Көшкіндер Батыстағы казак жерін, кейінірек Сыр бойын, одан Алатауға, Сібірге дейін жеткені

жетіп, шұрайлы жерлерге орналасып, қазақтарды жерден ығыстыра бастады. Аяғында қазақ жерін отарлау басталады. Сөйтіп тірі жеткендер жағдайларын жергілікті әкімшіліктердің тікелей қолдауымен жағдайларын түзеп алды. Иә, жолда мыңдаған көшкін халық қырылып та қалды, бір оқиғасын менің *«Тарихтың қанды іздері»* романыма ашық жазғаным да бар (*Алматы, «Атамұра», 2006 жс.*). Бір өкініштісі – жергілікті әкімдіктер қазақ жеріндегі мешіттерді, тарихи зираттарды қиратып, олардың құрылыс материалдарын көшкіндерге берді.

ҚАЛЫҢ ҚАЛАЙ, БАҚ БАУЫРЫМ?

1993-2009 жж. – демек, қазіргі БАҚ құралдары, турасын айтсақ, халықтан, оқырмандардан қол үзіп қалды. Басты себебі – халықпен байланысы жоқ десе де болады. Олай дейтінім – редакцияға жазылған оқырман хаттарына жауап қайтарылмайды, газет нөмерінің соңында оқырман хатына жауап бермейміз деп, «бюрократтық» танытады. Әрине, мұның рәуаттары да жоқ емес. Редакцияларды Совет заманындағыдай, билік толықтай қаржыландырмайды. Редакция, көп жағдайда, өзінің «қайыр сұрап алған» қаржысымен күн көреді. Ал содан кейін жарияланған бірде-бір мақалаға қалам ақы төленбейді. Осы жолдардың авторы 1962-1992 жылдары облыстық селолық, аудандық, ауданаралық газеттерді басқарды. Бір ауыз сөз жазылған информация жарияланса 3 сомға дейін қалам ақы, ал басылмаса себебін айтып алдағы уақытта да күдер үзбеңіз, мына мәселелерге көңіл аударып, зейін қойып қаламыңызды төсеңіз», - деп хат жазылатын еді. Иә, бұл материалдық ынталандыру, алдағы уақытта редакцияға тілшілікке, авторлыққа тарту еді. Содан кейін әр онбес, бір айда түскен хаттарға шолу беретін едік. Мен басқарған аудандық (30 жыл) газет тиражы кей жылдары 9 мың, кейде 10 мың, кейде 12 мыңмен тарайтын. Сондықтан газетіміз Д. Қонаевтың ауыл шаруашылығын сөз еткен Қазақстан КП ОК Пленумдарында жағымды (екі рет) баға алды. Орталық Комитет *«Тәжірибе және Талап»* деген кітап шығарды. (*1973 жс.*)

Бүгін газет өз көзқарасымен, өз позициясымен шығады. Халық қаңтардағы аяздай қатып қалады. Байланыс жоқ. Иә, елге шығуға, хат жазуға, тапсырыс беруге бәріне ақша керек. Жекеменшікке айналған баспалардың бүгінгі күні осы. Бұл нарық Заңы! Тек сарай газеті, теле-радио, құралдар болса ғана қаржыландырылады. Тираж аз ба, көп пе – бәрі бір оған қарап жатқан ешкім жоқ.

Осы бір пікірлеріммен ойларымды қағазға түсіре отырып, бір кезде шығармаларын оқып, блокнотқа жазып алған *Марк ТВЕННИҢ* мына бір сөздері басыма қайта оралды-ау, қалай еді өзі? *«Әлемге жарық сәулесін шашатын екі күш – құдірет бар. Оның ең басты-*

сы – Күн. Күнсіз әлем қараңғы, түнек. Ал екіншісі – жер бетіндегі тыным таппайтын – журналист!» Менің қазақшалағаным осылай. Иә, қазір елімізде мыңдаған басылым бар, әрқайсысының негізінен, кожасы – қалталылар. Ол басылым, сол кожасының сөзін насихаттайды. Өздерінің жақтастарын мадақтайды. Тіпті бірнеше рет БАҚ беттерінде, телерадио соларды көріп, халықтың қайта-қайта көре бергенсін көзі талады. Көп жағдайда: «Мынаны тағы алып келді-ау алдымызға» деп, газеттерді жауып тастайды. Телевизор экранын өшіреді. Бүгінгі БАҚ-да, телехабарларда халық оның жай-күйі, ой-арманы, тыныс-тіршілігі де сөз болмайды. Небір шешендер, көсем сөзді алтыауыздар елде-ауылдарда емес пе? Тілді, мәдени үрдісті, салт-сананы қазіргі ұрпақтарға жеткізе айтатындар да солар ғой. Сол бір елді мекендерден көкейкесті мәселелермен шығатындар кешегі советтік дәуірдегі «Цензура» сияқты көрінбей қалады. Бірақ ол дәуірде осы жолдардың авторы баспасөзде 60 жылын қалдырды. Цензура дегенмен, газет-журналдарда халықтың хаттары, ұсыныстары, дабылдары мол, еркін жазылатын. Ал қазір ше?

ҚАЙТА ЖАНҒАН ШЫРАҚ

4.11.2009 ж.

*Екі көз екі жұлдыз маңдайдағы,
Көрушең құбылысты қай-қайдағы.*

Япырай сенде бір күн сөнермісің,

Қап-қара түнек болып маңдайдағы. Қасым АМАНЖОЛОВ, ұлы ақын.

Иә, бұл күні балаларым мені Конаваловтың Офтальмалогия Орталығына алып барды.

2.11.2009 ж. (дүйсенбі) көз дәрігері «қасапшынын» қабылдауында болған едік. Өзі сол жас шамасы қырықты алған, аса ажарлы, жылы жүзді, ақсары Азамат екен. Алдында ғылым кандидаты осы Орталықтың белгілі де беделді көз дәрігері Марина Андреевна Волковамен сөйлескенімізде, өзінің қабылдауында Андрей Владимирович сонау Киевтен келіп, операция жасайтынын айтқан еді.

Сол күні ертеңгілік профессор Андрей Владимирович Коваленко қабылдады. Көзімді аппаратына салып қарады да жып-жылы:

– Сол көзіңізде бала күніңізде түскен бір нүктедей бір дақ бар. Оны емдей алмаймын. Көзіңіз жақсы көретін болады. Оған гарантия беремін. Ал оқу, жазу үшін көзілдірік киетін қылайын ба, әлде?– деді.

– Мүмкіндік болса, табиғи көз жанарыммен оқыған, жазғанға не жетсін делім.

– Онда көзілдіріксіз жұмыс істейтіндей етемін. Ал алысқа қарау үшін, әрине, көзілдірік пайдаланасыз. Операциядан кейін екі көздің көру екі түрлі болады. Ол көзілдірікке рецептті осы Орталықтан аласыз, келістік пе? Онда жарайды, - деді.

4.11.2009 ж. Ертеңгі 9:30 Орталықта болдық. Балаларым сырт киімдерімді шешіп алып, операция жасайтын бөлменің кірер аузындағы бөлмеге алып келіп кіргізді. Екі ақ халатты әйел компьютер алдында көздерін айырмай экранына қарап отыр. Дыбыс жоқ, ешқандай қимыл да жоқ. Экранда бір ашатайқша алдындағы көзді арлы-берлі жүріп, тазалағандай болады. Бір кезде жаңағы әйел – дәрігерлер ме, медбикелер ме, «ал болды, келесі адамды» деп тілсіз біріне-бірі қарады.

Кезек маған келді-ау деймін, сол екі ақ халатты екі жағымнан сүйемелдеп, сол аппараттар тұрған бөлмеге әкеліп, сонда тұрған ақ халаттының қолына берді. Ол мені ұзынымнан жатқызып, екі қолымды байлап, матап тастады. Оң қолыма укол берді. Үстімді бір көк матамен жапты.

... ешкімде тіл жоқ. Қою тыныштық. Жаңағы қол-аяғымды матап тастаған адам тұрғызып мені алып келген екі әйелге ұстатты. Болды. Не болғанын сезгенім жоқ. Кутузовтың көзіндей бір көзімді-ақ матамен орап тастапты. «Памяткасын» берді.

Көз – адам өмірінің айнасы. Иә, солай. Айтар едім, көз - адамның көңіл-күйінің де айнасы. Көз бәрінен хабар береді. Қызым қамқорлыққа алды. Күніге 5 рет сол операция жасалған көзге тамшы тамызып тұрды.

Бұл процесті қызым он-он екі күндей атқарды да, еліне жүріп кетті. Енді өзіміз тамызуға мәжбүр болдық. Қиындық енді басталды. Бұл тамызу 1,5 айға созылады екен.

Операциядан кейін ол көз жақсы көрді. Әсіресе, алғашқы 4-5 күн бойы. Енді екінші оң көз алдында бір көлеңке пайда болды.

Марина Анатольевна: «екінші көзіңізде де қатаракта бар», - деді.

– Көрермін, Кутузов та бір көзімен Ресейге келген жауды тас-талқан етіп жеңді ғой.

9.12.2009 ж. Балам мені Марина Анатольевнаға алып барды. Көзге тамызатын бірқатар дәрілерге өзгерістер жасады. Ол:

– Жаман емес, - деп бірнеше көз тамшыларын жазып берді.

– Енді 2010 жылдың басында келіңіз, - деді.

13.01.2010 ж. Марина Анатольевна біраз кеңес берді. Моншаға баруға болады деу қиын. Онда парға бармайсыз. Майлы тамақ ішпеңіз. Шамасы жаңа жылда қонақта болғансыз, қазы жегенсіз. Майлы тамақ көздің қалыптасуына оң әсер етпейді. Айран свежий болу керек. Овощтарды пісіріп жеңіз, - деп бірнеше көз тамшыларына рецептті берді. Енді 10 күннен кейін келіңіз, - деді.

Айтар едім: *Адам ақылы терең болған сайын мейірімді болатынын, білікті, білімді болған сайын аса қарапайым болатынын өмір көрсетіп келеді.*

Қазақта: *Оқымаған, тоқымаған адам қампезер, қатқыл, тіні мейірімсіз,* - деп жатады емес пе? Иә, солай.

МІНЕ, ЕР ЕСІМІ ЕРЕН АТАЛДЫ

Михаил Калашниковқа Россия Президенті «Россияның батыры» деген аса құрметті атақ берді. Ол – «Калашников» автоматтың бас конструкторы. Оны Михаил Калашников Талдықорған жерінде, депо-да токарь, слесарь болып жүргенде жасаған.

Автомат дұшпанға қарсы атылатын қару, өзіңді қорғайтын мылтық. Автомат әлемдегі барлық әскердің қолында жүр.

МЕН РЕНЖІМЕЙМІН ЖӘНЕ АЙТАМЫН

Көптеген адамдар қазақ баласын *«Қара домалақ»* деп айтып та, жазып та, сөйлеп, сөзге қосып та жатады.

Қазақ қара халық па? Жоқ!

... сексеннің сеңгіріне иек артқан жасыма дейін көп жерді аралап, көп адамдармен, халықтармен дидарласып, кездесіп, қол алысып амандасқанмын.

Тіпті айтайыншы, Мұхтар Әуезов ұстаз ақсарылау, кейде аппақ адам еді. Ұстазым Ісмет Кеңесбаев (академик), Нығмет Сауранбаев (академик), аппақ өнді еді. Әуезовтың семинарын жүргізетін Мастура Сармурзина апайымыз сулы жердің ақ борығындай болса, Зейнолла Кабдолов ақ ірімшіктей емес пе?! Академик Төлеген Тәжібаев (ҚазГУ ректоры) Мәулен Балақаев, Жұбаныш Аралбаев даламның қызыл күрең тобылғысы түстес еді ғой. Араптанушы Әжікеев ата да аппақ болатын.

Мен білетінде, көргенде Қазақ сұлу халық, бір Сәкен Сейфуллиннің, Сәкен Жүнісовтің өзі ұлт үлгісі емес пе?

Ал Мұқағали Ақын:

«...аққаздар арасынан аққуымды ажырата алмаған сор маңдаймын деп, қазақ қыздарын аққаздар мен аққуға теңеген», - еді ғой. Мұндай мысалдарды жүздеп-мыңдап келтіруге болады.

Қазақ қара түсті халық емес! Тобылғы өнді, түсі қызыл күрең халық! Қаралар, қара домалақтар – Африкада емес пе? Өзімізді өзіміз неге кемітеміз. Халқымызды кеміту, кемсіту үшін, кейбір еуропалықтар айтып: жазып кеткен.

Ал мына тұлғаның сөзін қарашы:

«Қазақтар бұрын сары шапты, көгілдір көзді болғанын тарихшылар жазып, айтып кетті. Өз кітабында Рашид ад-Дин оның еуропалық топқа жататынын жазып кеткен. Қазіргі қазба жұмыстары да осы деректі дәлелден қуаттап жатыр. Орыстар өңірлерінде бір қыздарды «красные девки» деп атаған – олар қыпшақтың қыздары! Олар жирен шапты болған. «Красные девки» сөзінен «прекрасное» сөзі шыққан». Виктор Владимирович КИЯНСКИЙ, Парламент Мәжілісінің депутаты, «АЙҚЫН» газеті, 06.02.2010 ж.

ЕСЕТ АТА «ҚОНЫС АУДАРДЫ»

1993 ж. Есет Көтібарұлы халық батыры, отаршыларға қарсы ұлт-азаттық көтерілісті бастаған ұлы қолбасшы. Есет Көтібарұлының туғанына 190 жыл толған еді. Және осы датаны, Есет-Дәрібай кесенелерін қайта салу мақсатымен халықаралық комиссия құрылды. Төрағасы болып, белгілі қайраткер Қанатбай Елеусізұлы бекітілді. Барлық іс діндеген жерден шықты. Сонда Шалқар қаласының жан-жаққа шығар, келер жолдарына, қала көшелеріне батырдың бірнеше портреттері салынып, ілінген болатын. Соның бірін балам авторынан сатып алып, маған біреуін, біреуін өзі алған еді. Бұл портреттің авторы жергілікті суретші Жұмағазы Қырықжігітұлы.

Сол жылдардан бері ата портреті біздің үйде, төрде тұратын. Әрине, жас келді, енді ол аруақты портретті ұлы атаның ұрпағы – біздің әулеттің шаңырағын ұстаушы кіші ұлыма бердім. Және өзім сызған батырдың жүрген-тұрған жерлерін баяндайтын қартаны қоса бердім. Иә, Ұлы Ата – бабалар жайлы *«Дала Геркулесі»* кітабында, *«Зердесінде ұрпақтың»* – Көтібар ата жайлы эссе жазылған кітапты бердім. Сөйтіп, ұлы ата өз ұрпағының үйіне «қоныс аударды».

Алматы қ., 11 қараша, 2009 ж.

Қызыма шығу тегіміз жайлы деректерді 5 беттей қолмен жазып бердім. Оны компьютерден өткізіп, электрондық және қағаз түрлерін үлестір, дедім.

ҰЗАҚ БЕРГЕН ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ ЕДІ БҰЛ

Қазақстан Журналистер Одағының кезекті басқарма мәжілісі жүріп жатты. Мәжіліс аяқталар шақта Одақ төрағасы аяқ астынан:

– Одақ басқармасының мүшесі Ақтөбе облысындағы әйгілі Шалқар аудандық газетінің редакторы Тауман Алыбайұлы Төреханов

жолдасты шақырамын,- деді. Қоңыр да баяу шығатын жұмсақ даусымен кәдімгі әр келген сайын Алматыға әдейі кабинетіне кіріп, сәлемдесіп шығатын тұлға **Ұзақ БАҒАЕВ**.

Президумға шықтым. Сол кезде **ҰЗАҚ**:

– Баспасөздегі үздік еңбегі үшін, Одақ жұмысына белсене қатысқаны үшін Қазақстан Журналистер Одағының Құрмет Грамотасымен Тауман Алыбайұлы Төреханов жолдас нағратталған болатын. Осы Құрмет Грамотасын тапсыруға рұқсат етіңіздер,- деп залға қарады. Түп-тұнық, кара көздері жайнап-ақ тұр. Құрмет Грамотасын тапсырып тұрып қолымды қысты. Табыс, амандық, мол денсаулық тілеймін,- деді. Сөйтті де Грамотаның тексін оқып шықты... соңында. *24 октябрь, 1972 жыл, Алматы қаласы еді.*

– *ЕСКЕ салайын*, Тауман Төрехановке СССР Журналистер Одағының Басқармасы осы жақында өзінің Құрмет Грамотасын берген еді. Құтты болсын Тау азамат!- деді журналистердің **Ұз ағасы**.

Алматыға келсек, «СҚ»-ға «Социалистік Қазақстан» келіп, қабылдауында болатын едік. «СҚ»-ның жергілікті тілшісі деген күәлік болатын менде. Сөйлесіп отырып:

– Жігіттер, біздің мамандықтың адамдарын «ішкіш», «темекі тартқыш»,- деп құстаналып жатады. Сол арақ итті мен ішпей-ақ, темекінді тартпай-ақ, осы жерге жеттім-ау. Жазу-шабыт шақырамын деп, кейбір акын-жазушылар құсап, ішкендер бар ғой. Біз ел кожасы – партияға бір табан жақынбыз. Журналистің абыройын, ажарын төкпендер. Ал қонақ, шайхана, асхана, ресторан тек уақыт алушы. Соларда кемі 4-5 сағат уақыт жоғалтасындар. Журналистке бірінші қымбат қазына – уақыт. Екінші қымбат қазына – халықпен кездесу, жүздесу, сөйлесу, пікір алысу. Бұл – ең үлкен университет ...

Иә, сол **ҰЗАҚ** ұстаздан көп ұзамай айрылып қалдық. Сонда небәрі 45 жас қана ғұмыр кешкен екен. Недеген ұлы тұлға еді. Ұлылық жарасқан аға артында ұлы-қызы, шаңырағын ұстап отырған Нұрбике жер тырнап қалды-ау ... Ұлы акын менің жандай құрдасым Мұқағали да небәрі 45 жыл ғана ғұмыр кешті-ау. Тағдырдың бұл недеген қаталдығы, ә?

МҰНЫ ЖАЗҒАН ҚЫЗ ДА ҒАЛАМАТ!

*Таңның күліп атқандығы ғаламат,
Қызғылт кеіттің батқандығы ғаламат.
Бауыры аппақ қарлығаштың аспанда,
Қанаттарын қаққандығы ғаламат.
Достарыңның іздегені ғаламат,
Жапырақтың күзгі олеңі ғаламат.*

*Қарсы алдыңнан кездескен бір баланың,
Жолды кеспей «Сіз» дегені ғаламат.*

*Анашыңды сағынғаның ғаламат,
Әкешіңе табынғаның ғаламат.
Балдан тәтті балашыңды айналып,
Жарыңа үнсіз бағынғаның ғаламат.
Көңіліңнің толғандығы ғаламат,
Елдің аман болғандығы ғаламат!
Бәрінен де бақыт құсы айналып,
Басыңа кеп қонғандығы ғаламат.*

*Ақын қыз Шәмшия ЖҰБАТОВА,
«Айқын» 13.10.2009 жс.*

Қызым Шәмшия, жүз жаса, бақыт құшағында бол. Әдемі толғау!

АРЫСТАНҒА МІНСЕҢ, ҚАМШЫҢ АЙБАЛТА БОЛАР

Иә, қысқа өмірді, қамшының сабындай, ғұмырды бірге өткізіп келдік. Орта мектепте қатар оқып, сонау жиырмасыншы ғасырдың бел-ортасында Алматыға оқуға бірге аттандық. Бір топ бала ойдағыдай конкурстан сүрінбей өтіп, ҚазГУ-ге оқуға түстік. Бір қатарымыз Алматы Заң институтына қабылдандық. Арада 4-5 жыл оқу өте шықты. Дипломды қалтаға салып, Госплан жіберген жерлерге жұмысқа бардық. Бәрі жақсы болды. Үйлендік, балалы болдық. Оң мен солға қарайтын болдық. Сөйтіп жүргенде өмірдің ағып жатқан өзендей, бар қызығы мен шыжығы артта қалды. Көптеген құрбы-құрдастар кетіп болды. Ақын қыз Фариза Оңғарсынова айтқандай, «жылдан жылға сиреуде достарым да, Жаным жиі көмілер тоспа мұңға».

Иә, қатарымыз сиреп-ақ қалды. Бірде заң мамандығын алған жолдаспен бір дастархан басында отырып қалдық. Ол, көбіне, бізбен сирек кездесетін еді. Себебі, КГБ-ның дырдай офицері болды. Полковник шенін алды. Танауымен жер тіреп, бізбен көп сөйлесе бермейді. Және үлкендерден 1937-1938 жылдарды бастарынан кешірген, сол трагедия дәуірінен аман қалғандар айтатын «Арыстанға мінсең, қамшың айбалта болсын» деп. Оларға, ол жансыздарға сенбе, ол әкесін де, анасын да, бауырында, орайы келгенде, сатып жібереді,- дейтін. Өзім білетін, ішінде болған адамдардан есітіп, кейін көріп білгенім өзімнің «*Тарихтың қанды іздері*» тарихи деректі роман-эпопиядағы «*Меңді көлдегі оқиға*» тап осы сөздерді дәлелдейді. Өзінің лауазымын сақтау

үшін бір әке-шешеден туған екі әпкесін өртеп жіберген жансызды жазғанмын. Ал мына «жолдастың» *досьесын* тыңдап көрші.

Менің *досьемді*¹² оқып көр,- деді ол. Иә, бұл кезде ол отставкаға шыққан. Айтуым керек, денсаулығы мендеген кезі еді. «Бұл қызмет бізге бәрін үйретті. Қажет пе, тоя арак іш, қажет пе, жауыңның құлы да, қожайыны да бола біл», - дейтін. Сонымен «*досьесін*» оқып көрдік. Жағаңды ұстайсың. Өзінің әкесінен бастап, екі інісінен бері барлық аудандағы азаматтар жайлы досье жүргізген. Иә, ол «*досьенің*» мазмұнын ашпай-ақ қояйын. Ол мемлекеттік құпия сияқты. Ашу өте қорқынышты – жүздің үстінде адамдардың туғанынан бастап бәрін-бәрін жазған. Олардың түп-тұқиянынан бастап, бәрі бар. Қасымда отырған тік мінезді, тарихшы қарт: «сен нағыз қанпезер, сатқын, адамгершіліктен жұрдай екенсің» деп бір қалың кітаптай «*досьесын*» быт-шыт жырғтты. ...«*досье*» авторы: – «менің мамандығым осы. Бізде туыс, дос және жолдас жоқ», - деді.

Жақында «*досье*» авторы рактан дүние салды. Сол «*досьені*» жырғқан қарт: «Құдайдың құдай болғаны бір дұрыс істегені екен», - деп сакалын сыйпады.

ОТАРЛЫҚ ОЙРАН ЖӘНЕ АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕР

«Көк үйден Сүгәліге қайтар жолдағы Қоскөлде 1858 жылы Есет Көтібарұлы батырдың қолынан өлген Арыстан (Айшуақтың Жантөресінен туған) төреге қойылған ескерткіш қалды». Жанындағы әйел адам – Жұмағи Токмырзақызы, Губернатордың иығына құлай кеткен төреге батыр осындай үкім кескен. Ханалы, Хангерей сұлтандарға қойған қос құлыптас осы төңіректегі отарлық ойрандардан қалған сақталған жалғыз белгі.

*Баян СӘРСЕНБИНА, Кобда ауданы,
Ақтөбе облысы «Жас Алаш», 26.11.2009 ж.*

Баян, қызымның қазақ елінің батыс аймағындағы үш-төрт ғасыр ішінде болған тарихи оқиғаларды жазып, зерттеулері қуанарлық іс. Тек айтайын дегенім, осы жолдардың авторының «*Дала Геркулесі*» тарихи деректі романынан хабардар болса, Есет Көтібарұлының үзенгілесі Қарағұл бастаған және Бұжыр батырдың ұрпағы Кенегес жігіттерімен бас қосып, Арыстан төренің басын алғаны тарихи дерек. Ал Орынбор-Самара губерниясының бас губернаторы В.А. Перов-

¹² *Досье* – (от фр. dossier), совокупность документов, записей по какому-либо вопросу; ослд; а также папка с такими документами. БЭС., М., 1998, с. 373.

скій мен Шекара комиссиясының директоры В.В. Григорьевтердің жандайшаптары Есет Көтібарұлының үстінен қылмысты іс қозғау үшін барлық оқиғаны батырға үйіп-төгіп, халық арасында әңгіме-өсек тарату үшін жүргізген сұрқия саясаты.

Иә, «Жау жоқта батыр көп, дау жоқта ақыл көп» емес, халқымда батыр да, ақыл да көп болды. Оны ел тарихы біледі. Ақселеу Сейтембек жазып қалдырғандай, халқымыздың ауыз тарихын сөйлетсең, бәрін айтады. Көп жағдайда «биліктің көзіне қарай жазатын» тарихшылардай емес, халықтың ауыз тарихы көп шындықты жайып салады емес пе?

Қанша адам көрдім үстінде киімі жоқ, қанша киім көрдім ішінде адамы жоқ. МӘУЛЕ Ана.

ҰЛЫ СӨЗ!

Таза өмір сүру үшін ұмтылыс керек, жаңылыс, бұлқыну, шатасу, арпалысу, қателесу және қайтадан бастау, тастау, сол бастаған ісіңді қайтадан бастау керек. Лев ТОЛСТОЙ.

Түтіні түзу шыққан – сенікі-менікі жоқ ауылдардың қара қазандарында кезінде сары сазандар мен, бекіре балықтар бүлік-бүлік қайнап жататын еді-ау ... Матай ҚОҚАНҰЛЫ.

Күншілдік, бақталастық, қызғанишақтық – қазақ ойшылдарының түбіне жеткен зұлымдық емес пе? Мұны құрту оңай болмай тұр ғой. Ілияс ЕСЕНБЕРЛИН, дара жазушы.

Құнды сөз құнарлы ойдан туады. Лев ТОЛСТОЙ.

Халық өз тілінен айрылған кезде, қарекетінен де айрылады. И. КАНТ, неміс философы.

АСА ОЙ САЛАТЫН ТОҚТАМ!

Биікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым. Қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам – ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де – қара жер. Қастерлей білсем, қадірімнің кетпесін білдім. Панан да – ел, данаң да – ел. Сөзан арқа сүйедім, содан үйрендім. Д.А. ҚОНАЕВ.

Халық аузындағы тіл өлсе, халықтың да өлгені. К.Д. УШИНСКИЙ, орыс ағартушысы.

Қазақ жеріндегі мол байлықты игеруде біздің билікте тазалық, жауапкершілік, әділдік жетіспейді. Әліхан БАЙМЕНОВ.

ӘЛБИ ТҰРҒАН ШТАБ ҮЙ

Иә, бұл Шалқар менің ата мекенім. Осы өңірде тудым, өстім, оқыдым. Отбасын құрдым. Қазақтың С.М. Киров атындағы (әл-Фараби) университетін үздік бағамен бітірдім.

... Ұлы Октябрь революциясының елу жылдығы қарсаңында өткен-кеткенді жинақтап газетке беруіміз керек болды. Ойыма, ең алдымен, Әліби Жанкелдин түсті. Себебі ол ұлы тұлғаның атында Шалқар қаласында поселкі бар. Бұрын Селиванов атында болатын. Селиванов Санкт-Петербург университетінің студенті еді. Патша жандармериясы көзқарасы үшін қазақ жеріне жер аударған. Осында – Шалқарда ақтар жасақшылары Ұлықұмға кіретін шойын жол өткелінде түнде Селивановты ұстап алып, бауыздап өлтіріп кеткен. Совет өкіметі орнағансың (1918 ж.) ол революциялық ұйым құрған осы поселкені бұрын «Нахаловка» атап келген. 1901-1910 жылдары темір жол салуға ішкі Ресейден ағылып келіп жатқан жұмысшылар теміржол төсеуге әкелінген құрлыс материалдарынан «ұрлап алып» осы құм жиегіндегі шоқалақты көкжиденің арасына блиндаждар – землянкалар салып, күнелткен. Мұны жол салушылардың бастықтары «нахальным путем» баспана салушылар деп атап, соңында «Нахаловка» поселкасы атаған еді.

Кейін Әліби Жанкелдиннің атышулы еңбектерін ескеріп, ол кезде еңбекшілер депутаттары Шалқар қалалық советінде іс жүргізуші болып жұмыс істейтін едім. Ұлы қазақ атына Жанкелдин поселкесі деп атақ берілді. Бұл тарихи дата осы күнге дейін өзгеріссіз қалды.

Екінші бір сөз В. Ленинмен 1915 жылы Швейцарияда кездесіп, танысады. Кейін 1918 жылы Совет өкіметі – Лениннің ұсынысымен Дала өлкесінің Комиссары мандаты беріліп, Кәспий – Астрахан – Бозаша – Шалқар арқылы жүретін әскери экспедицияны басқаруға жіберіліп, Орынбор – Түркістан майданына қару – жарак жеткізеді. 1918 жылы 8 ноябрьде Ұлықұмның аяғы Аяққұмға әскери экспедиция келіп жетеді. Сонау алыс жолдан 500 түйеге әскери қару-жаракты артқан бірнеше түйе шығын болады. Осы жерде Әліби Жанкелдин жергілікті халықпен сөйлесіп, түйе жинайды. Осы істің басында Жолмаш Мекебаев (кейін аудандық банктің басқарушы болған таза адам еді) қолдау жасайды ...

1918 ж. сол ноябрь айының бірінші он күндігінде Әліби Жанкелдин бастаған әскери экспедиция Шалқар қаласына жетіп, ІҮ-ші Конгресс көшесіндегі (кейін Ленин атындағы, 1992 ж. 19 апрелінен бастап ұлттық тұлға – халық батыры – ұлт-азаттық көтерілістің қолбасшысы Есет Көтібарұлы атындағы көше болып тарихқа енді) ішкі істер комиссариатының ғимаратына тоқтап, осында Ә. Жанкелдин көптеген

ұйымдастыру шараларын жүргізді. Халыққа материалдық, моральдық көмек көрсетеді. Міне, осы бір тарихи оқиғаларды осы жолдардың авторы сол уақытқа жарыққа шығарып, зерттеп, акыры баспасөздерде жарияланған еді. Сол кездері-ақ халық Селиванов поселкесіне Ә. Жанкелдин атын беру жайлы ұсыныстар жасады. Совет органдары осы ұсынысты мақұлдады.

Сол 1952 ж. Бұл жылдары мен Алматыда, КазГУ-де студент едім. Кешкілік болатын. Біздер Калинин көшесімен Ұйғыр көшелерінің қиылысында (қазіргі Төле Би мен Ахмет Байтұрсынов көшесі) жатақханада тұратын едік. Бөлменің есігі қатты-қатты қағылды да, вахтер ентіге сөйлеп:

– Студент III курса Туреханов Тауман есть? – деді. Мен орнымнан ұшып тұрдым.

– К телефону. Просит Басенов, – деді.

– Ертең Аманкелді Иманов ескерткіші ашылады. Оның авторлары кім екенін білесің бе?, – деді дауысы жігерлі шығып Төкең:

– Аға-ау, мен гуманитарный факультеттің студентімін ғой, – деп едім. Әңгіменің ар жағын тыңдамай:

– Онда ертең сол батырға арналған жиынға кел. Ерте ме, кеш пе бір заманда керек болар. Салтанатты митингіні Әліби Жанкелдин ашады, ол кісіні білесің бе? – деді тағы.

– Білемін, Шалқарда ол адам атында поселке бар дедім.

– Жарайды, кел, онда. Айтпақшы, мүсінші Хасбулат Нұхбекович Асқар-Сарыджа Мәскеуден бүгін келді. Автордың бірі – мүсінші ол кісі де қатысады, – деді.

– Және айтамын, салтанаттан кейін әжеңе сәлем беруге келерсің, жәрдем бересің, – деді.

Салтанатты митингіге қатыстым. Республиканың барлық дерлік басшылары қатысты.

Иә, осы жолы Бәсенов ағамен Ленинградта қатар оқыған Қаптаулық Хасбулат Нұхбекович Асқар-Сарыджа мен Төлеу аға үйінде кездесіп қалдым.

Иә, бұл даңқты мүсіншімен жетпісінші жылдары Мәскеуде бірнеше рет кездесіп, ұзақ әңгімелер құрған едім. Осы мүсінші үйінде Қап тауының тарланы Расул Ғамзатовпен кездесіп, дәмдес болғаным да бар.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақ ССР-нің Үкіметі Аманкелді Имановке ескерткіш жасауға Бүкіл Одақтық конкурс жарияланған. Онда Хасбулат Нұхбекович Асқар-Сарыджа мен Төлеу Бәсенов бірінші орынды жеңіп алғаны, Жұмабай Шаяхметовтың қабылдауында болғаны бәрі-бәрі жайлы ұзақ әңгімелескенбіз. Ұлы мүсіншім сексен үшке қараған жасында Мәскеуде дүние салды. Алтындай ардақтаған

жұбайы Алина Анатольевна колынан талай дәм татқан едім. Кейін балаларым Мәскеуде жоғары оқу орнында оқыған кезде, тіпті жиі араластым. Балаларыма Алина Анатольевна (Мәскеу Үлкен театрының бас суретшісі болған сұлу әйел еді) туған анасындай қамқорлық жасаған болатын.

Осы жолдардың авторы өзінің *«Көз көргендер еді»* кітабында (1999 ж. *«Атамұра»*) *«Қазақтар үлкен достарым еді»* деген эссе бергенмін. Барлық детальдар, штрихтар қамтылмай қалған. Уақыт пұрса берсе, қайта кеңейтіп жазуым керек. Ол борышым.

Бірде Төлеу Құлшаманұлы БӘСЕНОВ:

– Есімде жүрсін. Ақтөбеден солтүстікке қарай алты жүз шақырымдай жерде тарихи Торғай уезі бар. Бұл аумақ қазақтың небір ұлы тұлғаларын берген еді. Сонау ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннен бастап, Ахмет Байтұрсыновты, Асқар Закаринді, менімен Орынбор рабфагінде бірге оқыған, дара суретші Әбілхан Қастеевті, Серағаны– Серәлі Қожамқұловты, архитектура майданына жаңа ғана түрен салған шәкіртім Әбдісағит Тәтіғұловты, ақын қыз Мариям Хакімжанованы, аса мықты математик Сұлтанғазиевті, осы кешегі Әліби Жанкелдинді берген қасиетті де киелі топырақ болатын. Айтып отырғаным, журналист, қалам ұстаған жас болғанын, бір кездері керек болар дегенім ғой. 1974 ж.

Осы киелі топырақта жаралған маған жақсы таныс, әркез көзқарасымыз жарасып тұратын Қоғабай Сәрсекеев еді. Ол – қазағымның ұлттық арда тұлғасы! Сөзді де, өзі де ақыл-ойы да таза, кіршіксіз тұлға Азамат! Сонау өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бері таныстық өріс алған еді.

2009 ж. жарық көрген *«Дала Геркулесі»* жайлы Ата газет – Ата басылым *«Қазақ»* газетіне келісті ақпарат берді. Тағы бір естен кетпес қызметі – 2010 жылдың 15 қаңтарында *«Есет батырмен хан Кененің кездесуі»* деген тақырыппен бір бет материал берді. Оны осы кітаптан алған екен. Ал ұлы сәулетші, қазақ сәулет өнерінің негізін салушы, бір туар – феномен ғалым ***Төлеу БӘСЕНОВ*** жайлы *«Ұлы сәулетші еді»* деген тақырыппен менің эссеме бір бетін арнады газетінің.

Қоғабай қадірлі ініме осындай ұлағатты қызметі үшін текті бір аталықтың атынан алғысымды айтып, ақ батамды бердім. Алла қабыл еткей ... ***Бір философ жаққан отқа мың кісі жылынады деген***, - осы болар.

Иә, билік те, бак та, так та, бар адамның басында тұра бермейді. Мәңгі баки такта отырған хан да, патша да жоқ. Мұндай мәңгілікті адамзат тарихы білмейді, бәрі тозады, бәрі өзгереді. Кешегі әлемді билеген Александр Македонскийдің сөзін – өлер алдындағы осы естелік жазбаларда келтіргенбіз. Ұлы Ақсақ Темірдің немересі: атакты астро-

лог Ұлықбекті баласы діндардың от көсеуімен әкесінің басын алуға келгенде Ұлықбектің сөзі де осы кітапта бар.

БІР ЭПИЗОД

ӘЛІМ тауының етегімен Толағай тоғайында жақындағанымызда, **Сәкең (Садықбек АДАМБЕКОВ) Ахмет ЖҰБАНОВ** жайындағы әңгімесін жалғастыра келіп:

– Қазақтың жалтылдаған жалғыз көзі, бір өзі бес орысты тақымдады,- деп Толағай тоғайын қоршап жатқан иір-иір обалармен шыңға көзін тастады да:

– Мына тоғай нағыз поэзия ғой. Ал оны қоршап жатқан обалар ғой, ә?

– Иә, Сәке, тұнып тұрған ән мен күй,- дедім де Матай Қоқанұлы атаның 1913 жылы 120-ға жуық орыстардың боранда үсіп, әрі аштан өліп қалғанын, сонау шын төсінде Есет Көтібарұлының қызы Ақмандайдың мүрдесі жатқанын айттым. Ол арда қыздың аңызға айналған ерлігін еске салдым.

– Не істеп жүрсің, жаз, жаз!- деді Сәкең. Иә, **«Тарихтың қанды іздері»** роман-эпопеяда Сәкеңнің тапсырмасымен Толағай тоғайындағы тартыс суреттелген еді. *1976-2006 жс.*

ҚЫЗДЫ ЖЕГЕН ҚАСҚЫРҒА ҚАҚПАН ҚҰРЫП ЕДІМ

«Сен кім болсаң, о бол, тіпті көр қазушы бол. Тек өз ісіңнің маманы бол». *Джозеф Кеннеди, АҚШ Президенттер әулетінің басшысы.*

1943 жс. Қыс. Қар қалың. Ұлы Отан соғысының ауыр күндері. Елде еркек атаулы жоқ десе де болады. Бірең-сараң елге оралғандардың көбінің аяғы жоқ – доп сияқты, қолы жоқ, құлағы жоқ. Көзі жоқ - бәрі бар. Бірақ өз бетінше қимылдай алмайды. Ал қалада ауырып, не аштан өліп жатқандар көп. Оларды жер қойнына беру үшін қабыр-көр қазу керек. Мұндай жұмысты қалада бір-ак ата атқарады. Күніге он-онбес кейде оданда көп қабыр қазады. Ол атаның есімі Әйімбет. Біздің үйімізге жақын тұрады. Күнде ертелетіп қолына сүйменін, кетпенін, күрегін, қайласын алып кетіп бара жатады ...

Бүгін қорғасындай қара бұлт қаланы жауып тастады. Сәске түске қарай қар жауып борасын көтерілді. Осы кезде үйге Әйімбет ата келді.

– Балам, сені іздеп келіп едім. Әбден титықтадым, шаршадым. Маған жәрдем берші. Мына қала ішіне кіріп, жатқан зиратқа түске

дейін екі өлікті қойуымыз керек. «Қандай жәрдем керек», - деп орнымнан ұшып тұрдым, жаспын, небәрі он екі жастамын. Бірақ «жас аңшы» атанған болатынмын. Түнімен патрондарымды октаймын. Ерте тұрып, аң аулаға кетемін. Бірде түлкі, бірде қоян атып аламын. Ұлықұм шағылдарына, көбіне, қакпан құрамын. Иә, қасқыр қакпан ауыр, ал түлкі, қарсақ қакпан өз алдына жеңілдеу. Күзен қакпан олардан да жеңілдеу. Ол қакпандарды құрмас бұрын құм, қалың ши, жиде, қамыс, шілік шұңқырлардан із кесемін. Кейде малдардың сүйектерін тастап, кейін қандай аңдар келді, соған қарай қакпандарды құрамын. Иә, қакпандарды үлкен түйе жүнінен иіріліп тоқылған қаптарға бөліп-бөліп салып аламын. Зираттар маңында қара қарғалар, сауыскандар көп болады. Солардың бір екеуін атып алып, құрған қақпандарды әдемілеп, қармен бетін көміп, қара қарғалардың, сауыскандардың жүнін жұлып, бұтын-бұт басқа денелерін уақтап қакпанның осы қалай деген жерлеріне жайып тастаймын. Сонсын шағырмен, шимен ізімді өшіріп кетемін. Қасқыр мен түлкі сауысканның еті мен жүнін көрсе, тұра ұмтылады. Иә, аңшының әңгімесін айтып ұзап барамын.

Әйімбет атаға еріп, қабыр қазуға бардым. Жер өте қатты. Сүйменмен, қайламен оямыз, кетпенмен, шотпен шабамыз. Көрдің тереңдігі белуардан аскансын-ақ демін тарылып, маңдайыңнан қара тер борша-борша болып ағады. Ол тер тұла бойыңды жуып тұрады. Үйге келгенде ауыстыратын киім жоқ, жуынатын монша, су жоқ. Сөйтіп күн кештік-ау. Күнде мылтығымды мойныма салып, белбеуімді патрон қалтама толтырып, қакпандарымды арқалап, далада жүргенім ұжмақ екен-ау деймін.

Ертеңіне бір белі бүкірейген әже аяғын сүйрете үйге кіріп келді де:

– Балам қайда?- деді.

– Әже, мен мұндамын дедім.

– Кеше көр қазысқан баламды ... Иә, аңшы баламды іздеп келдім.

– Әже, не болып қалды?

– Ойбай-ау, кеше жер қойнына берген қызымды онашалап көрейін деп барсам,- деп әже еңіреп, жылап қоя берді.

– Әже не болды?- дедім. Біраздан кейін өксігін басып, бетін, көзін түйе шекпенінің жеңімен сүртіп:

– Балам, қызымның қабірін ашып, ит пе, қасқыр ма білмеймін, сүйегін алып кетіпті. Қабір аузында қан ба, басқа ма, білмеймін бірденелер жатыр,- деді өксіп тұрып.

– Әйімбет атама айттыңыз ба?

– Ол шалды таң атпай Нахаловкада өлген біреуге қабір қазуға алып кетіпті,- деп қайта еңіреп қоя берді.

Иә, бұл зират қала ішінде десе де болады. Жан-жағы зілманкелер.

Келдім. Әженің айтқаны дұрыс болып шықты. Қабірді ашып, ішіне кірген, кеше ғана қойған қыздың денесін быт-шыт етіп, қабір ішінде отырып жеп, қалған сүйегін сүйретіп алып кеткен. Әр жерде қыздың денесінің қалдықтары шашылып жатыр. Із, із иттің іздері емес, қасқырдыкі! Не істеу керек? Үйге келдім. Әкеммен, қарттармен ақылдастым. Шешім: қақпаныңды құр, кемі екі-үш қақпан болсын,- деді үлкендер.

Қасқыр қақпандардың үшеуін осы қалай деген жерлерге құрдым. Бұрынғыдай қармен бетін сыйпап, жаптым. Бірақ жемтік тастамадым. Иә, қасқыр өте қу болады, жоламайды. Қазақ айтпайма, қасқырда «ер жігіттің қайраты, өр қатынның жүрегі болады»,- деп.

Иә, түнді ұйықтай алмай, көз іліндірмей өткіздім. Кеше ғана жер қойнына берген құрттай қыздың сұлбасы көз алдымнан кетпеді. Әженің жылағаны, екі тізесін тамыры білеудей етсіз қолымен ұрғаны – бәрі көз алдыма тіреле берді. Таң елең алаң бола, бір кесе қара шаймен оразамды ашып, патрондарымды салған белдікті беліме байлап, жалғыз оқтарды (картеч) салған қақпаны жылы жерге – қойныма салып, қорымға келдім. Қар борап басып тастаса да, бір бұтаның – итсегектің жел жағындағы қары жұқалау жерде қасқыр қақпанның киіз табан қақпағы жатыр екен. Иә, қасқыр қақпанға түскен, іліп алып кеткен. Жә, қақпанды байлап тастауға болмайды. Қақпанға шынжыр байлап, сонына бір-бір жарым, ары кетсе, екі киллодай үш тісті темір ұрғақ байлау керек.

Із кестім. Итсегектердің ық, не жел жақ беттерінде әр жерде тамған қан көрінеді. Шалқар көлінің дала бетіндегі қалың қамысқа қарай қасқыр қақпанды сүйретіп кетіпті ...

Қалыңдық ішінің алаңқайлау жерінен қақпан ізі, шынжырдың соңындағы үш тармақты көшкі кейде анық, кейде өшіп кеткен, кейде қан түйіршіктері көзге шалынады. Қалың қамысқа кіре қос ауыз мылтығыма жалғыз оқтар салынған патрондарды салып, қолыма алдым. Аяқ астынан тап берсе, бейқамдық жасауға болмайды. Қазақта: «Қақпанға түскен қастырдай, мына қатынның арпылдауын қарашы» демей ме?!

Жоқ, көлдің қалың қамыстың ық жағымен мұздың үстімен «Көне Шалқар көл» аталған қалыңдығы мол көлге тартып кеткен. Енді қалыңдықтың ық жақ бетіндегі қақпан сүйреткен қасқыр ізі баданадай сайрап жатыр. Жарық түсті. Жаяу борасын. Ауа райы қатты аяз. Ізіне түсіп жүріп келемін. Үстімде көне күпі, басымда түлкі тымақ, аяғымда ұлттарған көне байпақ.

Алдымда Құлсары тамы! Ескі қорымды халықта: «қадақ-қадақ намазды әр пенденнен көрерсің, құшақ-құшақ намазды Құлсарыдан көрерсің»,- деген сөз бар. Сол Құлсары бейіті.

Күн кештетті. Қыстың қактаған аязды қараңғы түні аспанды жапты. Басыма неде болса, қасқыр осы құлаған тамның ішінде болар-ау деген ой келді. Солай болды. Мылтығымды кезеніп, екі шүріппесін де қайырып алып, тамды екі-үш рет айналдым. Бір кезде там ішінен терең қуыста жанған ондық шамдай екі қызыл от жалт ете қалды. Мылтықты басып-басып жібердім де кейін шегіндім. Ырылдаған дауыс естілді. Көзге көрінетін от та жойылды. Біраз кідіріп тұрдым.

Иә, қасқыр жатқан тамның ішіне кірдім, кезенулі мылтықпен. Содан шынжырдың қошқа жағынан ұстай сүйреттім. Қасқыр өлген. Маңдайын жалғыз оқ айрып түсіпті.

Енді не істеу керек? Терісін сыпырып алу. Солай еттім. Әрине, үлкен қиындықпен. Таң ата қалаға-үйге оралдым.

Ертеңіне әкем «Заготживсырьеден», қасқыр терісіне 12 кг ұн, 5 кг қант, 1 тапа ит жеккен шай әкелді. Біріншіден, сол сыйдан қызын қасқыр жеген әжеге сыбаға апарып беріп, батасын алдым.

Иә, бұл зират қазір қала ішінде қалды. Тіпті «Салтанат» атты екі қабат сауда үйі, бірнеше тұрғын үйлер бой көтереді. Бірақ тұрғындары түнде түс көріп, гүіл-шуыл басты айналдырып ұйықтай алмаймыз деп жайсыз әңгімелер айтады. Осы жолдардың авторы аудандық топонимика комиссиясын басқарған отыз жылдай уақытта ресми органдардың зират үстінен ғимараттар салуына келісім бермеген еді.

Көне блокноттан көшірілді.

СҮЙЕКТЕН ӨТЕТІН СӨЗДЕР

*Тауда да болар тарғыл тас,
Тарықсаң шығар көзден жас.
Тар қолтықтан оқ тисе,
Сүйеп шығар қарындас.
Қарындасың жоқ болса,
Қайда да қалмас жалғыз бас.*

*Ақ қайың суда тұрған таңбайды екен,
Айрылған ел жүртынан оңбайды екен.
Айрылған ел жүртынан қайтып оңсын,
Басқасы ел жүртынан болмайды екен.
Жатжұрта жүрген адамдардан.*

*Қорқамын көк байраққа қан жүғама деп ... Ақұштан БАҚТЫ-
ГЕРЕЕВА, ақын қыз.*

Ақша көзге көрінбейтін билік пен мансапқа апаратын таптырмайтын құрал.

Өтіріктің өзіне сенбе, қисынына сен. ҚЫТАЙ қанатты сөзінен.

Баршаға таяныш болған қазаққа да сүйеніш керек. Аманкелді АЙТАЛЫ, профессор, философия ғылымының докторы.

Жарқанат құс мақтанса, жардан тышқан алдым дер, жаман адам мақтанса, жақсыны аяғынан шалдым дер. Халқымның қанатты СӨЗІНЕН.

«Кодекс куманикус» ежелгі латын сөзі, қыпшақ тілінің сөздігі, ол қолжазба күйінде 1363 ж. Венецияда табылған. Оны Франческо ПЕТРАРКА осы қаланың кітапханасына табыс еткен.

ШЫНДЫҚ ҚОЙ, БҰЛ!

Ұлы актер, әлемді таңдандырған шеберлігімен талай тұлғалардың бейнесін сомдаған Кәукең Кенжетәев 90 жастан асып барып, мәңгілік демалысқа кеткен еді. Осы бір ұлы актерден дүниеден өтер алдында бір телеарна интервью алған-ды. Сол интервьюде:

– Турасын айтсам,- деп біраз тамсанып отырды да:

– Мен туған әке-шешемнен көрмеген жақсылықты орыстардан көрдім. Мәскеуде жетектеп жүріп оқытты. Тәрбиеледі. Менің табиғи талантымды, кейін әлемге танытты! Әрине, әке-шешеме тіл тигізейін деп отырғаным жоқ. Бірақ олар қанша ұрынса да мұндай жағдайға жеткізе алмас еді...

Тәуелсіз қазақ елінің алғашқы жылдарында ҚР Кабмин төрағасы болған Ұзақбай Қараманов:

– Еліміздің жоғары оқу орнына қабылдау емтиханынан өте алмадым. Содан Куйбышевке бардым, бір ауыз орысша білмеймін. Бірақ математиканы жаман білмейтін едім. Емтиханда бірнеше есеп берді, шығардым, бәрі таң қалды. Тілді үйренер, ал математиканы біледі екен, институтқа қабылдайық деді. Сонымен оқуға қабылдандым. Орыста шындық, әділдік бар ғой. Иә, осы сөздерді айтып тұрып Ұзекең жан-жағына үрке қарап қояды. Сол кезде Ұзақбай Қарамановты да актер ме деп қалдым.

ӨТТІҢ ДҮНИЕ, ДЕГЕН ОСЫ

Қазақтың Арда Азаматы Тұрар Рысқұловтың өзі көре алмай кеткен қызы Рида 11 желтоқсанда 71 жасында ұзаққа созылған науқастан дүние салды. Москваның Н.В. Склифосовский институтының ауруханасында бакилыққа кетті.

Емшектегі Риданы анасымен бірге «Халық жауының семьясы» делініп Карлагқа жіберген болатын. Осы лагерде 10 жыл отырады. Кейін Алматы шет тілдер институтын бітіріп, Москва «Интурист» компаниясында жұмыс істеді.

«ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН», 12.12.2009 ж.

Кітап оқуды доғарған кезде, адамның ақыл ойы да тұсауланады. ДИДРО, француз философы.

Әкесінің қалтасына қарап, қызына гашық бол. Нарық заманының қанатты СӨЗІ.

БІР ЖҰМБАҚ ҚҰПИЯ

Патша заманында Әбілхайыр ханды, Көтібар мен Жанқожаны, Сырым Датұлын, Мырзағұл Шыманұлын өлтіргендер атаққа ие болып, шен-шекпен алды. Қазақ үнсіз.

Мырзан КЕНЖЕБАЙ, «Ана тілі» №37, 11.10.2008 ж.

ОБ ИСЕТЕ КУТЕБАРЕ

Исет был сложен как Геркулес, его атлетические формы, его дикая красота и приемы полные отваги могли поразить европейца, и имели сильное влияние в кругу соотечественников. Е.П. КОВАЛЕВСКИЙ, «Странствователь по суше и морям». Кн. 1. Стр. 155, С-Петербург, 1843–1845.

Исет для этой эпохи – была интереснейшая личность, очень популярная в степях. Бронислав ЗАЛЕССКИЙ, польский демократ-революционер, художник, писатель, Париж, 1865.

Иә, Есетке бұл дарындылық, даналық, батырлық, аруақтылық табиғатына тән қасиеттер еді.

Анық сөйлей білмесең, анық айта да алмайсың, сөйлеудегі дәлсіздік, шатастырушылық, ойдың шиеленісунен келіп шығады. Н. ЧЕРНЫШЕВСКИЙ.

ӘУЛИЕНІҢ АҚ ЖОЛЫМЕН

«Аружан» журналында есімдері тарихқа айналған арулар айдарымен берілген хабарда ұлы әулие Бекет Мырзағұлұлының қарындастары жазылған. Ол әулие Есет Көтібарұлының түп нағашысы

болар, сондықтан Есет қыздарының есімдерін сол әулиенің қарындастарымен аттас етіп қойыпты. Соның бірі Ақмаңдай. Бұл жайлы менің «*Тарихтың қанды іздері*» («Атамұра», 2006 ж.) роман-эпопеяда толық баяндалған.

12.12.2007 ж.

САТИРА КЛАССИГИНЕ АРНАЛҒАН

10.05.2008 ж. Сардар Садықбек, сатира саңлағы Көпен Әмірбек жайлы бірер сөз жазған едім. Әрине, үйге Көпен келіп өтініш айтқанды. Себебі алдағы күзде Садықбек Адамбековтың 85 жылдығы аталады. Немересі Маржан кітап шығаруға түгелдей қаржы тауып беремін депті.

19.09.2008 ж. күні. Жаз. Одағының залында Сәкеннің 85 жылдығын атап өтетін болды. Сәкеннің бір қабырғаны жабатын портреті тұрды – біз бәйбіше екеуміз бардық. Маған да сөз берді. Көпен аркама қазақтың ұлттық оқалы шапанын жапты. Олай болатыны Сәкенмен біз сонау 1962 жылдан туыс адамдай болып кетіп едік. Талай пікірлер алысып, талай іс-сапарда болғанмын. Ол жөнінде бір-екі кітабымда жазғанмын. Мына немере қызы қаржысын беріп, жарыққа шығарған кітабына үлкен естелік-эссе бердім. Көпен, басқа да қаламгерлер жақсы баға берді. Біз Сәкеннің інісі Әлімбек пен жұбайы-жары Жеңісай келінімізге, Маржан қызымызға, Көпен інімізге аса таза жүректен алғыс айттық. Сол күннің кешінде екі жүзге тарта адамға ас берілді. Маржан, Әлімбек пен Көпен бастаған азаматтар ұйымдастырды.

*Иә, құйын тегі – Толағай,
Құйындай соққан дүниенің,
О, дариға, шолағы-ай,*

деген еді ұлы тұлға МАЙҚЫ БИ. Солай, дүние шолақ, дүниенің өтері кірпігінді қакқандай. Әрине, менің көп арманым, мақсатым орындалған сияқты. Бірақ өзім жер қойнына ала кететін дүниелер де жетіп жатыр-ау, қайтейін.

БҰЛ ДҮНИЕНІҢ «БОҒЫ», ОЛ ДҮНИЕГЕ БАРМАЙДЫ

Александр МАКЕДОНСКИЙДІҢ(356-323 біздің ғас. дейін) соңғы сөзі:

Жер жүзінің халқын қырып, әлемді жаулап алушы Александр Македонский мәңгілікке көз жұмарда. өз үзешілерестерін шақырын:

– Менің өлі денемді табытқа саларда, табыттың екі бүйірін тесіп, сол тесіктен менің екі қолымды табыттың сыртына шығарып қойыңдар. Барынша алақанымды ашып, саусақтарымды жазып тастаңдар,- депті.

– Ау, мырза-ау, батыр-ау, қолбасшы-ау, мұның не?,- деп жиналғандар шу ете қалыпты.

– Түсініңіздер, қанша халықты, мемлекеттерді жаулап алып, алтын-күмісін, бар қазыналарын тонап, ажары бар қыз-келіншектерін атқа өңгеріп, жамбасыма бастым ғой. Байқап тұрған боларсыңдар, ол дүниеге алып кетіп бара жатқан ештеме жоқ. Осыны мені соңғы сапарға шығарып салуға келгендер көрсін. Әсіресе, батырлар, қолбасшылар, патшалар байқасын. Мен өз қателігімді кеш түсіндім. Менің ісімді олар қайталамасын,- деп соңғы сөзін жұртқа айтқан екен қолбасшы.

Иә, қазағымда да: «Дүние жеткізбейді қуғанменен, Болма араз дүние үшін туғанменен»,- деген даналық сөз де бар ғой.

ИЗ МАЛОГО СТРОИТСЯ ВЕЛИКОЕ!

Иә, орыс халқында: «От малого до великого ...»,- деген канатты сөз бар.

«Помните, любите, изучайте Ильича, нашего учителя, нашего вождя. ...Никогда не отказываетесь от малого в работе ибо из малого строится великое...»,- деген еді И. Сталин, В. Ленинді соңғы сапарға шығарардағы сөзінде. 1953 ж., *Алма-Ата* қ.

Иә, аздан, кішікентайдан ұлы жасалады!

Не ищи пятна на солнце, которое тебя греет. НАРОДНАЯ мудрость.

Білеміз деп, белгілі деп, кеуде қаққан адамның көп нәрсені білмейтіндігіне, ешуақытта күмәнданба. Лев ТОЛСТОЙ.

Кедейлік көп болса, еңбегі соғұрлым аз болмақ. Олардың бір-біріне деген көрінбейтін өшпенділігі біртіндеп ашық, ымырасыз жаулыққа апарады. Олар өшігеді, соттасады. Партияларға бөлінеді. Қарсыласынан басым түсу үшін ықпалды жақтастарын сатып алады, шен-шекпенге таласады. АБАЙ.

Абай бұл сөзді заманындағы талас-тартыс, айтыс, руға, бұруға бөлу кезінде айтқан еді. Ал содан бері де ғасырдан астам заман өтті ғой. Не өзгерді? Осы жолдарды оқыған адамдар өздері бағасын айтар. Өз ойымды тарқатсам, ұзап кетем ғой.

ОЙ САЛАТЫН ДЕРЕКТЕР

Айнаға қарап ренжіме. Турасын айтсам, ұрпағың айнадағы өзің емес пе?!

... Ағарып атқан әрбір таң – қиыншылықтан шығу жолын көрсетеді.

Қайдан келдік, қайда кетіп барамыз?

Білген жан жоқ, бәрі жұмбақ, бәрі аңыз. Омар ХАЯМ.

Дүниеде жүрмін деп ойлама,

Дүниеден өтіп барамын деп ойла. Лев ТОЛСТОЙ.

Естеріңде болсын!

Адам жұмыстан өлмейді, ортасына керексіздіктен өледі.

Қанша елдің тілін білсең, сонша Адамсың!

Тентек қатын күңіренгенде, аспанда бұлт сөгіліп, жер жырытылады. Уильям ШЕКСПИР.

Александр ГУМБОЛЬДТ – основатель Берлинского университета в 1810 г., отец современной географии.

Сильные женщины выбирают слабых мужчин. РУССКАЯ мудрость.

Кішкентайлығы болмаса, нағыз түйе екен. ТАТАР даналығы.

Перевод прежде всего – искажение. В. БЕЛИНСКИЙ.

Қарусыз болсаңда – қауқарлы, жас болсаңда – жүректі бол, ұрпағым. КОРЕЙ даналығы.

Лермонтов «Смерть поэта» («Ақының ажалы») өлеңін 14 вариантта қалдырған еді. Ал бір жерде, осы кітаптың ішінде болар, Лев Толстойдың «Соғыс пен Бейтүтілшілік» эпопиясын әйелі 4 рет қолымен көшірген болатын. *Иә, жазушы ғана емес, қалам ұстаған журналист те аналарының құрақ құрап, көрпе тіккені, ағаш шеберінің жонып, сүргілеп, тегістеп, майдалап бір әдемі дүние жасап шығаратыны сияқты, өзінің жазғанын өзі бірнеше рет түзейді, оңдейді.* Асылында, менің өзіме ұнаған туынды оқырманға да жайлы тиеді-ау, деймін. Қаламгер – өзі бас редактор, өзі сыншы.

АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ!

1.11.2008 ж. «Егемен Қазақстан» Мамадияр ДІЛДӘБЕКҰЛЫНА берген мақалам шықты. Немерем газеттің 20 данасын әкеліп берді. Менің суретімді, жазбаларымды бірінші бетке берген екен. Бәріне рақмет!

10.11.2008 ж. дүйсенбі күні, балам мен әжесінің жалтылдақ немересі үнсеуміз «Тойота» жүк көлігімен «Дала Геркулесі» кітабының

тиражын алып келдік үйге. Иә, бұл күні көңілді де қуанышты күн болды.

25.11.2008 ж. күн сенбі болатын. Толассыз жаңбыр бүркіп тұрды. «Сенатор» кафесінде Елеусіз аға (86 жасында) ата-баба аруағына тәу ететін дастархан жайды, біз ағаға ұлттық мақпал шапан кигіздік.

Осы отырыста Төлеу Құлшаманұлы Бәсеновтың 100 жылдығына орай біраз әңгіме айттым. Осында Гауһар Қонаева-Бәсенова қатысып отырды.

8.12.2008 ж. бұл күні өзімше түске дейін сәл ес жиып Бибжан мен Максым сұраған заттарды төрт коробқа салып, буып, түйіп қойдым.

... қатты ауырып қалдым. Естен тандым. Дүниемен тағы да қоштасу белең алды. Бұл іш ауруы. 8-14 декабрь күндері денсаулық меңдей түсті. Түнімен түрегеліп отырамын...

18.12.2008 ж. Бүгін денсаулық сәл-пәл тәуір болды. Көңіл-күй де жаман емес. Кешке балалар келіп, жағдайымды сұрады.

01.01.2009 ж. Бұл күнге де жеттім. Балам үйіне шақырды. Бір қуаныштысы - ата-әже, балаларым, Алматыдағы немерелерім, иә, шөберелерім де болды. Кездесіп қалдық төрт ұрпақ болып. Денсаулық бірақ өте нашар болды. Дегенмен, шүкіршілік қой.

04.01.2009 ж. Түске дейін жақсы көңіл күйде болдым. Шалқардан Аман құда телефон соғып, «Дала Геркулесі» кітабын алғанына рақметін білдірді. Артынан Бибжан сөйлесті.

05.01.2009 ж. Иманбай келіп екі кітап алып кеткен еді.

07.01.2009 ж. Бұл күні көңіл күйім жаман болмады. Зейнет-ақымды Валя қызым әкеліп береді.

Осы бүгін отставкадағы полковник Мереке Оспанұлы Мақатов телефон соқты.

– Аға кітапты оқып шықтым. Есіңізде ме, өткенде олай жазу керек, бұлай жазу керек деп біраз ақыл айтып едім ғой. Менің, әскери полковниктің ойымнан әлде қайда биік болды. Өте әдемі жазылыпты. Көп-көп рақмет. Есет Көтібарұлының тактиксін мен стратегиясын әскери оқу орындарында айтып, дәріс беруге де болады екен. Әскери оқу орындары қазақ батырларының тактикаларын, стратегияларын курстарға неге оқытпайды? Бұл ойланатын проблема!

Соңғы бір айтайын дегенім, аға кешірім сұраймын. Өткенде анау кісіні қоспауым керек-ақ екен, ол аузына келгенін айтып, отырғандардың мазасын, тыныштығын алды. Сізге де жағымсыз сөз айтқысы келді. Бірақ көн қатса, қалпына барады деген ғой. Оның табиғаты солай адам кешірім сұраймын, аға! Өзіміз кең, еркін отырып әңгімелесуіміз керек еді. Сіздің әңгімелеріңіз көрген – білгендеріңіз

мен үшін бір үлкен мектеп-академия еді. Қате бізден, деп Мереке інім-бауырым қамыққандай болды.

Сол күні Иманбай звондады. Сол кітапті драма ету жайын сөз етті.

16.01.2009 ж. Иманбай звондады.

– Аға кешкілік оңаша отырып, кітапты ертеңгі 4-те оқып шықтым. Керемет! Чудо! Өте әдемі жазылған екен. Аса құнды дүние. Содан кейін кітап жайлы, өзінің пікірін айтты. Ол Сайтка берілді. Кітапқа орыс тілінде шолу берілсе, орыс тілді қазақтар да, орыс оқырмандары да танысар еді.

Екіншіден, кітап бір спектакльдің, драманың тексі. Жақсы біздің елдің менталитетін білетін, тарихын түсінетін бір драматург тауып жаздырсақ, кәне,- деді.

Балаларымның, немерелерімнің, шөберелерімнің әжесі – Балзада Шәмшіқызы туралы бір әңгіме. Иә, тетігі аузында, ойын бүкпесіз, жалтақтамай айта салатын Ана – пенде ғой. Еңбегі адал. Кім болса да адам талғамай барын алдына қойып, бәйек болады да жүреді. Нұрмұхаметтің әкесі Мырзабайдың Жұбаны (83 жаста) өлім аузында жатқанда, әдейі барып, аяқтарын жылы сумен жуып, сүртіп, үйден сусын әкеліп ішкізіп, өзіне шын пейіл танытқаны не тұрады! Қол-аяғының тырнақтарына дейін алды. Иә, ертеңіне біраз сауығып қалғанын көрді. Көп ұзамай ата актық сапарға аттанды. Келініне басын беріп үзіліп кетіпті.

Сонғы ***«Дала Геркулесі»*** кітапқа балаларым көп көмек берді. Себебі бұл кітап қымбатқа түсті ғой. Енді бір айтарым, әрине, Бейсенбай Кенжебаев, Мұхтар Әуезов, Ибрагим Маманов, Жұбаныш Аралбаев, Төлеген Тәжібаевтардың ұсынысын басшылыққа алып, аспирантураға түсіп, арман қарай ғылым қуғанымда, ешбірінен кем түспес едім. Бастағы білім мен еңбеккерлігім біраз биікке жеткізер еді. Дегенмен, елде қалсамда аз игілік көргенім жоқ. Академик жазушы ***Сәбит ДОСАНОВ*** айтқандай: «Сіз ***«Дала Геркулесі»*** кітабы арқылы, аға, өзіңізге мәңгілік ескерткеш орнаттыңыз», - деп. Иә, қаламгердің, өнер адамының есімін елге танытатын бір-ақ дүние ғой. ***«ЕҚ» газеті (25.02.2009 ж.)*** берген рецензиясы үлкен баға!

13.01.2009 ж. академик Сәбит Аймұханұлы телефон соқты. Менің тағдырымда бір реніш әкелетін сейсенбі еді. Бірақ Сәкен мені жігерлендіріп, бойымды сергітіп, аурудан айықтыратындай жылы сөз айтып қуантты. Бұл сөздер немерем ашқан Сайтка енгізілген.

14.01.2009 ж. Түрегеліп отырып түс көрдім...

17.04.2009 ж. Екі күн бойы ішке ас тұрмай, киналдым. Өткен түні Шалқар – Әкімжан Дүйсенбаевпен сөйлестім. Иә, Ақтөбеде операция жасаған екен.

Тау аға, бағалы бандеролыңды алдым. Рақмет,-деді. Одан әрі мазаламадым. Жағдайы ауыр екенін сездім.

АДАМДАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ

Адам 40-тан асқансын ойындағы бір қағиданы, әңгімені қасындағы адамдарға ол тыңдап тұрма, жокпа, онға дейін қайталап айта береді. Ал 50-ден асқансын ол әңгімесін 10-15 рет қайталайды. 60-тан асқасын 30-40 рет қайталап айтады. Мұндай адамды мылжың дейді:

– Ал адамдардың екінші категориясы аузына су толтырып алғандай, үнсіз болады. адамдардың үшінші бір түрі – сұрасаң тек қана бір сөзбен жауап қайтарады, не төмен қарап отыра береді. Мұны психолог ғалым Темірбеков ҚазГУ-де лекция оқығанда айтқан еді.

18.01.2009 ж. Анасын сыйлаған баланы Анасы «ақ сүтімді кешіттім»,- дейді. Ал балаларым, немерелерім сендердің әжелерің – Балзада Шәмшіқызы өзінің денсаулығына қарамастан, бакты, өсірді, оқытты. Айтуым керек, мен жұмыс-жұмыс деп жүріп, ешбір қолым босамады. Сендердің әрқайсысына айтуларың бойынша тамақ дайындады, бірге оқыды, мектептеріне барды, алып келді. Тіпті Москваға да барып, институттың аудиториясында түрегеліп отырып ұйықтады да. Әжелерің мені талай жанкешті сапарда бакты. Мен бір кітабымда «әжелерің менің диетолог-докторым»,- деп жазғанмын. Біздің отбасымыз бір кітап. Амал не, уақыт қысқарып барады...

07.02.2009 ж. Мақсым мен Бибжанның қызы Гүлбанудың отау тігіп, Байқоңырға кеткен күні.

15.03.2009 ж. Күн жексенбі болатын Алматыда тұратын балаларым, немерелерім, шөберелерім түгел келіп, менің туған күніммен құттықтады. Ең есте қалатын қызық екі шөберелерімнің амандасуы, әжесіне қарап, кірпігін қақпай отырғаны.

Әр жерден балаларым, жолдастар, құда-құдағилар звондап, құттықтады. Иә, бұл күні 15 наурызда 78 тауысып, 79-бірінші асының дәмін татым.

Келінің жақсы болса, басыңа қонған бақ!

Кәрілік - ауру жеңсе?

Арыстан құдыққа құласа, құлағында тасбақа ойнайды.

БАРАК ХУСЕЙН ОБАМА

Әлемдік ұлы тұлға

Ұлы тұлғаны Әлем таныды! Оған 2009 жылы Нобель сыйлығы берілді. **БАРАК** теңдесі жоқ шешен, көсем адам. *Ғасырдың біртуар тұлғасы Феномені!*

2012 жылы Америка Құрама Штатына екінші рет Президенті болып сайланды. 2013 жылдың 20 қаңтарында Америка халқының алдында адал болатыны жайлы Ант берді. Ал 21 қаңтарда ұлы Держава халқы ұлықтады. *2009-2013 жж.*

ЖАҚСЫ СӨЗ – татулыққа тартар жол. Сөз емдейді, сөз қуантады, сөз жасартады. Сөз табыстырады, бір ауыз сөз бәрін қосады, жалғайды.

ЖАМАН СӨЗ – улайды. Сөз меңдетеді. Сөз құлатады. Сөз жаныңды жейді. Сөз – қартайтады, сөз құлазытады. Сөз тоқыратады.

Жақсы сөз де, жаман сөз де адам жадында ұзақ сақталады. Мен оны өз өмірімнен білемін. Айтар едім, осы жазып қалдырып бара жатқан, естеліктерімнің бәрі де сол есте қалған эпизодтар. Бұған *«Тағдырлар тайталасы»* деп есім бергім келеді. *2008 ж.*

МӘҢГІЛІК БАР МА!

– Халық басшыны-патшаны қай уақытқа дейін сыйлайды?
– Патша тағында отырғанда, тақтан кеткенге дейін.
– Ал қайта келсе, такка?
– Өкшесін жалайды.
– Қайта кетсе, тақтан?
– Теріс айналады. Мен өз көзіммен екі ірі тұлғаның кездесуін көрдім. – «Ағамыздың өкшесін осындайда сүймесен, қашан...»- деп носкиін шешіп алып, өкшесін сүйіп жатқанын көрдім. Кейін ол, тұлға тақтан тайып, дүние салғанын келіп, қабіріне топырақ та салмады.

Иә, бұл штрихтар осы жолдардың *«Кісенделген Дала»* романим-да суреттелген (*«Атамұра», 2004 ж.*).

Екі емшінің «араздасуы». Ұзақ бір әңгіменің желісі. Уақыт жетпейді, болмаса, жантүршігерлік оқиға. Дүние бокқа таласу, бірі тамақтан уланып, екіншісі қарын ауруынан дүние салды. Иә, оқиғасы баста сайрап тұр-ау.

Бұл жалған дүниеде атақ – даңққа іңкәр болма! Теріс жолға түсіп, адасып кетпеудің өзі бір бақыт! Ешкімнен жақсылық

күтпе, оларға жеккөрінішті болмаудың өзі бақыттылық! ҚЫТАЙ халқының даналығы.

Иә, бұл даналық сөзді бұрын да бір келтіргенмін.

Дүниенің көп азабын көрген бір пенде: Ханнан, патшадан, оның отбасынан, ең жақын, етегін жалап, өкшесін сүйетіндерден аулақ жүр. Олар сені бүгін пайдалану үшін өзіне магниттей тартады. Ал бір күні саған олардың пікірі өзгереді. Сонан кейін артыңнан бір теуіп, қуып шыққаны былай тұрсын, «жылы» үйге қамаққа қамап тастайды. ХАЛЫҚ даналығы.

«ҚАЗАҚ ЕЛІ - МЕНІҢ АТАМЕКЕНІМ»

Бұл *Аман ТӨЛЕЕВТИҢ* арда сөзі. Иә, солай. Аман Төлеевтің атамекені Ақтөбенің Ойыл өңірі. Батырлар мен дуалы сөз иелерінің жері. Қызылдар тарихқа келген жылдары жер ауып, Азияның Өзбек елі маңына келген әкесі ХХ ғасырдың бас жағында ма, ортасына қарай ма, біздің Оңтүстік Қазақстан елінің Сарыағаш жерінде дүние салған, сонда жер қойнына берілген. Мен білетінде жалғыз ұлы болатын, оны Ташкентте оқып жүргенде, қаракшылар өлтіріп кетті. Аманның жұбайы – жары орыс қызы. Қазір үш немересі бар. Андрей, Стас, Татьяна.

– Соңғы рет қазақ елінде осыдан *II жыл бұрын болғанмын*, дейді Аман Төлеев. *«АЙҚЫН»* газеті, наурыз, 2009 ж.

А. Төлеев Б. Ельцинмен бірге жарыса Президент тағына сайлауға түскен. Әрине, ұлы шовинистік идеология жібереме, әділеттілікке, Путин заманында да солай болды.

Ұзақ жылдардан бері Россияның өнеркәсіпті губерниясының Бас губернаторы.

Аман баурымыз аман бол! Ұрпағың аман болсын.

Бүгінде Аман Төлеевтің абыройы асқақтап тұр. Ресейліктер оны жақсы көргендіктен *«Кузбасбашы»* деп айтады. Саясаткер Константин Калачевтың айтуынша, *Төлеев Ресейдегі ең танымал үш губернатордың бірі болып табылады.* Оның аймақ басшылары арасындағы рейтингі 80 пайыздың үстінде. *Келесі жылы 70 жасқа келетін Амангельды Молдағазыұлы Кемеров облысының 1997 жылдан бері басқарып келеді.* Губернаторлық мерзімі 2015 жылдың көктемінде аяқталатын көрінеді. Содан кейін құрметті демалысқа шықпақ ойы бар сияқты. Басылым келтірген деректерге қарағанда, Ресей президенті Владимир Путиннің өзі Төлеевтен Кузбас өңірін басқарып әлі де отыра тұруын сұраған көрінеді. Бірақ денсаулығына байланысты жиырма жылдан астам отырған жылы орнын босатпақшы екен. Саясаткерлердің айтуынша, бүкіл Ресейге танымал ірі тұлғаның

орнын басу, оның әлеуметтік саясатын жалғастыру губернияға жаңадан келетін басшыға өте ауыр тиетін болады. *«АЙҚЫН» газетінен алынды.*

ЕСІНДЕ БОЛСЫН:

Қыздың бағы өз үйінде емес, ақ босағаны – ақ тілекпен аттаған елінде жанады.

Жақсы жар – табиғаттың берген сыйы.

Иә, жақсы келін – ата-ананың тағдыр берген бағы және бас иіп ақбосаға аттаған елдің бағы! Алтын қазынасы!

Бір қазағымның даналық сөзі есіме түседі-ау. Қалай еді өзі?

Иә, қызын ұзатып жатқан әке қызына ақ батасын, ақ жол тілеп былай деген екен:

– Қызым, бағың ақ босағасын аттаған елде ашылады. Қыз жат-жұрттық қана емес, елді табыстырушы өкіл. Айтайын дегенім:

– Енеңе біздің басымызды жудырма!

– Күйеуіңе әке-шешенді, ата-бабаңды боқтатпа!

– Тастай батып, судай сің барған еліңе.

Енді сүйегің де, етің де сол ақ босағасын аттаған еліңдікі! Ал жол болсын, қосағыңмен қоса ағар. Алла қабыл етсін, періштелердің құлағына шалынсын. Әумин!

Азаматтық манифесі айқын емес, халықтың болашағы да айқын болмайды. Мишель де МОНТЕНЬ, француз философы.

Возьмет голод, появится голос. Русская ПОСЛОВИЦА.

Асқар таудың өлгені – ақ шалған басын қара бұлттың басқаны; Қара жердің өлгені – қар астында жатқаны; арғымақ аттың болғаны – болат тұяғының сынғаны, ақ патшаның өлгені – тақтан аяғы тайғаны. Иә, дүние дөңгелек, дүние кезек. Мәңгілік ештеңе жоқ. Бақ – ағын су, дәулет – қолдың кірі. Т.Т. «Тарихтың қанды іздері» роман-эпопея, «Атамұра», 2005 ж., 675 б.

Білікті абахтыда, басында тауықтың миындай бір түйір миі бар милицияда. Сонда, 645 б.

Пролетариат ничего не теряет, кроме своих цепей. В.И. ЛЕНИН.

Ешек семірсе иесін, есер семірсе, киесін ұмытар. Халық СӨЗІ-НЕН.

Государство калечит самого себя, когда оно делает из гражданина преступника. К.МАРКС.

«Совет халқы» деген ұран пайда болды. Бұл Ресейдің шет аймақтарындағы халықтарын тарихтан өшіру. Бірақ «Вражда еңе никого не делала счастливым. Жизнь прекрасна, но коротка! И ее, как любовь надо беречь...» Сол кітап, 616 б.

*От добра до худа один шагжок. Орыс МАҚАЛЫ.
Нет худа без добра, и добра без худа. Русская ПОСЛОВИЦА.*

СОҢҒЫ СӨЗДЕРДІҢ БІРІ ҒАНА

Ұлы ақын А.С. ПУШКИН жарық дүниемен қоштасарда: *«Прощайте друзья!»*, - деп кітаптарымен қоштасқан екен. Сол айтқан, бәріңмен де қоштасар сәт келсе, қайғырмандар, қапаланбандар. Мен аз жас жасаған жоқпын. Жәнеде барлығын көрдім. Ұлды, қызды болдым, немерелерім өсті, шөберелерімді де сүйіп жүрмін. Иә, жазған кітаптарым да жетеді, бірақ, уақыт жетпеді, басымда үш романның желісі кетіп барады. Иә, бұрында айтқанмын, қаламгерге ең қымбат қазына – уақыт деп. Қайтесің бұйырғаны, тағдырдың бергені осы шығар.

Л. ТОЛСТОЙ: «Оставьте меня в покое!», - деген екен өлер алдында.

Г.Р. ДЕРЖАВИН: «Я – царь, я – раб, я – червь, я – Бог», - деген екен. Иә, мен де өз әулетімнің отағасысы да, қызметші құлы да, әміршісі де болдым ғой. Ал алпыс жылдан астам ғұмыр кешкен жұбайым – орындаушым, ақыл – кеңесшім болды. Кейін балаларым – келіндерім. қыздарым өсті барлық билікті соларға бердім.

Уақыт емші ғой, уақыт көп нәрсені ескіртеді, ұмыттырады.

«Жақсының артында тұяқ қалады, жаманның артында ұят қалады», - демей ме, халық даналығы. Артымда ұят қалмай тұяқ қалса болады да.

ЖҮМЕКЕҢ ақын айтқандай: «Өлім де кейде бақытты, кейде бақытсыз болады ғой. Адалдық, білім, талап, талант лауазым емес».

Еске салатын бір қолайсыз да салқын сөз еді, оны атамекеннен кетіп, ұзағансын өзіміздің жасы сексеннен асып, тоқсанға аяқ басқан ақсақалымыз айтқан еді. Ол не, дейсіз ғой.

Әділетті жақтаған, сол үшін күрескен, алысқан, арбасқан адамның жауы да қарсыласы да аз болмайды. Менің табиғатымдағы айнымас ақиқат, әділет, адалдық, біреудің ала жібін аттамаушылық, жығылғанға жастық болушылық еді. Аудан, қала, дала басқарған басшылар әркез бір шешім қабылдағысы келсе, алдымен, сол редактордың пікірін білу керек, - деп айтатын. Себебі мен 27 жыл аупарткомның бюро мүшесі (бюро мүшелері жеті, не тоғыз адамнан тұратын), атқару комитетіне мүше, 31 жыл депутаты болдым. Халықтың сөзін сөйледім, пікірін ортаға салып, жайып салдым. Бұл көп шенеуниктерге-партократтарға жақпады, ұнамады, бірақ мені шындық жолынан тайдыра алмады. Басшылар: «Редактордың пікірін білу керек. бұл мәселе жайлы».

деп отыратыны. Себебі *менің лауазымым осы шындықты айтуға мәжбүр етті емес пе?*

Иә, солай. Сондықтан болар, идеялық қарсыластар, көреалмайтын өсекшілер, жантықтар, соңыма аз түскен жоқ. Мұны да бұрында бір жерде жазғанмын. Мен елден ауғаннан кейін бір көп адам жиналған жерде: «Япырмай, тірі кетті-ау», - деп қалыпты. Сонда сол ортада отырған екі жаққада шын сөзін айтатын бір азамат: «Жігітім, сенің соңыңда бірнеше азаматтың қара тізімі жүр ғой. Жеткен жоқ па сол?»,- деген екен.

Сол 40-50 жыл бойында менің бар түйгенім, білгенім, шындық ауданаралық, облыстық, республикалық, кейде Одақтың баспасөз беттеріне нағыз адал азамат Ораз Құлетов екеуіміз жазғанбыз. Одақтың бір журналында келісті ақиқатты жазған мақаламыз жарық көрген. Оны халық, қатардағы интеллигенттер жылы қарсы алып, халық ортасында бірнеше рет айтты да, ал басшылар маған салқын қарады. Сол кезде мені бір ауданға екінші хатшылыққа, тіпті ауатком төрағалығына ұсынды. Бірақ мен бара алмадым. Партократтық лауазымдарды жаным сүймейтін. Себебі сен тек қана партияның сөзін сөйлеуің керек. Бірінші басшымен сөзге келіп қалғаным. *Ол: халық кім? Халық – қой! қалай қарай айдасаң, солай жүре беретін,-* демесі бар ма?! Онда мені босатыңыз, өзіңіздің ашсаң алақаныңда, жұмсаң жұдырығыңда болатын бюро мүшесін, редакторды тауып алыңыз,- дедім де есігін сырттан жаптым. Кейін өзі шақырып алып, мәймөкеледі-ау.

ЕСЕТ БАТЫР – МӘСКЕУДЕ, САНКТ-ПЕТЕРБУРГТЕ

3 тамыз 1859 ж. ЕСЕТ батыр, күйші *Дәулеткерей ШЫҒАЕВ*, аудармашы *Николай КОСТРОМИТИНОВПЕН* Мәскеуге бару үшін жолға шығады.

12 тамызда Нижний Новгородта болады.

18 тамызда Мәскеудің Ходынка даласында әскери жаттығуға алып барады Есетті. Сол жерде патша Александр II-шімен кездеседі, бірақ тіл табыса алмайды.

Мәскеудің Үлкен театрында болады.

24 тамызда Санкт-Петербургте болады.

9 қыркүйекте император Александр II-ші Георгиев залында – Есетті қабылдайды.

13 қыркүйекте Есет, Дәулеткерей, тілмаш Николай бір повозкіде Санкт-Петербургтан елге бет алады.

Есет ел ішінде батырлығы, ерлігімен жиырма жасында атағы шыққан адам. Геркулес тұлғалы, мығым, сымбатты, бойындағы қайраты мен ерлігі оның қимыл әрекетінен сезіліп тұрады. Е.П. КОВАЛЕВСКИЙ, Санкт-Петербург, 1843–1845.

Дала төсінде есімі кеңінен мәлім, осы бір дәуірдегі әйгілі кісі (Для этой эпохи – была интереснейшая личность, очень популярная в степях». Бронислав ЗАЛЕССКИЙ, польский демократ, художник, писатель, Париж, 1848 г.

Жауға етіңді беріп, сүйегін суырып ал. КОРЕЯ даналығы.

Отанымда тұрсам да, Отанымды аңсаймын. Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ.

Қателеспесем, осы бір ұлы сөзді Олжас кешегі мемлекетті баскарып отырған партияның бір отырысында айтқан еді-ау.

Ұлы ақын, азаматтың тағы бір мына сөзі менің табиғатыма тура келеді.

«...қызметтік міндетімді орындап, қарсыластарымның қатарын көбейтетін желдің өтінен бойыңды аулақ салудан жеңіл ештеңе жоқ. Бірақ бойдағы қанға сіңген, сүйекпен бірге жаратылған әдетімнен аттап өте алмаймын»,- депті ғой. Иә, солай. Ұлы бабаларым да осылай өткен. Солардың қанымен келген адалдық бойыма сіңген еді.

МЕНИҢ КРЕДОМ¹³

Иә, өлімді күтіп отыра алмаймын. Сондықтан да:

- Сөйлеп қалған ауыз айтады;
- Жазып қалған қол жазады;
- Естіп қалған құлақ тыңдайды;
- Көріп қалған көз көреді;
- Еңбек мен үшін гұмыр тынысы!

Бұл ойда бір қайшылықта туған еді.

«Өмір-күрес», - демеп пе еді. Карл МАРКС.

ИӘ, ҰНАТАРЫМ

Менің қатты ұнататыным: қыста жаспалақтап жауып тұрған қарға сонша сүйсініп, сол кезде далада оңаша, өзіммен өзім ойланып, жүргенімді жақсы көремін.

¹³ Кредо – убеждения, взгляды, основы мировоззрения. Словарь иностранных слов.- М. 1988. С. 266.

Иә, күздің сары алтын жапырақтарын теріп, жинап, бір вазаға салып үйге ұстағанды да ұнатамын.

Ал көктемгі жайған кілемдей түрлі түсті аппақ, қызыл, сары түсті қызғалдақ, көмкерген жусанды, алтын түске боялған бозды даланы, түйе қарыны төңкеріліп, шайыры гүл шашып тұрған далада аунап, бар жұпар иісін иіскеп, етпеттеп жатып, көк жусан мен қызыл шағырының хош иісін иіскегенге не жетсін. Сол далада өсетін көк жуаны талай орып жейтін едік. Көзден жас парлап ағып жататын сол сәтте, ә?

Ұлы Отан соғысы (1941-1945 жж.) «Катюша» деп аталатын БМ-13 Танкминометтік кондырғысы бар неміс әскерлерінің құтын қашырып, Ұлы Жеңіске жеткізген машина авторы Михаил Кошкин еді. Бірақ есімі тек қана 50 жылдан кейін, дүние салғансын СССР Еңбек Ері атағы берілген екен. Оған себеп делінеді БМ-13 танкісіне Сталин атын берейік деген К. Ворошилов ұсынысын автор-конструктор қабылдамаған.

Еске салатын БМ-13 дивизиясының командирі өзінің сүйген қызының атын танкінің қапталына «Катюша», - деп жазып қойған екен. Содан БМ-13 Катюша аталып кеткен.

Чем лучше узнаешь людей, тем больше нравятся собаки. Марк ТВЕН.

Көктемде туған жандардың көңілінде бұлтты болмайды. Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ, ақын.

Мысықтың түсі қандай болса да, тышқан ұстаса болады. Дэп СЯОПИН.

Қолыма кесені алып қарай бердім,

Ішінде нақақ көзде жас барма,- деп Сұлтанмахмұт ТОРАЙҒЫРОВ.

Біздің Елбасымызбен кездесудегі бір әңгімесінен, есімде қалған бір сөз. «...Сол түстіңде – орыс мемлекеті, Шығысында Қытай, Президент мырза, сіздің ұйқыңыз қалай келеді?», - деген еді Шимон ПЕРЕС, Израиль мемлекетінің қайраткері.

Өмірде не аларыңды емес, артыңда не қалдыратыныңды ойла, жарқыным. Асқар СҮЛЕЙМЕНОВ, академик.

Адамда бір жақсы қасиет болса, бақ та, бақыт та қонады. Ж. БАЛАСАҒҰНИ, ұлы ойшыл.

ҰЛЫЛЫҚТЫ ХАЛЫҚ ҚАНА БАҒАЛАЙ АЛАДЫ

Император Марк АВРЕЛИЙГЕ өкшесін жалап жүргендер:

– *Ұлы билеушіміз сіз Рим әлемін кеңейттіңіз, халықты байынттыңыз, аса ақылдысыз және халқыңа өте қайырымдысыз.*

Осы ұлылығыңды ескеріп, сізге ескерткіш орнатсақ деп едік, келісіміңізді сұраймыз, - депті.

- Иә, сол ескерткіш жанынан өтіп бара жатқандар: *«Бұл кімге қойылған ескерткіш, бұл кім өзі»,-* деп мазалана назар аударғанын қаламаймын. *Иә, менің келесі ұрпақтарым: «Осыныша еңбек еткен атамызға неге заманында ескерткіш қойылмаған»,-* деп реніш білдірсе, *соған ғана ризамын,-* деген екен.

Ал бұл патшайым *Екатерина II-ге Санкт-Петербурқта шөбере, шөпшектері ғана өз қаржыларына әлемдік әшекейге лайықтан ескерткіш* орнатты ғой.

Ұлы ақын *А.С. Пушкинге* халық *Мәскеуде* ақын қазаға ұшырағаннан кейін, *бір гасырға жуық уақыт өткесін, халық ескерткіш орнатты емес пе!!!* Ескерткішті ашуға келген халық ертеңіне сол ұлы ескерткіштің бетін көшенің ішіне қарай бұрып қойғанын көреді. Халық мұны жасаған патша әкімшілігі екенін біледі. Ескерткішті қайта қалпына көшеге бетін қаратып қояды. Сол ескерткіш Пушкин алаңында мәңгілік болып қалды. Халық қаһары бәрін жеңді.

ҰЛЫ ҚАМҚОРШЫ ТҰЛҒА ЕДІ

Адамның кім екенін білгің келсе, қолына билік бер. ШЫҒЫС даналығы.

1950 ж. август айының аяғы, Алматы.

Елден бір мектепті бітіріп келген жастар бір тобымыз КазГУ-ге, бір қатарымыз КазПИ-ге қабылдау емтихан тапсырып, университет басшылығының бұйрығын күтіп жүрміз. Ол кезде С.М. Киров атындағы университеттің басшысын Ректор, ал Қазақ ССР-нің басқа институттарының басшыларын Директор,- дейтін еді.

Қабылдау емтихандарын КазГУ-дің бас корпусы – Совет көшесі, 26 үйде тапсырдық. Осы жолдардың авторы және басқа бір топ бала КазГУ-ге қабылданды. Сол күні кешкілік ажары солғын, Мұқамбетқазы Тәжин келіп, қолындағы экзаменационный листогын көрсетті. Не болды? дедім.

- Мені өткізбеді,- деді.

- Қалай, барлық емтиханды беске тапсырған баланы өткізбегенде, кімді өткізеді?- деп пішәйман болып қалдым. Сәлден кейін Мұқамбетқазыға жүр, КазГУ Ректорына барамыз,- деп тас кылып ұстай алдым. Бірден:

- Тыңдаймын,- дегенде қабылдау бөлмесіндегі бір қыз асығыс кіріп келін:

– Төлеген Тәжібаевич, мына балалар рұқсатсыз кіріп кетті. Кешіріңіз, тәртіпсіздер-ау деймін,- деп алдында еңкейіп, бүгілді де қалды.

– Оқасы жоқ, кәне, тыңдаймын,- деп қаламын үстел үстіне қойды да, қағаздарын ысырып жіберді.

Мен Мұқамбетқазы қолындағы экзаменационный листогын алдым да, Ректордың алдына қойдым. Листокқа қарап көз жүгіртіп шықты. Содан маған бұл не дегендей кейіп білдірді.

– Мына жігіт университеттің тарих факультетіне емтихан тапсырды. Қорытынды алдыңызда жатқан листокта. Бірақ қабылданбады,- дедім. Телефон трубкасын алып звондады да, осы жайды айтып, тыңдады. Сонсын:

– Қарағым, кешірерсің, университетке он жетіден жоғары жастағы балалар қабылданады,- ал енді не істемексің?- деді де:

– Жанып тұрған қайратты жігіт екенсің. Келешекте еліміздің мықты бір азаматы боларсың. Тілектеспін,- деп алды да:

– КазПИ-ге бар. «Иә, десең, директорына звондаймын»,- деді.

Келістік. КазПИ-дің тарих факультетінің орыс бөліміне қабылданды.

Иә, сол М. Тәжин екінші курста-ақ қалалық комсомол комитетінде жұмысқа алынды. Кейінірек Орталық комсомол комитетіне ауыстырды. Ақтөбе облыстық комсомол комитетінің бірінші секретары, обком партияның бөлім меңгерушісі, Гурьев обком партияның екінші секретары ... т.б. болды.

Төлеген Тәжібаевты Қазақ ССР Сыртқы істер министрі болып, әрі КазГУ-дің Ректоры дәрежесінде, талай рет көрдік.

Иә, бұл соңғы рет кездесуім болар, қалай еді, иә, былай екен ...

Сол 1952 жылдың қысқы сессиясы еді. Араб тілінен мемлекеттік емтихан тапсыруға келгенмін. Екі-үш жыл араб тілінен дәріс жүргізген өзіміздің «Ата» деп кеткен, мінезі жұмсақ, атамыз Әжекеев емтихан алатын болды. Сол кезде аудитория есігі ашылып, үш-төрт ер адам кіріп келді. Бәріміз орнымыздан ұшып тұрдық. Қарасам, кірген өзіме таныс, көзіме оттай басылған Төлеген Тәжібаев екен. Не дерімді білмей қалдым. Мандайымнан тер бұрқ етті. Маған тіктеле қарап:

– Айта бер, бізде тыңдап көрейік жауабыңды,- демесі бар ма. Ойым сол бір 1950 жылдары Мұқамбетқазы Тәжинды рұқсатсыз жетектеп кіргенім есіме түсті. Ұстазым Ректорға қарады, көздерін сәл жылытып. Қоятын сұрағың бар ма дегендей.

– Жігіт-ақ екенсің. Араб тілінен мүдірмей өттің. Мемлекеттік емтихан ғой. Ал ұстазы, қандай баға қоясың?- деді Ректор Төлеген аға.

– Үш сұрағына да бес қоямын,- деді ұстаз.

– Жарайсың! Ал араб тілін осы ұстаздан меңгердің бе, әлде басқа источникін бар ма?- деп сұрады аға.

– Осы ұстаз атамның еңбегі ғой. Тек елде бір араб тілін білетін ата бар еді. Онымен араб тілінде хат жазып, хат алып тұрамын,- деп қойдым.

– Ұстаз, енді былай ет. Бұл жігіттің университет бітіруіне әлі екі жылдан астам уақыт бар ғой. Дегенмен, бұл студентті Ленинградтың мемлекеттік университетінің Шығыстану факультетіне жіберуге дайында. Қазірден бастап ректоратқа ұсынысыңды түсір. Жарайма, - деді ұлы тұлға.

– Ұстазым басын, жағымды изеді.

Сонымен КазГУ-ды үздік бітірдім. Университет Ректоры болып Асқар Зақарин, кейін Тимур Дарханбаев келді. Академик Исмет Кеңесебаев пен Ректор Т. Дарханбаев маған ЛГУ-дің аспирантурасына жолдама берді. Иә, кейінгі өмір белгілі ...

Иә, айтайын дегенім басқа, сондай қазақтың нарқасқа арда азаматының Төлеген Тәжібаевтың соңына шырақ алып түсіп, Ректорлықтан, Министрліктен босатқан, идеялық, көзқарасы ғана емес, көре алмай, күндес қатындай күңкілдей келіп, аяғында ұлы тұлғаға кешірілмес қиянат жасады. Мұны ағайым Төлеу Құлшаманұлы Бәсенов те егжей-тегжейлі бір оңашада, далада, баяндап, тіпті «Қазақтың ұлы азаматтарын құртып жатыр» ғой деп, көзіне жас алған еді.

Көріп отырсың ғой Қанышты, Төлегенді, Мұхтарды, Ермұқанды, Бек Сүлейменов ағанды құртты ғой. Ендігі толқын кімдер екен, оны да топшылап отырмын, - деп Төлеу аға қатты мұңайды.

НЕ БОЛЫП БАРАДЫ ӨЗІ?

21.05.2009 ж. - 11.03.2010 ж. Бұл қаралы күндерде елдің бір азаматына айып тағылып, қамақта отырғызған даталар еді. Аты-жөнін жазбай-ақ қояйын. Есті адам өзі есіне түсірер. Әрине, біздің бұл жеке пікірге әкелген оқиғалар ғой. Бірақ солай ма!

Дегенмен, *Фариза ОҢФАРСЫНОВА* ақын қыздың мына найзадай қадалатын, автоматтай атылатын, қанжардай жарып өтетін, өлең жолдарын еске түсіреді-ау. *«Халықтың жады, мұң-сыры, Дүниенің өлмес тұрғыны, Құлқыныңа түбі қадалар, Тарихтың қанжар шындығы!»*, - депті-ау. Иә, дүние дөңгелек. Қамаққа бүгін сен отырғызсаң, ертең өзің отырасың! Бұл диалектика!

– *Ең жақсы ақылшы кім?*

– *Уақыт.*

– *Ең тәтті не?*

– *Үміт.*

– *Ең қиын не?*

– *Басқа іс түскенде сабыр сақтау. БРИТАН ұлы ойшыл, шешен, көсем, сөзші.*

Ал нақақтан, біреу жоқтан отқа түсіп кетсеші?

– *Соңы ерте ме, кеш пе, кек!*

Тағы айтамын, Күн мен Ай, мінсіз Құдай дейміз ғой. Адам адамға қақпан құрады, түсірсе, бірақ ертен өзі түседі. Иә, солай.

Сүйіспеншілікті, түсіністікті туғызатын ерлі-зайыптының, не екі адамның біріне-бірінің қарауы емес, екеуінің бір бағытта ағуы кешуі, бір жолда жүруі деп білу керек.

Төңірегіңдегі қызметкерлеріңе қатал бол, әрине, егер өзің таза болсаң ғана – қаталдығың жүреді, ал халқыңа мейірімді бол. КО-РЕЯ халқының даналығы.

Иә, жақсы ниет-игі істің бастауы, хаһарам ниет – ізгіліктің қас жауы. ХАЛЫҚ даналығы.

Жақсы бала – жетелі бала әке-шешесін елге қаратады, ал жетесіз бала – әке-шешесін жерге қаратады. Бұлай қарттар үйінде тұрып жатқан қарияларды теледидардан көргенде, еске келеді-ау.

Кешегі үлперіштедей етіп бағып өсірген, адам-халық қатарына қосқан әке-шешесін қарттар үйіне тапсырып жіберіп, қалай күліп отырады?!

Өмір дегенің есіктен кіріп, төрге шыққандай қас қағым емес пе?! Екінші сөзбен айтсам, *дүниенің өтері кірпігіңді қаққандай деген осы!*

ТУҒАН ЖЕРДЕ ІЗІҢ ҚАЛСЫН

Білмеймін, бұл қазақта намыс, ар-ұят аз ба?

Республикалық БАҚ мына бір сырттың көңілі марқаятын, туған елдің көңіл-күйі түсетін жайттарды жазып келеді. Қалталы бір қазақ сонау Қап тауындағы Шешенстанда көлемді аурухана салып беріпті. Әрине, қалталы өз қаражатына. Құдай-ау, деймін, Республиканың ауылдық жерлерінде тіпті медпункттер де, фельдшерлік орындарда, аптекаларда жоқ, бар болса өте аз. Су, газ, жарық, автобус, т.б. қажеттілер де жеткіліксіз нағыз қазақ болса, ар-ұяты бар азамат болса, өз еліндегі осы бір келеңсіздікті неге ескермейді? Ол олма, енді мынаны оқып көр. Қалтасы миллион емес, шамасы миллиард долларды құрайтын бір мықты Біріккен Араб Эмиратынан Дубайдан 44 қабатты ғимарат салыпты. Ал қанша қазақ жастары баспанасыз, жұмыссыз ала қапшық арқалап, ықтасынды паналап жүр, ә? Сол үйді елде салса, қанша адам баспаналы болар еді, қанша жасқа жұмыс табылар еді.

Әрине, Елбасы, Үкімет осы мәселелер жайлы қыруар жұмыс атқарып та жатыр ғой. Дегенмен, мемлекеттен бөлінген ақшаны алып, шетелге асып жатқандарда аз емес-ау. *Меніңше, Үкімет бәлен жылға дейін шетелдерде ғимараттар, ақша-қаражатын шетел банкілеріне салуға тыйым салмай ма? Тіпті қазір шетел банкілерге ақша аударуды да шектеу керек емес пе?*

2010 ж.

БАРЫС ЖЫЛЫ – 2010 ЖЫЛ

БАРЫС жылы. 01.01.2010 ж., жұма. Иә, біздің әулет үшін кейбір қолайсыздықпен басталды. Қатты ауырып қалдым. Ішке ас тұрмай, денсаулықты мендетіп кетті. Сол себептен болар операция жасаған көз де ауырлық салды. Үйде көңілсіздік белең алды.

09.01.2010 ж. Немерем Коновалов Офтальмология Орталығына алып барды. Көз дәрігері медицина ғылымдарының кандидаты Марина Анатольевна қабылдады.

– Көзіңіздің көруі жақсы. Бірақ жаңа жылда қонақта болдыңыз ба? Майлы тамақтар, қазы, майлы ет жеген боларсыз. Майлы тамақтар көзге қолайсыз әсер етеді. Сондан сақтанғаныңыз дұрыс,- деп көзге тамызатын екі-үш дәрілер жазып берді. Оларды балам әкеліп берді. Психологиялық кризис болған,- деді.

Әрине, хронический процесс болып кеткен ғой.

– Он күннен кейін келіңіз, қайта бір тексеріп көрейік,- деді дәрігер.

Ендігі қабылдауы 25 қаңтар ертеңгі 10-да болып белгіленді.

25.01.2010 ж. Ауру әлі мазалап тұр. Бірақ көңіл-күй жаман емес. Дәрігер Марина Анатольевнаның қабылдауында болдық.

– Көзіңіз жаман емес. Берген дәрілерді тамыза беріңіз. Енді ақпан басына қарай келіңіз. Егер осы күйде болса, босатамын, - деді.

02.02.2010 ж. Тағы ішке ас тұрмай, ауырып қалдым. Ұлы ұстазым Мұхтар Әуезовтың сонау елуінші жылдары: «Қазақ интеллигенциясының түбіне жететін: қонақшылық, өсек айтып даттау, көреалмаушылық»,- деген сөздері еске түсе береді. Елде елу жылдай еңбек еттік. Аптасына кездесулер, қонақ, майлы тамақ. Тамада-асаба болу тіл мен жаққа сүйеніп, т.б. ғұмыр өтті ғой. Солар қарынды құртқан. Ішке ас тұрмаған күндері айта беретін – антибиотик оны да іштік. Ол қарын мен ішектің флорасын өртеп жібереді екен.

Иә, осы 2 ақпан күні көзге операция жасаған жағыммен (үш ай өткенсін) жатқанмын. Ертеңгісін көзім қып-қызыл болып кетіпті. Шамасы қысылып қалған.

Сол күні қызымның түсіне еніппін. «Папа, аса қолайсыз, ажарсыз, мұнайып қасымда отыр екенсің, не болды?»- деді 6 ақпан күні (сенбі) звондап.

Енді 9 ақпанда көз дәрігеріне баруға ұсыныс жасадым. Не дейді, көреміз.

09.02.2010 ж. Операциядан өткен көз жақсы. Ал оң көзіңіздің катарактасы прогрессирует, придется оперировать в апреле или в начале в мая,- деді. Ойланып-ойланып, операцияға баруға шештік. 12 ақпанда қабылдауға қайта барамыз.

12.02.2010 ж. Қабылдауында болдық.

– Операция жасаған көзге қатты суық та, мықты ыссы да зиянды. Сол марттың аяғында, не апрельдің басында хабарласыңыздар. Диагнозыңызды жеңілдетеміз. Енді гепатитке, туберкулезге, т.б. қайта тексерілу керек болмайды,- деді.

ӨЗ КӨЗІМЕ ӨЗІМ СЕНБЕЙ ОТЫРМЫН ...

«Егемен Қазақстан» («СҚ») газетін еліміздің Бас басылымын сонау 1947 жылдан үзбей оқып та, жазылып та келетін едім. 2008 жылы сәті түсіп басылымның Алматыдағы Қосынын басқарып отырған ақжелең, аппақ қалтқысы жоқ, таза жан, каламгер – **Мамадияр Ділдәбекұлы ЖАҚЫПТЫҢ** қабылдауында болдым. Ашық әңгіменің адамы екен, бірден тіл табысып кеттік. Басылыммен 62 жыл пікірлес, замандас екенімді айтып, жазып алып барған формат А-4-ке шаққанда бір жарым беттей хабарымды ұсындым. Өте жылы қарсы алды да, бірден электрондық вариантын алып қалды. Сонсын:

– Келесі жылдан бастап «ЕҚ» тегін жаздырамын,- деп мекен жайымды сұрап алды.

Иә, кешегі каламақыға, бүгінгі зейнетақыға тәуелді карт журналист-жазушыға үлкен материалдық көмек қой бұл. Текті бір аталықтың сексенге иек артқан қариясы атынан ақ батамды бердім. Менен сегіз жастай ғана кіші, үлкен де арда тұлға екен.

Міне, бас басылым үйге келіп тұрады. 2010 ж. 12 қаңтар, 5 бетінде **«Тұлғалар толғанысы»** айдары астында **Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВТЫҢ Әбдіжәміл НҮРПЕЙІСОВТЫ** 2003 жылы Еуразия университетінің студиясына шақырып, сөйлескен, әңгімелескен, интервьюінде **«Мені тұлғалар өсірді»,-** деген тақырыппен екі-үш нөмеріне берген екен.

Көзіме жасалған операцияға карамастан оқыдым түгелдей.

Тарихта ақиқат бар, бұл тартпайтын деректерге негізделген. Аңыз бар, көп жағдайда, сол ақиқатқа түрлі варианта айтылатын. Аңызға алты қарыс шындықты шіміркенбей сіміріп жіберіп, өтірікті

өршітіп жіберетіндер де жетіп артылады. Олар, көбіне, сөз желісін, оқиғаларды кейбір қаламгерлер сияқты ойдан-қырдан шығарып айта салады. Ал замандас болғанын әзіл-қалжыңды ойдан алып, қырға тарататындар да аз емес. Оның ішінде қазақ әзіл, қалжыңбас халық. Әсіресе, нағашы-жиен, жезде-балдыз, құрбы-құрдас арасындағы әзіл-оспақ, қалжың кісі «өлтіреді». Оларды тізе берсем, әрине, бір кітапқа сия қоймас.

Өз кезіме өзім сенбей отырғаным деп айтатыным, **Әбдіжәміл НҮРПЕЙІСОВ** абыз ағамыздың осы бас басылымдағы өзіқайтты әңгімесіндегі бір жайттар.

*ӘБЕ былай дейді: «Әлім, Шекті-жауынгер, өнерлі халық». Иә, бұл шындық! Талай батырлар мен билерді берген халық. Талас жоқ! Өнер қайраткерлеріде аз емес, дей келіп: «Көтібардың әкесі Бәтен», - дейді. Бұл қалай? Бұл грамматикалық қате ме, әлде жаңсақтық па? Көтібардың әкесін Советтік дәуірдегі энциклопедияларда, тарихи кейбір құжаттарда «Бәсенде» деп те жазған еді. Ал тарихи, діни деректерге сүйенсек, **Көтібардың әкесі Бәсен. Әкесі Жапақтың азан шақырып қойған есімі БӘСЕН, тарихта қалған есім.***

БӘСЕН (1727-1830 жж.) 103 жыл жасаған ұлы еңбеккер. **Әлім – Айт – одан Қабақ, Тілеу. Қабақтан – Пұсырман батыр.** Тарихта батыр деп аталады, солай жазылады. **Пұсырманнан бес бала – Қалыбек, Қарабас, Өмір, Жарас, Сексен. Сол Қарабастан жемті бала – Мәмбеталы, Жаналы, Жапақ, Тінәлі, Досалы, Үмбеталы, Өтеалы.**

Жапақтан екі бала – Бәсен, Кемжір. Бәсеннен бес бала – тарихта «Бес Бәсен» болып қалған. Олар: **Жандәулет, Ақпан, Тоқпан, Көтібар, Көбес.**

КӨТІБАР Бәсенұлынан алты бала – Сарыбөпе, Сатай, Шын-темір, Матай, Есет, Дәрібай. Бір ел ағасы сұрап былай депті: **«Алда, батырымның қойған атай»** деген екен.

Сарыбөпе мен Шынтемір 1840 жылдардағы Қоқанға қарсы Жанқожа батыр бастаған Созақ шайқасына қатысқандар.

Ал заманының ғұламаларының берген бағалары мен анықтамалары бойынша айтсақ, **БӘСЕННІҢ бес баласына** мынандай бағалар берілген: арыстанды інінен суырып алатын **Жандәулет**; құсбегі **Ақпан**; іргелі бай – 10 мың жылқы, 5 мың ірі қарасы бар – **Тоқпан**; Халық батыры, заманының биі, серісі, серкесі **Көтібар**; ақын-жырау **Көбес.**

Ресей патшалығының Қазақ жерін отарлау кезінде, Көтібардың ағасы деп қудалай бергенсін Ақпан Шүршіт асқан. Кейбір қолда бар деректерге сүйенсек, қазіргі Талдықорған маңында, Шығыс Қазақстан өңірінде Ақпан ұрпағы бар деп айтылады.

Токпан өз ажалынан қартайып барып дүние салады. Мазары Шалқар ауданының Жомарт, Қызыл көлдердің Ұлықұмға қараған бетіндегі Тұз қыратында күні бүгінге дейін тұр. *Бәсеннің* сол *Токпан* байынан қазақтың тұңғыш ғылым архитекторы-сәулетшісі, *Төлеу Құлшаманұлы Бәсенов*, тұңғыш түсті металдар маманы *Нәби Құлшаманұлы Жақсыбаев (1912-1975)* өмірге келген.

Төлеу Құлшаманұлы Бәсеновтың (1909-1976) туғанына 2009 жылы қыркүйек айында 100 жыл болды. Арда азамат *Әбдісағит ТӘТІҒҰЛОВ* – академиктің және Төлеудің немересі *Алмат Ғалиұлының* ұйымдастыруымен, республикалық көлемде – 100 жылдығына үлкен жиын, артынан ас беріліп өтті. Осы асқа *Әбдіжәміл Нұрпейісовте* катысып, біраз естеліктер айтты.

Сонда бұл Жапактың Бәсені – Көтібардың, Токпанның әкесі екенін қалай ұмытқан? Төлеу Құлшаманұлының талай қамқорлығын көрген. Әрине, «Жаман бергенін, жақсы көргенін айтады» дегендей, ол кісінің жасаған қамқорлығын тізіп айтпай-ақ қояйын. Бәрі есімде, бәрін білемін. Ол қызметті Гаухар Ахметқызы Қонаева-Бәсенова да, Наурызбаев Бекеттің жесірі Нұрбике де жақсы біледі, екеуі де тірі, осы Алматыда тұрады. Екеуі де Бәсеновтың 100 жылдығына арналған ас беруде Әбемен шынтақтасып отырды.

Әбдіжәміл аға (иә, арамыз жеті-сегіз жас қой) былай деп жазады: *«Көтібар Шалқардан Терістікте 74 шақырым жерде жатыр»*. Иә, бұл да тарихи шындыққа келмейді. Тарихи архивтік деректер:

КӨТІБАР Бәсенұлы (1756-1833 жж.) жоғарыда айтқанымыздай, қазақ елінің батыс өңіріндегі барлық саяси мәселелерді хан дәрежесінде шешетін би, халқын жерін отарлаушылардан қорғаған хас батыр, заманының серісі, серкесі болған ұлттық тұлға.

1833 жылдың терең күзінде, қыс алдына қарай батыстағы қазақ елінің жақсылары мен билері, батырлары отарлаушыларға қарсы қарулы көтерілістің жоспары мен жобасын дайындауға Жетірудың Жағалбайлысының мекені Ақбұлақта бас қосуға уағдаласады. Көтібар белгіленген мерзімнен екі күн бұрын келіп, өзінің аздаған нөкерімен Жанғасқа серінің дайындаған отауына жайғасады. Мұның бәрін Орынбор-Самара губерниясының генерал-губернаторы Перовскийдің жансыздары біліп отырады. Содан екі жыл бойы қиллерлікке Орал өзені жағасында дайындаған екі естекті қасына 4-5 атты қаракшыны қосып, Көтібардың басын алуға Ақбұлаққа жібереді.

Түн. Қара жаңбыр аяғы бұршаққа содан қарға айналады. Түннің екінші жартысында екі естек жасырын, астыртын түрде келіп, Көтібар жатқан үйдің күзетшілерін өлтіріп, Көтібардың басын балтамен (ұйқыда жатқанда) шауып алып, қапқа салып жатқанда, үстінен Жанғасқаның күзетшілері шығып, екі естекті ұстайды. Табан жерде

Жанғасқа екі естекті тірідей отқа жағып жібереді. *Бұл қанды оқиганы Төлеш СҮЛЕЙМЕНОВ «Сегіз Сері» кітабында (Алматы, Өнер баспасы, 1991 ж.) тереңдетіп жазады.* Сегіз Сері осы елге келіп жатқанда, осы қанды оқиғаның үстінен шығып, батырға «Жоқтау» зарын шығарады. Бұл оқиға осы жолдардың авторының *«Дала Геркулесі»* тарихи деректі романында (Алматы, «Атамұра», 2008 ж.) егжей-тегжейлі баяндалған.

1834 жыл бастала Көтібарды қазақ елінің үш жүз өңірінен келген, жиналған халық басын Оралдан алатын өзенінің басындағы осы Көктөбеде мазарын салады. *Бұл Көктөбе Тама Есет Көкіұлы батырдың мәңгілік мекені – мазарынан таяқ тастам жер. Бұл екі батыр да Мұғалжар ауданының аумағында Қандыағаш қаласынан жиырма шақырымдай жерде, темір жолдың Ақкемер станциясынан оншақты шақырым, 2000 жылы халық өз қаржысына Көтібар Бәсенұлының кесенесін қайта салды.*

ӘБЕ тағы былай дейді: «Есет батырдың бес ұлы болған»,- деп айтады.

Біздің қолымыздағы барлық архивтік және шежірелерде, екі ғасырдың естеліктерінде, оның ішінде менің биологиялық (1890-1979) 89 жыл ғұмыр кешкен әкем, Есеттің тұңғыш ұлы Назардың немересі Алыбай Төреханұлы күәлік етуіне сәйкес Есет Көтібарұлының 8 (сегіз) ұлы болған. Олар: *Назар, Аман, Боқай, Сүлеймен, Қарамен, Шалтық, Дәу, Оралбай.* Бұл ұлдар Байұлының Адай аталығының Құлмұхамбет байының, биінің қызы Тағлимадан туған.

Айта кетейін, бір тарихи деректерде және қазақ шежірелерінде, сондай-ақ қазақтың ауыз тарихында *Ақселеу СЕЙДЕМБЕКҰЛЫ* ғалым айтқандай, Бәсеннің жан-жары, ұрпақтың ұлы әжесі Нарбике Кете елінің іргелі байы Елек, Жайық өңірінде жүз мың жылқы өсірген және Төбе биі болған Боздақтың кенже қызы. Жоғарыда айттық Бәсен мен Нарбике некесінен бес ұл болған бірі, бірегейі Көтібар. Ал Көтібар он екі ата Байұлы елінің Адай аталығының даңқты байы, биі Мұғалдың қызы Айсарымен шаңырақ көтергенін қайталаймыз. Көтібар мен Айсары анамыздан алты ұл өскен. Оның тарихта өшпес із қалдырғандары Есет-Дәрібай Кесенесін 1890, 1993 жылдары Шалқар ауданының Ұлықмұның батыс өңіріндегі Шолақжиде жанындағы Құланқыраты аталатын қыратта салған. Қазақ елі Тәуелсіздік алғансың 1993 жылы Қазақ, Өзбек, Қарақалпақ және Ресейде тұратын қазақтар бас қосып, өз қаржыларына Есет-Дәрібай кесене кешенін қайта тұрғызды.

Қазақтың сатира сардары-классигі *Садықбек АДАМБЕКОВ* өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының аяғына қарай Ақтөбеге іс-сапармен шығып, алдымен, Шалқар, Есет-Дәрібай мазарына тәу етемін деп, маған звондаған еді Алматыдан. Солан классикті Есет-

Дәрібайдың жермен жексен құлап жатқан мазарын көріп, отыра калып, әйет оқып:

*Атыңнан айналайын Есет батыр,
Күмбезің жермен жекен құлап жатыр.
Артыңда күмбезіңді тұрғызардай,
Бір ұрпақ қалмаған гоі, іске татыр -*

дегені есімде. Иә, жоғарыда айтқанымдай, іске татыр ұрпақтары ұлы әулиенің, заманасының ұлы батырының, аруақтарының кесене кешенін өз қаржыларына тұрғызды.

«...*кіші ұлы кемтар, құныс болыпты*», - дейді **ӘБЕ**. Бұл дерек ешбір шындыққа келмейді.

Оқиға былай болған: батырдың жетінші ұлы Дәуді үйлендіретін уақыты келген. Замана дәстүрі – қыз айттыру, құда түсу осы бір мезетте көрші ауылда Тәшім деген желауыз, кім айтса, соның сойылын соғатын адам болған. Оған: «батыр сенің қызыңды айттырмай, сенімен құда түспей, көрдің бе, анау Құлтуманың бір жетім қызын келін етіп алуға адамдар жіберіп жатыр», - дейді. Есет батырдың жіберген құда түсушілері Құлтума аулына келіп, Таразы қызды ағаларынан сұрайды. Ағалары «Ойбай-ау, батыр келіндікке сұрап жатса, бізден қарсылық жоқ. Таразы «иә» десе, болды» деседі. Тосын ұсынысқа Таразы қыз тосылып та қалған екен. Бірақ келісім берген. Кейінірек Таразы Есет батыр еліне келін болып түседі. Осы арада Тәшім желөкпені желіктірушылар Таразыға көңілін қалдыратын сөз айтқызады. Қарап тұрмай Таразыны айтысқа шақырады. Таразы ата-сы батырдан рұқсат сұрайды. Есет: «Қарағым, ақылмен тауып айтсаң, ұстарсың. Сонда осы елді бұдан былай билеп, төстер өзің боларсың. Бердім рұқсатымды», - депті.

Айтыс үстінде Тәшім Таразыға былай деп сөгіп, тиіскен екен:

*Келдің бе, аман-есен жетім келін,
Батырдың сүт кенжесін соқыр депсің.
Жоқ па еді тал бойыңда мінің келін,
Үйіңде екі қабат болды деп еді,
Рас па осы сыпсың жетіммегім ...*

Таразы іркілместен:

*Ішінде бес Тілеудің – Құлтумамын,
Айтулы аруанадан бір туғанмын.
Жоқ болса, әке-шешем, екі ағам бар,
Жорғада мың ділдәлік ер-тұрманым.*

Арман қарай Таразы: Тәшімнің қызын негімен нұсқып:

*Қыздардың әкесі бар көрдік біз де,
Жеңінің жамай алмайтын жыртылғанын.
Желөкпе, осекші шал құтырмағын.
Әркімнің айтақтаған сөзіне еріп,
Міне, енді топ алдында тұтылғаның.*

Арман қарай Таразы:

*Келін боп келгеніме он ай болды,
Сол күнен аруақтының жұртындамын!
Үйімнен екі қабат келген болсам,
Қайда енді сүйген бөпе – сыртымдағы?*

Тәшім басын көтере алмай, жер шұқи беріпті.

Таразы:

*Жарытпас батыр болып көрмеген жау,
Жарытпас шешен болып көрмеген дау.
Жұмсаған кім айтысқа, шермендем-ау.*

Иә, Есет батырдың, Есет бидің, Есет әулиенің сүйікті келіні Таразыны бұдан былай халқы акын келін, ақылды келін, дана келін деп атап кетіпті.

Бұл келтірілген деректі қазақтың көрнекті ақыны, иә, сол өткен ғасырдың сексенінші жылдарында Шалқарда, Ақтөбеде талай рет болған, зерттеген *Бәкір ТӘЖІБАЕВ 1984 жылы 19 маусымда «Ақтөбе» облыстық газетінде жарияланған еді.* Бұл деректер, қайталаймын, Есет ұрпағының, Дәу мен Таразы ұрпақтарының, тарихи деректердің мәтіне сай келеді.

ТАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕК: Дәу мен Таразының некесінен сен тұр мен атайын үш ұл – Шеген, Қанди, Қайыр болған. Қанди асқан қайратты, ақылды да алымды кісі болған. Қыста қой қораға түскен құтырған қасқырмен бір өзі алысып, бөрінің тамағынан қылқындырып сұлатқан. Бірақ өзі құтырмаған. Малшыларын қасқыр аузы тимеседе Орынборға апарып емдеттірген... Осы Дәудің ұрпағының бірқатары Алматыда, Шымкентте, Ташкентте, бір қатар Ақтөбе, Орск, Орал қалаларында тұрады. Әбенің өзі мидай араласқан Бекет Наурызбаевтың жесірі (Найман елінің қызы) Нұрбике, қызы Мира, ұлы Еркін және басқа да Кенен, Төлеу, Жұбантай, Жақсылық ұрпақтары бар.

ТАҒЫ БІР АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ – Таразы аруақты атасын өмір бойы қадірлеп, қастерлеп өткен келін.

Есет өз ажалынан 1889 жылы қыста жедді айында (бас тоқсан) 87-ге келген жасында дүниеден озады. Халық қаржы, мал жинап, бүкіл ел болып мазарын салады. Мазар жоба-жоспарын *Әлім елінің Жаңғылыш аталығынан Қошық ЕСПЕМБЕТҰЛЫ сызып жасай-*

ды. 1890 жылы мазар салынып болды дегенді есітіп, *батыр келіні Таразы бір бөлек қыз-келіншектерді ерітіп, Шолақ әсиденің Тілеген қонасынан жаяулап (он бес шақырымнан астам әсер) батыр атасының Ордасына зиярат етіп келеді.*

Бізге жеткен Таразы жоқтауы:

*Ата-еке, құтты болсын салған Ордаң!
Әйелге бұйрық емес, келдім зордан.
Әркімнің ата-енесі әулиесі!
Жаяулап зиярат еттім жары жолдан.*

*Көрінген сонадайдан дуалдарың,
Көргенде ақ Орданы қуанғаным.
Қуанған қорыққанмен бірдей екен,
Тоқтатып көкірегімді тұра алмадым.*

*Тоқтамай көңіл шіркін қайда барсын,
Лахатқа жалғыз жатқан қия алмадым.
Ата-еке, құтты болсын мешіттерің,
Білгейсіз неге келмей кешіккенім.*

*Тұрғызған басыңызға ақ Орданы –
Болды деп күні кеше есіткенім.
Ата-еке, қызыл жүзің ақ болды ма,
Сүйегің етің кетіп нақ болды ма,*

*Басыңды біз келгенде бір көтермей,
Немерең сүйіп жүрген жат болды ма?*

Иә, бұл жолдар белгілі ғалым **С. МҰХТАРОВТЫҢ** 1993 жылы «Қазақстан әйелдері» журналында жарияланған еді.

Айтайын тағы бір құжатты – Ақтөбе музейінің директоры – қазақтың арда азаматы **Өзбекәлі ЖӘНІБЕКОВТЫҢ** шәкірті, әйгілі тарихи мұраларды зерттеуші **Ырысжан ІЛИЯСОВАНЫҢ** «Атамұра» баспасынан 2003 ж. жарық көрген «**Арулар, Аналар, Даналар**» атты көлемді кітабында толық баяндалған.

Осы кітапта Қазақ ССР-інің оқу-ағарту ісінің еңбегі сіңген ұстазы **Сағидулла ҚАРАҒҰЛОВТЫҢ** Дәу мен Таразы жайлы жақсы пікірлері де бар.

ӘБЕНІҢ келтіріп отырған «деректері» сол Тәшімнің төңіріндегі шытпақтар, қызын келіндікке батыр алмағансын ішкі ызасы кернеген Таразы келінді, акын қызды балағаттау. Әрине, айдап салушылар да болған.

Таразы Ұлықұмдағы Есет батырдың қыс қонысы мәңгілік ұйқыда Күнгедей жатыр. Ал Шегені Мұғалжар тауының Тасүйген бұлағында, Қанди батыр Мұзбелдің Құлбарағында мәңгілік ұйқыда, Қайыры – Есет-Дәрібай кесенесінде, зиратында.

ЕСЕТ батыр: «Қалаған жерімнен келін алдым, қалаған жеріме қызымды бере алмадым».

Арман қарай **ӘБЕ**: «Батақтың Сарысы,- деген болған. **Ахмет ЖҰБАНОВТЫҢ «Замана бұлбұлдары»** кітабында Сары туралы тарау бар: «.. Жастайынан Шыманмен ұстасып үш рет түрмеде отырып шығады ...»,- дейді.

Тарихи деректерге жүгінсек, Шыман ата Сары ұсталған, түрмеге түскен кезде мәңгілік ұйқыда болатын.

ДӘЛІРЕК: «Бес ғасыр жырлайды», 2-і томдық, I том, «Жазушы» баспасы, 1989, 298 бетте: «Сары Батақұлы (1863-1895) акын әнші, композитор. Ол қазіргі Ақтөбе облысының Шалқар ауданы аймағында туған. Ел арасында әнші атанған. Заманындағы әділетсіздік пен озбырлықты әшкерелейді. Содан қуғынға ұшырап «қашқын», ақыры өзі сұранып барып ұсталады. Орск түрмесіндегі «тұтқындарды» Сібірге айдап бара жатқан патша жендеттері «қашайын дегенде, атып тастадық» деп жалған акті жасап, Орскінің солтүстік жағындағы Шилісай деген жерде 1895 жылы Сарыны атып өлтіреді. Демек, Сары жайлы құжаттар осы. Мұны осы жолдардың авторы КазГУ-де студент (1950-1955 жж.) болып оқып жүргенімде, ұлы жазушы ағамыз Тахаун Ахтановтан Төлеу Бәсеновтың үйінің дастархан басында, арда әжеміз Ақбаламен сөйлесіп отырғанда естіген едім.

Сарының «Қыз Қосан» (Қосан – Қарабастың Тінәлі аталығының Сейдақ деген байының қызы. Кейін Сары дүние салғансын құда түсіп айттырған жұрты Кішіқұмның Төртқара аталығына тұрмысқа шығады. Қабірі Кішіқұмның Толағай өңіріндегі құмға қараған зиратта. Белгілі журналист, акын, шежіреші, менің ұстазым Тілеужан Шойғарин Қосан жеңгесінің қолынан шай ішкенін айтатын-ды). «Дарига», «Әридау», «Дүния», «Туған ел», т.б. әйгілі әндері бар. 1940 жылы академик Ахмет Жұбанов «Сары» атты музыкалық пьеса жазды. Сарының әні «Аманкелді фильмінде пайданылды» делінеді осы жоғарыда айтылған «Бес ғасыр жырлайды» кітабында.

Ал «Басына шауыш шықтым Айрықтың» деп басталатын ән-зар жолдарын Әбе «Қан мен тер» кітабында келтірген еді.

ӘБЕ армен қарай: «... өзім сол Сары акынның тұқымымын»,- дейді. Зер салып қарап отырған боларсыздар, Әбе алты ата Әлімнің Жақайымынан, ал Сары Айттың Тілеуінен.

Бұл заманның оқырманына түсініктілеу болу үшін Сарының түрмеден қашып жүргендегі бір қатар өлең-ән жолдарын келтіре кетейін.

Ақын бір зарында:

*Қонысым Ұлықұмда Жетей-Ебес,
Іркілмей Аққұламен жаумен теңес.
Біз шыққан садақаға бір жұмыртқа,
Екі елдің арасында болып егес.*

*Сәлем айт барғандарың Жәмек биге,
Байлаулы жатыр Сары қараңғы үйде.
Біздің үй жалғыз ауыл қалып еді,
Көшіріп ала көрсін Шеңгел шиге.*

Арман қарай:

*Баласы мен Батақтың, атам – Достан,
Достанға бата алмаған ешбір дұшпан.*

Достан батыр өзінің Көтібар батырмен замандас, туыс, елін, жерін отарлаушылардан қорғаған ер, батыр!

*Аяқты басар тарлан екіленіп,
Қонаға жем сұрайды мекіреніп.
Жүрістен қажымайтын жануарым,
Арбаның бел ағашы секілденіп.*

*Шідерім күдеріден күміс тиек,
Бір малсың шөп жемейтін төре сүйек.
Көк тергіп, жүріп келіп байлай салсаң,
Тұрушы-ең иегіңді үйге сүйеп.*

*Көрдім бе сені бүгін қайран жерім,
Үш жылда жаңа көрдім елдің шегін.
Жат қылып туып-өскен ел мен жерден,
Бітті ме болыс, билер менен кегің.*

Арман қарай:

*Қанды көз, қасқа Қосан, бол риза,
Ақыры, міне, мұндай күйге жеттік.
Көрем бе, көрмеймін бе, қайран елім,
Қош болғың, алыс сапар, Сібір кеттік.*

Міне, осы сапарда 1895 жылы генерал-губернатордың бұйрығымен Сібірге аяғына кісен салып, ат арбаның артына байлап кете барады. Бірақ жүруге халі болмай, құлай бергенсін, арбаға сүйретіле бергенсін, жеңдеттер атын тастайды...

Ақын өлді. Артында нағыз ақуыз Махаббаты қалды, Арманы қалды, Аталық сөзі қалды.

Иә, Сары Батақұлы – Тахауи Ахмановқа туыс, аталас.

...2002 жылы Әсет айы. Басы Мұғалжар тау сілемдерінен алатын Елек өзенінің Көктөбе басында ұлы жиын жүздеген киіз үй, бірнеше жүз автокөлік, ондаған мың адам. Ақшаңқан киіз үйлер осы Көктөбеде мәңгілік ұйқыда жатқан ұлы батыр, заманның серкесі, дәуірінің серісі, халықтық кеңестің бас кеңесшісі, биі **КӨТІБАР Бәсенұлының** кесене кешенін қалап тұрғызып, ас беру, спорт ойындарын өткізу, ақындар айтысын ұйымдастыру сияқты үлкен дүбірлі іс басталып жатты. Бұл халықаралық, мемлекетаралық шараларға Қазақ елінің әр тұсынан келгендер, Алматы, Атырау, Ақтау, Орал, ал Ресей мен Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түркімен, Қырғыз жұрттарынан келіп ақ қаздай ақ киіз үйлерінің жандарына сойыс малдарын байлап тастайды. Қырғыз елінен келгендерді еліміздегі қырғыздар қабылдапты. Ал Сыр бойынан келгендерді Ақтөбелік жақайымдар үйлеріне алыпты.

Жақайым тумалар Көтібардың қанды көйлек үзенгілесі, Есет батырдың сапарласы **Жылқаман батыр** жайлы деректер жазып, киіз үйлеріне келгендерге қонақасы беріп жатты. Орталарындағы алты қанат ақбоз үйге түстікте бірнеше ондаған қонақтарға дастархан жайылды.

Сол дастархан басында, қызу әңгіме үстінде, батырлар жайлы, қаламгерлер туралы бір жігіт ағасы болып қалған, тобылғы өнді, денелі, аузында тәп-тәуір жүйелі сөзі бар ер адам әңгіме бастап кетті...

Өз ағасын ағаламаған, кісі ағасын жағалайды. ҚАЗАҚ мақалы.

Ескі бір блокноттан көшірілді, №89.

СОҢҒЫ бір айтайын дегенім: «Ол өтірікке емес, тіпті шындыққа сенбейді» деген мақал сөз бар қазақта. ӘБЕ ағамның тарихи шындыққа сенгенін дұрыс дер едім.

Газеттегі Әбе берген интервьюді оқығандар елден, Алматыдан, Нүкістен, Орскіден (ғаламтор арқылы ма, білмедім) т.б. телефон соғып, мені біраз жазғырды. Неге аруакты ұрпақты сөгеді, келеке етеді. Бір елдің пір тұтқан тұлғалары жайлы жете білмесе, неге сөз қозғайды. Қажет болса, өз ата-бабалары, тіпті аса мықты батыр болған Жылқаман атасы жайлы айтпайды, жазбайды. Түзету берсін газетке талап етеміз, бұлай жай қалдырмаймыз деп жатты. Әрине, оларды әрең тоқтатқандай болдым.

«АНТЫМ: ХАЛҚЫМА ҚАЛАММЕН ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІН!»

Бұл тарихи сөзді дара жазушы, академик Михаил Шолохов атындағы сыйлықтың иегері *Сәбит Аймұқанұлы ДОСАНОВ* 70-ке толған мерейтойында халық алдында айтқан еді.

Резкий поворот истории в начале 90-х годов XX века задул, погасил огоньки многих дарований. Продолжают светить единицы. Сохранил свой огонь-свет и Сабит Досанов. На фоне темноты, образованной сотнями погасших, его книги, новые книги, набирают световую силу. Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ.

Иә, еске алатын тарихи үш эпизод бар. Олар:

БІРІНШІСІ – «Социалды Қазақстан» («СоцҚаз», «СҚ») ал бүгінгі «Егемен Қазақстан» және осы жолдардың авторын журналистикаға жетектеген, сонау жиырмамыншы ғасырдың қыркыншы жылдардың аяғына қарай қарт журналист, ақын, шежіреші *Тілеужан ШОЙҒАРИН* еді. Ол тұлға бәрін үйретті. Қаламды қалай ұстаудан бастап, қалай жазуды, бастысы, адамдармен қалай сөйлесуді, бір есте қалғаны адамдармен сөйлесіп тұрғанында, отырғанында, қолында қойын дәптерін, қаламын болмасын. Әңгімеге тартқан адамың оларды көрсе, жайсызданып қалады. Тіпті кешегі 1937-1938 жылдардағы жансыздарды есіне алып, секем алып, ойын бүкпесіз айта алмайды. Ал әбден сөйлесіп, түсініскеннен кейін, оңаша өзің отырып, бар болған әңгімелерді, оқиғаларды, ол адамдардың пікірін қойын дәптеріңе жазып қой. Бәрі кейін бір замандарда керек болады дейтін.

Иә, менің екі жүзден астам қойын дәптерім-блокноттарым үлкені бар, кішісі бар, сол ұстазымның мензеуімен дүниеге келген еді.

ЕКІНШІ БІР ұстаз болған әдебиет майданына келуіме сүрдек – жол салған инженер-геолог *Ілияс ЕСЕНБЕРЛИН* аға еді.

Мен ол жылдары қазақтың С.М. Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби) мемлекеттік университетінің студенті едім. Жылда жазғы каникулға келген сайын Біршоғыр таудың Шахта поселкесінде тұратын шахтер-крепельщик ағайым – Жәлекен үйіне баратынмын. Ол кісі «Көмір шахтасының басқарушысы Ілияс Есенберлин деген аса білікті, шешен адами қасиеті шексіз ағаң бар, онымен кездессең, сөйлессең көп жағдайға қанық боласың», - деген еді.

Сол Ілияс ағамен бірнеше рет кездесіп, әңгімелестім. Көбіне, үйінде, тар ғана сол заманның тілімен айтсам, финский домикте тұратын. Ілияс ағамен бірден тіл табысып кеттім. Әңгіме арасында апталап атқа отырып тау етегіндегі елдерді аралап кететін, бір үлкен шығарма-оқиға желісін білетін қарт адамдардан сұрап, жүретінін айтатын. Иә, кейін білдім ғой. Хан Кененің Ырғыз, Мұғалжар өңіріне

келген сапары жайлы, «Қаһар» тарихи романының желісі жайлы деректер жинап жүреді екен.

– Жазушы көргенін, тарихтан білгенін жазады.

– Менің қойын дәптерімде осы бір деректер жазылып қалыпты.

– Есімде болсын, архив қазыналарымен қатар, халықтың ауыз тарихы ұрпақтың көкірегі ояу, көзі ашық өкілдерінің естеліктері де үлкен академиялық фактілер болады. Келешек қалам ұстайтын адам болғын келсе, осы қалай деген ірі-ірі көрген-білгенінді қойын дәптеріне түсіріп қойып жүр,- деген сөздерін блокноттан тауып алдым.

Ал **ҮШІНШІ БІР кеңес беруші** кісі – академик жазушы **Сәбит Аймұқанұлы ДОСАНОВ**. Бұл таныстық былай болды:

– Сәбит Аймұқанұлының кітаптарын оқып жүрмін. Ұнады. Тілі жатық, оқиғаларды суреттеуі тым шебер. Бастасаң тастап кете алмайсың. Көсем сөз, көркем сөз, қанатты сөз, асыл сөз, даналық сөз, тағылым алатын арда сөз, бәрі-бәрі бұл жазушының еңбектерінде түнде өріп кететін қой отарындай өріп жүр. Тандайыңызды қағасыз, бәркелді деп те таңданасың, ерніңді жалайсың! Ал ағымдағы газет-журналдардағы «ЕҚ», «Президент және Халық», «Қазақ әдебиеті», «Әдебиет айдыны», «Жас қазақ үні», «Лидер», «Қазақ», «Айқын», «Жұлдыз» журналы, «Хабар», «Қазақстан» т.б. телеарнадан жиі көріп тұрамын.

Бірде «Ақ аруана» повесін оқып отырсам «Батырман» атты, кейіпкермен кездестім. Тауман есімді кейіпкерімен кездестім. Ойыма, өткен ғасырдың 70 жылдарында «СҚ» газетінің бас редакторы Балғабек Қыдырбекұлының айтқаны есіме келді. Бәкен:

– Сенің «Өсек өзін өртеді» фельетонынды алдым. Үтір, нүктесін өзгертпестен нөмерге жібергелі отырмын. Тауман сені «СҚ» қызметке аламын, кел. Сен өзің қалайсың, өткенде Камал Смайылов ЦҚ-ға шақырып едім, Тауман Төреханов Шалқарынан шықысы келмеді-ау деймін. Жағымды жауап ала алмадым дегені бар-ды. Ал енді сен Шалқарда қозы мен қойдың сирағын жеп отыра біресің бе, таста, кел! «Иә, десен, Обкомға өзім звондаймын,- деді де: - сен үндемей қалдың ғой, Алматыға екі Тауман сыймайды деп отырсың ба? Қазақ тарихында сирек кездесетін есім бір Тауман ҚазГУ-де ұстаз, екінші Тауман сен журналист. Екі Тауман Астанаға сыяды», - деп қойған еді.

Міне, үшінші Тауманға Сәбит Аймұқанұлы арқылы кездесіп отырмын. Содан сұрастырып телефонын тауып алдым.

– Сәбит Аймұқанұлы қазақ тарихында екі Тауман бар еді, бірі Тауман Амандосов, екіншісі Тауман Төреханов сізге телефон шалып мазалап отырмын. Ал үшіншісі Тауман әдеби шығарманың кейіпкері болды. Жазушы қарқылдап жып-жылы күлді. Иә, күлкінің де түрі көп қой. Оны блокнотыма жазып қойған едім.

– Иә, Сәкен ағам да сізді бір еске салған еді. Сол Тау аға боларсыз. Мен кездесуге, сөйлесуге құмармын,- деді Сәкен.

– Сәкеңіз Жүнісов пе?,- дедім.

– Иә,- деді.

– Дұрыс айтасыз. Сәкенмен КазГУ-де бес жыл бойы бір факультетте, бір курста, бір топта бірге оқыдым. Иә, ол нағыз азамат еді ғой. Университеттің қыздары да келе жатқанда, иіліп, бүгіліп көз қиықтарын салып, турасын айтсам, ғашық болып қалатын. Сәкен сол заманда бастон матадан тігілген костюм, макентож, кепке, ақ көйлек, бірақ галустук тақпайтын, қоңыр туфли, жүргенде музыкалық дауыс-дыбыс беретін, ал өзі ақ сары, екі беті ақ сары мақпалдай, күрең шашты, қара тұнық көзді, орта бойлыдан, биік нағыз, бүгінгі тілмен айтсақ, Сәкен Сейфуллин еді. Ол заманда Сейфуллинді еске де алдырмайтын. Бірде қазақ әдебиеті кафедрасында Сәкен деп айтып қалып едім профессор Белгібай Шалабаев жағымнан алақанымен тартып жіберіп, «Жауды неге айтасың, аузыңды жап!», - дегені бар «Ағай менің атым да Сәкен ғой, мені айтып отырған ғой студент Тауман», - дегені әлі есімде. Сәкен жатақханада жатқан жоқ. Осы Алматыда бір апасының үйінде тұрды-ау деймін. Әкесі Қызылту ауданының (Көкшетау) бір орта мектебінде директор, анасы – ұстаз деп еститінбіз. Оның бәрін қойшы, кейде демалыс күндері кешкілік жатақханаға (Калинин мен Ұйғыр көшелеренің қиылысы) келіп ән шырқағанда, жатақхана тұрғындары түгелдей жиналып, қол соғатын. Тамаша әнші еді ғой Сәкен.

– Сәбит Аймұқанұлы, уақытыңды алдым ба, кешірім өтінемін, Сәкен Жүнісовтың «Спецподготовкаға» келгені бір тарихи эпизод.

– Спецподготовка дегеніңіз?

– Иә, әрбір сенбі күні университеттің бірінші қабатын бір иығы – дерлік әскери дайындық оқу корпусы болатын. Оны «Спецподготовка» дейтін, әскери атын құпиялап.

Үлкен зал. Ортада құм толтырылған астау. Тактика әскери. Оны майор Грязнов жүргізеді. Бәріміз үнсіз тыңдап отырамыз. Бір кезде, сол ертеңгі сағат ондарда Сәкен Жүнісов кіріп келеді. Майор: **Встать, смирно! Товарищ Сәкен Жүнісов рота построена! Докладывает майор Грязнов!**, - дейді. Күле алмаймыз. Сәкен: **Вольно, садись!**, - деп қолын көтерді. Отыра қаламыз. Ал бұндай жағдай полковник Панкуль сабақ өткізгенде де қайталанады. Мемлекеттік емтихандарды да академик Ісмет Кеңесбаев пен Мұхтар Әуезов алады. Сәкен барлық мемлекеттік емтиханнан бес деген баға алды. Иә, сізбен сөйлесіп, уақытыңызды алып тұрған «жаман» ағаңда асты сызылған бестік алып университетті аяқтаған. Сәкен жайында үлкен эссе жазуға да болар еді. Сонымен Сәбит Аймұқанұлы мен сіздің әлеби

шығармаңыздың басты кейіпкері болдым-ау. Қуаныш, қазақ тарихынды үш Тауман болды.

– Ой рақмет аға,- деп жазушы риза болды.

– Сәбит Аймұқанұлы менің есіме тағы бір жайтты түсірді. Сіздің кейіпкер Тауман батырыңыз дедім.

– Айтыңыз, тыңдайын,- деді.

– Бірде, сол өткен ғасырдың алпысыншы жылдары болатын Сәбит Мұқанов Мәскеуге барғанда белгілі жазушы Галина Серебрякованың үйіне сәлімдесуге барады. Есікті екі көзі жәудіреген сіздің Ақ аруанаңыздағы ботадай, екі беті Алматының апортындай болып тамып тұрған, жасы алпысты алған әйел есікті ашып:

– Охо, Сәбитсіз бе, келіңіз, төрлетіңіз,- деп қолтығына қолын салып Сәбені залына алып кіргізеді. Көзіме оттай басылды, бір әдемі рамада сол жағында Карл Маркс, оң жағында Сәкен Сейфуллиннің суреті. Ас үйден шығып қасымдағы диванға отыра кеткен Галина: «Сәбе, танданып отырсыз ба? Танданбаңыз. Карл Маркс менің шығарманың геройы ғой. Ал Сәкен Сейфуллин менің өмірімнің геройы еді. Сіз маған құдасыз, жалпы қазақтар менің құдаларым» ғой деп, иығыма қолын салды, дейді Сәбе. Ар жағын айтпай-ақ қояйын, Сәбеннен дүниеге келген қызымды қазаққа өз қанына күйеуге бердім. Олар Жамбылда тұрады. Күйеу балам қант заводының бас инженері. Ал өзім Алматының Дзержинский көшесінің қарсы бетіндегі балалар паркінің астында алты ай камерада жалғыз отырдым. Өмірдегі бірінші қалауым Борис Горбатов еді. Оны «Халық жауы» деп ұстап кетті. Көп кешікпей мені, сол жазушының ғашығы, жары деп ұстап абақтыға жапты. Содан осы жақында ғана 25 жылдан кейін бостандыққа шықтым, деп Галина сөзін аяқтады. Сол айтқан Сәбит Аймұқанұлы, ағанды әдеби герой еткеніңізге ризамын дедім ғой. Телефон трубкасынан кеудесін керіп, терең демалғаны естіліп тұрды. Сүбелі жазушы Сәбит Аймұқанұлы.

Иә, бұлай дейтінім: бұл адамға адал қызмет ету арқылы ұлылықты арқалаған адам. Біреу қиналып, небір шаруасы болмай жатса, бәрін тастап, сол пендеге қолынан келгенше бар қызметін көрсетеді. Оның шаруасын шаруалау үшін ұшаққа да отырады, поездардың тамбурында да тұрады, бір аяғын сүйретіп, жаяу да жүреді. Ақкөңіл, ақжарқын, ақпейіл адам. Ақ «Ақ аруанасы» жазушыны әлемге танытты, танытып қана қоймай, табындырды.

Тағы бір шығармасы «Адаспандар, адамдар», нағыз дер кезінде өмірге келген еңбек. Қызыл империя сахнадан кетіп, жаңа ел болып шаңырақ көтеріп жатқан халық сендей соғылысып, қайда барарын, қайда кетерін, не істерін білмей бастары айналып тұрған кез еді. Әлгі қытайлардың қара қарғысы – мемлекет ауысып жатқан кезде ғұмыр

кешкейсің дейтін замана еді. Тап осы кезде Сәбит Аймұқанұлы осы шығармасының атын даналықпен тауып қойған еді. Жанкешті сапарында жатқанда А.П. Чехов айтқан екен, әттеген-ай, тақырыбын таба алмағандықтан он екі шығармады жаза алмай кетіп бара жатырмын деп Сәбиттің даралығы осындай кездерде анық көрінеді.

Менің шығармаларыма да тұңғыш пікір айтқанда осы дара тұлға еді.

Әрине, Сәбит Аймұқанұлының сүбелі шығармалары барлық жерде, тіпті әлемде лайықты да бағыт алуда. Сондықтан да көп жағдайда тартынып қаламын. Мені «Зиялылар атанған қасқой қаламгерлер, байқаймын, Аймұқанұлын көре алмай, іштарлық, күншілдік жасап, аяғы мен қолын байлағысы келіп, сонша ор қазды, қақпан құрды. Бірақ «Аққа құдай жак» деген әділеттің ақ жолымен Сәбит тартып келеді. Ұзағынан болғай, жүз жасаңыз! Бұл күресте сүйеніші мен тіреуші Құралай келіміз бар, жолын қуып келе жатқан ақжарқын Даниярым – немерем бар. Алла, ата-баба аруақтары қолдап, қорғай жүргей деп ақ тілекпен сөзімді аяқтағым келеді.

Қаламгер-жазушы, акын журналистердің бір шоғыры өзі ғұмыр кешіп отырған ортаның тыныс-тіршілігіне, биліктегі атқа мінерлерге көп жағдайларда оппозиция болып келеді. Сол заман тынысын қаламына іледі. Ал Сәбит Аймұқанұлы мына қол-аяққа ілгіш болған нарық замана жайлы да аз қалам тартқан жоқ. Мәселен, мына өлең жолдарын еске алайықшы. Полигон атом сынақтарында туып өскен осы жолдардың авторына кеңінен таныс мына бір оқиғалар да керемет суреттеледі. Алдымен:

*Полигон – жүректегі жарам менің,
Аралым, мен өзіңе алаң едім.
Қазағым енді қайтып күн көрер деп,
Жүк түскен жүрегіме балаң едім, -*

деп сол қасіретті қан жылап отырып суреттесе, мына нарықты:

*Сол аздай дайындықсыз нарық келді,
Байлықты жылпостарға алып берді.
Ғылым мен мәдениет жетімсіреп,
Тағы бір тауқыметті алып келді,-*

деп жүрегінің сыздап ауырғанын баяндайды.

Сонау өткен ғасырдың елуінші жылдары Қазақстан жазушылар Одағының үшінші съезінде М. Шолохов, Л. Леонов келген еді. Шақыру билетімен осы съезге қатысқанмын. Ол кезде мен КазГУ-дің филология факультетінің комсомол-жастар ұйымының секретары болатынмын. Студенттер қазағы бар, басқа ұлт өкілдері бар сол

жазушыларды университетке алып келіп кездесу өткізуді сұраған-ды. Ксения Сергеевна Курова деген куратор екеуміз, алдымен, М. Шолоховты, кейін келесі күні Л. Леоновты студенттермен кездестірген едік.
Сонда Михаил Шолохов:

– Қазақ ұлы халық! Олай дейтінім өздері кешегі Отан соғысы кезінде аш-жалаңаш жүріп, менің әйелім мен төрт ұлымды асырап, аман алып қалды. Ішкі жақтан қанша отбасы қазақ елін панаалады. Л.И. Брежневтың семьясын да аман алып қалған - Қазақ елі. Сәбит Досанов осы бір ұлы тұлға атындағы сыйлықтың иегері. Қазақстанда осы сыйлыққа бірінші ие болған жазушы.

БЛЕ ЖҮРГЕН ЖАҚСЫ ҒОЙ

Алаштың арыстан арысты Ахмет Байтұрсыновтың жары Александра есімді еуропалық қыз болатын. Александра Ахаңа тұрмыс құрғаннан кейін мұсылман дініне кіріп атын Бәдрисафа деп өзгертеді.

Иә, Ахаңа сүйікті жар болғаны үшін Ахмет Байтұрсыновпен бірге Түменге айдалады. Аштық пен қара суық Бәдрисафаны ауруға, кейін жүйке ауруына ұшыратады ...

Ахмет Байтұрсыновты атуға бұйырады ғой жансыздар, жалғыз да-лада қорғансыз қалған ұлы тұлғаның жары Бәдрисафа барлық қорлық пен қысымды көреді. Ақыры талай өңірде болған ол қайыршы болады, өзен жағасына ел төсектен тұрмай, таң сәріде қолына жылқы қылынан істеген қармақ алып өзен жағасында қараңғы түскенге дейін жалғыз қалады. Бір естелікте Александра-Бәдрисафа кешкілік жататын жасырын жеріне келмей қалады. Молдағали деген кісінің үйінің қорасынан мәйітін тауып алады. Көзін тышқан ба, құс па шұқып тастапты. Бұл деректерде ұлы адамның жары 1947 жылы дүниеден осылай озған делінеді. Ол жер Қостанай өңіріндегі Мендіқара аймағы болады.

«Алаш айнасы», 23.02.2000 ж.

Дара жазушы, қазақ халқының ұлы досы Герольд БЕЛЬГЕР: **«Өз басым Олжас Сүлейменовты қазақ халқының біртуар өкілі деп санаймын».**

Мен үшін халқымның бас амандығы бәрінен де жоғары! Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ.

Әлихан Бөкейханов – Алаш партиясының көшбасшысы. Ол Бөкей Ордасының ханы тұқымының ұрпағы. Москва оны 15 жыл «Мәскеу үй қамағында» ұстады, бірден атпады. Москваға келтірген Лениннің өзі болатын. Марксизм-Ленинизм ілімінің аса білікті теоретигі және практигі болған ірі тұлға екенін Ленин бағалаған.

адалдықты паш ететін басылымдар аз. Бұл нарық заманында ақша сөйлейді.

У. ЧЕРЧИЛЛЬ айтқан: *«Қазіргі заманда бәрі сатылады, бәрі сатылып алынады»* десе, кеменгер қаламгер **Джесек ЛОНДОН**: *«Вся жизнь сводилась к вопросу о пище и крове, политики продавали свою совесть, депутаты – народное доверие, рабочие – свои мускулы, женщины – свое тело!»*. Міне, ар-ожданды жинап қойып, осындай заманға келдік.

Иә, кешегі үкіметті-өкіметті қалай даттағанмен жетім-жесірлерді бақты, балаларын оқытты, тегін, әркім қабілетіне қарай жұмыс алды. Еңбек ақыны уақытылы төлеп тұрды, ауырсаң дәрі-дәрмек, курорттар тегін болды. Әрине, ойдай кателіктері мен кемшіліктері де аз болмады. Айтар едім, как ортасында қалам ұстаған журналист болғансын, көзі ашық, құлағы есіткіш, талай өңірді аралап көргенсін, бәрін-бәрін біліп жүрдік қой. «Жалаңаяқ журналист», - деп партократтардың ат қойған сөздерін де есітіп жүрдік. Әсіресе, соңғы сексенінші жылдардан бастап, партократтар пара алуға, лауазымдарды сатуға, өздерінің жақын-жуығын, тіпті тумаларын айтпағанда, қастарына алып «команда» құрды. Аузы қисық болса да бай баласы орнына, партократ төңірегі сөйледі.

Ал, кешегі Қазақстан Орталық партия Комитетінің бір секретары аяқ астынан қайтыс болғанда, сая жайының тек өзінен ғана елу костюм болғанын жазды. Иә, *«Адамның кім екенін білгің келсе, қолына биілік бер»*, - деген ғой **ШЫҒЫС ДАНАЛЫҒЫ**. Кешегі журналист, бүгінгі «жабайы» капитализмнің *бір қайраткері А. Жағанова мен қаржыгер Г. Қарақұсова* бір ресми үлкен жиында: *«Қазіргі қалталы миллионерлер мен миллиардерлердің қазынасы ата-бабаларынан қалған байлық емес, халықтан тартып алған қазына, қалта-қапшық»*, - деген еді. *«Айқын»*, 20.02.20010 ж. Бұл журналист қыздардың ар тазалығы болар.

Ал, белгілі адал ақын **Фарица ОҢҒАРСЫНОВА**:

*Халықтың жады, сыр мұңы –
Дүниенің олмес тұрғыны!
Құлқыныңа түбі қадалар –
Тарихтың қанжар шындығы, -* деп еді-ау.

Белгілі қайраткер **Н. МАКИАВЕЛЛИДІҢ** мына бір даналық сөзі де еске орала береді. Иә, былай деген еді: *«Ұзақ уақыт құлдықта болған халық еліне деген құштарлықтан, отан сүйгіштік пен имандылықтан айрылып, жалтақ, көңіш, тіл алғыш, жағымпаз болады»*, - депті.

Бұл жолдардың авторы алпыс жылдай басылымда тер төккен пенде. Талай оқиғаларға күе. Бірақ арымды - журналисттік ар-ожданымды

ешбір алпауыттарға сатпадым. Сондықтан болар **Болат ТЕМІРОВ** деген белгілі ақын болған азамат:

*«Сүйретіп жастық кезден қалам ұшын,
Жұмсадың жігер, қуат, білім күшін,
Танымал Журналистер Одағында,
Қаламмен жасадыңыз үлкен мүсін.
Талайды тәрбиелеп баптадыңыз.
Намысын журналистің сатпадыңыз.
Ағаны жасы үлкен қошеметтеп,
Ініні соңына ерген сақтадыңыз!»,-*

десе, халқымыздың көрнекті ақыны **Есенбай ДҮЙСЕНБАЕВ**:

*«Кешегі Кеңес кезде тар заманнан,
Аста-тақ, баста-бақыт, барда бағаң,
Алар деп ит етекпен, жау жагадан,
Сіз емес қара басын сауғалаған»* дей келіп:
*«Ғасырдың қасіретін қанмен жазған,
Батыр деп өзіңіздей айтады Ерді»,-* дейді.

Иә, ақындардың – халықтардың қоғамдық пікірлерінен алған өлең жолдарын өзімді мақтау емес, мақтану емес, автордың жұмысына халқы берген баға екенін еске салу. Осы кітапта өзім жайлы талай тартысты толғаулар, пікірлер, соңыма шырақ алып түсушілер аз болмағанын жазған едім.

Белгілі кайраткер, танымал ақын-қаламгер **Есенғали РАУШАНОВ** айтқандай: *«Принципті басшы болу деген қай кездеде жау көбейту дегенмен бірдей»,-* деген еді. Иә, солай.

«Тәукең – редактор тым катал еді»,- деушілер аз болмады. Бірақ солардың көбі кейін түсінді-ау деймін. Мен басшылық еткен «Шалқар» газетінің редакциясы ұжымының тай казанынан тоғыз аудандық газеттердің редакторлары, облыстық газет пен радиотелевидениелардың бірнеше басшылары, орынбасарлары шықты. Бір қатары облыстық партия комитетіне жауапты қызметтерге алынды. Бұл жайына толық ақпарат менің 80 жылдығыма орай ұйымдастыру комиссиясы шығарған *«Тореханов Тауман Алыбайұлы. Биобиблиографиялық көрсеткіш»* атты кітабында берілген. (Алматы, «Қазақ университеті», 2011 ж.).

Әрине, журналист бауырларымды айтып, олардың көңілдеріне дақ салайын деп те отырғаным жоқ. Журналист балаларым, әлгі жазушылық билетті қалтасына салып алып, жоғарыдан қарайтындардан әлдеқайда биік! Басылымдарды көптеп алып қараймын. Әріптес інілерім мен балаларыма, әсіресе, қызларымының

басылымдарда, радио, телевиденияда көтеріп жүрген проблемалық мақалалары, эсселері, естеліктері тамаша!

Қайталаймын, әрбір жаңа іс күдіктен басталады емес пе?! **Алтыншаш ЖАҒАНОВА: «Қазақстан әйелдері»** журналын басқарып тұрғанда, Орталық Комитет талай рет редакторларды осы қызбен әңгімелесуге шақырған-ды. Міне, бүгін сол журналист қыз тағы да: **«Көрнекті қоғам қайраткерлері жымқырады да қашып кетеді, бұл бейбастыққа қашанғы төзуге болады? Солардың балалары... Швейцарияда, Лондонда оқиды... Ал олардың байлығы халықтікі, халықтың ақшасы!!! Ауылды қараңыздаршы, қалай өмір сүреді. Олар ең аяғы Құдайдың берген жеріне иелік ете алмай отыр. Осының барлығын билік басындағылар неге жүйелемейді?»**. (Жоғарыда аталған басылымнан алынды).

Мұндайды ауылды, елді мекендерді аралап көретін, барып адамдармен сөйлесетін журналистерде, қалам ұстағандарда қаражат жоқ. Демек, басылымдардың басым көпшілігі халықтан қол үзіп барады. Ауыл жағдайы солай болғандықтан қамтылмай жатса, екіншіден, әлі де жарияланбаған Цензура ауызды көп аштырмайды. Парламент депутаты **Сәт ТОҚПАҚБАЕВ: «Шетелдердің тәжірибесі мейлінше есепке алынуға тиіс. Ал журналистердің ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін арттыру керек. Әртүрлі істерге қатысты олардың толық мәлімет алып, ақпараттарды елге ашық жеткізуіне жағдай жасалуы тиіс»**. Бұл ақпарат та сонда.

ІСКЕРЛІК САПАР

23.02.2010 ж. Осы күні Пекинге (Әлем мойындаған аты Пекин ғой) түнгі 23-терде жетіп қонған. Келесі күндері Пекиннен кейінгі бір үлкен қаласында болады. Бір қызығы бұл тауды өңірде Әлемге көк шай өндіріп беретін ұжымдар-фабрикалар бар екен. Артықшылығы сонда, мұнда шығарылып, корабтарға салынатын көк шайларды мыңдаған жыл бойы тек қана әлемнің патшалары мен хандарына, бүгінгі президенттер мен министрлеріне ғана беретін көрінеді. Ұлыбританияда корабтарға салынатын көк шайларда сол таулы өңірден шығады екен, бірақ сорттары, сапасы балам әкелген шайдай емес. Әдемілеп өрнектелген, темір болар, корабтарға салынған. Сыртын картон болар, не ағаш жәшікпен оралған, шәйнегі де бар, екі кораб шай. Завод басшылары сыйға тартқан екен. Балам бізге әкеліп берді. Сол күннен бастап анасы көк шай ішуге көшті. Соған себеп болған тағы бір жай 8 март күнімен құттықтаған бір ұлы Иманбай: «Апа, Шалқардың пісіріп, түйе сүтін құйған қызыл күрең қою шайын қойыңыз. Қан дауының түсіретін тек қана көк шай. табыла, тек қана көк шай ішіңіз».-

деген ақылды сөзі де басшылыққа алынды. Сонда балам әкелген патшалар мен хандар ішетін көк шай бірден ұнады. Содан бері көңіл күйі жақсы.

15 әз-наурыз – туған күнім еді. Балаларым, немерелерім, шөберелерім келіп сол күні әжелерінің дайындаған дастарханына жиналды. Сол туған күнмен шетелден балалар звондап құттықтады. Ақтөбеден, Астанадан құдалар т.б. туыс-тумалар телефон соқты. Осылардың бәрі дерлік әжесінің дайындаған дастарханына кешкілік жайғасты. Бірінші рет немерелерімді залда жайылған дастарханның басына-төрге отырғыздым. Енді дастархан төріне отыратын жандарым осылар болады дедім.

Иә, бұл 79 жасты артқа тастап, 80 жастың бірінші күнінің кеші еді. Күн дүйсенбі болатын. Тағы ауырып қалдым... Сол ауру 15-18 күндері әбден мендетіп кетті-ау. Осы бүгін сәл ес жиғандай болдым.

Балам қызымның екі құлынымен түскен жаңа фото-суреттерін шығарып әкеліп берді. Сонша қуанып, серігіп қана қоймай, бұл суреттер жақсы көңіл-күй берді. Қызым өткен күзде, келіп мауқымызды біраз басып, сағынышымызды азайтып кеткен еді. Маған көзге операция жасайтынын есітіп, суыт келіп, қасымызда он күндей болды ғой. Мына суретте сол күздегі ажары анық көрініп тұрды. Суреттерін сүйіп, тәуір болдым. Алла амандықты жазғай деп ақ тілек тілеп отырмын.

«Асыл ағаш тік тұрып, қарғаяды» демекші, балаларым, немерелерім, шөберелерім келіп қошемет көрсетті. Мен картаюға тиіс емеспін ғой. Сонша сый-құрмет көрсетті. Менің немерем Дина: *«Ата, қартаймаңыз, ауырмаңыз, балаларыңыздың қызығын, жұмыс бабымен жүріп көре алмаған шығарсыз, енді немерелеріңіз бен шөберелеріңіздің қызығына тоймайтын күнге жеттіңіз ғой»*, - дегені есімде.

Бір жерде жаздым-ау деймін, бес баламның бес дипломы – менің байлығым осы деп. Оларға қоса немерелерім мен шөберелерім қартайғандағы-қуатым, сүйенішім, таптырмас байлық-қазынам. Ал бәйбішеммен аман сау өткен өмірім де қызығы мол академиям екенін айтуға тиіспін. Жиған-тергенім осылар. Демек, ұрпақ жайған адам қартаймайды!

Ал былай айтсам – бес балам – бес еменім – аққайыным! Немерелерім – бұтақтарым, шөберелерім – жасыл жапырақтарым! Әр қайсысы бір шынар төбем! Алла, Амандық, Денсаулық, ұзақ ғұмыр, татулық, Бак пен Дәулет берегей! Ұлы Ата-Бабалар, әз Аналар әркез аруақтарымен қолдап, қорғай жүргей.- деп ақ тілек тілеймін!

Халықымызда: бес жылып ойлаған ел – бидай егеді; он жылып ойлаған ел – тал егеді, мәңгілігін ойлаған ел – бала тәрбиелейді. - демей ме? Иә, солай!

Иә, «*адам өз ортасына керек еместіктен қартайды*», біз сол бір кезеңде, өте ауыр заманда бастан өткіздік қой. Сол оқиғалар осы кітаптың бас жағында айтылды.

Иә, «*тыныш ұйықтағың келсе, таза ар-ожданьңды төсеніш ет*», - демей ме дана ХАЛҚЫМ. Бар ғұмырым ешкімнің ала жібін аттамай өтті ғой. Ендігі кәрі қойдың жасындай қалған ғұмырыма амандық, абыройлы болғай деп тілеймін.

«Жақсылыққа масаттанба, жамандыққа жасыма!», - дейді ғой ХАЛЫҚ даналығы. Иә, жақсылық іске мақтанған, жамандық іске жасыған кездерім өте аз болды. Иә, олардың өмір болғансын бәрі де болады. Талай қилы заманнан өттім ғой. Адалдық, тазалық аман-есен сақтап келеді.

Міне, бүгін сексен жасқа аяқ басудың алғашқы үш күні өтті. Бүгін аз ба, көп пе ес жинап, осы бір сөздерді жазып тастап отырмын.

АЛМАТЫ қ., 18.03., 2010 ж.

Свинья не делает того, что он сделал ... Галина ВИШНЕВСКАЯ, ұлы әнші.

*Ғабеке, анда-санда Сізді көрем,
Сізді көрсем, бір жомарт күзді көрем.*

*Еліктеп өзіңізге есім кетіп
Көгендеп, ақ қағазға тіздім өлең,
Мейіріммен қарайтын Сізді көрем*

Басқалар үміттерін үзді менен. Мұқағали МАҚАТАЕВ, дара ақын.

Иә, сол бір менің ақынмен Алматының Гоголь көшесіндегі кездесуімді еске түсіреді-ау.

КИНОЛОГ – ГРЕК СӨЗІ

Итпен жұмыс істейтін әскери адамдарды кинолог,- деп атайды. Бұл сөзді бірінші рет майор Грязнов Спагаев ағамызға (КазГУ-дің екінші курс студенті еді) соған, орыс тілін Ұлы Отан соғысында 7 жыл болсаңда білмейсің деп сөккенде есіткен едім. Аға ит баққанын, бірде-бір орысша сөйлесетін, жақын жүрген адам болмағанын айтқанда майор: «Иә, кинолог болдым демейсің бе?», - деп ақырған еді. Содан кинолог сөзін сөздіктен іздегенім барды. «Кино» сөзі грек тілінде «ит» деген мағынаны береді екен. Ит үйретушіні кинолог деп кеткен болды.

Егер сен таудың етегінде тұрсаң, жозарыдан қандай өзендер ағып келетінін білуге тиіссің. Сонда сен сол таулардың игілігін

қалай пайдаланатынын және қауіптің қайдан келетінін біле аласың. Мұрат ӘУЕЗОВ, мәдениеттанушы, дипломат, қытайтанушы.

Си юй – қытайлықтардың табаны тиген жер. Ертеде Қытай купецтері жібек өндіріп соны Батысқа шығарған. Оны тарихта «*Жібек жолы*», – деп атап кеткенбіз. Сол купец, саудагерлер өткен жерлерінің бәрі біздің жеріміз-мекеніміз деп қытайша тарихқа жазып кеткен. Содан болар Қазақ жерінің 400 мың шақырым жерін біздің Қытай жері дейді. Олар Қазақ елінің түгелдей шығысы, Жетісу өңірі, Балқаштың солтүстігі, содан Арал теңізіне дейінгі өңірлерді айтады.

751 жылы Қытай, араб, түрік соғдылардан өлердей таяқ жеп, жеңіліс тапқан.

Қытаймен шекара 1670 км болады. Экономикалық экспансия Ақтөбеден бастау алады. Қазақ жерінде 15 компаниясы-су тегін жұмыс істейді.

Қытайда параның екі түрі бар. Бірі ішкі – бұған ұшыраған адам кешірілмейді. Екіншісі – сыртқы. Бұл елінің мүддесі үшін болса, кешіріледі.

Ресейде Қытайтанушы 60 оқу орны бар. Бізде ешқандай арнаулы оқу орны жоқ. Ал бұл өте қауіпті емес пе?

КЕҢЕСШІНІҢ АЙТҚАНЫ БОЛМАДЫ

Е. ЕРТИСБАЕВ: «Мен Обаманың емес, Назарбаевтың кеңесшісі болып істеймін». «АҚШ-та республикандар мен демократтар дәстүрлі түрде ірі әлеуметтік жобалар бойынша күресіп келеді. Демократтар – бюджет шығындарын арттыру үшін, республикандар – бұған мүлдем қарсы. Шынында да, денсаулық сақтау жүйесінің реформасы Обаманың басты бағдарламасы болатын. Бұл оның сайлау алдындағы басты уәдесі. *Меніңше, 2010 жылы Обама жеңіліс табады*», дейді *Е. ЕРТИСБАЕВ. «Айқын», 17 наурыз, 2010 ж.*

«Айқын» газеті Ертісбаевке өз наразылығын білдіреді осы интервьюде.

Иә, өткен сайлауда 300 миллионның үстінде халқы бар ұлы Державаның халқы түгелдей дерлік Барак Обамаға дауыс берді. Оның сайлау алды саясатын – бағдарламасын колдады. Тек денсаулық сақтау жөніндегі оның бағдарламасы жарлы-жақыбайларға, кедей ортаға 30 миллионның үстіндегі осы саладағы халыққа тегін медициналық қызмет көрсетіледі деген сөз.

Америка халқы бір-екі жылда (2012) Обаманың халықтың мүддесін (байлар, олигархтар, миллиардерлер, миллионер емес) қорғағанын ұмыта қоймас, жадынан шығара алмас. Сол Ертісбаев қорғап-қол-

паштаған байлардың да бұл істі ерте ме, кеш пе түсінетіндері де табылар. Халық жер бетінен жоғалып кетпес!

Редакция:

– АҚШ-тың қазіргі Президенті туралы бұлай сөйлеуге бола ма? Бұл этикаға жата ма? деген наразылығына Ертісбаев:

– Мен Обаманың емес, Назарбаевтың кеңесшісі болып жұмыс істеймін,- деп жауап берді, шіміркенбестен.

Бірінші пікірі.

– Сізді Обама кеңесшілікке, біріншіден, алмайды. Қазақта: «Қонағым аяғыңды көрпеңе қарай көсіл», - деген сөз бар. Сіз өз шама-шарқыңызға қарай сөйлегеніңіз дұрыс болар еді, ә?!!

Екінші пікірі.

– Сонда Сіз Назарбаевты – біздің Елбасымызды АҚШ Президентіне қарсы қойғаныңыз ба? Жақында Елбасымыз АҚШ-қа барды. Осы сөзіңіз Елбасымен кездесуде алдынан шықса, не айтасыз, қай көлеңкеге қарай тығыласыз, ә?!!

Бізден отыз есе көп халықтың көсемін, осы таққа бұрын үлгермей жатып Нобель сыйлығына лайықты деп табылған Барак Обаманы, оның саясатын, экономикалық бағдарламасын халқы, қарапайым халқы үшін жанкешті ісін бағаламау. Әрине, оған баға беруге Сіздің өреңіз (диапазоныңыз) жетпейді-ау деп ойлаймыз.

Болмаса ше? ...

Әрине, кімнің пікірі дұрыс, оны уақыт көрсетер! Тіршілік болса, 2012 жылы бұл тағдыр шешімін табады ғой. 300 миллион халық орында! Басқа елдерге қарағанда сайлау әділетті де өтеді емес пе? *«Халық қолдағанды Тәңір де қолдайды»*, - демей ме ХАЛЫҚ даналығы. Есте болатын бір даналық сөзді жадымызда ұстағанымыз да артық болмаса, ә? Ұлы тұлға Махмуд ҚАШҚАРИ *«Тіл түйгенді тіс шеше алмайды»*, - деді-ау заманында.

20 наурыз, 2010 жс.

«АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ» ДЕСЕК ТЕ ...

Барыс жылының наурыз айының бірінші он күндігі еліміздің оңтүстік шығысына біраз кайғы-қасірет әкелді. Әсіресе, Алматы облысының Қызылағаш ауылы бұрын-соңды болмаған су тасқыны астында қалып, бүкіл ауыл мал-мүліктері, қырықтың үстінде адам, ізсіз кеткендерін айтпағанда, опат болды ... БАҚ-тардан, теле-хабарлардан оқып, көріп жүрек ауырды, жаның удай ашиды, көзге жас келеді.

Иә, халық «апат айтып келмейді» деп жатады ғой. Ол жер сілкінісі – зілзала, ол орт. ол су тасқыны, т.б. табиғи және адамдардың - оның

ішінде басшылардың бейқамдығынан, салғырт қарауынан болып жатады.

Қар өте көп мөлшерде түсті. Көктем келе жатыр. Жалпы Жетісу өңірінде ақпанның екінші жартысынан бастап жер алақанат болады. Наурызда жер қыс, қар құрсауынан босанады. Ал, сонда шенеуниктер «Ау, елді мекендерді су алып кетер-ау, бөгендердің, көпірлердің су тасқынына шыдасы бар ма екен, тексерейік, күзет қояйық»,- деген шешімдерге неге келмеген?

Мына заман, билік алмасып жатқанда халықтық қазыналар, меншіктер жылпостардың қолына өтіп кетті ғой. Жалпы жер, су, орман, тоғай, темір жол, аэропорт, электростанциялар көпір-тоғандар, демек, стратегиялық нысандар-объектілер жеке меншікке берілмеу керек қой. Қызылағаш ауылындағы көпірді жеке адамға сатып жіберген. Ол жолаушы шығарып, көпірге жөндеу жүргізбеген. Бір түнде еріген қар суы бүкіл ауылды басып кетті. Бұл қазіргі тілмен айтсақ адам факторы.

Өкініштісі – қанша өмір қиылды?! Бұл жай қазір Шығыс Қазақстан облысының бірнеше ауданына да келді. Кейбір өңірлерде қардың қалыңдығы 4-8 метрге жеткен. Міне, барлық жол, байланыс тоқтап қалған. Бұл нағыз айта беретін табиғи апат. Бір ауданның өзінде ғана отыз-қырық мыңдай мал өлген. Дәтке қуаты адамдарды басқа жерлерге көшіріп жатыр, жаманат жоқ сияқты.

Осы жолдардың авторының әлі есінде **1963-1964 жылдардың Ұлықұмда аса ауыр қыс болғанын біледі**. Соның салдары өлшеусіз еді. Иә, Ұлықұмның Арал теңізіне қараған бетіндегі құм өңірлерінде биіктігі 4-6 метрлік қар түсті. Ол кездегі мықты көлік «С-100» тракторы, «ГАЗ-63» автокөлігі еді. «Болмадың Алдияр болмадың» дегендей, болмады. **Бұл қыс 1913 жылдан кейін қайталанған болатын**. Шарушылықтар жоғарыдан түскен бұйрық бойынша қой отарларын құмның қазан-шұңқырларына айналасын қамыс-тал шыбықпен қоршап, төбесі ашық қамап тастайтын. Теңіздің жылы ауа-райы әкелген жылмық малды күндіз жайып, кешке қоралайтын. Иә, қарашаның 11-нен бастап түскен қыс, қалың қар, бар тіршілікті матап тастады. Қойшы, бір ауданның өзі ғана осы Аяққұм қысқы мал жайылымына қысқа салған 300 мыңның үстінде малынан айрылып, малшылар таяғын ұстап қалды.

Ал қазіргі жағдай басқа техниканың барлық түрі бар! Тек шенеуник басшыларда жауапкершілік жоқ, ұйымдастыратын іс қабілет жетіспейді.

Осындай топан су алып жатқанда, халық орны толмас қайғы-қасіретке ұшырап отырғанда, шенеуниктер әлі де өз қалталарының жайын ойлап жүр. Тіпті пайдалану мерзімі өткен азық-түліктерді жеткізіп жатыр. Бұдан артық масқара бола ма?

Топан су – парсы сөзі тасқын, сел деген мағына береді.

Ашу алда, ақыл соңында. ХАЛЫҚ даналығы.

Теңіз жанынан құдық қазба! ХАЛЫҚ даналығы.

Қарсы келген мың найзадан зорі, қарсы келген төрт газеттен қорқу керек. Бонапарт НАПОЛЕОН, заманының ұлы қолбасшысы.

Иә, бұл қаһарлы қолбасшының сөзі кешегі Гитлердің армия генералы Паулюстың сөздерін еске түсіреді. Ол сөз осы кітапта бар.

Математика есть гимнастика ума. СОКРАТ, грек ойшылы, жазушы.

ҰЛЫНЫ ҰЛЫҚТАЙЫҚ ТА, АҒАЙЫН!

«Оның, **Олжас СҮЛЕЙМЕНОВТЫҢ**, азаматтық ұстанымы, интеллектуалдық шығармашылығы (*«Аз и Я»*) – азаматтық ерлігі болып табылады. Ойы адамдарды сендіре алатын, өзіне ерте алатын азамат». *Зифа-Алуа АУЭЗОВА, арабтанушы, Нидерланды университетінің «Орталық Азияның интеллектуалды тарихы оқытушысы», «ҚӘ», №13, 2013 ж.*

Ұлы ақын, демократ, айтулы қайраткер Олжас Сүлейменовтың мына бір тамаша пікірлеріне зер салайықшы.

... тап-таза тілді табу мүмкін емес. Корей тілінің 75 проценті Қытай сөздері, француз тілінің 25 процентін араб сөздері құрайды.

Өркен жайған мәдениет – өзгелермен ұдайы, жүздеген жылдар бойы араласып-құраласудан пайда болған.

Қытайлар «азебайжень» деп біздің азербайджандықтарды атап кеткен.

Көп нәрсе, қалай түсіндіруге байланысты.

Тіл – тарихи ақпараттың ең бай қоймасы.

Түріктің «Товарищ» сөзі орысқа ауысқанын көп пенде біле бермейді.

1929 ж. энциклопедиялық сөздікте қазақтардың саны 6 миллион деп көрсетілсе, арада он жыл өткенсін 2 миллион болып қалған. Ал, өзбектер сол жылдары 1 миллион болса, қазір 20 миллион.

Қазақтардың көшпенді өмірден сақталып қалған кеңдігі, контерлігі, жұрттың бәрін өзіндей көретін қасиеті – қазіргі тұрақтылыққа жол ашып отыр.

Толстой – бір-біріне жат халықтар болмайтын болашақ азаматты дайындаған жазушы. Қазақтар нағыз Толстойшыл халық. Қазақтар бәрине далалық перспективадан, алыстан, кеңінен қарай алады. Сондықтан да көбірек, кеңірек көре алады.

... Қазақтардың келешекте үш тілді қатар меңгерген халық болатынына сенемін.

...Мен алфавитімізді латиницаға ауыстыруға қарсымын! Оған көшкен көршілердің оңып жатқанын көрмей-ақ қойдым. Кириллицаны өз алфавитіміз емес деп қуыстанудың тіпті жәні жоқ. Әлемде төл алфавиті бар халықтар аз. Тек қытай, араб, грузин, армян халықтарында ғана өз әліпбиі бар.

Жапония халқы қазір кітап оқуға көше бастаған. Өйткені компьютер ұлттың көзін нашарлатады деп дәлелдейді. Мыңдаған жылдардағы кітаптарды компьютерден оқу, сөз жоқ, көзге де зиян.

Мықты әдебиетті тек мықты оқырман ғана қалыптастырады.

Талантты жазушының қаламынан шыққан кітап тілді байытады. Сайып келгенде, Шекспирі жоқ елдің Ньютоны да болмайды, деп сөзін аяқтайды ОЛЖАС қайраткер. (Т.Т.)

Демократияның бар мәні – халық бекіткен заңдарды қатаң сақтау. Вальтер СКОТТ.

Оппозиция – қоғам дамуының міндетті шарты. Билік қалайда сыналмай қалмайды.

Мемлекет негізі – ұлт. Иә, әлемде мыңдаған этностар бар. Бірақ мемлекет атын алған екі жүздей ғана ұлт бар.

Табиғатта абсолюттік тәуелсіздік деген болмайды. Кез келген мемлекетте барлық ұлттар, ұлыстар өзара тәуелді. Табиғатта бір-біріне тәуелді. «ЕҚ», 12.03.2010 ж.

Иә, айтар едім, көзі жерге түспейтін көкірегі көк тіреп жүрген ақын, жазушымын деп жүргендердің осындай бір пікірін жұртшылық, оқырман білмейді-ау. Өкінішті. «КӘ» газетіндегі Олжас Сүлейменовті жерден алып, жерге салып жүргендерді көре алмаушылық, іштарлық, аяқтан шалушылық. Көбісі Олжастың философиялық, логикалық ой-пікіріне түсінбейді-аудеймін. Солай болар, себебі оған біліктілігі, ақыл-ойы жетпейді.

Олжас – біздің рухани көшбасшымыз. Қалихан ЫСҚАҚОВ.

Иә, Ұлы Абайды да өсектеді тобықты. Жұмекен НАЖМЕДИНОВ, ұлы ақын.

Кезінде Абайды тағынан түсіре алмаған олар, енді Абайдай тұлғаға айналған Олжасты таяққа жыққысы келеді... Олжасты орнынан түсірсек Айды аспаннан түсіреміз,- деп ойлайтын қаскүнемдер, іштарлар, күндестер. Әмірбек БАЛҚЫБЕК, «КӘ», 2010 ж.

Осы жолдардың авторы осы кітапта Фидель Кастроның Бәукеңнен «қазақ қандай халық?»,- деп сұрағанда, Момышұлы «Қазақ Қаныш Сәтбаев, қазақ Роза Бағланова, қазақ - мен»,- деген екен. Иә, Сүлейменов екенін досы да, қасы да мойындайтын кез келеді!

Олжас – көзі ашық, көкірегі кең пенде бүгінгі Абай, бүгінгі Лермонтов! Иә, солай.

АТА-АНАҒА БАЛАҢ 60-қа КЕЛСЕ ДЕ БАЛА

Бүгін 23.03.2010 ж. Ұлым бізбен көрші пәтерін жөндеуге қойып, жаңа пәтеріне қоныс аударды. Көп жылдар бойы көрші тұрғансын әбден етене болып, күніне бір көрмесем, бір рет болса да телефон арқылы дауысын естімесем, қалаланып, мазам кетіп, япырай, не болды екен деймін. Бүгін хабарласпады-ау деп отыратын едім. Сүйікті балаң алпысқа келсе де әке-шеше үшін бәрі-бір бала! Ойланып жүйкем таусылып қалып, ақыры аурып қалдым. Оны анасына ұлының өзі бір келгенде: «Осы әкем ауырып қалыпты, менің қоныс аударғаным себеп болған жоқ па екен?»,- депті.

Ал 27 наурызда қызым звондап: «Ұлыңның қоныс аударғанына переживать етіп, ауырып қалдың-ау, ә? Солай ма?»,- деді. «Өткенде де бір ауыр жағдайда түсіме енген едің»,- деп қойды. Иә, бір қаланың іші, телефоны, мобильный бар, хабарсыз отырмайды ғой деп менің көңіл-күйімді біраз көтеріп тастады.

Иә, ертеңіне балалар келіп сәлем берді. Оның ертеңіне тағы келіп, біраз отырып әңгімелесті.

27.03., 12-14.04.2004 ж. Осы күндері аса күйсіз халде болдым. Қайта-қайта ауру басталды.

Бұл ауру, көбіне, көңіл күйді құлазуынан болады-ау деймін.

22.04.2010 ж. Екінші көзге операция жасалып, хрусталик кигізілді лазер арқылы. Бұл операцияны да Киевтік **КОВАЛЕНКО Андрей Владимирович** жасады.

Әрине, бұл операция да сәтті өтті-ау деймін. Өзімді жақсы сезіндім. Бірақ ішке ас тұрмай әбден әлсіреп қалдым – көп қиындық келтірді. Қызым үй ішімен қайта-қайта телефон соғып, жағдайымды сұрап отырды.

23.04.2010 ж. Коваленко А.В. қабылдады. Алғыс айттым.

24.01.2010 ж. бастап **Марина Анатольевна ВОЛКОВАНЫҢ** камкорлығындамын. Бірнеше рет «Коновалов Офтальмология Орталығына» жетектеп апарып жүрді қызым. Көп рахмет – азамат екен, бәрін айтпай түсінеді.

ДА, ИНТЕРЕСНЫЕ МЫСЛИ

Защищаться труднее, чем нападать. Қ. ТОҚАЕВ, дипломат.

Революции задумывают романтики, осуществляют фанатики, а их результатами пользуются подонки. Отто фон БИСМАРК, первый канцлер Германии.

Жалпы біз білетінде әкесі Кемел Тоқаев – белгілі жазушы. Әділдік жолымен өткен адам. Өмірінің басталуы жетімдік, анытық.

кедейлікпен. Содан ба, қайдам, әлде Мәскеудің халықаралық қатынастар институтының түлегі Қасым-Жомарт Тоқаев та таза жолдың адамы ғой. Билікке табиғатында құмар емес, біреуді, тілдеуді, сөгуді білмейді. Сүйегіні таза ауада серуен құрып, кітап оқығанды жақсы көреді. **ХАЛЫҚТЫҢ: «Тек жүрсен, тоқ жүресің, домаланып көп жүресің»**,- деген қағидасын басшылыққа алатын азамат болар. Билік басының: **«Қабакты түйін, столды жұдырықтап ұрып, көзді алартып қарамайсың ба?»**» деуі де тегін емес болар.

Иә, таза адам аяғын көсіліп тастап, ұйықтайды демей ме халық. **АҒЫЛШЫНДАРДЫҢ: «Живите сами и дайте жить другим!»**,- деген ұлы сөзін басшылыққа алатын болар.

Нищета ведет к революции, революция к нищете. Виктор ГЮГО.

ИӘ, БҰЛ ЗАМАН ТАЛАБЫ!

Айтар едім, қазақты тек өзінің Ана тілімен шектеу – жас қауымның аяғына кісен салып, өз үйінде отырып, тұншығып өлуімен бірдей. Орыс тілінен бас тарту, бас тартқызу- ата мен аналардың күні бүгінге дейін **жетпіс-сексен жылдан астам уақыт айтылған, жазылған барлық тарихи-мәдениеті, техникалық, ғылыми алтын қордан жас ұрпақты айыру деген сөз! Ертең бұл кириллицамен жасалған барлық ғылыми әдеби-мәдени тарихи кітаптарды жас ұрпақ латын әліппісіне көшкесін оқи алмайды.** Біз сонау елуінші жылдары араб алфавитін үйренген болдық. Онда да тек филологтар, лингвистер ғана оқыды. Бұл ұсынысты жасап жүргендер **«менің талап етуіммен латынға көштік»**,- деп тарихта өз есімін калдыру үшін жанталасушылар.

Тарихқа көз жіберсек, XVIII ғасырда француз тілі үстемдік етсе, XIX ғасырдың екінші, жирымасыншы ғасырдың бірінші жартысында неміс тілі тарихқа ілінді. Ал орыс тілі әлемдік бес-алты тілдің бірі болып күні бүгінге дейін БҰҰ органдарында қызмет етіп келеді.

XXI ғасырда ағылшын тілі әлем тілінің жетекші сатысында көтерілді. Себебі барлық нарықтық қатынас осы тілде жүреді.

Біздің ұрпағымыз сәби, балдырған күндерінен бастап өзінің Ана тілін, орыс тілін, ағылшын тілін меңгерсе, өз нандарын еркін тауып жей алады. Бұл заман талабы! Оған қарсы болмау керек.

Иә, **«Бір жігіт таққа отырса, қырық жігіт атқа отырар»**. Бұл қай заманда да бар ақиқат сияқты. Халық адалдықты, әділеттікті көкеспей отыр ғой.

Қару асынған қоршауда әділдік болмайды. ХАЛЫҚ дапалығы.
2010 жс.

ӨТЕ ОРЫНДЫ ПІКІР

Журналистер академиясының президенті *Сейдахмет ҚҰТТЫ-ҚАДАМ*:

– *Теледидарларда әртістерді көп көрсетеді. Ал халыққа ой керек. Экранда рух, мәдениет, салт-дәстүр мәселелері көп айтылу керек. 2010 ж.*

Г.К. БЕЛЬГЕР АЙТҚАН ЕКЕН...

40-шы жылдардағы (20 ғасырды айтып отыр) қазақтар – құшағы ашық, пейілі кең қазақтар еді. Ал қазіргі қазақтардан қорқамыз дедім, мен ол кісіге 40-шы жылдардағы қазақтар – Құдай деген қазақтар, ал қазіргі қазақтар – «мұнай» (ақша) деген қазақтар... дейді. *Герольд Карлович Бельгер, атақты жазушы, «Айқын», 24.04.2010 ж.*

Еңбексіз өмір – сонген көмір. ХАЛЫҚ қанатты сөзінен.

Бір мылтық аузына мың адамның өмірі жұтылады. ХАЛЫҚ даналығы.

Қазақтар бір-бірімен амандасқанда «Ассалямалейкум!» деп жатады. Олар арабша: бейбітшілік, ля – тыныштық, ма – жақсылық. Ал бұрын – 20 ғасырдың бірінші жартысында: ассалямалейкум дегенді: – Алланың нұры жаусын дейтін еді, уәәләйкум ассалям сөзін: – Алланың нұры сағанда жаусын деп түсіндіретін еді.

КІТАП – ӨМІРГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ ЕДІ

Қытай мемлекетінде ұрлық істесең, оның түріне қарай ауыр, жеңілдігі ескеріліп, ұрының саусағын кесетін заң болған екен.

АЛ КІТАП ҰРЛАСА ШЕ?

Кітап ұрлағанға ешқандай жаза болмаған. Неге? Кітап ұрлау – білімге деген құштарлық деп саналған. Иә, мұндай білімге деген құштарлық кешегі біз өскен Совет мемлекетінде де аса қымбат бағаланған еді. КазГУ студенті жылдарында, жылына 100-150-дей кітап оқитынмын. Содан болар, кез келген ағымдағы, мемлекеттік емтихандарда «5» «отлично» деген бағамен аудиториядан шығатыным. ***Білімге, кітап оқуға деген құштарлық – өмірге деген сарқылмас бұлақтың көзі еді.*** Қазір ше? Мәселе қою ретінде – ұрпаққа.

Қазір ойлап отырсам: жас кезінде оқығаның тасқа жазылғандай мәңгілік есінде қалса, қартайғанда көрін білгенің – құмға күйіп қалған сұ-

дай ізсіз қалады екен. Бірақ естелік-мемуар жазатын есің түгел болмаса, бәрі бос дүние ғой. (Т.Т.).

«КӨШІМ ХАН – ҚАЗАҚ СҰЛТАНЫ»

Шоқан Уәлиханов.

КӨШІМ хан 1510-1520 жж. ішінде қазіргі Арал теңізінің солтүстігінде (демек, Кішіқұм, Ұлықұм аталатын Ұлы борсық құмының, Шалқар көлінің, Мұғалжар таудың оңтүстігінің бір жерінде дүниеге келген тұлға. Демек, осы жолдардың авторының – біздің ата мекеннің бір тумасы. Мен оны **Шоқан УӘЛИХАНОВТЫҢ** жазбаларына сүйеніп кітаптарымда бірқатар деректер келтіргенмін. Және: **«Көшім ханның қазақ екенін оқымысты тарихшылар Н.М. КАРАМЗИН, А.А. ЛЕВШИН, П.И. НЕБОЛЬСИН және Ресей Сібір тарихшысы Г.Ф. МИЛЛЕР тағы басқалары да оны қазақ деп жазған».** (М. АБДИРОВ. *Көшім хан. Простор.* - 1993. - №9. - 207-223 б.).

ТАҒЫ БІР ДЕРЕК. Көшім хан жас кезінде Батыс Сібірге коньыс аударған. Сол өңірде бытыраңқы халықтардың басын қосып хандық құрады. Негізгі тұрғындары – арғын, қыпшақ, табын, жалайыр тайпалары болған. **Астанасы ІСКЕР шаһары** болған. Мықты хандық болып саналған. Көшім ханның ханымы – **СҮЗГЕ**. Сүзге атышулы ару-сұлу, елікті көзінен тигізетін садақшы мерген болыпты. Замандастары Сүзгені **«Таң Шолпаны»** деп әнге, жырға қосқан, аса ақылды да ханым деп таныған. Көшімхан сүйікті сұлу ханымына орман ағаштарынан қалашық салып берген.

Аяқастынан ресейлік Ермак бастаған отарлаушы-жаулаушы әскерлер хандықты басып алуға кіріседі. Олар, алдымен, Сүзгенің сарайын басып алуға ұмтылады. Сүзге беріспейді. Ақыры Сүзге: **«Менің адамдарымды аман-есен бостандыққа жіберсеңдер, мен сарайды сендерге қарсылықсыз беремін»**, - дейді. Ермак әскерінің басшылары келіседі. Сүзге сарайындағы барлық байлықты сол адамдарымен Ертіс өзенінің бойымен қайықтарға салып ағызып жіберіп кұтқарады.

...Сүзге ханым бар сәнді киімдерін киіп, қаруын асынып, Сарай биігіне шығып, ұзақ қарап тұрады. Ар намысын қорғап, ақыры өзіне қол жұмсап дүниеден өтеді. Ермак әскерлері ару да сұлу ханымды тауып алып, сүйегін Ертістің ең биік төбесіне – жер қойнына береді. Бірақ сарайдан бағалы ештеңе таппайды.

Бұл кезде Көшімхан да қолға түседі.

Иә, ұлы хан Көшімді, ұрпағын Россия патшасы өз «қамқорлығына» алып, таулық Шамиль батыр сияқты, ішкі Россияға көшіріп алып,

қыздарын орыстарға күйеуге береді, ұлдарын орыс қыздарына үйлендіреді. Сөйтіп Көшімхан ұрпағын орыс ішіне сіңіріп жібереді.

Иә, бір ұрпақ Шалқар қаласының бір көрнекті жеріне жерлес Көшімхан мен ханымы Сүзгеге ескерткіш қойса, қандай тәрбиелік мәні болар еді. Қалада бір көшеге атын берсе де артық болмас.

АЛМАТЫ қ., қаңтар, 2009 жс.

*Парақор биге ісің түспесін,
Сараң үйге кісің түспесін. МАЙҚЫ би.*

ӨТЕ ЖАМАН ӘДЕТ-АУ, БҰЛ, Ә?

Қазақ қазақтың сөзіне сенбейді. Ал басқа біреудің айтқанына құдайдай бас иеді, әрі иіліп қалады. Иә, өзімізді өзіміз сыйлап, қастерлеу қасиеті жоқ-ау. Бұл басқа ұлттың құлдығында болған халыққа тән құбылыс деп айтуым керек-ақ. Бүгін айтуым керек, *Тәуелсіз Елге тәуелсіз психология керек-ақ.*

Ливенцов Ақтөбе облысына бірінші басшы болып келді. Бірде Шалқар ауданында ауыл аралап жүріп:

– Мынау, немене өзі? Қазақы бала ғой, «Қазақы бала-бала емес» дегені әлі есімде. Иә, қой бағып, шаршап, ерні жалақ болып, кезеріп, күн жеп қойған қазақ баласын көріп, қолын сілкіп тұрып бастықтың айтқаны.

Ешкімде үн жоқ, мылқау адамдар сияқты болып қалды, қасына еріп келген нөкерлер, аудан басшылары-партократтар.

Ойлаймын-ау, ал қазір ше?

Иә, *қазір сол қазақы балаға қол жеткізе алмай жүрміз ғой.* Есімде қалғаны – ол қой бағып келген бала Ливенцовқа ала көзімен ата қараған еді. Ішінде ыза, кек бар сияқты.

Бұл жайт А. Македонскийдің өлер алдындағы сөзін еске түсіреді-ау. Ол сөз осы кітапта бар.

Спокойство – это подлость души. Лев ТОЛСТОЙ.

Қазақша: Енжарлық рухани опасыздық деп аударсақ, ә. Дұрыс па?

ОЙЛАНЫП КӨРШІ, БАУЫРЫМ

Адам, сен өзіңді өзің сақтай біл.

Тән тірегі – денсаулық. Айтар едім – дүниедегі ең мықты адам, өзінің сезімін, өзі басқара білетін адам.

Иә, адам гүмпырындағы ең қайғылы құбылыс – ойсыздық.

Адам, сен осы бір құйындай соққан дүниеге – қонақсың! Иә, адамда аз ба, көп пе ақыл бар, бірақ ғұмыр қысқа ғой. Айтар едім, *кейде ақыл да азап, себебі ақылды адамның досы аз, жасауы көп.*

Байлық – мұрат емес, білгенге.

Иә, жоқтық та ұят емес, түсінгенге!

Бүгін күлсең, ертең налуың мүмкін. Себебі – тәңір біреу де, кезек екеу ғой. Бүгін *тақтасың, ертең боқтасың.* Дүние сұм осылай қайталана береді. Бұл ғылыми тілмен айтсақ – диалектикалық заң!

ӘУЛЕТ ҮШІН ТАРИХИ КҮН

Бірінші май, 1960 ж.

Шалқар қаласы. Күн жексенбі болатын. Мен қыздарымды ерітіп 1-май мерекесіне кеттім. Ал мамасы ішін көтере алмай үйде қалды. Бірақ қолын жылы суға малып отырған әйел емес. Балаларының киім-кешегін жамап-жасқап, балаларды күніне екі рет – түсте ұйықтатар алдында, кешке де – төсекке жатқызарда жуып, әйттеуір тыным таппайды.

Түсте үйге келсек, ет асып қойыпы.

Иә, ол заманда ет асу–арман болатын Біз балаларымызбен ет жеуге отыра бергенімізде:

– Мені роддомға алып барасың ба?- деді.

Шалқар – Қазақ елінде жалғыз Москва уақытымен жүретін аудан. Олай болатын себебі негізгі кәсіп темір жол. Халықтың басым көпшілігі темір жолда жұмыс істейді.

Түстен кейінгі Москва уақыты 15 сағатта мамасы жарық дүниеге екінші ұлды алып келді. Қуанышта шек жоқ! Есімін қойдым. Зерек болып өсті. Теміржол орыс орта мектебін үздік бағамен бітірді. Москваның институтына 2 емтихан тапсырып, олардан «5» деген баға алғансын, қалған екі емтиханнан босатып, институтқа қабылданды.

Иә, институтты да үздік бағамен бітірді.

ҚАЗАҒЫМ айтқан: Ақылсыз адам көп, ақылды адам аз. Ақылды адамның досы аз, жасауы көп! Ғұмыр осылай қайталана береді. Адам осы құйындай соққан дүниеге қонақ! Бірақ оны түсіне беретіндер аз ғой. Адам өміріндегі ең қайғылы құбылыс – ойсыздық емес пе!
МАМЫР, 2010 ж.

Балаң жақсы болса, Жердің үсті артық, жаман болса, асты артық, ҰЛЫЛАР сөзінен.

Иә, Жаратушы Ием кеңшілік жасасын балаларымның, немерешөберелерімнің Анасы екеуміз олардың қызығын көре бергіміз келеді ...

ЕСТЕ ҚАЛҒАН БІР ЖАЙТ ЕДІ

Обкомның бірінші хатшысы Х.Ш. Бектұрғановпен болған іссапарда суреттерімен «Қоян-мысық» атты акпарат жазған едім. Соны Батыс Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Коломеец дұрыс емес деп, үлкен жиында мені сынаған, бірақ кейін Х.Ш. Бектұрғанов қорғап қалған еді. Қазақ ССР Ғылым Академиясы коштамады, СССР Академиясы жоққа шығармады, растады. Бұл акпарат толық басқа бір кітапта баяндалған.

Мунафиь – шығыс сөзі. Мағынасы – бір жақ беті ақ, екінші жақ беті қара. Демек, екі жүзді дегенді білдіреді.

Мәселен, Хадистер (өзі – сол 6 мыңдай екен) соның іріктеп 200-дейі орыс тіліне аударылған. Ал Хадис – Мұхаммед пайғамбардың өз өміріндегі барлық көрген-білгендері, іс қимылдары. Осы тіршілік – бәрі жазбаға түсірілген. Бүгінгі күнделік іспеттес-ау, өзі.

ДҮНИЕДЕН КІМ ӨТТІ, БІЛЕСІҢ БЕ?

Өткенде айтып, жазып қалдырғанымдай, 1962 жылы Ақтөбе обкомы Темір аумақтық ауыл шаруашылық басқармасын ашып, оған Темір, Байғанин, Ойыл аудандарын бағындырып, облыстық селолық газет ашты. Обком сол газетке мені бас редактордың бірінші орынбасары етіп жіберді.

Мен үйімді көшіріп әкелгенше бір айдан астам уақыт Бақытжан Жанасаевтың үйінде тұрдым. Бәкең, жұбайы Үрзия туған баласындай бағып, күтті.

Сол мамырдың ішінде үйімді көшіріп әкелуге жолға шығамын дегенімде, Бәкең үлкен ұлы Болатты қасыма қосты. Ол кезде Болат 11 жаста еді. Жалаң аяқ, жалаңбас үстінде көне көйлек. Сол бала ҚР генерал-лейтенанты болды.

Иә, кейін мені Обком Шалқар аумақтық ауылшаруашылығы басқармасын ашып, сонда ашылатын облыстық селолық газетке бас редактор етіп жіберді.

ЕСТЕН КЕТПЕС ӨКІНІШ. Сол жетпісінші жылдары Бақытжан аға дүние салды. Оны Болат звондап айтты. «Папам қайтты, қасында жалғыз отырмын».- деді. Иә, туысқан адамдай қамқорлығына ие болған ағаға топырақ сала алмадым. Жұмыстан жібермеді.

2010 ж. мамыр. Сол қайырымды жеңгеміз Үрзия дүниеден озды деген суық хабарды басқа біреулерден алдым. Көзге операция жасатып, қараңғы дүниеде отырған күндерім еді. Болаттың мобильный телефонына бірнеше рет звондап ала алмадым. Иә, дүние шолақ деген осы!

ІШТАРЛЫҚТЫҢ ... СЕБЕБІ ОСЫ-АУ

Кешегі Кеңес Өкіметі заманында Компартия ақыл-есі бар, ойы бар тұлғаларды өздерін мадақтатып, іргесін нығайта түсу үшін өздеріне тартып, оларға үй-күй, түрлі атақтар берді ғой. Сол дәстүр, идеология, стиль қазір «жабайы» капитализм – олигархтар капитализмін құрып жатқан елдерде де өріс алууда.

Ал, бұл мадақтап, мактап, сыйлықтар, атақтар беру әлемдегі көптеген мемлекеттерде жоқ деп айтуға болады. Ал сондай сыйлықтарға, марапаттауларға ие болмаған, бірақ оған ие болғандардан тіпті де кем емес, артық болмаса, міне, осы жерден іштарлық, көреалмаушылық, ышқырға тас қыстырушылық, өсек-аяң етек алады. Мына біздің Түркияда мұндай атақ, мадақ жоқ. Тіпті көп елдерде жазушылар одағы деген алып-сатар, ағайын-туманың, жекжат-жұраттардың, қалталылардың, одақтары да жоқ. Содан өкпе-наз, аяқтан шалу, арыз-шағым, түрлі анекдоттар өріп жүр. Анау ана олигархтың тумасы, жекжаты т.б. Иә, шынында, солай. Шындық осы. Қайтесің. Тыныштық керек.

Журналистер:

– Абайла, Абай бол!- деп қақсап айтып жатады. Елден бір-екі рет келген көзі ашық адамдар:

– Осы журналистер, абайла, абай бол деп, ұлы Абай есімін кез келген жерде айта салады!- деп іреніш білдірді. Ол сөздің синонимі бар емес пе? Байқа, байқап жүр десе де болады ғой. Иә, солай.

– *Мемлекеттің әрбір тиыны сол ұлтқа қызмет еткенде ғана, мемлекет мұратына жетпек. Джавахарлал НЕРУ, Үндінің ұлы көсемі.*

Бізде күнкөріс мөлшері 12-13 мың теңге. Ал Ресейде 25 мың теңгеге бағаланады. Қазақ елінде халықтың 40% жан басына шаққанда осы 12-13 мың теңгемен күнелтеді екен.

Статистика тағы да: халықтың 15% табысым жетеді деп есептесе, орта дәрежелі кәсіпкерлер осылай дейді. Ал халықтың 3% ешқандай мұқтаждықты сезінбейміз,- деп айтады. Олар қалталылар.

2010 ж.

ТҰТЫНУ ҚОРЖЫНЫ ҚАНДАЙ?

Иә, әр елде әртүрлі. Ресейде бір адамға тұтыну қоржынына 156 түрлі азық-түлік, зат кіреді. Францияда 250; АҚШ-та 300; Англияда 450 болса, Қазақстанда небәрі 43 товар түрі қарастырылған. Мұны 2005 жылы тамақтану институты бекіткен. Ал, ең төменгі зейнетақы бізде 15610 теңге болса, күнкөріс қай дәрежеде болады? Инфляция

ұшынып тұр. Статистика агентігі ішкі өнім жан басына шаққанда 11 мың доллардан келеді дейді. Әрине, миллионер мен бизнесмендердің, шенеуніктердің табысын жалпы халыққа қосса, солай болады.

Қаңтар, 2012 ж.

ТАБИҒИ ТАЛАНТЫҢ БОЛМАСА ...

Қаламгер-журналист, жазушы, ақын, өнер қайраткері болу үшін, ең алдымен, ол адамға Жаратушы Ием – табиғатына тән талант-дарын бітіру керек.

Сол таланттың, дарынның көзін ашатын шабыт! Шабыттану үшін талант қажет. *А.П. ЧЕХОВ* айтқан: «*Талант – 99 процентов потенция, один процент вдохновения*», - деп айтқанын бірқатар қаламгерлер жете түсіне бермейтін сияқты. Талантың-дарының болмаса, күндіз-түні қалам ұстағаныңмен ешқандай жемісті еңбек тумайды. Ешектің күші адал. Ол адамға көлік ретінде күндіз-түні жұмыс істейді, бірақ *ешек ешек болып қалады!* Чеховтың айтып отырғанындай, тоқсан тоғыз процент тер төгу талант арқылы ғана қаламгер етеді. Талантқа – шабыт керек, бап керек, жақсы жағдай керек, тыныштық керек. Осы таланттың көзін ашу үшін шабыттандырады. 99 % деп отырғаны осылар. Ал қазір біреуге ақша беріп жаздырып, бір брошюра шығарып, ақшамен жазушылар билетін сатып алып, «Мен жазушымын!»,- деп төсіне, көкірегіне ұрып жүргендер аз ба? Қанша миллиард халық болса да, солардың бір тамшылары ғана талант иелері. Олар адамзат тарихында алтын әріппен жазылып қалады. Ал талантсыздар ше? ізі де, өзі де жоқ, қалмайды!

АСЕКЕҢНІҢ АЙБАРЫН ШЕКТЕГЕН ЖІГІТ

... бірде Алматыдағы жоғары партия мектебінде дауыл сокқандай үлкен қапылыс басталды. Үлкен зал іші қою тыныштыққа бөленді. Сыбыр-гүбір, бірі Д. Қонаев келеді деп, бірі бір үлкен бастық келеді деп жатыр. Залға курс жетекшісі Т.Д. Логинова бастап, бір апайтөс тұлғаны алып келді. Ол Асанбай Асқаров екен. Обком басшысы. Орталық партия Комитетінің бюро мүшесі. Мінберде сайрап тұр, жағы жоқ шешен! Бір кезде мінберді қолымен қойып қалып:

– Әй, сен тұр! Мұнда ұйықтауға келдің бе? Шық!- деп айғайлап жіберді. Бәріміз залдың арт жағына аңтарыла қарадық. Бір кара торы жігіт орнынан баяу тұрды да:

– Аға, кешіріңіз. Мен Қырғызстаннан келген қырғызбын, осында оқуға келгенмін. Түнде жемем шақырын. үйіңде таң атқанша

жеңеміздің шашбауын көтеріп отырып қалдық. Жігітке жеңген артық кім бар дейсіз! Осы жана көзім, ілініп кетіпті. Аға, кешірім сұраймын. Сіздің жеңгелеріңіз де бар шығар, бірақ өзіңіздің түріңізге қарағанда, жеңгелеріңізде қартайып қалған шығар, жігітке жас жеңген артық жан болмас. Ол жеңгем менің бар еркелігімді көтереді. Сіз де көтерерсіз. Айтып тұрған әңгімелеріңіз құлаққа тағы болғандықтан, қалғып кеткенмін ғой,- деп орнына отыра кетті.

– Саған сөз жоқ!- деп Асекең лекциясын жалғастырды. Бұл Қазақстан, Қырғызстан редакторларының бір бас қосуында болған еді.

1975 жылдар болар, көшірілді.

КЕШЕГІ ПАРТОКРАТ ПЕН БҮГІНГІ ӘКІМ ...

Иә, екі дүниенің күәсі, екі замананың тоғысы кезінде ғұмыр кешкесін, ес біліп, етек жинап, барынша білім алып, өмір күресіне бойлай араласқаны болар, күні бүгін ой елегінен өткізіп көрсем, осы бір екі кезең жайлы басқа түрлі пікірлер жинала береді. Соның бір-екі оқиғасын таратып көрейінші, құрметті оқырманым.

Коммунистер көмкерген кешегі дәуірде аудан, облыс басқарған ондаған бірінші хатшылармен жұмыстас болдым ғой.

Бірінші хатшылар, әрине, бәрі емес, біреулері:

– Не айтып отырсыңдар? Халық деп не оттап отырсыңдар? Халық-қой, халық-мал, халық деп отырғандарың – тобыр қалай айдасан, солай қарай жүре береді, ыға береді. Сондықтан тек партияны тыңдандар. Халықтың ой-пікірі, көзқарасы бізге керек емес,- деп күркіреді. Сөйтіп, халықты қойша, малша алдына салып айдап жүрді. Содан ауыл, елді мекен колхоз, совхоз басқарған басшылар хатшылардан қорыққаннан жік жапар, жермен жексен болып, алдында құрдай жорғалайды.

Ақыры интеллигенцияда жағымпаздық, бас июшілік, тіпті реті келгенде, туған күнінде, т.б. күндері өкшесін жалап, мактап, мадақтап, еңкейіп, бүгіліп, «конверт» ұсынушылық өмір тынысына ене бастады. Иә, енді солар биік лауазымдарға тартылды. Олар өздерінің жақын жуығын, туыстарын қастарына, билікке тартып отырды. Соның салдарынан билікке кездейсоқ, партократтар да келді. Енді «Пара берген өсе береді, бермеген, аузымен құс тістесе де, өше береді» деген қағида пайда болды. Бастықтар ол кім болса, о болсын, уақытылы «взносын» уақытылы төлемеген талайларды жерден алып, жерге салғанын көрдік-ау. Сол партократтардың балалары сабақ білсін, білмесін, білімсіз болсын оқыды, өсті тіпті дипломдарды үйде отырып, почтамен алығзанын да көрді халық. Сол кезде кара «Волга», кара порт-

фель, кара макентож, кара шляпа, кара туфли» деген сөз тіркестері айтылып жүрді.

Иә, мемлекеттік құрылым алмасты. Сол социализмнің партократтарының үрім-бұтағы, ұрпағы дым көрмегендей, аш қасқырдай халықтың 70-80 жыл бойы салған, өндірген объектілерін пышак үстінен бөліп алды. Тағы байи түсті. Бұл қоғамда да билікке ие бола бастады. Бәрі сатылатын, бәрін сатып алатын қоғамға-нарықтық экономика заманына келді де, әкімдік лауазымды сатып ала бастады. Әрине, барлық әкімдер солай істеп жатыр деген пікірден мүлдем аулақпын.

Билік қолына тигенсін әкелеріне елді мекеннің, ауылдың, көшелердің аттарын беруді көтерді. Кешегі партократтардың балаларының бұлай істеуі ұнамасада ашық пікір айтудан тартынды халық. Себебі, әбден жасқанып, құлдыкка бас ұрып қалған халық төмен қарай берді.

Бір әкім әкесінің қайтқан күніне артелериядан 25 дүркін оқ атқызып, теңгені ұшақпен көшеге шашқанында халық көріп тұрды. Ләмиім деп ауыздарын ашпады, шашқан ақшасын еңкейіп алуға ар-ождандары жетпеді халықтың. Олардың әкелері кешегі бірінші хатшылар, совхоз директорлары. Олардың не істегенін халық білсе де, ештеңе айта алмады. Қазір қарап отырсам, біраз елді мекендер, ауылдар сол кешегі партократтар есімімен аталады, көшелерге сол есімдер берілген. Совхоз директорлары шаруашылықтағы қойдың 10 мыңын иеленді, ал малшылар таяғын ұстап қалды...

Иә, бір прокурордың бүкіл қорымды трактормен күреп, сыпырып тастап, әкесіне биік кесене салғызғанын да баспасөзден оқыды халық.

Карл МАРКСТІҢ «История повортят первый раз как трагедия, а второй раз как фарс¹⁴», - деген сөзін келтірген едім. Мұны студент кезімде блокнотыма жазып қойғанмын.

ОТҚА ОРАНҒАН ТАРИХИ МҰРА НЕМЕСЕ АҒҒАРЫ АШЫЛҒАН НАРЫҚ

«...бір облыстың әкімі халықтың арасына жүздеген әскермен барыпты. Әкімсің бе, тазасың ба, халыққа адалсын ба? Жеке өзің барып сөйлес халықпен, аиқы да болса, шындықты айт. Сонда гана халық құрметтейді», - дейді белгілі қоғам, мемлекет қайраткері, Оразалы СӘБДЕН, «Қазақстан-Заман», 20.05.2013 ж.

¹⁴ Фарс [фр. farce] – фр. слово. 1). Легкая комедия; 2). Комедия или водевилль грубоватого содержания; 3). Шутовская выходка, грубая шутка; 4). Нечто лицемерное, циничное и лживое. Словарь иностранных слов. М., 1989, стр. 553.

Нарық заманында бәрі сатылады, бәрі сатылып алынады.
У. ЧЕРЧИЛЛЬ.

18.10.2010 жс. Иә, КТК телеарнасы кәдімгі Шалқар шаһарындағы баяғы Ленин атындағы теміржолшылар клубының күл болып өртеніп жатқан орнын көрсетті-ау. Қою кара түтін, қызыл шок, ерсілі-қарсылы жан ұшырып жүгіріп жүрген адамдар... Жылаған, өкірген дауыс, жер қапқан қабырға.

Бәйбішем екеуміз аң-таңбыз. Сәлден кейін кәрі шатынаған көздерімізді жас жуып кетті. **Бұл қалай болды?** Халықтың және біздің жастық шағымызды, барлық саналы ғұмырымызды өткізген қала! Клуб еді ғой.

... 1902-1903 жылдары ішкі Ресей жақтан осы Шалқар көлінің солтүстік бетінен Ұлықұмды как жарып темір жол салынды. Жолдың екі бетіне жергілікті тарғыл тастардан үйлер, ғимараттар, Жұмысшылар қалашығы, «Нахаловка», Татарлар слободкасы, саудагерлер орталығы өмірге келді. Әрине, оның бар тарихтары менің есімде. талай зерттелген. Сол 1916 жылдары екі қатарлы орыс орта мектебі (№439, кейін №39 болды) және осы клуб қаланың солтүстік бетінен көкпекпен, шағырдың оттарына пісірілген қызыл кірпіштен салынды. 1927 жылға дейін ол клуб орыс шіркеуі (церковь) болды. Содан кейін темір жолшылар мәдени орталығы – клубқа айналды. Сол ХХ ғасырдың басынан қала теміржолшылар қаласы болып аталды. Қала, елді мекендер халқы Мәскеу уақытымен жүрді. Міне. ХХІ ғасырда да Мәскеу уақытымен күн кешеді, бұл республикада жалғыз ел.

... бұл клуб архитектура өнерімен өте әдемі, әшекейленген, әрленген сәулет өнерінің әдемі соңғы жаңалықтарымен көмкерілген. Күні кешеге дейін көлемді қонырау тұрды сынғырлап төбесінде!

1916 жылы Санкт-Петербургқа осы Шалқар теміржолы арқылы қазақ батыры Аманкелді Иманов өткен.

1918 жылы қазан төңкерісін басынан өткізген. Сол жылы Санкт-Петербург университетінің студенті Селиванов осы клубта сөз сөйлеген. (Кейін ақтар ұстап алып, теміржол үстінде бауыздап өлтірген). «Нахаловка» поселкесін әлі де «Селивановка» деп атайды: халық, «Жанкелдин» деп құжатталса да.

1928 жылы осы клубта Шалқар ауданы құрылғаны жайлы Жарлық оқылған. Осында аудандық газет (20.08.1932 жс.) жарық көрген. Осы жылы аудандық комсомол ұйымы құрылған. Басшысы болып Мұса Дінішев сайланған.

1936 жылы Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлиндер халықпен кездескен, басы-қасында Тілеужан Шойғарин болған. Сәл кейінірек Ғабил Мүсірепов осы қалада үйленген бір татар қызына. Мұса Дінішевтің де тұңғыш махаббаты осы жерде ашылған.

Осы клубта Ұлы Отан соғысынан кейін өткен Жоғарғы Совет депутаттығына кандидат Д. Қонаев сайлауда сөз сөйлеген. Осында Елубай Тайбеков, Жұмабек Ташенов, Мәсімхан Бейсебаев, Н. Журин, Х.Ш. Бектұрғанов, Ахмет Жұбанов, Ғабит Мүсірепов, Ғарифулла Құрманғалиев, Роза Бағланова, Ермек Серкебаев, ұлы жазушы Алексей Толстой, ұлы ғалымдар Малюгиндер, Нұрғиса Тілендиев, басқа ірі тұлғалар болған, сөз сөйлеген, дауыстары қалған, табан іздері түскен.

Аудандық жиындар – партия конференциялары (42 рет), салтанатты жиындар, үйлену тойлар, қызықты кештер, мемлекеттік марапаттаулар, малшылар съездері, слеттері, аудан комсомол ұйымының барлық (42 рет) конференциялары өткен. **Халықты ауыз бірлікке, адамгершілікке, адалдыққа шақырған ұлағатты сөздер жаңғырыққан.** Еңбекшілер, депутаттары аудандық Совет сессиялары тек қана осында өткен.

Осы жолдардың авторы 30 жылдай ауданда газеттердің бас редакторы, аудандық партия комитетінің 27 жыл бюро мүшесі, 31 жыл халық депутаты болғанда бұл клубта президумда отырған, талай рет сөз сөйлеген. Аупартком хатшылары Ғ. Төлеушевтің, Н. Құлмұхамбетовтың, І. Нұркиннің, Т. Алдияровтың, Төребаевтың, С. Беркінбаевтың, М. Жекевтың т.б. басшылармен жұмыстас болған ... Редактор пікірімен бәріде санасқан.

Міне, осындай заңғар тұлғалардың ізі қалған. Даңқты ғимарат кеше отқа оранды.

Қалай болды? Не себеп? Халық тұрғызған мемлекет құлады. Нарық заманы – елге капитализм заманы келді. Бәрі сатылды, бәрі сатылып алынды. Адамдарды оның ар-ожданын, адамдығын ақша биледі. Ақшаға, байлыққа бәрі сатылатын осы нарықтың алғашқы жылдары ауданның бір әкімі осы тарихи мұра – ғимаратты бір «ұяты қашқан» саудагерге сатты. Екеуі де қалтасын толтырды. Ол оны сауда алаңына айналдырды. Ақыры **ақша жүрген жерде адалдық болмайды. Бәсеке болады, бақталас болады.** Ақыры осы!

Сатқындыққа ешқашан тозбеген ізгі достық, өзінің сөзіне адал адамның жсарқын бейнесі (Борис Ельцин дүниеден озғандағы айтқаны) мен **ғұмыр бойы өз жүрегімде сақтаймын.** Н. НАЗАРБАЕВ, ҚР Президенті.

Писатель – инженер человеческих душ,– деген еді-ау **И.СТАЛИН.**

Шарль Морис де ТАЛЕЙРАН-ПЕРИГОР (1754-1838 жж.) – Францияның дипломаты, сыртқы істер министрі болған, аса шебер

сатқын тұлға еді. *Заманында Францияның он бір премьер-министрін сатқан адам.* Иә, ол бәрін сатқан, тек анасы кәрі болғандықтан сата алмай қалыпты делінеді. *ТАРИХИ дерек көздерінен, «Аргументы и факты» газ., 1998 жс.*

НЕСІН ЖАСЫРАЙЫН ...

Иә, руын не қу жасырады, не құл жасырды.

Владимир ЖИРИНОВСКИЙДІҢ шын-ат жөні **Владимир Вольфович ЭЙДЕЛЬШТЕЙН** екен. Иә, ол әкесінің **Вольф Исакович** екенін жасырған. Оны **Вольф Андреевич**, деп көрсеткен. Міне, *«тегін не құл жасырады, не қу жасырады»*, деген осы болар. *«ҚӘ», 28.06.2013 жс.*

Кешегі Кеңес заманында бұл проблема *«не для печати»* болды. Бірақ жұмыстас, қызметтестер бәрін біліп жүрді. Тек өз туысын, аталасын, жекжат-жұрахатын, сонымен қатар, пара берушілерді ғана көтерді, көмектесті, өсірді. Бұл 1980 жылдардан басталған құбылыс.

Ал нарық заманында ше? Иә, бұл тіпті ашықөріс алды. Руға, аталыққа, жерлестікке бөлуді айтасын-ау, жүзге болу де белен алды ғой.

«Жылаганның құлағы естімейді» дегендей, Кеңес заманында-ғы бұл құбылысты, осы жолдардың авторы өте терең сезіп жүрді ғой. Иә, жас келді, енді бұл іске бұрылатын уақыт жоқ. Бірақ естен кетпейді.

Мен текті аталықтың бір жаңқасымын! Адамдарды өте жақсы көріп өстім, қолдан келгенше сәлемі түзу пендеге қызмет еттім. Содан болар салқын көзділерге де жылы шыраймен қарадым. Иә, уақыт келді, өлілермен де, тірілермен де қоштасатын ...

Иә, Ата мекен, мен сені де – бәрін де қалдырдым. Сен, мен үшін бәрі де – жалындаған жастығым да, жаңа мұрттанған боз балалығым да, жігіттігім де, алғашқы уыз махаббатым да, тағдыр тағайындаған адамдар айыра алмаған жарым да өзіммен, балаларыммен, немерелеріммен Алатау бауырына аудым. Осы кітапта жұбымызды жұбату орынына, лаң салған, өсек айтқан, домалақ арыз жазған пенделер жайлы бір қыдыру жазбалар да бар.

Иә, «Өлілерден қорықпа, тірілерден сақтан - Мертвых не бойся, страшись живых». У. ШЕКСПИР, *«Леди Макбет» трагедиясынан,*- деген бар ғой. Иә, солай.

ДАНАЛЫҚ СӨЗІ ҒОЙ, БҰЛ!

Еліміздің елеулі қайраткері **Қоғабай Сәтенұлы СӘРСЕКЕЕВТЫҢ** осымен екі философиялық ойға толы еңбегін оқып, өзіме

үлкен ляззат алып қана қоймай, осы жасқа келсемде өзіме ой салатын, тереңірек пікірге баратын, толғаныс туғызған философиялық еңбектер екеніне көзім жетті-ау.

Біріншісі, *«Егемен Қазақстан»* газетіне өзінің 70 жылдығына арнап жазған. *«ӨЗІМЕ АЙТАМ, ӨЗ ЖАЙЫМДА»*, - деген толғауы еді. Бұл бір керемет дүние! Үлкенге де, кішіге де ой салатын, сабақ алатын ұлы еңбек!

Өкініштісі, қазір бірін-бірі мақтап, бірін бірі баптап жүрген қаламгерміз дейтіндер, Қоғабай жайында тіс жармады. Иә, әділдік іздеген, ақиқатқа табынатын тұлғаға ондай желөкпелер, жарамсақтар – туыстар, жерлестер, жебірлер, мақтаншақтар, көреалмаушы-іштарлар мұндай тұлғалардан қашып жүреді ғой. Олжас Сүлейменовты де талай жерден алып, жерге салды. Бәрі талантын таптау үшін ғой.

Ал, Қоғабай да сондай үлкен талант, табиғи талант иесі! Қаламы жорға, су тимес, «төрт аяғын» тең басатын дана!

Айтайын дегенім, екінші бір еңбегі осы «ЕҚ» 2010 жылдың 26 карашасында жарық көрген 4 бағаналық *«ҮКІЛІ ҮМІТ ПЕН НЫҚ СЕНІМ»* атты философиялық толғауы! Өте әдемі, жүрекке жылы, намысыңды оятатын, елдігінді еске салатын, ұлы ата-бабалар өткен, өскен, елдік үшін, бостандық үшін күрескен халқымның бағырлары мен би, жырауларының өсиеттерін еске ала отырып ой толғайды. Мен өзім асықпай екі рет оқып шықтым-ау. Жарайсың Азамат, *СӨТЕНҰЛЫ Қоғабай*.

27.11.2010 жс.

ӘУЛЕТ АЛҒЫСЫ

Осы қыркүйек айының еңсеріле бастаған кезі. Әулеттің ұлы тойы өтті. Бәрі ойдағыдай болды. Қуанышта шек жоқ отырғанымда телефоным қайнаған самаурындай «тасып» кетті.

Сізді мазалап тұрған ҚР Президенті аппаратынан. Сіз бір кітабыңызда Елбасы жайлы аса бір жылы сөздер айтқан-жазған екенсіз. Сол кітаптан үзінді және *«Дала Геркулесі»* кітабыңызды жіберсеніз *«Егемен Қазақстанда»* әдемі рецензия (25.02.2009) шығып еді ғой, - деді.

«Қанмен жазылған тағдырлар», «Көз көргендер еді» (*«Атамұра»*, 1999 жс.) кітаптарымда 1980 жылдардағы қойын дәптерімнен алынып берілген бағамды жазып, *«Дала Геркулесін»* қоса салып жібердім. Тамыздың 21 жұлдызы 2010 ж. болар.

13 қыркүйек 2010 ж. күні үйге бір бандероль алып сұп-сұлу еуропалық қыз звонок берді. Есікті аштым.

– Ата, мына журналға қол қойып беріңіз. Сосын мына бандерольды беремін, - деді жып-жылы құшмеіреп.

Иә, қарасам ҚР Президенті Канцеляриясынан келген. Көзіме сене алмай оқимын. Аштым канцелярия бастығының қолымен Елбасы атынан жазылған хат, Елбасының «Қазақстан жолы» көлемді кітабы екен. Тағы алғысымды айтып, Жаратушы Иеме, Ұлы Есет бабаға тәу етіп, текті аталық атынан Елбасына бата бердім.

Менің хатымның және Елбасы атынан жолданған хаттың тексі осы кітапта беріліп отыр. Алдымен, Сайтыма (05.10.2010 ж.) салынды.

Алматы қ., 21.09.2010 ж.

МЕНИҢШЕ ...

Үркер қырық күн аспанда көрінбей жер астына кетеді деген бар. Мұны 40 күн шілде дейді. Асан баба: «үркерлі айдың бәрі қыс», - деп өткен ғой. 40 күн шілде жаздың ең ыссы айы. Шілде өткенсін, үркердің аспан төріне қайта келуіне байланысты қазағым «лақ сүмбіле туды», - деп жатады. Демек, лақ семіріп, қонақасыға тартуға болады дегені болар.

Басшысы нашар жолығып,

Ынтымақ кетсе – ел зарып. Құлыншақ КЕМЕЛҰЛЫ.

Замана құйыршығы кім?

Замана батыры мен батылы кім?

Иә, замана батыры мен батылы – Марат ОСПАНОВ!

Танымал мемлекет, қоғам қайраткері Марат Оспановтың өліміне орай көптеген қанқу сөздер жүрді. Сол бір пікірлердің біріне құлақ салсақ, қызметтес бір жолдасы:

Екеуміз буфеттен шай іштік. Арада сағат жарымдай уақыт өтті. тілге келмей ұшып түсті. Тілі бірден байланып қалды... дейді.

ФСБ офицері Александр Вальтерович Литвиненкоға шайға қосып полоний уын берген, бір жарым ай Британияның клиникасында жатып, көз жұмады,- деген ақпарат та бар. Ал Марат Оспанов өлімі де осыған саяды. Екі айдай комада жатып, бұл дүниеден кетті.

БАТЫР ҚЫЗДАРЫМЫЗДЫ БІЛЕСІЗДЕР МЕ, ЖАС БУЫН!

Әлем тарихында Есімдері алтын әріппен жазылған Қазақтың үш батыр қызы қалды. Олар: Мәншүк Мәметова – Орал өңірінен, Әлия Молдағұлова – Ақтөбе атырабынан, ал Хиуаз Доспанова – Атырау өңірінен. Иә, үшеуі де қазақ елінің батыс өңірінен. Үшеуі де кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарында аса ерлік көрсеткен батыр қыздар еді.

Тірі қалған Хиуаз Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болды. Жанжары Шәку Әміров партия мектебінде қызмет етті.

Қазақ: «Әр төбенің өз биігі, өз биі бар»,- деп жатады. Иә, солай.

Қазақты құртатын күншілізм! Күншілізм құрмай, қазақ көгермейді. Қазақтың жауы алыстан емес, ағайыннан. Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.

Табынар тәңірім – шындық! Лев ТОЛСТОЙ.

Он жылда адам түгіл, тау да өзгереді. Корея даналығы.

Россияның патшасы батыстың байлаулы төбеті. В. ЛЕНИН.

Ал, XX-XXI ғасырдағы Россияның «байлаулысы», Владимир Жириновский,- дейді халық. Дұрыс па? Білмеймін.

Бір қой басқарған арыстаннан, бір арыстан басқарған мың қой әлде қайда күшті! НАПОЛЕОН Бонапарт.

Менің жеңілісімді қамтамасыз еткен Қызыл Армияның күші емес, күн сайын репродукторлардан сайрай жөнелетін ЛЕВИТАННЫҢ қаһарлы даусы болды. Ол ұдайы: *«Біз әділет жолында күресудеміз, біз жеңеміз. Совет халқы «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен жұмыс істеп жатыр»,-* деп сайрайтын еді. ПАУЛИОС, фельдмаршал, Гитлердің әскери қолбасшысы.

Адамның адамгершілігі – ақыл, ғылым, жақсы Ата, жақсы Ана, жақсы құрбы-құрдас, жақсы ұстаздан болады. АБАЙ.

ШЫНДЫҚҚА БЕРГІСІЗ-АУ, ӨЗІ

... базарда үш ми сатып жатыр. Біріншісі – ағылшынның миі, ал екіншісі еврейдің миі екен, үшінші біздің қазақтың миі болып шықты. Миды сатып алушылар, тек қана қазақтың миын алып жатыпты. Сонда біреулер:

Неге қазақтың миын сатып алып жатырсыңдар?- деп сұрапты.

Иә, алдыңғы екі ми барынша көп жұмыс істеп, әбден шаршаған, қуат-күші таусыла бастаған, ал мына қазақтың миі әлі де жұмыс істеуге қабілетті ғой,- деген екен.

Анекдот дерсің, ә! Тапқышбек қой өзі.

Республикалық БАК-тан.

Тек азат халықта ғана ұлттық мінез болды. Жермене де СТАЛЬ, француз жазушысы.

Өзіңді тани біл. Көне ГРЕК ДАНАЛЫҒЫ.

Осындай ұлылықты басшылыққа алып, мектепке енгізіліп жатқан «нәнді» жазғандар қазіргі заманда, бұрын айтқанымдай, өзіңді өзің

тану үшін, өзінді өзін жоқта, ізде, болмаса, сені ешкім іздемейді, жоқтамайды. Бұл капитализмнің-нарықтың заманы – бәрі сатылатын, бәрі сатылып алынатын заман. Кедей бай болсам деп армандайтын, бай құдай болсам деп жан-жағын жалмайтын заманға келдік. Әрине, кедей күн көріс үшін еңбек етеді. Ал бай болу еңбекпен емес, халықтың қолындағы барын алдап, арбап, ақыры тартып алу үшін әзәзілдік жасайды.

Қазақша тәрбие алмаған, қазақша сөйлеп, қазақша ойлай алмайтын қазақтардың өзін жоғары билікке жақындатуға болмайды. Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ.

Иә, арада бір ғасырдай уақыт өтсе де не өзгерді? Қазіргі билікте кімдер отыр, оны әркім әрқалай түсінеді ғой.

Ал өз ұлтын, өз тілін, өз тарихын білмеген адам – жәндік. К.Э. ЦИОЛКОВСКИЙ, основоположник современной космонавтики.

Ел билеуге керек – ақыл, жүрек, ой. БАЛАСАҒҰНИ, ұлы ойшыл.

Қақтың да өзге ұлттармен жарысатын кезі келді. Ахмет БАЙТҰРСЫНОВ.

Дүниеде үш жетім бар: басшысы келіспесе – ел жетім, ұқпаса – айтылған сөз жетім; жаңбырсыз болса – жер жетім. Арғын АЛШАҒЫР би.

Терін төксе жеріне – Жер тілеуін береді,

Елін сүйген еріне – ел тілеуін береді. Халық даналығы.

Адамның екі Анасы болады. Бірі – ақ сүтін берген Ана; екіншісі – бар өміріңе қорек беретін – Жер. Ұлылар сөзінен.

Ол көсем. Көсемдер өз еркімен өрісін тастап кеткен емес. Оларды ауыстырады. Орнынан тайдырады. Иә, көсемнің кез келген мүлігі, кез келген қателігі халқы үшін де, өзі үшін де қатерлі. Әнуар ӘЛІМЖАНОВ, ел қайраткері.

ТЕГІН ӘЙЕЛ ЕМЕС-АУ ...

03.06.2010 ж. Үйге, алдында телефон соққан еді бір әйел. Дауысы өте биязы, мәдениетті, ізетті болып естілді.

Кейін, осы бүгін тағы телефон соғып, келетінін айтты. Күтемін дедім. Кеш болды. Есік алдына шығып, біраз күттім. Келмеді. Үйге кіріп, шешіне бергенімде домофон звоногі келді. Жанағыдай болмай бір қарты бар сол әйел үйге кірді.

– Өзін ханым Бибірая Наурызбаева,- деп таныстырды. Бірден:

– Мына кісі әкем. Жасы 80-де біздің шығу тегіміз сонау XVII ғасырда Қазақ даласына Ислам дінін таратушы миссионер болып келген араб тумасы, Тегінболат баба. Ұлы адам, Әулие, аруакты да батыр тұлға. Қалмақтар мен жонғарларға қарсы күресте – ұрыста, сонау қазақ

елінің батысында Құлсары-Жем бойында қаза болған. Халық «Қара сақал әулие батыр»,- деп лақап ат қойған. Сол әулиенің біреулер өз атасына теліп, мазарын иемденіп кетіп, басына белгі, мешіт салыпты. Қарасақал – Бактыбай деп жазыпты. Осы нахақтықты түзетуім керек. Ол менің атам,- деді. Әрине, бұл әңгіменің тарихын білемін, бірақ ол кезде мен ел топырағынан жырақта едім. Өзімше бәрін түсіндірдім. «Дала Геркулесі» кітабын бердім. Сонсын:

– Ол адамды мен іздеп табамын. Кешірім сұратамын. Қойған белгісімен мешітінің ақшасын төлеймін. Қалай болғанда да ұлы атамның есімін жаңғыртуым керек,- деді.

Іс немен тынарын уақыт көрсетер.

ТАҒДЫР ТАЙТАЛАСЫ ОСЫМЕН АЯҚТАЛАДЫ

Иә, «Қағазға түскен дүние – тасқа басылған таңба. Ол болашаққа мұра, келешекке аманат». Бұл соңғы сөздің бірі болар. Ақпан, 2010 жс.

ХАЛҚЫМ айтқан: «Он адам жүрген жерде із қалар, жүз адам өткен жерде соқпақ сүзер, мың адам басқан жерде сайрап жол қолар»,- деген еді-ау. Әулетімде ізім қалса, болды-та. Халкым есіне алса, ол да мұрат емес пе!

Бірде бәйбішем:

– Нағыз ауылдың шалы болды-ау,- деді маған бағдарлай қарап.

Иә, шал – арабша ауру, деген мағына береді. Иә, мен аурумын, осы бәйбішемнің, балаларымның, немерелерімнің бағып-қағумен осы жерге жеттім. Енді қанша жарық дүние қалды, оны уақыт біледі. Алла біледі.

Егер, сөз айтқың келсе ер азаматқа, іс жасағың келсе, онда әйел адамға тапсырма бер. Маргарет ТЭТЧЕР, XX ғасырдың даңқты тұлғасы.

Мен ғұмырымда қалыптасқан әділдік көзқарасыма ешуақытта сатқындық жасағаным жоқ, жасамаймын да! Шындық, әділдік, тазалық ұлы ата-бабаларымнан ағзама сіңген темірқазық! Мұны жазып қалдыратыным келер ұрпақ осылай өссе, қоғам тіршілігі тазарар еді. Иә, бұл ғұмырымның аяқталар шағындағы соңғы сөздің бірі болар,- деп отырмын. 2010 жс.

Өсек – аса қауіпті, неге десеңіз, мұнда әділетсіздіктің құрбаны біреу; ал әділетсіздікті жасайтын екеу: бірі өсекті жіберуші, екіншісі – оған сенуші «Клевета ужасна потому, что жертвой несправедливости является один, а творят эту несправедливость двое: тот, кто распускает и тот, кто ей верит». ГЕРОДОТ.

Ақша жоғалса, ештеңе жоғалмағаны, денсаулық жоғалса, көп нәрсе жоғалғаны, ал ұят жойылса, бәрі жоғалғаны. ХАЛЫҚ даналығы.

Ал қазір ше? Ақша жоғалса, бәрі жоғалғаны, деп түсіну керек.

«КҮЛМЕ, АТАҢА!» ДЕГЕН ОСЫ ҒОЙ, ҚЫЗЫМ

– Аяғыңды дұрыс алып жүрмейсің бе (жүрмейсіз бе деген жок),- деді жекіріп өтіп бара жатқан қыз.

–

– Қарт орнынан сүйретіле, басын көтеріп, жан-жағына карады.

– Әй, нені жоғалттың? Алдымен, тұрып алмайсың ба?

– Қызым, бір пакетте наным бар еді.

– Анау жерде жатыр. Ит жок алып қашатын.

– Шал орнынан тұра беріп, қайта құлады. Екі көзі нан салған пакетте.

– Сен шал, мас шығарсың! Болмаса не болды, қайта-қайта құлап,- деп бізтақа етігімен мұзды тепкілеп жүре беріп еді, шалкасынан түсті. Біңк ете қалды ...

– Сен шалдың кесірі, саған қараймын деп, құлап түстім. Қарашы, бұл алжығанды.

– Иә, қызым, күлме атаңа,- деген ғой.

– Смотри-ка, еше маған ақил айтады,- деп бойжеткен үсті-басын қағып, алды-артына карамай жүре берді.

– Қызым-ау, маған көмектеспейсін бе, тұра алмай жатырмың ғой.

– Подумаешь, алжыған шал, еше көмек сұрайды,- деп салқын көзімен карады. Сол кезде қабағын, көзінің үстін бояған көкшіл түсті бояуы біреу ұрып кеткендей көгеріп жарқ ете қалды.

АЛМАТЫ қ., 2010 ж.

АВТОРДЫҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫН ҚҰТТЫҚТАҒАНДАР

Алматы, 15.03.2011 ж. телефонмен: жан-жақтан туматуыстарым, жолдастарым, құда-құдағиларым, балаларым, немерелерім; Шалқардан – Дәулетияр Әспенев; Алматыдан – Ғабит Аймұханұлы, Сансызбай Шарапиұлы – КазГУ; Динара Ізтілеуқызы – «Ана тілі»; Ақтөбеден – Қуаныш, Нұрлан, Алматыдан – Сәбит Досанов, Шалқардан – Зұлкия, Алматыдан – Максат-Анипа, Ұлпаш, Салтанат; Жұмабек – «Ана тілі»; Алматыдан – Үмбетбай-Мария.

Есенбай-Назым, Қоғабай; Толқын Садықова, Айгүл – «Хабар»; Жеңіс-Қали – «Алматы ақшамы» т.б; Ақтөбе, Мұғалжар, Көтібар ауылы, Ақкемер, Жем, Біршоғыр елі, Есет ауылы, т.б. елді мекендерді халқы аса жылы лебіздерін айтып ақ дастархандарын жайып құттықтап жатты. ҚР Президент кеңсесінің бастығы М.Б. Қасымбеков құттықтап, жылы сөзін білдірді.

18-23.05.2011 ж.

«КИЕСІ БАР АҒА ҒОЙ, БҰЛ...»

Сырт көз сыры. Бұл пікірді еске алу идеясын туғызған танымал тележурналист – Толқын САДЫҚОВА қызым еді. 12 мамыр, 2011 ж.

– Тау аға, Тауман Төреханов жайлы пікірім,- деп бастады сөзін тележурналист, продюсер, Байжанбаев атындағы сыйлықтың лауреаты, ТОЛҚЫН қыз:

– Бұл ағаның көзге көрінбейтін айырықша бір киесі бар. Күнді айналып жүретін Жер сияқты адамдар жақындаса болды, магниті өзіне тартып алады, айналасын да қаласын да. Иә, бұл ағаның шешірешілдігін, біліктілігін айтпағанның өзінде, адамды тартатын бір сиқырлы тартылыс күші бар. Оны мен осы «Тау тұлғалы – Тау аға» документальды фильмін түсіріп жүргендегі екі-үш айдай уақыт ішінде байқадым...

Иә, «Талантты адамдар өзін айдалада жүргендей жалғыз сезінеді. Иә, талантты адамдар басқалар үшін қорқынышты. Өйткені ол өз басындағы газжайып ойларды ешкіммен бөлісе алмайды, деген еді ұлы актриса Людмила Гурченко»,- деп қызым сөзін аяқтады.

Қызымның маңдайынан сүйіп, ақ батамды бердім.

– ТОЛҚЫН қызым, бұл пікірін баламның үйінде, фильмнің тұсау кесерін өткізетін салтанатта айтқан еді. АЛМАТЫ қ., 2011 ж.

Мұндай пікірді заманының ірі кайраткері, Социалистік Еңбек Ері Нағым ҚОБЫЛАНДИН да айтқан-ды: «Қандай қуанышпен, ауыр іренішпен келіп, атып жібергің келседе, бұдан айналып шыға алмайсың. Магниті Жер сияқты, тартылыс күші бар адам. Иә, текті аталықтан жүзғысты қасиет, кие болар ... ». ШІЛІКТІ селосы, 1966-1981 жж.

– Өмірде, жұмыста не болмайды, біреулердің өсегіне еріп, жеп қойғың келіп, тура шабуылға шықсаң, не сыр бар екенін білмейсің, аяғына жығыласың,- дейтін Хайрош ТЫНЫБЕКОВ ұзақ жылдар жұмыстас болған бір тұлға, партократ. ШАЛҚАР қ., 1963-1971 жж.

– Қанша ұрысқың, тіпті қол көтергің келсе де, алдына барғанда, жік-жапар боласыңда қаласың. Не сиқыр күші бар екенін білмеймін. Толқын АХМЕТОВ, қаржыгер, 1963-1978 жж.

Ақтөбе облысында 25 жыл прокурор, кейін партияның шақыруымен отызмыңдық колхоз төрағасы болған тұлғаның пікірі:

– Мен бұл жас қаламгерді өзіне тартар ерекше бір құбылысы болған соң, біраз жағынан заңгер ретінде сөйлесіп, пікірлесіп, ой бөлісіп, зерттеп көріп едім. Бұл Тауман Төреханов – саяси, мәдени ортаның адамы. Аса білікті, ағып тұрған саясаткер-журналист. Ол қоғамдағы процестерді саралауға, оған баға беруге, шынайы талдауға айрықша қабілетті жас. Ал қазір қаламынан туған үлкенді-кішілі дүниелер тек қана шындық, қоспасы, қойыртпағы жоқ. Оқысаң, көңілің жадырайды. Заман ағысы, тынысы жайлы басыңа түрлі ой келеді. Меніңше, болашағы үлкен тұлға болар... Төлеген ЖАҚЫПОВ, заңгер, Аққайтым селосы, 1957-1963 жж.

Иә, Төкең, Төлеген аға аса мәдениетті, білікті, тәжірибелі тұлға болатын. Оңтүстік – Шымкент шаһарының тумасы еді. Зейнетке шыққан соң ата мекеніне коньс аударды. Тұрақты түрде хабарласып тұрдым. Қолынан талай дәм татқан апамыз ағаның дүние салғанын еңіреп жылап отырып телефонмен хабарлады. Қолымнан келгені – кайғырып, көңіл айтып, телеграмма берген едім. 1967 ж.

– Бұл редактормен байқап, аңдысын-аңдып сөйлеспесеңдер, ол шайнап тастайды. Ол – үлкен шежіре! Бірақ ойын көп жағдайда ашып, шаша бермейді. Сондықтан біз оның тереңдігіне бойлай алмаймыз. Меніңше, терең ойдың, біліктіліктің адамы осындай болар. Тәртіптілігі, бір сөзділігі, жалтақсыз пікірін айтуы жағынан алдына адам салмайды...

Төлеу АЛДИЯРОВ, Темір, Шалқар,

Қарабұтақ аудандарының бірінші басшысы,

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің екі шақырылымының депутаты.

Осы жолдардың авторы Төлеумен, Төкеңмен екі ауданда 1962-1974 жылдары Қазақстан КП аудандық комитеттерінің бюро мүшесі, аудандық атқару комитеттерінің мүшесі, облыстық, ауданаралық және аудандық газеттердің бас редакторы болып, бірге қызметтес, жұмыс барысында тұрақты үзенгілес, дәмдес болған еді.

ҚЫСҚА ДА ҚЫЗЫҚТЫ ЭТЮД

(Үшеуара әңгімеден)

Жеткізуші сол әңгімелерге куә болған Е.Д. Шалқар аудандық Совет атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары Түгел Айшуақов:

– Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысының жұмыс кабинеті. Жарты сағаттан кейін бюро мәжілісі басалу керек. Әлгіме

арқауы газет редакторы – Сіз жайлы өрбіді. Сол кезде аудандық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы (Кеңес Нокинді обкомға хатшылыққа алып кетіп, соның орнына келген бастық, аты-жөні белгілі).

Қосымша: автор, менен бір анықтама, мен редактор болып жұмыс істеген 29 жылда жеті бастық – ауылшаруашылығы басқармасының ауысқан еді.

Хатшы:

– Бастыққа не айтқың келді?- деп сұрады.

Сонда ол:

– Ол редакторың менің жағымды аштырмады,- деді.

Хатшы:

– Қандай мәселемен?- деп сұрады.

Төраға әңгімеге араласа кетті де:

– Иә, қандай мәселе?- деді.

Ол Төраға деп отырғаны Е.Д. Шалқар аудандық атқару комитетінің төрағасы **Жиенбай ШАРБАҚОВ**.

Бастық:

– Сіз оқымысты зоотехниксіз ғой, айтыңызшы, сиырда неше емшек болады?- деді редактор.

Жауап қатпадым.

Тағы да:

– Саулықта, ешкіде қанша емшек бар?- деп қойып қалды.

Естімеген болып отыра бердім.

– Жарайды онда, інгенде, биеде неше емшек болады?- деп бастыр-малатты.

Мен басымды көтеріп:

– Мен сауыншы емеспін ғой,- дедім.

Бірінші хатшы Төкең, Төлеу Алдияров:

– Тастай кылып жауап беруің керек еді,- деп бастыққа қарап күліп алды да:

– Оны қалжыңдасып жене алмайсың. Жалпы, есінде болсын, орынды сұрақтар. Қазір малды – туды – бітті көрмеген жастар қатары баршылық, бәрі зоотехник, веттехник!

Төраға:

– Ол сұрақты әдейі ме, қалжыңдады ма, аң болған жөн,- деп қойды.

Төкең:

– Сен бастық-зоотехник, онда әйелде қанша емшек болады? Оны да білмейсің бе?- деп қаркылдап күлді.

– *Саспа, ол сондай әсігіт, ойда жоқ мәселені сұрағанда, тосылып қаласың. Мен ол редактормен үнемі іс-сапарда бірге жүремін. Обком пленумдарына, облыстық жиналыстарға да бірге барамын.*

Мықты, өте білікті, әсіресе, марксизм-ленинизм ілімі жайлы жұқпайды, ешкімді сөйлеттірмейді. Колхоз, совхоздарға барғанда, менен бұрын оны қоршап алып, сұрақтар қойып, жауап алып жатады. Кейде менің көңіліме келеді. Осы ауданды кім басқарады деп. Алғырлығы, түсінігі күшті. Университетті үздік бітірген жгігіт болар, ә? - деп қойды.

– Бұл кісінің адамдарды үйіріп әкететін харизмалық¹⁵ қасиеті де жетерлік. Нағыз қазаққа керек адам. Ағып тұрған бұлақ, сөз бастаса, адамды еріксіз бас идіреді. Өте терең тұлға.

*И. НҰРМҰХАМБЕТОВ, Шелек орта мектебін
20 жыл басқарған, көрнекті ұстаз.*

Иә, менің өзіме белгісіз жайттар-ау бұл. Өзімді еш уақытта ерекше адаммын деп сезінбеймін. Тек қойын дәптерімде жазылып қалған жайттар болған соң, бірқатары осы кітапқа енгізіліп отыр. Тек қана тағдырлас болған соң, ағаларды, замандастарды еске алу мақсатында.

ПРЕЗИДЕНТ РЕЗИДЕНЦИЯСЫНАН ХАТ

ҚР Президенті Кеңесінің Бастығы, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, белгілі қайраткер, қаламгер Махмұт Базарқұлұлының Елбасы атынан жолдаған хатын төменде беріп отырымыз.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІ КЕҢСЕСІНІҢ
БАСТЫҒЫ

НАЧАЛЬНИК
КАНЦЕЛЯРИИ ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Ақорда
2010 жылы 13 қыркүйек
№ ЖТ-Т-12628

« _____ » _____ 200__ г.

Құрметті Тауман Төреханов!

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев, жіберген хатыңыз бен кітабыңызды алды. Хатыңызда және «Қанмен жазылған тағдырлар» деп

¹⁵ Харизма – (грец. Charisma – милость, божественный дар), исключит. одаренность; харизматич. лидер – человек, наделенный в глазах его последователей авторитетом, осн. на исключит. качествах его личности – в интеллектуальном, духовном или др. отношении, мудрости, героизме, святости. БЭС, М., 1998, С.307.

аталатын кітабыңызда өзі туралы жылы пікірлер білдіріп, жақсы тілектеріңізді жолдағаныңыз үшін Сізге ризашылығын жеткізуді тапсырды.

Өмірде көпті көрген, қоғамда жүріп жататын күрделі процестерге сараптама жасай алатын, көзі ашық кісінің келтірген деректері ретінде Сіздің бұл жазбаларыңыздың өзіндік тарихи мәні бар деп есептейміз.

Деніңіз сау болып, еңбегіңіздің зейнетін ұзағынан көре беріңіз.

Президенттің тапсыруы бойынша «Қазақстан жолы» кітабын қоса жіберіп отырмыз.

Қосымша: 1 кітап.

М. ҚАСЫМБЕКОВ

XXI ҒАСЫР ҚЫТАЙ ҒАСЫРЫ БОЛА АЛА МА?

Қытай экономикасының ұлы архитекторы Дэн Сяопин 1979 жылы мемлекеттік, коллективтік мүдделерге ешқандай зиян тигізбей, еліне жекеменшік элементтерін – идеясын енгізу жайлы шешім шығарды. Осы ұлы идеяның тұңғыш авторы А.Н. Косыгин болатын. Бірақ Л.И. Брежнев қостамаған. Оны жүзеге асырған осы Дэн Сяопин еді өз елінде. Кейін ол А.Косыгиннің социалистік экономикалық реформасының идеясы екенін өзіде мойындаған еді. Бұл 1949 жылы халықтық революция арқылы құрылған социалистік құрылысқа, оны басқарып отырған Компартияға ешқандай залал келтірмеді. Содан бері алпыс жылдан астам уақытта Қытай экономикасы, өнеркәсібі, халықтың тұрмысы, әлеуметтік жағдайы қарыштап өсіп, мықты капиталистік елдерді басып озып, ең жоғарғы дәрежеге көтерілді. Қытайда бірде-бір экономикалық, қаржылық дағдарыс-кризис болған жоқ. Иә, миллиард жарымға жуық халықты бағып, жұмыс тауып беру оңай іс емес екені түсінікті.

КСРО-ны «әдейі құлатып», бөліп алғандардың ішінде тек қана батыстық жолмен жүрмей, қытайлық өнегемен келе жатқан елдердің бірі Белоруссияда ешқандай экономикалық өткен жиырма жылда тоқырау болған жоқ. Үштік – кедендік Одаққа кірген мемлекеттерден белорустар озық келеді. Ал капиталистік құрылыс әрбір он жылда бір экономикалық, қаржылық дағдарысқа ұшырайды. Белоруссияда барлық дерлік ұлттық объектілер мемлекет меншігінде, жұмыссыздық жоқ десе де болады.

Белгілі журналист-жазушы Сарбас Ақтаев айтқандай, батыстын алып-сатар жолына түспей, мемлекеттік құрылымды қытайна

біртіндеп жаңғыртқанда, тап қазіргідей қиындау жағдайға халықтар тап болмас еді. Мұны Ақордадағы Ертісбаев та мойындайды.

Иә, нарық заманында жер де, су да, аспан да, ар да, намыс та, ұят та, сөз де, идея да, ақыл-ой да, махаббат та, балаң да, анан да – бәрі сатылады. Үстемдік құратын тек ақша, ақша, тағы да ақша!

Наполеон заманында Францияның сыртқы істер министрі **ТА-ЛЕЙРАН Шарль Морис (1754-1838)** елдің он бір премьер министрін сатып жібереді. Тек кәрі болғансын анасын сата алмады... Қазір әлемде ақшаның «ақылымен», қарудың күшімен, биліктің әмірімен сөйлейтіндер аз емес.

Азияда бәрі бір көрпенің астында ұйықтайды, бірақ әрқайсысы әртүрлі түс көреді. Дэн СЯОПИН, Қытай экономикасының бас архитекторы, халық көсемі.

Мао ЦЗЭДУНнан (Қытай Халық Республикасының негізін қалаған ұлы тұлға):

– *Осы Сіз неге тісіңізді жуып, тазалап жүрмейсіз?*- деп сұраған екен күле қарап бір әріптесі. Сонда *Мао Цзэдун:*

– *Сен жолбарыстың тісін жуғанын қашан көріп едің,-* депті. Нүкте!

Дуниедө болып жатқан жағдайдың бәрін бір кісі ойлап, бір кісі таппайды. Адамдар бірінен бірі үйрену, көру керек. Ұрпақтар сабақтастығы деген дәстүр осылай жалғасады.

Шәңгерей ЖӘНІБЕКОВ, мемлекет қайраткері.

БҰЛ ДА БІР ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ ҒОЙ

Кеңес Өкіметінің заманында белгілі мемлекет қайраткері болған *Сағындық КЕНЖЕБАЕВТЫ* сонау елуінші жылдары Ақтөбе облыстық партия комитетінің идеология хатшысы кезінде бір-екі сөзін тыңдаған едік. Ол кім еді? Ол 1953 жылдары Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшесі болып жүргенінде, Мәскеуде ВЛКСМ Орталық Комитетінің пленумында «Тың игеруге келгендер арасында бұзақылар, алқаштар, түрмеден шықандар көп», - деп ашына айтқан сөздері Н. Хрущевке жетіп, барлық лауазымнан қуылады. Әрине, мұндай пікір айту да айтқысыз ерлік емес пе?!

Сонау елуінші жылдары ол МГУ-дің философия факультетін үздік бітірген, кейін осы университетте кандидаттық, докторлық қорғаған ұлттық тұлға!

Осы философ ғалымның мынадай сөздері есте:

– Ұрпағыма, халқыма қалдырар мұрам тек кітабым ғана!

– Ақ сөздің зиянсызғы кем, кеміс, аз.

– Жауынгер боламын десең, шынайы саясаткер боламын десең, ақиқатты айтуың керек. Саясаткер халқы үшін басын бәйгеге тігетін тұлға болуы тиіс.

Және былай дейтін философ:

Мен орыстармен араластым, талай ащы тілге де келдім. Орыс-ұлы халық! Қазақтың кейбір жігіттері: «Орыс жаман! Орыстың керегі не?», - дейді: Олай емес! Есерлеріне өкпелеп, тұтас ұлтқа топырақ шашпайық! Қазақтың ішінде де ақымақтар жетіп жатыр. Әр ұлттың, әр отбасының да жақсы-жаманы бар. Отбасының ішінде бір бала ғана ширақ болады. Қалғандары нансоғар емес пе?! Бәрі тәрбиеге, өскен ортасына, отбасына байланысты болады. **«Жұрттың алдына селтендеп шыға берме, қадірің кетеді»**, - демейді ме *ТӨЛЕ Би, баба!*

– Саясат өте күрделі нәрсе. Саясатпен шұғылданбайын десең де, саясат сенің мойныңнан бұрап өзіне қаратады. Мұндай пікірді У. Черчилль де айтқан.

Мен саясатта батыл болған бір адамды ғана білемін. Ол Жұмабек Тәшенов. Ол Хрущевты боктады, Хрущев оны боктады. Содан Жұмабек Хрущевтің жағасынан алды. Иә, ол кезде Хрущев СССР-дің көрініп алатын құдайы еді ғой.

– Әрдайым адам қалпында бол! Өзіңе қандай да мәселемен алдыңа келген адамды түсіністікпен тыңда... Иә, солай.

– Капитализм-жеке меншік. Шенеуніктердің мемлекеті, қоғамы.

– Бір күні,- деді Сәкен әйелім:

– Сәке, ақша бітті, қалай күн көреміз?,- деді.

– Мен оған, сен маған бір мақалаға тақырып ойлап тауып берші, мен жазып КазРадиоға берейін,- дедім. Ертеңіне радиоға мақаламды алып барып беріп, гонорар әкелдім.

Сәкен-Сағындық Кенжебаевтың отбасындағы осындай күйзеліс осы жолдардың авторының отбасында да аз болмады. Бес баланы тәрбиелеу, оқыту, білім беру, мамандық алуға баулу – бәрі материалдық жағдайға байланысты болды ғой. Бастысы – тәрбие! Сондықтан да бәйбішеме – Балзада Шәмшіқызына, сен жұмысты таста, сенің айына алатын еңбекақыңды мен екі-үш сағат отырып мақала жазсам, ай сайын кемі 90-100 сом гонорар келеді. Ал сен айына 60-70 сом еңбекақы аласын дедім. Әйелім келісті. Иә, деді. «Пенсияға дейін уақыт бар, балаларымызды тәрбиелеп, оқытайық», - деді. Қорытындысы дұрыс болды. Бес баламыз да жоғары білімді. Айта кетейін, анасы балалары мен немерелерінің балалар бақшаларында, орта мектептерінде, Мәскеудің, Алматының жоғары оқу орындарында үнемі болып, олардың әр басқан қадамын қарап жүрді. Тіпті Мәскеуде студенттердің жатақханаларында көз іліндіретін кездері де аз болмады.

1990 жылғы күнделік дәптерінен алынды.

БІЗДЕ ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ ҰЗАҚТЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Дерек көздеріне сүйеніп, бірден қайырсақ:

1991 жылы – 67,6 жас болған екен.

1998 жылы – 64,4 жасқа түсіп кетсе,

2003 жылы – 65,8 жасқа жеткен.

Жүргізілген соңғы ресми санақ бойынша әлем елдері – мемлекеттері ішінде 128 орынға екенбіз. Сонымен ерлердің орташа өмір сүру деңгейі 61,6 жас болса, әйелдердікі – 72,4 жас болыпты. Былай айтсақ, Азиядағы көрші мемлекеттерге қарағанда, халықтың әлеуметтік тұрмысы жағынан алда тұрмыз. Ал өмір сүруі жағынан төртінші орындамыз екен. Ал әлем елдері арасында бір жүз елуінші орындамыз.

ӘЛЕМДЕ ҚАЛАЙ? Халқының өмір сүру жасы Монако да – 89,57, Макао да – 84,48, ал Жапония да – 84,46. Бірінші ондыққа Сингапур, Сан-Марино, Гонконг, Австралия, Андорра, Швейцария мемлекеттерінің халықтары кіреді.

Әрине, адам жасының қысқалығы мен ұзақтығын түрлі объективтік, субъективтік жағдайларға байланыстырып медицина қарастырып жатыр ғой.

2005 ж.

ЕЛ БИЛЕГЕНДЕРДІҢ ӨМІР ҰЗАҚТЫҒЫ

Тағы бір қызықты анықтамаларға назар аударсақ

И.В. Сталин (1878-1953) – 75 жыл; Италиялық фашистік партия басшысы болған Бенито Муссолини (1883-1945) – 62 жас, ол ажалынан емес, халық қаһарымен дарға асылды. Ал Қытай социалистік мемлекетінің құрушысы, халық көсемі Мао Цзэдун (1893-1976) – 83 жасында. Франциско Франко (1892-1975) осы жаста дүниеден өткен екен. Коммунистік Солтүстік Корея көсемі аталатын Ким Ир Сен (1912-1994) бұл да 82 жыл ғұмыр кешкен. Оңтүстік Африка мемлекетінің ұлы тұлғасы Нельсон Мандела (1918-2013) – 95 жасында дүниеден озды. АҚШ президенті Барак Обама бастаған бүкіл әлем басшылары оны соңғы сапарда шығарып салуға келді. У. Черчилль (1874-1965) – 91 жасында, АҚШ-тың 40 президенті Рейган Рональд (1911-2004) – 93 жасқа келіп, өмірімен қоштасты.

БАК дерек көздерінен алынды.

ХАЛЫҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМ КЕРЕК ПЕ?

Нарық шенеуніктерді семіртті, саудагерлерді байытты, халықты кедей, жарлы етті-ау, ә?

Әлем халықтарының 50 пайызы дерлік кедейшілікте өмір сүреді. Қытайда 600 миллион халық кедейшілік күйінде болса, Қырғызстанда 50 пайыз. Ресейде 17,5 миллион халық кедей, мұны 2013 жылы Президенттің өзі де мойындаған. Ал әлемде 2,2 миллиард халық кедейшілікте күн кешуде.

Иә, солай болды ғой. Әлемнің бай-кедей болып екіге жарылғанын, демек, әлемде әрбір жетінші адам кедей, демек, халықтың 40 пайызы кедей. Соның салдарынан мыңдаған, миллиондаған жарлы-жақыбайлар ереуілдерге шығып жатқанын жақында *Әлемдік экономистер форумында біздің көшбасшымыз Н. Назарбаев ашық айтты. Байлар мен кедейлерді теңестіретін «Жол картасын» жасау керектігіне де тоқталды. Аса көрегендік, данышпандық идея бұл деп айтуым керек.* Осы идеяны өз елімізден бастасақ, кәнекей, ә?

Сәл шегініп, кешегі тарих қойнауына кеткен әлеуметтік мемлекет заманында қалай еді? Бай, кедей деген ұғым болмайтын. Тіпті халық ұлтына, руына, жершілдікке бөліну деген де жоқ десем болатын. Тіпті біреуді-біреу атып кету, сатып кету, алдап кету дегендер де бола бермейтін. Жемқорлық деген жоқ еді. Бір қазанды, ішінде асы бар ортаға қойып, бір ожау, не қасықпен кезекпе отырып көрші-қолаң тамактанатынды. Жас отбастарының ажырасуын масқаралық дейтін. Мыңнан бір адамдар болмаса, ондай құбылыс жоқ еді.

Қазір ше? Осы жоғарыдағы айтқан сорақылықтың бәрі дендеп кетті. Ал қазіргі қоғамдағы катыгездіктің, қара ниеттіліктің, атысшабыстың, бірін-бірі өлтірудің себе неде? Тіпті бір анадан туған екі баланың, екі азаматтың арасы да суып, жаулыққа айналатын деректер де жетіп артылады. Ата-анасының, әке-шешесінің ақыл-кеңесін тындамайтын ұрпақ та өсіп келеді.

«Қуансаң, қуана бер әкетайым, Мен сенің өміріңнің жалғасымын»,- дейтін ұрпақ қайда, ұл қайда, бала қайда? Әкесіне қол жұмсайтын, тасжүрек бала қайдан келді? Ал:

«Сәбиі жоқ Анаға, сәби болғым келеді»,- деген шахалақ-сәби қайда кетті? Бүгін кім болды? Не болды? Әке-шешесіне, ата-анасына қол жұмсайтын, не қарттар деймін-ау, жоқ, ардагерлер,- деп жатыр ғой, сол үйде өз аяғымен жүре алмайтын ата-анасын тапсырып жіберіп, тайрандап жүретін безбүйрек балалар қайдан шықты? Иә, бір замандардағы монғолдар ертегілері де еске түседі-ай ...

Иә, *«Әке-тірегің, Ана-жүрегің. Әкесіз бала – панасыз балапан. Ана сүті – бой өсіреді. Ана тілі – ой өсіреді»,-* дейтін ұлы сөз аяққа басылды ма. ә?!

Бірде *Ақұштан БАҚТЫГЕРЕЕВА* ұстазының сөзін еске алады. *Мен,- депті ұстазы, – Ана сүтін емгендерді оқыттым, сиыр сүтін емгендерді оқыттым, ұнтақ езіп бөтелкеден емізік сорғандарды оқыттым. Енді бұл өмірге кімдердің келетінін білмеймін,-* деген екен.

Өз қанынан жаралған ұрпағын өз үйіріне қоса алмай сарсанкесекке түсіп жүрген ата-ана қанша десеңші?! Еске алу да өте ауыр. Қазақ халқының металитетінде туа-бітті болмаған құбылыс бұл.

Қазағым *«Артымда ұят қалғанша, тұяқ қалғай»,-* деп ұлы сөз қалдыруы да тегін емес қой.

«Мен түсінемін, адамдардың бәрі әділетті емес, олардың бәрі адал емес... Бірақ оны мынаған да үйретіңіз, ол әрбір арамзаға қарсы тұрар батыр, әрбір өзімшіл саясаткерге қарсы айнымас көшбасшы табылатынын білсін.

Егерде дұшпан болатын болса, міндетті түрде досыңда бар екенін айтқыз оған... Адал еңбекпен бір доллардың жерден тауып алған бес доллардан әлде қайда құнды екенін үйретіңіз...». АҚШ-тың 16-шы Президенті Авраам Линкольнның (1809-1865) ұлының ұстазына жазған хатынан.

Иә, ар да, намыс та, тән де, жан да сатылатын заман келді. Өз ғұмырында, өз тіршілігінде жіберген кемшілігі мен қателігін мойындап, халқымен тең бір дастарханнан тамақты бөле ішкен тұлғаны ортасы нағыз ақылды да арлы азамат санайды ғой. Осы кітапта олар жайлы да аз айтылмайды. Бірақ бұл нарық қоғамының жұмбағын түсіну үшін ұлы философтар, экономистер, қайраткерлер керек-ау проблемаларды шешуге. Әрине, қозғаушы күш – халық ғой.

МАМЫР. 2014 ж.

САРАЙШЫҚ СЫРЫ НЕДЕ?

Еске салай кетейік. Атырау облысының Әкімі болып тұрған жылдары Иманғали Тасмағанбетов (1999 ж.) қазақ хандарына (7 ханға, 1 ханның бас сүйегіне) арнап келісті пантеон салдырған еді. Осы бір тарихи шешімді оқып, естіп отырып, мына бір шежірелі сөз еске түсті-ау.

Бұл әңгіме сол кезде Гурьев облысы (қазіргі Атырау обл.) 1960 жылдары болған еді. Осы облыстың екінші басшысы Мұқанбетқазы Тәжинмен бір отырғанда, ел ақсақалы айтқанды. Сөзге ағып тұрған шежіреші қарт былай деген: *(есімін жазып алмаптын).*

Шыңғысханның немересі Батый Қажытарханды (бүгінгі Астрахан) жаулап алған соң, жоғарырақ шығып табиғаты керемет жерге шаһар салғызады. Халық ол шаһарды «Сарай-Батұ»,- деп кеткен. Содан Ба-

тый Европаны да жаулап алады ғой. Батырдың бұл жеңісіне сый етіп халық алтындалған 12 қанат киіз үйді тартады. Халық оны Алтын Орда деп кеткен екен. Тарихқа сол, атымен енеді: бір көңіл аударарлығы сол, Сарай-Бату, Алтын Ордаға тетелес шағын шаһаршық салынады. Оны Батыймен осында келген монғолдар «Сарай-жүк», - деп атады. Кіші қала-шаһар деген мағына білдіреді. Жергілікті қазақтар оны «Сарайшық», - деп атап кетеді. Ұлы астана Сарайшық осылай тарихқа енеді, - деп қойды қарт, содан біраз ойға қалып отырды. Одан кейін:

– Тағы бір әңгіме-оқиға еске түсіп отыр, - деді.

– Біз тыңдаймыз, ата, айтыңыз, - дедік.

– Ол көңілге күйзеліс келтіретін оқиға, - деп қойды.

– Айтыңыз, - деп қойдық.

– Айтайын, бірақ аңыз болып кеткен оқиға. Қаншалықты шындық, оған кепілдік бере алмаймын, - деді қарт.

– Онда былай: Әз Жәнібек (1357 ж. Алтын Ордада) ханның дәуірлеп тұрған кезі болатын. Аса сүйікті, сұлу жалғыз қызына Жайық жағасына жақын бір ойпат жерден жасанды көл жасатады. Оның суын екі аптасайын ағызып жіберіп жаңартып отырады. Сол көлдің жалғыз иесі қызы болады. Қызы көлге серуендеу үшін алтын қайық жасатып береді. Және бір қызығы көлге аққу, қаз қонып, көлдің сәнін келтіру үшін көлдің суына әркез шекер сеуіп, тәтті суға айналдырады. Халық көлге көптеп келіп, жағасына жатып, демалыс орнына айналдырады. Халық көлді «Аққу көлі», көбіне, «Секер көл», - деп атап кетеді.

Әз Жәнібек ханның сүйікті де сұлу қызы балиғатқа 15-16-ға толады. Күйеуге беруге дайындық аяқталады. Өкініштісі, қыз аяқ астынан о дүниелік болып кетеді. Хан қыздың бар жасауын алтындаған, алтын қайығын, ақ жорғасын – бәрін қызының қабіріне салып, бірге көмуге шешім қабылдайды. Осы кезде ел билері, дуалы ауыз көсемсөзшілері ханға келіп былай дейді: «Хан ием, шешіміңіз дұрыс, бірақ ел ішінде ұры-қарылар бар ғой. Дүниеге қызығып, қабірді ашып, барлық бағалы заттарды алып, қызымыздың мәйітін сыртқа шығарып тастаса...

Хан шешемін өзгертіп, жеті адамды шақыртып алып, қабірін қаздырып, бар алтын-мүлкін, алтын қайығын, атын қоса жерлетеді. Сол түні қызды жер қойнына беріп болғансын, әлгі жеті адамды өлтіртеді де, қабір үстінен бірнеше рет үйір жылқыны жүргізіп, тапта-тып тастайды. Кейін ханның өзі де қызының қабірі қайда екенін айыр алмапты, - деп қарт жан-жағына үрке қарады. Мұқанбетқазы қарттың арқасынан сыйпап, рақметін айтты.

Сөз соңында қарт сол Секер көл – Аққу көл Жайық тасқынының астында қалған екен, -деп, кетуге рұқсат сұрады-ау.

ТАҒЫ БІР ЕСКЕ түсетіні Шыңғыс ханның (1155-1227) қайда жерленгені жайлы қанша ғасыр өтсе де ештеңе қойылған жоқ. Шыңғыс

дүние саларында: «Менің мойнымда қанша халықтың қаны бар. Кешірім бола қоймас. Мені тыныш жату үшін ешкім, ешуақытта таба алмайтын, масқараламайтын жерге қойындар», - депті деген әңгіме бар. «Тіпті қабіріне адам қолы жетпейтін шың басына, өзен суы астына, не бір үңгірге қойындар, не мені жерлеп болған соң, мыңдаған атты әскерді қабір үстінен жүргізіп, таптатып тастандар», - депті деген әңгімелерде жетеді.

Өз Жәнібек ханның сүйікті қызының алтындалған мәйітін осылай жер қойнына беруі рас та болар. Бұл қайғылы оқиға Шыңғыс хан заманынан кейін болған ғой, ә? Иә, солай.

Еске сала кетсек, ұлы ойшыл, марксизім ілімінің негізін қалаушының бірегейі Фридрих Энгельс (1820-1895) өлгенсін денесін табытқа салып, теңізге тастауға өтінген, Джавахарлал Неру (1889-1964) дүние салған соң денесін өртеп, теңізге күлін шашуды ұсынған. Ал Қытай экономикасының ұлы сәулетшісі-архитекторы Дэн Сяопин (1904-1997) өзі қалдырған өсиеті бойынша мәйітін өртеп, күлін мұхит үстіне шашқан екен. Себеб не? Өркім өзі түсінер-ау ...

1999 ж., ескі блокноттан ықшамдалып алынды.

АЛТЫ АЛАШ ҚАЗАҚ ПА, ӘЛДЕ?

БІР ДЕТАЛЬ. Алты Алаш,- жазып та, айтып та жүрміз ғой. Алаш сөзі қайдан шыққан? Дана философ **Аманкельды АЙТАЛЫ:** «*Алаш сөзі, қазақ деген мағынаны білдіреді*», - дейді. Дұрыс пікір! Ал алты Алаш: Керей, Меркіт, Қоңырат, Найман, Жалайыр. Кешегі ХІІІ-ХҮ ғасырлардағы қазақ мемлекетінің Астанасы Алтын Орда, Сарайшық, замандарында татарларды ел басшысының есімімен атаған еді. Сол алтыншы Ноғай. Еске салатын болсақ, Алтын Орда, Сарайшық астаналарын ыдыратқаннан кейін қазақ рулары Шығысқа қарай көшкенде, Ноғайлар елі сол мекенде қала берген. Сол татарларды заманында «булгарлар», - деп те атаған. Бұл бүгінгі Волга өзенінің атауы. Булгарлар осы өзен жағасында ғұмыр кешкен. Бізге Еділ, Ноғай, Маджарлар тарихтан белгілі. Сол татарлардың ұрпағы қазіргі Қырым татарлары болар. Ресей отарлаушылары Еділ, Жайық бойларын жаулап алған соң, өзендер аттарын өзгертіп жіберген ғой. Ұлы ақын **МАХАМБЕТ:** «*Еділді келіп алғаны – Етекке қолды салғаны, Жайықты келіп алғаны – Жағаға қолды салғаны*», - демей ме? Иә, солай.

НАРЫҚ ЗАМАНЫНДА НЕ КЕЗДЕСПЕЙДІ, Ә?

Сәбидің бір жасқа толу тойы өтіп жатыр. Той ортасына қарай кешігіп келген бикеш сәби әкесіне жетіп барып: «Мә, байғазы, 100 доллар!»,- деп төс қалтасына қолын салды да, суыт суырып алды. Сәби әкесі бұрыла беріп, қалтасында дым жоқ екенін білді. Қасында тұрған:

– Иә, жігітім, нарық заманында не болмайды. Келіншектің қалтана қолын салғанына риза бол,- деп күліп қойды.

«ҚЫРҒИҚАБАҚ» СОҒЫС КЕЗІ ҒОЙ

Мына қойын блокнотындағы өшіріле бастаған жазуды оқысам: ООН-ның Бас хатшысы *ХАММАРШЕЛЬД Даг Яльмар (1905-1961)* Нью-Йорктан отырған бортында 230 адамы бар самолет аспанда өртке оранды. Бұл трагедияны «Правда» газеті 1961 жылы жариялады. Газеттің жазуы бойынша трагедияны ұйымдастырған АҚШ-тың ЦРУ-ы Пентагон делінеді. Себебі Хаммаршельдің көзқарасы АҚШ-қа ұнамаған. Ал, ол Әлемге белгілі ұлы тұлға болатын. Нобель сыйлығының лауреты еді. Иә, «қырғиқабақ» соғыс өрті жанып тұрған заман,- еді ғой ол. Содан болар, не болсада АҚШ-қа жаба салады.

БҮГІН АСТАНАДА КІМДЕР ТҰРАДЫ?

Екі қарт Есентай өзені жағасындағы Х. Ерғали атындағы жайлы орында жайғасып, әңгіме дүкенін құрып отырды.

– Осы сен айтшы, тұруға қай жер жақсы?,- деді қарт қасындағы – қартқа.

– Оның несін сұрайсың? Астана! Билік сонда, шенеуніктер сонда, қалталылар сонда.

– Осы кезде олардың тұсынан өтіп бара жатқан жас тоқтатқан бір кісі:

– Астанада ақшасы көптер тұрады, не ақымақтар тұрады. Ал ақылдылар Алматыда тұрады,- деді де тілге келмей, кідірмей жүре берді.

– Ал сен қайсысына жатасың? - деп екіншісі қайта сұрақ қойды.

– Жаңағы жігіт айтты ғой, мен Алматыда тұрамын, - деді.

АЛМАТЫ қ., шілде, 2011ж.

Иә, қарапайым халқым, қасиетті де қадырлы жерде дұрыс денсаулықтың арқасында талтаңдап басып, аман жүргеннің өзі – бақыт емес пе? Иә, солай.

Биіктікті көру үшін қашықтық керек. ХАЛЫҚТЫҢ қанатты сөзі.

Шың+құз сөзінен Шыңқысхан сөзі алынған делінеді. Ұлы Қаған Шыңғыс хан есімі жайлы деректерде. Ал шешесі Найман аталығының қызы делінеді. «Монгол» сөзі – «Мың қол» сөзінен шыққан. Жалпы Шыңғысханды қазақ қанынан шығарады.

Кімдікі дұрыс, әрине, уақыт көрсетер!

ЖАҢА ЖЫЛЫҢЫЗБЕН, ХАЛҚЫМ!

2011 жыл – Хижраша – 1433 жыл.

Хижра сөзі – арабша: көшу, қоныс аудару, тастап кету, деген мағыналарды береді. Бұл жыл Мұхаммед Пайғамбардың Меккеден Мәдинаға көшкен жылы. Бұл 622 жыл болатын.

Ал жаңаша айтсақ бұл – **2011 жыл – Қоян жылы. Бүгін – сенбі. Қош келдіңіз, Жаңа жыл, жаңа Күн!**

Жаңа Жылды үлкен баламыздың шаңырағы астында қарсы алдық. Елбасының жаңа Жылмен құттықтауын тыңдап, тост көтердік. Аса көңілді де көркем кеш болды.

Ал өткен Барыс (Жолбарыс) Жылы – 2010 жыл біздің әулетке не берді? Қысқаша айтсақ:

Ел бейбітшілікте, Амандықта болды. Қазағым тағы бір биікке көтерілді. Еуропалық ынтымақтастық пен қауіпсіздік тізгінін ұстап 1-2 желтоқсанда үлкен ұлылық, қазақ халқының ұлылығын көрсетті, танытты Әлемге!

Әулетіміз де аман-есен жылды өткізді. Әулетімізге немерелеріміз тіккен жас шаңырақ қосылды. Тойға барлық жерден балалар келді.

Немереміз отауына біздің тағы бір шөбереміз-сәби келді.

Бастысы әулетіміз бұл күнге де аман-есен жетті-ау. Жаратушы Ием, ұлы аруақты Ата-бабалар, Әз Аналар қолдап, қорғай жүргей деген ақ тілек үстіндемін.

ТАПТЫРМАС ТӘРБИЕЛІК ҚҰРАЛ

Мереке күндері үлкен үйдің қара шаңырағында арқа-жарқа жиналып ағайын, бауыр, тума-туыс болып, ақ дастархан жаю, отбасылық фото альбомдарды қору, ата-бабалардан қалған құнды заттарды көзіндей сақтау сияқты дәстүрлер де әулеттің тамы-

рын нығайтады. Қазіргі жасстарды тәрбиелейтін таптырмас жәдігер. Елена ЛЮБИЧ, психолог.

01.04.2011 ж. Аса көңілсіз де жадау күн болды. Ауырып қалдымау, Иван Тургеневтың «Отцы и дети» кітабындағы кейіпкерлер есіме түсе береді. Неге? Білмедім.

05.04.2011 ж. Есентай өзен жағасында Жақсылық бауырыммен кездестім. «Тегіне тартып туған Тауман» деп, тақырып қойып жазған **Жеңіс ШЫНЫБЕКОВТЫҢ «Алматы ақшамында»** шыққан газет нөмерін бердім. Жәкен: «Айтпақшы, аға, осы алматылық бір шөмекей азамат Сіздің «Дала Геркулесі» кітабыңызды оқып шыққан екен. Өте әдемі, аса сауатты жазылған еңбек екен. Авторға мұндай бір институт жазатын кітап жазғаны үшін рақметім шексіз», - деді. Ол кім екен? - дегенімде, Жәкен: «ҚазГУ-дің бір профессоры» - деді, кешіріңіз, аты есіме түспей тұр.

«Қазақстан» телеарнасы: **Карла СӘРСЕКЕЕВА – АҚШ-тағы Қазақстан аялысының өкілі,** - деп хабар берді. Нью-Йоркта тұрады екен. Иә, менің аса құрмет те ізет тұтатын Қоғабай Сәтенұлының қызы болар, - деп қуанып қалдым. *(19.04.2011 ж.)* Қоғабаймен бір кездескенімде өзінен сұрап едім «Ол менің келінім ғой», - деді.

ӨСУ ДЕ, ӨШУ ДЕ БОЛҒАНЫ ҒОЙ, СОНДА ...

Әлемдегі мемлекеттер мен халықтарды зерттеушілердің кейбір болжамдарына зейін аударатын болсақ:

– 2030 жылы Ресей халқы 20 процентке немесе 15 миллионға азаяды екен. Сонда халқы 116 миллион болып қалады.

Иә, себептерін де айтқан. Олар: СПИД, туберкулез, инфекция. Ал БҰҰ ғалымдарының дерегіне сенсек, 2888 жылы – Ресей тұрғындары жер бетінен «жоғалады» делінеді.

Неміс ғалымдарының зерттеп айтуы бойынша Ресеймен қатар Макао, Гонконг, Босния және Герцеговина, Мальта, Словакия, Сингапур, Румыния, Венгрия, Македония елдері жер бетінен жоғалады, - дейді БАҚ құралдары. АҚШ, Виргинск аралдары, Тунис, Франция, Оңтүстік Корея, Әзербайджан т.б. елдердің жойылу қаупі бар делінеді.

Жердің беретін корегі 10 миллиард адамды асырауға жетеді деп отыр.

Иә, бұл болжамдарға әлі 800 жылдың үстінде уақыт бар, кім біледі?

БҰҰ мәліметтері бойынша Қазақстан шапшаң қартайып бара жатқан ел. 2050 жылға қарай Қазақстан халқының төрттен бірін (1/4) егде жастағы адамдар құрайды делінеді. *Надежда ПЕТУХОВА, депутат.*

80 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙҒА ОРАЙ ...

Иә, біздің отбасын құру кезеңі 1949 жылдың 30 қазаны болатын. Содан бері талай тар заманды бастан өткіздік Балзада Шәмшіқызы екеуміз. Бес бала өсірдік. Бәрі де Мәскеу, Ленинград, Алматыдан жоғары білім алды. Немерелі, шөберелі болдық. Сол бір әулет бастауына бүгін 62 жыл!

Артқа көз жіберсем біз:

- 1 год - ситцевая свадьба
- 2 года - бумажная свадьба
- 3 года - кожаная свадьба
- 4 года - льняная свадьба
- 5 лет - деревянная свадьба
- 6 лет - чугунная свадьба
- 7 лет - медная свадьба
- 8 лет - жестяная свадьба
- 9 лет - фаянсовая (ромашковая) свадьба
- 10 лет - оловянная (розовая) свадьба
- 11 лет - стальная свадьба
- 12 лет - никелевая свадьба
- 13 лет - шерстяная свадьба
- 14 лет - агатовая свадьба
- 15 лет - хрустальная свадьба
- 20 лет - фарфоровая свадьба
- 25 лет - серебряная свадьба
- 30 лет - жемчужная свадьба
- 35 лет - коралловая (полотняная) свадьба
- 40 лет - рубиновая свадьба
- 45 лет - сапфировая свадьба
- 50 лет - золотая свадьба.
- 60 лет - бриллиантовая свадьба, жалғастыра берсек
- 65 лет - железная свадьба
- 70 лет - благодатная свадьба
- 75 лет - коронная свадьба
- 80 лет - дубовая свадьба
- 100 лет - красная свадьба, деп айтады халықта.

Иә, Жаратушы Иемнің мұндай бақытты да ұрпақты ғұмыр бергеніне мың шүкірлік деп тағдырымызға бас иеміз. Әулетіміз аман болғай!

*Тырналардың ұзатып тізбек көшін,
Жаз көшеді жайлаудан күз жеткенсін.
Көз пұрында жаңғырып келбетіміз,*

*Өзге толқын келеді біз кеткенсін. Есенбай ДҮСЕНБАЙҰЛЫ,
көрнекті ақын.*

Осылай деген еді. Өзге толқын да аман болғай!

Ал қазақтың мүшел жастарды пайымдауы:

1. 1-13 жас – бір мүшел
2. 13-25 жас – екі мүшел
3. 25-37 жас – үш мүшел
4. 37-49 жас – төрт мүшел
5. 49-61 жас – бес мүшел
6. 61-73 жас – алты мүшел
7. 73-85 жас – жеті мүшел

ЖОЛАЙРЫҚҚА КЕЛДІК-АУ, ОСЫ

... Жас күн сары алтындай нұрын шашып, шығып келеді. Бұл әулетімнің жас ұрпағы.

Жаратушы Иеме мың шүкірлік!

... Менің күнім еңкейіп, қызарып батып барады. Иә, табиғат заңы!

Демек, менің өз өмірім жол айрыққа келді. 80 жас! Иә, бұны тағдыр жазған ғой.

АРТЫМА ҚАРАЙМЫН, ӘРІРЕККЕ ...

...Мұғалжар тауының – Орал өңірінің аяқталған жеріндегі Шалқар шаһарында дүниеге келіппін. Кейбір деректер таудың оңтүстік етегіндегі Үйтасты бұлақ, Бәймен бұлағының төсінде туғансың дейді. Атымды Тау+ман деп қоюы осыны да меңзейтін сияқты. Тау-тау биіктік, шың, ал ман – тау адамы деген мағына береді. Сондау таудан да биік деген сөзге түйінделеді ...

Бүгін, әке-шешемнің, белгілі заңгер аға Муса Бисеналыұлының айтуы бойынша, байларды тәркілеген жылы анамның құрсағында ішінде көрінемін. Сонда 1928 не 1929 жылы дүниеге келген боламын ба? Заңгер аға 1940 жылдары: «Сенің жасыңды 1931 жыл деп санаққа қостым, жаздым. Бір-екі жас не әрі, не осы жылы болар», - дегені есімде.

Сонымен, Кенен әкеміздің, менің әкеммен жандай құрдас, әрі туыс-бәрі Есет ата ұрпақтары. Сол әкемнің зайыбы Қапыш әже айтып отыратын: «Сен менің Жұбаныммен жастысың, сонда сол 1929 жылы туғансыңдар», - дейтін.

Иә, талай жылдар өтті арада. 1931-1933 жылдардағы аштық, анаршылық. 1937-1938 жылдардағы қанды, қансыз репрессия.

1941-1945 жылдардағы Отан соғысы. Кейінгі жокшылық жылдары. Студенттік өмір. Жұмыс ... Зейнетке шығу. Ата конысты тастап, Ұлы Алатау бауырындағы алтындай жарқырағын Алматым! Білім, ілім сыйлаған ұлылармен, ұлағатылармен кездестіріп, тәлім-тәрбие алған жылдар. Жас 64-ке жеткенде балаларымның көшіне ілесіп коныс аудардык.

ЕНДІ АРТЫМА ҚАРАЙМЫН. ...Атамекен, туған жер. Өмірімді өрген жер, барын берген Ел! Елімнің «Тәкесі» халқымның «Тау ағасы» атандырған өңір. Иә, атамекеннен шығатын жол бар екен, қайта баратын сүрдек жоқ екен.

*«Айналайын, Ақтолғай,
Барайын десем, жер шалғай,
Бармайын десем, ел қалды-ай»,-*

деп елін сағынған ер жігіт айтқан екен. Иә, тағдыр осы ғой.

Ал қазіргі жаһандану дәуірінде ше? Әркім өзі біледі! Иә, солай. Оған жас 80-ге келгенде көзім жетті. Саналы ғұмырдың – жастығының да, толысып тоқтасқандығының да, егде тартқан шағымның да іздері осы Атамекенде қалды ғой. Тәубе! Тағдырыма мың шүкірлік! Иә, дара ақын *Қадыр МЫРЗА ӘЛИ* жазып қалдырғандай:

*Қайда жүрсеңде Атамекен,
Көкейіңде жатады екен...*

ЕСКЕ ТҮСЕТІНІ: отыз жыл басшы қызметте болып, ел тынысына араласқан заманда, халқымның «О, Тәкен келді, Әділет келді, ақ жүректі адам келді»,- деп қарсы алып, ақ құйрық, қызыл күрең шайын, шірпінің талына шаншыған бауыры мен марка құйрығын қосып турап, сырлы зеренге салып әкелетін мипалауын; мұрныңды жарып жіберетін бетіне майы қалқыған қымызы мен шұбатын; сары алтындай жалтылдаған қазысы мен жаясын; қартасы мен маркасының балдан тәтті құйрығын ұсынатын сыйына, құрметтіне талай не болдықау. Иә, мені – *осы жасқа жетелеген халқымның сый құрметі, бәйбішем мен балаларымның, немерелерімнің ақ пейілі мен ұсынған ақ дастарханы болар деп есептеймін!* Себебі бұл жасты тағдыр кез келген пендеге ұсынбаған ғой. «Көп жасаған құрдасынан айрылады» деп халқым бекер айтпаған болар. Көз жіберіп қарап отырсам, аға-апаларымды бұлай қойғанда, кешегі құрдас, жолдас, дос-жарандар түгелдей дерлік мәңгілік ұйқыда екен.

Иә, Көл Шалқар, Ұлықұм, Кішіқұм, Мұғалжар, Айрық тау, Біршоғыр тау, Аққолтық, Толағай, Тобылғысай, Қайыңды, Қыземшекті пір тау, ойнап күлмесемде, тіршілік үшін күрескен Кішкене тұз, Қорғантұз, ата мекені болған - Күнгеі, Күркей. Тораңы құмлары. Бүйірек шағылы,

Аяққұм, Қыздар – Шыққан биігі, Қошқар – Ата қоңырлығы. Иә, бәрі-бәрі қалды. Қайтып оралар жол жоқ-ау деймін. Аяқ тұсалды, кеуде тарылды, дем азайды, дене құрсалды, көз көмескіленді-ау.

*Ұлы құм-ау, Ұлықұм,
Тізеден еді-ау құдығың.
Енді қайдан ішемін,
Мөлдір судың тұнығын,-*

деген екен Батақтың Сарысы. Балам «өмірінде тұнық су, тұнық ғұмыр кешкейсін», - деп Әжем батасын берген еді-ау.

Есет батыр айтқан «батыр сүйегі туған топырағында, туған елінде қалса, бұл да бақыт!», - деген екен. Айта берсем, бәрі өз елім, өз жерім.

Еске алатын болсам, сырт көзге көп жағдайда, суықтау көрінетінім де бар. Өмір қаталдығы осылай шыңдаған да болар. Ал қызмет бабында нелер кездеспеді. Шындық үшін шырылдап жүріп күрескен адамды көп жақтыра да бермейтіндер жетіп артылады. **«Күшік асырап ит еттім – балтырымды ол қанатты, Біреуге мылтық үйреттім – мерген болды, мені атты»**, - деген ұлы **АБАЙ** даналығы кейде еске оралады.

Мен, негізінен, қаламымен халқыма қызмет еткен пендемін. Бірақ өз өрнегіммен, өз стиліммен, өз соқаммен журналистикаға келдім, міне, кетіп барамын. Біреуге еліктеп оның көзқарасымен, пікірімен жұмыс істеген қаламгер емеспін. Ешбір партоқраттың, не билік иесінің өкшесін жалаған емеспін.

Ағылшынның ұлы жазушысы ХЕМИНГУЭЙ айтқандай: «Мен өлсем өлермін, бірақ мені жеңе алмайсыңдар», - депті. Тағы айтатын, ешуақытта кек сақтаған емеспін. Бәрін, бәрін өзімше бағаладым, қолдан келгенше әділдік жолымен қызмет еттім. Ал бұл нарық заманында әділдік ақшаға, көкеге, билікке ауысты. Жүзге, руға, аталыққа бөліп, команда құру өріс алды. **ҚАЗАҒЫМНЫҢ: «Бір кісі таққа отырса, қырық кісі атқа отырады»**, - деген қантты сөзі еске орала береді. Таза, адал адам өспейді. Туыс, ақша! Иә, сондықтан болар, елдің ертеңіне қатты алаңдаймын.

Тектілік! Текті! Қазір қалталылар бәрін ақшамен сатып аламын деушілер қатары көбейді. Арғы ата-бабаларын «аруақты, сүбелі бай, болыс, би болды», - деп көкушілер қатары көп. Біз «текті аталықтың киелі ұрпақтарымыз», - дейтіндер де көп-ақ. Қазір тарихи шындық, ар-ұят, адамгершілік емес, ақша билеген заман болды ғой.

«Осылар неге үйленбейді?», - деушілер де баршылық! Үйі жоқ, жұмысы жоқ, күйі жоқ! Қалай үйленеді?! Баяғы жылына 12 бойдақ тоқтыға жалданған сорлылар да 30-40 жасқа дейін үйлене алмады емес пе? Сол заман кезді ғой қайта.

7 қаңтар Иосиф құдайдың туған күні (біздерше Иса пайғамбар) екен. Иә, Православ дінінде Құдайды «қолдан туғызып», тойлай береді ғой. Әрине, менікі қате пікір болар.

АРЫСТАНДАЙ АЙБАРЛЫ ЕДІ

**Сұрасаң руымды Жағалбайлы,
Жылқысын етек алған бағалмайды.**

Өлгені Күләшімнің рас болса,

Құдайым Өтежанды неге алмайды. *Өтежен НҮРФАЛИЕВ, дара ақын.*

Иә, ақиқаттың дара да арыстан ақыны, тура мінезді, туғанына да, жаға бермейтін тұлға Күләштан кейін көп ұзамай дүниеден өтті. «ҚӘ» осылай жазды, бірақ Өтежан – адай еді ғой.

2010 ж., желтоқсан.

«ӘЙ, ТОҚТА!»

Көшеде аяғын баса алмай, қалт-құлт, тәнтіректеп келе жатқан картқа екі полицей қарсы келе қалды.

– Қара, мына бүкір шал, мас!

– Иә, мас!

– Әй, бүкір шал, сен массың ғой, ә? Жағың қаусап тұрып, арақ не теңін! Біз ішсек, жылыну үшін ішеміз.

Екінші полицей шалдың ескі сырт киімінің өңірінен ұстап дырылдатып сүйрей бастады.

– Иә, вырезвительге алып барайық.

Шал аяғын сүйрете әрең дем алып келеді.

– Мына шалдың аузына приборыңды сал!

– Жок, бұл карт мас емес.

– Не оттап тұрсың? Сүйреп әрең жеткіздік.

– Осы менің жасыма келгенінді көремін әлі-ақ,- деді карт.

– Тілінің мүрдейін қарашы, артына қарамай. Нешедесің?

– 83 ...

– Менен 55 жас үлкен екенсің, бүкірім-ау. Ол кезде сүйегің де қурап қалады ғой.

– Жок, сол жастағы сендерді көремін.

– Қысқарт, қалтаңда қанша ақшаң бар? Бер, біз бір жылынайық,- деп карттың тұла бойын тінте бастады.

-- Нанға төлейтін 60 теңгем,- деп карт мінгірледі.

– Онда кет, пошел вон!- деп қарттың желкесінен бір түйіп, сүйреп далаға шығарып жіберді.

Саясат адалдықты талап етеді. Дон И., Кореяның ұлы да қайраткер қызы.

Перед капиталом не только личности, но и государство танцует. Оноре де БАЛЬЗАК, ұлы француз жазушысы.

Әйелдің етегі жоғарлаған сайын, оның абыройы төмендей түспесе, биіктемейді. Лев ТОЛСТОЙ.

04.02.2011 ж. Мен үшін өте ауыр күн болды, көңіл күй түсіп кетті. Қатты шаршадым. Қан қысымы түсіп кетті. Жүректің соғуы да нашарлады. Бұл төзімділік қой.

Үйге келгенде еркінсің. Үйде бала-шаға, әйелің болмаса, толықтай демократия. Ал әйелің үйге келгенде, барлық бостандық пен еркіндік шектеледі. Александр ЛУКАШЕНКО, Белоруссия президенті.

Біз саясатпен айналыспасақ та, саясат бізбен айналысады. Уинстон ЧЕРЧИЛЛЬ.

Экстремизм – (фр. extremisme, лат. extremis) шектен шығу деген мағына береді.

ЕЛ АЗАМАТЫНЫҢ ҚҰРМЕТІ ҒОЙ

05.04.2011 ж. Менің аса құметті тұтатын бір бауырым – еліміздің арда азаматы Бекет Құрмашұлы ЕСЕНЖОЛОВ Ақтөбеден телефон соғып:

– Мың да бір рақмет, Ләззат арқылы жіберген «Дала Геркулесі», «Биобиблиографиялық көрсеткіш», «Алматы ақшамы» газетін алдым. Қызықты жайттар көп екен газетте, оқып шықтым. Сіз жайлы кітабыма үлкен бір материал жазып қосып жатыр едім. Енді оған өзгертулер енгізетін болдым. Ақтөбеге 80 жылдық мерейтойыңызға орай келсеңіз, міндетті түрде қонақасы дайындап қоямыз. Келіңіз Айша сұрап жатыр...

08.04.2011 ж. бүгін ҚазРадионың Шалқар бағдарламасының тілшісі Мақсат Рамазанов менен сұхбат алды.

14.04.2011 ж. 31 телеарна Қазақстанның сыртқы қарызы – бережағы 117 миллиард АҚШ долларымен! Соның 34-40 процентін Қытайға бережакпыз. Қазақстандағы мұнай, газ өнеркісіп объектілерінің 32-і Қытайдың меншігінде.

Иә, қара Қытай қаптаса...?

18.05.2011 ж. Өткенде ҚазРадио сұхбатты жақсылап бергені жайлы Үмбетбай Уайдин, Мақсат Дүйіемағамбет айтып, құттықтады.

Сол сұхбаттың дискісін берсе, жақсы болар еді деп екеуіне де өтініш айттым.

САКУРА ГҮЛДЕГЕНДЕ...

Бұл сол сәуір айының бірінші жартысы болатын. Осы жолдардың авторының 80 жылдық мерейтойына орай продюсер **Толқын САДЫҚОВА** қызым:

– Аға, Алматыда тұратын әулетіңізбен Президент саябағына келіңіздер. Бүгін жапон Сакурасы гүлдеп тұр. Ауа райы тамаша! Түсірілімізді енді осы саябақта да жалғастырамыз,-деді.

Бар әулетіміз, жақын-жуығымыз түгелдей келдік. Парк іші тамаша! Иіссу сепкендей! Мені жетектеп Толқын қызым Сакура ағашының қасына алып келді. Гүлдеп тұр жаныңа нұр құяды.

– Ойланшы аға, ойға шомып тұршы, түсірімге осы бір қас-қағым керек,- деді.

Иә, ойыма кезінде «Казатомпром» президенті болған бір басшысы есіме келе қалды. Ол іс-сапармен Жапонияға барғанда, осы әсем гүлді Сакура ағашының мыңдаған данасын елге әкелген екен. Курчатова қаласына отырғызыпты және осы Президент саябағына сыйлапты. Біз ғана емес, Алматылықтар, қала қонақтары да осы Сакура гүлі өскен Президент саябағына соғады екен. Арман қарай түсірілім...

АТАМЕКЕНГЕ АҚ САПАР

18.05.2011 ж. Ертеңгі сағат 8:20 Алматы халықаралық әуежайынан Қазақ елінің көгіне көтерілдік.

Иә, Ақтөбе Әкімдігінің шақыруымен барғанбыз. Жолсерік **С. ДОСАНОВ** болды.

Бұл сапар жайлы «Жол үстіндегі әңгіме» айдарымен (А-4 форматымен 16 бет) материал жаздым. Оны Ақтөбе Әкімінің кеңесшісі Ғалымжанға танысуға жібердік, электрон почтасына.

Ғалымжан екінші күні (28 маусым) 2011 ж. телефон соқты:

– Арда ақын **Есенбай ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫНЫҢ**:

*Ардақты Тау аға!
Шықпайсың елдің есінен,
Қайрат – күшіңе қайранмын:
«Дала Геркулесінен» -
Қаламның Геркулесіне айналдың»,-*

деген өлең жолдарын айтты да, өз пікірін түйіндеді:

Тау аға, *«Туған аймақ ажары әрленген екен» атты Атамекенге ақсапар жол жазбаларың прозамен жазылған тамаша лирика! Жасай беріңіз, аға!»*, - деді Ғалымжан.

Бұл жол очерк-эссе жайлы, Ғалымжан Жарылқағанұлының айтқан пікірі осы кітапқа кіріп отыр. Және Сайтыма енгізілді.

– Өтеген-ай, - деді Ғалымжан одан әрі сөзін жалғастырып,

– Аға, сіз мұндай керемет дүниені өмірге әкелетін болғаныңызда, мен облтелевидение бастығы Раукен Отыншинен бір оператор алып шығатын едім. Осы жазбаларға сәйкес ол біз өткен бұл сапарды түсіріп отырғанда, әдемі кино жасалар еді. Оператор үлкен сыйлыққа ие боларда, Сіз бастаған жолаушыларды тарихта қалатын дискаға түсіретін еді. Амал не, бәрі кеш қалды, - деп қынжылыс білдірді.

Шығармашылық сапар айдары астында «Қазақ әдебиеті» №21, 27 мамыр – 2 маусым нөмерінде «Қаламгерлерді іздеген ел» атты ақпарат берілді. Ол да осы кітапқа қосылды.

ҚАЛАМГЕРІН ІЗДЕГЕН ЕЛ

Таяуда Ақтөбе облысының әкімі Елеусін Сағындықовтың шақыруымен сол облыста шығармашылық сапармен болып қайтқан қаламгерлер Тауман Төреханов пен Сәбит Досанов Ақтөбе қаласы мен шалғайдағы Шалқар, Мұғалжар аудандарында болып, халықпен жылы кездесулер өткізді. Ақтөбе қаласында Достық үйінде өткен кездесуде сөйлеген белгілі ақын Мейірхан Ақдәулетов, тіл жанашыры Жанғабыл Қабақбаев, әкімдіктің ішкі саясат департаментінің басшысы Ахет Мырзалин, журналистика ардагері Нұрқайыр Телеуов, еңбек ардагері Сәуле Алтаева, Ұмытқан Тұрлыбекова Т. Төреханов пен М. Шолохов атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты С. Досановтың шығармаларына кеңінен тоқталып, қаламгер мен оқушы қауымының кездесулерінің тәрбиелік маңызын атап айтты.

Кездесу Шалқар ауданының орталығында, Есет ауылында жалғасын тапты.

Алматылық жазушыларды облыс әкімі Е. Сағындықов қабылдап, облыстың бүгінгі мен келешегі жайлы әсерлі әңгіме айтты. *«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» газ., № 21, 27 мамыр - 2 маусым 2011 ж.*

Ел, атамекен топырағын басқанда НҮРПЕРЗЕНТ ақынның:

***Сіміре жұттым ауаңды,
Көкірек сарай тазарды, -***

деген жыр жолдары басыма орала берді-ау, шіркін-ай. Не.

**Жаныңды жеңіп жайнатар,
Туған жердің самалы...,-**

деді-ау ақын. Солай.

Сонымен, «**Туған аймақ ажары әрленген екен**» тақырыппен «**Жол үстіндегі әңгімелерден**» деген айдар астында бір баспа табақтың (16 бет) очерк дейсін бе, эссе дейсіз бе, өзімше жаман да емес сияқты материал жаздым. Сол материалда Ақтөбе облысы әкімінің кеңесшісі бұрынғы **шәкіртім Ғалымжан Жарылқағанұлына** «оқып көрші» деп, жіберген едім. Ол жоғарыдағыдай баға берді. Ақтөбе облыстық газетіне беретінін айтты ғой. Ал бұл материалдың қағазға шығарған данасын Е. Сағындықовқа да берген.

Жақында ғаламтордан сонау мұхиттың арғы бетінен кызым звондап: «**Ғалымжан Жарылқағанұлы 50 жасқа толыпты. Оны Ғаламтордан Нұрмұхамбет ДИЯРОВТЫҢ республикалық «ЕЛ» газетінде «Жақсы жылдар жалғасы,- деген тақырыппен жазған мақаладан оқыдық»,-** деді. Таныса кеттім былай депті автор: «**Журналистикадағы жолында Тауман ағаларының тәлімі мол болды. Балапан қанат кезінен құзға лақтырып, салқын суға малып алғандай тәрбиелеген Тауман Төреханов шәкіртің аудандық «КомТаңы» газетінің отымен кіріп, күлімен шығатындай етіп жұмсады...»** дей келіп, ҚазГУ-ге оқуға аттандырды. **Алдынан тағы бір Тауман ағасы шықты,-** дейді. Иә, автор әдемі келтірген, шындық! Шәкірт тәрбиелеуде екі Тауман да қатты, катал болатын, әрине, сол тәртіптілік пен тәрбие шәкіртің жақсы жағаға шығарды.

Жоғарыдағы «**Туған аймақта...»** мақала осы кітапқа салынды.

**«Тырнардың ұзатып тізбек көшін,
Жаз көшеді жайлаудан күз жеткесін.
Көз нұрында жаңғырып келбетіміз,
Өзге толқын келеді біз кеткесін.»-**

деп лирик - философ ақын **Есенбай ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ** айтқандай, естеріне алып отырған шәкірттеріме де мында бір алғыс айтамын. Біз жаңа жас толқынға жол беруіміз керек қой. Иә, солай!

– Туған елге, ата мекенге сапарынды жазып Қоғабай ініне жібер **«ҚАЗАҚ»** газетіне,-деді-ау **Есенбай ақын**. Ол да жарыққа шықты.

ЕСКЕ ТҮСКЕН ЕСТЕЛІК

Ғалымжан Жарылқағанұлымен Ақтөбеде кездесуім сонау бір өткен ғасырдың 60-70-80 жылдардағы кезенді еске түсіреді-ау. Әсіресе, жаң жары Құралай Саминғұллақызымен бір-екі рет теле-

фонмен сөйлесуім бұған себепші болды. Содан жоғары мәдениетті, қарапайым, ашық мінезді, ақкөңіл қызым, сұрастыра келсем, сол бір жылдарда Шалқар ауданы «Ақтоғай» совхозындағы орденді шопаны **Самиғұлла Нұғалиевтің қызы екен**. Ол ұлы еңбеккер жайлы «Ақиық» атты очерк жазғанмын. Ол облыстық «Комжолы», аудандық «Комтаңы» газеттерінде, КазРадионың «Шалқар» бағдарламасында жарық көрген еді. Ғалымжанға айтыпты: «Ағай біздің үйде талай рет қонақта болған,- еді. Ол кезде мен қарғадай бала едім»,- депті.

Ғалымжанның Құралайдан екі тұяғы бар екен. Бақытты болсын, Ел азаматтары болғай. Иә, ескіні еске алмай, жаңа жадыға түспейді, ол да бір дәуір ғой.

ИӘ, АЛТЫНШЫ РЕТ СОҚҚАН ЖАЛЫН

18.06.2011 ж. Бүгін тым-жақсы отыр едім. Қас қағымда қан қысымы болар көтеріліп, жүрек соғуы 6-7 секунд тоқтап қалғандай болды. Есеңгіреп талып түстім *«мен кеттім»*,- деген сөзге тілім келді. Шамалыдан кейін басымнан басталған жалын аяғыма жетіп, барып саябырсыды. Қара терге түстім. Есімді жинағандай болдым. Бұл 2009 жылдан бергі 6-шы рет болған жағдайсыздық еді.

ТУҒАН ЕЛ САПАРЫНДА

Қарындас Қапиза ҚАЛМҰҚАНҚИЗЫ бізге үлкен де ұлылыққа толы сый тартты. Ол менің шәкіртім **Әкімжан ОРАЛБАЕВТИҢ** жарық дүниеге қалдырған **«Аманат»** атты кітабы. Қапизам сол кітапты ағасы мен апасына, бауырына қолтаңба жазып берді. Қолтаңба: **«Жас жасымның куәсі болған құрметті де сыйлы Тау ағамызға, апамыз Балзадаға және ініме! Ағамыздың өзі айтқандай, «Маған ұқсайтын шәкіртім еді ғой... Әкімжанның «Аманат» кітабын шын ықыласпен сыйға тартамын...»**,- депті. *АҚТӨБЕ қаласы, 21.05.2011 ж.*

Иә, Капизашым ұсынған Әкімжанымның «Аманат» кітабын түгелдей оқып шықтым. Капизамен, оның үй-ішімен сонау соғыстан (1941-1945 жж.) кейінгі бірнеше жыл көрші тұрдық. ***Сыйластықта шек болмады. Біз 1949 жылдың былғары бүркілі жаңбырлы күзінде, 30 қазанда, қазіргі Капизашым жазып отырған Балзада апаймен шаңырақ құрған едік...*** Кеш. Салқын күз. Жаңбырлы түн. Үйде шиеттей бала. Әке-шешеміз жұмыссыз. Аш күрсақ. Бәрін махаббат жеңді! Үйге қызды алып келгенімде, анам Қарашаш басындағы көне таза ақ жаулығын шешіп алды да, ақ босаға аттаған жас қыздың басына жаба салды. Сойтті де:

– Қалмұханға хабар беріндер, келін түсті дендер. Кұдайы көрші ғой, тілектес,- деді.

Әрине, басқа да ағайын-тума көршілер болатын-ды. Ең алдымен, сол Капизамның туған әкесі Қалмұқан өкпесін қолына алып жетті.

... Дастархан «шүлғаудан» артық жері жоқ. Жайылды. Бір көмеш нанды турап, дастархан үстіне жайып тастады. Қант, шекер, тәтті басқа да ештеңе жоқ. Қара шай. Арақ, шарап еске де алынбады.

Иә, жас шаңыраққа бірінші ақ тілек айтып, ұлылық танытқан осы Капизаның әкесі еді. Осы бір алпыс екі жылдай тарих койнына кеткен жайтты Рая Шәмшіқызының ақ дастарханы үстінде Капиза еске түсірді-ау. Бірақ ұзақ жол, қарттық мендеген күндері оны еске алсам да айта алмадым. Әкімжанның «Аманат» кітабын ұсынғанда, қара көздеріне айналып мөлдіреген жас келді, иегі калтырап, қолдары дірілдеп кетті-ау, кайтейін тағдыр тартуы осы болды.

Әкімжан Оралбаев Әли атаның кенжесі еді. Шалқар редакциясына жұмысқа алынды. Бір көргеннен аса тиянақты салқын қанды, бір сөзді, оғаш қимылы жоқ, табанды, тәрбиелі өмірге – қаламгерлікке деген ұмтылысы ерекше боздақ еді. Шахматты өте ұнататын. Менде шахмат ойыны десе, есім кететін еді. ҚазГУ-де оқып жүргенімде сонау 1951-1952, 1953-1954 жылдарындағы әскери жаттығу лагерінде университет студенттері арасында чемпион атанған «бибақ» болатынмын. Әрине, Әкімжанға Журналистиканың, өмірдің, шахмат өнерінің өзін білетін қыры-сырын үнемі айтып, отыратын едім. Сол редакцияда жұмыс істеп жүргенде үнемі кешкілік газеттің номерін алып үйге келетін-ді. Кейін кейде Қапизамен сөйлесіп тұрғанында да көріп қалатын едім. Қалжыңдаспайтынбыз. Бірақ Капизаның сұлу да көрікті, тәрбиелі қыз екенін бір-екі рет есіне салғаным да бар-ды ...

Әкімжанның қысқа да нұсқа ғұмыры ел есінде қалды. Ерте кетті. Иә, артына осы «Аманат» кітабымен Қапизасын, үш-төрт баласын тастап кетті. Әкімжан Оралбаевтар әулетінің төресі, адами, кісілік қасиеті бөлек тұлғасы еді. Адам жатырқамайтын бір адаммен қандай қиын жағдай болмасын тілге келгенін көрген емеспін. Тек миығынан күліп тұратын...

Бұл отырыста М. Шолохов, В. Пикуль атындағы халықаралық сыйлықтардың лауреаты, академик, жазушы Сәбит Аймұқанұлы Досанов та болып, Қапизама үлкен ризашылық білдіріп, ақ батасын берген еді.

Жаратушы Ием қабыл алғай ақ тілектерімді!

24.06.2011 ж. Өте киналған тәулігім – бір-екі күндерім болды. Ішке ас тұрмай түзге 7-8 рет барып тұрдым. Организм әбден солып қалды. Себебі денедегі сұйықтың бәрі ағып кетті ғой. Бірақ сөйтіп отырып «Туған аймақ ажары әрленген екен» әсеенің корректурасын. әдеби

стилін қайта қарап шығып балама бердім, оны түзетіп, айтқанымды орындап шықты, Ғалымжан Жарылқағанұлына – Ақтөбеге жіберді және «Қазақ газеттері» баспаларының жетекшісі Жұмабек Кенжалинге де электронды вариантын салды.

ДАРА ДАРЫННЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН КҮНІ МЕЙІРХАН АҚДӘУЛЕТҰЛЫ – 60 ЖАСТА

Халқымыздың арда Ақыны, көсемсөз көрігі, майталман журналист Мейірхан Ақдәулетұлы 1950 ж. 28 маусымда, дүние есігін ашқан екен. Иә, сол бүгін ұлы данқты дарын 60 жасқа толыпты. Мейірханым, көсегең көгере берсін, жасына жас қосылсын. 100 жаса! Сөйтiп туған халқыңа ақ жолдағы қызметiндi жалғастыра бер. Бұл тектi бiр Аталықтың – Бәсен – Көтiбар – Есет ұлылардың карт ұрпағы ағаңның батасы, апайының ақ тiлегi!

Мейірханды телефонмен екі рет құттықтап, амандығын, абыройын тіледім. Иә, дара дарын аман болғай!

Мейірханның бір жинағында жазылыпты *«Жалаңаш әйел»* картинасын көріп, табанда былай деген екен. Толғауы есіме түсті: *«Әлің жетсе, жанарыңды ала қаш – Әйел! Әйел! ... Әйел тұттай жалаңаш! Әйел емес, күллі әлем тұр алдымда, күнәсі мен қасиеті аралас»*. Қандай алтын сөздер, философиялық ойлар десеңші, э?! *АЛМАТЫ қ., 2012 ж.*

ФЕНОМЕН ТҰЛҒАМЕН КЕЗДЕСУ

16.07.2011 ж. Бүгін сәске түсте Қазақтың әл-Фараби атындағы ұлттық университетінің бірінші проректоры ***Мұқанбетқали Мырзабайұлы БҮРКІТБАЕВПЕН*** кездестік. Бұл халықаралық дәрежедегі казак ғалымы: Осы университеттің түлегі, айтулы бейорганикалық химия корефейі, бірнеше шеттілдерді еркін меңгерген, НАТО-ның сынақтары жайлы бағдарламасы бойынша «Ғылым – бейбітшілік үшін» сыйлығының иегері, профессор. Жарты сағаттан аса бағалы пікір алысу болды. Ашық пікірлі, адал, ұлағатты Азамат. Кезінде Анасы 4 баласын өзі бағып, тәрбиелеп өсіріпті, өзі 8 жаста болған екен, иә. Әкесін есіне қайта-қайта алып отырды. Анасы аянбай төрт ұлын ел қатарына қосқан, ұлдарының бәрі де ірі ғалымдар. Қазір жасы 88-ге жеткен. Қуатты, терең ойлы, қайратты Ана болған...

Өзі де, әйелі де химия ғылымдарының докторлары, балалары, немерелері өсіп келеді. Бұрын осы ҚазГУ-дің химия факультетінде декан қызметін атқарған.

Әкесі заңгер, ҚР-ның еңбегі сінген заңгері көрінеді. Батыс облыстарында танымал судья болыпты.

Кездесу арасында өзімінің, *«Дала Геркулесі»* тарихи деректі романымды және 80 жылдықа орай жарық көрген биобиблиографиялық кітапшаны, визиткамды, қысқаша жазылған өмірбаянымды бердім. Жылы қарсы алды.

Ұлы ғалым өзін Мөңке би ұрпағы екенін сөз арасында айтып қалды. Содан кейін Мөңке би, Мөңке Төлеген, олардың кешегі, бүгінгі ұрпақтары Тәжин Мұқамбетқызы, Розасы жайлы сонау ХХ ғасырдың елуінші жылдарынан бері таныс-біліс екенімді айтып бердім.

Егер адам күлмей жүрсе, оның жағдайы мәз емес болмағаны.
Д. МЕДВЕДЕВ, Ресейдің бұрынғы президенті.

ХАЛЫҚТЫ ДҮР СІЛКІНДІРГЕН ОҚИҒА

18.07.2011 ж. Иә, бұл оқиғаны бірнеше күн бұрын республикалық телеарналардан, бір екі газеттерден біліп отыр едім. Бүгін «Хабар» арнасы 20 минуттық түсірілім көрсетті.

Оқиға Ақтөбе облысының Темір ауданына қарасты Кеңқияқ, Шұбарши ауылдарының аумағында болған. Ресми орындарының баяндауынша, яғни діни ережелерді жамылған он-он бір, шамасы, жас жігіттер құбырдан бензин ұрлап, оны сатып «күнкөріс көзін» тапқан. Ұсталған! Екі полицейді өлтірген. Жергілікті хабарларға сенсек, ол екі полицейді әбден «зәбірлеп» өлтірген дейді. Әрине ... бұл жерде «күмән иманнан айырады» дегендей, күмәнді жәйттар көп. Бұл жігіттер көп уақыттан бері осындай қылмысты істермен айналысқан ба? Сонда учаскелік, аудандық полиция органдары қайда қарап отырған деген сұрақ туады. Тіпті «ұрлап сатылған бензин-мұнайдан түскен ақшаны» барлығы бөліскен. «Олжа бар жерде ойран бар» дегендей, аяғында олжаны бөлісе алмай осындай трагедияға алып келген емес пе? Полициялардың да қатысы бар деген ой да келді басқа.

Түсірілімнің тақырыбында *«Хамелеон»* деген сөзді пайдаланыпты, ол С.И. Ожegovтың *Сөздігінде* (М., 1989, 857 б.) 1. Зоол. Құбылғы (ыстық жақта болатын түсін өзгерткіш кесіртке. 2. Құбылмалы адам, тұрақсыз адам - человек, который, приспособиваясь к обстановке, легко меняет свое поведение, взгляды, симпатии, - деген мағынаны анықтайды. Бұл сөзді заманында А.П. Чехов та пайдаланған еді. Ал *БЭС* сөздікте (М., 1998, 1305 б.) - *«беспринципный человек, легко меняющий свои взгляды в зависимости от обстановки»*, - делінген.

Негізінен, бұл сөзді тележурналист орынды пайдаланды деу дұрыс па? Үлкен саяси астар бар екенін айыра алған ба?

Жергілікті халықтың пікірі бұл трагедия жайлы тіпті басқаша! Жұмысы жоқ, күнкөріс үшін аш адам кез келген қимылға барады ғой. Өкінішті-ақ, 2-3 полицей өлтірілді десек, оннан астам жастар полицейлердің оғынан көз жұмды.

Қазақты қазақ өлтіріп жатыр. Өткен ғасырдың классик жазушысы Ғ. Мүсіреповтың *«Қазаққа қазақтан басқа жсау жоқ»*, - деген сөзі еске түсті-ау. Қайтейін, басқаша да шешуге болар еді ғой. *Қазақ бірін-бірі өкпеге қиғанмен, өлімге қимаған*, - еді ғой.

Қазақтың намысына тимеу керек! Тидің екен, ол-қара бура, тоқтата алмайсың. Нұртас ОҢДАСЫНОВ, мемлекет қайраткері, ұлы ғалым.

Иә, Нұртас Ондасыновтың осы даналық сөзі басыма қайта-қайта орала берді-ау.

ДҮНИЕДЕН ДАРА АҚЫН ӨТТІ

03.08.2011 ж. Қайғылы күн болды-ау, бұл күн! Неге? Арда Ақын, Адал Азамат, Дара Тұлға заманында көзінің тірісінде «Кіші Абай», «Кішкене Абай» (дене бітіміне қарап айтылса керек). Ал ақындығы – екінші Абай болатын. Халқының сүйіспеншілігіне бөленген, осы жолдардың авторымен, ұзақ жылдар сырлас, сыйлас болған. Сенім биігі болған тұлға болатын. Ол кім? Ол кәдімгі ***Есенбай ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ*** еді.

...Дүние салмастан он күндей бұрын болар, телефонмен ұзақ сөйлесті. *«Қазақ»* газетіндегі *«Дәрменсіз дәптер»* жыр топтамасы жайлы әңгімелестім.

***Тырналардың ұзатып тізбек көшін,
Жаз көшеді жайлаудан күз жеткенсін.
Көз нұрында жаңғырып келбетіміз –
Өзге толқын келеді біз кеткенсін,***

деп бір шумақ өлеңін жатқа айтып жібердім. Ойланып қалды. Бастапқыдай емес, дауысы сәл өзгеріп. «Иә, иә, солай», - дегендей болды. «Шыбық шаншып кетіп ем», - деген ұлы Анасы жайлы толғауын дауыстап айта алмадым. Іштей *«Қалдыбекте қалды әжемнің мола-сы»* дауыстап: *«Шыбық шаншып кетіп ем бір басына. Осы күні айналып ол қайыңға. Шуылдап тұр шуақ дүние жайында»*, - деп едім, *«Тау аға, рақмет, әжемді есіме соңғы рет алуым болар ма екен, кім білген, өзімнен өзім жиіркенетін халге жеттім-ау деймін. Мына*

шілденің шыжығарған 45 градус ыстығы өзімен бірге алып кетпесе, қайтсын мені»,- деп қойды. Дауысы әлсіреп қалды.

– Жок, Ес аға (*халық осылай дейтін*) берілменіз, өзіңіз жаздыңыз ғой. Тау ағаңның 80 жылдығына арнап.

*...Тай бурылиша секіріп.
Сеңгір тауға шықтыңыз!,-*

деп едіңіз ғой, ол жаста бір адым жер ғой, деп жұбатқан болдым. Бірақ өзі:

*... Бізде жұтар ма екенбіз
Сол шыңдағы ауадан?!»,-*

деп әлсіз дауыспен айтып жіберді. Сонсын кәдімгідей:

*– Ардақты Тау аға!
Шықпайсың елдің есінен
Қайрат-күшіңе қайранмын.
Дала Геркулесінен –
Қаламның Геркулесіне айналды-ау»,-*

деген өзінің «*Толайым*» атты кітабындағы өлең жолдарын айтып, кош бол, аға, дегендей болды-ау.

Иә, соңғы сөйлесуіміз болды бұл.

Менде екі рет инфарктен, үш рет отадан шыққан шала жансар едім. Ес танып бірнеше күн жатып қалдым. Оған қоса, ішке ас тұрмай қалды. Соңғы сапарға шығаруға осы ауруларым кесел болды. Мен туралы 75 жылдығыма, немеремнің Отау тігу тойына арнаған, 80 жылдығыма өлең жолдарын ғана еске алып, тағы бір-екі рет оқып шығудан басқа ештеңе болмады. Айтпақшы, осы телефонмен сөйлесуімде «Ақтөбе» газетінің осы өлеңдерін ағаңның туған елге 80 жылдығына орай бару сапарында бергенін айтты.

– Тау аға, жігіттерге рақмет, сәлем айтарсыз,- деп телефонын сөндірді.

Иә, Есенбай – дара ақын! Аса күрделі де күрмеуі қиын дүние. Меніңше, талай кандидаттық, докторлық диссертацияларға арқау болатын дүниелер қалдырды. Есенбайдың шығармаларын оқығандар, көбіне, өлең жолдарын жатқа айтып жүретін-ді. Газеттің бас редакторы болған жылдарымда талай өлеңдерін баспаға бергенмін, үлкен жиын-тойларды басқарғанда жатқа айтқанмын. Қайтейін, кош бол ұлы тұлға! Мұқағали ақын: «*Сұлу сүйіп, сауық құрмай өтіп барам*»,- деген еді. Ал Ес ағаң сұлу да сүйді Назымдай, құрмет те көрді. «*Қыз Назым, келіншек Назым, кемпір Назым*» өлеңін жарияламаған газет жок. Сол Назым келінім Ес ағаға бес перзент сыйлады. Бәрі де елдің елеулі тұлғалары болды.

КЕЛІСІМ-ШАРТ ЖАСАЛДЫ

Шалқар аудандық мемлекеттік мекемелер кітапханасының *Бас директоры Бақыткүл ЖАҚСЫБАЕВА* маған Хат жазып (хат тексі осы кітапқа беріліп отыр) кітаптарымды электронды түрге аударуына өтініш айтқан еді. Келісім бердім. Оларда жоқ бірқатар кітаптарды поштамен салып жібердік. *03.09.2011 ж.*

Кейінірек Бақыткүлмен телефон арқылы сөйлестім.

– Аға кітаптарыңыздың электронды түрін дайындап жатырмыз. Олар облысқа, одан Республикаға жөнелтіледі. Кешірінізші аға, сіздің кітаптарыңыз Әлемге таныс болыпты ғой. Құттықтай отырып, ұзақ ғұмыр, амандық, денсаулық тілеймін,- деді қызым. Иә, әкесі Жаксыбаев,- деген «Жаңа қоныс» совхозында шопан болып еді. Иә, еңбек еткен келісті бір еңбеккер болатын. Заманында үйінде іс сапармен жүргенде дәм татқанбыз.

ЕСІМДЕ ҚАЛҒАН ЕСТЕЛІК ЕДІ

Иә, дүниеден кім өтті?

БӘСЕНОВ Төлеу Құлшаманұлының жәубайы болған Д.А. Қонаевтың туған қарындасы Гауһар Ахметқызы Бәсеновтер келіні 89 жасында (1922-2011 жж.) дүниеден озды. Әрине, қиналатын жас емес. Ағамыз Төлеу Құлшаманұлы (1909-1976 жж.) – 67-ге қараған жасында кенеттен дүние салған еді. 2009 жылы туғанына 100 жыл толған мерейін Республика атап өтті. Ағаның шәкірті бүгіндері ұлы тұлғаға айналған академик **Ә. ТӘТІҒҰЛОВ** керемет ұйымдастырып еді. Филармония залында мыңдаған адам жиналған жиынға осы жеңгеміз үш аяқтап келіп еді. Ал бүгін «Егеменде», «КазGOR» жобалау академиясы «Қазақ сәулет өнерінің классигі, феномені, қазақтың тұңғыш кәсіби, сәулетшісі, ғалымы – Төлеу Құлшаманұлы Бәсеновтың» зайыбы Гауһар Ахметқызының қайтыс болғанына орай көңіл айтыпты.

...1950 ж., Алматы, КазГУ. Осы жолдардың авторы елден оқу іздеп келгенмін. Әкем Алматыда Төлеу, Нәби, Бекежан ағаларың бар, сәлемдес,- деген еді. Әрине, үйінде, күйінде білмейміз, әкем айтқан заманда.

Университетке қабылдау емтиханын тапсырып, студент атанып, көңілді бірлегенсін ағаларды іздедік. Үйін таптық. Виноградова, 48 үй екен.

Жердегі екі қабат қызыл кірпішпен тұрғызылған, әлемі үй. Звонок бердік. Абазаланған иттің даусына жарыса, қарт әженің дауысы естілді.

бірден қақпаның жанындағы есікті ашып үйге кіргізді. Үшеуміз, бірі Рамазан Нұржанов, екіншісі Төреғали Өтегенов, бастап жүруші мен. Тұрғызып қойып әже ат-жөндерімізді сұрап алды. Өзінің атын «Ақбала», - деп айтты. Бірден сексеуіл жағып, шай дайындады да: «Дастархан басында әңгімелесеміз, отырындар», - деді біріміз ағаларға туыс, біріміз нағашы жұртынан болдық.

Елден шыққалы шәй көрмеген сорлылар сүт кұйған қызыл күрен шайды ұзақ отырып іштік. Көк тер болдық. Қазақша үзбен дайындап берді. Сонсын әже:

– Ағаң Төлеу мен жеңгелерің Гауһар Мәскеуде, кеткендеріне бір айдың жүзі болды. Мана телефон соқты, ағаларың арғы күні – жексенбі күні келеді. Сол күні түске келіңдер. Ағаларыңмен, жеңгелеріңмен таныстырамын. Сол күні Бек Сүлейменов, Ахмет Жұбанов, КазПИ бастығы С.Толыбеков (*атын ұмытып тұрмын*) және әке-шешесі бастаған Қонаевтар әулеті түгел келеді. Қонакасы дайындаймын деп, бізді өзі шығарып салды.

Иә, күн жексенбі, демалыс болатын. Үсті-басымыз кір, иіс, ауыстырып киінетін киімдеріміз жоқ, жуынатын, шайынатын моншаның да қайда екенін білмейміз. Уәделі уақытқа жаяулап келдік. Үй абырсабыр. Үлкен залда әже айтқан адамдардың бәрі түгелдей жиналып отырыпты. Залдан көзі көкшілдеу, жалтыр бас, қарны көтерілген, қалың ерінді бір жас ортасынан асқан адам шықты да, бізді тексеріп, тергей бастады. Әже келді де, бізді сөйлетпей, біздің кім екенімізді айтып берді. Сол кезде жанағы ер адам дауысын көтеріп:

– Гауһар, Гауһар, тез, бері кел! Тез шык! - деп айғай салды.

Жасы отызды алған болар, ұзын бойлы, қыпша бел, көздері күлімдеп жайнап тұрған, сұлу келіншек жанағы Бек Сүлейменов ағаның алдына келіп басын иіп тұра қалды.

– Сен мына үш балаға сәлем ет! Үшеуі де қайныларың! – Тез! - деп аға білегінен ұстап алды.

– Бек аға-ау, қазақта келін қайнағаларына сәлем беретін еді, бұл қалай? - деп үшеумізге көзін тоқтатып қарады.

– Сен Гауһар, не деп тұрсың! Үш жігіт, үш қайны, бір қайын ағаға тұрмайды, - деп тұрсың ба? Сөзді қой, Тоқтат! Тізерлеп сәлем ет! - деп залда отырғандарға естіріп айтты. Сол кезде залдың есігі айқара ашылды.

– Тез! Тізерлеп отырып, сәлем бер, деп қайталады сөзін аға.

– Жаксы, жаксы, Бек аға, - деп жеңгеміз тізерлеп отыра қалды да. бізге қарап, басын иді.

– Тәртіпті, тәрбие көрген келін осылай істер. Енді тұр, қонақтарды күт, қызмет ет! - деп ағаның көзі күлімдеп, біздің әрқайсымыздың арқаларымыздан қағып:

– Келесі жексенбіде менің үйіме келіңдер, түсте. Экономкаға түстік дайындауға тапсырма беремін,- деді де әжеге қарап:

– Апа, балаларыңа, иә, немерелеріңе өзіңіз ие болыңыз,- деп залға кіріп кетті.

Осы кітаптың бас жағында Бек Сүлейменовтың сол 1950 жылдың 10-ы сентябрінде үйінде болғанымыз жазылған.

Алма-Ата қаласы, сентябрьдің басы, 1950 ж.

ҰЛЫ БАСТАМА

Ділда Матайқызы Қоканова Тасмағамбетовтер әулеті келінінің бастамасымен, қаржыландыруымен Шалқар қаласынан еңселі мешіт салынууда. Ол І.Үргенішбаев көшесі мен Мырзағұл Шыманұлы көшесінің қиылысында екен. 250 орындық, 30 шәкірттік медресе, 400 адамдық ас беру үйі-бәрі Көтібар Бәсенұлының ұрпағы Ділда Матайқызының демеушілігімен өмірге келді. Еске алатын болсақ, ХХ ғасырдың екінші жартысында әкесі Матай ата Шалқарда он жылдан астам мешіт Имамы болған еді. Ендігі мәселе бұл ғимараттарды Матай Қоқанұлы есімімен атау өте орынды болар еді. Бұл тарихи шындықты оның халыққа деген ұлы қызметін мәңгі есте сақтауға жол ашады.

Атамекен – туған жерге сапарынан, 18-23 мамыр, 2011 ж.

ИӘ, ӨКІНІШТІ-АҚ!

Қазір діни ағымдар өршіп тұр. Себебі, демократияны адам құқықтарын желеу етіп, ешқайсысына шектеу қойылмады. Ал бас муфти қайда қарап отыр деушілер де, оның қызметіне кінә тағушылар да, аз емес. Үй сайын, көше сайын мешіт, діни ұйымдар... Елбасы бұл жайында өз пікірін айтып та жүр. Қайырусыз кеткендер бұл нұсқауға құлақ аспай отыр. Аяғы не болды? Оған талдау жасамай-ақ қояйық. **МҰХАММЕД пайғамбар: «Біздің жоғалтқан малымыз – ғылым. Оны қалайда іздеп табуымыз керек»,-** деген еді.

Ғылымсыз, қазіргі озық техникасыз, технологиясыз кім өзін асырай алады? Қоғамды қалай өсіріп, дамыта алады?

Мешіттердегі таңсәриден елді басына көтеріп азан шақыруы – тұрғындардың құқығына нұсқан келтірмей ме? Ойланып көрші, жас ұрпақ!

ЖЕТІНШІ ҚҰЙЫН ӨТТІ ДЕНЕДЕН

15.09.2011 ж. 15:40 бастан бастаған жалын бүкіл денемді өртеп, екі табаныма дейін жетті. Естен танып қалдым. Екі құлақ ештеңе естімей қалды. Бірақ жанағыдай болмай құйындатып өте шықты. Бұл жайсыздық осымен ұмытпасам, жетінші рет соғып тұр. Иә, біраздан бері жүрек талып, соғысы нашарлап жүр еді ғой. Иә, солай.

ИӘ, АДАМДЫ ТАҢУ ОҢАЙ ЕМЕС

Осыдан 6-7 жыл бұрын-ау деймін, бір шенеунік Әзірбайжан Мәмбетовті бір қалың жұрт ортасында жүргенін көріп, басынан, төбесінен басып тұрып: «Сені халық қатарына қосқан Ахмет Жұбанов қой», - деген еді. Жұрт ақтарылып бұл шенеунікке қарап қалған-ды.

...Сонда деймін-ау, ол Әзірбайжан Мәмбетовтың кім екенін қалай білмеген, ә? Әзірбайжан Мәмбетов – дара тұлға! Сталинградта туып өскен. Қазақ еліне келіп, есін жинап, еңбек еткен. Кейін бүкіл Әлемге танымал өнер қайраткері болды. Ел басшысы оған Қазақстанның Еңбек Ері атағын берді. Жақында Ғазиза Ахметқызы Жұбанова жан-жарының қасына мәңгілік ұйқыға-тыныштыққа жатты. Ол Алматының Кеңсай зираты. Иә, Ахмет Жұбанов сияқты ұлы композитордың күйеу баласы еді ғой. Ахан, Жұмабай Шаяхметов, Қасым Аманжолов, Қаныш Сәтбаев бәрі де Алматыдағы Орталық зиратта жатыр.

СЕГІЗІНШІ ҚҰЙЫНДАҒАН ОТ..

02.10.2011 ж. Иә, түс ауғанға дейін біраз жұмыстар істедім, біраз нәрсені жиыстырдым. 16:20-ның шамасында залда жүріп келе жатыр едім. Басымнан басталған от тұла бойымды алып кетті. Құлап түстім, біраз отырдым. От сөнді. Есім жинала бастады. Әрине, шаршаған болармын. Бірақ бәйбішеге бұл тосын оқиғаны айтпадым.

ЖАНЫҢА ДА ТӘНІҢЕ ДЕ САТЫЛАДЫ

– Осы сен жұмыртқа басқан тауықтай не істеп отырсың. Жұмыс қайда? - деді үнемі етек-жеңін жинап отырған жігітке көршісі.

– Ақша жинап отырмын.

– Оны не істейсің?

– Сен, өзің ештеңені түсінбейді екенсің ғой.

– Не деп отырсың?

- Жұмысқа кіру үшін ақша жинау керек.
- Қоя, сол ақшамен күнінді көре бермейсің бе?
- Жоқ. Оны бір бас шенеунікке параға беріп, жұмыс алуым керек одан.
- Иә, парасыз жұмыс жоқ екен ғой.
- Бұл заманда бәрі сатылады, бәрі сатып алынады. Түсіндің бе?
- О Жарықтық нарық, капитализм дәуірі-ай. Енді түсіндім,- деді Жанасбек.
- Түсінсең сол. Бұл заманда жаның да тәнің де сатылады.

2009 ж.

О. ЖӘУТІКОВ АТЫНДАҒЫ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА МЕКТЕБІ

Алматы қ., 24.11.2011 ж.

О. Жәутіков атындағы Республикалық мамандырылған дарынды балаларға арналған физика-математика арнаулы мектебі басшылығының шақыруымен орта мектеп-интернаты ұстаздары мен оқушылары алдында айтылған сөздердің қысқаша текстері.

Кешті жүргізуші мен туралы қысқаша мәліметтерді, биобиблиографиялық көрсеткіште жазылған нұсқа бойынша, баяндап отырды.

1. Қымбатты балаларым, мектептерінің Орынбек Ахметұлы Жәутіков есімімен аталатынын жақсы білесіздер! Ол кім еді? Орынбек аталарың 1911 жылы 1 мамырда туған. Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының 1934 жылғы түлегі, математик. Республикада тұңғыш рет осы сіздер оқып тұрған мектептің негізін қалаушы. Сондықтан осы тұлғаның атына берілген. Ұлы математик аталарының аруағын әркез сыйлап, құрмет тұтып, тәу етіп жүріңдер.

Әрине, талант-дарын ата-баба қанымен, ағзасымен келеді. Бұл құбылыс кез келген адамға бұйырмаған. Ал А.П. Чехов айтқан: **талант – 99 % тер төгу, 1 % – шабыт!** А.П. Чехов (1860-1904 жж.) ғұмыр кешкен ұлы жазушы еді ғой.

Таза талантты адам – әділетсіздікке қарсы күресетін адам десек, ал талантты түсіну үшін талант керек.

Тарихты осындай талантты – ұлы тұлғалар жасайды!

Айта кетейін, ұлы композитор **Л. БЕТХОВЕН** былай деген екен: **«Князьдар көп, өмірге мыңы келіп, мыңы өмірден өтеді. Бірақ артында тарихи із қалмайды. Ал сенсеңіздер,- депті күлімсіреп,**

Бетховен біреу». Шынында да, Бетховен адамзат тарихында **Людвиг ван БЕТХОВЕН** (1770-1827) болып қалды емес пе?!

Дарынды – талантты адам – әркез табиғат берген дарынға қарыздар. Турасын айтсам, **Дарынды адам – қуғын-сүргінде жүргендей, жанқиярлықпен жұмыс істеу керек. Неге? Дарынға берілген уақыт тым қысқа! Как говориться, время кратко как весенний цветок!**

Француздың ұлы жазушысы **Оноре де БАЛЬЗАК** (1799-1850) – небәрі 51 жас ғұмыр кешкен. Ал артында 99 роман: **«Человеческая комедия»**, **«Шагреневая кожа»**, **«Отец Горио»**, **«Утраченные иллюзии»**, **«Евгения Гранде»**, т.б. өшпес романдары қалды. Бәрін дерлік оқып өстік. Осы ұлы тұлға **«Талантты адамның ең қымбат қазынасы – уақыт»**, - деген еді. Айтайын дегенім, Сіздердің осы мектептегі уақыттарын өте қымбат. Ерген кеш болады.

Ал даңқты химик **Дмитрий Иванович МЕНДЕЛЕЕВ** (1834-1903) – 69 жас ғұмыр кешкен ғалым. Орта мектепте химиядан «үш» деген бағаны әрең алып жүріпті. Ал нағыз ғылым жолына түскенсін уақыт тапшылығын мықты сезініпті. Кейін Менделеевтың кім болғанын жақсы білесіңдер ғой, ә?

Альберт ЭЙНШТЕЙННИҢ (1879-1955) – 76 жыл өмір сүргенін, қазіргі физика ғылымының негізін қалаушының бірі, бірегейі болғанын әйдей әлем біледі. **«Квантовая теория света»** еңбегі не тұрады?! Осы ұлы тұлғаның 4 жасына дейін тілі шықпапты. Ұстазы: **«Мұның ақыл-есі тезжелген адам болады»**, - депті. Сөйтіп, талай рет тұрғызып қойып ұрысыпты.

Иә, талант біреуге ерте, біреуге кеш келеді.

Оқи білу, оқи беру – келешегің! Оқу – білім кітапта! Еске алайықшы, кемеңгер қаламгер **А.И. ГЕРЦЕН** (1812-1870) небәрі 58 жас осы дүниеде болған. Кемеңгерлігі сол заманында Ұлы Британияда, Лондонда әділеттікті жазатын, насихаттайтын **«Колокол»** атты журнал шығарып тұрған.

ГЕРЦЕН былай депті:

«Адамдардың бүкіл өмірі кітап бетінде қатталған. Адамдар тайпалар, рулар, мемлекеттер жойылып кеткен. Ал кітаптар қалған», - десе,

Әлішер НАУАИ:

«Кітап ақылына, адамға берген тәрбиесіне, адамға жасаған игілігіне ақы сұрамайтын алтын да бай қазына», - депті.

СӘТІ ТУСКЕН СҰХБАТ. Балаларым Мәскеу жоғары оқу орында-рында білім алды. Мәскеудің «Минск» қонақ үйінде балаларымды сонау Карловые Вары курортынан келіп, күтіп отырғанмын. Сол қонақ үйінің фойесінде Алматыдағы «Аманкелді Имановтың» атты мүсінін

авторлары: (сәулетшісі *Т.К. Бәсенов*) мүсіншісі *Асқар-Сарыджа Хасбулат Нұхбековичпен* кездесіп, сөйлесіп отырғанымызда, ақын, ұлы ақын *Расул ГАМЗАТОВПЕН* кездестім. Сол мүсінші үйінде әңгімелесу сәті түсті. Ақын былай деп еді:

«Өзіңді де, өзгені де тану үшін кітап керек және кітабы жоқ, кітап оқымайтын халық – көзін таңып алған адаммен тең ...».

Әрине, бұл ұзақ әңгіме.

Кітап оқып, өзін басқара білген адам – мемлекетті де басқара алады. ҚЫТАЙ даналығы.

Академик Асқар ЖҰМАДІЛДАЕВТЫҢ есімін ғылыми әлем түгелдей біледі. Ол осы мектептің түлегі, бар өмірін ғылымға, математикаға арнап келеді. Бір қызығы Асқар ағаларың автокөлікке отырмайды, оны сатып алмайды. Себебі біреуді басып кетіп, обалына қаламынба деп қорқады. Ұялы телефон тұтынбайды, ол уақытымды алады депті. Иә, бар ойы анық. Ұлы ойшыл *ПЛАТОН: «Өнерден биік мұрат жоқ, білімнен терең теңіз жоқ, ұяттан артық сұлулық жоқ, көреалмаушылықтан асқан жауыздық жоқ»*, - деген екен. Иә, ұлы жазушы *Ілияс ЕСЕНБЕРЛИНДІ* еске алайықшы Республика Лениндік сыйлыққа ұсынғанда, қарсы бір вагон Мәскеуге арыз барған. Ал Грузияның бір жазушысын осы сыйлыққа ұсынғанда Мәскеуге екі вагон жүзім жеткен.

КЕРІСІНШЕ. Калифорния Штатындағы бір университетке бірнеше орта мектептерді бітірген жастар математикадан қабылдау емтиханын тапсыруға келеді. Комиссия оқушылардың колдарындағы калькуляторларын жинап алады да: «111: 3-ке. Осы есепті өз бастарыңмен шығарсаңдар, университетке қабылданасыңдар», - депті. Бірде-бір оқушы 111-ді үшке бөле алмаған. Сонда қабылданбаған екен. Айту керек, қазір жастардың басы-назары, зейіні тек компьютер болып барады. Компьютердің адам миына зиянды жағыда көп сөз бола бастады.

Осы сөйлеп тұрған ағаларың 2000 жылы Герман-Қазақстан Достық Одағының және Берлин университеті студенттер қауымдастығының шақыруымен апаларыңыз Балзада Шәмшіқызы екеуміз неміс халқының біраз жерін аралап, бірнеше университеттерде кездесу өткіздік. Соңғы нүкте Гамбург болды. Бұл қалада немістің ұсақ князьдіктерінің басын қосып *Герман Федерациялық мемлекетін құрған тұлға Отто фон БИСМАРК (1815-1898)* тұңғыш канцлері болған. Сол кісіге әлемде теңдесі жоқ деуге болады Ескерткіш орнатыпты. Экскурсовод: *«Революцию подготавливают гении, осуществляют фанатики, а плодами пользуются проходимцы»*, - деген сөзін келтірді.

Ал қазір заман, қоғам қалай өзгеріп келеді?

Дін, діни ағымдар пайдалы ма? Жоқ па?

Қысқа айтсам: біз жыл санауымыздан бірнеше ғасыр бұрын аспаннан:

- Библия
- Інжіл – Евангелия
- Забур – Псалтирь
- Құран түсті делінеді.

Бір жоғары діни мамандығы бар теологтан:

– Ата, Сіздер аталған кітаптарды аспаннан түсті дейсіздер. Содан бері мың жылдан астам уақыт өтті. Содан бері неге аспаннан бір кітап түспеді?- деп сұрады бір берен ауыз:

Жап, аузыңды, «найсап»!- деп иығынан қойып қалды.

МҰХАММЕД пайғамбар: «Біздің жоғалтқан малымыз – ғылым. Оны қалайда іздеп табуымыз керек»,- деген екен. Және пайғамбар: «Дінге де шектен тыс берілмеңдер. Сіздерден бұрын өткен мыңдаған көп қауым дінге шектес тыс берілгендіктен өкініште қалған».

Турасын айтуым керек, бұл проблема бүгін елімізде бірден-бір көкейкесті мәселеге айналды. Мұны тиісті билік орындары шұғыл шешу керек. Біліп, көріп отырсыздар Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, т.б. өңірлерінде не болып жатты. Бұл оқиғаларды таркатпай-ақ қояйын.

*Жас қауым, келешек Сіздердікі! Келешек қоғам иелері Сіздер. Біздің ұрпақ қыр басынан құз басына келіп тұр. «Көз нұрында жаңғырып келбетіміз, Өзге ұрпақ келеді біз кеткенсін»,- деп арда ақын Есенбай ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ айтқандай, жер, ел, халық-заман иесі сіздер – жастар. Осы отырған жастар ішінен **небір физиктер, математиктер, философтар, қоғам қайраткерлері, қаламгерлер шығатыны айдан анық.***

Айттым ғой, мәңгілік ештеңе жоқ, *біздің күніміз қызарып батып барады. Жастар Сіздердің күндеріңіз нұрын ашып шығып келеді.* Ұлы Темурдың немересі, әйгілі жұлдызшы Ұлықбек айтқандай:

*«Сәнді сарай, алтын тақ,
Ешкімге она бермеген,
Күні жетсе бәрі де,
Жексен болған жерменен»,-*

дегендей бәрі өзгереді.

Бір өзгеріс күтіп тұрған капиталистік құрлыс-ау деймін. *Әлем бұлқынып, қайнап, асып төгіліп жатыр.* Араб әлемі, Еуропа, АҚШ құрлығы, Азия ... басты себеп – елдердегі *әрбір он жылда қайталанатын экономикалық дағдарыстар.* Бұл капиталистік құрлысқа тән құбылыс. Жоснар жоқ, бәсеке бар, бәрі түсінікті. Бұл

қоғамда У. ЧЕРЧИЛЛЬ айтқандай, «*Бәрі сатылады, бәрі сатылып алынады. Тұрақты достар жоқ, бірақ тұрақты мүдде бар*», - деген еді. Бұл жағдайды американың дара жазушысы **Джек ЛОНДОН (1876-1916)** заманында-ақ: «*Вся жизнь сводилась к вопросу о пище и крове, каждый что-нибудь продавал, купец продавал обувь, политик свою совесть, представитель народа – народное доверие, рабочие свои мускулы и почти все торговали своей честью*».

Қазір ойшылдар, қайраткерлер, ғалымдар, философтар, физиктер, математиктер, тарихшылар осы бір проблемалардың түйінін шешу үшін жұмыс істеп жүр. Себебі Әлемдегі 8 миллиард халықтың 2 миллиарды аш-жалаңаш! **Барлық байлық банкирлердің, олигархтардың қолында.** Теңсіздік орын алуда. Заманында **В.И. ЛЕНИН: «Мемлекет – зорлық машинасы»**, - деген еді. Иә, мемлекет деп отырғандары – Билік емес пе?

Халық – үлкен теңіз. Ол толқиды. Ол долданады. Сондықтан мен бармын, қолымда билігім бар деп, шалқақтауға болмайды! Ақұштан **БАҚТЫГЕРЕЕВА**, дара ақын.

Көп жағдайда капиталистік құрлықтың да біз сияқты қартайғанын, ескіргенін, оны жаңарту керек екенін жазып та, айтып та жатыр. Иә, бәрін уақыт көрсетер.

Рақмет! Зейін қойып тыңдағандарыңызға.

ХАЛЫҚТЫ «ТОНАҒАНДАРДЫҢ» БАЙЛЫҒЫ ҚАНША БОЛҒАН?

Мысыр елінің экс Президенті Хосни Мұбарактың 30 жыл халқын тонағаны белгілі. Ол жылына емес-ау, айына 2 миллиард АҚШ доллары көлеміне табыс алып тұрған. Аржағын есептей беріңіз.

Судан экс Президенті Омар әл-Баширдікі 9 миллиард АҚШ доллары болса, Тунис «лидері» Зин әл-Абидин Бен Алидікі 5,5 миллиард АҚШ доллары, ал Гаитидің экс басшысы Жан-Клод Дювальендікі 1 миллиард АҚШ доллары болыпты.

Ал **ХАЛЫҚ даналығы** айтқандай, «**жегендері желкесінен шықты**», - деп бәрі де, тәркіленді, тіпті үй-мүлкі, саяжайы т.б. иеліктері.

Елін 30-40, не 25 жыл басқарып, халықты қан-қақсатқан, басқа да елдердің көсемсымақтары бұдан сабақ алмайды-ау, ә?! Кешегі Кеңес Одағынан бөлініп шыққан мемлекет құрғандар да ширек ғасырдан астам билікте отырғандардың не істеп отырғандарын халық біліп отыр, көріп отыр. Бірақ әлі үнсіз. Түбі не болады?

2010-2011 жылдар

Иә, жоғары «білімділерден» де опасыздар шығады ғой. Уақыт бәріне жеткізер.

Туған халқына «коммунизм» қоғамын құрған жалғыз мемлекет иесі Муаммар Каддафи де қарсыластары жұтты. Қартайған қоғамнан сақ бол!

М. КАДДАФИ кім еді?

М. Каддафи Ливияның (Араб елінің) малшы бәдәуіінің отбасында дүниеге келген. 1942 жылы 27 жасында елінің бірінші тағына отырып, бұрынғы 18 жыл билік құрған монархиялық құрылымды жойған. Өз билігін «**Жамахирия**» – *халықтық социалистік өкімет деп жариялап, қызмет етті.* Өз елін 42 жыл басқарып, халқына толық мағынасында «коммунизм» орнатып, тіршіліктің барлық игілігін, қамқорлығын жасады.

КАНДАЙ?

Ливияның әрбір адамының қалтасында 14192 \$ доллары болды.

Отбасының әрбір мүшесіне мемлекет жылына дотация ретінде 1000\$ төлеп тұрды.

Жұмысы жоқ әрбір адамға 730\$ қаржы жәрдемақы – пособие берді.

Дәрігерлерді айтпағанда, медбикелерге айына 1000\$ ақшалай жалақы берді.

Дүниеге келген әрбір сәбиге мемлекет счет ашып 7000\$ доллар қаржы салып тұрды.

Жаңадан тұрмыс құрған жас отбасына пәтер алу үшін 64 000\$ сыйлық беріп тұрды.

Білім алу мен медициналық көмек тегін болған.

Шет елдерде оқитын әрбір жас, мемлекет есебінен тегін оқып келді.

Дәріханаларда дәрі-дәрмектер тегін берілді.

Пәтерақы (квартилата) деген жоқ!

Халыққа электроэнергиясы, су тегін берілді.

Басқа толып жатқан өмірлік-тіршілік қызметтер тегін!

Тіпті ішімдік шығару мен сатуға тиым салынған!

«Алматы ақшамы» газ., 2012 ж.

М. Каддафи – әлемдік адал тұлға болатын. Халқына деген адалдығы шексіз еді. Оны жоғарыда айттық қой. Әрине, бір такта ұзақ отырғансын қателіктер де, кемшіліктер де аз болмайды. Пенде ғой. Бірақ ұлы батыр еді! Өзі аса күйсіз бәдәуіінің отбасында туын жокшылық пен қайыршылықты көріп өсті. Ашық, шетсіз, шексіз аспан астында өркін өр жетті. Еркіндікті, азаттықты сүйді. оқығ

жүргенде, демалысқа шыққанда, үйіне бару үшін жалаңаяқ, жалаңбас 30 шақырымдай жерді жаяу алатын еді. Осылай өскен ер азамат, елі үшін барын жасаған көсемді ит өліміне әкеліп, сүйретіп, халқына мазақ еткізді. Әрине, *бұл жағдай, оқиға әрбір «көсемнің» басына ерте ме, кеш пе келуі мүмкін! Мұны АҚШ Президенті Барак Обама: «Каддафидің өлімі әлемдегі барлық билеушілерге сабақ болуға тиіс»,-* деген-ді. Заманында Гитлер: *«Елді басқару үшін халықты алдай білу керек, алдай беру керек»,-* деген ұстаныммен жұмыс істеді. Иә, соны не болды? Сауаты бар әрбір пенде біледі. Қаржы алпауыттары да, банкирлер де елді әлі алдаумен келеді. Бірақ шындық түбі ашылады. Күні кеше М. Каддафидің, елінің байлығын пайдаланған Франция, Англия т.б. мемлекет басшылары Каддафиді өз қолдарымен ит өліміне жеткізді. Сатқындық деген осы!

Қазан, 2011 ж.

Еске алатын болсақ, К. Маркс, Ф. Энгельс социализм мен коммунизмнің теориялық негізін қаласа, оны іс жүзінде, практикада жүзеге асырған В.И. Ленин еді. Өкініштісі – 1918 жылы жаулары Фанни Каплан атып, 1924 жылы дүниеден озды. Оның орнына отырған И. Сталин, көп жағдайда басқаша басқарды елді. Ол Ленин жақтастарын түгелдей құртып жіберді. Бірақ халықтарға бірқатар жағдай жасады.

«24 костюмге сатылған» М. Горбачев (атасы бай-кулак болған екен ғой) социализмді «сатып» жіберіп, сатқындық жасады, делінеді бір қатар дерек көздерінде.

Дегенмен, мәңгілік ешбір құбылыс жоқ қой. Социализмді басқарушы надстройқа да алжыды, қарғайды. Тіпті кешегі Үкіметті басқарған Черномырдин Маркс пен Энгельстің кімдер екенін де білмейді екен, оқымаған, сауатсыз пенде болды. Горбачевтің өзі де заңгер – талмудист еді ғой.

КСРО орнына ХХ ғасыр соңына қарай нарықтық экономика – капитализм келді. Ал капитализм қоғамы да әлемде ХХ, ХХІ ғасырларда қарғайған, ауру экономикасы бар қоғамға айналды. Көптеген елдерде халық оянып, бас көтере бастады. Себебі бір такта, орында ұзақ отырған, көп отырған басшының айналасының «иістенетіні» сияқты капитализм де «иістене» бастады. Халықтың барлық байлығы олигархтардың, аз топтардың қолына көшті де, жалпы халық қайыршылыққа айналды. *Бірақ енді капитализмді қандай формада жаңарту керек екенін әлі де ешбір көсем, дана айта алмай отыр.* Ситуация әлі де піспеген болар?! ХІХ ғасырда немістердің байлары мен купецтерін бір мемлекетке айналдырған көрнекті тұлға *Отто фон Бисмарк: «Революцию подготавливают гении, осуществляют фанатики, а плодами пользуются проходильцы»,-* деген еді.

Иә, Каддафидің соңына түсіп ақыры ит өліміне айналдырған «көсемдер» Ливия елінің байлығын тартып алып қана қоймай, бұл елдегі Каддафи жасаған «коммунизмді» құрту еді. Солай жасады да!

МУАММАР КАДДАФИ адамзатқа қалдырған *«Аманат»* атты еңбегінде (бұл естелікті Мәскеудің «Алгоритм» баспасы аударған 2012 ж.) былай дейді:

«... мен халыққа аса қажетті үй, ауруханалар, мектептер салып беру үшін, қолымнан келгеннің бәрін істедім. Олар аш қалғанда мен оларды тойындырдым. Бенгазины шөл даладан гүлжазира алқапқа айналдырдым... араб және мұсылман әлемінің дара лидері Гамаль Абдель Насердің ұлы деп таниды. Мен Ливияны менің халқыма ғана тиесілі деп қаулы еткенімде, оның салған ізімен жүруге әрекет еттім. Мен халықты колониялдық ниеттегі ұрықарылардан, күні кеше бізді тонағандардан алишақ ұстауға тырыстым... Мен өлгім келмейді!»

«Алматы ақшамы» газ., 25.04.2013 жс.

РЕСЕЙ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАБЫРҚАЙ АЙТҚАН ПІКІРІ

В. Путин 2012 жылғы Ресей халқына дәстүрлі Жолдауында: *«XX ғасырдың ең ұлы апаты КСРО-ның (СССР) күйреуі»,- деген болатын.*

Президенттің бұл пікірі, әрине, үлкен тарихи, философиялық баға! Сөз жок, ұлы ойшылдардың айтатын ойы, пікірі.

Дегенмен, Президенттің бұл пікірін әркім әрқалай түсінді. Және осы пікірін Президент Мюнхенде тағы қайталап айтты.

Әрине, XX ғасыр тарихына көз жіберсек, бұл жетпіс жылдан астам ғұмыр сүрген халықтық-әлеуметтік, теңдік мемлекетінің күйреуі – теңдесі жок апат!

Ал бірқатар саясаткерлер Ресей Президенті КСРО-ны қайта тірілту, әлеуметтік теңдікке емес, капиталистік нарықтық экономикада,- дейді. КСРО-ның 15 республикасының басын қосып, бұрынғы Одақтың әлемге танылған даңқын қайта дәуірлету болар,- дейтіндер де баршылық.

Қалай ойласа да Тәуелсіздік алған Республикалардың халықтары өздерінің Тәуелсіздіктерін тәрік ете алмас! *РЕСЕЙ ақпарат көздерінен, 2012 жс.*

Біреуге тәуелділік – нағыз бақытсыздық. Ұлы Есет КӨТІБАР-ҰЛЫ.

ПЕРДЕБАЙ ШЫМАДИЯРҰЛЫ – АЗАМАТ ЕРДІҢ БАЛАСЫ

Біраз жылдардан бері қазағымның өркен жайған қасиетті қонысы – Оңтүстік өңірінің танымал Азаматы **Пердебай ШЫМАДАРИЯҰЛЫ** әркез өзінің ұлылығын танытып келеді. Ағасының 75 жылдық мерейтойына үлкен сый ұсынды. Әрине, бұл ұмытылмас салтанат болып қалды.

Жақында ұлт-азаттық көтерілісінің қолбасшысы, ұлы әулие, ел биі, атышулы батыр Есет Көтібарұлы жайлы жазылған автордың **«Дала Геркулесі»** тарихи деректі романын сұратып алып, атамекенінің бүгінгі ұрпағына таратты. Қандай имандылық, ұлағаттылық!

Пердебайым, ұлы Ата-Бабалар, әз Аналар аруақтары әулетіңді әркез қолдап, қорғай жатқай деп ақ батамды – текті бір аталықтың сексен бесті меңгерген қарты ретінде беремін!

Ал Пердебай Шымадиярұлы тағы бір сый жасады. **«Қазақтың арда азаматы, асыл ағамыз Тауман Төрехановқа, Тұтқабай Иманбеков ағамыздың «Жетім қыран» шығармасы көп жылдар араға салып, 2012 жылдың алтын күзінде сағынтып, сарыала қазын саңқылдатып, оқырманына жеткен кітабын естелік ретінде сыйға тартамын».** Пердебай СӘБИТОВ, Шымкент қ., 2013 ж., сәуір, деп қол қойыпты.

Пердебайм, қолынан айналайын, маңдайыңнан сүйіп, құшақтаймын! Амандықта қауышайық, ағаң Тауман, Алматы, 25.04.2013 жс.

«ҰМЫТА АЛМАЙМЫН...»

Қалай аман қалдым екен десем...

**Анасы бар адамдар,
Ешқашан қартаймайды.**

**Қайрат ЖҰМАҒАЛИЕВ,
танымал ақын.**

БІР ҒАНА ЭПИЗОД. 1943 ж. Үй Шалқар көлінің жағасында. Жаз. «К.Маркс» колхозының басқармасы Керімбай: «Алеке, астық бітік шықты. Келіп, көшіп келіп, ораққа катысыңыз» деді. Көшіп келдік. Бидайды, тарыны кол орақпен орамыз. Мен 12-ге аяқ басқанмын. Әкешеме мен, Мөншәк екеуміз көмек береміз. Кешкі ай жарығымен келлек тепеміз. Анамыз түсте бір тостақан қызыл тарыны қайнатып, қуырын, келіге түйіп, су араластап түйе етіне бөгіріні, ияй бері...

де, ораққа қайта кетеміз. Сонда тары түйгенде көзіме түскен тары кебегі әлі бар.

Күзболды. Жиын-терін аяқталды. Сол Мұзбелдің Алты Құдығынан екі-үш қап тарыны ақсақ қызылшұнақ нарға артып, қалаға көштік. Тентексорға құлай, кешкілік мен есім кетіп қатты ауруға шалдықтым. Әкем бас жағымда отырып бірдеңе айтып отырыпты. Анам жаулығын шешіп алып, менің бетіме жауыпты ... Қалай тірілгенімді білмеймін, бір кезде жас сорпаны қасықпен аузыма тамызыпты анам. Содан келесі күні ес жиғандай болыппын.

– Балам тірі қалдың! Кеше, сені дүниеден өтеді деп, бір қойшы ағаң бір марқаны жолмитөбе босағасына байлап кетіп еді. Неде болса, сойып, пісіріп, жас сорпасын аузына тамыз, тірілер, дегенсін ағаң, солай істедік, - деді әкем.

Кейін белгілі болғандай, ол чума ауруы екен. Одан қалай аман қалдым. Күні бүгінге дейін жұмбақ, біреулері «безгек» деді. Тірімін!

Бүгін, жас сексеннен асқанда, дара ақын **Вячеслав КУЗНЕЦОВ-ТЫҢ «Ана»** туралы мына бір өлең жолдары есіме түсіп отыр-ау.

*«Керемет әйелдер,
Аз-ақ қой өмірде.
Ұмыта алмаймын,
Анамның көздерін.
Өзгеше нұрлы-тын,
Көзінен өзгенің.
Білді ол:
Ұлының ер жетіп қалғанын ... ».*

Иә, солай. Ақсақ нардың жүгі ауыр. Содан анам Қарашаш бұрынғы іргелі бай Қиясқызы мені арқалайды. Бір-екі қыр асқансын, демалып отырып, түндегі козының етінің сорпасынан аузыма тамызады. Қайта арқасына салып алады. Ал әкемнің арқасында орта қаптан көбірек қызыл тары. Нарды жетектейді, ол аяғын баса алмайды, ақсақ, кәрі нар. Моншақ, Науан жаяу, Қуаныш нар үстінде, үшке толған кезі. Келесі күні болар, Қопасордан, Тебен су сайынан өтіп, Қурайлы көлге жеттік. Осында мен қайта ауырып, естен айрылыппын. Сүт жоқ, ішетін шай жоқ. Келимасын қайырып әкем отырыпты. Анам кешегі марқаның қалған етін асып, жас сорпа беріп, тірілтіп алыпты...

Сол Ананың бір салқын сөзін естімедім-ау. 1983 жылы 5 наурызда дүниеден өтті.

Анамыз Қарашашты (1904-1983 жж.) Әже дейтін едік. Он бала туып, жетеуін өсіріп, 79 жасында мәңгілік мекеніне аттанды. Ал әкеміз (биологиялық) (1890-1979 жж.) 89 жасында дүниеден озды. Қырық күнге толғанымда, асырап алған әкем Есімбай 37 жасында ашаршылық жылдары дүниеден өтті.

Бірде, иә, ұмыттым, анам дүниеге ұл әкелді. Ананы бағып, күтетін ешкім жоқ-ау деймін. Өзі киіз үйде босанды. Сәбидің кіндігін өзі кесіпті. Ал мен үнемі далада жүремін. Белін байлап алып, тамағын, шай-суын өзі әзірлепті. Арада үш күн өтті, мен нәр татпадым деуге болады. Содан әже қыздарына карата:

– Мына баланың қоңы ашылып кетіпті ғой. Бұл сорлы бала қысы-жазы, күндіз-түні тыным таппайды. Колхоздың малдарын бағады, аң аулайды, тұз шығарады. Бәрімізді асырап отырған осы бала. Даладан тауып мұның әкелгенін әкелерің базарға апарып, азық-түлік сатып әкеледі. Ал, сендер отырып алып, ішіп-жейсіндер. Бұдан былай тамақтың тәуірін осы балаға беріңдер, қалғанын ішіндер. Сендер жылы жерде, көлеңкеде отырасындар ғой. Ана әкелеріңнің базардан әкелген арпа-бидайын, кара тарысын үнемдеп дайындандар,- деп айтып қалғанын есітіп қалдым.

Уақыт өте берді...

Мен Алматыға оқуға жиналдым. Елде әке-шеше, шиеттей бала, Балзада қалды.

Қабылдау емтиханын тапсырып, студент атанып, елдегі аталар айтқан ағаларды іздедім. Таптым. Бірінші Бәсеновтер әулетінің арда әжесі Ақбаламен кездестім. Бір шай дастарханы үстінде әже анамды есіне алып, әңгіме айтты.

– Білесің бе, балам, ананды?- деді.

– Білмеймін, әже. Білетінім, біздерді жарық дүниеге әкелді,- дедім.

– Онда тыңда. Анаң Қарашаш атышулы ақ түйелі Қияс байдың кенже қызы. Әкенді Шашақ дейтін едік. Сол қайныма қостық. Тойын өткіздік. Айтайын дегенім, тобылғы өңді, орта бойлыдан жоғары, қыпша бел, екі көзі ботаның жанарындай тұнық, күлімдеп тұрған қызды шымылдыққа жетектеп әкеліп отырғызғанмын. Балалар әдемі келіншекті көреміз деп топ-тобымен келетін. Ал, балам, немеремсің ғой, Қарашаштың тура өзісің, айнымай ұқсағансың. Сені бірінші көргенде Гауһар (Төлеу Бәсенов ағаңның жанжары) жеңген таң қалып әдемілігіңе, бір сіңілімді беретін жігіт екен дегені бар-ды. Сен не болғанда да елдің қызын ал. Бұлардың төңірегі мен-мен, жоғарыдан қарайтындар, тіпті аяғының астында қаласың,- деп әже біраз сырды ашты. Сосын: – жеңген өмірге жалғыз қыз ғана әкелді. Оны білесің...

Ақбала әже сол алпысыншы жылдардың ортасында Шалқарға келді. Балзада келісті қонақасын беріпті. Әженің көзін көрген үлкендерді шақырыпты. Алматыға қайтарда сый-сияпат, келу-қайту билеттерінің құнын да беріпті.

Осы әжелер отырысында Анам Балзада келініне:

– Қарағым, кара баланы бақ. Ол біздің әулетті асыраған ұл ғой,- дегені.

Анамыз дүние салғанда келіні Балзада Шәмшіқызы өлшеусіз еңбек еткен еді. Оны халық көрді, білді, бағалады.

Жылына үш жүз ақ інген боталаған Қияс байдың кенже қызы Қарашаш Анам түйе жүнінен түтіп алған шүйкесін шынашығына орап алып, ұршығын шыр айналдырып, анда-санда алақанына түкіріп жіберіп, ыңылдатып өлең айтып отыратын-ды. Есімде қалғандары:

Біздің ел көшсе-қонса Құм өрлеген,

Торыны арқандамай шідірлеген... десе, бірде:

Біздің ел көшуші еді Құмды жарып (Ұлықұмды айтып отыр),

Кетуші еді ащы-ай қымыз тілді жарып... деп қойып:

Біздің ел көшуші еді Құмборлығы,

Әсемдік жараспай ма қыз сорлығы...

Бұл өлең жолдарын мен жалаң аяқ, жалаң бұт кезімде еститінмін.

Ал мен Алматыға (1950 ж.) оқуға жүрерде:

– Балам, тыңда,- деп алды да:

Саламын сал Мұхиттың дайдайына,

Жігіттің құдай берсін маңдайына.

Талабың тай жегендей бір бала едің,

Заманның тап боласың қандайына,-

деп барып:

– Балам, бір үйлі-жанды асырап едің, күн көрерміз, кездесе алмасам, ақ сүтімді кештім,- деп көзін көмген жасты қолымен сүртіп жіберіп, ақ батасын беріп еді.

Иә, мен жүрерде қара көздері жаудырап, келін болып түскеніне жыл толмай келіншегім елде, шиеттей балалы отбасында қала берді-ау...

Уәдеге беріктілік, бірімізге біріміздің сенімділігіміз әлі де өз тұғырында! Сөз жоқ, жер көрпені жамылғанша сақталады!

МІНЕ, ӨРКЕНИЕТТІ МӘДЕНИЕТ!

Неміс халқы көшеде келе жатып жерге түкірмейді, қақырығын жерге тастамайды. Егер қақырық болса, мұрнын сіңбірсе, қалтасындағы орамалға түкіреді де қалтасына, не қол сумкасына салып алады, не көшедегі коқыс салағын жәшікке тастайды.

Халқы ағаштың жапырағын жұлмайды, бұтағын сындырмайды. Итін көшеге қыдыртуға алып шықса, артына қалта (памперс) байлап қояды.

Үйіндегі қалдық коқыстарды бірнеше қалтаға (пакетке) бөліп салып, көшедегі коқыстар салағын контейнерге жазуына қарап тастай-

ды. Егер қате салсаң, қасыңда тұрған видеокамераға түсіп қаласын. Кейін айып төлейсің ...

Ешкімге салқын қабақ танытпайды, дауыс көтеріп сөйлемейді.

Ал неміс халқының ұлы перзенті *Герольд БЕЛЬГЕРДІҢ* біздің қазақ жайлы жанашырлықпен айтқан мына сөзін еске алайықшы! *«Қазаққа талантты тағдыр аямай берген, бірақ оның тек қана 30 процентіне дейін пайдаланады. Еврейге осындай талант берсе, 80-90 процентін пайдаланады. Қазақ өз байлығын өзі бағаламайды. Қазақ өте ысырапшыл, ас та төк! Қазақ өте еліктегіш, кеше орыс, кейін неміс, қазір ағылшын болғысы келеді. Ұлттық қалтын өзгерте береді»*,- дейді.

Өз пікірімді айтпай-ақ қояйын, кім қалай түсінеді, бірақ ұлттық ділге салсақ, қалай өзі?

АҚЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ КӨЗ АЛДЫМДА

Ақтөбе *Әкімі Елеусін САҒЫНДЫҚТОВТЫҢ* шақыруымен Алматыдан алты адам болып самолетпен Ақтөбеге жеткен едік. Автордың 80 жылдық мерейтойын Достық Үйінде өткізіп, туған елді, ата-баба, эз Аналар өткен киелі топырақты басып, көңілді көтеріп, Алматыға оралуға Ақтөбе әуежайына келгенбіз. Тап осы жерде Ақтөбе педагогикалық университетінің *ректоры Ғалымжан НҰРЫШЕВ* кездесе кетті. Құшақтасып, бетке-бетті тақап біраз тұрдық. Залдағы тұрған көп адам аң-таң болып қалды. Құшақ жазылғансын жып-жылы ажарымен Ғалымжан:

– Аға, мерей тойыңыз құтты да баянды болсын! Жүз жасаңыз! Кешірім сұрай, әрі бір өтініш айта келдім,- деп беті күлімдеп кетті.

– Кешіріңіз аға, Сіздің әдеби, және ғылыми-шығармашылық еңбектеріңіз біздің оқу орнында, кітапханада түгелдей бар. Енді айтайын дегенім – келесі жылы Сізді, мына жеңешемді Ақтөбеге, бізге қонаққа шақыруды айтайын деп, әдейі әуежайға келіп тұрмын. Оқытушылармен, студенттермен кездестіремін. Сіз бір туған жеріңіз, ата мекеніңіз үшін дара тұлғасыз ғой. Шақыруымды қабыл алыңыз,- деді.

Рақметімді, алғысымды айттым.

Иә, сол биік тұлға, адал Азамат, ақшақардай аппақ ақ көңіл Ғалымжан Жұмабайұлы мен ақ келінім Гүлімхан Бәйкенқызынан аяқастында айрылып қалдық-ау... Сол бір соңғы кездесу, естен тірі тұрғандай кетпейді. Көз алдымда ақжарқын бейнесі мәңгі сақталады.

Тамыз, 2012 ж.

НАЗАР АУДАРАТЫН ОЙ ҒОЙ

Ғабит МҮСІРЕПОВТЫҢ «Ар-ұяты өлген соң, адам да өледі. Малға айналған екі аяқты, ең қатал, ең әділетсіз хайуанға айналды»,- десе, тағы бірде: *«Саяси келбеті бұзылған мемлекет – мемлекет бола алмайды. Біз ішімізден іріп жатырмыз. Айтатынымыз – өтірік, істейтініміз – өтірік, мақсатымыз да – өтірік. Халық билікке сенбейді, билік халыққа сенбейді».* Бұл ауыр сөзді **ҒАБЕ** Совет мемлекетінің соңғы жылдары айтып еді,- дейді кайраткер, қаламгер **Роллан СЕЙСЕНБАЕВ**, *«ЕҚ»*, 04.09.2012 ж.

Ал бүгін ше? Әлемге көз жіберейікші!

Менің құрдасым, иә, арамыз бір жылдай ғана, белгілі қаламгер **Шерхан МҰРТАЗА**: *«Жата қалып, жан таласып «көсемдерді» мақтайтын жазушы – жазушы емес, күнбағар. Ертең сол «көсемдер» тағынан тайса, күнбағар олардың артынан тас лақтырып, жамандап шыға келеді»,*- дейді.

Иә, солай. Мен айтар едім, *миллиондаған адамдардың ойына келе бермейтін ұлы идеяларды ойлап тауып қоғам, халық игілігіне жаратқан тұлғаны ғана көсем деуге болар.* Қазіргі БАҚ-тар кез келген қалталыларды, лауазым иелерін көсем деп, жазып жүр-ау.

ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ

Бүгін 9.05.2011 ж. Төрехановтар әулетінің негізі заңмен қалаған күн *(9.05.1950 ж., Шалқар қаласы)*. Екеумізде Ұлы Отан соғысының тыл ардагері едік. *«Ел-Арна»* телевидениясы екеуміз жайлы 15 минуттық киносюжет түсірген еді. Сол киносюжетті эфирге шығарды. Бізді білетіндер, туған ел, атамекен халқы көріп, ризашылығын білдіріп жатты телефонмен. Эфирге 8 мамыр 12:13; 9 мамырда кешкі 20:00 сағатта қайталап берді. Түсірілімді шеберлікпен дайындаған тележурналисттер **Толқын САДЫҚОВА** мен **Айгүл МАМБЕТОВА** қыздарымызға алғысымыз шексіз! Бұл түсірілім *«Ел-Арна»* меншігі. Дегенмен, телесандық арқылы түсіріп алыпты көптеген жақын-жуықтар Ақтөбеге барған сапарымызда, осы түсірілім және 30 минуттың киноны облыс эфиріне жіберіпті. Туған ел тамашалағаны жайлы ондаған телефон соғылды.

18.05.2011 ж. ҚазРадионың *«Шалқар»* бағдарламасы осы жолдардың авторының 80 жыдық мерейтойына орай керемет хабар берді. Оны дайындаған **Мақсат РАМАЗАНОВ** деген радиожурналист еді. Менен сұхбат алған болатын. Бірақ таспасын қолға түсіре алмадық.

Иә, үлкен қуаныш, бақыт туған топырақта, Атамекенде туған халқыма қызмет еткен ізім қалғанына, мың шүкірлік, мың таубә етемін! Мұның бәрі туған халқымның шексіз қамқорлығы деп білемін.

ДҮНИЕДЕН КІМ ӨТТІ?

Күз келді. Осы шығар, менің күзім... Өшпейтін жер бетінде қалды ма ізім? Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ.

Иә, Тұманбай осы күзде мәңгілік екінші өмірге аттанатынын сезгендей-ау. Иә, солай.

***... Жақыным да азайды алысым да,
Бейне кеткен жандаймын салы суға.
Тумашым деп бетімнен сүйетұғын-
Түгел кетті әжелер бұл ауылдан.
Сәлемімді мен берген тоқтап алып,
«Қай баласың?» дейтұғын жоқ аталар...***

Иә, осы заман, осы жолдардың авторының тағдырына келеді. Кеше ғана 80 жылдық мерей тойымды өткізуге Ақтөбе облысының әкімі Е. Сағындықов елге келіңіз,- деп құрметпен шақырғансын – бәйбішем, ұлым, келінім, қызым және данқты жазушы С. Досановпен 6 адам болып елге бардық кой. 30 жыл газеттің бас редакторы, аудандағы 7 адамның бірі – басшысы болып жүргенімдегі: **«О, Тау аға келді, Әділет келді, ақ Тәкең келді!»**,- деп жинала қалатын замандастардан ешкімді көре алмадық. Жас толқын, өзге ұрпақ келіпті. Кейде «жат ел» сияқты болып көрінді. Бірақ атамекен, туған топырақ, бүгінгі жас ұрпақ кәрі көздерге жылы көрінді-ау, шіркін-ай. **«Туған елге - тағзам»** тақырыбымен көлемді материал жаздым. Оны **«Қазақ»** газеті, 16.09.2011 ж. аса құрметтім **Қоғабай СӘРСЕКЕЕВ** жарыққа шығарды. Енді **«Ана тілі»** газетінің бас редакторы Самат, бірінші орынбасары Нұрперзентте жариялаймыз деп уәде берді. Иә, кейін ол да жарияланды.

***Иә, туған жердің қадірін қартайғанда білерсің,
Денсаулықтың қадірін жантайғанда білерсің.***

Бұл материал осы кітапқа беріліп отыр.

Ал Тұманбай көрнекті ақын ғой! Жасы келгенсін, елін, халқын, замандастарын сағынған болар, мына бір жыр жолдары соны мензейді-ау өзі, оқышы.

***Кешкі үн жоқ естілетін құлағыма,
Ешкім жоқ келеді деп мені тосқан.***

**Сағынар бір адам жоқ Тұманбайын,
Тұманбай сағынғанмен сүйікті елін.**

Жоқ! Тұманбай ақынды ешбір заманда кешегі, бүгінгі, ертеңгі ұрпақ ұмытпас!

Айта кетуім керек, соңғы жылдары дара ақынға аты-жөні жоқ кіно тағушылар да табылды. «Тұманбай сарай ақыны, билік ақыны» болып кетті деушілер де бар еді. Бұл күншілдік, көреалмаушылық деп білемін!

Тұманбай мен КазГУ-де студент болып жүріп, филфактың комсомол ұйымын басқарып жүргенімде, бірінші курсқа келді. Бірде «курсыңның комсомол ұйымына секретарь болсан қайтеді, таңдау өзіңе түсіп тұр» дегенімде, жұдырықтай тобылғы өңді жас: «аға, менде ондай қабілет жоқ шығар» деген еді. Сондағы көздегені – ақындық екен, айтулы ақын болды ғой, Тұманбайым, жатқан жерің жайлы болсын.

Тұманбайды аурухана салған сәтте, кенеттен дене қызуы көтеріліп, ұзаққа мәңгілік ұйқыға кетті-ау. Қалай болды, не болды? Жауап жоқ...

Дарынды, талантты адам – әркез табиғат берген дарынға қарыздар. Дарынды адам қуғын-сүргінде жүргендей, жанқиярлықпен жұмыс істеу керек. Әйтпесе, талантқа берілген уақыт өте қысқа. Ал уақыт қаламгердің ең бай қазынасы.

Уақытым, денсаулығым жетпегендіктен үш роман-кітабым қалып барады жазылмай. Оларды өзіммен бірге мәңгілік мекеніме алып кетемін. *10 қазан, 2011ж.*

Айтуға тіл бармайды-ау, Есенбай ақын да мезгілсіз кетті ғой. Демікпе ауруынан адам өлмеу керек емес пе? Осы жолдардың авторы өзінің бір жетім өскен азаматын осы созылмалы аурудан аман алып қалып еді. Ол күн 7 қараша – Октябрь революциясының ұлы мерекесі күні болатын. Орынбасарым Мұхамбетәли Есмағамбетовті іздедім. Хабар: «Ол өте ауыр жағдайды ауруханаға түсті», - делінді. Жетіп келсем, өмір мен өлім арасында бітіп жатыр. Бір дәрігер жоқ. медсестра жоқ. Еденге етпетінен құлап түскен. Естен айрылған. Анда-санда бір дем шығады ішінен.

Милиция бастығы А. Көптілеуов полковникті телефонмен тауып алып, жедел бас дәрігерді тауып бер дедім. Қас қағымда келді «Көңілді». Бәрі жоқ. Бас дәрігер қойма есігін теуіп, сындырып ашып, жасанды дем беретін 2 көпшікті алып шығып, аурудың аузына, мұрнына тықты. Укол берді. Демі түзеле бастады. Содан кейін уфлинмен тұрақты дем алатын болды. Ол кезде Мұхамбетәли тым жас болатын. Қазір жетпіске аяқ басты. Ал Есенбай мен Тұманбайлардың ау-

руына тосқауыл қоятын дәрігер бар ма? Иә, ондай білікті дәрігерлерді кездестіре алмайсың ғой, қазіргі ақша сөйлеп тұрған шақта.

Сол Мұхамбетәли сексен жылдық мерейтойды өткізуге облыс, аудан әкімдерінің шақыруымен барғанымызда Сәрсенғали Көпенов, Дариға Қарашолақова – бәрі құрақ ұшып қарсы алып, барынша халқын жинап, үлкен құрмет көрсетті. Біздің әулет жайлы 30 минуттық киносюжетті Мәдениет үйінің сахнасынан жібергенінде, жиналғандар орындарынан тұрып қол соқты-ау, дүние-ай, *Туған елім-ай! Аман бол! Тірі жүргенім Сіздердің ақ тілектерің шығар, құрметтерің мен ізеттерің шығар. Бұл жасқа келемін, бала-ұл, қыз, немере, шөбере сүйемін деген тіпті үш ұйықтасам да түсіме енбеген еді ғой.*

«ХАЛЫҚ – ҚҰДАЙДЫҢ БІР АТЫ ... ХАЛЫҚТЫ АЛДАЙ АЛМАЙСЫҢ»

Мен қазақ әйеліне қайран қалам,

*Жайнаған, жсалындаған, жсайраңдаған... Жұбан МОЛДАҒАЛИЕВ,
қазақтың ұлы ақыны.*

Бұл қысқа да нұсқа сөзді «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған Алматы қаласының Бостандық ауданы Әкімі *Зәуреш Жұманәліқызы АМАНЖОЛОВА*¹⁶ қызымның сұхбатынан алып, осы суреттеме-эссеге тақырып етіп қойдым. Мұндай ұлылық сөз, даналық пікірді, адалдықты бұл жолдардың авторы қанша жылдар бойы талай «Көсемдердің» еңбектерін оқып, танысса да кездестірмеген еді.

«Жақсы білген нәрсе еш уақытта ұмытылмайды», - дейді ғой Зәуреш қызым. Иә, сол бір пікірге сүйене отырып, бір қатар ойларға жол берейін.

31.10.2011 ж. Таң ертенгісін телефон қоңырауын естідім.

– Тауман Төрехановты іздеп отырған Бостандық ауданы Ардагерлер Кеңесінің төрағасы *Хамит БЕКЖАНОВ*, - деді.

Тыңдап тұрмын:

– Онда ертен, 1 қараша күні ертелетіп Бостандық ауданы Әкімдігінің кеңсесіне келіңіз. Әкім қызыңыз Зәуреш Жұманәліқызы бір топ ардагерлерді серуендетуге алып өзі шығады, күтеміз, - деді төраға.

Иә, бұл бір арда азамат, бұрында бірнеше рет кездескенмін. Аса білікті, үлкен мәдениеттің тұлғасы болатын және біраз қамқорлығын да көргенбіз. Ұлы Отан соғысының тыл ардагері құрметті атағына

¹⁶ Зәуреш Жұманәліқызы Аманжолова көп ұлмай, миллион жарым халқы бар Алматы қаласы Әкімінің орынбасары болып тағайындалды. Сөз білік тілдеймін.

бәйбіше екеумізді де жатқызуға қолқабысын, ақыл кеңесін берген еді. Медалын да, пособиасын да алып келеміз.

Зәуреш Жұманәліқызы Аманжолова бұрын көріп, біліп қойғандай ардагерлермен өте жылы амандасып, қолын беріп, қал-жағдайларын сұрап алды да, әрқайсысымызды жетелеп автобуска кіргізіп, отырғызды. Өзі де автобуска бізбен бірге жүрді. Қызмет көлігі автобустың соңында еріп келе жатты. Әкімшіліктің біраз жауапты қызметкерлері де бізбен бірге болды.

Алматыдағы тұңғыш президент саябағына келдік. Әрқайсымызды кезекпен қолтықтап бар жайды түсіндірді. Саябақтың бәрін аралатып көрсетті. Осы жолдың авторымен қатар жүріп, қолымнан ұстап алды. Сол кезде қаламгерлік қасиетіммен өзінің кім екенін сұрай бастадым.

– Аға, мен – дәрігер-гинекологпын. 30 жыл бойы аналарды босандырып, 13 мың сәбидің өмірге келуіне бар іс-тәжірибемді салдым, – деді.

Осы әңгіме аяқтала саябақтың ең биік төбесіне-шыңына бет алдық. Міне, қызық тамаша! Алдымыздан 40-50-дей мектеп жасына аяқ басқан балдырғандар кездесті. Бір-екі ұстаз-тәрбиешілері басқарып келеді. Балдырғандар жамырай Зәуреш қызымызды қоршап алды. Бәрі де: «Апа, апа, мама!», – деп шуылдап жатыр ...

– Зәуреш Жұманәліқызы, Сіздің өмірге әкелген сәбилеріңіз осының ішінде көп. Сәлем беріп жатқаны ғой, – деді бір тәрбиеші.

Әңгімені жалғастырдық. Өзінің ата тегін де, қай жерде туып өскенін де қазақ – ана тілінде тамсандырып айтты. Сөзіне қарағанда саясатты да, қоғамдағы ағып жатқан процестерді де терең білетіні анық көрінеді. Сол кезде «ЕҚ» газетіндегі берген сұхбатын еске алдым. «Халық – құдайдың бір аты ...Халықты алдай алмайсың», – деген даналық сөзін есіне салдым.

Дұрыс айтасыз, аға, ... *халық құдайдың бір аты! Халықтың пікірімен міндетті түрде санасу керек басшы ...*

Автобус толы ардагерлерді алып жүріп, қаланың Алатау бөктеріндегі Трамплинді көрсетті. Тамаша! Таза ауа, үлкен арна, біраз таза ауа жұтып, бір-бірімізбен әңгімелесіп мәз болдық. Трамплинді көрсетумен қалай іске қосылғанын айтты, Ардагерлермен суретке түсті.

Менімен түскен суретін кітапқа беруге болады.

Көп ұзаймай: «Тоңып, шаршап қалған боларсыздар, қалаға қайтайық», – деп Зәуре Жұманәліқызы қаладағы «Алтын адам» мейрамханасына алып келіп, қонақасы берді. Отырысты өзі ашып, өзі біраз көңіл көтеретін сөз айтты. Дастарханды Хамит Бекжанов аға басқарды.

Алды жүзді, соңғы сексенді артқа тастаған ел ағалары – ардагерлер Зәуре қызыма, Хамит ағаға ақ баталарын берді. Бәрін үйлеріне апарып тастатты. Сый-сияпат өз алдына.

Алматы қ., 31.10.2011 жс.

ҰЛУ ЖЫЛЫ ҰЛЫЛЫҒЫН ІСТЕГЕЙ

Сонымен, төртаяқтап, жатып, тұра алмай 2012 жылды да көрдік. Кәрілік емес, ғұмырымыздың ішінде көрген, шеккен азаптың, аштық пен жалаңаштықтың салдары әкелген түрлі аурулар. Әрине, құдайға мың шүкірлік! Бұл жылды біздің замандастарымыздың көбі көре алмай, мәңгілік ұйқыға кетті.

ЗӘУРЕ ҒАЛЫМҚЫЗЫ – ӨМІР АРАШАСЫ!

Тіршілігімізге тіреу болудан қалған денсаулықты ауыздықтаған жолдас ауру мендеп, кәрілік қол-аяқты тұсап, аяғында бәйбіше екеуміз тамыздың соңғы күндері естен айрыла бастадық. Үйде балаларымыз, немерелеріміз барды бәрі аяқ астынан бізді ҚР Президенті Іс Басқармасы Медициналық Орталық клиникалық ауруханасына жетектеп алып келді.

№ 6 палата. Бәрі бар, тірі жанға не керек. Бұл палата Соматика №1 бөліміне қарасты. **Зәуре Ғалымқызы КЕЗДЫҚБАЕВАНЫҢ** жетекшілігіне қарасты болды.

«**Соматика**»¹⁷ сөзінің мағынасына түсіну үшін Зәуреден сұрап, білуге дәрмен жетпеді. Біз түскен бойда жап-жас, аса сымбатты, мәдениетті, нұры төгілген, жып-жылы, қазақшаға судай қазақ қызы палатаға келіп, екеумізден барлық мәселелер жайлы, ауруларымыздың астары туралы әдемілеп сұрап, жазып алды.

– Бәрі-бәрін, барлық сұраған емдеріңізді береміз. Аяқтарыңа мінгізіп жібереміз,- деп бар ұжымын бізді емдеуге, баптап күтуге жұмылдырды. Бәрі де Зәуренің ымымен түсінеді, қайталап сұрамайды, тек қалқысыз орындайды.

Бұрын-соңды ем алып жүрген ауруханалар мен санаторияларда кездесе бермейтін медицинаның соңғы аппараттарына салып, диагноздарды қоя бастады да, бірден система – капелыница берді.

¹⁷ Сомма (Soma – грек сөзі, тело), тело организма. 1. Соматический, термин применяемый для обозначения различного рода явлений в организме, связанных с телом, противоположность психике. 2. В генетике – термин, противопоставляющийся понятию зародышевой плазмы. Соматология – (телология) раздел антропологии, в котором изучаются вариации человеческого тела в целом: рост, вес, пропорции, и т.д. Словарь иностр. слов, М., 1988, с. 474.

Дәрілердің бірнеше түрін ішкізді, 5-6 рет тамақтандырды. Күн сайын төсек ақтықтарын алмастырды. Күн сайын Зәуре қызымыз өзі арнайы келіп, жағдайымызды біліп отырды. Аға медбике Гүлнар Қаппарова, медбике жоғары категориялы Гүлнар Тілепқызы Бердібаева, Бақыт Құлжабаева, Жанат Салыбаева, массаж жасаушы Гүлмира Сайпу-туллаева, аспазшы, даяшы қыздарымыз қалтқысыз қызмет көрсетті. Есте қалған аппарат МРТ – магнитно-резонансная томография, аудиодиаграмма, күлгін магнитно-лазерлік емдер аса пайдалы болды. Тап біз ем алып жатқанда, аса суық хабар жетті. Бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Г.З. Танабаева мен Зәуре Ғалымқызы ертеңгісін палатаға кіріп келді. Танабаеваның көзі жасаурап, тіпті қызарып, аса бір ойлы да қапас сезімде тұрды.

– Қалқам, аурып тұрған жоксың ба? – деп сұрап едім. Сәлден кейін:

– Бас хирургіміз **ҚАЗЫБАЕВ Кәкімжанұлы Нұртас** кенеттен қайтыс болды, – деп беті карайып кетті, егі селкілдеп тұрды.

Иә, **Қақымжан ҚАЗЫБАЕВ (1929-1989)** КазГУ-де қатар оқыған еді. Соңғы қызметі Қазақстан Орталық партия комитетінде хатшы болды. Өзімізді құрдастай санайтын едік. Бірде: «Қалжың деп қабылдама, Тәке, әйелің ұл туса, менің Орыншам қыз туса, не керісінше, құда болайық. Балаларымның нағашы жұрты Сіздің ел ғой. Батырлар елімен жекжат болғым келеді», – деп еді. Амал не, көп ұзамай дүниесалды. Бүгінгі **дүниеден өткен әсігіт – НҰРТАС** Орыншаның сондағы сәбиі еді, 1958 жылы туған күзде. Орыншаның ұлы атасы Ұзақбай Құлымбетов Қазақстан Орталық Атқару Комитетінде төраға болып тұрғанда, «халық жауы» деп жала жабылып, атылды ғой. Ұзақбай – Әлім, оның, қателеспесем, Шөмекей аталығынан болатын. Орынша фамилиясын Қарабална етіп алған. Иә, Орыншамен бір белгілі азамат үйінде, дастархандас болған бір отырыста, осы Қақымжанның «қалжыңын» еске салған едім. Еске сала кетейін, Құлымбеттен үш ұл: Ұзақбай, Баймахан, Жұмамұрат дүниеге келген. Баймаханды малайлыққа жалдап алған байдың есімі де Баймахан болғасын, оны «енді сен Қарабала» боласың депті. Бірақ «Қарабала» ерте дүниесалды. Сонсын оның жесірін қайынысы Жұмамұратқа атастырады. Содан Орынша, Болат өмірге келеді. Иә, елде жұмыс істегенсін – Шалқар. Ырғыз өңірлерінде болған тарихи деректерді қойын дәптерге түртіп жүрген едім ғой...

Зәуре Ғалымқызы кардиолог дәрігерді шақырып, менімен біраз сөйлестірді.

– Сізде атеросклероз бар. Бірақ жақсы сақталыпсыз, ұзағынан болсын, байқаймын, Сізде адамды өзіңізге тартатын бір тартылыс күш, магнит бар-ау деймін. Ақыл есіңіз, ойлау қабілетіңіз бәрі жақсы. Ой

адамы боларсыз, ә? - деп қойды. Көп ақыл-кеңесін берді. Бұл дәрігер сөзімен қуаттандырып жіберді.

Иә, осыдан 5-6 айдай бұрын темір жол клиникасының бас хирург дәрігер болған қарт әйел де осындай пікір айтып еді. «Сіздің дауысыңыз менің жас күнімдегі естен кетпес бір досымды еске түсіріп отырғанын қарашы. Сізде бір магнит бар сөйлескен адамыңңызды өзіңізге баурып алатын. Жүз жасаңыз», деген еді. Сонымен, аяқтарымызға мініп жақсы көңіл күймен ауруханадан шықтық.

«Ет қашып, сүйек жұқарды, күш-қуат жұтылды. Тамырларым құрғақшылық кездегі – өзендер құсап, тартылып барады. Жілік майым да жіптей жіңішкеріп сарқылып барады. Мен қазір! Ойдан да шаршадым, ойдан да шаршадым ... Әлдене күтемін, Әлденені аңсаймын», - деп дара ақын Темірхан Медетбек жазғандай, үмітім бар алдан, бірақ...

... Түс көрдім осы жақында. Айыр түйенің үстінде анам Қарашаш мені алдына алып, тас қылып құшақтап отырды. Ал әкем сол түйенің бұйдасын ұстап жаяу бізді батысқа қарай алып кетіп бара жатты ... бұл қалай? Түстен көз ашпайтын уақыт келді. Сериялы түстер көремін.

Сонымен, Зәуре Ғалымқызына, ұжымына аталық-аналық алғысымызды жазып, тастап кеттік. Көріскенше күн жақсы болғай!

АЛМАТЫ қ., 30 шілде-14 тамыз, 2012 жс.

ІЗ АҒА – ІЗГІЛІК ДАБАЕВ – 90 ЖАСТА

«Казправда», «ҚӘ» газеттерінен Із ағаның суретін көріп журналистерге берген сұхбатын оқып шықтым. Енді 90 жылдығымен құттықтайын деп, өзін іздедім. «Алматы» санаториінен тауып алып құттықтадым. Иә, телефонмен өзімен таныс-біліс болған 70 жылдай уақытты еске алып, біраз әңгіме айттым. Аға мәз болып, біраз қуанып қалғандай болды, рақмет айтты, батасын берді. Еске алайыншы:

...1951 жс. шілде. Мен КазГУ-дің бірінші курсы «беспен» аяқтап, елге оралып, Біршоғыр тау бөктеріндегі тас көмір шахтасында жұмыс істейтін ағайым Жалекенге барғанмын. Ол кісі шахтада крепельщик еді. Маған шахта басқармасының бастығы ер азамат Илияс Есенберлинмен таныс, сәлем бер, аса таза адам дегенсін, барайын деп, поселкелік Советтің алдынан өте беріп едім, кеңсе алдында біраз адамдар тұр екен. Сәлемдесіп бола бергенімде, поселкені қақ жарып өтетін Шалқар көліне құятын Қауылжыр өзенінің Айырықтау бетінен келе жатқан екі аттыға көзім түсті. Аттары тершіп қалыпты. Алдымен, күрең аттан жасы отызды алқындырған, талдырмаш денелі, ұзын бойыдан сәл аласауау, тобылғы оңді, қағқан мейіздей, көздері өткір.

еріндері жұқа, шапшаң қимылдың адамы секіріп түсті де, ақбоз аттағы қызды түсіріп алды сүйеп. Сонша сұлу, талдырмаш денелі қыздың «ақ бетінің ақтығы наурыздың ақша қарындай, екі бетінің қызылы ақтауықтың қанындай» күлімсіреп, сыпайы ғана тұрғандарға бас иді ... Жаңағы аға:

– Сен кімсің?- деді маған тесіле қарап.

– Студентпін.

– Қайда оқисың?

– КазГУ-де.

– Ударениені дұрыс қойып айтпадың, ол былай айтылу керек еді,- деп ескерту жасады. Ал қасындағы қыз ұялып, қысылып жігітке жақындай түсті. Қызға қараңқырап едім, шырамыттым. Есіме түскені: Отан соғысы аяқталған. Үйіміз Шалқар көлінің жағасында. Аш-жалаңаш тіршілік. Үйге, әдемі киінген екі бойжеткен келіп, әкешеме сәлем берді. Бұл қыз соның бірі еді.

1952 ж. Алматы. Бәсеновтар Әулетінің ұлы Анасы Ақбала әжеге барып, аптасына бір рет сәлем беретін едім. Үйге келсем, Әже бір қарбаласта екен.

– Жақсы келдің балам, көмектес. Қазір Гауһар жеңгеннің ағасы Димаш, інісі Асқар бастаған қонақтар келеді. Димаштың әке-шешесі де болады. Ахмет-Наукендер Жұбановтар келеді, дей беріп еді, іштен өткен жылғы Шахта поселкасында кездескен аға шыға келді, бірден:

– Сен қайдан жүрсің?- деп тергей бастады. Әжем:

– Ізгілік-ау, тыңда, Төлеу ағанның інісі. Осында студент. Маған қонақтарды күтуге көмектесетіні бар еді, - деп мені толық таныстырды. Сонсын Әже Из ағаны қасындағы жап- жас әйелді, сұлу келіншекті, Хадиша апаны Бекет ағаңа туған жиен деп айтты.

– Из ағамен, Хадиша апайыммен таныстық осылай басталды. Сол жылы олар Ұйғыр көшесінің (қазіргі Ахмет Байтұрсыновтың тау басына қарай жүргендегі «Барахолка» базарының қасынан Төлсу ағай алып берген бір бөлмелі үйде тұрды. Қолымыз босап кетсе, үйіне барып нан мен шай ішеміз Убайдулла Жаулыбаев екеуіміз. Кейін ағаның сан қырлы қызметін, қамқорлығын көрдік. Аға Қазақ ССР Жоғарғы Советінің награда бөлімін басқарды. Талай ауыр тағдырды басынан өткізді. Апайымыз Хадиша дүниеден ертерек өтті. Иә, артында ұлдары мен қызы қалды. Сол бір ауыр замандардан Из аға аман өткен еді. Ұлы Отан соғысы, МГУ түлегі, зангер, Республикада биік лауазымдарда қызмет етті. Әліби Жангелдин, Д. Қонаев, Нұртас Оңдасынов, Жұмабай Шаяхметов, Ахметжан Қойшығұловтармен жұмыстас болды, Ахмет Жұбановты аға тұтты. Үйінде күні бүгінге дейін дара суретші Әбілхан Қастеев салған үлкен панорамада бір қабырғалық, туған жерінің Айырықтау етегін жуын жатқан Ақтоғай өзенінің тыны-

сы ілулі тұр. «XX век портреты выдающихся деятелей» атты кітабы жарық көрді. Мұнда сол заманның ұлылары мен ұлағаттылары жайлы қызық-қызық естеліктер бар.

– Із ағаның есі, ақыл-ойы, біліктілігі, білгенін есінде сақтауы әлі сол баяғыдай «ҚӘ» газетіне берген сұхбатында қазіргі заманғы, *«товар фетишиизмінің»* мәнін ашып айтады. Бұл сөз К. Маркс еңбектерінде болатын.

Ағаның бұл сөзі менің университетте оқығандарымды түгелдей еске түсірді-ау. Әсіресе К. Маркстың «Капиталын». Сондай-ақ, Біршоғыртау етегіндегі Шахтыда жұмыс істеген, ел абыройына бөленген аға ұрпақ өкілдері Тілеулес Есенжановты, Мейзаш ағаны, Құдайберген атаны, жұлдызшы Бодан қартты, Сейітқали ағаны, Сыражадин мен Бұрханов ағаларды, Сәлима, Нагила, Сақып апаларды еске түсірді ғой. Жұмағали Нарбаев аға да бір Айырық таудай биік еді. Темірхан Игісінов ше!! Иә, 2011 жылы Ақтөбе облысы Әкімі Е. Сағындықовтың шақыруымен 80 жылдығымды туған елде атап өткіздік. Сол Шахта поселкесінде қызым өмірге келген еді. Өкініштісі, екі джип автокөлікпен үстінен өттік қой, бірде бір тіршілік нышаны қалмапты, жермен жексен аспанмен тілдесетін ақ қайындар, теректер, гүлді аумақтан дым жоқ. Қара жер беті кешегі ғимараттар оба-оба болып төмпешіктер жатыр. Иә, заман – нарық заманы бәрін жалмады ғой. Біз де аңғары алдында тұрмыз.

АЛМАТЫ қ., 20.08.2012 жс.

ҚОҒАБАЙ СӘТЕНҰЛЫ СӘРСЕКЕЕВ

Қоғабай Сәтенұлы Сәрсекеев адал Азамат! Сондай достығымыз, түсіністігіміз, көзқарасымыз жарасқан еді.

Осы жаңа ғана сөз еткен нарық заманы жайлы мына бір пікірін дәптеріме жазып қойыппын. Иә, «Нарық заманында төр-тақ қалың қалталылардыкі дей келіп, оларды кешегі де, бүгінгі де текті аталықтың жалғасы деп атауға ауыз бармайды», - дейді. Ал деректанушы **Гүлсім ОРАЗӘЛІҚЫЗЫ: «Таққа апарып тексізді, билікке апарып паракорды отырғызады екенбізде, астамшылығы асқанда, мың азабын ел-жұрт өзіміз көреді екенбіз»**. Иә, солай ма?

Дана халқымыз «Ағаш бір жерде тұрып көгереді» демекші, 30 жыл ерде отырып, бір пенденің бір тиынын да, қарғысын да алған емеспін. Туған халқымның сол ақ тілегі мен батасы шығар аман-есен осы жасқа келдім». *Қыркүйек, 2012 жс.*

В. Ленин сияқты көсем, ғасырда тарихқа бір-ақ рет келеді, - дейді ғой философтар, ойшындар. *Әлемдегі қазіргі шиеленіскен жағдай*

халық тасқыны, сөз жоқ, көсемдерді де туғызады, құрылымды да ауыстырады. Әрине, мұны біздің ұрпақ көре алмас. Жас келді ғой.

Қазан, 2011 ж.

Социалистік құрлыстың Қытай экономикалық реформасының архитекторы атанған **Дэн СЯОПИН** Қытай мемлекетіне нарықтық экономиканың кейбір элементтерін енгізді. Дэн Сяопин 1978 жылдары мемлекет басына келгенсін-ақ Қытай елі тойып тамақ ішетін, киім киетін болған еді. Сондықтан болар, бұл дана тұлғаны, Қытай экономикасының бас архитекторы,- деп бағалайды әлем. Халқы оянды.

Заманында **НАПОЛЕОН** айтқан еді ғой: *«Шығыста бір алып айдаһар ұйықтап жатыр. Оны оятпау керек. Ол оянса, Әлемді жасаула алады»*,- деген болатын. Қытай, Ливияға қарсы оқ атпады. Ресей де солай істеді. Өкініштісі, Араб Әлемі Ливияның жағдайына алаңдамады. Әр «көсемінде» жалтақ көзқарас болды. Каддафиді көре алмаудан емес, өз бастарынан қорықты-ау деймін.

Аң мінезді адам – аңнан да жаман. Рабиндранат ТАГОР, Үнді елінің ұлы ақыны.

Саясат – елге қызмет етудің биік өнері. Ерік Мағзумұлы АСАН-БАЕВ, ҚР-ның белгілі қайраткері.

Саясат – әрқашанда апатты және сүйкімсіз характерлердің арасынан таңдау жасау. Е.Қ. Ертісбаев, саясаткер.

ҮШ ЖЕТІСТІК, ҮШ ҚАТЕ

Қосындылардың орны өзгергенмен, қосынды өзгермейді. Демек, Медведев пен Путин алмасқанмен сол баяғы саясат, тактика, стратегия сол күйінде қалады.

Қазақ елінің Тәуелсіздік алудағы 20 жылдығы 3 (үш) жетістігі:

1. Ғасырлар бойы арман болған – Тәуелсіздік!

2. Ұлтаралық тыныштық.

3. Нарықтық реформалар.

Үш қате:

1. Кадрлық саясаттағы масқаралық (Р. Әлиев, М. Әбілғазов...)

2. Жекешелендірудегі өрескел қателер.

3. Елде халықтық капитализм құрылмай, олигархиялық капитализмнің құрылуы. Бұған халық наразылығы күн сайын өсіп, өршіп келеді. Е.Қ. ЕРТІСБАЕВ, саясаткер, ҚР Президентінің кеңесшісі, «Жас қазақ» газ., 2011 ж.

Орыс тілді халықтар Ресейге, шетелдерге көшіп жатыр. Еңбекке жарамды 315.мың адам шетел асты. Нақты мамандықтар

бойынша 148 мың азамат елден шетелге кетті. «Жас қазақ» газетінен.

1.05.2011 ж. Он жылдан астам Әлемді қорқынышты үрейге ораған аль-Кайда «көсемі» Бен ЛАДЕН (1957 ж. туған) көзі жойылды.

Саясат – адалдықты, тазалықты талап етеді. Корея даналығы.

«ҚАСЫМ, ЕШКІМГЕ АЙТПА!»

Бірде Қасым Аманжолов заманында аты Алатауды бағындырып тұрған Сәбит Мұқановтың үйіне сәлем бере келіпті. Қасымды жете білмейтін уақыт болса керекті Мариям түстікке асқабак ботқасын даярлап алдарына қойыпты. Асқабак ботқасына көңілі онша тола қоймаса керекті, ауыз тиіп болып, кеткісі келсе, Сәбе: «Жасың кіші болса да, қонақсың ғой, ас қайыршы?»,- депті. Сонда Қасым:

*Ассалаумағалейкум асқабазым,
Қәдірлі асы болдың Астананың.
Алдыма пісіп, түсіп келіп қалдың,
Доңғазындай сап-сары боп жас баланың,-*

деп, бетін сыйпапты. Сәбе сасып қалып: «Қасым, ешкімге бұны айтушы болма, ал Мариям, мына қайныңа 1 мың сом берші, достарымен көңіл көтерсін»,- деген екен.

Иә, Қасым ақынның бұл батасы бізге де жетті ғой.

ЕЛДЕГІ АУЫС-КҮЙІС ЖАЙЛЫ «АЛТЫАУЫЗДАР» НЕ ДЕЙДІ

Көптеген саясаткерлер, елдің алтыауыз айтқыштары бұл ауыз-күйістің жақсы жақтары халық үшін аз дейді. Әрине, сөз жоқ, билік үшін, кландық олигархтар үшін біраз өзгерістер болды ғой. Ал кейбір өңірлерді «басқарған» олигархтардың билікке жоғарылауы елді біраз ойға қалдырды. Кешегі Компартия ондай басшыларды партиядан шығарып, қызметтен қуып, тіпті абақтыға жауып жіберетін емес пе?!

Иә, әрбір тұлға өзінше бір Әлем! Айтатын болсам, *таза адам бай болмайды. Таза адамның байлығы – халқы, оның тұрмысы, амандығы, бостандығы!* Халқын жегідей жеген Ресейдің соңғы патшасы Николай II-нің 300 миллиард доллары болған делінеді. Қайырып, қызығып, игілігін көрді ме? Оны тарихты білетін әрбір

зерделі адам біледі. ХХІ ғасырдың басындағы ел билеушілердің де байлығын халық біліп отыр, көріп отыр, АҚШ Президенті **Барак ОБАМА**: «*Муаммар Каддафидің басына түскен трагедияны, әлемнің әр билеушісінің басына келуі әбден мүмкін*», - деген еді. Ал кеше екінші рет Президенттікке ұсынғанда Барак Обама әулетінің бар жиған-терген байлығы сегіз миллион доллар екені жарияланды. АҚШ-тың бірінші Президенті Джордж Вашингтонның артында не қалғанын әлем біледі. Иә, солай.

2012 ж.

КҮЙЗЕЛІСТІ КҮНДЕРІМ

Бейсенбі, 9.02.2012 ж. Бірден қайғы-қасірет көз алдыма тіреле қалды. Бірден жүрегім ауырды, аузыма тығылды. Тіпті соғуын баяулатып, ауа жетпей қалды. Әбден титықтап қалдым. Еш нәрсеге тәбетім жоқ. Түнгі 24:40 дейін түрегеліп отырдым, 2-3 рет түрегеліп жүрдім, мең-мең басым өзімдікі емес, екі табанып күйіп, жанып барады ...

Жұма, 10.02.2012 ж. Түнді көз іліндірмей өткізіп, не істерге білмей отырғанымда, телефон зарлап қоя берді.

– Папа, түнгі сағат 1:15-ге еуропа уақытымен, Герхард мәңгілік ұйқыға кетті,- деп қызым біраз үнсіз қалды... Қайыр айттым, өзінді өзін сақта енді дедім. Сонсын:

– Біздің елдің заңы бойынша, адамдарды соңғы сапарға шығару, басына белгі қою, қыркын беру, жылын атап өту – бәрін мемлекет өз мойнына алады. Біз тек басы-қасында болып, қажетті құжаттарды дайындап беруіміз керек. Басына құлыптасын да жерлеу комиссиясы қояды ...

Шексіз мәдениетті, кішіпейіл, адамгершілігі ұшан-теңіз Азамат болатын.

Қайтейін, тағдыр деген осы. Жатқан жері жайлы болғай ...

20.05.2012 ж. Күн жексенбі болатын. Үйдің жөндеу-жанарту шаруасы аяқтала келді. Ерте тұрдық. Аяқастынан танертең үйге балаларым келді. Көңіл күйлері өте салыңқы. Біраздан кейін «Максым аға дүниеден өтіпті, бүгін ертеңгілік, жаңа осындай жайсыз хабар алдық,- деді. Тілім байланып қалды. Иә, өзімізде әбден қалжырап, қажып, бітіп отыр едік. Ұлым: «Мен қазір елге ұшамын. Ертең сонда боламын. Соңғы сапарға шығаруға қатысамын», - деді.

Максым, әкесі Шәмшінің қойған аты басқа. Ел Максим деп кеткен. Бәйбішемнің жалғыз туған інісі, балаларымның туған нағашысы еді. Аса шебер, зергер жан болатын. Техника, технологияларға жан бітіретін «нэйрохирургі» маман атанған адам еді ...

Балаларым Алматыға келіп, нағашысын еске алу дастарханын ұйымдастырып өткізді. Иә, адам өмірі бір күндік деген осы. Жатқан жері жайлы болсын.

КӨҢІЛДІ БІР КЕШ БОЛДЫ-АУ

Иә, бұл сексеннен кейінгі бір кеш болатын. Шәй ішіп отырмыз екеуміз. Өсірген бес бала бірі елде, бірі сырт жерде. Немерелерімізде солай. Бірден шөберелер мен немерелер еске түсті. Көңіл марқайып кетті. Жастық еске келді. Менің есіме КазГУ бітіріп елге бет алған, Алматыдан қызыл вагонмен келе жатып түс көрдім.

... Шалқар көлі. Ақ айдын, суы мөп-мөлдір, тұнық, әрі көкпенбек, көл беті аққу, торала, итала қаз, қасқалдақ, үйрек, көл жиегі бас алған ну қамыс. Суреттеуге тіл жетпейді. Самолетте отырмын, О, жасаған Ием, қасымда И. Сталин отыр. Самолетті мен басқарып келе жатырмын. Қызыл вагон тіркеген поезд кілт тоқтады. Көзімді ашып қалсам, түсім екен. Иә, түсімді жақсылыққа жорыдым. Мұны бәйбішеге бұрында бір айтқанмын. Бәкен: «қуанып, жақсы түс екен», - деді.

– Менің де сол елуінші жылдары әбден тарығып, жалғыз күн кешіп жүрген кезім. Сен оқуды бітіріп, елге оралатындай сынай білдіріп, хат жазғансың. «Заготзерно» лабораториясының тар бөлмесінде басымды үстел үстіне қойып жатып көзім ілініп кетіпті. Қолымда хатың, - деп бәйбішем де сол түсін есіне алды.

– Шалқар көлі шайынуға келдім. Үстімді әбден кір басып кетіпті. Күс. Жақсы жуынып, жағаға шығайын деп ыңғайлана бердім. Аяғымнан бастап, кеудеме дейін орап алған аппақ та сап-сары сазандар. Сол балықтардың оралуымен жағаға шықтым. Ақ кенеп қапшыққа толтыра салып жатырмын. Оянып кеттім. Көңілімді көтеріп, бойымды тіктеп, қапшықты арқалап үйге бет алдым, - деп сол 1955 жылғы түсін қайта есіне алды.

Алланың берген тағдырына мың шүкіршілік айтып кешкі шайымызды жақсылап ішіп, қартайған, сылдырлаған сүйектер қуаттанып қалды.

25.03.2011 ж.

ДІЛДӘБАЙ АҒАНЫҢ АҚ БАТАСЫ

Ақтөбеге барғанда, автордың 80 жылдығына орай, Достық үйінде өткізілген халықпен кездесуімізге Ділдәбай аға (Үсенов) келіп, арқама ұлттық оқалы шапап жауып, бір кітабын ұсынды. Сол ғұмырнамалық

кітапта бізге арналған қолтаңбасы бар екен. Онда: *«Қадірменді Тау-ман - Балзада! ... Әрқашанда дендерің сау, ұзақ ғұмыр жасаңдар. Тау-ман қалқам, ағайын туманың панасы, Шалқар халқының көрнекті ағасы болдың. Солай бола бергейсің. Әлі де қаламыңнан талай кітаптар шығуына тілектестік білдіремін. Балзада қарындасым, жоқтан бар жасаған, бардан мол жасаған бәйбіше болдың. Балаларыңның қызығын көріңдер. Құрметпен ағаң ДІЛДӘБАЙ, Ақтөбе қ., 2011 ж.*

Әулетіміз өткен жылды қуанышпен шығарып салды. Немереміз отау тікті, шөберелер келді. Бәрі құтты болсын, өмір жастары ұзақ болсын! Ұлы Ата-Бабалары, әз Аналары әркез үрімбұтақтарын қорғап, қолдай жүргей.

Қоян жылы осы жолдардың авторы кұжатқа қарағанда 80 жасқа келіпті. Бұл қыр басынан күз басына шықты деген сөз! Облыс әкімі Елеусін Сағындықов шақыруымен атамекенді, туған жерді алпыс жылдай халқыма қызмет еткен елімнің бүгінгі ұрпағын көріп, барының ыссы құшағына, жылы сөзіне риза болып қайттық. Бұл сапар сол бір жылдардағы оқиғаларды еске түсіреді-ау. «Қазақ» газеті (жанымдай жалғыз інім Қоғабай Сәтенұлы) берді. «Жол үстіндегі әңгіме» айдарымен сайтыма да түсті. Әттең өмір, денсаулық жетсе, бір керемет кітапқа арқау туды. Кәнекей, оны да көрермін. Ұлу жылы ұлы жыл болғай еліме, халқыма, әулетіме!

01.01.2012 ж.

ҚАЖЫҒАН КАПИТАЛИЗМНІҢ «АУРУЫ»

Немесе: не кризис народа, а кризис капиталистической системы

Тарихқа көз жіберсек, **экономикалық дағдарыс** тек қана капитализмге тән құбылыс екені белгілі. Мәселен:

Бірінші әлемдік экономикалық дағдарыс АҚШ пен Германияда, Англия мен Францияда 1857 жылы басталған екен.

Келесі әлемдік тоқырау 1873 жылы Австрия мен Германияда басталған.

Үшіншісі 1914 жылы бірінші дүниежүзілік соғыс басталуымен қаржылық тоқырау етек алды.

Төртіншісі 1929-1933 жылдардағы ұлы депрессиядан бастау алды. Ол 24 октябрь 1929 ж. «Қара бейсенбі», - деп аталады.

Бесінші экономикалық тоқырау 1957 жылдың аяғында басталып, 1958 жылдың ортасына дейін созылды. Бұл АҚШ-ты, Ұлыбританияны, Канаданы, Белгияны, Нидерланды басқа да капиталистік елдерді қамтыды.

Алтыншы экономикалық тоқырау 1973 жылы АҚШ-тан басталды. Жұмыссыздық 15 миллион адамды қамтыды.

Келесі «Қара дүйсенбі» (черный понедельник),- деп аталатын тоқырау Америкадан басталып, Австралияны, Канаданы, Гонконгты, т.б. елдерді байлап алды.

Сегізінші тоқырау Мексикадан бастау алды. Ол 1994-1995 жылдарды қамтыды.

Одан әрі 1997 жылы Азиялық тоқырау өріс алды.

Кейін 1998 жылы Россиялық тоқырау – дефолт басталды.

Келесі *кезекті* экономикалық үлкен тоқырау 2007-2008 жылдары басталды. Оның *екінші толқыны*, міне, 2011 жылы әлемді шарпып жатыр. www.rian.ru

Ал, ашығын айтсақ, бұл дағдарыстарға экономикасы жоспарлы, алдын ала көрегендікпен халық шаруашылығын жоспарлы түрде басқаратын социалистік елдерде болған жоқ! Қанша соғыс, ауыртпалық болса да СССР-де, Қытайда, Вьетнамда, Ливияда, Бразилияда экономикалық дағдарыс болған емес. Ал капитализмде әрбір он жыл сайын бұл дағдарыс қайталанып отырылады. Госплан жоқ «көсемдерінен» бастап, бар шенеуніктері ақша, ақша, өз қалталарын толтыру, байлыққа таласып, басқаны құл, күн қылу үшін бәрін сатады, сатып алады.

Мемлекетте теңсіздік орын алды. Халық екіге бөлініп, байлар, шенеуніктер, олигархтар бар байлықты өздеріне тартып алып, халық қайыршылыққа айналды. Сөйтіп қалтасы мықтылар – миллионерлер, миллиардерлер шықты. Мұны өз елімізден де көріп отырмыз. Халық бәріне тәуелді. Су, жер, орман, электр қуаты, жылу – бәрі шенеуніктердің қолына көшті. Бұл жерде Ливия көсемі Каддафидің құрған мемлекетіндегі халыққа жасалған тегін игіліктер еске түседі.

КСРО шекпенінен шыққан елдерді басып алғандар олигархтар «Тәуелсіз елміз, тәуелсіз халықпыз, тәуелсіз әлембіз»,- деп жар салады. Жоғарыда айтқанымыздай, саясаткер Е.Ертісбаев бағалағандай, тәуелсіз тек қана шенеуніктер мен олигархтар болып қалды.

Қазір әлемдік саясаткерлер екі Қазақстан бар,- деп айтады. Бірі олигархтар Қазақстаны, екіншісі халықтық Қазақстан. Иә, заманында дворяндар Ресейі, халықтық Ресей болған. Қазірде де екі Ресей бар ғой, дейді саясаткерлер.

КСРО кезіндегі халық салған, жинаған барлық байлықты олигархтар тартып алды, халықтың жетінші адамы кедей, қайыршы болып қалды. Жастардың біразында үй жоқ, күй жоқ, жұмыс жоқ. Мұны осы 2011 жылғы қанды оқиғалардан анық көруге болады. *Карл МАРКС: «Бүкіл байлықты аздаған топ иемденген мемлекетті, отаным деп атауға болмайды»*, - деген еді. Ал қазір XX-XXI ғасырдың басында

Жер шарының 50 пайыз байлығы тек қана халықтың 2% қолында, игілігінде, қалғаны орта кәсіпкерлерде. Бір миллиард адам аштықтан зардап шегуде. Жалпы халықтың 34 миллион аштары бай елдерде тұрады. Бұл деректер БҰҰ-ның дерек көздерінде көрсетілген.

«ЕК», 4.01.2013 ж.

***Көкесі мықты командаға кіреді,
Көкесі жоқ көшеде жатады.***

Иә, Қытайдың ұлы ойшылы Конфуций айтқандай: **«Патша-халықтық, әйел-отбасылық, ер-отагасылық болу керек»**, - деген еді. Аржағын әркім әр қалай түсінер, айтпай-ақ қояйын. *Ақпан. 2012 ж.*

Маргарет ТЭТЧЕР – 2011 ж. 86 жасқа келді. Бірнеше рет инсульт болған. Көп жағдайда жаңылып, ұмытшақтық белең алған. Иә, күйеуі белгілі бизнесмен Дэнистің байлығымен Ұлыбритания ханымы атанды. 2003 ж. күйеуі қайтыс болып кетті. Өзі әбден қартайған. 2013 ж. дүние салды. Соңғы сапарына 5,5 млн., доллар жұмсалды.

«Қара қыз» атанған Кондализа РАИС (АҚШ мемлекеттік экс хатшысы – Кіші Буш заманында) Ливияға барғанда М. Каддафи бұл қызға ынтық болып, «Ақ үйдегі қара гүл» атты өлең шығарған еді.

ИӘ, ЕҢ МЫҚТЫСЫ – ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫ

Бізге де Парламенттің төменгі палатасында сайлау 15 қаңтарда өтеді. Ал Сайлау комиссиясы әділдікті қолдап, өткіземіз,- деп уәде берді. Әрине, төреші Уақыт! ***Ел тыныш болғай!***

Сонымен сайлау өтті. Билік партиясы жеңіске жетті. Қалғандары «сандырақтап» қалды. Заманында **И. СТАЛИН** айтқан еді: **«Әңгіме дауыс беруде емес, әңгіме халық дауыс берген бюллетендерді санауда»**, - деп. Иә, сайлау қортындысына күмән келтірушілер баршылық. Бәрін де Елбасы қайтарды, анық та ашық түсініктеме берді.

Мартин ЭМХ, швейцариялық тәуелсіз банкир. ҚР Парламент сайлауына қатысушы тәуелсіз бақылаушы: **«Жас қазақ»** газетіне берген сұхбатында ашық пікірін айтқан еді. Тек бір-екі пікірін келтірейік.

«Саясат дегеніміз – әр түрлі пікірлердің жанжалы. Қазақтар ұялшақ, жасқанишақ сияқты», - деді. Иә, үш ғасыр бойы құлдықта болған халықта дербес, ашық пікір болмайды ғой. Соны бұл тұлға бірден байқаған. **«... дауыстарды санауда ашықтық бар ма?»**

Қалай санағанын біз көрмейміз ғой бюллетендер салынған шыны жәшіктерді «қара жәшік»,- дегуге болады. Оны Орталық сайлау комиссиясы ғана ашып, дауыстарды санайды. Халық көрмейді. Осы жерде құзырлы органның жұмысына деген сенімсіздік бар»,- деп ойын қорытты.

Бұл тәуелсіз банкирдың сөзін еске ала отырып, айтатын болсақ, белгілі ғалым, қоғам қайраткері **Оразалы СӘБДЕН**: *«Парламентті қазір көп партиялы дейді. ... «ҚАЗАҚСТАН-ЗАМАН» газ., 20.06.2013 ж.*

Еске салатын болсақ, АҚШ-та өткен Президенттік сайлауларда халық кім канша дауыс алды, оны қас қағымда халық біліп отырады. Басқа елдерде бұл көрініс те бар-ау. Сайлау қортындысы көп жағдайда кейін шығарылады.

Айтатын болсам, Ливия, Египет араб әлеміндегі қантөгіс-революция басқа елдерде болмағай! Заманымыздағы ереуілдер, жиындар антиқұрылымдық демонстрациялар осыған әкелмегей түптің түбінде. Иә, халық үшін тұрмыс жақсы болса, тек қана керегі бейбітшілік!

ЖАРМЕСТІҢ ЖАРИЯСЫ

Көшеде талтандап, көздері ойнақшып, желпініп келе жатқан адамға кездескен біреу:

– Жігітім, тым көңілдісің ғой?!

– Бастықты БАҚ-тан БАҚ, Телеарнадан телеарна қоймай мақтап, мадақтап едім ...

– Иә, не болды?

– Шақырып алып, қасына отырғызып, асының сарқытын берді. Вискіні тоя іштім.

– Сен турасын айтшы, бастығың кім?

– Кім деп сұрай беруін қарашы, мұның, ә! Ол қайраткер, ұлы адам!

– Жоқ, ат-жөнін айтшы!

– Жарылқаушы ...

– Құдай ма?

– Иә, құдайда емес, құдайдан былай да емес!

– Сонда патша ма?

– Қазір патша демейді емес пе?

– Иә, шенеунік,- дейді ғой.

– Тәттілердің де, қаймақ, сүттердің де аттарын президент деп қойыпты. Қайсысы? Сонымен, сарқытын бергенде қасыңда кім болды?

- Ешкім де, мен өзім!
- Онда саған бермей, итке тастасын ба?
- Жоқ иті болды.
- Қайсың бұрын іштіндер?
- Иә, ит. Мен содан кейін.
- Жетті! Кете бер. Тірі, көрініп алатын құдайыңды-аталасыңды мақтай бер,- деді де ойланып қалды. Сонда бұл бір қаламгер болды, ғой, ә? Иә, сарай ақыны шығар,- деп жүре берді.

Тарих – жсалған, өйткені оны тарихшылар жзадады. Ал нағыз тарих әріп арасында қалып қояды. Уинстон ЧЕРЧИЛЛЬ.

Сыйлық – жсаман ауру жұқтыра алатын жезөкше. Даңқ – өлімнің туысы. Эрнест ХЕМИНГУЭЙ.

Өзің туғанға дейінгі дүниеде не болғанын білмесең, гұмыр бойы нәресте қалпында қалдым дей бер. ЦИЦЕРОН.

Шын талантты адам – әділетсіздікке қарсы күресетін адам. Және:

Зиялы – терең ойды қозғайтын білімді, парасатты адам. Қали СӘРСЕНБАЙ, жазушы.

Иә, «Талант – табиғатынан сіңген дарындылық. Ол кез келген пендеге қонбаған!».

«ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ЖОҚ, БІЗДЕ ... »

Аманкелді АЙТАЛЫ: «Бізде зиялы қауым жоқ. Зиялы қауым деген бұл интеллегенция емес. Жоғары білімді адамдар емес. Бұл жазушы емес. «Зиялы қауым» деген: «Тәуелсіз, өзінің ойын тіке айтатын, елге жанашырлық танытатын тұлға! ... Керек болса, басын ажалға тігетін. Турасын айтатын адам. ...Біздің зиялы қауым деп жүргеніміз тек билік төңірегінде, соның көлеңкесінде бата беріп жүрген мақтау айтып, ода жазып жүрген ақындар мен жазушылар, ақсақалдар».

Зиялы қауым дегеніміз кім? Ол шенеуніктерге антипод. Демек, қарсы қауымдастық. А. Айталы Мұстафа ШОҚАЙДЫҢ мындай пікірін келтірді: «Оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін зиялы деп атасақ, қатты қателесеміз»,- депті. Американдық философ, жазушы Эдвард ЭББИ: «Әрбір шынайы патриот елін шенеуніктерден

*қорғау керек»,- деген екен. Ал шотландық жазушы **Норман ДУГЛАС:** «Шенеунікке сенімсіздік білдіру әр адамның Азаматтық борышы», - депті. Одан әрі **А. АЙТАЛЫ:** «Шенеунік дегеніміз – кеңсе билігі, оны ғылымда «бюрократия» деп атайды»,- дейді. «АЛАШ АЙНАСЫ» газ., 19.06.2013 ж.*

Иә, турасын айтсақ, зиялы қауым – халқын қорғаушы, ақылшысы, елдің басын қосатын дәнекер.

«Қырғыз халқы еш уақытта да ханға табынбаған халық. ... біздің тілмен айтқанда – «тентек» ... Екі Президентін қуып жіберді елден», дейді философ.

Роза ОТЫНБАЕВА: «Нағыз батыл, ер халық бүгінгі күні қырғыздан батыл, қырғыздан демократ, қырғыздан турашыл ел жоқ. Түбі біз озамыз».

Тілші Аманкелді Айталыға:

– Біз қазір мықтымыз ба?

– Жоқ! Мактаудан, мадақтаудан қол тимей жатыр. Сондықтан:

– Біз әлсізбіз,- дейді философ. Еліміздің дара философы *Аманкелді АЙТАЛЫНЫҢ «ЖҚ», №2, 13.01.2012 ж.* берген сұхбатынан.

Тағыда *Аманкелді АЙТАЛЫ: «Оппозициядан қорықпау керек. Ол қоғамның: «ісік-жарасын» емдейтін дәрі. ...Халық кез келген лидерден жалығады. ... Жаңа идея, тың пікір жоқ. Қайталау... Партияларда жұртты соңынан ерітетін керемет бастамалар жоқ, тоқырау бар».*

Иә, айтар едім, халықты сонынан еріту үшін ол танылған көсем-лидер, аққан шешен-оратор, жалынды кайраткер болу керек.

Бірақ ...«біздің ақпарат әлемі дәлелді мақтаудың орнына, жаппай мадақты жалаулатып, тұлғаның нұрын тасытамын деп, көлеңке түсіретінін білмей де қалып жатады. Мемлекет басшысының саяси ұстамдарын жеткізетін оқырман қауымға, зиялы жұртқа жол таба білу керек. Ұтылыстар мен жеңістерді көзі қарақты қазақ баласы білуге тиіс. Мемлекет пен халықтың қуанышы мен күдігі бір-бірінен жасасын болмаса, халықта күнкіл де болмайды ... бізде күнкіл көп ... күнкіл ұлғайса, көбік сөз көбейеді ... »,- дейді жазушы-драматург *Роза МҰҚАНОВА* белгілі тұлға Қ.К. Тоқаев жайлы көлемді мақаласында.

«ЕҚ» газ., 14.05.2013 ж.

ТАРИХТЫ КІМДЕР ЖАСАЙДЫ?

Иә, тарихты ұлы тұлғалар жасайды. Ол – батыр, Би, көсемсөзді көріпкелділер, қайраткерлер! Ал бүгінде осындай тұлғалар бар ма? Олар өте азайып кетті, тіпi жоқ деуге болады. Неге? Бүгінде біреуді жатпай-тұрмай мақтаймыз, мадақтаймыз. Ол кім? Олақшалы, қалталы, еске алатын болсақ, *ұлы композитор Людвиг БЕТХОВЕН: «Князь-дар көп, мыңы келіп, мыңы кетеді...»*. Сол кезде оны тыңдаушы:

– *Бетховен ше?* – депті.

– Иә, *«Бетховен біреу»*.

Шынында да, солай болып қалды емес пе? Бетховен тарихта мәңгілік қалды ғой.

Әлемдік тарихта Қазақ елінде, Россияда, АҚШ-та, Еуропада кімдер қалғанын білетіндер бүгінде де арамызда бар ғой.

И.Тасмағамбетов қалың өскен арпа ішіндегі ақ бидай сияқты, өзгеше тұлға. «ЖА» 02.2012 жс.

Иә, талантты түсіну үшін талант керек. Сергей ЕСЕНИН, ұлы орыс ақыны.

Кешіре білудің өзі де ұлылық. Махатхама ГАНДИ, Үнді халықының ұлы тұлғасы.

БІЗГЕ КЕЗЕК КЕЛГЕН ЖОҚ

8-9 қаңтар бізге – екі қартқа үлкен қиыншылық әкелді. Бәйбіше аяқастынан қатты ауырып, өмір мен өлім арпалысқа түсті. Бір жарым тәулікте тамақ, не ұйқы болмады. Түн. Қыс. Аяз. Көше көктайғақ шыдадым. Бірақ түн ортасында балама бір-екі рет звондадым. Жауап болмады. Сотқасына звондау ойыма келмепті. Жедел жәрдем шақыруға телефонын таба алмадым. Бір-екі тәулік осылай ауыр жағдайда өтті. Бүгін 10 қаңтарда – дүйсенбі, таңертеңгісін балам келіп, кетті. Бір мен таба алмай отырған «капотен» дәрісін беріп жіберді.

Иә, бұл жағдай менің есіме бір жайтты түсіріп жіберді-ау. Қалай еді?

Сонау 70-80 жылдары (XX ғасырдың) Орталық Партия Комитеті жиі шақыратын редакторларды, бірде Орталық Комитетінің мәдениет бөлімін басқаратын Қамал Сейітжанұлы Смаиловқа сәлем беруге келіп едім, менің артымнан Токтасын Беркімбаев (ол 1950 ж. ҚазГУ-ге бірге түскен, қалжынбастау, әзілқой жігіт еді. Қазір Оңтүстікте істейтін) кіріп келді.

– Ал Кәмеке, тыңдаңыз, бір жаңалық айтайын,- деді.

Үнсіз отыра қалдық.

– Сен, академик Кеңесбаевтың жағдайы қалай екен, білдің бе? Бір аймақтансың ғой,- деді Камал.

– Иә, соны айтайын деп келдім.

– Ал, айтшы?

– Айтсам, кеше Ісмет Кеңесбаев академик пен академик Мәулен Балақаев жандай құрдас қой. Екеуі де бір өңірден. Өзілдері жарасқан жандар.

– Иә, сонымен.

– Мәулен аға көңілін сұрауға академикке барады ғой. Сәлден кейін Мәкең:

– Ау, сені алып кетті деп еді. Әлі жатырсың ғой ...

– Дұрыс айтасың. Маған кеше шақыру қағазын біреу әкеліп берді. Содан үй-ішіммен, жақын-жуығыммен, жолдас-жоралармен қоштасып, Жаратушы Иеме бардым. Бірден:

– Фамилияң кім?- деп сұрады. Айттым. Бетіме қарап отырды да: «Сенің алдында әлі біраз адам бар. Қазір ұжмаққа да, тозаққа да деп «А» әріпінен басталатын фамилияларды тауысып, «Б» әріпінен басталатын адамдарды шақырып жатырмын. Сенің фамилияң «К» әріпінен екен, кейін шақырамын», - деді. Содан кейін үйге қайтып келіп, жатырмын. Шамасы «сенің кезегің келіп тұр-ау, деймін», - деп академик Мәулен ағаға тура қарапты. Мәулен Балақаевтың түсі бұзылып кетіпті ...

Бәйбішеге осы оқиғаны айтып біздің фамилиямыз «Т» әріпінен басталады ғой. Кеше біздің «а» әріпінен басталатын жерлесімізді алып кетті ғой. «Т» әріпіне дейін әлі біраз бар, есінді жи, «Жедел жәрдемді де», баламды да шақырмағаным осы жайлар есіме түсіп, кейінге қалдырып едім,- дедім. Иә, бәйбіше бүгін есін жиіп қалды-ау. *Қаңтар, 2012 ж.*

Жапонияда ерлер 85 жасында, әйелдер 80 жасында зейнетке шығады. Распа? Ал Германияда да 70-75 жас. Ал бізде ТМД елдерінде ерлер 63, әйелдер – 58 жасында. Жалпы ерлердің орта жасы 63-65, әйелдер – 65-70 жыл өмір сүреді екен бізде.

ЖАҢАӨЗЕНДІКТЕР НЕГЕ КӨТЕРІЛСКЕ ШЫҚТЫ?

Қазақ қазаққа қол жұмсады, оқ атты, қап төгілді. Кенжеғали САФАДИЕВ. «ЕҚ» 23.12.2012 ж.

«Үкімет, Самұрық-Қазына қоры», «Казмұнайгаз» компаниясы еңбек дауын дер кезінде шешу жөніндегі менің тапсырмамды орындамаған. Өкінішке орай, олар бұл мәселені шешуге қабілетсіз болып шықты. Н. НАЗАРБАЕВ, «ЕҚ» 23.12.2011 жс.

16.12.2011 жс. Біз жан бағып отырған қариялар, қолым тиіп кетіп «Россия-24» және «РВК» телеарналарын ашып қалған едім. Қазақстанның Жаңаөзен мұнайшылар қаласындағы халықтық көтерілістің барысында қазақ жастарының оққа ұшып, өлімге ұшырағанын күні-түні беріп жатты. Және ҚР Прокуратурасының бұл қанды оқиға жайлы мәлімдемесін беріп, көрсетіп, жан түршігерлік оқиғаларды жайып салды. Иә, бұл ресми ақпарат. Тарихқа көз жіберсек, тап осы 16 желтоқсан 1986 ж. – осыдан 25 жыл бұрынғы Желтоқсан оқиғасын еске түсіреді. Онда да бұл қанды оқиға бүкіл Республиканы шарпыған еді. Тап осы күні **Маңғыстау мұнайшыларының көтеріліске шығуына не себеп болды?** Елбасының әлемге жария болған сөзін біз тегін келтіріп отырған жоқпыз. Мемлекет басшысын алдап, өтірік айтып, жауырды жаба тоқыған Үкімет, Самұрық-Қазына, жергілікті билік, құзырлы органдар екенін ел біліп отырды. Себебі еңбек дауы – жұмыссыздық, қамқорсыздық, жұмыс берушілер – компаниялардың жұмысшылардың құқығын аяққа басып, таптауынан туындаған екенін ел білді! Ал «Жаңаөзендегі қайғылы оқиға әкімшіліктің қатесінен...», - дейді **Оразалы СӘБДЕН**. «Қазақстан-Заман» газ., 20.06.2013 жс.

Аяғы не болды? Мұнайшыларда бұл көтерілістен басқа шара-амал қалмады ғой шамасы. Неге? Бұл мұнайлы өңірде бұрын түйеден басқа малға жейтін шөп шықпайтын, бау-бақша егуге ол өспейтін. Мұнай жердің – құмақтың бетіне шіпшіп шығып, жер беті мұнаймен суарылып жатады. Түйе етінен тамақ істесең, ассаң – мұнайдың дәмі аузыңа келеді. **Даңқты тұлға И.М. ГУБКИН (1871-1939)** осы Атырау, Ақтау өңірлерін приборсыз-ақ мұның мұнайлы өлке екенін айтқан болатын.

Осыған екі ғасырдай бұрын француздың ұлы жазушысы **Виктор ГЮГО: «Қайыршылық, кедейлік революцияға әкеледі...»**, - демеп пе еді. Ал пролетариат көсемі **В.И. ЛЕНИН: «Ауласында бір торайы бар шаруа революцияға шықпайды»**, - дегені де еске түседі. Ал **Гитлер** өз сөзінде (жарыққа шыққан бұрын, осы кітапта келтіргенімін **«Халықты басқарудың ең тиімді жолы: халықты алдай білу керек, алдай беру керек»**, - деген еді. Ал өзі сенім көрсеткен жергілікті билік, құзырлы органдар халықты да, Елбасын да 7 ай бойы алдап келді. Өкінішті-ақ! Қазақтың ұлы тұлғасы, қоғам қайраткері, тілші-ғалым **Нұртас ОҢДАСЫНОВ** айтқан еді: **«Қазақтың намысына тимеу керек, тидің екен, ол жараған қара бұра шайнап тастайды»**, - деген еді. Біреу жақсы көрер, біреу жек көрер Мәскеу үкіметін 18 жыл

басқарған орыстың белгілі азаматы **Юрий ЛУЖКОВ**: «*Аш елде, кедей мемлекетте демократия болмайды*», - деген болатын.

Елбасы өзі барып, халықтың жай-күйін анықтап, тиісті шешімдер алып, халықты сабасына түсірді. Кейін бәріне Елбасы қамқорлық жазады.

М.Ю. Лермонтовтың мына бір өлең-жыр жолдары еске түседі-ау:

*«А он мятежный, просит бури,
Как будто в бурях есть покой!».*

Япырымай, а, тиісті ресми орындар қайда қарап отырған? Қазақты қазақ қырып жатқанда, ештеңе болмағандай жайрандап жүр олар. Осымен бірнеше рет қайталаймын, Шалқар көлінің жағасындағы Ұлпан бекетіне барып, қаламгер **Фабит МҮСІРЕПОВ** баяғы бір: «*Қазаққа қазақтан басқа жсау жоқ*», - деген сөзін қайталады-ау. Неге қайталады? Ұлы аруақты адам ғой, сол кезде-ақ бір құбылыстың жүріп жатқанын сездіме екен, ә? Әлде өздері аман қалу үшін бірін-бірі көрсетіп, ұстап беріп, жан-жаққа қашып аман қалғандары да күні кешеге дейін арамызда болды емес пе?

*Иә, адам сөйлемейді – ақша сөйлейді,
Ақылды сөйлемейді – ақшалы сөйлейді,
Ар сөйлемейді – арсыз сөйлейді,
Адал адамды арам ақшамен бауыздайды.*

Бұл нарықтық заманның заңы! **Қазақтың**: «*Аяқ бас болды, бас аяқ болды*», - деген даналық сөзі осы заман тынысына келіп тұр-ау.

МЕНІҢ ҚҰЛАҒЫМ НЕНІ ЕСКЕ ТҮСІРЕДІ, Ә?

Соңғы төрт-бес айдан бері басым өзімдікі емес. Бір шуыл, бір гуіл, дүние көшіп, қонып жатқандай. Жок, басым-миым өз орнында. Ойлау, сараптау, бағалау – бәрі-бәрі баяғыдай. Бірақ екі құлақ маза беруді қойды. Бұл жайт менің есіме Құлбарактағы кара да терең күзді, күзгі қазан айындағы қазақша айтсам, «Талқан қазанды» еске түсіреді.

... Ауыл Дауыл өзенінің аяғы Құлбарак бойында. Ел құмға көшкелі жатыр. Бірақ бүгінгі түнде оншақты ауру, аш-жалаңаш кара сирақ бала өліп шықты. Бәріне белуардан ғана көр қазылды. Бәрін де көрдім. Балаларды әке-шешелері қолына салып, көтеріп әкеліп, көрге жатқызды да, беттерін саралжынмен жауып, топырақты толтыра кабірларды көміп тастады.

Біздің үйді осы сай бойында қыстап шығуға қалдырды. Иә, тағы екі киіз үй бар.

Жолмитөбе, үш-төрт қанат керегелі киіз үйлер жұртта қалды. Түнерген күздің кара бұлты, ызғыған кара суық жел, анда-санда қар аралас жаңбыр. Әркім киіз үйлерінің іргелерін құммен сыртынан тізеге дейін көміп жатты. Мен де үш қанатты үйдің айналасын топырақпен көміп тастадым. Әкем отынға деп сай бойынан саралжын, қырқалардан тобылғы шауып, арқалап тасып жүр...

Түн. Ызғырық, гулеген жел. *Қазақ* айтатын: «*Жаман күнді жатып тыңда*», - деп. Шоқпыт-шоманайға, түйенің жабуына кіріп жаттық. Көрпе-төсек деген атымен жоқ. Басымды жабудың ішіне тығамын. Бәрібір екі құлағым тас болып бітеліп қалды. Алып бара жатқан шуыл, гуіл, жер айналып көшіп барады. Ақыры қызылша шығып ауырып қалдым. Қалай тірі қалғанымды да білмеймін. Есіме өткенде жер қойнына берген оншақты балалардың шіт-шіт қу сүйек сирақтары, ыржандаған қабырғалары, сөніп бара жатқан кара көздері қайта-қайта түсе береді. Бір балада күлкі, ажар, үстерінде бір жапырақ киім жоқ. Адамдарда тіл де жоқ. 1934 жыл.

Иә, әрине, қазіргі сексеннен асқан жасымда бұл құлақ шуылы, гуілі кәрілік болар. Мұндай жайттар күнделіктерімде өте көп. Амал не, сонша Күнделіктердегі аянышты оқиғаларды жазсам кемі 4-5 кітап болар еді. Оған менде қаржы да, уақыт та жетпейді-ау...

2012-2013 жж.

ИӘ, ТҰРАҚТЫ ЕШТЕҢЕ ЖОҚ, ДЕСЕК ТЕ ...

Айтатын болсақ, ұлылар айтқан, «*бай қырық жылда кедей болады, кедей қырық жылда бай болады*», - деп. Иә, бұл диалектика заңы! Бірақ оған дейін халық күн көрістен айрылады. Сыбайлас жемқорлықтар етек алады. Қазақ жерінің асты, үсті бәрі шенеуніктер төңірегіне көшеді.

Ал жазатайым шенеуніктер тақтан тайса? Иә, оның қасынан енді кешегі мақтап, мадақтап жүргендер тым-тырақай кашады. Д. Қонаевты босатқанда, мыңдаған партократтар да тайып тұрды. Қасында тек дара тұлға Олжас Сүлейменов қана қалды ғой. Саддам Хусейінді де армия басшылары сатып кетті. М. Каддафиді де сатылғандар сатып, ит өліміне әкелді халқының ұлы қамқоршысын.

ХАЛЫҚ айтады ғой: «*Орынтақта көп отырған тұлғаның айналасы иістене бастайды*», - деп. Асылында кезі келгенде, аман тұрғанда, сол тақты тастау – ұлылық, данышпандық! Мұндай тазалық, адамгершілік тарихта да аз кездеспейді ғой. Араб әлемінің «Көктем революцияларын» тек еске алайықшы?

Әрине, мен таза, ұлы тұлғалардың бар екенін жоққа шығарайын деп отырған жоқпын. Иә. Президенттер өзінен бастап жан-жағындағы

жандайшаптарға әркез сын көзімен қарап, айналасын тазартып отырса, кейін өзі шаршап бара жатса, ойлағаны да дұрыс шығар. Бірақ тақ – сәнді сарай, алтын тақ бәрінен де тәтті! Оны қиып тастау ерлік, ұлылық! **Бірақ айналасы иістене берсе, түбі жақсылыққа апармайды.** Иә, бетін әрман қылсын.

Адам өмірге, жарық дүниеге бәріне әмірші боламын деп жұдырығын түйіп келеді. Кейін дүниеден, Ұлы қолбасшы Александр Македонский сияқты, «бұл жалған дүниеден ештеңе алып кетіп бара жатқан жоқпын» деп, алақанын жайып өтеді. Осы бір ақиқатты ел билеген бүгінгі шенеуніктер есіне алып отырса екен, ә? Кәнекей, онда ...**ХАЛЫҚ даналығы** айтқандай: **«Ар алдында, не дар алдында, түбір бір жауап беретін кез келеді».** Иә, солай.

ИӘ, ХАЛЫҚТЫ ЖҰБАТУ ҒОЙ

Ұшқыштар өлмейді, олар аспанға ұшып кетеді. Қайтып оралмайды... 27 тұлғаны еске алу еді. *Қаңтар, 2013 ж.*

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНЫМ!

Қателік деп, түзелмейтін қателікті айт. КОНФУЦИЙ, ұлы ойшыл.

Бұл кітапқа енген екі жүзден аса күнделік беттерінен екшеліп, ықшамдап, қысқартып алынған менің сексен жылдықтағы өмірім, өмірге, тарихқа, өскен, өнген, жұмыс істеген ортама деген көзқарасым, ой-пікірім. Осы күнделік дәптерлердегі оқиғаларды еске алып, қағаз бетіне түсіргенімде, балалық, жастық, жігіттік, кісілік, қарттық күндерім есіме түсіп, жасарып, қуат алып, биіктеп өзіме күш-қуат жинап та қалдым. Өмірімде жіберген қателіктерімді де бағамдап көрдім.

Күнделік, кітап тек менің әулетімнің өмір оқиғалары ғана емес, тұтас өмір сүрген заманымда осы қалай деген түйіндерім де бар. «Не для печати» деген айдармен айтылатын пікірлерде жетіп артылады.

Құрметті оқырманым, турасын айтсам, күнделік тек менің тынысым емес, жалғыз менің іс-қимылым емес. Өзім өмір сүрген дәуірдің, тіпті аржақ-бержағы адамзат тарихында ізі қалған ұлы тұлғалар, халықты қаусатып, аяғын әлтерпеш басатындар жайлы да автордың пікірлері де бар.

Жазудан басқаны ұмытып, денсаулығымды мүжіп, түнгі ұйқымды төрт бөліп, жарыққа шығарған шығармаларым, әрине, менің өзіме ұнаса, оқырманым да ұнайды, оған сенімдімін. Әр

қаламгер өзіне өзі редактор болуға тиіс! Сол бір еңбектерім балаларым мен бәйбішемдей жылы, немерелерімдей ыстық, шөберелерімдей сағынышты болып қалады-ау. Иә, арманы жоқ адам өлген адам емес пе?

Иә, солай ...

Алматы, 2012 ж.

ӘКІМЖАНЫМНЫҢ ҰСЫНЫСЫМЕН

16.11.2012 ж. екі кардон коробка (45 кг, 23 папка) барлық дерлік архив материалдарды Шалқар аудандық Тарихи өлкетану музейіне жібердім. Иә, оларда барлық кітаптар: «Қанмен жазылған тағдырлар», «Көз көргендер еді», «Ғасыр қасіреті», «Кісенделген Дала», «Адам Әлемі», «Тарихтың қанды іздері» (бір мұқабада екі кітап) «Дала Геркулесі», (бір мұқабада 3 кітап), «Тауман Төреханов – биобиблиографиялық көрсеткіш» және 60-70 жыл бойы ағымдағы баспасөздерде (аудандық, облыстық, республикалық, Одақтық) шыққан, Қазақ Радиосында, Қазақ Телевидениесінде, «Мир» ТМД елдерді қамтитын телевидениеде жарық көрген материалдар ешқайда жарияланбаған естеліктер бар. Иә, менде әлі де көптеген материалдар жатыр сақтаулы.

Бұл екі коробканы почтадан барып түнде алғаны жайлы **Әкімжанымның жанжары**, бүгіндері **Дүйсенбаевтардың шаңырағын ұстап отырған Дүрия келімі** телефон арқылы 19 қарашада хабарлады. Шекіз алғысымды айттым. **Музей директоры Гүлнар қызыма** да дұғай-дұғай сәлем жолдадым.

Иә, мұндай шешім қабылдауыма заманында айнымас дос, көзқарасымыз табысқан арда Азамат Әкімжан Қондыбайұлының дүниеден озбас бұрын, оншақты-ак күндей-ау деймін, айтқан өтініші арқау болды. **«Аға, көңіліңізге келмесін, жас келді ғой, кім білген жиган-тергеніңіз жоғалып кетер, сондықтан өзіңіз бас болып ұйымдастырған, ашқан Шалқар музейіне жіберіңіз. Музейдің бір қабырғасы мен бөлмесі Сіздің еңбектеріңізге арналады»**, - деп еді. Арда Азаматтың өтінішін орындадым.

Музей басшылығы, ұжымы менің бұл шешімімді жылы қабылдады. Иә, осы жолдардың авторы бұл дүниеде бар болайын, жоқ болайын жіберген мұраның барлығы музей игілігіне – мемлекет бақылауына өтеді. Архив иесін, еңбектерін іздеген, сұраған адамдар осы Шалқар Өлкетану тарихи музейінен табады. Және еске салайын зейнетке дейінгі 30 жыл редактор болған жылдардағы «Коммунизм таңы», «Шалқар» газеттерінің түгелдей тігінділерін (*подшивканы*) осы музейге бергенмін. Тағы еске салсам, жарық көрген барлық

кітаптарым, 80 жылдығыма орай мерей тойға ұйымдастыру комиссия алқасы шығарған Биобиблиографиялық көрсеткіш кітапшасы да бар.

Музей ұжымына амандық, абырой, жемісті еңбек тілеймін. *Автор, 16.11.2012 ж.*

Жоғарыда аталған барлық кітаптардың электронды нұсқасын интернетке салу үшін «Шалқар аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» М.М. директоры Бақытгүл Темірханқызы Жақсыбаева қызымның сұрауымен жіберген едім. Ол 4.09.2011 ж. болатын. *Қыздарым, бауырларым бәріңе Амандық, мықты Денсаулық, мол Бақыт тілеуші ағаң Тауман.*

ЖӘНЕ

2015 жылдың 31 наурызында Алматыдағы Орталық мемлекеттік мұрағатқа үйде сақталған біраз құжаттар: мақалалар, қолжазбалар, естеліктер, суреттер, құттықтаулар, биобиблиографиялық көрсеткіштер, өмірбаяндық және басқа да бірқатар кітаптар тұрақты мемлекеттік сақтауға тапсырылды. Бұл құжаттардың авторы сенімді өкілін де ұсынды. Келісім-шарт жасалды.

2013 – ЖЫЛАН ЖЫЛЫ

Иә, **2012 – ұлу жылы** елімізде біраз жайсыздықпен өтті. Бұл жыл біздің әулетімізге де кейбір көңілсіздікті де әкелді. Екі азаматымыздан айрылып қалдық ... бірақ әулетімізге бір сәби келді.

Ең баяндысы елімізде тыныштық болды.

Ал 2013 жыл біраз қуанышты хабармен басталды. Біздің сүйікті немереміз Отау тігіп Шаңырақ көтерді.

20 қаңтар Америка халқы үшін де аса тарихи күн еді. Бұл күні АҚШ-тың 44 Президенті екінші рет сайланып, Барақ Обаманың Ант беру, 21 қаңтар Ұлықтау күні еді. Ант беруге, ұлықтауға 800 мыңнан астам адам қатысты.

Осы бір тарихи күнде немеремнің шаңырақ көтеру рәсімінен кейін ұйымдастырылған кешті әжесінің немересі басқарды.

КЕЛЕР ҰРПАҚТАРДЫ ӨТКЕН СЕКСЕН, ТОҚСАН ЖЫЛҒЫ АЛТЫН МҰРАЛАРДАН ҚОЛ ҮЗДІРУ МЕ, ӘЛДЕ ...

Елбасы 2025 жылға қарай латын әліпбиіне көшуге дайындала беруіміз керек деген ұсыныс жасағаны белгілі. Әрине, бұл

Президенттің жарлығы, не өкімі емес! Ал осы ұсынысты даурығып, «өздерін көрсету үшін» жанығып жатқандар аз емес. Тарихқа көз жіберейікші. 1929 жылға дейін бізде төте жазуы болды. Содан 1941 жылға дейін латын әліпбиінде жазылды да, айтылды да. 1941 жылы аяқ астынан КСРО Үкіметі кириллицаға көшірді. Бұл шешімнің астарында үлкен саяси көзқарас КСРО-ға бағынышты елдерді бұрынғы ата-бабасы, әке-шешесі тарихынан қол үздіріп, бірінғай «совет халқы», - деп тарихқа енгізу үшін жасалған стратегиялық қадам еді. Иә, *«Кириллица – одна из двух (вместе с глаголицей) первых славянских азбук. Создание ее приписывается слав. просветителям Кириллу (ок. 827-869) и Мефодию (ок. 815-855). Создана на основе греч. уставного письма в конц. 9 в. нач. 10 в. с добавлением неск. букв. Была распространена у юж., вост. и вероятно зап. славян. В 1708 г. реформирована (см. гражданский шрифт). Легла в основу русского алфавита»*. БЭС, М., 1998, С. 529. Міне, кирилл әліпбиінің шығу тарихы – этимологиясы!

Дара тұлға **Олжас СҮЛЕЙМЕНОВТЫҢ** мына пікірлерін еске алып көрейікші. *«... Қазақтардың келешекте үш тілді қатар меңгерген халық болатынына сенемін. ... Мен, алфавитімізді латиницаға ауыстыруға қарсымын! Оған көшкен көршілердің оңып жатқанын көрмей-ақ қойдым. Кириллицаны өз алфавитіміз емес деп, қуыстанудың тіпті жәні жоқ. Әлемде төл алфавиті бар халықтар аз. Тек Қытай, Араб, Грузин, Армян халықтарында ғана өз алфавиті бар»*. «ЕҚ», 12.03.2010 ж. Демек, мұндай үзілді-кесілді пікірдегі қаламгерлер, ойшылдар, ғалымдар, аға ұрпақ өкілдері көп, аз емес. Соның бірі – осы жолдардың авторы мен. Жасыратын несі бар, тарихи құжаттардан белгілі, Ата Түрктің өз әмірімен Түркияны латын әліпбиіне көшу халықтың аз наразылығын туғызған жоқ.

Осы әліпбиімен Қазақстан халқы басқа да халықтар сексен, тоқсан жылдан астам уақыт жазып пайдаланып келеді. Бұл үш ұрпақтың ғасырға жуық (әр ұрпақтың арасын жиырма бес жылдан қоятын болсақ) уақыты. Осы бір жылдарда қаншама ғылыми-техникалық, әдеби-мәдени еңбектер жарық көрді? Тіпті әлем мәдениетімен, әдебиетімен, техникалық прогреспен, технологиямен, тарихымен, үздік әлемдік еңбектермен таныстарған, табыстырған, біліммен, іліммен осы бір ұрпақтарды сусындатқан, суарған осы кирилл әліпбиі емес пе? Ал турасын айтсақ, ХХ ғасырдағы қазақ халқының ұлылары, ғалымдары, тарихшылары, әдебиетшілері, даңқты да танымал жазушылары, ақындары өткенін, кеткенін, ата-бабаларының тарихын тек қана осы әліпбиімен жазып, келешек ұрпақтарға алтын мұра етіп қалдырды емес пе?

Осы жолдардың авторы өткен ғасырдың белортасында Республикадағы жалғыз оқу орны – Қазақ мемлекеттік білім, ғылым ор-

дасы атанған С.М. Киров атындағы университетінің студенті болатын. Қазақтың марқасқа ғалымдары Мұхтар Әуезовтың, Ісмет Кеңесбаевтың, Нығымет Сауранбаевтың, Маулен Балақаевтың, Бисенбай Кенжебаевтың, Сәрсен Аманжоловтың, басқа да ұлы тұлғалардың дәрісін, тәрбиесін, үлгісін алып өскен еді. Академик І. Кеңсебаев, Н. Сауранбаев айтатын еді, дәрістердің үлкен үзілісі кезінде «кадет, жәдит, төте жазуларын қазіргі бұл ұрпақ. иә, кейінгі ұрпақтар оқи да тоқи да алмайды. Соңы осы біздерміз»,- дейтін. Ол әліпби олай болсын. Ал сол ұлы ғалымдар: «Мына латын әліпбиіне жазылған еңбектерді сендерде оқи, жаза алмайсыңдар. Демек, кириллицаға көшкеннен кейін одан бұрынғы тарихи, ғылыми, әдеби, мәдени еңбектерді, оқулықтарды тек қана арнайы дайындықтан өткен аспиранттар, ғылым жолына түскендер ғана оқып, тани алады»,- деген болатын. «Немесе аудармашылар арқылы ғана танысады»,- деп көздерін тоқтатып студенттерге қарайтын.

Әрине, алға қарау дұрыс қой. Бірақ ой елегінен өткізіп тарихи кезеңге бойлай қарасақ, турасын айтсақ, келер ұрпақты кешегі тарихи ата-бабасының тарихынан, алтын мұрасынан тағы бір қол үздіру бұл да өткен қызыл империя саясатына сая ма, қалай?! Енді латын әліпбиіне көшкенсін кешегі ұлы ғұламалар айтқандай, бұл бір ғасырлық алтын мұраларды архивке жібереміз. Мұны бүгінгі бұл даурықпа лингвистер, өздерін қайраткерлеріміз деп жар салушылар неге ойларына алмайды?

Философ, сенатор **Ғарифолла Есім «Айқын»** газетіне берген (№2 (2157), 10.01.2013 ж.) сұхбатында: «Әрбір тұлға, ғалым, жазушы осы жұмысқа ат салысып, өзінен кейін қалатын еңбектерін, кітаптарын латынға аудару беруі тиіс»,- дейді. Әділін айтсам, әрэн күн көріп отырған жазушылар, ақындар, ғалымдар басқа да тұлғалар Ғ. Есім сияқты қомақты қаржы алып отырған жоқ қой. Қалталылар, көкелері, тателері барлар аудармашыларды жалдап алып, еңбектерін латын жазбасына көшірер. Әрине, бәрін көшіруге олардың да жағдайы келе бермес. **«Айқын»** газетінің қайраткер қызы **Айжан КӨШКЕНОВА** сенаторға өте орынды сұрау қойды: **«Латын жазуына көшуді қош көрмейтіндердің басты уәжі: Келешекте латын графикасымен оқитындар кирилл жазуындағы мәдени, әдеби мұралардан түгелдей айрылып қалады. Өйткені кітаптардың барлығын жаңа графикаға ауыстыру мүмкін емес»**,- деді. Бұл нағыз ақиқат! Қызым тауып айтып, тап басып отыр. Бұған қанша қаражат, уақыт, денсаулық, ғұмыр қажет, ә? Елдің, ауылдың ала дорба арқалап жүрген қазақ жастары мен қыздарымыздың жағдайын сенатор зерттеп, зерделеп көреме екен? Тағы еске салатын **«Айқын»** газетінің директоры – бас редакторы – елге танымал қайраткер, қаламгер **Нұрторе Жүсіп** «Қаринген

туатын қауіп» («Айқын» газ., № 10 (2165), 22.01.2013 ж.) атты үлкен көрегендікпен, талассыз шындықпен былай дейді: «Ұлттық тұтастық мәселесіне келгенде – ұяттылаумыз, тілдік тұтастыққа келгенде – тілімізді тістейміз. Қазақстан тұтас болғанмен ұлт тұтас емес ... Қазір орыстілді қазақтар, қазақтілді қазақтар деген ұғым қолданыста жүр. Қазаққа басқа жатқан келер қауіп бар шығар, бірақ дәл осы айыр тілдік бүткіл қазақ баласының ішкі тұтастығына сүнгідей қадалып тұрғаны рас» дей келіп, автор жақсы ұсыныстарын айта келе «орыстілді» қазақтар өздеріне қолайлы дәстүрмен өмір сүргісі келеді. Оларға латын қарпіпің түкке де керегі жоқ...», - дейді. Автор осы мақаласында үлкен философиялық ой қозғады, қазақ елінің келешегі жайлы, соны пікірлер жетіп артылады, демек, меніңше латын қарпіне көшу тек қана қазақтілді қазақтарға керек пе, не Қазақстан халқына қажет пе? Бізге қазақ халқының ішкі бірлігін қалыптастырып алып, халқымыздың әл-ауқатын көтеріп алып, бұл мәселеге ойлануымыз керек болар.

Осы жолдардың авторы Герман-Қазақстан Достық қоғамы мен Гумбольдт атындағы Берлин университеті студенттер қауымдастығының шақыруымен Герман Федеративтік Республикасында, оның Ганновер қаласындағы ЭКСПО «EXPO - 2000» жылғы көрмесінде болып, басқарушыларынан, журналист-жазушы ретінде сұрастырғанымда, мемлекеттің миллиардтаған маркасы шығындалды. Ертен мұндағы объектілерді жинастыруға да ойдаы марка жұмсалады дегені барды. Демек, латын жазуына көшуге қанша қаражат керек? Ол тарих сөресіндегі алтын кітаптарды, миллиондаған еңбектерді аударуға жас ұрпақты олардан қол үздірмеуге қанша қаражат, қайрат, ақыл-ой, уақыт керек? Бүкіл баспаларды, оқу құралдарын, мемлекеттік құжаттарды, жарлықтарды, қаулы-қарарларды, ұран, жарнамаларды көшіру ойдаы қаржы емес пе?

Тарихқа көз жіберсек, XVIII-XIX ғасырларда француз тілі мәдени тіл болып үстемдік етті. Бүкіл әлем осы тілде, осы жазбада сөйлеуді мәдени өріс санады. Кейін неміс тілі (Гитлердің тарих сахнасына келуіне орай) әлем әуестенетін қатынас құралына айналды. Қазір ағылшын тілі барлық жерде қатынас тілі – құралы болып отыр. Әрине, бұл тілдердегі жазбалар латын әліпбиінде. Әлемде үш жүз миллиондай халық - орыс тілінде, кирилл жазбасында. Осы жазба арқылы біз әлемді – техника, әдеби-мәдени мұраларды білдік, өстік, өркен жайдық.

Ал бір жарым миллиард халқы бар **Қытай иероглифі** әлемдік қатынас – техника, технология, сауда, мәдениет тілі болмайды деп ешкім кепілдеме бере алмас! XXI ғасыр Қытай ғасыры болатынына күмәндауға болмас. Сол кезде осы латын жазбасына көшеіік.

тездетейік деп бөркін аспанға лақтырып жүргендер, ал енді Қытай иероглифіне көшкен дұрыс,- деп шыға келер. Иә, солай!

Жалпы, әліпбиді өзгерту, жаңасына көшу – **демократиялық қоғамға аяқ басқан біздің ел үшін халықтық, ұлттық, қазақстандық көкейтесті мәселе! Қазақстанда тұратын әрбір халықтың пікірлері, ұсыныстары ескерілу керек!** Ешбір халықты бөле-жара қарамау қажет. Байқап, көріп отырмыз соңғы жылдары латын әліпбиіне көшкен Әзірбайжан, Өзбекстан республикаларында қанша қиындық туындап отыр. **«Түркістан» газеті (10.01.2013 ж.)** дөңгелек үстел ұйымдастырып, бірқатар адамдардың пікірлерін тындап көрді. Қатысушы **Ә. Бәкірұлы: «Латынға көшу – таза саяси мәселе»,**- дей келіп **«латынға көшсек те Ресей кириллицадан ажырамайтын болсақ, бізде екеуін қатар алып жүреміз. Өйткені Ресеймен тығыз қарым-қатынас орнатқан елміз. Біздің тарихи тамырымыз да солармен байланысты»,**- дейді. **«Қазақ тілінің латынға көшуі... сөз жүзінде қала береді»,**- деп қортындылайды. Себебі дейді: **«Біз дербес экономиканы қалыптастыра алсақ, онда Ресейге тәуелді болмайсыз»,**- деген қортынды жасайды. Демек, асығыстық керек емес, қатты ойланайық. Ертеңгі ұрпақтарды ата-баба мұраларынан қол үздірмейік, **құқығына қол сұқпайық.** Қазақтың біреуге еліктегіштігін қояйық. Жасқаншақтық көзқарасты ысырып тастап, ашық пікір айтатын кез келді! Қаймықпай сөйлейік. Бұл билікке, не басқаға қарсы бағыт емес. Ертеңгі, келер ұрпаққа не қалдырамыз соны тереңірек ойлайық.

ДОСТЫҚТАРЫ ЖАРАСҚАН ҰЛТ ӨКІЛДЕРІ ЕДІ

Осы Шахты жұмысшылар поселкесінде көптеген ұлттың өкілдері тұрды. Қазақ, орыс, неміс, шешен, өзбек, қырғыз, т.б. халықтардың ұрпақтары бір Ананың баласындай тыныс кешті. ҚазГУ-ді тәмәмдап, ЛГУ аспирантурасына материалдық жағдайым болмай, осындағы орыс-қазақ орта мектебіне директордың оқу ісі меңгерушісі болып орналастым. Менімен Алматыда қатар ауыл шаруашылығы институтын бітірген Фахат Беркінбаев МТС-тің бас агрономы болып тағайындалды. Ал онымен оқу орнын бітірген Кеңес Нокин, Хайрулла Бұқарбаевтар да жұмысқа кірісті. Күзде Фахат Алматыда институттың соңғы курсына оқитын бір Орынша деген қызды алып келіп үйленді. Біздің үйден жұбайым шам, тұз, кесе-аяқ, жамылғы, тіпті от көсейтін көсеуге дейін апарып берді...

Бұл аталғанлар бүгіндері жер қойнауында.

Осы мектепте екі оқу жылы жұмыс істедім. Бірақ газеттерге үнемі мақала жазып тұрдым. Бірде **Теодор Драйзер** (1876-1945) жайлы облыстық «**Социалистік жол**» газетіне көлемді мақала жазып, қомақты қаламақы алдым. Ол ақшаға бәйбішем әдемі де үлкен су жаңа самаурын сатып алды. Бұл үй болғалы алғашқы затымыз еді.

Шахта орыс-қазақ орта мектебінде европалық бірнеше ғылым кандидаттары-әйелдер, қыздар жұмыс істеді. Негізгі пәндер математика, физика, география, тарих, жаратылыстану, көп жағдайда орыс тілінде жүрді. Кешегі Ұлы Отан соғысы жылдары ішікі Ресей жақтан жераударылып келген физика-математика ғылымдарының кандидаты, токтасқан әйел украиндық Нина Носаль, Волганың шығысында орналасқан Энгельс қаласынан неміс, ғылым кандидаты Нина Плятт орыс тілін, жетім қалған неміс қызы Маргарита Велик неміс тілінен, кавказдық Усман Туршеев географиядан, украиндық қарт А. Стадниченко тарихтан, басқа да аса білікті педагогтар мектепке орыс тілінде сабақ беретін еді. Оқу ісінің меңгерушісі болған сон бәрінің де сабақтарына қатысатынымын. Керемет түсіндіретін. Оқушылар зейін қойып тыңдайтын...

Мен оқу ісінің меңгерушісі болған екі жылда небір талантты түлектер түлеп шықты. Кенжетай Жүгінісов Мәскеуде институт бітіріп, Қазақ ССР Елшілігінде сонда жұмысқа алынды. Сол шәкірттерімнің бірі Аманғали Сарин Қазақ ССР ауыл шаруашылығының вице-министрі болса, Бақанас, Жамбыл аудандарының бірінші басшысы, ал шәкірттерім Сәнтайым мен Раисамның ұлы Оразалы Казпочтаның, ҚР монополияға қарсы агенттігінің, КЕГОК-тың бірінші басшысы болып істеген танымал тұлға болды. С.С. Жетесов техника ғылымдарының докторы, ҚР АЕН академигі атанды. Республикаға белгілі Ж. Назарбаев, У. Жаулыбаев сияқты журналистер тарихқа енді. Сол Фахат Беркінбаевтың жалғыз перзенті Сәлім Батыс Қазақстан Медицина академиясының ректоры, кейін Республикалық ғылыми-зерттеу кардиология институтының директоры. Аға, орта буын, бүгінгі толқын ұрпақтарына еліміздің даңқты геологы, дара жазушысы Илияс Есенберлиннің де тәрбиелік ұстанымының ықпалы болғанын айтуым керек.

ЖЫЛҚЫ - 2014

Уын шашып, ысылдаған жылан жылы да өтті-ау. Қазағымның қанаты, асыл асы, уытты дәрісі – арғымақ ат жылы да келді ғой, шіркін-ай!

Қатар жүрген күндерді сыйлайықшы,

Біреу ерте, біреу кеш құлайды зой. Кәкімбек САЛЫҚОВ, аса қорпекті ақын, ұлттық тұлға (1932-2013).

21.01.2014 ж., сәрсенбі. **Иә, кім білген, бұл менің соңғы сөзімнің бірі болар.** Сонымен, жыландай жылжып жыл өтті! Бұл жылы туған халқыма, әулетіме не берді, нені алды?

Еліміз, негізінен, тыныштықта болды. Мың шүкіршілік! Бұл ең қуанышты да баянды кезең,- деп бағалаймын. Көптеген жақсы да жайсаң игіліктер өмірге келді.

Ал қайғылы да қайырымсыз жағды болды ма? Иә, ол да болды. Ұшақ апаттары: 27, 21. Елдің қарымды азаматтары аспанға мәңгілік ұшып кетті. Бұл жыл ысқыра келіп, әлемді де аз шағып, уын шашқан жоқ. Әлем таныған, әлем бас иген феномен ұлы тұлғалар **Уго ЧАВЕС, Нельсон МАНДЕЛА**, басқа да қарапайым халық қамы үшін, теңдік үшін, демократия үшін бар өмірін салып еткен ұлы қайраткерлер, еді ғой. Иә, біртуар ерлер болатын.

Туған елімізде ше? Адамзат жер көрпеге қимайтын асылдар **Ермек СЕРКЕБАЕВ, Кәкімбек САЛЫҚОВ, Роза ЖАМАНОВАЛАР** да өмірге бір келетін ерекше де ұлы тұлғалар еді-ау! Кешегі аласапыран, аумалы-төкпелі кезең алдында Ермек Серкебаев пен Бибігүл Төлегенова Шалқарға гастрольдік сапармен келгенде, «Сарыбұлақ» совхозында екеуіне «екі ат» мінгізуге бастамашы болған еді, осы жолдардың авторы. Иә, «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» өлеңінің авторы Ақжайықтың ақбас қыраны **Қайрат ЖҰМАҒАЛИЕВ** те кетті-ау мәңгілікке!

Ал, әулетіме ше? Аmandықта болдық. Қуаныштысы немереміз тұрмыс құрды, өрісіміз кеңейді. Әулеттің бір топ мүшелері, балаларымыз, шөберелеріміз де көптеген рәсіміне қатысты. Иә, немерелеріміз бен шөберелеріміз өсіп келеді. Қуанышты!

Міне, арғымақ ат-жылқы жылы есікті айқара ашты. Танымал жұлдызшы **Назарбек ҚОЖАМСЕЙІТОВ: «Жылқы жылы көптеген құпиялардың бетін ашады»**, - деген салмақты, жұмбақты пікірін айтты. Оны «Хабар», «Қазақстан» телеарналары, «Ана тілі» газеті берді. Иә, ашылмайтын шындық, сыр, қылмыс жоқ, ерте ме, кеш пе бәрі ашылады. Оған тек уақыт керек қой.

Айтуым керек, бәрінен қымбаты халқым үшін бейбітшілік, ел бірлігі! Кеше ғана дүниеден өткен еврей халқының бір ірі тұлғасы **Ариэль ШАРОН (Ariel Sharon – 1928-2014)** қазақ еліне бір келгенінде, біздің Президентке: **«Терісінде – Ресей, шығысында Қытай, осы екі алып мемлекеттердің ортасында орналасқан – Қазақстан. Ал сонда сіздің қалай ұйқыңыз келеді?»**, - деген еді. Елбасы елін де, халқын да аман сақтап отыр. Өзінің де, халқының да ұйқысы қанық, алаңсыз!

Белгілі демократ, ел қайраткері **Дулат ИСАБЕКОВ: «...ел Президентінің ұстанып отырған саясатын сынауға құқығы бар.**

Оған келіспеуге қақың бар...,- деген еді сұхбатында. *«Түркістан», 09.01.2014.* Әрине, бұл сөз бостандығы! Ал халқымызда: **«қара қылды қақ жарған хан болсаң да, кетеді біреумақтап, біреу боқтап»,-** деген қанатты сөз бар. Турасын айтсақ, қалалардағы, ауылдардағы, жастар арасындағы жұмыссыздық, қылмыс жасаушылық барына қарамастан, Қазақ Республикасын әлем тани бастады ғой. Шүкіршілік!

Жылқы жылы болғанын сәл шегініс жасап, тарихқа көз жіберейікші, осы жолдардың авторы білетінін зерттеп-зерделеп, қағаз-кітаптар беттеріне түсіргенде, ойға келіп отырғанын қысқа қайырсам: Тарихта, шежірелерде қалған халық батыры, заманының серкесі, серісі, хан дәрежесіндегі Биі Көтібар Бәсенұлы Орынбор шаһарының «Меняльский базарында» (айналасы екі-үш метр биіктетіліп орнатылған тас дуалы бар) батырдың халқымен тілдесіп жүргенін патшаның жансыздары біліп қалып, дуал үстіне орнатылған зеңбіректерді іске қосып, өздері мылтығын асынып қоршай бастағанын халқы біліп, батырға жеткізеді де, екіге жарылып, дуалдан «Жыланкөз» арғымағымен секіріп шығуға жағдай жасайды. Батыр Жыланкөзге қамшы салады. Арғымақ дуалдан секіріп өтіп, батырды еліне – Елек өзенінің басындағы – Көктөбе ойындағы бұлақта отырған ауылына жеткізеді. Бірақ бір жатқаннан арғымақ тұра алмайды. Мұны көрген батыр ағасы Саңырақ арғымақтың мойын омыртқасы сынған, енді сүйегін ан-құсқа, итке талатпай, Көктөбе басына жерлеуге ұсыныс жасайды. Батыр Орынборға бір топ адам жіберіп, ағасының айтқанындай, Жыланкөздің қабірінің басына қола мен мыстан басын жасаған ескерткіш қойғызады. Батыр жаяу қалады. Ағасы Токпанның он мың жылқысының ішінде батырды көтеріп жүретін ат болмайды....

«ЖЫЛАНКӨЗ» ҚАНДАЙ АРҒЫМАҚ ЕДІ

Академик жазушы **Сәбит МҰҚАНОВ**: *«...генерал-губернатордың құдалауымен 27 уяқ Арқадан батысқа, Ақтөбенің Тоқпансайына құятын Бестамақ өзенінің бойына жетеді, бірақ тұрақтай алмайды. Орынбор генерал-губернаторының жансыздары соңдарына түседі. Содан Көтібар батырдан рұқсат алып, Ұлы құм (Большие борсуки) бойындағы Орда қонғанның төменгі оңтүстік батысындағы Шолақжиде маңына жетеді. Батыр: «Ешқандай алаңдамаңдар, қуғыншылар менің жеріме аяғын баса алмайды! Жер, мал беремін, тұрақтанып қаласыңдар»,-* дейді. Осы өңірде кешегі Кеңес заманында уақтардың «Жданов» атындағы колхозы болды. Қазірде де бір ел, бір ауыл бар. Сол уақтарға қамқоршы болған Көтібар батырға Арқадан алып келген Жыланкөз акалтекі атын сыйға тартады уақтар.

Уақтар: «*Бұл Жыланкөздің шығу тегі Ақалтеке. Екі жүз шақырым жерді ерін алмай, жусамай, азықтанбай алады, батыр-еке, мініңіз, Сізге айнымас серік болады*», - депті... Жыланкөз арғымақ тарихы қысқаша осы.

Шиландай қатынап жатқан ел Көгібар батырдың жаяу қалғанын туған атасы, жанжары Айсарының әкесі – Байұлының атышулы іргелі байы, биі Құлмұхаммедке жеткізеді. Көгібар мен Айсары некесінен Сарыбөпе, Сатай, Шынтемір, Мағай, Есет, Дәрібай – алты ұл тарихта қалды. Құлмұхаммед бірден Түрікменстанға елші адамдар жібереді. **Келісім: 400 жабағы-тай беріп, құнанышығар Ақалтеке алып, Көтібар батырға жеткізіп береді. Иә, «Айман-Шолпан» жырындағы күрең ат – арғымақ осы!** «*Бәйгіге үш жүз атты айдап еді алыын-жаппас, Күреңі Көтібардың келді жалғыз*», - деген күрең кейін ел ішінде «*Бәйгікүрең*» атанып кетті. Сонда: «*Тарпынар Бәйгікүрең жсау келгенде, Қара жер шыр айналар ол желгенде*», - деген жолдар бар.

1833 жылдың қысқа иек артқан терең қара жаңбырлы, қарлы күнінде Орынбор генерал-губернаторы екі жыл Орал өзенінің бойында киллерлікке үйреткен екі естекті, қасына бірнеше баскесер қосып, Жағалбайлы еліндегі Ақбұлақтағы қыс қонысына Көгібардың келгенін біліп, батырдың басын әкелуге жібереді. Бұл қайғылы оқиға **Төлеш СҮЛЕЙМЕНОВТЫҢ: «Сегіз сері»** (Алматы, «Өнер» баспасы, 1991 ж.) еңбегінде кеңінен баяндалады. Автордың «*Дала Геркулесі*» кітабында да барынша жазылған. Көгібар батыр қаза болған соң, Бәйгікүрең босанып, қыс ішінде бес жүз шақырымнан астам жерді екі тәулікте алып, Ұлы құмға, Есеттің Күнгейдегі қыстағына жетеді. Екі жыл бойы оңаша бағады. Шөп те, жем де жемей, үйірге қосылмайды. Кейін түркіменнен бір үйір Ақалтеке құнажындар әкелініп, соған үйірге салынады. Сол үйірден Қарқаралыдағы, кейін Мәскеу маңындағы ат жарыста бас бәйгілерді женіп алған Айқара, Найзақара сәйгүліктері өрбиді. Мұны 1993 жылы «Хабар-2» берген еді эфирге. Менің бір кітабымдағы Боранкер арғымақ та осы Бәйгікүрең ұрпағы.

Бір кеште әңгіме барысында, танымал теолог, дінтанушы **Матай ата Көтібар батырдың** бір сөзін айтқан еді: «*Өңкей ешектерді бәйгіге қоссаң, сөз жоқ, бір ешек алға суырылып шығады ғой. Бірақ ол Ақалтекеден жсаралған тұлнар бола алмайды. Күрең ат, сіздер бәйгіге қосқан 300 атарыңыздан, жалғыз келетінін айтып, бәйгіні шаптырмай-ақ бер дегенім жоқ па? деп қазылар алқасында қарата, Маман байға айтқан екен*», - деп қойды.

Иә, ұзап кеттік-ау, бірақ жылқы жылына керекті оқиғалар ғой.

10.01.2014 ж. Бұл күн жұма болатын. Осы жұма күні біздің аталықтың тірі, жер басып жүрген аса ақылды, жоғары мәденіетті.

адамгершілігі айтулы мол, абзал аға Жұма дүниеден өтті. Иә, нағыз абзал, абыз аға еді. Дастарханға беретін ак батасының өзі не тұрады?! Менің немерелерім отау тіккен салтанаттарына қатысып, батасын беретін-ді. Үйімізден де дәм татты ғой. Тектілігіне тартқан абыз аға Әлімнің ұлы Қабақ-Қарабас-Ерназар, Бекет батырлардың ұрпағы. Иә, артында жұбайы Шапырашты аталығынан Күлай, елге танымал, ішкі істер министрлігінің ардагері Махан бастаған ұрпақ қалды. Үлкен ұлы Ішкі істер министрлігінің полковнигі де бұл дүниеден озған еді.

Еске түсетін бір жайт – тап осы күні 1979 жылы біздің әкеміз де 89 жасында дүние салған еді. Менің аса ардақтайтын абыз ағам Жұма да осы жаста жер қойнына аттанды-ау.

Көрнекті ойшыл **И. Стасевич** айтқандай, *«Перзентіңді беске дейін анаңдай аяла, бестен он беске дейін құлықтай жұмса, он бестен кейін құрдасыңдай құрметте»*, - деген екен. Қайтейін, абыз аға артында түгел бір ұрпақ қалды ғой. Иә, бізде аға соңынан кезек күтіп келе жатырмыз.

Халық жыршылары домбырамен төгіп-төгіп жіберетін. *«Оралыңның барында, ойна да күл, Мың күн жанған шамшырақ бір күн сонер»*, - дегендей, тіршілікте қатар жүрген күндерді сыйлап жүргенге не жетсін, ә!?

Иә, *«Адамзат сапарының мейманымыз, Бір мезет жер бетіне кетер соғып»* дара акын **Қасым АМАНЖОЛОВ** айтқандай, бәріміз де қонақпыз ғой...

ҰРАНДЫ МЕКЕННІҢ, ҚЫРАНДЫ МЕКЕННІҢ ҚЫРАН БҮРКІТ ҚЫЗЫ ЕДІ ҒОЙ

...75 жасқа қараған шағында қазақтың аса көрнекті ақыны, Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қоғам қайраткері **Фариза ОҢҒАРСЫНОВА** дүниеден озды. ҚР Үкіметі, *«ЕҚ»*, 25.01.2014 жс.

ҚР Президенті Н.Назарбаев көңіл айтты.

Иә, елдің елеулі тұлғалары да егіліп отырып, көңіл айтты. Оны Республиканың түгелдей БАҚ, телеарналары берді. Сонғы-ақырғы сапарға қыран қызды шығарып салуға ҚР премьер-министрі Серік Ахметов бастаған үлкен топ қатысты. Көздеріне жас іркілмеген адам болмады деуге болады. Иманғали Тасмағамбетов, Әбіш Кекілбаев, Ақұштап Бактыгереева, Марфуға Айтқожина, белгілі әнші Роза Әлқожакыздарының еңкілдеп тұрғанын көру де ауыр болды телеарналарды қарағандарға.

Осы жолдардың авторы И. Сталин дүние салғанда (5.03.1953) КазГУ-дің үшінші күре студенті еді. Университетте академиктер, про-

фессорлар, түгелдей дерлік студенттер көздеріне жас алып, қайғырған еді. Екі профессорымыз жүрек талмасынан жиын үстінде көз жұмған болатын. Иә, сол бір көріністен кейінгі қыран қызға халықтың түгелдей егіліп тұрғанын көрдік экраннан.

Сонымен казактың қыран бүркіт қызы Фаризаның мәңгілік екінші өмірі басталды. Ресми органдардың шешімімен Астана қаласының қасынан көрнекті тұлғаларды жерлеу үшін *пантеон*¹⁸ ашқан еді. Оның бірінші мәңгілік тұрғыны бұрынғы спикер Орал Мұхамбетжанов болса, екінші мәңгілік тұрғыны Фариза Оңғарсынова (1939-2014) болды. Ұлы Майқы би айтқандай, «Құйын түбі толағай, Құйындай соққан дүниенің, О, дариға, шолағы-ай». Өттің дүние деген осы! Дүние жалған деген де осы! ...Садықбек Адамбековтың: «Дүниеге жалғыз келіп, жалғыз кетіп барамын»,- дегені де еске түседі-ау.

Айтуым керек, Фариза шындықты ту еткен, өміріне нұр еткен нағыз зиялы ұлттық тұлға еді. Оның шығу тегі де ерекше болатын. Құрманғазы, Дина, Мұхит, Исатай, Махамбет, бергісі Салық Зиманов, Зейнолла Қабдолов, замандасы – Әбіш Кекілбаев, Ақұштап Бақтыгереева, т.б. айтулы да ұлы тұлғалар. Мына бір өлең өрнегі есіме түсіп тұр-ау.

*Өкпелеткен шығармын жақыңды да,
Мүмкін, содан шықпадым бақ шыңына.
Жақсы болып көріну мақсат емес!
Ар аттамау мен үшін басты мұра,-*

деді-ау, қайран қыз.

Бір кездегі Франция президенті *Шарль де ГОЛЛЬДЫҢ*: «*Алтын тақтан арым қымбат*»,- деген ақ сөзі де еске түседі.

Өткен ғасырдың екінші жартысында Қазақстан Журналистер одағының барлық съездеріне делегат болып екі шақырылымында басқарма мүшесі болып қатысқан, сайланған едім. Сол съездерде Фаризаның сөйлеген тау бұлағындай сөздері әлі есімде. Ал үзілістерде қасынан әркез редакторлар табылып, бас иіп сәлемдесе, съезге қатысқан партократтар қашып жүретін еді.

Тағы да еске түседі, ұлы сыншы *В.Г. БЕЛИНСКИЙДІ* көрген орыс әдебиетінің жазушылары қас қағымда қашып, қарасын көрсетпей кетеді екен. Сондай шындықтан қашатын кешегі партократтар ғана емес, бүгінгі шенеуніктер де бар. Ал ақиқаттың ақ туын көтерген *ФАРИЗА*:

¹⁸ Пантеон – слат. Pantheon от греч. Pantheon). 1). Место посвященное всем богам... 2). Уставительница выдающихся людей... БЭС. М., 1998, С. 874.

*Халықтың жады, мұң сыры,
Дүниенің өлмес тұрғыны.
Құлқыныңа түбі қадалар –
Тарихтың қанжар шындығы,-*

деген еді-ау. Бұл сырлы жолдар да бүгінгі алаяқтар мен жемқорларға қарата айтқандай емес пе?!

Көрермендердің ерекше есінде қалған жайт: *«Қазақстан»* телеарнасының, басшысы *Нұржан Жалауқызы МҰХАМЕДЖА-НОВА*, 25-26 қаңтарда кешкілік Фариза Оңғарсынова жайлы берген екі телекино сюжеттері болды. *Екіншісі – «Қайталау: 27.09.2013 ж. түсірілім»*,- деп аталады. Байқайсың ба, акын қыз дүние салмастан төрт айдай ғана бұрын түсірілген екен.

...Автокөліктен екі адам екі қолтығынан демеп түсіріп, залға әкеліп жайғастырады. Кеште дана акынның өлеңдеріне жазылған шындық шыңын баяндайтын әндер шырқалды. Әншейіндегі ақау-тырақу, ашық төс, жалаң бұт қыз-келіншектер емес, ұлттық үлгідегі киінген қыздар – әншілер бүкіл көрермен мен тындарманды баурап алды. Осы кешті жүргізушілер де шеберлік танытты. Сауытбек Абдрахманов («ЕҚ» басшысы), Өтеген Оралбаев және басқа да ірі тұлғалар акын қызды сүйемелдеп отырды. Қандай жарасымды! Экраннан көріп отырып біз де толқыдық-ау. Бір кезде телехабарды жүргізуші:

– Апа, Сіздің 1975 жылы берген бір сұхбатыңыз еске түсіп тұр. Соны қазір көрермендер Сіздің өз ауызыңыздан есіткісі келеді, - деді жүргізуші Бисен Құранбек. Зал жым-жырт. Акын қыз әрен дем ала отырып:

– *Еске дұрыс салып тұрсыз. Жазушылар одағынан телефон соқты. Германиядан келген құрметті қонақтар Сізбен дидарласқылары келеді. Дайындалуыңызды сұраймыз,- деді. Қонақтар, әрине, қарапайым жандар емес екені белгілі. Базардан қой сатып алып сойғызып, басын үйітіп, тазалап, ет асып, дастархан дайындадым. Қонақтар жайғасып отырды. Қазақ дәстүрімен үлкен табаққа ет, екінші табаққа қойдың басын, қасында пышақ, стол үстіне қойдым. Бас қонақ қойдың басына қарап, кекесінмен күлгендей болды да, жанындағы жолдасына қарады. Мен не болды дегендей, бақырая қарап едім, аудармашы «бас қонақ менің есіме жайлаудағы жайылып жүрген қойлар түсіп отыр»,- деді. Сойтті де тыржияп қалды. Табаққа қарағысы да келмеді. Мен екі-үш минут күттім де, басты да, екінші табақты да алып тұрып: «Бұл қазақ халқының, ата-бабаларымның дәстүрі, сыйлы қонақ келгенде мал сойып, оның басын да табаққа салып, қонақтардың алдына қоятын. Басқа айтарым жоқ, боссыздар!»,- деп қатқылдау дауыспен айттым...*

Залда отырғандар ұзақ қол соғып Фаризаны қошеметтеп жатыр. Иә, бұл ұлы ақынды сүйікті халқының соңғы көруі болар.

Батыр да батыл қыздың бұл қайталанбас ісін хан да, қара да істей алмас!

Фариза қыздың осы бір сөзі менің есіме тап осындай оқиғаны түсіріп жіберді.

...1973 жыл. Қыс айы. СССР Журналистер одағының шақыруымен бір топ қазақстандық редакторлар шығармашылық іссапармен Мәскеуге баратын болдық. Дайындалдық. Бір-бір қой етін, басын пісіріп, қазақ бальзамын, қазақ коньягын мол етіп алдық. Минск қонақ үйіне орналастық. Сол күннің кешіне Журналистер одағы Мәскеу қалалық орталық ғимаратында, Одақ басшыларымен кездесіп, қонакасы беретін болдық. Қонақтарды бастап қалалық Одақтың басшысы Виноградов келді. Бәрі дайын, жайнап тұр. Стол үстіне қойдың басын, түрлі етін қойдық. Басты көрген кезде Виноградов шошып кетті. Жиіркене қарады да, өзі қырлы стақанға коньякты толтырып құйып алып, қағып салды. Содан: «Что это? Что-то здесь не в порядке», - деп бастың тұмсық жағын екі-үш рет саусағымен нұқып-нұқып қойды және «Первый раз вижу! Уберите, пожалуйста!», - деді. Жасар Қойшығұлов басты алып кетті. Енді тілге келмей, коньякті ішті. Үйіне апарып тастауға Нұрымжанды жұмсадық. Таксимен алып кетті. Такси номерін жазып алып қалдық.

Ертеңіне Мәскеу маңындағы Зеленоград, келесі күні Мытищи қалаларындағы қалалық газет редакцияларында болдық. Мытищи редакциясының редакторы тоқтасқан, Ұлы Отан соғысына қатысқан ер адам, әрқайсымызға бір-бір 250 грамдық шишаға құйылған ақ арақ қойды. Қызығы: бір бітеу пісірілген торай, басымен келді. «Мен азияттардың дәстүрін жақсы білемін, қонағына қойдың басын тартады. Ал мынау сол қой басы орнына біздің құрмет тұтатын асымыз торай және оның басы, алыңыздар», - деді. Және «осылай торайды бітеу асып, пісіріп, заманында ұлы Петр I-ге түстікке тартқан екен боярлар», - деп қойды. Бірімізге біріміз үнсіз жымыып қарап қойдық.

Келесі аптада Ленинградқа алып барды. «Ленинградская правда» газеті редакциясында болдық. Редакторы Мәскеуден КПСС съезінен оралған екен. Ал облыс басшысы Романов қала активін шақырып жиналыс өткізді. Бізді де қатыстырды. Ертеңіне, әрине, қойдың етін, қазы, жая, қазақ бальзамын, коньягын қойып Ленинград журналистеріне банкет ұйымдастырдық. Үшінші күні қаланың Эрмитажында, Пескаревское кладбищеде, т.б. жерлерде болдық. Содан қала сыртындағы, 120 шақырым жердегі Тосно қаласындағы редакцияға апарды...

Мәскеуге оралдық. Қонақ үйі алдында бізді қойдың басын көрсө бәле көргендей болған Виноградов қарсы алып, асханаға апа-

рып, бір-бір стакан ақ арақ беріп: «Кешіріңіздер, мен кателесіппін, бір ұлттың дәстүрін аяққа басыппын», - деп кешірім сұрады. Мен скандинавиялықтың түбім, Азия, Қазақ елінің дәстүрін білмейтін едім деп, бас иді...

Сөз басында айттым ғой, Фариза текті бір аталықтың арда қызы еді. Қазақ поэзиясына жаңа революция, тың құбылыс әкелді. Шындықты, әділдікті ту етіп, халқына қалдырды. Ұлы қыздың тәні өлгенмен, рухы өлмейді! Бәріміздің де баратын жеріміз жер бесік қой. Жаның жанатта болғай, Фариза, ұлы қыз, дана қыз! *30.01.2014 ж.*

05.03.2014. Осы күні «Қазақстан» телеарнасын «Жоғалмай-сың, жоқтаушы халқың барда» айдарымен керемет хабар берді, бір сағаттық. Көрсетілімді *Бисен Құранбек* жүргізді. Халық дән риза болды.

Иә, осы бір көрсетілім барысында ақынның:

*Көңілімде құрсаулы қатпар мұңдар,
Өлеңімде шаттық аз, жатқан бір зар.
Думандатқан жерлерде отырамын,
Көзде мұң, басымда – ой, –*

дейтін философиялық ой толғауы да еске түседі-ау...

ҰЛЫ АҚЫН ҚЫЗДЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ БОЛАР

*...Тағдыр ғұмыр кештірмей малша маған,
Кемтар етпей,
Кенде етпей ар-санадан
Ғұмыр бітті.
Мен кешкен сәттің бәрін,
Сезіне алмай өтеді қанишама адам... –*

деп ойын, тіпті ғұмырын аяқтаған еді, *Фариза* қыз.

Мына сөз де бір үнділік ұлы ойшылдың философиялық толғауы ғой:

*Қанишама адам көрдім, үстінде киімі жоқ,
Қанишама киім көрдім, ішінде адамы жоқ...*

Әрине, бұл ойды зерделі әрбір пенде шеше алар. *05.02.2014 ж.*

ЖАРАТУШЫ ИЕМНІҢ ҚАЛАУЫ ШЫҒАР

11.03.2014 ж. ҚР Президенті ІБ-ның Медициналық орталығының Орталық клиникалық ауруханасында өткен жылы (*23.09.13 ж.*) жүрекке имплантация арқылы американдық электрокардиостиму-

лятор қойған танымал хирург-кардиолог Данияр Махановқа барып, стимулятор жұмысын, жүрек соғысын бірнеше аппарат арқылы тексерттік.

Хирург-кардиолог:

– Жүректің өзінің табиғи соғуы 14 удар болып қалыпты минутына. Ал стимулятор аппаратының соғуы 80 удар. Былай бәрі дұрыс, ауытқу жоқ. Есіңізде ме, өткен жылы жүрек соғысын тексеретін бір тәулік бойы жұмыс істейтін аппарат қойғаным. Жүрегіңіздің табиғи соғуы сонда минутына 28, 30, 32, 36 болған еді. Содан осы аппараты қоюға мәжбүр болғанбыз, өзіңіздің келісіміңізбен. Жүрек минутына 80 рет соғу керек. Ал қазір жақсы, бәрі дұрыс. Беретін кеңесім: «Ештеңеге абыржып, мазасызданбаңыз. Қатты қозғалысқа бармаңыз. Шұғыл, қапылып, еңкеймеңіз. Жоғары вольтты электр бойынан, УВЧ-дан, электрофарезден қашыңыз. Анау памяткада бәрі жазылған, сол кеңесті басшылыққа алыңыз. Моншаға баруға болады. Электромассажды тек қана кіндіктен төмен алуға болады. Міне, электронды вариантының көшірмесі,- деп бір бет жазба берді де, 12, 24 айдан кейін қайта келіңіз,- деді.

Иә, ол мезгілге жететін ғұмыр болса, деп едім, хирург:

– Өзіңізді қақан-соқаңнан, толық тыныштықта сақтасаңыз, бәрі болады,- деп жылы қабақ танытты.

МЕНДЕГІ БІР ЕРЕКШЕЛІКТЕР БҰЛ:

бір қуанышты, не ренішті оқиға алдында

1. Шұғыл хабар күтетін жағдай болса, өзім оңаша отырып, құмалақ саламын. Әрине, 41 құмалақ. Ал ұлы Көтібар баба қырық бір құмалақты жерге шашып жіберіп, пікірін білдіреді екен. Ал мен бір, не екі рет құмалақ салу арқылы алда не күтіп тұрғанын болжай аламын. Қуанышты хабар келетін болса, бөлісемін, ренішті хабар болатын болса, құмалақты жинап тастап, тұрып кетемін.

2. Оң жақ көзімнің үсті тартса, қатты ренішті күтемін.

3. Сол жақ көзім тартса, қуанышты хабар келеді.

4. Оң қолымның алақаны қышыса, сүйіп алып, олжа түседі деп жоримын. Біреуден пара алу емес, уақытылы зейнетақыны алу ғой. Балаларымның көңіл-күйінің жақсы болуы да маған қуаныш!

5. Астыңғы ернім жыбырлап қышыса, тартса, біреудің үйіне қонаққа барамыз, дастарханнан ас ауыз тиемін.

6. Үзіліссіз түнімен бірнеше сериялы түстер көремін. Жалпы менің миым бір сәтте тыныштанбайды, жұмыс істеп тұрады. Бірақ көрген сериялы түстердің жорымайын, көбіне, ұмытып қаламын. Өмір бойы есімде екі-үш түсім қалды. Бірі – 1955 жылы Қазақтың

тұңғыш университетін ойдағыдай бітіріп, елге келіп, Шалқар көлінің үстінде екі моторлы самолетте И.Сталин екеуміз отырып, көлді алпыс рет айналдық. Жорыдым жақсылыққа. Елде алпыс жылдай еңбек етіп, зейнетке шықтым ғой. Бәрі жақсы. Бала-шағалы, немерелі, шөберелі болдық. Пайғамбар жасында сүйікті Алматыма балаларыммен көшіп келдік. Жас сексеннің қырына шықты.

...бір айыр түйеге, екі өркешінің ортасына отырып, анам мені алдына алып, тас қылып құшақтап алыпты. Ал әкем сол түйені бұйдасынан ұстап, өзі жаяу күн батыс жаққа қарай алып бара жатты... Түсті жорыдым. Түсінікті ғой. Бәрін тағдыр шешеді емес пе?! Енді бір түстерімде жердегі үйдің ауласына бірнеше жеміс ағаштарын егіп, оны суарып жүрмін. Ағаштар бүршіктеп, гүлдеп, жеміс беріп жатыр. Жақсылыққа жорыдым.

7. Сөйлесуге келген адамдардың қандай ойда келгенін сөзін бастаған кезде-ақ болжап отырамын ...

25.03.2014 жс.

АУЫР КҮНДЕР БОЛДЫ-АУ, БҰЛ

03.04.2014 жс. Қатты қиналған күн. Жүрек соғуы жиілеп, дем алыс тарылып, жер көшіп барады. Қан қысымы көтеріліп кетті.

04.04.2014 жс. Бүгін жүрек соғуы, қан қысымы да, сәл түскендей болды. Көңіл-күй өте нашар, ішке ас тұрмай қалды. Бастың айналуы, құлақтың шулауы, естілудің мүлдем азаюы белең алды. Ештеңеге зауқым болмады...

05.04.2014 жс. Күн сенбі. Қызымның звоногын күттім. Денсаулықты, көңіл-күйді аздап айттым, оның жүйкесін түсіргім келмеді. Балам қайта-қайта келіп, жағдайымды біліп тұрды. Жедел жәрдем шақырайын, жағдайың ауырлау екен деп мазаланды.

06.04.14 жс. Күн жексенбі. Тәлтіректен аса таяққа сүйеніп, көшеге шықтым. Әр он-он бес кадамнан кейін түрегеліп тұрып, отырып, өзен жағасына барып отырдым. Бас айналуын қоймады. Бұл күні балам Астанадан бірнеше рет звондап, жағдайымды сұрады.

07.04.14 жс. Дүйсенбі. Ауа райы аса қолайсыз болды. Қатты жел тұрды. Бұл Алматыда бұрын-соңды болмаған ауа райы еді. Құлап қалдым. Жаңбыр. Үйге әрең жеттім. Қызым тағы звондапты. Дауысын ести алмай, біраз толқидым. Сағыныш қой.

11.04.14 жс. Сәл ес жиғандай болдым. Бірақ жүрек соғуы әлі көп, ал қан қысымы тіпті түсіп кетті.

Адамды қарттық, ауру жеңсе, ол уайымшылдық, қайғырушылық, мазасыздық, тыныс бұзушылық – бәрі жеңіп алады ғой. Екі-үш күн болды, балалар хабарсыз. Бұл да денсаулыққа медеу... Иә, халық

«ұрпақ жайған адам қартаймайды» демей ме?! Үрім-бұтағым аман болса, әлі де бұл дүниеде болармын... Дегенмен, басталуы бар дүниенің аяқталуы да болады ғой. Оған жабырқауға болмас...

ЕЛДІҢ ТАНЫМАЛ АЗАМАТТАРЫ БОЛАТЫН

1955 ж. қыркүйек айы. Ауданға келіп, жұмыс істей бастағаным а он күндей ғана болған. Аудандық оқу бөлімінің бұйрығымен Шалқар калалық қазақ орта мектебінің тоғызыншы кластарында оқитын 9 оқушыны Шахта орта орыс-қазақ мектебіне алып кетуге тапсырма алдым. Оқушыларды «басқа ұрып» санап беріп тұрып мектеп директоры: «тентек, бұзық балалар, байқа», - деп қойды сөз арасында.

Кешкілік жүк пойызының бір бос қызыл вагонына оқушыларды кіргізіп, отырғызып алып кеттім. Пассажиры пойызына отырғызуға ақша жоқ. Түннің бір уақытында шойын жолдың «Қызыл саз» атанатын №61 разъезінен бәрін түсірдім санап тұрып. Енді жаяулап Біршоғыр тау Шахты жұмысшылар поселкесіне баруымыз керек. Арасы 9 шақырым. Таң ата Шахта поселкесі қараңғы түнді қақ жарып көзге шалынды. Иә, бұл Ақ сәуле көмір шахтасының бастығы болған арда геолог, елге танымал тұлға Ілияс Есенберлин ағадан қалған із еді. Кейін ұлы жазушы болды ғой.

Бір балада тіл жоқ, шаршаған болар, әрі бәрі де аш... Бәрі мені қоршап алып, шаңға батып жүріп келеді, жеттік. Балалардың бәрі де ұн жеген текедей, аппақ ақ шаң. Мектеп интернат меңгерушісі аса білікті жоғары мәдениетті, Отан соғысына қатысқан Қойшыбай Әбдіразақов аға тосып тұр екен. Бәрін жатақханаға бірден орналастырды және бірекі тілімнен нан, ыссы шай берді.

Айтайын дегенім – бәрі мектепті (директор оралдық Болат Ақназаров) менің көз алдымда ойдағыдай бітірді.

Иә, олар кімдер еді?

Қуандық Сейтімөв,

Елемес Жұман,

Сайым Тілеуқұлов,

Базарбай Елғондин,

Аманғали Сарин,

Аманғали Төлебаев.

Бәрі де сұранысы көп Одақтың (КСРО) жоғары оқу орындарын бітіріп, көбісі елге оралды. Қуандық – Жұрын (астықты аудан) элеваторының директоры, Елемес, Сайым совхоздардың директорлары. Базарбай – орта мектеп директоры, Аманғали – Республиканың

белгілі де танымал тұлғасы болды. Ал Аманғали Төлебаев – МТС директоры... Сельхоз техникум басшысы, басқалары да өмірден өз орындарын тапты.

1955 ж., №77 блокноттан қысқартылып алынды.

***Бүгін арамызда тек әсер басып Аманғали Сарин жүр-ау деймін.
Басқалары мәңгілік ұйқыда болар-ау. 2014 ж.***

ОЛ ТАРИХ, ФЕНОМЕНІ ЕДІ

Ұлы революционермен әлем, Венесуэла халқы жылап қоштасты. Әлемнің қарапайым халықтарына туған бауырларындай жақын, ұлы қамқоршы, қазіргі қартайған капитализмге өліспей беріспейтін, алпауыт мемлекеттерге жерінің, елінің барын, байлығын бөліспейтін Боливарлық Венесуэланың ұлы көсемі, қасқайып қарсы тұрған өр тұлға, ер тұлға, батыр тұлға – тарих феномені еді. 59 жасында дүниеден өтті. Бүкіл әлем халқы қайғырды. Әлемнің 55 елінен ұлы тұлғамен қоштасуға делегациялар көптеп келді. Иран Президенті ***Махмуд АХМАДИНЕЖАД*** мәңгілік ұйқыға кеткен ***Уго ЧАВЕСТІ*** табыты жанында еңкейіп бетінен сүйсе, Белоруссия Президенті ***Александр ЛУКАШЕНКО*** табыт алдында тұрып, екі көзіне төгілдіріп жас алды. Осы бір көрініске куә болған венесуэлдіктердің миллиондаған халқы ризашылық білдіріп, қол соқты.

Иә, ***Уго ЧАВЕС*** кім еді? Қарапайым мұғалім отбасынан шыққан боздақ еді. Өзінің халқын жанындай жақсы көрген, оларға жерінің, елінің барлық байлығын, әсіресе әлемдегі қоры мол мұнайдан түскен бар қаржыны тең бөліп беріп отырған, әлеуметтік теңсіздікке жол бермеген ұлы да әділетті тұлға болатын. Бір сөзбен айтқанда, Оңтүстік Америка құрлығында әлеуметтік теңдік – социализм құрып жатқан еді. Сондықтан болар, боливарлық Венесуэлада экономикалық, қаржылық дағдарыс болған емес. Ол испандық отарлаушыларға қарсы ұлт-азаттық көтерілістің дара тұлғасы ***Симон БОЛИВАРДЫҢ 1810 жылғы*** ұлы идеясын өмірлендіруші еді. Тәуелсіздік, теңдік, әлеуметтік молшылық – бәрінің авторы.

Осы кітапта жазылғанындай, Египеттің әлеуметтік теңдік жолында жанқиярлықпен ғұмыр кешкен президент Гамаль Абдель Насерді Израилдің спецслужбасы Батыстың қолдауымен елу екі жасында массаж беру арқылы өлтіртті. Ол да Чавестей елін 14 жыл басқарған еді. Кейін Президент болған Анвар Садатты да атып өлтіртті ғой. Иә, тарихи осылай өте береді. Ал Ясир Арафат өлімі де жұмбақ болып қалауда.

АУ, ӘЖЕ, МҰНЫҢ НЕ?

Үйінен горшоғын тас қылып ұстап көшеге шыққан қарт әже қолы қалтырап бір тасалау жерге бұрыла бергенде, алдынан кездесе кеткен бір бойжеткен:

– Апа-ау, мұның не? Горшокты көшеге алып шыққаның? Біреу көрсе ұят қой. Бұл тамақ салатын ыдыс емес,- деп бойжеткен әженің қолына жармасты.

– Тоқта, қызым. Төгіп алмайық. Тамақ салатын ыдыс емес екенін білемін.

– Онда неге алып шықтыңыз?

– Қызым, түсінбейсің-ау деймін. Мұның ішіндегі толы кіші дәрет...

– Апа, не айтып тұрсыз?

– Қызым-ау, суды қымбаттатып жіберді ғой. Айына алатын он сегіз мың зейнетақы неге жетеді дейсін. Атаң екеуміз күндіз-түні үйдеміз. Дәретханаға барған сайын су ағызсақ, ойдай ақша. Сонсын осы амалға көштік. Иә, жалғыз біз емес, көрші қарттар да осылай істейді.

Өтіп бара жатқан екі жас жігіт:

– Апа-ау, нарық заманында бәрі болады. Су, жылу, басқа да объектілер шенеуніктердің меншігіне айналды ғой. Өлі тірі болсаңыз талайын көресіздер,- деп мүсіркей қарады. Тағы айтайын,- деді балалары: Мына Оңтүстік Кореяда қарапайым халық бір үйде қанша жан болса да, кіші дәретке отыратын болса, бірінен соң бірі дәретханаға барып, содан кейін суын ағызады. Біз де соған келе жатыр емеспіз бе?- деп әженің көңілін аулағандай болды.

2013 ж.

ҚАЙЫРЛАҒАН КЕМЕДЕЙ...

Адам ғылыммен, мәдениетпен айналасуы үшін, ең алдымен, киерге киімі, ішерге асы, басында баспанасы болуы керек.

Фридрих ЭНГЕЛЬС,

Пушкин атындағы кітапхана, Алма-Ата, 1953 ж.

КЕШЕ. Көзді ашып қарайықшы, осы соңғы жиырма жылдан астам уақытта, кешегі Кеңес заманындағыдай, дара тұлғалар – Қаныш Сәтбаев бастаған ғылым, сәулет, мәдениет, әдебиет, өнер саласында Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Төлеу Бәсенов, Нұртас Оңдасынов, Ахмет Жұбанов, Күләш Бәйсейітова, Ісмет Кеңесбаев, Нығымет Сау-

ранбаев, Төлеген Тәжібаев, Жұмабек Тәшенов, Ебней Букетов, Нәби Жақсыбаев, Сағындық Кенжебаев, Роза Бағланова, акад. Бейнеш Жарбосынов, Төрекелді Шарманов, проф. Аманкелді Айталы, Олжас Сүлейменов, Орынбек Жәутіков, Мәулен Балақаев, Шәкен Айманов, Камал Ормантаев, Әбдісағит Тәтіғұлов, Асқар Жұмаділдаев, Ермек Серкебаев, Роза Жаманова, – феномен – біртуар тұлғалар, әлем таныған, ел бас игендер бар ма? Қалай айтқанда да, оларды сол қоғам – әлеуметтік құрылыс оқытты, тәрбиеледі, үйретті, сондай ары да, жаны да таза ұлыларды берді ғой. Олар сол тәрбиенің арқасында ешкімнің ала жібін аттамай, халқына еңбек етті.

АЛ ҚАЗІР ШЕ? Нарық заманындағы тынысты тарқатпай-ақ қояйын. Бірақ...

Қазақстан білімі мен ғылымы дарияның қайырылған кемесіндей тоқтап, бөгеліп бара жатқан сияқты. Қазір не көп: ғылым докторлары, академиктер, дипломды дәрігерлер, мұғалімдер, малды туды – бітті, көрмеген зоотехниктер, мал дәрігерлері, бидайды танымайтын агрономдар, басқа да «мамандар» жөнінен әлемді айтпай-ақ қояйық, ТМД елдерінде бірінші орындамыз. Ал саясаттанушы ғылым докторлары деп әлде қандай қылатын адамдарымыз – түгелдей шенеуніктер. Кешегі заманда философия ғылымдары кандидаттарының өзі, бір қол жетпес биік еді. Философияны барлық ғылымдардың негізі делінетін еді, ал математиканы ғылымдардың атасы дейтінбіз. Бүгін ше? Екінші бірі саясат, тарих, медицина ғылымдарының докторлары! Жақсы, қуанышты-ақ! Ал қорытындысы қандай? Нәтижесін зерделі адам көріп те, біліп те отыр. Сол ғылыми атактарды, дипломдарды қалай алғандарын да халық жақсы біледі. Иә, нарық заманында У. Черчилль айтқандай, бәрі сатылады, сатылып алынады дегенге саяды. Бұл қолайсыз істер жайлы Елбасы да үлкен ескертулер жасады емес пе?

Асқар ЖҰМАДІЛДАЕВ, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚҰҒ академиясының академигі (*«Алаш айнасы»*, 14.05.2013 ж.), әркез шындықты айтатын, әлемге танымал академик былай дейді:

«Өтірік диплом алғандар, өтірік академик-докторлар толып кетті. Жалған академия да қаптап алған. Өйткені бізде ақшасы бар, осындай жасамыс дүниелерге құмарлар көп. Біреулер оны жақсылап пайдаланып жүр», - дейді: **ШЫНДЫҚ осы!**

Осыдан екі ғасыр бұрын ұлы жазушы *Лев ТОЛСТОЙ*: *«Үкіметтің күші – халықтың сауатсыздығында. Ол мұны біледі. Сондықтан да әрқашан білім беруге қарсы күресіп бағады»*, - деген еді. Иә, капиталистік әлемде тек қана қалталылар қалаған елінде «білім» алады. демалады, тайрандайды. ойына келгеннің бәрін сатып алады. Ал жарлы-жабықайлар балалары екі қолға бір күрек таба алмай, күшкөрісі

болмағанын небір қылмысты істерге ұрынады. Лев Толстой дананың сөзі бүгін де маңызды.

«Білімді, парасатты адам мемлекеттің ішкі, сыртқы саясатына көз жіберіп, өз пікірін білдіре алады, ал өз дегені жоқ ойсыз адамдар, жоғары не айтса, соны бұлжытпай орындауға әрқашан дайын. Мемлекеттің негізі өтірікке құрылған кезде, билеуші топ сол өтірікті бүркемелеу үшін лажсыздан күшке жүгінеді»,- дейді. Дулат ИСАБЕКОВ, жазушы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «ЕҚ», 02.10.2013 жс.

Дара тұлға Дулат Исабеков дұрыс айтып отыр-ау. Иә, өзіне сенген, тұрақты позициясы бар тұлға ешкімге бағынышты да тәуелді болғысы келмейді. Мұндай адамдар қай жерде де азайып қалды ғой. Заманында бұл пікірді ұлылар айтқан еді-ау.

Белгілі мемлекет қайраткері, даңқты философ *Аманкелді АЙТАЛЫ «Алаш айнасы» (19.06.2013 ж.)* газетіне берген сұхбатында:

Бүгінгі қазақтар 3 топқа бөлінеді,- дейді.

– Бірінші топ – ұлтын сүйетіндер, бұлар аз.

– Екінші топ – әр халықтың мәдениетін, тілін меңгергісі келетіндер, бұлар баршылық.

– Үшінші топ – көп. Бұларға бәрібір. Ұлт, тіл, діл, мәдениет, т.б. құндылықтарға жалпы көзқарастарда болатындар. Бұл құбылыс кешегі заманнан қалған қалдық, психология. Мемлекеттік саясатты қолдап сөйлесе де, ішінде айтылмаған ой да бар еді. Кейбірі үндемей құтылады. Себебі күнкөріс, бала-шаға қамы...

ТӘУЕЛСІЗ ҰЛТ ТАРИХЫ ЖАЗЫЛА МА?

Иә, тек ой салу ретінде

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы *Марат ТӘЖИН* ұлт тарихын барынша тарихи шындыққа негіздеп жазып, ұрпаққа қалдыруды, ұрпақты тарихи шындықпен суаруды мәдениетті, философиялық тұрғыдан анық, ақиқат етіп зерделеуді ұлттық ғалым тарихшыларына тапсырды.

Тамаша! Мен айтар едім, бұл азаматтың шығу тегі тегін емес! Келешекті болжаған даналығымен, әлем аясында қалған Мөңке би ұрпағы. Осы жолдардың авторы өзінің *«Дала Геркулесі»* кітабында *МӨҢКЕ Биді (1675-1756)* заманының ұлы көріпкел, Нострадамуспен теңеген еді. Марат әулеті осы ұлы Биден тарайды. Әкесі Мұқанбетқазы Тәжинмен Шалқар қалалық қазақ орта мектебін 1950 жылы бірге оқып бітірген едік. Аса аштыр, білікті, ойын тура, жалтақтамай, бүкнесіз

айтатын-ды. Тарихи деректерді жайып салатын-ды. Алматыдағы Абай атындағы пединституттың тарих факультетінің орыс бөлімін қызыл дипломмен бітірді. Студенттік кезде-ақ Алматы қалалық комсомол комитетінде, Қазақстан ЛКСМ Орталық комитетінде бөлімдер меңгерушісі болды. Соңғы курсында Розаға үйленді. Үйлену студенттік тойын Алматыда Дәулет Үмбетжанов екеуіміз басқарып өткіздік. Мұқамбетқазы Гурьев (бүгінгі Атырау) облыстық партия комитетінің екінші хатшылығына дейін көтерілді. Иә, шындықты бетке айтып, әділдік туын ұстайтын адамның қарсыласы аз болмайды ғой. Бәрі тарихта қалды. Маратты әкесі дүние салғанда (1991 ж.) үйінде бір-ақ рет көрдім. Лондоннан докторлық қорғап келген бойы еді. Сонан соң...

Марат Тәжин Тәуелсіз Қазақстанның талай жауапты тізгінін ұстады. Сүрінген жоқ! Адалдықпен атқарып келеді. Бұл қызметі де қазақ ұлтын қалыптастыруға ұйытқы болатыны кешегі жиында айтқан тарихи сөзінен анық көрініп тұр.

Ал тарихшы ғалымдарымыз түп-тура ұлт тарихын тарихи шындықпен жаза ала ма? Кедергі жоқ па? Мұқанбетқазы, әрірек кетсек, Ермұхан Бекмаханов, Бек Сүлейменовтей тарихшылар бар ма? Бұл – бір. Екіншіден, өткен тарихтың терең бетін тарихшыларға ашық, тура айтқыза ма бүгінгі билік шенеуніктері?! Ақша санайық демеі ме?!

Тарихқа сәл көз салайықшы. **ПЕТР I-ші: «Кез келген бұратана халықтың тарихы, Ресейдің мүддесі тұрғысынан жазылу керек»**, - деді ғой (**Шәмек ТІЛЕУБАЕВ** сөзінен). Петр I-ші: өзінің тарихшылары жазып әкелген тарихын лақтырып тастап: «Маған империяның зұлымдығына қызмет ететін тарих керек», - депті (**Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВТЫҢ** сөзінен). 1815 жылы **Н.М. КАРАМЗИН «История Государства Российского»** кітабын Ресей патшасының тапсырмасы бойынша жазған. Бірақ **А.С. ПУШКИН: «Бұл еңбектен Ресейді таптым»**, - деген екен. (*«Түркістан»*, 27.06.2013 ж.).

Иә, заманында **Б. НАПОЛЕОННАН** сұраған екен: **«Осы тарихты ең көп өзгертетін кімдер»**, - деп. Сонда ұлы **тұлға: «Тарихты ең көп өзгертетін тарихшылар»**, - депті. Ал У. Черчилль де тарихи шындық жазба жолдар арасында жасырынып қалады деген еді. Академик **Сайым БАЛМҰҚАНОВ: «Тарихшылар тарихты заманының әміршісінің көзіне қарап жазады»**, - деген еді. (*«ЕҚ»*, 31.10.2007 ж.).

«Түркістан» басылымында профессор **Ахмет ТОҚТАБАЕВТЫҢ** (жоғарыда аталған басылым санында) мына келтірген дерегі менін де ойыма Германияда бір жарым айдай екі мыңыншы жылдары болғанымда, **К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Құпия дипломатия»** неміс тіліндегі текеімен неміс философы таныстырған еді. Ресей

империясы қазақтарды, Орта Азия елдерін отаршылыққа қалай айналдырғанын тыңдадым.

Иә, ұлт тарихын жазу аса күрделі мәселе! Біз Солтүстік іргедегі ғасырлар бойы қалыптасқан саяси, экономикалық қатынаста тұрған елімізді еске алайықшы. Содан кейін жалтақтамай тарихи шындық айтыла ма? *«Былай барсаң, өгіз өледі, былай бұрылсаң, арба сынады»*, - демекші, мен сырттай қатты сыйлайтын белгілі тарихшы **Мәмбет ҚОЙГЕЛДІ: «Өмірге іргелі еңбектер келу үшін ұрнақ ауысу керек»**, - деді-ау. Бұл жай айтыла салған сөз емес екенін зерделі, ойлы тұлғалар ғана білер. Ал ҚР Мемлекеттік хатшысы **Марат ТӘЖИН: «Өзінің өткенін ұмытатын халықты-болашақта ұмытады»**, - деді ғой. *«ЕҚ»*, 20.07.2013 ж.

Шындықты айтқандардың оңандарын көрген кісі бар ма? Ермұқан БЕКМАХАНОВ, данқты тарихшы.

БҰЛ ХАЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫН ТАПТАУ ЕМЕС ПЕ?

Иә, ғасыр қасіреті осы болар.

Өлемдік қандай бір телеарналарды көрме, қарама, БАҚ құралдарына көз салма, қарапайым халықты итше қуып, резинкамен ұрып, жығып салып тепкілеп, дырылдатып сүйреп жатқан полицейлерді көресің. Көп жағдайда көздерінен жас ағызатын зиянды газды қаптап тұрған халыққа бұрқыратып бүркіп, мұздай сумен атқылап, қуып жатады... Соңында осы демонстрацияларды ұйымдастырушылар осылар, - деп, ондаған, тіпті жүздеген адамдарды ұстап алып, сабап, ұрып полиция автокөлігіне тоғытады, ақыры қолдан хаттама жасап, абақтыға қамайды.

Халық мұндай жағдайға неге барады? Иә, үйі жоқ, күйі жоқ, жұмысы жоқ, барында жеткіліксіз күнкөріс. Ал енді не істеу керек. Билікке айтылады, жазады, бірақ халық мұнын тыңдайтын билік жоқ. Шенеуніктер өз құндысын ғана ойлайды. Ал осындай халық құқығын таптайтын қадамдарға полицейлерді кім жұмсайды? Әрине, билік! Ал оларды жұмсақ тақтарға, жылы орындарға отырғызған кім? Сөз жоқ, **ХАЛЫҚ!** Бәріне халық сенім артты, дауыс берді. Сайлады. Иә, олардың байлығы ата-аналарының еңбекпен тапқан байлығы емес, осы халықтың маңдай тер, табан етімен, салық арқылы келген қазынасы. Сәнді сарай, қымбат көлік, лауазымына миллиондаған доллар алып шалқиды! Халықтың барлық тапқаны шенеуніктердің қойнында, банкирлердің қалтасында!

Қытай халқының бүгінгі көсемі **Си ЦЗИНЬПИН** не дейді? *«Халық – бізге күш беретін бұлақ. Бізді асырап бағып, әлемге танытып отырған да Халық! Сондықтан халықты ең жақын*

туғанындай көру керек!» Әділ де даналық тарихи сөз емес пе?! Бұл – бір. Екіншіден: Халық дауыс беру арқылы Парламент депутаттары да сайлайды. Сонда «депутаттарды халық қалаулылары», – дейді. Ал Президенттерді де халық сайлайды емес пе? Президенттер өзіне жақпаса Парламентті таратып жібереді. Сонда екінші рет халық құқығы аяққа басылады емес пе? Тіпті президенттер Конституцияны да өзінің мүддесіне қарай өзгертіп алады. Ал АҚШ-та Конституция екі жүз жылдан астам уақыт өзгеріссіз жемісті жұмыс істеп келеді. Содан бері 44 президент сайланды. Көптеген елдерде президент сондықтан да «мәңгілік» тақта отырып келеді. Бірақ бір орында ұзақ отырған басының айналасы иістене бастайды ғой. Тактан кеткендерінің, не халық күшпен қуғандардың ақыры не болғанын әлем көріп, біліп отыр ғой. *КОРЕЯ халқының даналары* айтқандай: *«Саясат – адалдықты талап етеді»*. Бірақ адалдықты – арамдық, ақша, байлық жеңіп алған заман келді ғой. Бір толқын келер арамдықпен есеп айырысар.

Да не будет в моем царстве ни нищих, ни бедных! И последнюю рубашку разделю с народом! Борис ГОДУНОВ.

Настанет время, когда богатства египетских королей тоже будут принадлежать народу. Гамаль Абдель НАСЕР, экс Президент Египта.

Белгілі қоғам қайраткері, ғалым *Оразалы СӘБДЕН «Қазақстан-Заман»* газетіне (20.06.2013 ж.) берген сұхбатында: *«Билік тым жоғарылап кетті. Олар халықты илеудегі құмырсақдай көреді»*, – дегені де еске түседі.

Ал мені қатты қиналдырып, жүйкеме тиіп отырған құбылыс әлем халықтарының күйзелісі. Әлем халқы толқуда! Әрине, басында баспанасы, ішіп-жейтін тамағы, киетін киімі болса, еріккеннен ешкім етегін тасқа толтырып, көшеге шықпайды!

МИЛЛИАРД ЖАРЫМҒА ЖУЫҚ ҚЫТАЙ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАҢА КӨСЕМІ СИ ЦЗИНЬПИН

КЕШЕ. 1953 жылы 15 маусымда Пекинде дүниеге келген. Ата жұрты Шэньси өлкесінің Фупин ауданы. Әкесі Қытай Халық Республикасы Министрлер Кабинетінің бас хатшысы болатын. Маоның «Мәдени революциясы» кезінде қуғынға ұшырады. Содан кейін бұл баланың көрмеген азабы болмайды. Қазақша айтсақ, «итжеккенге» айдалып, өмірдің бар азабы мен қиыншылығын көреді. Мао дүниеден озған соң, ел басына Дэн Сяопин келгесін әкесі ақталады. *Си ЦЗИНЬ-ПИН* – Си бала қайнаған өмірге келеді. Содан Цинхуа университетінің

гуманитарлық ғылымдар факультетінің марксизм теориясы мамандығы бойынша мамандық алып, кейін осы университеттің инженер-химик мамандығын алады. Елінде қатардағы қарапайым жұмыстан бастап мемлекеттік, партиялық барлық сатыдан өтеді.

...Қаладан деревняға келген жастар арасында тек қана осы Си баланың шабаданы толы кітап болады. Оған ауылдағылар күлетін болған. Кітаптарды май шам жарығымен үнемі оқып отырады екен.

Жан жары **Пэн ЛИУАНЬ** елінің танымал да әйгілі әншісі. 1987 жылы екеуі үйленеді. Бірін-бірі құлай сүйген жастар «армандаған адамды таптым» деп тұрмыс құрады. Бірақ ұзақ жылдар бойы екеуі екі қалада тұрады. Си Пекинге ауысқасын ғана екеуі бірге өмір сүре бастайды. **Пэн: «Әйел адам үшін отбасы – асқар тау, жылы ұя! Ал менің күйеуім жаһандағы ең жақсы жан»**, - дейді. Бір қызы бар, ол АҚШ Гарвард университетінің студенті.

Иә, жаңа ҚХР төрағасы, Бас хатшысына осындай алып елді басқарып кету оңай емес. Елде үш топ бар. Олар: «Шанхайшылдар тобы», Ху Циньтао басқарып келген «Комсомолдар тобы», үшіншісі Мао мен Дэн заманынан келе жатқан «Консерваторлар, реформаторлар тобы». Осы үш топ әзірше осы **Си ЦЗИНЬПИНГЕ** тоқталды. Иә, халықаралық, әлемдік саясатта қалай ұстайтынын уақыт көрсетеді.

Ал бізде ше? Қандай, қанша топ-клан?

2013 ж.

БҮГІНГІ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ОСЫ СИ ЦЗИНЬПИН:

– Халық – бізге күш беретін бұлақ.

– Бізді асырап, бағып әлемге танытып отырған да халық!
Сондықтан халықты ең жақын туғаныңдай көру керек.

– Жемқорлық партияны, елді құрдымға жібереді.

Төраға бұл тарихи сөзді Ресейге келгенде ақпарат құралдарының өкілдерімен кездескен сұхбатында айтқан еді:

Бұл Қытай халқы көсемінің арда сөзі әрбір мемлекет басшысының жарық жұлдызы болса, қәнекей! 2013 ж.

«Өкінішті-ақ, жемқорлықпен жемқорлардың өздері «күресіп» келеді. Бұл нағыз дерт айықпас. Сондықтан бұл дертті жою мүмкін емес.

Ал қарапайым халық арасында ұрлық көп. Біреудің дүниесін жымқырып жатқан оқиғалар, кісі өлтіру, далаға шақалағын тастап кету, т.б. бұл неден? Жұмыс жоқ, баспана жоқ, күнкөріс жоқ. Міне, мұның сыры осында...», - дейді Бисельды ГАБДУЛЛИН.

«Central Asia monitor», газетінің бас редакторы, «Түркістан» газетіне (26.12.2013) берген сұхбатында айтқан. Сұхбаттан тек екі абзацы ғана алынды.

Әлем И. Сталиннің адамзат тарихында қандай орын алатынын енді-енді тани бастады-ау деймін. *«Дағдарыстан кейінгі әлем»* халықаралық қорының директоры **Екатерина ШИПОВА** былай дейді: *«Әлем бірде түлеп, даму мен жаңғыру жолына түскен кезде, ең алдымен, жалпыға ортақ көтеріңкі шешімдердің шеңберінде өз мемлекеттерін дұрыс алып жүруге қабілетті, сауатты басқарушылардың қажеттілігі туады... қолайсыз трендтерді бұзып жарып өтетін басты тұрғыдағы... бір кездердегі Махатма Ганди, Иосиф Сталин, Шарль де Голль, Ли Куан Ю тұрпаттас лидерлерге деген сұраныс та ұдайы туындап тұрады».*

– Кейде,- дейді **Е. ШИПОВА**, осы сөзінде, – *«көп жайт саяси қошбасшы істің іргесінен кеткеннен кейін белгілі болып жатады».* Автор мысалға бір қатар «лидерлердің» аттарын атайды. Францияның экс Президенті *Саркози* ... және осы жағымсыз лидер қатарына АҚШ-тың экс Президенті *кіші Бушты* мысалға келтіреді. *«ЕҚ», 07.07.2013 жс.*

ДАРА ТҰЛҒА У.ЧЕРЧИЛЛЬ БАҒАСЫ

Слова, произнесенные в Палате Общин (лордов) 21 декабря 1959 года бывшим премьер-министром Соединенного Королевства Англии У. ЧЕРЧИЛЛЕМ в связи с 80 лением со дня рождения И.В. Сталина. (Выписано и переведено из Британской энциклопедии, изд. 1964 г., том 5, стр.250).

Большим счастьем было для России, что в годы тяжелейших испытаний страну возглавлял Гений и непоколебимый полководец Сталин.

Он был самой выдающейся личностью, импонирующей нашему изменчивому и жестокому времени того периода, в котором проходила вся его жизнь.

Сталин был человеком энергии, с несгибаемой силой воли, резким, жестким, беспощадным в беседе, которому даже я, воспитанный здесь в Британском парламенте не мог ничего противостоять.

Сталин, прежде всего, преобладал большим чувством юмора, сарказма, способностью точно выражать свои мысли. Эта сила настолько велика в Сталине, что он оказался неповторимым среди руководителей государств всех времен и народов.

И Сталин произвел на нас величайшее впечатление. Он обладал глубокой, лишенной всякой паники, логической и осмысленной мудростью.

Он был непоколебимым мастером находить в трудные моменты выход из самого безвыходного положения.

Кроме того Сталин в самые трудные моменты, а также в моменты торжества был одинаково сдержан и никогда не поддавался иллюзиям.

Он был необычно сложной личностью. Он создал и подчинил себе огромную империю – это человек, который уничтожал врага своим же врагом.

Сталин был величайшим, не имеющим себе равных в мире диктаторов, который принял Россию с сохой и оставил ее оснащенной атомным оружием.

Нет! Чтобы ни говорили о нем, таких история и народы не забывают.

Блокнот №93, Челкар, 1975 г.

* * *

... Вы лично заслужили признательность всей Европы, которая может жить и процветать только будучи свободной. Шарль де ГОЛЛЬ (1890-1970), Франциянын ұлы президенті (1959-1969жж.).

... Сталин – огонь, долго пылающий и долго согревающий. Лион ФЕЙХТВАНГЕР (1884-1985), неміс жазушысы, «Москва 1937», Политиздат, 1973 ж. кітабынан.

История его жизни – это непрерывный ряд побед над непрерывным рядом чудовищных трудностей. Анри БАРБЮС (1873-1935), француз жазушысы, қоғам қайраткері.

Өткен ғасырдың елуінші жылдары КазГУде оқып жүргенде, «Пушкинка» кітапханасынан осы Анри Барбюстың 1935 жылы жазған «Сталин» атты кітабын оқыған едім. Тандайынды қақтыратын шығарма болатын. Анри Барбюс Францияның аса көрнекті қайраткер каламгері еді.

Францияның философ-ағартушысы, жазушы *ВОЛЬТЕР Франсуа Мари Аруэ (1694-1778)* «Мемлекетті мемлекет ету үшін, бір ұлы адамның болуы жетіп жатыр», деген екен. *Алма-Ата, 1954 ж.*

Из рецензии на книгу Э. Радзинского «Сталин».

«Очень советую прочитать эту неоднозначную и интересную книгу, в которой автор высказывает свой взгляд на историю СССР».

«Невозможно найти более загадочного, одиозного и противоречивого персонажа, чем Сталин. Кто-то им восхищается, кто-

то ненавидит. Но уж точно, никого эта личность не оставила равнодушным». «САЙТ обо всем».

«МЕНИҢ КІМ ЕКЕНІМДІ БІЛЕСІҢ БЕ?»

– Сен қыскарт! Көзіңді жой! Менің кім екенімді білесің бе? Мен көкеңмін! Екі мемлекеттің батырымын! Жетті ме? Жетсе, көзіңді жой!- деді де, қолында видеоаппараты бар тележурналистті итеріп жіберді. Ол тәлтіректеп барып, бойын әрең жинады...

Иә, бұл дарақылық сөз бен кимылды ҚР-дың бір агенттігінің басшысы сұхбат алғысы келген тележурналистке айтқан-ды.

Ойға келетіні, әлемнің аса мәдениетті, демократияны ту етіп ұстап, адамдардың теңдік құқығын қорғайтын елдерде біреуге орден, біреуге медаль, біреуге шіреніп жүретін атақ бермейді екен. Барлық қарапайым халық, лауазым иелері – шенеуніктер тең, құқығы бірдей. Сол елдің бірі – Швейцария!

Меніңше, шенеуніктік дәрежеге көтерілудің өзі атақ, дәреже емес пе?! Сол атақтар – орден, медаль, грамоталар қарапайым халықтың қалтасынан – алым-салықтан түскен қаржыға жасалып, миллиардтаған қаржы, қымбат темір-тас жұмсалмай ма, ә?

Республикалық телеарнадан, 2013 ж.

ТАҒДЫР

Мұң бар жерде, поэзия бар.

ДИДРО.

Шалқарда, редакцияда басшы қызметте жүргенімде, сол жиырмасыншы ғасырдың алпысыншы жылдары болар, бір ер адам рұқсат сұрап, кабинетіме келді. Орта бойлыдан сәл биіктеу, талдырмаш денелі, тобылғы өңді, бет-әлпеті қытайлық – көздері қысыңқы, қазақшаға ағып тұр. Бірақ біразға дейін шешіліп әңгіме айтпады. Қысылманыз, бар жайыңызды түсіндіріңізші, тыңдаймын,- дедім. Жан-жағына бір түрлі үрейлі, сезіктене қарап, ойлы, қысыңқы көзін төмен салып:

– Редактор жолдас, уақытыңыз болса, айтайын,- деді.

– Айтыңыз, тыңдаймын,- дедім.

– Есімім Мерқайл, фамилиям Боранбаев. Қытайдан келгенмін. Математикпін,- деп біраз бөгеліп қалды.

– Мектепте сабақ бересіз бе?

– Мектеп, иә, аудандық оқу бөлімі...- деп тағы төмен қарады.

– Не болды? Ашып айтыңызшы?- дедім.

– Қауіпсіздік органынан рұқсат қағаз керек,- деді.

– Неге? Қандай оқу орнын бітірдіңіз?

– Шанхай университетінің физика-математика факультетін тәмамдадым.

– Содан?

– Елуінші жылдардың аяғы болатын. Ол жылдары СССР мен Қытай Халық Республикасы дос болатын. Пекин-Москва жүрдек пойызы қатынайтын. Шекара ашық. Виза жоқ. Бірнеше қыз бен жігіт тарихи Отанымызға – Қазақ ССР-іне жолға шықтық. Ішімізде белгілі қазақ қызы Марфуға Айтқожина да бар болатын. Иә, аяқ астынан шекара жабылып қалды. Мені Ақтөбе облысына Қауіпсіздік Комитетіне тікелей бақылауға алуға жіберді. Содан осы қалаға кепілдеме алып, ешқайда кетпесіме серт бердім. 10-15 шақырым жолға шығатын болсам, осы орган рұқсаты керек,- деді.

– Жарайды, сол органнан мектепке жолдама сұрадың ба?

– Бермеді ғой. Кім екенінді тексеріп алып, сөйлесеміз,- деді.

– Сонымен.

– Міне, үшінші жыл. Жұмыс жоқ, мамандығым бойынша... Кейде мектептерде математикадан мемлекеттік емтихан боларда, мұғалімдер конверттегі есепті шығара алмай ма, білмеймін, мені іздеп тауып алып, ешкімге көрсетпей, бір бөлмеге жалғыз өзімді отырғызып: «Мына есепті шығарып көрші»,- дейді әй-шәйға карамай. Теп-тез шығарып беремін. «Жарайды, енді боссын»,- деп шығарып жібереді ешкімге жолықтырмай.

– Жақсы, түсіндім. Енді қалай күн көріп жүрсін? Қайда тұрасың?

– Әркімнің есігінде. Кейде темір жолға барып, вагоннан жүк түсіремін, тиын-тебен береді...

– Ал, мені неге іздедіңіз?

– Ағасы, кешіріңіз. Өлең жазатыным бар еді. Бірнеше өлең әкелдім,- деп сарғайып кеткен дәптер беттеріне жазылған бес-алты өлеңін ұсынды. Бөлім меңгерушісі, ақын Әбдіқани Аймағамбетовті шақырып алып, оқыттым.

Тәке, бұл нағыз ақын. Өлеңдері ұнады. Газетке беруге болады,- деді.

Жергілікті КГБ басшысымен сөйлестім. Ол: елдің жақсы жағын жазса, бере беріңіз,- деді.

Мерқайл өлеңдері газетке жиі басылатын болды. Содан жиі-жиі келіп, сырын ақтара бастады.

Сол жылы Қазақ ССР-іне бірге келген қыз-жігіттер ішінде Марфуға Айтқожина деген ататегі Сарыарқалық па, есімде жоқ, қыз болды. Сондай бірімізге-біріміз кіршіксіз ғашық болдық. Хат жазысып, хабарласып тұрдық. Марфуға Жетісуда қалды. Кейін хабар үзілді. Үзген КГБ. Содан мен сүйген қызым да, тұрақты мекенім де.

жұмысым да жоқ. Не қалды? Тек арақ ішу қалды. Адам санатынан шығып қалдым,- деп еңкілдеп жылағанда, күнге күйген, кірқожалақ жыртық көйлегінің алдын көз жасы жуып кетті. Өксігін баса алмады. Орнымнан тұрып, арқасынан сипап тұрғызып алып, бауырыма бастым. Бір стакан су бердім...

Иә, есіме заманының ұлы тұлғасы – Францияның ағартушысы, жазушы (*Denis Diderot*) **Дени ДИДРОНЫҢ (1713-1784) «Мұң бар жерде, поэзия бар»**,- деген классикалық сөзі түсті-ау. Қайтейін, **ТАҒДЫР!** Шалқар қ., 1970 жс.

Арада жылдар өтті. Кеңес үкіметін құлатты! Аласапыран алмағайып заман басталды. Мен зейнетке шықтым. Ата мекенді артқа қалдырып, **«түйе қартайса, ботасына ереді»**,- дегендей, жұбайым екеуіміз Алматыға астық балаларымызға еріп. Елмен үнемі хабарласып тұратын едім. Мерқайл Солёный елді мекеніне молда болып кетіпті дегенді есіттім. Кейінірек екінші хабар жетті, Мерқайл сол елде дүниеден озыпты. **АЛМАТЫ** қ., 1995жс.

Жақында **«Егемен Қазақстан»** газетінен (13.07.2013 жс.) **«Сырлы саз»** атты **Қуат ҚАЙРАНБАЕВТЫҢ** көлемді мақаласына көзім түсті. Дидронын мен жоғарыда келтірген ұлағатты сөзін келтіріпті. Суретте белгілі акын қыз, халқының сүйікті қызы Марфуға Айтқожина тұр. Көзіме оттай басылды. Ойыма бірден: **«Күн кештім, бірі қымбат, бірі ауыр, Күең сен бәріне туған ауыл. Бірілігі, берекесі бір кісідей, Той болса, келтұғын қалмай ауыл»**, жыр жолдары түсті.

Автордың сауалына орай болар, Марфуға қарындасымның: «Мен бір адамға ғашық болып, оған қол жеткізе алмаған жанмын»,- деген жүректі дір еткізетін сөзін оқығанымда, Мерқайлдың сол бір жылдардағы еңіреп отырып айтқан сөздері есіме түсті-ау...

**Өзің едің өмірдегі бір теңім,
Әр кеудеге қона бермес жыр тегім.
Көңіл дымқыл, күн көзіне құрғатып,
Көз жасымды ақ бұлттарға сүртемін.
Өтер жасстық, келмес қайта оралып,
Өтер күлкі, өтер қайғы – ол анық.
Өтер бәрі, тек махаббат мызғымас,
Қалғанымша әсер көрпеге оранып...**

Дара акын қыз: «Ол адам қазір өмірде жоқ. Балаларымның әкесі де дүниеден өткен»,- деп қорытады және «Ол да сол жақтағы белгілі азаматтардың бірі еді»,- дейді.

Ақын, ақ жүрек, ақ жарқын қызым, кешіріші, болған оқиғаны тек қана еске алып отырмын. Дұрыс па, білмеймін. Мүмкін тал шыбықтай жұқа, ақылды, ақын қызға ғашық болған шығар, ол Мерқайл.

АЛМАТЫ қ., 2013 жс.

ҚАЙТА СОҚҚАН ЖҮРЕК

Өлім мен өмір арпалысы жайлы репортаж

Жүрек – шамамен минутына 70 рет, бір жылда 37 миллионнан астам рет соғып, үнемі қозғалыста болатын жалғыз ағза. Адамның орта өмірі бойынша 2,5 миллиард рет соға отырып, 300 миллион литрдей қанды айдайды. Ұйықтап жатқан уақыттың өзінде жүрегіміз сағатына 340 литр қан айдайды.

13.08.2013 ж. Күндегі әдетім бойынша ерте, сол ертеңгі алтыларда тұрамын. Біраз отырып, кәрі денені қозғап, жаттығу жасаймын. Бірақ бүгін шама келмеді. Мең-зең. Бас өзімдікі емес. Құлақ шуылынан емес пе екен деймін. Жоқ! Жер тартып барады. Иван Сергеевич Тургенев күнделігінде жазғандай, көр шақырады, өзіне тартып тұр,- дейді ғой. Маған алпыс жылдан астам уақыт тұңғыш баласындай әлдилеген бәйбішем де ауырады. Сондықтан енді қалған күнге деп ертеңгілік, кешкілік шай дайындаймын. Асханаға келдім. Бір кезде бас айналып, естен танып, құлап түстім. Аркамды бөлме қабырғасына сүйей құлаппын. Талып түстім! 2009 жылы 15 мамырдан бері бұл естен тану тоғызыншы рет. Олар да бастан басталған жалын екі табаным жеткенше денем өртеніп, естен танып қалатынымын. Бұл жолы ондай болмады, тіл байланып, кетіп бара жаттым. Бір шамалы уақыттан кейін басымды көтердім. Бірақ бәйбішеме айта қоймадым, шошытып алармын деп. Ертеңіне балам телефон шалған еді, ауыз ұрлап айтып қойдым.

16 тамыз таңсәріден ұлымыз анасы екеумізді ҚР Президентінің іс басқармасы медициналық орталығының Орталық клиникалық ауруханасына апарып жатқызды. Бірден беліме бір аппаратты байлап, бір тәуліктен кейін алды. Жүрек соғысын анықтайтын аппарат лентасы 25, 27, 28, 29 деген сандарды жазыпты. Емдеуші дәрігер Мария Борисовна шұғыл хирургты келтірді. Ол лентаны қарап болды да:

– Жүректің минутына қанша соғатынын білесіз бе, аға. Сіздің өміріңіз өлім мен өмір арасындағы арпалыс тайталаста. Келісім берсеңіз, ертең ертеңгісін операция жасаймын, электрокардиостимулятор аппаратын қоямын. Жүректің тұсына, бұғананың астына, бір қабат ет ішіне Операцияны ЭКС имплантациялау дейді. Новокаинмен ауыртпай, теріні кесіп, ішіне аппарат орналастырамын. Сіздің жүрегіңіздегі ауру брадикардия,- деп аталады. Бұл бас айналу, тез шаршау, ендікпе – кислород жетпей, обморк, құлау, естен айырылу сияқты қатерлі жағдайға апарды. Осының бәрін жойып, жүректің соғысын қалпына келтіреді. Оған кепілдеме беретін американдық аппарат. Ойланыңыз. «Жарайды, келісемін» десеңіз, мына қағазға қол қойып, Мария Борисовнаға бересіз...- деп шығып кетті.

Мария Борисовна бастаған медбикелер жүрек талмасын болдырмау үшін бәрін жасады. Зәуре есімді медбике ақ қызым тәулігіне екі рет система қойды. Бірнеше түрлі дәрілер берді. Аға медбике Гүлназ Қаппарова қызым бәрін бақылауға алды. Есімді біраз жинағандай болдым...

Ертеңіне ертеңгісін екі медбике каталқаға салып хирургия ғимаратына жеткізді. Бірден операция жасайтын бөлмеге кіргізді де, оташылар медбикелеріне берді. Көзім шалып қалып жатыр. Қызым жұмыстан сұранған болар, құрақ ұшып, жүйкесі таусылып, ішке кіре алмай жүгіріп жүрді. Бірақ кіші қызыммен (медицина ғылымдарының докторы), сөйлесіп, «бәрі жақсы болады» деген демеуіне сүйеніп жүріпті. Ұлымда да маза жоқ, күніге екі келеді.

23.08.2013 ж., жұма күні ертеңгілік ота жасады. Шамасы 2 сағаттай болған.

– Басыңызды оң жаққа қаратып жатыңыз,- деген ер адамның дауысын есіттім. Көзімді ашсам, система беретін таяқшаға кішігірім екі пластик сұйық құйған қалта ілулі тұр. Менің қан тамырыма тамшылап ағып жатыр. Одан жоғарыда жүрек соғысын көрсететін аппарат ілулі екен. Сол екі қалта ішіндегі сұйықтық таусыла тағы біреуін ілді. Екеу, бірі – ер адам, екіншісі – еуропалық дауысты қыз. Бір кезде:

– Ата, аппаратты қосамын. Анау қабырғаға қараңыз,- деді.

Ғажап-чудо! Жүректің соғысы бірден 80-ді көрсетті. Бас айналу, жүрек айну, басқа да жағымсыздық бірден азайды. Жан сақтау палатасында бір тәулік жаттым. Балаларым таң атпай терезеден қарап, қуанып тұр. Хирург өзі бірнеше күн палатама келіп, перевязканы өзі алмастырып тұрды.

Екінші қыркүйек күні тіккен жібін өзі алды.

– Ертең босатамыз. Ата, есіңізде болсын, бірнеше күн ештеңе көтермейсіз, кардиостимуляторға салмақ салмайсыз және тағыда көптеген ережелерді айтып, нұсқаулар кітапшаларын берді.

– Ата, аппарат 7-8 жыл тоқтаусыз жұмыс істейді. Тек айтылған кеңестерді сақтаңыз, аң болыңыз. Шамасы, жүз жасайсыз-ау,- деп күліп қоштасты.

Заманында дана бір тұлға айтқан екен (ат-жөні осы кітапта бар). *«Теория – без практики мертва, практика без теории слена»*. Сол айтқан хирург **Данияр МАХАНОВ** теорияны осы елде алып, практикаларды Ресей, Еуропа, Америка медицина орталықтарында алған нағыз хас шебер хирург. Еңбегі даңқа бөлесін! Ал Мария Борисовна Ли де өз ісінің айтулы маманы, пациент үшін жанқиярлықпен күндіз – түні еңбек ететін тұлға.

Сол емделуде жатқан жиырма күнде барлық балаларым, немере, шөберелерім, келіндерім, дәрігер құлағным келіп қуат беріп кетті.

Иә, әр баланды, немере шөберелеріңді көру, маңдайларынан иіскеп сүю – бір ғанибет емес пе?! Жаратушы Ием жер көрпе жамылғанша бәйбішеммен де осылайша кездесуді тағдырыма жазғай 64 жыл отасқан бәйбішем қасымда болғай. *АЛМАТЫ қаласы.*

Дәрігерде қыран құстың қырағылығы, арыстанның жүрегі мен қыздың нәзік қолы болуы керек. Әбу Әли ибн СИНА (980-1037), ұлы ғалым, дәрігер, ойшыл, философ.

Дені сау кедей – ауру корольден бақытты. А. ШОПЕНГАУЭР (1788-1860), немістің даңқты философы.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ, ШАЛҚАР АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ ЕРБОЛ ДАНАҒҰЛОВҚА

Құрметті Ербол Жеткергенұлы, жаңа қызмет орныңмен, шыққан биігіңмен, аталық ақ жүректен құттықтаймын! Үлкен абырой, зор бедел, сәттілік тілеймін! Туған халқыңның абыройлы да құрметті басшысы болғайсың. Оның бәрі жанқиярлық еңбекпен, ақылды шешіммен, байсалды қимылмен келеді. Ұлы Ата-Бабалар, әз Аналар әруақтары өзінді, отбасыңды, халқыңды, үзеңгілестеріңді қорғап, қолдай жатқай деген ақ тілекпен, сексеннің сенгірін арқа қалдырып, тоқсанның биігіне жол тартқан *атаң Тауман Төреханов, 4.07.2013 ж., Алматы қаласы.*

Ерболым, елден тысқары тұрғанымызға да ширек ғасыр болып қалды-ау. Сондықтан атаңды жете біле білмеуің де мүмкін. Сол себепті өмірбаянымды және ҚР Президентінің кеңсе бастығы Махмұд Қасымбековтың Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың атаңа жолдаған хатының тексін қоса жіберіп отырымын. *Әкімнің өзінің факсіне жіберілді.*

ТУЛА ЕСІМІ ЖАЙЛЫ БІРЕР СӨЗ

Сарайшықта заманының жеті ханы биіктігі 17 м, сегіз қабырғалы кешенде мәңгілік дамылдап жатыр,- деп жазады «ЕҚ» (02.07.2013 ж.) газеті. Олар қазақ тарихында қалған хандар, кімдер екен? *Мөңке Темір (1266-1282 жж.); Тоқтағұл (1291-1312 жж.); Жәнібек (1343-1353 жж.); Әмір-Оқас (1440-1447 жж.); Қасым хан (1511-1518 жж.); Ших Мамай (1542-1549 жж.); Жүсіп хан (1549-1554 жж.).*

Айта кететін болсақ, Сарайшық астананы тұңғыш рет жазбаға түсіріп қалдырған араб жиһанкезі *Ибн Баттута* болатын. Жаһанкездің мәліметтеріне сүйенсек, сауда мен қолөнері барынша дамыған мемлекет болған екен. Ал тарихқа көз жіберсек, Қасымханның айтулы да даңқты астанасы болынты. Иә, өкініштісі сөз, 1580 жылы Иван Гроз-

ный бастаған орыс-казак атты әскерлері қаланы жермен жексен еткен. Бір деректерде Иван Грозный Мамайдың жиені делінеді? Патшалық құрған жылдары шенеуніктеріне түрік тілін білуді міндеттепті. Олай болса, Сарайшықты неге жермен жексен еткен деген сұрақ туады. Мақсат делінеді, Мәскеуден биік те әдемі, сұлу да өркениетті шаһар болмау керек,- деген екен делінеді. Әрине, бұны анықтау тарихшы ғалымдардың шаруасы.

Тағы бір дерек, **Жәнібек ханды** заманында Ресей патшасы Мәскеуге құрметті қонақ болуға шақырыпты. Ханды жолда тосып алып, үлкен сый-сияпат жасапты. Әрине, патшаның тапсырмасы арқылы шығар. Жәнібек ханның **ханшайымы Тайтула** аса сұлу да әдемі қазақ қызы делінеді. Содан губернатор ханнан: рұқсат етіңіз, ханшайым келісім берсе, осы **қаланың атын ТУЛА** қоюым керек. Патша ұсынысымды қабылдайды деп сенемін деген. Жәнібек хан да Тайтула да келісім беріпті.

Орталық Ресейдің атышулы қару-жарақ шығаратын Тула қаласы біздің ұлы Анамыздың ардақты есімімен аталып кетіпті делінеді. АЛМАТЫ қ., 2001 ж.

Кешегі Ұлы Отан соғысы 1941-1945 жылдарындағы ерлігі үшін Тула қаласына КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Батыр қала құрметті атағы берілген болатын.

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ УНИВЕРСИТЕТІНЕ 80 ЖЫЛ

1933 жылы 20 қазанда КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің «Қазақстан үшін мамандар даярлау және Қазақ мемлекеттік университетін ашу туралы № 2293 қаулы қабылдады. Ал 9 желтоқсанда БКП(б) Қазақ өлкелік комитеті Қазақ мемлекеттік университетін ашу туралы шешім шығарды.

1934 жылдың 15 қаңтары – университеттің нақты құрылған күні болып белгіленді.

Университетпен қатар қаңтарда 1934 жылы университеттің фундаментальды кітапханасы да ашылды. Сол жылы оның қорында 6 мың кітап болған екен. Қазір екі миллионнан асатын кітап бар. Орта Азияда теңдесі жоқ зәулім ғимаратта. Ал қазір университеттің ғылыми кітапханасында жүздеген маман жұмыс істейді. Кітапхана көлемі 18 мың шаршы метрді алып жатыр, 300, 100, 60 орындық, тағыда бірнеше басқа да мәжіліс залдары бар. Бірінші қабатында 1000 шаршы метрлік Әл-Фараби мұражайы орналасқан, екінші қабатына студенттерге арналған 1500 шаршы

метрлікте 800 орындық оқу залы, үшінші қабатында Электронды кітапхана, компьютерлер залы орын тапқан, сонымен қатар диссертация, құнды және сирек кездесетін әдебиеттер, мерзімді басылымдар залдары оқырмандарға қызмет көрсетеді. Қазірдің өзінде зәулім кітапхананың 2 миллион томдық кітап қоры бар.

Университет ректоры болып Мәскеудің бекітуімен Ф.Т. Оликов тағайындалды. Елдегі барлық институттардың басшыларын директор деп атады ол кезде. Оларды Республика өзі тағайындайтын.

1934 жылдың 2 желтоқсанда университетке ұлы оратор, аса көрнекті қайраткер Сергей Миронович Киров есімі берілді.

...Осы кітаптың авторы Республиканың ғылым, ілім мұнарасы атанған Қазақ университетінің 1950 жылы студенті болып қабылданды. Бұйрықты КазГУ ректоры, Қазақ ССР Сыртқы істер министрі, педагогика ғылымының докторы Төлеген Тәжібаев берген еді. Аруағына бас иемін. Төлеген Тәжібаев КазГУ ректоры болып 1948 жылы қызметке кірісті. Ұлы тұлға 1964 жылы 14 маусімде Москва аруханасында дүниеден озды.

Бұл елуінші жылдары Қазақ университеті әлемге танылған жоғары оқу орны болды. Университетте академиктер Ісмет Кеңесбаев, Нығымет Сауранбаев, Мұхтар Әуезов, Есмұқан Бекмаханов, Бек Сүлейменов, Есмағамбет Ысмайылов, И.К. Лукьянец (КазГУ-дың 1939 жылдардағы ректоры, 1950 жылдары Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы) басқа да дара тұлғалардан дәріс алдық. Мәскеу, Ленинград, т.б. қалалардан академиктер, профессорлар да келіп, лекция оқитын-ды.

Осы жылдары қатар оқыған, кейін дара тұлғалар болған Әнуар Әлімжанов, Қақымжан Қазыбаев, Балғабек Қыдырбекұлы, Камал Смайлов, дара жазушы Сәкен Жүнісов, Сұлтанғали Сәдірбаев, басқа да әлемге, елге танылғандар аз болмады. Аспирант Зейнулла Кабдолов, Мәскен Сармурзиналар М. Әуезовтың Абайтану курсынан семинар жүргізетін.

КазГУ-дың 20 жылдығына орай 1954 жылы, сол кезде Комсомол (қазір Төле би) Ұйғыр (қазір Ахмет Байтұрсынов) көшелерінің киілысында, сол елуінші жылдары салынған университеттің оқу корпусы алдында оқу озаттарын, активистерді жинап суретке түсірді. Иә, ортасында осы жолдардың авторы да бар еді. Себебі бес жыл бойы тек қана оқу үздігі студент, факультет, комсомол ұйымы бюросының секретары болған едім. Бұл суретті Алматы облыстық «Ком. таңы» газеті жариялаған еді. Газеттің бұл номері Шалқар тарихи өлкетану мұражайында сақтаулы да.

Иә, кейінгі өмір жолдарым осы кітапта үш тілде берілген.

25.12.2013 ж.

ҰСТАЗДАР БАҒАСЫ

«Ана тілі» – ұлттық газетінің (23-29.05.2013 жылғы №21 санындағы) әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, белгілі ғалымдар Жарылқасын Еркінұлы ЖАППАСОВ, Нәзия ТАСІЛОВА «Әлемге танымал оқу ордасы» атты еңбегінде: «Қазақ ұлттық университетінің қабырғасынан түлеп ұшып, ел дамуына өзіндік үлес қосқан қайраткерлер қаншама десеңші деп З. Қабдоловты... басқа да ірі тұлғаларды атай келіп, Қайрат Мәмиді (ҚР Парламенті сенатының скипері), Тауман Төрехановты әйгілі тұлғалар, еңбектері елге танымал»,- деп көрсетеді.

ӨМІРГЕ ЖОЛ КӨРСЕТЕТІН АҚЫЛШЫ

Сауд Аравиясының танымал қайраткері *Анд әл КАРНИДІН «Қайғырма» - «Не грусти»* аталатын кітабы әлемнің 30-дан астам тілінде жарық көрген екен. Демек, бестселлерге айналған дүние! 10 миллион данаға жеткен таралымы. 2011 жылы көп данамен орыс тіліне де аударылған «Умма» баспасы арқылы.

Түрмеде жатып ғұмырының соңғы күндері Ирактың ұлы көсемі Саддам Хусейін бірнеше рет қайталап оқыпты. Бұл кітап авторы бақытқа қалай жетуге болады, өміріңді қалай өзгерте аласың деген көкейтесті сауалдарға шынайы жауап береді.

Ал Сауд Аравиясының мұрагер ханзадасы Салман ибн Абд аль-Азиз Аль Сауд осы кітапты үш мәрте оқып шығыпты.

Бұл күндері кітап жүздеген мың адамның қолынан түспейтін қымбат қазынаға айналған екен. *«Klasstime»* газетінен қысқартылып алынды, 2013 ж.

«ДАЛА ГЕРКУЛЕСІ» АМЕРИКА КӨРМЕСІНДЕ

Қызмет бабымен ғылыми іс сапарда болған қазақтың «қара шаңырағы» атанаған Қазақ ұлттық университеттің бір топ ғалымдары және делегацияның жетекшісі ректор бастаған академик, белгілі ғалым бірде Америка Құрама Штаттарында ұйымдастырылған ғылыми, мәдени-әдеби көрмені аралап жүрсе, витринада жарқырап, қазақтың әдеби майталмандары Абай мен Ауэзовтың еңбектерінің жанында менмұндайлап тұрған Тауман

Төрехановтың «Дала Геркулесі» тарихи-деректі кітабын, роман-трилогиясын көреді. Ғалым бірден ойға қалып:

– «Мынау біздің университеттің бір замандағы, өткен ғасырдың ортасындағы айтулы тұлғегінің еңбегі зой!», - деп, кітапты қолына алып, қуанып қалыпты.

– Бұл кітаппен таныспын. Оқып көрсем, жеңіл де, түсінекті қара сөзбен жазылған, үлкен де, сүбелі тарихи еңбек екен. Ал шынын айтсам, кейбір кітапты жүргізіп оқи алмайсың, қойыртпаққа толы. Ал бұл кітап автордың жанқиярлықпен жазған еңбегі. – деді.

– «Жарайсың аға, тамаша!», - депті делегация мүшелері одан әрі қарай көрмені тамашалауын жалғастырып ... Алматы қ., 2013 ж.

ДАЛА ГЕРКУЛЕСІ

(рецензия)

Сабит Досанов,

«Егемен Қазақстан», №90-93(25939)12 наурыз, 2010 ж.

Жаңа жыл қарсаңында «Атамұра» баспасынан жарыққа шыққан көлемі қырық баспа табақ тарихи романды оқып шыққанда ойыма табандылығымен әлемді таңқалдырған әйгілі өнертапқыш Сайрус Филл оралды. Көлеміне көк дөненнен жүйрік көңіл болмаса көз жетпейтін алып мұхит Атлантты жападан-жалғыз ерсілі-қарсылы қырық мәрте кешіп өтіп, оның табанынан кабель тартып шыққан жанқиярлық еңбекті ерлік демей не дейміз?! Осы ауыр еңбекке өз еркімен жегілген американдық азаматтың бар мақсаты екі алып құрлық арасын телеграф байланысымен жалғастыру еді. *«Дала Геркулесі» атты көлемі қырық баспа табақ романның авторы Тауман Төрехановтың жанкешті еңбегі сол Сайрус Филл табандылығымен қарайлас.*

Қазақ тарихында екі Есет бар. Оның бірі – Орта жүз бен Кіші жүз қазақтарының Ресейге қосылуына атсалысқан Бөгенбай батырдың күйеу баласы Тама Есет (1667-1749 жыл). Екіншісі – Қабақ елінің атакты батыры Шекті Есет (1803-1889 жыл). Белгілі жазушы Тауман Төрехановтың *«Дала Геркулесі»* атты тарихи романы осы екінші Есеттің – Ресей отаршыларына қарсы көтеріліс басшысы Есет Көтібаровтың ерлігін ел тағдырымен тығыз бірлікте суреттеген тұлғалы туынды. Автор өз шығармасына кіші жүз қазақтарының патша отаршыларына қарсы күресін арқау ете отырып, Есет батыр мен оның Қарағұл сынды үзеңгілес серіктерінің бейнесін мінсіз мүсіндеген. Үнемі іс-әрекет үстінде сомдалған бас кейіпкер Есет батыр мен оның үлкен ұлы Назар бейнесі әсіресе әсерлі.

Бұл тағылымы мол тұлғалы туынды көлемімен ғана емес көркемдігімен де салмақты. Ең бастысы – күні бүгінге дейін көпшілікке белгісіз болып келген тарихи деректер мен архивтік құжаттар және екі ғасыр куәгері болған көнекөз қарттардың естеліктерімен, шет елдерден табылған тарихи суреттермен аса бағалы. Бір өзі үлкен бір ұжымның жұмысын жалғыз өзі атқарады деуге тұратын тарихи романның авторы Тауман Төрехановтың қайратына таңқалмасқа шара жоқ. Олай дейтініміз, ол ордабұзар отызда да, қиып түсер қырықта да, оны айтасыз, алқынбаған алпыста да емес, жетпіс сегіз жастағы сырқат қария. Қайратына қарасаң жігіт, біліміне қарасаң дария. Осынау сексенге иек артқан өмірінің аттай алпыс жылын жазуға арнапты ол. Соның отыз жылында аудандық, ауданаралық, облыстық газеттердің редакторы болған екен. Жергілікті баспасөздің арғымақтың өзін аяңшыл етер ауыр жұмысы мен күнделікті өмірдің күйбеңі қаламгерге біраз қолбайлау болды. Ой еркіндігі мен тарихи тақырыпты тұсаған қызыл империяның тар тұсауы бауырынды жазбақ тұрмақ адымыңды аштырмағаны көпке мәлім. Содан да «жабық тақырыпты» жазуға құмар Төреханов ойында отыз жыл піскен идея мен тақырыбын игеруге тәуелсіздіктен кейін ғана қол жеткізді.

Соңғы жиырма жылын алаңсыз шығармашылық жұмысқа арнаған қарымды қаламгер *«Көз көргендер еді»*, *«Қанмен жазылған тарих»*, *«Зердесінде ұрпақтың»*, *«Адам әлемі»* атты кітаптарын бірінен соң бірін оқушыға ұсынды. Бұлар повесть, әңгіме, очерк, тарих, эсселер болатын. Тәуелсіздіктен қуат алған қаламгер сол еңбектерінің ізін суытпай *«Ғасыр қасіреті»* атты роман-диология, *«Кісенделген дала»* есімді деректі-роман трагедия, *«Тарихтың қанды іздері»* деп аталған өткір сюжетті роман-эпопея жазып шықты. Бірінен соң бірі жарық көрген бұл көркем шығармалар мерзімді баспасөзде жарияланған мақалаларда жоғары бағаланды. Осының бәрі аз еңбек емес. Енді, міне, *«Дала Геркулесі»* жарыққа шықты. Осының бәрін ой елегінен өткізсек, қарттық пен ауруға мойымай осыншама *қыруар еңбек жазған қайратты қаламгерді Геркулеске теңесек те, Сайрус Филл десек те артық емес.*

«Дала Геркулесі» – қарт қаламгер Тауман Төрехановтың жазбауға болмайтын, ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір жазатын шығармасы еді. Оның біздіңше, бір емес бірнеше себебі бар. Ресей отаршыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісі жазушының жылдар бойы жүрегіне түнеген тақырып. «Жабық тақырыпты» жаза алмай жүдеген жазушы бұл шығармасын жазбаса оның өзегін өрт, жанын дерт шалар еді. Бұл – бір. Екіншіден – автор қазақ халқының отаршыларға қарсы қол бастаған жаужүрек батыры Көтібар мен оның қаһарман ұлы Есеттің тікелей ұрпағы. Үшіншіден – романда суреттелетін тарихи оқиғалар

өткен өлкеде туып-өскен, екі ғасырдың куәгері болған қария – дариялардан Ұлы Дала шежіресіне қаныққан, өз еліміздің ғана емес шет ел архивтеріндегі құнды құжаттармен танысқан қаламгерде бір романға ғана емес, бірнеше кітапқа арқау болар мол материал жиналып қалған еді. Қуаныштысы – қарымды қаламгер сол мол материалды суреткерлік сүзгіден өткізіп, көркем шығарманың желісіне көгендей алған.

Романда өмір шындығы кейіпкерлердің басынан өткен оқиғалар арқылы сенімді бейнеленген. Автордың тарихи тұлғалар мен тарихи оқиғаларға жұлдызша арқылы түсінік, дерек беріп отыруы да өзін ақтаған шығармашылық тәсіл. Манай базарындағы қақтығыс, Көтібардың Жылынкөз атты тұлпармен қақпадан қарғуы, Көтібар Бәсеновтың Орынбор түрмесіндегі ой-толғамдары кейіпкер бейнесін ажарлы ашқан.

Хан Кене мен Есет батырдың кездесуі, Есеттің Бронислав Залескиймен әңгімесі, батырдың Жанқожаны іздеп баруы... романның ең бір көркемдік биікке көтерілген тұсы. Есеттің Врангель бастаған екі жазалаушы отрядпен кездескеннен кейінгі толғанысы оқушыны толқытады: *«Иә, біз де өтеміз, бұл жалған дүниеден кім өтпеген, ә? Олардың осы боз далада келбеті қалды, күлкісі қалды. Міне, бүгінгі ұрпағы қалды. Ертең бе, бүгін бе, біз де өтеміз-ау. Бірақ келесі ұрпаққа қандай игілік қалдырып өтеміз, мәселе осында! Біреулер еліне қайғы, ал енді біреулерге елі қайғы. Сол қайғыны арқаламай өткенге не жетсін!»* (308 бет). Батыр толғанысы оқушыны бей-жай қалдырмайды.

Кітаптың дизайны әсем жасалған. Мұқабаның сыртқы бірінші бетінде шошақ бөрікті, қыран белдей тізесінде былғары қоржын ба, дорба ма қомақты бір зат жатқан, омырауы есіктей ашық ақ көйлекті, өткір көзді, батыр да батыл тұлғалы ер адам суреті бетті жаба берілген. Сурет астында *Iset Kutebar* деп ағылшын тілінде жазылған. Кітап беттерінің бірінде бұл суретті автор қайдан алғанын жазыпты. *Шоқан УӘЛИХАНОВ пен Михаил ВЕНЮКОВТЫҢ 1865 жылы Лондоннан ағылшын тілінде жарық көрген «Есет – Дала серкесі»* атты көлемді (39 бет) мақаласынан алынған екен. Ал бұл сурет генерал-адъютант Н.П. Игнатъевтың Орта Азия, Орынбор өлкесіне баратын миссиясының артиллерия подпоручигі Муренконың 1858 жылы Есеттің Катенинмен кездесу алдында Жем бойында 2 маусымда түсірілгені белгілі. Бұл суретті Ресейдің, Орта Азияның, Еуропаның ағымдағы баспасөздері кезінде жарыса жариялаған болатын.

Романның аты ұлы жаһанкез жазушы, дипломат *Егор Ковалевскийдің* Есет батырмен кездескендегі кескіндемесінде таңдана берген бағасынан алынған екен. *«Исет был сложен как Геркулес,*

его атлетические формы, его дикая красота и приемы полные отваги могли поразить европейца, и имели сильное влияние в кругу его соотечественников» депті ол. «...Есет біздің елімізге өзінің жисырма шақты қырғыздардан тұратын пөкерлерімен келді. Мен бұл адамға қызыға қарап тұрдым. Өздеріңіз көз алдарыңа елестетіп көріңіздерші: бойы ұзын, аса ірі кісі, жалпақ бет, ат жақты, үлкен бадырақ көзді, жүзіне қарап, аса қуатты адам екенін білесіз...» деп жазыпты С. Турбин өзінің «Әскери жинақ» атты кітабында (1864 ж., №4, 280 б.).

Кітап мұқабасының соңғы сыртқы бетінде Есеттің қырынан отырған, биік шошак бөрікті суреті беріліпті. Суретті поляк демократ-суретшісі **Бронислав Залесский** батырмен кездескенде әнгіме барысында карандашпен салып алған. Ол 1865 жылы Парижде француз тілінде жарық көрген кітап-альбомында басылған. Кітапта Есет жайлы: «*Для этой эпохи – это была интереснейшая личность, очень популярная в степи*», - деп жазған. «**Қазақ сахарасына саяхат**» кітабы – «**Киіз үйде**» бөлімі – Есетке арналған, заманында Еуропаның ондаған тілінде жарық көрін. көрмелерде ылғи бірінші орын алған екен.

Кітапта Бронислав Залесскийдің Есет батырдың киіз үйінде болған кезінде оның, қырынан отырған суреті, қонақасы үстіндегі батыр мен демократ екеуінің әнгімелері, батырдың киіз үйі мен қазақ әйелінің суреттері де берілген. Альбом Стокгольмның антикварлық дүкенінде бүгін 1700 еуро тұрса, Мәскеудің антиквариатында 5500 еуро тұрады екен. Әрине, түрлі-түсті бояумен аса көлемді, әдемі етіп жасалған. Ал бұл кітапальбом Батыс Еуропа кітапханаларында бір данадан ғана сақталғанын баяндайды автор.

Тауман Төрехановтың «**Дала Геркулесі**» романы Лондонның, Париждің, Германияның, Польшаның, Колумбияның, АҚШ-тың, Ресейдің, Орта Азияның заманында ағымдағы баспасөздерінде жарияланған, не мұрағаттарында сақталған құжаттарын, жаһан-кездердің, дипломаттардың, Ресей әскери басшыларының жазбаларын, рапорттарын және XIX-XX ғасырларда ғұмыр кешкен көкірегі ояу, көзі ашық зерделілердің, тарихи тұлғалардың, ғалымдардың естеліктерін еске ала отырып жазылған.

Бұл еңбек үш тараудан тұрады. Бірінші тарауы халық батыры, заманының атышулы серкесі, серісі атанған Көтібар Бәсенұлы Есет батырдың әкесіне арналған. Отаршылар кезінде Көтібар батырдың соңына шырақ алып түскен. Қазақ жерін, елін отарлаушылардың батырды қалай қапыда өлтіргенін автор тарихи деректерге, мұрағаттық құжаттарға сүйеніп жазған.

Жасы жетпіс жетіге жеткен, бұрын-соңды таралғысына ешкім жармасты даладан заманға серкесі, дәуірдің серісі болған Көтібар Бәсенұлы

батырды кім өлтіргені жайлы күні бүгінге дейін түрлі пікірлер зерттеушілер арасында айтылып келді. Автор сол тарихи шындыққа жанаспайтын кәуесетке патшалы Ресей отарлаушыларының, шенеуніктердің бір руды екінші руға, бір аталықты екінші аталыққа айдап салған сайқал саясатына, олардың өкшесін жалаған ел ішіндегі жандайшаптарына нүкте қояды. Орынбор-Самара губернияларының генерал губернаторы В.А. Перовскийдің тікелей бұйрығымен бір жыл бойы Жайық жағасындағы әскери жаттығу алаңында екі естекті киллерлікке үйретіп, ақыры Жағалбайлы елінің қыс қонысына отарлаушыларға қарсы қарулы көтерілісті ұйымдастыруға жинала бастаған ел ерлерінің басшысы Көтібардың түн ортасы ауа күзетін алып, ұйқыда жатқан батырдың басын балтамен шауып, қапқа салып жатқан қаракшыларды қолға түсіреді. Жағалбайлы Жанғасқа бастаған азаматтарды тірілей өртеп жіберді. Бұл шұғыл шешім генерал-губернатор үшін өте тиімді еді. Себебі, Көтібарды кім өлтіргені, кім жұмсағаны жайлы тірі куә жоқ.

Екінші бір оқиға. Көтібар, Достан, Қайдауыл батырлармен отарлаушыларға қарсы күрескен Арыстан Тінәліұлының қазасы жайлы да автор бұлтартпас деректермен батырды жандармерияның өздерінің жолдарынан қалай алғанын баяндайды. Ішкі Ресей жағында тексіз, жүгенсіз жүрген қаңғыбас Бөріқұлақ дегенді жоғарыда айтылған киллерлерді жаттықтыратын аланда екі жыл үйретіп, Арыстан Тінәліұлының есігіне жалшылыққа жібереді. Сөйтіп Арыстан батырды жалшысы боп жүрген Бөріқұлақ қылышпен шауып өлтіреді. Шенеуніктер: «Арыстанды шөмекейлер өлтірді» деп ел ішіне жандайшап өсекшілерін жіберіп, ағайынды екі аталықты жауластырып қояды. Бұл қанды оқиғаларды автор жеріне жеткізе баяндаған.

Бұл бөлімде Тама Есет Көкіұлы батыр жайлы да біраз мағлұмат берілген. Сондай-ақ заманының Нострадамусы атанған Мөңке би, Самарұқ (ел ішінде Саңырық деп кеткен) туралы бұған дейін белгісіз болып келген әңгімелер де шығарманың шырайын арттыра түскен.

«Есет жолы» деп аталатын екінші бөлімінде қазақ елінің Батыс өлкесін отарлаушылардың зорлық-зомбылыққа толы езіп жаныштауына қарсы халықты көтерген ұлт-азаттық көтерілісі, бұл тарихи істегі батырдың тактикасы мен стратегиясы баяндалған. Е. Ковалевскийдің, Б. Залесскийдің, В.А. Перовскийдің, В. Григорьевтің, Н. Игнатьевтің, сондай-ақ Ш. Уәлиханов пен М. Венюков жазбаларының орыс, ағылшын, француз, неміс, поляк тілдеріндегі қысқартылып алынған түпнұсқалары, оларға автордың түсініктемелері берілген.

Күні бүгінге дейін Есет Көтібарұлының туған жері, жылы, дүниеден озған мезгілі кенестік дәуірдегі барлық дерлік құжаттарда, оқу құралдарында қате беріліп келгендігі де орайымен орнықты

баяндалған. Автор батыр ғұмыр кешкен заманының мұрағаттарына сүйеніп, Есеттің туған жерін, жылын, тіпті қайтыс болған айларын, мазарының қай жылы, қашан тұрғызылғанын, оған кімдер қатысқаны, кейін қазақ елі тәуелсіздік алған соң халықтың өз қаржыларына Есет-Дәрібай кесенелер кешенін қайта қалпына келтіргені де нақты деректермен әсерлі суреттелген. Автордың бұрынғы ықпал теориясымен (*теория влияния*) айтылған, жазылған, оқытылып келе жатқан бағаларға өз көзқарасын білдіруі тарихшылар үшін де құнды дерек.

Халық батыры, биі, халқының пір тұтқан әулиесі Есет Көтібарұлының қазақ жерін, елін басып алушы отарлаушыларды жиырма жылға бөгеген ұлт-азаттық қозғалысы, көтерілісі жайлы автор небір тарихи оқиғалардың пердесін ашады. Батырдың бұл ұлы істегі тактикасы, стратегиясы нақтылы мұрағаттық деректермен баяндалады. Есетті қалайда қолға түсіру жайлы Перовскийдің Орынбор-Самара шекара комиссиясының директоры В. Григорьевке берген бұйрықтары, тапсырмалары түпнұсқасында берілген. Батырды ұстау үшін жүздеген командирлер, ондаған мың әскер, қарулар сол жылдары шығын болғанын автор нақты деректерге сүйене отырып баяндаған.

Есет Көтібарұлының 1858 жылы 4 маусымда Орынбор-Самара губернияларының жаңа генерал-губернаторы Александр Катенинмен кездесуі қазақ тарихында қалған елеулі оқиға болды. Автор бұл кездесуді аса сүйсіне, шебер суреттеген. Автор мұны Н. Игнатьевтің жазбаларының түпнұсқасы арқылы және В. Григорьевтің естеліктері негізінде баяндайды. Батыр губернатор алдында бойын тік ұстап, тайынбай, тайсалмай тура шындықты жайып салады.

Осы күні оқырмандарды былай қойып кейбір әдебиетшілердің өздері де көлемді шығарма көрсе оқымай жатып шошитын бір жаман әдет пайда болды. «Мына кірпішті кім оқиды, оны оқып отыратын уақыт қайда?»,- дейді ондайлар. Шығарманың оқылу, оқылмауын оның көлемі емес көркемдік қуаты, көтерген жүгі шешеді. Дарынсыз қаламгердің 10 беттік әңгімесін не 100 беттік хикаясын оқудан Л. Толстой, М. Шолохов, О. Бальзак, Т. Драйзер сынды сұңғыла суреткерлердің роман-эпопеяларын оқу әлдеқайда пайдалы, жеңіл емес пе?

Ал «Дала Геркулесінің» авторы әдебиет көшіне көлденеңнен қосылған көк атты көп жазғыштың бірі емес, табиғи талант.

МЫҢ ШҮКІРЛІК ДЕЙМІН-АУ

5.05.2013 ж. Кешкі сағат 20-да Ел-арна телеарнасында бір топ ҰОС-ның, тылда еңбек еткен ардагерлер мен бүгінгі ұрпақтың өкілдерін шақырып, қырық-елу минуттай сұхбаттасты. Кешгі теле-

журналист Дархан баскарып жүргізді: бәрімізді таныстырып өтті. Ішімізде Алматы қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы аса таны- мал тұлға, ҚР ҰҒА академигі Еренғайым Мәлікұлы Шайхутдинов болды. Төраға бұл күндері Алматыда 23 мыңдай ҰОС-ның, тыл ардагерлері тұрады,- деді. ҰОС-ның арамызда жүргендеріне ерекше камқорлық жасалуда. Ал Ұлы Жеңісті камтамасыз етуге барынша үлес қосқан тыл еңбеккерлеріне мұндай камқорлық өте жеткіліксіз. Себебі болар олар арамызда барағырақ. Олар соғыс басталған кез- де небәрі 9-10 жастағылар еді ғой. *Меніңше, тыл еңбеккерлерін ҰОС-ның ардагерлеріне барлық жағынан теңестіріп, тиісінше жеңілдік жасалу керек. Облыстарда тыл еңбеккерлері де барлық жағынан жеңілдіктер-коммуналдық төлемдерден бастап бәрі қарастырылған. Айтуым керек, тыл еңбеккерлері де бұл күндері сексен мен тоқсан жастың арасында. Және айтамын, Ардагерлер туралы Заң жобасының дайындалғанына 5-6 жыл болды. Бірақ әлі қабылданбай отыр.*

Осы жолдардың авторын, әрине, келістіріп таныстырды Дар- хан. Сөйлеген сөзімнің біраз жері кнылып қалыпты. КСРО батыры Ідіріс Үргенішбаев; Герман-Қазақстан достық одағы мен Берлиннің Гумбольдт атындағы университет студенттері қауымдастығының шақыруымен жұбайым екеуміз 2000 жылы Герман Федеративтік Республикасында болып, Рейхстагта Рахымжан Қошқарбаевтың Ту тіккен жерінде, тағзым еткенімізді: солдаттардың 1945 жылдың 30 сәуіріндегі жанкешті кимылдарын, өзімше айтқанмын. Бір әкесі Кеңес әскерінің полковнигі, анасы неміс қызы жайында да жеткізгенмін. Және тыл еңбеккері ретінде біздерге билік тарапынан жеңілдіктер қарастырылмай отырғанын да барынша әңгімелеп бердім. Қазіргі шенеуніктердің ата-анасы ҰОС-ның, тылдың ардагерлері емес шығар, ал өздерінің тамағы тоқ, көйлегі көк деген сияқты, аға ұрпақтың қатары сиреп қалған өкілдеріне онша көңіл бөле бермейді-ау,- деп те қойдым. Біздің соғыс уақытысында ұрпақтың көрген аштығын, жалаңаштығын, қорғансыз қалғанын, еткен еңбегімізге бір тиын алмағанымызды біле ме екен? *Бұл аға ұрпақ талабы!*

Иә, ардагерлер кеңесінің Төрағасы, академик Ерекең айтқандай, біздің қатарымыз күн өткен сайын сиреп барады. Мен де сексен төрттің көжесін ішіп отырмын. Тіпті менімен сонау өткен ғасырдың елуінші жылдары ҚазГУ-де қатар оқығандардан Республикада үш- төрт адам қалыппыз тірі. Сондықтан айтайын дегенім, туған халқым, менің кітаптарыммен таныс құрметті оқырмандарым тірі екенімді эфирден көріп, қарлыққан дауысымды есітіп, ажарымды анықтап отырыпты ғой. Соған да ризамын!

Бұл кездесудің идеясын ұсынған. *Айгүл МҮКЕЙ*, оны жүзеге асыруға ойындай еңбек сіңірген *Талқан САЛЫҚОВА* қыздарым.

жүргізуші *Дархан* немереме, баска да қолұшын бергендерге журналистикада 60 жыл саналы өмірін қалдырған атасы, ағасы ретінде *алғысым шексіз!*

ШЕН-ШЕКПЕНГЕ БАС ИМЕГЕН ДАРА БАТЫР ЕДІ ҒОЙ

«Литер» газеті былай деп жазды. Төменде сол текстіні беріп, комментарий жаздық. «Дала Геркулесі» кітабынан алынып берілді.

Бұл газет тарихи шындыққа келебермейтін мақаласының соңына қарай деректер келтіреді. Есет Көтибарұлы шенін де, шекпенін де, алтындаған зейнетақысын да алмай, бас имей өткен тұлға.

1859 ГОД. ЕСЕТ БАТЫРА ПРИНЯЛ В ПЕТЕРБУРГЕ ИМПЕРАТОР АЛЕКСАНДР II

В этот день с группой султанов и биев он был на приеме у российского императора. Авторитетный военачальник Есет Котибарулы умело организовал народные выступления против колониального гнета российского правительства, выступил против Хивинского и Кокандского ханств. В 1847-1858 годах Есет батыр возглавил восстание казахов младшего жуза. В июне 1855 года генерал-губернатор Перовский велел султану Арслану Жанторину поймать Есета. Отряд, который возглавил султан, постигла неудача, и победа Есета вызвала ярость Перовского. Он выслал против мятежников закаленные в боях отряды. Каратели убивали стариков, женщин, детей, угоняли скот, грабили жилища. Не знал пощады и военно-полевой суд. Около двух тысяч человек сослали в Сибирь. Звездный час Есет батыра пришелся на годы, когда происходило значительное выступление соплеменников, кочевавших к западу от Аральского моря. Причиной мятежа стали тяжелые поборы и повинности, налагавшиеся царской администрацией. В частности, если в 1847 году Петербург затребовал у степняков три с половиной тысячи верблюдов для похода на юг, то шесть лет спустя – более восьми. Казахские роды откочевали в верховья Эмбы. К Есет батыру примкнули полторы тысячи бойцов. Они угоняли лошадей, нападали на казачьи отряды, громили укрепления. Котибарулы выдвинул Петербургу требования: отменить налог за дым, остановить отправку карателей в Степь, предоставить свободу пользования пастбищами и возможность свободной кочевки на берегах рек. В сентябре 1858 года восстание подавили. Есет принял мирные условия. Через год присутствовал на приеме у императора.

Будьте здоровы! И не попадайте в историю, недостойную вас.
В. РЕМЕНЩИК.

Есет Көтібарұлы отарлауға қарсы ұлт-азаттық қозғалысының қолбасшысы болып танылғаннан бастап, заманында атқарған халқы үшін жанқиярлық ерлігін Ресейде, Еуропада шығатын бірнеше ондаған газет, журналдар жариялады. Германиядағы «*Аугсбургер Цайтунг*», Лондондағы «*Колокол*», Ресейдегі «*Современник*», «*Отчественные записки*», «*Вестник Европы*», «*Русский вестник*», «*Русский архив*», «*Русский инвалид*», «*Русский художественный листок*», т.б. басқа да басылымдарда айшықтап жазылды. Орыс дипломаттары, жаһанкездері де, Еуропалық қайраткерлер де көптеген бағалы тарихи шындыққа негізделген деректер жазып қалдырды. Бұл деректер автордың «*Дала Геркулесі*» тарихи-деректі романында барынша кеңінен қамтылған (*Атамұра, 2008 ж.*)

1859 ж. Есетті Мәскеу маңындағы Ходынкада жүріп жатқан әскери жаттығуға алып барады. Сонда патша Александр II-ші қыр көрсетіп, қорқытқысы келеді батырды. Бірақ Есет бас иемейді. Содан 18 тамызда Петербургта Георгиев залында қабылданды. Бірақ батырды тек қана Орынбор-Самара губерниясының бас губернаторы А.А. Катенин бас иіп, батырдың айтқанын басшылыққа алады. Айту керек, Есет патшаның шен-шекпенін, алтын ақшамен тағайындаған зейнетақысын да алмайды.

«Үш жүз жыл бойы ұлт-азаттық көтеріліс көсемдерінің рухани қуатының арқасында өмір сүрдік. ИСАТАЙ, МАХАМБЕТ, ЕСЕТ КӨТІБАРҰЛЫ, ЖАНҚОЖА, ИСА, ДОСАН мұның барлығы бостандық үшін жанын қизандар. Ә.САРАЙ, көрнекті жазушы, «ЕҚ» газ., 27.07.2013 ж.

ЕСЕТ КОТИБАРУЛЫ

(материал из Википедии- свободной энциклопедии)

БАТЫР ЕСЕТ КОТИБАР-УЛЫ (каз. Есет Көтібарұлы) (1803-1889) – предводитель войны против Хивинского и Кокандского ханства, руководитель антиколониального восстания, лидер национально-освободительного движения казахов.

Происхождение. Есет батыр происходит из большого родового объединения Младшего жуза Алимұлы, подразделения рода Шекты-Кабак. Этот род кочевал на территории современной Актюбинской области Казахстана и Оренбургской области России, а также в междуречье Урала и Волги. Есет батыр родился в семье потомственного Бия и родового правителя Котибара в 1803 году вблизи озера Шалкар в Казахстане. Был назван Есет батыром, знаменитым казахским пол-

ководцем, оказавшим огромное влияние на освободительную войну казахского народа против джунгарских захватчиков.

Антихивинское выступление. Казахи Младшего жуза постоянно конфликтовали с хивинскими войсками, поскольку последние осуществляли агрессивные набеги на территорию казахской степи. Есет батыр возглавил большое войско казахов и отбил агрессию хивинцев. Также успешно батыр Есет защитил свои родовые кочевья от притязаний Кокандского ханства.

Антиколониальное выступление. В 1838-1858 годах Есет батыр возглавил восстание казахов Младшего жуза против российской администрации. Царская администрация послала два казачьих отряда и 200 казахов, возглавляемых султаном Таукиным и майором Михайловым из уральского укрепления. Также 600 казахов были посланы царской администрацией под руководством Елекея Касымова. Есет батыр отправил навстречу карательным войскам отряд повстанцев в количестве 800 человек, которые разбили карателей. В 1854-1858 годах восстали приаральские казахи, недовольные поборами и тяжелыми повинностями царской администрации. В то время поборы осуществлялись верблюдами. Например, для (похода) Перовского (1853 год) на Ак-Мечеть потребовалось 8 тысяч верблюдов. Казахи подняли мятеж и откочевали на территорию реки Эмба. Мятежники выставили ряд условий: отменить налог за «дым» (кибиточный налог), остановить отправку карательных отрядов в казахские степи, предоставить свободу пользования пастбищами и возможность свободной кочевки на берегах рек Жем, Мугалжар, Елек, Кобда, Жайык. В.А. Перовский осуществляет карательный поход на мятежников и посылает барона Врангеля с большим войском. Есету удалось договориться с бароном, но в дальнейшем батыр возобновляет военные действия и нападает на военные укрепления и казачьи отряды. Вновь созданный карательный отряд под руководством Арслана Жанторина разбивается отрядами Есет батыра. Сам султан был убит.

Подавление мятежа. Подавление мятежа сопровождалось погромами мирного населения. Многие повстанцы были расстреляны. Многих отправили на каторгу, например батыра Бекета Серкебаева. К 1858 году восстание было окончательно подавлено. Понимая безуспешность силовых мер против Есет батыра, генерал-губернатор Катенин предлагает перемирие с Есет батыром и обещает выполнить требования восставших. Есет батыр и царская администрация заключают перемирие.

Есет батыр в исторических источниках:

• **А.И. ДОБРОСМЫСЛОВ.** «Тургайская область – исторический очерк» (Оренбург, 1902, с. 407-409): – «**Важнейшими батырами были чиклинские батыры Джанкожа Нурмухамедов и Есет Кутибаров.**

С последними тот час же наше начальство поссорилось и создало себе опасного врага. Влияние его и значение в народе неоспоримо...».

• Начальник Генштаба министерства обороны **Л. МЕЙЕР**, «Киргизская степь Оренбургского ведомства» (Санкт-Петербург, 1865, с. 65-69): – «Исет был хороший семьянин, его опасности разделяли с ним несколько братьев и мать, которая, по слухам, есть женщина редкого ума и энергии...» .

• Капитан **Ч. ВАЛИХАНОВ, М. ВЕНИУКОВ** и др., «Русские в Средней Азии» (Лондон, 1865, с. 367-406, Есет Котибаров – рыцарь степи): – «Этот человек, который в 1859 году в течение своего визита в Санкт-Петербург привлек огромное внимание публики. В течение 20-и лет держал степь в бесперывном состоянии страха и нервного напряжения». [...] «Катенин, следовавший за Перовским, увидел трудность и почти невозможность поимки Котибарова на Устюрте русскими отрядами особого назначения (спецназа), рассмотрел эти события надлежащим образом и решил достигнуть примирения с мятежным лидером и пообещал ему прощение...».

Ген.-лейт., военный востоковед и историк, лингвист, юрист **Михаил Африканович ТЕРЕНЬТЕВ**, «История завоевания Средней Азии», с картами и планами в трех томах (СПб., 1906, том 1, с. 234-240): – «Достойный сын не менее известного в свое время барантча Кутебара, Исет был всегдашним его товарищем, а после его смерти неуклонно шел по его следам». [...] На следующей 1858 год, во время поездки Катенина в степи, явился, наконец, с повинною к нему и сам Исет Кутебаров, не только получивший прощение, но и допущенный впоследствии в Петербург. Можно, кажется, с уверенностью сказать, что не амнистия смирила этого разбойника, ибо ему и прежде несколько раз прощало, - смирили его энергичные преследования отрядов, опиравшихся на степные укрепления. В этот раз он был окружен с одной стороны отрядами самого Катенина и Игнатьева (шедшего в Хиву), а с другой Скрыбина (штабс-капит. корпуса топографов).

• Издатель **Василий ТИММ**, «Русский художественный листок» (Санкт-Петербург, № 31 от 01.11.1858): – «Киргизы Малой Орды, кочующие у предгорья «Усть-Урта»; «...Имя Исета в Малой орде было также грозно, как и соотечественника его Кене-Сары, убитого в сороковых годах... или как имя героя Кавказского Шамиля».

• Художник **Бронислав ЗАЛЕССКИЙ**, «Путешествие в казахскую Сахару»/«Жизнь казахских степей» (Париж, 1865): – «Я провел один день у киргиза по имени Исет Котибаров. Для этой эпохи

это была интереснейшая личность, очень популярная в степях... он оставался вождем... и исполнял должность судьи».

• Начальник Азиатского департамента МИД Российской империи **Е.П. КОВАЛЕВСКИЙ** во время похода на Хиву в 1839-1840 годах: *«... На степных перепутьях встретил и батыра Исета Котибарова еще до того, как возглавил антиколониальное движение в Приаралье, среди некоторой части казахов Малого жуза. Исет был сложен как Геркулес; его атлетические формы, его дикая красота и приемы, полные отваги могли поразить европейца и имели сильное влияние в кругу его соотечественников».* («Странствователь по суше и морям», СПб., 1843, кн. 1, с.155).

• Восстание (и деятельность) Есета широко освещались в **российских и зарубежных изданиях XIX века**: «Современник» (1851); «Всемирная иллюстрация» (1860); «Отечественные записки» (1860); «Русский вестник» (1859); «Русский художественный листок» (Нр.31 от 01.11.1858) Василия Тимма; в «Аугсбургской газете» (Германия); в лондонском «Колоколе» (Англия, Нр.28 от 15.11.1858, с.231) А. Герцена, капитана Ч. Валиханова, М. Венюкова и др.; в «Русские в Средней Азии» (Лондон, 1865, с.367-406) и мн. др.

• Широко освещена деятельность Есета Котибарулы в книгах писателя-журналиста **Таумана Алыбайулы ТОРЕХАНОВА**: «Қанмен жазылған тағдырлар – Крoваяя трагедия в степи» (Алматы, «Атамұра», 1999, 416 с.); «Адам әлемі» (Алматы, «Атамұра», 2004, с.24-36.); «Тарихтың қанды іздері – Крoвавые следы истории» (Алматы, «Атамұра», 2005, с.700-704); «Дала Геркулесі–Геркулес степей» (Алматы, «Атамұра», 2008, 600 с.) историко-хронологический роман-трилогия основанный на документально-архивных материалах и более подробнее материалы на веб-сайте <http://www.taumantorekhanov.com>

• Является персонажем казахской народной лирико-эпической поэмы XIX века «**Айман-Шолпан**».

Источники. «Книги о батыре Есете Котибарулы»; Информационный центр Тарлан; Институт истории и этнологии им. Чокана Валиханова; «С визитом к царю из Шалкарской пустыни».

ҚАЗАҚТЫ СЕКСЕУЛГЕ ТЕҢЕДІ

Ресейдің генерал-губернаторлары, танымал тұлға **Мекемтас МЫРЗАХМЕТҰЛЫ** айтып, жазып отырғанындай («ЖҚ», 20.09.2013 ж.) казак арасындағы рушылдықты коздыру арқылы бірін-біріне айдап салып, бірінгін ыдыратып отырды. «**Өйткені қазақтың табиғаты**

сексеуіл тәрізді, оны балтамен шауып қирата алмайсың, ал сексеуілді сексеуілге ұрсаң, быт-шыт болып талқандалады»,- деген ұстамдары бар дейді **МЕКЕМТАС** ғалым.

Еске сала кетейін, 1850 жылдары Есет Көгібарұлының ұлт-азаттық көтерілісінің басты бір батыры Арыстан Тінәліұлын Орынбор генерал-губернаторы В. Перовский тексіз бір қазақты бір-екі жыл киллерлікке үйретіп, Арыстан батырды жазғытұры ел көшіп жатқанда абайсызда өлтіртеді. Ал «батырды Әлім елінің шөмекейлері өлтірді»,- деп өсек таратып, осы Әлім елінің екі аталығын жанжалдастырады. Бұл қайғылы оқиға менің «*Дала Геркулесі*» деректі тарихи романымда кеңінен баяндалады.

КАУІПТЕН САҚТАНЫҢЫЗ, ОЛ ҮШІН ...

31.05.2013 ж. Дәрігер кеңесі:

Иә, әбден шыдамым таусылып, бүгін ертеңгі онда №12 қалалық емханаға бардым. Ентігіп, әржерде тұрып №202 кабинеттегі лор дәрігердің қабылдауында болдым. Жасы тоқтасқан, қазақша айтсам, қазақтың сарқарын бәйбішесі екен, асықпай-үсікпей мені тыңдап алды да, біраз ойланып отырып:

– Екі құлақтың шулауы, күнгірлеуі, ми арқылы келетін қан айналымының бұзылуы, сосудтардың дұрыс жұмыс істемеуі, құлаққа қан үздік-создық келеді. Нарушение сосудистой системы. Бұған тағы бір себеп қайта-қайта мұрын қуысынан сұйықтық ағуы, кеңсірік жолдарының қалыпты жұмыс істемеуінен болады. Кейде құлақ аппаратының күнгірлеуі құлақты шуылдатып ауыртатын да болады. Менің ұсынысым, әрине, барлық саналы ғұмырым осы салада қалып барады. Сондықтан кеңес берейін:

– Ертеңгілік таза ауада біраз жүру керек. Бірақ жас келгесін, жалғыз жүру де қауіпті. Табан астында қан айналымы бұзылып, құлап қалсаңыз... қауіпті.

– Ауыр затты көтеруге болмайды. Қан қысымы көтеріліп кетеді.

– Орнынан асығыс, шәлт тұру да қауіпті. Барынша жай қозғалу керек.

– Ұзақ ұйқы да зиян. Жасыңызға қарай, сол 5-6 сағат ұйқы жетеді.

Айқай-шулар да, жағымсыз әңгіме де зиянды. Телехабарлардың жағымсыз бейнелерінен тартыныңыз.

– Сөз басында айттым ғой, сіз төрт-бес рет отадан шыққансыз, білемін, сіздің замандастарыңыздың балалық шағы аштық, жоқшылық, жалаңаштықпен өтті ғой. Сегіз рет инфаркттан аман қалғансыз. Енді сақтану керек. Мүмкіндігіңіз болса, ертеңгілік көбірек жүру өте пайдалы. Ертеңгі таза ауада отырудың да пайдасы көп.

– Тамақтың нәрлісін, әрине, майсызын ішкен дұрыс.

– АД (артериальное давление) тұрақты өлшеп тұрыңыз. Низкое давлениені емдеу, қалпына 130-ға келтіретін әлі де медицинада амал аз.

– Қазір АҚШ, Европа халықтары «танакан» (Франция) дәрісін көбірек пайдаланады. Бұл дәрі, әрине, жасы келген адамдар үшін сауықтыратын, қуат беретін емдеуші. Өкініштісі, зейнеткерлер үшін қымбат дәрі. Амал жоқ. «Мың күнгі ұжымактан бір күнгі тіршілік артық» демей ме, қазағым», - деп лор дәрігері рецептіні жазып берді. Содан кейін:

– Көп ауырған, жасы келген адам – медицинаның бір маман профессорынан кем білмейді, аман болыңыз, ауруға да, кәрілікке де қиятын жан емес екенсіз, аға, - деп миығын тарта күлді.

Мен кәдімгідей сауығып қалдым. Ұлы дәрігер – невропатолог, психиатр, психолог и физиолог *В.М. Бехтерев (1857-1927)* айтқандай: *«Дәрігердің қабылдауынан шыққан соң пациент өзін қунақы сезінбесе, ол дәрігер емес»,* - деген екен. Иә, солай.

ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ МЕРЕЙТОЙ

28 қаңтар-январь-януар – 1963 ж. Бұл күн біздің әулет үшін тарихи да қуанышты күн болды. Осы күні таңға жуық дүниеге Анасы сап-сары сары қыз әкелді, өзі аман-есен қол-аяғын бауырына алды. Ертеңгілік ұлымыз екеуміз (бұл жылы ол бес жасқа аяқ басқан еді) үйден бірнеше түрлі тамақ алып перзентханаға келдік. Иә, қар қалың, малтығып әрең жеттік. Анасын аман-есен қол-аяғын жинап, сап-сары сары қыз әкелуімен құттықтап бола бергенімде балам:

– Мама, мынаның ішінде ет, сорпа, мынау май, мынау сөк, мынау нан, міне, шай, – деп шұбыртып ала жөнелді.

Біз перзентханадан шыға бере Үрзия Сәрсенбайқызы әулетінің темірқазығы жеңгей бір бидон тұшпара (пельмен) алып жетті. Бір аптадан кейін ұжымды шақырып, шілдехана жасап, сары қыздың атын қойдық...

28 қаңтар-январь-януар – 2013 ж. Сол кенжем бүгін телефон соқты. Мерейтойымен алматылықтар болып құттықтадық.

Бұл тарихи күн еске мына бір жайды түсірді-ау. Бұл 1981 жылдың 13-15 наурыз күндері болатын. Біз шығармашылық іс-сапармен бір топ казакстандық редакторлар Ленинградқа барғанбыз. Қызым Мәскеуде студент болатын, оны Ленинградқа ала кеткен едім. Осында, «Москва» қонақ үйінде менің жарты ғасырлық туған күнімді казакстандық, украиндық редакторлармен атап өттік. Қызым басықасында болып осы шараларды ұйымдастырған еді.

ХАЛЫҚТЫҢ БІРЛІГІН, ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ – ӘР ТҰЛҒАНЫҢ БОРЫШЫ!

Живи и дай жить другим. АНГЛИЙСКАЯ мудрость.

– *«Я с Иван Матвеевичем, русские националисты!»* Россияның мықты бір шенеунігінің «РТ №24» телеарнада айтқан сөзі. 2012 ж.

Национализм – *сопровожаемый идеей нац. превосходства и нац. исключительности, нередко принимает крайние формы (шовинизм).* БЭС, М., 1998, С. 788.

Шовинизм – *(фр. сл. chauvinisme) крайняя агрессивная форма национализма.* БЭС, М., 1998, С.1376.

Пролетариаттың, жарлы-жақыбайлардың ұлы көсемі В. Ленин заманында ұлы орыстық шовинизммен күресу идеясын көтерген еді. Себебі шовинизм орыс халқынан басқа халықтардың теңдігін, еркіндігін, бостандығын жоюға бағытталған саясат деген болатын.

Бұл қағидалар бүгінгі (2013-2014 ж.ж.) Украинадағы халықтық толқынды және Ресей шенеуніктерінің іс-қимылын еске түсіреді.

Әлемге танымал академик Асқар ЖҰМАДІЛДАЕВ:

«Орыстың «Игорь полкі туралы сөз» деген керемет эпосы бар. Бұл эпоста князь Игорьдің қыпшақтарға жасаған сәтсіз жорығы айтылады. Ол қыпшақтардың жерін тартып алмақ болып, жорық жасайды. Бірақ өзі қолға түсіп қалады. Тұтқында жатады. Бұдан шығатын қорытынды – Киевтің түбінде қыпшақтардың ханының ордасы болған. Осы Қырым татарлары – қыпшақтардың ұрпағы. Сол қыпшақтардың тағы бір ұрпағы – біздің ноғайлар. Кезінде қыпшақ тайпалары Донға, Днепрге дейін барған, билеген. Орыстың осы эпосынан көп дүниені аңғаруға болады. Сондықтан Қырымға орыстан да, украинадан да гөрі, ең алдымен, Қырым татары иелік етуі керек. Бұл, ең алдымен, Қырым татарының жері. Содан кейін қалғандарының жері. Қырымда Қырым хандығы 350 жыл өмір сүрген. Олардың хандары болған. Олардың батырлары болған. «Қырымның қырық батыры», - дейтін эпос бар қазақта. Ол тегін шықпаған. Мінеки, осы деректердің өзі де Қырым татарларының сырттан келген халық емесін көрсетеді. Олар – сол жердің халқы», - дейді. «Жас Алаш», 23.03.2014 ж.

– *Қрым үшін неге соғыспады? Өз жерін неге қорғамады?*- деген сауалға Беларусь көсемі Батька – Александр ЛУКАШЕНКО былай деп жауап беріпті.

– *Біреулер Қырым бұрында орыс жері болған дейді. Ондай қисынға салсақ, онда сонау Батый ханның заманына, монғол-*

татар шапқынышылығы дәуіріне оралып, Ресейдің қазіргі территориясының көп бөлігін Қазақстан мен Монғолияға қайтарып беруге тура келеді, депті. «Алматы ақшамы» газ., 10.02.2015 жс.

Айтуым керек, тарихи деректерді Александр Лукашенкодай әділ де білікті, ешкімге жалтақтамай тура айтатын ұлы тұлғаны бірінші рет көріп отырмын, осы заманда!

ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕСЕК...

ТАҒЫ БІР ОЙ – күні бүгінге дейін «Қазақстанда 130 ұлт тұрады», - деп БАҚ және телеарналар жағы талмай жазып та, айтып та келеді. Сонда дейміз-ау, «Қазақ елі» дейтін болсақ, басқа жүздеген ұлт диаспоралары бұған қалай қарайды? Бұл – бір, әрі маңыздысы саяси жағынан. Екінші, өткен ХХ ғасырдың ортасында КазГУ-де оқып жүргенімізде, түркологтар «стан» фарсы сөзі – «орын, алаң, дала» деген мағына беретін дейтін-ді. Заман өзгерді, саяси бағыттары да әр елдің әртүрлі. Демек, қазақ жерінде жүздеген ұлт өкілдері тұратынын еске алып, 60-70 жылдай жазылып, тарихқа сіңісті болып кеткен. «Қазақ Республикасы», - деп алсақ, саяси бірлікті – достықты қамтамасыз етер еді. Әлемнің көптеген елдеріне «Республика» таныс та біліс термин. Өзімізді-өзіміз кішіртпей, ауыл, ел демейікші.

Республика сөзінің этимологиясына келсек, «Республика» – (лат. respublica, букв. - обществ. дело). Форма правления, при которой глава государства (напр., президент) избирается населением или спец. избират. коллегией. Законодат. власть принадлежит выборному представит. органу (парламенту) большинство совр. государств являются Республикой. БЭС, М., 1998, С. 1013.

Иә, бұл жалғыз менің пікірім емес, зиялы да интеллектуальды орта «Республика» сөзін қолдайды. Бұл да бір пікір ғой.

КӨСЕМДЕР ТУРАЛЫ КӨРМЕ

*Аягул МАНТАЕВА,
арнайы «Алматы ақшамы» үшін Мәскеу:*

Мәскеудегі мемлекеттік тарихи мұражай Ленин мен Сталиннің тұлғасын ашып көрсететін көрме ұйымдастырды.

Мұражай директоры Алексей Левыкин: «Біз кеңестік идеологияны түсінгіміз келмесін, түсіне алмайық, бірақ, ол – біздің тарихымыз. Біз бүгінде ашық идеологиямен қарым-қатынас жасауға дайынмыз»

келеді. Екі тұлға біздің елімізде өмір сүрді және қоғамды өзгертті. Бүгінде олар туралы әртүрлі алып-қашпа әңгімелер де, шындық та айтылып жатыр. Олар туралы аңыз аз емес және бұл заңдылық та. Шындық емес шындықты біз ешқашан түбегейлі түсіне алмайтын шығармыз. Біз қабылдай алмасақ та, түсінгіміз келмесе де, әлемде миллиондаған адам Сталиннің өмірін үлкен қызығушылықпен оқиды. Оны мықты саясаткер, көреген мемлекет басқарушысы деп таниды», - деді.

Көрермен көрмені келесі жылдың 13 қаңтарына дейін тамашалай алады. Мұражай алдағы күнде «Сүйікті көсем жайлы аңыз» атты экспозицияны көрсетуді жоспарлап отыр. «АЛМАТЫ АҚШАМЫ», 29.03.2014 жс. (Материал қысқартып берілді).

ХАЛЫҚ ЛЕНИНДІ ҚОЛДАЙДЫ

Ресей халқының жартысынан астамы (шамамен халықтың 61 пайызы) Владимир Лениннің денесін көму керек деген бастаманы қолдап отыр. Ал, 23 пайызы «Күн көсемнің» жер қойнауына тапсырылуына түбегейлі қарсы екен.

В.И. Лениннің туған күніне орай «Қоғамдық пікір» қоры жүргізген сауалнаманың қорытындысы осындай. Сұрақ-жауапқа қатысқан ресейліктердің жартысынан сәл астамы Ленинді өмірде жақсы адам болған деп есептейді. Ал, 43 пайызының пікірінше, ол мемлекетке үлкен пайда алып келген. «АЛМАТЫ АҚШАМЫ», 26.04.2014 жс.

Осы кітап авторын 1957 жылы Қазақстан облыстық, аудандық партия комитеттерінің тапсырмасымен КСРО халық шаруашылық көрмесіндегі озық іс үлгілерді елде насихаттау үшін Мәскеуге аттандырған еді. Ауданның бір топ еңбек озаттарын басқарып барғанмын. Осы сапарда бірінші рет Ленин мен Сталин мавзолейінде болғанбыз. Екі көсемнің жатқан денелерін көріп, тәу еткенбіз. Екінші рет 1961 жылы Мәскеудегі халық шаруашылығы көрмесінде болып, қойды, сиырды, жылқыны-биелерді қолдан ұрықтандыру мәселесін баспасөзде насихаттау үшін ресми орындардың тапсырмасымен барған едім. Осы жолы да ұлы көсемдердің В.И. Ленин мен И.В. Сталиннің Қызыл алаңдағы «мен мұңдалап» тұрған еңселі мавзолейінде бәйбішем Балзада Шәмшіқызы екеуміз болып, ел-Одақ тарихын еске алған едік.

1970 жылдары шығармашылық іс-сапармен бір топ қазақстандық редакторлар Мәскеуде болғанымызда, ұлы көсем В.И. Лениннің жалғыз дамылдап жатқанына куә болдық. И. Сталин денесін мавзолейден алдырған Н. Хрущев елі ғой. Сол бір замандағы репрессияны

жалғыз И. Сталин жасады,- деп алдырған болатын. Тарихтан белгілі, Н. Хрущев сол қанды-қансыз репрессияның қак ортасында дуылда-тып жүріп, Украинада өзі де ұйымдастырушы болып жүрген еді ғой. Иә, такта отырғанда көсемдердің бәрі жақсы, тактан кетсе, бәріне «күйе» жағылады-ау осы, ә?

КӨСЕМДЕРГЕ КӨЗҚАРАС ҚАЛАЙ, ӨЗІ?

Кешегі КСРО басшылары жайлы да қызықты пікірлер жетерлік. Ресейліктерде В.И. Ленинге, И.В. Сталинге, Л.И. Брежневке оң көзқараспен қарайтындар көп екен. Сауал қойғандардың - респонденттердің 56 пайызы жағымды жауап берген. Жауап берушілердің 50 пайызы И. Сталинді жақтаған. М. Горбачев пен Б. Ельцинге қазіргі ресейліктердің көңіл-күйі онша емес. Біреулері Кеңес мемлекетін сатты десе, екіншілері шенеуніктердің үкіметін құрды,- деп сынға алады. Иә, Борис Ельциннің Свердловскідегі ескерткішін қою қара маймен сылап, әбден масқаралап кетіпті. Кім? Белгісіз! Бұл ақпаратты 2012 жылы Ресей телеарнасы берген еді.

КСРО-ны 18 жыл басқарған Л.И. Брежневтің дәуірін халық нағыз қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман еді дейді. Бұл пікір «*Левада-орталығынан*» алынды. 2013 ж.

«Иосиф Сталинге арнап, оны кіші Отаны Горида ескерткіш орнатылмақшы. Грузияның Мәдениет министрі Гори қалалық жиналысының ұсынысын Грузин мемлекет басшысының алдына қойған. Мемлекет басшысы мақұлдаған. Сонымен Ескерткіш 21.12.2013 ж. дейін Сталин (Сосо) туған, тұрған үй алдына қойылмақ. «*АЛМАТЫ АҚШАМЫ*», 13.08.2013 ж.

Осы кітаптың авторы өткен ғасырдың екінші жартысында Боржомиде екі мәрте дем алғанда, оның Гори қаласындағы, туған үйінде болған еді. Ол кезде Ескерткіш қала орталығында, көсем дүние салғасын орнатылған көрінеді. Кешегі президент Сталиннің сол Ескерткішін 2010 жылы түнде бұздырып, әкеттірген екен.

Иә, халық құдайдың бір аты дегендей, халық қаһары, Сталин аруағы оны тактан қуды.

Мәскеудегі В.И. Ленин мавзолейі үш жылдан бері күрделі жөндеуде болатын. Осы жақында халыққа дидарласуға берілді,- деп Ресей телеарнасы хабарлады. 2013 ж., *РТ №24 телеарнасы*.

Тағы бір хабар Кремль қабырғаларындағы КСРО көсемдерінің, данқты тұлғалардың күлі салынған кобдишаларын Мытиши қаласына орналастырағын болыпты. *Бұл да сонау.*

«Біз Сталинге қарамастан жеңіске жеттік дегенге дейін, айтып жүргендер бар. Сталинсіз біз Жеңіске жете алар ма едік, деп қорқамын». Валерий ГАНИЧЕВ, жазушы, журналист, «ЕҚ», 26.06.2013 ж.

Жаман халық деген жоқ, жаман адамдар бар. Адамгершілігі мол мемлекет деген болмайды, адамгершілігі мол адамдар болады. Мұстафа ШОҚАЙ.

Ислам КӘРІМОВТЫҢ сөзінен:

– Қазақпен жолға шықсаң, адаспайсың...

– Иә, қазақтар түйесін жетектеп жүріп, жерді ала берген екен..., ә? деген еді.

ТАРИХҚА ДА КӨЗ САЛАЙЫҚШЫ, ОСЫ

Заман өзгеріс үстінде! Ұрпақ та өзгеріске түсті. XIX ғасырда социалистік қоғамның теориялық ғылыми негізін жасаған Карл Маркстің, Фридрих Энгельстің және ол теорияны тарих толқынына әкеліп, әлемнің біраз аймағында социализм құрған В.И. Ленинді, И.В. Сталинді білмейтін ұрпақ өсіп келеді. Ал білетін сол теориямен қаруланып өскен, өнген ұрпақ бұл дүниеден өтіп барады, тым аз-ақ қалды.

Жас толқын нарықтық экономика, тынысымен күн кешуде. Бұл капитализмнің бір сатысы. Бұл қоғамда мемлекеттік жоспарлау болып жарымайды. Содан әркім өзінше оқиды, білім, мамандық алады. Өкініштісі, екі қолға бір күрек жұмыс бола бермейді. Соны – экономикалық, қаржылық дағдарыс. Бұл әр он жылда бір қайталаанады. Сондықтан болар, нарық экономистері мен қаржыгерлері Карл Маркстің «Капиталын» қайта оқуға көшті. *Ал Қытай мен Жапония жсоғары оқу орындарында Карл Маркстің ұлы еңбегі «Капиталын» оқытады екен.*

Иә, барлық байлық, қаржы-қаражат шенеуніктердің, банкирлердің қоржынында. Социализммен салыстыра алатын қазіргі нарық заманынан тек білімділер ғана болар.

VII АСТАНА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФОРУМЫНА ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВ:

24.05.2014 ж. Бүгінде әлемде 1,5 миллиард адам күніне 1 доллардан аз-ақ асатын қаржыға өмір сүреді. 2,5 миллиардқа жуық адамдар 2 долларға жетер-жетпес қана кіріс табады. Бұл іс жүзінде жер бетіндегі тұрғындардың 40 пайызын құрайды. Дүние жүзінде 200 миллиардтан астам ұялы телефон бар. 1,5 миллиард

ард адам – өзін-өзі іспен қамтамасыз етушілер немесе уақытша жұмыс істеушілер.

Бұл игілікті бөлу мәселесінде жаһандық теңсіздікке әкеп соқтырады. «Кредит Суис» зерттеу институтының деректері бойынша, қазір планетамыз тұрғындарының 1 пайызының қолына бүкіләлемдік байлықтың 40 пайызына жуығы шоғырланған. Осындай жағдайда жер бетіндегі тұрғындардың 70 пайызы әлемдегі игіліктің тек 3 пайызын ғана пайдаланады.

Мұндай жағдай жаһандық дамуды тоқырауға ұшыратып, болашақта орасан зор әлеуметтік келеңсіздіктерге ұрындыруы мүмкін.

Адамзат өркениеті постиндустриялық әлемнің орнына зерттеушілер «жаңа орта ғасыр», - деп атап жүрген кезеңге оралуы ғажап емес.

Біздің барлығымыз ең басты міндет – теңсіздікті азайту және кедейшілікті жою мәселесіне жұмылуымыз қажет. «Кедейшілікті жоюдың Жол картасын» белгілеу қажет.

Иә, бұл деректер осы кітапта бұрын да айтылған, жазылған. Дәтке қуатты Елбасының мұндай әділетсіздікті, теңсіздікті әлемдік ортаға алып шығып, жайып салуы өте құптарлық жайт! Экономикалық форумға қатысқан халықаралық экономистер бірден қолдады да!

Кедейшілікті бай мен кедей арасындағы теңсіздікті жою үшін не істеу керек? Қоғамдық құрылысты өзгерту керек дейді көптеген философтар, экономистер, қайраткерлер. Болмаса жинап алған байлығын ешбір шенеунік, банкир халыққа ұстата салмайды.

ҮНДІЛІК ұлы айтқан: «Қанишама адам көрдім, үстінде киімі жоқ, қанишама киім көрдім – ішінде адамы жоқ». Иә, солай!

ҰЛЫДАН ҰЛЫЛЫҚ ТУАДЫ

Колумбияның ұлы жазушысы Габриэль Гарсия МАРКЕС (6.03.1927-17.04.2014) тарихта біртуар тұлға еді-ау.

Ұлы қаламгердің ұлы еңбегі «Жүз жылдық жалғыздық» («100 лет одиночества»), «Патриархтың күзі» («Осень патриарха») романдары, «Өмір туралы толғану үшін өмір сүру» мемуары, айтар едім, теңдесі жоқ туындылар. Бұл еңбектері әр заманда орыс тілінде жарық көрген еді. Еске сала кетейік, осындай ұлы шығармалар 1982 жылы Нобель сыйлығына ие болды. Оның ұлы сөзі: *«Жазушы қай күні шындықпен байланысын жоғалтады, сол күні өзі де жоғалады»,* - деген даналығын осы кітаптың титул парағында тегін келтіріп отырғаным жоқ.

Анығын айтсам, Маркес біртуар тұлға: Жарық дүниесінде билік алдында бас имей, шындықты ту етіп ұстаған атышулы қаламгер! Осы ұлы Шындықты «Патриархтың күзі» романында боямасыз жаз-

ды. Алтын таққа ұсынған, өзіне дауыс берген, амандығын тілеген, бар нәпақасын үзіп берген халқын езіп, жаныштап, қамырша илеп, басқа пікірдегілерін өртеп, өлтіріп, қанын ішкен тиран – биліктің өз заманындағы іс-әрекетін сонша жантүршігерлікпен жазды. Бұл суреттеу адамзат тарихында ел билеген «көсемдердің» (әрине, халқы үшін жанын пида еткен ұлы билеушілер де болғанын айта кетуім керек) жиынтық образы деп те бағалауға болады. Бұл баға авторитарлық – бір өзі билеу, төстеу билікке тәндік құбылыс. Мен осы Күнделік кітапта: **«тақта – бір орындықта ұзақ жыл отырған басшының айналасы иістене бастайды»**, - деп халық сөзін жазғанмын. Ол басшы өзі туралы, ақыл-ойы, басшылығы жайлы нендей қауесет, аңыз, өсек-аян, анекдот ел ішінде тарап жатқанын, қайсысы шындық, қайсысы өтірік-өсек екенін көп жағдайда талдап, ойға салып бағалай бермейді. Басты себеп-үнемі жандайшаптардан мақтау-мадақтау есітіп отырғансын өзінің басы оған айналып кетеді. И. Сталин де заманында «Табыстан бас айналуды» жазған. Міне, осындай басшының жиынтық образын ұлы жазушы өте нанымды етіп жазады. «Жүз жылдық жалғыздық» атты романы да осы тақырыптың ұңғыл-шұңғылын ашады. Ұлы жазушы дейтініміз, «жүз жылдық ғұмыр кешкен» қария-басшы, бір қарағанда, халқын жарылқаушы, қамқоршы болып көрінеді. Сонымен, **ол биліктің өмірлік тұтқыны, енді ол тұтқыннан қалай шығарын да білмейді, тіпті өз тағдырын өзі билей де алмай қалады**. Содан болар, өзінен ешкім биік емес, өзі көсем, өзі дана, өзі шешен... Ақыры ол ешкімге сенбейді, деп ұлы қаламгер тақта отырған латынамерикалық шалдың бейшара халін баяндайды.

Қазақ халқының дара жазушысы **Ғабит МҮСІРЕПОВПЕН** елде, Алматыда кездескен едім. Талай пікірін білемін. Көрнекті жазушы **Роллан СЕЙСЕНБАЕВ** жазғанындай, **ҒАБЕ** кешегі Кеңес билігінің соңғы құлар кезіндегі ойын: **«Билік халыққа сенбейді, халық билікке сенбейді, айтатыны өтірік, істейтіні өтірік...»**, - деп сөзін «ЕҚ» газетінде келтірген еді.

Қайталаймын, ұлы – қолбасшы Темурдың немересі, атақты жұлдызшы, астролог **ҰЛЫҚБЕК**: **«Сәнді сарай, алтын тақ, ешкімге оңа бермеген, Күні жетсе бәрі де, Жексен болған әсерменен»**, - деген екен баласы діндарлардың сілеуімен қолына қабын, ай балтасын алып, әкесінің басын шауып алуға келгенде...

Даңқты жазушы **Габриэль Гарсиа МАРКЕСТІҢ** шығармалары біздің қазақ халқының отаршылдық замандарындағы қайғы-қасіретін еске түсіреді-ау. Дара ақын **Қасым АМАНЖОЛОВ**: **«Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген, Жорегімде тіл қаттым, мұң тілімен»**, - дегендей, Жаратушы Ием ел Тәуелсіздігін баянды еткей. Тәуелсіздік тізгіні халықтың өз қолында! Көш басшының қолында! Алматы, 20 сәуір, 2014 ж.

БАСТАЛУЫ БАР ДҮНИЕНІҢ АЯҚТАЛУЫ ДА БАР БОЛАР-АУ

Бұл да бір назар аударатын, тіпті тереңірек ой жіберсең, бойына үрей туғызатын деректерді біраз ойшылдар алға тартады. Бізден бұрын да жер бетінде төрт органикалық әлемдік тіршілік болған, олар: жер сілкіністерден; қатыгездік қанды қырғындардан; тіршілікті түбірімен жоятын алапат техникалық қарулардан және құрлықты жалмаған топан сулардан жойылған деген болжамдар айтады. Рас па?

Ал күні кешегі ақыр заман болады, жер бетіндегі барлық тіршілік жойылады деп әлемді дүрліктірген Мая тайпасының «жазбалары» да әлем жұртшылығын аз әбігерге салған жоқ. Иә, Индонезияның Бали аралындағы, Жапониядағы цунами – жер-су асты сілкіністері де әлем халықтарының пікірлерін екіге жарды. Адамдардың рухани қасаңдануы, құлқынқұмар байлардың қатыгездігі, ар-ұяттан жұрдай болуы, халықтың нәпахасын тартып алуынан осындай жан төзгісіз апаттар болды дейді.

Иә, бетін әрмен қылсын, Жаратушы ием! 2013 жс.

ӨКІНІШТІ-АҚ ЖАҒДАЙ ҒОЙ, БҰЛ

Жақында (16.07.2014 жс.) «Қазақстан» телеарнасы «Қазақтардың маңдайына сыймай кеткен қаншама дарынды балалар шетелдіктердің қарамағында жүр», - деп басталатын хабарды тележурналист Германия Федеративтік Республикасынан берді. Бұл елде жүрген қазақ балаларын асырап отырған отбасыларын көрдік. Аяныштысы сол, көздері ботаның көздеріндей қап-қара мөлдіреп, біздің тележурналист қазақ қызына сағынышпен қарайды-ау. «Мен қазақпын!», - деген бір баланың сөзін естігенімде, жанымды қоярға жер таппай, көзім жасқа толып кетті-ау. «Анашымды іздеймін», - деген аянышты сөзді де естіп қалдық. Иә, күтімі де, ортасы да жақсы! Бірақ ата-анасына, әке-шешесіне, туған еліне деген сағыныш боздаған ботадай көрініс беруде.

Осы жолдардың авторының жазылған хаттай есінде, 1812-1818 жылдарда да аш-жалаңаш қазақтар балаларын күнкөрісі болмаған соң, Қоқан хандығына сатқан екен. Сол қандастарымызда сол елге сіңіп кетті ғой. Өкінішті!

Есімнен 1931-1933 жылдардағы аштық-ашаршылықта кетпейді-ау. Ол жылдарда үш-төрт жаста болармын. Бәрі есімде! Иә, 40 күнге толғанымда асырап алған әкем де, анам да аштан (отыз үш, жиырма жеті жастарында) бақилық болды.

АЛ ЕНДІ ҚАЗІР ШЕ?

Қазақстан туған ел дүркіреп тұр ғой. Елбасы барлық жағдайды жасауды Үкіметке талай рет тапсырды. Айтарға ауыз жетпейді. Ұлтты өсіру үшін неге балаларын шет елдерге сатып, бизнеске айналдырамыз!? Түсініксіз! Мықты мемлекет, ұлт болу үшін халық саны 50-60 миллион болуы керек. Ойланайықшы!

Иә, Берлиннің университетінде кездесуден кейін бір профессор-экономист: *«Қазақстан Республикасына Герман Федеративтік мемлекетінің бүгінгі дәрежесіне жету үшін бір засырдай уақыт керек болар-ау»*- деді. *БЕРЛИН, 2000 ж.*

Ал АҚШ-тың экс Президенті **Билл КЛИНТОН** американдықтар асырап алған қазақ балаларын көріп: *«Қазақстанға Америка дәрежесіне көтерілуге әлі де бір жүз жылай уақыт керек болар»*,- дегені бар. *«ҚАЗАҚСТАН» телеарнасы, ақпан-наурыз, 2014 ж.*

Әрине, бәрі де болжам ғой. Бірақ елдегі өсім қуантады!

Қазақ еркіндікті сүйетін, қалайтын халық. Сондықтан болар ерлер, әркез де үйде де, түзде де еркін жүріп-тұрғанды ұнатады.

ҰЛЫ ТҰЛҒА НЕ ДЕЙДІ?

Ұлы әулие, халық батыры, халық биі, ұлт-азаттық көтерілісінің қолбасшысы **Есет КӨТІБАРҰЛЫ:**

*Кәрілікке жеткізсе,
Талайды көрер бастарың.
Заманымда өзімнің –
Еңсеріскен ер көрдім,
Белсеніскен бел көрдім,
Жасанысқан жау көрдім,
Тізелескен дау көрдім,
Үрікпедім, саспадым,
Табаным тайып қашпадым.
Түгел ердің жолдасы –
Тілектес болған дос-жарым!
Сол дәулеттің тұсында,
Аспадым да таспадым...
Қанды көйлек жолдасты,
Сары алтындай сақтадым...,-*

деген екен.

Автордың *«Кісенделген дала»* кітабынан алынды, *«Атамұра» бастасы, 2003 ж., 179 б.*

Есет КӨТІБАРҰЛЫ:

Біреулер сый-сияпат үшін жсағымпаздануға даяр тұрса; енді біреулер өзгенің есебінен күн қоруге бейім; біреулері басыңда бағың, астыңда тағың барда қасыңнан табылып, бағың тайса, жалт берер болса; достардың енді бір түрі жсанын пида етуге даяр тұрар. Иә, мұндай дос, ардақты азамат жер бетінде қалса, қанекей!

Сый-сияпат алын дос болу, дүние боққа сатылып достасу сатқындық! Ол баянсыз да байламсыз.

Ұлы тұлға бәрін айта келіп: «*Артымда Жер иесі, Ел иесі жастар, жас ұрпақ қалып барады. Ендігі заман солардікі!*» - деген болатын.

Ал, осы жолдардың авторы – менен Аманат болып не қалады, бұл жалған дүниеде? Иә, сүйікті халқым, үрім-бұтағым ешбір қайғы-қасіретсіз қалса екен, аман, абыройлы болса екен! Және жазған кітаптарым қалса екен – біреуді тебірендетін, біреуді шіміркендіретін, біреуді сабасына түсіретін, біреуді ойландыратын, біреуді тілін тістететін, біреуді бұл жалған дүниеден баз кештіретін, біреуге істеген қиянатынан кешірім сұрайтын...

Өтті өмір осылай дейінші. Енді бұл жалған дүниеде жүреріме қанша уақыт қалды? Иә, жас келді ғой. Бәрі, бәрі тұсалды, тұмашаланды, байланды. Ал, бұл Күнделік кітапқа енген ұсак та ірі оқиғаларда, түйіндемелерде, деректерде бір қылшықтай қоспа жоқ, таза сол күйінде, сол көрген, араласқан, арпалысқан, тартысқан, таласқан, айтқан қалпында жазылған еді.

Ал қазіргі заман тіршілігіне таза адамның қиналмай, алаңсыз аяқты нық басып жүруі қиын-ақ екенін білемін. Бұл жүрекке салмақ түсіреді. Бәлкім, содан болар, не жас келді ғой, соңғы жылдары тоғыз рет инфаркттен өттім-ау. Ақыры кардиохирургтің ұсынысын қабылдадым.

Сонау елуінші жылдардағы А.С. Пушкин атындағы кітапханасында Антон Павлович Чеховтың бір күнделігіндегі мына бір сөзін жазып алған екенмін. Халық мені бір апта ғана есіне алар, содан кейін ұмытады ғой деген еді. Иә, Чеховты оқырман халық мәңгілік ұмытпай келеді емес пе?! Жоғарыда айтқандарымнан басқа, төрт мыңдай проблемалық мақалалар, хабарлар, репортаждар, фельетондар, очерктер, сұхбаттар, эсселер, баяндамалар – әрине, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған. Ал Шалқар өлкетану тарихи музейінде бірнеше баспа табақ еңбектер жарық көрмеген жатыр.

Иә, төреші уақыт қой. Кім еске алады, кім ұмытады!?

Біздің әулет ұлы да текті бір аталықтан тарайды. Сондықтан да ұлыдан ұрпақ қалса, тектіден тұяқ өссе екен деген аса зор үміт – арманымды жаратушы Ием қабыл алғай.

Киевтің ұлы князі *Ярослав МУДРЫЙ (978-1054)* өлер алдында мынадай ұлы сөздер қалдырған екен: «*Вот я покидаю мир этот,*

сыновья мои; имейте любовь между собой. Потому что все вы братья... И если будете жить в любви между собой, Бог будет в вас и покорит вам врагов... Если же будете в ненависти жить и в распрях и ссорах, то погибните сами и погубите землю отцов своих и дедов своих, которые добывали ее трудом своим великим; но живите мирно слушаясь брат брата».

Иә, алтындай ұрпақтарым, Ата-Аналарыңды қадірлеңдер! Олар мәңгілік емес!

Иә, шындық, әділеттілік, теңдік бәрінен қымбат! *АЛМАТЫ, 20 шілде, 2014 ж.*

Ұлы **ҚЫТАЙ** халқының айтулы қаламгері былай дейді: *«Үздік жазушы мәңгі өлмейді, оның тәні жай адамдардікі сияқты түбінде бір топыраққа айналғанмен, туындылары ел аузында қалатындықтан, жаны (рухы), әрине, мәңгі жасайды».* *МО ЯНЬ, Нобель сыйлығының лауреаты, «ЖҚ», 25.10.2013 ж.*

СОҢҒЫ БІР СӨЗ

Кешегі Кеңес заманында, Компартияның отыз жыл бас редакторы болғанда (жалпы баспасөзде елу жылдан астам еңбек еттім ғой), цензурасымен жұмыс істеген қаламгермін. Сондықтан да біреуге менің мына шығармамды оқып, пікірінді жазып беріңізші деп ешкімге өтініш айта алмаймын. Тәжірибелі, білікті қаламгер өзіне өзі редактор – сыншы, цензор!

«Өзім тапқанды, өзім танығанды қағазға қалай түсірсем, менің ойымда өзгелерге осы күйінде, өзгеріссіз, ешқандай өңдеу-жөндеусіз жетсе екен»,- деген еді **Заманбек НҰРҚАДІЛОВ** өзінің *«Шындық жыры»* кітабында. Иә, солай, өзіндік ойы, пікірі, көзқарасы бар адам – қаламгер, жан-жағына көп алаңдай бермейді!- дегенім ғой.

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ

Кітапты екі жүзелудің үстіндегі (1943-2015 жылдар арасындағы) күнделіктерден алтыс пайызын ғана екшеп, елеп, іріктеп дайындауға 2008 жылы кірісіп, 2015 жылы аяқтадым. Артық-кемі болса, оқырмандардан кешірім сұраймын. АВТОР, Алматы қ., 2015 ж.



ЕКІНШІ БӨЛІМ

Автордың 50, 60, 75, 80 жылдық мерейтойлары туралы пікірлер, бағалар...

ҚҰРМЕТТІ ТӘКЕ!

Туған ауылымыздың абзал азаматы, үзегілес қадірлі құрбымыз, замандас ақжарқын ағамыз, Тәке! Сізді ер жасы – елуге шығумен шын жүректен қызу құттықтап, ыстық сәлем жолдаймыз!

Қадірлі Тәке, Сіздің ширек ғасыр бойына журналистика саласындағы жауапты қызметтегі еңбегіңіз жемісті деу өте орынды бүгін! Ел көзіне түсіп, Шалқардың шабытты журналисі атандыңыз. Ұлы Құм өңірі өмірімен бірге тыныстап, заман ағымының алға тартқан мәселелерін толғаған ой өрнегің ерекше де өзгеше. Бір кездері өзіңнен тәрбие алған інілеріңнің бірқатарының алды бүгінде кітаптар авторлары, көбі белді де белгілі журналист – Сізге шын мәніндегі үлкен ұстаз деген ат әбден лайық.

Тәке, Сізді үлкен семьяның өнегелі басшысы деп те және жақсы қадірлейміз.

Жүрек жарды ақ тілеуімізді ақын тілімен:

*Шежірелі сырын шерткен даланың,
Сырлас досы еңбеккердің қаламың.
Толғандырар өмірдің көп сұрағы,
Күтеміз көп деп әлі жазарың!*

*Өз үніңмен, өз тіліңмен күмбірлеп,
Өнеріңде зергер сөзің тұр гүлдеп.
Келіп қалдың елу жасқа, ал, Тәке,
Мұқалмасын мықты қалам, мың тілек!*

*Қандай ұшқыр, сергек сезім сендегі,
Қуаштатып түйсігі бар пендені.*

***Көпшілікке жаны жаздай журналист,
Көкірегің көк жайлаудай кең бе еді!***

***Сен жазғансың шалқарлықтар дастанын,
Саңқылдайды, көмейіңде асқақ үн.
Арайланып елуінші көктемін,
Ашық тұрсын күн сәулелі аспаның! –***

деп білдіріп, осы айтулы күні Сізге ұзақ ғұмыр, семьяда бақыт, еңбекте ерекше абырой тілейміз!

*Бибіталы, Рамазан, Данагүл, Сейітжан, Әкімжан, Марат,
Бекет, Пейіш, Болат.
Ақтөбе қ., март, 1981 жыл.*

Мәскеу, Ленинград (бүгінгі Санкт-Петербургтен) шығармашылық іс сапардан оралып, елге келсем, елімнің белгілі азаматтары жиналып келіп, елу жылдық мерейтоймен құттықтап, осы бір сұлу сөзбен өрнектелген өлең жолдары жазылған әдемі мебель-тақтайда ойып жасалған құттықтау адресін салтанатты жағдайда табыс еткен еді. *(Осы мебель-тақтай сақтаулы).*

20 март, 1981 ж.

Құттықтауға қол қойған азаматтар жайлы айтатын болсам, *Бибіталы ОРАЗАЕВ* – Шалқар аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, кейін Ақтөбе облыстық Кеңес атқару комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі; *Рамазан НҰРЖАНОВ* – Шалқар, Байғанин аудандық партия комитеттерінің екінші хатшысы, Қарабұтақ, Темір аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшысы, Ақтөбе облыстық маслихатының хатшысы, облыстық басқармалардың басшысы; *Данагүл РЫСМАҒАМБЕТОВА*, *Сейітжан АНАПИН* – облыстық партия комитетінің жауапты қызметкерлері; *Әкімжан ОРАЛБАЕВ* – облыстық газет редакторының орынбасары; *Марат МЫРЗАҒҰЛОВ* – облыстық, қалалық партия комитеттерінің бөлім меңгерушісі; *Бекет ЕСЕНЖОЛОВ* – Ақтөбе қалалық партия комитетінің бөлім меңгерушісі; *Пейіш ХҰСАЙНОВ* – совхоз директоры, облыстық басқармалардың басшысы; *Болат ТЕМІРОВ* – облыстық газеттің бөлім меңгерушісі, танымал акын еді. Аталған азаматтардан жер басып жүргендері аз-ақ болар.

Қазақтың көрнекті акыны *Есенбай ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ* жазып қалдырғандай:

***Тырналардың ұзатып тізбек көшін,
Жаз көшеді жайлаудан күз жеткесін.***

***Көз нұрында жаңғырып келбетіміз,
Өзге толқын келеді біз кеткесін.***

Иә, не айтайын, Лев Толстой айтқандай, «дүниеде бармын деп ойлама, өтіп бара жатырмын деп ойла» деген екен. Солай.

Алматы, 15 наурыз, 2013 ж.

Еске салатын болсақ, автордың туған халқына, өңіріне жасаған еңбектерінің қандай баға алғаны, заманында ресми партия, үкіметтен, мемлекеттік органдардан қандай марапаттар болғаны жайлы осы кітаптың бас жағындағы ғұмырнамасында баяндалған.

Автордың архивтерінде сақталған ғана материалдарды ұсынып отырмыз.

ТАУМАН ТӨРЕХАНОВТЫҢ 60 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА БЕРІЛГЕН ҚҰТТЫҚТАУЛАР

Қазақстан КП Ақтөбе облыстық комитетінің құттықтауы. *Ақтөбе қ., 15 март, 1991 ж.*

Қазақстан КП Шалқар аудандық комитеті мен халық депутаттары аудандық Советінің хаты. *Шалқар қ., 12 наурыз, 1991 ж.*

Әулет мүшелерінің құттықтауы. *Шалқар қ., 23.03.1991 ж.*

Қадірменді ағамыз Тауманға!

Ізгі ниетпен: Толықбаев Кенжесали, Тілеуқұлов Сайым, Иманқұлов Бақытжан, Мұздақов Қуанышбай, Дәрібаев Марат, Қайбалин Қарынбай, Базарбаев Бауыржан, Сейтмағамбетов Қиубек, Оразалиева Гүлнар, Шалқар қ., 15 март, 1991 ж.

«Шалқар» газетінің редакторы Тауман Алыбайұлы Төреханов жолдасқа!

«Шалқар» газетінің редакциясы мен аудандық баспахана коллективтері, Шалқар қ., 15 наурыз, 1991 ж.

Қымбатты Тауман!

Ақназаровтар әулеті, Алматы қ., наурыздың 15-сі, 1991 ж.

Құрметті Тауман құдаға!

Лиза – Хаким, Фариза – Бөлекбай, Ақтөбе қ., 23.03.1991 ж.

Дорогой Аташка!

Внучка Дина Баламировна, г. Алматы, 15.03.1991 г.

Жеделхаттар

Мәскеуден, Алматы: «Социалистік Қазақстан», «Қазақстан ауыл шаруашылығы» журналынан, Мемлекеттік баспа комитетінен, Ақтөбе обкомы мен атқару комитетінен, жолдастардан, Ақтөбе қаласы мен аудандарынан, басқа да елдімекендерден 60 жылдықты құттықтаған 73 телеграммалар-жеделхаттар келген, телефонмен жүздеген құттықтаулар болған.

ШУАҚТЫ ЖЫЛДАР ЖАРЫҒЫ

Өз өмірінің қырық жылын журналистикаға арнаған Тауман Алыбайұлы Төрехановты облыс көлемінде білмейтіндер кем де кем. Артына шуақты із сала білген облыстың түкпір-түкпірінде жемісті еңбек етіп жатқан талай журналистердің ақылшы ұстазы болып есептелінетін бұл кісі туралы жазу әрі қиын, әрі оңай. Қиын болатыны – оның шығармашылық қарымы кең тынысты, тақырыбы саналуан, көтерген проблемалары орасан көп. Ал оңай болатыны – оның бүкіл шығармашылық ғұмыры Шалқар журналистерінің көз алдында өтіп келеді. Көз майын тауысып, ұйқысыз өткізген талай түндер мен самай шашын азартқан мазасыз күндер зая кеткен жоқ. Аудандық газетті басқарудағы іс-тәжірибесі мен журналистік шеберлігі кезінде күллі Республикаға тәжірибе ретінде таратылды.

Республикамыз бен облыстың түкпір-түкпірінде жемісті еңбек етіп жүрген талай журналистер аға алақанының жылы табын әрдайым сезініп жүреді. Өйткені болам дейтін жігіттің болашағын тез танитын Тәкең өз балапанын өрге ұшуға тәрбиелейтін қыран бүркіттей қатал да қайырымды жан болатын.

Тәкең өткен шуақты жылдар жарығы да мол болды. Баспасөз саласындағы ұзақ жылғы мінсіз де жемісті еңбегі лайықты да орынды бағаларын алды. Ол марапаттаулар тізімі де көп. Таяуда тәлімгер журналист, ақылшы ұстаз, қамқоршы аға зейнеткерлік демалысқа шықты.

Бүгінгі күні 60 жасқа толып отырған «Шалқар» газетін жиырма тоғыз жыл басқарған ардақты ағаға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, мол жанұя бақытын тілейміз!

Өзіңіздің «Шалқарыңыз», 20 тамыз, 1992 жыл.

АҚИЫҚ, АҚЫЛМАН АҒАҒА

Тауман Алыбайұлы Төреханов әдебиетке үлкен дайындықпен келген қарымды қаламгер. Оның қаламынан туған «Көз көргендер еді», «Қанмен жазылған тағдырлар», «Зердесінде ұрпақтың» (бір мұқабда үш кітап) атты деректі де керекті кітаптары қазақ әдебиетінде соқа түрені тие қоймаған, тисе де тереңдемеген тың тақырыптарда – адамдар тағдыры, тарихи оқиғалар арқылы бейнелей игеруімен құнды.

Т. Төрехановтың екі кітаптан тұратын – дилогия «Ғасыр қасіреті» атты романы оның жазушылық талантына кепілдік беретін тұлғалы туынды. Ол өз тақырыбын тапқан, өзгелерге ұқсамайтын өзгеше жазу мәнері, ең бастысы – өз үні, өз қолтаңбасы бар жазушы. Тағы бір сүйсінерлік жай – ол мына қиын кезеңде өзге тірлікке мойын бұрмай, өз өмірін әдебиетке тұтас арнаған ардагер. Соның мыңнан бір мысалы Т. Төреханов жазып жатқан көркем шығармалар...

*Сәбит ДОСАНОВ, М. Шолохов атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, академик-жазушы,
Алматы қ., 2002 ж.*

ТАУМАН ТӨРЕХАНОВ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

Тауман Алыбайұлы секілді бір газетті 30 жыл басқарған адам, сірә, Республикада некен-саяқ болар. Жұбайы Балзада Шәмшіқызы апам айтқандай: «Ағаң жұмысқа жанын берді ғой» дейтін. Онысы рас. Ал Балзада ана өте ерекше мінезді адам. Салдырлаған ақкөңіл, әзілқой, сөзге шешен, өзі сауатты. Тәкең аға өмір бойы ат үстінде жүргенсін бе, апамыз бүкіл ғұмырын Төрехановтар әулетіне қызмет етуге арнаған. Ол кісі, апам:

– Мен бес бала тұсам да, өсіргенім алтау, үлкені мына ағаң, – дейтін әзіл-шыны аралас. Осы бір сөзді біздің үйдегі келіні Маржанға қаратып айтып еді.

Бірде аға:

– Мен Қазақстандағы 700 жазушыны тағы бір адамға көбейтуді мақсат тұтқаным жоқ. Ұлы тұлға Ғабе-Ғабит Мүсірепов айтқандай, өз бетің, өз ойың, өз тұғырың бар, – деді-ау...

Сол ойларыңыз жүзеге асқай, алтын аға!

*Иманбай ЖҰБАЕВ, ҚР Президенті Грантының иегері,
«Тарихтың қанды іздері» кітабынан қысқартылып алынды,
«Атамұра», 2005 ж. 18-19 б.*

ҰСТАЗЫМ ЖАЙЛЫ

Тауман Төрехановты жарты ғасырдан астам уақыттан бері жақсы білемін. Шалқар баспаханасына алғызды, партияға өткізді. Университетке оқуға жолдама берді. Мен бұл ағамның қамқорлығын, адамгершілігін, кісілігін, ұлылығын еш уақытта ұмытпақ емеспін. Ол талай жасқа – қалам ұстаған талаптыларға ерінбес, жсалықпас, қамқоршы аға – жаны жарқыраған журналист еді.

Рухани ұстазым Тауман ағама, ақ жүрек Балзада апайыма – баяғы көңілмен, баяғы Үмбетбай УАЙДИН.

Алматы қ., 02.07.2005 жс.

ҚАЛАМГЕР ҚАЗЫНАСЫ

Қазақ журналистикасына лайықты үлес қосып, елге танымал белгілі қаламгерлер Үмбетбай Уайдин, Әкімжан Оралбаев, Иманбай Жұбаев, Жұбатқан Тұрлыбек, Әбдіқани Аймағамбетов, Болат Теміров, Мұхамбетәли Есмағамбетов сияқты қаламгерлерді тәрбиелеген, ұстаздығы қаламгерлікке ұласқан абзал аға – Тәкеңе – Тауман Төрехановқа біздер қарыздармыз.

Аманбай КӨЗДІБАЕВ,

«Нұр-Дәулет» газетінің Бас редакторы, Алматы қ., 27 шілде, 2004 жс.

ҚҰРМЕТТІ ТАУМАН АЛЫБАЙҰЛЫ!

Сізді «Шалқар ауданының Құрметті Азаматы» атағымен марапатталуыңызды шын жүректен құттықтаймын!

Туған жеріңіз Шалқар ауданының халқы Сізді өзінің елге елеулі ағаларының бірі ретінде танып бағалайды. Қай кезде болса да Сіздің шығармаларыңыз ұлттық бояумен нақышталып, халықтың талап-тілегін рухани жағынан қанағаттандырып келеді. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық еңбектеріңіз нәтижелі болып, халық тарапынан лайықты бағасын алуда.

Сіз ежелден іргелі қоныс, тарихи, мәдени мұраға бай Шалқар оңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына кезінде айтарлықтай үлесіңізді қостыңыз. Шалқар аудандық газетінің 29 жыл бас редакторы қызметін атқардыңыз. Шалқар тарихи-өлкетану мұражайын ұйымдастыруға сіңірген еңбегіңіз ерекше бағалы. Өзіңіздің туа біткен қабілет пен еңбекқорлығыңыздың арқасында ерлерін еліне танытқан абзал азамат ретінде құрметке бөлендіңіз.

Оның куәсі Одақ баспасөзінің үздігі Белгісі, «Тың жерлерді игергені үшін» медалі, Одақтың 4 медалі, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Құрмет грамоталары және наградаларымен марапатталғансыз. «Қазақ ССР-інің мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер» құрметті атағы өз алдына бір төбе. Бұл біз үшін үлкен мақтаныш.

Құрметті Тауман Алыбайұлы!

Бүгін сізді «Шалқар ауданының Құрметті Азаматы» атағын берурәсімінде туған жеріңіз Шалқар халқы атынан шын жүректен құттықтай отырып, жасауыңызға бақыт, ұзақ ғұмыр, еңбекте зор шығармашылық табыстар тілеймін!

Құрметпен, Шалқар ауданының әкімі

Р. СЫДЫҚОВ.

ТАУМАН АЛЫБАЙҰЛЫ ТӨРЕХАНОВҚА «ШАЛҚАР АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» АТАҒЫН БЕРУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 18 Заңының 6 бап, 12-1 тармақшасына сәйкес аудандық мәслихаттың кезекті отыз үшінші сессиясы ШЕШІМ ЕТТІ:

Тауман Алыбайұлы Төрехановқа **«Шалқар ауданының Құрметті Азаматы»** атағы берілсін.

Аудандық мәслихаттың кезекті 33 хатшысы сессиясының төрағасы: Г. СЕЙТОВА, С. ТӨЛЕМІСОВ.

**Ақтөбе облысы
Шалқар аудандық
МӘСЛИХАТЫ**

**Актюбинская область
Шалкарский районный
МАСЛИХАТ**

Шалқар қаласы №__

«__» _____ 2006 ж.

Есет Көгібарұлы көшесі, 33

тел.: 21-4-25

Құрметті Тауман Алыбайұлы!

Сізге үстіміздегі 2006 жылдың 13 қазанында өткен Шалқар аудандық мәслихатының кезекті 33 сессиясының №13 шешімімен «Шалқар ауданының Құрметті Азаматы» атағының берілгендігін

қуанышты сезіммен хабарлай отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілеймін.

Абыройлы атағыңыз құтты болсын!

**Құрметпен, Шалқар аудандық мәслихатының хатшысы,
С. ТӨЛЕМІСОВ.**

ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫ СОЮЗ ЖУРНАЛИСТОВ КАЗАХСТАНА

Республика Казахстан, 050000, г. Алматы, ул. Фурманова, 122
тел.: 8(727)267 03 63, офис 267 04 63 E-mail: npclub@nursat.kz

10 қаңтар 2011 ж.

**Ақтөбе облысының Әкімі
Е.Н. САҒЫНДЫҚОВ мырзаға**

Құрметті Елеусін Наурызбайұлы!

Республикаға танымал журналист-жазушы Тауман Алыбайұлы Төреханов 1931 жылдың 15 наурызында Шалқар қаласында туған. Ақтөбе облысының тумасы.

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) қызыл дипломмен 1955 жылы бітіргеннен кейінгі барлық саналы ғұмыры Ақтөбе облысының баспасөзінде қалдырған. 30 жыл облыстық, аудандық газеттерінде бас редактор болған. КСРО баспасөзінің үздігі ерекше белгісінің иегері. Ақтөбе облыстық партия ұйымының 12 конференциясының делегаты, обкомның пленум мүшесі болып сайланған. КСРО-ның 4 медалін, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Құрмет Грамоталарын, Қазақ ССР-ның мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткері, барлығы мемлекеттік 30-дай награда алған. Ұлы Отан соғысының Тың еңбеккері медалімен наградталған. Шалқар ауданының және Шалқар қаласының Құрметті Азаматы. ҚР-на сіңірген ерекше еңбегі үшін Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер.

Алматыда тұрады, Ғаламторда (интернетте) сайты бар – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (www.tauman-torekhanov.com; e-mail: webmaster@tauman-torekhanov.com). Толық мәлімет осы сайтта. Соңғы жылдары Ақтөбе өңіріне арналған тарихи деректі 11 кітабы «Атамұра» баспасынан жарық көрді. «Дала Геркулесі» тарихи романын Елбасы Н.Ә.Назарбаев, Сізге, Елеусін Наурызбайұлы, сыйға тартқан екен. Кітапты алғандықтарыңыз жайлы ризашылықтарыңызды білдіріп, авторға жолдаған хаттарыңыз сақтаулы. сайтына да салынған.

Құрметті Елеусін Наурызбайұлы, Тауман Алыбайұлы 2011-осы биылғы жылдың 15 наурызында 80 жасқа толады. Әрине, тағдыр бұл жасты кез келген пендеге сыйлай бермеген ғой. Сондықтан қарт журналист-жазушының, Сіз басқарып отырған киелі Елдің тумасының айтулы Күнін туған еліне – Ақтөбеге шақырып, халқымен кездестіруді ұйымдастыруыңызды сұраймыз.

**Құрметпен, Қазақстан Журналистер одағы
Басқармасының төрағасы**

С. Матаев

ТАУ АҒА

*(қарт журналист-жазушы, Шалқар ауданының
Құрметті Азаматы Тауман Төреханов 75-те)*

Есенбай Дүйсенбайұлы

*Жалпыға ақ жауын боп жауған аман
Халқына қадірі артық қаумалаған.
Қартаймас қолтығында қанаты бар,
Армысыз, тарлан шыққан Тауман ағам!*

*Бауырын шапқан сайын жаза алатын
Сіз де – бір қара сөздің қазанаты,
Еңбегі республика сіңген қалам,
Шалқардың Һәм Құрметті азаматы...*

*Кешегі кеңес кезде тар заманда, –
Аста – тақ, баста – бақыт, барда бағаң,
Алар деп ит етекпен, жау жагадан,
Сіз емес қара басын сауғалаған.*

*Ауылынан ақиқаттың табылғансыз,
Арлы сөз, ардагер сөз, арда қалам!
О, менің қашық жүрер жарнамадан,
Тау ағам, таупиықты ағам, Тауман ағам!*

*Кейде Сіз көрінесіз секілденіп,
Жолында жүк қалдырмас нар да маған.
Халқына қадірі артық қаумалаған,
Тау ағам, таупиықты ағам, Тауман ағам!*

*Жарық боп, қайырлы боп биыл да кеш,
Жастықтан жөнелтіңіз қиырға көш.
«Келмейді екі дәурен ер жігітке»,
Ал Сізге үш келіп тұр 25!*

*Үш мәрте жиырма бесің қайта келді,
Байытып мәрттігімен байтақ елді,
«Ғасырдың қасіретін» қанмен жазған
Батыр деп өзіңіздей айтады ерді.*

*Ерлікте «екі тарлан бөрім» де Сіз,
Өмірдің еңісі емес, өріндесіз,
Жасынан Төреханов болып шығып,
Көңілдің бас ұстайтын төріндесіз.*

*Көңіл ек көп кешуде кетілген біз,
Өлсек те жеті желдің өтіндеміз.
Уайдин Ұмагамның әлібінде:
«Тәкеңнің тәлімінде жетілгенбіз!»*

*Тұратын жұпар есіп алабынан
Көл Шалқар көкіректе салады ән:
«Шықтыңдар Шойгарин шекпенінен,
Қанат ап Төреханов қаламынан!..»*

*Елдікте жүр олар да ер атанып,
Өскен соң Сізден өмір, өре танып...
Төрінде төрт жиырма бесің көрісейік,
Тау аға, Тауман аға Төреханов!*

ЖАЗУШЫ ТАУМАН ТӨРЕХАНОВ

Мен Тауман Төрехановты сонау алпысыншы жылдардың орта тұсынан-ақ білуші едім. Батыс өңіріндегі тарихи оқиғалардың бас штабындай Шалқарда біраз уақыт аудандық газет атын Республикада оздырып, дүйім жұрт сүйсінген редактор ретінде дүрілдеп тұрғанды... Көрген-түйгені көп, көкірегі көл-көсір қазына кісі екеніне кейінгі жылдары жүйе-жүйесімен жүйдірмелете шығарған бірнеше кітабы арқылы көз жеткізіп отырмын. Ұзын-ырғасы осы екі жүз баспа табактай көлемді роман-естелік, эсселері жұртшылық жүрегіне жол тартқан қаламгердің қоғамдық ортада лайықты орында болуына әбден қақы бар деп ойлаймын.

Бұл кісі негізінде өте бір қиын жанр – деректі проза саласында өнікті еңбек етіп келеді. «*Көз көргендер еді*», «*Қанмен жазылған тағдырлар*», «*Ғасыр қасіреті*» т.б. қалың-қалың кітаптарын қазақ халқының отаршылдық езгіге қарсы әлденеше ғасырға созылған ұлт-азаттық көтерілістерінің көркем шежіресі, көп замандық энциклопедиясы деп айтуға толық негіз бар. Өйткені бұл шығармаларда шытырман да шырғалаң оқиғалар тізбегі жалаң баяндалмайды, суреткерлік шеберлікпен сипатталады. Сол себепті де мұнда толыққанды көркем-әдеби туындыға тән қадір-қасиеттің бәрі бар.

Осы пікірімізді дәлелдеу үшін автордың «*Ғасыр қасіреті*» - «*Трагедия века*» екі кітаптан тұратын деректі роман-эпопея (Алматы, «Атамұра» баспасы, 2000 ж. 3 б.), «*Тау өңірі жазғы жасыл көрпесін жинап тастап, құқыл тартқан. Күздің қорғасындай ауыр сұр бұлты қысты бұйдасынан ұстап, Мұзбел бойына алып келе жатыр. Таудың ерсілі-қарсылы соққан қара желі көк біткенді бұрінен айырып, сыйдитіп тастапты. Жаздай ел отырған Дауыл бөгетінің бойында мал еңкейетін ештеңе жоқ*», - деген бір үзік көріністі көлденең тартсақ та жетіп жатыр!

Авторымыз Әуезовты көп оқығаны, Ғабиден Мұстафиннің соңғы романдарынан образ жасау, сюжет желілерін тарту мәселесінде тәлім-тағылым үйренгені аңғарылады.

Соншама кең құлашты, мол ауқымды, ұлан-қайыр мерзім-мезгілді қамтитын қыруар оқиғалар мен қилы дерек-құжаттарды киноластыра жазу мәнеріне тәнті боласыз. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Тауман Төрехановтың аталған кітаптарынан тарихшы да, философ та, этнограф та, саясаттанушы да сан алуан сана сабағын алады, оқырман қауым ойға көркемдік нәр табады. Мұның бәрі-бәрі талант табиғатын айқын танытса керек.

Өз жазу мәнерін қалыптастырып болған, жанрын тапқан жазушы Т.Төреханов біздің бүгінгі қазақ әдебиетіне қазірдің өзінде-ақ қадірлі қазына қосып отыр. Ендеше, Одақ мүшелігіне бір мақаласымен де қабылданғандар барын ескерсек, оншақты кітап жазған ардагерді қалай елеусіз қалдырамыз?!

*Есенбай Дүйсенбайұлының
«Талайым» (Тортқұлнамә) кітабынан. Алматы: «Жазушы» баспасы. -
2010, 207-208 б., Алматы, 08.02.2002 ж.*

Иә, айтулы да аты шулы ақын Есенбайдың осы хабардағы пікірі сонау бір жылдағы Ғабе-Ғабит Мүсіреповтың ұсынысымен аудан басшылары бастап көл Шалқардың етегінен бес-алты шақырым жердегі Ұлпан шойын жол станциясына барған едік. Сол жерде Ғабе менің Одаққа мүшелікке отуым жайлы әңгіменің басын қайырмаған болатын.

Ол осы кітаптың бас жағында «Ғабе – Шалқарда» деген материалда толығырақ баяндалады.

ТАУМАН ТӨРЕХАНОВТЫҢ 80 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ЖАРЫҚ КӨРГЕН ШЫҒАРМА-ЕҢБЕКТЕР

1. Төреханов Тауман Алыбайұлы (80 жылдығына орай). Биобиблиографиялық көрсеткіш – қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. Комиссия – шығарушылар алқасы. Алматы: «Қазақ университеті», 2011 ж.
2. Тау тұлғалы Тауман – құжатты, деректі телефильм (30 мин). Дайындаған «Ел-Арна», «Ақтөбе» телеарналары, 18-19 мамыр, 2011ж.
3. Ұлы Отан соғысының тыл еңбеккерлері. Дайындаған «Ел-Арна», 9-10 мамыр, 2011.
4. Ақтөбе телеарнасы – 18-19 мамыр, 2011ж.
5. Ақтөбе Достық үйі – залда – 30 мин.
6. Шалқар Мәдениет үйінде – 30 мин. Құжатты-деректі киносюжет көрсетілді.
7. Ардақты Тау аға – Есенбай ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ, Ұланқайыр. Өлеңдер мен дастандар, Алматы: «Раритет», 2006 ж.
8. Ардақты Тау аға (өлеңнің өңделген түрі.) Толайым кітаптың бірінші бетінде. Және «Ұланқайыр» кітаптың 75-ші бетінде Шалқар атты түзетілген, соңғы нұсқасы. Осы кітаптың 1-ші ішкі бетінде Ардақты Тау аға. 21.03.2011ж.
9. Тауман Төреханов, жазушы: Жазушыға жаза алмай қалудан асқан қасірет жок. Сұхбаттасқан Динара ІЗТІЛЕУ, «Ана тілі», 2011ж., 17 наурыз, 15 б.
10. Тегіне тартып туған Тауман. Жеңіс ШЫНЫБЕКОВ, «Алматы ақшамы», 2011 ж., 25 наурыз, 16-17 б.
11. Талғам мен талаптан киген сауыты (жазушы-журналист Тауман Төреханов 80 жаста). Сансызбай МӘДИЕВ, филология ғылымдарының кандидаты, «Айқын», 2011 ж., 30 март.
12. Қарымды қаламгер – Тауман Төреханов 80 жаста. Сәбит ДОСАНОВ, ҚР еңбегі сіңген қайраткер, акад. жазушы, «Айқын», 2011 ж., 18 мамыр, 7 б., www.aikyn.kz
13. Преклоняясь духам предков, операясь на свое перо. К 80 летию писателя Таумана Төреханова. Сәбит ДОСАНОВ, лауреат международной премии им. М. Шолохова, писатель-академик, «Каззахстанская правда», 2011г., 18 мая. С.6, www.kazpravda.kz

14. Сенгір тауға шықтыңыз. *Есенбай ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ, Ақтөбе газеті, 2011 ж., 19 мамыр, 3 б., www.aktobe-gazeti.kz*
15. Тауман аға – Тау аға. *Сәбит ДОСАНОВ, Ақтөбе газеті, 2011 ж., 19 мамыр, 12 б., www.aktobe-gazeti.kz*
16. Қалам иесінің бакыты. *Ұлаш ТІЛЕГЕНОВА, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Ақтөбе газеті, 2011 ж., 19 мамыр, 12 б., www.aktobe-gazeti.kz*
17. Юбилей писателя и журналиста. *Муаних БАРАНКУЛОВ, «Актюбинский вестник», 2011 г., 19 мая, С.4, www.avestuik.kz*
18. Қаламгер елмен қауышты. *Нұрмұхамбет ДИЯРОВ, «Ақтөбе газеті», 2011 ж., 19 мамыр, 3 б., www.aktobe-gazeti.kz*
19. Ғибратты ғұмыр, қажырлы қаламгер немесе Тау ағаның таудай ісі. *Ұлаш ТІЛЕГЕНОВА, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, «Ел» респуб. газет, Астана, 2011 ж., №48 (332).*
20. Аса қадірлі Елеусин Наурызбайұлы! Ақтөбе облысының Әкімі, Е.Н. Сағындықова. Тауман Төреханов, ҚР мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, Шалқар ауданының құрметті Азаматы. *Сәбит ДОСАНОВ, М. Шолохов атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, «Ақтөбе газеті», 2011 ж., 26 мамыр, 2 б., www.aktobe-gazeti.kz*
21. Еліне елеулі тұлға. («Шалқар» газетінің 80 жылдығына орай). *Ұлаш ТІЛЕГЕНОВА, ҚР Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, денсаулық сақтау ісінің үздігі, Шалқар газеті, 2012 ж., 25 тамыз.*
22. Қалам иесінің бакыты. *Ұлаш ТІЛЕГЕНОВА, Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты, Республикалық «Денсаулық» журналы, Алматы, 2011 ж., № 12.*
23. Жазушы Тауман Төрехановқа. *Есенбай ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ, Толайым – Төрткүлнәмә, Алматы: «Жазушы» баспасы, 2010 ж., 207-208 б.*
24. Інім Тауманға (Ештен кеш жақсы). *Сағынай Кемалұлы ТІЛЕГЕНОВ, Шалқар қаласы, 23.01.2012 ж.*
25. Ардақты Тау-аға. Шалқар. *Есенбай ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ, Ұлашқайыр кітабынан, 16.03.2011 ж., 75 б. 21.03.2011 ж.*
26. Жақсы жылдар жалғасы. *Нұрмұхамбет ДИЯРОВ – мақаласынан үзінді. «Ел» респуб. газеті, Астана, 2011 ж., 17 мамыр.*
27. Заслуженный ветеран пера. *Зейнулла АЙТИМОВ, председатель Совета Ветеранов Союза Журналистов Казахстана, г. Алматы, 2010 г., май.*
28. Құрметті Тауман Төреханов. *М. ҚАСЫМБЕКОВ, ҚР Президенті кеңсесінің бастығы. Астана қ., Ақорда, 2010 ж., 13 қыркүйек.*

29. Сәбит ДОСАНОВ, на каз. и англ. языках академик-жазушы. Халыққа қаламымен танымал Тауман Алыбайұлы жайлы айтсам ... //Төреханов Тауман Алыбайұлы (80 жылдығына орай). Биобиблиографиялық көрсеткіш, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.- Алматы: «Қазақ университеті», 2011, 96 б.
30. Туған өңір шежірешісі. *Мақсат РАМАЗАНОВ, Қазрадио, «Шалқар» бағдарламасы, 2011 ж., 18 мамыр.*

ҚҰТТЫҚТАУЛАР, АЛҒЫС ХАТТАР:

31. *Сара НҰРҚАТОВА*, Ақтөбе обл. әкімінің орынбасары.
32. *Рахат СЫДЫҚОВ*, Шалқар ауданының әкімі.
33. *С. КҮЛІМБЕТОВ*, Ақтөбе облыстық тілдерді дамыту басқармасының бастығы, Ақтөбе қ., 2011 ж., 18 мамыр.
34. *Ұзақбай ТӨЛЕБАЕВ, Ұмытқан ТҮРЛЫБЕКОВА, Жанқабыл ҚАБАҚБАЕВ, Зәпен ЖҰМАБАЕВА, Ғалымжан ТӨРЕХАНОВ.*
35. *Нұрқайыр ТЕЛЕУОВ* – «Ақтөбе» газетінің бұрынғы бас редакторы. Ақтөбе облыстық Журналистер одағы басқармасының төрағасы.
36. *Қалдыбай ІДІРІСОВТЕР* отбасы құттықтауы.
37. *Әулетіміздің құттықтауы.*
38. *Мария, Герхард Вильхельм ДИТТЕРИХ* – Гамбург, ФРГ.
39. *Шалқар аудандық мәслихат ұжымы.*
40. *Шалқар аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразбай ӘБІЛДАЕВ.*
41. *Алғыс хат. М.К. БҰЗАУБЕКОВ*, Алматы, Түрксіб аудандық білім бөлімінің бастығы, 2011 ж., мамыр.
42. *Алғыс хат. ҚР Республикалық Кітап музейі. 23.04.2013 ж.*
43. *Алғыс хат. ҚР Тұңғыш Президенті қорының жанындағы әлемдік экономика және саясат институты. 25.04.2013 ж.*
44. *Ақтөбе обл. Әкімі А.Б. Мұхамбетов мырзаға Алғыс хат. 09.06.2013 ж.*

САПАР САЗЫ – САРҚЫТ

45. Тауман Төреханов: Туған аймақ ажары әрленген екен (*Жол үстіндегі әңгімелерден*) 1 баспа табақ – 16 бет – *автор сайтына* www.tauman-torekhanov.com берілген.
46. Атамекенге ақ сапар. «ҚАЗАҚ» газеті, 2011 ж., №37-38 (551-552), 16-23 қыркүйек, жұма.
47. Сіміре жұттым ауанды... «АНА ТІЛІ», 2012 ж., №6(1107), 9-15 ақпан.

48. Тау аға! (телефонмен): *«Туған аймақ ажары әрленген екен – жол үстіндегі әңгімелеріңіз прозамен жазылған тамаша лирика! Қағазға шығарып облыс әкімі Елеусін Наурызбайұлы Сағындықовқа бердім. Сізге үлкен алғысын айтып, газеттерге, радиоға беруімді сұрады»*, - деді *Ғалымжан ТӨРЕХАНОВ, журналист, Ақтөбе облысы әкімінің кеңесшісі, Ақтөбе қ., 28.06.2011 ж.*

ЕҢБЕКТЕР, МАҚАЛАЛАР, ХАТТАР, АНЫҚТАМАЛАР, ШАРТТАР:

49. Ұлы есімдер ел есінде, менің жадымда. *Тауман ТӨРЕХАНОВ, 2011 ж., www.tauman-torekhanov.com*
50. Тілеуқабақ әнінің шығу тарихы. Сегіз Сері. *Тауман ТӨРЕХАНОВ, «Қазақ» газеті, 2011 ж., 25 мамыр; «Айқын» газеті, 2011 ж., 10 наурыз, 5 бет.; www.tauman-torekhanov.com*
51. Ақтөбе облысы Әкімі А.Б. Мұхамбетов мырзаға хат. *23.11.2012 ж.*
52. О книге Таумана Тореханова – «Дала Геркулесі» – «Геркулес степей». *Ақтөбе обл. әкімі А.Б. МҰХАМБЕТОВ. 23.11.2012 ж.*
53. Мария хаты – e-mail арқылы Гамбургтен, *15.03.2013 ж.*
54. Тауман Тореханов – на каз. рус. и на англ. языках. *Материал из Википедии – Свободной энциклопедии.*
55. Келер ұрпақты ата-анасынан деген. 80-90-жылдығы... (латын алфавиті туралы). *www.tauman-torekhanov.com*
56. Шығарманы пайдалану құқықтарын табыстау туралы. Авторлық келісім-шарт. Шалқар к., *12 тамыз 2011 ж. «Шалқар аудандық Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі ММ» директоры Б.Т. ЖАҚСЫБАЕВА.*
57. Авторлық шарт № 23-АД, Алматы қ., *2012 ж., 3 қазан, «WIKI VILIM» Қоғамдық қоры.*
58. Зияткерлік меншік объектілерін пайдалануға ерекше емес құқықтар беру туралы Авторлық келісім-шарт, Астана қ., *2013 ж., 26 маусым.*
59. Жеке қор құжаттарын мемлекеттік сақтауға қабылдау жөніндегі Келісім-шарт. Алматы қ., *2015 ж., 31 наурыз, Орталық мемлекеттік мұрағаты.*

Тауман ТӨРЕХАНОВ, жазушы:
**«ЖАЗУШЫҒА ЖАЗА АЛМАЙ ҚАЛУДАН АСҚАН
ҚАСІРЕТ ЖОҚ»**

Атына қанық ағаның мекенжайына іздеп бардым. «Саналы жұмырын сөз өнеріне арнап, бүгінде сексеннің сеңгіріне шығып отырған қарт, журналист жас тілшімен қалай тіл табыса қояр екен» деген үмітпен күдігім басым мен үйге имене ендім. Төргі бөлменің төрт бұрышы толған қағаз-қалам, кітап... Солардың ортасында отырған қырау шалған шашын артына қайырған мейірім иесі мені жылы қарсы алды. Бұл – қазақ журналистикасының жгілілн шағып, майын ішкен, табан ауоармастан талай жыл Ақтөбе облысының баспасөзінде бас редактор болған, «тарихтың қанды іздерін» қалам-қаруымен тінткен танымал жазушы, елі «Тәуке», «Тау аға», «Ақ Тәке», атап кеткен Тауман Төреханов. Баспасөз бейнетін бір кісідей көріп, бүгінде зейнет жасына шықса да ақ қағаздан ажырай қоймаған ағаға алғашқы сауалымыз «Байқаймын, әлі күнге қалам жаспанып, қағаз жамылып жүргенге ұқсайсыз. Әлі жазып жүрсіз бе?» болды. Жүзіме қарап жымизған Тауман аға:

– Орыстын ұлы А.П. Чеховынан өлер алдында «Жазарыңызды жазып кеттім деп ойлайсыз ба? Әлде өзіңізбен ала кеткен өкінішіңіз жоқ па?», - деп сұрапты. Сонда А.П. Чехов: «Менің басымда 12 бірдей қағазға түспеген роман кетіп бара жатыр. Оның бірі тақырыбы табылмағандықтан тұмады. Тағдыры солай болды. Енді бірінің оқиға өрісінде олқылық болды. Қысқасы, менің кей шығармаларымның басымда пайда болып, қағазға түспегені болса олардың жазмышы солай болды ұққан жөн», - деген екен. Сол айтқандай жазушы адамның жай жүретін кезі жоқ. Жазбағанның өзінде санасындағы ойлармен жанталасып жүреді. Әдеби шығарма да перзент секілді. Оның өмірге он екі мүшесі сау келіп, кейін өзіңнің ғана емес, халықтың да көз қуанышына айналғаның қалайсың. Чеховтың да ойы осыған сайса керек. Кез келген адамда ғаламат ойлар болуы мүмкін. Бірақ оны қағазға түсіру тек сөз зергерлерінің ғана қолынан келеді. Ал енді осынау әдебиеттен баспасөздің бейнеті аз дей алмайсың. Тақырып табу, оны зерттеу, таразылау, сараптау... Қысқасы, жоқ дүниеден жұп-жұмыр нәрсе жасау тек журналистің қолынан келмек. Ал өмір бойы жазып келген адамға жазбай қалудан артық қасірет жоқ. Жазып жүрмін. Бұған дейін оннан аса кітабым оқырманға жол тартқан.

«Газеттің ісі – от» дейді осы саланың ыстығына күйіп, суығына тоңғандар. Отыз жылдан аса осы «оттың» ортасында жүрдіңіз. Сізді осы салаға не айдап әкелді?

– «Біздің буынның балалық шағы соғыстың сұрапыл күндерінде тап келді. Мұғалімізді майданға әкетті. Тылда малшы, ауылда жәрдемші болып жұмыс істеп жүргенмін. Кейін «майданға тұз жетпей жатыр» деп шахтер-тұзшы болдық. Содан «Кішкенетұз» деген жерде сүйменші болып, тұз ойып, тұз тасып еңбек еттік. Одан біраз өткенде «колхоздың малын қасқыр жеп жатыр» деген әңгіме жетіп, бәріміз қолға қосауыз алып, қасқырдың ізіне түстік. Кейін Шалқар қаласында келіп газет-журналдармен танысып қала мәдениетіне ден қоя бастаған кезім еді. Бір күні бір жігіт «Қалалық атқару комитетінен сізді шақырып жатыр. Тез жетіңіз!», - деп жетіп келді. Бардым. Барған бойда менің қолыма «Социалистік Қазақстанның» бір нөмірін берді де, «Тез мынаны оқып, мазмұнын айтшы» деді. Төртінші кластан кейін мектеп көрмеген мен бір жерін түсініп, бір жерін түсінбей, ежіктеп оқып берген болдым. Төраға атқару комитетінің жауапты хатшысы Досов деген үлкен кісіні шақырып алып: «Мына баланы жұмысқа алу үшін бұйрық жазыңыз!» - деді. Сөйтіп 16 жасар бозбала – мен әпсәтте Халық депутаттары Шалқар қалалық Кеңесі атқару комитетінде іс-қағаздар жүргізуші болып шыға келдім. Содан бастап Ақтөбе облыстық «Социалды жол» газетінде қысқа хабарларым шыға бастады. Кейін жасы үлкен ағалардың ақылымен КазГУ-ге оқуға келдім. КазГУ-ді үздік бітірдім, оқуымды жалғастыруым үшін Ленинградқа жолдама алғаныммен, кәрі әке-шешемді тастай алмай, елге оралдым. Осыдан кейінгі өмірім өзін айтқан «өрттің» ішінде өтті (күліп).

«Сіз тарихи тақырыптарға қалам тарттыңыз. Бұл Сіздің қалам ұстар алдында тұңғыш таныған Һәм тілдескен адамыңыз Илияс Есенберлинмен болған кездесуден кейінгі әсер емес пе?»

– Ленинградқа бара алмай, елге оралып, Біршоғыр шахта поселкесіндегі мектепте жұмыс істей бастаған кезім. Келе салысымен елден «Біршоғыр тау көмір шахтасының белгілі геологы (кейіннен атақты жазушы атанған). **Илияс ЕСЕНБЕРЛИН** деген мықты адам бар» деп естіп, іздеп бардым. Жарықтық жақсы адам еді! «Жазуға бел байлаған жігіт екенсің. Күнделік жаза жүр. Не түйгенінді жүргенде салып, таразылап, қағазға түсіріп жүр», - деп кеңес берді. Бұл кездесу менің жадыма ұзақ жатталды. Мен содан бері 173 күнделік жазыппын. Соларды қайтадан шолып, бір кітапқа жүк боларлық дүние сүзіп алып, дайындап қойдым.

Талай жыл «Жаршы», «Коммунизм таңы» газеттерінде басшылық қызметтерде істедіңіз. Мәселен, Шалқар аудандық газетінде табан аудармастан 29 жыл бас редактор болыпсыз. Осынау жылдары бұдан бөлек те бірқатар қызметтерге шақыртулар мен болған ұсыныстардан бас тартыпсыз. Неге? Әлде шығармашылық ізденіске деп қойып па едіңіз?

– Иә, облыстық комитет қайта-қайта шақырып, «Ырғыз ауданының атқару комитетіне төраға болып бар», - деді. Бармадым. «Темір ауданына екінші хатшы болып бар», - деп еді, одан да бас тарттым. Байғанин ауданына жібергісі келген, тағы «бармаймынға» бастым. Сондағы мақсатым – халық батыры Көтібар Бәсенұлының баласы батыр Есет Көтібарұлы туралы зерттеуімді бітіру. Рас, Кеңес үкіметі тұсында оны жарыққа шығара алмайтынымды сездім, цензура күшті еді ғой. Бірақ зерттеуімді тоқтатқаным жоқ. Кейін тәуелсіздік алғаннан соң бұл еңбегім «Дала Геркулесі» атты үлкен кітап болып оқырмандарға жол тартты.

Цензура демекші, тыңнан түрен тартқандай тарихтың трагедиялы тұстары жайында сыр шертетін өткір сюжетті романдардың авторысыз. Оған «Қанмен жазылған тағдырлар», «Кісенделген Дала», «Тарихтың қанды іздері» сынды бірқатар тарихи еңбектеріңіз дәлел. Бақсақ, олардың бәрі тәуелсіздік алған шақта ғана жарық көріпті. Түсінікті жайт. Осыған сәл тоқталсаңыз...

– Мен қырқымнан шығар-шықпастан әкемнің бауыры асырап алған. Кейін Магнитогорск қаласында металлургия комбинатын салу үшін Одақтың жер-жерінен жұмысшы күшін жинаған. Соның ішінде мені бауырына басқан әке-шешем де кете барған. Олардың сонша әкегісі келгенімен, елдегілер әлденені сезсе керек, мені бергізбепті. Кейін студент болып жүргенімде аштық кезінде жоғалып кеткен әке-шешемді іздеп, Магнитогорск қаласына жол тарттым. Сөйтсем сол жерде аштан қырылғандарды бір жерге көме салып, кейін ол жерді тегістеп, қала салып жіберген екен. Соны зерттеп жүріп, өзіміздің Арал қаласына келдім. Осы жерде Дәрібай көлі деген көл бар. Соның жағасында қырылған адамдар туралы білдім. Кейін осыларды зерттеп-зерделей келе 12 баспа табақтай зерттеуімді машинкаға басқызып, сол тұстағы «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы Сапар Байжановқа келдім де, «оқышы» деп, алдына қойдым. Көзіне жас ала отырып шықты да «Тауман, егер мен қазір үтір-нүктесін өзгертпестен қол қойсам, ертең газетке кетеді. Бірақ мынаны естен шығарма. Өзің де редакторсың. Жағдайды түсінесің. Менің ақылымды алсаң бұл қолжазбанды сары майдай сақта. Бұл уақыты туғанда құнды дүние болмақ», - деді. Сапардың сөзінің жаны бар еді. Ол кезде «Кеңес Үкіметі тұсында халық аштан қырылды» демек түгілі, «жүдеді» деуің өзі соншалық үрейлі еді. Цензура сұмдық. Сапардың айтқаны айдай келді. Кейін бұл «Тарихтың қанды іздері» деген атпен кітап болып шықты. Иә, кітаптарымның көбі сол тұста жазылғанымен, Кеңес үкіметінің идеологиясына қайшы келетіндіктен жарыққа шықпады.

Қолыңыздағы жсан түршігерлік жсалғыз суреттің жайы мені

қызықтырып отыр. Бұл суреттің Сізде сақталғанына қарағанда, біраз сыр жасырған болуы керек. Осы туралы айтып беріңізші. (Ағаның қолында қол-аяғы жоқ сәбидің суреті).

– Бұл сурет – «*Ғасыр қасіреті*» кітабыма жүк болған деректің айғағы. «*Ғасыр қасіреті*» – бүкіл адамзатқа қайғы-қасірет әкелген жиырмасыншы ғасырдың нәубетінен сыр шертеді. Онда Мұғалжар тауының етегіндегі академик А.Д. Сахаровтың атом ракеталарының сынайтын далалық лабораториясы залалы мен Арал теңізі апатының Шалқар, Байғанин, Мұғалжар, Қызылорда облысының Арал, Қазалы аудандарының халқын, малын рақ ауруына ұшыратқаны, қырғаны жайында өткір айтылды. Сол лабораторияның залалынан соң бұрынғы далада өсетін 300-ге жуық өсімдіктен тек 50-60 түрі ғана қалса, әйел-аналарымыз менің қолымдағы суреттегідей қол-аяғы жоқ, доп секілді сәбилер босанды. Менің қолымдағы өзім түсірген сурет. Жалғыз көзді, қызылшақа терілі бұзаулар, екі басты қозылар, туып, елде бұрын-сонды болмаған жантүршігерлік оқиға орын алды. Бұлай жалғаса беруге болмайтынын түсіндік. Жұрын, Шалқар аудандарының бірінші басшылары Ж. Әміров, Т.Алдияров үшеуіміз қасымызға елдің жайын жақсы білетін бір ақсақалды ертіп, академик А.Сахаровқа келдік. Сөйтіп ақсақалдың аузымен елдегі жайды баяндатқыздық. Сахаровтың түрі сұрланып, қатты қобалжыды. «Мен мұны жоғары жаққа айтайын. Бұл мәселені қарастырамыз», - деп қалтырап кеткені әлі күнге дейін көз алдымда тұр.

Қайсыбыр жылдары Германияда сапарда болғаныңызда бір қызықты жайттың куәсі болған екенсіз. Неміс жерінде «совет солдаттың» ұлы туралы әңгімеңізді естігім келеді.

– Оның рас. Бір жылдары «Герман-Қазақстан достығы» қоғамы және Берлиндегі Гумбольдт атындағы университеті шақыруымен сол жаққа жол түсті. Университет студенттеріне Кеңес баспасөзі және тәуелсіз Қазақстан баспасөзі жайында лекция оқуымды өтінді. Лекция оқып бітірер кезімде сом денелі, денесін түк басқан жігіт ағасы маған жақындап келіп, сөйлей бастады. Аудармашы аударып берді. Ол «Менің әкем – Қазақстанның Қызылорда деген жерінің тумасы. 1945 жылы 30 сәуірде неміс жеріне полк басқарып кірген. Кеңес полковнигі болған. Сол кезде қатты жараланып, қаладағы бір арканың түбінде жатқан кезінде 17 жастағы неміс қызы тауып алған. Кілемге орап әкеп, үйіндегі жертөледе жасырып емдеген. Кейін менім анам – неміс қызы оған ғашық болып, бала көтереді. Бірақ ол кезде КГБ-ның рұқсатынсыз неміс қызына үйлене алмайсың. Бір жағынан немістер жауымыз деген уақыт. Кейін әкем өзі бәрін баяндағанда КГБ-ның адамдары екі иығынан екі погонын жұлып алып, бүгінгі күннен бастап Берлиннен көзінді күрт,- деп Қазақстанға қайтарып жіберген.

Мен сол кезде іште қалған бала едім,- дейді етженді ел ағасы. Өзі сол Гумбольдт университетінде экономика пәнінен дәріс беретін оқытушы екен. «Фирмаларым бар. Дәулетім бір басыма жетеді. Енді үйленбек ойым бар. Бірақ неміс қызына үйленгім жоқ. Отбасын қазақ қызымен құрғым келеді. Аға, соған жәрдем беріңізіші», - деп бетіме қарап тұр. Әкесінің зиратының суретін көрсетті. Кейін әкесінің туған жерін іздеп Қазақстанға келді. Қызығы сол, ақыры «неміс жеріндегі немереміз» қазақ қызына үйленді. Бұл жайында біраз газеттерге ақпарат бердімде.

Қарт журналистің жол сапар очерктерінің өзі бір төбе. Сапарлас болған ұлтының ұлылары туралы айтары да аз емес. Әлі де қолынан қаламы түспеген жазушыға «жазар көбейіп, жүз жасаңыз!»,- деп, ақ тілек айттық.

*Сұхбаттасқан Динара ІЗТІЛЕУ,
«Ана тілі», 2011 ж., 17 наурыз, 15 бет.*

ТЕГІНЕ ТАРТЫП ТУҒАН ТАУМАН

«Қазақты құртатын нәрсе...»

Жазушы-журналист Тауман Алыбайұлы Төрехановтың «Қанмен жазылған тағдырлар», «Көз көргендер еді», «Ғасыр қасіреті», «Зердесінде ұрпақтың. Ұжмақ елі», «Кісенделген Дала», «Адам әлемі», «Тарихтың қанды іздері», «Дала Геркулесі» т.б. тарихи роман-эпопеялары атынан өзі айтып тұрғандай ел шежіресінен сыр шертетін туындылар. Бұл орайда Елбасының да «Дала Геркулесі» атты тарихи деректі романын және хатын алғаны жайлы алғыс айтып, ризашылығын білдіре отырып, өзінің «Қазақстан жолы» кітабын және Алғыс хатын жолдауы да тегін емес.

– «Атасы Есет батыр. Би, көсем сөз серкесі, әулие ғой. Содан қалған төртінші буын бұл кісі. Неде болса, ұлылық текті жерден шығады ғой. Бұл ағаның өткен жолы әрі ұзақ, әрі қысқа. Баспасөзде саналы ғұмырының 50 жылын қалдырды. Оның 30 жылдан астамын облыстық, ауданаралық, аудандық газеттердің бас редакторлығына арнады. Ұзақ дейтінім сол. Ал қысқа дейтінім – әдебиетке келген мезгілі. Бұл аға Бальзак жасынан да, ұлы суреткер Ілияс Есенберлиннен де әдебиетке кеш келді. Қуаныштысы – қаламы төселіп, үлкен дайындықпен келді. Сол жарты ғасырлық баспасөзде қызыл империяның қылышымен алысып-жұлысып жүріп, жиған-терген зерттеген бай қазынасын еліміздің Тәуелсіздік байрағы көтерілген кезде төкті де салды. Ұлы атасы Бәсеннің ағзасымен келген күш-қайрат, ақыл-ой, ағаны күндіз-түні еңбек етуге жетелеген. Соңғы 8 жылда ғана 200 баспа табақтан асатын 11 кітап жазып, жарыққа шығарды.

Солардың әрқайсысы сүбелі бір төбе, бір дөң, бір қыр, бір шың. Бұл ағаның қаламы ешкімге ұқсамайтын, өз өрнегі, өз сокасы, өз стилі, өз жазу мәнері, өз үні, өз қолтаңбасы бар қаламгер».

Жазушының кітаптарын оқығанда С. Досановтың бұл пікірінің айқын шындық екенін ұғасыз.

... Өзінің қаламгерлік қуатын ерте сезінген (Баспасөзге алғашқы материалдарын 14-15 жасында жариялаған) Тауман Төреханов білім іздеп Алматыға аттанады. 1950-1955 жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне түсіп оқиды. Университетті үздік, қызыл дипломмен бітіреді. Оның нашар, тіпті орташа оқуына қақысы жоқ еді. Өйткені, оның ұстаздары М. Әуезов, Т. Тәжібаев, І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев сынды ұлы тұлғалар, ғұлама ғалымдар болатын. Өмір жолында М. Шолохов, Л. Леонов, І. Есенберлин, Ғ. Мүсіреповтермен кездесіп, нәр алады, өз болашағына жарқын жол ашады.

1960 жылы Алматыда тұратын сәулетші ағасы Бәсенов Төлеу Тауман ағаны Мұхтар Әуезовтің үйіне ертіп барады. Арада көп жылдар өтсе де ұлы Мұхаң өзінің ең таңдаулы, ең талантты шәкірті Тауман ағаны бірден таниды. Дәмдес, тұздас болып отырып, ақыл-кеңестерін айтқан, бағыт-бағдар берген.

Университетте дәріс оқығанда Мұхаң «Қазақты құртатын нәрсе – өсек, қызғаныш, іштарлық, қонақшылық, карта – деп айтып отыратын», - дейді Тауман аға өз естелігінде. Мұхаң да көп қиянат көрген адам ғой, осыларға біздің назарымызды аударатын.

«Ақшамның» анықтамасы

Университетті қызыл дипломмен бітірген соң, А.А. Жданов атындағы Ленинград университеті Шығыстану факультетінің аспирантурасына жолдама берілген. Бірақ тұрмыстық жағдайына байланысты аспирантураға бара алмады. Сөйтіп, Бершоғыр шахта поселкесіндегі қазақ-орыс мектебіне директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары етіп жіберген. Сол кезде жас ұстаз Бершоғыр тау-кен шахтасының басқарушысы болып жұмыс істеп жүрген белгілі геолог, кейін атақты жазушы болған Ілияс Есенберлинмен танысады. Осы таныстық жас әдебиетшінің болашақ қаламгерлігіне жол ашады.

1957 жылдан Ақтөбе обкомының жолдамасын алып, журналистік жолы басталады. Алдымен, Темір аймақтық, кейін Шалқар аймақтық өндірістік басқармасы бойынша ашылған облыстық «Коммунизм таңы» газетін ұйымдастырып, оның Бас редакторы болады. Кейін басқарма тарағаннан соң, Шалқар аудандық газетінде үздіксіз 29 жыл бас редактор қызметін атқарады.

Қоғамдық-саяси жұмыстарға да белсене араласқан. Шалқар аудандық партия комитетінің 27 жыл бюро мүшесі. Ақтөбе обкомының

12 конференциясына үзіліссіз делегат болып қатысады. Бірнеше рет обком мүшесі болып сайланған.

Мәскеуде өткен КСРО журналистер одағының құрылтайына ТАСС Бас директорының шақыруымен қатысқан. Ал, Қазақстан Журналистер одағының құрылтайынан бастап 8 съезіне делегат болған. Екі рет басқарма мүшесі болып сайланған.

Т. Төрехановтың баспасөздегі ұйымдастыру қабілеті, жұмыс стилі жайлы Қазақстан Орталық Партия комитеті «Тәжірибе мен талап» атты арнаулы кітап шығарған. Атқарған белсенді еңбегі, жемісті жұмысы үшін «КСРО баспасөзінің үздігі» ерекше төс белгісімен, КСРО-ның төрт медалімен наградталған.

«Қазақ ұлы да қайырымды халық» немесе Шолохов және Сахаровпен кездесулер

Өткен күндердегі кездесулері туралы Тауман аға былай деп еске алады:

– Университеттің 3-ші курсында оқып жүргенбіз. Сол тұста Қазақстан жазушыларының кезекті съезі өтті. Осы съезге орыстың ғұлама жазушылары М. Шолохов пен Л. Леонов қатысты. Университет атынан мен де съездің делегаты едім. Курстастарыма күнделікті съез туралы әңгімелеп жүрдім. Бірде курстастарым Шолохов пен Леоновты кездесуге шақырайық деген ұсыныс айтты. Бұл менің де ойымда жүр еді. Бірақ сондай әлемдік дәрежедегі жазушылар біздің шақырғанымызға келе ме деп күдіктеніп жүргенмін. Салып ұрып кураторымыз К.С. Куроваға барып ойымды айтып едім, ол кісі бірден келісті. Сонымен, университет ректорынан рұқсат алып, Курова апай екеуіміз Шолоховты іздеп жол тарттық. Шолохов Алатаудың бөктеріндегі бір әсем саяжайда демалып жатыр екен. Біздің өтінішімізді орындап, университетке келді. Ол кезде мен факультеттің комсомол ұйымының хатшысы едім. Шолоховтай ұлы жазушыны көндіріп, ертіп келгеніме шексіз масаттандым.

Шолохов өз сөзінде: – «Қазақ ұлы да қайырымды халық! Кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарында менің 4 балам мен әйелімді аштықтан, жалаңаштықтан аман алып қалды! Шып жүректен алғысым шексіз, қазақтар, сіздерге!» - деді. «Қазақ ұлы да қайырымды халық» деген сөз бұрын бірде бір орыстың аузынан шықпаған зой. Оның біздің халыққа берген осындай бағасын естіп, шексіз қуандық, риза болдық.

Кейін адамзатты, табиғатты түп тамырымен жоятын сутегі бомбасының атасы, академик А.Д. Сахаровпен кездесуіме тура келді. Ол оқиға былай болып еді. Шалқар ауданында Ақтоғай деген совхоз болатын. Оның іргесінен Дауыл деген өзен ағады. Осы өзеннің жағалауынан совхоз малына жыл сайын шөп дайындалады. Өзеннің

бас жағында «Ембі-5» деп аталатын жабық әскери қалашық бар. Сол қалашықта тажал бомбасын жасайтын лаборатория және ракета ұшыратын полигон орналасқан (қаланың іргетасын 1833 жылы басқыншы генерал Перовский қалаған екен). Қалашықтың қасында жер астына 20 м тереңдікте ракеталар орнатылған. Ракета ұшатын кезде әскерилер ықты-жарға қарамай шөпшілерді малша қуып салады.

1973 жылы осы шабындықтан 90 мың түк шөп дайындалды. Оны жеген совхоз малы түгелге жуық қырылып қалды. Аман қалғанынан 6 аяқты бұзау, 2 басты қозылар туды. Ең жасан түршігерлігі сол – біздің көрші әйел аяқ-қолы, жыныс мүшесі жоқ бала туды. Мұндай сұмдықты бұрын кім көрген. Ел жағасын ұстап, шошынды.

Әңгіменің осы тұсына келгенде Тауман аға архивін ақтарып, сол кезде өзі түсіріп алған құбыжыққа ұқсаған фотосуретін көрсетті. Аза бойынды қаза қылатын, жүрегінді тітіркендіріп, ұйқыдан шошып оятатын сұмдық көрініс.

– Әр кеш сайын ракета атылатын – деді Тауман ағаның жұбайы Балзада әжей әңгімеге араласып, – Сол жылдары жүні жоқ бота, бұзау, қозы-лақ туды. Құрбақа, жылан сияқты жып-жылтыр құбыжықтар. Көрген адамның жаны түршігеді. Малдың қасына баруға қорқатынбыз. Бұл көрініс өмірімде есімнен кетпейді.

– Бір әрекет жасау керек болды, - дейді Тауман аға әңгімесін жалғастырып.

– Жарылыстардан, атом сынағынан зардап шегіп отырған Шалқар ауданының бірінші хатшысы Төлеу Алдияров, Жұрын ауданының (қазіргі Жем) бірінші хатшысы Жағыпар Әміров үшеуміз ақылдасып А.Д. Сахаровпен кездесуге бардық. Көпті көрген, тілі орамды бір ақсақалды қасымызға ертіп алдық. Сахаровтың лабораториясын үш әріптің (КГБ) жемдеттері күзетеді екен. Сахаровтың өзі рұқсат еткен соң олар бізді лабораторияға кіргізді. Академик бізді селсоқ қарсы алды. Басы таз, шайтан тайғандай жып-жылтыр. Апат бомбасын ойлап тапқан сол басты балтамен шауып тастағың келеді.

– Жолдас А. Сахаров, жарылыстардан халық зардап шегуде. Барлық адамдар ауру болды. Қазір аяқ-қолы жоқ балалар, алты аяқты қозылар, екі басты бұзаулар, жүні жоқ бота, құлын туып жатыр. Осының бәрі жарылыстардың, сынақтың әсерінен болып отыр. Халық қырғынға ұшырап жатыр. Бұл маннан лабораторияңызды қашан алып кетесіз? - дедік біз. Ол кезде атом бомбасын шығарма, сынақтан өткізбе деу Отанға сатқындық жасаумен бірдей қауіпті еді. Бірақ біз халық үшін тәуекелге барып осы сөздерді айттық.

Сахаров біздің сауалымызға мандытып жауап берген жоқ. Салымыз суға кетіп қайттық. Кейін осы оқиға менің «*Ғасыр қасіреті*» деген кітабыма негіз болды.

Тәжсиннің әкесін оқуға түсірген

– Соғыс басталғанда мектебіміз жабылып 12-13 жастағы балалар колхоз жұмысына жегілдік, - деді Тауман аға өткен күндерін еске алып, – ер азамат майданда. Колхоз малын солардың әйелдері бағады. Көбісі жиырма жастан аспай жесір қалған мұндарлар. Бізді соларға көмекші етіп жіберді. Шалқарда «Кішкене тұз» деп аталатын шахта бар. Майданға тұз керек. Қабырғасы қатып үлгермеген біздер шахтаға түсіп зілдей лом темірмен тұз оямыз. Оны өгіз арбаға артып стансаға тасимыз. Вагондарға артамыз. Бейнет ауыр еді. Әрі аш-жалаңашпыз. Үлкендер де, балалар да аурудан, аштап өліп жатыр. Бірақ, біздің жүрегімізде патриоттық сезім күшті болатын. Жеңіс үшін жан пида деп жіберген жаққа қабақ шытпай кете береміз.

Соғыстың соңғы жылдары мен колхозда аңшы болдым. Сол жылдары қасқыр малды қынадай қырып жаудай тиетін. Адамдарға да шапқан кездері болды. Колхоз қосауыз мылтық, ауыр қақпандар берді. Мен де қасқырларға өшіге тиістім. Қыс айларында 30–40 қасқыр-түлкі аламыз. Олардың терісіне колхоз азық-түлік береді.

Бір күні Әйімбет деген атамыз үйге келіп маған тосын тілек айтты.

– Бір қыз аштан өліпті, соны жерлейтін көр қазуға көмектес. Жер тоң, менің шамам келер емес, - деді.

Қорқып тұрсам да қарсылық көрсетпей көр қазуға көмек-тестім. Ауылда басы бос бір адам жоқ. Екеулеп қызды жерледік. Ертеңіне құрған қақпандарымды аралап келе жатсам кеше жерленген қызды қасқырлар қазып сыртқа шығарып, боршалап тастапты. Сол жерге құрған қақпанды қасқыр алып кетіпті. Деревізіне түсіп Шалқар көлінің Күлсары деген жерінде қақпанға түскен қасқырды таптым. Ол айбат шегіп атылам дегенше қақ маңдайдан атып сұлатып салдым. Өлгі байғұс қыз есіме түсіп өлген қасқырды қақпанға шұқыр қазатын күрекпен мылжалап ұра бердім. Бірақ, одан кек қайта ма?

Әйімбет ата екеуміз қызды қайта жерлеп жан-жағына қақпан құрып тастадық. Ертеніне біздің үйге арып-ашыған, аяғын эзер сүйреткен ауру әйел келді.

– Сол менің қызым еді, – деп жылап қоя берді. Ол кезде бір қасқырдың терісіне еңбек ақы ретінде бір қой, 16 келі ұн, 5 келі қант, 200 грамм май беретін. Әкем сол азық-түліктің тең жартысын әлгі әйелге берді.

Соғыс бітіп заман түзеліңкіреген кез. Имашев Саттар деген кісі Шалқар аудандық партия комитетінің хатшысы болатын. Сол кезде аудандық, облыстық, республикалық газеттерде мақалаларым жарияланып жүрген. Имашев мені шақырып алып: «Бала, сенің оқуың керек. Сенен түбінде жақсы журналист, немесе жазушы шығатынына

сенемін» деді. Бұл кезде мен кешкі мектепті бітіргенмін. *Сол кісінің жолдамасымен Алматыға оқуға аттандым. Мектепті бірге бітірген Тажин Мұхамбетқазы (қазіргі дипломат Марат Тажиннің әкесі) деген досым бар еді. Екеуміз оқуға бірге келдік. Мен университетке қиналмай-ақ түсіп кеттім. Мұхамбетқазы түсе алмай қалды. Ересектеу мен досымды ертіп университет ректоры Төлеген Тәжібаевтың алдына кірдім.*

– Мен мектепті төртпен бітірдім, мына Тажин беспен бітірген. Өте білімді, ол неге оқуға қабылданбады, – дедім ректорға.

Тәжібаев (кейін ірі дипломат болды) өте әділетті адам екен. Бізді кеудеден итермей тең адамша сөйлесті.

– Бұл баланың жасы небәрі он алтыда. Университет заңы бойынша мұндай жастағы баланы оқуға қабылдай алмаймыз. Ректор Мұхамбетқазының оқуға деген құштарлығын байқаса керек. Сәл ойланып барып барып: «Жаксы, мен Пединституттың директорымен сөйлесіп көрейін», – деді.

Пединститут директоры Сейдолла Толыбеков деген кісі болатын. Адам танитын зерек кісі еді. Тәжібаевтың өтінішін жерге тастамай Мұхамбетқазыны тарих факультетінің орыс бөліміне оқуға қабылдады. Мұхамбетқазы оқуға алғыр, әрнәрсеге бейім пысық бала болатын. Оқуға түсісімен өзін көрсете білді. Ол екінші курста жүргенде-ақ Алматы қалалық комсомол комитетінің хатшысы болды. Ал төртінші курста Орталық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі қызметін атқаруға кірісті. 1954 жылы мен оны Роза деген қызға үйлендірдім. Шама шарқымызша студенттік той жасадық.

Аманкелді ескерткіші қалай қабылданды

... 1970 жылы Шалқар ауданына Ғабит Мүсірепов бастаған бір топ ақын-жазушылар келді. Ішінде Сағи Жиенбаев, Өтебай Қанахин бар. Олар ауданның тыныс-тіршілігімен, өмірімен танысты. Аудан халқының ядролық апаттан қандай қасірет шегіп отырғанын өз көздерімен көрді. Сол кісілермен бірнеше күн сапарлас, дәмдес-тұздас болып әңгімелерін тыңдадым. Әсіресе, Ұлы Ғабеннің әңгімелері Шалқардай терең ойлы, мағыналы еді. Әр сөзінен ұлағат, үлгі-өнеге алғандай боласын.

Шалқар маңында «Ұлпан» деп аталатын темір жол бекеті бар, жазушыларды сол бекетке алып бардым. Ғабен өзінің Ұлпаны есіне түсті ме, өте риза болып рахмет айтып аттанды. Бұл кездесулер менің өміріме ғибрат берген сәтті кездесулер болды.

Осыдан кейін де талай естен кетпес кездесулер өткіздім. Соның бірі мынау еді. Қазақстан Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы Ж. Шаяхметов Халық Батыры Аманкелдіге ескерткіш қою жөнінде бастама көтеріп, мүсіншілер мен сәулетшілерге байқау жариялатты.

Осы конкурсқа КСРО-ның түкпір-түкпірінен 254 адам қатысқаны есімде.

Бұл мәселе Министрлер Кеңесінде қаралып, екі адамды жеңімпаз деп жариялады. Оның бірі Иванов деген мүсінші болатын. Екіншісі Хасбулат Нухбекович Асқар-Сарыджа деген аварлық жігіті. Асқар екі жыл Италияда өнерін шыңдаған мүсінші еді.

Министрлер Кеңесі осы шешімді қабылдағанда, Жұмабай Шаяхметов алыс іс-сапарда жүрген. Ол оралған соң шешіммен, көрмеге қойылған екі ескерткішпен танысты. Ивановтың жобасының қасына келгенде Жұмекең қатаң түрде:

– Мына ат қазақ жылқысына ұқсамайды. Оның үстіне аттың ернін тым салбыратып жіберген. Ленинградтағы Петр І-шінің ескерткішіне ұқсайды екен. Алатау болмаса қазақтың кең байтақ даласы жазық, тегіс қой. Аманкелді ескерткішін басқа ешкімдікіне ұқсатуға, басқадан көшіруге болмайды, – деді.

Екінші жобаның қасына келіп ұзақ ойланып тұрды.

– Мына жобаның авторы кім? - деп сұрады.

– Хасбулат Нухбекович Асқар-Сарыджа деген мәскеулік мүсінші, - деді Совмин өкілі.

– Ал сәулетшісі кім? – деп қайыра сұрады.

– Сәулетшісі Төлеу Бәсенов, - деді анау.

– Бәсенов бері кел, - деді хатшы, мұның авторы сен бе?

– Мен, - деді Төлеу ағай.

Шаяхметов көп сөзге келген жоқ.

– Осы жоба өтеді, құттықтаймын! Мүсіншіге хабарлас, ескерткішті қай жерде құятындарыңды ақылдасып шешіндер. Қаржыны аямаймыз, қанша керек болса, сонша бөлеміз, - деді Төлеу ағаның қолын қысып.

Қазіргі Ғ. Мүсірепов атындағы жастар театрының алдында тұрған Амангелді ескерткіші осылай дүниеге келген. Оның мүсіншісі Хасбулат Нухбекович Асқар-Сарыджа, сәулетшісі менің ағам Төлеу Бәсенов.

Мен кішіпейіл де, мәдениетті, талантты осы аварлық азаматымен достасып, араласып кеттім. Кейін Мәскеуде қызым институтта оқып жүрді. Өзім де әртүрлі шаруамен Мәскеуге жиі барып тұратынмын. Барған сайын Хасбулат Нухбековичтың үйіне түсемін. Туыстай қуанып қарсы алады. Қызым да сол үйдің бір баласындай болып араласып кетті. Сол Хасбулат Нухбековичтың үйінде атақты дағыстан акыны, Лениндік сыйлықтың лауреаты Расул Ғамзатовпен таныстым. Адам жатырқамайтын жаны жайсаң кісі екен. Кездескен сайын ашыла әңгімелесіп, пікірлесіп жүрдік. Дағыстан тарихын жақсы біледі екен. Ол кісіден де көп ұлағат алдым.

Мұхтар, Ғабит, Ілияс, Расул сияқты ұлылармен кездесуім менің әдебиеттегі өрісімнің кеңеюіне үлкен жол ашты. Әуелі ата-бабаларымның аруағы қолдап, содан кейін осы кісілердің батасымен көгердім, көктедім.

Текіден текті туар

Әдебиет әлемінде Тауман ағаның шыққан шыңы биік, өрісі кең. «Герман-Қазақстан Достық қоғамының» және Берлиндегі Гумбольдт атындағы университеті студенттер қауымдастығының шақыруымен Германия Федеративтік Республикасына бәйбішесі Балзада Шәмшіқызымен іс-сапармен барғанда 4 романы Гумбольдт университетіне, Ганновер, Гамбург университеттеріне сыйға тартылды. АҚШ Конгресінің, Канададағы Монреаль университетінің кітапханаларына берілген кітаптары биік сөрелерден орын алды.

Қазақстанның Герман Федеративтік Республикасындағы жылының ашылу салтанатына барған Президент Н. Назарбаев автордың «Тарихтың қанды іздері» атты тарихи роман-эпопеясын көріп, үлкен ілтипат білдірді. Тауман аға іс-сапармен Мәскеудегі КСРО, Қазақстан Халық шаруашылығы жетістіктері көрмелерін тамашалады. «Правда», «Известия», «Московская правда» газеттері мен «Крокодил» журналының редакцияларында, ТАСС-та болып белгілі журналистермен кездесіп пікірлескен, тәжірибе алмасқан. Ленинградтағы Эрмитаж, Кунсткамера, Смольныйдағы В.И. Ленин, Л. Троицкий, С.М. Киров кабинеттерін аралап көрген. Орыс ақыны А.С. Пушкин өткен, ғұмыр кешкен Патша селосында болып оны тамашалаған. Бұл сапарларын қаламгер қойын дәптеріне жазып алған.

Тауман ағаның үлкен бабасы – Бәсен 103 жыл өмір сүрген адам. Бәсеннен – Көтібар батыр, Көтібардан – Есет батыр туады. Есеттен – Назар, Назардан – Төрехан, Төреханнан – Алыбай, Алыбайдан – Тауман туады.

Тарихтан белгілі Есет батыр – патша үкіметіне қарсы аяусыз күрес жүргізіп, оның отарлау саясатын 20 жылға шегерген. Оның ұлы Назар ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан. Ұлы Құм мен Мұғаджар тауының арасында дүниеге келген Көшім Сібір өлкесінде хандық құрған. Шоқан Уәлиханов «Сібірде патшаға қарсы күрес жүргізген Көшім хан Ресей отаршылдығын 100 жылға шегерді», – деп жазды. Осы тарихи оқиғалар, қанды қасап қырғындардың ішінде Тауман ағаның бабалары жүрген.

Көтібар мен Есет батырлардың ұрпағы – Матай Қоқанов (1886–1971). Матай атасынан бір ұл, екі қыз дүниеге келеді. Үлкен қызы Ділде Матайқызы (Тасмағанбет келіні) мен Нұрғали екеуінің некесінен белгілі қоғам қайраткері, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің жанашыры Иманғали Тасмағанбетов туады. Матай атасының мәйіті Шалқардағы «Есет бұлағы» басындағы үлкен қорымда жатыр.

Тектіден текті туар деген осы.

Тауман аға мен Балзада әже көп ұрпақ тәрбиелеп өсірген бақытты ата-ана. Соларды тәрбиелеп, оқытып шығаруға екеуі қанша тер төкті десеңізші. Анда-санда бәрі бас қосып келіп, ата-аналарын қуанышқа бөлейді.

– Менің өмірімнің жалғасы, қуанышы осылар, - дейді Тауман аға, – мен жүрегімді жарып шыққан балаларыммен, немерелеріммен, жарыққа шыққан кітаптарыммен бақыттымын.

Осы бақытты Тауман аға мен Балзада әже наурыз айында 80 жасқа толып, бірін-бірі баладай мәпелеп отыр. Тауман ағаның осындай биікке шығуына Балзада әженің сіңірген еңбегі зор.

... Біз қоштасып шығып бара жатып артымызға қарағанда Тауман ағаның жазу столына асығыс отырып жатқанын көрдік. Тағы бір тамаша дүниелердің өмірге келетініне нық сеніп аттандық.

Жеңіс ШЫНЫБЕКОВ,

«Алматы ақшамы» газ., 2011 ж., 25 наурыз, 24-25 бет.;

www.almaty-akshamy.kz; www.tauman-torekhanov.com

ТАЛҒАМ МЕН ТАЛАПТАН КИГЕН САУЫТТЫ

жазушы-журналист Тауман Төреханов – 80 жаста

Таң сыз бере егістікке қойған қарақшыдай стол басына келіп конжиган, содан әлі отыр. Тыпыр етер емес. Арқасы мүжіле бастаған орындыққа ара-тұра басын қойып, бір нәрсе ойланып алады да, ақ қағазға қайта шұқияды. Құдды бір аңқасы кеуіп шөліркеп келіп, тұныққа бас қойғандай. Сары тап болған сарғыш беттердің арасынан алтын көмбе тауып алардай-ақ сапырылыстырып бір нәрсе іздеп, сарылып отырғанына да талай уақыт өтіп кетіпті. Әлсін-әлсін, бояуы айшықтана, әдемі түске еніп келе жатқан мынау дүниеге терезе көзімен бір қарап қояды. Шіркін уақыт десеңізші! Қолынан қаламын тастамай ақ қағазды ермек еткеніне де елу-алпыс жылдың жүзі болып қалыпты. Содан бері қаншама жылдардың «шыңы мүжіліп», қаншама көктемнің жылғасы тартылғанын енді байқап отырғандай.

Бүгінде сексеннің сеңгіріне шығып отырған абыз қария, қаламымен қазақ жұртына танымал жазушы-журналист Тауман Алыбайұлы Төреханов туралы бұлай толғана берсең толағай сырлардың сырына сүңгіп, өткен ғасыр қойнауынан бірақ шыққаныңды да білмей қаласың. Өйткені, ол кісінің ғұмырнамасы жай бір қараған жанға сырғын аша бермейтін шалқып жатқан Шалқар көліндей телегей, адамгершілік пен азаматтықты тереңіне байлаған мөл-момақан ғана.

Тауман аға 1931 жылы Шектіден Жағалбайлы еліне сонау Жайық бойына сапар шеккен ер Төлеген суын ішіп, атын шалдырған Шалқар көлінің маңындағы Ақтөбе облысының Шалқар ауданында жер ананың исінген сәтінде, яғни наурыздың 15-де дүниеге келіпті. Бұл батыс өңірде жаңару, көрісудің екінші күні. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер тұсы. Қыстан аман шыққан елдің өкпесі болса кешіріп, үлкендеріне сәлем бере баратын күн. Тағы бір жылын артқа тастаған көнекөз қариялардың күншуақтап қыр басына тонқан қағып шығар шағы. Жер-дүниеге жан бітіп, қурап қалған талдың да тамырына нәр жүгіретін, дала саршұнағы қыстай жатқан інінен шығып, күнге қарап көзін сығырайта сәуле аулайтын, ертеңгі жаздың болашағын болжайтын осы бір күннің қадір-қасиеті батыс қазақтары үшін ерекше. Жыл сайын осылай жадырай келетін құт-берекеге толы наурыз айы жер бетіндегі адамзатқа жылылық пен мейірімділік нәрін, қуанышын үйіп-төгіп әкелгенімен, ол дүниеге келген жыл қазақ халқы үшін аса бір қолайлы кезең болмайтын. Қара жердің өзін қанға бояп, әрлі-берлі жосыла шапқан қызылдар мен ақтардың кескілессен тұсындағы сол бір аумалы-төкпелі заман, ел басына төнген ашаршылық пен кеңестік репрессия Төреханұлы Алыбай шаңырағына да біраз қайғыны үйіп-төккен. Бірақ жаратқан ием жар болып періштесі қақты ма қайдам, әйтеуір құдай сақтап бала Тауман аман қалады. Осы бір қиын-қыстау кез туралы сондағы он жасар бала кейін өскен соң куәгер ретінде көргені мен көкірегіне түйгенін «Тарихтың қанды іздері» атты кітап қылып жазып шықты. Мұндағы жан түршігерлік оқиғалар өз алдына бір әңгіме.

Тәукеннің арғы тегі батыр, бағландар, соған орай барлық бабалары да байлық пен барлықта өскен. Ал Тауман аға дүниеге келген сол жылдарды әйтеуір құдай да бәрін бұл баладан қызғанғандай құртып-ақ қойыпты. Ашаршылық жайлаған 30-шы жылдары әлсіреп қалған, онсыз да егістігі жоқ, тек мал шаруашылығымен айналысатын Шалқар өңірі көп уақытқа дейін өзіне-өзі келе алмады. Кеңестік дәуір біржола орнап, 1950 жылдардың жылымығы түскенге дейін соғыс, соғыстан кейінгі жылдардың ауыртпалығын ел аз тартқан жоқ. Мойындарына қыл шылбыр болып түскен жокшылық пен кедейшілік қамытын ауыл азаматтары оны кейінгі 70-80 жылдарға дейін сүйреумен келді. Осы бір қиын тұсқа балғын шағы тап келген Тауман аға балдәуреннің бейкүнә күндерімен ерте қоштасты. Буыны катып, бойы бекімей еңбекке араласты. Он жасында малшыға жәрдемші, тұз шығарушы, колхоз аңшысы сияқты қара жұмыстар істеп, еңбектің ащы дәмін ерте татты, қара нанның қадірін білді. Арғы бабадан жеткен, бойында тулаған асау қан болса керек, қайда жүрсе де намысын жіберген жоқ, қатарынан қаспады. Жастайынан естін өскен «Атадан үл тұса, он жа-

сында ат жалын тартып ерге қонар» деген үлкендер сөзін құлағында мықтап сақтады. Бабасы Бәсеннің өзі бір ғасыр жасаған, нағыз қара күштің иесі болған көрінеді. Ол кісі 1727-1830 жылдары осы Шалқар маңының дәм-тұзын татыпты. Кіші жүздегі Кете руының белгілі төбе биі, атышулы байы, сөз қадірін білетін көсемсөз шебері Боздақ бидің оң жақта отырған кенже қызы Нарбикені айттырғанда жиырма бес-те екен. Боздақ бидің қатарласы, Бәсеннің ағасы Досалы ара ағайын жүріп екі елді құда болмаққа шақырып, алыс-беріс, сый-сияпат жасауға барғанда көпті көрген Боздақ би:

– Қалың малға қыз сатпай, халқының қадірін білетін жиен тапсам деп едім, осы айтқаным айтқан. Қызымның ғұмырына жететін төрт түлікті өзім-ақ санап берем, тек балам бақытты болсын. Бағы мен бақыты Бәсен болғай. Бауырларынан ұлағатты ұл, қылықты қыз өрбісін. Әркімді тандап қонар бақ пен бақыттың барар жері дүние-мүліктің шаһары емес, еліне сыйлы, үбірлі-шүбірлі шаңырақ болса, нағыз байлықта, бақыт та сол, - деп бата қайырған көрінеді көпті көрген кемеңгер. Дуалы ауыздан шыққан дауалы сөз сонау жасағанның құлағына жетті ме қайдам, міне, содан өрбіген ұрпақтың бәрі батыр, бағлан, елінің, жерінің қадірін білген, тұтам жерін жауға бермеген көкжалдар болған. Бәсен мен Нарбикеден тараған қазақ тарихында Бес Бәсен аталып кеткен Шектідегі Жандәулет, Ақпан, Тоқпан, Көтібар, Көбес ұрпақтары батыс өңірде аттарынан дүйім жұрт қорқатын атақты батырлар. Айман-Шолпан жырындағы тарихи тұлға Көтібардан белгілі халық батыры Есет, одан Назар, одан Тауман ағаның атасы Төрехан тарайды. Батыста екі Есет бар. Көпшілігі әлі бұл есімдерді шатастырып жүр. Қарабура Таманың ұрпағы би Есет пенен батыр Есет екеуі екі басқа. Төрехан ақсақалдың арғы атасы Есет осы батырдың сойы. Сол ұрпақтың бүгінгі буыны сексенге келген Тауман Алыбайұлының түр-сипатында да қыран бүркітке ұқсас сол батырлар кескін-кейпінің ізі жатыр. Тәукең кейбіреулердің сөзі ұнамай қалған сәттерде қыран бүркіттей комданып, алара қараса болғаны көз жанарымен-ақ өзгені сұсы басып, екіжүзді мен жағымпаздар түгілі батырсымақтардың да жүндері жығыла бастайды.

Сол Тәукең еңбекпен жүріп ес жиды, етек жапты. 1947-1949 жылдары қаршадай бала елгезектігі мен білімге құштарлығының арқасында еңбекшілер депутаттары Шалқар қалалық Совет атқару комитетінде іс жүргізуші болып қызметке орналасты. Он алты жасар ұланның бойындағы қуаты мен ата-бабасынан берілген табиғи талантын ауылдың тіс қаққан аға буын өкілдері де тез таныса керек, сол кезде шығып тұратын Шалқар аудандық «Социализм туы» газетіне әдеби қызметкер етіп алды. Қызметке келісімен-ақ өндірдей жас өзіне тапсырылған жұмысты ыждағаттылықпен орындап, шыр-қобелек

айналдырып жүре берді. Күнделікті газет жұмысы қызықты да қызғылықты болғанымен, әлі де оқу мен білімнің бойында жетіспей жатқанын жас жігіт бірден түсінді, не болса да оқуға талпынды. Арман-қиялмен дүниені кезіп, ойналмай қалған ойындарының өтемі тұрды көз алдында... Өмірдің ләззатын білім мен ғылымнан алуға бел буған ол 1950 жылы Алматыдағы С.М. Киров атындағы Қазактың мемлекеттік (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық) университетіне оқуға аттанды. Сол жылы жолы болып оқуға түсіп кетті. Жаратқанның пендесіне бір нәрседен таршылық қылғанымен, бір нәрсемен екінші жағын толтырып, толықтырып отыратын әдеті ғой. Тағдыр тұрмыс-жағдайда қысқанымен, оқу-ғылымда білікті, білімдар жандармен жүздестіруге, кездестіруге бұйыртты. Тауман Алыбайұлы студент болған жылдары өткен ғасырдың нағыз мәрқасқа ғұламалары, казактың біртуар азаматтары Төлеген Тәжібаев, Мұхтар Әуезов, Ісмет Кенесбаев, Нығмет Сауранбаев, Мәулен Балакаев, Бейсенбай Кенжебаев, Ибрагим Маманов, Орынбасар Төлегенов, Жұбаныш Аралбаев, арабтанушы ата Әжікеев сияқты нағыз ұстаз-ғалымдардан дәріс алды, соларға еліктеп жатпай-тұрмай оқыды, ізденді, инемен құдық казғандай тереңнен тартып бойына білім нәрін жинады. Адал еңбек, мандай тердің арқасында университетті қызыл дипломмен бітіріп шықты. Жақсы бітірген шәкірттеріне назарлары ауған ұстаздар қауымы бірауыздан колдап, Ленинград университеті шығыстану факультетінің аспирантурасына жолдама берген, амал не, тағы да кінәлі - етектен тартқан жокшылық. Баруға қаржы таппай қиналды. Жағдай болмаған соң қолын бір сілтеді де, Бершоғыр Шахта поселкесіндегі орыс-казак орта мектебіне директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып кете барды. Осында жүріп ол Бершоғыр тау көмір шахтасының басқарушысы, ол кезде инженер-геолог, кейін аты әлемге әйгілі болған, Қызыл империяның қылышынан кан тамып тұрған кезінде де тайсалмай, дара шапқан, тарлан жазушы Ілияс Есенберлинмен танысты. Ол кезде ол кісінің Мұғалжар, Айрықтау, Шетырғыз, Ырғыз бойларында болып, ол Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалыс туралы «Қаһар» тарихи романына деректер жинап жүрген кезі болатын. Көп ұзамай біраздан кейін кетіп қалды. Бірақ бұл кездесу шығармашылығын тұрмыс билеп, екі ойдың жетегінде жүрген Тауман Алыбайұлының біржола әдебиетке бет бұруына көп септігін тигізді. Сол күндерден бастап қаламгерліктің жалынан мықтап ұстаған Таукең бар ғұмырын осы жолға арнауға бет бұрды, қолынан қаламын тастамауға ант етті.

1957 жылы Ақтөбе облыстық комитеті жас журналисті маман ретінде редакцияға қызметке жіберді. 1962-63 жылдары облыстық комитеттің Темір аймақтық өндірістік басқармасы бойынша шығатын

облыстық «Жаршы» газеті редакторының бірінші орынбасары қызметін атқарды. Кейін Ақтөбе облыстық партия комитетінің Шалқар аймақтық өндірістік басқармасы бойынша ашылған облыстық «Коммунизм таңы» газетін ұйымдастырып, оның бас редакторлығына тағайындады. Ал басқарма тараған соң Шалқар аудандық газетінде 1992 жылға дейін 29 жыл бас редакторлық қызмет атқарды.

Тауман ағаның қойшы-қолаң, жұмысшы, механизатор, яғни бір сөзбен айтқанда ауыл еңбеккерлерінің атынан ұйымдастырған мыңдаған топтама макалаларын есептемегенде көлдей-көлдей газет бетінің түгелге жуығын алып жататын очерк, суреттемелерінің өзі 200-300-ден асып жығылады. Жалпы халықтың ауылдық жерлердегі һәм көзі мен тілі баспасөздің төменгі буыны аудандық газет десек, оның көрігінде шыңдалған журналистер әр уақытта алымды да шалымды, нағыз өз ісінің мамандары. Өйткені, егістікке түскен комбайндай жұтып жататын газет бетіне қажетті күнделікті мақалалар, өзі тістің суындай азғантай ауыл журналистерінен біріншіден - шапшаңдық пен жедел қимылды талап етсе, екіншіден - сауаттылық пен қырағылыққа міндеттейді. Сөздің мәні мен мағынасын астарынан, тереңнен іздейтін «дала академиктерінің» дұрыс жазылмаған тұшымсыз дүниелерді сынап-мінеп, күлкіге айналдыра салуы да оп-оңай-ақ. Оның үстіне, партиялық цензура, партиялық принципшілдік деген төбеңде төніп тұрған пәлең тағы бар. Қалт кетіп, саясатқа сай емес сөз саптасан болғаны қой төлдетудің де кейбір мәселелерін қырық жыл қой баққан қойшыға үйретіп жіберетін партия нұсқаушысы мен идеология хатшысы төбеңе әңгір таяқ ойнатады.

Аудандық газет журналистерінің жүгі қаншалықты ауыр десек, бас редактордың арқалар жүгі одан екі есе. Өйткені ол аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, атқару комитетінің мүшесі, неше түрлі жоғарғы деңгейде өткізілетін конференциялар мен жиындардың құрметті қонағы, үзіліссіз делегаты, аудандық кенестердің депутаты. Осындай сарсаңға салар сарсылма жиналыстардың бел ортасында Тауман аға бас редактор ретінде отыз жылдай жүріпті. «Шіркін-ай, сонда кеткен уақыттарымды жазуға арнасам ғой», - деп өкінеді кейде өткен күндерін еске алғанда қарт журналист.

Баспасөз қызметінің белді ұйымдастырушысы, қабілетті қаламгер ол кезде аудан, облыс көлеміндегі басшылар назарынан тыс қалмайтын. Мәскеуде өткен КСРО Журналистер одағының құрылтайына ТАСС бас директорының шақыруымен болып қайтқан, ал Қазақстан Журналистер Одағының құрылуынан бастап сегізінші съезіне дейін делегат болған, сегіз жыл басқарма мүшесі болып сайланған. Мұндай қоғамдық жұмыстар бір жағы уақытын ұрлағанмен, екінші жағынан дүниетанымын өсіріп, көп адамдармен таныс болуға көмегін тигізді.

Бір жолы Шалқар өңіріне, аудандық газеттің редакторы болып жүрген кезінде, КСРО-ның белгілі академигі, дүниені алпауыт атом бомбасымен шулатқан А.Д. Сахаров келді. Мұғалжар тауының батыс өңіріндегі Жем өзенінің терең бір қойнауында «Ембі 5» әскери жабық қалашығы болатын. Академик осындағы құпия әскери қарумен танысуға келіпті. Сондай-ақ Арал теңізінің ортасындағы «Барсакелместе» де сол жылдары «құпия сынаққа» кірісіп жатқан. Академик А.Д. Сахаровтың атом ракеталарын сынайтын далалық лабораториясына айналған Қызылорда облысының Арал теңізі, Арал, Қазалы аудандары, Ақтөбе облысының Шалқар, Байғанин, Мұғалжар (бұрынғы Жұрын) аудандарының халықтары мен малдары, сол жерде тіршілік ететін жан-жануарлар тәжірибе объектісіне айналған болатын. Аз уақыттың ішінде халықты, малды обыр (рак) жайлап қынадай қырыла бастады. Бұл өңірде өсетін 280 түрлі өсімдіктің 50-60 түрі ғана қалды. Қолайы жоқ доп сияқты сәбилер, екі басты, жалғыз көзді төлдер, терісі жоқ бұзаулар мен қозылар туып жатты. Міне мұны көріп шыдамаған Тауман Алыбайұлы Кеңес өкіметінің тәртібі бойынша көзі байлаулы, құлағы керен, аузы құлыптаулы болса да орын алған жағдайды өз аузымен емес, академикпен әңгіме барысында ауыл ақсақалының аузына салып айтқызыған болатын. Қанша дегенмен дүние жүзіндегі ірі оқымысты ғой, сол кездесуде академик жүзінде үрей пайда болып, қатты ұялған-тұғын. Бұл туралы Тауман аға кейіннен кеңінен толғап, «Кісенделген дала» атты тарихи роман жазып шықты. Тарихи роман демекші соңғы кезде Тауман Алыбайұлы тарихқа негізделген романдар жазуға біржола ден қойды. Соңғы жылдың өзінде «Атамұра» баспасынан тек қана тарихи негіздегі жеті повестері мен бес романы жарық көріпті. Бұлардың ішінде, әсіресе, Есет Көтібаров туралы «Дала Геркулесі» атты тарихи еңбектің алар орны ерекше. Көптеген шетелдік деректер, қолмен салынған Есет батырдың суреті алғаш осы кітап беттері арқылы оқырманына жол тартты. Бұдан да басқа өзі аман қалып, қанды шеңгелінен құтылған 1930 жылдардағы ашаршылық пен репрессияны баяндаған «Тарихтың қанды іздері», дәмдес, табактас болған қазақтың біртуар ұлдары Асқар Токмағамбетов, Ғабит Мүсірепов, Ахмет Жұбанов, Тахауи Ахтанов, Хамит Ерғалиев, Нұрғиса Тілендиев тағы да басқа дүлдүл өнер адамдары туралы «Көз көргендер еді» атты кітабы, «Ғасыр қасіреті» туындысы, басқа да шығармалары ешқандай боямасыз талап пен талғамнан сауыт киген дүниелер.

Тауман Алыбайұлының көп жылғы еткен еңбегі, төгілген тері өз уақытында бағаланды да, қазір де бағаланып келеді. Қазақ КСР-інің мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткері, КСРО баспасөзінің үздігі секілді атақтарды есептемегенде бұрынғы және кейінгі мемлекет пен

үкімет тарапынан барлығы жиырма бестің үстінде марапат алыпты. Мұның бәрінен де ең жоғары тұрған марапат - өзінің төл перзентіндей бойынан шығып қағазға түскен роман, повестеріне берген Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың алғыс хаты мен қалың жұртшылықтың жылы ықыласы.

Бүгінде арынан гөрі наны қымбатырақ заманда қаламының ұшын ары мен ойданына суарған қаламгерлердің азайып бара жатқаны белгілі. Тегіне тартқан Тәукең болса байыпты, байсалды қалпынан айнымаған баяғы сол қалпы. Қариялықтың таңы қылаң беріп жүрсе де арға суарылған қаламын қолынан тастамай келеді. Жұрт секілді барлы-жокты нәрсені сүйкей салуға жаны құмар емес. Тарихи құжат, мұрағат жазбаларын, халық жадындағы естеліктерді зерделеп, зерттеп барып қағазға түсіреді.

Алпыс жылдан астам бірге ғұмыр кешіп келе жатқан бәйбішесі Балзада Шәмшіқызы екеуі бес бала тәрбиелеп өсірген берекелі отбасы. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дегендей тура мінезінен айнымаған қалам иесі бала-шағасын да, олардан тараған немере-шөберелерін де тура жолдан айнытпай тектіліктің үлгісін көрсетіп келеді. Адалдықтың ақ туын жалау еткен Тауман аға бүгінде сексеннің биігінен қазақ журналистеріне сын көзбен қарай отырып, тәуелсіздікке қол жеткен қазақ елінің болашағына үлкен үміт артады.

Сансызбай МӘДИЕВ,

филология ғылымының кандидаты,

Айқын, №55 (1722), 31 наурыз, 2011 ж., 24 бет.;

www.aiqyn.kz; www.tauman-torekhanov.com

ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР

Тауман Төреханов 80 жаста

Әдебиет ең алдымен – Сөз өнері. Қасиетті кітаптарда, «Ең алдымен Сөз болған» деп жазылған. Сол киелі сөздің қадір-қасиетін бір кісідей білетін, соданда өзінің бүкіл саналы өмірін тарыдай бағы, таудай азабы бар асыл сөз – әдебиетке арнаған қарымды қаламгерлердің бірі – 80 жасқа толған мерейтойы ел аумағында кең көлемде аталып жатқан Тауман Алыбайұлы Төреханов.

Тауман Төреханов жүріп өткен жазушылық жол әрі ұзақ, әрі қысқа. Баспасөзге саналы ғұмырының елу жылын арнады. Ұзақ дейтінім сол. Ал қысқа дейтінім – әдебиетке келген мезгілі. Бұл аға Балзак жасынан да, ұлттық рухымызды оятқан ұлы суреткер Ілияс Есенберлиннен де кеш келді әдебиетке. Қуаныштысы – қаламы төселіп, үлкен дайындықпен келді. Сөз жартығасырлық баспасөзде

қызыл империяның қылышымен алысып-жұлысып жүріп жинаған-терген, зерттеген, ой елегінен өткізген бай қазынасынан еліміздің тәуелсіздік байрағы көтерілген кезде төкті де салды. Ұлы атасы жүз үш жыл жасаған Бәсеннің ағзасымен келген күш-қайрат, ақыл-ой, ағаны күндіз-түні еңбек етуге жетектеген. Соңғы он жылда ғана екі жүз баспа табақтан астам он кітап жазып, жарыққа шығарды! Ал ойлан! Солардың әрқайсысы сүбелі бір төбе, бір дөң, бір қыр, бір шың. Төгілген көркем сөз, маржандай тізілген жолдар, қыз шолпысындай, сыбдыр қаққан оюлы өнер, тау бұлағындай таза ағыс. Айтар едім, бұл ағаның қаламы ешкімге ұқсамайтын – өз өрнегі, өз соқпағы, өз стилі, өз жазу мәнері, өз үні, өз қолтаңбасы бар қаламгер.

Соңғы жылдары «Атамұра» баспасынан екі жүздей очерк, әңгіме, эссе, новелла: «Көз көргендер еді», «Қанмен жазылған тағдырлар», «Ғасыр қасіреті», «Зердесінде ұрпақтың», «Ұжмақ елі», «Жазбады-ау демесін», «Кісенделген Дала», «Адам әлемі», «Тарихтың қанды іздері», «Дала Геркулесі» атты еңбектері жарық көрді. Бұлардың бәрі де көлемді көркем шығармалар. Ұзын саны 11 кітап.

Қаламгердің бір ұлағаттылығы екі-үш сөйлеммен-ақ, ағаның, өз сөзімен айтсақ, «большевиктер ғасыры» атанған жиырмасыншы ғасырды «Ғасыр қасіреті» (дилогия, «Атамұра» баспасы, 2001, 624 б.) тарихи романында былай деп кескіндейді: «... XX ғасыр жеке адамдарға ғана емес, бүкіл халықтарға да, тіпті жерге де, суға да, ауа райына да, жан-жануарларға да, барлық өлі-тірі дүниеге де – жалпы, бүкіл әлемге қайғы-қасірет әкелді» деген эпиграфпен ашылады. Батыл, тың пікір.

Тауман Төрехановтың «Кісенделген Дала» атты романында Отан соғысының қанды майданынан, Берлин үшін шайқастан сары дорбасын арқасына, сүр шинелін иығына салған солдат Мәскеудің Белорус вокзалынан түсіп, қайда барарын білмей, анырап тұрып қалды. Ақыры вокзал ішіндегі бір орындықта түргеліп отырып көз іліндіреді. Солдат іштей: елге барғанда қайда барамын, кімге барамын, әке-шеше бақилық болған. Ал мен кіндіктен жалғызбын. Токта, осы қаладағы бір жоғары оқу орнына түсуге талаптанайын, елге мамандық алып оралайын деп Ізбасқан Далабаев орнынан ұшып тұрып Мәскеудің, Ломоносов атындағы Мемлекеттік университетіне келеді. Университеттің заң факультетіне қабылданады. Сол елуінші жылдары ММУ-ды бітіріп, Қазақстанға жолдама алып, Алматыға келеді. Үйленеді. Жоғары Кеңестің бөлім меңгерушілігіне алынады. Қуаныш қызмет ұзаққа созылмайды. Себебі юриспруденцияның теориялық жолымен жүргісі келеді. Сөйтіп, аса бір ірі тұлға – партократпен тілге келеді, жағаласады. Партократ жансыздардың бастығы генералға тапсырма беріп, қалай болғанда да Далабаевтың көзін жоюды тапсырады. Да-

лабаев түстікке үйіне келген кезде, біреу пәтердің сыртқы есігінің қоңырауын қағады. Есікті өзі ашуға келгенде үшеу есік пен босаға арасына аяғын салып, есіктің шынжырын үзіп, кіреберіске Ленин суреті бар жүз сомдық қарала қағаз ақшаны шашып жібереді, сөйтіп, «сен 1 пара алып жатырсың» деп актілеп, табанда ұстап алып, түрмеге жабады. Он жылға сотсыз, әскери трибунал шешімімен айдалып кете барады...

Иә, енді бұл жердегі қактығыс, трагедия адам айтқысыз оқиғаларды каламгер өте шебер суреттеген.

Темірмен торланған қызыл вагон, іші ит байласа тұрғысыз бетті қаритын суық, надзирательдердің зәбірі, Мәскеу маңындағы саяси тұтқындарды қамайтын түрме – бәрі-бәрі аса нанымды баяндалады.

Соңында түрмеден босап, Алматыға оралған Далабаев үйіне келсе, әйелі жарық дүниенен қоштасқалы жатады, тілге келместен, көзін ашпастан сүйген жарының мандайынан сүйіп, бір иіскегенін сезбестен кете барады. Ұлдары көше кезіп қарақшы болған, қызы маскүнем, жезөкшелікпен тәнін сатқан кайыршы. Осы жерде автор Джек Лондонның мына бір ескірмейтін даналық та қанатты сөзін келтіреді. «Саясаткерлер арын сататын; депутаттар халық сенімін сататын; жұмысшылар күшін сататын; әйелдер тәнін сататын заманға келдік» деп қызыл империяның уақытысындағы шындықты ашып айтады.

«Тарихтың қанды іздері» атты өткір сюжетті роман-эпопея Ақтөбе ОГПУ-дың майоры Виктор Иванов бастаған жазалаушы отрядтың Кіші құмдағы алғашқы операциясын суреттеуден басталады. Ұлы құм мен Кіші құм елін асырап отырған іргелі бай Көрғұлы аса білікті, би адам. Қосағы халық батыры Есет Көтібарұлының үлкені – Назардың қызы. Байларды тәркілеу басталған кезде жан ұшырып шетел асады. Біз сөз етіп отырған бұл роман-эпопея сонау қазақ жеріне ат тұяғын батырған атты казактар, 1928-1929 жылдардағы қазақ байларын тәркілеу, серіктестіктер құру, аяғы алапат аштық, қазақ халқының босуы, соңы «қанды-37», «қайғы-қасіретті-38» жылдардың бірқатар қанды оқиғаларын баяндай келіп, жиырмасыншы ғасырдың бел ортасына таяу аяқталған Отан соғысымен жинақталды.

Айта кету керек, большевиктердің қазақ халқына қолдан жасаған алапат аштығы жайлы талайлар калам төсеген. Ал бұл тарихи деректерге негізделген роман-эпопеяда осы алапатты көзбен көріп, қолмен ұстағандай боласың. Еске алатын болсақ, кітап автордың әкешелері, бауырлары да осы аштықта құрбан болған. Арқырап жатқан Арал теңізінің Ақеспе, Талдыеспе, Кіші құмның Мелдікөл, Толағай бойларынан шұбырған халықтың кескін-келбетін оқу өте ауыр.

Романда баяндалатынындай, аш-жалаңаш, жаяу босқындарды бастап, ел анасы да, жасы үлкені де атты казактардан тірі қалған жетімдерді бағып-қағып жүрген Дәржан келеді. Кітапта атамекенді, туған жерді, теңізді тастап келе жатқан халықта сан жоқ. Бірі құлап жатыр, бірі сұлап жатыр.

Романда жұмысқа айдап алып барып қосқан қазақ келіншектерінің трагедиясы шебер суреттелген. Тіл, жұмыс барысын білмейтін әйелдерді ұрып, соғып, ақырып, жекіріп, тапаншаман жасқап жүрген «буржейка» атты надзиратель Күмісайды сол бірінші күнгі таңсәриде теуіп өлтіреді. Күмісайдың күйеуі Есенқара өткен көктемде Арал теңізінде жылым салып жүргенде, сең жүріп кетіп, опат болады. Есенқара мен Күмісайдан қалған екі баланы Дәржан бауырына басады. Өкінішітісі сол – ит байласа тұрғызсыз баракқа қамалған балалар қызылша шығып қырылып қалады. Енді ол балалардың мәйітін қоятын мұсылман қорымы жоқ. Содан Дәржан қалашықтың шетіндегі қар басып құлаған барак ішіне қояды. Өлімнен өлім. «Балдай екінші» атанған әйелдің күйеуі Әлімбек қарлы боранда тау басынан төмен қарай ағып келе жатқан вагонетқалар астында қалады. Оның сүйегін Шәмші жинап қапқа салып баракқа әкелді. Оны көрген әйелі отарбаға өзі түсіп, екі қолынан айырылады... жер ауған, босқан казактардың бақытсыз өмірін қаламгер одан әрі суреттей түседі. Сол құрлыста Шәмші стахановшы, бірінші жұмысшы болады. Кейін бір аварияны комиссия мүгедектігіне зейнетақы тағайындай алмайды. Бір қызығы, анасы Дәржаннан жалғыз тірі қалған баласы Шәмші үш жасы кіші болып құжатталған. Ақыры өмірден зейнетақысыз өтеді. Еске алатын болсақ, автор осы аштықта босқан, тозған, топалаң тиген қойдай қырылған қазақ өткен ізбен сонау Магнитогорскіге дейін сол өткен ғасырдың елуінші жылдардың соңында творчестволық іс-сапармен жүріп өтеді. Көзбен көріп, тірілерден сұрау, архивтік материалдарды зерттеу шығарманың шырайын арттыра түскен.

Осы роман-эпопея бастан-аяқ суреттелетін қазақтың маркасқа бір ұлттық тұлғасы бар. Ол – Матай Коканов (1886-1971жж.). Көтібар, Есет батырлардың әулиелердің, көсемсөз серкелерінің ұрпағы. Орта Азияда жоғары діни білім алаған ғұлама, сол діни біліктілігі үшін большевиктер екі рет соттайды. Магнитогорск металлургия комбинатын, Беламор-Балтық каналын салуға қатысады. Түрмеден шығады. Туған атамекені Шалқарда он төрт жыл мешіт имамы болады. Матай атадан бір ұл, екі қыз дүниеге келеді. Үлкен қызы Ділда Матайқызы (Тасмағамбет келіні) мен Нұрғали екеуінің некесінен Қазақстанның көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері, ұлттық тұлға Иманғали Тасмағамбетов туады. Әрине, бір мақалада 44 баспа табақтық роман-

эпопеяны камтыған ұзақ оқиғасына талдау жасауға, ақи-тақи баға беруге мүмкіндік жоқ. Романның бір ерекшелігі барлық кейіпкерлердің ат-жөні өзгермеген.

Еске алатын болса сол ОГПУ майоры Виктор Иванов соңында өзіне-өзі қол жұмсайды. Ал Сәдібай Көргүлінды Ақтөбенің сыртында жансыздардың өздері атып өлтіреді... Бұл «қанды-37», «қайғы-қасіретті-38» жылдар қазақ зиялыларына қырғидай тиген заман болып тарихқа енді.

Автор тың бір ой тастайды. Қызыл империя большевиктер қолдан алапат аштық жасап қазақ халқын қырып, кейін плебисцит өткізу үшін зиялыларды жоқ қылу стратегиясын – саясатын жүргізу арқылы өзіне кең тыныс алды. Тарихта осындай геноцидтен қырылған халықтан сол империяның бүгінгі мираскорлары кешірім сұрап, өтемақы төлеу керек. Ерте ме, кеш пе осыны талап ететін қазақ ұлтының бір ұрпағы келеріне автор күмәнданбайды. Кітап бұл империяны зұлымдық империясы деген тоқтаммен түйінделеді.

Бүгінде есімі мен еңбегі қалың елге кеңінен танылған белгілі жазушы Тауман Төреханов өзінің кең тынысты романдарында қазақ халқы бастаған кешкен тарихи оқиғаларды трагедия халге жеткізе суреттейді. Сол қайғылы оқиғаларды оқып отырғанда жиырма жасар Кафканың: «Жан дүниенді шыжғыратын шығармаларды оқу керек» деген сөзі ойға оралады. Ел алдында патриотпын деп кеуде кермеген Лев Толстой Порт-Артур жау қолына өткенде үнсіз, ұзақ жылапты. Тауман Төреханов романдарын оқығанда сол оқиға ойға оралады. Елін, жерін сүюді айғайлап айтпай, «жан дүниенді шыжғыратын шығармалары» арқылы жеткізген қаламгер ұлттық рухты асқақтауға қуатты қаламымен қалтықсыз қызмет етіп келеді. Бұл қай құрметке де лайық еңбек.

Сәбит ДОСАНОВ,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері,

Айқын, 18 мамыр, 2011 ж., 7 бет.; www.aikyn.kz;

www.tauman-torekhanov.com

ПРЕКЛОНЯЯСЬ ПЕРЕД ДУХАМИ ПРЕДКОВ, ОПИРАЯСЬ НА СВОЕ ПЕРО...

К 80-летию писателя Таумана Төреханова

В современном мире полноводных рек больше, чем континентов, так и пишущих много, а писателей мало. Еще говорят: «Книг много, а литературы мало». И кто-то приходит в литературу сразу, кто-то после долгих лет подготовки к творчеству. Акса-

кал Тауман Тореханов стал писать художественные произведения поздно, но, будучи самородком, вошел в литературный караван решительно и плодотворно.

В 60-х годах прошлого столетия Тауман Тореханов как редактор стоял у истоков актюбинских областных газет «Жаршы», «Коммунизм Таңы».

Однако художественный дар Таумана Тореханова наиболее полно раскрылся именно в последние годы, когда вышли в свет его романы и повести. Эти повести, рассказы, очерки и исторические эссе обнажили всю многогранность таланта Тореханова. Вдохновленный свежим ветром независимости, он выпускает роман-дилогию «Ғасыр қасіреті», документальный роман-трагедию «Кісенделген Дала», остросюжетный роман-трагедию «Тарихтын қанды іздері». Эти художественные произведения были высоко оценены в периодической печати.

Тауман Тореханов описывает природу в соответствии с настроением героя. Пример из романа: «Глубокое покрывало зимы Года Свиньи, белая пурга Великих песков (Улы Кум), как вой волков, основательно согнули человека, не давая возможности устремить взгляд на небо. Одна отрада – вся живность и люди глубоко врылись в глубокую впадину земли. Только шелест шагылов на гребнях песков и совместный вой дворовых собак нарушали пронзительную тишину степей. К вою собак на зимовке Шенгел-қора дружно присоединялись собаки с (крестьянского) подворья Сарыжага, как бы обгоняя друг друга в песнопении, то затягивая свою траурную «песню», то кратко припевая, а то порой переходя на сплошной лай и хрип, заглушая этим лаем все в округе».

Писатель Тауман Тореханов покоряет новые вершины, в каждом сочинении ведет непрерывные поиски. Ряд произведений Таумана Тореханова посвящен сегодняшней жизни независимого Казахстана.

Великая вещь – генетическая память. Впитанные с молоком матери степные интонации и героическая напевность народных эпосов о былом сразу заставляют нас отбросить, казалось бы, неотложные житейские дела и забыться, раствориться в их «поглощении». Благодарен Богу за то, что позволил мне всю жизнь заниматься любимым делом – читать и писать. И в последние годы с удовольствием читаю новые произведения писателей современного независимого Казахстана. Не понимаю тех, кто говорит, что век литературы закончился и с современностью ей не ужиться. Более того, убежден: искусство слова является общественным барометром и духовным стержнем культурной жизни любого общества. Да и не кажется ли вам, что одной из причин существующих катаклизмов в мире является отторжение художественного слова человечеством. И эта проблема, на мой взгляд, государственная.

Недавно прочитал новый исторический роман Таумана Тореханова «Дала Геркулесі» («Геркулес степей»), посвященный восстанию Есета Котибара.

Как-то участвовал в теледискуссии на тему объема романов, где меня пытались уверить, что сейчас никто не читает больших романов и надо писать кратко, потому что время старых романов «ушло» и они потеряли актуальность. Это было не так давно, и оппонентом у меня был доктор наук. Но я убежден, что значимость произведения зависит от мастерства и таланта писателя, и объемные романы живут и будут жить так же долго, как и сама жизнь, если они действительно близки и понятны читателю.

Есет – народный герой, и это признавали даже его враги. В журнале «Русский художественный листок» за № 31 от 1859 года В.Ф. Тиммом было написано: «Имя Исета в Малой Орде было так же грозно, как и его соотечественника Кене-Сары, убитого в сороковых годах, или как имя героя Кавказского Шамиля». И далее: «Исет Кутебаров – сын не менее известного хищника Кутебара. Он приобрел себе почет и славу как национальный герой». В том же журнале: «Исет хороший семьянин: его опасности разделяли с ним несколько его братьев и мать, которая по слухам, есть женщина редкого ума и энергии». А Ковалевский вспоминал: «На степных перепутьях встретил и батыра Исета Кутебарова еще до того, как он возглавил антиколониальное движение в Приаралье».

В свое время я читал романы Таумана Тореханова «Қанмен жазылған тағдырлар», «Ғасыр қасіреті» (дилогия), «Кісенделген Дала», «Адам әлемі» и опубликовал свои рецензии в ряде республиканских СМИ, где отмечал талант писателя, особенности образов его героев. Исторический роман аксакала «Дала Геркулесі» – новая вершина его творчества.

Тема национально-освободительного движения, восстания Есета Котибара долго созревала в душе писателя, поскольку задумки, первые наброски были сделаны им задолго до независимости, когда эта тема находилась под запретом цензуры. Да и автор, являясь прямым потомком отважного батыра Котибара и его не менее отважного сына Есета, поднявшего казахский народ на борьбу против колониальной политики Российской империи, многие сведения черпал от аксакалов – носителей истории Великой степи и из бесценных архивных документов, хранящихся в стране и за рубежом. Писатель смог «перелопатить» огромную массу материала и привязать к фабуле художественного произведения. Образ Есет-батыра вплетен в гущу суровых событий, воплощен через конкретные действия. Композиция романа цельная, очень поучительны диалоги.

Встреча Есета Котибарулы 4 июня 1858 года с новым генерал-губернатором Оренбурга и Самары Александром Андреевичем Катениным занимает значительное место в казахской истории. Автор ее описал с особым искусством. Он очень точно охарактеризовал Есета как народного героя и его умение побеждать не только оружием и бесстрашием, но и разящим словом казахского бия. Для этого писатель использовал оригиналы материалов Н. Игнатьева и воспоминания В.В. Григорьева. «... Батыр с гордой осанкой, не лукавя, смело и правдиво изложил всю ситуацию. Оренбург – проворная Орда, – начал Батыр при встрече с А.А. Катениным. – Господин Губернатор, имейте в виду: растоптанная, истерзанная, обесчещенная судьба народа, месть и злоба, вражда и ненависть, накопившаяся в народе, рано или поздно взорвется и понесется как горная река». «Никто не рождается невольником или рабом. Не рождается ребенок зависимым или заключенным. Хочу еще раз упомянуть, что братья по престолу разносят сплетни и сеют смуту в наших взаимоотношениях, как продажные женщины. Считаю нужным всегда прислушиваться к мнению и предложениям народа. Лев тоже прислушивается к реву львицы. Хозяином и святыней настоящей земли является казах». «Надо служить народу, я слуга народа. Подчинение народа пикой копья, силой меча, ядом власти всегда зарождает чувство мести. Народ обманом, хитростью, отвлечением долго не удержишь. Вчерашний Перовский будет сидеть долго во власти. Такие проворные, кровожадные, с нечистой совестью люди опасны в целом для нации», – так говорил Есет-батыр. После этой встречи народ вскоре вернулся на свои родовые земли и поместья. В конце концов это привело к долгожданному миру...

А вот точка зрения его врагов (Перовский): «Да, Исет, как отец Кутебар – хищник! Исет – приведение, призрак. Исет – в конечном счете, легенда народная. Да, Исет – алтайская лиса в ковыльной киргизской степи. Да, Исет – вольный ветер своей степи, поймать его невозможно! Ищи ветра в поле! Исет очень хитрый и умный. Да, я поймал бы и отдал бы его на растерзание Василию Васильевичу, а!».

Из таких противоречивых характеристик и рождается цельный, объемный, живой образ великого человека и его деяний.

Обращает на себя внимание оформление книги. На его обложке рисунки, иллюстрирующие статью Чокана Валиханова и Михаила Венюкова под названием «Есет – Дала серкеси», которая является частью книги Дж. и Р. Митчелл «Русские в Центральной Азии», изданной в Лондоне в 1958 году на английском языке, а также фотография, сделанная 2 июня 1858 года на берегах реки Жем (река Эмба, Актюбинская область) перед встречей с А.А. Катениным при посредничестве миссии генерал-адъютанта Н.П. Игнатьева в Среднюю Азию и Орен-

буржье подпоручиком артиллерии, военным фотографом Муренко. Данное фото в свое время публиковались в прессе России, Средней Азии, Европы.

Тауману-ага сегодня исполнилось 80 лет. Его беззаветное служение народу было высоко оценено и ему было присвоено звание заслуженного деятеля Республики Казахстан. Тауман Тореханов – обладатель 30 государственных наград, награжден Почетной грамотой Президиума Верховного Совета Казахстана, является почетным гражданином города Шалкар и Шалкарского района. Преклоняясь перед духами предков, опираясь на свое перо, он дошел до плодovitой осени и, надеюсь, доживет до старости. Крепкого вам здоровья, Тауман-ага, и неиссякаемого творческого вдохновения!

Сабит ДОСАНОВ,

*лауреат международных премий им. М. Шолохова и В. Пикуля,
заслуженный деятель РК,*

*Казахстанская правда, 18 мая 2011 г., стр. 6, www.kazpravda.kz;
www.tauman-torekhanov.com*

СЕҢГІР ТАУҒА ШЫҚТЫҢЫЗ

*Шашып өтер нұр-ақыл,
Шарапат та, Бас та – Сіз.
Төрде абыздық құратын,
Төрт жиырма жас тасыз.
Есет батыр Бабаңның
Ерлігі қонған тектіден –
Өзіңізді қаламың
Геркулес деп білем!
Өңім де, түсімде,
Өрлікке бұл қайраным:
Жүрсіз әлі ішінде –
Әдебиет – майданның!
Сөзімде жоқ өтірік,
Өзіңізсіз мықтымыз.
Тайбурылша секіріп,
Сеңгір тауға шықтыңыз.
Біз де жұтар ма екенбіз
Сол шыңдағы ауадан?!
Құтты болсын бүгінгі
Той-мереке, Тау-ага!
От ау тігіп Айбегің,*

*Қосты елге бір отбасын!
Ақыл-көркі сай дедім,
Әндей келін – Әлия!
Атасы шыққан сексеннің,
Тағын берсін екеуіне!
Әжесі жеткен бақыттың
Бағын берсін екеуіне!
Отаулары айналғай
Махаббаттың мекеніне!*

Бұл жыр жолдары ақынның Толайм-төрткүл нәме кітабында да жарыланған. 21.03.2011.

*Есенбай ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ,
Ақтөбе газеті, 19 мамыр 2011 жс, 3 б., www.aktobegazeti.kz;
www.tauman-torekhanov.com*

ТАУМАН АҒА – ТАУ ТҰЛҒА

Тауман ТӨРЕХАНОВТЫ бұрын көпшілік Ақтөбе облысындағы іргелі өңір – Шалқар аудандық газетінің редакторы, қаламы қарымды журналист ретінде жақсы білетін. Бұл күндері Тауман Алыбайұлы көптеген күрделі туындылары дүниеге әкелген, қалам қайратын танытқан белгілі қаламгер.

Отыз жылдай аудандық газетте редактор болған, көптеген шәкірт тәрбиелеген ақсақал бүгінде 80 жасқа толып отыр. Қазір ол Алматы қаласында тұрады.

«Көз көргендер еді», «Қанмен жазылған тағдырлар», «Зердесінде ұрпақтың», «Ұжмақ елі», «Адам әлемі», «Дала Геркулесі» – бұл Тауман аға жазған, жарыққа шығарған кітаптарының толық емес тізімі. Ол қадірлі қарттық жасына осындай қомақты сыймен келіп отыр.

Облыстық «Ақтөбе» газетіндегі қаламдас бауырларыңыз да сізді осы мерейтойыңызбен құттықтап, алда ұзақ ғұмыр. Зор денсаулық, қалам зейнетін тілейді.

Әдебиет пен мәдениет – өркениеттің жүрегі. Сол жүрекке шуақ пен қуат сылайтын жанкештілер – жазушылар. Алла Тағаланың мейірі түсіп ерекше жартылған тағдырына тарыдай бақ, таудай азап бұйырған қарымды қаламгерлердің бірі 80 жасқа толған тау тұлғалы талант Тауман Алыбайұлы Төреханов.

*Ақындары әкімдерін іздесе,
Ондай елдің маңдай соры бес елі.*

*Әкімдері ақындарын іздесе,
Бақыт нұрын кешеді, -*

деген ешқашан ескірмейтін даналықтың парқын бір кісідей білетін ақылман басшылар бастап, халық қостап, мерейтойын туған елі тойлап жатқан Тауман Төреханов – Ақтөбе облысынан шыққан есімі мен еңбегі елге танымал тұлғалардың бірі.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары Ақтөбе облысынан шыққан «Жаршы», «Коммунизм таңы» газеттерінің редакторы бірнеше мәрте облыстық партия комитетінің мүшесі болған ол облыстың шаруашылық саяси, мәдени өміріне белсене араласып, туған жерін түлету жолында жанкештілікпен аянбай еңбек етті. Сол еңбек жоғары бағаланып, ҚР мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер атағын алды. Ол ұзын саны отызға жуық мемлекеттік марапаттардың, соның ішінде КСРО-ның медалінің, Қазақстан Жоғары Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасының иегері, Шалқар ауданының құрметті азаматы.

Кезінде М. Шолохов, М. Әуезов, Л. Леонов, Н. Тілендиев, Р. Бағланова, Е. Серкебаев, Б. Төлегенова сынды ұлы тұлғалармен кездесіп, сапарлас, дәмдес, болған Тауман ағамыз олар жайында тағылымы мол естеліктер мен жолжазбалар жазды. Бұлар да деректі, керекті шығармалар.

Дей тұрсақ та, Тауман Төрехановтың жазушылық талантын танытқан көлемімен ғана емес, көркемділігімен де баураған романдары мен повестерінің жөні бөлек, жолы басқа. Соңғы ширек ғасырын алаңсыз шығармашылық жұмысқа арнаған қарымды қаламгер «Көз көргендер еді», «Қанмен жазылған тағдырлар», «Зердесінде ұрпақтың», «Адам әлемі», атты кітаптарын бірінен соң бірін оқушыға ұсынды. Бұл повесть, әңгіме, очерк, тарихи эсселер Төрехановтың өзіне тән таңбасын танытты. Тәуелсіздіктен қуат алған қаламгер сол еңбектерінің ізін суытпай «Ғасыр қасіреті» атты роман-диалогия, «Кісенделген Дала» атты деректі-роман трагедия, «Тарихтың қанды іздері» деп аталған өткір сюжетті роман-эпопея жазып, әдебиетімізге үлкен үлес қосты. Бірінен соң бірі жарық көрген бұл көркем шығармалар мерзімді баспасөзде жоғары бағаланды. Осының бәрі аз еңбек емес.

Ал «Дала Геркулесі» атты тарихи роман – жазушының жаңа биігі.

«Дала Геркулесі» – қарт қаламгер Тауман Төрехановтың жазбауға болмайтын ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір жазатын шығармасы еді. Оның біздіңше, бірнеше себебі бар. Ресей отаршыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісі жазушының жылдар бойы жүрегіне түнеткен тақырып.

«Жабық тақырыпты» жаза алмай жүрген жазушы бұл шығармасын жазбаса оның өзегін өрт, жаның дерт шалар еді. Бұл – бір. Екіншіден автор қазақ халқының отаршыларға қарсы қол бастаған жажүрек батыры Көтібар мен оның қаһарман ұлы Есеттің тікелей ұрпағы. Үшіншіден – романда суреттелетін тарихи ұлы оқиғалар өткен өлкеде туып-өскен, екі ғасырдың куәгері болған қария – дариялардан Ұлы Дала шежіресіне қаныққан, өз еліміздің ғана емес шетел архивтеріндегі құнды құжаттармен танысқан қаламгерде бір романға емес, бірнеше кітапқа арқау болып мол материал жиналып қалған еді. Қуаныштысы – қарымды қаламгер сол мол материалды суреткерлік сүзгіден өткізіп, көркем шығарманың желісіне көгендей алған. Бас кейіпкер Есет батыр бейнесі қалың оқиғалар ортасында өріліп, нақты іс-әрекеттері арқылы сомдалған. Романның композициясы мүсінді, диалогтар кейіпкерлердің жан дүниесін жарқыратып ашып тұр.

Тауман Төреханов табиғатты шығарма оқиғасына орайластыра, кейіпкер көңіл-күйіне байланыстыра суреттейді. Бір ғана мысал, «Доңыз қысының қарлы көрпесі ұлыған қасқырдай ақ басқан бораны Ұлы Құмды да әбден иықтап алған, бет қаратпайды. Бар тіршілік – мал, жан құмның терең қазан шұңқырына сіңіп кеткен. Тек құм беттегі шағыл бастарынан ауылдың қой төбеттерінің біріне-бірі қосылып ұлыған дауыстары күндіз-түні бір семер емес. Бұл Шеңгел қорадағы ұлыған иттерге Сарыжал беттегі қыстақтардың да ұлыған иттері қосылады. Біресе, жарысып, созылып, біресе қысқа қайырып, кейде тіпті абадал, қырылдап шыққан төбеттердің қайғылы «ән» салғандай үндері құлақ тұндырады.

Күні кеше сәмбі талдай солқылдаған, «...бұл күндері қартайған, қайратты, жуан ту биенің жалындай қап-қара сала құлаш шаш аппак аққудың қанатындай, құмның күзгі ақ шиіндей жіңішкеріп, сиреген, қызыл күрең масатыдай құлпырған беттері суалған, сай-сай әжім басқан жанарлары күнгірт жағадай көмескіленген».

Нарбике қабылдауымен берілген табиғат суретін кейіпкердің келісті кескінделген портреті толықтырып тұр.

Тауман Төреханов әрбір жаңа шығармасында жаңа биіктен көрініп жүрген, үзіліссіз ізденіп, үздіксіз өсіп келе жатқан жазушы. Оған осы романдағы диалогтар да дәлел.

«Жаңа күн жарқырап алтын сәулесін әжелердің үлкен табакқа салған шашудай шаша бастады», «Шағырдың жалынындай тез сөніп кетті» сынды шығарма табиғатына сай теңеулер де автордың алымдылығына дәлел.

Орайын тауып, орынымен берілген Есет толғаулары да шығарма ажарын аша түскен. Сол толғаулардың бірі:

**Мен мен едім мен едім,
Қатарға салса қайыспас
Қас қара нар мен едім!
Шабуыл салса, шаршамас
Шыны тұлпар мен едім!
Су шашырап, жел тимес
Аудармас қара кеме едім!
Қияннан ұшқан қу ілген
Анық сұңқар мен едім!
Тегеуірінім теріс біткен,
Тепсем жілік сындырған
Қыран бүркіт мен едім! –**

деп келеді.

Тауман Төрехановтың очерктерін, әңгімелерін, эсселерін, повестерін айтпағанда, «Қанмен жазылған тағдырлар», «Ғасыр қасіреті» (дилогия), «Кісенделген Дала», «Адам әлемі» тарихи деректі романдарын, өткір сюжетті «Тарихтың қанды іздері» эпопеясын оқып танысқан едім. Уақытысында бірқатар шығармаларына республикалық ақпарат құралдарында пікір де жазғанмын. Сол шолу мақалаларымда қаламгердің көп адамға ұқсай бермейтін өз өрнегі, өз қолтаңбасы, өз стилі бар екенін айтқанмын. Ал мына «Дала Геркулесі» атты роман карт қаламгердің қара сөздің қайыспас қара нары екенін тағы да бір мәрте дәлелдеді.

Тауман Төреханов шығарманың көркемдігіне ғана емес, безендірілуіне де көңіл бөлетін талғампаз талант. Бір ғана мысал, «Дала Геркулесі» кітабының дизайны әсем жасалған. Мұқабаның сыртқы бірінші бетінде шошак бөрікті, қыран белдей тізесінде былғары қоржын ба, дорба ма қомақты бір зат жатқан, омырауы есіктей ашық ақ көйлекті, өткір көзді, батыр да батыл тұлғалы ер адам суреті бетті жаба берілген. Сурет астында *Iset Kutebar* деп ағылшын тілінде жазылған. Кітап беттерінің бірінде бұл суретті автор қайдан алғанын жазыпты. Шоқан Уәлиханов пен Михаил Вениуковтың 1865 жылы Лондоннан ағылшын тілінде жарық көрген «Есет – Дала серкесі» атты көлемді мақаласынан алынған екен. Ал бұл сурет генерал-адъютант Н.П. Игнатъевтің Орта Азия, Орынбор өлкесіне баратын миссиясының артиллерия подпоручигі Муренконың 1858 жылы Есеттің Катенинмен кездесу алдында Жем бойында 2 маусымда түсірілгені белгілі болды. Бұл суретті Ресейдің, Орта Азияның, Еуропаның ағымдағы баспасөздері кезінде жарыса жариялаған болатын.

Перовский бірде былай деп жазыпты: «Да, Исет – герой народа! Исет – батыр! Исет – би своего народа. Исет рыцарь эпохи, как отец

Кутебар – хищник! Исет – привидение призрака. Исет – в конечном счете, легенде народная. Да, Исет алтайская лиса в ковыльной киргизской степи. Да, Исет – вольный ветер своей степи, поймать не возможно! Ищи ветра в поле! Исет очень хитрый и умный. Да, я поймал бы и отдал бы его на растерзание Василию Васильевичу, а!»

Иә, Есеттің ұлттық, халықтық тұлға екенін дұшпандары да мойындаған. Ресейдің В.В.Тимнің басқаруындағы «Русский художественный листок» журналы (№31, 1859 ж.): «Имя Исета в Малой Орде было также грозно, как и соотечественник его Кенесары, убитого сороковых годах, или как героя Кавказского Шамиля» дей келіп: «Исет хороший семьянин: его опасности разделяли с ним несколько братьев и мать, которая по слухам, есть женщина редкого ума и энергии» деп жазса, ал Ковалевский: «На степных перепутьях встретил и батыра Исета Кутебарова, еще то того, как он возглавил антиколониальное движение в Приаралье...» депті.

Есет Көтібарұлының 1858 жылы 4-маусымда Орынбор-Самара губернияларының жаңа басшысы генерал-губернатор Катенинмен кездесуін шебер суреттеген. Орынборды «сайқал орда» деп атай келіп: «Губернатор мырза есінде болсын, тапталған, жанышталған, корланған ар-намыс, кек, өшпенділік, иә, ерте ме, кеш пе бұрқыраған тау бұлағындай атылады. Анасынан құл, күн болып туған ешкім жоқ! Тағы айтамын, тақ-билік туыстар арасындағы қарым-қатынасты да талқандайтын жезөкше қатын сияқты. Халықтың ой-пікірін, ұсынысын әрдайым тыңдау керек. Арыстанның арланы да ұрғашысының ырылын тыңдайды. Бұл жердің иесі де киесі де казак!

... халыққа қызмет ету керек. Мен сол халықтың қызметшісімін. Найзаның ұшымен, қылыштың күшімен, әмірліктің уымен халықты бағындыру әркез кекшілдікті туғызады. Халықты айламен, алдаумен, алдарқатумен ұзақ ұстай алмайсың. Кешегі Перовский билік басында ұзақ отырады. Ондай құлқы мен ниеті қарам, қаныпезер адамдар ұлтқа қауыпты!» дейді Есет батыр.

Осы кездесуден соң ел ата мекендеріне оралды. Аяғы аз ба, көп пе бейбітшілікке алып келді...

Тауман Төрехановтың бірқатар шығармалары тәуелсіз казак еліндегі бүгінгі тынысына арналған. «Ғасыр қасіреті», «Кісенделген Дала», т.б. романдары қыран қияқты шығарма.

Тауман аға тарихи көркем шығармаларыңыз арқылы өзіңізге мәңгілік ескерткіш орнаттыңыз.

Құрлықтан дария, жазушыдан жазғыш көп. Қарымды қаламгер Тауман Төреханов әдебиет көшіне қолдсенеңнен қосылған көк атты көп жазғыштың бірі емес, табиғи талант. Ата-баба аруағына сыйы-

нып, мұқалмаған болат қаламыңа сүйеніп, жемісі мол күзге жеттің, енді жеңісі көп жүзге жет, тау тұлғалы Тауман аға!

Сәбит ДОСАНОВ,

*М. Шолохов атындағы және В. Пикуль атындағы
Халықаралық сыйлықтардың лауреаты, Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері, Ресей әдебиет академиясының академигі,
Ақтөбе газеті, 19 мамыр, 2011 ж., 12 бет, www.aktobegazeti.kz;
www.tauman-torekhanov.com*

ЮБИЛЕЙ ПИСАТЕЛЯ И ЖУРНАЛИСТА

Торжество

Вчера общественность города чествовала журналиста, писателя, заслуженного деятеля культуры Казахстана Таумана Тореханова в связи с его юбилеем – 80-летием со дня рождения.

Он родился в Шалкаре, около трех десятков лет проработал редактором районной газеты «Шалкар», занимался исследованием истории края. Его перу принадлежит роман «*Дала Геркулесі*» - «*Геркулес степей*», который высоко оценил Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев.

Прочитав в «Казахстанской правде» статью писателя Сабита Досанова о Таумане Тореханове, Нурсултан Абишевич специально запросил роман «*Геркулес степей*» повествующий о батыре, государственном деятеле Есете Котибарулы. Нурсултан Назарбаев отметил, что книга представляет большую историческую ценность и заполняет многие белые пятна в истории казахского народа.

Большой популярностью пользуются его книги «В памяти поколений...», «Кровавая трагедия в степи» и другие. Он написал семь повестей и пять романов, плодотворно трудился на поприще журналистики. Тауман Алыбайулы пользуется огромным авторитетом у своих земляков-шалкарцев, вел большую общественную работу, являясь членом бюро райкома партии и депутатом районного Совета. Земляки удостоили его званий почетного гражданина г. Шалкар и Шалкарского района.

Поздравить юбиляра в Дом дружбы пришли руководители области, литераторы, работники культуры, родные и близкие. Начальник областного управления внутренней политики Ахат Мурзалин поздравил Тауман Алыбайулы от имени Акима области и вручил ему благодарственное письмо. Его поздравили также поэт, директор ТОО «Шамшырак-Актобе» Мейрхан Акдаулетулы и писатель Сабит Досанов. Они рассказали о творчестве Таумана Тореханова, о его вкладе в

казахскую литературу. Своего друга и коллегу поздравили также ветераны актюбинской журналистики, бывший редактор областной газеты «Актобе» Нурхаир Телеуов, редакторы районных газет Кобжан Жалдыбаев и Убайдулла Жаулбаев и многие другие почитатели его таланта.

Вел встречу с читателями журналист, воспитанник Таумана Тореханова, сотрудник областного управления по развитию языков Жангабыл Кабакбаев. Выступления коллег сопровождались музыкальными номерами.

Гостью предстоит поездка в Шалқар, где готовятся к встрече своего знаменитого земляка.

*Мұратх БАРАНКУЛОВ,
Актюбинский вестник, 19 мая 2011 г., с.4, www.avestnik.kz;
www.tauman-torekhanov.com*

АРДАҚТЫ ТАУ-АҒА!

*Шықпайсын елдің есінен
Қайрат-күшіңе қайранмын:
«Даланың Геркулесінен»
Қаламның Геркулесіне айналдың.*

*Есенбай Дүйсенбайұлы, ақын,
Алматы қ., 21.03.2011 ж.*

ШАЛҚАР

*Ұлы ақын жазар өлеңнің
Ұйқасы – Шалқар.
Даңқа ерте бөлендің
Шипа су – Шалқар.*

*Сынтастай сырға бай-ақтым
Нармая – Шалқар.
Алалы жылқы Аяққұм
Жал-жая – Шалқар.*

*Бұрқаса дала бораны,
Күш қанша – Шалқар.
Төғыз да жолдың торабы –
Станса Шалқар.*

*Батырлығымен бабаның
Жоталы Шалқар.
Мөңке Би сынды дананың
Отаны Шалқар.*

*Нағыз ер Есет құштарым,
Нар мүсін Шалқар.
Айбын ғып алға ұстарым,
Армысың, Шалқар.*

*Тау ағам болып жаралдың
Тектіден, Шалқар –
Геркулесі сол қаламның
Деп білем, Шалқар.*

*Қанатың кеңге жайыпсың,
Жол қаишты Шалқар.
Генерал Жанасаевтың,
Қолбасшы Шалқар.*

*Бойыңда ерте бекіген
Бұл дарын Шалқар.
Ұлылық боп туған шетінен
Ұлдарың, Шалқар.*

*Сүт бетіндегі қаймақтың,
Құт басы Шалқар.
Ақтөбе деген аймақтың –
Тұтқасы Шалқар.*

*Алматы қ., 16.03.2011 ж.,
Жыр жасаулары «Ұланғайыр» кітабынан.
Алматы: Раритет, 2006, 1 және 75 бет.*

ҚАЛАМГЕР ЕЛМЕН ҚАУЫШТЫ

Журналист-жазушы Тауман Төреханов өзінің сексен жасқа толу мерекесін ел құшағында, туған өлкеде өз оқырмандарымен кездесу аясында өкізуге келді.

Бұл күндері Алматы қаласында тұратын қаламгердің жүріп өткен жолы кейінгі буын үшін тағылымды. Отыз жылдай Шалқар аудандық «Коммунизм таңы» газетіне редактор болған ол осы кезде халықтың

ортасында жүріп, аймақ шежіресін жинақтады, өткеннің өнегесін, бұрынғының тәлімін санасынан өткізіп, болашақ үшін қағазға түсіріп отырды. Соның барлығы кейінгі он-он бес жыл көлемінде бірнеше кітап болып жинақталып, көпшілік қажетіне ұсынылды.

Осындай мол еңбекпен Ақтөбеге келген кадрлі ағамен кездесу кеше облыс орталығындағы Достық үйінде өткізілді. Кешті Журналистер одағының мүшесі, облыстық тілдерді дамыту басқармасының қызметкері Жанқабыл Қабақбаев жүргізді.

Облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Ахат Мырзалин облыс әкімдігі атынан той иесіне құттықтау хат тапсыра отырып, ең ізгі тілектерін білдірді.

«Шамшырақ-Ақтөбе» ЖШС директоры, ақын, көсемсөзші Мейірхан Ақдәулетұлы әріптес ағаға ақ жарылқап көнілін ақтарыла білдірді. «Ел мерейін көтеретін нұрлы кездесу бұл, - деді ол, - сіздің тойыңыз, ең алдымен әдебиеттің мерекесі. Өмірде ылғи да жоқ іздеп жүретін адамдар болады, олар – қаламгерлер. Сіз көп жоқты тапқан адамсыз, сол үшін халық сізге риза».

Ақтөбелік аға буын журналистер Нұрқайыр Телеуов, Көпжан Жалдыбаев, Үбайдолла Жауылбаевтер ұзақ жылдар бірге қол ұстасып жүріп өткен жолдарды еске түсірді.

Белгілі жазушы Сәбит Досанов қаламгер ағасы туралы тебірене сөйледі: «Сіз «Дала Геркулесі» тарихи романыңызбен өзіңізге мәңгілік ескерткіш орнаттыңыз», - деп інілік ізетін білдірді.

Той иесі жүздесуде тебірене сөз алды. Өзі туып-өскен өлкенің жанына жақын адамдарымен кездескені өзіне үлкен қуат-жігер беретіндігін айтты.

*Нұрмұханбет ДИЯРОВ,
Ақтөбе газеті, 19 мамыр 2011 ж, 3 б.,
www.aktobegazeti.kz; www.tauman-torekhanov.com*

ҚАЖЫРЛЫ ҚАЛАМГЕР НЕМЕСЕ ТАУ АҒАНЫҢ ТАУДАЙ ІСІ

Гибратты гұмыр

Алпыс төрт жыл өмірін қаламгерлікке арнаған Тауман Алыбайұлы Төреханов – тек Ақтөбе өңіріне ғана емес, бұл күндері елімізге танымал ардагер журналистердің бірі. Маңдайына жазған бағы да, бақыты да қасиетті қаламын қолынан тастамай, зейнетке шыққаннан кейін де өмірден көрген-білгендері, өзі дүниеге келген оңірдің тыныс-тіршілігі, басынан өткерген зұлматтары нақты

фактілер негізінде жазылған 173 дәптер күнделігі, тарихи маңызды жоғары «Ғасыр қасіреті», «Кісенделген Дала», «Тарихтың қанды іздері», «Қанмен жазылған тағдырлар», «Дала Геркулесі» т.б. кітаптарына арқау болды. Қай-қайсысында да ғылыми жұмысқа бергісіз тарихи сапалы мағлұматтар, оқиғалар шебер баяндалған, кезінде ешкім білмеуі тиіс болған яғни айтылмаған ақиқаттар сайрап жатыр...

Дәлірек айтсақ, жетпісінші жылдары Ақтөбе облысының Шалқар ауданындағы Мұғалжардың таулы бөктерлерінде академик А.Д. Сахаровтың басшылығымен атом бомбаларына сынақ жүргізіліп, экологиялық нағыз қауіпті аймақтардың біріне айналды. Кенес Одағының осы кұпия іс-әрекеті тек еліміз егемендігін алғаннан кейін мәлім болды. Сынақ жасалған жылдары аудандық газеттің басшысы әрі аудандық партия ұйымының бюро мүшесі ретінде әскери сынақтардан, мына жағы Аралдың тартылуы апатынан халықтың ауыр зардап шеккенінің көзімен көрген еді. Бұл жайттардың барлығы да ағаның кітаптарында рет-ретімен, терең мазмұнмен берілген.

«Ғасыр қасіреті» атты кітабында мына бір көрініс ешкімді де бейжай қалдырмайды: «Тіңәлі Қаракердің қыл шылбырын тартыңқырап, жалғыз аяқ жолдың жыраға құлар жерінен-еңкеуден көтеріле бергенде, Жамантау етегінен қас қағым сәтте гүрс ете жарылған оқыс дауыс аспанды өртеп, ыссы жалындаған оты төңіректі жсауып кетті...

Тіңәлі ертеңіне есін жсиганда күйіп қалғанын, Қаракер атының өліп қалғанын көрді. Ер-тұрманын арқалап, шойнаңдай басып әзер дегенде Асылдың үйіне жетті. Үйдің кереге-уықтары сынған, орнында ешнәрсе жоқ, тігере тұяқ қалмапты, желі, шарбақ, аула бәрі бос. Күйіп қалған кемпір бір шоқпыт арасында жсатыр. Осы жерде Тіңәлі Асылдың келіні Алтынды кездестіреді. Болған жсайдың бәрін Алтын еңіреп отырып жеткізді. Ел орынға отыра бергенде гүріс етіп жарылған дауыс шыққан кезде жсасы 17-ге тола қоймаған Мұратты бар екпінмен от дауылы оның өмірін әпсәтте қиып үлгерген. Өзі күйіп, екі көзінен айырылған Асыл әже де бір аптадан соң дүние салды.

Келесі қыстағы жарылыста Алтын да екі көзден айырылып, Солная темір жол бекетіндегі №12 газ-компрессоры ауруханасында көз жсұмады... ». Бұл болған нақты жағдай еді. Сол маңайдағы ауылдың малдары ауырып, екі басты, алты аяқты төлдер пайда болып, тіпті сондай балалар да дүниеге келіп жатты. Бірақ оның себебін жұрт біле бермейтін. Мұның да сырын ағайдың кітаптарынан кездестіреміз. Сол Мұғалжар таулы өңірінің маңында орналасқан елді мекендердің бірі «Ақтоғай» кеңшары болатын. Жетпісінші жылдары мал азығын

дайындау барысында жергілікті басшылар ауыл маңайындағы ну боп жайқалып өскен жасыл шөпті қуана-қуана шауып, жинатып алады. Бірақ бұл қуаныш ұзаққа созылмады. Оны жеген малдар шетінен қырылып, қорқынышты, жоғарыда айтқандай, екі басты, алты аяқты, терісіз, бір көзді төлдер пайда бола бастады. Тіпті адамдар арасында да осындай жайттар байқалған. Бірақ саясат қатаң кімге шағымданды?! Мұндай құбылыстарды ол кезде суретке түсіріп алмақ түгілі ауызға алуға болмайтын етіп ескертілсе де мұны фактінің нақ өзі деп шешіп, сол маңайда дүниеге келген аяқ-қолы жоқ, домалақ туған нәрестені суретке жасырын түсіріп алған болатын. Сол сурет күні бүгінге дейін архивінде сақтаулы. Міне, бұл сол кезеңнің бірден-бір айғағы.

Дегенмен, үн-түнсіз қалмай, Шалқар ауданының бірінші хатшысы Т. Алдиярөвпен, Жұрын ауданының бірінші хатшысы Ж. Әміров және көпті көрген ауыл ақсақалымен бірге академик А.Д. Сахаровқа кездесуге әрекет жасаған Тауман аға бізге үлкен тебіреніспен жеткізді. Мал қырылып, адамдарға да қатер төнгенде қарап отыруды арына сын санған азаматтарды ағай бұл күндері үлкен ілтипатпен есіне алады. Бұл деген ол кездері көзсіз ерлікпен барбар еді ғой. Әлемге танымал ғалым болса да, ол адам баласы. Осы кездесуден кейін оның ойсыз қалмағаны ақиқат...

Тауман ағаның кітабында Арал төңірегіндегі китұрқы саясат құрбандары да әңгімеленеді. Мына жайт та сол кездің шындығы еді. Шалқар ауданының аумағынан өтетін №10 газ-компрессор Аралға жақын орналасқан. Онда құбыр таситын көлік жүргізушілер темекілері таусылып, Арал маңайындағы бір ауылға соғады. Мұнда Барса-Келмес аралындағы бактериологиялық сынақ лабораториясы бар болатын. Сол жерде адамдарға жасап жатқан кезекті «тәжірибенің» үстінен түсіп қалады. Бұларды байқап қалған күзетшілер арттарынан тұра қуады. Мән-жайды түсініп үлгерген бұлар тез қашып құтылады. Өйткені мұны жан білмеуі тиіс. Сондықтан әлгі «тәжірибеге» қатысты адамдар жүргізушілерді табу үшін шарқ ұрып іздейді. Аудан басшыларынан да сұрастырады. Бірақ жігіттерді таппайды. *«Мұның барлығын құпия түрінде сақтап қалғаным келешек ұрпақ үшін қиянат. Сондықтан кітаптарымның барлығында да көзіммен көріп, көңіліме түген жайттарды қалтқысыз жеткізуді өзімнің парызым деп санадым. Шығармаларымда әрбір шындық айтылған сайын арқамнан үлкен бір жүк түскендей күй кешем»*, - дейді Тауман аға ағынан жарылып.

Иә, ағаның жазған кітаптарының құндылығы да осында ғой.

Тауман Алыбайұлы балалық, жастық шағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылыққа және Ұлы Отан соғысы жылдарына тұспа-тұс келгендіктен қабырғасы қатпай жатып, қара жұмысқа жетілді. Соғыстан

кейін Қазақ мемлекеттік университетіне түскен елуінші жылдарын босқа өткізген жоқ. Қанында қайнап жатқан, Көтібар, Есет атты батыр бабаларынан жұғысты болып, тұқым қуалаған бұла күш отырғызсың ба, тыным таппайтын. Білімді игерумен қатар, үлкен архивтерден осы бабаларының ерлік жолдарын сарғайған беттерден іздеп тауып, қойын дәптерлеріне түсіруді де ұмытпады. Бұл сол кездерде ешкімнің ойына келе бермейтін әрекет еді. Университетте комсомол-жастар ұйымының хатшысы бола жүріп те біраз ысылды. Қазақстан Жазушылар съезіне студенттер арасынан хатшы ретінде шақырумен барған ол съезге келген орыстың әйгілі мықты жазушылары М. Шолохов пен Л. Леоновты университетке шақырып, студенттермен кездесу өткізді.

Көреген ұлағатты ұстаздары университетті үздік бітіріп жатқан Тауман Төрехановқа Ленинградтағы А. Жданов атындағы университеттің шығыстану факультетіндегі аспирантураға жолдама бергенде оның бойында ғылымға, ізденуге деген қабілетін ескерген болатын. «Талантты талант таниды» демекші, оның тегін еместігі сол кездердің өзінде белгілі болған еді. Ресейге барып оқу үшін жағдай керек. Амал не, қаржылық, тұрмыстық жағы аяғына тұсау болды. Бірақ Тауман Алыбайұлы өкінген жоқ. Қызметке кірісіп кетті. Біршоғыр тау өңіріндегі көмір шахтасы орналасқан кенттегі орыс-қазақ мектебінде директордың оқу-тәрбие жұмысы бойынша орынбасары болып жүрген кезде де шәкірттеріне білім-тәрбие берумен қатар, сол Шахтадағы қайнаған өмірге көзін сала жүрді. Ондағы адамдармен қарым-қатынаста болуды қалды. Сол жерде көмір шахтасында басқарушы болып қызмет жасайтын геолог-инженер, бұл күндері аты әлемге мәшһур болған жазушы І. Есенберлинмен танысып, сырлас болудың да реті келді. Екеуі әдебиет төңірегінде жиі әңгімелесетін. Ілекең ағалық ақылын айтып, қолынан қаламын тастамауына ақыл-кеңесін беретін.

Талант жерде қалмайды ғой, қарап отырмады, қысқа-нұсқа етіп, жаза бастады. Осындай қабілетінің арқасында 1957 жылдан бастап журналистік қызметке жолы түсті. Ақтөбе селолық обкомының Темір аумақтық басқармасы бойынша шығатын облыстық «Жаршы» газеті бас редакторының бірінші орынбасары, кейін Шалқар аумақтық басқармасы бойынша ашылған облыстық селолық «Коммунизм таңы» және кейінірек «Шалқар» болып жарық көре бастаған басылымды ұйымдастырып, бас редактор қызметінде отыз жылдай еңбек етті.

Тауман ағай кейін Шалқар қаласында аудандық музейді ұйымдастырды. Шалқар топырағы қасиетті мекен. Онда болашақ ұрпағының бақытты өмір үшін күрескен ата-баба батырларымызбен қатар артына өшпестей із салып кеткен Еңбек ерлері көптеп саналады. Осылардың ерліктері мен өнегелі істерін келешек ұрпақ ұмытпай.

ескеріп жүруі тиіс деп ойлайтын ағамыз Батыс өңіріндегі ұлт-азаттық күрестің қолбасшысы болған, *халық батыры Есет Көтібарұлы* жайлы «*Дала Геркулесі*» атты деректі-хронологиялық роман жазды. Онда туған өлкеге қатысты жайттардың барлығы да архивтік материалдар негізінде берілген. Шежіреші қарттардың әңгімелері тілге оралымды етіп жеткізілген. Қысқасын айтқанда, сол кездердің шындықтары нақты күйінде берілген бұл шығарманың құндылығы тіпті ерекше. Есет батыр жайлы көне көз қарттардан жеткен деректермен қатар бұрын еш жерде жарияланбаған суреттерімен берілуінің өзі үлкен жетістік. Бұл кітаптың басқа да танымдық жақтары жеткілікті. Мұнда ұлағатты сөздер көп кездеседі және мен мұңдалап, қарамасына қоймайтын қоюлау әріптермен жазылған. Бұл да ағаның үлкен тапқырлығы.

Тауман аға осы кітапты жазғанға дейін Есет Көтібарұлы жөніндегі зерттеулерін отыз жылға жуық аудандық газетті басқара жүріп, бір мезет те тоқтатпай жүргізген екен. Осыны кейінгі ұрпаққа жеткізу өзінің баба ұрпағы ретінде парызы екендігін түсінген ол талай үлкен лауазымды қызметтерден бас тарты. Оған өкінбейді де. Ойткені ол баба ерлігі мен ұлағатын бүгінгі ұрпаққа жеткізіп береді. Ағайдың бақытты да осы.

Жазған кітаптарына байланысты жақсы лебіздерді естудің өзі бір ғанибет қой. Жақында Елбасы да осы кітапты алғаннан кейін Тауман Алыбайұлына өзінің алғысын білдіріп «Қазақстан жолы» атты кітабын жіберіпті. Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің бастығы М. Қасымбековтың мына хатынан да Елбасының ағаға деген ризашылығын, құрметін көруге болады.

«Құрметті Тауман Төреханов! Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жіберген Хатыңызға және «Қанмен жазылған тағдырлар» атты кітабыңызға өзі туралы жылы пікірлер білдіріп, жақсы тілектеріңізді жолдағаныңыз үшін Сізге ризашылығын жеткізуді тапсырады», - дей келіп, былай депті: *«Өмірде көпті көрген, қоғамда жүріп жатқан күрделі процестерге сараптама жасай алатын, көзі ашық кісінің келтірген деректері ретінде Сіздің бұл жазбаларыңыздың өзіндік тарихи мәні бар деп есептейміз». (13.09.2010 ж.).*

Т. Төрехановтың «*Дала Геркулесі*» атты кітабы жайлы айта келіп, еліміздің бас газеті «*Егемен Қазақстан*» (25 ақпан, 2009 ж.): «... «*Дала Геркулесі*» (тарихи роман-трилогия) кітабының авторы талант иесі», деп баға берсе, ал академик Сәбит Досанов: «Сіз, Тауман Алыбайұлы, осы «*Дала Геркулесі*» тарихи романыңызбен Өзіңізге «*мәңгілік ескерткіш*» жасап, орнаттыңыз...» депті.

Қарымды қаламның арқасында Тауман Алыбайұлы талай сый құрметке кенеліп, еңбегі бағаланды. Қазақ ССР-нің мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, КСРО баспасөзінің үздігі атанды. Мемлекет

тарапынан бұдан басқа да отызға жуық марапаттарға ие болды. Туған жері, елінің құрметіне бөленіп, «Шалқар ауданының Құрметті Азаматы» атанды. Балаларының барлығы білімді, тәрбиелі. Қыздары бір-бір шаңырақтың ұйтқысы болуда. Ұлдары жауапты қызметтерде. Тауман аға мен Балзада апа Шәмшіқызы осылардан өрбіген немерелері мен шөберелері ортасында сексеннің сегіріне қол ұстасып жетіп отыр. Отбасы үшін бұдан асқан бақыт бар ма!...

Қазақстанның еңбегі сіңірген қайраткері, академик, жазушы *Сәбит Досанов* ағамыз Т.Төрехановтың кітаптарын қарап шығып, өзінің жүрекжарды лебізін осыдан біраз жыл бұрын «Әдебиет айдыны» газетінде былайша жеткізген еді: *«Қымбатты Тауман аға! Сіз көлемімен ғана емес, көркемдігімен де салмақты романдарыңызбен қазақ әдебиетіне көп олжа салған қарымды қаламгерсіз. Сол еңбектеріңіз лайықты бағасын аларына мен кәміл сенемін. Жасай бер, жаза бер, жаны жомарт, жалы биік аға!»*. Иә, ағаның алда әлі де талай құнды шығармалары жарық көреріне және лайықты бағасын аларына күмәніміз жоқ.

Ұлаш ТИЛЕГЕНОВА,

*Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты,
«Ел» газеті, 29 қараша 2011 ж, сейсенбі, №48(332); www.aktobegazeti.kz*

**Ақтөбе облысының әкімі
Е.Н. САҒЫНДЫҚОВҚА**

Аса қадірлі Елеусін Наурызбайұлы!

Бізді облыс халқмен кездесуге шақырып, еңбек ардагерлерімен, студент жастармен кездестіргеніңіз және Өзіңіздің қымбат уақытыңызды бөліп қабылдап, елімізді онан әрі өркендетуге орай Елбасы Н.Ә. Назарбаев алға қойған күрмеуі қатты күрделі жұмыстардың қалай жүзеге асып жатқаны жайлы әсерлі әңгімелеп бергеніңіз үшін шын жүректен алғыс айтамыз.

Біз Сізді біраз жылдардан бері білеміз. Сіз жайлы халықтың жылы пікірлерімен де, облыста жүзеге асып жатқан аса ауқымды, істер мен жасампаз еңбектерді де әртүрлі ақпарат көздері, ел арасындағы әңгімелер арқылы естіп жүрміз.

Сізді Елбасының саясатын нақты істер арқылы тұрақты түрде қолдап жүрген сенімді серіктерінің бірі, тұғыры биік тұлға деп танимыз. Бұған Сіздің үндемей жүріп ел үшін тындырған үлкен істеріңіз дәлел. Біз бұрын сан мәрте естіген, осы сапар өз көзімізбен көрген Сіздің әдебиет пен өнерге, ғылымға деген оң көзқарасыңыз, ұлттық

рухты көтеру бағытындағы ерен еңбектеріңіз, жүрек жылытқан қабылдауыңыз үшін Сізге мың да бір рақмет!

Аса қадірлі Елеусін Наурызбайұлы! Сіздің алда да ел игілігі үшін жемісті еңбек етіп, Елбасының сенімі мен халықтың құрметіне бөлене беруіңізге шын жүректен тілектеспіз.

Тауман ТӨРЕХАНОВ,

Қазақстан мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер,

Шалқар ауданының және Шалқар қаласының құрметті азаматы.

Сәбит ДОСАНОВ,

М. Шолохов атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Ақтөбе, 26 мамыр 2011 ж., 2 б.; www.aktobegazeti.kz.

ЖАҚСЫ ЖЫЛДАР ЖАЛҒАСЫ

... Бригада мүшесі ретіндегі екі жылдық міндетін өтеген соң жағалап аудандық газетке келді. Мұндағы ағалары бұл кезде оны жақсы білетін. Сондықтан да көп сынаққа салмай, радиоұйымдастырушы деген қызметті алдынан кесекөлденең тартты.

Бұл – оның журналистика ауылына қақпадан кірген сәгі болатын. Содан ішке қарай ұмытыла берді. Бір күні газетке тілшілікке ауысты. Нағыз қайнаған өмір осында екен. Әр нөмірді шығарған сайын жан беріп, жан алысып жатқандары. Бірде кішкене хабар жетіспей алқынады, енді бірде аяқ астынан маңызды дүние келіп қалады. Соның бәрін реттеп, төрт беттің ажарын келтіріп шығару – журналистер қауымына сын. Шамалы кейінірек жауапты хатшы болғанда өзін оттың ортасында жүргендей сезінетін болды. Бастапқыда сол оттан сескенетін, үйрене келе отпен ойнайтын халге жетті.

Журналистикадағы жолында Тауман ағаларының тәлімі мол болды. Балапан қанат кезінен құздан лақтырып, салқын суға малып алғандай тәрбиелеген Тауман Төреханов шәкіртін аудандық «Коммунизм таңы» газетінің отымен кіріп, күлімен шығарғандай етіп жұмсады. Ол қолына қаламын ұстап, кішкене хабар жазса да, желкесінен қатал да сұсты редакторы төніп тұрғандай әсерде болатындығын әлі күнге дейін жасырмайды.

Сол тұста С.М. Киров атын иелеген Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне сырттай оқуға барғанында алдына тағы бір Тауман ағасы шықты. Бұл – қазақ баспасөзінің талай кадрларын өз көрігінде шындап шығарған белгілі ұстаз, профессор Амандосов еді. Ол кісі де шәкірттерінің оңайлықпен жылы шырай таныта қоймайтын. Алдына келген әр студентке сын көзбен үйіле қарап.

«қыздар журналистикаға жоламауы керек» деп қатал үкімін қайталап отыратын ғалым аға негізінде газет маңында, мамандығы бойынша іс басында жүргендерді бөтен көрмейтін. Сол әдетімен Ғалымжан да оң қабағын бұрды.

Қос Тауманның осындай тәрбиесі оны шынын айтса, шыңдады.

Нұрмұханбет Дияров,

«Ел» газ., Астана қ., 17 мамыр, 2011 ж.

ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫ СОЮЗ ЖУРНАЛИСТОВ КАЗАХСТАНА

Республика Казахстан, 050000, г. Алматы, ул. Фурманова, 122
тел.: 8(727)2670363, офис: 2670463, e-mail: npclub@nursat.kz

Исх. №01/16

10 қаңтар, 2011 ж.

**Ақтөбе облысының Әкімі
Е.Н.САҒЫНДЫҚОВ мырзаға**

Құрметті Елеусін Наурызбайұлы!

Республикаға танымал журналист-жазушы Тауман Алыбайұлы Төреханов 1931 жылдың 15 наурызында Шалқар қаласында туған. Ақтөбе облысының тумасы.

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университет) қызыл дипломмен 1955 жылы бітіргеннен соң, кейінгі барлық саналы ғұмыры Ақтөбе облысының баспасөзінде қалған. 30 жыл облыстық, аудандық газеттерде бас редактор болған. КСРО баспасөзінің үздігі ерекше белгісінің иегері. Ақтөбе облыстық партия ұйымның 12 конференциясының делегаты, обкомның пленум мүшесі болып сайланған. КСРО-ның 4 медалын, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Құрмет Грамоталарын, Қазақ ССР мәдениетіне еңбегі сінген қызметкері, барлығы мемлекеттік 30-дай награда алған. Ұлы Отан соғысының, Тың еңбеккері медалдарымен наградталған. Шалқар ауданының және Шалқар қаласының Құрметті Азаматы. ҚР-на сіңірген ерекше еңбегі үшін Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер.

Алматыда тұрады. Ғаламторда (интернетте) сайты бар – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (<http://www.tauman-torekhanov.com>).

Толық мәлімет осы Сайтта. Соңғы жылдары Ақтөбе өңіріне арналған тарихи деректі 11 кітабы «Атамұра» баспасынан жарық көрді. «Дала Геркулесі» тарихи романын Елбасы Н.Ә. Назарбаев, елдің елеулі тұлғаларына Сізге, Елеусін Наурызбайұлы, сыйға тартқан екен. Кітапты алғандықтарыңыз жайлы ризашылықтарыңызды білдіріп, авторға жолдаған хаттарыңыз сақтаулы, Сайтына да салған.

Құрметті Елеусін Наурызбайұлы, Тауман Алыбайұлы 2011-осы биылғы жылдың 15 наурызында 80 жасқа толады. Әрине, тағдыр бұл жасты кез келген пендеге сыйлай бермеген ғой. Сондықтан қарт журналист-жазушының, Сіз басқарып отырған киелі Елдің тумасының айтулы Күнін туған еліне – Ақтөбеге шақырып, халықымен кездестіруді ұйымдастыруыңызды сұраймыз.

Құрметпен,

Қазақстан Журналистер Одағы,

Ардагерлер Кеңесінің Төрағасы

С. Матаев

О КНИГЕ ТАУМАНА ТОРЕХАНОВА «ДАЛА ГЕРКУЛЕСІ – ГЕРКУЛЕС СТЕПЕЙ»

Автор историко-хронологического романа-трилогии, основанного на документально-архивных материалах «Дала Геркулесі – Геркулес Степей» **Тауман Тореханов** – известный писатель-журналист, заслуженный деятель культуры РК (Казахская ССР), всю свою сознательную жизнь посвятил служению «пера». Он написал более пятнадцати исторических романов, более трехсот эссе, рассказов и повестей.

Тема его книги охватывает исторические события XVIII-XIX веков на территории Казахстана: Актюбинской, Уральской, Атырауской, Мангистауской областей; на территории России: Оренбургской, Самарской губернии, городов Оренбурга, Саратова, Астрахани, Орска, Магнитогорска, Троицка, Челябинска, Каратала и др.

В романе подробно описано **национально-освободительное движение под предводительством легендарного народного батыра ИСЕТА КОТИБАРОВА**. Эти исторические события широко оповещались прессой того времени, той эпохи: Англия – Лондон (1858 г., 1865 г.), Франция – Париж (1865 г.), Германия – Аугсбург (Аугсбургер-цайтунг, 1858 г.), Польша – Варшава (1865 г.), Америка, Средняя Азия и Россия, в частности российские газеты и журналы («Современник», «Колокол» (1858 г.), «Русский художественный листок» (1858 г.), «Русский архив», «Отечественные записки», «Вестник Европы», «Русский инвалид» (1858 г.), а также многие другие российские архивные документы и т.д.

В книге даны копии материалов на языке подлинника (английском, немецком, французском, польском, русском, старославянском) дневников и записей русского генерала И.Ф. Бларамберга (С-Пб., 1845 г.); директора пограничной линии Оренбургской, Самарской губернии В. Григорьева; директора департамента иностранных дел России по Средней Азии Е. Ковалевского (С-Пб., 1843-1845, 1868 гг.); польского демократа Б. Залесского (Париж, 1865 г.); начальника экспедиции М.Н. Галкина (С-Пб., 1868 г.); капитана Ч. Валиханова, М. Венюкова (Лондон, 1865 г.); генерал-губернаторов В.А. Перовского, Обручева, А.А. Катенина; ст. султана Западного округа М. Таукина; вице-губернатора А.Д. Балакшина; флигель-адъютанта, полковника Н.П. Игнатьева, А.И. Добросмыслова, Л. Мейера, М.Ф. Фетисова и многих других исторических личностей сыгравших немаловажную роль в становлении истории Казахстана, и в том числе целые главы посвящены национальному герою Котибару Басенову.

Книга иллюстрирована архивными фотографиями и другими материалами, взятыми из подлинников.

Одним словом, дорогой читатель, Вы окунетесь в мир истории, насладитесь очень интересными историческими событиями и фактами того периода, той эпохи.

Книга посвящена историкам, философам, литературоведам, журналистам, студентам и преподавателям, научным работникам и широким массам читателей.

К сведению, более подробно о творчестве писателя Таумана Тореханова, Вы можете познакомиться через сайт <http://www.tauman-torekhanov.com>

*Айгерим АЙТХОЖИНА,
кандидат политических наук, г. Алматы, 2008 г.*

ТАУМАН АЛЫБАЙҰЛЫ ТӨРЕХАНОВТЫҢ қолтаңба жазып сыйға тартқан кітаптары

Книги ТУРЕХАНОВА ТАУМАНА АЛЫБАЕВИЧА переданные в дар

Autographed and Gifted Books BY TOREKHANOV TAUMAN ALYBAIULY

ҚР Президенті Кеңесі Бастығының сұранысымен: *Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа*, ҚР Президенті-Елбасы – «Дала Геркулесі» тарихи роман.

Аслан Есболайұлы Мусинге, ҚР Президенті Әкімшілігінің Жетекшісіне – «Дала Геркулесі» тарихи роман.

Махмут Базарқұлұлы Қасымбековке, ҚР Президенті Кеңесінің Бастығы – «Дала Геркулесі» тарихи роман.

Елеусін Наурызбайұлы Сағындықовқа, Ақтөбе облысының Әкімі – «Дала Геркулесі» тарихи роман.

Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетовке, Алматы қаласының Әкімі, 2007 ж. – «Тарихтың қанды іздері» тарихи роман, «Кісенделген Дала» тарихи роман, «Адам әлемі» повестер жинағы.

Жанай Сейтжанұлы Омаровке, Қазақстан телерадио корпорациясының Басқарма Төрағасы.

Сәбит Аймұқанұлы Досановке, Халықаралық М. Шолохов атындағы сыйлықтың иегері, академик, жазушы – автордың көптеген кітаптары.

Жұмабек Кенжалинге, «Қазақ» газеті, жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бас директоры-редакторлар кеңесінің төрағасы.

Самат Ибрагимге, «Ана тілі» ұлттық газетінің Бас редакторы.

Нұрперзент Домбайға, «Ана тілі» ұлттық газеті Бас редакторының бірінші орынбасары.

Мамадияр Ділдәбекұлы Жақыпқа, «Егемен Қазақстан» газетінің халықаралық шолушысы.

Қорғанбек Аманжолға, «Егемен Қазақстан» газетінің Алматы филиалының жетекшісі.

Нұрлан Оразалинге, Қазақстан Жазушылар Одағының басшысы.

Жұмабай Шаптайұлына, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы.

Қанатбай Елеусізұлына, Ақтөбе облыстық Әкімінің аппараты жетекшісінің орынбасарына.

Рахат Мәжитұлы Садықовқа, Шалқар ауданының Әкімі.

Серік Тілеулесұлы Шаңғұтовқа, Мұғалжар ауданының Әкімі.

Сейтқазы Матаевқа, Қазақстан Журналистер Одағының жетекшісі.

Есенбай Дүйсенбайұлына, Қазақтың Арда акыны.

Көпен Әмір-бекке, «Ара» журналының бас редакторы, Казтелерадио журналисі, сатирик.

Шалқар ауданының тарихи өлкетану музейіне, Шалқар қаласы.

Шалқар аудандық және аудандық балалар кітапханаларына – Шалқар қаласы.

Ганновер, Гамбург университеттерінің ғылыми кітапханаларына – Герман Федеративтік Республика.

Конкордия, МакГилл университеттерінің кітапханаларына – Канада.

АҚШ Конгресс кітапханасына – Америка Құрама Штаттары.

Ұлыбритания кітапханасына – Ұлыбритания.

Нью-Йорк Қоғамдық кітапханасына – Америка Құрама Штаттары.

Диет Ұлттық кітапханасына – Жапония.

Францияның Ұлттық кітапханасына – Франция.

Стэнфорд университеті кітапханасына – Америка Құрама Штаттары.

Бэркли Калифорния университеті кітапханасына – Америка Құрама Штаттары.

Гарвард университеті кітапханасына – Америка Құрама Штаттары.

Кембридж университеті кітапханасына – Ұлыбритания.

Массачусетс технологиялық институты кітапханасына – Америка Құрама Штаттары.

Колумбия университеті кітапханасына – Америка Құрама Штаттары.

Висконсин-Медисон университеті кітапханасына – Америка Құрама Штаттары.

Индиана университеті кітапханасына – Америка Құрама Штаттары.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына – Алматы.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Академиялық кітапханасына – Астана.

Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің Ғылыми Академиясының кітапханасына – Алматы.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми кітапханасына – Алматы.

Қ.И. Сатбаев атындағы Қазақ ұлттық политехникалық университетінің Ғылыми кітапханасына – Алматы.

Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетінің Ғылыми кітапханасы – Алматы.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының Ғылыми кітапханасы – Алматы.

Жамбыл атындағы Қазақстан Республикасының жасоспірімдер Ғылыми кітапханасы – Алматы.

Бегалин атындағы Қазақстан Республикасының балалар кітапханасы – Алматы.

Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынас және шет әлем тілдер университетінің кітапханасына – Алматы.

С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ мемлекеттік медициналық университетінің Ғылыми кітапханасына – Алматы.

А.П. Чехов атындағы Орталық кітапханалық жүйесінің кітапханасына – Алматы.

Автор Шалқар аудандық және аудандық балалар кітапханаларына және аудандық тарихи өлкетану музейіне барлық кітаптарын сыйға тартқан. Және өзі «Коммунизм таңы», «Шалқар» газеттерін ашып, отыз жылдай редакторлық еткен кезіндегі тігінділерін, сондай-ақ ұлы сәулетші ғалым Т.Қ. Бәсенов туралы да біраз құжаттарды музейге берген екен.

ЕЛІНЕ ЕЛЕУЛІ ТҰЛҒА

Шалқар ауданының құрылғанына және «Шалқар» газетіне биыл 80 жыл. Газет 20 тамыз 1932 жылдан бастап шыға бастады. Осы газеттің 40 жылдай басы-қасында, оның 30 жылын бас редакторы және ұйымдастырушысы болған белгілі қаламгер Тауман Төреханов жайлы материал беруден бастап отырмыз.

***Шықпайсын елдің есінен
Қайрат-күшіңе қайранмын:
«Даланың Геркулесінен»
Қаламның Геркулесіне айналдың.***

Есенбай ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ

Барлық саналы өмірін қаламгерлікке арнап, отыз жыл Шалқар аудандық газетін, облыстық екі селолық газеттерін ойлағыдай

басқарып, аудан жұртшылығының ықыласына бөленген **Тауман Алыбайұлы ТӨРЕХАНОВ** тек Ақтөбе өңіріне ғана емес, бұл күндері бүкіл республика жұртшылығына танымал болып үлгерді. Маңдайына жазған бағы да, бақыты да қасиетті қаламын қолынан тастамай, зейнетке шығу бойына, өзінің өмірден көрген-білгендері, өзі дүниеге келген өңірдің тыныс-тіршілігі, басынан өткерген зұлматтары нақты фактілер негізінде жазылған 173 дәптер күнделігі, тарихи маңызы жоғары «*Ғасыр қасіреті*», «*Кісенделген дала*», «*Тарихтың қанды іздері*», «*Қанмен жазылған тағдырлар*», «*Дала Геркулесі*» т.б. кітаптар болып, оқырмандарына жол тартқан болатын. Қай-қайсысында да ғылыми жұмысқа бергісіз тарихи саналы мағлұматтар, оқиғалар шебер баяндалған, өн бойында кезінде ешкім білмеуі тиіс болған, яғни айтылмаған ақиқаттар сайрап жатыр...

Бір кездері дәлірек айтсақ, ХХ ғасырдың жетпісінші жылдары Ақтөбе облысының Шалқар ауданындағы Мұғалжар таулы бөктерлері атом бомбаларын ойлап тауып, негізін қалаушы академик А.Д. Сахаровтың сынақ жүргізу лабораториясына айналып, Қазақстандағы экологиялық нағыз қауіпті аймақтардың бірі болғаны рас. Бұл, әрине, Кенес Одағының құпия іс-әрекеті еді. Сондықтан оны ешкім білмеуі тиіс болды. Аудан, облыс жұртшылығы түгелдей дерлік бұдан хабарсыз. Білетін адамдардың аузы құлыптаулы. Кезінде ол туралы әңгіме қозғаудың өзі қылмыспен бірдей болатын.

«Шындық түбінде ашылады» демекші, еліміз егемендігін алғаннан кейін мұның барлығының айтылуына мүмкіндік туды. Тек соны сол күйінде жеткізу үлкен парасаттылықты, білімділікті, жауапкершілікті қажет ететіні белгілі. Мұны қазақтың марқасқа ұлдарының бірі Тауман ағамыз аса жауапкершілікпен атқарып шықты. Сол кездерде аудандық газеттің басшысы әрі аудандық партия ұйымының бюро мүшесі ретінде әскери сынақтардан, мына жағы Аралдың тартылуы апатынан халықтың ауыр зардап шеккенінің талай куәсі болып, көзімен көрген еді. Бұл жайттардың барлығы да ағаның кітаптарында рет-ретімен, терең мазмұнмен берілген.

«*Ғасыр қасіреті*» атты кітабын оқу барысында ондағы мына бір көрініс адамды бей-жай қалдырмайды: «*Ай туа қоймаған. Қаракер екіленіп, аяғын ширақ тастап, жүрісті өндіріп-ақ келеді. Асыл ауылы таяқ тастам жер – Дауыл өзені бәзетінде. Тінәлі Қаракердің қыл шылбырыш тартыңқырап, жсалғыз аяқ жолдың жыраға құлар жерінен – еңкеуден көтеріле бергенде, Жамантау етегінен қас қағым сәтте гүрс ете жарылған оқыс дауыс аспанды өртеп, ыссы жалындаған оты төңіректі жауып кетті...*»

Тінәлі ертеңіне есін жисағанда күйіп қалғанын, Қаракер атының өліп қалғанын көрді. Ер-тұрманын арқатап, шойшаңдай басып әзер

дегенде Асылдың үйіне жетті. Үйдің кереге-уықтары сынған, орнында ешнәрсе жоқ, тігерге тұяқ қалмапты, желі, шарбақ, аула бәрі бос. Күйіп қалған келпір бір шоқпыт арасында жатыр. Осы жерде Тінәлі Асылдың келіні Алтынды кездестірді. Болған жайдың бәрін Алтын еңіреп отырып жеткізді. Ел орынға отыра бергенде гүрс етіп жарылған дауыс шыққан кезде жасы 17-ге тола қоймаған Мұратты бар екпінмен ұрған от дауылы оның өмірін әп-сәтте қиып үлгерген. Өзі күйіп, екі көзінен айырылған Асыл әже де бір аптадан соң дүние салды.

Келесі қыстағы жарылыста Алтын да екі көзден айырылып, Соленая темір жол бекетіндегі №12 газкомпрессоры ауруханасында көз жұмды...». Бұл боямасыз болған жағдай еді.

Сол маңайдағы ауылдың малдары ауырып, екі басты, алты аяқты төлдер пайда болып, тіпті сондай балалар да дүниеге келіп жатты. Бірақ оның себебін жұрт біле бермейтін. Мұның да сырын ағайдың кітаптарынан кездестіреміз. Сол Мұғалжар таулы өңірінің маңында орналасқан елді мекендердің бірі «Ақтоғай» кеңшары болатын. Жетпісінші жылдары мал азығын дайындау барысында жергілікті басшылар ауыл маңайындағы ну боп жайқалып өскен жасыл шөпті қуана-қуана шауып, жинатып алады. Бірақ бұл қуаныш ұзаққа созылмады. Оны жеген малдар шетінен қырылып, қорқынышты, жоғарыда айтқандай, екі басты, алты аяқты, терісіз, бір көзді төлдер пайда бола бастайды. Тіпті адамдар арасында да адам шошырлық осындай жайттар байқалған. Бірақ саясат қатаң, кімге шағымданады?! Мұндай құбылыстарды ол кезде суретке түсіріп алмақ түгілі, ауызға алуға болмайтын етіп ескертілсе де, мұны фактінің нақ өзі деп шешкен Тау аға ретін келтіріп, сол маңайда дүниеге келген аяқ-қолы жоқ, домалақ доп болып туған нәрестені суретке жасырын түсіріп алған болатын. Сол сурет күні бүгінге дейін ағаның архивінде сақтаулы. Міне, бұл сол кезеңнің бірден-бір айғағы.

Дегенмен, үн-түнсіз қалмай, Шалқар ауданының бірінші хатшысы Т. Алдияровпен, Жұрын ауданының бірінші хатшысы Ж. Әміровпен және көпті көрген ауыл ақсақалымен бірге А.Д. Сахаровқа кездесуге әрекет жасағанын Тауман аға бізге үлкен тебіреніспен жеткізді. Мал қырылып, адамдарға да катер төнгенде қарап отыруды арына сын санаған азаматтарды ағай бұл күндері үлкен ілтипатпен есіне алады. Бұл деген ол кездері көзсіз ерлікпен барабар еді ғой. Әлемге танымал ғалым болса да, ол да адам баласы. Осы кездесуден кейін оның ойсыз қалмағаны ақиқат...

Айта кететін болсақ, 2003 жылғы №3 санында Республикалық «Денсаулық» журналында осы апат жайлы және доп болып туған сәбидің суреті басылды. Автор аға аса түсінікті тілмен кезінде айтылмаған ақиқатты баяндап берген еді.

Тауман ағаның кітабында Арал төңірегіндегі китұрқы саясат құрбандары да әңгімеленеді. Мына жайт та сол кездің шындығы еді. Шалқар ауданының аумағынан өтетін №10 газ-компрессор Аралға жақын орналасқан. Онда құбыр таситын көлік жүргізушілері темекілері таусылып, Арал маңайындағы бір ауылға соғады. Мұнда Барса-Келмес аралындағы бактериологиялық сынақ лабораториясы бар болатын. Сол жерде адамдарға жасап жатқан кезекті «тәжірибенің» үстінен түсіп қалады. Бұларды байқап қалған күзетшілер арттарынан тұра қуады. Мән-жайды түсініп үлгерген бұлар тез қашып құтылады. Өйткені мұны жан білмеуі тиіс. Сондықтан әлгі «тәжірибеге» қатысты адамдар жүргізушілерді табу үшін шарқ ұрып іздейді. Аудан басты-ларынан да сұрастырады. Бірақ жігіттерді таппайды. Сөйтсе, мұның да құпия жақтары бар екені аузы құлыптаулы болуы тиіс адамдарға кейін мәлім болады... Иә, айта берсек, кітапты оқу барысында жағанды ұстауға тура келетін, өмірде нақты болған жайттар көп. Міне, мұндай мысалдар Тауман Алыбайұлының басқа кітаптарында да кездеседі.

«Мұның барлығын құпия түрінде сақтап қалғаным келешек ұрпақ үшін қиынат. Сондықтан кітаптарымның барлығында да өзімнің көзіммен көріп, көңіліме түйген жайттарды қалтқысыз жеткізуді өзімнің парызым деп санадым,- дейді Тауман аға ағынан жарылып. – Ақиқат дүниелер қашанда айтылуы тиіс деп талай жыл өзімді психологиялық тұрғыдан іштей дайындап келгенмін. Зейнетке шыққаннан кейін, қолым босап, осылардың барлығын шығармаларыма арқау еттім. Әрбір шындық айтылған сайын арқамнан үлкен бір жүк түскендей күй кешем».

Иә, ағаның жазған кітаптарының құндылығы да осында ғой.

Тауман Алыбайұлы өмірдің тауқыметін аз көрген жоқ. Бала болып ойнап, қызық қуу маңдайына жазылмапты. Балалық, жастық шағын 1931-1933 жылдары, аштық, ашаршылыққа Ұлы Отан соғысы жылдарына тап келтірген Тауман қабырғасы қатпай жатып, қара жұмысқа жегілді. Малшыға жәрдемші болды, тұз ойды, аңшылықты кәсіп етті. Бастауыш білімінің негізі мықты қаланған бала сол кездердің өзінде газет жаңалықтарын қалт жібермеуге тырысатын, жас та болса, көкірегі ояу еді, білімге құштарлығы, жазу сызуға құмарлығы оның өздігінен оқып, әрі қарай ізденуіне жол ашты. Оған басты себеп болған Халық депутаттары Шалқар қалалық Кеңесі атқару комитетінде іс жүргізуші қызметке (1947-1949 жж.), кейінірек Шалқар аудандық газетіне аға әдеби қызметке (1949-1950 жж.) алынуы мықты әсер етті.

Соғыс аяғы басылғаннан кейін Қазақ мемлекеттік университетіне түскен елуінші жылдарға дейін өзінің еңбекқорлығының, алғырлығының, зеректігінің арқасында сол кездегі аудандағы мемлекеттік қызметтерге ілігіп, аудан жаңалықтарын жазып

машыктанып, ысыла бастаған Тауман студенттік өмірін босқа өткізген жоқ. Қанында қайнап жатқан, Көтібар, Есет атты батыр бабаларынан жұғысты болып, тұқым қуалаған бұла күш отырғызсын ба, тыным таппайтын. Білімді игерумен қатар, үлкен архивтерден осы бабаларының ерлік жолдарын сарғайған беттерден іздеп тауып, қойын дәптерлеріне түсіруді де ұмытпады. Бұл сол кездерде ешкімнің ойына келе бермейтін әрекет еді. Өмірде көрген-түйгендерін жазып жүруді жасынан-ақ дағдыға айналдырған болатын, сондықтан студенттік өмірінің де әрбір шуақты күндерін қажетті істерге жұмсайтын, ұнатқан нәрселерін көңіліне тоқып, дәптеріне түртіп отыратын.

Тауман Алыбайұлы ұйымдастырушылық қабілетін де шындай білді. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде оқып жүріп, университеттің қоғамдық жұмыстарына белсене араласып, адамдармен қарым-қатынас жасаудың қыры мен сырын жетік меңгерді. Университетте комсомол-жастар ұйымының хатшысы бола жүріп те біраз ысылды. Қазақстан Жазушылар Одағының ІІІ съезіне студенттер арасынан хатшы ретінде шақырумен барған ол съезге келген орыстың әйгілі мықты жазушылары М. Шолохов пен Л. Леоновты университетке шақырып, студенттермен кездесу өткізді. Бұл кез келген студенттің қолынан келе бермейтіні анық. Бірақ жас Тауман осыны жүзеге асырды. Не істесе де тәуекелге тізгін беретін. Ішкі жан дүниесінің айтуымен жүретін. Бірақ жаңылмайтын.

Ұстаздарының әрбір дәрісін мұқият тыңдай отырып, бойындағы жақсы жақтарын, олардың ұлағатты сөздерін бойына дарытқан Тауман кейінгі қызметтерінде осыларды тиімді пайдалана білді. Көреген ұлағатты ұстаздары университетті үздік бітіріп жатқан Тауман Төрехановқа Ленинградтағы А.Жданов атындағы университеттің шығыстану факультетіндегі аспирантураға жолдама бергенде оның бойында ғылымға, ізденуге деген қабілетін ескерген болатын. «Талантты талант таниды» демекші, оның тегін еместігі сол кездердің өзінде белгілі болған еді. Ресейге барып оқу үшін жағдай керек. Амал не, қаржылық, тұрмыстық жағы аяғына тұсау болды. Бірақ Тауман Алыбайұлы өкінген жоқ. Қызметке қойып кетті. Біршоғыр тау өңіріндегі көмір шахтасы орналасқан Шахта поселкедегі орыс-қазақ мектебінде директордың оқу-тәрбие жұмысы бойынша орынбасары болып жүрген кезде де шәкірттеріне білім-тәрбие берумен қатар, сол Шахтадағы қайнаған өмірге көзін сала жүрді. Ондағы адамдармен қарым-қатынаста болуды қалады. Сол жерде көмір Шахтасында басқарушы болып қызмет жасайтын геолог-инженер, бұл күндері аты әлемге мәшһүр болған жазушы І. Есенберлинмен танысып, сырлас болудың да реті келді. Екеуі әдебиет төңірегінде жиі әңгімелесетін. Ілекең ағалық ақылын айтып, қолынан қаламын тастамауына ақыл-

кеңесін беретін. Сол бір жастық шағында тек өздігінен ізденуі керек екендігін және бұл оның өзіне байланысты екендігін жас Тауман көңіліне мықтап түйді.

Талант жерде қалмайды ғой, қарап отырмады, қысқа-нұсқа етіп, жаза бастады. Осындай қабілетінің арқасында 1957 жылдан бастап журналистік қызметке жолы түсті. Әп дегеннен іске қызу кіріскен маманның сауаттылығы, жан-жақтылығы мен мұңдалап тұратын. Көп ұзамай Ақтөбе селолық обкомының Темір аумақтық басқармасы бойынша шығатын облыстық «Жаршы» газеті бас редакторының бірінші орынбасары, кейін Шалқар аумақтық басқармасы бойынша ашылған облыстық, аудандық «Коммунизм таңы» және кейінірек «Шалқар» болып жарық көре бастаған басылымды ұйымдастырып, ашып, оның бас редакторы қызметінде отыз жылдай еңбек етті. Ауданның бүкіл тыныс-тіршілігі осы газеттің әр нөмірінен табылып, дер кезінде шығып тұруы тиіс екені белгілі. Басқара да, ұйымдастыра да білді. Журналистерді де таңдай білді, қатан талап қоя да білді. Жазған дүниелерінің мазмұндылығынан болар, есімізде Ә. Оралбаев, А. Көздібаев, Ә. Аймағанбетов, Ғ. Төреханов, Ж. Қабақбаев, М. Асанов, М. Есмағанбетов, Ү. Уайдин, Қ. Құлияс, Н. Мусин, М. Мырзағұлов, Б. Теміров, Ә. Әбдірашұлы, Ә. Жұмабаев, Қ. Әлин, Т. Мәмиев секілді журналистері күні бүгінге дейін жадымызда. Аудандық газет облыстық та, республикалық та бәйгелерге қатысып, талай мәрте жеңімпаз атанды. Аудан тынысын жан-жақты, шебер көрсете білетін, газеттен очерк, әңгіме, этюд, репортаждар, танымдық мақалалар да үзілмейтін. Тақырыптары жаттанды болмайтын. Тауып қойылатын. Бұған сол кездегі көзі қаракты оқырмандар куә. Менің өзім сол кездерде мұғалімдік қызметте жүргенімде тәрбие жұмысына осы газет бетіндегі материалдарды негізге алатынмын. Ағайдың, басқа да журналистердің аудан, мектеп, совхоз, мекеме басшыларымен сұхбаттарының өзі біз үшін таптырмайтын материал болатын.

Тауман ағай кейін Шалқар қаласында аудандық музейді ұйымдастырды. Мұның өзі үлкен тапқырлық, адамгершілік болатын. Шалқар топырағы қасиетті мекен. Онда болашақ ұрпағының бақытты өмірі үшін күрескен ата-бабаларымыз, батырларымыз, артына өшпестей із салып кеткен Еңбек Ерлеріміз т.б. толып жатыр. Осылардың ерліктерін келешек ұрпақ ұмытпай, ескеріп жүруі тиіс деп шешкен болатын. Бұл сол топырақта дүниеге келген әрбір жерлесі үшін үлкен мақтаныш...

Шалқар өңірінің жаңалықтарын ағайдан біліп тұрамыз. Өйткені ол кісі көп біледі. Әр сөйлескен сайын көп жағдайға қаныға түсеміз. Ауыл жаққа қатысты әңгімелерді айтқанда керемет құлпырып кетеді. Сағыншып па, әлде өскен ортаға деген құрмет пе, әйтәуір біз білмейтін

бір сыр бар сияқты. Жиі хабарласып тұрғанымызды қалайды, әрбір қадамымызға шын тілектестігін білдіріп отырады.

Жақында Тауман ағаның тағы бір кітабы қолыма тиді. Батыс өңірінің ұлт-азаттық күрестің қолбасшысы болған, халық батыры Есет Көтібарұлы жайлы «Дала Геркулесі» атты деректі-хронологиялық романы екен. Онда туған өлкемізге қатысты жайттардың барлығы да архивтік материалдар негізінде берілген. Шежіреші қарттардың әңгімелері тілге оралымды етіп жеткізілген. Қысқасын айтқанда, сол кездердің шындықтары нақты күйінде берілген бұл шығарманың құндылығы тіпті ерекше. Атамыз туралы тереңірек біліп, бір жазап қалдық. Есет атаның өте ірі болғаны жөнінде қарттар аузынан түспейгін. Мұның барлығы осы кітапта жақсы берілген. Тіпті біз бұрын кездестірмеген суреттерімен берілуінің өзі үлкен жетістік. Бұл кітаптың басқа да танымдық жақтары бар. Мұнда ұлағатты сөздер көп кездеседі және мен мұндалап, қарамасыңа қоймайтын қоюлау әріптермен жазылған. Бұл да ағаның үлкен тапқырлығы. Мысалы, орыстың зерттеуші жаһанкөзі, жазушысы *Е.П. КОВАЛЕВСКИЙДІҢ Есет КӨТІБАРҰЛЫМЕН* кездесуіндегі мына бір сөзге қалай көз салмассың: *«Қазақты жылқы етінен жаралған десе де болады. Қазақ қанаты – жылқы, өзінің ұланғайыр даласында жылқы үстінде ақбас бүркіттей қалықтайды, қазақ өзінің даласындай кең, қиялындай тұлпарлы! Қазақ – қазы, қазақ – жая, қазақ – қымыз!...»;*

«...Қазақ – нар түйенің сүті, нар түйенің, айыр түйенің шұбаты! Қазақ – түйе өркеші...» Міне, осылай кете береді...

Тауман аға осы кітапты жазғанға дейін Есет Көтібарұлы жөніндегі зерттеулерін отыз жылға жуық аудандық газетті басқара жүріп, бір мезет те тоқтатпауға тырысты. Осыны кейінгі ұрпаққа жеткізу өзінің баба ұрпағы ретінде парызы екендігін түсінген ол талай үлкен лауазымды қызметтерден бас тартты. Оған өкінбейді де.

Иә, ағай бақытты. Жазған кітаптарына байланысты жақсы лебіздерді естудің өзі бір ғанибет қой. Жақында Елбасы да осы кітапты алғаннан кейін Тауман Алыбайұлына өзінің алғысын білдіріп, *«Қазақстан жолы»* атты кітабын жіберіпті.

Ал *Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің бастығы М. Қасымбековтың* мына хатынан да Елбасының Тау ағаға деген ризашылығын, құрметін көруге болады.

«Құрметті Тауман Төреханов! Ел басымыз Н.Ә. Назарбаев жіберген Хатыңызға және «Қанмен жазылған тағдырлар» деп аталатын кітабыңызға өзі туралы жылы пікірлер білдіріп, жақсы тілектеріңізді жолдағаныңыз үшін Сізге ризашылығын жеткізуді тапсырды», дей келіп, былай депті: *«Өмірде көпті көрген, қоғамға жүріп жатқан күрделі процестерге сараптама жасай алатын, көзі*

ашық кісінің келтірген деректері ретінде Сіздің бұл жазбаларыңыздың өзіндік тарихи мәні бар деп есептейміз». (13.09.2010 ж.).

Т. Төрехановтың «Дала Геркулесі» атты кітабы жайлы айта келіп, еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстан» (25 ақпан, 2009 ж.). «... «Дала Геркулесі» (тарихи роман-трилогия) кітабының авторы табиғи талант иесі» деп баға берсе, ал академик С. Досанов «Сіз, Тауман Алыбайұлы, осы «Дала Геркулесі» тарихи романыңызбен Өзіңізге «мәңгілік ескерткіш» жасап орнаттыңыз ...» депті.

Иә, солай, оқырман қауым.

Қаламының арқасында Тауман Алыбайұлы талай сый құрметке кенеліп, еңбегі бағаланды. Қазақ ССР-нің мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, КСРО баспасөзінің үздігі атанды. Мемлекет тарапынан бұдан басқа да отызға жуық марапаттарға ие болды. Туған жері, елі құрметтеп, «Шалқар ауданының құрметті азаматы» атанды. Балаларының барлығы білімді, тәрбиелі. Тауман аға мен Балзада апа Шәмшіқызы осылардан өрбіген немерелері мен шөберелерінің ортасында сексеннің сенгіріне кол ұстасып жетіп отыр. Отбасы үшін бұдан асқан бақыт бар ма!..

М. Шолохов, В. Пикуль атындағы сыйлықтардың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, академик, жазушы Сәбит ДОСАНОВ ағамыз Тау ағаның кітаптарын қарап шығып, өзінің жүрекжарды лебізін осыдан біраз жыл бұрын «Әдебиет айдыны» газетінде былайша жеткізген еді:

«Қымбатты Тауман аға!

Сіз көлемімен ғана емес, көркемдігімен де салмақты романдарыңызбен қазақ әдебиетіне көп олжа салған қарымды қаламгерсіз. Сол еңбектеріңіз лайықты бағасын аларына мен кәміл сенемін.

Жасай бер, жаза бер, жаны жомарт, жалы биік, жайсаң аға!».

Иә, ағаның алда әлі де талай құнды шығармалары жарық көреріне және лайықты бағасын аларына күмәніміз жоқ.

Ұлташ ПЛЕГЕНОВА,

Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты,

Қазақстан Денсаулық сақтау ісінің үздігі;

Республикалық «Денсаулық» журналының 2011 ж., №12, 30-32 беттерінде көлемді эссе кейіпкердің жұбайы екеуінің суретімен жарық көрді.

Алматы қаласы.

ЗАСЛУЖЕННЫЙ ВЕТЕРАН «ПЕРА»

Туреханов Тауман Алыбаевич родился 15 марта в 1931 году. В 1955 году окончил с отличием филологический факультет КазГУ.

Со времени организации Союза, а именно: с 1958 года является членом Союза Журналистов СССР, с 1959 года становится членом Союза Журналистов Казахской ССР. Получил членский билет Союза с рук Председателя Оргбюро Генерального директора ТАСС Н.Г. Пальгунова. По его приглашению, он был участником учредительного съезда Журналистов СССР.

В 1972 году ЦК Компартии Казахстана выпустил книгу «Опыт и Требования», посвященный его стилю и опыту работы в прессе. Был делегатом 8-и съездов Журналистов Казахстана, на 2-х созывах избирался членом Правления Союза. Награжден 4 медалями СССР, «Отличник Печати СССР», Почетными Грамотами Союза Журналистов СССР и Казахстана. Указом Президиума Верховного Совета КазССР награжден «Почетной Грамотой», званием «Заслуженный работник культуры», трижды Дипломами Госкомпечати КазССР.

Всю сознательную жизнь он посвятил работе в Печати. Более тридцати лет проработал главным редактором сельской областной и районных газет. Этот факт является исключительно редким показателем!

К 65-летию ВОВ награжден медалью «Труженик Тылового фронта Великой отечественной войны 1941-1945 годы».

Всю свою жизнь жил и работал в суровых климатических условиях в зоне Аральской экологической катастрофы. Перенес несколько сложных операций.

Несмотря на слабое состояние здоровья и почти 80-и летний возраст, он принимает активное участие в прессе, телевидении и радио РК. Из-под его пера были созданы более 300 очерков, новелл, рассказов, повестей и эссе. Вышли в свет 13 книг, в том числе через издательство «Атамұра» документально-исторические романы.

Туреханов Т.А. является Персональным пенсионером Республиканского значения за особые заслуги перед РК, «Почетным гражданином Шалкарского района и города Шалкар».

Зейнулла АЙТИМОВ,

*Председатель Совета Ветеранов Союза журналистов Казахстана,
г. Алматы, май 2010 г.*

ХАЛЫҚҚА ҚАЛАМЫМЕН ТАНЫМАЛ ТАУМАН АЛЫБАЙҰЛЫ ЖАЙЛЫ АЙТСАМ...

Тауман ағанын табиғаты да, тұрпаты да, өмір өрнегі де бөлек тұлға. Олай болатыны – текті бір аталықтың ұрпағы болудан-ау деп есептеймін. Түпкі бабасы Бәсен (1727-1830 жж.) 103 жыл ғұмыр кешкен ұлы еңбеккер болыпты.

Жасы жиырма беске келгенде Бәсенге ағасы Досалы қыз айттыруға жолға шығады. Сонау Ойыл, Қиыл өзендерінде жүз мыңдай жылқы өргізген Кете елінің-руының атышулы байы, төбе Биі, көсемсөз кемеңгері Боздақ еліне келеді.

– Бозеке,- дейді Досалы,- біз Сіздің кенже қызыңыз Нарбикені қаладық. Ықыраңыз болса дей бергенде, Боздақ би:

– Нарбике осы елдің гүлі, әулетіміздің иек артатын тірегі. Ақылды да қайратты бойжеткен. Екі апасынан тумысы да табиғаты бөлек, ерекше. Мұндай елі бағасын, батасын беретін бойжеткен өзінің теңіне баруы қажет. Ол шаңырақ ертеңгі екі елді табыстратын, шабыстыратын емес, ел қорғаны-ұйтқысы болуға тиіс. Артымда заманына сай, лайықты ұрпақ қалу керек. Нағашы жұртын іздейтін, құрмет тұтатын – пір тұтатын жиендер, қайын жұртына тәу, тағзым ететін күйеу болуы шарт. Қазағымның «Бозың болсын» дегені – ел сыйлайтын қартың болсын; «әр елде үйің болсын» дегені – әр елде сыйға-сый көрсететін құда-жекжатың болсын дегені; «таңдайға татитын наның болсын» дегені – еңбекпен табылған нәрің болсын дегені. Сондықтан Шекті елінен келген Сізді біліңкіреп алайық. Ал, Бәсеннің, еңбек адамы екенін жігіттер үш рет сыннан өткізіпті, бәрінен мүдірмей өтіпті жігітін.

Арада бір апта өткен сон Боздақ би қызы Нарбикені Бәсенге беруге шешім қабылдайды.

– Бозеке, енді алатын қалың малыңызды айтыңыз,- дейді Досалы еңкейіп, бас иіп.

– Жоқ, дүние боқтан жаралған пенде емеспін! Қалың мал алмаймын. Мына екі өзенді өрлеп жатқан менім малым. Осы Кете елінің нәрі, күн көрісі – бәріне жетеді. Нарбикеме өміріне жететін байлық қазына беремін. Ол тегін. Бәсен екуінің некесінен тұған ұрпақ үш атасына дейін батыр болады. Батамды берейін,- деп қолын көтеріп, бата берген екен. Иә, қазақ шежіресінде қалың малсыз, тегін келін болып түскен қыз Жапақ еліне келеді делінеді.

Сол Бәсен мен Нарбике некесінен «Бес Бәсен» аталып қазақ тарихына енген – Жандәулет, Ақпан, Токпан, Көтібар, Көбес өмірге келеді. Көтібардан халық батыры Есет, одан Назар, одан Тауман ағаның атасы Төрехан. Бұлар да батырлар.

Тауман Алыбайұлы қазіргі аға ұрпақ саналатын толқынның жасы 80-ге келген қарт буынының бірі. Бұл ұрпақ аштық, жоқшылық, репрессия жылдарын, Отан соғысының ауыр кезеңін, одан кейінгі таршылықты бастан өткізді. Тауман аға бәрін көрді, өмір үшін күресе білді. Соғыс басталысымен колхоздағы мектебі жабылып қалып, сирактары піт-шіт он жастағы балалар, оның ішінде ол да малшыларға жәрдемші, түз қарьерінде түз шығарушы, колхоз аңшысы болды. 16

жасында халық депутаттары Шалқар қалалық атқару комитетінің іс жүргізуші болып мемлекеттік қызметке алынды. Бұл 1947 жылы болатын. Көп ұзамай жұмысшы жастардың кешкі мектебіне қабылданады. Осы кезден бастап «Социалды Қазақстан» (жауапты редакторы Акқұлов) газетін үзбей оқып, жаздырып алады. Бұл жайында еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстан» 2008 жылдың бірінші қарашасында суретімен бірінші бетіне материал жариялайды. Осы бір өмір өткелдері таланты да қабілетті жас жігітті С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) жетелейді. Бұл 1950-1955 жж. болатын. Қазақ оқымыстыларынан қазақтың қара нары атанған Төлеген Тәжібаев, Мұхтар Әуезов, Ісмет Кеңесбаев, Нығмет Сауранбаев сияқты, т.б. ғұламаларынан тәрбие-өнеге, білім алады. Өз өмірінде М. Шолохов, Л. Леонов, А.Д. Сахаров, Илияс Есенберлиндермен кездесіп нәр алады, өміріне жарық жұлдыздай жол ашылады.

Саналы ғұмырының елу жылдан астам кезеңін баспасөзде қалдырды. Отыз жылдайын жауапты редакторлыққа арнайды. Бұл жылдар журналисті талай тұлғалармен кездесуге, пікір алысуға ықпал етеді.

Т.А. Төреханов соңғы бір жиырма жылын жазушылыққа арнайды. Екі жүз елуден астам көркем очерк, эссе, әңгіме, новеллалар жазады. Оның қаламынан «Атамұра» баспасынан он бір тарихи деректі романдар, повестер, әңгімелер жарық көреді.

Бұл күндері Тауман Төреханов танымал қаламгер. Көрнекті жазушылар, әдебиет сыншылары, белгілі журналистер бас газет «Егемен Қазақстан», «Қазақ», «Президент және Халық», «Қазақстан-Заман», «Алматы ақшамы», «Қазақ әдебиеті», «Әдебиет майданы», т.б. газеттер мен журналдар, «Хабар», «Қазақстан», «Мир» телеарналары, Қазрадио көлемді-көлемді материалдар жариялап, «Дала Геркулесі», «Кісенделген Дала», «Көз көргендер еді», «Адам әлемі», «Ғасыр қасіреті», басқа да роман, повестерін аса жоғары бағалады.

Әрине, Т. Төрехановтың баспасөзде, қаламгерлікке төккен тері босқа кеткен жоқ.

КСРО-ның 4 медалімен, КСРО баспасөзінің үздігі ерекше белгісімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Құрмет Грамоталарымен, Қазақ КСР мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер атағымен, ұзын саны 30-ға тарта мемлекеттік марапаттаулар алған. Шалқар ауданының және Шалқар қаласының Құрметті Азаматы.

Өткен жылы автордың Қазақстан Елбасына текті аталық атынан берген бағасы мен батасына орай Президент «Дала Геркулесі» атты тарихи деректі романын алғандығын айтып, ризашылық білдіре от-

ырып, өзінің «Қазақстан жолы» кітабын сыйға тартқаны жайлы ҚР Президенті Кеңесінің бастығы М. Қасымбековтың хатын алған.

Тауман Төреханов ҚР-ға сіңірген ерекше еңбегі үшін Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер. Алматыда тұрады. Ғаламторда сайты бар.

*Сәбит ДОСАНОВ,
жазушы, М. Шолохов атындағы халықаралық сыйлықтың иегері,
РФ-ның академигі, профессор.
Алматы қ., қаңтар, 2011 ж.*

***SHORT SUMMARY-ESSAY ABOUT LIFE
ACTIVITY AND WORKS OF HONOURED
PUBLIC PROFESSIONAL OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN, JOURNALIST – WRITER,
HONOURED CITIZEN OF SHALKAR REGION
AND SHALKAR CITY TAUMAN ALYBAIULY
TOREKHANOV***

Let me talk about Tauman Alybaiuly, who is well known to the public through his written work ... The nature and life model of Tauman makes him special and different from others. I think this is due to his genealogical background. He is a descendant of a well known family. One of his great ancestors was Basen (1727-1830 yy.) who lived 103 years and was a very hard working person.

When Basen reached the age of 25, his brother, Dosali, had started to look for a bride for him. Dosali had travelled as far as Oyl and Kiyi rivers to Bozdak, a very famous Bii of Kete clan, genius, rich, and outspoken person, who owned close to hundred thousand horses pastured along those rivers.

– Bozeke, - said Dosali, - we like your younger daughter Narbike. When Dosali said if he did not mind, Bozdak Bii responded:

– Narbike is the blossom of this country and hope of our dynasty. She is a smart and hard working lady. She is special and different by birth and nature from her sisters. Hence, such a well-known and respected person should find a deserved and equal groom. The family found by them should be the protection of their countries and should contribute to the peace of both countries instead of causing conflicts. They should leave descendants relevant and fit to the epoch. Nephews and nieces should respect and stay in contact with their relatives from mother's side. The groom should honour and respect the relatives of his wife. Kazakhs say you shall have an elder

respected by your country; “shall have a house in every country” – shall have relatives that show mutual respect; “shall have delicious bread” – shall earn your money with your honest and hard work. Therefore, we would like to get to know you better, our guest who came from Shekti country. We know Basen is a strong and hard working person, because he passed through three tests without any problems.

After one week, Bozdak bii had decided to allow his daughter Narbike to marry Basen.

– Bozeke, please let me know the dowry you would like to get, - said Dosali and nodded his head.

– No, I am not a greedy person. I will not take the dowry. The cattle that are pastured along these two rivers are mine. The products produced in Kete country are sufficient for everybody. I will give my Narbike enough of wealth sufficient for her life. The descendants of Basen and Narbike will be brave warriors up to three generations. Let me give my blessing, - said Bozdak, raised his hands and gave his blessing. In Kazakh history, one says the bride without dowry comes to the country of Zhapak.

From the marriage of Basen and Narbike, “Five Basens” as known in Kazakh history – Zhandaut, Akpan, Tokpan, Kotibar and Kobes were born. Kotibar will have a son Eset, a national hero, who would be the father of Nazar. Nazar would have a son Torekhan the grandfather of Tauman. They were brave warriors as well.

Tauman Alibayuli is one of members of today’s well respected elder generation who reached their 80s. This generation has witnessed famine, repressions, World War, and economic and social difficulties after the war. Tauman has experienced great hardship and knew how to struggle for life. As soon as the World War had started, the local schools were closed down and many ten years old kids including Tauman went to work as assistants of shepherds, miners of a salt-mining open-cast mine, and hunters of a collective farm. At the age of 16, he had become the administrative clerk of the Executive committee of Shalkar city council of worker’s deputies. This was 1947. Afterwards, he had been admitted to the workers’ evening school. Since this time, he had subscribed to “Socialdi Kazakhstan” newspaper, whose editor was Akkylov, and had started to read it continuously. The material with Tauman’s photo published in “Egemen Kazakhstan” on November 1, 2008 described this more in details. The life had directed the talented and capable young gentlemen to study at S.M. Kirov Kazakh State University (nowadays known as Al-Farabi Kazakh National University). This was 1950-1955 yy. He had learnt and got education from great Kazakh intellectuals such as Tolegen Tazhibayev, Mukhtar Auezov, Ismet Kenesbayev, and Nigmat Sauranbayev. Also, he had met and learnt from M. Sholokhov, L. Leonov, A.D. Saharov, and Ilias Esenberlin who helped him greatly in life.

Close to fifty years of his life he had spent in the mass media. Thirty years he had dedicated to being the newspaper editor. These years allowed him to meet, discuss and exchange opinion with many different individuals.

Last twenty years, T.A. Torekhanov had dedicated to creative writing. He had written more than two hundred essays, sketches, novels, and stories. Moreover, he authored eleven historical and documental novels and stories published by “Atamura” publishing house.

Nowadays, Tauman Torekhanov is a well known writer. Prominent writers, literary critics, well known journalists have positively evaluated and given excellent feedback about his books such as “Dala Gerculesi”, “Kisendelgen Dala”, “Koz Korgender Edi”, “Adam Alemi”, “Gasir Kasireti” through publishing multiple articles in newspapers like “Egemen Kazakhstan”, “Kazakh”, “President gane Khalik”, “Kazakhstan-Zaman”, “Almaty Akshami”, “Kazakh Adebieti”, “Adebiet Maidani”, and giving interviews in television channels such as “Khabar”, “Kazakhstan”, “Mir” and Kazakh radio station.

Definitely, the hard work and contribution of T. Torekhanov to the mass media and creative writing were not forgotten.

As a result, he was awarded 4 medals of the USSR, Union Press Excellence Professional Distinction Award, Honourable Certificate of the Kazakh SCR Higher Council, the title of Honoured Professional of the Republic of Kazakhstan, and 30 other awards and distinctions. He is an Honourable Citizen of Shalkar region and Shalkar city.

Last year, the Head of the Chancellery of the President of the Republic of Kazakhstan, M. Kasymbekov have sent the appreciation letter of the President along with his book “Kazakhstan Zholi” as a gift to Tauman Torekhanov in response to Tauman Torekhanov’s evaluation, blessing and the latest historical novel “Dala Gerkulesi” given to the President of Kazakhstan.

Tauman Torekhanov has been given the status of the Honoured pensioner of the Republican significance for his outstanding contributions towards Kazakhstan. He currently lives in Almaty and has a personal website.

Sabit DOSANOV

*Writer, winner of the M. Sholokhov international prize,
academician of the RF, professor Almaty, January 2011*

АЛҒЫС ХАТ

Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармсы мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға қосқан үлесі үшін және 80 жасқа толуына байланысты журналист-жазушы **Тауман Алыбайұлы ТӨРЕХАНОВТЫ** марапаттайды.

Басқарма бастығы

Ақтөбе қаласы, 2011 ж., 18 мамыр

С. Күлімбетов

Қазақстан Республикасы

Республика Казахстан

АЛҒЫС БЛАГОДАРНОСТЬ

Белгілі журналист-жазушы, Қазақстан Республикасының мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер Тауман Алыбайұлы мырзаға!

Түркісіб аудандық білім беру бөлімі сіздің «Дала Геркулесі» атты тарихи хронологиялық романыңызды аудандық білім мекемелерінде оқытып, кеңінен талқыланып оқырмандар көңілінен шықты. Жас жеткіншектерге патриоттық тәрбие мен отан сүйгіштікке тәрбиелеуге зор септігін тигізеді деп сенеміз.

Құрметті Тауман Алыбайұлы!

Сізді 30 қазан күні жанұялық мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Отбасыңызға амандық, ұрпақтарыңызға қуанышты ұзақ өмір тілейміз!

Түркісіб аудандық білім бөлімінің бастығы
Алматы қаласы

М.Қ. Бұзаубеков

© Абузяров Р.А. 8 705 800 28 61, 270 68 58 Государственная лицензия: серия АА №000121

К 80-ЛЕТИЮ НАШЕГО ДОРОГОГО ПАПЫ ТАУМАНА ТУРЕХАНОВА

*Папочка, любимый наш, бесценный!
В твой прекрасный светлый юбилей
Ты не жди какой-то перемены,
О годах миновавших не жалея –*

*Все плохое пролетело мимо.
Чтобы ни сулила нам судьба,
Ты всегда родной наш и любимый!
С юбилеем, папочка тебя!*

** * **

*Папочка, любимый дорогой,
С юбилеем просто поздравляем!
И целуем крепко, горячо,
С чувством папа обнимаем.
И бакалы поднимаем, чтобы жизнь текла
Как вода, в спокойной тихой речке.
Нипочем нам эти годы,
Будем мы любить всегда вас крепко!*

*С искренними поздравлениями,
Мария и Герхард Вильгельм, Гамбург, 15.03.2011.*

Өзінің барлық саналы ғұмырын кешегі тарихқа кеткен мемлекеттің, бүгінгі Тәуелсіз Қазақ Елінің баспасөзінде қалдырып келе жатқан, елімізге белгілі танымал *Қазақстан Республикасының мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, журналист-жазушы, Шалқар ауданының және Шалқар қаласының Құрметті Азаматы Төреханов Тауман Алыбайұлына* 80 жылдық мерейтойына арналған библиографиялық көрсеткіш үш тілде (қазақ, орыс ағылшын) құрастырылып шықты.

Төреханов Тауман Алыбайұлы: библиографиялық көрсеткіш / құраст. Ә.Ә. Айтхожина, С.Т. Туреханова; ред. алқа С.Т. Туреханова, Ә.Н. Бақтыбаева, Р. Марат; ағылш. тіл. ауд. Р. Марат, Ә.Ә. Айтхожина; дизайнер Д. Марат.- Алматы: Қазақ университеті. 2011.- 107,[8] бет.

***К 80-ому дню рождения, сердечные поздравления,
моя милая мамочка!***

*День рождения многие люди празднуют,
Ты празднуешь тоже твой день рождения сегодня.
Ты – завершительница 80-ти лет,
Это известие было сегодня утром.
Стремясь к столетней цели,
Уже достигла восьмидесяти лет.
Ты можешь конкурировать еще с молодежью,
И блистать жаждой деятельности и своим опытом.*

*Я желаю тебе еще чудесных времен,
Иди своим путем в радости и довольстве,
Пусть только духи наших великих предков сопровождают тебя,
Так что ты можешь сказать завтра:
«Я не жила еще никогда так с удовольствием, как сегодня!».*

Гамбург, 14.08.2012.

ІНІМІЗ ТАУМАНҒА!

*Қысқаша сәлем жаздым, замандасым,
Шуақтай жадырасын қабақ қасың.
Өмірдің соқпағына қажымаған,
Тауман-ау, құтты болсын 80 жасың!
Денің сау, көңілің шат өмір сүріп,
Әрдайым домаласын өрге тасың.
Жолдасқа, жанұяда беделді боп,
Көрсеттің жақсылардың парасатын.
Денсаулық зор байлықтың иесі боп,
Тілеймін жеткізсін деп жүзге жасың.*

(Ештен кеш жақсы)

Сағынай Кемалұлы ТІЛЕГЕНОВ, 23.01.2012 жыл.

Милый дорогой мой папочка, от всей души сердечно поздравляю тебя с твоим 82-летием – это здорово!

*Желаю тебе в первую очередь **здоровья**: Единственная красота, которую я знаю, – это **здоровье**. (Генрих Гейне/Heinrich Heine).*

*Желаю тебе **счастья**: Полного **счастья** нет с тревогой; полное счастье покойно, как море во время летней тишины. (Александр Герцен/Alexander Herzen).*

*Желаю тебе **успехов**: Несомненно/бесспорно, некоторые миллионеры обязаны своим **успехом** благодаря своим женам. Но большинство их обязаны своей женой/женами благодаря своему успеху. (Денни Кэй/ Danny Kaye[1913-1987], американский актер).*

*Желаю тебе **радости**: **Радость** в жизни – то же самое, что масло в лампе. Как только масла становится мало, сжигается фитиль и, сжигаясь, перестает светить и только дымит черным, вонючим дымом. (Лев Толстой /Lev Tolstoy).*

Искренне, Мария, 15.03.2013.



**Қазақстан мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер,
танымал журналист – жазушы Т.А.Торехановқа**

Қадірлі Тауман Алыбайұлы!

Облыс әкімдігі Сізді мерейлі 80 жасқа толғаныңызға орай туған өңірініз Ақтөбе жерінде өткізілудегі әдеби шығармашылық кешіңізбен құттықтайды.

Облыс баспасөзінде қырық жылдай еңбек өтіп, оның көпшілігін облыстың іргелі ауданы – Шалқар аудандық газетіне жетекшілік жасауға арнаған Сіздің еңбек жолыңыз бүгінгі және болашақ журналистер үшін ерен үлгі болып табылады. Өз Отаның, туған жері мен елін, ділін сүюдің асқақ өнегесі екені даусыз. Газет шығарудың, баспасөз ісінің ыстығына күйіп, суығына тоңып қызметтік міндетіңізді атқарумен қатар тұтас бір қалың шоғыр қаламгер журналист шәкірттеріңізді де тәрбиеледіңіз. Ел – жұртқа сыймылдыңыңызбен, адамгершілік, биік парасатыңызбен дараланып, жұртшылық сүйіспеншілігі мен марапаттауларға ие болдыңыз. Темір, Шалқар аудандарында баспасөзді ұйымдастыру ісінің басынан табыла отырып, оның ішінде Шалқарда ұзақ жыл редакторлық қызмет атқарумен бірге көптеген очерк, эсселеріңіз арқылы республикаға танылғаныңыз - Сіздің биік мақсатты мұрат тұтқаныңыздың айқын айғағы. Құрметті демалысқа шыққан кейінде қаламыңыз қолыңыздан түспей, әдеби-көркем шығармалар – 7 повест, 5 романдан тұратын 11 кітапты ұзақ жылдардағы еңбектің, зерттеу мен сараптау, іздену нәтижесінде шығаруыңыз да осыны көрсетеді.

Биылғы жылы Тәуелсіздігінің 20 жылдығын тойлағалы отырған егеменді еліміздің бүгінгі мен келешегі үшін Сіздің «Қанмен жазылған тағдырлар», «Ғасыр қасіреті», «Ұжмақ еті», «Кісенделген дала», Есет батыр өмірі сөз болған «Дала Геркулесі» тағы басқа да тарихи роман, дилогия, трилогияларыңыз аса қажет шығармалар. Олардың оқырмандардың жылы ықыласына бөленуімен қатар кітаптарыңыздың басты кейіпкерлері – Ақтөбе өңірінің тарихи тұлғалар болуы Сіздің туған жер алдындағы перзенттік борышыңыздың айтарлықтай отелуі.

Құрметті Тауман Алыбайұлы! Сізге жерлестеріңіз, Ақтөбе өңіріндегі барша оқырмандарыңыз атынан алда да шығармашылық жаңа табыстар, толағай шабыт, зор денсаулық, отбасыңызға амандық тілеймін.

Облыс әкімі орынбасары

С.Нұрқатова

Ақтөбе қаласы, 18 мамыр 2011 ж.

Құрметті Маулан Алыбайұлы!

*Сізді 80 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен
құттықтаймын!*

Сіз ұзақ жылдар бойы халқыңызға аянбай еңбек етіп, ауданымыздың қовандық-саяси өміріне өз қлесіңізді қосып, абыройын еңбегіңіз үшін халықтың құрметіне бөлендіңіз.

Туған жеріңіз Шалқар ауданының халқы Сізді елге елеулі, қарымды қаламгер аваларының бірегейі деп біледі. Қай кезде де қаламыңыздан туындаған дүниелеріңіз халықты рухани жағынан қанағаттандырып келеді.

Сіз шежіре Шалқар өңірінің аудандық „Коммунизм таңы“ (қазіргі „Шалқар“) газетінің 29 жыл редакторы болып жемісті еңбек етіп, 31 жыл аудандық Кеңестің депутаты болдыңыз. Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейін ұйымдастырып ашқан еңбегіңіз де елдің рухани қазынасына айналды.

Ерен еңбегіңіз лайықты базасын алып КСРО баспасөзінің Үздігі ерекше белгісі, „Тың жерлерді игергені үшін“ медалі, КСРО-ның бірнеше медальдары, Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталдыңыз. „Қазақ ССР-нің мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткері“, „Шалқар ауданының құрметті азаматы“ атақтарымен марапатталдыңыз.

Осынау мерейлі туған күніңізде Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, балаларыңыз бен немере-шөберелеріңіздің қызықтарын көре беруіңізге тілектестілікті білдіремін.

Ізгі ниетпен,
Шалқар ауданының өкімі



Р.СЫДЫҚОВ

Шалқар қаласы, 19 мамыр 2011 жыл

ТУҒАН АЙМАҚ АЖАРЫ ӘРЛЕНГЕН ЕКЕН

Миллиондаған адамдардың ойларына келе бермейтін тың идеяларды ойлап тауып, батыл ұсыныстарды жасап, оларды өмірлендіретін тұлғаны ғана көсем – басшы деуге болады.

Автор.

Осы жолдардың авторы ғұмырының алтыс жылдан астамын өзінің атамекені - Ақтөбе облысының өңірінде қалдырған. 1931-1933 жылдардағы қолдан жасалған (геноцид) аштық – ашаршылықты, қанды 1937, қайғы-қасіретті 1938 жылды, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңдеріндегі малышларға жәрдемшілікті, Шалқар аумағындағы Кішкентұз карьеріндегі сүйменші- шахтерлікті, колхоз аңшылығын басынан өткізді. 16 жасында еңбекшілер депутаттары Шалқар қалалық кеңес атқару комитетінде іс-жүргізуші – мемлекеттік қызметке алынып, кейін аудандық «Соцтуы» газетіне аға әдеби қызметкер болған. Қазақтың С.М. Киров атындағы мемлекеттік университетінде (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) студент, туған елге қайта оралып, барлық саналы өмірін Ақтөбе өңірінде халқына қызмет етуге түгелдей дерлік арнаған. Табан аудармастан үзіліссіз Ақтөбе облыстық селолық, аудандық газеттерінде отыз жылдан астам бас редакторы болған. Қазақстан КП Орталық Комитеті оның газеттерді жоспарлау, ұйымдастырушылық іс-тәжірибесіне арнап (1971 ж.) жинақ шығарған. Ақтөбе облыстық партия ұйымының 12 конференциясына шешуші дауыспен делегат, обком мүшесі, Шалқар аудандық партия комитетінің 27 жыл бюро мүшесі, ауатком мүшесі болған. КСРО журналистерінің құрылтайына, Қазақ ССР Журналистер Одақтарының 8 съезінің делегаты, екі шақырылымның басқарма мүшесі болып сайланған. Шалқар ауданының құрметті Азматы. Соңғы жиырма жылын жазушылыққа арнап, Ақтөбе өңірінің тарихын баяндайтын он бір әдеби, тарихи кітап жазып, «Атамұра» баспасынан жарыққа шығарған.

Қаламгердің осы бір еңбектерін еске алған болар, Ақтөбе облысының әкімі **Елеусін Наурызбайұлы Сағындықовтан** журналист-жазушының 80 жылдық мерей тойын атамекенінде-туған жерінде атап өтуге шақыру алған еді.

АТАМЕКЕНГЕ АҚ САПАР

Алматы халықаралық әуе жайынан Қазақ елінің көк мұхиттай толқып жатқан көгілдір аспанына көтерілдік. Біз алтаумыз. 62 жыл бір шаңырақ астында ғұмыр кешіп келе жатқан бәйбішем Балзада Шәмшіқызы, ТМД елдерінің және ҚР-ның еңбегі сіңген энергетигі ұлым, келінім белгілі физик, композитор Емберген Терековтың қызы қаржыгер және қызым, жолсерік халықаралық М. Шолохов, В. Пикуль аттарындағы сыйлықтардың иегері академик жазушы Сәбит Досанов. Ұшақ он мың метр биіктікке шыққанда борт сырты минус 63 градусты көрсетті. Ұшақ салоны толы жолаушы. Тым-тырыс, жып-жылы. Жолаушыларға барлық жағдай жасалған. Арада екі сағат өткенде борт сыртындағы ауа райы минус 43 градусқа дейін төмендеді.

Халықаралық Ақтөбе әуе жайы. Ұшақ ұшатын, конатын трассалардан бастап бәрі жаңарған. Әуе жай ғимараты жолаушыларды ұшақтан түсіріп алу тіпті басқаша! Еуропалық бірінші класты әуе жайларындай, бәрі керемет жасалған. Ұшақтан жабық дәлізге аяқ басқанымызда, Республиканың, облыстың, танымал азаматтары қарсылап алды. «Шамшырақ-Ақтөбе», «ЖШС-Ақтөбе», «Актобинский вестник» облыстық газеттерінің бас құрылтайшысы–басшысы – дара ақын, көсемсөз көрігі, еліміздің қайраткер тұлғасы Мейірхан Ақдәулетұлы, облыс Әкімінің кеңесшісі Ғалымжан Жарылқасынұлы Төреханов, облыстық мәдениет басқармасы жетекшісінің орынбасары Қадырғали Ермұқан, Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының хатшысы Жанқабыл Жұмағалиұлы Қабақбаев бастаған ондаған туған жердің арлы да ажарлы азаматтары қарсылап алды. Қуанышта шек жоқ! Құшақтасып көрісу, қауышу, көздерден бұршақтап атқылаған жас, ыстық ықылас-бәрі, бәрі болды. Иә, арада ширек ғасырдай кездеспесекте бір замандарда бірге қызметтес, дәмдес болған азаматтардан қалған аттөбеліндей топ еді ғой, бұлар. Осы бір сәтте жандай құрдасым Мұқағали Мақатаевтың: «Не біледі, осы жұрт не біледі? Бабалардың баласы-қариялар, сиреп бара жатқандай көрінеді». Солай, иә. Мұны, бұл жағдайды одан әрі көре түстік.

ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ САРАЙЫНДАҒЫ ЖЫЛЫ ЖҮЗДЕСУЛЕР

Жергілікті халық «Достық үйі» деп кеткен екен, бірақ Халықтар Достығы сарайы (Дворец дружбы народов) деп атаған дұрыс. Атшаптырым кеңістікті алып жатқан бұл ғимарат –сарайдың осыдан екі жыл бұрын ғана тұсауы кесілген көрінеді. Тұсауын облыс әкімі Елеусін

Наурызбайұлы бастаған халық өкілдері кесіпті. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы, Аслан Есболайұлы болып, елге қызмет етуге лайықты ғимарат екен деп жоғары баға беріпті. Басқа қызмет орындарын айтпағанда, көрермендер отыратын залының өзі сегіз жүз орындық әдемі әрленген, ұлттық ою-өрнекпен көмкерілген. Бір кеудесі кен залда осы жолдардың авторының шығармаларына арналған көрмеге кітаптарын қойыпты. Қыздарым кітаптарға қолтаңба жаздырып алды.

Көрермендер залы. Халық көп жиналған. Кешкі уақыт 17-і. Үлкен сахна ашылды. Біздің әулет жайлы сексен жылдығымызға арналған киноны жіберді. Отырғандар бірі түрегеліп, бірі отырып, қолсоғып жатты. Кинодан кейін сахнаның көлемді бетін жаба «Қазақстан Республикасының мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер жазушы Тауман Төреханов 80 жаста» деген жазуы бар фото суретімен полотноны жарық еткізіп көрсетті. Иә, мен қатты абыржып қалдым. Біріншіден, туған елімнің сонша құрмет көрсеткеніне ризашылық танытсамда, өзімнен-өзім ұялдым да. Екіншіден, үш рет отадан өтіп, соңында екі көзіме де ота жасатып, тірі қалғаныма қайран қалып, осы жасқа жеткеніме шүкірлік еттім. Әрине, бұл жас кез-келген пенденің тағдырына жазыла бермеген ғой. Өзіммен 1937-1938 жылы бірінші класқа барған отыз шақты шәкірттен жалғыз Нұрадин Дүйісмағамбетов осы дүниеде бар екен. Университетте қатар оқығандардан Убайдулла Жаулыбаев, Зейнулла Әйтімов үшеуіміз ғана жер басып жүрміз. Тағдыр осы!

Шығармашылық кешті Ақтөбе облыстық тілдерді дамыту басқармасының хатшысы **Жанқабыл Қабақбаев** жүргізіп отырды. Бірінші сөзді дарынды акын, көсем сөз серкесі, майталман журналист **Мейірхан Ақдәулетұлы** алып, тарихи сөз сөйледі. Менің жұбайыма, өзіме, сый-сияпат жасады. Құттықтау легі көп. Республиканың танымал журналисі, Ақтөбе облыстық газетін ширек ғасыр басқарған, отыз жылдай бір ерде, бір бағытта қызмет істеген, адал дос болған **Нұрқайыр Телеуов** аға сахнаға шығып, мені көтеріп алып, дөңгелетіп жүрді. Отырғандарды шексіз күлкіге көміп салды. Еліміздің арда азаматы **Бекет Құрмашұлы Есенжолов**, шәкіртім **Елемес Жұма, Ұмытқан Тұрлыбек, Ұзақбай Төлебаев, әріптестер Көпжан Жалдыбаев, Убайдулла Жаулыбаев**, бұрынғы Шалқар аупартком хатшысы **Сәуле Алтаева**, Шалқар аудан әкімінің бұрынғы орынбасары **Зәпен Жақсыбаева** (кейін Ақтөбе облыс Әкімінің ішкі саясат Департаментінің басшысы болып тағайындалды) т.б. жолдас-жоралар, «жаман» ағасының камқорлығын көргендер құттықтап, ізгі тілектерін білдірді. Ақтөбе облыстық тілдерді дамыту басқармасының бастығы Сексенбай Күлімбетов ауруханадан сәлем жолдады. Бұрынғы Шалқар аудандық

партия комитетінің бірінші хатшысы Ахметжан Төребаев жұбайы Рауия құттықтады.

Шығармашылық кешке Ақтөбе облыс әкімдігінің ішкі саясат басқармасының жетекшісі *Ахат Ахметұлы Мырзалин* келіп, облыс Әкімінің құттықтау хатын тапсырды. Облыстық мәдениет басқармасы басшысының орынбасары *Қадыралы Ермұқан*, Ақтөбе облыстық телевидение басшысы *Раукен Отыншин* т.б. жауапты тұлғалар қатысты. 80 жылдықты құттықтаған ондаған құттықтау хаты берілді. Кеш соңы ойын-сауық, концертке ұласты. Артынан қаланың үлкен бір мейрамханасында жиналғандарға банкет берілді, ән шырқалды, күй тербетілді, би биленді. Мұндада қатары сиреп қалған ажарын әжім басқан ағалар, жеңгелер, тума-туыстар, жолдас-жоралар, нағашы жұрт өкілдері кездесті. Ақ тілектер айтылды.

ӘЛІ ЕСІМДЕ, БӘРІ ЕСІМДЕ КЕШЕГІ АҚТӨБЕ

Қызмет бабында отыз жылдай Ақтөбе шаһарында жиі болатынымызды айтпағанның өзінде, атамекенде талай табан ізі қалды ғой. Қазақ елінің батысын отарлау, экспансиялау сонау XVIII-XIX ғасырлардан бергі кезеңдегі оқиғаларды осы жолдардың авторы өзінің «Дала Геркулесі» тарихи-деректері романында кеңінен жазғанды. Қазақ жерін одан әрі басып алу үшін 1869 жылы Ақтөбе бекітісін салды. Әрине, тек қана әскери стратегиялық мақсатты көздеп жасалған қанқұйлы жоспар еді. XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарында біз қоныс аударғанға дейінгі Ақтөбе жалаңаш үлкен деревня болатын. Шым кепелі, тарғыл тасты, аяқ алып жүре алмайтын саз балшықты, әр жерде шашыраған шілдей, даланың жермен жексен, торғайға да пана болмайтын қара ағашы қана өсетін-ді. Шаһардың орталық көшелері болмаса, қала тұрғындары суды ат, ешек арбалармен, көбі жаяу таситын, су құдықтарында таң сәриден бастап түннің бір мезгіліне дейін кезекте тұратын қарияларды, әйелдерді көретін едік. Шаһар қараңғы түн құшағына оранғанда, үйінді таба алмайтынсың... бәрі қорқынышты болатын.

МІНЕ, КӨЗ АЛДЫМДА БҮГІНГІ АҚТӨБЕ!

Соңғы он жылдағы бүгінгі шаһарды аралау, көру сексеннің сеңгіріне шыққан осы жолдардың авторына үлкен де мықты қуат, жастық жанар, ұшқыр ой, туған жерге деген сүйіспеншілікті қайта оятты-ау, шіркін-ай! «Қара ағаштан басқа ешбір өсімдік, тал-шыбық

шықпайды, өспейді» деген бүгінгі қалада жайқалған орман сыбдыры, көгалды көшелер, түкті кілемдей өрнек салған гүлдер, су бұрқақтар, тұла бойынды қытықтайтын таза да самал жел. Ал түнгі қаланы көру-бір ғанибет. От өзеніндей ағып жатқан авто көліктер, самалай саликалы электр шамдары, жерге инең түсіп кетсе, қиналмай таба-сын, жап-жарық көшелер, қайрылыстар, тұйықтар, алаңдар.

Ал қалада соңғы жылдары бой көтерген ықшам аудандар, аспанмен тілдесіп тұрған биік ғимараттар, тұрғын үйлер, нарық тынысы-компаниялар, универсал магазиндер, мәдениет орындары-сарайлар, жаңадан пайдалануға берілген өнеркәсіптер бәрі, абаттандырылған, көз тартады.

Нұр-Ғасыр мешітіне тәу-тағзым етуге келдік. Жаның жай табады, тыныштық. Ұлыларға, әруақтыларға тәу етіп, аят оқыттық, садақа бердік. Мыңдаған адамның ойына келе бермейтін тың ойдың, идеяның куәсы болдық. Біздің делегацияны басқарып жүрген облыс әкімі Елеусін Наурызбайұлының кеңесшісі Ғалымжан Жарылқасынұлы:

– Бұл Нұр-Ғасыр мешітінің жобасын сызуға Елеусін Наурызбайұлы тікелей басшылық етті. Мына біз көтеріліп келе жатқан қырық бес сатылы басқалдақ Мұхаммедтің қырық бес жасында пайғамбар атанғанын еске түсірсе, анау алпыс үш басқалдақ сатысы Мұхаммед пайғамбардың дүниеден өткенін ойға оралтады. Осы ұлы идеяны Елеусін Наурызбайұлы ұсынған еді. Солай жүзге асты. Ал енді осы көшенің қарсы бетінде, анау алтын арайлы Свято-Никольский православ храмы-шіркеуі осы Нұр-Ғасыр отралық мешітімен қатар осыдан екі жыл бұрын бой көтерді. Бұл рухани орталықтардың ашылуына Қазақстан және Россия Президенттері Нұрсұлтан Назарбаев, Дмитрий Медведевтер қатысты. Қазақстанның тұңғыш президенті Н. Назарбаев атындағы қаланың орталық саяжайы қайта салынууда, абаттандырылуда керемет, айтуға тіл жетпеді, аралап көріп шықтық.

ӨЗГЕРГЕН Өңір

*Дала, Дала, Даламенен келемін,
Дала көркін көрген сайын терезеге төнемін.
Сол Даланың сызы емеспе арқаға алғаш тигені,
Сол Даланың қызы емес пе жүрек алғаш сүйгені.*

Қуандық ШАҢҒЫТБАЕВ.

Бозала таңда Ақтөбе облыстық телевидение басшысы Раукен Отышпін шакыруымен «Қайырлы таң» бағдарламасының қонақтары Сәбит Досанов екеуіміз болдық. Сұхбат алды, тура эфирге шығатын.

Кейін «Сәті түскен сұхбат» бағдарламасына шақырды. Өткен кеште осы жолдардың авторы жайлы жарты сағаттық киноны Ақтөбе эфиріне шығарған екен. Ұялы телефон арқылы ондаған құттықтаулар алдым. Туған еліме, арда азаматтарына шексіз алғысымды айттым, айтамын да!

* * *

Сәске түс. Ауа райы өте қолайлы, дененді үбетін қоңыр салқын жел. Екі джип автокөлігімен жолға шықтық. Басшымыз облыс әкімінің кеңесшісі Ғалымжан Төреханов. Академик жазушы Сәбит Досанов қаладан шыға бере:

– Мен бұл облыста отыз екі жыл бұрын, облыстық атқару комитетінің төрағасы Оразалы Қозыбаев кезінде бір болғаным барды, бірақ тек облыс орталығында ғана болдым. Сіз осы өңірдің тумасысыз. Тарихи романдарыңыз арқылы біраз жайтқа қанықпын. Дегенмен, Жер, Ел тарихын, шежіресін жетік білетін қаламгерсіз. Жол қысқарсын, өзгерген өңіріңіздің кешегісі мен бүгінін айта отырсаңыз, өтінемін,- деді.

– Жарайды, құлаққа жағар жайттар жетеді. Мына сол жағымызда қалып бара жатқан басын сонау Мұғалжар тауынан алатын Елек өзенінің бір сағасы Токпан сайы, бүгінгі ұрпақ «Токман» сайы дейді екен.

– Токпан кісінің аты ма?

– Иә, тарихта аты қалған 103 жыл ғұмыр кешкен Ұлы еңбеккер Шекті Бәсенмен Кете аталығынан шыққан іргелі бай, төбе биі Боздақтың кенже қызы Нарбике некесінен «Бес Бәсен» атанған Жандәулет, Ақпан, Токпан, Көтібар, Көбес тарайды. Токпан аты шулы бай болған. Мыңдаған жылқысы сәскеде осы өзен-сайға құлағанда, ағын су үзіліп қалады екен. Ел сол өзен-сайды замандастары «Токпан сайы» деп атап кеткен. Ал мына Бес тамақ аталатын бес сала басында Тархан, батыр, би, әулие Тама Есет Көкіұлы (1667-1750) мәңгілік ұйқыда. 83 жыл ғұмыр кешкен Ұлы тұлға дүние саларында: сақ болындар, ендігі жау батыстан депті. Ақтөбе қыратының батыс жағынан ұзын ор қаздырған. Ол орлар ізі ХХ ғасырдың ортасына дейін жатты. Енді көп ұзамай осы ұлы батырмен қоныстас мәңгілік ұйқыда жатқан заманының хан дәрежесіндегі биі, дәуірінің серкесі, серісі Көтібар Бәсенұлының кесенесіне жетеміз. Ол Елек өзенінен басын алатын Көктөбе қыратында. Міне, Ақкемер теміржол стансасына да келіп қалдық.

АУЫЛЫМ АҚКЕМЕРДІҢ АРНАСЫНДА

Бұл өңір Елек өзені жазғытұры тасығанда, кемерленіп аппақ ақ көбікке көміліп, бүкіл алапты су басып кететін болған. Соның нәтижесінде ну жайқалған орман етек алған, жағалары ит мұрыны өтпейтін тоғай-нар қамысты, кісі бойы бидайықты, етегі ажырықты, ойдым-ойдым кекірелі болып келген. Тоқпанның мыңдаған жылқысы көктемде осында құлындаған. Кемерленген су арнасы мамыр туа қайтқансын, жаңа ғана өзіміз басып өткен, «Тоқпан сайына» жаз жайлауға бет алады екен. Бұл сол Ақкемер атанған жер, Тоқпан, Көтібар, Көбес осыдан сонау Ойыл, Қиыл бойларын жайлап, қыс басына қарай Ұлы құмға қыстақтарына қайтқан.

Ақкемер ауылына жете бергенімізде, қалың өскен жасыл желекке оранған бір шоғыр тал етегінде автокөліктерін қаңтарып қойған қол көтеріп, жылы қабақ көрсетіп тұрған адамдарды кездестірдік. Бірден тани кеттім. Мұғалжар ауданы әкімінің орынбасары Жанкелді Жұмаұлы Құрмашов бастаған аудан азаматтары екен. Жылы жүздесу, құшақтасып көрісу болды.

– Ағалар, апалар сіздерді қарсылап алуға жолға шығып едік. Сәт сапар тілейміз,-деді Жанкелді. Әкім «Ақтөбенефтегаз» басшылары келіп қалып, солармен сөйлесіп жатыр. Ауылдарға табиғи газ беру–жеткізу мәселесі тұр ғой күн тәртібінде. Үлгерсе, сіздерге Көктөбеде, Көтібар баба кесенесі кешенінде кездесемін, деді.

КӨКТӨБЕ-КӨТІБАР БАТЫРҒА ТӘУ ЕТУ

Көтібар тек батыр болып қоймаған, өз дәуіріндегі елінің төбе бийі, кемеңгер көсемі болған. Халқы Көтібар – алмас қылыш ел тірегі десе, Ресей патшалығы «Дала рыцары» деген.

Батыр, зердесінде ұрпақтың сақталар мәңгі есімің.

Кесене ҚҰЛЫПТАСЫНАН.

Жасыл желекке бөленген жусаны мен шағырлы, көде бозды жұпар иісті Көктөбе! Ауа райы қалағанымыздай қоңыр салқын, жібектей жұмсақ, бетінді сүйіп өтетін жел. Ақын Қадыр Мырзалиевтың: «Мандайымнан сыйпап өткен самалды. қазағымның алақаны деп білем» дегендей, ұлы да әруақты батыр бабаның мәңгілік үйіңде жатқан

Көктөбесі ұрпағын осылай жылы қарсы алды. Көліктерді шырақшы үйінің қасына тастап, батыр баба кешеніне жаяу көтерілдік.

– Ал аға, академик жазушы Сәбит Мұқанов бағалағандай, Көтібар Бәсенұлы қазақ-халқының қорғаны болған тұлға емес пе? Ұрпағы соны еске алып, мынадай мазар салған екен. Әруағы ұрпағын қолдап, қорғай жатқай - деп, Сәбит Аймұқанұлы бетін сыйпады.- Айтыңызшы, Тау аға, отарлаушылар қолынан қаза болған ғой батыр, ә?- деді де Сәкен ажары күнгірттеніп, бетіне кек сезімі келді.

– Бұл қанды оқиғаны зерттеп жүрген, Тау аға айтсын,- деді Ғалымжан Жарылқасынұлы.

– Иә, 1833 жылдың терең бозқыраулы күзі. Қазақтың батыс өңірінің жерін, елін сүйетін жақсылары Жағалбайлының Жанқасқа сері еліне - Ақбұлаққа отарлаушыларға қарсы қарулы көтеріліс жоба-жоспары жайлы келісуге жиналатын болған. Көтібар бес-алты үзенгілесін ерітіп бір-екі күн бұрын келген. Жанқасқа батырға арнайы үй дайындаған. Түн. Қара жанбыр арты бұршақ, соңы қарға айналған лайсаң болған. Иә, Орынбор-Самара губерниясының бас губернаторы В.А. Перовский батырдың соңына шырақ алып түсіп, жолынан алу үшін екі естекті бір жыл бойы дайындап, осы бір күнді күтіп, батыр соңына түсіреді, батырдың күзетін алып, ұйқыда жатқан бөлмесіне кіріп балтамен басын шауып, қапқа салып жатқан жерде, Жанқасқа күзеті қанды оқиғаның үстінен шығады. Күзетшілер екі естекті жетектеп Жанқасқаға алып келеді. Табанда сері екі жауызды үюлі тұрған жыңғылға от жіберіп, өрт ішіне салып жібереді. Осы түнде Орта жүзден Сегіз сері жетеді. Қанды оқиғаны көріп, қатты қайғырып батырға арнап жоқтау жырларын шығарады.

– Тау аға, «Дала Геркулесі» кітабыңызда Жыланкөз арғымақ жайлы айтқан екенсіз. Сонда Жыланкөз аттың басын осы Көктөбе басына ескерткіш жасатып қойған депсіз,- деді Ғалымжан жан-жағына көзін тоқтата қарап.

– Дұрыс еске алып тұрсыз. Орынбордың Меняльный сарайын, (жергілікті халық «Мынанай базары») деп кеткен. Мынанайдың диуалынан батыр Жыланкөз атымен секіріп, қолға түспей өтеді. Осы Көктөбеге аты қаратерге шомылып әрең жетеді. Мына, біз қазір сәлем беруге соғатын Сәмен мен Дәмелі тұрған Көтібар бұлағында отырған елге батырды жеткізіп, ат құлайды. Батырдың ағасы Самұрық (ел Саңырық әулие, көріп кел деп кеткен) аттың басын Көктөбе төбесіне жерлейтін етіп терең жер қазып көмейік, қасиетті киелі, батырдың жан-жолдасы болған ат қой депті. Содан батыр Орынборға әдейі бір топ адам жіберіп, аттың басын қоладан құйғызып ескерткіш жасатып, осы өзі жатқан жерге орнатады. Кейін Ресейден келген мұжықтар Көтібардың мазарының кіршіштерін таркатып алып, бұлақ басынан

үйлер тұрғызады, пеш саларды, аттың басын-жезді Орынборға апарып сатып жібереді.

– Ал Бәйгікүрең қай аты? – деп Сәкен қайта сұрады.

– Бұл аты араб елінен туған атасы Құлмұхаммед 400 тай беріп сатып алған ақалтеке тұқымынан.

*Тарпынан Бәйгікүрең жсау келгенде,
Қара жер шыр айнарлар ол желгенде,-*

деп айтылған ат.

«Ат қосқан шілде ыстық түскен тамыз, Көтібар бұл шектіден туған нағыз. Бәйгіге үш жүз атты айдап еді, күреңі Көтібардың келді жалғыз», деген еді ғой заманында.

– Керемет деректер айттыңыз, Тау аға, рахмет!- деді жиналған топ.

– Көтібар ауылына соғып, Сәменге бір жандық сатып алып, садақа беріп мына ұрпақтары атынан аят оқыт деп малдың пұлын беріп кеттік.

– Жан берісіп, жан алысып ұлы Ата-Бабалар тәуелсіздік үшін күрескен еді. Ұлылардың бүгінгі ұрпақтары бақытты ғұмыр кешуде, бәрі бар. Табиғи газ елді мекендерге тартылуда, электр жарығы тіршілікке тіреу болуда. Бұл өңірдің бүгінгі тынысы.

Өзгерген өңір деп осыны айт! Аудан әкімі Серік Тілеулесұлы Шанғұтов ауданда халық үшін жүргізіліп жатқан игілікті істерді баяндап берді.

Менің есімде қалғаны Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі болып тұрған кезінде Иманғали Тасмағамбетов нағашы бабасы Көтібар батыр кесене кешеніне соғып, тағзым еткен еді. Иә, бұл Ақтөбе сапарының кестесінде жоқ болатын. Ұлылық деген осы!

МҰҒАЛЖАР АСУЫ

Екі джип автокөліктері бірін бірі қуа, бірінен бірі оза күн еңкейе Жем (Эмба) қаласын жанай Мұғалжар тауының шатқалдарына кірді. Ауызда, жолдың жиегінде бірнеше адам қарсылап алды. Есіме түсті Серік Тілеулесұлының бір сөзі «Аға, Жем қаласынан өте сіздерді біздің азаматтар қарсылап алды. Уақыттарың болса, сәл бөгелсеңіздер, дастархан жаюлы, асы дайын деген еді. Иә, солай болды, рахмет! Тау ішіне «сүңгіп» кеттік.

– Ал, Тау аға, бұл не деген сұлу қыздай назданып жатқан иір-иір тау. Не айтасыз,-деп Сәбит Досанов,- сәл кідірейікші, таудың кешкі самалын жұтайықшы - деді.

– Токтадык. Иіссу сепкендей, жұпар иісті орманды тау. Ақ балтыр ақ қайың, үлбіреген үйеңкі, басы көк сүзген ырғайдай қарағай, кеуденді

көметін қараған мен саралжын, атты кісі түсіп кетсе көрінбейтін кара құйрық қамыс қыздың шолпысындай сылдыр қаққан бидайық, өлең-қоға бәрі-бәрі жайқалып тұр, жаныңды тербетеді: *«Қарагай қамшым сабы ырғайда бар, тұнық су мал кешпеген тоғайда бар»* деген халық әні есіме түсіп Сәкеңе айта салдым. Жылға, қыраттарда дуадақ, тырна, шіл, қоян, түлкі.... Сосын арқырап ағып жатқан бұлақ, тұнық су, мұнда балықтардың түрлері де, емдік сүлік те өседі, торала, итала, қоңыр қаздар да ұя салады, аққулар да қосағымен жүзеді. Ұйтасты бұлақ, Жамантау, Жақсытау, Біршоғыр тау болып барлығы қарт Орал тауының таусылар аяғы - Мұғалжар тауы атанады.

– Сіздің бір шығарманызда водородный атом ракеталарын сынақтан өткізетін далалық лаборатория жайлы академик А.Д. Сахаров туралы жазған едіңіз. Сол осы таудың қай қолтығында?,- деді Ғалымжан Мұғалжардың басынан батып бара жатқан күнге көз тастап.

– Иә, осы жерде, осы тау қойнауында болған. Ресей империясы Мұғалжар тау қойнауын, Үлкен борсық, Кіші борсық құмдарын XVI-XVII ғасырлардан бастап зерттеп, стратегиялық мақсатта иелік еткісі келген. 1839-1840 жылдары «Эмбинская крепость»-бекініс салған. Содан кейін қазақты өз жеріне кіргізбейтін, малын жайғызбайтын, зират-мола салғызбайтын жарлық – циркуляр шығарған. Сөйтіп 1 миллион 33 мың 347 гектар жерін басып алған. Кешегі кеңес үкіметі арада 130 жылдай уақыт өткен соң «Эмба-5» әскери жабық қалашығын салды. Мақсат атом ракеталарын сынақтан өткізетін далалық лаборатория құру. Оны академик А. Сахаров бақылауға алған. Осы бір қайғылы қасіретті оқиғаны заманында халық түгелдей білмеді деуге болады. Бірақ осы жолдардың авторы еліміздің Тәуелсіздігінің екінші жылы 20 ақпан 1992 жылы облыстық «Ақтөбе» газетіне ашып жазған еді.

– Аға, өзіңіз тарихтың талай тереңін аштыңыз ғой. Көп жайтқа құлақтар болдық. Жазушы болғанмен, біз біле бермейтін оқиғалар аз емес қой,- деді Сәкең.

– Ал кеттік.

– Кеттік «Түнге қарай жол ұзарып кетеді» жүрейік деп автокөлікке отырдық.

Тау іші. Тау жолы. Бәйбішем Сәкеннің «Тау ішінде» өлеңін ыңылдап айтып келеді. Туған жер ауасы, туған жер бұтасы мен өсімдігі, туған жердің тасы-бәрі ыстық. Жата қалып аунағың келеді, әр тасын құшақтағың келеді. Сағыныш деген осы! Мұғалжар асуына таядық. Есет Көтібарұлының Ресей отарлаушыларымен жерімді бермеймін, халқымды тәуелді етпеймін деп ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырып, оған қолбасшылық еткен өңір осы еді. Әрегірек айтсам, осы өңірде Көшім 1515-1520 жылдары туған. Атжалын тартып, үзеніге аяқ салған кезде Батыс Сібір жаққа Ертіс бойына ба-

рып мықты мемлекет құрған, хандық еткен. Мемлекет құрамында батыстың Жетіру тайпасының және керей, арғын, найман, үйсін рулары болған. Даңқы әлемге әйгілі Көшім хан атанған. Жанжары Сүзге деген заманының аса сұлу әйелі болған. Шоқан Уәлихановтың еңбектерінде айтылады бұл деректер.

Таудың ішкі жолы бұрынғы мен білетін, көрген, талай «ГАЗ-ик» пен, «УАЗ-ик» пен жұмыс бабымен жүрген жол емес. Тау іші тас жол, екі беті жарқыраған шам-жарық. Кідіріс жоқ. Тамаша! Иә, осы *Мұғалжар асуында 1947 жылы Қазақстанды басқарып отырған Жұмабай Шаяхметов мінген «шолақ поезд» ақпан айындағы ақбасқын боранда бес тәулік боран ішінде тұншыққан.* Осы жолдардың авторы ол кезде еңбекшілер депутаттары Шалқар қалалық кеңес атқару комитетінде іс жүргізуші болатын. *Бірнеше жүз адам болып Жұмабай Шаяхметов поезын қардан қазып, аришып алуға барғанбыз.*

1966 ж. Мамыр. Ахмет Жұбановты Шалқар сапарынан Жұрын ауданына (қазіргі Мұғалжар ауд.) туған жеріне шығарып салуға 20-30 автокөлік қаздай тізіліп Мұғалжар асуына келдік. Сарқырап ағып жатқан бұлақ, өткел бермеді, бірақ үш сағатта әупірімдеп үш автокөлікті өткіздік. Ал бүгін ше?

Тау ішіндегі сайрап жатқан жол қырат етегіне шыға бергенімізде, жолды бөгеп 4-5 мылтық асынғандар тұрды. Не орысша, не қазақша білмейтін сияқты. Суық қаруын көтеріп, қолдарын ерсілі-қарсы сілтейді. Әрең түсіндік, жол салушы шетелдіктер екен. Тау жолы жазықтыққа шыға тау-тау шебін тас үйген ауылға алып келді. Ауыл шетінде бір топ адам қарсылап алды. Сәлемдесті. Даланың тып-тыныш түні. Жусан иісі аңқып тұр, жарықтық!

– Ағалар сіздерді күтіп тұр едік. Бершүгір ауылының әкімі Сенбайұлы Темірлан Назаровпын! Сіздерге арнап қонакасы дайындап отырмыз бәрі дайын,- деп болды да қалды әкім. Шай, «Шалқар» суын іштік, шөлімізді бастық. Марқаның басын ұстап, балдай тәтті етін жеп, сорпасын ішіп, бір тыңайып қалдық.

«КӨЛ ШАЛҚАР, КЕШТЕ КӨРДІМ АЙДЫНЫҢДЫ...»

Ұлы ақын Қуандық Шаңғытбаев айтқандай, түн ортасында Шалқар шаһарына жақындадық. Алдымызда жол жиегінде бірнеше автокөлік, бір топ адам күтіп алды. Бұлар Шалқар ауданының басшылары болды. Қалаға әкеліп, қонақ үйге орналастырды. Ертеңіне аудан әкімнің жетекшілері Сәрсенғали Көпенов, Серікбай Төлемісов, Дариға Өтемісқызы Қарашолақова, Жұмамұрат Жанұзақов, Мұхамбетәли Есмағамбетов бастаған тұлғалар қабылдау жасады. Аудандық тарихи өлке тану музейінде болдық. Мәдениет сарайында халықпен кез-

десу өткізді. Біздің әулет жайлы киноны көрсетті. Үлкен полотноға салған суретімді ілген екен. Туған топырақ, жас қауым, ыстық ықылас көрісу, көңіл көтеру, бір жасап қалу- бәрі болды. Әрине, сый-сияпаты, қонақасы... өз алдына! Қалаға кірер жазықта екі аяғына отырып тік тұрып «сәлем берген» саршұнақтар, балпақтар, ақ, ор қояндар «қош келдіңіздер!» деп тұрғандай. Жолды орағытып бір қарап қызыл түлкілер өтеді алдыңнан. Қандай сағыныш! Туған жерге деген махабат, сүйіспеншілік! Екі яғын көтеріп «Сәлем беріп» тұрған балпақ ойыма бір оқиғаны салды-ау. Осында бір қызмет бабымен Ұлпан теміржол стансасынан өте бергенімде оқыс оқиғаға кезіктім. Үлкен сары жүнді балпақ тік тұрып ақситып аузын ашып тістерін шығарып қарсы алдындағы бүркітке айбат шегіп тұр екен. Енді қасқағым да бүркіт балпақты жезтырнағына орамақшы. Қос ауыз аңшы мылтығымды алдым да бүркітті ағып салдым. Балпақ етпеттеп жата қалып, екі көзінен жас парлатты, қашпады, қорықпады менен. Туған жер – киелі жер ғой аңдары да бас иіп жатыр міне.

ЕСЕТ – ЗАМАНЫНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ

Для этой эпохи – эта была интереснейшая личность, очень популярная в степях.

Бронислав ЗАЛЕССКИЙ, поляк демократы.

Үш автокөлікпен Есет-Дәрібай кесене кешендеріне барып тәу етіп, шырақшыға құран оқыттық. Қазақтың сатирик классик ақыны Садықбек Адамбековпен ширек ғасырдай жолдас, дос болғанмын. Ақтөбеге бет алсам, батыр, әулие Есет Көтібарұлына тәу етпей, аттап кете алмаймын дейтін. Жетпісінші жылдары бір келгенінде «Атыңнан айналайын Есет батыр, Күмбезін жермен жексен құлап жатыр. Күмбезінді тұрғызардай, артында қалмаған ғой, бір ұрпақ іске татыр» деп көзіне жас алған еді. Сәбит Аймұқанұлына осы көріністі айтып, Тәуелсіздік алған соң 1993 жылы халқы өз қаржысына осы кесенені тұрғызғанын жеткіздім. Мына қызыл кірпіш сегіз жүз жыл азбай тұратынын айттым. Сәкен халыққа риза болды.

Шырақшы құран оқып болғаннан кейін Сәкен:

– Есеттің әкесін – халық батырын Көтібарды жауыздықпен жандармерия жолынан алды. Ал Есет дүниеден қалай өтті? – деді.

Есет сексен жетіге бес ай қалғанда өз ажалынан дүние салды.

– Аға, Сіздің «Дала Геркулесі» кітабыңызда Орынбор-Самара губерниясының бас губернаторы Перовскийдің Есетке кінжіп жазған сөзін келтірген екенсіз қалай еді. еске ала аласыз ба?

Иә, былай: «Да, Исет – герой народа! Исет – батыр! Исет – би своего народа. Исет рыцарь эпохи. Как отец Кутебар – хищник! Исет – привидение, призрак. Исет – в конечном счете, легенда народная. Да, Исет алтайская лиса в ковыльной киргизской степи, поймать не возможно! Ищи ветра в поле! Исет очень хитрый и умный. Да, я поймал бы и отдал бы его на растерзание Василию Васильевичу, а!» деген екен.

– Иә, Есет – заманының ұлы тұлғасы болған ғой, - деді Сәкең.

Осы сапарда Есет батыр ауылындағы Қорғантұз мектебінің бірінші класына 1937-1938 жылында барған едім. Мектепке бір қатар кітаптарымды естелік, қолтаңба жазып қалдырдым. Иә, өкініштісі – сол кластастарымнан ешкімді кездестіре алмадым-ау, елу жылда ел жаңа деген осы.

ТАРИХТА ҚАЛАТЫН ӘНГІМЕЛЕСУ БОЛДЫ

*Білмеймін бұл қазақта жоқпа қайғы,
Ұлысын тірісінде мақтамайды
Күресі әділдік пен зұлымдықтың,
Үстінде жұмыр жердің тоқтамайды.*

*Ақұштап Бақтыгереева,
қазақтың танымал ақын ақын қызы.*

Сапар түйіні.

Кешегі тарих қойнауына кеткен мемлекеттің облыс халқын аяғынан тік тұрғызған, бұйрық жауатын, таныс, біліс ғимараты бүгіндері облыс әкімдігінің халыққа жайлы орны болған екен. Есімде қалғаны осы өңірдің тумасы, қазақтың тұңғыш ғалым сәулетшісі Төлеу Құлшаманұлы Бәсеновпен Алматыда бір кездескенімде: «Ақтөбе қаласының даму бас жоспарын жаңа ғана бекіттік. Облыс партия, Совет аппаратына арналған ғимарат салуға республикалық бюджеттен қаржы бөлгіздім» деген-ді. Ол кезде Т. Бәсенов Республикалық құрылыс комитетін (Госстрой) басқаратын. Міне, сол ғимаратқа келіп тұрмыз. Екінші қабат, кешегі таныс сұсты дәліздер, кабинеттер. Бірақ бәрі жаңа стильде, соны, жанға жайлы тыныс.

Алматылықтарды бастап Әкім кеңесшісі Ғалымжан Жарылқасынұлы кабинетке алып келді. Әкім орнынан ұшып тұрып, кірер есік алдынан қарсылап алып, қос қолын ұсынып сәлемдесті. Көз алдыма осыдан отыз жылдай бұрынғы талай қабылдауында болғанымыз (редакторларды) келе қалды. Иә, сондағы дене пішімі-ұзын бойлы, жұқа етті, жазық, айшықты мандай, ақ сары жылы жүзді, жап-жас сұлу да көркем ақ жарқын ажары, адамдарға жып-жылы

қарайтыны, тіпті, сол кезде-ақ бір киесі болар дейтінмін, баурап алатыны, біліктілігі, парасаттылығы сол күйінде сақталып қалыпты. **Жүсіп БАЛАСАҒҰННЫҢ «Адам екі нәрсе арқылы қартаймайды. Біріншісі- қайырымды ісі. Екіншісі – мейірімге толы сөзі»** деген данышпандық қанаты сөзі табанда басыма орала кетті.

Елеусін Наурызбайұлы Сағындықовты өңір халқының жетік білетініне, ақ жүректерінен алғыс айтып, баталарын беретініне облыстық бірқатар аудандарын, ауылдарын, қалаларын осы сапарымызда аралағанмызда, тағы да бір қанық болдық. Абаттанған, ажарланған Ақтөбе өңірінің қай жері, қай саласы, қай өнеркәсіп, құрылыс, әлеуметтік, экономикалық өрісі болмасын Елеусін Наурызбайұлының табаны тимеген, маңдай тері төгілмеген, ақыл кеңесі айтылмаған, қамқорлығына қамтылмаған көлеңкеде қалған нүкте жоқ екен. Қайда бар ма еңкейіп Елбасына, Әкімге алғысын жаудырып тұрған халықты көресің! Батыс Еуропа – Батыс Қытай дәлізін мерзімінде салып, пайдалануға берген екен. Бұрын Ақтөбе – Ырғыз арасында ондаған сағат жүретін автокөліктер үш сағатта ағып, өте шығады. Бұл бір ғана халыққа жасалған игілік. Ұлы Есет Көгібарұлы Орынбор-Самара губернияларының бас губернаторы А.А. Катенинмен кездескенде, (4 маусым 1858 ж.) тайсалмастан: **«Елді алжығандар емес, ақылдылар, көрсоқырлар емес, көріпкелі бар көрікті, кең кеуделі көсемдер басқарса, бәрі өз орнында болады»** депті.

Саясат адалдықты талап етеді. Корей даналығы.

Облыс басшысы Елеусін Наурызбайұлы өңірдегі оң өзгерістерді, атқарылып жатқан халық игілігіне берілетін ұланқайыр істерді талдап айтып берді. Мемлекетаралық ықпал-достықтың, қарым-қатынастың да кең өріс алғаны жайлы әңгіме қозғады. Ойыма келе беретіні кешегі заманаларда атамекені үшін, туған халқы үшін жан берісіп, жан алған батырлар, билер, көсемсөз көріктілер елінің бүгінгі ұрпағын басқарып, барлық мүдделерін мүдірмей ақылмен, біліктілікпен, байсалдылықпен шешіп отыру үлкен парасаттылықты талап етеді. Елеусін Наурызбайұлы «Ақтөбе шаг за шагом» атты кітабын сыйға тартты. Мұқабаның бірінші сыртқы бетіндегі Елбасы Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен екеуінің бір бағытта, бір көзқараста, бір пікірде, бір қимылда екенін тапжылмай көрсететін бұл фото сурет үлкен философиялық ойға толы. Алматыда тұратын Ақтөбеліктер бұл фото суретті көріп марқайып қалды.

Бүгіндері халқына қаламымен қызмет етіп жүрген осы жолдардың авторына Аслан Есболайұлы Мусин облысты басқарған жылдардағы жетістіктерін, ал Елеусін Сағындықов облыс тізгінін ұстаған он жылдық уақытта өңір адам танымастай болып өзгерген, жанарған, жанданған көріністерді көріп, біліп, текті бір ағалықтың сексеннің

сенгірін алған бұтағы ретінде сол жерде-ақ тілек тілеп, батамды бердім. Жаратушы Ием қабыл алғай.

Арада ширек ғасырға жуық уақыт өтті. Сағындым туған елімді. Себебі жас келді. Қыр басынан құз басына шығып тұрмын. Туған елге тағзым!

Бұл **Жол жазбалары** айдарымен беріліп отырған материал «Қазақ» газеті №37-38 (551-552), 16-23.09.2011 ж.; «Ана тілі» газеті №6(1107), 9-15.02.2012 ж. жарық көрді және автордын веб-сайтында <http://www.tauman-torekhanov.com> берілген.

ҰЛЫ ЕСІМДЕР ЕЛ ЕСІНДЕ, МЕНІҢ ЖАДЫМДА

Дара ғалымның туғанына 100 жыл

Осы жолдардың авторы өткен ғасырдың белортасындағы (1950-1955 жж.) С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің студенті. Бізді университетке студент етіп қабылдаған қазақтың қара нары атанған Төлеген Тәжібаев еді. Сол студенттік бес жыл менің халықыма, барлық саналы ғұмырыма, әулетіме рухани да материалдық азық болды. Себебі Одақтың, Республиканың небір марқасқаларынан дәріс алдық. Жасым 80-ге келіп, ауру иықтаса да ерекше жадымда қалған ұстаздарым Төлеген Тәжібаев, Мұхтар Әуезов, Ісмет Кеңесбаев, Нығмет Сауранбаев, Мәулен Балақаев, Бейсенбай Кенжебаев, арабтанушы Әжікеев ата, Халаби Сәйкеев, Жұбанши Аралбаев, Мұсатай Ақынжанов, И.К. Лукьянец, И.А. Крывалов, Н. Жанделдин, Орынбасар Төлегенов, П. Дардыкин, Мадзигон, т.б. ұлыларым еді.

Ал бүгінгі бірер сөз ұстазым **академик Нығмет Тінәліұлы Сауранбаев** жайлы болмақ.

Бисенбай Кенжебаевтың екінші елу минуттағы лекциясы аяқталуға жақын қалған. Біз отырған аудиторияның есігін жаймен, дыбыссыз ашып, факультет деканы Н.А. Кока, соңында секретары Таня кызы бар кіріп келді. Мінберде тұрған Бейсенбай ұстазымыз оларға мойнын бұра, қысықтау көзін салып жайбарақат байсалды қарап қалды. Декан:

– Қазір бес-он минут шамасында сіздерге лекция оқуға бір көрнекті ғалым келеді, үзіліске шықпайсындар. Бейсенбай аға қағаздарын жинап алып, аудиториядан шығып кетті.

Студенттер біріне-бірі қарап, аң-таң болды да қалды. Бұрын Мұхтар Әуезов келерде оның алдына түсіп, декан, кафедра меңгерушісі.

ұстаздар жүріп, алып келетін. Бір қызығы кім лекция оқып тұрса да осы сәтте аудиторияны тастап кететін-ді. Декан аудитория есігін аңқайтып ашып қойды. Жаңағыдай болмай, Ыбрайым Маманов, Жұбаныш Аралбаев екеуі екі жағында жас шамасы қырықты артқа тастаған, орта бойлы, жұқа денелі, шашын басынан асыра қайырып тастаған, кең маңдайлы ер адамды кіргізді. Ол үстелге отырды да қалтасынан «Курортный» аталатын әдемі қораптағы папиросты алып, шырпымен тұтатты да сора бастады. Иә, мен университетке оқуға түскенге дейін мемлекеттік мекемеде – қалалық кеңес атқару комитетінде іс-жүргізуші және аудандық газетте аға әдеби қызметкер болып үш жылдай жұмыс істеп, оң-сол қолымды біраз танып қалған едім. Абайлап қарай бердім. Бір түрлі жұпыны, шашына аздап ақ кірген, бірақ қобырап жатыр, тарамаған, маңдайы жазық, көлемді қыртыс сайы терендеген, беті көнеріңкіреп қалған, көздерінде шаршаған қалып байқалады, тұмандау, қысқа мойын, үлкен басты, атжақты, терең ойылы, бір нәрсеге алаңдаулы, абыржыған кескінді, ұйқысы үзілген, жүйкесі жұқарған, елендеуші, еріндері кезерген, тілімделген адам болып көрінді.

Академиктер Әуезов, Кеңесбаев және Дардыкин, Маманов, Аралбаевтар үстелге отырғанда шөккен нардай, таудың бір көрнекті шыңындай көзің тоятын еді. Ал мына ғалым ше?

Ойым жиналған жоқ, декан:

– Танысыңыздар, алдарында отырған дарынды түрколог ғалым, академик, Қазақ ССР Ғылым академиясы Президентінің Вице-президенті, **профессор Нығмет Тінәліұлы Сауранбаев!** Сіздерге түркологиядан дәріс оқиды. Жаксылап дәрістерін тындап, конспектілеп жазып отырыңыздар. Кейін емтихан тапсыратын боласыздар, - деп декан ол кісіге оң қолын сол жақ төсіне қойып еңкейіп бүгілді де қалды.

Иә, бұрын есіткенім барды, бірақ көрмеген едім. Ал Ыбырайым Мамановты немере ағам Төлеу Құлшаманұлы Бәсенов (қазақтың тұңғыш ғалым сәулетшісі, архитекторы) үйінде дастархан басында көргенім бар-ды. Әжем Ақбаламен, Төлеу ағамен, жемгем Гауһар Ахметқызы Қонаева-Бәсеновамен (Д. Қонаевтың қарындасы) әдемі бір әңгімелесіп отырған-ды. Әже ұлы аталарымыз Көтібар, Есет батырлар жайлы және «Айман - Шолпан» жырын бастан-аяқ жатқа айтып отырды. Сөз арасында Ыбекен Нығмет Тінәліұлы туралы біраз жайттарды айтып, менің университеттің филология факультетінің студенті екенімді білетін, содан болар «академик сендерге лекция оқиды» дегенді. «Ол академик өте сирек кездесетін тұлға. Лекциясын жазып отыр, қарағым», деп еді. Иә, Мұхтар Әуезовтың дәрістерін түгелдей жазып отыратын едім. Ол конспектілер елу жылдай сақталғанды. Хрущевтың жылыда бір ауданға көшіретін заманыңдада сақталған еді.

Міне, сол Ыбекең айтқан академикпен жүзбе-жүз көрісіп отырмыз. Сәлден кейін орнынан тұрады да, мінберге барып екі қолын оның үстіне қойып, лекциясын - әңгімесін бастап кетті. Жаңағы менің ойым тас талқан болды. Бір қолында тұтатып алған папиросы, екінші қолымен кезі келгенде жіті сілтеп, көздерін алға тастап, небір керемет - сонау көне түркі жазуының (Орхон-Енисей ескерткіштері) Сергей Ефимович Маловтың еңбегінен бастап, ол еңбекке шолу жасап, бағасын бере өз пікірін нақты, тиянақты, бұлғартпас деректермен төгіп тұр. Аудиторияда шыбынның ызыңы да сезілмейді. Әрбір студент мұрындары пышылдап, басын көтермей жазып отыр. Ойпырмай, бұрын-сонды естімеген тасқа жазылған көне түрік жазбаларына жан бітірді.... Иә, Дешті – Қыпшақ, Махмұд Қашқари жайлы айтқандары жүрекке барып жата қалды. Бір дәрістерінде Николай Яковлевич Маррдың, А.И. Мешаниновтың, Н. Дмитриевтың, Баскаковтың, А.Н. Кононовтың, Санжеевтың тілдер жайлы академиялық көлемді кітаптарына тоқтап, талдағанда, студенттер ауыздарын ашып қалды. Н.Я. Маррдың тілді таптық категория деген тоқтамын «сойып» салды. Тіл таптық емес, шенеуніктер үшін бір тіл, бұқара халық үшін екінші тіл деген қатынас құралы жоқ дегенді небір дәлелдермен шегелеп айтады. Айналып келіп қазақ тілінің тарихына, қазақ тіліндегі диалектілер жайлы тілші ғалымдар арасындағы пікір таластарды жайып тастайды. Тағы бір қызығы – біздің түсімізге де кірмеген ескі түрік ескерткіштерін «Күлтегін», «Кодекс куманикус» жазбаларындағы диалектілерді, оларды қазіргі қазақ тілімен салыстырып айтқанда, тамсанып қалдық. Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин, ұлы ойшыл Абай жайлы айтқан дәрістері күні бүгінге дейін менің жадымда.

Турасын айтсам Н. Сауранбаевтың тіл тарихы, тіл білімі, құрылымы жөніндегі еңбектерін кітапханалардан, ағымдағы баспасөздерден үзбей оқыдық. Қазақ тілінің грамматикасы, морфологиясы, синтаксисі жайлы кітаптары қолымыздан түспеді. Ол академикке қоңырау соғылып жатырма, басына кіріп шықпайды, дәрісін айта береді. Ойын бітіргенсін қоңырау соққан, соқпағанына қарамастан сағатына қарайды да: «бүгінге болды» деп аудиториядан шығып жүре береді. Сөз басында айттым ғой, өзін-өзі күтіп, тараштанып, әдемі киініп жинақты жүретін тұлға емес-ау дейміз. Кейде көйлегінің, пиджагының түймелері қалай болса солай салынып жүреді, галстугын де байлап таға салады екен. Оған бір мән бермейді-ау деймін. Иә, үнемі «күйзеліп», көздері шаршап тұратын еді. Иә, кейінірек академиктің қоғамдық, ғылыми орталардағы, отбасындағы жағдайларын жете білдік ғой.

... Академик Нығмет аға дәріс курсы аяқтады. Курсымыздың старостасы Қайырболат Есенов (кейін филология ғылымдарының докторы болды) аптыға, асығыс аудиторияға кіріп келді де:

– Жолдастар, тындандар! Академик Сауранбаев емтиханды өзінің кабинетінде – Қазақ ССР Ғылым Академиясында алатын болды. Декан емтихан тапсыратын студенттердің үш дана тізімін бер деді. Бердім. Академия ғимаратының алдында тұратын күзетшілерге және кабинетіне кірер ауыздағы қабылдау бөлмесіндегі секретаршаларға, бір данасы өзіне беріледі, деді. Қуанып қалдық, Академияның ғимаратын екінші рет көретін болдық деп. Алдында Д.А. Қонаев президент болып тұрғанда университеттің үздік оқитын студенттерін қабылдап, үлкен әңгіме дүкенін құрған болатын.

Күзетшілер қолындағы тізімге және біздің сынақ кітапшаларымызға қарап, салыстырып, біріндеп ішке жіберсе, секретаршалар да тексеріп, бәрімізді бірден академиктің кабинетіне кіргізді. Бәріміз отыра қалдық. Ұстаз әрқайсымыздың қасымызға келіп «жазып ал, мына сұрақтарға дайындал, жауап бер» деді. Жазбаша билет жоқ. Орнына отырды да: «кәне, кім дайын, жауап беруге» деп папиросын сора бастады. Бірінші болып жауап бердім. «Бес» қойды. Басқа бір қағазға менің фамилиямды жазды да, маған жылы қарады.

Құдай ұрғанда, екі студент «үш» деген баға алыпты. Ол екеуі сол күні түнде Қайырболатты ерітіп маған келеді. Себебі мен факультет комсомол бюросының екінші хатшысы болатынмын. Иә, білемін, үшке стипендия бермейді. Оларға ертең ерте ректорға барындар, басқа ешкім ол академикке батыл өтініш айта алмайды дедім. Ректор Төлеген Тәжібаев телефон соққанда екеуі тындап тұрған. «Қазір академик ұстаздарыңызға барындар, зәметтік кітапшаларыңыз қолдарыңызда болсын» депті.

– Әкеліндер кітапшаларыңды, кеше айтпайсындарма, «үштік» бағаға стипендия бермейді, - деп бет-ауыздарына қарамастан үшті сызып тастап, үстіне «бес» (отл.) жазып қолын қойып беріпті. Иә, академик ұлылығына студенттер бас иеді.

Сол қыста болар, араб тілінен мемлекеттік емтихан тапсырдық. Мен бірден жауап беруге ата алдына отыра бергенімде, есіктен декан бастаған үш-төрт адам кіріп келді. Алдыңғысы ректор болды. Бәріміз де ұшып тұрып, иіліп сәлем бердік. «Алаңдама, жауап бере бер» деді ректор. Мен «бес» (отл.) деген баға алдым. Сонсын ректор: «мына студентті ЛГУ-дың шығыстану факультетінің аспирантурасына дайында, ағасы», деп ұсыныс жасады. Декан: «осындай ұсынысты осы студент жайлы Сауранбаев жолдаста звондап айтып еді», деді.

Ректор алмасты: Асқар Закарин, кейін Темірбай Дарқанбаев келді. Университетті қызыл дипломмен бітірдім. Маған ЛГУ-ге жолдама берді. Бірақ жағдай болмай елде қалдым. Кейінгі саналы өмірім: екі жылдай Біршоғыр, көмір Шахта (бастығы кейін даңқты жазушы болған Ілияс Есенберлин еді) носелкесіндегі орыс-қазақ орта мектебінде оқу

ісін меңгерушісі, кейінгі елу жылым баспасөзде қалды. Оның отыз жылын облыстық, аудандық газеттердің бас редакторы қызметінде өткіздім. Қазақ ССР-інің мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, КСРО-ның баспасөз үздігі атағын, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасын, КСРО-ның 4 медалын алдым. Қазақ ССР-ына сіңірген ерекше еңбегі үшін Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткермін.

Иә, 1958 жылдың қараша айы еді. Жол түсіп Алматыға келгенмін. Қайғылы қазаның үстінен шықтым. Ұлы ғалым, ұлағатты ұстаз, Арда Азамат, академик *Нығмет Тіналіұлы Сауранбаев* 48 жасында дүние салған екен. Демалыссыз тынымсыз жұмыс «өртеп» жіберді-ау ұлы ұстазды, дара ғалымды деген ойға келдім. Қара жамылған отбасына барып, егіліп отырып көңіл айттым.

Алматы қаласы, 2011 ж.

ТІЛЕУҚАБАҚ ӘНІ ҚАЛАЙ ШЫҚҚАН

Танымал әндердің тарихы.

Тілеуқабак рудың атыма, не адам аты ма?

Қазақ оқырманына кеңінен танымал өнертанушы, өнер зерттеуші Төлеш Сүлейменовтың «Сегіз сері» атты кітабы 1991 жылы Алматыдағы «Өнер» баспасынан жарық көрді. Оқырман қауым бұл кітапты «пышак үстінен» таласып, тауып алып оқып жүрді. Иә, кітап авторы әлде берерін бере алмай, жазарын жаза алмай дүниеден озды. Кітаптың басты кейіпкері болған Сегіз сері деген кім еді? Иә, кім?

Қазағымның атышулы Сары Арқасының тумасы, 1818 жылы туған. Әкесінің азан шақырып қойған есімі Мұхаммедқанапия. Бірақ сегіз жасынан өзі өскен ортасында зеректігімен, суырып салма ақындығымен, шешендігімен танымал болған замандастары «Сегіз жасар сері» атап кеткен. Сонымен тарихта Сегіз сері атымен келіп, Сегіз сері даңқымен отыз жеті – үш мүшел жасында сол заманның дерті болған туберкулезден дүние салады. Кітап авторы Жезқазған өңіріндегі бейітінің қай жерде екенін атап көрсетсе, қазақтың белгілі геолог-геодезисі сонау тар заманда жалаң аяқ жүріп, қазақ елінің, жерінің географиялық қартасын жасаған, қазір көзі тірі Молдияр Серікбаев қарт Жезқазған жағасындағы Серінің қабірін көріп, тәу етіп, қойын дәптеріне жазып алған екен. Бұл қартпен осы жолдардың авторы талай рет Алматыда кездесіп, әңгімелескен, дәмдес еді. Ел тәуелсіздігін алғаннан кейін Қазақ Елінің шекараларын Елбасы белгілегенсін Елдің жерінің жаңа картасын жасау үстінде.

Иә. Сегіз сері ер жете келе (отряд особого назначения) әскери мамандық алады. Бірақ Сібірдің генерал губернаторы Д. Горчаковтың

жандармериялық қызметке жіберуіне қарсы болады. Содан губернатор ұстап, қамауға бұйрық береді. Ақыры Сарыарқадан қашып, қуғын болып Жетіру еліне – Жағалбайлы жеріне жетеді. Мезгіл күздің соңы болатын. Бір қар, бір жаңбыр – ауа райы лайсаң. Көптен Көтібар батырдың соңына шырақ алып түсіп жүрген Орынбор-Самара губерниясының бас губернаторы Перовский осы бір аласапыран кезді пайдаланып, қазақ елінің қаймақтарының осы өңірге келетінін алдын ала біліп отырады. Ал Көтібар жеті-сегіз үзеңгілесімен мұнда екі күн бұрын келеді. Губернатор екі жылдай оқытып, Жайық жағасында киллерлікке үйреткен екі естекті жіберіп, түн ортасында олар Көтібар батырдың күзетін қырып тастап, батырдың ұйықтап жатқан бөлмесіне кіріп, басын шауып алып, қапқа салып жатқан жерінде, Жағалбайлы елінің күзетшілері екі естекті ұстап Жанғасқа батырға әкеледі. Жанғасқа тілге келместен екеуін үюлі тұрғын жыңғылға от қойып, тірілей сол отқа салып жібереді. Бұл Сегіз серінің осы елге келіп қонған түні болған қанды оқиға еді.

Сегіз сері қазақ халқының қорғаны болған Көтібар Бәсенұлының қайғылы қазасына арнап «Батырды жоқтау» жыр шумақтарын «төгіп» салады.

*Сіз кеттіңіз, қалды ұлық,
Қанына әбден қарайған.
Қарғыс алар ол-дағы –
Соққы көріп талайдан,
Сырым мен Көтібардың –
Пайдасы тиген жалпыға.
Екеуінің өлімі –
Қатты батты халқына (158 б.)*

Жағалбайлы елінде Көтібар дүниеден озғансын, Жанғасқа жалғыз қалғансын, бұл елде Сегіз сері көп аялдай алмады. Жағалай Ақбұлақты мекендеген, Елдері алты Шекті, Назар, Шүрен дей келіп: Жағалбайлы Жанғасқа, Шекті Арыстан қайтпайтын қажырлы ерлер екен жолбарыстан деп жырлай келіп:

*Айналайын Ақбұлақ,
Айнала жсорытып жағаңда
Сенен артық өзенді
Алшында мен табам ба?
Айналайын Ақбұлақ,
Суатыңа мен келіп,
Тұлпарымды суарғам.
Хош есен бол – Ақбұлақ*

*Енді сені көре алман,
Қайта айналып келе алман,
Баяғыдай жүре алман, -*

деп Елек өзенінің жағасындағы елге келеді.

Осы жерде де көп кідіре алмайды. Ел жақсылары орыс отарлаушылары бізді тықсырып, шығысқа – Мұғалжар тауының арғы бетіне қуып жатыр. Жазым боларсың, қолға түсіп қалсаң, сені қорғайтын ешкім жоқ. Мына Мұғалжар, Айрық тауларының арғы-шығыс-оңтүстік бетінде заманымыздың батырлары Арыстан Тінәліұлы, Есет Көтібарұлы бастаған қабырғалы ел бар. Шектінің аты шулы Қабақ, Тілеу аталықтары деп меңзейді.

Сонымен, Сегіз Шекті еліне – Арыстан мен Есет еліне келеді.

*Жиырма жаста мен келдім –
Мәмбетәлі, Жапаққа,
Нағашым деп келіп ем –
Әлімдегі алты Шектіге –
Ата жаумен аласқан
Алиындағы тектіге! (169 б.)*

Қабактың Қарабас аталығынан тарайтын Мәмбеталыдан отыз үш жасында ит жеккенге – Сібірге аяқ-қолына кісен салып айдалып кеткен «сал Бекет» атанған батыр Бекет Серкебайұлы, ал Жапақтан бір жүз үш жыл жасаған Бәсен мен (Кетенің атышулы байы, төбе Би Боздақтың кенже қызы) Нарбике некесінен Көтібар, одан Есет батыр туады. Ал Қарабастың Тінәлісінен даңқты батыр Арыстан Тінәліұлы еді. Бұлар алты ата Әлім-Шекті, Айт ұрпақтары.

Сегіз сері Есет елінде біраз аялдайды. Қабақ, Тілеу елінің жақсыларымен кездеседі, талай жырға толы, сырға толы отырыстарға қатысады, неше бір өлеңдер жазып, айтып қалды-рады.

Иә, патшалы Ресейдің отарлаушылары бұл жылдары Мұғалжар тауын, Айрық өңірін, Шетырғыз, Қауылжыр Қайыңды, Ақтоғай өзендерін, Мұғалжар асуын басып алуға бірнеше шабуылдар жасайды. Замана тынысы тарыла бастаған осы бір уақытты Сегіз сері Есет батырмен ақылдасып, Сыр өңіріне, Арал теңізі төңірегіне – Жаңқожа батыр қоластына қарай жолға шығады. Тарихта Жанқожа Нұрмұхамедұлы – Сыр Шектісі атанса, Айт ұрпағы – Қабақ, Тілеу – Көтібар, Арыстан, Достан, Есет, Бекет – Қыр Шектісі болып қалған.

Жанқожа батырмен кездесулерінде, батырдың кіші анасынан туған Қарғаш қарындасымен танысып, үлкен сүйіспеншілік білдіріп, өлең шығарады.









Мына сурет кітап авторының алпыс алты жыл (30 қазан, 1949 ж.) бойы жұбайлық ғұмырында, ақыл-кеңесімен, жанқиярлық еңбегімен, тұңғыш баласындай бағып, әркез қолдап, қорғап, небір қиын да тар кезеңді бірге өткізген бәйбішесі Балзада Шәмшіқызымен, бір ой үстінде отырған қас қағымы бейнеленген. Алматы қ., 2001 ж.







Надписи к рисункам:


1. Төрехановтар отбасы. Тауман Алыбайұлы және Балзада Шәмшіқызы.
2. Жарық көрген еңбектері, кітаптары:
 - Көз көргендер еді. Повестер, әңгімелер, очерктер.- Алматы: Атамұра, 1999.- 320 б.
 - Қаңмен жазылған тағдырлар. Тарихи эсселер.- Алматы: Атамұра, 1999.- 416 б.
 - Ғасыр қасіреті. Екі кітаптан тұратын деректі роман-диалогия.- Алматы: Атамұра, 2000.- 702 б.
 - Зердесінде ұрпақтың. Ұжмақ елі. «Жазбады-ау», демесін. Повестер, жол очерктері.- Алматы: Атамұра, 2001.- 222 б.
 - Кісенделген Дала. Деректі роман-трагедия.- Алматы: Атамұра, 2003.- 416 б.
 - Адам әлемі. Повестер, әңгімелер, очерктері.- Алматы: Атамұра, 2004.- 215 б.
 - Тарихтың қанды іздері. Тарихи деректі өткір сюжетті роман-эпопея.- Алматы: Атамұра, 2005.- 704 б.
 - Дала Геркулесі. Тарихи-хронологиялық, деректі роман.- Алматы: Атамұра, 2008.-584 б.
 - Төреханов Тауман Алыбайұлы. Биобиблиографиялық көрсеткіш. (80 жылығына орай).- Қазақ университеті.- 2011.- 107 б.
 - Тағдыр тайталасы. Күнделік-мемуар беттерінен.- Алматы: Атамұра, 2015.-684 б. Автордың бұл шығармалары, өмірбаяны, басқада да қажетті мағлұматтары ресми веб-сайтында <http://www.tauman-torekhanov.com> толығырақ берілген.
3. Т.А. Төрехановтың марапаттары:
 - Медальдары
 - Грамоталары
 - Удостоверениялары

Еске саламыз, автордың үй архивінде сақталған құжаттарды ғана кітапқа беріп отырмыз.









Қазақстан Республикасы
Президентінің
2010 жылғы 19 наурыздың
№ 921 Жарлығымен

Туржанов
Тархан
Аманжолұлы

1941-1945 жж.
Ұлы Отан соғысындағы
Жеңіске 65 жылға
мерекелі марапатымен наградалды

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 ж. 19 наурыздың № 921 Жарлығымен

Туржанов
Тархан
Аманжолұлы




Қазақстан Республикасы
Президентінің
2015 жылғы 19 қазанның
№ 992 Жарлығымен

Туржанов
Тархан
Аманжолұлы


«70 лет Победы
в Великой Отечественной войне
1941-1945 гг.»
мерекелі марапатымен наградалды

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 ж. 19 қазанның № 992 Жарлығымен

Туржанов
Тархан
Аманжолұлы







Тауман Алыбайұлы,
Алматы қ., 1950 ж.



Бүгінгі Төрехановтар әулетінің
алтын әжесі Балзада Шәмші-
қызы он жеті (1949 ж.) жасында
мына суреттегідей сұлу қыз
болған екен.



Төрехановтар отбасы. Ұлы Отан соғысының (1941-1945 жж.) тыл ардагерлері,
әулеттің атасы мен әжесі балалары, немерелері мен шөберелерінің ортасында
бақытты да қызықты күн кешуде. Алматы қ., 2015 жс.

*Ақ дидарың көргенде тұра алмаймын,
Сенсіз жерде салтанат құра алмаймын.
Сен есіме түскенде беу Қарғашым,
Кемесіндеі дарияның бұраңдаймын.*

*Жылқым жатыр Ақкөлдiң аймағында,
Кiмдер серi болмайды бойдағында.
Қыз кеткен соң ауылдан қызық кетер,
Келiп кетiп жүрсейiшi ойнағыңа.*

Сыр елі-жыр елі, ән-күй елі. Сегіз серіні өте жылы қарсы алып, елдегі ойын-тойларға шақырып, асқақ әнін, суырып салма жырын, көсемдік сөзін тындап, ел бір марқайып қалады. Сол елді, Сыр бойын аралап жүргенде, Бақтияр деген байдың Мақпал атты сұлу қызы бар екенін бір отырыста бір шешен айта салды. Осы кезде Сегіз серінің Есет батырдың сөз арасында Сыр өңірінде Бақтияр байдың Мақпал есімді қызы бар дегені есіне түседі. Бақтияр ауылына келеді. Бірақ сұлу, ару қыз бір көргеннен Серіге ықыластанбайды, иә, ұната да қоймайды. Бірақ әнші, жыршы, көсемсөзші Сері қызға арнап «Мақпал» атты өлең шығарады:

*Өзіме талай гүзәл жақпа еді,
Жанассам қыз қолымды қақпай еді.
Баласы Көтібардың Есет батыр –
Сұлу деп сізді маған мақтап еді ... (61 б.)*

Ақыры Мақпал «Есет батырдың көзіне түскен екенмін» деп, Серіге бас ұрады ... және бұл өлең ұзақ та нәрлі де, бал қаймақтай тәтті де болады. Жиында отырған халық та Серіге бас иеді.

Сегіз сері бұл ауылда да ұзақ аялдай алмайды. Себебі патшалы Ресейдің соңына шырақ алып түсуі әлі тоқтаған жоқ еді. Бақтияр ауылынан шыққан соң Сырдария өзенінің бір саласы Үш бурыл жағасына келеді. Иә, еске алатын болсақ, менде – редакцияда жұмыс істеп жүрген Сыр өңірінің – Арал теңізінің тумасы ақын Әбдіқани Аймағамбетов екеуіміз, және Ақжайық азаматы Ақтөбе облыстық газетінің жауапты редакторы Нұрқайыр Телеуовпен осы өңірлерде болғанбыз. Ақшағыл, Ақбасты Барса-келмес, басқада теңіз жағаларында жүргенбіз. Сол сапарларда Үш бурылды, жергілікті халық – бұл жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысындағы ел «Үш қоңыр» деп те атайды екен, осы өңірлерде жүрген едік.

... Үш бурыл жағалыққа Сері жақын келе аттарынан түсіп демалып отырады. Сол кезде Құрман атты бір адам келіп, дым көрмегендей, Сегіз серінің қасында жатқан қару-жарақтарына таңқалып, қолын жүгірте береді. Сегіз сері:

– Бұл жағалауда кім бар, ат байлайтын? – деп сұрайды.

– Орынды сұрадыңыз. Сонау жалдың ар жағында Сыр Шектісінің Алтынай аталығынан іргелі де сүбелі бай, еліне сөзін жүргізе алатын беделді кісі Тілеуқабақ деген адам тұрады. Сол Тілеуқабақтың Патшайым, Қаншайым деген екі сұлу қызы бар. Әкесі Тілеуқабақ та сол екі қызын, әсіресе Патшайым қызының ақыл-кеңесін алады. Ал жылқышыларына бас-көз болатын – екі ұлы бар - Әли, Муса есімді, - деп қояды Құрман. Сері Құрман айтқан бағытпен келе жатса, алдынан үйір-үйір жылқыға кезігеді. Жылқышылар Сегіз серіні «қамшының астына алып», «қайт ізіңмен, кет!» деп Тілеуқабақ ауылына жібермейді. Күш-қайратқа мінген Сері екі жылқышыны байлап тастап, үйір-үйір жылқыны алдына салып қуып кете барады. Оқиғаны көп ұзамай Патшайым естиді. Содан Қаншайымды ертіп алып, Сегіздің соңына түседі. Кездеседі. Ақыры келісімге келіп, Патшайым Сегіз серіні ауылына шақырады. Әкесі Тілеуқабақ Патшайым қызының ұсынысымен өзен жағасына бірнеше киіз үй тігіп, қонақасы береді. Осы өңірдегі елін жинап, ән кешін, әңгіме кешін ұйымдастырады. Әбден бабына келген Сегіз сері домбыраны қолына алып, ойын жинақтайды да, жиналған ауыл адамдарына көз тастап:

*Айғалап ән саламын Тілеуқабақ,
Керілер өлең айтсам қас пен қабақ.*

Көңілдің қуанышын жырға қосып,

Келді зой бар дауысыпен шырқайтын шақ, - деп:

Әніме мен салайын Тілеуқабақ,

Керілер өлең айтсам қас пен қабақ.

Көңілдің жатсам-тұрсам тілегі сол –

Бергей деп маңдайыма бармақтай бақ (74 б.)

Қазағымның өмір бойы бөліспеген еншісі – қонақасы жалғасып, Сегіз серіні бірнеше күн жібермей, ән-жыр, тарихи әңгіме тыңдауға халық жинала береді.

– Осы жақында бір жолаушы, қарағым, Сіздің Қыз Жібек жайлы жырынды айтып, ауызының суы құрып отырды. Әсіресе, менің есімде қалғаны Бекежан сардар. Сол жырда: «Бекежанды кісі өлтірген, Жағалбайлының серісі Төлегенді мына біздің жердегі Қос-Обада өлтірді» делінеді дей беріп еді бір қарт, Сегіз сері «Сіздің айтып отырғаныңызды талдап берейін», деді де домбырасын безеп-безеп жіберіп:

Қашқын боп сол бір жылы шығып елден,

Ақбұлақ бойындағы елге келгем,

Алшынның оқиғасын жырға қосып,

Дастанға Қыз Жібек деп есім бергем.

*Жағалай Ақбұлақты мекендеген
Елдері алты Әлім, Назар, Шүрен
Ниязбен екеуімізді құрмет етіп,
Желісін оқиганың айтып берген (37 б.), -*

деп домбырасын қасына қоя салып:

– Бекежан Айбекұлы. Заманында Алшын елінің Әлім аталығының әскер басы болған ірі тұлға. Ал Бекежан әкесі Айбек сияқты қол бастаған сардар, - деп домбырасын қайта қолға алып:

*Ер болып жас кезінен шыққан аты,
Ішінде алты Әлімнің Бөлек заты.
Бөлектің Қабағынан шықсадағы ..., -*

дей келіп, Бекежан жанжары Салихасы дүниеден озғансын, араға жыл салып, Түрікменнен қыз айттыруға кеткенде, есігінде жүрген Кескентерек деген өзіңіз айтып отырған Қос-Обада Бекежанның туған қарындасы Қыз Жібекке келе жатқанда, Төлегенді садақпен атып өлтіріп, боз жорғасын мініп кетеді...

– Ал мұны түсіндік, қарағым. Мұның шындық. Айбек Қабақтың Қарабасымен туыс. Бірақ мекені Алшынның Теміртауы. Енді сен мынаны айтшы. Сол Бекежан балалары Тайлақ, Қайрақ, Байрақ үш ұлы Балқаш өңірінде – Аңырақайда қалмақтарға қарсы соғыста ерлік көрсетеді. Мұны Қожаберген жыраудың «Елім-ай» өлеңінен білетін едік.

– Иә, Қожаберген былай деп жырлайды. Алдымен өзім:

*Бекежан Айбекұлы деп атанған.
Қалмаққа Еділ өтіп ойран салған,
Қасына мың жарымдай сарбаз ерітіп,
Кәпірдің мықты елінен барымта алған, -*

дей келіп, енді Қожаберген жырауға келейік:

*Қатысты Кіші жүзден Тайлақ мерген,
Сұлатты көздегенін атқан жерден.
Баласы Бекежанның мерген Тайлақ,
Ағасы оның Қайрақ гаскер жинап,
Дұшпанға қарсы аттанды қару сайлап.*

– Ал ол Кескентерек Төлегенді неге өлтіреді? Атын алу үшін бе, әлде өші барма?

– Иә, Кескентерек те Қыз Жібекке ғашық болар. Айбек пен Бекежан елі – жылқылы бай еді. Ал ол Кескентеректі кейін халық жиналып, ел алдында асып өлтіреді. Оған дейін де істеген жауыздығы жетіп артылады, өзінің туған нағашысына, оның қызына жасаған

жауыздығын, айуандығын айтуға ауыз бармайды, - деген кезде біреу.
– Ауылға баса – көктеп бір топ аттылар келе жатыр, - деп хабарлайды. Орынынан тұра берген Сегіз сері:

*Бөлінбе қазақ жік-жікке,
Бөлінсең қазақ жік-жікке,
Шіл боғындай бытырап,
Шыға алмайсың биікке! (147 б.),-*

деп қару-жарағын асынып, атына қонады...

Автор, «Айқын» газеті, 2011 ж., 10 наурыз, 5 бет.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Құрастырушылар атынан осы *Күнделіктің авторы, Тауман ТӨРЕХАНОВ*, жайлы көптеген мәлімет, мағлұматтар Ғаламтордан (Интернеттен):

Уикипедия—ашық энциклопедия:

https://en.wikipedia.org/wiki/Tauman_Torekhanov

https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D0%B0%D1%83%D0%BC%D0%B0%D0%BD_%D0%A2%D3%A9%D1%80%D0%B5%D1%85%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2

https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D0%BE%D1%80%D0%B5%D1%85%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2,_%D0%A2%D0%B0%D1%83%D0%BC%D0%B0%D0%BD;

өзінің жеке веб-сайты: <http://www.tauman-torekhanov.com>;

және «Шалқар және Шалқарлықтар»-«Челкар и Челкары» веб-сайт :

<http://www.chelkar.ru/>

http://www.chelkar.ru/publ/turekhanov_t/tauman_t_rekhanov/19-1-0-89
http://www.chelkar.ru/publ/turekhanov_t/aza_stan_respublikasy_prezidenti_ke_sesini_basty_y/19-1-0-88

үш (қазақ, орыс, ағылшын) тілдерінде осы көрсетілген сілтемелерден (өмірбаяны, қызмет жолы, шығармашылығы, еңбектері, марапаттары, суреттері және т.б.) алып танысуларыңызға болады!

КРАТКАЯ АВТОБИОГРАФИЯ ТАУМАНА АЛЫБАЕВИЧА ТУРЕХАНОВА

Туреханов Тауман Алыбаевич родился 15 марта 1931 года в г. Шалкар Актюбинской области. Во время ВОВ 1941-1945 гг. работал

в тылу в качестве помощника чабана, шахтером соледобывающего карьера, охотником колхоза.

В 1945-1949 гг. работал делопроизводителем Исполкома Шалкарского городского Совета депутатов трудящихся, затем с 1949-1950 гг. старшим литературным сотрудником Шалкарской районной газеты **«СоцТуь»**.

В 1950-1955 гг. – студент КазГУ им. С.М. Кирова. После окончания университета с отличием, был направлен в аспирантуру факультета востоковедения Ленинградского университета им. А.А. Жданова, однако материальное положение не позволило поехать учиться в аспирантуру. Далее был назначен заместителем директора по учебно-организационной работе в казахско-русскую среднюю школу пос. Берчугур. Там знакомится с Ильясом Есенберлиным, начальником управления Берчугурской шахты, в будущем известным писателем, сыгравшим немаловажную роль в дальнейшей жизни автора.

В 1957 г. Актюбинский обком партии переводит его в редакцию газеты Шалкарского района.

В 1962 г. утвержден первым заместителем главного редактора газеты **«Жаршы»** по Темирскому территориальному управлению Актюбинского сельского обкома партии.

С 1963 г. утвержден главным редактором газеты **«КомТаны»** по Шалкарскому территориальному управлению Актюбинского сельского обкома партии.

С 1963-1992 г. после упразднения Западно-Казахстанского края около **30 лет работал главным редактором межрайонной и районной газеты «Шалкар»**.

За эти годы был избран решающим голосом делегатом 12-ти областных партийных конференций Актюбинской области, избирался членом областного комитета партии. 31 год был депутатом, членом Исполкома Шалкарского районного Совета народных депутатов и 27 лет членом бюро Шалкарского районного комитета Компартии Казахстана.

Был делегатом **8-и съездов Союза журналистов Казахстана, дважды (8 лет) избирался членом Правления Союза журналистов Казахстана.**

В 1972 г. издательство ЦК КП Казахстана выпустило сборник трудов **«Тәжірибе және Талап» – «Опыт и требование»**, где одним из авторов является Тауман Туреханов, освещающий опыт, стиль и секреты работы своего журналистского мастерства.

За безупречную работу в печати награжден **«Почетной Грамотой Верховного Совета КазССР», «Почетной Грамотой Союза Журналистов СССР»**, присвоено звание **«Заслуженный деятель»**

культуры КазССР», «Отличник Печати СССР», также «Почетной Грамотой Союза журналистов Казахстана», «Дипломами ГосКом-Печати КазССР» – 3 раза, медалями СССР – 4, в том «За освоение целинных и залежных земель», «Отличник труда», «Ветеран труда», «Почетной Грамотой ЦК КПСС», «Почетной Грамотой ЦК КП Казахстана», «Почетной Грамотой Народного Контроля СССР», «Почетной Грамотой Актюбинского областного комитета», «Почетной Грамотой Актюбинского областного Исполнительного комитета», награжден Почетными нагрудными знаками 1966-1982 гг. Победителем «Социалистического соревнования СССР» – 5 раз, также награжден медалями «Труженика тылового фронта ВОВ в честь 65-летия и 70-летия со дня Победы в ВОВ» и т.д., более 30 наград.

Организовал и открыл Шалкарский краеведческий музей. 30 лет возглавлял Комиссию по ономастике и топонимике района, несколько лет был Председателем Общества «Қазақ тілі».

Написал более 400 очерков, эссе, рассказов, повестей и новелл. В последние годы выпустил через издательство «Атамұра» 13 книг – литературно-исторических романов на государственном языке: «*Көз көргендер еді*» (1999, 320 с.), «*Қанмен жазылған тағдырлар – Кровавая трагедия в степи*» (1999, 416 с.), «*Ғасыр қасіреті – трагедия века*» (дилогия, роман в двух книгах, 2000, 624 с.), «*Зердесінде ұрпақтың – В памяти поколений... О легендарном народном батыре Котибар*», «*Ұлмақ елі – Рассказы о ФРГ*», «*Жазбады-ау демесін – Былое и думы*» (2001, 416 с.), «*Кісенделген Дала – Степь в кандалах*» (исторический роман, 2003, 416 с.), «*Адам әлемі – Мир человека*» (2004, 252 с.), «*Тарихтың қанды іздері – Кровавые следы истории*» (остросюжетный, исторический роман-эпопея, 2005, 704 с.), «*Дала Геркулесі – Геркулес Степей*» (историко-хронологический роман-трилогия, основанный на документально-архивных материалах, 2008, 584 с.), «*Туреханов Тауман Алыбаевич. К 80-летию юбилею. Биобиблиографический очерк*» («Қазақ ун-ті», 2011, 107(8) с.), «*Тағдырлар тайталасы – Столкновения судеб – Collision of Destinies*». (2015, 684 с.).

Кроме того, опубликованы газетные, журнальные статьи, интервью и выступления на телевидении и радио. В газете «Егемен Қазақстан» от 25.02.2009 г. была опубликована большая положительная рецензия на книгу «*Дала Геркулесі*» лауреатом международных премий им. М. Шолохова, им. Г. Державина, академиком Сабитом Досановым.

В поездке в Федеративную Республику Германия при встрече с сотрудниками Генерального Консульства РК и в беседе со студентами университета им. Гумбольдта в Берлине, университетов Гамбурга, Ганновера были подарены несколько книг с автографами. Книги так-

же переданы в дар во многие международные библиотеки: Библиотеку Конгресса США, Нью-Йоркскую публичную библиотеку, Британскую библиотеку, Национальную парламентскую библиотеку Японии, Национальную библиотеку Франции, библиотеки университетов США.

В годы работы в Актюбинской области встречался с академиком А.Д. Сахаровым одним из создателей советской водородной бомбы, во время учебных действий в зоне полевой атомной лаборатории у подножья Мугалжарских гор на полигоне «Барса-Кельмес» Аральском море и т.д.

По запросу начальника Канцелярии Президента РК из историко-документальных книг «*Тарихтың қанды іздері – Қрoвaвые следы истории*» (2005, 704 с.), «*Дала Геркулесі – Геркулес Стеней*» (2008, 584 с.), были выписаны положительные отзывы, моменты и некоторые факты о Президенте РК, в ответ автор получил письмо с благодарностью и книгу «Қазақстан жолы».

Туреханов Т.А., Почетный гражданин Шалкарского района и города Шалкар, Персональный пенсионер Республиканского значения за особые заслуги перед РК.

A BRIEF BIOGRAPHY OF TAUMAN TOREKHANOV

Torekhanov Tauman Alybaiuly was born on March 15, 1931 in Shalkar city of Aktobe region. During the Second World War, 1941-1945, he worked in the home front as assistant of the shepherd, miner of a salt-mining open-cast mine, and hunter of a collective farm.

In 1945-1949, Tauman Torekhanov worked as Administrative Clerk of the Executive committee of Shalkar city council of worker's deputies. In the period of 1949-1950, he took a position as Senior Literary Employee at the Shalkar regional newspaper "Socialism Tuy".

In 1950-1955, he was a student at Kazakh State University, named by С.М. Kirov. After graduation from university with great distinction, he had been given an opportunity to pursue his studies further at the postgraduate level at the Faculty of Eastern studies of Leningrad University, named by А.А. Zhdanov. However, his financial situation had not allowed him to accept this offer and to continue his studies at the postgraduate level. As a result, he was appointed as Deputy Director on educational-organizational work of Kazakh-Russian High School at Berchugur village. There, he met Iliyas Yesenberlin, the well-known miner and Head of the Department of Berchugur mine who would become a well-known writer and would have an important influence on the author.

In 1957 Aktobe Regional Committee of the Communist Party transferred him to the editorial office of the Shalkar area newspaper.

In 1962, he was appointed as the first deputy of the Editor-in-Chief of the “Zharshy” newspaper, published in Temir territorial administration of the Aktobe rural regional committee party.

In 1963 he was promoted to become the Editor-in-Chief of “KomTany” newspaper, which was newly opened in Shalkar territorial administration of “Aktobe oblast”. In the period of 1963-1992, he worked for 30 years as the Editor-in-Chief of the interdistrict and regional newspaper “Shalkar”.

During these years, Tauman Torekhanov had been elected by a majority vote as the delegate for 12 regional party conferences of the Aktobe area and was selected to be a member of the regional party committee. In addition, he was a member of Shalkar and Temir regional councils of People’s Deputies for almost 31 years and a member of the bureau of Shalkar regional committee of Communist Party of Kazakhstan for 27 years.

Tauman Torekhanov was the delegate of 8 congresses of the Union of journalists of Kazakhstan and twice was selected as the board member of the Union of journalists of Kazakhstan for a duration of 8 years.

In 1972, the publishing house of Central Committee CP of Kazakhstan published the book called “Тәжірибе және талап” (“Experience and aspiration”) which highlighted Tauman Torekhanov’s secrets, experience and work style of the journalistic skills in the mass media.

For his outstanding contributions to the press, Tauman Torekhanov was awarded by approximately 30 various awards of USSR and Kazakhstan such as “the Certificate of Honour of the Supreme Council of KazSSR”, “the Certificate of Honour of the Union of journalists of the USSR”, with the titles of the “Honoured Professional of Culture of KazSSR”, “Union Press Excellence Professional Distinction Award”, also by “the Certificate of Honour of the Union of journalists of Kazakhstan”, “Diplomas of Gos-KomPechatiKazSSR”– 3 times, 4 medals of the USSR including “Development of virgin and laylands”, “the Veteran of Labour”, “the Certificate of Honour of the Central Committee of the CPSU”, “the Certificate of Honour of Central Committee of Communist Party of Kazakhstan”, “the Certificate of Honour of the Aktobe regional committee”, “the Certificate of Honour of regional executive committee”, and anniversary medals of the World War II (“1941-1945 Second World War’s 65th and 70th anniversary”) for contributions in the home front during the World War years, the “Winner of Socialist Competitions of USSR” medal 5 times, and many others.

Tauman Torekhanov organized and opened Shalkar museum of local lore. He headed for 30 years the Commission on onomastics-toponymics and for several years was the chairman of the Kazakh language society.

He had written more than 400 sketches, essays, stories, articles, and studies. In recent years, the author had published 13 books – literary-historical novels: “Көз көргендер еді” (1999, 320 pages.); “Қанмен жазылған тағдырлар – Bloody Tragedy in Steppe” (1999, 416 pages.); “Ғасыр қасіреті – Tragedy of a Century” (the novel in two books, 2000, 624 pages.); “Зердесінде ұрпақтың – Remembered by the Generations... about Legendary Kazakh National Hero Kotibar”, “Ұжмақ елі – Stories about Germany”, “Жазбады-ау демесін – The Erstwhile and the Thoughts” (2001, 224p.); “Кісенделген Дала – Steppe in Shackles” (the historical novel, 2003, 416 p.); “Адам әлемі – Human World” (2004, 252 p.); “Тарихтың қанды іздері – Blood Trails of History” (the extremely topical, historical novel-epopee, 2005, 704 p.); “Дала Геркулесі – Hercules of Steppes” (historical-chronological novel-trilogy based on documentary-archival materials 2008, 584 p.); “Тауман Alibayuli Torekhanov. Dedicated to the 80th anniversary. Biobibliographic index” (“Kazakh National University”, 2011, 107(8) p.); and “Тағдырлар Тайталасы – Collision of Destinies”(2015).

In addition, he had given numerous interviews to newspapers, television and radio stations and had published many interesting journal and newspaper articles. The academician and writer Sabit Dosanov, winner of the international awards of M. Sholokhov, G. Derzhavin, had given positive reviews about the author’s book “Дала Геркулесі” in “Egemen Қазақстан” news paper on February, 25th, 2009. Many television stations (e.g. “Хабар”, “Қазақстан”, “Мир”) and newspapers (e.g. “Ана тілі”, “Президент және Халық”, “Қазақ әдебиеті”, “Ақтөбе”, “Нұр-Дәулет”) have given positive reviews and feedback about Tauman Torekhanov’s books.

The author and his spouse were invited by the Consulate general of Kazakhstan in Germany, “German-Kazakhstani Friendship society”, and Berlin Humboldt University to hold several seminar meetings in Berlin, Germany. During this trip, he had presented as a gift his latest books with his autograph to Humboldt University and the Consulate General of Kazakhstan. Tauman Torekhanov’s books are currently available in many well-known libraries around the world including the Library of Congress, the British Library, New York Public Library, National Diet Library of Japan, Bibliothèque nationale de France, Stanford University, University of California - Berkeley, Harvard University, University of Cambridge, MIT, Columbia University, McGill University, Concordia University, Indiana University, University of Wisconsin-Madison, Humboldt University, and University of Hamburg.

While working in the Aktobe area, Tauman Torekhanov had met academician A.D. Saharov, one of the creators of the Soviet hydrogen bomb.

who was present during tests in a field nuclear laboratory near the Mugalzhar Mountains, Barsakelmes testing laboratory in the Aral Sea. In addition, he had met with a well-known poet, Rasul Gamzatov, the Chief Editor of Novosti Press Agency (APN), Ivan Agofonov, and many other public figures.

The President of the Republic of Kazakhstan has recently received the author's letter and book "Дала Геркулеси – Hercules of the Steppe". The author has received a letter of appreciation and book from the President of the Republic of Kazakhstan, called "Қазақстанжолы – The way of Kazakhstan".

Torekhanov T.A. is a Honourable citizen of Shalkar district and Shalkar city and the Honoured pensioner of the Republican level for special contributions towards Kazakhstan.

ЖАҚСЫ КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ

Құрметті Тауман аға!

Сіздің туған өлкеге сіңірген еңбегіңіз шексіз, көпшілік оқырман сүйіп оқитын шығармаларыңыз туған жеріңіздің тарихы үшін, халқы үшін – өшпес мұра. Шығармаларыңыз келелі көркемдік деңгейімен, шынайы мазмұндық мәнділігімен тек қазақ оқырмандарына ғана емес, дүние жүзіне танымал.

Шалқар аудандық Орталық кітапхана қорында Сіздің «Қанмен жазылған тағдырлар», «Дала Геркулеси», «Кісенделген Дала», «Ғасыр қасіреті» атты шығармаларыңыз бар.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапхананың Жарғысы негізінде әр оқырманның ғаламтор кеңістігін пайдалана отырып, өлкетану ақпаратқа, әдебиетке қол жеткізу мақсатында, оларға осы бағыттағы әдебиеттермен жұмыс жасауға мүмкіндік беру, мәдени мұраларымызды сақтау және насихаттау мақсатында Сіздің осы кітаптарыңызды сандап (оцифровка жасап), ғаламторға енгізуге, ұлттық электрондық кітапхана қорына қосу үшін жазбаша рұқсат беруіңізді сұраймын.

Қосымша келісім-шарт үлгісін жіберіп отырмын.

ЖАҚСЫБАЕВА Бақытгүл Темірханқызы,

*«Шалқар аудандық Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі»
ММ директоры. Ақтөбе облысы, Шалқар қ., «Аудандық Орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі» мемлекеттік мекемесі,
Қазанғап көшесі, 26, e-mail: shalkarbibli@mail.ru .*

ТАУМАН АҒА!

Рұқсат бергеніңізге рақмет. Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық тілейміз. Келісім шартты жіберіп отырмын.

*ЖАҚСЫБАЕВА Б.Т.,
«Шалқар аудандық Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі»
ММ директоры.*

Шығарманы пайдалану құқықтарын табыстау туралы № ___ Авторлық келісім шарт

Шалқар қаласы

12 тамыз 2011 ж.

*Ақтөбе облысы, Шалқар қ.,
«Аудандық Орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі» ММ директоры,
Б.Т. ЖАҚСЫБАЕВАҒА*

Құрметті Бақтыгүл қызым!

Менің Ресми Сайтыма <http://www.tauman-torekhanov.com> үстіміздегі жылдың 28 шілдесінде жазған хатыңызды қағазға шығарып, қызым әкеліп берді. Бақтыгүл, сонша құрметпен ізет көрсетіп, атаңызға хат жазғаныңызға шексіз алғыс айта отырып, осы жылдың 9 тамызында сұраған Келісім-шартты толтырып қолымды қойып, поштамен жібердік.

Сіз жетекшілік етіп отырған Шалқар аудандық Орталық кітапхана қорында жоқ мына кітаптарымды бір данадан сыйға тартып, бүгін 3 қыркүйекте пошта арқылы посылкамен өзіңіздің адресіңізге жібердік. Ол кітаптар: «Көз көргендер еді», «Зердесінде ұрпақтың» (бір мұқабада үш кітап), «Адам әлемі», «Тарихтың қанды іздері» (тарихи эпопея, ішінде визиткам бар) және атаңның 80 жылдық мерейтойын ұйымдастырушы комиссиясының шығарушылар алқасы «Төреханов Тауман Алыбайұлы» атты биобиблиографиялық көрсеткіш кітапшасы (2 дана) және «Алматы ақишамы» газеті (бір дана).

*Аталық сәлеммен, Тауман ТӨРЕХАНОВ,
Алматы қ., 04.09.2011 ж.*

ТАУМАН АҒАҒА!

Саламатсызба! Амансыздарма, Тауман ағайдың жағдайы, денсаулығы қалай? Біз Шалқар «Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» ММ-нен хабарласып отырмыз. Есіңіздеме, ағаймен келісім-шартқа отырғанбыз (оның еңбектерінің, шығармаларының электронды нұсқаларын жасап, ИНТЕРНЕТ жүйесіне енгізу туралы).

Сізге «Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы» ММ-нің жаңа келісім-шарттың нұсқасын жіберіп отырмыз. Келісім-шарттың 2 данасын толтырып, жіберсеңіз. Және, мүмкіндігіңіз болса, уақыттың тығыздығына байланысты, осы құжаттарды бірден Ақтөбе қаласына төмендегі мекен-айға жіберулеріңізді сұраймыз.

*Ақтөбе қ., 11 мөлтек аудан, 112 Е «Д» секторы,
облыстық С. Бәйішев атындағы әмбебап-ғылыми
кітапханасының кітапханаларды дамыту бөлімі.
Электронды поштасы: (nto_aoumb@mail.ru)*

Зияткерлік меншік объектілерін пайдалануға ерекше емес құқықтар берілу туралы Авторлық келісім Шарт №

Астана қаласы

26 маусым 2013 жс.

АВТОРЛЫҚ ШАРТ «WikiBilim» Қоғамдық қоры № 23 –АД

Алматы қаласы

3 қазан 2012 жс.

«WikiBilim» Қоғамдық қоры (бұдан әрі – Пайдаланушы) атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Президенті **Кежсеханұлы Рауан** бір жағынан және **Туреханов Тауман Алыбаевич** атынан әрекет ететін екінші жағынан (бұдан әрі бірге – Тараптар), төменгі келісім-шартты (бұдан әрі – Келісім-шарт) жасады:

*Пайдаланушы «WikiBilim» Қоғамдық қоры
Президент Р. Кежсеханұлы*

*Автор (құқық иеленуші)
Туреханов Тауман Алыбаевич*

ҚҰРМЕТТІ ТӨРЕХАНОВ ТАУМАН АЛЫБАЙҰЛЫ!

Республикалық кітап музейі Сіздің музей қорына сыйға тапсырған кітаптарыңыздың осы мәліметтер бойынша тіркелгенін хабарлай отырып, үлкен алғысын білдіреді. Мәдениетімізді қолдау бүкілхалықтық іс, биік парасаттылық.

1. Төреханов Т.А. Тарихтың қанды іздері. №934.
2. Төреханов Т.А. Биобиблиографиялық көрсеткіш. №935.
3. Төреханов Т.А. Зердесінде ұрпақтың. Ұжмақ елі. ...Жазбады-ау демесін. №936.
4. Төреханов Т.А. Адам әлемі. №937.
5. Төреханов Т.А. Кісенделген Дала. №938.
6. Төреханов Т.А. Дала Геркулесі. №939.
7. Төреханов Т.А. Ғасыр қасіреті. №940.

Республикалық кітап музейінің директоры
Аға ғылыми қызметкер
23.04.2013 ж.

Н. Қапалбеков
С. Өмірәлиева

Қазақстан Республикасы
тұңғыш Президенті қорының
жанындағы әлемдік экономика
және саясат институты

Институт мировой экономики
и политики при фонде
Первого Президента
Республики Казахстан

25 апреля 2013 г.

г. Алматы

г-ну Туреханову Т.А.

Уважаемый Тауман Алыбаевич!

Библиотека Института мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента Республики Казахстан выражает Вам огромную благодарность за книги: «Дала Геркулесі», «Кісенделген Дала», «Зердесінде ұрпақтың...», «Ұжмақ елі», «...Жазбады-ау, демесін», «Төреханов Тауман Алыбайұлы. Биобиблиографиялық көрсеткіш», подаренные в нашу библиотеку.

Искренне признательны Вам за Ваши труды. Примите наилучшие пожелания крепкого здоровья, дальнейших творческих успехов!

Руководитель службы интеллектуального навигатора
и информационных ресурсов
ИМЭП при Фонде Первого Президента РК

А. Баймұхамедова

Жеке қор құжаттарын мемлекеттік сақтауға қабылдау жөніндегі КЕЛІСІМ-ШАРТ

Алматы қ.

31 наурыз 2015 ж.

Орталық мемлекеттік мұрағаты бұдан әрі «Мемлекеттік мұрағат» атынан мұрағаттың Бас директоры *Ляззат Сулейменқызы Ақтаева* бір жағынан, және қор иесі *Төреханов Тауман Алыбайұлы* екінші жақтан төмендегідей келісім шарт жасады:

1. Қор иесі *Төреханов Т.А.* – ҚР мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткері, жазушы, журналист өзіне тиесілі құжаттарды мемлекеттік сақтауға «Мемлекеттік мұрағатқа» өткізеді.

2. Қабылданған құжаттар ҚР Ұлттық мұрағат қорына түсіп, аталмыш шартқа қол қойылған мерзімнен бастап мемлекеттік меншігі болады.

3. «Мемлекеттік мұрағат» қор иесінің _____ жылдар аралығындағы мақалалар, қолжазбалар, естеліктер, фотосуреттер, биобиблиографиялық көрсеткіштер, өмірбаяндық құжаттар және т.б. т.б. құжаттардың тұрақты сақталуына мемлекеттік сақтауға қабылдайды. ...

«Мемлекеттік мұрағат»

Бас директоры

Л.С. Ақтаева

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрлігінің

«Орталық мемлекеттік мұрағат» РММ

Бекітемін

Орталық мемлекеттік мұрағаттың

Бас директоры Л.С. Ақтаева

Алматы қ.

31.03.2015 ж.

Жеке тектік құжаттарды (топтамаларды) ғылыми-техникалық сараптауға қабылдау туралы АКТ № 7

Біз, төмендегі қол қоюшылар, бөлімнің бастығы *А.Ж. Ашарова* және бөлім қызметкері *Е.Н. Жунусова* бұл актіні мемлекеттік сақтауға төмендегі құжаттарын: *мақалалар, «Тағдыр тайталасы» күнделік қолжазбасы, естеліктер, фотосуреттер, газетные публикации, биобиблиографиялық көрсеткіш, т.б., өмірбаяндық құжаттар* қабылдағанымыз жөнінде жасадық.

Саны:

Негізі : *отініш*

Өткізді

жеке қолы

Төреханов Т.А.

Қабылдады:

Бөлім бастығы

жеке қолы

Аширова А.Ж.

Бөлім қызметкері

жеке қолы

Жунусова Е.Н.

АҒА АЛҒЫСЫ

Ақтөбе облысының Әкімі

Архимед Бегежанұлы МҰХАМБЕТОВКЕ

Жедел хат

Аса құрметті **Архимед Бегежанұлы**, Елбасы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, Сізді, біздің ата мекеніміз, менің барлық саналы ғұмырымды қалдырған, Ақтөбе облысының Әкімі қызметіне қайта тағайындауымен ақ жүректен қызу құттықтай отырып, жанқиярлықпен халқын үшін атқарып жатқан еңбегіңіздің әркез сәтті де табысты болуына тілектес болушы ағаң ақ батасын беруші **Тауман Төреханов**, *журналист-жазушы, Шалқар ауданының Құрметті азаматы; Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер, ҚР мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер.*

5 мамыр, 2015 ж., Алматы қ.



Күнделік-мемуар авторы – тоқсанды алқындырған қарт қаламгер, осы көлемді кітапты жарыққа шығаруға барынша қызмет көрсеткен, материалдық қолдау жасаған жақындарына және «Атамұра» ұжымына ақ батасын беріп, ақ жүрегінен алғысын айтады.

15.08.2015 г.

За незаконное использование и нарушение объекта (материалов автора, собранные более чем за полвека из данной книги, Дневников-мемуаров, воспоминаний документально-литературного повествования,) авторского права на интеллектуальную собственность влечет за собой наказание, предусмотренное Законами Республики Казахстан: гражданская (нормы ГК РК), административная (ст. 129 Кодекса РК об административных правонарушениях) и уголовная (ст. 184 Уголовного кодекса РК) ответственность.

Документально-литературное повествование

Тауман Алыбаевич Туреханов

**ТАҒДЫРЛАР ТАЙТАЛАСЫ –
СТОЛКНОВЕНИЯ СУДЕБ –
COLLISION OF DESTINIES**

на казахском, русском и английском языках

Мұқабаның дизайнын жасаған: *Аделя Тумасьева*

Компьютерге тергендер:

Мақпал Айтақынқызы, Нигара Мақсатқызы, Светлана Туреханова

Ағылшын тіліне аударған және корректурасын жасағандар:

Эндрю Шахиди, Ролан Марат

Фотосуреттерді автордың архивінен алып дайындаған:

Толғанай Туреханова, Диас Марат

Беттеген: *Елена Огурцова*

Басуға 28.08.2015 қол қойылды. Қалыбы 60x84 $\frac{1}{16}$. Офсеттік қағаз.

Офсетті басылым. Әрпі «Тип Таймс». Шартты баспа табағы 42,75.

Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 854. Бағасы келісімді.

Тапсырыс берушінің дайын файлынан басылды.

Қазақстан Республикасы «Полиграфкомбинат» ЖШС-і.

050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

ISBN 978-601-306-430-7



9 786013 064307

In his latest memoir book, Tauman Torekhanov covers many interesting historical and personal events he encountered during his life as a journalist, Chief Editor of a newspaper, writer, student, public figure, and citizen of the former USSR and modern day Kazakhstan. Tauman Torekhanov often gives advice and tips to modern day journalists and writers on how to become a great professional. He met many historical public figures, well known poets, writers, scientists, human rights activists, musicians, and actors. The author describes and gives his point of view on various historical events of Kazakhstan, the former USSR and many other regions around the world. He describes quotes, stories, lives and statements from well-known public figures who lived at different epochs of history.

The author puts emphasis on humans being more ethical, honest, kind, helping each other and those in need, and being less concerned with wealth, power and money. Tauman Torekhanov encourages governments and humans to promote transparency, democracy, human rights, and freedom of speech.



TAUMAN TOREKHANOV is a well-known retired veteran of the mass media, journalist, Chief Editor of a newspaper, writer and public figure. He has written more than 400 sketches, essays, stories, articles, and studies. In recent years, the author has published 13 books including numerous literary-historical novels. Tauman Torekhanov's books are currently available in many well-known libraries around the world. For his outstanding contributions to the press of Kazakhstan and the former USSR, he was awarded with multiple awards and mentions.